

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ

94(574)"1930/33"  
Ә 88



# Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық



*Жамбыл облысы әкімдігінің тапсырысы бойынша даярланды*

*Тарихшылардың Ұлттық Конгресі ұсынған*

*Ғылыми кеңесшісі тарих ғылымдарының докторы,  
профессор Зиябек Қабылдинов.*

*Рецензенттер: Д. Қожамжарова, т.ғ.д., профессор;  
А. Абдуалиұлы, т.ғ.д., профессор*

**Редколлегия мүшелері:** К. Көкірекбаев, Е. Сыдықов, Б. Аяған,  
Д. Камзабекулы, З. Қабылдинов, П. Токарь, М. Сыдықназаров, К. Кеменгер,  
Б. Оразалиев (жауапты шығарушы), С. Негимов (жауапты редактор).

Ә 88 **Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық** (жинаған естеліктер негізінде).  
Жинақтаушы-құрастырушы: Тұңғышбек Байқұлов – Алматы: «Экономика» баспасы, 2017. – 566 б.

ISBN 978-601-225-954-4

Қазақ елінің «мың өліп, мың тірілген» тарихында жан алысып, жан беріскен жойқын соғыстар мен халықтың жағдайын қиындатқан небір сұрапыл оқиғалар аз болған жоқ. Бірақ солардың бәрінде ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы алапат ашаршылық кезінде орын алған аса зор адам шығыны «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да бірнеше есе асып түскен.

Сондықтан Қазақстанда болған аштық зобалаңы қазақ тарихындағы ең қасіретті заман болғанын ұшан-теңіз тарихи деректер негізінде дәйектелді.

Жинақ бұрынғы Әулие-Ата өңіріндегі (қазір Жамбыл облысы) зұлмат жылдардың ауыртпалықтарын басынан кешіріп, тағдырдың тәлкегіне түскен куәгерлердің естеліктері бойынша әзірленді. Естелік-әңгімелермен қатар әрбір аудан тарихына қатысты мұрағат құжаттары мен тарихи деректер де молынан пайдаланылды.

Жинақтың басты мақсаты – ашаршылық тарихын жалпы жұртшылыққа жеткізу арқылы бүгінгі және келешектегі өскелең ұрпақты туған жерін, тәуелсіз елін, Отанын қадірлеп, құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады.

Кітап қалың оқырманға және ғылыми-көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)  
КБЖ 63.3 (5 Каз)

ISBN 978-601-225-954-4

© Тұңғышбек Байқұлов, 2017.  
© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2017.

Бұл еңбектегі материалдарды сілтеме жасау арқылы ғана пайдалануға болады. Авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттер ҚР заңдарымен қорғалады

## **Біз ашаршылық қасіретін ұмытуға тиіс емеспіз (алғы сөз орнына)**

1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық 4 миллионға жуық адамның өмірін жалмап әкетті. Республиканың 70 пайызға дейінгі халқы, әсіресе, қазақтар жаппай қырылды. Еліміздің аумағындағы қыстауларда киіз үйлерде көз жұмып жатқан, аштықтан әбден ісініп әлсіреген балаларын зират қоршаулары мен киіз үйлерге жауып тастағандар, кейбіреуі аштықтан нәр татпай азық іздеуге кеткен туыстарын іздеуде жолда өліп жатқан, қайсыбіреуі қала көшелеріндегі бос баспаналарда, шаруа қыстақтарының маңында, кеніштер мен зауыттар жанында қырылған мүрделерге толып кеткені секілді халық басына түскен қаралы жылдар туралы тарих беттерін парақтағанда, тұла бойынды азынатар бір қорқыныш билеп алады...

Біз бүгінгі күнге дейін ашаршылық құрбандарының дәл санын шамалап болса да шығара алмай отырмыз. Олардың аты-жөнін, тұрғылықты мекенін, нәубет болған уақыттағы хал-жағдайын нақты анықтай алмадық.

Бұл жылдары бір отбасында 10-ға жуық бала дүниеге келетін. Көп жағдайда сол әулеттен бір гана бала аман қалды. Қазақтың ежелгі салты бойынша, ата-текті жалғастырушы ұл бала деп есептелгендіктен, өзі аштан өліп бара жатса да жалғыз қалған тұяғын аман алып қалуға тырысты. Алыс жолға жүруге жарамайтынын білген ата-анасы, өлгелі жатқан балаларын сырты қоршаулы мұсылман зираттарына қалдырып кететін... Артында ұрпақ қалдыру мақсатында бір баласын аман алып қалу үшін басқа балаларының мойнына қыл арқан байлап суга батырып жіберген оқиғалар және балаларын сойып жеген деректер де кездеседі.

Қазақ даласына зобалаңды қолдан жасап, солақай саясат ұстанған И. Голоскекин халықты аштықтан құтқару жөнінде ешқандай шара қолданбаған. Зұлматтың ащы уын татып, қынадай қырылып жатқан елдің тағдырына араша түспеді.

Ұлы көшпенділер ұрпағының алдында екі айрық жол тұрды. Аштан өлу немесе аман қалу үшін шет мемлекеттерге қоныс аудару. Атажұртын, мал-мүлкін тастап, ұсақ түйегін де жинастыра алмаған бетте жан сауғалап босып кеткен.

Бүгінгі таңдағы зерттеушілердің жүргізген толық емес санақ нәтижесі бойынша, елімізден 1 миллионға жуық қазақтар қоныс аударған.

Бүкіл елді жайлаған нәубет, сол кезде Әулие-Ата уезі аталған, ал қазіргі Жамбыл облысының өңірлерін де шарпып өткен. Балалары мен қарттары ажал құшпаған бірде-бір отбасы болмаған. Солардың ілуде біреуі ғана аман қалды.

Мен Шу ауданында дүниеге келдім. Ағайын-туыстарымыздың ішінде әкем жақтан да, анам (нағашы) жақтан да шығындар өте көп болды. Менің

зайыбымның әулетінен де қайтыс болғандар жетерлік. Кейбіреулері көрші елдер мен басқа мемлекеттерге қоныс аударып аман қалған. Туыстарымыздың біразы бүгінге дейін Қырғызстанда тұрып жатыр.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өту қарсаңында, біздің ата-аналарымыздың басынан кешірген қасіретті жылдарды еске алуымыз керек. Бір үзім нанға зар болып, бір сәт жарық дүниені қимай қоштасып бара жатқан жандардың аштан қырылып, далада сүйектері шашылып қарға-құзғынға, ит-құсқа жем болғанын түйсініп көрсең жаның күйзеледі... Осындай да бостандық пен еркіндіктің, бейбіт өмірдің қаншалықты қымбат екенін сезініп, жан жүрегіңмен түйсінуің қажет.

Елбасының Отанымыздың жүрегі – Астана қаласында елімізде жаппай жазықсыз қырылған ашаршылық құрбандарына ескерткіш орнатуы бекер емес.

Еліміздің тарихындағы өткен ғасырдың 20-30-жылдары қарама-қайшылыққа толы ауыр кезең болды. Бұл жөнінде Елбасы Н. Ә. Назарбаев былай деді: «XX ғасыр қазақ халқы үшін сындарлы жылдар болды. Басқа халықтар бұл жағдайларды тек қорқынышты түстерінде ғана көрген шығар. Мен халқымның мынадай нәубетті бастан өткергендегі шексіз төзімділігі мен шыдамдылығына қайран қаламын».

Елбасы өзінің еңбектері мен естеліктерінде ел басына төнген қайғы-қасіретті алғашқылардың бірі болып еске алады. Ресми мәліметтер аштан өлген халық пен қоныс аударушылардың саны туралы тіс жармайды немесе азайтып көрсетеді.

Неге қоныс аударған қазақ халқының шынайы саны азайтылып көрсетіледі?

Біріншіден, 1933 жылға дейін барлық елдер аштықтан бас сауғалап келген қазақтарды тап жауы ретінде қарастырып, оларды қайтадан Қазақстанға жаппай көшірмекші болған. Көшіп келген қазақтар мен пана іздеп келгендердің санын әдейі азайтып берген. Бұрынғы байлар мен кулактар дәрежесіндегі адамдар жаяу-жалпылап, мал-мүліксіз Қырғызстанға және басқа да елдерге келіп қоныстанады.

Екіншіден, қоныс аударып келген қазақтардың көпшілігінде құжаттары болмады. Бұл да Қазақстаннан көшіп келген халықтың дәл санын анықтауға қиындық келтірген. Өмір мен өлім арпалысқан заманда құжат жинастыруға ешкімнің шамасы келмейтіні белгілі ғой. Көшпелі және жартылай көшпелі халықтың құжаттарын жасау оңай болмаған. Сонымен қатар қазақтар «көз тиеді» деп балаларының дәл санын айтпаған.

Үшіншіден, қоныс аударушылар өмір сүруге және жұмысқа қолайлы жерлерді тауып, тезірек бейімделу үшін бір жерден екінші жерге қоныс аударып отырған.

Төртіншіден, қазақ халқының жаппай қырылуы орын алды. Көршілес жатқан елдердегі көптеген жолдарда, әсіресе, қыс айларында суықтан,

аштықтан қатып қалған өліктер қаптап жатты. Сол сияқты қала көшелерінде, шаруалардың қыстақтарында өлген адамдардың сүйектері шашылып, көмусіз қалған. Сондықтан қырылған халықтың нақты санын анықтау өте ауыр болды.

Бесіншіден, елдің нақты санын білуге кедергі болған тағы бір жағдай – көшіп-қонып жүрген қазақ халқының арасында әртүрлі аурулардың дендеп алуы еді.

Алтыншыдан, санақшылардың арасында халық санағын жүргізу кезінде қателіктер мен шалағайлық жасағандар да болған.

Кеңестік биліктің зорлық-зомбылығынан туындаған елдегі алапат ашаршылық халықтың ашу-ызасын тудырып, көтеріліске шығуына әкеп соқты. Бұл туралы Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Мемлекеттің күштеу саясаты халықтың ашуын туғызып, жаппай көтеріліс жасауына түрткі болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды шарпыды. 1929-1931 жылдары 80 мыңға жуық адам қатысқан, 380-ге жуық шаруалар бүліктері мен көтерілістері орын алған. Ішіндегі ірілері Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және т. б. көтерілістер. Бұлардың барлығы Қызыл Армияның тұрақты әскерімен қатаң түрде басып-жаншылды» деді.

Сондықтан да біз Республика бойынша алғашқылардың бірі болып, XX ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық апатын көріп, қайғылы нәубетті бастан өткерген куәгерлердің естеліктерін бір жүйеге тоғыстырып жинақ етіп шығардық.

Аға буынның бақилық болып өмірден озуы – мұрағаттардан да ақтарып таба алмайтын құнды естеліктерін құмға сіңіргендей өздерімен бірге әкететінін білеміз. Қазіргі таңда 90 жасты еңсерген қариялар азапты күндердің қорқынышын қайдан ұмытсын. Мұрағат құжаттарына 100-200 жылдан кейін қайта оралармыз. Ал, сол зұлмат жылдардағы құжаттардың деректерінен де асып түсетін маңызды мәліметтерді сақтаушы қазіргі куәгерлер біздің келуімізді тосып жатпайды...

Тарихшылардың Ұлттық Конгресімен бірлесе отырып, тарихымыздағы Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық зардаптары туралы естеліктер кітабын шығаруды қолға алдық.

Бұл жинақтағы материалдарды біз мүмкіндігімізше сайттар мен жергілікті және Республикалық БАҚ-тарда жариялайтын боламыз.

Қазақ тарихының қаралы беттерінен шет мемлекеттер де хабардар болуы үшін кітаптың мазмұнын орыс және ағылшын тілдеріне аударуға нұсқау беріп қойдым.

Тәуелсіз Қазақстанның басқа өңірлері де бізден үлгі алып, өз аймақтары мен бүкіл еліміздің ашаршылық тарихын жазса, еліміздегі нәубеттің зардаптарын көз алдымызға келтірер едік.

Көнекөз қарттардың әңгіме-естеліктерін жинақтау, зерделеу барысында автор Жамбыл облысының барлық аудандарын қамтыған. Бірақ уақыт бір

орында тұрмайды. Жыл өткен сайын ашаршылықтың азабын тартқан қариялар азайып барады. Дегенмен, әлі де болса бүгінде аман-есен жүріп жатқан қариялар бар. Сондықтан кітаптың келесі басылымында бұрын айтылмаған, жазылмаған естеліктермен толықтырыла түсетініне сенім білдіруге болады.

Бірде-бір ашаршылық апатының сұрапыл оқиғалары халықтың назарынан тыс қалмауы керек. Елімізде бұрын-соңды болмаған бұл зұлматтан, әсіресе, қазіргі және болашақтағы ұрпақтың сабақ алуы үшін өте қажет.

Осы жағдайды пайдалана отырып, қарттардың әңгіме-естеліктерін жинақтап-құрастырушы, ҚР Оқу ісінің үздігі, ҚР Тарихшылардың Ұлттық Конгресінің мүшесі, біздің жерлесіміз Тұңғышбек Байқұловтың ерен еңбегін бағалап, шын жүректен алғысымды білдіремін!

*Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев*

## КІРІСПЕ

Бұл жинақ Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық апатын көзімен көрген және басынан кешірген қарттардың естеліктері негізінде құрастырылды. Сонымен бірге, әр ауданға қатысты мұрағат деректері де пайдаланылды. Жинақта Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны кезінде байлардың малы мен дүниемүлкін тәркілеп колхозға біріктіру, өздерін «қанаушы тап» ретінде жер аударумен бірге жазықсыз соттау және ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықты Кеңестік биліктің отырықшыландыруға күштеп орналастыру саясаты - қарапайым халыққа түсініксіз болғандығы жайында кеңінен әңгіме болады.

Кітаптың кейіпкерлері Әулие-Ата өңірінде азапты жылдарды бастарынан кешірген қарттар, олар өз естеліктерінде биліктің ел-жұртты күштеп ұжымдастырғанын және оның зардаптары халықты ашаршылыққа ұрындырғанын әңгімелейді. Ел аузында айтылып жүрген аңыз-әңгімелер мен жеке тұлғалардың ашаршылық апаты туралы есінде қалған әңгімелерін ауызша тарихи материалдарға жатқызатын болсақ, онда жаңа тарихи көзқарас тұрғысынан қариялардың естеліктерін дерек көздері ретінде қарастыру – қазақтың шын тарихын жазуға көмектесер еді.

Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық зардаптарын естеліктер арқылы зерделеу, анықтау барысында мұрағат деректері де еске алынып, бүгінде 90 жасты еңсерген қарттардың естелік-әңгімелеріндегі бұрын-соңды болмаған небір ауыр оқиғалар іріктеліп, кітапқа енгізілді. Куәгерлердің әңгімелерінен өткен ғасырдың отызыншы жылдары Кеңестік биліктің озбырлық саясаты салдарынан қазақтың кең-байтақ жеріндегі зобалаң әрбір отбасына шүйліккенін анық байқауға болады. Бұл тарихи шындық. Олай болса, қазақ елінің отызыншы жылдардағы басынан кешірген тарихын қазіргі ұрпаққа жеткізетін мезгіл жетті. Кеңес өкіметінің басшылары Қазақстанды жайлаған ашаршылық туралы бір ауыз сөз айтуға да, жазуға да қатаң тыйым салғаны белгілі. Сол себепті, мұрағаттарда 1930-1933 жылдары Әулие-Ата уезінде қанша адамның опат болғаны туралы деректі құжаттар мен жеке адамдардың естеліктері кездеспейді.

XX ғасырдың отызыншы жылдары Сырдария округінің құрамындағы Әулие-Ата уезінің қарамағында қазіргі Жамбыл облысының Сарысу, Талас, Жуалы, Луговой (қазір Т. Рысқұлов), Меркі аудандары, Әулие-Ата қаласы және Шу ауданының біраз бөлігі болған еді. Ал Қордай, Мойынқұм аудандары мен Шу ауданының екінші аймағы Алматы округіне қарады. 1939 жылы Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлініп, Жамбыл облысы болып құрылған соң, бұл аудандардың бәрі осы облыстың қарамағына өтті. Ашаршылықты көрген куәгерлердің айтуына қарағанда, бұрынғы Әулие-Ата уезінде (бүгінгі Жамбыл облысында) қайғылы оқиғалар көп болған. Солардың бәрі аталған жинақта нақты айтылады, сондай-ақ, көнеқоз қарттардың елімізді жайлаған ашаршылық туралы айтқан ой-пікірлері өскелең ұрпаққа сабақ болатындай әсер ететіні күмәнсіз.

Нәубет жылдарында аштықтың дәмін татқан, талай ауыр күндердің азабын көрген, бүгінгі күні Жамбыл облысының аудандарында өмір сүріп жатқан қариялардың өз ауыздарынан жазып алынған, бұған дейін айтылмаған, баспасөз беттерінде жария болмаған естеліктері, сонымен бірге бұл дүниеден озып кеткен ашаршылық куәгерлерінің ұрпақтарына айтып кеткен әңгімелері де жинаққа енгізілді. Олардың естеліктерінде сол заманның шындығын айқындайтын небір сұмдық оқиғалар жетерлік. Жинақта жазықсыз сотталғандардың түрмеден жазған хаттары, абақтының азабы туралы өлеңдері, сондай-ақ басқа ақындардың өлеңмен жазылған ашаршылық қасіреті жайында және кейіннен жарық көрген поэмадан үзінділер келтірілді. Еліміздің бұрын айтылмаған ашаршылық тарихына қызығушылық білдірген оқырман аталған жинақтан отызыншы жылдардағы алапат зобалаңның ақиқатына көз жеткізе алады.

Жинақтың мазмұнына сол дәуірдегі тарихи оқиғалардың желісі бойынша жазылған ақын Ғалым Жайлыбайдың «Тамакөшкен» поэмасынан үзінді, сол секілді Тараз қаласының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Мұсахан Бердібаев қарияның ашаршылық апаты мен туған елі туралы өлеңдері, ал кітаптың соңында тұтас бір халықты жалмаған нәубеттің зардаптары жайында жазушылардың көркем шығармаларынан деректер көрсетілді. Жалпы алғанда, қарттардың естеліктерінде айтылған адамның жан-дүниесі түршігетін, бірақ өмірде болған оқиғаларды қазіргі ұрпақты үрейлендіру үшін емес, керісінше, содан сабақ алуы үшін қаз-қалпында қағаз бетіне түсірдік. Миллиондаған қазақтарды қырғынға ұшыратқан ашаршылықтың небір сұмдық оқиғаларын халыққа қарттардың әңгіме-естеліктері арқылы жеткізу – сол қасіреттің ащы сабақтарын қайталамау үшін өте қажет.

Кеңестік билік шаруашылықты ұжымдастыру саясатын дұрыс жүргізбеді. Биліктің озбырлықпен жүргізген тәркілеуі салдарынан мал өнімдерімен ғасырлар бойы тіршілік етіп, бала-шағасын асырап келген қазақтар аштыққа ұрынып, жаппай қырылды. Бір миллионнан астам қазақ шетелдерге көшуге мәжбүр болды, қуғындау мен аштан өлмеудің амалдарын қарастырып, бас сауғалады. Десек те, ресми деректер бойынша қазақ халқы қызыл өкіметтің зорлық-зомбылығының бәріне бас иіп, көне бермеген. Қайта-қайта бас көтеріп, билікке қарсылық көрсетіп, 1929-1931 жылдары 372 рет көтеріліске шыққан. Алайда, барлығы қарудың күшімен басып-жаншылды.

Зұлмат жылдарда ежелден қалыптасқан қазақ халқының толық жойылып кету қаупі төнді. Бірақ, қаншама аштықтың азабын тартса да, жазықсыз қудалауға ұшыраса да төзімді, қайсар халықтың рухы жойылған жоқ, қайта халқымыз өзінің біртұтастығын сақтап қалды. Сол алапат зобалаңды көрген, талай-талай азапты күндерді бастарынан кешірген бүгінгі көнекөз қарттардың көріп-білгендері соның айғағы.

Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қайғылы тарихтың шындығы ашыла бастады. Қазақ халқының басына төнген трагедияның ащы ақиқатын



көрсету үшін мұрағат деректерімен бірге, сұрапыл ашаршылықтың куәгерлері болған бүгінгі қариялардың әңгіме-естеліктері де тарихи құндылығымен өте маңызды. Сондықтан бүгінде аман-есен өмір сүріп жатқан ақсақалдар мен ақ жаулықты кейуаналармен кездесіп, естеліктерін хатқа түсіру арқылы ашаршылық жылдарындағы еліміздің тарихын анықтау, шындығына көз жеткізу бағыттары тоқталмауы тиіс.

XX ғасырдың соңына қарай украин ғалымдары мен саясаткерлері «ашаршылық» деген ұғымды халықаралық деңгейге көтерді. Өйткені, 1931-1933 жылдардағы аштықтан украиндар да қынадай қырылған. Сталин басқарған қанқұйлы билік мұндай геноцидті тек екі ұлтқа: қазақ пен украинға қарсы жасады. Отызыншы жылдардағы зобалаң жайында бізден гөрі украин ғалымдары көптеген зерттеулер жүргізіп, олардың ұсынысы бойынша 2010 жылы Еуропа Кеңесінің Ассамблеясы Қызыл империяның кейбір республикасында қолдан жасалған алапат ашаршылық адамзатқа қарсы қолданылған қылмыс деп қарар шығарған. Бұл украин саясаткерлері мен ғалымдарының өткен ашаршылық тарихын ескерусіз қалдырмай, халықтың есінде қалдыруға жасаған әрекеті еді.

Біздің зерттеушілер де қарап отырған жоқ, соңғы он жылдың ішінде көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Зұлмат жылдардың тарихын негізінен мұрағат деректері арқылы зерттеп жүрген, сонымен бірге әлі де ашылмай жатқан ашаршылықтың беймәлім тұстарына бағыт-бағдар сілтеген Б. Аяған, Т. Омарбеков, М. Қозыбаев, М. Тәтімов секілді тарихшы-ғалымдардың ізбасарлары да осы тақырыпқа ден қоя бастады. Бұл қуанарлық жәй. Өйткені, сол заманның ащы шындығын бүгінгі және келешектегі ұрпақ білуі тиіс.

1931-1933 жылдардағы нәубет қазақ елінің тарихындағы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да асып кеткен бұрын-соңды болмаған орасан зор қайғы-қасірет. Қазақ еліндегі ашаршылық қасіретін халыққа қарсы жасалған геноцид десе де болады. Бұл жойқын апатты ешқашан ұмытуға болмайды. Жыл сайын мемлекет деңгейінде ашаршылық құрбандарын еске алып отыру дәстүрге айналуы қажет. Бір күнді жалпыхалықтық қаралы күн деп белгілеп, мемлекеттік ту түсіріліп, бір минут үнсіз еске алу рәсімі ұйымдастырылса, сол күні радио-телеарналардың хабарлары ашаршылық тарихына арналып аза тұтылса, миллиондап қырылған боздақтардың күңіренген үні бүкіл әлемге естіліп жатар еді. Жалпы әлем тарихында азалы күндер біраз елдерде өткізіледі. Адамзат тарихындағы азалы күндердің орны ерекше. Себебі, келешекте мұндай апатты болдырмау үшін, өткен тарихтан сабақ алу үшін аза тұту арқылы халықтың есінде сақталатыны айқын.

Кеңестік дәуірде, одан бұрынғы қоғамдарда да әлеуметтік күш – жеке адамның пікірі елдің тарихын жазуда елеусіз қалып келді. Қазіргі жаңа көзқарас бойынша, өз заманында өмірді көрген адамдардың басынан кешірген оқиғалары, сол кезеңге көзқарасы мен ұстанымы тарихи дерек ретінде қарастырылып жатыр. Кешегі ашаршылық тарихы туралы зерттеулер тек

ресми құжаттар ғана емес, сонымен бірге қарттардың естеліктері де арқылы ғылыми айналысқа түсе бастады. ХХІ ғасырдағы ақпараттық заманда бүгінгі қариялардың өз басынан өткізген тәжірибелерінің ғылым үшін маңызы ерекше екендігіне жинақтың материалдарына ден қойған оқырманның көзі жетеді.

Біз жекелеген қарттардың өз аузынан жазып алған ашаршылық кезеңі туралы естеліктері тек бір адамның немесе бір ауылдың ғана емес, сондай-ақ бүкіл қазақ елінің трагедиясын көрсететіні анық. Қазақстанда болған нәубетті қазақ тарихының ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырғанымыз жөн. Сол секілді біздің елімізде болған аштық қасіретін әлемдік қауымдастық білуі тиіс. Әлем халықтары қазақтардың зобалаң жылдардағы азапты тағдырын ой елегінен өткізіп, түсіне білуі керек. Сонда ғана қазақ халқының сана-түйсігінде қатып қалған зілбатпан ауыртпалықтар, бастан кешірген ашаршылықтың зардаптары біршама жеңілдегендей болады.

Бүгінде аштық жылдарындағы қазақ елінің қиын тағдыры негізінен ресми құжаттар арқылы зерттелу үстінде. Соның өзінде әлі жеткіліксіз. Сондықтан ашаршылық апатын көрген бүгінгі қарттардың естеліктері ел тарихын зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерін толықтыра түсетіні сөзсіз. Небір қиын кезеңдерді бастан кешкен халықтың сол замандағы тағдыры жазылып, бүкіл елге, оның ішінде жастарға жетуі тиіс. Қазіргі өскелең ұрпақ халқының өткен тағдырын білсе ғана өз ұлтының тілін, салт-дәстүрлерін, ұлттық болмысын құрметтейтін болады.

Келешегінен үлкен үміт күттірген қаншама жасөспірімдер сол заманда жанбай жатып сөнді, қыршынынан қиылды. «Орнында бар оңалар» дегендей, миллиондап қырылған ашаршылық құрбандарының артында аз ғана болса да ұрпақтары қалды, бүгінде олар өсіп-өніп жетілді. Аштық апатынан әуірімдеп аман қалған, ал қазіргі кезде бұл дүниеден озған қарттардың ұл-қыздарына, немерелеріне айтып кеткен естеліктері де жинаққа енгізілді.

Аштықтан қаза болғандарды еске алуға байланысты Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков: «Ашаршылық құрбандары мен саяси қуғын-сүргін құрбандары екеуі екі басқа... Алоларды ашаршылық құрбандарымен шатастыруға болмайды. Сондықтан екеуіне екі күн белгілеген жөн», - дейді. «Айқын» - Республикалық қоғамдық-саяси газет, 31 мамыр 2016 жыл.

Ғалымның бұл бастамасы шешімін тапса ашаршылықта опат болған боздақтардың әруағын риза еткен болар едік. Осы сәтте «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген халық даналығы еске түседі.

Жинақтың басты мақсаты – ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық тарихын жалпы оқырманға, сондай-ақ қазіргі және келешектегі жас ұрпаққа жеткізу үшін сол кездегі Әулие-Ата уезіндегі ашаршылықты бастарынан кешірген куәгерлердің, бұған дейін қарастырылмаған, естеліктерін жарыққа шығару болып табылады. Бұл жинақ 2015 жылы естеліктер негізінде баспадан шыққан «Жамбыл өңіріндегі ашаршылық зардаптары» атты кітаптағы материалдарға қосымша толықтырылып, біріктіріліп, екінші басылым болып жарыққа шықты.

## **Аштықтың азабын тартқан қарттардың естеліктерін жазып алуға көмектескен азаматтар жайында бірер сөз**

Бұл кітапқа материалдар жинақтау барысында Әулие-Ата өңіріндегі ел аузынан, дәлірек айтқанда, Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан ашаршылықтың зардаптарын бастарынан өткерген қариялардың естеліктерін қағаз бетіне түсіруге көмек көрсеткен азаматтарға тоқтала кетейін.

Жинақтың жарыққа шығуына аса ықылас білдіріп, баспадан шығуына демеушілік жасап және кітаптың алғы сөзін жазған Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаевқа шексіз ризашылығымды білдіремін.

*Зейнетке шыққанға дейін білім саласында абыроймен еңбек етіп, қазіргі кезде бала-шағасының, немере-шөберелерінің тілеуін тілеп, қызығына қуанып отырған Қордай ауданы Кенен ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Ниетжан ақсақалдың зұлмат жылдардың қиындықтарын басынан кешірген ата-әжелері мен Ұлы Отан соғысына қатысып бір аяғынан айырылған әкесінен естіген естелік-әңгімелері – отызыншы жылдардағы Қордай өңіріндегі бұрын-соңды болмаған ашаршылықтың бүгінге дейін құпия болып келген беттерін ашып көрсетеді.*

Шу ауданының құрметті азаматы, Әлем халықтары жазушылар одағы және ҚР журналистер одағының мүшесі Мәкен Уақтегі ауылда өсіп, көп жыл Мойынқұм ауданында еңбек еткен. 1990 жылдан қоғамдық өмірге белсене араласып, ел, жер тағдыры туралы өткір ой-пікірлерін ортаға салып жүр. Аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінде 300-ге жуық мақалалары мен пайымдаулары жарық көрді. Біраз жылдар Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың төрағасы қызметін атқара жүріп, жастарды елін құрметтеуге, отансүйгіштікке тәрбиелеуде біршама іс-шаралар атқарғаны бүкіл елімізге мәлім. Ол бірнеше кітаптың авторы.

Шу, Қордай, Мойынқұм аудандарын бірге аралаған кезде көпті көрген қариялардың нәубет жылдардағы азапты өмірі туралы естеліктерін жинастыруда журналист М. Уақтегінің көмегін ерекше атап өткім келеді. Сонымен бірге ол өзінің жеке мұрағатынан 1931-1933 жылдардағы ашаршылық жайлы Шу өңірінде ел аузында сақталып қалған әңгімелерді жинақтап, жарыққа шығуына жәрдемін тигізді. Әсіресе, оның мұрағатындағы ашыққан елге араша түскен Нұрман би мен ұста, зергер, емші Нұржаубек қарияның Шу, Мойынқұм аудандарындағы ел-жұртты аштықтан құтқарудағы адамгершілік әрекеттері күні бүгінге дейін жергілікті тұрғындардың есінде ұмытылмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келеді.

Жамбыл облысына танымал азамат, қазіргі уақытта Мойынқұм ауданының әкімі Бақытжан Нүркенов бүгінгі күні облыс аймағында өмір сүріп жатқан көнекөз қариялардың мекен-жайына баруға көлікпен қамтамасыз етіп, материалдық және адамгершілік тұрғыдан шын ықыласымен көмектесе отырып, еліміздің тарихындағы бұрын айтылмаған ақиқатқа қызығушылық танытты.

Меркі ауданы әкімдігінің аппарат жетекшісі Амангелді Нәметқұлов аудандағы ашаршылықтың азабын тартқан қарттардың аты-жөнін, тұратын мекен-жайын тауып беріп, олармен кездесуге бар мүмкіндік жасады.

Сол сияқты Шу ауданындағы құрметті ұстаз, қыл бояудың шебері – суретші Алмас Байқұлов Тараз қаласы мен Сарысу ауданындағы қасіретті жылдарды көрген куәгерлерден материалдар жинауға белсенділік танытып, бар көмегін аяған жоқ.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті, журналист Балзия Баешова Жаңатас қаласындағы қариялармен сұхбат жүргізіп, олардың естелік-әңгімелерін бір жүйеге келтіріп көптеген құнды деректерді жарыққа шығаруға жәрдемдесті. Сонымен бірге ашаршылық жылдарында жалғыз өзі ғана қалған жетпістен асқан ананың тағдыры туралы ел аузында ұмытылмай жүрген «Ала мысық» оқиғасын да айтып берді.

Шу қаласының тұрғыны Ерлан Қапу деген азамат отызыншы жылдардағы алапат ашаршылықты және жойқын соғысты көрген атасы Қапу Мұстафиннің естелігін қосымша мәліметтермен толықтыра түсті.

Тараз қаласы прокуратурасының бөлім прокуроры, 2-санатты заңгер Жадыра Елеуқұлованың наубет жылдары Орталық Қазақстаннан Сарысу өңіріне тама, тарақты, жағалбайлы руларымен бірге үдере көшкен өзінің ата-бабалары туралы тарихи деректерге негізделген құнды естеліктерді жинақтап, кітапқа енгізуге белсене атсалысты.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі Ардақ Үсейінова зобалаң жылдардың қасіретін басынан кешіргендердің ұрпақтарымен кездесіп, журналистік зерттеулер жүргізу арқылы сол заманда тағдырдың тәлкегіне түскен бүгінгі қарттардың естелік-әңгімелерін бір жүйеге келтіріп, Кеңестік биліктің соқыр саясатының салдарынан болған ашаршылықтың ақиқатын ашуға айтарлықтай өз үлесін қосты.

Шу ауданы әкімінің орынбасары Ержан Бегалиев аудандарды аралап, сонау зұлмат жылдарды көрген қарттармен кездесіп, олардың естеліктерін өз ауыздарынан жазып алуға барлық жағдай жасады.

Байзақ ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Кемал Бесбайұлы осы өңірдегі ақсақалдардың отызыншы жылдардағы ауыр күндері туралы әңгімелерін жинастырып, жарыққа шығаруға көмектескенін айта кеткеніміз жөн.

Шу ауданындағы Чкалов атындағы колхозда мал дәрігері қызметінен бастап Талас аудандық партия комитетінің екінші хатшысы және аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметіне дейін үздіксіз еңбек етіп, зейнетке жасы жеткен соң, аталған аудандағы «Нұр Отан» ХДП филиалының жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі секілді қоғамдық жұмыстарды атқарып жүрген Сейдуанов Тынысбек Қаратау қаласындағы ардагерлерден отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы бұрын айтылмаған мәліметтерді жинауға қол ұшын берді.

Т. Рысқұлов ауданы балалар мен жасөспірімдер орталығының әдістемелік бөлім меңгерушісі Сейітбаева Гүлсана Ұлы Отан соғысының ардагерлері Сүлейменов Асаубай, Шажалиев Ілияс, Мырзахметов Жақан және т. б. ақсақалдардың нәубет жылдардағы естеліктерінен деректер жинастырды.

М. Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік Университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Сейдахан Бақторазовтың мұрағаттардан жинаған материалдарының кейбір мәселелері де жинаққа енгізілді. Ғалым бүгінгі күні Жамбыл облысы әкімдігінің жанындағы ұлттық тарихты зерделеу жөніндегі Қоғамдық кеңестің мүшесі ретінде Оңтүстік өңірдегі ашаршылық және саяси қуғын-сүргін мәселелерін зерттеумен шұғылданады.

Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің меншікті тілшілері Құрманбек Әлімжан мен Сәулембай Әбсадықұлы, Мойынқұм ауданындағы «Мойынқұм таңы» газетінің редакторы Сүндетулла Әбілов өз аймақтарындағы көнекөз қариялардан және мұрағаттардан алынған 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың зардаптары туралы бірлі-жарым материалдарды жарыққа шығаруға көмектесті.

Сол сияқты Шу ауданы Бірлікүстем ауылының тұрғыны, өткен ғасырдың 60-жылдары Новотроицкі интернат-пансионында (бұл 30-жылдардағы балалар үйінің (детдом) ғимараты) бірге оқыған сыныптас досымыз Бұқарбай зұлмат жылдардың тауқыметін тартқан, небір естен кетпейтін ауыр күндердің қиыншылықтарын көрген ауылындағы қариялармен таныстырып, олар жайында қосымша мәліметтер жинауға белсене атсалысты.

Жамбыл облыстық «Арай» газетінің тілшісі Қоңырбаев Несіпхан ашаршылық заманда тағдырдың тәлкегіне түскен Еңбек ауылындағы қариялардың әңгіме-естеліктерін жинақтауға шын ықыласымен көмектескенін айта кеткім келеді.

Кезінде аштықтың дәмін татып, көрген-білгендерін айтып берген қарияларға және жоғарыда есімдері аталған азаматтарға бұрынғы Әулие-Ата уезіндегі ашаршылық заманы туралы қарттардың естеліктерін жазып алуға көмектескені үшін шын көңіліммен ризашылығымды білдіремін.

Бүкіл қазақ халқының басына төнген ашаршылық туралы айтылмаған адам төзгісіз зардаптар мен жазылмаған естеліктер әлі де көп екенін біз жақсы білеміз. Сондықтан да бүгінде аман-есен жүріп жатқан қарияларымыздың арқасында бұл тақырып жалғасын таба берері анық...

## Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық - Қазақстандағы қасіреттің бір аймағы

*Құлазыған сенің құла жүздерің,  
Не білмеген, не көрмеген ізгі елім.  
Жазылмаған тарихымның жолдарын  
Ауыз екі аңызыңнан іздедім...*

*М. Мақатаев*

Бұрынғы Әулие-Ата уезінің аумағы қазіргі Жамбыл облысы алып жатқан жер аумағынан кем болмаған. Бүгінгі күні облыста Тараз қаласын қоса есептегенде 11 аудан бар. Сол кезеңдегі Әулие-Ата уезінің құрамына қазіргі 8 аудан кірген. Бұл уез Жамбыл облысы құрылғанға дейін Сырдария округінің қарамағында болды. Тек қана Қордай, Мойынқұм және Шу ауданының шығыс бөлігі Алматы округіне қарады. 1939 жылы осы аудандардың бәрі Жамбыл облысының құрамына өтіп, қазіргі кезде экономикалық-әлеуметтік жағдайы мен мәдениеті дамыған өлке.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда үш рет аштық қырғыны болды. Біріншісі – 1919-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде қазақтар миллиондап аштан өлді. Содан кейінгі ең үлкен аштық қырғыны 1929 жылдан басталып 1934 жылға дейін созылды. Жеке шаруашылықтарды жойып колхозға біріктіру – сол кездегі өкіметтің басты саясаты еді. Сондықтан большевиктер қазақтың малын тәркілеп алуды қатты қолға алды. Ежелгі дәуірден мал өсірумен айналысқан халықтың негізгі күнкөрісі мал шаруашылығы болатын. Малдан жұрдай болған қазақтардың тамағы таусылып, тоз-тоз болып кетті.

Үшіншісі – Ұлы Отансоғысы жылдарындағы аштық. Соғыс жылдарындағы болған ашаршылықты қазіргі кезде елдің бәрі біле бермейді. Қалалар мен ауылдарда азық-түлік жетіспеді. Өйткені, барлық астық майданға жіберілді. Сондықтан Кеңес одағында халықтың тұрмыс жағдайы, күнкөрісі қиындап тамақтың жетіспеуінен ашаршылыққа тап болды. Сол сияқты Әулие-Ата өңірінде ел-жұрттың аштыққа ұшырағаны және опат болғандары туралы деректер - Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойғелдиевтің зерттеулерінде анық айтылады.

Жиырмамыншы жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық жайында Ахмет Байтұрсынов 1922 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласында былай деп жазды: «Өткен жылы да аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жеғені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, сойып жеді. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті...» Өткен ашаршылықтың жантүршігерлік оқиғалары 30-жылдары қайталанып, Қазақстанның түкпір-түкпірінде болып жатты.

1928 жылы 13 қыркүйекте «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» және 1930 жылы 19 ақпанда «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулылары жарияланды. Осы заңдар шыққаннан кейін Әулие-Ата уезінде байлар мен орташалардың төрт түлігі ортаға алынып, тәркілеу, байларды жер аудару қарқын алды. Жаңа өкіметтің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны осылай басталған еді. Дерек көздерінің мәліметтері бойынша ұжымдастыру қарсаңында қазақ жерінде 40,5 млн. мал болған екен, ал 1933 жылы 4,5 млн. ғана мал қалыпты. Колхозға біріктіру үшін биліктің ел-жұрттан соңғы тұяғына дейін күшпен тартып алған малы талан-таражға түсті, жем-шөптің болмауынан қырылды және т. б. себептерге байланысты малдың саны азайып кетті. Малдан айырылған қазақ халқы қол қусырып қарап отырған жоқ, аштықтан бала-шағасын, ел-жұртын аман алып қалу үшін әртүрлі әрекетке баруға мәжбүр болды. Сондай әрекеттердің бірі - халық көтерілістері еді. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, Республика аумағында 1929-1931 жылдар аралығында Кеңестік биліктің озбырлық саясатына қарсы 372 жаппай толқулар мен көтерілістер болып, оған 80 мың адам қатысқан екен. Сондай халықтық толқулар Сырдария округіне қарасты Әулие-Ата уезінде де болды.

1929-1931 жылдары аштыққа ұрынған халықтың күшті толқулары мен көтерілістері жер-жерлерде болып жатты. Мәселен, 1930 жылы Торғай өңірінде болған шаруалардың Батпаққара көтерілісі 6 ауданды қамтыды. Қарақұм көтерілісіне 5000 шаруа қатысты. Оны Орынборда орналастырылған Кеңес өкіметінің 8-дивизиясы қатыгездікпен басып тастады. Созақ жеріндегі шаруалар көтерілісін Жақыпов басқарды, бұл толқуды қызыл әскердің аяусыз басып тастағанына қарамастан, шебер ұйымдастырушылығымен, табандылығымен ерекшеленіп, тарихта ізі қалды. Сол сияқты 1931 жылғы Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарындағы көтеріліске қатысқандар түгелдей қырылды.

Кеңестік биліктің қолдан жасаған зұлымдығынан қазақтар қырылып жатқан тұста халықтың арасынан шыққан қайраткерлер қарап қалған жоқ, жоғарғы билікке хат жазумен болды. 1932 жылы шілде айында Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышбаев бірлесіп, халықты аштықтан құтқарып қалу үшін азық-түлікпен қамтамасыз ету қажеттігі жайында Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекинге ашық хат жазды. Бұл «Бесеудің хаты» деген атпен тарих сахнасынан орын алғаны белгілі.

Бесеудің бірі – Мансұр Ғатаулин 1937 жылы соттағы соңғы сөзінде өзімен бірге айыпталып отырған жолдастарын көрсетіп:

--- Бұлар халық жаулары емес. Мен жаумын, - дейді. --- Сондықтан мені ғана соттандар! Өзімді ғана. Бірақ мен де халық жауы емеспін, халық

жауларының жауымын. Ал қалай жау болдым. 1932 жылы Кентке командировкамен келуіме байланысты басталды.

... Машинадан түстім. Айналада тірі пенде көрінбейді. Ештеңе жоқ, ұзыннан салынған мал қора ғана тұр. Есігін ашсам, ішінде өліктер жатыр. Үлкен қораның іші қатталып жиналған мәйіттерге толы. Кейбір адамдардың көздері әлі де ашық, бірақ эне-міне өлетіні көрініп тұр.

Мен айқай-шуды естіп қайта шықтым. Шаштары жалбырап дода-дода болған, көздері қанталаған әйелдер жүргізушіні қолдарындағы пышақтарымен жарып жібермекке ұмтылып, тап-тап берді. Мен мылтығымды аспанға атып едім, олар тырағайлап қашты.

Айналама қарасам, менен онша алыс емес жердегі отта үлкен қазан тұр. Бірдеме пісіп жатыр. Қақпағын ашып қалдым. Сөйтсем ішіндегі бұрқ-бұрқ қайнаған судан баланың біресе аяғы, біресе қолы, өкшесі көрінеді. Міне, мен сол кезден бастап халық жауларының жауы болдым...

В. Михайлов. «Ұлы» жұттың жазбалары, Алматы, 1992, 220-221 беттер.

1933 жылы РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов қазақтардың аштықтан қырылып жатқаны туралы нақты дәлелдерді келтіре отырып, Сталинге екі рет хат жазған. Бірақ «халықтар көсемі» бұған назар аудармаған, тұтас бір халықты ашаршылықтан құтқаруға ешқандай шара қолданбаған.

Алаштың біртуар ұлдарының бірі – Әлихан Бөкейханов түрмеде жатып-ақ халқының қамын ойлаған, НКВД тергеушісіне қаймықпай былай деген екен: «В Москве в разное время я имел связь с некоторыми студентами-казахами. Они посещали меня на квартире... В 1933 году, помню, я говорил о гибели казахского народа».

Сұлтанхан Аққұлы. Почему ФСБ России держит в секрете архивы сталинских репрессий? «Дат: Общественная позиция», 9 июля 2015г., стр. 6.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков тілшіге берген сұхбатында: «Ораз Жандосовтың архивте Голощекинге жазған хаты бар. «Әулиеатада уәкілмін. Әскери киінгенмін, қаруым бар, машинамен келе жатырмын. Ауылдың шетіне жақындап едім, аштықтан ісініп кеткен жүкті әйел қасыма жақындап келіп: «Анау итті атып берші», - деді. «Ол итті не істейсің?» - деп сұрадым. Әйел: «Үйде бес балам аштан өлейін деп жатыр, ана итті атып берсеңіз, жер едік», - деді»-деп жазады О. Жандосов. Бірақ, ол итті әйелге атып берді ме, жоқ па, ол жерін жазбайды. «Әрі қарай ол ауылдан шығып, көрші ауылға жақындағанда екі жасөспіріммен кездестім. Қазақ балалары. Аштықтан екеуі де ісініп кеткен. Оларды тоқтатып, «Қайда бара жатырсындар?» деп сұрадым. Олар: «Көктемде ит атқыштар келіп, иттерді атып, терісін сыпырып әкетіп, егі мен сүйегін анау сайға тастап еді. Сонымен тамақтанып жүрміз», - деді». Жандосов бұл жантүршігерлік оқиғаны Голощекиннің аяушылық сезімі оянар ма деп жазып отыр».

Алматы ақшамы, 10 сәуір 2012 жыл, 11-бет.



Ашаршылық әу баста ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеуден басталды. Кеңестік билік бірте-бірте орта шаруалардың да, тіпті кедейлердің де малын күштеп тартып алды. Кеңес өкіметі орнағанға дейін елді қамқорлығына алып, бағып отырған қазақ байларының көзін жойып, бұлардың бәрі «тап күресі» деген ұранмен сүркія саясат жүргізіп отырған биліктің зұлымдығы еді. 1932-1933 жылдары Әулие-Ата өлкесінде мыңғырған малы бар ірі байлар қалмады. Балалық шақтарында сол замандағы тағдырдың азапты тауқыметін тартқан қариялардың сөзіне қарағанда, байлар Кеңестік биліктің өздеріне деген саясатын алдын-ала біліп, тәркілеуден жасырып қалған төрт түлігін айналасындағы туған-туысқандарына, кедейлерге таратып берген. Ал жарлы-жақыбайлардың жаңа үкіметке сенгені соншалықты, қолына тегін келген малды өсірудің орнына, сойып-жеп отырған. Олар «Кеңес өкіметі аштан өлтірмейтін болды» деп, біртіндеп келе жатқан ашаршылықтан сақтануға ешқандай әрекет жасамады. Келесі бір науқанда жергілікті шолақ белсенділер бай-кедей деп қарамай, үйлерді тінтіп, елдің бірлі-жарым малына да ауыз салған. Тіпті, колхозға малын өз еркімен өткізген адамдарға да ешқандай үлес берілмеген, көмек те көрсетілмеген. Сөйтіп, билік өкілдері халыққа берген уәдесінде тұрмады. Кеңес өкіметіне деген ел-жұрттың үміті ақталмады.

Жалпы, ашаршылықтың келе жатқаны 1930 жылдың басында-ақ белгілі бола бастаған еді. Көшпелі және жартылай көшпелі елдің негізгі күнкөріс көзі – мал өнімдері болғандықтан, малдан айырылған қазақтар 1931-1933 жылдары жаппай аштыққа ұшырады. Сол кездегі газеттер ашаршылық апаты туралы тіс жармады. Жиырмасыншы жылдардың басында ашыққандарға көмектесу үшін «Помгол» қоғамы құрылған болатын, ал отызыншы жылдардағы баспасөз беттерінде ашаршылық емес, тек азық-түлік қиыншылығы деп қана көрсетілді. Керісінше, қырылып жатқан халық туралы бір ауыз сөз айтпай, ұжымдастыру мен социализм жеңісі жайында айқайлап жатты.

Тұтас бір халықты жер бетінен жойып жіберуді ойластырған Кеңестік биліктің зұлымдығында шек болмады, оны біреу білсе, біреу білмейді. Әсіресе, қазіргі өскелең ұрпақ еліміздің тарихындағы алапат аштықтың салдарынан ұлтымыздың қынадай қырылғанын, тарыдай шашырап шетелдерге тоз-тоз болып босып кеткенін біле ме екен? Шындығын айтатын болсақ, күні бүгінге дейін мектептегі тарих оқулықтарында бұл жөнінде мардымды ештеме айтылмайды. Сол жылдары көптеген болашағынан зор үміт күттірген жастарымыз тағдырдың аяусыз шеңгеліне түсіп, аштықтың азабынан көз жұмды. Бұл зобалаң жылдардағы қайғылы оқиғаларды, әсіресе, жастар білуі тиіс. Биліктің қолымен жасалған ашаршылықты халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында қазақ тарихындағы ең қауіпті қасірет болғандығын орта мектептен бастап оқытуды қолға алатын мезгіл жеткен сияқты. Елдің басына төнген зор ауыртпалықтарды жастарға айта отырып, енді ондай қиын заманның қайталанбауы үшін бірнеше ғасырдан кейін қол жеткізген тәуелсіздігімізді мәңгілік етуге тәрбиелейміз. Сондықтан бүгінгі және келешектегі ұрпақ та-

риxyмызда болған нәубетті білуі қажет, сондай-ақ тағдырдың тозағына түсіп, азаппен көз жұмғандарды есте сақтау – біздің борышымыз деп санағанымыз жөн. Бұл еліміздің өткен тарихынан сабақ алу үшін керек. Мамыражай тыныш қана өмір сүріп жатқан ел-жұртты есінен тандырып, зар қақсатып, аштан қатырған заман – қазақ даласындағы ең қасіретті сұрапыл кезендердің бірі болғанын жас ұрпақ білуі керек және содан сабақ алғаны жөн.

Қайсыбір қариялардан нәубет жылдардағы көрген-білгендерін сұрай қалсаңыз, барлығының айтқандары бір жерден шығып жатады. Олардың айтуынша, 1930 жылдан бастап колхоздастыру науқаны Әулие-Ата өңірінде жаппай етек алған. Кеңес үкіметіне әбден сенген ауылдағы «ұрда-жық» шолақ белсенділер «колхозға малыңды бермесең, колхозға мүше болып кірмесең, итжеккенге айдаласың, сотталасың» деп әкірендеп, елдің берекесін кетірген. Ауылдарда тігерге тұяқ қалдырмай байға да, кедейге де қарамай барлық малын зорлықпен тартып алып, колхозға біріктірген. Мал өнімдерімен тіршілік жасап отырған ел-жұрт не істерін білмей, бала-шағасының қамын ойлап жанталасқан. Ұжымдастыру кезінде бір-екі жылдың ішінде ауқатты шаруа қожалықтары толығымен жойылды. Колхозға бірігуге наразылық білдіргендер мемлекеттік қылмыскер ретінде жазаланды. Ұлтына, діни сенімдеріне және әлеуметтік тегіне байланысты да қуғын-сүргінге ұшырап жатты. Тіпті, кейде мемлекеттік қарыз алуға (заемға) жазылудан бас тартып, қайыршылық өміріне мұңайып, қазіргі өмірін Қазан төңкерісіне дейінгі өмірімен салыстырса да «халық жауы» болып шыға келетін.

Көкірегі көрсоқыр Кеңес үкіметінің өкілдері ел ішінде қаптап жүрді, оларға жергілікті жалған белсенділер қосылып халықтың төрт түлігін бір тұяқ та қалдырмай, түгелдей сыпырып алды. Бұдан артық қиянат болар ма екен? Олар малмен күн көріп отырған қазақтардың жағдайымен санасу дегенді білмеді, тек көкसेгені жоғарғы билікке жағыну, мансапқа қол жеткізу ғана болды. Сол кездегі аудандық және облыстық басшылардың іс-әрекеті Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекиннің көңілінен шығу, қайткенде де оған жағыну еді. Дегенмен, билік басында отырғандардың арасынан халықтың қамын ойлаған қайраткерлер де шықты. Оларды қызметтерінен босатып, «колхоздастыруға қарсы болды, бай-қулақтарды жақтады» деп қуғынға ұшыратқан. Кейінірек, олардың көбі атылып кетті.

Қарттардың естеліктерінде жаңа үкіметтің тарапынан Әулие-Ата уезіндегі елге салынған салықтардың өте көп болғандығы айтылады. Халықтан алына-тын салықтың мынадай түрлері болған: ет салығы, жүн салығы, май салығы, тері салығы, сүйек-мүйіз салығы, тіпті, ит терісінің салығы да болған. Осылардың бәрін мемлекетке өткізуді ғана ойлаған билік өкілдері халықты қысымға алып, есінен тандырады. Мұндай зорлық-зомбылық бұрын-соңды болды ма екен? Жергілікті белсенділер жерді тепкілеп: «жерден қаз, көктен сау, қайдан тапсаң, одан тап!» деп зіркілдеп, тіпті кедейдің жалғыз лағын да

тартып алып отырды. Өкімет өкілдерінен қорқып, ер-азаматтар бір ауыз сөз айта алмай іштерінен тынып үндемей қала берсе, ал әйелдер мен бала-шаға зар еңіреп етектері көздерінің жасына толған.

1930-1933 жылдары Әулие-Ата халқы ашынардай аянышты, өте қайғылы оқиғаларды бастарынан өткерді. Халық ауылдарынан безіп, жан-жаққа босып кетті, үй-іші түгелдей аштан қырылды, азынаған аязда қатып қалды, ауруға шалдықты. Кейінірек бұны «асыра сілтеу» зардабы деп атады. Сөйтіп, бүкіл өлке адам айтқысыз қырғынға ұшырады. Аштықтан өлген адамдар, балалар мен қарттар жөнінде, жер бетінен жойылып кеткен ауылдар, далада үсіп, ауруға шалдыққандар туралы сол заманды көрген қариялардың айтқан естеліктері - ащы шындық, қазіргі қазақ тарихының бір құрамдас бөлігі.

Колхозға біріктіру үшін бір ортаға жинап алған малдың күтімі болмады. Жаз бойы алашапқын болып малды ортаға жинап, колхоздың малына қысқы жем-шөп дайындаудың қажеттігін билік өкілдері түсінбей, төрт түлікті қырғынға ұшыратты. Мемлекетке ет өткізу науқаны басталып есепсіз сойылған малдың еті сасып, апаратын жеріне жетпей жатты, сол сияқты Ресейдегі ашыққандарға жәрдем көрсету, ит-құс жеді, өлді және т.б. себеп-сылтаулармен колхоздың малы талан-таражға түскен. Бұл жөнінде РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі торағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов 1933 жылы наурыз айында Сталинге жазған хатында көрсетіп берді.

Ашынған халықтың наразылығын болдырмау мақсатында ауылдарға шыққан билік уәкілдері «Кеңес өкіметі сендерді аштан өлтірмейді, қыс бойы азық-түлікпен (продпомощь) қамтамасыз етеді» деп алдаумен болған. Қарапайым халық та бір алдағанға сене қалатын бала сияқты емес пе? 1931-1933 жылдары мемлекет тарапынан ашыққандарға ешқандай көмек болмады.

Зобалаң жылдардың ауыртпалықтарын көрген, бүгінде козі тірі қарттардың айтуынша, Әулие-Ата аймағында аштықтан жаппай қырғынға ұшыраған Шу, Мойынқұм, Меркі, Қордай, Талас, Сарысу және бұрынғы Әулие-Ата аудандарындағы елдің жағдай өте ауыр болған. Сұрапыл аштықтың салдарынан тұрғындар түгелдей қырылып, жер бетінен жоғалып кеткен ауылдар аз болмаған. Бірыңғай аңшылық пен балық аулау да кейбір аймақтарда ешкімді ашаршылықтан құтқара алмады. Сол жылдары қуаңшылыққа байланысты бұл өңірдегі егіс алқаптарында астық шықпай қалған. «Жұт-жеті ағайынды» деп халық тегін айтпаған ғой. Тіпті, 1932 жылы көктемгі егістен қалған тұқымдық астықтың өзін де Голощекиннің нұсқауымен бір дән қалдырмай қайтадан мемлекеттік қоймаларға тасып алып кеткен.

1932 жылы жаз-күз айларында қазақтар жаппай қырыла бастады. Қолдарында бар бір-екі малын аштыққа шыдай алмаған жұрт сойып тастаған. Ұрлық жасаудың қылмыс екенін білсе де, әбден аштық қысқан адамдар колхоздың қорасындағы малға қол сала бастайды. Жан сақтаудың басқа амалы бар ма, шіркін, егер үйде бала-шаға аштан өлейін деп жатса...

Әулие-Ата өңірінде болған алапат аштық қалың елді жайпап кетті. Қазақ ауылдары аранын ашқан зұлматпен алысып, діңкесі құрыды. Көшпелі өркениеттің дамуына зор үлес қосқан бұл өңірдің қазақтары бір кезде қазы мен қарта шайнаса, ал енді тышқан аулап, иттің етін азық қылатын жағдайға жетті. Сапырылған сары қымыздың орнына сасыған құдықтың, шалшықтың борсыған суын ішті. Ашыққан халық тері-тулақты жей бастаған, қыста қоқысқа лақтырып тастаған сүйекті жинап алып, суға қайнатып бетіне шыққан майын ішіп, сүйегін кемірген. Жаз айларында торғай, тышқан аулап өлместің күнін көрген. Өңсіз-түссіз, бетінен қаны қашқан қазақтар беті ауған жаққа қаңғып кетті. Шетсіз-шексіз сайын далада сарышұнақ аулап, ол да тамақ болмай жеткен жерлерінде құлап жатты. Өздері сол тышқандарға жем болды. Тамақты таңдап, талғап ішетін қазақ малдан жұрдай болып, бірінің етін бірі жеуден тайынбады. Осындай сұмдықты бұрын көрген жан бар ма екен? Ел тарыдай шашырап, басы ауған жаққа босып кетті. «Аштық қабырғаға батқанда адамның есі кетіп, шырқырап жан даусы шығады екен!» деп еске алады қаралы күндердің зардабын тартқан бүгінгі қариялар. Ашаршылық ел ішін жайлап, тау-тасты кезіп кеткен пенделер ісіп-кеуіп әр төбенің етегінде, әр бұтаның түбінде аштан өліп, сұлап жатқан қаншама әйел-еркек, кемпір-шал, бала-шағаның сүйегі көмусіз қалғанын көздеріне жас алып айтып берген қарттардың көңіл-күйіне біздің де көңіліміз босағандай болды...

Барар жері, басар тауы болмаса да ашыққан халық Үкімет өкілдері мен қатыгез белсенділерден әбден зорлық көріп, аштан өлгені өліп, бірлі-жарым тірі қалғандары жан-жаққа қаңғып кетті. Сай-саланың баурайында, жол біткеннің бәрінде ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдарға қарап жатқан ешкім болмады. Жаяу-жалпылап, кішкентай сәбилерін арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетектеп босып бара жатқан жандарды милиция немесе қызыл әскер қуып жетіп «Кеңес өкіметіне қарсы шықтындар, колхоздан қашып бара жатырсындар!» деп кері қайтарған, көп жағдайда бораған оқтың астына алып қырып салған. Сондай бір қанды қырғыннан кездейсоқ тірі қалған қария сондағы өзі көрген зұлымдықтар мен жауыздықтарды жылап отырып айтқанда, адамның жаны түршігеді.

Қазақ ауылдарын ұжымдастыру кезінде шектен шыққан билік өкілдерінің озбырлығы мен зұлымдығы бір-екі жылдың ішінде елді аздырып-тоздырып, қаңғыртып жіберді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген саяси науқан сол тұста Кеңес өкіметінің адамзат төзе алмайтын қаскүнем ұраны болды. Осыған шыдай алмаған қаншама қазақ туған жерін, алтын бесік – атамекенін тастап, бас сауғалап, жан сақтау үшін Ресей, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Түркия т. б. елдерге ауып кетті. Кеңестік билік халыққа жасаған қиянатын жасыру үшін басқа елдерге жаппай қоныс аударуға қатаң тыйым салған екен. Ауыл-аймағымен көшіп бара жатқан қазақтарды қызылдар «бандылар, өкіметке қарсы шыққандар» деп, жойып жіберуге жоғарғы биліктен бұйрық алып отырыпты. Шындығына келгенде, олар мал-

жанын, отбасы мүшелерін аштықтан аман алып қалу мақсатында шетелдерге көшіп бара жатқан кінәсіз жандар еді. Сондай адам төзгісіз қиындықтарға қарамастан шекарашылардың оғының астынан өтіп, тірі қалған жүздеген мың аштықтан қашқан қазақтар ауыл-аймағымен Қытай асты. Қаншама кәрі-жас, үлкен-кіші, бала-шаға діттеген жерлеріне жете алмай шекарада оққа ұшты. Әулие-Ата өңіріндегі қарттардың естеліктеріне қарап отырсақ, бұл аймақтың халқы Қырғызстан мен Қытайға көбірек кеткен екен.

Мұрағат деректерін былай қойғанда, сол бір зобалаң дәуірді бастарынан кешіріп, небір сұмдықтарды көзбен көріп тірі қалған қарттардың әңгімелерінен 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың қасақана жасалғаны анық көрініп тұрады. Сол кездегі баспасөз беттерін ақтарғанда, отызыншы жылдары Қазақстанда азық-түліктің жетерліктей болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Ғасырлар бойы мал өсірумен айналысқан қазақтардың жаппай ашаршылыққа ұшырауының ең басты себебі – Кеңес өкіметінің күшпен елдің малын тартып алып колхозға біріктіру саясатының мүлде теріс жүргізілгені, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігі ескерілмей, ежелден қалыптасқан өмір сүру тәсілі болған төрт түлік ұстауға қатаң тыйым салып, отырықшы болып егін салумен айналысуға зорлап мәжбүрлеген солақай саясаты еді.

Сонымен қатар, Сталин бастаған Кеңестік билік басшыларының қазақ халқына деген көзқарастарының да теріс болғанын мынадай мәліметтерден біле аламыз. Ел арасында күні бүгінге дейін отызыншы жылдары Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретары болған Голощекиннің шексіз зұлымдығы туралы айтылып жүрген әңгіме бар. Ол қала көшелерінде аштан өліп жатқан қазақтардың үстінен аттап өтіп «колхоздан қашқан қазақтың тірісінен өлісі жақсы» деп, өзінің қатыгездігін, адамгершілік қасиеттен жұрдай екендігін көрсетіпті.

## БАЙЗАҚ АУДАНЫ

Байзақ ауданы – Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік аудан. 1996 жылға дейін Свердлов ауданы болып аталды. Аудан аумағының басым көпшілігі жазық, тек оңтүстігінде ғана Қырғыз Алатауының аласа қыраттары орналасқан. Аудан жерімен Талас, Көделі өзендері және олардың салалары мен тармақтары оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады. Жерінің топырағы негізінен сұр, солтүстігінде құмды, оңтүстігінде бозғылт қоңыр топырақты болып келеді. Жазық далада жусан, көкпек, бұйырғын, күйреуік, жыңғыл, сексеуіл, өзен бойында қамыс, құрақ өседі.

Бұл өңірде жануарлардан қасқыр, түлкі, қоян, суыр, борсық, жабайы шошқа, ақбөкен, саршұнақ, атжалман болса, құстардан дуадақ, құр, көкқұтан, қырғауыл, бөдене кездеседі. Өзендерінде сазан, алабұға, шортан, шабақтың бірнеше түрі бар.

Ауданның орталығы – Сарыкемер ауылы. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, оның іргесі 1875 жылы қаланған екен. Талас өзенінің бойы күнге шағылысып, кемері сап-сары болып тұратындықтан, бұл жерді ежелден халық «Сарыкемер» деп атап кеткен. Патша өкіметінің отарлау саясаты кезінде келген орыс көпесі Михайловтың атымен 1880 жылы Михайловка селосы аталған десе, басқа нұсқасында келімсектер шіркеуді оздерінің қасиетті «Михайлов день» күні қарсаңында ашылғанына байланысты атаған» дейді.

Ауылға ҚР Жоғары Кеңесінің шешімімен 1992 жылы 19-наурыздағы № 1262-ХІІ қаулысымен өзінің ежелгі Сарыкемер аты қайтарылып берілді.

Өткен ғасырдың 30 жылдарындағы еліміздің басына шүйліккен сұрапыл ашаршылық Байзақ ауданының халқын да айналып өтпеген. Бүкіл Қазақстанның түкпір-түкпірінде болған небір сорақы оқиғалар секілді көптеген ауыртпалықтарды ауданның тұрғындары да бастарынан кешіреді.

### **Райхан Шомаеваның естелігі** **Бір күнде опат болған сегіз бала мен әке**

Райхан Шомаева 1915 жылы Әулие-Ата өңіріндегі қазіргі Байзақ ауданы Ақыртөбе ауылында дүниеге келген. Әкесінің есімі – Әлібай, анасы – Тоғайым екен.

Кеңес өкіметі билікті қолға алысымен байлармен күрес науқанын қатал жүргізе бастады. Райханның атасы – Өсер мен әкесі – Әлібайдың үйір-үйір жылқысы, қора-қора қойы, жүздеген сиыры болған. Екеуіне де бай-қулақтар деген кінә тағылып, бір тұяқ қалдырмай малын, дүние-мүлкін тәркіледі де, өздерін абақтыға жапты. Олардың артында жылап-еңіреп бала-шағасы қалды. Әлібайдың отбасында тоғыз жан болыпты. Күн көріп отырған малдан, асырап отырған әкеден айырылған соң, олардың жағдайы күннен күнге нашарлай

береді. Ішіп-жейтін азық-түлік қоры таусылып, ашаршылықтың күні көріне бастайды. Әлібай Ақыртөбе ауылындағы түрмеге қамауға алынғаннан кейін, зайыбы Тоғайым оған жарытып тамақ апармаса да, жағдайын біліп тұру үшін күнде барады екен.

Бір келгенде Әлібай:

- Тоғайым, сен менің артымнан жүгіре берме, менің пешенеме жазылған өлшеулі жасым келіп тұр. Мені қорғағанша, сен ана балаларыңды қорға, бірақ сол балаларыңның ішінен де жалғыз қара қызыңа мұқият бол. Өйткені, басқаларының барлығы кетеді сенің қасыңнан, сен жылама, өзіңе-өзің берік бол, - деді.

Осы сөздерді естіп Тоғайым байғұс айқай салып жылап жібереді. Сонда түрме терезесінің тесігінен қарап тұрған Әлібай былай дейді:

- Қоя тұр, мен әлі айтып болған жоқпын, енді ертең келгенінде, мен де жоқпын саған.

Ертеңінде Тоғайым қайтадан абақтыға барса, өзі айтқандай қаза болыпты. Ақыртөбенің шетіндегі үйіне жылап-аңырап келгенде, жалғыз Райхан ғана қарайып отыр, сегіз бала үйден шыға алмай аштықтан келген аурудан түгел қырылып қалған. Кейін анасы қызына әкесінің бұрыннан да «көріпкелдік» қасиеті болғанын үнемі айтып отырады екен.

Бейшара ана жалғыз өзі шырылдап жүріп, бой жетіп қалған қыздарынан, ер жетіп қалған ұлдарынан бір күнде айырылған соң, Райханды арқалаған күйінде үйден безілдеп, шығып кетеді... Сол шыққаннан Сәмбет деген жердегі Әлібайдың қарындасының балалары тұратын елге жол тартады. «Соларға барып паналайық, тым болмаса осы қызымды аман алып қалайын» деген оймен сонда келеді. Райханның айтуынша, анасы – адуын мінезді, дене бітімі ірі, қайратты әйел болған екен.

Сөйтсе, барған жерінде де халық малдан жұрдай болып, биліктің озбырлық қыспағына түсіп, ішіп-жейтін тамақ болмай аштықтың құрсауына ілініпті. Алайда өлместің күнін көріп жарты ай солармен бірге күнелтіп жүреді де, бір күні Тоғайым қызын ағайындарына қалдырып, өзі бір тамағын асырау үшін жұмыс істеуге кетеді. Анасы кетерінде қызына «мен енді колхоздың жұмысына кірейін, тірлік жасайын, сені кейін алып кетемін. Бұл жерде аштан өлмессің, мен тағы өлтіріп аламын ба деп қорқамын, осы жерден сен күніңді көр» деп айтқан екен.

Көп ұзамай Райханның анасы өзінің қайнысына тұрмысқа шығады. Ол қайнысының жаңадан отау тігіп алған әйелі 1930 жылы жүкті болып жүрген кезінде аштықтан далаға шығып кетіп, содан әлсіреп өліп жатқан жерінен бейшара әйелді жақындары даладан тауып алыпты. Ел қырылып, өліп жатқан зұлмат заман болған ғой. Содан қайнысы бір үйде жалғыз қалған. Ауылдың қариялары «бұл бұрынғының салты екеуің екі үйде отырасыңдар ма, одан да бір-біріңмен жалғасып күн көріңдер» деп үйлендіріп, бастарын

бір шаңырақтың астына қосады. Осыдан кейін Тоғайым қызын алып кетпек болғанда, Райханды тәрбиелеп жүрген әкесінің қарындасы бермепті.

Райхан жастайынан пысық, шаруаға бейім, еті тірі қыз болған екен, сол үйдегі апасы қыздан айрылғысы келмей, өзінің тәрбиесіне алады. Бойжеткен соң, әкесінің қарындасы Тоғайымға «сүйек жаңғыртайық» деп, өз босағасына келін етіп түсіреді. Жұбайының аты – Нәметқұл, оның әкесінің аты – Шомай екен. Райхан 16 жасында тұрмысқа шығады. Содан ауылдағы кейбір ағайындар «жас қыз алды» деп, оны өкіметке жеткізіпті. Сөйтіп, Нәметқұлды екі жылға соттатып жібереді. Түрмеден келісімен бірден соғысқа аттанады. Екеуі бас қосып үш жыл ғана бірге өмір сүріпті. Бір жыл майданнан хат келіп тұрған. Одан кейін хат келмеген, Нәметқұл өлі ме, тірі ме бүгінге дейін хабар болмаған...

Әңгіме барысында Райхан жұбайы Нәметқұл туралы: «Құдай жасымнан қосылған ер азаматымды ажыратып түрмеге былай әкетті. Енді ғана абақтыдан келіп адам сияқты өмір сүріп жатыр едік, соғысқа алып кетті...

... Есімде, мен су тасып сонау ауылдың шетіне кеткенімде Нәметқұл конторында сағатына қарап күтіп отырады. Мен алыстан қарайып көріне бастағанымда алдымнан шығып, шелегімді үйге дейін көтеріп жеткізіп салушы еді. «Нәметқұл сенің теңің емес» дейтін абысындарым. Мен оларға көңіл бөлмейтінмін. Нәметқұл көрікті еді, онымен қатар отырып суретке де түсе алмадым. Құдайдың жақсылығын осы өзімнің баламнан көрдім...» деп жұбайын есіне алғанда жүз жыл өмір сүрген кейуананың көзіне жас тығылып, еріксіз көңілі босады.

### **Базарбай Қалдыбаев қарияның естелігінен Шіркін-ай, тойып бір тамақ жегенге не жетсін!**

Ұлы Отан соғысының ардагері Базарбай Қалдыбайұлы 1925 жылы 30-қыркүйекте Байзақ ауданындағы Вансетта (қазіргі Үлгілі) ауылында дүниеге келген. Әкесінің аты – Қалдыбай, анасының есімі – Жарқылдақ екен.

Отызыншы жылдары Базарбай 5-6 жаста болатын. Бүкіл елді аштық жайлаған. Оның әкесі отбасын аштыққа ұрындырмау үшін күнде далада өсетін шытыр деген өсімдікті теріп алып келеді. Анасы шөптің дәнін түсіріп, суға бір-екі рет қайнатып, сонымен тамақтандырады. Басқа ешқандай ішіп-жейтін азық жоқ.

Қыс мезгілінде Қалдыбай қолыма бірдеме түсіп қалама деген үмітпен, даланы кезіп жүріп таяқпен ұрып алатын аң-құсты да іздейді. Қанша жүрсе де, аң дейтін аң да кездеспейді. Бұрын бұл өңірдің сай-салаларында, қыраттардың етектерінде қоян, түлкі, қарсақ, кекілік секілді аң-құстар көп болатын, ал қазір бірі де қалмай, көзден ғайып болған сияқты көрінеді. Аппақ қардың бетінде ешқандай із байқалмайды. Оның үстіне оған қолмен ұрып алатын аң мен құс



қайдан табыла қойсын. Әйтеуір, жанталас қой. Тірі адам тіршілігін істейді емес пе? Қалдыбайдың жанындағы аштан бұратылған иті де жыбырлаған жәндік көрсе болды, бас салуға дайын тұрады. Бірақ мынадай ақ қар, көк мұзда қыбырлаған ешнәрсе көрінбейді.

Бір күні суықтан ба, әлде аштықтан ба әбден әлсіреген қоянды оның иті шыр айналдыра қуып, бас салды. Қалдыбай иттің аузында тыпырлап жатқан оны жұлып алып, қонышынан жалтылдаған пышағын суырып алды да, шалажансар қоянды алқымынан орып кеп жіберді. Адам баласы қаншама қиындықтарға төзімді болса да, ашыққан кезде нысабына тежеу салу оңайға соқпайды екен. Қалдыбайдың тарамыс қолдары дірілдеп, қоянның аққан жылымшы қанын алақанына тосып бір-екі рет ұрттап жіберіп еді, көзі жайнап шыға келді. Қалғанын итіне берді. «Аштық не жегізбейді...» деген осы шығар.

Түске дейін аш отырған Базарбай мен шешесі Жарқылдақ есік жаққа жаутаңдап қараумен болды. Үйдің іші тас қараңғы, мұздай суық. Екеуі үстеріне ескі шапанды жамылып, бір-біріне тығыла түседі. Тек қана кішкентай терезеден түскен көмескі сәуле жарығы ғана бір сәт олардың ашыққандарын ұмыттырып жіберетіндей көрінеді. Тұрғысы келмейді, қимылдап жүре берсе одан сайын қарны ашиды. Одан да жатқаны дұрыс. Аз да болса аштықты ұмытады.

... Жарқылдақ сәлден кейін баласын оятып алмауға тырысып, отырған орнынан ақырын еппен тұрды. Күн түстен ауып қалған екен. Қараңғыда сипалақтап жүріп пешке от тұтатты. Сол мезетте оянып кеткен Базарбай шешесін аяғандай болып:

- Апа, қарнымыз ашты ғой, не жейміз! – деді.

- Құлыным-ау, шыдай тұршы! Әкең де келіп қалар, - деп айта бергені сол еді, қолында қояны бар Қалдыбай кіріп келді.

Үйге жарқ етіп күн сәулесі түскендей Жарқылдақ пен баласы екеуі қуанып кетті. Бір сәт аштықты ұмытқандай әсер де болды. Адам шіркіннің, ертеңі бұлыңғыр болса да үмітпен қарайтын әдеті ғой, міне, бұлар да отағасының олжамен оралатынын іштей сезген еді. Бүгінгі күні қарындары бір тойса, алдағы уақытта да бір амалы табылатындай болып көрінеді. Бәрінің ойлағаны біреу ғана: «Шіркін-ай, тойып тамақ жегенге не жетсін!» Бірақ, басқа ешқандай амал жоқ, қоянның етін біраз күнге талшықтап жеткізу керек.

Анасы қоянның бір түйір етін кесіп алып, су қайнап жатқан қазанға салып жіберіп, оның үстіне жарты уыстай талқанды салды да, баласына қарап:

- Қазір піседі, қарағым, шыдай тұр.

- Шыдаймын ғой, апа – деді Базарбай ересек адамдарша жауап беріп.

- Аштық жылдарында талай жандардың үй-ішімен опат болғанын өз көзіммен көрдім, сол кезде бала болсам да есімде сақталып қалды. Мұндай ел басына төнген алапат аштықты ұмытуға бола ма, ұмыта алмаймын... - деп Базарбай қария сөз арасында бір ауыр күрсініп алды да, әңгімесін одан әрі жалғастырып кетті.

- Елден береке кетті. Ашыққандардың есіл-дергі ауыл-ауылдарды аралап бір үзім нан, бір түйір ет қайдан табылар екен деп қаңғырумен болды. «Елде бардың өзегі талмайды» деуші еді бұрынғы көнекөз қариялар. Ал қазір ел-жұртта түк жоқ. Халықтың малын, дүние-мүлкін Кеңес өкіметі тартып алды. Бай деп те, кедей деп те қараған жоқ, бәрін тәркіледі. Қолында бірлі-жарым түйесі, ат-көліктері бар адамдар шетелдерге қашты, ал «байсың, қанаушы таптың өкілісің, колхозға кедергі келтіресің?» деп, бұрыннан ауыл-аймағына қамқор болған байларға жазықсыз айып тағылып итжеккенге айдалды. Ауылда сіңірі шыққан кедейлер ғана қалды. Билік өкілдері оларға да тыныштық бермеді, соңғы тышқақ лағына дейін тартып алып, колхозға зорлап кіргізді. Олардың арасынан уәкілдердің алдауына сеніп «өкімет – менікі» деп, ауылдастарына қырғидай тиген белсенділер де шықты. Мұндайлар ел ішінде «шолақ белсенділер» деп аталып кетті. Колхозға мүше болған кедейлер көмек ала алмай, аштықтың қыспағына түсті, - деді Базарбай қария өткен ауыр күндерді еске алып.

Ғасырлар бойы малмен күн көріп келген қазақтар енді не істемек? Тіпті, аштан қырылып жатқан колхоз мүшелеріне неге көмек бермеді? Кеңес өкіметінің жарылқағаны осы ма? Бұрын аса саңырау, қатал байдың өзі де қарамағындағы жарлы-жақыбайларды, кедей-жалшыларды да мұндай аштыққа ұшыратқан емес. Бұлай бола берсе жаңа өкімет тұтас бір халықтың түбіне жетпей ме? Міне, осы ойлар күндіз-түні Қалдыбайды мазалай берді...

Көп ұзамай Қалдыбай қайтыс болды, оның артынан ауыр заманның қиындықтарына шыдай алмай, денсаулығы нашарлап зайыбы Жарқылдақ та бұл дүниеден озды. Базарбай жастай жетім қалды. Әкесінің ағасы мен жеңгесі Балғыздың тәрбиесінде болып ер жетті, білім алды...

... Қан майданнан аман-есен елге оралып, мектепте орыс тілі мен әскери даярлық пәндерінен сабақ беріп, ұстаздық етті. Содан кейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы, «40 жылдық» колхозында парткомның хатшысы және аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі қызметін атқарды.

## **Социалистік Еңбек Ері Мәрзия Ибрагимованың естелігінен «Байдың қызы түк білмейді» деген сөз маған қатты әсер етті**

Мәрзия Рысбайқызы Ибрагимова 1918 жылы қазіргі Байзақ ауданындағы Тасақыр елді мекенінде туып, балалық шағы осы жерде өткен. Мәрзияның айтуынша, шешесі – Айкүл ажарлы, келбетті кісі болған, олең де айтады екен, ал әкесі – Рысбайдың бойы екі метрдей ұзын, ірі денелі кісі болған.

Жиырмасыншы жылдардың соңында большевиктердің өкіметі Рысбайдың барлық малын тәркілейді де, өзін бай болғаны үшін түрмеге жабады. Әкесін НКВД өкілдері айдап әкеткенде Мәрзия 14 жаста болыпты. Ашаршылықтан бұрын екі әкпесі ұзатылайын деп отырған жерінде шешек ауруына шалдығып,

сол аурудан көз жұмады. 1931-1932 жылдардағы ашаршылықтың салдарынан анасы, ағалары, інілері опат болады, тек қана отбасындағы 15 баланың ішінен жалғыз Мәрзия аман қалады. Бастарына қауіп төнген кезде олардың үй-жайы Тасақырдың жанындағы Ұзынбұлақ деген жерде болған екен.

Үлкен отбасы аштыққа ұрынып, бір ғана өзі тірі қалған ол нағашысының қолында бой жетіп, тәрбиеленеді.

... Рысбайдың жайлауы қырғыз бен қазақтардың ортасындағы Шұбарағаш деген жерде болды. Оның бес қойшысы отар-отар қойларға қарады, үйір-үйір жылқылары мен түйелерін басқа бақташылар құм жақта бақты.

Бір күні оның жайлауына қырғыздар малын жайыпты. Ол жер жасыл желекке оранған, масатыдай құлпырған табиғаттың керемет бір бұрышы екен. Қазір бұл аймақ елдің демалатын орнына айналған. Мәрзияның әкесін ауылдастары «бай» деп атап, атын атамаған. Рысбай ұйықтап жатқанда бір кісі келіп: «Ой, байеке неге жатырсың, қырғыздар жеріңді алып қойды ғой!» дегенде ол ұшып тұрып, қолына шоқпарын ала сала, атқа мініп сол жаққа шаба жөнеледі. Содан Рысбай үш күн үйге келмейді, оны іздеген де ешкім болмаған. Сөйтсе, қырғыздармен жалғыз өзі соғысыпты, ақырында малын алдына салып, көйлегі қан-қан, беті тілім-тілім болып келеді. Күндіз-түні тыным таппай еңбек етіп, маңдай терімен жинаған малын бөтен адамдардың айдап кетуіне осылайша жол бермеген. Бұл малды ешкімнен тартып алған жоқ, ешкімді қанаған жоқ. Өзінің еңбекқорлығымен, іскерлігімен тапқан ақ адал малы, қайта ағайын-туыстарын, ауылдастарын ұйымдастырып, оларға малын бақтырып, балашағасын асырауына жағдай жасаған. Қазақ қоғамында «қанау» деген ұғым болмаған ғой. Өйткені, шаруашылығында еңбек етіп жүргендердің бәрі – өзінің рулас ағайындары, жақын туысқандары болатын. Кеңес өкіметі еліне қамқорлық жасап жүрген осындай байларды «қанаушы» тап деп санады, бүкіл малын, дүние-мүліктерін тәркілеп алып, өздерін шетінен абақтыға қамап Сібірге айдады. Сондай жазықсыз құрбандардың бірі – Рысбай болды.

Ол тек мал шаруашылығымен ғана емес, сонымен қатар көрші елдермен қарым-қатынас орнатып, саудамен де айналысады. Әкесінің сауда-саттықпен айналысқаны туралы Мәрзия: «Әкем алты айлап, Қоқанға барып тұратын, бірде жеті түйеге артып кілем әкелгені бар. Сол кілемдерді де, малды да кәмпеске жылдарында өкімет алып қойды ғой. Бар болдық, бірақ қызығын көре алмадық. Содан не керек, үйде тігерге тұяқ қалмады. Бәрінен бұрын әкемнің Қоқаннан әкелген кілемдерін билік өкілдері тартып алып кеткенде, анам байғұс қатты жылады. Сол кілемдер Жамбылда ел ішінде бар көрінеді, өйткені, бірде ауруханада жатқанымда бір орта жасқа келген кісі «бізде үйде бір кілем бар, өмірі тозбайды, қара кілем» деп айтып отырды, ол тозатын кілем емес. Оны «таскілем» деп атайды. Сонда, активтер кілемдердің барлығын өкіметке бере салмаған, өздеріне де алып қалған екен ғой», - деп ойладым» дейді өткенді есіне түсіріп.

Тәркілеу жылдары Рысбай жерді қазып, ұра жасап қолындағы бар бидайын көміп тастайды. Ауылдағы шолақ белсенділер соған дейін тіміскілеп тауып, тіпті, күбіге салып қойған бидайды да алып кетеді. Сауатсыз, қатыгез белсенділер елді тінтіп, алатынын алып, көрсетпегенді көрсеткен. Бой жетіп қалған Мәрзия осындай зорлықтың бәрін өз көзімен көреді. Бұл оның жас кезіндегі көрген азаптары, ал соғыс уақытындағы жылдар да өте ауыр болған екен.

Кеңестік билік уәкілдері барлық малды, дүние-мүлікті күштеп тартып алғаннан кейін, Рысбай бала-шағасын асырау үшін Тасақырдың арғы жағындағы жоғарғы жайлауына бидай, тары, қауын егеді. Картопты «желі бар» деп екпеген. Сиыр малын «сасық» деп үйінің маңына жолатпай, үш малшыға алыста бақтырған. Бар байлықтан айырылған соң балаларды аштыққа ұрындырмау үшін сиыр ұстай бастады.

«Бірақ сиырдың сүтінің «иісі бар» деп іштей жылайтынмын, әрең үйрендім ғой, жарықтыққа!» дейді Мәрзия. Малды алып кеткенге дейін олардың ішіп-жейтіні жылқының еті, қымыз, жент, тары, тарының көжесі болған.

Ежелден-ақ қысы-жазы мал өсірумен айналысқан қазақ елі қыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға көшіп-қонып жүргені белгілі ғой.. Жайлаудан көшерде Рысбай ауылдастарына құдайы тамақ беріп, бір Аллаға сыйынып жолға шығады. Ол қызын атқа отырғызады, ал аттың басын біреу жетектеп жүреді. Он төрт жастағы қыздың басында әдемі құндыз бөрік, тағып алған алтын-күміс әшекейлері жарқырап, үстіне Бұқардан алдыртқан неше түрлі маталардан тігілген көйлектің біреуін киіп алып құрбы-құрдастарымен бірге көштің алдында жүреді. Былай қарасақ, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша көштің өзі сән-салтанатпен жолға шыққан ғой.

Қыстаудан жайлауға көшерде үйдің есігін жіппен байлап жүре береді, оның ішіндегі кілемдерге, ыдыс-аяққа т. б. мүліктерге ешкім тимейді. Ал жайлауға тек көрпе-жастықтарын ғана алып барады. Ешкімнің дүние-мүлкіне тиіспеу – бұл ертеден келе жатқан көшпелі халықтың ерекшелігі еді. Алайда сол мамыражай өмірді Кеңес өкіметінің солақай саясаты күл-талқан етті. Олардың малын, үйдегі жарамды дүние-мүліктерін өкімет адамдарының тартып алғаны, әкесінің қолына кісен салып, айдап әкеткені – осының бәрі Мәрзияның көз алдында болды. Рысбай тәркілеудің болатынын алдын-ала біліп, біршама қойды базарға сатып, қам-қаракет жасады. Ақша ауысқан жыл екен, саудадан түскен қаражат жарты қаптан асады. Кәмпеске болады деген түні, әкесі қара киізге оралған алтын бұйымдарды алып, үйінен шығып кетеді. Бір жерге көмейін деген ойы болса керек, ешкімге айтпаған. Мәрзия әкесінің алтындарды қайда көмгенін күні бүгінге дейін білмейді.

Рысбайды тұтқындап, белгісіз жаққа алып кетті, одан ешқандай хабар болмады, қайда қамап қойғанын, қай жерде қашан қаза тапқанын да ешкім білмейді. Сондай заман болған.

Әкесінен ерте айырылған жас қыз қыпшақ рулы еліндегі нағашыларының қолында жүріп өседі, бой жетеді. Жетім деп бір адам маңдайынан шертпеген, қайта байдың қызы деп қошаметтеп, оның көңіліне қарап тәрбиелеген. Ол тұрмысқа шығып барған отбасының да нәубет жылдары барлық балалары опат болып, жалғыз қызы қалыпты. Ал ұлдан аман қалғаны Мәрзияның жұбайы екен. Оның екі енесі болды. Үй шаруасының барлығын екі анасы істеп, оған не кір жуғызбады, не тамақ істетпеді, өздерінің қыздарындай мейіріммен қарады.

... «Байдың қызы түк білмейді» деген сыбысты естіп, ол колхоздың жұмысын бар ынтасымен беріліп істеді. Егер «байдың қызы» екенін билік өкілдері білсе, онда Социалистік Еңбек Ері атағы берілмейтін еді. Мәрзия ата-енесінің арқасында, сондай-ақ өзінің еңбекқорлығының нәтижесінде өзіне бөлінген 4 гектар қызылшадан әр гектарынан 820 центнер өнім алып осындай құрметті атаққа ие болған.

Сөз соңында Мәрзия әже «қазіргі жастар біздің көргенімізді көрмесін, осы ауыртпалықтардың бәрін өзімізбен бірге алып кетейік. Сендер де біз сияқты еңбекқор болындар!» деп ақ тілегін айтып, бізбен қоштасты.

### **Милиция полковнигі Сауытбек Рысбаевтың естелігі Әулет пен нәубет**

Сауытбек Рысбаев 1925 жылы Байзақ (бұрынғы Свердлов ауданы) ауданында дүниеге келді. Әкесі – Рысбай, шешесі – Фатима өткен ғасырдың 20-30 жылдарында мал өсірумен айналысып, жылқы мен сиыр бақты. 1932 жылы жеті жасқа толған Сауытбектің білім алуға мүмкіншілігі болған жоқ. Елді жайлаған нәубеттен Рысбайдың отбасы да ауыр қиыншылықтарға тап болды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда 1920-1922 жылдары және 1929 жылдан басталып 1934 жылға дейін созылған екі аштық қырғыны болды. Бүкіл қазақ жерін қамтыған екі жойқын зобалаң жылдарды Рысбайдың отбасы да, ағайын-туыстары да бастарынан кешірді. Сауытбек бала болса да, сол кездегі елдің ішіндегі болып жатқан оқиғаларды есінде жақсы сақтап қалған.

- Өзім көрген және үлкендерден естіген біздің елді жайлаған ашаршылық оқиғаларын айтып берейін, - деп бастады әңгімесін Сауытбек қария. - Байлардың жеке шаруашылықтарын жойып колхозға біріктіру – 1930 жылдан бастап қарқын ала бастады. Шаруашылықтарды ұжымдастыру кезінде байлардың, дәулетті шаруалардың, тіпті, кедейлердің де малын бір ортаға жинап, колхоздың меншігіне өткізеді. Бұл сол замандағы жаңа өкіметтің басты саясаты еді. Талас өзенінің бойында орналасқан Михайловка елді мекенінің маңында (қазір Сарыкемер ауылы – аудан орталығы) отызыншы жылдарға дейін жеке-жеке ұжымшарлар болған Тедістік, Жаңатұрмыс, Көкбастау – үшеуі қосылып, Амангелді атындағы колхозға бірігеді.

Кеңес өкіметінің уәкілдері Талас өзенінен егінге су салу үшін ауыл тұрғындарына Байзақ және Сәмбет тоғандарын қаздырған. Бұл тоғандардың тарихы ХІХ ғасырдың басынан басталады, сол дәуірде Әулие-Ата өңірі Қоқан хандығының ықпалында болған. Хандықтың билеушілері қазақтардың арасындағы беделді ақсақалдардың бірі – Байзаққа «датқа» деген лауазым беріп, осы аймақтың халқына басшы етіп сайлайды. Датқа – билеуші деген ұғымды білдіреді. Қоқан хандығынан қанша қысымшылық көрсе де, Байзақ датқа өз еліне қамқорлық жасауды әсте есінен шығармаған, көшпелі ел-жұртқа егін салуды үйретеді. Байзақ қарамағындағы елге тоған қаздырып, ауылдастарына бидай, тары сияқты дақылдарды өсіруге жағдай жасайды. Содан ел арасында «Байзақ тоғаны» деп аталып кетті. «Сәмбет тоғаны» да сәмбет руының атымен аталған.

Жергілікті билік 1932 жылы сол тоғандарды ізімен қайта қаздырып, колхозшыларға мақта, бидай, қауын-қарбыз ектіреді. Бұл көшпелі қазақтарды отырықшылыққа орналастыру мақсатында жоғарыдан берілген нұсқау болатын. Алдын-ала елдің арасында ешқандай түсіндіру және отырықшылыққа даярлау жұмыстары болмады. Малдың бәрін күштеп тартып алды, ғасырлар бойы малмен күн көріп отырған халықта бірде-бір тұяқ қалмады. Азық-түлік қоры таусылды. Жылқы малын «маңқа» деген сылтаумен атып тастап, шұңқырларға топ-тобымен көме берді. Большевиктердің қазақ халқын «ер қанаты – атынан» айырып, тырп еткізбей бұғалықта ұстағысы келген шараларының бірі осындай болды.

Менің ата-анам да малдан жұрдай болып, енді колхоздың шөбін шапты, қауын-қарбыз егіп бақшада жұмыс істеді. Оларға беретін ақша деген колхозда болмады, еңбек еткен ақысына қауын, қарбыз, асқабақ алып тұрды. Бұл дақылдардың шопағын жинап кептіреді де, қол диірменге тартып ұнтақтайды. Осыдан кейін ұнтақталған дәнді електен өткізіп, суға салып қайнатқан соң, кәдімгі сүт болып шыға келеді. Жаз бойы Рысбай әкем бақшада еңбек ете жүріп 5-6 қап шопақ жинап алады екен. Жинаған дақылдар дәнінің бір бөлігін ағайын-туыстарына, інісі Қылышбай мен ағасы Ахметтің отбасыларына беріп тұрған. Әкем шопақты дүкеннің күзетшісіне де беріп, оның орнына жарты килограмдай ұн алып отырған. Аштық әбден қысқан кезде тарыға ұқсас шытыр деген шөптің дәнін қол диірменге тартып, ұнтақтап, су қосып пісірген быламық көженің өзі де біздің отбасымызға әжептәуір тамақ болғанын айтпасам болмас. Бір әулетті ашаршылықтан сақтап қалуы үшін ол өзін-өзі құрбандыққа шалуға дейін баратыны анық еді. Өйткені, әкем үшін дүниедегі ең қымбат нәрсе – отбасы, оның амандығы екендігін мен жас бала болсам да, жүрегім қатты сезетін. Колхоз тарапынан ешқандай көмек берілмеді. Сол ауыр жылдары әкемнің жақын туыстары - Жұматай, Күрішбай аштықтың салдарынан қайтыс болды. Бұл бір әулеттің ғана емес, бүкіл қазақ халқының басына шүйліккен ең ауыр қасірет болғанын кейін ғана түсіндік қой. Нәубет жылдары әр әулеттің басына қиыншылықтар туған екен.

1934-1935 жылдары елдің жағдайы біршама жақсара бастады. Жоғарғы биліктен келген нұсқау бойынша колхозшыларға мал үлестіріп, соның ішінде біздің үйге де 3-4 қой берді. Осы кезде әкем қырманда жұмыс істеп жүрген болатын. Ел-жұрт жер жыртып, егін салды. Колхозда тырма, соқа сияқты құрал-жабдықтар көбейді, - деді қария.

Сауытбек ақсақал 1941-1949 жылдары фашистік Германия мен милитаристік Жапониямен болған соғыстарға қатысып, содан соң Моңғолияда арнайы әскери қызметте болып, елге аман-есен оралады. Әскерден келе салысымен ішкі істер бөліміне қызметке орналасты. Жұмыстан қол үзбей жүріп кешкі мектептің 10-сыныбын бітіріп, екі жылдық КГБ мектебінде оқыды, одан әрі білімін жетілдіру үшін Қазақ мемлекеттік университетінің (КазГУ) заң факультетінде сырттай оқып, жоғары білім алады. Зейнетке шыққанға дейін Жамбыл облысындағы Жаңатас қаласында, Талас және Байзақ аудандарында милиция бастығы болып қызмет атқарды.

Бүгінде Сауытбек ақсақал Сарыкемер ауылында тұрады. Оның 4 қыз, 1 ұлынан 15 немересі және 5 шөбересі бар. Бала кезінде ашаршылықтың азабын тартып, ер жеткен соң екі бірдей соғысқа қатысқан қария қазіргі уақытта бала-шағасының ортасында қуанышқа бөленіп бақытты өмір сүруде.

### **Байзақ ауданының құрметті азаматы Рахметулла Шәметұлының әңгімелері Бізден де өткен қиыншылық**

- Біздің қазақ өмірінде қандай ауыр кезеңдерді басынан өткізсе де рухы төмендеп көрмеген халық екендігі анық. Сол ауыртпалықтардың біразын өз басымыздан өткіздік. Мен өз көзіммен көргендерімді және өзімнің жақын ағайын-туыстарымның басынан кешкен кейбір ұмытылмас оқиғаларды баяндап берейін, - деді Рахметулла қария.

- Біз Дулаттың төрт баласының бірі – Шымырдан тарайтын бестерек деген руға жатамыз. Ата-бабаларымыз ежелден Шу өзені мен Әулие-Ата (қазір Тараз) аралығын алып жатқан Мойынқұм өңірін жайлады. Негізгі қоныстарымыз: «Іргетөрлет», «Түлей», «Қоянды» аймақтары болса, ал «Көделіойма» жері - біздің елдің жазғы жайлауы болған екен. Бестерек руы Қазан төңкерісіне дейін Мойынқұмдағы «Ағашақ» және «Аққолтық» деген екі болыстық аймаққа қарады. Бұл рудың тағы бір бөлігі Жақып Көшеней болысының (қазіргі Байзақ ауданының «Ынтымақ» ауылының аймағында) құрамында болды.

Сонымен, жоғарыда аталған бестерек руының ата-қоныстарының көп бөлігі өткен ғасырдың 30-жылдарындағы колхоздастыру, аудандарды құру кезінде бұрынғы Свердлов (қазіргі Байзақ) ауданының қарамағына енгізілді.

Кешегі Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі және одан кейінгі біздің өңірде болған жағдайларды әкем Шәмет айтып отырушы еді. Ол жан-жақтан хабары бар, сауатты кісі болатын. Мен айтып отырған әңгімені тікелей әкемнен естідім және оның жазып кеткен қолжазбаларын оқып есіме түсіріп отырмын.

Тарихқа тереңірек үңілсек, қазақтарды ғасырлар бойына қоныстанған жерінен ығыстыру, отарлау мәселелері Ресейдің Мемлекеттік Думасында арнайы қаралған екен. 1906 жылғы қараша айында Столыпиннің үкіметі қабылдаған аграрлық саясат – бір жағынан, 1905-1907 жылдардағы революцияны тұншықтыруды көздесе, ал екінші жағынан, Қазақстандағы шұрайлы жерлерді талан-таражға салып, орыс шаруалары мен бай-мұжықтарға алып беру арқылы жер саясатын одан әрі тереңдету үшін кулак топтарына сүйеніп, оларды тірек етуді ойластырды. Қазақтарды ата-қоныстарынан қуып, шеткі аймақтарға ығыстыра бастады. Оның үстіне 1916 жылғы маусым айындағы Ақ патшаның жарлығы қосылды. Мал шаруашылығымен айналысқан жергілікті халық үшін жайылым мен шабындық жерді пайдаланудың орасан зор маңызы бар еді. Қазақтың ежелгі сақ-ғұн дәуірінен қалыптасқан жер байлығын Патша үкіметінің қазына иелігі деп есептеуі және осы бағыттан таймай оларды жерінен ығыстыру саясатының салдарынан Қазақстанның бүкіл аймақтарында халықтың жаппай көтерілуіне әкеп соқты. Осындай толқуларға бай немесе кедей болғанына қарамастан, еліміздегі барлық әлеуметтік топтардың қатынасқаны тарихтан белгілі ғой.

Мысалы, қазіргі «Ынтымақ» ауылының жанында «Жетібай» елді мекені болды. Сол кезде Көшеней болысын Мәдімар деген кісі басқарып тұрған еді. Міне, осы жерге орыстар келіп қоныстанып, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Ново-Ивановка» деп аталып келді. Бұл жерге өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасына қарай тарихи Жетібай атауы қайта берілді.

1906-1907 жылдары Әулие-Ата уезіне қарасты Көшеней. Ағашақ, Аққолтық болыстарындағы көптеген адамдар «Аманқұл» деген жерге жиналып, Дәуітбай бастаған көтеріліс болды. Ел-жұрттың Патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы наразылық толқулары болған осы жер халық арасында «Ел қаттаған» деп аталып кетті. Қарулы әскер көтерілісшілерді басып, олардың басшыларын жазалауды бастады. Аққолтық болысы Шыңғысбайды, Ағашақ болысы Қалдыбайды және Көшеней болысы Мәдімарды қыспаққа алып, 4-5 күн қамап тастады. Ақырында, Патшаның жергілікті өкілдері көтерілісті басуды Мәдімарға тапсырды. Өйткені, көтерілісшілердің көбі Көшеней болысынан шыққан болатын. Ол халықпен ақылдасып, амалсыздан сол кездегі қиын жағдайды елге түсіндіріп, өзінің беделін пайдалана отырып, іскерлігі мен тапқырлығы арқасында көп шығынсыз көтерілісті тоқтатты.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін де біздің елде дүрбелең тоқтаған жоқ. Елде болып жатқан өзгерістерді әркім әртүрлі бағытта түсінді. Мәселен, Ағашақ пен Аққолтық болыстарындағы ағайындар Шу бойына «Қоқый», «Сәти» атты қоныстарға көше бастады. Біраз ағайындар орталық болған



Көшеней болысына қарай ағылды. Осы болысты басқарып отырған Мәдімар халықтың отырықшылыққа көшуін қалады. Өзіне Ново-Ивановкадағы орыстардың көмегімен үй салдырды. Сол құрылыс нысаны Мәдімардың «ақ тамы» деген атаумен күні бүгінге дейін орнында тұр. Қай заманда болмасын әр өңірдің өзіндік тарихы болған ғой. «Ақ тамның» Жетібай елінің тарихи-әлеуметтік өмірін көрсететін ғимарат ретінде сақталуы – еліміздің өткен тарихын білуге өскелең ұрпақты алға жетелейтіні күмәнсіз. Қазіргі кездегі туган жерін, елін құрметтейтін азаматтардың мұндай тарихи ғимаратқа деген қамқорлығына халықтың шексіз риза болатыны анық. Бұл үй тәркіленіп Кеңес өкіметінің әртүрлі кезеңдерінде колхоз кеңсесі, астық қоймасы, балабақша, мектеп сияқты тағы басқа мақсаттарға пайдаланып келді. Еліміз тәуелсіздікке жеткеннен кейін, оның жанына мешіт салынды, қазіргі кезде «ақ там» жергілікті биліктің қорғауында тұр. Бұл қуанарлық жайт, қанша дегенмен жүз жылдай болған, XX ғасырдың басынан бері келе жатқан тарихи ескерткіш емес пе?

Кеңес өкіметі орнаған соң елді жаппай отырықшылыққа көшіру, бай-кулактармен күрес, діни қудалаушылық бірте-бірте күн тәртібіне қойыла бастады. Тарихтан белгілі, 1921 жылы партияның X съезінде жаңа экономикалық саясат (НЭП) қабылданды. Оның негізгі мақсаты «Соғыс коммунизм» тұсындағы азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстыру қажеттігінен туындады. Сол сияқты капиталистік қоғамнан социалистік қоғамға оту барысында жеке шаруашылықтардың орнына ұжымдық шаруашылықтарды ұйымдастыру жаңа өкіметтің алдына қойған басты міндеті болған еді. Сондықтан жеке шаруа қожалықтардың иелерін, яғни байлардың мал-мүлкін тәркілеуден бастады. Кеңестік билік ел-жұртын қамқорлығына алып отырған байлардың малын күштеп тартып алып, колхоздарға өткізіп жіберген соң, қазақтардың басына төнген алапат ашаршылық отызыншы жылдың басынан басталып 3-4 жылдарға созылды.

Бүгінгі күндері ел арасында айтылып жүрген мынадай әңгіме бар. Шамамен, 1920-1921 жылдары жаз айларының бірінде Мәдімар болыс пен Шыңғысбай болыс және атақты би Бошай үшеуі Әулие-Атадан қайтып келе жатқанда жол-жөнекей сөзден сөз туып, елдегі болып жатқан түсініксіз өзгерістер жайында көп әңгіме айтылады...

Сонда Бошай би:

- Осы үшеуіміздің қайсымыз бақыттымыз, қайсымыз сорлымыз? – деп болыстарға сұрақ қояды.

Екеуі де ә дегенде бәлендей жауап бере алмай, ойланып қалады. Сәл үнсіздіктен кейін сол кездегі заман ағымын іштей саралай келе, Мәдімар ат басын тежеп бидің назарын өзіне қаратып:

- Беке, бұл сұрақты қандай мақсатпен қойғаныңды озің білесің. Жауап берейін. Осы үшеуіміздің қайсымыз бұрын өлсек, сонымыз бақытты, кім соңында қалса сол сорлы, - деп кесіп айтыпты.

...38 жыл болыс болған Мәдімар 1923 жылы 54 жасында бұл дүниеден озады. Мәдімарға қабырғасы қайысқан Аққолтық болысы Шыңғысбай да 1925 жылы өмірден өтеді. Бүкіл ел-жұрттың екеуіне де ақ жауып, арулап қоюға мүмкіндігі болды. Артында қалған халқы болыстарды күңіреніп ақтық сапарға шығарып салды.

5-6 жылдан кейін, Мәдімардың айтқанындай, Әулие-Ата аймағындағы ел ішінде дүрбелең басталды. 1928-1930 жылдары байлар мен ауқатты шаруалардың бәрі малынан, дүние-мүлкінен айырылып, тәркіленіп, жазықсыз түрмеге жабылды, бала-шағасымен тұрақты қоныстарынан алыс жерлерге жер аударылды, Сібірге айдалды. Ешқандай кінәсі болмаса да, тек қана бай болғаны үшін жазаланды, жала жабылған ірі байлар «қылмыскерлер» ретінде атылып кетті, ал қалғандары 20 жылға дейін сотталды. Мұндай жазалау шаралары біздің өңірде ғана емес, Қазақстанның барлық аймақтарында болғаны тарихтан белгілі. Кеңестік биліктің елден малды зорлықпен тартып алып, бір ортаға жинап, шаруашылықты ұжымдастыру шаралары да халыққа оңайға соқпады. Бұл нәубеттің соңы малдан айырылған қазақтарды жаппай ашаршылыққа ұшыратты.

Бұрын-соңды болмаған, адам төзе алмайтын сол жылдардағы ауыртпалықтардың азабын Бошай би де тартты. Ол 1928 жылы ауылдағы шолақ белсенділердің көрсетуімен тәркіленіп, Ақтөбеге жер аударылды. Жалған белсенділер өздері ешнәрсеге түсінбесе де, өкіметтің алдауына сеніп, мансапқа қызығып «шаш ал десе, бас алуға» дайын тұрды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы елімізде орын алған зұлматқа осындай жандайшаптардың да себепкер болғандығын бір ғана Бошай бидің жазалануынан анық көреміз. Кейін сондай белсенділердің кейбіреулері жазықты болып сотталып кетті.

1933 жылы Бошай абақтыдан босатылады. Алайда елге жетуге қолында қаражаты болмай, қайыршы күйге түсіп базарда жүрген кезінде Ақтөбе облыстық комитеті хатшысының орынбасары болып қызмет атқарған жақын ағайыны Естай Жанболатовтың әйелі Зағипа көріп қалады да, келіп жұбайына туысқанының базарда қайыр тілеп жүргенін айтады. Естай әйелімен ақылдасып, түнделетіп жасырын үйіне әкеліп, жуындырып, үстіне басқа киім береді. Қаншалықты жақын туысы болса да, ол жаңа өкіметтің жауы болып түрмеден шыққан адамды үйінде ұстап тұруға қорқады. Ағайынды ағайынға, баланы әкеге, әкені балаға, көршіні көршіге қарсы қойған аласапыран заманда сотталған ағайынына көмектескені үшін, тіпті, кез келген адам ауыр жазаға тартылатын еді. Сондай заман болған! Тап күресі деген саясат ертеден ынтымағы жарасқан ел-жұрттың берекесін кетірді, адамдар бір-біріне үрке қарайтын болды.

Бошайға жасырын түрде пойызға билет алып беріп, Әулие-Атаға қайтарып жібереді. Пойыздан түсіп Көшенейдегі елге жете алмай, Көктал деген жердегі қызының үйіне келеді. Көп ұзамай абақтының азабынан ауруға шалдыққан Бошай бұл дүниеден өтті. Сөйтіп, талай-талай тағдырдың тәлкегіне түскен, ауыр күндерді басынан кешірген Бошай би Көкталда жерленеді.

Болыстарға «үшеуміздің қайсымыз бақыттымыз, қайсымыз сорлымыз?» деп сұрау берген біздің елдегі атақты Бошай бидің тағдыры осылай болған. Мәдімар болыстың Кеңес өкіметінің халыққа зардабын тигізетін саясатын алдын-ала болжап, көрегендікпен айтқан сөзі тура келді. Ал Бошайды құтқарған, қамқорлық жасаған Естай Жанболатов 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, атылып кетті.

Жоғарғы биліктен түскен нұсқау бойынша 1929-1930 жылдары жергілікті халықтан шыққан ірі байлардың жер меншігін тәркілеп, сондай-ақ олардың отбасыларын жер аударып, алыс аймақтарға айдап жібереді. Осы жылдары ел-жұртты колхозға біріктіру үлкен қарқынмен жүргізілді. «Бай-кулақтарды тап ретінде жою» шарықтау шегіне жетті. Жүздеген мың отбасылар жер аударылып, қаншама адам жазықсыз сотталып кетті. Халықтан күштеп тартып алған малды бір ортаға жинап, колхозға біріктіргенімен малдың жағдайын білмейтін биліктің өкілдері қырғынға ұшыратты. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, үш жылдың ішінде Қазақстандағы 45 миллион қойдан 4,5 миллион бас қой ғана қалған екен. Ақырында, мал-мүліктен айырылған қазақтар 1930-1933 жылдары орасан зор ашаршылыққа ұшырап, жаппай қырылғанын қазіргі және келешектегі ұрпақ білуі керек. Себебі, өскелең ұрпақтың өткен тарихтан сабақ алуы үшін өте қажет. Аштыққа ұрынған жандар тоз-тоз болып, бір үзім нанға зар болып, басы ауған жаққа босып кетті. Қаншама адам тарыдай шашылып, жол азабын тартып шетелдерге бет алды.

- 1928 жылдан кейінгі елде болып жатқан сергелдендерді біздің әулет те сезіп отырған. Ең алдымен, жаңа өкіметтің бірінші соққысы Мойынқұмдағы «Көделіойма» жайлауына келіп «бай-кулақтар, молдалар» деп, менің атам Оразды және оның бірқатар туыстарын Әулие-Ата қаласындағы «Балпық сарайы» деген үлкен сарайға әкеліп қамап тастайды. Әкем Шәмет сыртта жүріп, қамаудан аман қалады. Бұл сарайға Әулие-Ата аймағындағы ауылдардан әкелінген халық аузы-мұрнына сыймай қамалып жатады. Күн сайын бірнеше байлар мен молдаларды сарайдан басқа жаққа айдап әкетеді, оларды қайда жөнелтіп жатқанын ешкім білмейді. Қамалып жатқан халық аштыққа, сондай-ақ ауыр азапқа шыдай алмай шетінен өліп те жатқан екен. Алайда, өлген адамдардың мәйіттерін алып кетуге туысқандарының батылы жетпейді. Өйткені, түрме күзетшілері жоғарыдан түскен бұйрық бойынша іздеп келгендерді де тарпа бас салып қолдарына кісен сала берген. Оның үстіне өкімет адамдары өліктерді туысқандарының жерлеуіне рұқсат етпеген.

Көп ұзамай тас қапаста жатқан менің атам Ораз да бұл дүниеден өтеді. Сол кезде әкем биліктің озбырлығынан қашып жүреді, онысын былай қойғанда әкесін алып кетіп жерлеуге өкімет ешқандай мүмкіндік бермеген. Сөйтіп, атам көптеген өліктермен бірге қала орталығындағы Қарахан күмбезі жанына жерленеді. Ешқандай белгі жоқ, бәрін бір шұңқырға көме салған. Мен адамдардың жаппай көмілген жеріне бірнеше рет бардым, бірақ ешнәрсенің

ізі білінбейді. Бал аштырып та көрдім, тек қана «атаң осында жатыр», «көппен бірге» деген сөзден басқа ешқандай мәлімет ала алмадым.

Әкемнің айтуынша, Ораз атам бір рудың ғұлама молдасы болған екен. Ол түрмеде отырғанда «жер аударылмай, топырақ туған жерімнен бұйырса екен» деп Алла тағаладан тілеп жатыпты. Бүгінде атамның тілеуі орындалды ғой деп, шүкіршілік етіп отырамын. Сол тұста ол кісінің әкемнен басқа балалары, жақын туыстары молданың ұрпақтары ретінде жер аударыла бастайды. Мысалы, атамның Жапарқұл деген молда інісі алғашында Өзбекстанға, одан әрі Тәжікстандағы «Кітап» деген жерге айдалып, содан хабарсыз кетті...

«Таумен тау кездеспейді, адаммен адам кездеседі» демекші, кейін Жапарқұл атамыздың ұрпақтарын тауып алуға бір оқиға себеп болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 90-жылдардың басында шетелдермен қарым-қатынас жақсара түскені белгілі ғой. Ең алдымен, Түркия мемлекеті еліміздің егемендігін мойындады. Содан бастап 20-30 жылдары аштыққа, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар туралы баспасөз беттерінде деректер шыға бастады. Бір күні газет оқып отырсам Алматы қаласында кәсіпкерлікпен айналысып жүрген Мәмбетқұл деген азаматтың сұрау салған хабары басылған екен. Ол Түркиядағы Стамбул қаласында тұратынын, қазіргі кезде Алматыда саудамен айналысып жатқанын, негізінен, ата-бабаларының қонысы Әулие-Ата жақтан екенін айта келе, «қазақ еліндегі нәубет кезінде Стамбулға келген әкем өте молда кісі еді. Шешемнің аты – Кұлайша, төркінім Әулие-Ата маңында деп айтып отыратын. Әкем де, шешем де қайтыс болып кетті. Бірақ, біз балалары өсіп-өніп жатырмыз. Білетін кісілер табылса, менімен хабарласын» деп мекен-жайын көрсетіпті.

Мен әрі-бері ойланып, бұл кісі Жапарқұл молда атамның ұрпағы шығар, тез әрекет жасап, іздейік деп, менің немере ағам әрі Жапарқұлдың кенже інісі болып келетін Мырзақұлды Алматыға аттандырдық. Кешке қарай Алматыдағы сол үйден маған телефон соқты. Сұрастыра келгенде сол жігіт Жапарқұлдың баласы болып шығыпты. Оның тағы да бір інісі бала-шағасымен бірге Стамбулда тұрады екен.

Міне, осы кезден бастап олармен барыс-келіс басталды. Мәмбетқұлдың інісі Нұрмамбетқұлдан туған Арманбетқұл, Мұратқұл және олардан тарағандар да баршылық екен.

Әкеммен бірге туған екі інісі Пақырдын мен Әбжапар және әкемнің немере ағасы Есенгелдінің бәйбішесі, ұл-қыздары: Патшайым, Күнбатша, Күлпаш, Зәрубай т. б. ашаршылықтың аз-ақ алдында Өзбекстанға, одан әрі Тәжікстандағы «Кітап» деген жерге жетіп, біраз уақыт тұрақтап тұрған. Отыншы жылдардың аяғына қарай колхоздастыру бір қалыпқа түсіп, аштық зардаптары біршама жойылған соң, соғыс басталардан 2-3 жыл бұрын Әбжапар көкем бастаған туысқандар түгел елге оралады. Тек Күнбатша әкпем ғана соғыс басталған соң келді. Ал Пақырдын көкем әйелі және бір баласымен бірге сол жақта қайтыс болыпты.

Осының бәрі Сталин басқарған Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірінен болған біртұтас халыққа қолдан жасалған зұлымдық еді. Бұл бір ғана әулеттің басына түскен қиындықтар емес, Қазақстанның барлық аймақтарында Кеңес өкіметінің қолымен жасалған, ежелден қалыптасқан қазақ халқын қырып-жоюға бағытталған геноцид екендігі анық болатын.

## **Колхоздастыру және ашаршылық**

- Ораз атамның өзін және ағайын-туыстарын ешқандай тергеусіз, сотсыз қамап жатқан кезде елде колхоздастыру науқаны да басталып кеткен еді. Сол Мойынқұм өңіріндегі «Көделіойма» жерінен 1929 жылы біздің ағайындарды (бестеректерді) ежелгі қонысымыз Көшеней болысы жағына емес, қазіргі Талас ауданымен шекаралас орналасқан Жиёмбет тоғаны бағытына еріксіз көшірді. Бұл кезде тоғанның бойында Жиёмбет руының (ел аузында боққайнат деп айтылады) 40 шақты түтіні бұрыннан қоныстанып отырған екен. Олардың Барбол деген болысы Талас өзенін байлап, тоспа арқылы тоғанға су шығару жұмыстарын ұйымдастырады. Сол жерде жергілікті байтана руы да болған, кейінірек ошақты, ойық рулары да келе бастады.

Жиёмбет тоғанынан 10-15 шақырым жазық жерге Кеңес өкіметінің күшімен үш көшенің бойына шикі кірпіштен үйлер тұрғызылады. Бір қалыппен салынған 3 бөлмелік «Осыдаин» деп аталған осы үйлерге Мойынқұмнан көшіп келген біздің бестерек руын, сол сияқты басқа жақтан да келген әр отбасына бір үйден беріп қоныстандырды. Сөйтсе, Кеңестік биліктің мақсаты - ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі қазақ халқын бір жерге топтастырып, отырықшылыққа айналдыру екен. Әулие-Ата аймағында үйлері шикі кірпіштен салынған бір-екі ғана ауыл болды, себебі, басқа ауылдарға үлгі ретінде тұрғызған көрінеді. Әке-шешем біз тұрған жерді 500 түтіні бар ауыл деп айтып отыратын.

Әр отбасында баспана болғанымен, қолдарында мал жоқ, тоған суы әлі келіп үлгермеген. Елдің барар жері, басар тауы жоқ. Не істеу керек? Қарап отырса аштан өледі. Жаңадан құрылған колхоздың беретін түгі жоқ. Ел-жұрт тоз-тоз болып, басы ауған жаққа кете бастады. Қоян, саршұнақ, торғай сияқты аң-құстарды аулау басталды, нағыз ашаршылық келді. Аштықтан ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдар көп болды.

Аштықтың болатынын алдын-ала болжап, әкемнің інілері Пақырдын мен Әбжапар, немере ағасы Есенгелді бала-шағаларын алып Өзбекстанға, одан әрі Тәжікстанға кеткен болатын. Ол жайында жоғарыда айттым ғой. Енді осы жерде әке-шешем, мен және әкпем төртеуіміз гана аштықты бастан кешіруге тура келді.

Ауылға тоғанмен су келе бастаған соң тірі қалған пенделер тіршілік жасауға ұмтылды. Жергілікті билік өкілдері судың келуіне байланысты жаппай мақта өсіруді ұйымдастырды. Таң қылаң атқаннан кешкі қараңғы түскенге

дейін адамдар тынымсыз еңбек етті, соның өзінде ақысы үшін уыстап берген астық халыққа жұғым болмады. Ашаршылық созыла берді. Көптеген ағайындар тамағынан өтетін ешнәрсе таба алмай, бұралып аштан өлді. Олардың аттарын атап, санын айтуға мүмкіндігім келмей қалды. Дәл осындай жағдай іргемізде тұрған Свердлов ауданының орталығында (қазір Байзақ ауданы) өлместің күнін көріп жатқан ағайындардың басынан да өтіп жатты. Бірақ, олардың бір-бірімен қатынас жасауға немесе көмектесуге ешқандай мүмкіндігі болған жоқ.

1932 жылдың күзіне қарай елдің жағдайы сәл түзелгендей болды. Оның басты себебі, Жиёмбет тоғанынан келген мол судың арқасында егінді және мақтаны көбірек егуге мүмкіндік бола бастады. Алайда, жұмыстың барлық түрі тек қол күшімен ғана істелетін. Егіннен алынатын өнімнің аздығына қарамастан, енді аздап болса да, халыққа көмек берілетін болды. Мемлекет тарапынан әр отбасына 2-3 қой-ешкі немесе бір сиырдан бөліп берді. Алайда, елге үлестірілген малды союға, сатуға, сондай-ақ басқа біреулерге беруге өкімет қатаң тыйым салды. Кейін заман түзеле бастаған кезде, әкпем екеуміз екі ешкінің лағын бағып, сонымен бірге сүтін сауып ішіп, аман қалғанымызды еске түсіріп отырушы едік.

Қазір ойласам, Талас өзені мен одан тартылған тоғанда толған балық. Аштықтан өзектері талып жатса да, сол балықты тамақ ретінде пайдалануды қазақ білген, бірақ балық аулауды әдетке айналдырмаған халықпыз ғой.

Дегенмен, 1933 жылдың аяғына қарай ашаршылықтың зардаптары бәсеңдей бастағаны байқалды. Колхозға бір-екі трактор келді. Тракторға соқаны тіркеп жер жыртып, піскен астықты жинау барысында еңбек өнімділігі арта түсті. Әлі де болса техника жеткіліксіз еді, сонымен қатар екі тісті соқаны атқа жегіп жерді жырту жұмыстары қоса жүргізілді. Осындай еңбектің арқасында елдің тұрмыс-тіршілігі оңала бастады. Алғашқы Жиёмбет МТС-ы (Машина-трактор стансасы) құрылды, ауылда дүкен және мақта дайындау пункті ашылды. Кеңестік билік ел арасында әртүрлі саяси науқандарды қарқынды жүргізді. Әсіресе, өкіметтің дінге жол бермеу, оны қудалау саясаты халыққа қиынға соқты. Адамдардың арасында сенімсіздік пайда болып, бір-біріне күдіктене қарады. Әлі есімде, осындай жағдайлар болып жатқан ауылға жоғарғы биліктен Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов келген екен. Ол әртүрлі тақырыпта жиналыс өткізіп, халықтың мұң-мұқтажы туралы әңгіме жүргізеді. Әкем ауыл басшыларының бірі ретінде сол жиынға қатысып, одан алған әсері жайында бізге айтып беретін. Соның артынша Құлымбетовпен бірге болған, онымен пікірлескен адамдарды қудалау басталды. Солардың ішінде менің әкем де болды, оны тергеуге алып көп әуреге салғаны есімде. Әйтеуір, аман қалды. Ал сол кездесуден кейін біздің ауылдың көптеген кісілері сотталып кетті. Ұ. Құлымбетов қандай себептерге байланысты «халық жауы» атанды, ешқандай кінәсі жоқ ауыл басшылары неге абақтыға жабылды? Бұл күні бүгінге дейін жұмбақ күйінде

қалып отыр. Биліктің жөн-жосықсыз озбырлығынан үрейі ұшқан халық сол кездің өзінде-ақ олардың «қылмыскер» болғанына сенген жоқ.

### Ликбез (сауат ашу) оқуы кезінде бір есте қалған оқиға

- Шона Смаханұлы деген сатирик ақын әрі менің досым өмірден өтіп кетті. Соның туған нағашысы Нұрхановтар бар еді. Колхоздың жаңа құрылған кезі. Колхозшылар күн ұзаққа жұмыс істейді. Кешке қарай үлкен-кіші жиналып сауат ашу (ликбез) оқуына жиналады. Ликбез – қысқартылып алынған сөз, орыстың «ликвидация безграмотности» деген сөзінің қысқаша атауы.

Сабаққа келгендер түгел жиналып, мұғалімді күтіп отырады. Жастар қанша еңбек етіп қиналса да, шаршауды білдірмей ойын-күлкімен көңілденіп отырған екен. Шәумел деген жігіт Шона нағашысының киіз үйіндегі (класс қой) керегеде ілулі тұрған Сталиннің портретін көрсетіп «ой, мына кісінің көзінің өткірін-ай» деп қолын нұсқайды. Отырғандар ду күледі. Сол сәтте мұғалім кіріп келеді де, сабақты бастамай тұрып, күлкінің мәнісін сұрайды. Оған ешкім жауап бере қоймайды. Сонда мұғалім:

- Неге күлгендеріңді айтпасаңдар, сабақ басталмайды, - дейді.

Оқуға келгендердің көбі бала-шағалы әйелдер, үйлеріне кетуге асығып отыр. Солардың ортасында отырған бір ересектеу әйел:

- Шырағым, ештеңе болған жоқ. Мына Шәумел қайным суретке қарап Сталиннің көзі өткір екен деді, - дейді.

Болғаны сол ғана еді, мұғалім сабақты тоқтатып акт жасайды да, бәріне қол қойдырады. Бұл істің Шәумелге сондай қауіпті болатынын аңқау халық қайдан білсін, барлығы оның айтқан сөзін растап ешнәрсені ойламай қол қойып бере салады.

Ертеңінде Шәумел көрінбеді, бір түнде қолына кісен салып алып кетіпті. Содан ешқандай жамандық ойламай, бір ауыз сөз айтқаны үшін 10 жылға сотталып, Магадан жақтан бір-ақ шығады. Оның «қылмыстық ісінің» әділдігін НКВД қызметкерлері тексеріп, елге қайтару мәселесі шешіліп қалғанда соғыс басталып кетеді. Сонымен ол елге 1948 жылы ғана оралды. Түрменің небір азабын тартып туған жеріне тірі жеткен Шәумелмен Шонаның үйінде кездесіп, менің әңгімелесуіме мүмкіндік болды. Оның басынан өткен осы оқиғаны өз аузынан естідім. Міне, осындай заман болған!

Кеңес өкіметі әу бастан дінге қарсы болып, молдаларды қудалауды бір сәт тоқтатқан жоқ. Олардың өкіметке ешқандай зияны болмаса да, жаңа қоғамға кедергі жасайды деген сылтаумен абақтыға жапты, істемегеннің бәрін істеді. Менің Ораз атам өз балаларын және жақын ағайын-туыстарын да тікелей өзі тәрбиеледі. Сондықтан біздің әулеттегі кісілердің бәрінің діннен хабары болды. Әкем Шәмет білімі терең, сауатты молда болатын. Бірақ, нәубет жылдарында өте сақтықпен жүруіне тура келді. Көп кітаптарын ешкімге көрсетпей көміп, тығып тастады. Сонда да дұшпансыз адам бола ма, «ол молданың

тұқымы, өзі де молда» деп кейбір жергілікті «сыбырлауықтар» өкімет органдарына жасырын хабарлап та отырған. Содан әр кезде НКВД өкілдері әкемді әурелеп, тергеуге алатын.

Дінді пайдаланып біреуді теріс бағытта көрсету Кеңес өкіметі кезінде күшеймесе, төмендегенін көргенім жоқ. Мысалы, Байзақ ауданы халықтық бақылау комитетінің бастығы болып жүргенімде бір-екі рет үстімнен арыз түскен еді. Арыздың негізгі мазмұны «әкесі молда, ел ішінде молдалық жасайды» деген бағытта жазылатын. Ал мен тексерушілерге былай деп жауап беремін: «Әкем ескіше оқыған сауатты, бірақ мешіт ұстамайды. Молдалық дәстүрдің ешқандай түрімен айналыспайды. Ешкімге діни тұрғыдан зиян келтірмейді, тек бес уақыт намазын үзбейді. Осы үшін айыпты болсам, қандай шара болса да көруге ризамын». Тексеріп, талқылап маған ескерту берумен ғана тынатын. Мұндай жөнсіз тағылатын айыптан еліміз егемендік алғаннан кейін ғана құтылдық қой.

Сөйтіп, өткен ғасырдың 30-жылдары құрылған «Оседаин» жерінде кейінірек жеке-жеке бірнеше колхоздар пайда болды. Қиын кезеңде Талас өзеніндегі Жиембет бөгетінен және одан тартылған каналдан 15 ұсақ колхоздар суды пайдаланды. Сол тоғанды қаздырған жиембет руынан шыққан Барбол деген кісі екен. Ол бұрын болыс болған. Елдің қамын ойлап, нәубет жылдарында халықтың егіншілікпен айналысуына жағдай жасағаны үшін кейінірек Кеңес өкіметі оның еңбегін бағалап, өзі жасатқан бөгеттің жанына ескерткішін тұрғызды.

Ел-жұрттың тұрмысы түзеліп, есін жия бастаған кезде жойқын соғыс басталды. Тағы бір қиыншылықты бастан кешіруге тура келді. Кеңес өкіметі соғыс басталған соң кейбір ұлттарға сенімсіздік білдіріп, оларды майдан даласынан алыс жатқан Қазақстанға әкелгеніне куә болғанымды әңгіменің соңында айта кетейін.

Біздің ауылға алғаш немістерді әкелді. Олар пысықтау халық екен, солай бола тұрса да қазақтардың қамқорлығына мұқтаж болды. Колхозға егін науқаны басталған кезде бір-екі тракторды МТС-тан бөледі. Ол техниканы алғашқы меңгерген ағаларымыздың бәрі соғысқа аттанып кеткен еді. Енді техниканы немістер қолға ала бастады. Мен мектепте оқимын, бірақ көп уақыт колхоз жұмысында боламын. Бір жылы біздің колхозға бір трактор бекітілді, оның айдаушысы Саша деген неміс еді. Біздің үйде тұрып жұмыс істеді. Ол бала-шағалы болып, кейін аудандық сельхозтехниканың бастығы дәрежесіне дейін көтерілді. Қазір ол Германияда тұрады.

1943 жылы ауылға шешендер, қарашай-балкарлар келе бастады. Біздің 40 түтіннен тұратын шағын «Көмекші» колхозымызға 20-дан астам шешендерді алып келіп, әр үйге бөліп берді. Біздің үйге 8 баласы бар бір отбасы бөлінді. Бұл кезде әкем ауылдан 200 шақырымдай қашықтықта жатқан Шолақтаудағы

жаңадан ашылған өндірістің құрылысында еңбек армиясында жұмыс істеп жүрген. Мен, шешем және әкем үшеуіміз екі бөлмелі үйде тұрдық, енді үстімізге бала-шағасымен шешеннің отбасы келіп қосылды. Есіктің алдындағы 5-6 қой-ешкіден басқа мал жоқ, азық-түлік те жетіспейді. Соған қарамастан, қолымыздағы бар бірдемелерді ортаға қойып, ішіп-жейміз. Көршілер де шешендерден ешнәрсені жасырмайды, олар да барынша көмектесуге тырысады. Сөйтіп, екі жылдай аштықты бірге көрдік. Шешен ағайындар да шығынға ұшырады. Тірі қалғандары жақын туыстарын іздеп Қырғызстанға дейін бірте-бірте тарап жатты. Біз де өз меншігіміздегі шешен отбасымен ренжіспей аман-есен қоштастық.

- XX ғасырдың 30-жылдарындағы елімізде болған алапат аштық туралы көп әңгіме қозғауға болар еді, бірақ көп оқиғалар уақыт өткен сайын ұмытыла береді екен, - деп Рахметулла қария әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Бізде бақытты балалық шақ болған жоқ. 1927 жылы туғандар соғыс басталғанда 13-14 жастағы балалар болатын. Олар 1932-1933 жылдардағы аштық қырғынын бастарынан кешірген, сол зұлматтан әзер аман қалған азаматтардың бірі - мен едім. Тойып тамақ ішпей, бүтін киім кимей өстік, ашаршылықтың азабын тартудай-ақ тарттық. Әкем - Шәмет, шешем - Ақжан қарапайым шаруа адамдары болатын. Ораз атам жазықсыз ұсталып кеткен соң бізді жаңадан құрылған колхозға кіргізді. Содан әке-шешем үшеуіміз аштықтан әуірімдеп аман қалдық, азды-көпті жан сақтау мүмкіншілігіміз болды.

1934 жылы мектепке бардым. Бұл кезде елдің жағдайы түзеле бастап еді. Сонымен колхозда тіршілік ете бердік. Енді есейіп келе жатқан кезімде соғыс басталып кетті. Әкемді еңбек армиясына жіберді. Шешеміз таң қылаң бере колхоздың жұмысына кетеді де, ел жата оралады. Үйдегі қалған бір-екі жас іні-қарындасыма мен қараймын. Өз күнімізді өзіміз көріп жүрдік. Кешке дейін жұмыс істеп түн ортасына таман бір бума отынын арқалап, шаршап-шалдығып анам жетеді. Үнемі жарты құрсақ жүреміз, ұйқымыз қанбайды. Соған қарамастан, бала болсақ та, тапсырған жұмыстың бәрін жүгіріп жүріп істейміз. Өгіз арба айдап, ауылдан қалаға астық тасыдық, бір ауыз сөзбен айтқанда, істемеген жұмысымыз қалмады...

Біздің балалық шағымыз осылай өтті. Бірақ мен еш өкінбеймін. Аллаға шүкіршілік етемін. Себебі, мен қатарлылар өмірдің қатал мектебін басынан кешірді. Отызыншы жылдардағы ашаршылық пен соғыс жүріп жатқан кездегі қиын күндерде жүріп шынықтық, шындалдық. Соның арқасында қалған ғұмырымызды Қазақстанды гүлдендіру жолындағы қажырлы еңбекке арнадық, талай нәрсеге қол жеткіздік.

Енді бір Алладан тілейтінім, елімізде мұндай ауыртпалықтар қайталанбасын, ләйім ел іргесі тыныш болсын! Бейбітшілігіміз баянды болғай деймін.

**Жүнісбек Сағындықұлының әкесі туралы естелігі**  
**Көз алдымнан кетпейді...**

1928 жылдың топалаңы келгенге дейін біздің аймақ тұрғындары өзімен өзі ағайын-туыс болып, араласып бейбіт өмір кешіп жатқан болатын... Дәл сол жыл біздің тұрмысымызды тұралатып, ағайынды араздастырып, бір-біріне деген теріс көзқарас қалыптастырып кетті. Бауырларды бір-бірінен алыстатты, бейбіт еңбектен береке кетті.

Көктем мен жаз айларында Аймантөбе мен Елшітөбе (қазіргі Байзақ ауданы) маңы ерекше құлпырып кететін. Мамыр айында көгі белуардан келіп, орып алуға үлгертпейтін. Осы бір шөбі шүйгін, жері от аумақтың бір қыдырау жерін менің ата-бабаларым иеленген екен. Соңғы мұрагері менің әкем Сағындық болды. Ол шоқша сақалы бар, орта бойлы, қағылез сары кісі болатын. Өз ісіне өте ұқыпты, шаруасына мығым, ешкіммен алыс-берісі де көп емес, ортадан жоғары дәулеті бар, момындау жан еді. Өз еркімен келіп еңбек етпесе, ат сабылтып жалшы да іздемейді екен. Ол кезде істің көзін тапқан адамға жұмыс табылатын. Тек кері жалқау, ынжықтар ғана жұмысқа мойын ұсынбай, өз алдына дербестік іздеп, түпкі нәтижеде кедейленіп, жұтап жүруші еді. Мал бағуға, науқанды істерге обалсынып жалдасаң, бар дүниенді ұры-қарыға жем қылып, мал иесіне де, өзіне де орын толмас шығын әкеп жататын. Сондықтан да болар менің әкем осы қателіктерден қорытынды шығару мақсатында меншігіндегі малы мен бау-бақшалық жерін көбінесе өз күшімен күтіп, бағып, өз күшімен өңдейтін, салығын өз уақытында төлейтіндіктен болар әкім-қарар жиі келіп мазаламаушы да еді. Үйдегі ғана емес, кейбір түздегі шаруашылығын бойжеткен қыздары атқара салатын. Қыздарының алды тұрмыс құра бастаған...

Алыс-жақын ағайындармен анда-санда бір араласамыз. Шаруадан қол тимейді. Алайда, сайтан азғырамын десе бір пәсте. Бейбіт шаруа бірақ күнде шайқалды...

Қызылдардың ниетіне көрінді ме білмеймін, бір жылдан соң нағыз ашаршылық басталды. Артель мүшелерінің өздері жарымайтын. Күнделікті берген үлесі бір отбасын ғана емес, бір адамды тойындыруға жетпей жататын. Бала болсам да әлі есімде. Ауылдағы ағайындар: «Сағындық-ау, бұл не болды, қандай заман болды? Бұрынғы күнге жете алмадық қой» деп келгенін көзіммен көрдім. Әкем қолы ашық кісі еді. «Береген қол алаған» деген мақалын талай естідім. Азықтай берді, түзу ниеттерін алды. Алғашында көп көмектесті. Кез-келген жарлы-жақыбайға қол ұшын берді. Бірақ бірте-бірте елдің берекесі кете бастады. Қолдағы барды тартып алған қызыл жағалы милицияларға қарсы тұруға қауқары жоқ елден ынсап та кетті. Адамдарда «тек байлардың үйінен алу керек» деген ниет басым болды. Тегі сол кездегі ауылнайлар оларды осы бағытта қайрайтын болуы керек. Бұл ниеттің арты нашар пиғылды

адамдардың тобын шоғырландырды. Тіпті, тапа-тал түсте қарақшылық шабуылға ұшырай бастадық. Сақтануға тура келді. Аш көзденген тобырдың алдын алып, бетін қайтаруға үлкен күш керек еді. Ондай күш бізде болған жоқ. Ондай міндетті біз емес «ашаршылық» орындады. Бірте-бірте адамдар жүруден қалды. Көздері жәудіреп көздеген жерлеріне жете алмай, жарты жолда үзіліп жатты. Тіпті қарулы деген азаматтардың қол көтеруге шамасы келмей қалжыраған күйі, отырған орнынан тұра алмай қылжиып қалды. Алғаш өзімізге тиесілі тамағымызды жасырып жеуші едік, кейін тамақ сұрайтын адамдар біздің үйге жете алмай, орта жолда жантәсілім етіп жатты.

Ашаршылық жылдарындағы мынадай бір сұрқия оқиға өмір бойы ойымнан кетпейтін шығар. Аты Айғаным ба, Әйгерім бе есімде толық сақтаған жоқпын. Кезінде ақындық өнерімен ел-жұртты аузына қаратқан сұлу келіншек болған дегенді естігенмін. Бірақ, Аллама маған ажары тайып, денедегі еті арыған, қаңқасы ғана қалған «әруақты» көруге жазыпты. Сүлдесін ғана сүйреткен қолымен кісі әлсіз қолымен жер тіреп, құйрығымен жылжыған күйі үй табалдырығына жақындай түсті. Сол кезде мандайшадағы қарлығаш ұясынан шақалақ балапан құлап, әлгі кісінің дәл алдына топ ете түспесі бар емес пе? Әп-сәтте солғын көзге қалай жан біткенін білсеңіз. Әлжуаз бойға біткен қайрат ерекше өжеттендіріп жіберді әлгі кісіні. Жан-жағына алақтай түсіп, шапшаң қимылмен әлгі балапанды салалы, «темір» сүйек саусақтарымен қақшып алып, әп-сәтте жұтқыншақтан өткізіп жіберді. Көзді ашып-жұмғанша әлгі көріністен жұрнақ қалған жоқ. Енді бір сәтте көз жанары бірте-бірте сөніп, есеңгіреп басы бір жаққа ауытқып, қылжия құлады. Сөйтсем сол мезетте жан тапсырған екен ғой ол кісі.

Әкеміз Сағындық та артельге мүше еді. Алайда сол жердегі күнделікті табысын ағайынға тапсырып, үйге құр алақан келетін. Өйткені, өзгелердей емес біздің үйде сәл де болса аш құрсақты тойындыратын азығымыз бар еді. Мал таусылуға айналған шақта әкем үш түйені сойып, етін қақтап, ұраға тығып алған. Одан бөлек ұрада бұрыннан қалған, біршама астық болатын. Біз азықты үнемдеп талғажу еттік. Ол кездері ешкім үйде от тұтатпайтын. Түтін исі шықса аш халық пен ұры-қарылар бір мезетте сол жерден табылып, үй иелерін өлтіріп, тонап, барын сыпырып-сыйырып кететін. Ашаршылықта біз қиналып өлген халықты көрдік. Тері тонды қайнатып, суын ішкенді көрдік. Теруге, ұстауға дән де, жәндік те қалмағанын көрдік. Өлген адамдарды ұрлағанды көрдік. Үйіне жеткізе алмай сол жерде шикідей етін жегенін көрдік. Бала-шағаларын тастап кеткенді көрдік. Әкеміз ауқатты болғанын білетін кейбір жұрт Сағындық иеленген жерді жағалады. Олардың көпшілігі қалаға жұмыс, тамақ іздеп қоныс аударып бара жатқан Талас, Сарысу аудандарының аумағынан ағылған халық еді. Қайыр тілегендер ауылға жетпей өліп жатты. Өлік тау боп үйілген кезде Есқара деген ағамыз өлі денелерді сатылы өгіз арбаға салып, Елшітөбеге тасушы еді. Күніне екі-үш рет қатынағанын да көрдік.



Өкіметтен жәрдем 33-жылдың басында ғана келді. Артельдің әр мүшесіне күнделікті 1 кг бидай немесе тары үлестірілді. Жарты литр сүт беретін болды. 34-жылдары халық тойына бастады. Алайда, ұры-қарының қатары азайған жоқ. Ол, ол ма ағайындылар арасында теріс пиғылды көзқарас күшейді. Арандатушылар молайды. Дәл осы кезеңде әкем көз жұмды. Артельдің жұмысында жүріп, қора соғып жатқанда бел ағашын қоямын деп жоғарыдан құлап, белден майырылыпты. Үйде қиналып жатып, қайтыс болды. Мен ол кезде небәрі 7-8 дер шамасындамын. Әкемнің әсіресе қауын піскен кездегі таңертең жинап әкеліп ұйықтап жатқан мені басымнан сипап «тұра ғой балам, мен саған өзің секілді сап-сары әңгелек әкелдім, иісін қарашы бұрқырап тұр, қандай тәтті» деген мейірімді үні ғана құлағымда қалды. Өзі ғайып болды. Біз кәметке жеткеніміз бар, жетпегеніміз бар 7 бала шешеміз Сейдананың қолына қарап қалдық. Шешем бұрынғы Батырақ, кейінгі Фрунзе, қазіргі Суханбаев атындағы колхоздың сәмбеті еді. Ол кісі де өз ісіне ұқыпты, шаруасына мығым болатын. Басынан сөз асырмайтын, шешен еді. Біздің көрер қызығымыз әлі жоқ екен. Алдымызда әлі де қиын кезең күтіп тұрғанын ол кезде білген жоқпыз.

Ашаршылық өтіп, әкемізді жерлеген соң біздің отбасымызды қуғындау одан әрі жалғасты. Және де ол ауыл болыстары ретінде ауысып, сайланып отырған жақын ағайындарымыз арқылы жүзеге асты. Өкімет оларды бізге қарсы қойды. Аталас келетін Ырзық пен Байбосын деген кісілер қайта кәмпеске жүргізді. «Ұрасы бар, астығы бар, халықтан жасырып қойған дүние-мүлкі бар» деп тінтуін қоймады. Сегіз қанат ақ үйлерді тартып алды, оның орнына төрт қанат құрым киізімен кішкене үй берді. Күндегі қысымға шыдай алмадық. Інім Жүніскүл мен қарындасым Сарқыт ауыртпалыққа шыдамай қайтыс болып кетті. Қорлықты шешем Сейдана да көтере алмады. Психологиялық дағдарысқа ұшырап, жеке басының хал-ахуалы тіпті төмендеді. Жан жүйесіне әсер еткен болу керек бір-ақ күнде бақсы атанды. Әр сәрсенбі сайын қолына қамшысын алып, ел аралап кететінді шығарды, болмаса сол күні біздің шағын төрт қанатты киіз үй адамдарға толатын. Зікір салып жүріп, сәл қозғалып кетсек, дойыр қамшымен бізді де салып жіберетін. Балам екен деп аямады.

Ауыл әкімдері соңымыздан одан әрі түсті. Лаж жоқ қоныс аударуға тура келді. Бір күні шешем арба әкеліп, бар дүниемізді буып түйді де Сәмбет ауылына жол тартып жүріп кетті. Суханбай ауылындағы нағашыларымыз да ашаршылықтан өлгені өліп, қалғаны бірен-саран екен. Әкпеміз Адам осында Сыдық деген жаңабайға күйеуге шықты. Біз ағамыз Сүлеймен екеуміз мектепке бардық...

... Сонымен ол жылдар кедей-кепшік қана емес шаруасы мығым, бақуатты адам үшін де оңай болған жоқ. Ауыл-аймақ тұрғындары өсіп-өркендеген ортасынан аластатылды. Отанға деген патриоттық рух жойылды. Салт-дәстүр құрдымға кетті. Ағайын-туысты бір-біріне қарсы қойды. Ебін тапқандар

мал-жанымен Ташкент асты. Ауылдың бір азаматын Қытай асқалы тұрған жерден, Алматы облысының маңынан ұстап әкеліпті деп естіп жүрдік. Ал, біз жылы орыннан қозғалған жоқпыз. Бірақ түтініміз тұзу шықпады. Менен басқа Сағындықтың 11 ұл-қызының ешқайсысының соңынан ұрпақ ілеспеді. Рухани және өмірдегі тұрмыс ауыртпалығына шыдай алмаған әкпем Адам 1950 жылы қайтыс болды. Ағам Сүлейменкүлдың ауруы мендегеннен болар, үйленгенімен ұл-қыз көре алмады. Ал менен тараған ұрпақ араласатын ағайын-туыс қалған жоқ. Бірақ «орнында бар оңалар» деген ғой қазақ. Қазір бала-шағамның арасында отырып, ондай сұрқия жылдардың қайталанбауын Алладан тілеп отырамын.

## БАЙЗАҚ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӘБДІБАЙ АҚСАҚАЛДЫҢ ЕСТЕЛІГІ

### Өткен өмір белестері

Қазір жасым тоқсанға жақындап қалды. Балаларым өсті, немерелерім жетіліп келеді. Өткен ғасырдың отызыншы жылдары 7-8 жасар бала едім. Бүгінде өткен өмірімді жиі еске түсіремін, бәрі ойға оралады, қызығы да, қиындығы да көп болды. Ал шындығын айтсам, біздің балалық шағымыз үнемі үрей үстінде өтті. Анда-санда әке-шешем айтып қалатын ашаршылық жайлы әңгімені естігенде жаным түршігетін. Орыстардың «Беда не одна приходит» дегені сияқты сол жылдары елде қуаңшылық болып, егін шықпай қалыпты.

Әулие-Ата жақтан Кеңес өкіметінің өкілдері көріне қалса, ауыл адамдары жанұшыра азын-аулық бидайын, ұнын, тағы басқа да азық-түлігін жасыруға жанталасады екен. Өйткені, көршілес ауылдарда өкімет уәкілдері қолдағы бар азық-түлікті тартып алып жатқанын естіген ғой.

Ес біле бастаған шағымда әкемнің айтқан әңгімесінің шет жағасын естігеннің өзінде зәрем ұшатын. Ауыл айналасындағы төмпешіктерді басып өтпеуімді ескертіп қояды. Бұл аштықтан өлгендерді жинап алып, көмген жерлер екен. Әбден әлсіреген елдің ашаршылықтың құрбаны болған жандарды ауылдың сыртындағы зиратқа апарып көмуге де шамасы келмеген. Бір жылдың ішінде аштықтың азабынан 90-нан аса жанның 20 шақтысы ғана аман қалыпты. Қолында аз ғана мүмкіншілігі бар адамгершілігі мол, иманды жандар өкіметтің шалақ белсенділерінен жасырып, ашығып жатқан жұртқа көмек беруге әрекет жасаған екен. Мысалы, колхоздың бидай жинайтын қойма күзетшісі Секер деген кісі саптама етігінің қонышына бидайды сиғанынша тығып алып, ауылдастарына таратып отырған. Егер мұны біліп қойса, сол кездегі қатал заң бойынша Секерді халыққа көмектескені үшін «халық жауы» деп, өлім жазасына кесер еді. Кеңестік жүйенің осындай сұрқия саясаты болған! Өміріне қауіп төнетінін білсе де, қарапайым адамның елге жаны ашып жасаған ерлігі емес пе? Секердің жанашырлығы болмағанда, бүкіл ауыл қырылып қалатындай жағдайда болып-

ты. Қандай зұлымдық болған десеңші, қоймада астық бола тұра аштықтан өлейін деп жатқан адамдарға бір түйір дән де берілмеді. Соның өзінде шолақ белсенділер қора-қораны тінтіп, елдің қолда ұстап отырған бір-екі ешкісін, тіпті тауықтарына дейін тартып алып отырған.

Біздің ауыл Әулие-Ата теміржол стансасына жақын орналасқан. Ауылдың кейбір адамдары жан сауғалап теміржол бойын жағалаған. Бойларында күш-қуаты барлар сол жерден жұмыс тауып, өлместің күнін көрген. Ауыр еңбекке шыдай алмай жан тәсілімін бергендер де көп болыпты. Теміржол бойында өліп қалған жандарды өкіметтің арнаулы жасағы күнде жинап, қаланың сыртына апарып бір шұңқырға көміп тастайды екен.

### Дерек көздері

Кеңес өкіметінің әкімшіл жүйесі ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды күшпен жүргізді. Елді бір орталыққа колхозға біріктіру кезінде өз еркімен кіру принципі сақталмады, өрескел қателіктерге жол берілді, Қазақстанның барлық өңірлерінде заңдылықтың бұзылуы жаппай сипат алды. Жергілікті жерлердегі билік өкілдері шаруаларды колхозға бірігуге зорлықпен мәжбүрлеп, егер ерікті түрде колхозға мүше болуға ниет білдірмеген жағдайда, олардың малын, дүние-мүлкін тартып алып, өздерін «итжеккенге» айдаып жіберген. Байлармен бірге орташа шаруаларды да тәркіледі. Кеңестік биліктің осындай шектен шыққан әрекеттері елдің наразылығын туғызды. Ел-жұрт қараптан қарап тұрып қырылып қалмаудың әртүрлі айла-тәсілдерін ойластырып, арықтардың бойында, астықты орман алқаптарында билік өкілдеріне білдірмеуге тырысып масақтар қалдырып отырған. Егер ауылдағы өкіметтің шолақ белсенділері шаруалардың жасырған астық қалдықтарын біліп қойса, оларды қатаң жазаға тартқан. БКП(б) өлкелік комитеті астық өткізудің жоспарын орындамаса колхозшылармен бірге колхоз бастықтарын да жазалады.

Мұрағатшы әрі журналист Еділ Әлиевтің 1931-1933 жылдардағы Жамбыл өңірін жайлаған ашаршылық туралы мұрағаттан алған материалдарын қарап көрсек, оның айтуынша, әсіресе Байзақ ауданында сол жылдары ауыл шаруашылығында мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмаған шаруашылықтардың басшылары қуғындалған, партия қатарынан шығарылып, сотталған. Тіпті ату жазасын да қолданған. Қуғын-сүргінге түскен колхоз басшыларының тағдыры туралы Е.Әлиев мынадай мәліметтер келтіреді:

«Мысалы, қазіргі Байзақ ауданы аумағындағы Ынтымақ колхозының бастығы Доуб Бункайнатов 480 гектар егістік алқабының 300 гектарына ғана дән сепкен. Мұрағат құжаттарында кемшіліктің неден орын алғаны жайлы айтылмайды. Мүмкін қаржы, өндіргіш күштер (адам күші) немесе техника жетіспеушілігі себепші болған шығар, қалай десек те «қилы-қилы... қарағай басын шортан шалған заман ғой». Қуаңшылықтың қатты болғаны сондай танаптардың аптап ыстық, аңызак желмен кенезесі кеуіп, алқаптағы дән

шықпай жатып, күйіп кеткенге ұқсайды. Ағын судың да жетіспеуі мүмкін. Болмаса осыншама алқаптан жоспардағы 603 центнердің орнына бар болғаны 9 центнер өнім алу мүмкін емес қой. Шаруашылықта мақта өндіру жоспары 1 пайызға ғана орындалған. Әулиеата аудандық партия комитеті бұл ячейкада партиялық ұйымдастыру жұмыстары дұрыс жүргізілмеген деп тауып, 1933 жылы бастығын қамаққа алған. Бастықтың одан арғы тағдыры беймәлім...».

Ашаршылықпен бірге Әулие-Ата аумағында саяси қуғын-сүргін қатар жүрді. Байзақ ауданындағы Құмжота колхозының партия ұйымының хатшысы Алтыбек Тілеукеев 1933 жылы қайтыс болған әкесіне құран оқытып, мұсылманшылықтың салт-дәстүрін жасайды. Осыған байланысты оның үстінен белгісіз біреулер арыз түсіреді, аудан орталығынан келген комиссия шаруашылықтың есеп-санақ жұмыстарын тексереді. Алтыбектің колхоздың бұндай жұмыстарына ешқандай қатысы жоқ болса да, шаруашылықтың дүние-мүлкін талан-таражға салды, астықты тонады, Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасады деген айып тағып, оны ату жазасына кеседі.

Кеңес өкіметінің содырлы саясатының арқасында миллиондаған қарапайым халықпен бірге колхоз басшылары мен партия ұйымының хатшылары да жазықсыз жапа шеккенін, кейін еліміз тәуелсіздік алғанда ғана біле бастадық. Тағы да мұрағаттан алынған бір деректі айта кетейік.

«№ 15 ауыл советі бұл кезде 3 колхозды біріктіруші еді. Көкөзек ауылында 7 адам, Қарасу ауылында 15 адам, Батырақ ауылында 8 адам – барлық коммунистер саны 30 болатын. Партия ұйымының хатшысы Шере Құлмурзаев шала сауатты кісі екен. Мұнда да 1932 жылы мемлекетке астық және мақта өткізудің науқандық жоспары орындалмай қалған. Ал Шере жазасын жеңілдету үшін соңғы мүмкіндіктің бәрін жасайды. «Қуаңшылық болды, су жетіспеді, тұқым дұрыс аудандастырылмады» деген шындық, дәлел сөздер әдірем қалды. Бастық сол кездегі елімізде кең етек жайған тоталитарлық жүйенің қатал тәртібінің бұғауынан құтыла алмады. Хатшы жұмыстан босатылып, ісі сотқа беріледі. Бұл бір ғана қазіргі Байзақ ауданына тән» деп көрсетті Е. Әлиев өзінің зерттеулерінде.

(Еділ Әлиев. Жан қайғы, Тараз, 2012, 68-70 беттер).

Осындай аса қауіпті әкімшілік қысымға түскен Байзақ ауданындағы қазақ ауылдары не істерін білмей дал болды, кейбір адамдар жеке шаруашылықтарынан да бас тартты. Орташа шаруалар қиыншылыққа шыдай алмай, тағдырдың тауқыметінен торығып, өздерінің шаруашылықтарын жойып жіберуге дейін барды. Олар ауыл шаруашылығынан біржола қол үзіп, беті ауған жаққа көшіп кетуге мәжбүр болды. Жаңа өкімет келгенге дейін ауылда тұрған ағайын-туыстар бір-біріне қол ұшын беріп тіршілік етсе, ал енді олар Кеңестік биліктің қысымына және аштыққа төзе алмай күнкөрістің қамымен бет-бетімен жан-жаққа босып кетті.

## ЖУАЛЫ АУДАНЫ

Жуалы ауданы 1928 жылы құрылды. Бұл аудан Жамбыл облысының оңтүстік батысында орналасқан. Алғашында Шымкент облысы (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) құрамында болып, 1951 жылы Жамбыл облысының қарамағына берілді.

Аталған өлкені халық бұрыннан «Мыңбұлақ» десе, ал екінші атауы «Жуалы» да ел арасына кеңінен таралып кеткен. Түгін тартсаң майы шығатын Жуалы жерінің сай-саласынан аққан мөлдір бұлақтар сансыз көп. Сондықтан да «Мыңбұлақ» атанғаны шындық. Жуалының табиғатына, өсімдіктер дүниесіне, жер асты байлығына қызыққан Ресей зерттеушілерінің мәліметтеріне зер салсақ, Жуалы жерінде 1000-нан аса әр алуан өсімдіктер болған. Әсіресе, осы өңірді айнала қоршаған таулардың етегінде бармақтай болып, қалың өсетін жасыл жуасы ерекше көзге түседі екен. Содан болар, ерте заманнан бұл өлке «Жуалы» деп аталған. Жуалы өңіріндегі қариялардың айтуынша, ата-бабаларымыз бастан кешірген небір қиын заманда, сол сияқты XX ғасырдың 30-жылдарындағы алапат ашаршылық кезінде Жуалының жуасын теріп жеген көптеген адамдар аштықтан аман қалыпты.

Қазақ халқының біртуар ұлы, батырлығымен бүкіл әлемге танылған, белгілі жазушы Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» кітабында, сол сияқты халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Мылтықсыз майдан» деген шығармасында Жуалы өңірінің керемет табиғаты шынайы суреттеледі.

Социализм кезінде жаппай жер жыртқызып, жайылымға дейін бүлдіріп тастаған Кеңестік биліктің солақай саясаты өңірдің сұлу табиғатын мүлдем жойып жіберген жоқ, әлі күнге дейін қайталанбас сұлулық қасиеті сақталып келеді. Ауданның табиғат жағдайлары егіншілікпен де, мал шаруашылығымен де айналысуға өте қолайлы болды. Қазан төңкерісіне дейін Жуалы өңіріндегі ел-жұрт ешкімге жалтақтамай еркін өмір сүріп жатты, ал отызыншы жылдардағы зобалаң кезінде қазақтардың аштықтан өлгені өліп, тірі қалғандары басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Бұл жайында сол азапты күндерді бастарынан кешірген бүгінде 90-нан асқан қарттардың естеліктерінде анық айтылады.

Жуалы өлкесінде 1890 жылы Қошқарата өзенінің бойында Рысбек батырдың тікелей ұрпағы Мақұлбек Шерімұлы дүниеге келген екен. Ол 1910 жылдан 1928 жылға дейін Қошқарата болысы болып, халыққа көп жақсылық жасағаны жайында бүгінде елдің есінде жақсы сақталған. Ашаршылықтың тұсында Мақұлбектің басынан кешірген қиындықтары кейінгі бөлімде толық айтылады.

### Аштық пен екі соғысты бірдей көрген қария

Жуалы ауданының тұрғыны Саягүл Сабыралиева ашаршылықтың тауқыметін тартқан, екі соғыстың қан майданында болған 96 жастағы әкесі Өрісбек Сабыралұлының өткен өмірі туралы былай әңгімелейді:

- Әкем Жуалы ауданы «Большевик» колхозында (Күйік ауылы) 1919 жылы 1 қаңтарда дүниеге келіпті. Әкеміз Өрісбектің өмірі қилы заманға тап болған. Балалық шағы 1931-1933 жылдарда болған ашаршылық, күштеп ұжымдастыру, жаппай тәркілеу сияқты өте ауыр, қиын кезеңдермен тұспа-тұс келеді. Әкем: «Ашаршылық жылдары есім кірген, 13-14 жастағы баламын. Жәкем (әкесін осылай атайды) және ауылдың ақсақалдары, бозбалалары күнде таңертең аштан өлгендерді жинап, жерлеу үшін атқа арба жегіп көшеге шығамыз. Мен арбалы аттың басын ұстап, атты айдап отырамын, үлкендер қаза болғандарды арбаға тиейді. Сөйтіп, әліміз жеткенше оларды молаға жерлейміз» деп сонау азапты жылдарды еске алып отырады.

### Марат Құлибаевтың ашаршылық нәубеті туралы ой-толғауы Зұлмат жылдарды Жуалы жұрты да өткерді

Қазақ халқының өткен тарихында бұрмаланып келген «ақтандақтардың» ізі қаншама? Сол «ақтандақ» дегеннің анықтамасын дәл айтсақ, ол белгілі бір мемлекеттің базисі мен қондырмасында арнайы икемделіп, бүркемеленген, айтылмай, жазылмай келген шындық. Сол шындықтың бірі – халқымыз бастан өткізген нәубет жылдар.

Исі қазақтың басына түскен ашаршылық нәубеті жуалылықтарды орағыта өтпеді. Ауданда нәубеттің алғашқы белгілері 1931 жылдың қысында біліне бастаған. Ал оның басының әріде жатқаны анық. Бұл бірнеше жылғы теріс саясаттың «жемісі» болатын. Ашаршылықтың алғы шарттары 1929 жылы Сталин Сібір сапарынан орала салып елді шұғыл ұйымдастыруға кіріскен кезде жасалды. Осы сапардан ол «Сібір тәсілін» түйіп қайтқан. Осы «Сібір тәсілі» елдің барлығына таңылды. Соның бірі – Қазақстан. Сібірдің сегіз ай бойы қары сөгілмей жататын, тек үш-төрт айдағы аламан-тасыр науқаны бар шаруашылықтың тәсілі қысы – қыстауда, жазы – жайлауда мал соңында жүретін қазақ халқының тұрмысына қалай сыйыссын?

1929-1931 жылдар аралығында жүріп өткен осы науқан Жуалы жеріндегі мал санын тіпті селдіретіп жіберді. Қылышын сүйреткен 1932 жылдың қысы елді одан әрі тұралатып тастады. Ежелден диқаншылықпен айналысқан Жуалы жұртының 1931 жылдың көктемінде еккен астығы шықпай қалды. Оған себепкер жер өңдеу әдісі. Бұл кездегі колхоздың көпшілігінде жерді екі тісті соқамен емес, жер ағашпен айдайтын. Ол дегеніміз қазіргі ауыл шаруашылық ғылымындағы түсінік бойынша жердің қажетті қыртысын аудармайды. Жердің сызат беті ғана аударылады. Топырақ майдалаудан, өңдеуден өте қоймай, жерге түскен дән ылғал ала алмайды. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, сол жылы жауын да аз болған. Жаңадан құрылған колхоздар ауданнан ешбір көмек ала алмай қиналды.

Ол кезде малы көп ауқатты үйлерге мал санына қарай астық салығын салатын болған. Бурныйда, Кременевкада, Алексеевкада астық өнімін өткізетін астық дайындау орындары жұмыс істеген. Осы астық дайындау орындарында күзде жиналған бар өнім мемлекетке өткізіліп отырған. Жетпеген жағдайда масақтан жиналған дән тартып алынып, қазынаға құйылған. Елде жаппай асыра сілтеушілік орын алып, аштық шыңына жеткен 1932 жылдың қысында Жуалы халқы Арқадан Сарысу арқылы босқан ел көшкінін қабылдап жатты. Кеңшілік кезде сондай бір меймандос, дархан халық босқан елге не берерін білмей қысылған. Тұралаған елдің жанына шолақ белсенділердің қысастығы қатты батты. Шолақ белсенділер неше сан отбасын аштықтан діңкелетіп өлтірді. Сол кезде Сиқым руының Асан деген атасынан нәубет жылдарының алдындағы 70 түтінінен ел есін жиғанда 8-ақ түтін қалған. Осы «ұлы жұтта» біздің өңірдің өзінен үш мыңнан астам адам жер жастанды. Өйткені, тәркілеуден соң ауылдарда тігерге тұяқ, ішерге ас қалмаған-ды. Елдің малы өзінде қалғанда, егін шықпаған қуаңшылық жылдың өзінде олар қолындағы малын сойып жесе де мұншалықты ашықпас еді. Қолдан жасалған зобалаңның арты осындай ұлы қасіретке ұласты...

Бұл өңір тарихында 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің де өзіндік қасіретті ізі, ақтаңдақ тұстары баршылық. 1937-1938 жылдары аудандағы сталиндік репрессияның салқыны тимеген ауыл, отбасы кемде-кем. Кеңестік империяның қылышынан қан тамып тұрған сол бір қаһарлы жылдарда Қызыларық ауылынан бір түнде 17 адам айдалып кетсе, Талаптыдан – 6, Орақ-балғадан – 8, басқа ауылдардан бірді-екілі белді азамат репрессияға ұшыраған.

Белгілі журналист, жазушы Амангелді Ормантай: «Ілгеріде Ақсай ауылының тұрғыны Тоқтыбай Райымбеков біраз би болғаны үшін ғана «халық жауы» атанып, атылып кетті. Оның туысы деп Пошқай Құрманалиевті абақтыға жапты. Осымен байланысты оның күйеу баласы Кемел Егембердиев те, құдасы Көлбай Оспаналиев те жалалы болды. Орақ-балға ауылындағы ағайынды төрт жігіт – Есенбай, Есенқұл, Қоңқа, Нәмет Оразбақовтар «халық жауы» ретінде түрменің тар қапасында азап шекті. Сол төртеуден кенжесі Нәмет қана Ресейдің Мурманск деген қиян түкпірінде он жыл айдауда болып, әуіріммен тірі қайтты. Ақсай алқабында Мұртаза (халық жазушысы Шерағанның әкесі), Әліпбай, Мұса есімді азаматтарға нақақтан-нақақ жала жабылып, күйе жағылып абақтыға қамалды» деп жазады өз естелігінде. Бұл бір ғана ауыл азаматтары. Ал, олар қаншама!?

Иә, сол бір сталиндік репрессия мыңнан астам жуалылық азаматты жазықсыз жазаға ұшыратқан еді. Бұл қуғын-сүргін Кеңестер Одағының басшысы И. В. Сталин қайтыс болған соң (1953 жыл) сап тыйылып, ВКП(б) Орталық Комитетінің « Жеке басқа табынушылықтың зардаптары туралы» деп аталатын әйгілі қаулысы қабылданғаннан кейін ғана жазықсыз жапа шеккен саяси тұтқындар өлідей, тірідей ақтала бастады.

Бұл бір үлкен нәубет еді. Жуалы жұрты оны да көрді.

2012 жылы аудан орталығы Бауыржан Момышұлы ауылындағы «Жасай бер, Қазақстан» атты саябағында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш монумент қойылды.

**Филология ғылымдарының докторы, профессор**

**Мекемтас Мырзахметовтың естелігінен**

**Бәрі де қарғыс атқыр аштықтың кесірі**

Мекемтас Мырзахметұлы 1930 жылы 9 мамырда Жуалы өңіріндегі Майтөбе аулында (қазіргі Түлкібас ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы) орта шаруа отбасында дүниеге келген.

Ол анасынан естіген және өзінің жадында еміс-еміс қалған ашаршылықтың қасіреті туралы былайша еске алады:

- Бала кезімде әлдеқалай бұзақыланып, қыңырлық таныта бастасам болды, шешем: - «Қап, сонда сені тастап кеткенімде жөн болатын еді...» деп бәз-баяғы бір сөзін қайталай беретін. Бұл сөздерді оның күңірене айтатыны соншалық, мен амалсыз тыныш қалатынмын. Он бес жасқа келгенде анамнан сол бір жұмбақ сөзді әрдайым неге айтатынын сұрамақ болдым. Бұл оның қайтыс боларынан бір жыл бұрын болған еді. Шешем көз жасын сүрте отырып, мына жайтты баяндады.

1933 жылдың ерте көктемі. Аштық аулымызды (біз Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданында тұратынбыз) түгелдей дерлік жалмап кеткен ең бір қасіретті шақ екен. Шешеміз ажал тырнағынан қашып, көрші қыстақтағы туыстарына кетпек болыпты. Кішкене қарындасымды қолына көтеріп, етегінен ұстаған екі жасар мен қасындамын, жолға шығыпты.

Ауыл шетінен-ақ колхоздың бақшасы басталатын. Жалғыз аяқ соқпаққа түскеніміз сол екен, алдымыздан ұялы қасқыр шыға келіпті. Жүз шақырымға дейін айнала төңіректе, ол кезде үй малы әлдеқашан біткен, сондықтан да аш қасқырлар топтасып алып, әр жерде адамдарға шабатын болыпты. Бұрын мұндайды ел естіп-көрмеген екен.

Шешем айғайлап, жұртты көмекке шақырған, бірақ жақын маңда ешкім болмапты. Қасқырлар жайлап жақындап, қаумаламаққа көшеді. Шешем қатты қысылады – не қасқырлар бәрімізді паршалап тастайды, не ол балалардың бірін қалдырып, екіншісімен қашып құтылуға әрекеттенуге тиіс. Қызын жерге қойыпты да, мені көтеріп, кері қашыпты. Ауылдан адамдар ертіп, жаңағы жерге келсе, қарындасымнан ештеңе де қалмапты.

Жанбай жатып сөнген сол қарындасыма мен өмір бойы қарыздармын. ... Анамның мұндана отырып айтқан әңгімесінен кейін, мені неліктен қалдырмадыңыз деп сұрағам. Ол кісі: «ұл қажеттірек болды ғой...» деді. Дегенмен, аяулы анамның өмір бойы қандай қайғылы сезімнен арыла алмағанын, өзі туралы не ойлағанын түсінудің өзі мүмкін емес...

... Бәрі де қарғыс атқыр аштықтың кесірі.

Мекемтас Мырзахметов бұрынырақ тілшілерге берген сұхбатында былай деген екен: « ... 1933 жылы көктемде адамдарға тұқымдық астықты бермеді. Олар оны ай-шайға қарамай сөзсіз жеп тауысар еді. Дәл сол жылы самолеттің егістік алқаптары үстінде арлы-берлі ұшып, астықты қалай сепкені де есімде. Самолет бұрылыс жасап, бидай қалыңдау түскен жерлерге әбден ашыққан адамдар тауықша үймелесті. Көп адам...

Базар алаңы... Ығы-жығы адамдар. Солардың топтанған қалың ортасында, шақырайған күннің астында күпшектей боп ісінген өлі дене жатты. Айналып өтіп жатқан базардағылардың ешқайсысы оны аңғармайтын секілді... Өйткені, оларда өз туысын көметіндей де күш жоқ еді...».

### ЖУАЛЫ ӨНІРІНДЕГІ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАРТТАРДЫҢ ӨНГІМЕ-ЕСТЕЛІКТЕРІ 3. ҚЫСТАУБАЕВТЫҢ ЖАЗБАЛАРЫНАН АЛЫНДЫ

#### Жуалыдан Әулие-Атаға жете алмай қырылған халық жайында Досан ақсақал әңгімелейді

- Жуалыда аштықтың азабын тартқан нағашы атам Көлбайдың үнемі аштық туралы мұнайып әңгіме айтып отырғанын талай естіп едім, – деп еске алады оның жиені Досан қария.

- 1932-1933 жылдары Жуалы жеріндегі жұрттың малын Кеңестік билік өкілдері түгелдей сыпырып алыпты. Қолындағы бар малынан айырылған халық ашыға бастайды. 1932 жылы осы өңірде қуаңшылық та болыпты. Аштық басталғанда нағашым 9-10 жасар есін біліп қалған бала екен. Сол кездегі Бурное селосынан 20-25 шақырым қашықтықтағы шағын ғана ауылда атам Көлбай өзінің әке-шешесімен, бауырларымен, ағайын-туыстарымен тұрып жатады. Алдағы келе жатқан ауыр күндерді сезгендей, ынтымағы жарасқан туысқандар азды-көпті азық-түліктерін үнемдеп, артық астықтары бар ағайындар бір-біріне қарайласып отырған. Соған қарамастан, қанша жерден үнемдесе де, азық-түлік қоры таусыла бастайды. Осындай жағдайда ауылдың өзі де аштықтан «шықпа жаным, шықпа» деп әзер шыдап отырған кезде, басқа жақтан ауған аш адамдар осы ауылға келгенде жұрт үйінің есігін тарс жауып алып, ашпай отырады екен. Өйткені, аш адам ештеңені тыңдамай, үйге кіріп кетіп не көрсе соған қол салатын көрінеді. Ашыққанда тулақ та, тері де, ең ақыры сүйек те тамақ болған. Қыстан қалған соғымның терісін кешке дейін қайнатады, сонда әлгі тері әбден былбырап, «пісіп», жеуге жарайтын болыпты.

«Қыстыгүні итке тастаған сүйектерді қайтадан қайната бергенде судың бетіне жылтырап майы шығады, соны да талғажау еттік» - дейтін жарықтық, нағашым.

- Нағашы атам, әсіресе, ауылдан 100 шақырымдай болатын Әулие-Ата қаласына бара жатып аштықтан қырылған адамдарды айтқанда қатты күйзелетін. Сол 1932 жылы атамның ауылынан және жол-жөнекей қаңғырып жүрген адамдарды қосқанда 400-ге жуық жан Әулие-Ата қаласына қарай босып келе жатады. Әулие-Атаға 15 шақырым қалғанда қаланың басшы-белсенділері олардың алдынан шығып «сендер осы жерге тоқтандар, қалаға кіруге болмайды. Тамақты осында әкеліп береміз» деп, аш адамдарды тоқтаған жеріне тастап кеткен.

Қала белсенділерінің ойлағаны, егер аштар қалаға кірсе берекесін алады, тонау, ұрлық көбейеді, бүлік шығарып басшылардың тамағын тартып жейді

деген қауіппен өтірік алдап, ашыққандарды қалаға кіргізбеген. Сол кезде тек Жуалы аймағында ғана емес, бүкіл қазақ елінде ашыққан халық күнкөрістің бір жағдайы болатын шығар деп, берісі өзіміздің қалаларды, теміржол стансаларын жағаласа, арысы Қырғызстанға, Ресейге, Түркияға, Монғолияға, Қытайға босып кеткен ғой. Жуалыдан шыққандардың да үміті қалаға барып, жұмыс тауып аштықтан аман қалудың әрекеті еді. Бірақ, олардың ойлағанындай болмады, Кеңес өкіметінің биліктегі уәкілдері аштықтан шұбырған елді алдап, қырып салды.

Ал әлгі ашыққандарды қалаға жақындатпай, тамақ әкелеміз деп уәде берген жалған белсенділер тамақ та, ештеңеде әкелмеген соң аш адамдардың әлі құрып, сол жерде бірен-саран адамдардан басқаның бәрі түгелдей қырылған. Тірі қалғандардың ішінде нағашы атам да болған екен. Ол кісінің әке-шешесі мен туған бауырлары аштықтан әбден әлсіреп, әлгі өкіметтің белсенділері адамдарды иіріп кеткен жерде қаза тауыпты...

Сонымен, атам жылап-еңіреп тірі қалған бір топ адамдарға ілесіп, қалаға әрең жетеді. Қалаға кіргеннен кейін әркім бет-бетімен қаңғырып кеткен. Буыны қатпаған жас бала екі-үш күн қаланың ішінде қаңғырып жүріп, әр жердегі қоқыстардың арасынан табылған қалған-құтқан тамақ қалдықтарын жеп, өлместің күнін көреді. Содан соң Әулие-Атаның шайханаларын жағалай бастайды. Сөйтіп, нан сұрап жүргенде балаға бір өзбек әйелі кездесіп қалады да, оған нан беріп тамақтандырады.

Бір күні қала көшелерінде өліп жатқан адамдарды жинап жүрген арнайы құрылған жасаққа тап болады. Солардың біреуі нағашымды ертіп алып, балалар үйіне тапсырады. Міне, осылай нағашы атам ашаршылықтан тірі қалған екен.

Жергілікті билік өкілдері жоғары жаққа Жуалы өңіріндегі жағдайды жасырып, өтірік ақпар беріп отырған. Ал шындығында, аштықтан Жуалы халқының 60-70 пайызы опат болған екен.

### **Аманбек Байдалыұлы қарияның көзімен көргендері Адамның майын ішкен жігіт**

- 1932-1933 жылдары мен Жуалыда мұғалімдік қызметті атқарып, балаларға араб төте жазуынан сабақ беріп жүрдім. Бір жолы адамның жаны түршігетін сұмдық оқиғаның куәсі болдым. Босқындардың ішінде бір пысықтау келген жігіт қойдың қарнына адамның майын құйып алыпты. Ол өлген адамдардың қарнын жарып жіберіп іш майын шығғырып қарынға құйып алған. Адамның майы қойдың іш майындай тоңбай, сол сұйық күйінде тұра береді екен. Сөйтсе, бұл ашыққан адамға күш-қуат беретін болса керек. Өлген адамның еті жарамсыз, аз ғана уақыттың ішінде тез бұзылады. Жарамдысы осы – іш майы. Байқамаған адам аштық әбден шыңына жеткен адам-

ды алғаш көргенде бағуы келіскен әлді адам екен деп қабылдайды. Алайда бұл – дененің борпылдап, кілкілдеп, ісініп кетуі... Осының бәрін өз көзіммен көрдім, – деп Аманбек ақсақал әңгімесін бір ауыз сөзбен түйіндеді.

### **Пірәліұлы Момынқұл қария зобалаң жылдардағы ашаршылық зардаптарын қинала еске алады**

#### **Біз не көрмедік!**

- 1929-1930 жылдардағы колхоз құрылысы күштеп, зорлықпен жүргізілді. Колхозға біріктіру кезінде Жуалы өңірінің ел-жұрты малын бір ортақ қазанға бергісі келмеді. Халық әртүрлі айла-амалдарды қолданып, малды бермеу үшін ірі қаралардың артынан қол ағаш жүгіртіп, іш құрылысын талқандау, немесе тілін буып тастау секілді қанды әрекеттерге дейін барды. Не оттай алмаған, не су іше алмаған Зеңгі баба тұқымы өз иелерінің қолынан пышаққа ілініп жатты. Қой мен жылқыны қанша сойғанмен, оның санын азайту қиын болғандықтан, әрі десе «обал» деген сөзден қорыққан қазақ баласы осы түліктерінен таптал түсте айырылып қалды. Облыстан, ауданнан қару асынып келген уәкілдер бүкіл ауылдың малын белгіленген орталықтарға жинады. Бұл жиналған малға қора-жай, жанашыр малшы, бас-көз болып есеп жүргізген ешкім болмады. Колхоз болып ұйымдасқан қазақ ауылдарының малы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті.

«Жұт жеті ағайынды» дегендей, Жуалы елі өздерінің ақ-адал малдарынан айырылғанда олардың қамбаларындағы сүйенетін қордан да түк қалмаған. 1930-1931 жылдардың егіні өте болымсыз болып шықты. Құрылған қазақ колхоздары жерді жерағашпен айдайтын. Тұқымдық астық көмегі берілмеді. Колхоз құрылысының алдында ғана көп адамдар мемлекетке 100-150 пұттан астық салығын өткізеді. Оны ауданда Бурныйдың өзінде, сол сияқты Кременьевка, Алексеевка елді мекендеріндегі астық жиып өткізетін заготзерноларға тасыды. Билік өкілдері ашығып жатқан қазақтарға бір түйір дән де қалдырмаған.

Сол жылдары адамдар аштан үш түрлі жағдайда қырылғанын білемін.

1. Үйінен шыға алмай өліп кететіндер де көп болған. Оларды ауа райының ыстық мезгілінде бұзылған мәйіттің иісінен сезіп, тауып алып көмеді немесе ағайын-туыстары «пәленше неге көрінбей кетті» деп үйіне іздеп барып өліктің үстінен түседі екен.

2. Ауыл-ауылдардан қайыр сұрап жүріп ағаштардың түбінде, көшелердің бұрыштарында, кез келген жерлерде басы айналып, көзі қарауытып аштықтан бірден өліп қалатын болған.

3. Аштықтан әбден жүдеген, бірақ әлі де болса жүруге шамасы келетін жандар жан далбасамен «бір жердегі ағайын-туысыма барсам, аман қалармын» деген үмітпен, үйден шығып, жолда жан тапсырады да, құтырған итке немесе аң-құстың жеміне айналады.

Біз не көрмедік! Екінің бірі үйінде аштан қатып жатса, көшеде өліп жатқандардан аяқ алып жүре алмайтындай жағдайға жеттік. Шетелдерге ауған қазақтар жолда аштықтан жаппай қырылды, одан қалса босқындардың жолын тосып алған Кеңес өкіметінің шекарашылары жоғарғы биліктен түскен бұйрық бойынша оларды қырып салғаны туралы хабар ұзынқұлақтан бізге жетіп жатты. Бұл мемлекет тарапынан, атап айтқанда, сол кездегі Мәскеу басшылары мен Қазақстанды басқарып отырған Голощекиннің қазақтарға жасаған зұлымдық әрекеттері еді. Жаңа өкіметтің солақай саясатының салдарынан қазақ елі күн көріп отырған малынан айырылды. Осындай сорақылықтар 1931-1933 жылдар аралығында қазақтарды аштыққа ұрындырды.

Алғаш аштықтың шеңгеліне астық салығын өтей алмағандар ілінді. Содан соң ірі байларды тәркілеу науқанында, байлармен бірге орташалар, тіптен кедей шаңырақтарының бас иелері де айдалып кетті. Олардың артында қалған жетім-жесірлер аштыққа ұрынып, өлгені өліп, босып кеткендері айдалада қалып аң-құсқа жем болды. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деген уақыт дәл осы кезең еді. Аштықтан әлсіреп, діңкесі құрыған жандар теміржол бойларын жағалады, стансалардың айналасы өлікке толды. Құлан асуы, Күйік асуы, Бөкей тау шатқалдарында адам жаны түршігетін көріністер әлі көз алдымнан кетпейді. Асуларда өліп жатқан адамдардың мәйіттері көмусіз қалды, одан да асқан бір сұмдық жол шетінде тұруға шамасы келмей әлсіреп жатқандардың кеуделеріне түлкі, қарақұстар қонып алып, олардың беттерін, көздерін шұқылап жеп жатқанын көргенде есіміз ауып қалғандай күйде болдық. Ал Бөкей тау шатқалдарының әр қуысындағы адам өліктерінен аяқ алып жүре алмайтындай жағдай болды. Тағы бір оқиға есімде жатталып қалыпты. Жуалы қысы өте қатты болады. Боран 3-4 тәулікке созылатын. Бір жазған өзінің астығын жергілікті жалған белсенділерден қорқып даладағы шарбаққа көмген екен. 1932 жылы 6 тәулік соққан боранда ол өзінің тыққан ұрасын таба алмай, үй-ішімен қырылып қалды.

### **Көнекөз шежіреші Әлімбайұлы Иман қарттың әңгімесі** **Аштық не жегізбеді?**

- Жуалы ауданы зобалаң жылдардың алғашқы ызғарын 1930 жылдың өзінде-ақ сезінген еді. Аштық басталғанға дейін бұл өңірдің жағдайы жақсы болды. Жалпы ауданда әрбір кедейдің алдында 30-40 қой, 2-3 сиыр, 8-9 жылқы түлігі болғанын білеміз. Оның үстіне Жуалы жұрты – ежелден егіншілікпен айналысып келеді. Өкініштісі сол, басқа аймақтармен салыстырғанда осындай артықшылықтары бола тұра аштықтың зардаптарын көп тартты. Елге 1921 жылдан бастап азық-түлік салғырты енгізілді, 1930 жылы жаңа өкімет елдің малын зорлықпен тартып алды, бұл аз болғандай ауылдарға шамадан тыс ауыр салықтар салды.

1927 жылдардан бастап Жуалы өлкесінде малы 200-ден асатын адамдарға өздері өндіре алмайтын 400-500 пұттан астық салығын сала бастаған. Ал бұл салықты төлемегендер «тап жауы» болып тікелей түрмеге қамалатын. Бұл кезде «халық жауы» деген ұғым әлі жоқ еді. Жұрт осы кезеңде өзінің басы артық малынан құтылудың амалын қарастырады. Ешкім елдің алдына шығып, көзге түскісі келмеді. Адамдар өздерінің ақ-адал малдарынан безіп, болмашы бағаға Әулие-Ата базарына апарып сата бастады.

Жуалыда болған алапат аштық, елге қиянат жасаған шолақ белсенділердің қылығы еске түскенде, жаным қиналып, күні бүгінге дейін күндіз-түні ойымнан шықпайды. Қазір ғана біліп отырмыз ғой, тек біздің өңірде ғана емес, бүкіл қазақ жерінде халқымызға жасалған қастандықта шек болмаған екен. Ашаршылықтың зардабынан зар жылаған ағайын-туыстар мен ауылдастардың қайғылы қасірет шегіп, әбден қорлық көріп езілгені күні бүгінге дейін есімізден кетпей қойды. Қазақтың малдан басқа байлығы болған ба? Балалық шақта тамақ тоқ, көйлек көк заман болғанын көзбен көрген едік. Сол бір молшылық пен тоқшылықтан кейін Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан қазақ малдан айырылып, асыра сілтеудің құрбаны болды.

Аштық туралы айтсақ, нәубет жылдардың зұлымдықтары мен адам жаны түршігерлік оқиғалары өте көп. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» дегендей, сол аштықтың алапатын қалай ұмытармыз? Зобалаң заманның зардабы кімді зар қақсатпады, кімді жылатпады? Бір уыс талқанға, бір үзім нанға зәру еткен сол зар заман еске түссе, зәрең зәр түбіне жетіп, төбе шашың тік тұрады. Әсіресе, көздері жауынды деген жас балалардың аштан қырылғанын көргенде жанымызды қоярға жер таппай қатты қиналды. Қатықсыз қара көже нәр болмай, аштан өлген қыршындардың обалына қалған кімдер екен? Бала түгіл өз басымен қайғы болған үлкендер де мезгілсіз мерт болып жатты. Жас кезімізде ауылдың қариялары «аштан өлген кісінің моласы жоқ» деп айтып отырушы еді. Соның шындығына сұрқия жылдары көзіміз әбден жетті.

Біз не көрмедік. «Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деген сөздің мәніне сол жылдары түсіндік қой. Шөптің тамырын қазып алып, соны қорек еткендер болды. Бірақ, ол да ас болмайды екен. Шөптің аты шөп қой, ол түгіл сарышұнақты жегендерді де көрдім. Адам айтуға ауызы бармайтын бұдан да басқа сұмдықтардың куәсі болдық. Ашыққан адам ақыл-есінен адасып, адамгершілік қасиеттерден айырылып, көзі қарауытып, ненің не екенін білмей қолына түскенді аузына сала береді екен. Өз баласын өзі жеген ананың оқиғасын да естідік. Жағамызды ұстап, жанымыз түршігіп есіміз ауысқандай күйде болдық. Ойлап қарасақ, оған ана да, бала да кінәлі емес сияқты, бәрін істеткен аштық шығар!

Жуалы өлкесінде болған азалы жылдардың азапты тұстарын қанша айтсақ та таусылмайды.

**Айтсайұлы Діқанбек қария өзінің естелігінде былай дейді:**

«Не керек, аштық алапаты алды-артымызға қаратты ма? Өзегіміз талып, ашаршылықтың азабын мықтап тарттық қой. Тамаққа татырлық түк қалмады. Пісімшілікке әлі біраз уақыт бар еді, негізгі қорегіміз тоғай ішіндегі құстардың жұмыртқа жарған балапандарын жеу болды. Көктемгі қар ерісімен аңыздан теретін қара масақ талқанын жеуден қарындасым Айжарқын, інім Иманары шетінеп кетті».

### **Ауғанбайұлы Рысқұлбек қарияның ашаршылық зардаптары туралы әңгімесі**

«Тікелей аштықтан біздің ауылдағы Сиқым руының Асан деген атасынан 70 үйден 1933 жылдың аяғында 8-ақ түтін қалды. Жуалы ауданындағы Алексеевка, Некрасовка, Кантемировка, Успенровка, Благовещенка, Казанка, Петровка, Зыковка, Евгеньевка тағы басқа толып жатқан орыс елді мекендері айналасының бәрі аштық пен жоқтық болса да, ауылдарының шетіне осы жоқтықты енгізе қоймаған. Бүкіл аудан, облыс, республика көлеміндегі тілі сумандаған ажал қазақ ауылдарының ортасында отырған орыс ағайындарының қылын да қисайта алмаған».

Захардин Қыстаубаев, Балжан Хабдина. «Қызылдар қырғыны», Алматы, 1993, 140-143 беттер.

### **Жазушы Мақұлбек Рысдәулеттің Мақұлбек болыс туралы әңгімесі**

Кезінде Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің редакторы болған Мақұлбек Рысдәулет өзінің «Желсаз» деген кітабында Жуалы өңірінен шыққан Мақұлбек болыс туралы ел аузындағы деректерге сүйене отырып, жазыпты. Болыстың жүйрік Қара аты туралы ел арасында аңыз-әңгімелер көп айтылады екен.

- Көпшілік Мақұлбек болыс туралы әңгіме қозғала қалса оның Қара атын еске алып отырған. Ал оның елі мен жері үшін атқарған жұмысын көпшілік біле бермеген. Ол көзі ашық, көкірегі ояу азамат болыпты. Мақұлбек болысты ел құрметтеген, халқы үшін қуғынға түскен, бірақ мойымаған. Ақтық демі біткенше халқына адал қызмет еткен азамат болғандығын айшықтайтын әңгіме де, құжат та баршылық, - деп еске алады жазушы. - Сонау зұлмат жылдары қарапайым адамдарға да, сонымен бірге адамгершілігі мол, парасаттылығы жоғары, жаны таза, адал ел басқарған азаматтарға да оңай болмаған. Солардың бірі – Мақұлбек болыс екен. Кеңес билігінің өкілдері елдің мал-мүлкін зорлықпен тартып алып, бір ортаға жинап, колхозға біріктіру кезінде халықтың қамын ойлап асыра сілтеуге жол бермегені үшін, әрі байдың тұқымы

деп, «колхоздастыруға қарсы» деген жаламен Мақұлбек болыс бірнеше рет түрмеге қамалған. Қанша азап көрсе де оның сағын ешқандай қиындықтар сындыра алмаған. Өйткені, ол өзінің елі мен туған жері үшін адал қызмет істеп жүргенін жақсы білді.

Рысбек батырдың тікелей ұрпағы Мақұлбек Шерімұлы 1890 жылы қазіргі Жуалы ауданы Қошқарата өзенінің жағасындағы үш Сүгінің бірінің етегінде дүниеге келген. Ол кезде бұл өңір Шымкент уезіне қарайды екен. Сондықтан да бұл өңірдегі тұрғындардың тыныс-тіршілігі Шымкентпен байланысты болған. Атасы Төребек немересінің көзінен жалындап тұрған отты көріп, «тіл ауызым тасқа» деп, бес жасында Шымкентке орыс мектебіне жетектеп әкеледі. Атақ-даңқтары қалың жұртқа тараған Батырбек датқаның ұрпағын мектеп басшылары ешбір кедергісіз қабылдайды. Тіпті, орыс мұғалімінің үйінде жүріп білім алады. Гимназияны бітірген 12 жасар немересін Төребек бай Омбыға кадеттер даярлайтын оқу орнына түсіреді. Мұнда ол үш жыл оқиды. Атасы мен әкесінің дүниеден озуы, оның оқуын қиындатып жібереді, сол тұста ағайындары: «Елге тұтқа болар азамат жоқ, келіп, елінді биле» деп, Омбыдан оны шақыртып алады. Елге келген соң Мақұлбек алдымен болыстың тілмашы болады. 1907 жылы старшын, одан соң Қошқарата болыстық уезінің нұсқаушысы, полиция бастығы қызметтерін атқарады. Ал 1910 жылы ол Қошқарата болысы болып сайланады. 17 жасында атқа мінген Мақұлбек 1928 жылға дейін болыс мөрін ұстайды. Бір қызығы, Кеңес төңкерісінен кейін де болыс болып қала береді. Мұның өзі оның байға да, кедейге де беделді, әділ болғанын танытады. Қалтасында болыс мөрі болғанына қарамастан, ол қазақтың болашағы үшін күрескен азаматтармен пікірлес болады. Тек 1928 жылы қызғаныштың қызыл итіне мінгендер «датқаның, байдың тұқымы кедейдің заманында да ел билей бере ме?» деген арыздар мен өсек-аянды көбейте бастайды. Ақыры «колхоздастыруға қарсы» деген желеумен Мақұлбек Әулие-Ата абақтысына жабылды. Артынша уез орталығы Шымкентке ауыстырылды. Бірақ халық жауларының қатарына қоса алмаған соң оның білімді екенін білген түрме басшылары өздеріне құжат толтыратын жасырын көмекші етеді. Ендігі жерде ол түрме ішінде еркін жүру құқына ие болады. Шамасы келгенінше қандас бауырларының жазасын жеңілдетуге күш салады. Ақыры түрме басшыларының рақымшылығымен абақтыдан босанады. Алайда, оған туған жеріне бармай өзге жаққа кету керек деп ақыл береді. Тағдырдың айдауымен ол Өзбекстанның Самарқанд жағына ауып, одан соң Тәшкенді жағалаған. Туған жерде қуғын-сүргіннен қашып, тығылып жүрген туыстарын астыртын Ташкентке алдырады. Бір деректерге қарағанда, ол Өзбекстанның басшысы Ахунбаевқа жол тауып, өмір тауқыметін айтса керек. Соның нәтижесінде кезінде жалын, ойында ақыл барын аңғарған ол Мақұлбектің Ташкенттің айналасында артельді басқаруына жағдай жасайды. Онда негізінен елден қашқан қандастарымен бірге түркімен бауырлардан құрылған артель тез арада алдыңғы қатарға қосылады. Тағы да қаңқу сөз басталады. Осыдан қорыққан ол Келес жерінде басталған канал жұмысына



келеді. Өзінің жазбаларына қарағанда, сол жерде құрылыс бастығы болған Ағабек Садықұлов деген азаматтың орынбасары қызметін атқарады. Беделі күннен күнге көтеріліп келе жатқанын көргендер оның өткен өмірін тағы да қазбалап, арыздар жаза бастайды. Көп ұзамай тағы да абақтыға қамалады. Бірақ түрмеде ұзақ отырмайды. Мұнда да ол ебін тауып хатшылық қызмет атқарады. Сол жерде өзіне қатысты құжаттарды жойып, басшылармен келісіп, түрмеден қашып кетеді.

Өзбекстанда жүрген кезінде Мақұлбек болыс аласұрып, өмірден өз орнын таба алмай әр түрлі шараларды қолға алғанға ұқсайды. Кейбір деректер мен дәйектерге қарағанда, Мақұлбек Шерімұлы Ташкенттегі қазақ зиялыларымен араласып, солармен пікірлес болған көрінеді. Сәкен Сейфуллин мен Ахмет Байтұрсынұловпен пікірлесу үшін оларды іздеп барғаны туралы әңгімелер айтылады. Оның бұл ұмтылыстарын әртүрлі түсінуге болады. Ол күндегі күйкі жұмысты тастап, үлкен ауқымды жұмыс атқаруға ұмтылған сияқты.

Екінші рет ол түрмеден қашып шыққаннан кейін тағы да елден кетіп, Өзбекстан жерін паналайды. Жерлесі Сыдық Аблановтың жолын қуып, Шиназ маңында қазақ балаларының сауатын ашу үшін мектеп ашып, бірнеше жыл ұстаздық етеді. Осылайша өмірі арпалыста басталған Мақұлбек өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан кейін ғана тыныш өмір сүре бастайды. Қуғын-сүргін тоқтап, жаймашуақ өмір басталғандай болғанымен, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы оның елге, туған жерге деген сағынышын сарғайтады. Соғыс басталғанда ол Ташкент маңындағы Янгиюль қаласында болатын. Жасы 51-де болғандықтан, майданға алынбайды. Сондықтан қиынқыстау күндері елмен бірге болу үшін туған жеріне баруға бел байлайды. 1944 жылы 13 жылдан кейін туған жері Жуалының Қошқаратасына келді.

Мақұлбекті ауылы қуана қарсы алады. Ауылдың азып-тозып тұрған кезінде еліне келген азаматты бірден колхоз бастығы етіп сайлаған. Жағдайдың қиындығына қарамастан, сай-саланы ағашқа толтырады. Елге ертеңгі күні ағаш байлығымызға айналатындығын дәлелдейді. Қазір де Қошқарата жерінде Мақұлбек екізген тал-дарақ баршылық. Сегіз жыл бастық болып, елді көркейтіп, қолдан келген жақсылығын жасап, 1952 жылы зейнетке шығады. Демалысқа шығысымен атасы Төребек қоныстанған Көкталға көшіп келіп, сол жерді мекен етеді. Атасы өсірген ағаштарды қайта баптап, Қаратаудың қойнауларын жайнаған жасыл ағаштарға толтырады. Қазір Қаратау қаласының ғана емес бүкіл «Казфосфат» серіктестігінің демалыс-сауықтыру орталығына айналған Көкталдағы ағаштарды Мақұлбек екен. Сонымен бірге Жаңатас қаласының маңындағы оқушылардың «Жұлдыз» демалыс орталығының бау-бақшасын да Мақұлбек екізген. Көктем айларында Мақұлбек үш-төрт күн тау-тасты аралап, сай-салаларға ағаш еккенін ұрпақтары да, көз көрген азаматтар да айтып отырады.

Табиғатты сүйетін, оны жанындай жақсы көріп, аялайтын Мақұлбек Шерімұлының өнегелік істері өте көп. Халқымыздың үлкен қазынасы — сәйгүлік баптау. Бұл салада Мақұлбектің шеберлігі шексіз болған. Оның Қара аты туралы аңыз, сол сәйгүліктің айналасындағы тартыс оңтүстік өңірінен асып кеткен.

Шолақтау мен Жаңатастың айналасын қазып, бұрғылап фосфор ала бастағанда Қаратаудың бұлақтары тартылып, ағаштардың қурауы Мақұлбектің жанына қатты батты. Бірде ол Көкталдың жоғары жағында демалып, сауық-сайран салып жатқан бір топ геологтарға көк есегіне мініп барады. Ленинградтық геологтар есекке мінген шалды көріп, оның айналасына келіп, мазақтап күледі, ойларына келгенін айтады. Әлден соң таза орыс тілінде зиялылар ғана айтатын сөздердің басын құрап сөйлей жөнелгенде, әлгілер не істерін білмей, кешірім сұрап, қазақтың шалын есектің үстінен көтеріп түсіріп, дастарқанға шақырыпты. Сол күні болыс геологтарға Совет заманында ұмытыла бастаған орыстың ұлы жазушылары туралы әңгіме айтып, бір желпінтіп алғаннан кейін, кен орнына бұл жерден су алуға болмайтынын түсіндіріп бағыпты.

Сондай күндердің бірінде «Өскен өркен» романын жазуға ниеттеніп жүрген ұлы қаламгер Мұхтар Әуезов Мақұлбектің табиғат туралы айтқан әңгімелерін тыңдаған. Халқымыздың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлымен де көп сырласқан. Мақұлбек туралы Шерхан Мұртаза, Әбжапар Жылқышиев, Еркінбек Тұрысов тағы да басқалар қалам тартқан. Ол әңгіменің майын тамызып, нақышына келтіріп, сұлулап, суреттеп айтатын болған. Оның аузынан шыққан әрбір сөз діттеген жеріне дәл жететіндігін көзін көрген азаматтар тамсана есіне алып отырған. Сондықтан да оған ақын-жазушылар жақын болды.

Қазақтың арыстарымен пікірлес болып, шығармаларының кейіпкеріне айналған азаматтың аты өшпек емес. Аптал азаматтың перзенті — Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы қаласы бойынша басқармасының бастығы Айбөпе Мақұлбекқызы әкесі туралы айтылған деректерді жинастыру кезінде көптеген қызықты деректерге тап болғанын айтады. Тіпті ақындардың сүлейі Әбділда Тәжібаевтың білім алуына Мақұлбек қол ұшын берген деген деректі нақты дәйектермен айтқанда Айбөпеге риза болдық. Қара сөздің шебері, жазушы Тәкен Әлімқұлов Мақұлбектің үйіне жиі барғаны туралы ел аузында сөз бар. Кім білсін, ұлы жазушы «Ақбоз ат» романын жазарда жылқы сырын, сынын білу үшін Мақұлбектің Қара аты туралы көп әңгіме естігісі келген болар. Тіпті, Қара аттың болыстың есігінің алдындағы белдеуден кетіп, өзгеге барып байланғанда бәйгеде шаппай қою себебін де түсінгісі келген болар.

Мақұлбек болыс Қара аттай тұлпар баптаған атбегі ғана емес, елі мен жеріне адал қызмет істеген азамат. Шымкентте гимназияда, Омбыда кадеттер даярлайтын училищеде оқып білім алған, заманының көзі ашық, көкірегі ояу перзенті болған. Өмір бойы алған білімін халқының игілігіне жұмсаған. Колхоздастыру кезінде асыра сілтеуге жол бермеген. Сол үшін абақтыда жазасын тартқан. Қуғын-сүргінге ұшырап, жат елді паналаған. Сол жақта жүріп қазақтарды біріктіріп, топтастырған, сауатын ашып, еңбекке баулыған. Туған жердің табиғатын өмірінің соңына дейін аялап, есепсіз тал-дарақ екен. Осындай азаматты ұмытуға бола ма?

## СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАГЕРІ МҰСАХАН БЕРДІБАЕВТЫҢ ЕСТЕЛІК-ӘНГІМЕЛЕРІ

### Әкемнің етікшілік өнері халықтың кәдесіне жарады

Мұсахан қария 1922 жылы 15 ақпанда Жуалы өңіріндегі Жетітөбе аумағындағы Дөңгелек сазда дүниеге келген. Қазіргі кезде Тараз қаласында тұрады. Ауылда бастауыш мектепте оқып, 1935 жылы аудан орталығындағы қазақ орта мектебіне түсіп, 1941 жылы шілде айында сол мектептен 10-сыныпты бітіріп шығады. 1941 жылдың қараша айынан 1945 жылдың қаңтар айына дейін қан майданда болып, жойқын соғыстағы ерлігі үшін көптеген орден-медальдармен марапатталады. Ұлы жеңіске төрт ай қалғанда ауыр жарақат алып госпитальда емделіп, содан екінші топтағы мүгедек болып елге оралады.

«Туған жердің тауы да ыстық, тасы да ыстық» демекші, Мұсахан ақсақал әңгімесін өзінің туып-өскен жері Жуалы өңірінің керемет табиғатын суреттеуден бастады.

- Мен ашаршылықты басымнан кешірдім, соғыстың басынан аяғына дейін болып талай-талай қиындықтарды көруге тура келді. Сонда да бір сәт туған жерімді ойымнан шығарған жоқпын. Адамның балалық шағында көрген әсері ешқашан ұмытылмайды ғой. Сонау отызыншы жылдары аш-жалаңаш жүріп аштан өліп қалмас үшін Жуалы тауларынан теріп жеген әртүрлі өсімдіктердің дәмі күні бүгінге дейін, соншалықты тамақ болмаса да, тілімнің ұшында тұр. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған екен.

Жуалы жерінің батыс жағы Құлан тауы, шығысында Қаратау, оңтүстік жағында Алатаумен, ал солтүстігінде Билікөл аймағы Қаратау қаласымен шектесіп жатады. Жері түгін тартсаң майы шығатын қара топырақты құнарлы болып келеді, қандай егін ексеңде мол өнім береді. Жаз айлары қоңыржай салқын, қысында қатты аяз болып, бір күн соққан боран жеті-сегіз күнге созылады. Әлі есімде, ауылдағы мыжырайған, төбесі жайпақ, аласа тамдарды жеті күн соққан боран қармен көміп тастайды, тек үйлердің түтін шығатын мұржалары ғана қардан қылтиып көрініп тұратын. Табиғаттың қатал жағдайына үйренген көршілер бір-біріне қол ұшын беріп, қар басып қалған есіктерін ашуға көмектеседі. Есігі сыртқа ашылатын үй иелері сырттан жәрдем күтіп үйлерінде қамалып отыра береді. Ал есігі ішке ашылатындар, өздерінің есігін ашып, қарды үңгірлеп күреп, далаға шығып көршілерінің есіктерін қардан аршып алады.

Қазіргі уақытта ауа райы жұмсарып, 30-40 жылдан бері бұрынғыдай қатты қыс болмай тұр ғой, боран да жиі соқпайды. Бұл күллі әлемдегі ауа райының жылуынан болған жағдай шығар деп ойлаймын.

Жуалы аймағының ауасы таза, тау қойнауларынан бастау алатын бұлақтардан мөлдіреп су ағып тұрады, шілде айында суын ішсеңіз, шөліңіз

бірден басылады да, бүкіл тұла бойыңыз сергіп қалады. Сәуір-мамыр айларында даланың беті масатыдай құлпырып, табиғаттың өзі жерге кілем төсеп тастағандай әсер қалдырады. Әртүрлі хош иісті шөптердің, алуан түрлі гүлдердің иістері танауыңызға келіп, жан-тәніңізді шымырлатып, жасыл кілемнің үстінде маужырап қалғып кеткендей сезімде боласыз.

Жуалының солтүстік-батысында үлкен Қошқарата өзені ағып жатыр. Бұл өзеннің аңғарында шие, өрік, алма ағаштарымен бірге бүлдірген де өседі. Жаз айларында жеміс ағаштары гүлдеп, ақ шатырдай жайылып, гүлдердің аңқыған жұпар иістері ауаны тазартып отырады. Міне, осындай адамға да, малға да жәйлі өңірде Қазан төңкерісіне дейін мамыражай өмір сүріп жатқан ел-жұрттың отар-отар қойлары, үйір-үйір жылқысы, табын-табын сиырлары жаз бойы қыстауға көшкенше жайылып жүретін. Ел ашаршылық дегенді өңі түгілі, түсінде де көрген жоқ. Мыңғырған малы бар, табиғаты тамаша осындай аймақты жаңа өкімет орнағаннан кейін бұрын-соңды болмаған аштық жайлайды деп кім ойлаған?!

Өзеннің қырат беттерінде адамның денсаулығына өте пайдалы жуа, жусан сияқты өсімдіктер өседі. Әсіресе, біз алапат аштық кезінде жуаның пайдасын көп көрдік. Жусанның да емдік қасиеттерін қазақтар ежелден-ақ жақсы білген, одан дәрі-дәрмек жасаған, сондай-ақ мал азығы ретінде де пайдаланып келген. Шырғалжын жусанының жапырағы мен сабағын аштық жайлаған жылдары тағам ретінде пайдаланған адамдар туралы үлкендерден естіп жүрдік.

«Айқын» газетінің 2016 жылғы наурыз айындағы бір санынан жусан туралы бір мақаланы оқыдым. Сол мақалада дүниежүзінде жусанның 500-ден астам түрі кездесетінін, соның ішінде 80-нен аса түрі қазақ жерінде өсетінін жазыпты. Сондықтан да даланың сәні мен әніне айналған жусанға қазақ халқының бүйрегі бұрып тұрады. Ақын-жазушылар жусанды ән мен жырға қосты, сондай-ақ көркем шығармалар да жазды. Жергілікті бір ақынның Жуалы жерінде өсетін жуа мен жусанның қасиеттері туралы айтқан өлең шумақтары бала кезімнен есімде сақталып қалды. Соны айтып берейін.

*Жуалы жұрт, жуалы жұрт,*

*Жаңбырменен жуаны жуады жұрт.*

*Жуа иісі аңқиды, жусан иісі,*

*Таң нұрынан атқанда қылаң ұрып.*

*Жуа иісі аңқиды сүттен де, қаймақтан да,*

*Жуа иісі аңқиды қой етін қайнатқанда.*

*Жуа иісі аңқиды апамның саусағынан,*

*Мұрнымды сүртіп, аузымды сипағанда.*

*Әкем байгүс жүруші еді мал соңында тұмандатып,*

*Кей уақта қалушы еді ауырып тұмауратып.*

*Кептірілген сарымсақты сорпаға сап,*

*Жазылып кетуші еді тұмауынан құнарланып.*

Осы өлең шумақтарының өзі де, жуа мен жусанның адам ағзасына пайдалы, сондай-ақ дәрілік шөп екендігін дәлелдей түспей ме?

Жуалы аумағында Жетітөбе деген жер бар, сол жеті төбенің екеуі үлкен, бесеуі кіші төбелер. Ел аузындағы аңыз бойынша, Шыңғыс ханның жорығы кезінде әскерін осы қырдың басына қондырып, қорған соқтырған екен. Бірнеше ғасыр өткен соң қорғандар табиғаттың салдарынан үйілген төбелерге айналған. Бүгінге дейін бұл төбелер ғалымдардың назарына ілінбей, археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген жоқ. Әр аңыздың бір шындығы болатыны рас қой.

Жетітөбенің солтүстігінде аумағы 40-50 гектар болатын «Дөңгелек саз» деген жер бар, көнекөз қариялардың айтуынша, сол жерге Меркі, Шу, Мойынкүм өңірлерінен Жуалының құнарлы жеріне, таза ауасына, суының молдығына қызығып ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда біздің ата-бабаларымыз қоныс аударған екен. Қазақ қай заманда болсын өзінің арғы тектерінің атақонысын іздеген ғой. Сол сияқты менің әкем Бердібай мен ағасы Қалдыбай екеуі сонау өткен ғасырларда бабаларының қоныстанған Жуалы өңіріне 1902 жылы Түлкібас аймағындағы «Даубаба» деген жерден көшіп келеді. Ағайын-туыстары ризашылықпен қарсы алып, оларға асар жасап үй тұрғызып береді. Жаңадан көшіп келген ағайындарына бірі ағаштарын, бірі тезектерін беріп, қолдарынан келген көмектерін аямаған.

Әкемнің етік тігетін өнері болды, ауыл ақсақалдары оның етікші екенін біліп, қайыстарын әкеп мәсісін, кебіс етіктерін тіктіретін. Көрші ауылдардан да кісілер келіп біздің үйге қона жатып, мәсі-кебістерін тіктіріп алып жүрді. Қыр астында жатқан поселкедегі орыстар да әкемнің бұл өнерін естіп, бір аптаға алып кетеді де, етіктерін тіктіріп, жыртылған аяқ киімдерін жаматып алатын. Сол жерде әкем Егор деген орыспен тамыр болып, ол бір бөлмесіне етік тігетін шеберхана жасап береді де, қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етеді. Орыстар шақырған кезде сол шеберханада отырып жұмыс істеді. Жеті-сегіз күннен кейін әкемді орыстар өздерінің көліктерімен қайтадан үйге алып келетін.

Сөйтіп жүріп Бердібай әкем орыс тілін үйренеді және олардың әдет-ғұрыптарымен танысып, орыстармен қарым-қатынасы жақсара түсті.

### «Жолдастық топ» (артель) құрылуы

- Ең алдымен, 1926 жылдың күзінде Жуалы аймағындағы орыс поселкелері қоныстанған жерлерде «Жолдастық топ» құрылды. Одан кейін қазақ ауылдарында да жаңа өкіметтің ұйымдастыруымен осындай шағын ұжымдар құрыла бастады. Бұл топқа біріккендер алғашында кедей шаруалар еді. Олардың негізгі мақсаты бірігіп, қолдағы бар күш-көліктерді, соқа, тырма сияқты құрал-жабдықтарды бір ортаға жинап, жер жыртып, егін егу болатын. Әрбір себілген тұқымдық бидайды жергілікті халық өздері тауып алып, көктемгі жұмыстарды ұйымшылдықпен өткізуді қатты қолға алады. Топ мүшелері шөп

шабу, егін салу, астық ору т. б. шаруашылық жұмыстарын ұжымдасып істеуге белсене кірісіп кеткен екен.

«Жолдастық топтың» бірлесіп істеген еңбектері өнімді болды, сондықтан кедейлердің, жарлы-жақыбайлардың қызығушылығын тудырды. Ал байлар бұған қарсы болды. Өйткені, ғасырлар бойы қалыптасқан жеке меншікке негізделген өмір салты оларға мойын бұрғызбады. Қарап отырсақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы қоғамдағы сияқты, қайтадан көптеген мемлекеттік ірі кәсіпорындарды және т. б. әртүрлі нысандарды жекешелендіру қолға алынып жатыр. Қазіргі кезде мұндай экономикалық реформалар өзінің нәтижесін бере бастағанын көріп отырмыз, еліміз қарқынды дамып келе жатыр. Кезінде Алаш жұртының көсемі болған Әлихан Бөкейханов та жеке меншік қоғамда экономиканың жақсы дамитындығын айтқан екен. Рас, әлі де болса елдің экономикасына және қоғамның әлеуметтік дамуына кедергі келтіріп отырған бір қалыпқа түспеген жағдайлар баршылық. Соған қарамастан «көш жүре түзеледі» деп дана халқымыз бекер айтпаған шығар. Сондықтан да «мың өліп, мың тірілген» халықтың келешекте дамыған елдердің қатарына қосылатынына сенімі мол.

Сонымен, орылған бидайды қырманға тасып, оны бастырып, таза бидайдан топ мүшелері өздеріне тиісті үлестерін алып отырды. Тіпті, бидайдың сабанын да, бірлесіп жинаған шөпті де теңдей бөлісіп алатын.

1927 жылы, бір жыл өткен соң, топ мүшелері жоғарғы биліктен келген нұсқау бойынша шаруа қожалығын ірілендіру мақсатында «Артель» құруға ыңғайлана бастайды. Артельдің бастығы және тағы басқа шаруашылықты жүргізетін адамдар сайланады. Кеңес өкіметінің уәкілдері артель басшыларына егістік жер көлемін ұлғайту, мал шаруашылығын дамыту мақсатында сиыр, қой, шошқа фермаларын ұйымдастыру арқылы мемлекетке астық, ет, сүт, май жоспарын орындауды міндеттейді. Егер кімде-кім мемлекеттік жоспарды орындай алмаса «өкіметке қарсы шықты» деген сылтаумен дереу жауапқа тартылатын болған.

Билік өкілдері қазақ ауылдарын аралап, артельдің түпкі мақсаты мен міндеттерін түсіндіріп, кедейлерді артельге мүше болуға үгіттеді. Қазақ ауылдарына қарағанда орыс селоларында артельге біріктіру жұмыстары белсенді жүргізілді. Артель құрылған жерлерде шаруалар қолдарындағы бар күш-көліктерін, құрал-жабдықтарын бір ортаға жинап жұмыс істейтін болды.

Әлі есімде, артельге мүше болған әрбір адамға мемлекет тарапынан ын-таландыру мақсатында полупальто (сол кезде москвичка деп аталды), гимнастерка, төбесі үшкір бас киім, бәтіңке берілді. Бұл киімді киіп алғандар елден ерекшеленіп жүрді. Бұның бәрі халықты артельге мүше болуға қызықтырып, Жуалы өңірінде ұжымдық шаруашылықты түпкілікті орнатуға ұмтылған жаңа өкіметтің шараларының бірі болатын.

## Колхоз шаруашылығын ұйымдастыру

Ең алдымен, 1928 жылы Жуалы аймағында екі орыс поселкесі бірігіп «Новая жизнь» колхозы болып құрылды. Отырықшы орыс тұрғындарының кейбір бір бөлігі арасында мал шаруашылығымен және негізінен егін салумен айналысты, сондай-ақ олар үйлерінің жанында қосымша бау-бақша өсірді. Сондықтан орыс селоларында азық-түлік тапшылығы болған жоқ. Ал қазақ ауылдарының жағдайы мүлдем басқаша еді. Ауылдардағы байлардың, орта шаруалардың төрт түлігін бір ортаға жинап, билік өкілдері зорлықпен тартып алды, тіпті, қолдарында бір-екі малы бар кедейлерді де тәркіледі. Колхозға барлық ауыл адамдарын күштеп кіргізді, қарсылық білдіргендерді «кеңес өкіметінің жауы» деп көрсетіп, Сібірге айдатты. Малдан айырылған қазақтардың жағдайы күннен күнге нашарлай берді, колхозға мүше болған адамдар да ешқандай азық-түлікпен қамтамасыз етілмеді.

Дегенмен, Кеңестік билік ұжымдық шаруашылыққа біріктіру арқылы мал фермаларын ұйымдастырып кедейлер мен орташалардың біраз бөлігін колхозда еңбек етуге мәжбүрледі. Енді жаңа өкімет халыққа салынатын салықтарды артығымен жоспарлап, елден астық, сүт, май, ет, жүн жинай бастады. Малдан жұрдай болған қазақтарға және егіншілікпен айналыспайтын тұрғындарға мемлекетке салық төлеу өте қиынға соқты. Бірақ, биліктің жандайшаптары бұған қарап жатпады, «қайдан тапсаң, онан тап, қайткенде салық жоспарын орындайсың, әйтпесе, сотталасың» деп елдің үрейін ұшырып, қатты қысымға алды.

Біздің ауылмен көршілес жатқан орыстардың «Новая жизнь» колхозында шетелден сатып алынған «Парзон» деген кішкентай трактор пайда болғанын кейін ғана білдік. Бұл трактормен барлық шаруашылық жұмыстары: жер жырту, тұқым себу, пісіп жетілген егінді ору жұмыстары жүргізіледі екен. 1928 жылдың күзіне қарай қазақ ауылдары да ұжымдық шаруашылықтарға біріге бастаған еді. Жергілікті билік өкілдері жоғарыдан түскен нұсқау бойынша үш «Парзон» тракторын жаңадан құрылған біздің «Қызыл дала» колхозына да жібереді. Бұрын мұндай техниканы көрмеген, жер жаратын дыбысты естімеген қазақтар ауылға гүрілдеп келе жатқан «бұл не пәле» деп, үйлерінің және Жетітөбенің қырына шығып жан-жағына, аспанға қарап, алысқа көз тастайды. Бірақ, олар айналасынан қыбырлаған нәрсені көре алмайды.

Сол мезетте үйінің төбесіне шығып тұрған Кененбай ақсақал қырдан асып ауылға қарай келе жатқан үш «қара қоңызды» көріп қалып:

- Ойбай, анау төбеден асып жыбырлаған үш «қара қоңыз» бізге келе жатыр! Келіндер, бала-шағаны тез үйге кіргізіп, есікті жауып қойыңдар! Ал жігіттер қолдарыңа қаруларыңды, балта-шоттарыңды алып дайын тұрыңдар, қарсы келсе олармен айқасатын боламыз! - деп айқайлап тұр екен.

Сөйтіп, үш «қара қоңыз» ауылдың шетіндегі Дөңгелек сазға келіп тоқтап, гүрілдеген үні өшіп қалады. Осы кезде ауылдағы үлкен-кіші, бала-шаға са-

басына түсіп, қара қоңыздардың тоқтаған жеріне жетіп келеді. Трактордың жанында тұрған орысқа ауылдың бір қариясы жақындап:

- Мына қара қоңыздарды біздің ауылға неге алып келдіңдер? - деп сұрайды.

Оның қасында тұрған аздап қазақ тілін сындырып сөйлейтін екінші орыс:

- Бұл «қара қоңыз» емес, «Парзон» деген трактор, мұны біздің жаңа өкіметіміз Америкадан сатып алған, енді ауыл шаруашылық жұмыстарын осы трактормен істейтін боламыз, сендерге техникамен қалай жұмыс істеуді үйретуге келдік, - деді.

Содан соң трактормен қалай жұмыс істеуді көрсету үшін қазақша сөйлеп тұрған орыс бір тракторды оталдырады да, оған үш тістік соқаны тіркеп, екі жүздей метр жерді айдап көрсетеді. Ауыл адамдары «қара қоңыздың» ат сияқты соқаны тартып ала жөнелгеніне таңғалып, аң-таң болып тұрып қалады... Әсіресе, жастар жағы осы темір атқа мініп, жер жырттып, егін етуге іштей қызығушылық білдіріп, трактормен жер жыртқан орысқа жақындап, әртүрлі сұрақтарды жаудырады...

Бір күннің ішінде «Қызыл дала» колхозында көктен түскендей үлкен жаңалық болды. Бүкіл ауыл қуанышқа бөленді. Әсіресе, балалардың тракторға деген ықыласы шексіз еді. Отты техникамен салыстырғанда, біздің бұрынғы тіршілігіміз жәй әурешілік екен, ат соқамен жер жырттып, 8-10 адам бір-бірінен арақашықтығы 10-15 метрдей қатарласа тұрып 10 килограмға жуық тұқымдық бидай салынған дорбаны мойнына іліп алып, қолмен шашып отырады да, зағанның шетіне жетіп, қайтадан дорбаны толтырып осы әдіспен егіс алаңының екінші жағына келетін. Мұндай қолмен істелетін жұмыс өте ауыр болды. Қариялардың айтуынша, ертеңнен қара кешке дейін 20 гектар жерге тұқым себу - бір күндік жоспар болған екен. Тұқым бидай себілген жерді, ат жегілген тырмаға балаларды отырғызып, тырмалап тастайтын. Сонда да колхозшылар тынымсыз еңбек етіп, көктемгі науқандық жұмыстарды кешіктірмей дер кезінде аяқтайтын. Астық пісіп жетілген кезде белорақпен және қолорақпен орып, баулап қырманға ат арбамен тасып алады. Қырманда атқа тасмаланы сүйретіп, аттың үстіне бір баланы мінгізеді де, астықты бастырады.

Екі кісі қолдарындағы тырмамен бастырылған бидайды ары-бері аударып, сабанды қағып сыртқа шығарады, ал қалған топан аралас бидайды тағы екі-үш адам желдің өтін пайдаланып суырып, таза бидайды қырманның ортасына үйеді. Міне, техника болмаса да ауыл тұрғындары көктемгі және жазғы егін салу жұмыстарын ежелден-ақ дөңгелетіп отырған. Әрине, трактор келгеннен кейін ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігінің арта түскені белгілі ғой.

1928 жылы біздің ауылда колхоз құрылғаннан кейін, оны басқаратын адамды іздестіре бастаған. Орталықтан келген уәкілдің қатысуымен колхозшылардың жиналысы болады. Сол жиынға төрағалық етіп отырған жоғарыдан келген уәкіл:

- Кімде қандай ұсыныс бар? — деп сұрайды.

Сонда Оспан ақсақал қолын көтеріп:

- Бердібайды колхоз бастығы етіп сайлайық, — деп бірден ұсыныс жасайды.

- Тағы да қандай ұсыныс болады, кімнің колхозды басқаруға шамасы жетеді? — деді уәкіл отырған адамдарға қабағын түкситіп.

Сол кезде бір кісі орнында отырып:

- Біз өзінен сұрайық, Бердібай бұл жұмысқа қалай қарайды екен, соны білуіміз керек қой, — деп даусын көтере сөйледі.

Оның артынан іле-шала Әбделі қария орнынан тұрып:

- Бердібай, сенің етікшілік өнерің бар екенін білеміз, сен бізден гөрі орыстарға жақынсың. Өйткені, олар жасап берген шеберханада біраз уақыт жұмыс істедің, олардың тілін де, әдет-ғұрыптарын да жақсы біліп қалдың. Сондықтан біздің колхозға сендей адам бастық болса, көршілес орыс колхозымен қарым-қатынас жасап, өзімізге қажетті құрал-саймандарды айыр-бастап алып тұрсақ өте дұрыс болар еді. Мен Оспанның ұсынысын қолдап, Бердібайдың колхоз бастығы болғаны қазіргі өкіметтің талабына сай келеді деп есептеймін, — деген өз пікірін білдірді. Уәкіл алдыңғы қатарда отырған Бердібайды орнынан тұрғызды.

Сонда Бердібай өзін ұсынған қарияларға қарап:

- Мені бастық етіп сайлауға ниет білдіргендерің үшін сіздерге рақмет. Бірақ менің етікші деген өнерім бар емес пе? Сондықтан, ауылдастарымның мұң-мұқтажына, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне осы өнерімді пайдаланып көмектескім келеді, — деді.

Жиналыста отырғандардың арасынан «Бердібай бастық болуға лайықты, оның қолынан келеді» деген дауыстар шығып жатты.

Колхоз мүшелері ауыл ақсақалдарының ұсыныстарын бір ауыздан мақұлдап, Бердібайды «Қызыл дала» колхозының бастығы етіп сайлады. Келген уәкіл де, басқа да ешкім қарсы болған жоқ. Сөйтіп, менің әкеме халық жаңадан құрылған шаруашылықты басқаруды сеніп тапсырды.

Жаңадан құрылған колхозда бар болғаны 30 ат, 15-20 өгіз, 3-4 екі тісті ат соқа, 2-3 жәшік арба және 4 сатылы арба ғана болды.

Ауылдастарының сеніміне ие болған Бердібай әкем бірден шаруашылықтың жұмыстарына белсене кірісіп кетті. Ол кісінің жас кезінен өзіне тапсырылған міндеттерді өте ұқыпты орындайтын ерекшелігі бар еді. Сол әдеті бойынша колхоздың экономикасын және елдің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін жақсартуға ерекше көңіл бөліп отырды. Бұл менің әкемді мақтағаным емес, күні бүгінге дейін Бердібайдың ел-жұртқа сол кезде істеген жақсылықтары туралы ел арасында айтылып жүр.

Сонымен, әкем «Новая жизнь» колхозына барып, олардың шаруашылық жұмыстарымен танысады да, көмекке 2-3 лабогрейка, ат соқа, астық бастыратын тасмала және оншақты терек ағаштарын сұрап алады. Сонымен бірге орыс колхозынан 1000 гектар жерге жететін тұқымдық бидайды

қарызға алып, 1929 жылғы көктемгі егіс науқанында колхоздың барлық күш-көліктерін, қолдағы бар құрал-саймандарын тиімді пайдаланып, Бердібай өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен, іскерлігімен колхозшыларды бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырады. Еккен бидай жақсы шығып, тамыз айының басында егістік алқабынан мол өнім жинайды. Ең алдымен, «Новая жизнь» колхозынан қарызға алған тұқымдық бидайдан құтылады да, содан соң мемлекетке өткізетін астық жоспарын орындайды. Колхозшыларды құр алақан қалдырмай, оларға өздеріне тиісті бидай үлестерін бөліп береді. Мемлекетке тапсырылатын бидайды Жуалының астық қоймасына (заготзерно) жеткізу үшін бес-алты арбаға ат жегіп, әр арбаға 4-5 центнердей бидайды салып, екі баладан бір арбаға отырғызады да, бір ақсақалды балаларға басшы етіп, күніне бір рет орталықтағы қоймаға жіберіп отырған.

Былайша айтқанда, тақыр жерде құрылған ұжымдық шаруашылықтың көзін тапқан бастықтың арқасында, алғашқы кезде колхоздан қашқан орта шаруалар, енді ұжымдасып еңбек етуге ынталы болып, колхозға кіруге келе бастайды. Біз сияқты сол тұстағы оқушылар, жазғы үш айлық демалыста ойынды қойып, колхоздың шөбін шабу, егін ору, қырманда астық бастыру, мемлекеттің қоймасына астық тасу сияқты жұмыстарға араластық. Біздің бала кезімізде асыр салып ойнау, жаз айларында демалу деген болған жоқ, үлкендерден қалыспай колхоз шаруашылығында ертеңнен қара кешке дейін еңбек еттік.

Басымнан өткен осындай жағдайға ешқашан өкінбеймін, қайта еңбекке ерте араласқан біздің құрбыларымыздың адамгершілігі мол, туған жерге деген сүйіспеншілігі ерекше болып қалыптасқан, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтейтін ұрпақ екендігі ешқандай күмән тудырмайды.

### Машина-трактор стансасының (МТС) құрылуы

- 1929 жылы Жуалы аймағында екі МТС құрылды. Бірі — Казанка, екіншісі — Алексеевка поселкелерінде орналасты. МТС-та алғашқы жылы «Парзон» тракторы ғана болды, ал 1930-1931 жылдары ХТЗ, СТЗ, ЧТЗ, СЗК трактор-комбайндарымен толық жабдықталды. МТС-тың негізгі мақсаты — сол кездегі жаңадан ұйымдастырылып жатқан колхоздарға көмектесу еді. Көктемгі егін егу, жазғы орақ кезінде және күзгі жұмыстарға пайдалану үшін техниканы шаруашылықтарға бөліп, жерін жыртып, тұқымын сеуіп тырмалап, піскен егінді уағында орып, сабанды маялап, шөбін шауып болған соң қыркүйек-қазан айларында күздік бидайды сеуіп тастауға көмектеседі. Сөйтіп, күзгі жұмыстар біткеннен кейін қазан айының соңына қарай МТС-тың шеберханасына колхоздардан барлық техниканы қайта жинайды. Көктемдегі егіс басталғанға дейін тракторлар мен комбайндарды қыс бойы жөндеуден өткізіп, дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Отызыншы жылдары ұжымдық шаруашылықтарда техниканы меңгерген мамандар болған жоқ. Сондықтан өкіметтің нұсқауымен МТС-та механизатор дайындайтын үш айлық курс ашылды. Колхоздардан жас жігіттерді жинап курста оқыта бастады. Курсты бітіргендер өз колхоздарына келіп, МТС-тан жіберілген тракторға ие болып, ауылдың барлық шаруашылық жұмыстарына белсене араласып отырды. МТС техниканы пайдаланғаны үшін колхоздармен келісім-шарт жасасып, олардан ақы алатын, сол қаражаттың есебінен өздерінің жұмысшыларына жалақы төлейтін.

### Байларды тәркілеу

Байлар әу бастан ұжымдық шаруашылықтарға бірігуге қарсы болды. Бұл түсінікті еді. Жаңа өкіметтің саясаты жеке меншікті қоғамның орнына жалпыға бірдей мемлекеттік меншік орнату болатын. Кеңестік билік өкілдері байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеп, өздерін алыс аймақтарға балашағасымен бірге жер аударды. Тіпті, кейбір ірі байларды «колхозға» кедергі жасайды деп соттап, түрмеге жапты. Шындығына келетін болсақ, байлар малдан айырылса да, олардың бір бөлігі алғашқыда артельге, содан соң колхозға мүше болуға келіспеді, кедей-тобырдың арасында жүруге намыстанды. Сонымен қатар байлардың ішінен ұжымдық шаруашылыққа малын өз еркімен өткізіп, бірден колхоздың тіршілігіне араласып, кейін олардың арасынан ерен еңбегімен елге танымал болған талай азаматтардың шыққаны белгілі.

Десек те, бұрынғы мыңғырған малы бар байлардың көбі қиындыққа тап болды. Олар өз еріктерімен бар малын Кеңес өкіметіне өткізсе де билік тарапынан байларға деген қысым күннен күнге күшейе берді. Малдан, дүние-мүлкінен айырылған байлар өкіметке қарсы келмесе де ұжымдастыруға кедергі келтіреді деген сылтаумен бала-шағасымен бірге алыс аймақтарға жер аударды, тіпті, кейбіреуін жазықсыз абақтыға жапты. Міне, осыдан бастап тақыр кедейленген, ашаршылыққа ұрынған бұрынғы байлар биліктің зорлық-зомбылығына шыдай алмай қарсылық көрсете бастады. Олар кедейлерді, жарлы-жақыбайларды жаңа өкіметтің әрекетіне қарсы ұйымдастырып, өздерінің жағына тартуға ұмтылды. Колхоздың беделін түсіріп, елді одан алшақтату үшін егін суғаратын тоғандарды түнде талқандатып, мал тұратын қораларды өртеп және тағы басқа зиянкестік әрекеттерді істеуге дейін барды...

1929 жылы Кеңес өкіметі байларға қарсы қаулы шығарып, оларды «халық жауына» жатқызып, тәркілеудің келесі толқынын бастады. Байлар мен орташалардың малын, дүние-мүлкін зорлықпен тартып алып, бір ортаға жинап колхозға өткізді. Сөйтіп, тәркіленген малдан колхозда сиыр, қой, жылқы фермалары ұйымдастырылды. Біздің Жуалыдан кейбір ауқатты кісілер балашағасымен, малшы-қоландарымен түнделетіп, Қытайға, Қырғызстанға, Өзбекстанға көшіп кеткенін кейін ғана біліп жүрдік.

### Жабайы өскен бидайды ашыққан елге бергені үшін Бердібайдың жазалануы

1931 жылы көктемнен күзге дейін Жуалы өңірінде құрғақшылық болып, жерге бір тамшы да жаңбыр жаумады. Егістік алқаптың көп жерлерінде бидайдың биіктігі 20 сантиметрдей ғана көтеріліп, сарыбалақ болып қурап қалды, әсіресе, қыраттарда егілген астық аптап ыстықтан күйіп кетті. Ал жазық жерде себілген дәндерден 2-3 центнерден артық өнім алынбады. Қуаңшылықтың салдарынан мемлекетке астық өткізу жоспары орындалмай, колхозшыларға аванс ретінде бидай берілген жоқ. Халықтың қолында мал да, астық та болмағандықтан ішіп-жейтін тамақтың тапшылығы көріне бастады.

1931 жылдың қысында ауыл аштыққа ұшырап, тұрғындардың берекесі кетті. Бір үзім нан, бір уыс талқан тауып жеу қиынға соқты. Елдің малын тәркілеп колхозға өткізіп жіберді, ешкімде мал қалмады. Жоғарыдан келген билік өкілдері «малдарыңды бір ортаға колхозға беріңдер, кейін көмек аласыңдар» деген уәдесін орындамады. Оның үстіне «жығылғанға жұдырық» дегендей, 1931 жылы егін шықпай қалған еді. Ашыққан адамдар тауға барып «алғы» деген өсімдіктің тамырын қазып алып, сонымен қоректеніп жүрді, әйтеуір, өлместің күнін көрген, - деді Мұсахан қария аштық жылдарындағы көргендерін есіне түсіріп.

Сол жылы қысында ауыл адамдары өле бастады. Жақын ағайын-туыстар бір-бірімен анда-санда өлі ме, тірі ме дегендей хабарласып қана тұрды. Бірақ, бірін-бірі азықпен қамтамасыз етуге шамалары келмеген. Әсіресе, сырттан аштықтан қаңғырып келгендер қайтадан үйлеріне жете алмай, жол бойында құлап жатты. «Құлантау» деген жерге баратын жолда көз жұмған адамдар тым көп болған...

«Қызыл дала» колхозындағы егістіктің шеткі жағалауларында бірлі-жарым шашылған дәндерден жабайы бидай өсіп шыққан екен, аштыққа ұрынған ауыл адамдары түн мезгілінде сонда барып, орып алып отырады. Соның жанындағы колхоздың еккен бидайынан да ұрлап, үйіне әкеп балаларына қуырып беріп аштықтан өлместің қамын ойластырған.

Ауыл халқы 1930 жылы аванс ретінде алған бидайының қалғандарын мемлекеттің жоспарын орындауға алып қоймасын деп, сайға апарып көміп, қораның ішіне ұра қазып тығып, ешкімге білдірмеуге әрекет жасайды. Мемлекетке астық өткізу жоспары толық орындалмағандықтан, ОГПУ қызметкерлері үй-үйлерді тінтіп, елден тапқан астықтың бір түйірін де қалдырмай өкіметтің қоймасына өткізіп отырған. Қарсылық білдірген үй иелерінің қолдарына кісен салып, дереу абақтыға айдатқан екен.

Аштықтан бұралып жүрген халықтың түнде жабайы өскен бидайды ұрлап жүргенін «Қызыл дала» колхозын басқарып отырған Бердібай әкемнің құлағына да жетеді. Ол аштыққа ұшыраған адамдарға шамасы келгенше

көмектесіп отырған. Елдің жейтін тамағы жоқ, түнделетіп жабайы бидаймен бірге колхоздың еккен бидайын да ұрлайды екен. Бердібай бастаған колхоздың басқарма мүшелері жабайы өскен бидайды түнде емес, күндіз бір-екі баудан орып алу үшін ауылдастарына рұқсат беруге шешім қабылдайды. Сөйтсе, кейбір «сыбырлауық» кісілер бұл әңгімені «колхоздың бастығы егілген бидайды таратып жатыр» деп, ОГПУ-ға хабарлапты. Ол мекемеден екі қызметкер келеді де, күндіз жабайы бидайды елдің орып жатқанын көріп, ол кезде адамның ақ-қарасын ажыратып жататын заман емес, колхоз бастығы Бердібайды және егіс алқабының қорушысы Әлімбекті дереу түрмеге алып кетеді. Ешқандай алдын-ала тексеру болмаған, біреулердің қызғанышпен айта салғанына сеніп, ОГПУ өкілдері оларды жазықсыз қамаған. «Аққа – құдай жақ» демекші, олар төрт-бес ай абақтыда жатып, басқа ешқандай арыз түспегендіктен және де мемлекетке зиян келтірген қылмыстары болмағандықтан екеуін де түрмеден босатып жібереді. Бірақ түрменің азабынан әкемнің денсаулығы нашарлап 7-8 ай ауырып, 1933 жылы қайтыс болды.

Кеңестік билік 1930-1932 жылдары халықтың қолындағы барлық малды сыпырып алып, әр үйге бір сиырдан артық мал ұстауға рұқсат бермеді. Біздің «Қызыл дала» колхозының тұрғындары 1931 жылдың күзінен 1932 жылдың соңына дейін аш-жалаңаш болды. Аштықтан қиналған адамдар тамақтан өтетін бірдемелер іздеп жан-жаққа босып кетті. 15-20 күн нәр татпаған жандар жол-жөнекей өліп жатты. Ауылдағы аштықтың азабын тартқан кейбір бейшаралар шытыр шөбінің дәнін қуырып жеп, өлместің күнін көрді. Ал кейбіреулері дәні бар басқа шөптерді теріп жеп, уланып өлгендері де болды.

Біз, ауыл балалары, бүкіл даланы кезіп, бақ-бақ шөптерімен қоректеніп, кешке қарай үйге келетінбіз.

Құлан тауының бөктерінде орналасқан шанышқылы елінің адамдары тауға шығып, «алғы» деген өсімдікті қорек етіп жүргенін біздің ауылда ашығып отырған ел-жұрт біліп, сол тауға бармақшы болады. Бір күні жас балалар, келіндер, егде жасқа келген әйелдер қазан-ошақтарын, ыдыс-аяқтарын алып, сиыры барлар сүтін сауып ішу үшін өздерімен бірге жетектеп, бәріміз Құлан тауына жеттік. Біз келген таудың шатқалында биіктен бастау алатын қайнар бұлақ ағып жатыр екен, сол жердегі үңгір тасты пайдаланып уақытша қоныс студі ойластырдық. Сөйтіп, бізді бастап барған өмірдің ыстық-суығын көрген әйелдер үйлерінен алып шыққан төсеніштерін жайып, қазан-ошақтарын орнатты, бәріміз дорбамыздағы талқанды суға шылап, қуырылған бидайды ортаға қойып тамақтанып алдық та, демалуға жаттық.

Ертеңіне әйелдер үңгірдегі қоныста қалды, ал балалар, қыз-келіншектер таудың беткейіне шығып алғы теруге кірісіп кеттік. Алғы деген шөптің сабағы жерден биіктігі 20-30 сантиметрдей болады, жауқазын өсімдігі тәрізді жапырағы бар, түбі кәдімгі картоп сияқты 10-15 сантиметрдей топырақтың астында жататын өсімдік. Бізге тамаққа жарайтыны оның түбі, соны қазып алып дорбаға салып, кешке қарай қонатын үңгірге келіп, жинаған олжамызды әйелдерге табыс етеміз.

Бұл өсімдікті пісіріп жеудің өзіндік әдісі бар екен, картоп сияқты шоқтың астына көміп немесе суға қайнатып жеуге болмайтынын білдік. Алғы түйінінің қабығын аршып, әбден тазалайды, одан әрі жалпақ тастың бетінде майдалап ұнтақтап, уатылған алғыны табаққа салып жеті-сегіз рет сумен шайқайды. Сумен қайырып болған соң түбінде қалған ұнтақтарды бір сағаттай күнге кептіреді де, су қосылған сүтке қосып быламық жасайды. Осы тамақты әр адамға бір-бір кеседен құйып береді, соның өзі әжептәуір тірі пендеге қуат береді екен.

Не керек, сонымен тауда бір айға жуық алғы шөбімен қоректеніп, күнімізді көрдік. Ауылға қайтарда қолымыздағы барлық дорбаларға алғының түйіндерін толтырып, үйге алып келдік. Бұл да бір-екі аптаға бізге азық болды.

Балалық шағымызда осындай ашаршылықтың зардабын көрдік, бірақ рухымыз түскен жоқ, бәріне шыдадық. Қазіргі ұрпақ бақытты ғой, енді мұндай зұлмат елімізде болмасын деп, бір Алла тағаладан тілеп отырамын.

1932 жылдың соңында Кеңес өкіметінің нұсқауы бойынша жергілікті билік өкілдері колхозшыларға әр адам басына есептеп бір килограмдай бидай немесе арпа бере бастады, бұның өзі елге үлкен көмек болды. Сөйтіп, «шықпа жаным, шықпа» деп күн көріп, ашаршылықтың құрсауынан құтыла бастадық. «Бәрін айт та, бірін айт» дегендей, сол жылдары біздің басымызға төнген алапат аштықты бүкіл халқымыз да басынан кешірді ғой. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін бұл нәубет туралы жұмған аузымызды ашпайтынбыз. Өйткені, Кеңес өкіметі басқа мемлекеттерге білдірмеу үшін ел арасында сөз айтуға қатаң тыйым салды, егер кімде-кім біреуге айтатын болса қылмыс болып саналды. Міне, осындай заман болған!

1933-1934 жылдары мемлекет колхоздарды ерекше қамқорлығына алды. «Қызыл дала» колхозына МТС-тан 3-4 трактор, 2 комбайн жіберіп, барлық шаруашылық жұмыстарына белсене көмектесті. Көктемгі жұмыс науқаны тиянақты аяқталды. Мемлекет біздің колхозға қарыз ретінде тұқымдық бидай берген болатын, оны түгелдей жерге сеуіп, 1934 жылы егінді жинау кезінде мол өнім алынды. Сол жылы көктем айларында жаңбыр көп жауып, ауа райының егінге қолайлы болуының арқасында егістік алқабының әр гектарынан 8-9 центнерден астық жиналды. Мемлекеттің колхозға берген тұқымдық қарызы қайтарылып, сонымен бірге астық жоспары да толығымен орындалды. Ол кезде колхозда ақша деген болған жоқ, колхозшылардың бір күн шыққан еңбегіне бір «цифр» қояды да, соны есептеп бидай береді. 1934 жылдың жазында өкімет халыққа мал үлестіре бастады.

1934 жылы мамыр айында Кеңестік билік Жуалыдағы бұрыннан қалған бірлі-жарым артельдер мен ұсақ колхоздарды біріктіріп, іріленген ұжымдық шаруашылықтарға айналдыруды қолға алды. Колхоздарда малға қоралар салып, қыс айларында отар-отар қойларды сонда ұстады. Қысқы малдың

шөбін жаз айларында колхозшылар тыным таппай дайындады. Сөйтіп, мал шаруашылығы өркендеп, егіннен мол өнім жиналып, мемлекетке өткізілетін астық, ет, сүт, май, жүн сияқты жоспарлар орындалып отырды.

Десек те, елдің жағдайы бірден оңалып кеткен жоқ. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын талқандап, оның орнына жалпыға бірдей ортақ мемлекеттік меншік құру барысында қазақтар талай-талай қиындықтарды бастарынан кешірді. Байларды тәркілеу және терең ойластырылмаған ұжымдастырудың салдарынан халық аштыққа ұрынып, тоз-тоз болып басы ауған жаққа босып кетті, ұшы-қиыры шексіз, ұшқан құстың қанаты талатын сайын дала мәйіттерге толып, миллиондап қырылды. Шетелдерге асып кеткені қаншама? Сол нәубет жылдары бүкіл қазақ даласы өліктерге толып, ит-құсқа, қарға-құзғындарға жем болды. Бұл Сталин бастаған большевиктердің біртұтас халықты жер бетінен жойып жіберуге бағытталған солақай саясаты еді.

Шындығына келгенде, Жуалы өңіріндегі ашаршылықтың зардаптары соғысқа дейін жалғасты, қан майданда жаумен шайқас жүріп жатқан кезде Тараз секілді Әулие-Ата өңіріндегі қалаларда азық-түлік тапшылығы болғанын халық біледі. Кейбір жерлерде тамақ жетіспей аштықтың болғаны да рас. Зұлмат жылдары қайсар, төзімді халқымыз аш-жалаңаш жүріп, қуғын-сүргінге ұшырады, бірақ рухы түскен жоқ. Міне, соның арқасында еліміз, ұлтымыз алапат ашаршылықтан аман қалды.

Мен осымен әңгімемді аяқтайын, өзімнің көргенімді және естігенімді айтып бердім. Бұның бәрі тарихи шындық, «өткенді білмей, жаңа еске түспейді» дейді біздің халқымыз. Сондықтан, қазіргі еліміздің қадірін білу үшін, Қазақстанның гүлденіп, экономикасы дамып, халықтың әл-ауқаты жақсара беруі үшін өткен тарихымызды білу – бәріміздің парызымыз деп білгеніміз жөн. Мен 95-ке келген қариямын, күн сайын еліміздің тыныштығын, халқымыздың амандығын Алла тағаладан сұрап отырамын.

### **Мұсахан қарияның ашаршылық және туған өңірі туралы өлеңдері** **Аштықтың болатынын білді ме екен?**

*Қазақтар кең пейілді момын халық,  
Атқарған шаруаларын қолына алып.  
Жүрсе де кең өлкеде көшіп-қонып,  
Көрмеген еш халықтан кейін қалып.*

*Қазаққа құдай берген дастарқанын,  
Ойламас еш уақытта аш қаларын.  
Қонағын құдайындай сыйлайды да,  
Алдына жаяр дәмді астарын.*

*Қазақтың берекесі дастарқаны,  
Айнала отырады қасқалары.  
Сары қымыз, ірімшік, құрт-майлары,  
Тұрады тәтті дәмді басқалары.*

*Туған жерден елдің босып кеткені ме,  
Кім білсін аштық алған екпіні ме?  
Сары қымыз сапырып мол дастарқанда,  
Сол дәурен қайтып келмей өткені ме?*

*Қайран елім, қайран жұртым,  
Аштықтың болатынын білді ме екен.  
Аңғал мінез, момын халық,  
Қашанға қайыр сұрап жүрді екен?*

### **Туған жерге сағыныш**

*Туған жер қандай ыстық өткенімен,  
Ер жетіп, біз өсіп кеткенімен.  
Сағынып әр уақта еске аламыз,  
Жуалы – кіндік кескен жеріменен.*

*Жетітөбеде туылдым Жуалы даласында,*

*Құлантау мен Қаратаудың арасында.*

*Гүл теріп, көбелек қуып өскен жерім,*

*Балалық шақ өтті гош осы жердің саласында.*

*Алатау мен Қаратау арасында,*

*Жасыл желек, саябақ саясында.*

*Мекен етіп Жуалының елі жатыр,*

*Жер жәннаты, жол түссе барасың ба?*

*Жуалының шөбі де, жуасы да дертке дауа,*

*Дем береді адамға таза ауа.*

*Жусан иісі аңқиды, жусан иісі,*

*Созылған ұлан-байтақ сар далада.*

*Ерекше бұл өңірдің табиғаты,*

*Айтатын болсам егер ақиқаты.*

*Қоңыржай жаз, ал қыста бораны бар,*

*Желі де дауыл дерсің, беті қатты.*

*Сонда да ыстық маған туған өлкем,*

*Тау-тасы, сай-саласы қандай көркем.*

*Жуалы бақ-дәулетің таси берсін,*

*Нығайып өсе берсін, жайып өркен.*



Сөйтіп, Мұсахан қария отызыншы жылдардағы қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған ұлттық апат кезінде елмен, ағайын-туыстарымен бірге барлық қиындықтарға қайсарлықпен шыдады. Елді жайлаған жойқын апат жергілікті билік өкілдеріне де оңай болған жоқ...

Қария соғыс басталғанда 18 жаста екен. 1945 жылы ол жойқын соғыстан елге аман-есен оралып, мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, партия қызметінде және кәсіптік училищеде зейнетке шыққанға дейін тынымсыз еңбек етеді.

### Дерек көздері

«... Жуалы ауданының Түлкібас бекетінде адам өлтіріп және адам етін тағам ретінде пайдаланумен айналысқан 4 адамнан (қазақ) құралған топ қолға түсті. Олар 6 адамды өлтірген. Солардың ішінде Сүлейменовтың анасы мен кішкентай балалары да болған. Ұсталғандардың үйінен жасырылған адам еттері табылды».

(Б.Ғ.Аяған және т. б. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 93-бет)

Астық тапсыра алмаған шаруаларға Жуалы ауданындағы жергілікті билік өкілдері жоғарғы биліктің қолдауына сүйеніп, зорлық-зомбылық көрсеткені мына фактілерден көре аламыз.

«Сырдария округі Жуалы ауданының өкілі қойдың асығын жіпке тізіп, оны бар күшімен тартып тұрып, алдымен шаруаның басынан, жамбасынан, сосын саусағынан ұруды шығарды. Осындай зорлық-зомбылықтан шаруалар жұмысқа жарамсыз болып қалған».

Б. Ғ. Аяған және т. б. Сонда, 54-бет

### ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

Жамбыл ауданы 1929 жылы Әулие-Ата деген атпен Сырдария өлкесінің құрамында құрылды. Бұлай аталу себебі, 946-992 жылдары өмір сүрген Қарахан әулетінен шыққан Әулие-Ата атанған екінші ханның мекені болған, сондықтан елді мекен осылай аталған екен. Аудан орталығы – Әулие-Ата қаласы болған. Бұл – Кеңес өкіметінің барлық жерлерде ұжымдастыру науқанын жүргізе бастаған кезең еді. Аудан алғаш құрылған кезде 18 шаруашылық артелі ұйымдастырылады.

1932 жылы Сырдария округі Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары болып екіге бөлініп, Әулие-Ата ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында қалған. 1936 жылы бұл аудан Мирзоян ауданы, ал 1938 жылдан бастап Жамбыл ауданы аталды. 1939 жылдың 14 қазанында Жамбыл облысы Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлініп, өз алдына облыс болып құрылады. Жамбыл ауданы сол облыс құрамында қалып, орталығы Жамбыл қаласында болған. Ал 1973 жылдан Аса ауылы аудан орталығы болды.

XX ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылық бұл ауданның халқын да жайпап өткен. Байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеу, ел-жұртты колхозға біріктіру билік тарапынан өте қаталдықпен жүргізіледі. Көнекөз қарттардың естеліктерінде Кеңестік биліктің солақай саясатының кесірінен аштықтан қырылғаны қырылып, тірі қалғандары басы ауған жаққа босып кеткені жайында көптеген деректер айтылады.

### Әбен Қоңырәліұлы әкесінің естелігі жайында әңгімелейді Итке, құсқа жем болған қайран елім-ай...

- Аштықтың ауыр азабын тартқан менің әкем Қоңырәлі Елшібекұлы 1915 жылы қазіргі Жамбыл ауданы Ерназар ауылында дүниеге келген екен. 1930 жылы 15-ке енді ғана толған бозбала, сол кездегі алапат аштықтың қандай зардаптарға соқтыратынын алдын-ала сезіп жүріпті. Осы жылдан бастап олар тұрған ауылда астық тапшылығы көзге көріне бастайды. Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірінен малдарынан айырылған көрші ауылдар да жаппай аштыққа ұшырай бастаған. Әкемнің отбасы тұрған ауылдың көп адамдары малдан, дүние-мүліктен жұрдай болып ішіп-жейтін тамақ болмай, басы ауған жаққа қаңғып кеткен. Ауыл тұрғындарының көбі 1920-1922 жылдардағы ашаршылықты бастарынан кешірген, соның өзінде не істерін білмей бастарын қатырады, биліктің «Кеңес өкіметі ешкімді өлтірмейді» деген сөзіне сеніп, алдағы уақыттан үміт күтіп отыра бергеннен басқа ешқандай амалдары қалмаған. Соған қарамастан бір үзім нанға халіміз жетпей қала ма деген үрей әрбір отбасын жаулап алған көрінеді. Сол қиын кезеңде біздің әулеттің отбасы мүшелері Талас жеріндегі Қызыләуіт деген ауылда тұрған екен.

Ертеректе Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударып келген орыстар Әулие-Ата маңындағы Аса өзенінің бойын жағалай орналасады. «Өзенді жағаласаң, өзегің талмас» демекші, орыстар егіншілікпен, балық аулаумен айналысады, бірлі-жарым малдары да болған. Ашаршылықтың алғашқы екпіні келе бастаған кезде Елшібек атам орыстармен тіл табысып, олармен бірге егін салып, балық аулап, қажет болған жағдайда үйіндегі жарамды бұйымдарды бидайға айырбастап, астық қорын жасауға әрекет етіпті. Бұғанға дейін де көрші селодағы орыстармен қарым-қатынас жасап, бидайға мал беріп наннан таршылық көрмеген. Ал, енді малдан айырылған ауыл қазақтары дүние-мүліктен басқа несін береді? Осылайша ауылдың күнкөрісі күннен күнге қиындай түседі.

Бір күні өкімет уәкілдері қару асынған милициямен келіп, ай-шайға қарамай атамның ұраға жинаған астық қорын бір түйір дәнін де қалдырмай зорлықпен тартып алады. Уәкілдер мен ауылдағы шолақ белсенділер бидайды арбаға тиіп жатып «мемлекетке астық өткізу жоспары орындалмай жатқанда, сендер артық астықты тығып, өкіметке қарсы шығып жатырсыңдар» деп, Елшібек атамды бала-шағасымен бірге қорқытып кетеді.

Осы оқиғадан кейін «қара қазан, сары баланың» қамын ойлаған әжем күнде жиі күрсініп «Алдағы күніміз не болады, наннан тарыға бастадық, мал дейтін жетіскен мал да жоқ, аштықтан қалай құтыламыз. Балаларымның жағдайын ойласам сай-сүйегім сырқырайды» деп айта береді екен.

Төніп келе жатқан қиын заманның ауыр күндерін, әсіресе, нан тапшылығын ойлағанда бәрінің жаны қатты күйзеледі. Бірақ, амал бар ма, қолдарынан келетін ешқандай шара жоқ. Қорасында бар болғаны 6-7 уақ мал, бір сиыры ғана бар. Нағыз кедейдің өзі. Билік өкілдері бай түгілі, кедейдің де жағдайын ойламай көздеріне мал көрінсе болды, тарпа бас салады екен. Елшібек атам баласы Қоңырәлімен ақылдаса келіп, бір-екі қой-ешкіні сатып, оның орнына астық алып, қам жасауға кіріседі. Әйтпесе, астықсыз қалып аштыққа ұрынатынына көздері әбден жетеді.

Сөйтіп отырғанда ауылдағы шолақ белсенділердің бірі біздің жақын туысымыз Серкебай үйге кіріп келеді. Амандық-саулықтан кейін ол атама қарап:

- Аға, біздің ауылға жоғарыдан өкіметтің арнайы өкілі келе жатыр. Елді колхозға біріктіру жайында жиналыс өткізбекші. Соған сіздерді шақырып келдім, - дейді.

- Сонда колхозға өз еркімізбен мүше боламыз ба, әлде күштеп кіргізе ме? - деп Елшібек Серкебайдың бетіне тесіле қарайды.

- Аға, ол жағын анық білмеймін. Тек ауылдағы елдің малын бірін қалдырмай колхоздың меншігіне бермекші екен. Барлық малды бір ортаға жинап, ұжымдасып еңбек етуді билік өкілдерінің талап етіп жатқанын естіген шығарсыз.

Елшібек атам төмен қарап, етігін шұқылап үнсіз қалады. Сол кезде колхоз жайында ауыл арасында гу-гу әңгімелер көп айтылады екен. Бала-шаға,

дүние-мүлік, мал – бәрі ортақ болады деген сөз, ел ішінде ауыздан ауызға желдей тарап кеткен. Жұрт үрпісіп, не істерін білмей, ойларын сан-саққа жүгіртіп бастарын қатырады. Тұрғындарға колхоздың қандай болатыны жөнінде ешкім түсіндірмеген. Өкімет уәкілдері алашапқын болып жаз бойы жалған белсенділердің көмегімен елдің малын жинаумен болған. Тіпті, үй-үйлерді тінтіп, жарамды дүние-мүліктерді де тәркілеп, алып отырған. Осындай зорлық-зомбылықты өз көзімен көрген Қоңырәлі әкем қатты қиналып, жүрегі тастай болып қатып қалатындай жан-дүниесі күйзеліске түскен.

Атамның үндемей қалғанын байқап қалып, шәй даярлап жүрген Аққүміс әжем әңгімеге қосыла кетеді.

- Тігерге тұяқ қалдырмай малды түгел сыпырып алады дейді. Шәйге сүт, бала-шағаға көже-қатық етіп отырған жалғыз сиырымызды алып кетсе, не істейміз?

- Ешнәрсеге қарамайды. Бәрі де ортақ болады екен, - деді Серкебай.

- Не болып барады бұл заман? Нені көрсек те көппен бірге көрерміз, - деп әжем биліктің озбырлығын мойындағандай болады.

Елшібек атамды да осындай ойлар іштей мазалап тұрса керек.

- Колхозға мүше болып кірсек, бізді аштан өлтірмей ме? Жұртқа тигізер қандай пайдасы бар?

- Аға, шынымды айтсам, колхоз дегенді өзім де толық түсінбеймін. Аңадағы бір жиында Әулие-Атадан келген өкілден естігенім бар еді. Ол былай деген болатын: «Колхоз деген барлық ауыл тұрғындарының мал-мүлкін ортаға салып, бірлесіп шаруашылық құру». Ал, бүгінгі жиналыста осы жайында айтылатын шығар, - деп Серкебай кетуге ыңғайлана бастады.

Жиналысқа ауылдың үлкен-кішісі түгел жиналған. Жиында жұрттың қолындағы бар малы колхозға берілсін деген қаулы қабылданады. Бір-екі адам өз ойларын айтып, бірлі-жарым малын қалдыруды сұраған екен, қаладан келген өкіл ашу шақырып: «Малыңды түгелдей бермесен, колхозға қарсы болдың деп сотқа беремін. Ертеңнен бастап әркім өз малын орталыққа әкеліп тапсыратын болсын. Бұған қарсы болғандар – колхозға қарсы!» деп айқай салған.

Сонымен ертеңіне сары сиырды бұзауымен, бес-алты қой-ешкіні Елшібек атам колхозға өткізіп жібереді. Бұл жағдай бүкіл отбасының жанына қатты батады. Не істеу керек, ешқандай шара қалмаған. Күнін көріп отырған малдан жұрдай болып айырылған соң, аштық біздің әулетке де келіп жетеді. Осы кезде егде жасқа жеткен атам науқастанып жатып қалады, енді тұрмыс-тіршіліктің барлық ауыртпалығы Қоңырәлі әкемнің мойнына түседі. Отбасының қамын ойлап әрі аштықтан қиналған жас бозбала Әулие-Ата жақтағы ағайындарына көшпекші болады. Бірақ, бүкіл елді жайлаған ашаршылықтан олар да жетісіп отырмаған шығар деген оймен отырған орындарынан жылжымауға бел буады. Бидігі бар үміт көршілес орыс селосымен қарым-қатынас орнатып, күнкөрістің қамын ойластыру ғана қалған. Әйткені, көп жылдардан бері Елшібек атам орыстармен алыс-беріс жасап, жақын таныс болып араласып тұрған.

Қоңырәлі әкем де орыстарға жиі барып, олардан көп нәрсе үйренген, ал шешесі мен бауырлары ой-қырлардағы шытыр деген шөптің дәнін теріп, сонымен бірге кейбір шөптердің тамырын қазып алып, суға қайнатып тамақ еткен. Ол да тамақ болған. Сол тұста ауыл адамдарының көбі аштықтың азабын тартып басы ауған жаққа босып кетеді. Қайда барса да аш-жалаңаш шұбырған ел, ауылдың шетінде, қаңырап бос қалған үйлердің маңында, тіпті зираттардың басында ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдардың денелерін құзғын қарғалар мен қаңғыбас иттердің жұлқылап жатқанын көргенде бозбала Қоңырәлінің зәресі зәр түбіне жетіп, төбе шашы тік тұрады екен. «О заман, бұл заманда мұндай сұмдықты кім көрген! Итке, құсқа жем болған қайран елім-ай!» деген ой бозбаланы күндіз-түні мазалайды...

Қаратауды жағалап Жуалы жеріне шұбырып жатқан ел, жолдың шеті көмусіз қалған өліктерге толып кеткен. Ешкімнің оларды жерлеуге күш-қуаты жетпеген, аштық пен суықтан әлсіреген адамдардың өздері әрең жүрген екен. Тек күн жылына бастаған кезде қыста қатып қалған өліктерді көміп, бетін топырақпен жабуға ғана шамалары келген. Бір түннің ішінде ауылдан үдере көшкен ағайындардың да көргендері осы болыпты. Ал әкемнің отбасы Әулие-Ата қаласының жанынан ағатын Аса өзенінен ары қарай жылжымаған. Оның себебі, XX ғасырдың басында қоныс аударып келген орыстар өзен бойын жағалай орналасып, балық аулаумен айналысқан екен. Әкем Қоңырәлі орыстарға жақындасып, тіл табысып, олардан балық аулауды үйренеді. Әйтпесе, қазақ балық аулауды әдетке айналдырмаған ғой.

Әкем 1920-1922 жылдардағы елімізді жайпап өткен алғашқы ашаршылық туралы да айтып отырушы еді. Ол кісі қазақтардың басына төнген алапат ашаршылықтың басты себебі – сталиндік басшылық пен 1925-1933 жылдар аралығында Қазақ елін басқарған Ф. Голощекиннің теріс жүргізген саясаты жайында көп айтатын. 20-30 жылдардағы елден жинаған өкіметтің азық-түлік салғырты, одан кейін мемлекетке астық дайындау нағыз қасіретке айналыпты, аштықтан қиналған ел-жұртқа мал басы, нан өнімдері, жүн, тіпті жануарлардың сүйектері секілді салықтың түрлерін көбейтіп жіберген.

Жартылай көшпелі өмір сүріп отырған ауылдың малын: түйе, жылқы, қойларын колхозға біріктіргеннен кейін елдің қолында ешнәрсе қалмады. Сонымен бірге ертеден қалыптасқан көшпелі елді биліктің күштеп отырықшыландыру әрекеті халықты қайғылы қасіретке душар еткен. Аштықтан, өкімет тарапына болған қуғын-сүргіннен қашып ауыл адамдарының біразы қырғыз еліне босып кетеді. Кеңестік биліктің зұлымдығына шыдай алмаған халық ауылдан безе бастағанда, Әулие-Ата жеріне Ресейден қоныс аударушылар ағылып жатыпты. Әкемнің ауылы қалаға жақын болғандықтан бәрін біліп отырған екен.

1930-1933 жылдардағы бүкіл елдің басына төнген жойқын ашаршылықтан Қоңырәлі әкем, Ақкүміс әжем және бауырлары өлместің күнін көріп, әуірімдеп аман-есен шығады. Жасы келген Елшібек атам бір жағынан, бала-

шағасын ойлап, қайғырып, екіншіден, аштықтың ауыртпалықтарын көтере алмай денсаулығы әлсіреп, сол жылдары қайтыс болған екен.

«Ашаршылық жылдарының жағдайы осындай болды. Оның барлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Алла тағаланың құдіретімен тірі қалдым. Енді бұның беті аулақ болсын, сендерге біздің көргенімізді көрсетпесін» деп айтудан әкем жалықпайтын еді, - деді Әбен.

Автордан. XX ғасырдың отызыншы жылдарында Кеңес басшыларының солақай саясатының салдарынан Әулие-Ата өңіріндегі Қоңырәлі отбасының басынан кешірген ашаршылық азаптары сияқты ұлан-ғайыр қазақ жерінде болған зұлмат туралы көптеген ақындар өлең-жырларын жазып қалдырды. Солардың бірі «Аштық азабы» деген дастан жазған ақын Мүбәрак Жаманбалиновтың шығармасынан үзінді келтірейік.

*Аспанға қадап қойғандай,  
Бір нүктеде қозғалмай,  
Қаралыдай сормаңдай,  
Шырылдайды бозторғай.*

*Шырылдау үшін жаралдың,  
Шырылдап отқа күйесің.  
Көргенде, мынау даламның  
Қырылып жатқан иесін.*

*Түйесің мынау шырылдан,  
Шырылдап без қаққаннан:  
- Қырылды-ау қазақ, қырылды-ау,  
Қырғыннан өзің сақта, Аллам!...*

*... Қарашы, анау жерде не?  
Қарау саған парызды.  
Жол үстінде көлденең  
Адам жатқан тәрізді.*

*Өлген адам – бұл адам,  
Сезді ана жүрегі.  
Құба жонда құлаған  
Көп сорлының біреуі.*

*Ал, қарғалар, етке той!  
Тойдырып қал құлқыңды!  
«Ат өлімі – итке той»  
Ит тойлайтын күн туды.*

*Баршы балам, сол маңға!  
Кім екенін білгейсің!  
Итке, құсқа жем болған  
Қазақ емей кім дейсің!*

*Құшақтай кеп, құлапты-ау,  
Құшағында нәресте.  
Мына сұмдық бірақ та  
Түсім бе, әлде емес пе?*

*Аш нәресте ауызын  
Ашқан күйі өткен бе?*

*Өлердегі дауысы*

*Мұң шаққан ба көп белге.*

*Ақ мамасы ананың  
Суалғаннан өлген бе?  
Пейілі қу даланың  
Қуарғаннан өлген бе?*

*Қос шырағын баланың*

*Опырайтып ойған ба?*

*Қос алмасын ананың*

*Құзғын шоқып тойған ба?*

*Неткен заман бұл заман,  
Ел шапқыннан аманда?  
Аруларды мылжалап,  
Құзғын жейтін заман ба?*

*Жарқыраған Күн көзі  
Бәрін көріп бағып тұр.  
Көк аспанның күмбезі  
Күңіренбей не ғып тұр?*

### **Аса ауылының тұрғыны Жамал әженің естелігінен Талай қиындықтар басымыздан өтті ғой**

Біз келген кезде ақ кимешек салған Жамал әже мұнтаздай болып киініп алыпты. Нық-нық сөйлегені, ширақ жүріс-тұрысы сонау зобалаң жылдардың қиындығы мен ауыртпалығын басынан өткізбегендей көрінді бізге. Отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы көнекөз қариялардан естелік жинап жүргенімізді білгеннен кейін әже сол кездегі көрген-білгендерін айтып беруге ықылас танытты.

- Біз не көрмедік, талай қиындықтар басымыздан өтті ғой, - деп бастады сексеннің бел ортасынан асқан қарт әже әңгімесін.

- Шырақтарым, маған нақты сұрақтар қойындар, соған орай нақты жауап беремін. Әйтпесе, менің көп сөйлеп кететін әдетім бар, - деп өзін де, қолымызға қалам ұстап барған бізді де әңгімеге даярлады.

- Азан шақырып қойған атым - Жамал. Алла тағаланың маған берген қасиеті шығар, күні бүгінге дейін өмір сүріп келемін. Басымыздан не өтпеді, талай қиындықтарды көрдік, бірақ ешкімге өкпем де, сол секілді өзімнің өкінішім де жоқ. Сол ауыртпалықтардың бәрі бір күнде өте шыққандай көрінеді. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деп ата-бабаларымыз айтып кеткен ғой. Әйтеуір, әулірімдеп тірі қалдық. Бүкіл елді аштық жайлаған жылдары мен тұлымшағы желбіреген 5-6 жастағы ойын баласы едім. Сондағы көрген-білгендерім еміс-еміс қана есімде сақталып қалыпты.

Біз Әулие-Атадан 15-16 шақырымдай қашықтықта болатын Аса ауылында тұрдық. Малдың бәрін Кеңес өкіметі сыпырып алды. Үйде жалғыз ғана бір сиыр қалды. Сол сиыр тек біздің отбасымызды ғана емес, жақын туыстарымызды да сүтімен асырады. Сиырдың сүті бәрімізге тамақ болды. Әкем қайдан аулайтынын білмеймін, үйге балық алып келетін. Біз отырған ауылдың маңында қалың шөп өсетін, ішіне кірген адамның бойы көрінбейтін. Сол шөптерді мал секілді адамдардың да жегенін көрдік қой. Өйткені, жейтін тамақ жоқ. Әр үйдің қорасында бір-бір сиыр немесе бір-екі арық ешкі ғана болды. Оның өзін ашаршылық басталысымен сойып жеп, отбасылардың көбі қара суға қарап қалды. Ол кезде мен кішкентай жас баламын ғой. Көп жағдайды кейін оң-солымды танып, өскеннен соң әке-шешемнің айтқандарынан білдім. Ашаршылыққа дейінгі жылдарда кедей деген үйлердің өзінде 20-25 шақты қой-ешкі, екі-үш сиыр, бір-екі жылқы болған екен. Ал ашаршылық байдың да, кедейдің де малын зорлықпен тартып алып, колхозға біріктірген соң басталыпты. Жейтін еті жоқ, ішетін сүті жоқ, бидайы да, наны да болмаған қазақтардың жаппай қырылғанын әке-шешем айтып отырушы еді.

Біздің ауыл Аса өзеніне жақын тұрғандықтан аштыққа қатты ұрына қоймапты. Ауыл адамдары қысы-жазы жаппай балық аулаған, шөптің тамырын қазып жеген. Ауылдан тамақ іздеп босып кеткендер де болыпты. Олардың ішінде біздің де жақындарымыз болған екен. Олар жайында күні бүгінге дейін ештеңе білмейміз, өлі ме, тірі ме ешқандай хабар болмады. Ауылда қалғандар түгелдей қырылып қалған жоқ. Әйтсе де осы күнге дейін жанымызды қинайтын жағдайлар болды. Аштықтың салдарынан енді ғана апыл-тапыл басып жүрген інім мен сіңлім қайтыс болды. Әкем алты ағайынды еді. Сол жылдарда алты ағайындының екеуінің шаңырағы ортасына түсті. Одан басқа 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен әкемнің бір інісін абақтыға жапты. Ол Сібірге айдалып, сол қалпында хабарсыз кетті. Біздің үй қара шаңырақ болғандықтан, әлгі ағайынның қалған балаларын анам өсіріп, жетілдірді.

Сөз соңында Жамал әже тұрмыстың қиындығы, туыскандардан айрылу азабы, елдің жаппай күйзелісі сол кездегі жас балаларды ересектер қатарына бірден қосып жібергенін айтып берді.

**Соғыс және еңбек ардагері Сейдахмет қарияның естелігі**  
**Балалық шағымның ауыр күндерін қалай ұмытайын!**

Жолымбетов Сейдахмет – шешілмеген жұмбақ, ертегі сияқты азамат. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, Сталинград майданына, Белоруссия, Польша, Прибалтика республикаларын азат етуге қатысқан, дербес зейнеткер.

Сейдахмет аға өзінің балалық шағында көрген қиыншылықтарын былай деп айтып еді:

-Доңыз жылы соғым айында туыппын. Ол кезде ауылда ЗАГС, метрике деген болмаған. Туған жылымды 1923 жыл деп есептеп, туған айымды, күнімді өзім белгіледім. 1936 жылы бірінші КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы желтоқсан айының 12 күні өтті. Сайлауда мен ел арасында үгітші болдым. Сонымен менің туған күнім желтоқсан айының 12 күні болып жазылып кетті. Туған жерім Әулие-Ата уезіндегі 5-ауыл, кейін Жамбыл облысы Жамбыл ауданы «Жаңа тілек» ұжымшары болды. Ауылымыз табиғаты бай Қаратаудың шығыс жазығында, Аса өзенінің бойына орналасқан, малға шөбі көп, жері құнарлы, өзеннің алқабы орман-тоғай, жабайы өсетін жеміс-жидектер мол, тоғайға жылқы, сиыр кірсе ағаштың арасында көрінбей кететін әсем жер еді. Соңғы 30 жылда осы ауылдан жұрнақта қалмады. Ұжымшар іріленген кезде үйін тастап, ел жан-жаққа көшті, ауылдың орны айдалып, егіс алқабына айналды. Орман-тоғайлар отынға қырқыла-қырқыла тапталып, шаң басқан тақыр жер болып қалды. Тіпті, ата-бабаның бейітін издесеңде таба алмайсың, тегістеліп, егін егіліп кеткен. Туған жерді кім сағынбайды, кейде аңсаймын. Ауылымның орнында ешнәрсе қалмады, «қайнайды қаның, ашиды жаның» деп ұлы Абай айтқандай, ішім ашиды. Әке-шешемнің бейітінің орнын шамалап тауып, жер сипаймын, құран оқимын. Төбеге шығып, біраз тұрып балалық шағымды, ағайын-туыстарымды еске аламын. Кімнің үйі қай жерде тұрғаны көз алдыма келеді. «50 жылда ел жаңа, 100 жылда қазан» деген сөз бекер айтылмаса керек.

Менің ата-бабам бай болған екен. Осы 5-ауыл Кеңес өкіметінен бұрын Байғатын ауылы деп аталған. Әжемiздiң аты Оңал, атамыз Асылбек деген кісі екен. Мен оларды көргенім жоқ. Ел аузынан естігенім, Асылбек атамыз момын, сауаты жоқ, сан білмейді екен. Әжемiз ескiше сауаты бар, сөзге шешен, ер тұлғалы мықты, әкiмшiлiк қабiлетi мол, iскер кiсi болыпты. Оңал әжемдi Әулие-Атадағы бай датқалар құрметтеп, силап отырған. Әулие-Ата аймағындағы аты әйгiлi Керiмбай болыс, бiздiң әжемiздi құрметтеп, атының тiзгiнiн ұстап, қолтықтап аттан түсiредi екен деп, көптi көрген қариялардың айтып отырғанын талай естiдiм. Сөйтiп, атамыздың аты шықпай, әжемiздiң аты шығыпты.

Бауыржан Момышұлы ағамыз бiздiң әжемiздiң парасаттылығын және әкiмшiлiк iскерлiгiн көп бiлген. Байғатын (Оңал) әжемiз туралы кiтап жазамын деп айтушы едi. Жаза алмай дүние салды. Кеңес өкiметi, компартия

дүрiлдеп тұрған кезде байлар, болыстар туралы жазу мүмкiндiгi болмаған шығар деп ойлаймын.

Кеңес өкiметi отызыншы жылдары колхоз ұйымдастыру алдында ата-бабаларымыздың далаға симай мыңғырған қора-қора қойлары, үйiр-үйiр жылқылары қайда кеткенi белгiсiз, бiр-екi жылдың iшiнде жоқ болды. Оңал (Байғатын) әжемiз, атамыз Асылбек бұл дүниеден озды.

1932-1933 жылдары елдi ашаршылық жалмаған кезде жалғыз асыраушы Құлжан шешем бiздi аштан өлмесiн деп аузындағысын жырып берiп жүрiп, өзi ауруға шалдығып өлдi. Әкемiз өкiметтiң қуғынына ұшырап айдалып кеттi, күнi бүгiнге дейiн қайда кеткенi, қалай өлгенi белгiсiз күйде қалып отыр. Әкемнiң кiшi iнiсi Жадыра Кеңес өкiметiнiң қуғындауынан қашып, Ташкент асып кеттi. Ол тек 1936 жылы байларға амнистия жариялағаннан кейiн ғана елге оралды. Сонымен 4 бала жетiм қалдық. Олардың ең үлкенi – менiң жасым 10-да болатын. Қалғандары 7-8 жасар, ең кiшi қарындасым Шамшы – 3 жасар едi. Әкемнiң шешесi Сұлушаш апамыз ол кезде 60-тан асқан кезi шығар, бiздi қайтсем аштан өлтiрмеймiн деп, жанынан қалдырмай тауға да, тасқа да апарды. Бiздiң ауылдың солтүстiк-батысында Бурыл деген тау бар. Сол таудың бөктерiнде сай-сайда «алғы» деген шөп өседi, қазса түбiнен картоп сияқты түйiн шығады. Соны тасқа қажап кептiрсе ұн сияқты крахмал пайда болады. Содан бiзге быламық жасап, қазанға салып қатырма нан пiсiрiп берушi едi. Алапат ашаршылық жылдары көп жандар солай күн көрдi. 1934 жылы өкiмет үй басына бiр килодан кебек, кейде бидай бере бастады. Сөйтiп, нәубет жылдардағы қырғыннан аман қалдық. Қазiргi кезде сол 4 жетiм баланың 3-i тiрi. Менiң кiшi iнiм Сейдалы – 75 жаста, 10 баланың әкесi. Баяғы 3 жасар жетiм қарындасым 70 жасқа келдi, 11 баланың анасы, «Алтын алқа» иегерi, құрметтi ана. Екi бауырымның да бала-шағалары ер жетiп, үйлi-жайлы болды. Бақытты туысқандарым туған елде тұрып жатыр.

Менiң өмiр жолым басқаша болды. Жазмыш менiң пешенеме жетiм баладан келешекте қызмет iстеп, ел басқарып, жоғары лауазымды дәрежелi қызметке көтерiлiп, Отаныма көп жыл еңбек етудi жазыпты. Ел силайтын, халқымыздың мыңдаған зиялы азаматтарының бiрi болғаныма шүкiршiлiк етемiн. Ержеткен бала-шаға, немере-шөберелерiм бар. Менiң балалық шағым ауыр болды, ол күндердi қалай ұмытайын! Ойлап қарасам қалайша мен аш-жалаңаш, жөндi оқымаған, айдаладағы ауылда жұмыс iстеп, Республика дәрежесiне дейiнгi қызмет бабына көтерiлiп, ел басқару қабiлетiне жетуiм мүмкiн емес, ертегi сияқты көрiнедi. Қараңызшы мен кiм едiм: жасым 12-ге келгенше мектеп қабырғасын көрген жоқпын. Ауылда мектеп болмады. 1935 жылы ғана бiрiншi рет ауылымызда бастауыш мектеп ашылды. Мектеп салынған жоқ. Бiр жаман үйдiң бастырмасына 4 парта қойыпты, үйдiң қабырғасында қара тақта iлулi тұрады. Мен қандай оқушы? Үстiме iлiп алар киiмiм болмады, жалаңаяқ, өкшем тiлiм-тiлiм, көнтек болып қатып кеткен. Мұғалiм артқы партаға отырғызып, бiр дәптер, бiр қалам бердi. Сол мектеп

біздің үйден 200 метрдей жерде орналасқан. Қыста жалаңаяқ, жалаңбас қар кешіп мектепке жүгіріп келемін. Мектепте еден жоқ, біз отыратын жерді аттың қиымен балшықты араластырып, сылап қойған. Парталарда отырып, тоңған аяғымды кезек-кезек саныма басып, жылытып аламын. Сабаққа жалаңаяқ келетін жалғыз мен едім. Төлепберген деген мұғалім мені аяйтын, арқамнан сипап: «әлі-ақ ер жетесің, адам боласың» деуші еді. Осы сөзді естігенде көңілім жібіп, көзіме жас келетін. Мұғалімнің айтқан сөзіне сеніңкіремей, «адам боласың» дегеннің ауылы өте алыс сияқты көрінетін. Бізді ауыл тұрғындары жетім балалар деп атайтын.

Жасым өсіп кетті ме, әлде сабақты жақсы үлгердім бе, бір оқу жылында 2 сыныпты бітіріп, екі оқу жылында 4 сыныпты бітіріп шықтым, оқып жүріп ұжымшарда жұмыс істеп, апама қолғабыс болып, кішкентай бауырларымды асыруға көмектестім. Төлепберген ағай бастауыш мектепте өте жақсы оқыды деп, маған мақтау грамотасын берді. Ескі болса да үстіме киім біте бастады. Үлкен ағаларымнан қалған киімдерден кесіп-кесіп, кішірейтіп үстіме жаман тон, бұтыма шалбар тігіп берді, аяғыма біреуден қалған жаман бәтіңке пайда болды. Бұл көрші ауылға 7 жылдық мектепке барып оқысын деген дайындықтың түрі еді. Ауылдан 5-6 бала есекке мінгесіп, кейде жаяу, көрші ауылға мектепке барып жүрдік. Ауыл мен мектептің арасы жеті-сегіз шақырымдай болды, суық күзде қатты жаурайтынбыз. Қыста оқуға бара алмай қалдық.

1936 жылы Ташкенттен баяғы мал-мүлкіміз тәркіленген кезде қашып кеткен әкемнің інісі Жадыра ағам көшіп келді. Біздің әрқайсымызға, кішкентай жетім балаларға киім ала келген екен, киіндіріп қойды. Сол кезде жасым 14-те, адам болып қалған кезім. Жақсы оқитынымды біліп, ағам мені Жамбыл қаласына апарды да, бір жекжаттың үйіне жатқызып, Жамбыл орта мектебінің 6-сыныбына кіргізді. Мені жатқызған үй біздің ауылға апа-жезде болып келеді екен. Тұрмыстары нашар, балалары көп. Қалай тырыссақта екі жылдан артық оқуға жағдай болмады. Осы қалаға келгенге дейін, дәлірек айтқанда 15 жасым дейін бір ауыз орыс тілін білмедім. Қалада екі жыл оқып, аздап орыс тілін үйрендім. Жас болса 16-ға келді, үйде жұмысқа жарайтын менен басқа адам жоқ, оқуды тастап, ауылға келіп, ұжымшарда жұмыс істедім, кішкентай бауырларымды асырауға, оқуына қарастым. Сөйтіп жүріп, жасым 17-ден асып қалды. Отан соғысы басталудың алдында тиіп-қашып оқып, бар болғаны 7 сыныпты бітірдім. Ойлап қараңызшы, мұндай жағдайда келешегі бар, өседі, үлкен жұмыс істейді, тіпті Алматыда министрлікте істейді деп ойлауға да болмайды, орысша айтқанда естіген адам «кто вам поверить, это просто глупость» дер еді.

Соғыстан кейін оқи алмадым. Елдің тұрмысы өте ауыр болды. Жұмыс істеуге тура келді. Кешкі мектеп, жоғары оқу орындарының сырттан оқитын қысқаша мамандық алу курстарында оқи жүріп, қызмет істедім. Қалай айтсам да білім алуға ұмтылдым, тәжірибе жинадым. Менің келешекте қызмет дәрежесінің өсуіне өзім де себеп болған шығармын.

Уақыт өтіп, жас ұлғайған сайын балалық шақта көрген қиындықты айтып қалғың келеді. Кейде сол бір күндер кино көргендей көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатады.

Сол кезде бала болсам да әлі есімде, бүкіл ауылдың малын тәркілеп, балашағаны шуылдатып, жылатып, дүние-мүлікті, құрал-саймандарды, азық-түліктің барлығын ортаға салды. Тіпті, апамның көкөніс тұқымдарын тығып қойған жерін тауып алып, оны да алып кетті. Сөйтіп үйімізде үстіміздегі киімнен басқа ешнәрсе қалмады. Үйде кейде бір түйір дән болмағанын ойласам, қазіргі ұрпақ осыған сенер ме екен?

Алғашқы кезде елдің мал-мүлкін бір жерге жинастырған ұжым – коммуна болып құрылса, 1930 жылдан бастап колхоз болып ұйымдасып, ортадағы дүние-мүлік талан-таражға түсті. Колхоздағы еңбектің басты өлшемі еңбеккүн болған. Жыл аяғында ғана колхоз өз адамдарымен есеп айырысарда, тіпті қиға дейін бөліске түсіретін. 1932 жылы елде қуаңшылық болып, көктеп шыққан астық та, шабындық шөп те күйіп кетті. Адамдар күнкөрістің қамымен ауылдардан қаңғып, басы ауған жаққа кете бастады. Жасөспірім балалар далада сарышұнақ, торғай ұстап күнелтті. Оның өзі сол кезде ашыққан жандарға таптырмайтын тағам болатын.

Төрт жетім бала анамыздың қолына қарап қалдық. Колхоз жұмысына жараған жалғыз шешеміз ғана, үйге әбден шаршап, қажып қайтатынын әлі ұмытқан жоқпын. 1932 жылы колхоз қара ұн беріп, соны талғажау еттік. Не керек, талай азапты күндер басымыздан өтті ғой. Енді мұндай нәубет жылдар басымызға келмесін, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын деп қана, бір Алладан тілеп отырамын деді көпті көрген Сейдахмет қария.

**Автордан.** Секеңнің өмір жолы адам баласының тағдырында сирек кездесетін оқиға болғаны анық. Соғыстан кейінгі жылдары Кеңес жұмысында, халық шаруашылық саласында жұмыс істеді. 1959 жылы жұмыс бабымен Жамбыл қаласынан Алматыға ауысады. Сол жылдары Қазақ ССР-і Көлік Министрінің бірінші орынбасары болып Мамеков Ғабиден деген азамат жұмыс істеген екен. Ол кісінің ұсынысымен Сейдахмет Жолымбетов Министрліктің басқарма бастығы болып тағайындалады. Секең қызметке кіріскеннен кейін шешімін таппай айлап-жылдап жиналып қалған экономикалық-техникалық маңызы күшті мәселелерді көтеріп, бірінің артынан бірін шешеді. Осы жұмыстарға тікелей басшылық жасай отырып, талай жобаларды дайындап ұсынады, осындай батыл қадамдардан соң жергілікті шаруашылықтардың, зауыттардың жұмысы алға басады. Зейнетке шыққанға дейін осы қызметте абыройлы еңбек етіп, халықтың құрметіне ие болды. Балалық шағында отызыншы жылдардағы ауыр күндерді басынан кешіріп, өмірдің талай тауқыметін көрсе де, қиыншылықтарға мойымай ержетіп, білім алып халқына қызмет еткен Сейдахмет Жолымбетовтың тағдыры осындай болған.

Қаншама жылдар өтсе де Секең балалық шағындағы ауыр күндерді ұмыта алмайды екен.

## ҚОРДАЙ АУДАНЫ

Жамбыл облысының шығыс жағында бір шеті қырғыз елімен, бір шеті Алматы облысымен шектесіп жатқан Қордай ауданы талай заманды, тарихтың небір сойқандары мен дүбірлі оқиғаларын бастан кешірді. Аудан алғаш рет 1928 жылы Алматы округінің құрамында шаңырақ көтерді, ал 1939 жылы жаңадан құрылған Жамбыл облысына берілді. Біздің заманымыздың I-II ғасырында елін, жерін жаудан қорғаған Қордай батыр туралы қырғыздың мың жылдық «Манас» жырындағы «Қордайыңа қол салдық, Көлқопаға жол салдық» деген сөз тегіннен айтылмаса керек. Сондықтан ежелден-ақ бұл өңір батырдың есіміне байланысты Қордай деп аталып кеткен.

1929-1930 жылдары Қордай ауданында жеке қожалықтарды ұжымдастыру науқаны басталды. 1929 жылы Күнбатыс, Құлболды, Шу, Керу ауылдары бірігіп, «Еңбекші қазақ» артелін құрды. Сол кезеңді басынан кешірген қазіргі қариялардың айтуынша, артельдің меншігінде елден күштеп жинап алған 150 қой, 30-дай жылқы ғана болған екен. Шаруалар тұқымды қолмен сепкен, егінді орақпен орып, астықты қолмен бастырған. 1930 жылы қазіргі Қордай ауылында «Искра Ленина» және Қайнар ауылында «Буденный», колхоздары ұйымдастырылады. Осы жылы Қызылсай, Өрікті ауылдарында да колхоздар ұйымдастырылып, кейін Трудовик колхозына бірікті. 1932 жылы Шортөбе ауыл аймағында ауыл шаруашылық артелінің негізінде «Казкрайком» колхозы, 1933 жылы Сұлутөр ауылында «Красный октябрь» колхозы құрылады.

Қордай өңіріндегі қарттардың естеліктерінде 1930 жылы Ресейден, Украинадан жер аударылып келген бай-қулақтардың елсіз далаға қоныстанғаны туралы көп айтылады. Сонда орыстың «степь» деген сөзінен Степной деген ауылдың аты шыққан екен. 1931 жылы осы жерде құрылған совхоз «Лубсовхоз» деп аталып, 1932 жылы совхоздың аты «Георгиевский» болып өзгертіліпті.

Үлкен Сұлутөр ауылының табиғаты ерекше «Сұлутөр десе, Сұлутөр», жері шұрайлы болып келетін осы аймақта 1930 жылы Красногор колхозы құрылыпты. Бұл елді де алапат аштық айналып өтпеген. Кеңес өкіметінің қол шоқпарымен Қордай өңірінде колхоздар зорлықпен құрылып жатқан кезде бар малынан айырылған халық аштықтан қырылып жатты. Тірі қалғандары қырғыз еліне шұбырды. Қырғызстанның орталығы – Фрунзе қаласымен (қазір Бішкек), жалпы алғанда, Қордай өңірінің көп аймағы бұл елмен шекаралас болатын. Сол ауыр жылдары көптеген жандардың Қырғызстаннан және Үлкен Сұлутөрден пана тапқаны жайлы куәгерлердің әңгімелері бар.

**Ардагер ұстаз Ниетжан қарияның анасынан естіген әңгімесі**

### 32 қыршын жасында аштан өлген әке

- Сол ел басына төнген қиын заманның қасіретін мен де көрдім, ашаршылық жылдарында небәрі 10-11 жаста едім, - деген Әлия анамның бір ауыз сөзі әлі күнге дейін есімнен кетпейді дейді Ниетжан қария.

Сонда анам өткен-кеткенді еске алып, басынан өткен азапты күндерді, ауыр бейнетті көргенін бізге сабақ болсын деп айтып отырушы еді.

Үйде шүпірлеген бала-шаға, шешем Қанапия бір түйір етті қайнатып, соның суын ғана балаларға ішкізіп отырды, ал әкем Ақтас бізге тамақ тауып келу үшін ел аралап кететін. Әкем келгенше ала-көлеңкеде шыны түбіне есіп жасаған шырақтың болар-болмас қоңырсық жарығында отырғанымызда сақалы қауғадай денелі кісі үйге кіріп келгенде, таудай әкеміздің алдынан шуылдап жүгіріп шығатынбыз. Оның мұртына қатқан мұзды тәтті деп жалаймыз, одан қала берді аузымызға салып сорамыз. Сөйтп, айнала топырлап жүріп, он бала ұйықтап қалатынбыз. Әкем бар тапқанын шешемнің қолына береді, ол бәрімізге нәр болатын тағамды үнемдеп қана беріп отыратын.

Бір күні әкем Ақтас таң атпастан үйге бидай әкелуге шығып кетіпті. Кейін білдім, колхоздың бұрынғы жылдары егіс даласында қалған сабан үйіндісіндегі масақты тазалап алып келмекші болған. Бұл біздің үйден 25-30 шақырым қашықтықта жатқан қыбырлаған жан көрінбейтін дала екен. Шешемнің «күн суық, оның үстіне алыс жер, бар ма» дегеніне құлақ аспай, әкем ұйықтап жатқан біздің бетімізден бір-бір сүйіп кетіп қалады.

Содан кешке дейін бір қалта бидайды әрең дегенде сабаннан үгіп, үйге қайтуға кешігіп қалады. Түн қараңғысында келе жатып әбден дінкесі құрып шаршап-шалдығып, жолдың қалқасына демалуға отырады да, күннің суықтығынан, аштықтан қалжырап қалғып кетеді. Жол кезіп жүрген босқындардың бірі әкемді түртіп қараса, сол ұйықтаған бойында қатып қалыпты. Аш адамдар әкемнің қалтасындағы бір уыс бидайын алып, отырған жеріне жатқызып кетіпті. Бір-екі күннен кейін құдайға қараған біреулер әкемді жақын маңдағы өлгендерді көмген жерге жүзін жасырып, көміп кеткен екен.

Сөйтп, бала-шағасын аштықтан қалай аман алып қаламын деп жүріп, 32 қыршын жасында қайтыс болады. Бұл да құдайдың оның маңдайына жазған тағдыры шығар.

Анам Әлия Қордай совхозындағы кіші ұлы Мұхамеджанның үйіне бара жатқанда Қақпатас ауылының бұрылысындағы зиратты көрсетіп:

- Сонау ашаршылық жылдары бізді асыраймын деп, масақ іздеп кеткен әкемнің осы жерде қайтыс болғанын кейін білдім. Қу ашаршылық кімнің басына жақсылық әкелді дейсің, - деді де, ауыр күрсініп алып, әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Әкем қаза болған жылдың көктеміне қарай елдің жағдайы бұрынғыға қарағанда аздап түзеле бастады. Шешем Қанапия көрмегенді көріп, тірнектеп жүріп үйдегі он баланың төртеуін – үш ұл, бір қызды ашаршылықтың тырнағынан аман алып шықты, қалғандары бірінен соң бірі аштықтан ауруға шалдығып көз жұмды. Анам жастай қайтыс болған балаларын мұндаға дейін қайғырып, ойына түсіп кеткенде көз жасын көл қылатын. Қалған төртеуіміздің көретін күніміз бар екен, «шықпа жаным, шықпа» деп, шешеміздің арқасында тоқшылыққа жеттік.

Сөйтп, шешем нәубет жылдардың барлық ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп, бізді ел қатарына қосты. Енді ғана елдің тұрмыс-тіршілігі жақсарып

келе жатқанда соғыс басталып кетті. Бауырларым Маңқый соғыстан қайтпай қалды, Нұрахан майданнан аман-есен оралып, ауырып қайтыс болды, ал кіші інім Жұмахан жойқын соғыс жүріп жатқан кезде 14 жаста болатын. Ол ер жетіп, білім алып колхозда еңбек етті, екі ұлы және немерелері бар.

- Егер шешем Қанапия болмағанда бүкіл елдің басына төнген ашаршылықтан біз аман қалар ма едік? Мен тоғыз құрсақ көтердім, содан үшеуің ғана қалдыңдар, Алланың құдіретімен сендердің ұл-қыздарың жетіліп, немерелерің өсіп келеді. Бұған да құдайға шүкіршілік етемін – деп, Әлия анам өзінің немере-шөберелерінің ортасында отырғанына қанағат ететін.

- Әруағыңнан айналайын, қайран анам сол үшеуімізден немере-шөберелерін көріп, 73 жасында бұл дүниеден озды. Өзінің тілегі бойынша әкесі Ақтас қайтыс болған жерге жерледік. Сол жерден өткен сайын Ақтас нағашымды, Әлия анамды еске алып, тағзым етеміз, – деді Ниетжан ақсақал шешесінен естіген әңгімесін бізге айтып беріп.

### «Өрікті» ауылының тұрғыны Едік Сәдібекұлының әңгімесі Қызылсай қырғыны

Едіктің мамандығы – инженер-энергетик. Қордай ауданындағы Қызылсай ауылында дүниеге келген. Ол өзінің негізгі қызметімен бірге туған өлкесінің тарихына зер сала отырып, ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы туып-өскен жеріндегі ашаршылықтың зардаптары туралы көнекөз қарттардың естеліктерін жинаумен айналысқан.

Сондай қариялардың бірі – өзінің жақын ағайыны болып келетін 105 жас ғұмыр кешкен кейуана Зинаның аузынан естіген естелігін Едік бізге айтып берді.

- Өткен ғасырдың басында патшалық Ресейдің аграрлық саясаты бойынша бүкіл қазақ еліндегі сияқты Қордай аймағына да орыстардың көптеп қоныс аударғаны тарихтан белгілі ғой. Сол кезде жарық дүниеге келген қызды әкесі Қызылсайға әке-шешесімен бірге көшіп келген орыс қызының атымен Зина деп атаған екен. Екі ғасырдың куәсі болған әже Қазан төңкерісін, ақтар мен қызылдардың арпалысын, 20-30 жылдардағы ашаршылықтың зардаптарын, сондай-ақ 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінді, соғыс кезіндегі ауыртпалықтарды және соғыстан кейінгі халықтың ауыр тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көрген. Осындай тірі жан төзе алмайтын өмір өткелдерін басынан кешірсе де, рухы мықты қарт ана бәріне төтеп берген. Қандай қайсарлық, қандай төзімділік десеңші!

Ресей империясы орталық аудандардан орыс шаруалары мен көпестерін көшіріп әкеліп, қазақтардың шұрайлы жерлерін тарпа бас салды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де келімсектер жергілікті халықты мазалап, озбырлық көрсетіп құнарлы жерінен, атамекенінен ығыстыруды одан әрі жалғастырған. Осы кезде жаңа биліктің қолдауымен орыстар қазіргі Қызылсай, Өрікті,

Құнбатыс, Кеңес ауылдарының біраз жерлерін және малдарын күштеп тартып алған екен. Содан халықтың күнкөрісі төмендеп, ашаршылықтың белгісі біліне бастайды. Осындай зорлық-зомбылыққа шыдай алмай ел арасынан Тасболатов Асан деген азамат Кеңестік билікке наразылығын білдіріп, орыстарды басып алған жерлерінен қуып шығып, малдарын қайтарып алады. Жергілікті билік бұл оқиғаны орталыққа жеткізеді. Содан Фрунзе қаласынан (қазіргі Бішкек қаласы) қарулы отряд шығып, Қордайдағы 3-4 ауылдарды аралап, «бүлікші» Асанды жан-жақтан іздейді.

Жазалаушы арнайы жасақ Кеңес ауылына (қазіргі Өтеген батыр ауылы) келіп, тұрғындардан Асанды ұстап беруді талап етіп қорқытады, егер оның қайда жүргенін айтпаса бәрін жазалайтынын қатаң ескертеді. Сонда ауылдың бір ақсақалы олардан тайсалмай: «Ондай адамды атпайсындар, оның орнына мені атындар!» деп кеудесін оққа тосады. Адамгершілік қасиеттен жұрдай, дөрекі мінезді отряд басшысы жазықсыз қарияны тұрған жерінде атып тастайды.

Жазалаушы отряд Асанды таба алмай, әуреге түскен қызылдар ауыл-ауылдарды кезіп, кінәсіз жандарды өлтіре берген. Сондай қырғынның бір сұмдығы – Қызылсайда болған екен.

Қызылдардың жазалауынан естері шыға қорыққан үлкен-кіші, бәрі 75 адам сайдағы бұлақтың бойындағы ауылдың диірменіне барып тығылады. Қарулы әскер оларды жаңбырша жауған оқтың астына алып, қырып салған. Өлгендердің қаны бұлақтың суына қосылып, қызыл су болып ағады. Содан бастап қан аққан сайдың аты – Қызылсай болып аталған екен. Қарша бораған оқ жауған кезде өліктердің астында 4 қыз бастырылып, тірі қалады. Олар бүгінге дейін өмір сүрді. Сол кісілердің айтуынша, қызылдардың бейбіт халықты қалай қырғаны елге белгілі болды.

Ұжымдастырудың алғашқы кезеңі болса керек, Қызылсайдан алыс емес Сарыбұлақ деген жерде Смағұл деген кісі соқамен жер жыртып жүріп кірпіш тауып алады. Ол кірпіш табылған жерге қызығушылық танытып, сол жерді қазады. Көмбені қазған сәтте көлемі қолға тағатын жүзіктей алтын шыға келеді. Табан астынан табылған алтынға қуанып, Смағұл бір қажетке жарайтын шығар деп үйінде сақтап қояды.

Екі-үш жыл өткен соң елдің қалған малын бір ортаға жинап, ұжымдастыратын болыпты, оны «колхоз» деп атайды екен деген сыбыс ауылдан ауылға тарала бастады. Ел мал-жанымен бірге, бала-шаға, қазан-ошақ – бәрі ортақ болады деген сөз ауыздан ауызға жалғасып, ел арасында гуілдеп кетті. Ешкім колхоздың қалай құрылатынын білмеді, оларға түсіндіріп жатқан билік өкілдері де болмады. Өйткені, жергілікті билік белсенділерінің көбі сауатсыз болды. Қызылсай мен Сарыбұлақ ауылдарын мекен еткен ел-жұрттың малын, дүние-мүлкін күштеп тәркілеп, колхозға біріктірді. Колхоз малы – мемлекет меншігі деп есептеліп, оны пайдалануға ешкімнің құқы болмады. Малдан жұрдай болған қазақтарға мемлекет тарапынан ешқандай көмек



берілмеді, халық ашыға бастады. Сөйтіп, бүкіл қазақ елін жайлаған алапат ашаршылық Қордай ауылдарына да келіп жетті...

Қолындағы бар азығы таусылып, қинала бастаған Смағұл бала-шағасын аштықтан құтқаруды ойластырып, баяғыда Сарыбұлақ маңынан кездейсоқ тауып алған алтынын азық-түлікке айырбастау үшін Шу өзенінің арғы бетіндегі Қызылсайдан 15-20 шақырым қашықтықта жатқан қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласына барады. Базарды аралап жүріп бір өзбекке кездесіп қалады, ол Смағұлды алдап қолындағы алтынды тартып алады да, бар болғаны бір бөлке нан беріп, қорқытып қуып жібереді. Міне, нәубет кезінде момын қазаққа кімдер қиянат жасамаған?

Табиғаттың қыр-сырын жақсы білетін Зина әженің айтуынша, егеуқұйрықтар ашаршылық басталардан бір жыл бұрын көрінбей кеткен. Сөйтсе, бұл кеміргіштер апаттың болатынын алдын-ала сезеді екен.

Бір үзім нанға зар болған Смағұл аштықтан бұралып жатып бір ауылдасына «қарным ашып, өзегім талды, бір қарғаны атып берші...» депті. Ол қарғаны атып алып әкелгенде, Смағұл өліп қалыпты.

- Міне, Зина әжеден естіген қиын замандағы ауыр оқиғаларды шамам келгенше есіме түсіріп айтып бердім, - деді Едік.

### Едіктің әкесі Сәндібектің естелігі

- Алғашында халық Кеңес өкіметінен жақсылық күтті. Жартылай көшпелі өмір сүріп жатқан біздің елде билік өкілдері ұжымдастыруға белсене кірісті. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен жаңа өкіметтің жандайшаптары қазіргі Қызылсай, Күнбатыс, Өрікті, Кеңес ауылдарындағы елдің күнін көріп отырған малын, тігерге тұяқ қалдырмай сыпырып алды. Ол кезде ауыл тұрғындарының егіншілікпен айналыспаған кезі еді. Малдан айырылған ел-жұрт не істерін білмей тау-тасты, сай-саланы аралап саршұнақ аулады, шөптің тамырын қазып алып қорек етті. Бұл ауылдар тау қыраттарының беткейлерінде орналасқандықтан басқа өңірлерге қарағанда, аң-құстарға толы болды. Мұндай табиғаттың ерекшелігі ауыл адамдарын аштықтан құтылуға аз ғана болса да септігін тигізгені рас. Соған қарамастан, ғасырлар бойы ет, қазы-қарта, жал-жая, қымыз, айран, сүт басқа да мал өнімдерін пайдаланып келген халық ашаршылыққа төзе алмады. Күнкөрістің қамымен олар Қырғызстанға шұбырды, әлділері Қытай асты. Алайда, Қызылсайда қалғандары да бір үзім нан, бір жапырақ етке зәру болып аштықтан қатты күйзелді...

1932 жылдың жазында колхоздың еккен арпасы пісіп, ашыққан жандар содан үміт күткен еді. Егіс даласында еңбек етіп жүргендерге күніне бір уыстай ғана арпа береді екен. Бұл болар-болмас азық үйдегі шиеттей бала-шағаға, жасы келген қарттарға қайдан жетсін. Әйтеуір, ел өлместің күнін көріп жатты.

Менің әкем Сейдеқожа балалар жесін деп, бірнеше күн қара суға пісірген арпадан нәр татпаған. Бір күні әбден ашыққан, жасы ұлғайған қария бір түйір дәнді шикідей аузына салып, шайнауға да шамасы келмей жантәсілім етті. Сонымен бірге осы жылдың күзіне қарай біздің де, жақын туыстардың да жағдайы нашарлап кетті. Құдай қосқан зайыбым Зағираның бірге туған 11 бауырлары аштықтан бірінен соң бірі өліп жатты.

Бұл бір отбасының ғана басына төнген қасірет емес, бүкіл қазақ елінде қаншама жандар ашаршылықтың азабын тартып, босып кетті. Ашыққандардың көбі діттеген жеріне жете алмай жол бойында шыбындай қырылды.

Қордай тауларының биіктеу беткейінде орналасқан Қызылсай мен Өрікті ауылдарынан көрініп тұрған қырғыз жеріндегі Тоқмақ қаласына шұбырған адамдардың саны өте көп болды. Олар қырғыз еліне барып әрбір қақпаны тоқылдатып қайыр сұрап, «шықпа жаным, шықпа» деп күнін көрді. Отызыншы жылдары Қырғызстанда ашаршылық болмады, Кеңес өкіметі қазақ халқына көрсеткендей, қырғыздарға күштеу саясатын жүргізген жоқ. Заман түзелгеннен кейін бізден кеткен кісілердің көбі ауылға қайтып оралды, ал біразы сол жерде қалып қойды. Қазіргі кезде олардың ұрпақтары Тоқмақ, Бішкек қалаларында және тағы басқа жерлерде өсіп-өніп жатыр.

Сол зобалаң жылдары небір сұмдықтарды көріп те, естіп те жаттық, ал мына бір оқиғаны естігенде төбе шашы тік тұрмаған жандар болмаған шығар. Отыз екінші жылдың қысында аудан орталығы - Георгиевка селосында аштықтан қазақтар қырылып жатты. Жақын ағайын-туыстарымызбен андасанда өлі ме, тірі ме дегендей хабарласып тұрамыз. Бірақ, бір-бірімізді азық-түлікпен қамтамасыз етіп тұруға шамамыз келмейді, қолымызда түк жоқ. Сонда тұрған ағайындардың айтуына қарағанда, аштықтан әбден әлсіреген адамдар өлген туыстарын үйдің шетіндегі шұңқырға әрең дегенде жеткізіп, бетін жабуға ғана күші жетеді екен. Бала-шағасымен бірге үйінен шыға алмай өліп қалған отбасылар да көп болған...

Ашаршылық жылдарында өзі көрген, естіген осы оқиғаларды Сәндібек ақсақал ұлы Едікке айтып кеткен екен.

## НИЕТЖАН ҚАРИЯНЫҢ АШАРШЫЛЫҚТЫ БАСЫНАН КЕШІРГЕН ТУҒАН-ТУЫСҚАҢДАРЫ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК-ӘҢГІМЕЛЕРІ

### Балалық шағымда көрген зұлымдықтар естен кетпейді

Ниетжан Нұпбай Ахметжанұлы 1941 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысы Красногор ауданы (қазіргі Қордай ауданы) Сұлутөр ауылында дүниеге келген. 1957 жылы орта мектепті бітіргеннен соң, 1957-1960 жылдары Красногор совхоз - техникумында оқып «Техник-механик» деген мамандық алып шығады. 1960 жылдан 1964 жылға дейін Кенен ауылында механизатор болып еңбек етеді.

Ұстаздық еңбек жолын 1970 жылы Киров атындағы орта мектебінде сурет, сызу, машинатану пәндерінен сабақ беруден бастайды. 1973-1978 жылдары Абай атындағы қазақ педагогика институтының тарих факультетін бітіріп шығады. Зейнетке шыққанға дейін үздіксіз білім саласында әртүрлі жауапты қызметтерде болды. Өз ісін жетік білетін маман ретінде 1983 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған.

Қазіргі кезде Ниетжан қария өлке тарихын зерттеумен айналысады. Республикалық, облыстық, аудандық газеттердің штаттан тыс тілшісі ретінде мақалалары жарияланып тұрады. Соңғы жылдары «Өмір бақыты», «Қордай батыр» деген кітаптары жарық көрді. Ниетжан бала кезінде әкесі Ахметжанның өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылық туралы айтқан әңгімесін былайша еске түсірді:

- Әкем Ахметжан өзі көрген қиыншылықтарды бізге сабақ болсын деп айтып отырушы еді:

- Біз көрген оқ пен отты, ашаршылықты енді сендерге көрсетпесін. Біздің ауылды байдың ауылы дейтін. Байтасбайдың қонысы Мадияр жеріндегі сайсалада ағайындар қатар-қатар отыратын. Ешкімнің малын тартып алған емес, өз нәсібіне жиналған. Байтастың үш баласы Бектембай, Бөлтірік, Олжабайдың малдары көбейіп, өз малдарын жалшы жалдамай өздері баққан. Олжабай, Бектембай аталарымыз сал-сері ақын, ат баптап, аттың сыншысы атанған, халық құрметіне бөленген кісілер болған. Олар ат қосып, жүйрік тұлпарлары бәйгеден озып, жүлдеге жүздеген жылқы айдап келеді екен.

Кеңес өкіметі ынтымағы жарасқан, ешкімге қиянат жасамай тыныш қана отырған ауылдың тоз-тозын шығарды, әуелі малдарын тәркілеп, кейін аталарымызды байсың деп шетінен түрмеге жапты. Осындай азапты өмір басталып, ауылымыз тарыдай шашылып, аштық тап болып, көп адамдар қырылып, кейбір ағайындар жан сауғалап қырғыз еліне ауып кетті. Ел ашаршылыққа ұшырап жан-жақтағы туыстарына тамақ іздеп беті ауған жаққа кете барды. Атаң Нұпбайды, інісі Дәулетқұлды және ауылдағы тағы үш кісіні 1932 жылы

желтоқсан айында ұстап алып кетті. Улап-шулап қалдық. Ел басына нәубет түсті, ашаршылық басталды. Қолдағы малдың бәрін бір тұяқ қалдырмай өкімет уәкілдері бір-екі жыл бұрын тәркілеп алып кеткен болатын. Үйдегі азық-түлік таусылып, жағдайымыз нашарлады. Сол кезде 13 жастамын. Үйде шешем Қабира, бір жастан асқан Жұмабек, үш жасар Атабек тағы басқа інілерім қалды. Үйдегі заттарды сата бастадық. Қыс қаһарын төгіп тұрды. Желтоқсан айы, ел аштықтан қырылып жатты. Орыстарға үйдегі кілемді бір табақ картопке зорға айырбастадық. Орыстар көшеден жүргізбейді, көшеден өтіп бара жатсаң, итін айдақтап, тас лақтырып «калбит» деп қуады.

Сол жылы қыс өте қаһарлы болды, қар қалың жауды. Бір күні шешем екі баланы киіндіріп маған:

- Ахметжан, еш жаққа кетіп қалма, қазір нағашың келеді шанасымен Сұлутөрге әкпеңе барамыз, - деді.

Нағашым келді. Далада аяз, жел азынап тұр. Бәріміз шанаға отырдық. «Мадияр» бөктерінен Қордай асуының үстімен «Боранды» жаққа ілбіп келе жаттық. Бір төбеге жеткенде әлей-түлей боран күшейді. Ат жүрмей, ығып тұрып қалдық. Кейін білдім «Қалқағар» деген жер екен. Үстімізді қар басты. Бізді бастырып жапқан киіз саңлауынан қарасам, інілерім жыбырлап отыр екен. Үндемеген соң нағашымды оятайын деп барсам, сол бойы қатып қалыпты. Енді шешеме келіп:

- Апа, апа – деп бетін ашсам, ол кісі де ұйықтаған бойы бұл өмірден озып кетіпті. Қанша жылағанымды да, қалай ұйықтап кеткенімді де білмеймін, бір кісінің дауысын естіп шошып ояндым. Олар жолда өлгендерді жинап жүрген өкімет уәкілдері екен. Маған інілеріңмен же деп, бір үзім нан берді, мен жемей қалтама салып қойдым. Содан соң өліп қалған шешем мен нағашымды шанаға жатқызып, бізді жанына отырғызды да Сұлутөрге қарай жүрдік. Бір шана артта келе жатты, оның үстіндегі қатар жатқандар өлген адамдар екен.

Бір төбеге тоқтадық. Шаналардағы өлі денелердің бәрін шұңқырға жинап, алдымен апамды, нағашымды түсіріп жатқызды. Осыны көріп тұрған мен екі інімді құшағыма қысып, дірілдеп, жылап, ботадай боздап тұрдым. Үш жастағы інім де:

- Апам қайда, неге топырақ салып жатыр? – деп шырылдайды. Мен ешнәрсе айта алмаймын. Көміп болып, бір ақсақал өлгендерге құран оқыды. Бізді Сұлутөрге алып келген жігіт:

- Бұл ауылда кімдерің бар? Егер жақын туыстарың болмаса сендерді балалар үйіне аламыз, – деді.

Мен:

- Осы жерде Күлиза деген әкпең бар, – дедім. Сол күні әкпеңді таптық. Ол кісі үш бауырын құшақтап жылап жіберді. Апам мен нағашымның жолда қайтыс болғанын естігеннен кейін азан-қазан болып біразға дейін жылап-сықтау тоқтамады. Сөйтіп, әкпең бізді өз қамқорлығына алды.

Бір жұмадан соң Сұлутөрге жетім балаларды жинап жүрген өкіметтің адамдары келе қалды, мені де тізімге алды. Әкпеме масыл болмайын деп, балаларды жинап жүрген өкілге інілерімді де балалар үйіне алып кетуді сұрадым. Мен балалар үйінде бәріміздің аштықтан аман қалатынымызды жетімдерді тізімге алып жүрген өкілдердің сөзінен түсіндім. Осыдан кейін әкпеме келіп:

- Әкпе, інілерімді алып кетемін, - дедім.

Сонда ол: - Сен өзін кете бер, бұларға өзім қамқор боламын, - деп мені сендірді.

Содан соң ол жақты көріп келейін, кейін інілерімді өзім алып кетемін - деп ойлады да, басқа да жетімдермен бірге Алматы жанындағы Шелек деген ауылдағы балалар үйіне келіп түстім. Топырлаған арық балаларды көріп есім шықты. Өзім қатарлы балалар да бар екен. Сол күні келген балаларды асханаға апарып әуелі тамақтандырып, моншаға түсіріп тәрбиешілер жүгіріп жүрді. Өзіммен бірге келген жетімдердің көбі түнде өліп қалды, аш қарынға тамақты көп жеп қойса керек, содан көтере алмай өліп кеткен. Мен тамақты тарта-тарта жеп үйренген едім, соның пайдасы осы жерде тиіп аман қалдым. Бұрын ауылда бір үзім нан тапсам, оны жемей інілеріме беріп, өзім шым-шым ғана үзіп жейтін едім. Егер құрт қолыма түссе, кешке дейін малта етіп сорып жүріп үйренгенім балалар үйінде пайдаға асты, қырылып жатқандар көбіне жан-жақтан келгендер. Ішінде некен-саяқ ажалы жоқтар аман қалып жатты. Соның бірі мен болдым. Құдай сақтап қалды, көретін күнім бар екен, аштықтан аман қалдым дейтін әкем.

Ахметжан әкем көрген қиыншылықтарын айтып отырғанда мен ішімнен дірілдеп отыратынмын, менің дірілдегенімді сезіп:

- Қорқып отырсың ба, жаурадың ба? - деп кең шапанын менің үстіме жауып қоятын.

Сонда мен:

- Жок, әке, тыңдап отырмын, - деп үстіме жапқан шапанына денем қызып, маужырап ұйықтай бастайтынмын.

Әкем мені жастыққа жатқызып:

- Қап, балама қай-қайдағыны айтқаным-ай деп күрсінгенін сезетінмін. Кейін әкемнен талай тағдырлы азапты өмір кешкенін естідім. Сондай бір әңгімесінде әкем:

- Балалар үйінде өлген балаларды арбамен күнде бір жаққа апарып көміп жатады. Ересек біздерді кейде оларды көмуге жұмсайды. Алғашқы кезде қорқып жүрдік, бірте-бірте етіміз үйреніп кетеді екен, - деп одан әрі сөзін жалғастырды.

- Небір қиыншылықты бастан өткізіп, 18 жасқа дейін елге келгенімде Күлиза әкпем алып қалған екі інім де ауру мен аштықтан өліп қалыпты. Әттең, өзіммен бірге алып кеткенде ең болмаса, біреуі тірі қалар ма еді?! - деп күйзеле өкіндім. Өкінгеннен не пайда, қайғымды ішке жұтып жүре бердім.

Елдің жағдайы жақсара бастады, тіпті ашаршылық болмағандай. Жасы толғандарды, балалар үйінен ұл болсын, қыз болсын шығарып жатты. Мені сол балалар үйінде қалдырып, қысқа мерзімді Алматыдағы мұғалім курсына жіберді. Курсты бітіріп, жетімдерге орыс тілінен сабақ беретін мұғалім болдым. Енді балалар үйінде тәрбиеленіп ер жеткен тұл жетім балаларды әскерге алмақ болды. Солардың ішінде менің де аты-жөнімді жазыпты.

Көп кешікпей балалар үйіндегі жасы толған жетім балаларды әскерге алды, оларды пойызға отырғызып, әскери міндетін өтеуге Батыс жаққа қарай аттандырды. Солардың ішінде мен де болдым, - деп әкем күрсініп алып:

- Бұл кезде мен жиырма жасқа келіп қалған едім. Соғыс әлі басталған жоқ еді. Пойыз жүйткіп келеді, бізді апара жатқан басшымыз, әскери адам болатын, сол кісіден сұрағанымда:

- Сендерді, тұл жетімдерді танкистің оқуына, әскери мамандыққа даярлауға алып бара жатырмыз, - деді.

Ал вагонда кетіп бара жатқан жетім балалардың ішінде орыс та, қазақ та, басқа да ұлттың өкілдері де бар, ішімізде тәрбиешіге бағынбайтын бұзықтар да көп болды. Олар тоқтаған стансаларда вагоннан қарғып түсіп, пойыз жолдың бойында сатып отырған тамақтарды ала қашып, пойыз жүре бергенде жарысып вагонға қарғып мінетіндері де болды. Бұзық балаларға айғайлап, қарғыс айтып жататын сатушы әйелдердің даусы, пойыздың ақырған даусымен араласып естілмей жатады.

Пойызда келе жатып туған ауылымның жанынан жақындап өтетінін білдім. Оқып жүрген кезімде мұғалім:

- Мына жазықты көрдіңдер ме, сол жазықтың шетіндегі тау жоталарының бөктерінен теміржол өтеді, алыста көрініп тұрған ауылды қазір Отар стансасы деп атайды, бұрын сол жерді Бозбармақ байдың ауылы дейтін. Сонда Отар стансасы деп, мұғалім ағайдың айтқаны есіме түсе кетті, - деді Ахметжан әкем тамағын бір кернеп алып. Отарға жақындаған сайын маған таныс тау бөктері, Мадияр жері, таулары көрініп, көзіме туған жерім көрініп қуанып келемін. Көп кешікпей-ақ ақырып-бақырып келе жатқан пойыз стансаға тоқтады. Қарғып түсіп жатқан балаларды көрдім де, мен де қазір келемін деп перронға түстім. Жан-жағыма қарап алдым, жүрегім дүрс-дүрс соғады бір нәрсеге қуанатындай сезінемін, осы жерден туған ауылым алыс емес, ауылға кетіп қалсам ба, қашып кетсем бе деген ой бірінен соң бірі басымды шырмап алды. Алматыдан шыққалы көп бала жоғалды, жолда түсіп қашып кеткендер де болды. Осылай екі ойлы болдым да, асханаға кіріп нан сатып алайын, көрейін деп кірдім, ішінде әртүрлі адамдар отыр. Асхананың ішін көзбен бір шолып өттім, тамақ істейтін жерде бірталай әйелдер жүр, аспазшы, ыдыс-аяқ жуушылар сияқты. Сол жаққа қарағаным сол-ақ екен, бір таныс әйел көзіме оттай басылды, жүрегім дүрсілдеп кетті, әлгі көрген кісім Қалбүбі әкпем сияқты. Асхананың арғы жағында ашық есік бар екен, содан кіріп шығып жүр. Тамақ пісіп жатқан жерге кіргенінен шыққаны жылдам. Не де болса

осы әкпем шығар деп, ол кісінің екінші рет кіруін күттім, көп кешікпей қайта кіріп, ыдыс-аяқтар салған тегешті көтеріп қайта бергенде, әкпе! — деп айғай салғанымды білмей қалдым, әлгі табақ көтеріп қайта шығып бара жатқан кісінің қолындағы темір табақтар түсіп кетіп, саңғырлап шашылды. Әкпем таныс дауысқа тез есін жинап, дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Көз алдында тұрған мені көріп:

- Ойбай, қарағым! Сенбісің, бауырым, өзек етім, Ахметжаным, інім, тірі екенсің ғой, - деп екі көзінен жасы сел-сел болып ағып, әкпем мені құшақтап жібермей жылап тұрды. Жетім болып өскендіктен бе, көзімнің жасы тастай қатып тоқтап қалғандай бір тамшы да жас шықпады.

Мына жүрегім бекер дүрсілдемеппі, әкпемді көріп қуанып қалдым да өксігі басылғаннан кейін:

- Мұнда неғып жүрсің әкпе, ауылда не жаңалық бар? Балаңыз Өнербек үлкейді ме? Тез айтыңыз, пойыз жүріп кетеді. Әкпе бізді жетімдерді, батысқа алып бара жатыр. Әскери оқуға. Сізді көрем деп ойлағам жоқ, - деп жатырмын.

- Өнербек қайда? — дедім. Ол бар ма дегенімше әкпем жылап тұрып әрең сөйлеп:

- Ол ауылда Тойған апасының қолында, - деді.

- Сен неғып жүрсің, - деп едім.

- Мен мұнда басқа күйеуге шықтым.

- Неге баланды тастап күйеуге шығасың? — деп ренжігендей болдым.

- Ол кісі мен бір үзім нанға зар болып, жалаңаяқ қалғанымда бәтіңкесін беріп, мені өзімен бірге осында алып келіп асханаға ыдыс жуғышқа орналастырды. Оның өзі осы асханада қарауыл болып істейді, - деді әкпем.

Әкпемді осындай халге жеткізген ашаршылықтың кесірі ғой — деп іштей ойладым да, терезеге қарадым. Осы кезде паровоз бір ақырды, пойыз жүре бастады.

- Ал жақсы әкпе, кеттім енді қош, көрем бе, көрмеймін бе білмеймін, - деп жүре беріп едім, әкпем одан да қатты жылап, жібермеймін деп құшақтап, өксігін баса алмай айдалып кеткен әкемнің тұяғы едің деп жүректі елжірете жылады. Әкпемнен әрең ажырап шыққанда, пойыздың артқы вагоны өтіп кетті. Пойыз бұл кезде жылдамдықты үдетіп кетіп бара жатты. Мен аңырайып пойыздан қалып тұрып қалдым. Мені керек қылған, не іздеген Құдайдың құлы жоқ. Енді не істесем екен деп екі ойлы болдым, өкініп тұрмын, жолдастарымды ойлаймын. Тәрбиеші мені соттатып жібере ме деп ойлаймын, қалғаным жақсы болды деп, тағы да ойлаймын. Ой түбіне жете алмай тұрып, әкпем есіме түсіп, асханаға қайта кіргенімді өзім де білмей қалдым, - деді әкем.

Әкпемді асхана ішінен көріп қалып:

- Әкпе, — деп қайталап айтып едім. Ол кісі мені кетіп қалды деп ойласа керек.

Мені көріп қуанғанынан жылап жіберді, жұмысын тастай салып, мені құшақтап көкірегіне басты, өксігін әрең басты. Әкпемнің сөйлеуге әлі қалмағанын сездім де:

- Әкпе, мен пойызға үлгере алмай қалдым, жүріп кетті, қалып қалдым, - дедім.

- Енді бастықтарың ұрыспай ма?

- Жоқ, олар іздемейді. Мен сияқты жетімдер көп, жолда басқа стансалардан балалар үйінде тәрбиеленген балалармен толықтырады. Осы жерге жеткенше талай жетімдер, пойызға ілінбей, қалып қалғандары болды.

- Әкпе, енді мен сенімен бірге боламын, - дедім. Әкпем қуанып кетті.

- Әлгі сізге бір бәтіңке кигізіп, аштықтан құтқарып қалған жездеміз қайда, - дедім.

Әкпем көп ойланып тұрды да:

- Ол байқұстың өлгеніне бір ай болды, осы асхананың қарауылы болып істеуші еді, анық күйеуім болып көрген жоқ, әшейін қамқоршы болып жүретін. Өзіміздің жағдайымыз түзелсін, сол кезде қосылармыз деп айтып қоятын. Мен оның сөзіне бас изеп қоятынмын. Осы ықыласыма ризашылығын білдіріп, мәз болып қалушы еді. Оны аннан-мұннан қашып жүрген бұзақылар ақша тауып бермейсің деп ұрып кетіпті. Соны көтере алмай, көп кешікпей өзінің үйінде өліпті. Мен басқа үйде осындағы Шаңбайдың туыстарында тұрамын, - деп әкпем болған мән-жәйді түсіндірді.

Әкпемнің көрмегені жоқ екен деген ойға келдім де, жаным ашып кетті. Жұмыс істеп тапқан еңбегіне баласы Өнербекке тамақ, киім алып, бір айда жаяу-жалпы ауылға Иірсуға келіп, енесі Тойғанға әкелген азық-түлігін, киім-кешегін беріп, баласының бетінен сүйіп кететінін айтты.

Мен әкпемнің жүзінен жас болса да, көпті көрген қарт әже сияқты болып кеткенін байқап, көп қиыншылықты басынан өткізіп, маңдайына әжім сызықтары түсіп бара жатқанын көрдім де:

- Әкпе, мен енді сіздің қасыңызда елде боламын. Бүгін бұл ыдыс-аяқ жуу жұмысыңызды тастаңыз, ауылға кетеміз, - дедім.

Әкпем маған қарап, бетіне нұр сәулесі түскендей қуанған нышан білдірді, шешем Қабираға тартқан сұлулық ізі байқала бастап:

- Шынымен кетеміз бе бауырым, әке-шешем менің, - деп қуанғанынан мені қайтадан құшағына қысып, тірегім менің, - деп көзінен жас шығарып, мөлтілдеп жылап жіберді.

Мен де әкпеме жаным ашып:

- Жылама, енді сізді Құдай жылатпасын. Балаңызға барасыз, қазір заман түзеле бастады. Колхозда да жақсы, ауылда да жұмыс істеуге болады, балаңыздың қасында боласыз, — деп жұбаттым.

- Сіз бастықтарыңызға айтыңыз ауылға кетемін, бауырым келіп, алып кетем деп жатыр деңіз. Мен қазір қайтып келемін, - деп әкпемді бастығына жібердім де, өзім жақын жердегі дүкенге барып, әкпеме киім алдым, бес жа-

сар Өнербекке де аздап өзіне шақ келетін киімдер алдым. Менде ақша көп болмаса да бар болатын. Мен балалар үйінде өсіп, жасым толғаннан кейін мұғалімдік курсты бітіріп, сол жерде мұғалім болып жұмыс істедім. Бізді жетімдерді батысқа әскерге оқуға аттандырғанда, толық айлық есебімді төлеп ақымды берген.

- Бір жақсы жері, құжаттарым, ақшам өзіммен бірге еді. Пойыздан қалып қаламын, әкпемді кездестіремін деп ойлағам жоқ. Егер әкпем кездеспегенде, мен де көппен бірге кете беретін едім. Қазіргі өз елім, өзімнің кіндік қаным тамған жерде, мына сендерді көрмес едім. Алла тағаланың арқасында өз ауылымның дәм-тұзы бұйырып әкпемді асханада Отар стансасында кездестіргеніме шүкіршілік етемін, - деді әкем.

Өткен өмір тағдыры есіне түсті ме әкем бір күрсінгендей болды, бірақ өзі көрген тауқыметі өзіне белгілі. Не көрмеді, ашаршылықтың азабын тартты, әкесін байсың деп айдап әкетті, шешесі мен бауырлары сол кезде қолдан жасалған аштықтан көз жұмды. Он үш жастағы бала жетім қалды. Құдай жарылқап балалар үйінде тәрбиеленіп, ел басына түскен нәубет жылдардағы қиыншылықтардан аман қалды. Салмақты, ұстамды, батылдық мінезіне қайта түсіп әңгімесін кестелі қалтадан темекісін алып орап, біраз шылым шегіп, дем алып, ой жүйесін қайтадан қалпына келтіріп, әкем әкпесі жайлы әңгімесін аяқтайын дегендей біраз үнсіздіктен кейін ары қарай жалғастырды.

- Ниетжан, тыңдап отырсың ба? - деді.

- Иә, тыңдап отырмын, - деп әкемнің бетіне қарадым. Ол кісі шылымын бір сорып алып әңгімесін қайта бастады:

- Мен тез арада дүкенде сауда жасап, әкпеме алғандарды бір бөлек, баласы Өнербекке алған киімдерді бір бөлек дорбашаға салып, асханаға келдім. Ол да мені күтіп тұр екен. Екеуміз асханадан шықтық, оның қуанып келе жатқанын сездім. Елге түпкілікті оралғаным өзім де қуаныштымын. Әкпем өзі жататын туыстарының үйіне жақындай бергенде, менің қолымдағы дорбаларды көріп:

- Ахметжан, заттарың өзіңмен бірге екен ғой, - деді маған қарап.

- Жоқ, әкпе бұл менің заттарым емес сіздің заттарыңыз деп едім, әкпем таңғалды да:

- Қалайша, - деп маған қарады.

Сол кезде әкпеме арнаған дорбаны беріп тұрып:

- Мынау сіздікі. Сізге арнап дүкеннен киім алдым. Ол кісі қуанып:

- Ақшаны қайдан алдың, Аха! - деді.

- Мен балалар үйінде екі жыл мұғалім болып жұмыс істедім, сондағы еңбек ақым.

Әкпем қуанып, менің мұғалім екенімді біліп, одан да жақсы қуанып шаттыққа бөленгендей мінезін көрсетіп, мені құшақтап, өзі жататын үйге кірді де тез киініп шықты. Әкпемнің жүзі жарқын болып, аз да болса киініп, ауылға баруға асықты. Сол үйден бір шәй іштік те, ауылға асығып жаяу келе жатыр едік. Колхозда өкіметке бидай өткізіп жүрген көліктерге кездесіп, әкпемді солардың көлігіне отырғызып жаяу-жалпы Иірсу ауылына келдік...

Шағын ауыл, колхоз Киров атында екен, екі көше сай ішінде орналасқан, бір көше дөңнің астында екен. Ол көшені ауылдықтар «Қотыр көше» деп атап кеткен, өйткені тоқал тамдар ретсіз салынғандықтан айтатын көрінеді. Үйдің іргесінде жардай биік қызыл тау үймен таудың арасында иін тіреп шығып тұр. Арасында мал жайылып жүр, бақша деген жоқ. Жерін қызыл құм топырақ басқан, үйлері де, дуалдары да қызыл. Төбеден асып түскенде үйлер көрінеді. Ылдиға түскендегі бірінші тоқал там әкпемдікі екен.

Үйге келдік. Әкпемнің енесі Тойған апа қарсы алды. Біз келгенде қол диірмен тартып отыр екен, бір табақ қуырылған бидайдан талқан жасамақ. Төрде асық ойнап отырған кішкентай бала әкпеме орнынан тұра ұмтылып:

- Жеңеше, енді кетпейсің бе, кетпеші? - деп жылап жіберді. Әкпем баласының бетінен сүйіп:

- Енді кетпеймін, қасында боламын, - деп бәйек болып жүр.

... Сонымен әкпем колхозға мүше болып кірді, колхоздың шаруашылығына араласып, ел қатарына қосылды. Мен көп кешікпей Кіндіктастағы «Ленин» колхозында мектепке мұғалім болып орналастым. Шешен Әлияға үйлендім, соғыс басталды, соның алдында ғана сен дүниеге келдің, бір айдан кейін соғысқа аттандым, - деп әкем Ахметжан әкпесінің қиын замандағы тағдырын маған бүге-шегесіне дейін қалдырмай айтып берді.

### Әкелер тағдыры

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында күнкөрістің қамымен аштыққа шыдай алмай босып кеткен әкесінің бауыры жайлы Ниетжан қария:

- Соғыстан кейін әкемнің ашаршылықта жоғалған бауырының бізді іздеп тапқаны туралы оқиғаны «Әкелер тағдыры» десе де болады, - деп әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Ақпан айы, далада бет қаратпайтын боран. Жер әлемдегі қарды суырып ұшырып тұр. Соққан боранның шуылдап азынаған даусы аңның ұлыған даусына ұқсайды. Боран даусын тыңдап отырсақ қорқыныш сезімі бойынды бойлап бір тұйық меңіреу далаға түсіп кеткендей боласың.

Тоқал там, екі бөлмелі үй, ауызғы үйдің есігін ашсаң дала көрінеді, киіз қаптап жасаған есіктен жел кірмейді. «Сұлутөр» ауылының бораны бір соқса, тоқтамай кейде тәулікке дейін соғатыны бар, кейде бір күн соғып тына қалады. Боран тоқтағанда үймен бірдей болып үйілген күртік қардың беті қатып қалады, оның үстінде шанамызды сүйретіп ары-бері сырғанау - біз үшін өте қызық. Есік алдындағы күртікті тазалап, жол ашу оңай емес. Қарды қат-қатымен ойып, айырмен лақтырамыз. Бораннан кейін күн жылынып кетеді, әлгі үйілген қарлар еріп «Сұлутөрдін» қара топырағына сорғышпен сорып алғандай сіңіп кеткенін білмей қаласың.

Сұлутөр десе Сұлутөр, қыста қанша боран болғанымен жылы болады, елдің көбі жеңіл-желпі киініп жүреді, ал жазда өте салқын, үстіңнен

костюмді тастамайсың, ауылдың бір ерекше қасиеті сол, «жаз жаулау» деп тегін айтылмаған. Даланың қақаған аязы мен аптыққан ыстығын «Сұлутөрден» көрмейсің. Жазы жасыл желекке бөленіп, есік алды үйге кіргенше шырмауық шығып жаңа тоқылған кілемдей құлпырып тұрады, соның үстінен жалаңаяқ жүгіріп жүргенде салқын түкті кілем шөбін басып, қазіргі палас үстінде жүргендей боласың. Жаздай сонау күзге дейін жасыл арнайы төсеп қойған кілемдей болып тұрады.

Әкем осындай қыста маған жылы үйде түннің бір уағына дейін қызық әңгімелері бар кітап оқытатын. Ол кісінің түс мезгілінде де жұмыстан келген соң, демалып жатып газеттің бір түйірін қалдырмай оқитынын көрем, орысша, қазақша газеттер жанында жататын. Маған кейде әкем:

- Көп оқысаң тілің дамиды, ой-өрісің кеңиді, сондықтан келешекте білімді боласың. Жастайыңнан кітапқа қарамай жалқау болмасын, қатарыңнан қалмасын деймін, - деп отырушы еді. Әкемнің бұл әкелік қамқорын кейін есейгенде түсіндім. Мен де әкеме кәдімгідей қолғанат болып қалдым. Ол менің ер жетіп қалғанымға іштей қуанады. Сол тоқал тамда қыста от жағып, жылытып отырамыз. Үйде іні-қарындастарым кішкентай, ауыр жұмыстарды көбіне анам атқарады, бір шаршадым демейді. Нанды пешке қақтап пісіреді, біз шетінен жеп жатамыз. Ұрсу деген жоқ, тиме жесін деп әкеміз мәз болып қарап отырады. Кешкі астан кейін әкем дереу сабағымды тексереді де, ауызша сабақты оқытады. Олардың бәрін кешкі сағат тоғызға дейін бітіремін. Теледидар дегенді білмейміз. Қаратабақ радио бар, үздіксіз сөйлеп, концерт беріп тұрады. Ертеңгілік радио бәрімізді оятады. Әкем кешкі тамақтан кейін дөңгелек үстелдің жанында білтелі шамның жарығымен маған дауыстатып әдеби кітаптар оқытады. Өзі жамбастап жатып тындайды. Ертегілер, батырлық жырлар, аңыз әңгімелер, шешендік өсиеттер тағы басқа орыс жазушыларының да шығармаларын оқытатын. Әкемнің көңілін табамын деп, қорыққанымнан оқи беретінмін, ернім кеберзіп кетеді. Кейде тоқтап қалсам, қайтадан оқытады. Көп оқи берген соң, өзім де оқуға машықтандым. Оқитын мезгілде әлгі кітапты алып, қипақтап, қашан оқы деп айтар екен деп отырамын. Шешем, іні-қарындастарым оқыған әңгімені естіп ұйықтап қалады. Әкемнің тыңдап отырғанын не басқа ой ойлап отырғанын білмеймін. Қыс кезінде кітапты көп оқытады. Кішкентай үйіміз жылы, ауызғы үйдің есігін ашсақ дала көрінеді. Осындай қыстың бір мезгілінде боран соғып, жел гуілдеп неше түрлі дыбыс шығып жатқанда, адам шошиды. Бірақ әкем мұндайды елемейді. Мен де әкеме қарап үркіп қорықпайтындай болып отырамын, қорқыныш сезімі мүлдем болмай кетеді.

Күнделікті әдетімізбен түнде жатарда бітпеген кітабымызды оқымастан бұрын:

- Балам, ертеңгі сабағыңды дайындап болдың ба? - дейді.

- Болдым, әке, - дедім.

- Ендеше, кешегі келген жеріңнен бастап оқы, - деп әңгімені тыңдауға кірісті. Мен оқи бастап едім, арасында мені мақтап қойды:

- Балам, бүгін күндегіден жақсы, салмақты таза оқыдың. Әкемнің мақтағанына қуанып, одан сайын бар ынта-жігерімді салып түсінікті етіп оқи бастадым...

Енді бір қызық жеріне келе бастағанда, ит үріп абалай бастады, тіпті өршеленіп кетті, мен оқуымды тоқтаттым. Далада соққан боранның даусы мен өршелене үрген иттің даусы. Ит былай жанталаса үрмеуші еді. Қасқыр алатындай төбет ит болатын. Түн ауғанда шынжырына жүгіртіп қоятынбыз. Шынжыр биікке тартылған сымға ілінген. Қар басып қалмасын деп үйдің бұрышына дейін итті әдейі жүгіртіп қоямыз. Ақ төбет абалап, тыным таппай үріп тұрды.

- Балам, қарап келші, - деді әкем. Мен жүрегім ұшып қорқып кеттім. Әкемнің бір аяғын соғыс жалмаған, ол кісінің тұра алмайтынын біліп, қорыққанымды білдірмей состайып тұрып қалсам керек. Мені көріп:

- Бар, қорықпа жау келсе де, - деп айғай салды. - Неден қорқып тұрсың, сенің жасындағы орыс баласы әкесінің машинасын айдап, өлген әкесінің орнында соғыста жүрді, сол бала мені жараланғанда машинасына әрең салып, Ленинградқа апарып тастағанын саған айтып едім ғой. Неге тұрсың, - деп қайталады әкем.

Мені лезде әкемнің қайрат берген сөзі демеді ме? Есікті қалай ашқанымды білмей, далаға жүгіріп шықтым.

Ит абалап тұр, ақ дәу итіміз өте қабаған болатын, орнын опырып жанжағын таптап, арсылдап тұр. Күртік қардың үстінде таяқ сияқты қап-қара бір нәрсе тұр, қолы ма деп қалдым, қимылдайды. Соған өршелене ит үріп тұр екен, босанса әлгі кісіні жеп қоятындай. Ол кісіні көре салып, үйге қайта кірдім. Әкем маған бұрылып:

- Ол не екен, - деді. Мен әрең дегенде:

- Бір ұзын адам күртік қардың үстінде тұр, - дедім тұтығып.

- Итті ұста, кімде болса кіргіз үйге! - деп, айғай салды. Мен қайтадан үйден зытып шықтым. Осы сәтте шешем:

- Ол кісі, ол не? - деп шошына оянды. Бұрынғыдай емес, қорықпай далаға қайта шықтым. Әлгі кісі әлі тұр екен.

- Кімсіз, - деп айғайладым. Сол кезде ит үргенін бәсеңдетті. Қарайып тұрған кісі:

- Ахметчидің үйі осы ма? - деді.

- Иә, - деп жауап бердім.

Мен итті күркесіне кіргізіп ұстап тұрдым. Итті ұстап тұрғанымды көрген кісі, мен кіріңіз демесем де үйге қарай жүре бастады. Мен қорқып кеттім, итті босатып жіберсем бе деген ой келе қалды. Бірақ әкемнен қорықтым, қатып

итті жібермей ұстап тұрдым. Ұзын кісі шекпенін сүйрете, үйге кіріп кетті. Итті жібере салып іле-шала бөтен кісімен бірге үйге кіріп, оның жанынан өтіп, әкемнің артына тығылып қарап тұрдым...

Шекпенін сүйрете кірген бөтен кісі есік алдында сөстайып тұрып қалды. Бойы ұзын, денелі кісі тоқал тамның есігінен биік болып көрінді. Үй ішінде үнсіздік көпке дейін созылды. Жерде отырған әкем мен есіктің жанында түрегеп тұрған кісінің арасында біріне-бірі қараумен болды. Бөгде кісі кімдікіне келдім дегендей ойда тұрса, ал әкем бұл кім болды екен таныс па, жоқ қарақшы ма, әлде майданда бірге болған адам ба деген дегбірсіз ойда отыр. Ары ойланып, бері ойланып, еш жерде көрген адамым емес, бірақ жүрегім бір қуанышты сезіп тұрғандай, - деп іштей қадала қарап қалған әкеме, есік алдында үнсіз тұрып қалған бөтен кісі мұртын бір сипап алып, мелшиіп тұрғанға ұялды ма басқа тілмен:

- Ахметчінің үйі осы ма? Ол менің бауырым еді, - деп үн қатты. Әкем қырғыз тілінде сөйлеп тұрған кісіні аңғарып, сонау ашаршылық кезең есіне түсті ме, сол кездегі солақай саясаттың, ашаршылықтың кесірінен қырғыз еліне ауып кеткен туыстарының бірі шығар деген ой келіп:

- Мен Ахметчі емеспін, Ахметжанмын - деді де, - Сіз кім боласыз? - деп өзіне қайта сұрақ қойып барып, әлгі кісі жауап берместен бұрын әкемнің өзі бөгде кісіні ары қарап, бері қарап отырып, осы кісі дәу де болса Дәулетқұл атамның баласы Бодаубай шығар деген ой сап ете түссе керек.

- Сіз Бодаубаймысыз? - деді. Кірген бетінде есік алдында тұрып қалған әлгі кісі қырғыз тілінде:

- Иә, шоның өзі болам тайәке, - деді.

- О, бауырым Ахметчі - деп, әкемді танып, құшақтап жылап көрісті де үлкен қолымен жер сипалап:

- Бір бұтың жоқ екен ғой, соғыс жалмады ма, - деп қайта құшақтап:

- Бағанадан бері тұрмай отырғаның аяғың жоқ болғаны екен ғой, - деп өксігін әзер басты. Әкемнің көзінен бір тал жас тамбады. Әкемнің батырлығын сонда көрдім. Екі бауыр жайғасып отырды. Мен әкемнің артынан шығып атама сәлем бердім. Ол кісі алдына алып бетімнен сүйіп, қалтасынан жұдырықтай науатты беріп тұрып:

- Мен атаң боламын, шоң жігіт болыпсың, - деп маған мейірін төкті. Әрбір сөзі қырғыз тілінде қазақ тілін ұмытыпты. Екеуі қауышудан кейін әңгімеге кірісті. Өздерінің сонау қуғын-сүргіннен кейінгі көрген азапты өмірлерін кезекпе-кезек айтты. Әкелері Нұпбай мен Дәулетқұлдың айдалып кеткенін, «бай-кулаксын» деп бір түнде ағайынды екеуін белгісіз өкімет адамдары қолдарына кісен салып айдап әкеткенін көздеріне жас алып, естеріне түсірді.

- Ит жеккенге алып кетіпті деп естідік, - деді Ахметжан әкем. Жаңадан бауырын тауып отырған атам Бодаубай ауыр күрсініп, көпке дейін ойға батып отырды.

Шешем әлдеқашан тұрып, от жағып, тамақ істей бастаған еді. Ұн арасына тығып қойған бір жілік қойдың етін «биссмиля» деп қазанға салып қойды.

Пеш үстіндегі қайнап тұрған шәугімдегі шәйді демдеп, дастарқанға қатырма нан турап, май салып, шақпақ дәу қантты майдалап ыдысқа салды. Құрт, ірімшікпен дастарқанды толтырып:

- Шәйға келіңіздер! - деп шақырды. Дастарқан басында әңгіме одан әрі жалғасты. Әкемнің қуанышында шек жоқ. Тосын келген бауырымен әбден танысып алғаннан кейін хал-жағдайларды сұрасты. Бодаубай атамыз да өзінің соғыста болғанын Сталинград майданында болып, он екі мүшесі сау, соғыс біткенде өзі мекен еткен қырғыз еліндегі Каганович ауданы «Алға» совхозында тракторшы, кейін қойшы болғанын айтты. Әкемнің бауыры Бодаубай қазақ деген аты болмаса, таза қырғыз тілінде сөйлейді екен. Сол бір қиын-қыстау нәубет жылдары бірінен-бірі ажырасып кеткен әкелер осылай тоғысқан еді. Талай-талай ауыр қиындықтарды бастарынан өткерген ағайынды бауырлар, екі майдангер бір-бірімен қауышып, табысып қуанышқа бөленгені бәріміздің жанымызды жадыратты. Дастарқан үстінде олар енді, мына өсіп келе жатқан ұрпақтардың аспаны ашық, бақытты болсын десті.

### Нәубет жылдары адасып қалған Күлсін әкемді Шудан таптым

Ел аштыққа шыдай алмай жан-жаққа туыстарын іздеп, не істерін білмей босып жатқанда Бодаубай атамның қарындасы Күлсіннен де адасып қалыпты. Кейін білдік, сол зұлмат заманда Күлсін әкемді нағашылары қолына алған екен, - деп бастады Ниетжан қария әкесінің кезекті әңгімесін есіне түсіріп.

-1968-1969 жылдың қысы өте қатты болғанын бәріміз білеміз ғой. Менің Тұрсынқұл деген досым колхозда жүргізуші болып еңбек ететін. Сол жылдары Шудың қант зауытынан малға пайдалы қызылшаның қалдықтарынан дайындалатын жем (силос) таситын. Бір күні ол Шу ауданындағы Чкалов атындағы колхозда сенің туысқаның тұратынын білдім деп, айтып келді. Қандай туысым екенін білмей-ақ, жүрегім бір жақсылықты сезгендей қатты қуандым. Сол сәтте әкем Ахметжанның Бодаубайдың туған қарындасы Күлсін туралы айтқан әңгімесі есіме түсе кетті - деді Ниетжан ақсақал.

Отызыншы жылдары ел жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Бай, кедей демеі елдің малдары тәркіленіп өкіметке өтті. Көптеген адамдар жазықсыздан жазаға тартылып қамалды. Бай деген адамдардың малы тәркіленіп, өздерін қамауға алып жатты. Ауыл жаппай ашаршылыққа ұшырап жан-жаққа ауқат іздеп кете бастады. Бұл нәубет 1937 жылға дейін созылған еді.

Осындай қиын-қыстау кезеңде атам Нұпбай мен оның інісі Дәулетқұлдың бар малын, дүние-мүлкін бірін қалдырмай тартып алып, сол жетпегендей Кеңес өкіметі «байсын-кулаксын» деп екеуін де, қолдарына кісен салып алып кетіпті. Кейін білдік, Алматы маңында оларды «халық жауы» санатына жатқызып, жазықсыздан қаралап атып жіберіпті, -деп Ниетжан қария әкесі Ахметжаннан естіген әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Біз сияқты Дәулетқұлдың да отбасы тоз-тоз болып, тамақ іздеп, туған-туыстарын паналап жан-жаққа бытырап кетеді. Дәулетқұл атамның баласы Бодаубай да күнкөрістің қамымен қырғыз еліне кетіп, сол жерде ұзақ уақыт күнін көреді. Сол кезде Бодаубай атамның қарындасы Күлсін 1930-1932 жылдары нағашысының қолында болған екен...

Сонымен 1969 жылдың қақаған қысында, қаңтар-ақпан айларының бір сәтті күнінде Тұрсынқұл мені Шу ауданындағы Чкалов атындағы колхозға алып келді. Сұрай-сұрай Күлсін әкпемнің үйін тауып алдым. Үйге кіре бергенімде алдымнан бір қыз шығып:

- Төрлетіңіз, жоғары шығыңыз, - деді. Мен іштей әкпемнің қызы осы шығар - деп жорамалдадым.

- Күлсін әкпем қайда? - деп сұрап едім, ол маған таңдана қарап:

- Апам мектепте сабақ береді, қазір келіп қалатын шығар, - деді де, жәй ғана күлімсіреді. Бұл бөтен кісі менің апамды қайдан біледі дегендей жүзінде таңданыс бар.

Жолдан қалжырап келіп диванға қисая кетіп, әп-сәтте қалғып кетіппін. Бір уақытта есіктің тысыр еткенінен оянып кетсем, алдымда менен көзін алмай тұрған кісіні не де болса осы әкпем болар деп ойлады. Ол да маған таңырқай қарап тұрды, мен бұл кісінің аңырайып тұрып қалғанын байқап:

- Сіз Бодаубайдың қарындасы Күлсін әкпе боласыз ба? - деп едім.

- Иә, ал сіз кім боласыз? - деді де, менің жаныма жақындап келіп, үнсіз тұрып қалды.

- Сіздің әкеңіз Дәулетқұл менің атам Нүпбайдың туған інісі, - дедім. Әкпем мені құшақтап әп-сәтте көңілі босап:

- Бауырым екенсің, ағамның баласы екенсің ғой, - деп бетімнен сүйді. - Ашаршылық кезінде бір жан үшін тамақ іздеп, тоз-тоз болып кетіп едік. Сол кезде бала болсам да білемін, біздің отбасымыздың басына төнген аштық жайлаған ауыр күндер күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Мені құдай сақтап, 1930-1932 жылдары нағашым өз қамқорлығына алыпты. Ағам Бодаубайды көрмей кеттім ғой, - деп көзінің жасын орамалмен сүртті.

- Мен де сіз туралы әкем Ахметжаннан көп естіп едім, енді ғана әрең дегенде сізді тауып отырмын.

- Өткен түні көрген түсімде жанымда бір шырақ жанып тұр екен. Бұл түсімді жақсылыққа жорыдым да, көңілім көтеріліп қалып еді. Сол түсім дәл келді ғой, бүгін жарық етіп мені тауып алдың!

Сөйтіп, ашаршылықтың кесірінен адасып қалған әкпемді кездестіріп, қуанышқа бөлендім. Әкпемнің жұбайы ертеректе қайтыс болып кетіпті, оның артында жалғыз қызы Гүлжаһан мен ұлдары қалыпты. Бәрі үйлі-баранды болып, жоғары білім алып қоғамның әр саласында қызмет істейді екен. Кейіннен әлгі алғаш рет үйінде мені қарсы алған қыз - Гүлжаһан педагогикалық институтты бітіріп, мұғалім, мектеп директоры қызметін абыроймен атқарып, зей-

нетке шығардың алдында ондаған жылдар бойы Шу аудандық білім бөлімін басқарады.

Кеңес өкіметінің солақай саясатының барысында аштықтан тірі қалған ағайындар осылайша бірін-бірі іздеп тауып, қуанышқа бөленгеніне не жетсін! «Орнында бар оңалар» деген халық даналығы осындайда айтылса керек, - деп Ниетжан ақсақал тамағын бір кенеп алды да, бізді дастарқан басына шақырып, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- 1932-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанмен қатар Украина, Батыс Сібір, Орал, Солтүстік Кавказ және т. б. Кеңес Одағының аймақтарын қамтығанын білеміз ғой. Солардың ішінде жаппай қырғынға ұшыраған қазақтар екен. Миллиондап қырылмағанда қазақ халқының саны бүгінде 25-30 миллионға жетіп қалар ма еді? Бұл жөнінде бұрын айтылмады, егер кімде-кімнің аузынан сөз шығып кетсе дереу жауапқа тартылатын. Сол заманды көрген куәгерлердің айтуына қарағанда, жеке шаруашылықтарды жойып колхоздарға біріктіріп, отырықшылыққа көшіру кезінде елді алапат аштық жайлаған екен, - деді қария.

### **ҚР дербес зейнеткері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген заңгері, Қордай ауданының құрметті азаматы, соғыс ардагері Қошан Көшербаевтың нәубет жылдардағы тағдыры**

#### **Тауқыметі көп болған азапты жылдар**

Қошан Көшербаев 1923 жылы Талдықорған облысында дүниеге келген. Өзінің кейін еске түсіріп айтқанына қарағанда, әке-шешеден жетім қалған Қошан бала күнінен бастап қиыншылықтың азабын көп тартады. Жетім балалардың тобымен Георгиевка (қазір Қордай) ауылына қалай келіп қалғанын есіне түсіре алмайды, сол кезде ол небәрі тоғыз жаста болыпты. 1930-1933 жылдарда аштықтан қырылған елдің көптеген балалары үйсіз-күйсіз далада қалғаны белгілі ғой. Кеңес өкіметі жетім қалып, қаңғырып жүрген балаларды әр жерден жинап, балалар үйіне өткізіп отырған. Сондай балалар үйлері Алматы маңындағы Шелекте және Фрунзе (қазір Бішкек) қаласында болған екен.

Қошан қарияның айтуынша, бір топ жетім балаларды Бішкек қаласына апара жатқанда жолда Георгиевка ауылына түсіп, базар аралап жүргенде ада-сып қалып қалады. Қанша күн жүргені белгісіз, аш-жалаңаш әзер тамағын тауып, елден қалған қалдықтарды теріп жеп жүргенде Сәтімбек деген кісі кездеседі. Ол жол шетінде отырған кішкентай баланы күнде көріп жүреді де бір күні қараса, әлгі бала сол жерде тағы отыр екен. Сәтімбек балаға жақындап келіп:

- Атың кім? - дейді.



Бала біраз үндемей жерден көзін алмай:

- Атым Қошан, - деп ақырын ғана жауап береді.

- Кімнің баласысың, неге отырсың? – деп сұрайды. Бірақ бала Сәтімбекке бір қарап алып, ешнәрсе айтпайды. Ол баланың қамқоршысы жоқ екенін түсініп:

- Олай болса жүр менімен бірге, - дегенде бала сөзге келмей ілесіп жүріп береді.

Сәтімбек баланы ертіп үйіне кіріп зайыбына:

- Қадиша, үйге қонақ бала келді, - дейді.

Баланың бет-аузы сатпақ, үсті-басы кір, ұйқы да көрмегені көрініп тұр. Оны көрген Қадиша пеш үстіндегі жылы сумен баланың қолы басын жуып, дастарқанға отырғызып сүт, нан беріп, ыстық шәй беріп тамақтандырады. Аштықтан әбден әлсіреген, ұзақ уақыт үй қамқорлығын көрмеген Қошан қалғып отырып, тамақты әрең ішеді де, отырған жерінде қисаяды. Басына жастық қойып жатқанын сезіп қалады да, әкпе деуге ғана шамасы келіп бірден ұйқыға кетеді. Баланың үстін қымтап, жылы жауып қояды. Ұйқысы қанып оянған бала көзін уқалап, бөтен үйде жатқанына ұялғандай болып, жанында отырған Қадишаға:

- Әкпе! Мен кетемін, - дейді.

Мұны естіп қалған Сәтімбек:

- Қой, Қошан, бұл сенің үйің, - деп баланы өзіне тартады. Бала көп ойла-нып үндемейді. Біраз үнсіздіктен кейін Сәтімбектің балаға қарап:

- Қайдан келдің, Қошан? – деген сұрағына бала бір ғана сөз айтады:

- Детдомнан адасып қалдым.

- Әкең кім? – дегенде Қошан мойнындағы тұмарды көрсетеді. Сәтімбек тұмарды ашып қараса «Жалайыр Көшербай, балалары Қошан, Дошан», - деп жазылған екен.

- Әкең Көшербай ма?

- Иә.

- Ал Дошан қайда?

- Жолда түсіп базар аралап жүргенімде адасып қалдым, Дошан балалармен бірге кетті.

- Дошан інің бе, әлде ағаң ба? – деп Сәтімбек қайта сұрайды.

- Екеуміз егізбіз, - дейді Қошан.

- Бізге бала бол, мынау әкпең Қадиша.

- Мен ағаң боламын, - деп Сәтімбек ол не айтады дегендей, оған қарап күлімсіреп тұрып қалады. Бала не айтарын білмей келіскендей болып, басын изей береді. Бұл 1932 жыл еді.

Сөйтіп, Қошан Сәтімбек пен Қадишаның қолында тәрбиеленіп бірін аға деп, Қадишаны әкпе деп өсіп, ер жетеді. Өзінің әкесінің атымен Көшербаев Қошан болып мектепке барады, Сәтімбек Қошанның әкесінің атын өшірмейміз деп өз әкесінде қалдырған.

Ел басына төнген қиыншылық жылдары жетім қалған баланы тәрбиелеп өсірген Сәтімбек Өксікбайұлы Георгиевка ауылына іргелес жатқан «Путь Ленина» колхозында өмірінің ақырына дейін жылқышы болды.

Қошанның жасы жетіп 1942 жылдан 1947 жылға дейін Кеңес Армиясында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Он екі мүшесі сау болып, елге келгеннен кейін Сәтімбек ағасы мен Қадиша әкпесі Қошанды Мария деген қызға үйлендіріп қуанышқа бөленеді. Сонау ашаршылық жылдарында әкешеседен айырылып, жетім қалған Қошан Сәтімбек сияқты мейірімді жанның арқасында шаңырақ құрып бала-шағалы болды. Кейін Талдықорған жақтан кезінде аштықтың азабын тартып, тоз-тоз болып кеткен туыстарын табады.

Әскер қатарынан босағаннан кейін мектепте мұғалім, одан кейін Қордай аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде аға инспектор, аудандық соттың сот атқарушысы болып қызмет етті. 1966 жылдан зейнетке шыққанға дейін 20 жыл бойы Қордай аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болды.

### Аты аңызға айналған ұста Нүсіп Төкейұлының өміріндегі ауыр күндер

Соғысқа дейін Красногор селосында (қазір Үлкен Сұлутөр ауылы) темірден түйін түйіп аты аңызға айналған шебер ұста Нүсіпті бұл өңірде білмейтін адам жоқ еді. Ал оның өмір жолы тым әріден басталады.

Нүсіп Төкейұлы 1906 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында қарапайым шахтердің отбасында дүниеге келіпті. Ол он жасынан бастап әкесімен бірге шахтаға түсіп көмір қазады, бұғанасы қатпай жатып ащы еңбектің дәмін татады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі шахтерлер арасындағы толқуларды өз көзімен көреді. Нүсіп үшін сол жылдардағы тауқыметтің ең ауыры – әкесінің қазасы болғаны, ол шахта забойындағы апаттан көз жұмады. Жұбайынан айырылып өмір зарына тап болған анасы Нүсіпті қайтып шахтаға жібермейді.

Анасымен бірге бар қиындық өз мойнына түскен жас жігітке мұнан кейінгі тағдыр тауқыметі оңай тиген жоқ. Ол жан сақтау үшін ашаршылық жылдарында малшы да, жалшы да болады, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты да бастан кешірді, арып-ашып Арқа жерінен ауған жұртпен бірге Әулие-Ата маңына келіп табан тіреді. Нүсіп жолда қырылып жатқан халықты өз көзімен көрді. Өздерімен бірге келе жатқан елдің де біразы жол-жөнекей аштықтан ауруға шалдығып, әлсіреп құлап жатты. Әбден қалжыраған босқындар көштің соңында ілесіп келе жатқан иттерін сойып жей бастаған. Жолдың жағасында шашылып жатқан өліктердің үстіне құстар қонып, олардың көздерін, басқа да дене мүшелерін шоқып жеп жатқанын көріп, жандары түршігіп зар еңірейді.

Қаншама адам Арқадан ауып келе жатып жолда көмусіз қалды. Нүсіп отбасымен «шықпа жаным, шықпа» деп, арып-ашып, аман-есен киелі Әулие-

Ата жеріне жеткеніне шүкіршілік етеді. Бұл аймақта да оңып тұрған ешнәрсе жоқ екен, өкіметтің тарапынан көмек болмай, ішерге тамағы болмай қырылып жатқан халық.

1933 жылы Қазақстандағы күйзеліске ұшыраған ауыл шаруашылығы мемлекет тарапынан қолға алынып, аудандарда машина-трактор стансалары (МТС) құрыла бастапты. Нүсіптің бағына қарай, қажетті жұмысшылардың тізіміне ілігіп, оны Красногор ауданында ашылған МТС-қа жолдамамен жібереді. Мұнда келісімен ол іске қызу араласып, тапсырылған жұмыстарды мінсіз атқарып көзге түседі, ұсталық шеберлігімен де танылады. Сонымен оны басшылар МТС-тың темір ұста цехына жібереді.

Уақыт өте келе МТС-тың материалдық-техникалық базасы жақсарып, Красногор ауданының 12 колхозына техникалық қызмет көрсететін болды. Техника көбейген сайын оның ауыл шаруашылығында атқаратын жұмыстары артып, істен шыққан кейбір бөлшектері темір ұста цехында жөнделетін. Сонымен қатар жер өңдейтін соқа, тырма және басқа да құрал-саймандар Нүсіп сияқты темір ұстаның қолымен жөнделіп, егін даласына жөнелтіліп жатты. Кейде ол токарлық станок жоқ болғандықтан қарапайым болт пен гайкаларды да ұста көрігінен өткізіп жасай беретін еді.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталды. Нүсіп Төкейұлы қатарынан қалмай соғысқа аттанбақ болып аудандық әскери комиссариатқа қайта-қайта барды, бірақ оны кейін қайтарып: «МТС-қа темір ұста керек, сен мұнда керексің» - деп әскерге жібермеді. Оны майданға жібермей броньмен алып қалып отырды.

Соғыстан кейінгі жылдары ерен еңбегі үшін омырауына «Еңбек Қызыл Ту» орденін тақты, 1957 жылы Мәскеудегі КСРО халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне барып қайтты. Сонау 30-жылдары жастық шағында аштықтың дәмін татып, азабын тартқан Нүсіп қария өзі таңдаған кәсіпті құрметті зейнетке шыққанша атқарды.

Қазіргі Сұлутөр ауылында Нүсіп ақсақалдың ұсталық шеберлігін үлкен де, кіші де жыр етіп айтып жүреді. Өзінің адал еңбегімен, өмірдің қаншама қиындықтарын көрсе де, қария елдің құрметіне ерекше бөленді.

**Әлден Керімқұлұлының зұлат жылдардағы естелігінен**  
**Бір уыс талқан**

Аштық жайлаған жылы ұйықтап жатқан Керімқұлды өлтірген адам бір уыс талқанды олжалап кетті. Бес жасар Әлден әке денесінің жанында айналшықтап 5 күн жүрді...

Көктем шыға бастаған кез. Ауыл еңбеккерлері егістікке деген құрал-саймандарын ұстаханада жөндеп жүр. Қызарған оты мен қолмен басылатын көрігі бар шеберхана ауылда «Ұста дүкен» деп аталады. Ауыл балаларының сом білекті балғашы мен байсал қимылды ұстаға сұқтана қарап әсер алатын жері осы.

Әлден қазір ұстаханада балғашы. Әкесімен қатарлас Өмірзақұлы Нүпішбайдан, Аманбайұлы Орынбайдан, Ахайұлы Байдәукеден тәрбие алып, ұсталық кәсіпке бейімделіп келе жатқан кезі. Ауылдың тіршілігіне керекті құралдар мен үй мүліктерін қайрап, құрсаулап қайта іске қосу дегендей барлық тірлік Әлденнің мойнында еді. Ұстаздары сияқты көп сөйлемейтін, қиыннан қиыстырып, темірден таспа тіліп, шеберлігімен ел мақтанышы болды. Ә дегенде ауыл ұсталарынан әсер алған Әлден 1942 жылы Челябинск қаласында ФЗО-ны бітірген соң Теміртау қаласындағы темір балқыту цехында төрт жыл жұмыс істеді. Темірдің құдіретін тек оқып білген жоқ, өз көзімен көріп, өз қолынан шығарды. 1946 жылы ауылға қайтпағанда атақты темір балқытушылардың бірі болып жүретініне кәміл сенімді болатын. Елім деп елге келді, бар тәжірибесін, ынтасын ауыл қажеттігіне жұмсады. Зейнетке шығардан бес жыл бұрын ұсталық кәсіпке үшінші ұлы Жұмаханды баулыды. Бала-шағасын қатал тәртіпте ұстап еңбекке тәрбиеледі.

Көп сөйлемей балаларына сын көзбен қарап қоятын. Тындырымды істерін көріп мерейленіп отыратын, бірақ сырт көз байсалдылығы өзгермеуші еді. Әкелік ынтасын балаларының өз жолын тауып өмір тізгінін нық иемденердей етіп бағыштады. Іштей қанағаттанып өтті. Бойындағы ата-ана қызығын көре алмаған арманы балаларына қанағаттанған сайын тас түйіні босап, шері тарқала түсетін.

Өткенді ойлап, әкесінің заманындағы қиындықтарды қазіргі балаларының заманындағы мүмкіндіктерімен салыстырып, терең ойға шоматын.

Бұны байқап жүретін зайыбы Қымбаттын:

- Балаларың өсіп жетілді, алды отаулы болды. Бәрі сөз қадірін түсінетін халге жетті. Сенің басыңнан өткен ауыр қиындықтар, олардың еңбек қадірін біліп, өмірдің ащы-тұшысын ажыратып, адамгершілік зор санатта өсуіне әсерін тигізер. Сондықтан да өткен өмірбаяныңды балаларыңа айтып бер, елді де құлаққағыс ет, - деген өтініші Әлденге ой салды.

Кеңес өкіметі елдің малын, мүлкін зорлықпен тартып алып «қосшы», «кооператив», «колхоз» деген ұйымдарға біріктіре бастады. Осындай кезде Әлденнің әкесі Керімқұл да ел қатарлы «Ешкілі Қордай» ауылындағы 60-70-ке жуық кедейлердің басын біріктіріп, «Қосшы» ұйымын құрған.

Керімқұл әнші, домбырашы, арабша жетік оқитын сауатты еді. Кедей болса да «ер қанаты – ат» деп үйде ат ұстайтын. Оның ер-тұрманын өзі жасап, түйінделген жерлерін әшекейлеп, күміспен қаптап жүретін сергек адам еді. Жеңелері оны «шебер қайным» дейтін.

Керімқұлдың шеберлігін көрші ауылдар да жақсы білетін. Ел «сыйға-сый» деп Керімқұл жасап берген ер-тұрман, тағы басқа да дүниеліктерге қолда бар мал-мүліктерін беріп сыйлап отыратын.

Қордай тоспасының басында тұрған кез болатын. Сол кезде жаңа өкіметтің зорлығына көне алмай тау-тасты паналаған адамдардың бірінші жауы – колхоз-қосшы ұйымдарының белсенділері еді.

Бір күні іңір қараңғысында қарулы топ үйге баса-көктеп кіріп, сау ете қалды. Қастандық істің боларын бірден сезген әйелі Әсіреп Керімқұлды қалқалап есіктен шығарып үлгерді.

Үйге ақыра кірген «банда» Керімқұлдың үлкен баласы Әбдібайды қамшымен сабап «Бөрінің баласы әкең қайда?» деп алқымға алды. Әбдібай сол кезде 12 жаста, мелшиіп түк айтпай тұрады. Бандылар үйді ашып-шашып, ескі сандықтың ішіндегі балаларға деп арнайы дайындалған көп өрімді әсем қамшыны, кемер белдікті, тартпаны, жүген және басқа жарамды бұйымдарды тонап алады.

Үйдегі сол кездегі өкімет басшыларының суреті бар газеттерді жыртып, әйел болса да Әсірепті қамшымен сабап, Керімқұлды тауып жер жастандырамыз деп, тау жаққа шауып кетеді.

Содан екі-үш күн Керімқұлдан хабар болмайды. Әбдібай мен Әлден, тәйтәй басқан қарындасы Қашай мен шешесі төртеуі айнала тау-тастың, тобылғытоғайдың ішін талмай іздейді. Жаяулап күштері жеткенше тау шатқалдарын да түгел қарайды. Айнала үрей...

Жылап жүрген шеше, көздері тостағандай болып бойларын қорқыныш жайлаған балалар, бір уыс бидайды диірменге тартып күнін көріп, «тірі болса келер» деп үміттерін үзбей ақырын күтеді.

Содан бір күні киімдері алба-жұлба, үсті-басы қан басқан күйінде Керімқұл үйдің босағасын аттап құлайды. Зәресі ұшқан әйелі ойбайлап басын көтеріп, балалары «тәте-тәте» деп кішкентай үй іші азан-қазан болады.

Сусын мен аштық қысып, соққыға жығылған Керімқұлда ес жоқ. Аузына тамызған су мен ашымал тамағынан зорға өтеді. Қымбат күйеуінің денесін жуып тазалап, бүркемелеп жатқызып балаларға тапсырған соң, көрші ауылдан молданы ертіп келіп дем салғызады. Үшінші күн дегенде Керімқұлдың беті бері қарап, одан екі-үш күннен соң аздаған тамақ ішіп жантайып отыруға шамасы келеді. Оның айтқан әңгімесі бойынша бала-шағасының білгені, ол үйден қашып шығып тауды паналаймын деп жүргенде бандының басқа тобына тап болып соққыға жығылады.

Енді бұл жерден қашпаса тағы да қиындыққа тап болатынын біліп, жалғыз аттан айырылған Керімқұл керекті киім-кешектерін алып, бала-шағасын жетектеп Сұлтөрді бетке ұстап жолға шығады.

Ол жерде, әйтеуір, тақұл-тұқыл тірлігі бар ағайындарының үйінде бір күн болған соң Керімқұл үлкен ұлы мен кенже қызын және әйелін Сұлтөрге қалдырып, кіші баласын көтеріп Қырғызстанға аттанады.

Жаяу-жалпылап келе жатып жол-жөнекей не көрмеді. Айнала ашаршылықтан темсендеп, дала-далада тентіреп жүрген ел. Жырларда, жартастарда сүйеніп отырып шейіт болған адамдар. Жол шетінде шала-жансар жатқан пенделер де толып жатыр. Шамасы келсе бір үзім нан үшін тарпа бас салатындай көрінеді. Бұл бейшаралардың орындарынан тұруға дәрмені жоқ, көздерінің жанары солып бара жатқандай, әлсіз ғана ыңырсыған дыбыстары естіледі...

Керімқұл шаршап-шалдығып бірнеше күннен кейін қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласына жетіп, әзер дегенде етікшілік кәсіппен айналыса бастайды. Бұл жерде жолда көргеніндей, аштықтан өліп жатқан адамдар көрінбейді. Бөрі де жайбарақат өмір сүріп, өздерінің тіршілігімен айналысып жатқан ел.

Қыс өтіп жол ашылған соң Керімқұл ауылдың жайы не болды, біліп келейін деп бес жасар ұлын жетектеп, етікшілікпен тапқан аздаған дүниесін, азығын алып, жолға шығады. Көктөбе ауылынан өтіп терең сайдағы диірменнің жоғарғы жағындағы өзен бойында шәй қайнатып ішіп, әкелі-балалы екеуі демалуға жатады. Ауыр жол шаршатып шырт ұйқыда жатқан бұларды аңдыған, аштықтан көздері қарауытқан адамдар қарақшылық оймен келіп Керімқұлдың мойнына тұзақ салады.

Балаға тимейді. Тінтіп жүріп дорбада қалған бір уыс талқанды, басқа да дүниеліктерді алып кетеді. Таңертең тұрған бала «тәтелеп» әкесін ары-бері оята алмай, өзеннен су ішіп сол арада айналшықтап, біресе ойнап, біресе жылап, жаңа шығып келе жатқан татырдың түбірін жеп, түнде әкесінің жанына кеп ұйықтап, күндіз аштықтан әбден әлсіреп, дел-сал болып бес күн жүреді.

Құдай сақтап ит-құс кездеспейді. Бір күні сол маңнан өтіп бара жатқан өгіз арбалы адамдар баланы көріп шақырғанда, ол шошып, өрге қарай қашады. Әйтеуір, айқайлап, жөн айтып жүріп, екі көзі аштықтан шүңірейіп кеткен баланы ұстап аты-жөнін сұрап, тамақ беріп мән-жайды білген соң, ісінген мойнын тұзақ тіліп кеткен әкесін жерлеп, өзінен сұрастыра отырып, Сұлтөртегі шешесін тауып баласын табыс етеді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» - деген осы шығар.

Тар заманда қасіретке ұшыраған ана, енді екі ұлым мен қызым аман болсын деп, балаларын құшақтап жылап қала береді. Бұл 1933 жылдың көктемі болатын. Екі жылдан соң буыны қатпаған балалардың шешесі Әсіреп қайтыс болып үш бала жетімдік күн кешеді...

Кейін Әбдібай жаңа құрылған МТС-қа ұсталық жұмысқа тұрып, Әлденді жанынан қалдырмай ілестіріп жүріп еңбекке баулиды.

Әлден 1952 жылы Қымбатқа үйленді. Олардың ұрпақтары өсіп жетілді. Әлден мен Қымбаттың ендігі тілегі «өткендегі нәубет ел басына келмесе екен, үрім-бұтағымыз өсе берсін» деп қана Алла тағалладан сұрап отырады екен.

**Соғыс ардагері, маршал Чуйковтың жеке фотографы болған Байділдә ақсақалдың естелігі**

**Өзен жағаласаң өзегің талмайды**

- Ашаршылық XX ғасырдың 30-жылдары сол кездегі Кеңес өкіметінің көптеген аймақтарын қамтыды. Әсіресе, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Украина және Қазақстанда ашаршылық көлемі тым үлкен болыпты. Алайда, аштан қырылып, бас сауғалап босқын болып кеткен халықтардың ішінде саны

жағынан ең қатты зардап шеккен Қазақстан екен, — деп бастаған еді Байділда қария әңгімесін Қаракемер ауылындағы В. И. Чапаев атындағы орта мектептегі кездесудің бірінде:

- Егер халықтың бар малын жөн-жосықсыз тартып алып, колхоздарға күштеп біріктірмесе, онда ел аштыққа ұшырамас еді. Біздің өңірде аштық басталған кезде мен 10 жаста едім. Әу дегенде біздің Қаракемер ауылының тұрғындары қосшы, артельдер ұйымдарына біріге бастағанын бала болсам да жақсы білемін. Өкімет адамдары ауылдағы малдың бәрін жинап алып, колхозға біріктірді. Біздің отбасымыздағы 20 шақты қой-ешкіні, 3 сиырды және 5 жылқыны да тізімге алып, бірін қалдырмай алып кетті. Бұл шамамен, 1929 жылдың күзінде болған еді. Не істерімізді білмей, жергілікті белсенділерден ең болмаса балаларға қатық болсын бір сиырды, екі-үш ешкіні қалдырындар деп әкемнің жалынғанын, олар құлақтарына да ілмеді. 1930 жылдың көктеміне дейін қолымыздағы азық-түлікті әрең дегенде жеткізіп, қыстан шықтық-ау, әйтеуір. Бұдан кейінгі жағдайымыз да мәз болмады.

Ауылдың күнге жағында басынан қысы-жазы қар кетпейтін қырғыз Алатауы көрініп тұратын. Ал шығысқа қарай сол ақбасты таудан төменірек, бірақ биік-биік қыраттары бар, солардың арасынан «мен мұндайлап» алыстан көрініп тұратын биік жартасты тау шыңын жергілікті тұрғындар «Әулие шоқы» деп атап кеткен. Олай аталу себебі, сонау ықылым заманда Алланың елшісі Пайғамбар оның биік шыңында намаз оқыпты деген сөз халық арасында күні бүгінге дейін айтылып келеді. Бұл аңыз ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел аузында жақсы сақталғаны шындық қой. Сондықтан да, бұл биік шоқы жан-жағындағы таулардан ерекшеленіп, айналасына қасиетті Пайғамбардың нұрын шашып тұрғандай көрінетіні рас. «Әулие шоқы» деп аталуы да содан болар. Ең биік шыңы найзаның ұшындай болып келіп, төмен қарай шоқының етек жағы жалпақтана береді. Әсіресе, таңертең күн ұясынан шыға бастаған кезде Әулие шоқының айналасы ерекше нұрланып, шоқыны қоршап тұрған аласа-биік таулар масатыдай құлпырып, көкпен тілдескендей болып көрінеді. Осындай сәтте шоқыдан көз алмай қарай қалсаңыз, шындығында Пайғамбардың намаз оқығанына сенгендей боласыз.

Әулие шоқының терістік жағындағы таудың беткейінде 1905-1910 жылдары сонау Ресейден көшіп келген орыс шаруалары қоныстанған екен. Бұл жер бұрыннан Қордай өңіріндегі Дулаттың бір баласы Жаныс ұрпақтарының жайлауының басы болыпты. Одан әрі жазықтау болып келетін даланың түгін тартсаң май шығатын шөбі шүйгін, малға жәйлі, тау қыраттарының әр жерінен суы таза, мөлдір бұлақтар сыңғырлап ағып жатады. Мұндай табиғаты керемет, әртүрлі өсімдіктерге бай жерді қазақтар «Керу» деп атапты. Ал орыстар келгеннен кейін «Ново-Александровка» деген атауға ие болған. Тау бөктерінде орналасқан осы ауылдан сәл төмен терең сайда, Әулие шоқының айналасындағы таулардың ортасын қақ жара ағатын «Қарақоңыз» өзенінің аңғарындағы табиғатқа көз тоймайды. Мұнда өсімдіктің небір түрлері қаулап

өсіп тұрады, жеміс-жидектер сан алуан, сонымен бірге жер таңдайтын талғампаз жаңғақ та өседі. Не керек, көктем-жаз айларында ел сұрап алғандай болып, қажетті кезінде жауын-шашын болып тұрады. Сондықтан картоп, бидай тағы басқа дақылдарды өсіруге өте қолайлы болып келеді. Мұндай табиғаттың құдіретіне таң қалып, қайран қаласың!

Керу ауылы біздің Қаракемерден 18 шақырым биіктікте орналасқан. Бұл ауылға бару үшін таудың тастақты жолдарымен төменнен жоғары қарай өрмелеу керек. Жаз айларында Керуге жету қиындық туғызбайды, ал қыста қазіргі заманның көліктерін трактормен сүйремесе, тайғанақтап жүре алмайды. Сол отызыншы жылдары ат-арбамен, жаяу-жалпылап қатынайтын болған ғой. Қаракемер ауылының оңтүстігіндегі қырғыз қаласы Тоқмақ біздің ауылдан 5-6 шақырым қашықтықта, екі елдің арасын Іле Алатауынан бастау алатын Шу өзені бөліп тұрады, қазір де солай. Қаракемердің батысында дүнгендер тұратын Масанчи ауылы орналасқан. Таудан ағып келетін Қарақоңыз өзені осы екі ауылдың шекарасы сияқты көрінеді, ауылдардың аралары бір шақырымдай ғана. Өзеннің арғы-бергі бетінде тұрып-ақ тұрғындар бір-бірінің дауыстарын естіп, хабарласып жатады. Көнекөз қариялардың айтуынша, дүнгендер бұл өңірге ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қытайдан келген екен. Олар Қарақоңыз өзенінің бойына қоныстанып, егін салып, бау-бақша өсірумен айналыса бастапты.

Мен өз ауылымның географиялық жағдайын жан-жақты сипаттап отырғанымның мәнісі мынада болып тұр. Елімізді ашаршылық жайлаған жылдары көптеген ауылдар жер бетінен жойылып, тұрғындары аштықтан қырылғаны қырылып, қалғандары беті ауған жаққа босып кетті ғой. Ал біздің ауылға да аштық келгенімен, малдан айырылсақ та, Қазақстанның басқа аймақтарындағы сияқты жаппай қырғынға ұшыраған жоқпыз. Рас, күнделікті тағамның жеткіліксіз болуынан ауруға шалдыққан адамдардың өлімі көп болды. Оларға медициналық көмек дер кезінде көрсетілмеді. Тіпті, Кеңес өкіметінің жергілікті өкілдері бұл жөнінде ойлаған да жоқ. Ал жоғарыдан келген билік уәкілдері өлген адамдарға ешқандай құран оқытпай, бәрін бір жерге көме беруді ашығып отырған елден қатаң талап етіп отырды. Иmandылықтың салты бойынша туған-туыстарына құран оқытып жерлейтін болса, ондайларды бұл Кеңес өкіметіне қарсы ескіліктің қалдығы деп, жазықсыз жазаға тартты. Мұндай да бассыздық болады екен! Ауылдың сыртындағы зиратқа көз жұмған жандарды жеткізе алмай, тұрғындар қолы жеткен жерлерге туыстарын жерлей бергенін өз көзімізбен көрдік.

Дегенмен, ауылдағы ағайын-туыстардың көбінің аштықтан аман қалуының себептері мынада: біріншіден, Әулие шоқының баурайындағы жабайы жеміс-жидек, аң-құстардың көптігі болса, екіншіден, Керудегі орыстармен тіл табысып егін егуді, бау-бақша өсіруді зобалаң жылдарға дейін үйреніп алғанымыз қандай жақсы болған. Сонымен бірге көршілес жатқан дүнгендерге жалданып егіншіліктің қыр-сырын меңгеріп, бала-шағасын аштыққа ұрындырмауға

әрекет жасаған ағайындар да болды. Өзеннің жағалауына әркім шамасы келгенше асқа жарамды қажетті әртүрлі дақылдарды өсіре бастады. Сонымен бірге Тоқмақ қаласындағы базарға шығып, ауыл тұрғындары үйлеріндегі кілем, текемет, тон сияқты жылы киімдерді және тағы басқа әйелдердің әшекейлі бұйымдарын сатып немесе бидайға, нанға, сүтке және тағы басқа азық-түлікке айырбастап күндерін көріп жүрді. Әлі есімде, біздің үйдің үлкендері де кейбір заттарды сол базарға шығарып тұрды.

Міне, осылай Алланың рақымымен, ертеден егіншілікпен айналысып келе жатқан орыстар мен дүнгендердің азды-көпті көмегінің арқасында және ауылдың жан-жағында адамның өмір сүруіне қолайлы табиғат ерекшеліктерінің болуы – біздің көбімізді аштық апатынан аман сақтап қалды десек, артық айтқандық емес.

Бір күні Тоқмақтың базарында өтімді заттарын сатып жүрген біздің ауыл адамдарының бірі осы қаланың маңында болған бір сұмдық оқиғаны айтып келді. Бұл оқиға былай болған екен. Аштықтан Қордай ауылынан босып барған 4 қазақ әйелінің жиырма күн бойы жас балаларды ұрлап әкетіп, сойып жеп отырған. Қырғыз милиция қызметкерлері қылмыскерлерді ұстап, қамаққа алыпты.

Қаракемер ауылына келіп-кетіп жүрген алыс-жақын ағайындардан естіп жүрдік. Аштық қысқан қазақтар қалаларды, поселкелер мен стансаларды, теміржол бойын қаптап кеткен. Олар жиналған жерлерде сүзек сияқты жұқпалы аурулар эпидемиясы басталыпты. Сол кездегі денсаулық сақтау жүйесі әлсіз болғандықтан ауруларды емдеп, жағдайды түзетуге мүмкіндігі болмаған екен. Аштық жайлаған жерлерде, босқындар арасында ит пен мысық, жәндіктерді былай қойғанда, адам егін жеген оқиғалардың да болғанын естігенде төбе шашымыз тік тұратын. Алыстағы Қордай ауылдарынан шұбырған жұрт қырғыз еліне жете алмай жол-жөнекей көп адам қырылып, олардың денесі көктемде Қордай асуындағы қар астынан табылған.

Құдай сақтап, егін салып, бау-бақша өсірудің арқасында біздің ауылдастар мұндай деңгейдегі аштыққа ұрынған жоқ. Қалай десек те, бізге де оңай болмады.

### **Еңбек ардагері Тасболат Іңкәрбаевтың әңгімесі**

#### **Көзім көрген сұмдықтар**

Нағыз ашаршылық жылдары біздің үйіміз Жамбыл облысы Қордай ауданының орталығы Георгиевка (қазіргі Қордай ауылы) селосында тұрды. Кеңес өкіметі орнамай тұрып, әкемнің әкесі сонда көшіп барыпты. Сол жылдары Георгиевка шағын орыс селосы, небәрі үш көше ғана бар екен. Осы селода қазақтар өте аз тұрған. Бұл село халқы ешқандай ашаршылық көрген жоқ. Екі жерде мектеп бар еді, соның біреуінде екі-ақ қазақ баласы оқитынбыз. Ашаршылық басталып, аш-жалаңаш қазақтар шұбыра баста-

ды. Орыстар оларға жұмыс, үй беріп, пана болу былай тұрсын, үйлеріне жақындаса ұрып-соғып қуатын. Ашаршылық басталмай тұрып-ақ көшемен көлік үстінде кетіп бара жатқан адамдарға балалары тас лақтырып, «киргиз» деп мазактағанын көріп тұрып-ақ, үлкендері қой демейтін. Бұл өзім тікелей араласып, көзім көргендер. Ол кезде мен 11-12 жастамын. Біз тұрған көшеде детдом бар еді. Сол детдомның балалары көп өлді. Күнде ат-арбамен өліктерін село шетінде арнайы қазылған үлкен апанға таситын. Мен күнде әлгі детдом басшыларының үйлеріне қымызды ертемен апарып беремін. Кей күндері өздері ұйықтап жатады. Есіктен төрге дейін шашылған ыдыс-аяқ, тағамның қалдықтары өте көп. Бұдан асқан астамшылық бола ма? Сондай-ақ ертемен село базарына қымыз, айран апарып сатамын. Орыс әйелдері түрлі тағамдар сатып тұрады. Аштар жақындап, сатып алатындай болып келіп, күлшеден ала қашады. Әлгі орыс әйелдері қолындағы бір-бір кеспелтек таяқшалармен қуып жетіп, ұрып-соғады. Әлгі аш адам нанды ауызға тығып, қомағайлана жеп әлек болады. Кейбіреулері ұрған жерде құлап, сол жерде өліп те қалады. Көше бойында, арық ішінде, бір тасада өліп жатқан қазақтар көп кездесетін. Оларды жинап, әлгі жалпы молаға апаратын болуы керек. Ашаршылық басталған алғашқы айларда кейбір қазақ байлары түнделете көшіп, көп мал айдап, Қырғызстанға өтіп жатты. Әкемнің інісі Есім Бішкек қаласында тұрды. Ол жерде де, Қырғызстанда ашаршылық болған жоқ.

1932 жылы Несіпбай деген бай туысқанымыздың малын конфискулеп алып қойған, ашаршылыққа ұшырайтын болған соң, көрсетпей тығып жүрген жалғыз түйесі мен екі әйелі, 5-6 бала-шағасымен менің әкемді іздеп, қасымызға көшіп келді. Әкем ол кезде «Кирнайпотребсоюз» деп аталатын мекеменің екі қора қойында гуртуправляющий болатын. Несіпбай тұқымдарының біразы: Әлмағанбет, Сейітжан, Мұқат қазір Бірлік ауылында тұрады. Сол қойды бағуға жұмысқа тұрғызды. Онда нан көп. Нанды ат-арбамен таудағы малшыларға тасып береді. Соның арқасында Несіпбай атамның ұрпақтары қазір әр ауданда, шүкір, баршылық.

1937 жылы әкем елге көшіп келді. Бұл жақтағы балалар ашаршылық салдарынан оқудан кенжелеп қалған екен. 1938 жылы мен орыс тілінен мұғалім болып орналастым. Сонда көбі менімен қатар, кейбір үлкендері бесінші, алтыншы кластарда оқиды. Өтірікші болмау үшін қазір барларын атай кетейін. Қаратериев Бөбек, Асанбаев Дүйсен, Сыздықова Күләшай, Қалытаев Бақтыбай, Пірәлиев Жуаныш, Баяубаева Нұрғайша тағы басқалар өте көп болатын. Бәрі Сталин, Голощекиндердің қолдан қасақана жасаған нәубеті. Әруақтарды халық болып еске түсірсек, аса құрметті жерге лайықты ескерткіш орнатсақ – асқан имандылық, келер ұрпаққа үлкен сабақ болар еді.

### **Дерек көздері**

1930-1931 жылдары аштықтан әбден қиналған халық Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске шыға бастайды. Сондай көтерілістердің бірі – Қордай

жерінде де болды. Олар Шу өңіріндегі көтерілісшілермен байланыс жасап, бірігуге ұмтылады. Бірақ қызыл отрядтың жансыздары алдын-ала біліп алып, көтерілісшілердің қосылуына кедергі жасайды. Соған қарамастан Қордай көтерілісі тоқтамай, кең өріс алып біраз елді мекендерді өздеріне қаратады. Бұл жөнінде тарихшы-ғалым Б.Ғ.Аяғанның зерттеулерінде «Қордай таулы асуында Осман батыр халықтың басын біріктіріп, атты әскер ұйымдастырады. Олар қажетті қару-жарақтарды Қытайдан алатын болды. Көтерілісшілер облыс орталығы Алматыға жетіп, оған тікелей қауіп төндіреді. Отар, Шамалған, Ұзынағаш, Красногорск, Георгиевка, Шу сияқты елді мекендер көтерілісшілердің қолына өтеді. Отар стансасының маңында кескілескен ұрыстар болды. 1931 жылдың сәуір айында көтерілісті басуға Кеңес билігі нақты әрекеттер жасай бастады» деген мәліметтер келтіреді.

(Б. Ғ. Аяған т. б. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 130-бет)

Аштыққа ұшыраған халықтың күшпен ұжымдастыруға қарсы болған наразылықтары Қазақстанның барлық өңірлерінде болып жатты. Жақсы қаруланған қызыл әскер отрядтары көтерілісшілерді өте қатыгездікпен аяусыз басып отырды.

1933 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде ашаршылық әлі де болса мыңдаған адамдарды жалмап жатты. Талас Омарбековтың алапат аштық туралы жинаған деректері бойынша 1933 жылы Қордай ауданында аштықтан өлген адамдардың саны көбейіп кеткен. Ғалым мұрағат құжаттарынан мынандай мәліметтер келтіреді:

«1933 жылдың қаңтарынан 31-наурызына дейінгі уақытта Қордай ауданы бойынша жиналып алынған өліктер; ауылдық кеңестің берген мәліметтері:

**Ауылдық кеңестерде өлген адамдардың саны:**

Благовещенский	51 адам
Успенковский	80 адам
Горно-Никольский	101 адам
Чернореченский	150 адам
Брикский	213 адам
Георгиевский	76 адам
Барлығы	671 адам

Успен ауылдық кеңесінде бір байдың баласы көшеде екі адамның басын сүйретіп жүрді (Ол ұсталды, ОГПУ тұтқынында отыр)». (Т.Омарбеков. Ашаршылық апаты. «Ақиқат» - ұлттық қоғамдық-саяси журнал, № 7, 2004, 41-бет)

Отызыншы жылдары қазақ ауылдарын ұжымдастыру кезінде халықты қорқытып, күштеп колхозға біріктіру жайында «Советская степь» газетінің тілшісі Ғ. Тоғжанов былай деп жазыпты:

«Бір колхоздарда елдің барлық малы ортақтастырылды, ал басқа жерлерде киіз үйі, үшіншіден, үйге қажетті ұсақ-түйек мүліктерден басқа барлық дүние-мүлік ортақтастырылды және т. б. Колхоз туралы көпшіліктің түсінігінің болмауына қарамастан, колхозға мүше болуға үгіттеді.

Кейбір қазақ ауылдарында байлар «колхоздарда әйелдер мен балалар да ортақтастырылады» деген сыбыс таратады. Қазақтардың көпшілігі, оның ішінде қазақ әйелдері байлардың айтқан сөздеріне сеніп қалады.

«Мемлекет бүкіл малды тартып алғандықтан, қазақтар етті жемейтін болады. Колхоздарда қазақтарды тек қана картоп пен шөп-шаламмен тамақтандырады екен» деген сөз ел арасында айтыла бастады.

Ауданның бір жауапты қызметкері Жақыпов кедейлерді колхозға кіруге үгіттеп, екінші жағынан қорқытып: «Егер сен колхозға кірмейтін болсаң, онда өмір сүруіңе жол берілмейді. Саған көптеген салық салынады. Кедейлер сені атқамінер деп қорлайды, өзіңе өте қиын болады. Сондықтан жақсылық көремін десең колхозға мүше бол» деп халықтың үрейін ұшырған.

Советская степь, № 64, 19 наурыз, 1930 жыл.

«Қазақстаннан сыртқы елдерге кеткен босқындардың да жағдайы мәз болмады. Мысалы, Қырғыз республикасына барған қазақтар жөніндегі шолуда: «Олардың жалпы санын айту қиын, өйткені халық өз бетімен лег-легімен келуде» - деп жазылған. Сол құжатта Қордай асуында қырғыз еліне жете алмай өліп қалған көп адамның денесі көктемде қар астынан шыққаны айтылады».

Алдажұманов Қ. Нәубет қалай зерттелді?

«Егемен Қазақстан» газеті, 31 мамыр 2012 жыл, 7-бет.

## МЕРКІ АУДАНЫ

Жамбыл облысының Меркі ауданы Алатаудың баурайында орналасқан. Шығысында ол Қырғызстан мемлекетімен, солтүстік шығысында облыстың Шу, солтүстігінде Мойынқұм, оңтүстік батысында Т. Рысқұлов аудандарымен шектеседі. Қазіргі кезде Меркі ауданының аумағында 44 елді-мекендер бар, онда 76 мың халық тұрады.

Меркі атауының шығу тарихы жайлы қазіргі көнекөз қарттар да айтып отырады. Қаншама мыңдаған жылдар өтсе де ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ауыздан ауызға беріліп отырған тарихи шежіренің бүгінге дейін сақталғанына таң қаласың! Бір ғажабы, Меркі туралы шежіре қытай жазбаларындағы деректермен сәйкес келеді. Бұл да болса қазақ халқы тарихының басқалардан ерекшелігі шығар.

Біздің заманымызға дейінгі Ғұн империясындағы бір үлкен тайпаның аты – меркі (қытай деректерінде – «мерке») болған. Осы тайпа Іле бойынан қазіргі Меркі жеріне дейін мекен еткен. Сондықтан да Талғардың үстіндегі аймақты үш Меркі, ал қазіргі Меркі ауданының жерін де, өзенін де, тауын да Меркі деп атаған.

Меркі жерінің табиғаты, ауа райы қолайлы болғандықтан ежелден-ақ халық мал шаруашылығымен және егін салумен айналысқан. Солай бола тұрса да XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы нәубеттің салдарынан Меркі өңіріндегі ел-жұрт жаппай аштыққа ұшырап, қынадай қырылды.

### **Соғыс және едбек ардагері Муралиев Акбардың басынан кешірген оқиғалары Аштықтан құтқарған бір бөлке нан**

Акбар ақсақал ашаршылық жылдарында және соғыста басынан өткерген оқиғаларды былайша әңгімелейді:

- Мен 1924 жылы 13 мамырда Меркі ауылында жарық дүниенің есігін ашқан екенмін. Отызыншы жылдары ойын баласы болсам да сол кездегі елдің басына төнген оқиғаларды еміс-еміс білемін. Ал кейбір жағдайларды есейген шағымда туған-туысқандарымнан естіп жүрдім. 1930 жылдан байлардың, орта шаруалардың, тіпті кедейлердің де бірлі-жарым малын бір ортаға жинап, айдап әкетті. Сондай тәркілеу біздің отбасымызға да келіп жетті. 1917 жылғы төңкеріске дейін әкемнің бір қауым елге жететіндей малы болған екен. Ауылдағы ағайын-туыстар әкемнің бас болуымен өздеріне тиісті шаруашылықты дөңгелетіп, ешқандай таршылық көрмей өмір сүріп жатыпты. Малың алумен қоймай, Мірәлі әкемді екі әйел алған, бұл ескіліктің қалдығы Кеңес өкіметінің тәртібіне қарсы келетін жат қылық деп, соттап жіберді. Сонымен бірге біздің дүние-мүлкімізді, үй-жайымыздың бірін де қалдырмай тәркілеп алды.

Тек біздің ғана отбасымыздағы малды, дүниені алған жоқ, сонымен қатар Кеңестік билік уәкілдері мен шолақ белсенділер ауылдағы ағайын-туыстардың барлық малын сыпырып алып, колхозға өткізіп жібереді. Ортаға салынған малдан береке кетті. Колхоздың басшылары малды сойғызып, белгісіз жаққа жөнелтіп жатты. Одан қала берді колхоздың малы талан-таражға түскен. Жаз бойы алашапқын болып жүріп, малдың жағдайын білмейтін өкіметтің уәкілдері қысқа шөп дайындауды да ойламаған. Сондай-ақ басқа да себептерге байланысты қыстың ортасында колхоз малдан жұрдай болды. Сол сияқты елдің қолында тігерге тұяқ қалмады, тәркілеу кезінде соңғы тышқақ лағына дейін қалдырмай алып кеткен болатын. Қақаған қыстың ортасында жұрт аштыққа ұшырай бастады. Аштықтан қырылып бара жатқан соң, ашыққан ел тәркілеуден жасырып қалған бір-екі малын жергілікті шолақ белсенділерге көрсетпей жаппай союға кірісті. Қыстың соңына қарай азық-түлігі таусылып ашыққан халық қыстан қалған сүйекті қайнатып суын ішіп, тері, тулақты жей бастады.

Меркі ауылының тұрғындары биліктің қатыгез өкілдерінен әбден зорлық көріп, аштан өлгені өліп, бірлі-жарым тірі қалғаны тоз-тоз болып беті ауған жаққа қаңғырып кетті. Аштықтан бала-шағасын аман алып қалу үшін жаяулап-жалпылап, кішкентай балаларын арқалап, жүруге жарайтын балаларын қолдарынан жетелеп босып бара жатқан қазақтарды қызыл әскерлер қуып жетіп «колхоздан қашып бара жатырсындар, кеңес өкіметіне қарсы шықтындар!» деп, қарша бораған оқтың астына алып қырып салатынын ұзынқұлақтан естіп жаттық. Күннен күнге аштық қысып жағдайымыз нашарлай берді. Бірақ басқа жаққа көшіп кетуге милиция мен қызыл әскерден қорықтық.

Шолақ белсенділер Міржәкір ағамды әкеңнің колхозға бермей өкіметтен жасырып, тығып қойған малын тауып бер деп, ұрып-соғып түрмеге қамап тастады. Үйде Мірзиян ағам, мен, апам үшеуіміз ғана қалдық. Тәркілеу кезінде біздің көрпе-жастығымызға дейін алып кеткен болатын. Бірнеше күн аш-құрсақ жүретін жағдайға жеттік, аласұрып жан-жақтан нәр болатын бір нәрсе іздейміз. Сөйтіп қаңғырып жүргенде, құдай жарылқап, жаңадан іргесі қалана бастаған зауытқа кірпіш құюшы болып орналастық. Әр адамға істеген еңбегіне қарай күніне бір бөлке нан береді, бұл да аштан өлмеуімізге септігін тигізді. Зауыттың бір ғана нанына қарап отырған жоқпыз, апам Күнімбала масақ теріп, тірнектеп қысқа азық қорын дайындайды. Кейін білдім, 1931-1932 жылдары Меркі қант зауытының ірге тасы қалана бастаған екен, соған байланысты Кеңестік билік кірпіш құюға арзан жұмыс күші ретінде қаңғып жүрген адамдарды жинап алып, пайдаланған. Бұл бір жағынан, ал екінші жағынан ашыққандар үшін де жаман болған жоқ, бір үзім нанға қолдары жетті.

1934 жылы апам мені Меркі ауылындағы Т. Рысқұлов атындағы балалар үйіне орналастырды. Бір жылдан кейін, яғни, 1935 жылы апам мен Мірзиян «Красный Восток» колхозына мүше болып кірді. Колхоз басқармасы Міржәкір ағамды колхозға алмады, бұрынғы «кінәсі» мен түрмеге қамалғанның салда-

ры болса керек. 1936 жылдан бастап елдің жағдайы жақсара бастады. Біздің жеке меншігімізге колхоз тарапынан бір тана, алты қой бөліп берді. Топырақ пен сабанды араластырып кірпіш құйып, шағын ғана екі бөлмелі үй тұрғызып алдық. Енді ғана елдің тұрмыс-тіршілігі жақсарып келе жатқанда соғыс басталып кетті. Міржәкір 1939 жылы әскерге шақырылып, соғыс басталысымен майданға аттанды. 1941 жылы Мірзиян да соғысқа кетіп, қан майданнан елге оралмады.

Батыстан келген жойқын соғыс кезінде Меркі өңіріндегі халық ертеңнен кара кешке дейін аянбай еңбек етіп, майданға астық, жауынгерлерге қолдан тоқылған қолғап және тағы басқа киім-кешектер жіберіп отырды. Тойып тамақ ішкен жоқпыз, аш-құрсақ жүрдік. Сонда да қиындықтарға шыдадық. «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» деген ұран бізді жігерлендірді, жеңіске деген үмітпен шаршап-шалдыққанымызға қарамай еңбек еттік.

— Сонымен 1943 жылға дейін Меркі жеріндегі «Красный Интернационал» колхозында еңбек еттім, сол жылы әскер қатарына шақырылып, артиллерия полкінің құрамында соғысқа қатыстым. 1945 жылы Чехословакияда соғысты аяқтап, менің бұл дүниеде әлі де болса көретін жарығым бар екен, қырғын соғыстан елге аман-есен оралдым да, бірден бейбіт еңбекке араласып кеттім. Соғыста жүріп «2-дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» және т. б. көптеген медальдармен марапатталдым. 1947-1985 жылдар аралығында Жамбыл атындағы колхозда еңбек еттім. 1985 жылы зейнетке шығып, «Құрметті колхозшы» деген атаққа ие болдым. Құдайға шүкір, қазір ұл-қыздарымнан 30 немере, 2 шөберем бар. Біз көрген алапат аштықты менің ұрпақтарым және бүкіл еліміз ешқашан көрмесін деп, бір Алла тағаладан тілеп отырамын, — деді де, Акбар қария ақ батасын берді.

### **Соғыс және еңбек ардагері Егембердиев**

#### **Әбдіқайымның естелігі**

#### **Шытыр деген қурайдың дәні де ас болады екен**

Бізді «Арал қыстақ» ауылына Меркі ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің қызметкері Нұрсұлтан деген жігіт жол бастап келді. Менің сұрауым бойынша, ол жол-жөнекей Арал қыстақ атауының қалай шыққанын бізге айтып берді. Бұл шағын ауыл қазір Андас батыр ауылдық округіне қарайды екен. Ауылдың өзі аралда орналасқан, төңірегіннің бәрі айнала су. Сондықтан бұл аралды мекендеген тұрғындар ежелден Арал қыстақ деп атап кеткен. Бұл су Кеңес үкіметі тұсында егін суғаруға кеңінен пайдаланылған көрінеді.

Егембердиев Әбдіқайым қарияның үйіне келіп, ашаршылық кезінде өзінің тұрған ауылында қандай қиындықтардың болғанын айтып беруін өтіндік.

— Менің білуімше, Арал қыстақ ауылы біздің ата-бабаларымыздың бұрыннан қоныстанған мекені болған екен — деп, Әбдіқайым ақсақал бірден әңгімесін бастап кетті. — Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саяса-

ты тұсында ауыл өз алдына бөлек «Арал қыстақ» колхозы болып құрылды. Егер ұмытпасам, 1930 жылдың жазында болуы керек, Меркіден шапқылап өкімет адамдары келіп, ауылдың барлық малын бір жерге жинай бастады. «Малдың бәрін бір ортаға жинап, колхоз ұйымдастырамыз» деп, күштеп әр үйдің ірі қарасын, жылқысын, қой-ешкісін ауылдағы шолақ белсенділермен бірге биліктің уәкілдері қораға қамап, төрт түліктің әрқайсысына бір-бірден бақташы қойды. Күндіз-түні қарулы милиция малды қарап жүретін болды. Біз «колхоз» дегенді түсінбей, әуреге түстік. Кеңестік биліктің өкілдері бізге ешнәрсе түсіндірмей, тек елдің малын тізімге алып, жинаумен ғана айналысты.

Малдан айырылған ауыл адамдарын қорқытып-үркітіп, колхозға кіруге мәжбүрледі. Колхозға біріккендерге де мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмады, олар колхоздың жұмысын тегін істеді. Қарсылық көрсеткендерді табан астында қолдарына бұғау салып, аудан орталығына айдап әкеткенін талай көрдім.

Не керек, 1930 жылдан 1934 жылға дейін аштықтың дәмін әбден таттық. Біз амалсыздан колхозға мүше болып кірдік, өйткені, менің әке-шешем кедей болатын, соған қарамастан қорадағы он шақты уақ малды, бір сиырды өкіметтің белсенділері тартып алып, ортаға түскен малға қосып жіберген еді. Ертеңнен кара кешке дейін колхоздың жұмысына жегілдік. Егіс даласында үш адам қатарласа жүріп, қолмен бидай тұқымын себеміз. Қанша аш болсақ та, содан бір уыс бидай ала алмаймыз, сыртымыздан беліне тапанша ілген милиция бақылап жүреді. Егер қалтамыздан бір түйір дән табылса болғаны дереу қамауға алып, айдатып жібереді. Малдан жұрдай болған біздің ауыл адамдарының көбі аштан өлмеу үшін тамақ іздеп басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Қолдарында бірлі-жарым көлігі барлар Қырғызстан мен Өзбекстанға өтіп, сол жақтағы ағайындарын паналады. Кейіннен елдің жағдайы жақсара бастаған тұста, олардың біразы туып-өскен «Арал қыстақ» жеріне қайта оралып, ес жинады.

Сол жылдары біздің ауылға жақын мандағы Аспара өзені Қырғызстан мен Қазақстанды бөліп тұратын шекара болатын. Қазіргі кезде де екі елдің кедендік бекеті осы жерде орналасқан ғой. Колхоздың жұмысынан шаршап келеміз де, түнделетіп өзеннің аржағына өтіп, қырғыз жерінен бидайдың масағын тереміз, бар болғаны бір табақ бидайды әрең дегенде сабаннан үгітіп алуға ғана шамамыз келеді. Кейде өз жеріміздегі даладан топанды сапырып, бір уыс дәнді жинап алу бізге оңайға соқпайтын. Сонан соң бидайды қазанға қуырып, қол диірменге тартып, талқан жасаймыз. Жаз бойы тірнектеп жинаған бидайдың бір бөлігін үнемдеп қысқа қалдыру үшін шытыр деген қурайдың дәнін пісіріп жеуге тура келді. Сөйтіп жүріп өлместің күнін көрдік.

1931-1933 жылдары елден алынатын салық түрлері де көбейіп кетті. Агенттер үй-үйді аралап жүріп салық жинайды, егер бермесен тартып алады.



Кейін біздің «Арал қыстақ» пен «Қызыл қыстақ» колхоздары біріктіріліп, «Қызыл қыстақ» колхозы болып қайта құрылды. Бірте-бірте шағын колхоздар ірілендірілді. Соғыстан кейін «Қызыл қыстақ», «Ново-воскресеновка», «Қызыл еңбек» елді мекендері бірігіп «Победа» колхозы атанды.

Сонымен, «шықпа жаным, шықпа» деп жүріп, талай ауыр күндерді басымыздан кешіріп аштықтың азабынан құтылды. Қазіргі ұрпақтың басына келмесін, сол аш жүрген балалық шағымызда бір үзім нан - біз үшін арман болатын...

Ұлы Отан соғысы кезінде Сталинград майданында 40 градус аязда соғысуға тура келді. Бұл жойқын соғыстан елге аман оралып, бейбіт тіршілікке кірісіп кеттім. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында отызыншы жылдардың тауқыметін тартқан, қан майданда болған ардагерлерге Меркі аудандық әкімшілігі ерекше құрмет көрсетіп жатыр, «бейнеттің де зейнеті бар» деген осы шығар деп, Әбдіқайым қария әңгімесін аяқтады.

### Бір ғасыр ғұмыр кешкен

#### Уәзиқа Арықбаеваның өміріндегі ең қиын кезең

#### Талай қиындықтарды көрдік қой, қайсыбірін айтайын...

Уәзиқа әже 1914 жылы Меркі ауылында жарық дүниеге келген. Әкесі Нысанбайдың екі әйелі болды. Оның анасынан кейін тағы бір әйел алған. Бірінші әйелінен туған 12 баланың бірі – Уәзиқа екен.

1928 жылдан бастап байларды тәркілеп, малын тағы басқа дүние-мүліктерін зорлықпен тартып ала бастады. Кеңес өкіметінің мұндай озбырлық саясаты Қазақстан Орталық Атқару комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы» және 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал-байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» қаулылары шыққаннан кейін одан сайын асқынып кетті. Сол кезде Меркі өңіріндегі 25 байдың мал-мүлкін кәмпескелеп, ағайын-туыстарымен бірге бала-шағасын алыс жерлерге жер аударды. Соның ішінде Нысанбай да барлық малынан жұрдай болды. Оның малының бір бөлігін кедейлерге 10 қойдан, 1 сиырдан үлестіріп береді. Қалған малын бір ортаға жинап, колхоздың меншігіне айналдырды. Бір атадан тараған 6 отбасыны Оралға жер аударды. Сонда Уәзиқа 14 жаста екен. Кеңес өкіметінің жауапты қызметкерлері 6 үйлі жанды екі вагонға бөліп орналастырады. Нысанбайды екі әйелімен, Уәзиқа және ең кенже інісін қосып алыс жерге жөнелтті. Вагондарда олардан басқа бөтен адам болған жоқ. Бұл отбасылардың ересектерін ауылда қалдырды. Жаңа өкіметке колхозда жұмыс істейтін адамдар керек болған көрінеді. Кәдімгі қылмыскерлер сияқты Оралға жеткенше қайта-қайта вагоннан түсіріп тексеріп отырған. Ол жақта да өкіметтің күшімен қуғындалып барған халық көп екен, Нысанбайдың бала-шағасын Қаратөбе

деген елсіз жерге, иесіз қалған үйлерге орналастырады. Бұл 1928 жылдың қалың күзі болатын. Сол жерге қыстап шығады, қыс өте суық болыпты. Ауыз су жоқ, құдық деген болмаған. Жер аударылғандар қыстай қарды су орнына пайдаланған. Азық-түлік қоры да таусылып, күннен күнге тіршіліктері нашарлай берді...

Нысанбайдың ағасы Бектен деген кісі 25 жылдай болыс болған. Уәзиқаның есінде қалғаны, ол кісі беліне қылыш байлап, үнемі атқа мініп жүретін. Мемлекет және қоғам қайраткері болған Тұрар Рысқұлов жас кезінде біраз уақыт Бектен болыстың тәрбиесінде болыпты. Рысқұл өзіне зорлық көрсеткен Саймасай деген болысты Қараш тауында атып өлтіреді. Патша өкіметінің жазалауынан қашып жүрген Рысқұл ұлы Тұрарды, қызы Түйметайды «өлтiрсендер, өздерiң өлтiрiңдер» деп Бектенге табыстайды. Ол Тұрардың келешектегі тағдырын ойлап, Меркідегі орыс-қазақ мектебіне оқуға кіргізеді. Тұрар өзіне қамқорлық жасаған Бектен атасының ауылына келіп-кетіп жүреді. Меркіде тәркілеу басталған кезде Тұрар ауылға келіп: «Енді бай деп сіздерге шүйлігетін болады, сіздерге қиын болады. Малды ағайындар бөліп алсын, сонда жандарың қалады, әйтпесе, сіздерді жер аударады» депті.

Уәзиқаның әкесі төрт ағайынды болған. Тұрардың ақылымен Нысанбай бауырларының әрқайсысына 250 бас қойдан бөліп беріп, қалғанын өзіне қалдырған. Соған қарамастан, Кеңестік биліктің өкілдері олардың барлық малын тартып алып, өздерін жер аударды. Бектен елден алыста жүріп Қаратөбеде қайтыс болады. Кейінірек оның бір баласын ұстап әкетті.

Қаратөбеде өмір сүру қиындап кетті. Нысанбай өкіметтің құзырлы мекемелеріне қайта-қайта арыз жазып, Меркіге қайтуға әрекет жасайды. 1930 жылғы жаздың соңғы күндерінің бірінде елге оралады. Бұл өңірдегі халықтың тұрмысы да өте ауыр жағдайда екен. Сонау ежелгі заманнан бері мал шаруашылығымен айналысып, ашаршылық деген зұлматты көрмеген ел-жұрт байлардың малын бағып, өздері де малға, дүние-мүлікке ие болып мамыражай өмір сүріп жатқан кезде жойқын апат қара құйындай келіп шүйлікті. Әсіресе, жаңа өкіметтің өкілдері Меркідегі байларға, орта дәулетті шаруаларға қырғидай тиген. Жергілікті билік 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» деген өкіметтің қаулысына сүйеніп, елдің малын күштеп ортаға жинап, жаңа социалистік шаруашылық - колхоз ұйымдастырған. Байлардың малын тәркілеп, өздерін жер аударған немесе ұжымдастыруға қарсы шығатын «қанаушы тап» ретінде түрмеге жапқан. Ғасырлар бойы мал өнімдерін тіршіліктің көзіне айналдырып келген халық малдан айырылған соң, ашаршылықтың азабын тарта бастайды.

Меркінің барлық ауылдарында қайыр тілеп, қаңғырып жүрген жандар... Аштан өліп жатқан бала-шаға, көшелерде бұралып, ісіп-кеуіп әлсіреген пенделерден басқа сау адамдар кездеспейді... Биліктің тарапынан ешқандай

көмек болмады. Бұл жердің де жағдайы ауыр болған соң, Нысанбайдың отбасы Өзбекстанға кетуге мәжбүр болды. Олардың тоқтаған жері Қырғызстанмен шекаралас аймақта болған. Қырғыз елімен байланыс жасап, ол жақтан талқан тағы басқа азықтар алып тұрады.

1934-1935 жылдары елдегі жағдай біршама жақсарып, Өзбекстан мен Қырғызстанға босып кеткен халық қайтадан атамекеніне орала бастады. Сол тұста Нысанбай бала-шағасын Меркіге көшіріп әкеледі. Келгеннен соң, қарыз алып бір орыстың үйін сатып алады, жер там екен, сол жерді кіндікке дейін қазған, жоғары жағын балшықпен жапқан. Үйдің төбесінде қазіргідей шифер жоқ, жай балшықпен сыланған, жарық кіретін кішкентай тесіктер қалдырып, оған сынық әйнектерді орналастырады.

Олар көшіп келген кезде колхозда жалақы, ақша деген болған жоқ. Ұнды, арпа, бидай т. б. азық-түлікті еңбеккүнге ғана береді. Өкімет бір еңбеккүнге үлкендерге 600 грамм, үйдегі әр балаға 400 грамнан бидай береді екен. Ол болмаса, арпа немесе жүгері беріп отырған. Әрине, бұл бала-шағасы көп отбасына жұғымды да болмайтын еді. Елде жақсы киім деген болған жоқ, ескі киімдерін жамап-жасқап киіп жүретін. Үнемі ауыстырып тұратын киім жеткіліксіз, оны жуатын сабын болмады. Тазалық сақталмағандықтан, ел биттеп кетті, оның салдарынан адамдар қотыр бола бастады.

Уәзиқа көйлегін түнде жуып қойып, ертеңісін шала кепсе де киіп алатын. Аш бит одан сайын талайды. Көйлекті түнде жуады да, ескі-құсқы бірдеңелерді жамылып жата кетеді. Өйткені, үйде жамылатын көрпе жоқ. Анасы қыздарды ұзатқанда керек болады деп, небір барқыт көрпелерді жасап қойған екен, солармен қоса құс төсектерді де билік өкілдері тартып алып, кедейлерге үлестіріп берген. Ауыстырмай кие берген жалғыз көйлек жырттыла береді, оның астына шүберек салып, жамап киюге жарамды етіп алады. Ол кезде монша болған жоқ, суды ысытып бір ыдысқа құйып жуынатын болған.

Сондай ауыр заманды басынан кешірген Уәзиқа кейуана өткен күндеріне көз жүгіртіп:

- Талай-талай қиындықтарды көріп, қиналды қой, қайсыбірін айттам... Аяқ киім жоқ, тар аяқ киімнен бір аяғым айқасып, майысып қалды. Қысымшылықтың талайын көрдік қой, нан бермейді, оның орнына болар-болмас бидай береді, алған күні аласың, алмаған күні бос қайтасың... Шәй жоқ болатын, кәдімгі нанның күйігін салып сарғайтып ішетін күндеріміз болды. Құр ақ суды іше алмайды екенсің. Тас шәй деген болатын, пойыздарда сатылатын. Соны пышақпен зорға жонып салатынбыз. Кейбіреуі жұмсақ болатын, қалдықтарын біріктіріп қойған...

Жаңа өкімет орнағанға дейін әкеміз ауқатты болды. Жібек барқыт матадан, қызыл-сары түстерден көп көйлектерім болатын. Сырға, білезіктерім өте көп еді, шашыма ұзын шашбауымды байлап қоятын едім. Біз үйелмелі-сүйелмелі екі қызбыз. Әкем екеумізге бірдей етіп ұстаға ер-тоқым, жүген, өмілдірік, үзеңгіге дейін күмістен жасатып берген. Сонымен бірге алқа,

тұмаршаларымыз да бар еді. Әкем өзіміздің үйде молда ұстап мұсылманша оқытты. Менімен бірге оқыған әпкем аяғына дейін оқымай іскер болып кетті, ал мен екі жылдай үзбей оқыдым. Содан кейін елмен бірге біздің үй де көмпескеге ұшырады, - деп еске алады.

Нысанбайдың малын да, дүние-мүлкін де түк қалдырмай тәркіледі. Одан кейін де билік оны қуғындауды тоқтатқан жоқ. Нысанбай сол қашқаннан Шу өңірінен бір-ақ шықты. Әйелінің төркіні Шудағы «Белбасар» деген ауылда тұратын, соларды жағалап бұл жерден алыс емес Қырғызстанмен шекаралас «Сабыр» деген елсіз жерге барып күнелтеді. Өзімен бірге кіші әйелін алып кетіп, осылай ғана қуғыннан құтылыпты.

Кеңес өкіметінің уәкілдері «дін – апиын» дегенді негізге ала отырып, халыққа құран, намаз оқуға тыйым салды. Көбі тығылып оқып жүрді, бұрын намаз оқығандардың бәріне «құдай жоқ» деп айтқызды. Ол кезде Уәзиқаның жас кезі, біреу көріп қалмасын деп, біреуді қарауылдатып қойып намаз оқиды екен.

Сөз соңында Уәзиқа әже отызыншы жылдардағы басынан кешірген зұлмат – оның өміріндегі ең қиын кезең болғанын айта келе, одан кейінгі соғыс жылдарындағы қиыншылықтарға да тоқталды...

### **Меркі ауданының құрметті азаматы Тоқтаған Рахымбаевтың естелігі**

#### **Бұталардың түбінде өліп жатқан кішкентай балаларды түсімде көріп, ұйқыдан шошынып оянатын болдым...**

Рахымбаев Тоқтаған 1922 жылы сәуір айында Меркі өңіріндегі Қостаған елді мекенінде дүниеге келген. Арғы ата-бабалары, әке-шешесі орта дәулетті шаруалар болған. Оның екі бауыры болған екен, үлкен ағасы 1930 жылы 20 жасында қайтыс болады, кіші інісі де көп ұзамай елді ашаршылық жайлаған жылдары бұл дүниеден озған.

Әке-шешесінен ерте айырылған Тоқтаған 1950 жылға дейін әкесімен бірге туған ағасының қолында тәрбиеленеді. Қанша айтсақ та, жетімдіктің күні қиын болады ғой. Оның балалық шағы елдегі алапат аштыққа тұспа-тұс келді. 1932 жылы Меркі өңірінің барлық ауыл-аймақтарында болған аштықтан халық жаппай қырғынға ұшырады. Тоқтаған да талай қиындықтарды басынан кешіруге мәжбүр болды. Буыны қатпаған жас бала үлкендермен бірге масақ теріп, жүгері айдауға көмектесіп күнін көрген.

Тоқтаған ақсақал қиын-қыстау замандағы балалық шағын қинала есіне түсіріп:

- Жетім бала қандай болушы еді? Балалық шағым жақсы болған жоқ. Ол кезде елдің жағдайы өте қиын болды. Сол ауыртпалықтарды балалар да үлкендермен бірге бастарынан кешірді ғой. 1931-1932 жылдардағы

ашаршылықтың салдарынан ел-жұрт тоз-тоз болып басы ауған жаққа қаңғырып кетті, ауылдың көшелерінде, бұталардың түбінде, кез келген жерде өліп жатқан адамдарды көріп төбе шашымыз тік тұратын. Осындай да сұмдық болады екен-ау! Біз ағамның арқасында аш болғанымыз жоқ. Бірақ тұрмыс жағдайымыз ауыр болды. Масақ тердік, жүгері айдадық. Мектепке 1934 жылы 12 жасымда Қостағанда бардым. Билік өкілдері елдің малын бір ортаға жинап ұжымдастыру саясатын жүргізді, осы кезде біздің ауылда колхоз жаңадан ұйымдастырылған еді. Колхоздан халыққа ешқандай көмек болмай, малдан жұрдай болған ауыл тұрғындары аштықтың зардабын әбден тартты. Кеңес өкіметі ұжымдастыруды қолға алып, Меркідегі елдің барлық малын колхозға жинады. Қостағанда да жергілікті ел-жұртты колхозға күштеп кіргізе бастады. Содан елде тігерге тұяқ қалмай, қолдарындағы азық-түлік қоры таусылған халық аштыққа ұрынды, - деп ауыр күрсінді.

Соғыс басталған кезде жасы жетіп тұрса да, Тоқтағанды әскерге алмаған. Оның себебі, 1931 жылы аштықтың кесірінен денсаулығы нашарлап, қатты ауырады. Содан оның бір қолы кем болып, қозғалмай аузына жетпей қалған. Сол ауыр жылдары Қостағанда олардың тұрақты үйі болмай, әркімнің үйінде тұрады.

... Бір күні он жасар Тоқтаған үйіне үрейлене кіріп келді. Көзі шарасынан шығып кететіндей, бақырайып тұр. Енгігін баса алмай алқынып «Аға, аға!» деуге ғана шамасы келді.

- Аға, анау жақта бұталардың арасынан өлген адамдарды көрдім. Олардың жанында кішкентай бала да өліп жатыр.

- Қорықпа, қарғам. Ұл бала ешнәрседен қорықпауы керек. Қазіргі қиын заманда кез келген жерде бір үзім нанға жете алмай өліп жатқан адамдар көбейіп кетті ғой. Әлі де қаншасы өлерін бір Алланың өзі ғана біледі. Сондықтан қорқушы болма, - деп әкесінің туған ағасы басу айтқандай сыңай білдіріп, үрейленіп тұрған баланы құшағына алды. Мынадай аштық төнген сұрқия кезеңде күні ертең өздерінің басы қисая кетсе, есі кіріп қалған бала ғой, құлағы үйрене берсін деп әдейі айтқаны еді.

Сол кезде даладағы шаруасын бітіріп үйдің табалдырығын аттай берген жеңгесіне:

- Жейше, даладан өлген адамдарды көріп, қатты шошып кеттім. Біреуі үлкен кісі, қалған екеуі балалар екен.

- Қарағым-ау, аштықтан өліп қалған шығар, қазір елдің жағдайы қиын болып тұр ғой, қорықпа, ешнәрсені ойлама, енді оны ұмыт! - деп жеңгесінің айтқан сөзінен кейін Тоқтағанның қорқынышы сәл-пәл басылғандай болды.

Бұл 1932 жылдың күзі еді. Елде ашаршылық шарықтау шегіне жетті. Сонау 1930 жылдан бастап ауылдағы малдың бәрін өкімет уәкілдері бірін де қалдырмай айдап әкеткен. Тәркілеуге қарсылық көрсеткендердің қолдарына кісен салып, абақтыға жапты. Қостаған ауылындағы халықтың үрейі ұшып,

не істерін білмей дал болды. Ауыл тұрғындары өкіметтің тәркілеуінен жасырып қалған бірлі-жарым малын да тауысып бітті.

Тоқтағанның кешегі көргендері ойынан шығар емес. «Бұл адамдар қайдан келген? Неге аштықтан өліп жатыр?» деген баланың қиялына ешқандай жауап табылмайтындай көрінеді. Соңғы кездері ауылға жан-жақтан қаңғырып келген босқындар көбейіп кетті. Үйлердің есіктерін тоқылдатып қайыр сұрайды. Қостаған тұрғындары да аштықтан қиналып, жетісіп отырған жоқ, дегенмен, қай кезде болсын мейірімді, қонақжәй қазақ халқы белгісіз жақтан босып келген ашыққан бейшараларға ішіп-жеп отырған бірдеңелерінен бөліп беріп отырған.

Тоқтаған көпке дейін өлген адамдарды түсінде көріп, ұйқыдан шошынып оянып жүрді...

Ауылда бұрынғы күй жоқ, аштық күннен күнге қысып барады. Соған қарамастан, шолақ белсенділер өкіметтің уәкілдерімен бірге ауылды қырып кете жаздайды. Салық та көбейіп кетті. Әсіресе, азық-түлік салығын орындай алмағандарға қатты шүйлікті. Билік өкілдері ауылдың жалған белсенділерін ертіп алып үй-үйді аралап, елдің талғажау етіп отырған аз ғана тары-талқанын да есепке алды...

Соғыс жылдарында Тоқтаған ағасының отбасымен бірге Мойынқұмда болды. Ол кезде де талай қиыншылықтарды бастарынан кешіріп, тек малмен жан сақтады. Сиыр сауып, қой бағып, малдың арқасында ғана күнкөрістің қамын жасады.

- Құдайдың маған берген өмірі шығар, 93 жасқа келгенше қаншама ауыртпалықтар басымнан өтсе де, ешкімге жаманшылық ойлап көрген емеспін. Арманым жоқ. Аллаға тәубе! Енді осы өмірдегі үрім-бұтағыма амандық тілеймін. Қай жерде жұмыс істесем де, адал еңбек еттім. Дінді өте жақсы көремін. Бірақ, құран, намаз оқи алмаймын. Себебі, мына қолым дәрет алуға келмейді. Дәретің болмаса, намазды да оқи алмайсың ғой. Соған қарамастан, Алла тағаладан үмітімді үзбеймін. Бүгінде осындай заман орнағанына қуанып отырамын. Ең әуелі жастарымыз аман болып, халқымызға Алла тыныштық берсін, - деп қария бізді шығарып салды.

**Соғыс және еңбек ардагері**

**Медетбеков Рәтбай ақсақалдың әңгімесі**

**Зұлмат заманда «қазақтың басы қайда қалмаған!»**

- Мен 1925 жылы 19-тамызда Меркі өңіріндегі Ақтоған ауылында дүниеге келдім. Бала болсам да жақсы білемін, өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Кеңес өкіметі Меркіде елді ұжымдастыруды қолға ала бастады. Жаңа өкіметтің бұл саясаты оңайлықпен жүзеге асқан жоқ. Әрине, барлық қиыншылық қарапайым халықтың басына түсті, сол кездегі ел-жұрттың басынан өткен ауыртпалықтар әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Ешбір

адамның басына келмесін, өте қиын заман болды ғой. Аш-жалаңаш жүріп небір қиындықтарды көрдік. Елді аштық жайлаған кезде мектепке бару былай тұрсын, тамақ тауып жеудің өзі қиынға соқты. Кейіннен ғана өз бетіммен аздап сауатымды аштым. Бір кітаптың парақтарын ары-бері ақтарып Шалкиіз жыраудың өлеңдеріне көзіме түс қалды. Соған қарап отырып нәубет жылдардағы өз көзіммен көрген небір сұмдықтар сана-түйсігімде мәңгі сақталғандай көрінді.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы жайында Шалкиіз жырау өз дәуірінде былай жырлаған екен:

*Жағы түкті жылқы айуан,*

*Иесін қайда жаяу салмаған.*

*Жалп-жалп еткен жапалақ,*

*Жазы да кімге жолдас болмаған.*

*Сары шымшықтай шырлатып*

*Газырейіл кімдерге құрық салмаған,*

*Сақалына сары шіркей ұялап,*

*Миығына қара шыбын балалап,*

*Жазы да мал іздеген қазақтың*

*Басы қайда қалмаған.*

Жыраудың айтқанындай, нәубет кезінде қазақтардың «басы қайда қалмаған!» Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, 1932-1933 жылдары 2 миллионнан аса адам ашаршылықта көз жұмған екен. Бұл дегеніңіз – Кеңес өкіметінің халықты жаппай қырғынға ұшыратқан соқыр саясатының бір көрінісі еді. Бұдан басқа да саяси қуғын-сүргін және жойқын соғыс талай адамның өмірін жалмады. Елдің бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшырағанын енді ғана біліп, айта бастадық қой. Ал Кеңестік дәуірде қазақ халқының аштықтан жаппай ояты болғаны туралы жұмған аузымызды ашпадық. Кімде-кім сол кездегі елді жайлаған ашаршылықты сөз қылса, бірден тергеусіз, сотсыз «үштіктің» бұйрығымен жауапқа тартылатын. Үйде болсын, жиындарда болсын, сондай-ақ басқа да қоғамдық орындарда бұл жөнінде әңгіме қозғауға қатаң тыйым салынды.

Дәл уақыты есімде қалмапты, отызыншы жылдардың басы болуы керек, Ақтоған жерінде алғашында артель, кейіннен «Большевик» колхозы болып құрылды. Ол кезде колхозға мүше болып, ұжымдасып еңбек етуге қалың жұртшылық үйрене қойған жоқ еді. Ежелден жеке меншікке негізделген көшпелі қоғамда өмір сүру қанына сіңіп қалған қазақтарға өкіметтің бұл саясаты алғашқы кезде түсініксіздеу болды. Жергілікті белсенділер сауатсыз болғандықтан халыққа жоғары биліктің айтқан нұсқауларын жете түсіндіре алмады. Осыдан ел арасында әртүрлі алып-қашпа сөздер қаптап кетті.

Ақтоған ауылындағы елдің барлық малын билік өкілдері күштеп тартып алды. Кемпір-шал, бала-шағаның зар еңіреп жылағанына да қарамай, тігерге тұяқ қалдырмады. Халықтың қолындағы азық-түлік қоры да таусылып, ашаршылық қаупі төнді. Осы кезде аштыққа ұрынған ағайын-туыстардың біразы колхозға кіріп, апаттан құтылудың амалын ойластыра бастады. Олар колхозға үлкен үміт артты, бірақ оның тарапынан қалжыраған, әбден титықтаған аштарға ешқандай көмек болмады. Жергілікті билік колхозшылардың қолмен істейтін ауыр еңбегін пайдаланып, тау жоталарының арасындағы ойпат алаңдарға арпа еккізді. Соған қарамастан ертеңнен қара кешке дейін бел қайыстырып еңбек етіп жүргендерге де бір түйір дән бергізбеді. Олар қойын-қонышына жарты уыс арпаны жасырып, күндіз-түні бақылайтын милиция мен уәкілдердің көзіне түспей бала-шағасына алып келетін.

Менің шешем – Бәтен пысықтау кісі болатын. Ол алғашында арпаның масағын терді, кейін колхоз егістігінде біраз уақыт жұмыс істеді. Сонда ешкімге көрсетпей алып келген толар-толмас кеседегі бидайды қазанға қуырып, дастарқанға шашып жібереді, сол сәтте бәріміз жапа-тармағай шашылған бидайды теріп жейтінбіз. Сөйтсе, анамыз қуырылған бидайды бізге бірден жегізбей, дәнді тауық сияқты теріп жеп, аз болса да нәр болсын дегені екен. Шындығында, осындай амалмен тамақтану бізге әжептәуір күш беретін.

Бір-екі жылдан соң колхозда сиыр фермасы ұйымдастырылып, анам сонда сауыншы болып орналасты. Әр сауыншыға 10-15 сиырды саууға, күтіп-баптауға бекітіп береді. Сиырлардың қиын сыртқа шығару, жем-шөбін уақытында беру секілді басқа да қара жұмыстарды сауыншылардың өздері атқарған. Түс мезгілінде оларды үйлеріне жібермейді, фермадан бір қадам сыртқа шығармаған. Кешкі қараңғыда ғана отқа жағатын бір бума қурайды арқалап, бір күндік тынымсыз ауыр еңбегінің ақысына берген бір бөтелке сүтті үйге алып келетін. Қайран анам, қанша шаршап тұрса да, үйге келісімен сүтті суға араластырып, аздаған ұн қосып көже пісіреді. Шешемнің арқасында қарнымыз тоқ болмаса да, айтарлықтай аштыққа ұшыраған жоқпыз. Ашаршылық төніп тұрған кезде мұндай тамаққа елдің көбінің қолы жете бермейтін. Анам Бәтен кезінде байдың қызы болғанына қарамастан, тіршілікке бейім қолынан іс келетін, ақкөңіл, жомарт кісі еді, ал әкем Медетбек кедей отбасынан шыққан, ешкімге зияны жоқ момын адам болатын.

Адам өңешінен өтетін бірдемелерді талғажау етіп, тамаққа үнемі тоймай жүре берсе бірте-бірте өзегі талып, әл-қуаты әлсіреп ағзасына әсер етеді екен. Басы айналып, көзі қарауытып жүруге шамасы келмей қалады. Ауыл адамдары бір-біріне көмектесе алмады. Әркім өзінің қара басын ойлап, тау-тасты, сай-саланы аралап қаңғырып кетті. Ашыққандар шытыр деген тарыға ұқсас өсімдіктің дәнін теріп, қуырып жегенін өз көзіммен көрдім. Әсіресе, жас балалардың аштықтан қарындары шұрқырап, тау қыраттарында өсетін «Бақ-бақ» деген шөпті шикідей жеп, ауруға шалдығып жатты.

Бір күні әкемнің ағаштың түбінде есінен танып құлап жатқанын көріп, көршілер оны үйге көтеріп әкелді. Су беріп, қасықпен сүт көжені ұрттатып эзер дегенде есін жиғызып алдық. Аштықтың қорлығы деген осы емес пе? Қаншама қиындықтарды көрсе де, біздің ағайын-туыстарымыз Ақтоған ауылынан басқа жаққа қоныс аударған жоқ, «шықпа жаным, шықпа» деп бір орында тапжылмай отырды. Ағайындардың көбі ашаршылықтың кесірінен қайтыс болды. Біздің әулеттен жас кезінен білімге құштар болып өскен Әшімбай ғана оқыды, оның оқуына туысқандарымыз көмектесті. Сол қиын-қыстау кезеңде ол мұғалім болып қызмет атқарды. Ал Тәуірбай болса интернатта жатып, білім алды. 1944 жылдың аяғында әскерге шақырылып, қан майданнан оралмады.

... Жазықсыз жапа шегіп, ашаршылыққа ұшыраған Ақтоғандағы кейбір ағайындар Қырғызстанға жаяу-жалпылап көшіп кетті. Аласапыран заманда ашыққан халық күзде жиын-терін біткеннен кейін масақ тергені үшін де кінәлі болып саналды. Болар-болмас әрекеті үшін кез келген адамның артынан билік өкілдері шам алып түсетін заман еді.

- Біз тәуелсіздік алғанға дейін әке-шешеміз, ағайын-туыстарымыз көрген ашаршылық туралы айта алмадық. Кеңес өкіметі айтуға қатаң тыйым салды. Тәуелсіздікке тәуба дейік... Енді ғана тарихшы-ғалымдар нәубет жылдардағы аштықтың себептерін, болған оқиғаларды зерттеп жарыққа шығарып, елге таныстырып жатыр. Бұдан қазіргі және келешектегі ұрпақ сабақ алуы тиіс. Сол жылдары миллиондап қырылған қазақтардың артында қалған ұрпақтары бүгінде жетілді. «Ештен, кеш жақсы» демекші, кеш болса да жазықсыз ашаршылықтың құрбандары болған туған-туысқандарды, қынадай қырылған халықты еске алу, олардың рухына тағзым ету – біздің парызымыз деп білгеніміз жөн. Ұрпағы үшін есімі беймәлім болып қалған, аты-жөні белгісіз құрбандар қаншама?! Енді бір Алла тағаладан ондай қасіреттің болмауын тілеп отырамын, - деп сөзін аяқтады Рәтбай ақсақал.

### **Көпті көрген Сағынкүл кейуананың әңгімесі Қытайға барып аштықтан аман қалдық**

Меркі ауданының тұрғыны Оралбектің анасы Сағынкүл өзінің басынан кешірген нәубет жылдардағы ауыр күндерін балаларына айтып отырады екен. Ол кісі басынан кешірген зұлмат заманның ауыр күндерін асықпай айта бастады:

- Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында Ленин мен Сталин туралы біздің елдегі жұртшылықтың көбі анық біле бермейтін. Қазақ даласындағы елдің малын зорлықпен тартып ала бастағаннан кейін ғана жаңа өкіметтің қандай екендігіне халықтың көзі жете бастады. Ол кезде мен 8-ге жаңа ғана толған жас қыз едім, сонда да болса қиын-қыстау замандағы оқиғаларды ұмыта алар емеспін. Сол сияқты кейін де әке-шешемізден естігеніміз, зобалаң жылдары Кеңес билігі елдің бар малын, дүние-мүліктерін сыпырып алған. Жергілікті

тұрғындарға айтпай барлық малды ауылдардан жинап алып, алдарына салып белгісіз жаққа айдап кетіп отырған. Әу дегенде біздің ағайын-туыстар да колхоз туралы ешнәрсе білмеді, оларға ұжымдастырудың қалай жүргізілетінін түсіндіріп жатқан өкіметтің уәкілдері болмады. Ай-шайға қарамай бұл үкіметтің бұйрығы деп, ауылдарда бір тұяқ та қалдырмаған. Ашаршылық жайлаған жылдары бүкіл ауыл әйелдері «құдайым-ау, қойдың құмалағын көретін күніміз болар ма екен?» деп зар-еңіреп жылағаны есімде сақталып қалды.

Шындығын айтар болсам, менің әке-шешем және жақын туыстарымыз аштықтың толық мәніндегі дәмін тата қойған жоқ. Өйткені, 1933 жылдың наурыз айына дейін біздің үйде азық-түлік қоры болды. Сонымен бірге отбасымызды аштыққа ұрындырмау үшін әкем, ағайын-туыстарымыз ауылдарды аралап, жылы киімдерді бір шелек бидайға айырбастап, үйге алып келіп жүрді.

Қазақтардың ежелден қалыптасқан өзара көмек беру дәстүрі бойынша нәубет жылдары, олар қаншама адам төзгісіз қиыншылықтарды бастарынан өткізіп жатса да бір –біріне қол ұшын беріп отырғаны әлі есімде. Осыған қарамастан, елдегі жағдай күннен күнге қиындай түсті. Аштыққа төзе алмай ауылдан үдере көшкен ауылдастардың біразы қырғыз еліне, ал кейбіреулері Ресей мен Қытайға бет алды. Олар туған жерін тастап кетіп бара жатқанда бала-шағаның, әйелдердің зарлап жылағанын күні бүгінге дейін ұмыта алар емеспін.

Әке-шешеме айтар алғысым шексіз, мені осындай азапты алапат аштықтан аман алып қалғанына. Менің ата-аналарым, туған-туысқандарым, сол секілді 30-жылдардағы ұрпақ нағыз төзімді, қайсар адамдар десем артық айтқандық емес. Олардың бастарына қандай ауыртпалық түспеді десеңші! Сол заманның адамдары қаншама қасіретті ауыр жылдарға төзіп, бала-шағасын, отбасы мүшелерін ашаршылықтың өлімінен сақтап қалуға бар күшін салып, қажымас күрес жүргізгені анық. Қазақтарды миллиондап қырғынға ұшыратқан, қарғыс атқыр, мұндай саясатты кім ойлап тапты екен?

Әке-шешемнің айтуынша, үйдегі бидайдың қоры бітіп, қазанға қуырып қатықсыз көже пісіруге немесе қол диірменге тартып талқан жасауға да жетпейтін болды. Ішіп жейтін тамақ жеткіліксіз болғандықтан арып-ашып, шетімізден ауыра бастадық. Алдымызда не күтіп тұрғанын ойлаудың өзі өте қорқынышты болды. Аштықтан күнде өліп жатқан адамдарды жерлеу де қиынға соқты. Күнде кешке қарай үйге жиналған кезде үлкендер ағаштардың түбінде, жолдың шетінде ісініп-кеуіп жатқан өліктерді көргендері жайлы сыбырлап қана айтып отыратын.

1933 жылдың наурыз айында біздің отбасы Қытайға көшуге бел байлады. Біздің көшке әкемнің бірге туған бауырлары мен нағашым бала-шағаларымен бірге ілесті. 1930 жылдың басында-ақ ашаршылықтың алғашқы кезеңінде тәркілеуге жетпей, жасырын түрде Қытайға байлардың көші бет алған бола-

тын. Ал 1932-1933 жылдары Қытай еліне аш-жалаңаш, жалаңаяқ-жалаңбас, бір үзім нанға зар болған ашыққан адамдар және аштықтан әбден жүдеген ауру-сырқаулар ғана босып кетті. Бұл халықтың басына төнген қайғылы қасірет еді. Сол кездегі Кеңес билігінің қолдан жасаған ашаршылығына шыдай алмай ата-мекенінен безіп кеткен босқындардың көбі жолда қырылып, көмусіз қалды. Олар қытай еліне жеткенше малды былай қойғанда, соқыр тауық та болмады. Қазіргі кезде, әсіресе, жастар арасында оралмандар туралы «олар бұрынғы байлардың ұрпақтары, өздерінің байлықтарын сақтап қалу үшін қазіргі оралмандардың ата-бабалары шетелге қашты» деген пікірлер айтылып жүр. Әділдікке жүгінетін болсақ, осындай сөздер айту – миллиондап қырылған қазақтар үшін үлкен қиянат. Кез келген адамның өз басына, балашағасына қауіп төнсе, оның жан-жағында тау-тау болып өліктер үйіліп жатса ол кісі не істер еді?

Елді аштыққа ұшыратқан өкіметке қарсы тұруға күштері жетпеді, тіпті қару-жарақтары да болмады. Ал халықтың қамын ойлаған зиялы қауым өкілдерінің бәрі сол кезде түрмеде отырды.

«Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген қағиданы қанына сіңірген қазақ ата-қонысын, туған жерін тастап кетуге мәжбүр болса, онда адам төзе алмайтын нағыз қиямет-қайымның қазақтың басына төнгені. Кедейлік пен аштықтан өлудің айырмашылығы жер мен көктей. Сондықтан да апаттан аман қалу үшін амалсыздан Отанын тастап кетуге көнді. Біздің де отбасымыз, ағайын-туыстар мен ауылдастардың да бұған көнбеске шарасы қалмады.

Сонымен әке-шешем, бүкіл ауыл болып өте қажетті деген бұйымдарды, жылы киімдерді, көрпе-жастықты тағы басқаларды, ең бастысы, азық-түліктен бар болғаны аз ғана қаптың түбінде қалған талқанды жолға алып шықты. Күмістен жасалған сақина, сырға, білезік сияқты шешемнің әшекейлі бұйымдарын және түлкінің терісінен тігілген бірнеше ішіктерді де алуды ұмытқан жоқпыз. Өздерімізбен бірге алып шыққан бұл дүниеліктерді азық-түлікке, тіптен ыңғайы келсе малға да айырбастауға жоспарлап қойған едік.

15-20 адамнан топ-топқа бөлініп, яғни 3-4 отбасы болып шекарадан Алатау тауларының арасындағы қиын соқпақтармен Қытайға өтуге шешім қабылданды. Бұл бағыттағы ел қатынайтын ескі жолмен жүру өте қауіпті еді. Себебі, Кеңестік шекарашылар босқындарды осы жолда тосып алып, өткізбей кері қайтаратын немесе бірін қалдырмай қырып салатын. Қытайға баратын қиын асуды бірен-саран адамдар болмаса, көпшілік жұрт біле бермейді екен, тіпті шекарашылар да бұдан бейхабар болыпты. Тау шатқалдарының арасымен өтетін белгісіз тар жолды көрсетіп отыруға бір адам табылды. Оның ешқандай жейтін тамағы жоқ екен, жанындағы ауру баласымен жолды көрсетіп отыруға келісті, сол үшін жол-жөнекей оларға тамақ беріп отыруды біздің ағайындар өз мойындарына алды.

Қытай еліне қашып бара жатқан босқындардың ішінде әлгі жол көрсетуші адамның ұлы 12 жаста, біздің туысымыздың ұл баласы 9 жаста, ал мен болсам 8 жастағы қызбын.

Әлі есімде, бізге бір жүкті жас әйел жолдан қосылды, оның күйеуі Қытайға бұрынырақ кеткен екен. Әйелдің қолында жейтін тамағы болмай аш келе жатыпты, өзін бірге алып кетуді бізден сұранды. Азық-түлік таусылуға аз ғана қалып, қалт-құлт етіп келе жатқан менің туысқандарым оған жаны ашып, тамақтандырады. Ол да риза болып, әлденіп алғаннан кейін біздің үйдің тігін машинасын арқасына байлап, көтеріп алып жүрді. Кейін білдік, Шауешек қаласына аман-есен жетіп, сол күні күйеуін тауып алыпты.

Әкемнің айтуынша, біз жаяулатып 15 күн жүрдік, егер ескі жолмен жүргенде 8-9 күнде жетер екенбіз.

Сонымен, 1934 жылы жазда елге қайта оралдық. Бұл кезде Қазақстандағы ауылдар колхоздарға бірігіп, елдің жағдайы біршама жақсарып қалған екен. Енді көп жылдардағы аштықтан аман қалып, елге оралып тұрмысымыз түзеле бастады. «Аузы күйген үрлеп ішеді» дегендей, алдымызда әлі де талай-талай қиындықтардың күтіп тұрғанын іштей сезіп жүрдік.

### Меркі ауылының тұрғыны Мыңжас қарияның естелігі Біз нәубет жылдардың қиындықтарын көріп өстік

- Сонау зұлмат жылдары біздің шағын ауыл Меркіден 30 шақырымдай қашықтықта таудың етегінде орналасқан еді. Біздің ауылда аса асып кеткен байлары да жоқ, аса жұтаған кедейлері де болмайтын. Әр үйдің өздерінің күн көрістеріне жетерліктей малы, дүние-мүлкі болды. Көктемде малдарын төлдетіп, жаз шыға жайлауға бет алатын. Жаз жайлауда күзге дейін келін түсіру, қыз ұзату, балаларды сүндетке отырғызу тойлары аламан бәйге, көкпар тарту сияқты ұлттық ойындарға жалғасып жататын. Ел іші сондай көңілді тыныш қана өмір сүрді. Осындай тұрмысқа риза болып бейбіт өмір сүріп жатқан біздің ауылға Кеңес өкіметінің орнағаны жөнінде кейін аудан орталығы болған Меркіден хабар жетті. Орталыққа барып келген адамдардан естіп жаттық, бүгінгі кедей-жалшылар ертең ел билейді екен деген сөз ауылдан ауылға тарап кетіпті. Халық болғаннан кейін, олардың арасында естілері де, «ұрда-жық» алаңғасарлары да болады ғой. Алды-артын ойламай Кеңестік билікке сенген бірлі-жарым осындай адамдар «ертең мен ел билеймін» деп әр жерде елдің мазасын ала бастапты. Сол сияқты білімі жоқ, сауатсыз шолақ белсенділер біздің ауылда да пайда болды. Бір күні ауданнан өкіметтің уәкілдері келіп ойларына келгенін істеді. Көп әйел алуға болмайды деп, заңсыз кейбір байлардың жас әйелдерін алып кетуге әрекет жасады. Киіз үйдің керегесіне Лениннің портретін іліп қойып, үлкендерден де, балалардан да оған сиынуды талап етті. Бұл кісі енді біздің пайғамбарымыз, егер кімде-кім бұған көңіл аудармайтын

болса «халық жауы» болады, сотқа береміз деп қорқытты. Адамның ақылына сыймайтын осындай қаскүнемдік сорақы жағдайлар тек біздің ауылда ғана емес, кейін білдік, бүкіл Қазақстанда болған екен.

1928 жылы Қазақ өлкелік комитетінің қаулысымен қазақ елінің барлық аймақтарында ірі байлардың мал-мүлкін жаппай тәркілеу басталыпты. Олардың малын, дүние-мүлкін күшпен тартып алып, отбасыларын басқа облыстарға, республикаларға жер аударғанын біздің ауылдың үстімен күндіз-түні шұбап жатқан байлардың көшінен біліп отырдық. Бала болсам да мұның қиын жағдай екенін жүрегім сезетін. Меркі өңіріндегі ірі байларды тәркілеп болған соң, ендігі кезек бізге де келіп жетті. Жоғарыдан келген билік өкілдері біздің ауылда асып-тасып жатқан байлардың болмағанына қарамастан, өкіметтің нұсқауы бойынша орташа шаруалар мен кедейлердің де мал-мүліктерін бір ортаға жинады. Барлық малынан айырылған ауыл адамдарына жергілікті билік белсенділері уәдесінде тұрмай, оларға колхоздан үлес бермеді. Құр алақан қалған жұрт ашыға бастады. Сол кезде басқа ауылдардың жағдайын тіпті білмейді екенбіз. Сөйтсе, ашыққан халық Меркі жеріндегі барлық ауыл-аймақтарда Кеңес өкіметіне қарсы наразылықтарын білдіре бастапты. Біздің ауыл да ашық қарсылық көрсетпесе де, көп үміт күткен жаңа өкіметтен күдерін үзе бастады. Басқа өңірлерде көтеріліске шыққан ел жеңіліске ұшырап, жүздеген жандар оққа ұшыпты. Қолға түскендерді қызыл әскерлер қақаған қыста Әулие-Атаға дейін жаяу айдап, қаладағы түрмеге қамапты.

1930 жылы біздің үйдің малын, дүние-мүлкін түгелдей тәркіледі. Қолымызда тек қана бір сиыр, екі ешкі ғана қалды. Сонымен бірге өкімет адамдарынан жасырып қалған азын-аулық азық-түлігіміз бар еді, соны талғажау етіп эзер дегенде күнімізді көріп жаттық. Әбден ашыққан жандар өзен жағалап қаңғып кетті. Жаңа өкімет белсенділері жаз бойы басқа ауылдардан адамдарды алып келіп, бытырап жатқан елді біздің ауылға жинап, осы жерде колхозға біріктіреміз деп, оларға кірпіш-саман құйдырып он шақты үй салдырды. Сапасыз салынған үйлерге әр жердегі қыстаулардан шаруаларды әкеп қоныстандырды. Олардың ішінде біздің де отбасымыз бар еді. Ал жазда отын дайындауға мүмкіндіктері болмаған шаруалар суық үйлерде отыра алмай, қыстың ортасында ескі қоныстарына көшіп кетті. Көктемге қарай әрі сапасыз, әрі күтімі болмаған үйлер жауын-шашынға шыдай алмай, шетінен құлап жатты.

Әлі есімде, ауылға келген өкіметтің өкілдері келісімен балалардан «кімнің үйінде тығып қойған мал бар» деп сұрай бастайтын. Өйткені, олар «балалы үйде ұрлық жатпайды» дегендей, балалардың ешнәрсені жасырмай шындықты айта салатынын біледі ғой. Сондықтан да біздің әке-шешелеріміз «ауылда ешкімде мал жоқ, бәрін алып кеткен деп айтындар» дегенді құлағымызға құя беретін. Аптасына екі рет ауданнан милиция келіп қора-қораларды тінтіп, егер жасырған малы немесе жарамды дүние-мүліктері болса зорлықпен алып кететін де, үй иесін сотқа беруден тайынбайтын.

Бір күні ОГПУ-дің екі өкілі келіп әкемді аудан орталығына ұстап әкетті. Әкемді абақтыға алып кетуін біреудің көрсетуінен болғанын білдік. «Бай» деп көре алмайтындар жоғары жаққа хабарласа керек. Әкемізді қорғауға бізде қандай шама бар дейсің? Амалсыздан үндемей жүре бердік. Жағдайымыз күннен күнге нашарлай бастады. Көктемге қарай үйдегі азық қоры таусылып, ашыға бастадық. Өткен жылы жазда колхоздың тары еккен жерінен арықтарда, ой-шұқырларда қалып қалған масақ теріп, әкем екеуіміз бір қаптай тары жинап, қыстаудың жанына ұра қазып көміп тастаған едік. Сол есіме түсіп шешем екеуіміз сол астық тыққан жерге бардық. Адамның тізесінен келетін көктемдегі қардың суын кешіп әрең дегенде жеттік-ау, әйтеуір! Біздің үйден қыстауға дейін 7-8 шақырымдай болатын шығар. Тары көмген жерді тез-ақ тауып алып, аршып алып қарасақ, әлі бұзылмаған екен. Қуанып қалдық.

Шешем бір қап тарыны ат үстіне өңгеріп алды, ал мен болсам жаяу еріп жатқан қар суын тізеден кешіп үйге келдік. Үйдегі жалғыз сиыр мен бір ешкіні өкіметтің уәкілдеріне көрсетпеу үшін шошайтып жиналған қалың шөптің ішін үңгіп, сонда жасырып ұстауға тура келді. Ал екінші ешкіні қысылған кезде сойып алғанбыз. Әйтпесе, ауылдың шолақ белсенділері ешкімнен сұрамай-ақ көздеріне түскен малды алып кететін. Солардың арасында біздің жақын ағайындарымыз да болды. Кейін заман түзеліп, жоғары білім алып Алматыда қызмет істеп жүргенімде, араға бірнеше ондаған жылдар салып ауылға демалысқа келдім. Ауылға кіре бергенімде сонау зұлмат жылдары елді зар қақсатқан ағайынның біреуін көріп қалдым. Ол мені таныған жоқ, әбден қартайыпты. Мен оны танығанымды білдірмей, көліктің үстінде отырып бас изеп сәлемдестім де жүре бердім. Оның ауылдастарына жасаған сорақылықтарын бетіне басқым келмеді, кешірсе Алла тағалланың өзі білер, ал менің балалық жүрегімде оның қиянаты тастай болып қатып қалғанын қалай ұмытармын!

Көктем шыға жұрт өзен бойын жағалайды. Әйтеуір, бостан босқа аштан өлмеудің қамы ғой. Ашыға бастаған ел жақын жердегі өзеннен балық аулауға көшкен. Бір күні мен де балықшыларға ілесіп, балық аулауға бардым. Балықтан балықшылардың саны көп сияқты көрінеді. Қармаққа түскен балықтан аздап өзіміз қайнатып жейміз де, сорпасын ішеміз, қалғанын кептіріп аламыз. Балықшылар өзеннің жағасына қос тігіп алған, сонда түнеп қалады. Сол күні мен де балықшылармен бірге қонып шықтым. Кешке қарай біздің жанымызға Әбіш деген туысымыз келді, әбден жүдеген, тұла бойы күптей болып ісіп кеткен, сөйлеуге шамасы келмеді. Балықтың сорпасын беріп едік, оны да ішуге мұршасы болмады. Ертеңіне қарасақ, түнде өліп қалыпты. Өзен жағалауынан алыстау жерге апарып жерледік.

Түске қарай кепкен балықты көйлегіме орап, қолтығыма қысып алып, үйге апаруға жолға шықтым. Өзіме таныс жолмен жүріп келе жатыр едім, бір қыстауға жақындағанда қораның жанындағы үйілген тезектің артынан біреу шығып, маған қарай жүгіре басып келе жатты. Неде болса, бір бәленің тап болғанын ішім сезе қойды. Сегіз жасқа енді ғана толған бала одан қалай

құтылсын, қорыққанымнан шекемнен тер бұрқ ете қалғанын байқамай да қалдым. Қанша дегенмен, мейірімді, иман жүзді адам екен. Өзі ашығып тұрса да, менің жөнімді сұрап, қойнымдағы томпиған нәрсенің балық екенін біле тұра тартып алмай жібере салды. Бұл жалған тіршілікте өлімнен гөрі парасаттылықты, адамгершілік қасиеттерді жоғары қоятын адамдардың бар екенін сол кезде түсінгендей болдым. Содан жүгіріп отырып бір төбенің басына келсем, менен екі-үш жас үлкен бала сарышұнақ тышқанды пісіріп жеп отыр екен. Жүрегім айнып, лоқсып, тұла бойым тітіркеніп кетті де, оған қарамай зымырай жөнелдім.

Үйге келсем керегеге арқасын сүйеп шешем отыр, көзі жәудіреп 4 жасар інім Мырзахан не әкелдің дегендей, маған жалтақтап қарай береді. Әкелген балығымды көріп шешем де, інім де қуанып кетті. Бала емеспін бе, сәл аялдаған соң үйден шығып ауыл балаларымен ойнауға кеттім.

Алла тағала берейін десе, әп-сәтте бере салады екен! Ойнап жүріп аяғым бір нәрсеге ілінгендей болды, жерге қарасам қаптың ұшы көрініп жатыр. Одан әрі жұмсақ жерді аяғыммен әрі-бері шұқыласам зат салынған қап сияқты көрінді. Бетін ешкімге білдірмей белгілеп қойдым да, балаларды басқа жаққа алып кеттім. Түнде шешем екеуіміз келіп қазсақ, қап толы тары болып шықты. Адам таршылықта қуанғанда ерекше күш-қуат пайда бола ма деп қалдым. Күнделікті тіршілікте мұндай жүкті әрең көтеруші едік, ал бұл жолы бір қап толы тарыны қиналмай үйге әкеліп алдық.

Бір күні шешем 20-25 шақырымдай жерде тұратын туысымызға барып келейік деді. Біз келгенде жақсы қарсы алды, бірақ өздері де жетісіп отырған жоқ екен. Бір түн қонып шығып, ертесіне қоштасып жолға шықтық. Кептірген балық пен тары-талқанды дорбамызға салып берді. Ауылдан ұзап орта жолға келгенімізде, алдымыздан түсі суық, аш адам шыға келіп менің арқамдағы дорбаны жұлып алып қаша жөнелді. Шешем оны қуып жетіп, дорбаны бер десе пышағын жалаңдатып, өлтіремін деп қорқытқан соң қайтып келді. Сонан соң екінші ауылдағы шешемнің сіңлісі Әлияның үйіне келдік. Күйеуі 1930 жылы қайтыс болыпты, қолында 3 жасар қызы мен 5 жастағы ұлы бар екен. Бір қонып шықтық та, ертеңіне үйге кетуге жинала бастадық. Әлия әкпем қолындағы барынан бізге жырып берді. Ағайын-туыстар қандай ауыртпалықтарды басынан кешіріп «шықпа жаным, шықпа» деп отырса да бір-біріне көмектесуден бас тартпаған. Бұл қазақ халқының ежелден қанына сіңген дәстүрлерінің бірі ғана екендігі анық. Ашаршылық елге қандай қасірет әкелмеді? Бір отбасы түгіл, бүкіл ауыл болып қырылып қалғанын да кейін ғана білдік қой. 1931 жылы Әлия әкпем екі баласымен бірге аштан өлді деп естідік. Әруағыңнан айналайын, қайран әкпем, сенің берген бір уыс талқаныңның дәмі күні бүгінге дейін аузымнан кетпейді.

1931 жылдың күзіне қарай елде үлкен аштық басталды. Сол жылдары әр жерде ұры-қарақшылар шығып, колхоз малын ұрлап, адам тонау, адам өлтіру

оқиғалары көбейіп кетті. Әлі есімде, біздің ауылдың бір адамы Әулие-Атаға бара жатқан жолда аш-ұрылар оны өлтіріп, сан етінен кесіп алып пісіріп жепті деп естідік. Жасы тоқсанға келген көршіміз Дәмеш әженің көзіне жас алып, зұлмат жылдардағы өзі көрген оқиғаларды қинала айтып отырушы еді:

«Әр ауылдан жиналған босқындар тау асып Қытайға кетіп бара жатқанымызда аштықтан әлсіреген жас әйел емшектегі баласын көтеріп алып жүруге шамасы келмей таудың қуысына тастап кеткенде, біраз жер ұзағанша жылаған бала дауысы құлағымда естіліп тұрды. Ол баланы алып кетуге бізде де қандай күш бар дерсің? Өзіміз аш келе жатып, баланың жылаған дауысын естіген сайын көзімізден жас сорғалап, жанымыз қиналып ілгері жылжи бердік. Сол баланың зарлаған үні бүгінде тоқсанға келсем де әр уақытта құлағымнан кетпейді». Не керек, мұндай аянышты, жантүршігерлік оқиғаларды біз де көп көрдік қой.

Әкем түрмеде жатқанда інім Мырзаханды Әулие-Атадағы балалар үйіне бердік, жетім балаларды ауыл-ауылдан жинап жүрген өкімет адамдары оны алып кеткен еді. Ондағы ойымыз інім балалар үйінде болса аштыққа ұрынбай тірі қалатын шығар деп үміттендік. Бір айдан кейін шешем екеуіміз барсақ, інім аурудан әлсіреп қайтыс болыпты. Оның жанындағы өлген балалармен бірге барлығын бір шұңқырға көміп тастағанын білдік. Інімнің қайда жерленгенін тәрбиешілерден сұрасақ, ешқайсысы да айтпайды. Сөйтсе, жоғарыдағы билік өкілдерінен балаларды көмген шұңқырды көрсетпеу туралы нұсқау болса керек. Жылап-еңіреп, бір уыс топырақ сала алмай, көзіміздің жасын сорғалатып қана бауырымызды о дүниеге шығарып салдық.

Мені шешем қаладағы Боранбай деген нағашымның үйіне қалдырып кетті. Әулие-Ата қаласында да ашыққандар көп екен, аш-жалаңаш, аштықтан ісініп кеткен адамдар көшелерде қаптап жүр. Қоқыс төгетін орындарды ашыққан адамдар жайлап алыпты. Олар қалған-құтқан қалдықтармен қоректенеді екен. Күн сайын қала көшелерінен адамдардың өліктерін, үй-жайсыз жүрген, әбден қалжыраған, аштықтан денесі ісіп кеткен әртүрлі жастағы балаларды кездестіруге болады. Бұл жетім қалған балалардың әке-шешелері де аштықтан өлген. Күнде өлген адамдарды өкіметтің арнайы құрған жасағы көшелерден жинап алып, көлікке тиеп қаланың сыртындағы шұңқырға лақтырып тастап, бетін топырақпен жаба салатынын нағашымнан естіп жүрдім.

1931 жылдың қысында Боранбай нағашым түрмеге түсіп қалды. Бір күні кешке қарай нағашымның әйелі Мәрия тәтем бір таба нанды Боранбайға түрмеге апарып бер деді. Таба нанды қойныма тығып, түрмеге қарай жүгіріп келе жатыр едім, алдымнан бойы ұзын, түсі қап-қара еңгезердей біреу шыға келіп кеудемді жұлқылап қойнымдағы нанды тартып алып қаша жөнелді. Әлімнің жетпейтінін білсем де артынан қудым. Ол барып бір құлаған үйдің ішіне кіріп кетті. Мен де іле ішке кірсем үйдің іші қараңғы, қалың түтін, сондай сасық. Біраз тұрғаннан кейін қорқып, денем дірілдеп кетті. Қорыққаным



соншалықты, бұл жерден қалай зытып шыққанымды білмей қалдым. Боранбай нағашым: «Қалада адам жейтіндер бар, сондықтан өте сақ болу керек. Түнгі қараңғы мезгілде жалғыз жүру өте қауіпті» деп айтып отыратын. Кейін ойласам мені аш адамдардан құдай сақтап қалған екен.

Нағашым абақтыдан босап келді. Ол кісінің ешқандай кінәсі жоқ екенін бәріміз білдік. Өз ісіне берік, уәдесінде тұратын өте адал адам болатын. Сол қиын заманда біреуді жазықсыздан жазықсыз кінәлап, түрмеге жаба салу түкке тұрмайтын жағдай еді.

Бір күні Боранбай нағашым: «Сені балалар үйіне (детдом) орналастырамын, онда жағдайың жақсы болады. Біздің күнімізді өзің көріп отырсың, әрең дегенде бір үзім нан тауып жеп отырғанымызды...» деді. Әулие-Атадағы детдомға апарып, әкемнің Жолдыбай деген атын өзгертіп, өзінің ауылдағы кедей туысы Сүйерқұл деген атпен мені балалар үйіне тапсырды. Детдомға жақындап қалғанда нағашым: «Егер өз әкеңнің атымен жаздырсам, сені байдың баласы деп қабылдамайды» деді де, маған не айтар екен дегендей, бетіме тесіле қарап тұрды. Мен үнсіз ғана басымды изедім.

Балалар үйінің жағдайы да мәз емес екен. Тамақ жеткіліксіз, балалар көздері бозарып ертеңнен кешке дейін аш қарын жүретінін байқадым. Төсек-орын болмағандықтан суық еденге шөп төсеп, ұйықтауға бәрімізді қатар-қатар сонда жатқызады. Алғашқы күні менің жанымдағы ұйқыға жатқан екі бала ертеңінде орындарынан тұрмады, түнде өліп қалыпты. Өлген балаларды бір сарайға жинап, екі-үш күн өткеннен кейін ғана арбаға тиіп, тәрбиешілердің тапсыруымен ересек балалар қаланың сыртындағы терең сайға апарды да, өліктерді лақтырып-лақтырып кетеді екен. Тіпті, мәйіттердің бетін топырақпен де жаппайды. Бір күні мені қызықтап үлкен балалар бірге ертіп барды. Өліктерді көргенде менің ішім мұздай болып қалшылдап, қорқып тұрамын. Бірте-бірте бұған да етім үйрене бастады. Апаратын жерге жетіп, өлі денелерді бірі қолынан, бірі аяғынан ұстап сайға лақтырып жатады...

Ашыққан детдом балаларының жағдайы өте ауыр болды. Аш балалардың көбі ауруға шалдығып күнде үш-төрт бала өліп жатты. Тамақты қарным тоя жемесем де құдай сақтап аурудан аман қалдым.

Екі жылдан кейін балалар үйіне әкем мені іздеп келді. Әбден жүдеген, қартайып кеткен, бірнеше жыл түрмеде отырғанның азабы оның бет-әлпетінен, көз жанарының солғын тартқанынан көрініп тұрды. Көп ұзамай әкем қамауда жабысқан өкпе ауруынан қайтыс болды.

Сонымен Әулие-Ата балалар үйінде жүріп 7 жылдық білім алып, заман түзелген соң «Сүйерқұл» деген жалған фамилияны тастап Жолдыбаев болып әкемнің есімімен жазылдым. Енді ғана есейіп, етек-жеңімізді жинап жағдайымыздың жақсара бастағаны сол еді, соғыс басталды. Ұлы Отан соғысы басталысымен мені әскерге алды, жан аямай жаумен соғыстым, көптеген орден, медальдармен марапатталдым. 1944 жылы ауыр жараланып,

бір аяғымнан айырылып елге оралдым. Елге келе салып еңбекке араласып зейнетке шыққанға дейін колхозда қойма меңгерушісі және колхоз бастығының орынбасары қызметтерінде ұзақ жылдар бойы үздіксіз еңбек еттім. Үйленіп отбасын құрдым, бала-шағалы болып ұл-қыз тәрбиелеп өсірдім.

Қазіргі жастарға айтайын дегенім, өмірдің қандай қиын кезеңдері болсын қажымай-талмай тығырықтан шығудың жолын таба білу керек. «Өмір деген – күрес» деп тегіннен тегін айтылмаса керек. Біздің құрдастарымыз отызыншы жылдардың зұлматын көрді, олар қол қусырып қарап отырған жоқ, өмір сүру үшін, бала-шағасын аштықтан аман сақтап қалу үшін жанталаса күресті. Ашаршылық адам төзе алмайтын қанша ауыртпалық әкелсе де, олардың сағын сындыра алмады. Сол жылдардағы аштықтың қолдан жасалғанын мұнда ғана білдік қой. Кеңес дәуірінде кімде-кім сол кездегі халықтың басына төнген нәубетті айтса болды, аяқ астынан «қылмыскер» болып шыға келетін. Сондықтан ешкімге сыр білдірмей үндемей жүре бердік. Міне, сондай заман болған. Менің өз көзіммен көріп, өз басымнан өткен ашаршылық зардаптары тек Әулие-Ата аймағындағы Меркі өңірінде ғана болған жоқ, сонымен бірге бүкіл қазақ халқы басынан кешірген жантүршігерлік ең зұлымдық, ең қасіретті апаты болғаны анық. Қазір ғалымдар 1930-1933 жылдары 2 миллионнан астам қазақ аштықтан қырылды деп жазып жүр ғой. Мен зерттеуші болмасам да бұл мәліметке толық сенемін, өйткені ашаршылықтың зардаптарын, елдің қынадай қырылғанын ауылда да, қалада да өз көзіммен көрдім. Ал енді елді осындай апаттан сақтасын деп қана тілеп отырамын.

### Дерек көздері

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында құрылған артельдерді, ТОЗ-дарды және байлардың шаруашылықтарын жойып, олардың орнына әр ауылдағы шаруалар бірлесіп еңбек ететін ұжымдық шаруашылықтарды (колхоздар) ұйымдастыру Қазақстанның барлық аймақтарындағы сияқты Меркі өңірінде де 1929 жылдан бастап шындап қолға алына бастаған. Негізінде Қазақстанда халықты колхоздарға біріктіру 1922 жылдан басталған. Бірақ бұл үдеріс 1926 жылға дейін өте баяу жүрді.

1930-1931 жылдардағы колхоздастыру кезеңінде әміршілдік-әкімшіл жүйе кеңінен етек алып, жергілікті жалған белсенділер мен ОГПУ, НКВД қызметкерлері Қазақстанның барлық өңірлерінде жұртты жаппай ұжымдасуға күштеп көндіруге кірісті. 1929-1930 жылдардағы қыс мезгілінде бір-бірінен шалғайда жатқан ауылдар көшіріліп, бір орталыққа топтастырылды. Сол жылдары төрт түлік малдың 70-80 пайызы колхоз меншігіне берілді. 1930 жылдың жазына қарай әр колхозшы төрт қой мен бір сиырдан ғана ұстауға құқылы болды. Бірақ, бұл сөз жүзінде ғана болды, шындығында, өкімет өкілдері малдың бәрін сыпырып алды.

Кеңес билігінің бұйрығын тезірек орындауға кіріскен Меркі аудандық партия комитетінің хатшылары, түрлі деңгейдегі кеңестік ұйымдардың басшылары халықпен санаспай, төрт қой, бір сиыры барларды да бай санап, малын колхоз меншігіне өткізуді талап еткен. Талаптары орындалмаған жағдайда малын бермеген адамдарды жау санап, соттауға, жер айдауға дейін барды.

Бір ортаға жиналған малдар мал жайын білмейтін қолдарға өтіп, төрт түлік әртүрлі себептермен қырыла бастаған. Ауыл-ауылдарда елдің қолындағы барлық мал мен астықты, дүние-мүлік пен құрал-саймандарды колхоз меншігіне өткізуді ғана ойлаған шолақ белсенділер, ал оның арғы жағында өзін де, жұртты да қандай тұрмыс пен тіршілік күтіп тұрғанына ой-саналары жетпеген сауатсыз, санасыз жалған белсенділер «шаш ал десе, бас алған» өктемдіктеріне басып, бүкіл елді қан жылатады. Әр белсендінің жанында белінде тапаншасы, арқасында мылтығы бар милиционерлер еріп жүрді. Қарудан қорыққан қазақ соңғы лағына, қабының түбіндегі бір уыс астығына дейін колхозға өткізіп, өздері құр алақан қалған.

1930 жылдан бастап кейбір аудандарда колхоздармен қатар совхоздар да ұйымдастырыла бастаған еді. Сондай мемлекеттік шаруашылықтар - Меркі ауданында да мал шаруашылығымен айналысатын совхоздар болып құрылған болатын. 1931-1932 жылдары Қазақстандағы мал басы кеміп, әсіресе, төрт түлік өсіретін совхоздарда малдың қырылуы және талан-таражға түсуі кең етек алған. Солардың ішінде Меркі ауданында да мал қырылып, ұрланғаны жөнінде Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында анық көрсетіп берді:

«1931-1932 жылдардың қысында совхоздардағы малдың қырылуы өте көп болды және мал ұрлау асқынып кетті. Қазір де жағдай осындай болып тұр. Мысалы, 1932 жылы Меркі ауданындағы 16 қой совхоздарында жаппай шығынға ұшырағаны және ұрланғаны бар 12636 бас қой жоқ болған. Ал «Қапланбек» қой комбинатында талан-таражға түскен және қырылған қойлардың саны 12800 басқа жеткен, сонымен бірге 631 бас қойды ет дайындауға жөнелткен». (Рысқұлов Т. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 329)

Елдің малын бірін қалдырмай жинап алғаннан кейін Кеңес өкіметінің жоғарғы басшыларының айтуымен, жергілікті жерлердегі шолақ белсенділер: «Колхоз меншігіне өткізілген малдарыңнан сендерге ай сайын үлес беріледі. Астық үлесі де ай сайын таратылады. Тек сендер колхоздың егінін егіп, шөбін орып, жерін жыртсандар болды. Күнкөрістеріңді өкіметтің өзі шешеді» деп халықты алдады.

Сонымен, 1931 жылдың жазында ауылдардағы тұрғындарда бір тұяқ қалмай, барлық мал, колхоз қораларына жиналады. Жиналған мал колхоз қораларына қамалып, оларға қарулы күзет қойылады. Жайылымға шыққан кезде де оларды қарулы адамдар күзеткен.

1931 жылдың желтоқсан айында қалың қар түсіп, күн бірден суытқан. Барлық оңтүстік аймақтарда күннің суықтығы 10-15 градусқа күрт төмендеген. Ала жаздай алашапқын болып жұрттың бар малы мен астығын бір ортаға жинаған өкіметтің жауапты өкілдері қыста қолда бағылатын төрт түліктің жем-шөбін дайындауды ойламаған ғой. «Мал баққанға бітеді» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған екен. Қалың қар жауып, күн бірден суытқанда малға беретін азық таппай қатты қысылған аудан басшылары мен кеңес белсенділері күнде жиын жасап, тығырықтан шығудың жолын іздей бастайды. Соған қарамастан бір ортаға жиналған колхоздың бар малын қыстың қаһарынан сақтап қалуға жем-шөптің болмауынан мүмкін болмады. Бұл жайында тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ф. Аяғанның басшылығымен ашаршылықтың ақиқатын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде былай көрсетіледі:

«Ауыл шаруашылығы дағдарысын БК(б)П ОК мен КСРО ХКК 1931 жылдың 30 шілдесінде қабылданған «Социалистік мал шаруашылығын дамыту» туралы шешімі күшейтіп жіберді. Колхоздарда мал шаруашылығы фермаларын құру мәселесі көтерілді. Осы шешіммен колхоз фермаларына мал санын өткізу, сондай-ақ ұжымдық мал шаруашылығына қажетті колхозшылардан төлдерді сатып алу жұмыстарын ұйымдастыру ұйғарылды. Бұл іс жүзінде, мал басын күштеп біріктіруге, малдың жаппай сойылуы мен сатылуына жол ашты. Ұйымдастырылған мал басы жем-шөп пен қолайлы мал қоралардың болмауынан қырылды. 1932 жылдың ақпанына қарай, Қазақстандағы колхозшылар шаруашылығының 87 пайызы мен жеке шаруашылықтың 51,8 пайызы малынан толық айырылды». (Аяған Б.Ф., Қыдыралина Ж.Ұ., Ауанасова Ә.М., Қашқынбаев А.Н., Анафинова М.Л., Илиясова К.М. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы: ТОО «Литера-М», 2012, 47-48 беттер)

Қазақстан ауыл шаруашылығы комиссариатының басшысы Н.Сегізбаев барлық аудандық партия комитетінің хатшыларына: «Қар бересіндер ме, жоқ, топырақ бересіндер ме, қалайда қоғам малын қырып алмаудың жолын қарастырыңдар!» деп қатаң талап қояды.

Алайда, Қазақстандағы аудандарды басқарып отырған хатшылардың басым бөлігі мал жайын білмейтін бөтен ұлттардың өкілдері еді. Осындай қысылтаяң кезде колхоз басқарып отырған қазақтар және жергілікті белсенділер малды уақытша болса да аман ұстап тұруға ақыл-кеңестерін айтқан. Олардың айтқан кеңестері бойынша, жер-жерлерде шаруалар қамыс орып, тал-теректердің майда бұтақтарын қырқып, малға азық ретінде дайындай бастады.

Қазақтар ежелден-ақ төрт түліктің қай түрін болсын, ылғи ағаштардың шыбықтарымен, қамыспен ұзақ сақтап қала алмайтынын жақсы білген. Жұмсақ майда бұтақтарды қой-ешкі үнемі жей беретін болса, іш тастап, тышқак кеселіне ұшырайды да, түбінде шығын болады. Ағаштардың майда бұтақтары, шыбықтар сиырға азық емес. Қамысты тек жылқы ғана жей алады, бірақ оған да ұзақ уақыт қамыс беруге болмайды. Ал сиыр мен қой-ешкі

камысты жесе, іштері тілініп өледі екен. Оның үстіне қысқа қалып қалған ескі қамысты ешқандай мал қорек етпейді, тек жаз кезінде көк құрақ күйінде орылған қамыс қана төрт түліктің азығына жарайтынын колхозшылар кеңестік биліктің өкілдеріне қайта-қайта айтумен болды. Бірақ олар құлақтарына да ілмеді. Мән-жайды түсінбейтін өкімет адамдары қақаған қыстың ортасында ауыл тұрғындарын қамыс оруға, ағаштардың бұтақтарын жинауға айдап салды. Бұдан артық көрсоқырлық болмайтын шығар!

Бұл тәрізді ақылға қонымсыз нұсқаулар бір Меркі ауданында ғана емес, төңірегінде қамыс өсетін бүкіл Қазақстандағы ауылдардан талап етілгені анық.

1931 жылдың күзіне қарай Голошекин әр аудан, әр колхозға көп мөлшерде мемлекетке ет салығын өткізуді тапсырған. Бұған оның жанында жүрген қазақ басшылары мұндай зорлыққа қарсы тұра алмаған. Егер қарсы шығатындар болса, сол мезетте-ақ қатаң жазаға тартылған. Сонымен, колхоз қораларындағы мал есепсіз сойыла бастады. Сойылған мал еттерін жақын жердегі стансаларға жеткізіп, вагон-вагондарға тиеп, Ресейдің орталық қалаларына, Сібірге, Қиыр Шығысқа жөнелтіп отырды.

Көптеген колхоздарда етке өткізілуден аман қалған малдарды жем-шөптің жоқтығынан қолдан әдейі қыру оқиғалары да орын алған. Сол кездегі мұрағат құжаттарынан: «Меркі ауданында 107 сиырды, Жуалы ауданында 29 сиырды қарасан дерті жұқты деген сылтаумен улап өлтірген» - деген мәліметтің табылғаны айтылады. (М.Әбдіәкімұлы. Адамның қолымен жасалған айуандық немесе ашаршылық кезінде 2,5 миллион қазақ қалайша ажал құшты? «Алтын Орда» - республикалық газет, № 21, 24 мамыр 2012 жыл, 19-бет).

Қолдан өлтірілген малдарды көздері қарауытып жүрген аш адамдар жеп қоймасын деген ниетпен жерге көмген немесе өртеп жіберген. Сол қақаған қыста малға жаны ашыған шаруалар, қалай мал басын аман сақтап қалуды ойластырып жүрген кезде, жоғарғы билікте отырғандардан өкіметке 100 мың тонна жүн өткізу керек деген нұсқау келеді. Кеңестік билік бұл жүн салығын тез әрі қысқа мерзімде мемлекетке тапсыруды талап етеді. 1931 жылдың желтоқсан айында Қазақстандағы колхоздарда сонша тонна жүн беретін қой да жоқ болатын.

Ертедегі көшпелі өркениеттің дамуына ерекше үлес қосқан, малдың жайын жақсы білетін қазақтар ешқашанда қыста қой қырықпаған. Ағаштың бұтақтары мен қабықтарын кеміріп аштан қырылуға шақ тұрған қойларды қырку туралы хабарды естігенде малға жаны ашыған колхозшылар бір дүрліккен. Қой қырқып, жүн өткізген адамдарға нан беріледі деп, оларды дәмелендіріп те қойған. Содан үйінде аш отырған бала-шағасының қамын ойлаған қазақ, амалсыздан қорадағы 3-4 қойын қысқа бастаған. Жұрттың қолдарында ұстап отырған аз ғана қойлары жүні қырқылып, әрі аш суыққа төзе алмай, суық қораларда теңкиіп-теңкиіп арам қатқан. Бір орталыққа жиналған

колхоздың қойлары да қырқылып, жартысынан көбі қырылып қалған. Көшпелі халықтың негізгі күнкөрісі – мал болғаны белгілі ғой. Кеңес өкіметінің солақай саясатының нәтижесінде айналасы бір жылдың ішінде елден жинап алған төрт түлікті сойдырып етке өткізіп, ал қалғандарын колхоздарға біріктіріп, жем-шөпті дайындамай қыста аштан қатырса, суық қақаған аязда жүн жоспарын орындау үшін қойлардың жүнін қырқып алып, тағы да малды арам қатырған.

Сонымен, Тұрар Рысқұловтың 1932 жылғы 29-қыркүйектегі мәліметі бойынша, Қазақстанда 1928-1929 жылдары 40 миллион бас мал болса, ал 1932 жылдың ақпан айында 5397 мың бас мал қалған, ал 85,5 пайыз мал басы құрып кеткен. (Рысқұлов Т. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, 328-бет)

Мұрағат құжаттарында 1931-1933 жылдардағы Жамбыл облысындағы мал және халықтың шығыны нақты мәліметтер арқылы көрсетілмейді. Дегенмен, қолдағы бар құжат материалдарын пайдаланып пайыз есебімен болжам жасауға болады. Мұрағатта сақталған Сарысу мен Талас аудандарының салық ұйымдарының мәліметтері бойынша, бұл аудандарда мал саны 1933 жылы 1930 жылмен салыстырғанда 40,7 пайызға кеміген. Ал 1933 жылы отырықшы Меркі ауданының өзінде 1930 жылмен салыстырғанда жылқы саны 25 пайызға азайған. Әулие-Ата мен Меркі аудандарындағы төрт түлік түрлері бойынша мал санының үлес салмағы 1933 жылы 1930 жылмен салыстырғанда 23,5 пайызға төмендеген. (Еділ Әлиев. Жан қайғы, Тараз, 2012, 60-бет)

Қазақстанның түкпір-түкпірінде болған ашаршылық Меркі өңіріндегі ел-жұртты да жайпап өтті. Кеңестік билікке елдің малын тартып алып, колхозға (ұжымдық шаруашылық) біріктіру оңай болған жоқ. Кеңес өкіметінің өктеммен колхоздар құрылып жатқан кезде мал-мүлкінен айырылған Меркі ауданындағы қазақтар аштықтың зардаптарын тарта бастады. Отызыншы жылдары зорлықпен колхоздар құрылып жатты – бұл бір жағынан, ал екінші жағынан халық аштықтан қынадай қырылды. Мемлекет тарапынан ашыққан елге ешқандай көмек берілмеді.

Мысалы, мынадай дерек мәліметтері ашаршылық жылдарындағы Меркі өңірінде ұжымдық шаруашылықтардың көптеп құрылғанын көрсетеді:

«1930-1933 жылдары «Красный Интернационал» (қазіргі Жамбыл атындағы агробірлестік) төрағасы Добровская, «Красный Восток» төрағасы Н. В. Косенко (қазіргі «Жылы бұлақ»), «Ақтоған» - кейін «Большевик» колхозы, қазір Тілеміс атындағы агробірлестік (төрағасы Мырзатай Орақбаев), «Новый путь» - төрағасы Сдвиженский Рустик Савельевич, (кейін Жданов атындағы колхоз болып, қазір таратылып кетті), «Сұрат» төрағасы Қоржынбай

Серікбаев (кейін Киров атындағы колхоз болып, таратылып кетті), «Қызыл сай» (төрағасы Бектембай Садыбеков), Т. Рысқұлов атындағы колхоз (кейін Ворошилов, қазір Мыңқазан ауылы) төрағасы – Әлім Қыпшақбаев, «Қостоган» колхозы – (төрағасы Бектенбай Ауғанбаев), (кейін Қостоган, XXII партсъезд атындағы колхоз болғанда таратылып кетті). «Победа» - төрағасы Овчаров, «Қызыл еңбек» - төрағасы Піралы Ермұхамбетов. «Кеңес» колхозы – төрағасы Т. Абаев (кейін «Қазақстан» колхозы болып, қазір таратылып кетті), Сталин атындағы колхоз – төрағасы Бәрімбеков Сүйімқұл. «Екпінді» колхозы – төрағасы Әбду Жамбабаев. 1930 жылы «Овцевод» қой совхозы – (директоры И. Половинкин) құрылды. 1933 жылы «Овцеводтың» аты өзгертіліп, «Меркі қой совхозы» деп аталды. Осы жылдары Меркі қызылша совхозы да құрылды.

**Жамбыл облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы, екінші басылым, Тараз қаласы, 2007 жыл, 128-бет.**

Мойынқұм ауданы облыс территориясының 42 пайызын алып жатыр, яғни жер көлемі бойынша облыста бірінші орын алады. Тарихи деректерге көз салсақ, Мойынқұм ауданы 1928 жылы құрылып, орталығы Новотроицкі (қазір Төле би ауылы – Шу ауданының орталығы) селосы болған. Сол кезде бұл аудан Сырдария округіне қарады. 1939 жылы 10 аудан құрамына кірген Жамбыл облысы құрылды. Соның бірі қазіргі Мойынқұм ауданының барлық аумағын алып жатқан Көктерек ауданы еді. Бұл аудан Шу ауданынан бөлініп шықты.

1930-1931 жылдары жеке қожалықтарды жаппай коллективтендіру тұсында аудан халқы аштыққа ұшырай бастады. Кеңес өкіметінің уәкілдері зорлықпен ел-жұрттың төрт түлік малын тартып алып, зар қақсатты. Ашаршылық осыдан басталды. 1929-1931 жылдары Мойынқұм өңірінде артельдер мен серіктіктер ұйымдастырыла бастады. Мәселен, қазіргі «Бінталы» деген жерде ел «Жәнібек» деп аталатын артельге бірікті. «Қызыл жұлдыз» және «Ұмтыл» деп аталатын мал серіктіктері 1932 жылы «Қызыл октябрь» артелине ұйымдасты. 1932 жылы «Коминтерн», «Көркей», «Көлтабан», «Бірлік» сияқты колхоздардың ірге тасы қаланды. 1936 жылға дейін бұл өңірде «Қызыл қоян», «Қызылту», «Қоқи», «Алға тарт» колхоздары ұйымдастырылды. Бірақ, аштықтан қырылып жатқан қазақтарға колхоздардан ешқандай көмек болмады. Ашыққан халық басы ауған жаққа босып кетті.

### **Қытайда туып-өскен Әбдіқадыр қарияның басынан кешіргендері**

#### **Қазақ елін жайлаған аштықтың Қытайдағы салдары**

Бүгінде Мойынқұм ауданы Бірлік ауылдық округінде тұратын 80 жасты еңсерген Әбдіқадыр қарияның айтуынша, әке-шешесі, туған-туысқандары, жақын ағайындары 1932 жылы қырғыз елінен Қытайға қарай бет алған.

Сол кезде алапат аштыққа ұшыраған қазақтардың көбі Әулие-Ата аймағынан (қазіргі Жамбыл облысы) Қырғызстанға жаппай тоз-тоз болып, босып кеткені белгілі. Көп жағдайда қырғыз жеріне өткен Жамбыл өңірінің

## **МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ**

Аудан солтүстік жағынан 190 шақырым қашықтықта Қарағанды облысымен шектеседі, ал солтүстік-шығыс бөлігінде Балқаш көлінің 115 шақырым жағалауын қамтитын жерлерді басып өтеді. Ауданның оңтүстік-шығыс шекарасы Алматы облысының 140 шақырым жерімен шектеседі және 40 шақырым қашықтықта Қордай ауданының жерін жиектейді. Оңтүстікте Шу ауданымен 180 шақырым, Т. Рысқұлов ауданымен 120 шақырым қашықтықта шектесіп жатыр. Ал оңтүстік-батыс және батыс жағынан қашықтығы 250 шақырым жерлерде Талас ауданымен, батыс және солтүстік-батыс бөлігінде 250 шақырым қашықтықта Сарысу ауданымен шектеседі.

Мойынқұм ауданы облыс территориясының 42 пайызын алып жатыр, яғни жер көлемі бойынша облыста бірінші орын алады.

Тарихи деректерге көз салсақ, Мойынқұм ауданы 1928 жылы құрылып, орталығы Новотроицкі (қазір Төле би ауылы – Шу ауданының орталығы) селосы болған. Сол кезде бұл аудан Сырдария округіне қарады. 1939 жылы 10 аудан құрамына кірген Жамбыл облысы құрылды. Соның бірі қазіргі Мойынқұм ауданының барлық аумағын алып жатқан Көктерек ауданы еді. Бұл аудан Шу ауданынан бөлініп шықты.

1930-1931 жылдары жеке қожалықтарды жаппай коллективтендіру тұсында аудан халқы аштыққа ұшырай бастады. Кеңес өкіметінің уәкілдері зорлықпен ел-жұрттың төрт түлік малын тартып алып, зар қақсатты. Ашаршылық осыдан басталды. 1929-1931 жылдары Мойынқұм өңірінде артельдер мен серіктіктер ұйымдастырыла бастады. Мәселен, қазіргі «Бінталы» деген жерде ел «Жәнібек» деп аталатын артельге бірікті. «Қызыл жұлдыз» және «Ұмтыл» деп аталатын мал серіктіктері 1932 жылы «Қызыл октябрь» артелине ұйымдасты. 1932 жылы «Коминтерн», «Көркей», «Көлтабан», «Бірлік» сияқты колхоздардың ірге тасы қаланды. 1936 жылға дейін бұл өңірде «Қызыл қоян», «Қызылту», «Қоқи», «Алға тарт» колхоздары ұйымдастырылды. Бірақ, аштықтан қырылып жатқан қазақтарға колхоздардан ешқандай көмек болмады. Ашыққан халық басы ауған жаққа босып кетті.

### **Қытайда туып-өскен Әбдіқадыр қарияның басынан кешіргендері**

#### **Қазақ елін жайлаған аштықтың Қытайдағы салдары**

Бүгінде Мойынқұм ауданы Бірлік ауылдық округінде тұратын 80 жасты еңсерген Әбдіқадыр қарияның айтуынша, әке-шешесі, туған-туысқандары, жақын ағайындары 1932 жылы қырғыз елінен Қытайға қарай бет алған.

Сол кезде алапат аштыққа ұшыраған қазақтардың көбі Әулие-Ата аймағынан (қазіргі Жамбыл облысы) Қырғызстанға жаппай тоз-тоз болып, босып кеткені белгілі. Көп жағдайда қырғыз жеріне өткен Жамбыл өңірінің

босқындары қырғызға, дүнгенге жалданып аштықтың құрсауынан аман қалған. Ал Қырғызстаннан Қытайға көшіп барған Әбдіқадырдың отбасы, ағайын-туыстары қырғыз елінде қандай қысым көрді екен? Бұл жөнінде қандай себептерге байланысты бір елден екінші бір жат елге қоныс аударғанын қариядан сұрағанымызда, ол кісі үнсіз қалды, одан әрі сұрақтармен мазалай беруге біздің дәтіміз бармады. Тек үнсіз ғана «Рыба ищет где глубже, человек ищет где лучше» деп, өзіміздің сұрағымызға өзіміз іштей жауап бергендей болып, болжам жасадық.

Сәл кідірістен кейін Әбдіқадыр ақсақал алдындағы ішіп отырған шәйінен бір ұрттап қойып, әңгімесін асықпай жалғастырды.

- Мен 1934 жылы Қытайда жарық дүниенің есігін ашқан екенмін. Біздің отбасы Құлжа қаласында тұрды. Жасым толғаннан соң мектеп табалдырығын аттадым. Сыныпта екі ғана қазақ баласы оқыдық, ал қалғандары қытай мен ұйғыр балалары еді. Мен 5 сыныпта оқып жүрген кезімде Алматы маңындағы Шелектен Кеңестік биліктен қысымшылық көріп, Қытайға қашып келген Әлсәрі Сыдық деген ұйғырдың бір әңгімесін бүгінге дейін ұмыта қойған жоқпын.

Сол оқиға былай болған екен. Талғардан шыққан бір топ қазақтардың ішінде небір азапты күндерді бастарынан кешіріп, жас ерлі-зайыптылар да Қытай еліне жетеді де, әлгі Әлсәрі Сыдықпен көршілес болып орнала-сады. Көп ұзамай аштықтан әбден қалжыраған жас жұбайлар бірінен соң бірі ауруға шалдығып, қайтыс болады. Олардың артында қалған бір жасар ұлдың аты – Құрбан, үш жасар қыздың аты – Айымхан екен. Жетім қалған балаларды Имен Сыдық деген басқа бір ұйғыр асырап алыпты. Сонымен бұл жасөспірімдер бірте-бірте қазақ тілін ұмытып, ұйғыр болып кеткен. «Жетім бала ерте есейеді» демекші, жетімдер етек-жеңін жинап, өсе келе өздерінің қазақ екенін, әке-шешесі аштықтың құрбаны болғанын біліп, қатты қиналады.

- Бұл да ел-жұртты есінен тандырып, жан-жаққа қаңғыртып жіберген, қазақ жерінде болған нәубеттің зардаптары емес пе? Айтыңдаршы, бұдан артық өкініш болар ма екен? – деп, қарияның көңілі босағандай болды. - Бүкіл қазақ елін жайлаған қолдан жасалған ашаршылық баланы ата-анадан, ағайынды бауырдан, біртұтас халықты ата-мекенінен айырып, ел-жұртты қаңғыртып жіберген Кеңес өкіметінің қанқұйлы саясаты екенін біз Қытайда тұрып-ақ біліп жаттық. Амал не, қолдан келер шара жоқ. Кезінде көшпелі өркениеттің дамуына ерекше үлес қосқан түркітөктес қазақтарды жер бетінен құртып жіберуді Кеңес өкіметі әу бастан ойластырса керек. Жаңа өкімет орнай салып-ақ жиырмасыншы жылдары қазақ жұрты алғаш рет аштықтан қырыла бастады. Бұл Сталиннің зұлымдығымен қазақ халқына жасалған геноцид десе де болады деп, қария өзінің сол кездегі саясаттан хабары бар екендігін білдірді.

Шындығына келетін болсақ, Әбдіқадыр ақсақал зеректігінің арқасында Қытайда білім алып, сол елде танымал қызметтер атқарған.

Қария сәл үнсіздіктен кейін отырған орнынан әрі-бері қозғалақтап алып, өз көзімен көрген тағы бір оқиғаны айта бастады.

- Мектепте дүкенші қытайдың баласы бізбен бірге оқыды. Баланың аты – Лоу Тэй. Екеуіміздің арамызда жақсы қарым-қатынас орнады. Бірге ойнаймыз, бірге сабаққа барамыз, осылай жүріп мен қытай тілін еркін меңгере бастадым. Сол сияқты жоғарғы сыныптарда пәндер қытай тілінде оқытылатын. Мектепті бітірген соң Үрімжі қаласындағы гимназияда екі жыл оқып, қытайша білім алдым. Бұл тілдің пайдасын Қытай мемлекетінің ішкі істер органдарында қызмет істеп жүрген кезімде көп көрдім. Бір күні Лоу Тэй мені үйіне ертіп барды. Егде жасқа келген шешесі бар екен. Сыныптас досым сыртқа шығып кеткенде, менің қазақ екенімді біліп, кемпір көзіне жас алып бар сырын ақтарып салды. Маған қытай тілінде басынан кешірген оқиғалардың бәрін айтып берді. Лоу Тэйдің анасы жас кезіндегі қазақша атын айтып еді, менің есімде қалмапты. Содан бері қаншама заман өтті, уақыт өткен сайын кейбір оқиғалар ұмытылып қала береді ғой.

Кемпірдің айтуына қарағанда, әкесі түрмеде қайтыс болған екен. Бала-шағасының қамын ойлап, Мойынқұм өңірінен Қытайға ауып келген бейшара әкесінің кейбір әрекеттері Қытай үкіметіне ұнамаса керек. Көп ұзамай шешесі де бұл дүниеден озады. Тұл жетім қалған 12 жасар қыздың аяғына әлгі дүкенші қалып кигізіп қояды. Орта ғасырдан қалған әдет бойынша жастарды құлдықта ұстау мақсатында аяқтарына қалып кигізіп қоятын болған.

Сөйтіп, дүкенші қытай кәметке толмаған жас қызды әйелдікке алады. Өмірдің небір қиыншылығы мен зорлық-зомбылықты көп көрген ана екі көзінен жасы сорғалап тұрып: «Мен қазақпын, бірақ ешкімге айтушы болма!» деп маған қатаң ескертті. Тіпті, қытайлықтар жетім қалған қыздарды, жесір әйелдерді тоқалдыққа алып «қазақпын» деп айтуға да тыйым салған көрінеді. Бұдан артық адам басында қандай қасірет болады екен?! Сонда ғана Лоу Тэйдің әкесі – қытай, шешесі – қазақ екенін білдім.

Енді Шыңжаң қазақтарының қалай ашаршылыққа тап болғанын айта кетейін. 1958 жылы Қытайда «Халық коммунасы» деген құрылды. Бұл құрылымның тәртібі бойынша барлық ел-жұртты бір қазанға қаратып, жеке түтін болып отыруға тыйым салды, ішіп-жейтін тамақ, киетін киім болмады. Бір сөзбен айтқанда, бөтен елде қазақтың басына алапат аштық тағы да шүйлікті. Халық аштықтан құтылудың жолын таппай, не істерін білмей бастары қатты. Ашаршылық жайлаған Үрімжі мен Шәуешек аймақтарында Қытай өкіметінің осындай саяси науқандарына қазақтардың наразылығы күшейе түсті. Қарулы әскер халықтың бой көтерулерін қаталдықпен басып тастағанын, жаппай түрмеге қамағанын өз көзіммен көрдім. Сол кезде Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар өкімет тарапынан саяси, экономикалық және құқықтық езгіге ұшырады, ел ішін аштық жайлады. Аса ауыр кезең болды. Осындай азаптан құтылудың бір ғана амалы Қазақстанға оралу еді. Кеңестік биліктің рұқсатымен қазақтар 1962 жылы атажұртына келе ба-

стады. Кейін білдік, ұлы көшті бастап келген Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов екен. Ол кісі ашаршылық жылдарында Қытайда тұрыпты. Жазушының мәліметтеріне қарағанда, бір айдың ішінде елге келген адамдардың саны 200 мыңға жуық болса керек. Бірақ, көп ұзамай Қытай өкіметі шекара асуға тыйым салған көрінеді. Өткен ғасырдың 60-жылдарында қазақтардың жат елде жүріп бастарынан кешірген ауыр оқиғаларының бірі осындай болды. Қандастарымыздың азапты өмірін көріп жан-дүниеміз қатты қиналатын.

Мен есім кіре бастағаннан білемін, Қытайға XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ жеріндегі ашаршылықтан босып келген мыңдаған қазақтардың кәрісі де, жасы да, ұлы да, қызы да қытайлықтардың құлына айналды. Шындығына келетін болсақ, қытай елінде қазақтардың көбі талай қиындықтарды бастарынан өткеріп, шектен шыққан қиянатты көрді. Сол кездегі Әулие-Ата аймағы мен Жетісудан дүнгендер, ұйғырлар, татарлар Қытайға көптеп келді. Бірақ, олар қазақтар көрген қиыншылықты көрген жоқ. Өйткені, егін салудың әдіс-тәсілдерін жақсы білетін бұл халықтар ашаршылыққа ұрынбады. Қытайдағы басқа ұлт өкілдерінің бәрі ата-жұртын тастап, босып келген қазақтың ер-азаматтарын құлдыққа салып, жасөспірім қыздары мен әйелдерін күнге айналдырды. Ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар қытай жерінде бірден егін салуға, бау-бақша өсіруге дағдыланбаған еді. Сондықтан да қытайлықтардың тепкісін, қиянатын басқа ұлттарға қарағанда қазақ босқындары көп көрді.

Кейін осының бәрі Қазақстандағы 1930-1933 жылдардағы, яғни, үш жыл қатарынан ел-жұртты қан қақсатып, ата-мекенінен бездіріп, қаңғыртып жіберген қолдан жасалған ашаршылық – Кеңес өкіметінің зұлымдық саясаты екенін білдік. Кеңестік биліктің революция жолында тұтас бір халықты құрбан етіп, қырып-жоюға бағытталған шаралары болғаны даусыз. Осындай ашаршылық болмағанда қандастарымыз ата-қонысынан аш-жалаңаш күйінде басқа елдерге бала-шағасының, ағайын-туыстарының, сондай-ақ бүкіл елдің қамын ойлап түнделетіп, тіпті биліктің қатаң тыйым салғанына қарамастан үдере көшер ме еді? Қазіргі кезде қытай жерінде 2 миллионға жуық қазақтар өмір сүріп жатыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қытай мемлекетімен қарым-қатынас жақсарып, саяси және экономикалық алыс-беріс күннен күнге нығайып келеді. Бұл қуанарлық жәй. Қанша дегенмен, қытай елі дүниежүзіндегі қуатты мемлекеттердің бірі ғой, - деп Әбдіқадыр ақсақал әңгімесін аяқтады.

Бүгінде 80 жастан асқан Әбдіқадыр қария қазақтың басына төнген зобалаң жылдарда Қытайда туып, өмірдің бейнетін де, зейнетін де бірдей көріп 1962 жылы ата-бабаларының қасиетті мекеніне оралды. Мойынқұм ауданындағы «Көктерек» совхозында қажымай-талмай еңбек етіп, абыроймен құрметті демалысқа шықты.

## «КӨКТЕРЕК» АУЫЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ МЕЙРАМКҮЛ МАХАМАДИҚЫЗЫНЫҢ АҒАСЫНАН ЕСТІГЕН ӘНГІМЕЛЕРІ

### Қазанда қайнаған бала денесі

- Менің туған ағам Жасұзактың ашаршылық жылдарында басынан кешкен оқиғаларын айтпастан бұрын біздің ата-бабаларымыздың қоныс тепкен мекені қандай жағдайларға байланысты «Көктерек» деп аталғанын айта кетейін, - деп Мейрамкүл әңгімені әріден бастады. - Әкем Махаммади 1902 жылы дүниеге келіпті. Ал оның әкесі, менің атам Исадық 1860 жылы жарық дүниенің есігін ашып, 1962 жылы 102 жасында дүниеден озды. Жас кезінде ауыл молдасынан азды-көпті білім алған атам көзі ашық, көкірегі ояу азамат болды, табиғатты жанындай жақсы көретін. XIX ғасырдың соңында Исадық атам ел-жұртты жинап алып, өзі бас болып бұрыннан орныққан ата-мекенімізге жаппай терек ағаштарын ектірген екен. Табиғатты ерекше аялайтын сол кездегі жас жігіттің «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген берік ұстанымы болса керек. Күні бүгінге дейін жергілікті тұрғындар Исадық атаның еккен көк теректері жайында әңгіме қозғап отырады. Сол дәуірден бастап біздің ата-қонысымыз «Көктерек» деп атала бастапты. Қазақ халқы түрлі оқиғаларға байланысты өздері тұрған мекендерге ат қоюға шебер болған ғой. Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін елді-мекендеріміздің бұрынғы тарихи атауларының қалпына келтірілуі – қуанышты жәй. Кейінірек ауылдың атымен «Көктерек» ауданы деген атауға ие болып, орталығы Бірлік ауылы болды.

Отызыншы жылдары қазақ елін аштық жайлай бастаған кезде Жасұзақ ағам 13-14 жаста екен. 1930 жылы Кеңес үкіметінің уәкілдері жергілікті әпербақан шолақ белсенділермен бірге бай демей, кедей демей шетінен халықтың соңғы лағына дейін зорлықпен тартып алып, колхозға біріктіре бастапты. Сол кезде мынадай бір шумақ өлеңнің елдің арасына тарап кеткенін ағам айтып отыратын:

*Сталин көсем, қайдасың?*

*Белсенді салды найзасын.*

*Соңғы лақты тартып ап,*

*Асырды-ау нәлет айласын!*

Бала кезінен еті тірі, пысықтау келген Жасұзакты 14 жасында жаңа құрылған «Көлтабан» колхозына есепші етіп сайлайды. Малдың бәрі колхозға алынып, ауыл тұрғындарының қолында тігерге тұяқ қалмай жағдайы күннен күнге нашарлай береді. 1931-1932 жылдың қысында ауылда қалған адамдар аштыққа ұшырап өле бастаған, көбі тамақ іздеп жан-жаққа қаңғып кеткен. Көптеген жас балалар әке-шешеден айырылып, жетім қалады. Бір үзім нан та-

уып жей алмай, ауылдың шетінде, бұталардың түбінде ісіп-кеуіп өліп жатқан балаларды жерлеуге де ешкімнің шамасы келмепті. Сол кезде өкіметтің тапсырмасымен ауыл-ауылдардағы жетім балаларды жинап, балалар үйіне (детдом) өткізу үшін арнайы жасақ құрылған екен. Бір күні Әулие-Атадан келген комиссияға ауылдағы панасыз қалған балаларға жол бастап бару үшін ауылдың жағдайын жақсы білетін Жасұзақты қосып береді. Аштықтан бұралып, естерінен танып жатқан адамдардың үйлеріне комиссия мүшелерін алып барады.

Сонау нәубет жылдары шағын ғана біздің ауылда да адамның төбе шашы тік тұратын небір сұмдық оқиғалар болған, содан адамның тұла бойы түршігетін қайғылы оқиғаларды көрген ағамның жан-дүниесі қатты күйзеледі.

Сонымен, орталықтан келген комиссияны Жасұзақ бір үйге кіргізеді. Өкінішке орай, ағамның айтқан әңгімесінен әлгі барған үй иесінің аты-жөні есімде қалмапты. Өкімет адамдары үйге кіргенде орта жастағы ер адам мен басына орамалын қымтап тартқан әйелдің отырғанын көреді. Олардың бірнеше күннен бері нәр татпағаны бозарған түрлерінен көрініп тұрды. Үйдің түпкі бұрышында біреуі 5 жас, екіншісі 7 жасар шамасында болуы керек, уәкілдер табалдырықтан аттай бергенде-ақ «не әкелдіңдер» дегендей, үңірейген көздерімен жалынғандай болып, әлсіреп жатқан балалар жәутендеп қарай берген. Сол кезде Жасұзақ ағам аштықтан әбден әлсіреген жас балаларды көріп қатты аяп кетіп, бір сәт есін жия алмай состиып тұрып қалады.

Комиссия бастығы үй иесіне барлық мән-жайды түсіндіріп:

- Қазір елімізде жағдай қиын болып тұр, балаларды аштықтан құтқарып қалу үшін Үкіметтің тапсырмасымен жетім қалған балаларды, сонымен қатар асырауға шамасы келмей аштыққа ұрынған отбасылардың балаларын да детдомға (балалар үйі) орналастыруға жинап жатырмыз. Сіздердің қазіргі жағдайларыңызды көріп тұрмыз. Сондықтан, мына екі баланы алып кетіп, Шу ауданының орталығы Новотроицкі селосындағы балалар үйіне орналастырамыз, – дейді. Бұған әке-шешесі көнбейді... Сол күні уәкілдер басқа үйлерді аралап жетім қалған балаларды тізімге алып, 10 шақты баланы алып кетеді.

Үш-төрт күн өткеннен кейін Ауыл кеңесінің төрағасымен бірге Жасұзақ ағам балаларын детдомға бермей қойған әлгі үйге қайта барады. Мұндай да сұмдық болады екен-ау! Қақпағы ашық қазанда бала денесінің қайнап жатқанын көріп, ағам есінен танып қала жаздайды. Үйге кіріп барғанда үй иелерінің амандасуға шамасы келмей көздері айналып, жақтары суалып ыңырсыған қалпында орындарынан тұра алмай жата берген. Төраға мен Жасұзақ тұрған орындарында қаққан қазықтай болып, сілейіп тұрып қалады. Сәл уақыттан кейін естерін жиып, не істерін білмей үйден қалай атып шыққанын өздері де байқамайды.

Бір күннен соң көршісі олардың үйінен шыға алмай өліп қалғаны туралы Ауылдық кеңеске хабарлайды. Аштықтан опат болған жандардың бетін топырақпен жабуға екі-үш адам барған кезде ерлі-зайыптылар жатқан жерінде

қатып қалған, бұрышта бір баласы өліп жатыр, қазанда қайнаған баланың денесі сол қалпында қалыпты. Бейшаралардың жеуге де шамасы келмесе керек. Әбден ашығып, көздері қанталаған адамдар ақыл-есінен айырылады деген рас екен.

Ауылдағы өлген адамдарды жерлейтін топтың құрамында Жасұзақ ағам да болыпты. Олар екі-үш күнде үйлерді, ауылдың көшелерін аралап мәйіттерді жинап, ауылдың шетіндегі шұңқырларға апарып көме берген. Қаза болғандардың жаназасын шығарып, мұсылман салтымен жерлеуге кімнің әлі жетсін.

### Естен кетпейтін қайғылы жылдар...

Сол кезде оңы мен солын танып қалған бозбала Жасұзақ «Көктерек» ауданындағы өз көзімен көрген зұлмат жылдардың зардаптарын кейін күрсіне отырып еске алады екен. Оның айтуына қарағанда, аштықтан өлген адамдар үшін бұрын да, кейінгі жылдары да ешкім жауапқа тартылмаған, сотталмаған.

-1932 жылдың қақаған қысы. Күн суық, бүкіл елді аштық жайлаған. Ызғарлы желтоқсанның суығы ашыққан ел-жұртты шыдатпай барады. Үйден шықсаң болды, көшеде, бұталардың түбінде ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдардан көз алмайсың. Бұл күнделікті үйреншікті көрініске айналыпты.

Тағы да бір күні Жасұзақ ауыл белсенділерімен бірге үйлерді аралауға шығып, ауылдың шетінде тұрған үйге кіргенде жас әйел екі-үш жасар қызын құшақтап отыр екен. Оларды көре салысымен қарны ашқан бала шырылдап жылағанда, ішке кірген адамдардың бәрі есеңгіреп тұрып қалады. Әйелдің айтуынша, жұбайы бұрыннан қалған бір атар мылтығын алып, таңертең аң аулауға үйінен шығып кеткен. Қалың сексеуілдің ішінен, тау қыраттарының баурайындағы шидің түбінен қырғауыл, қоян сияқты аң-құстар көп кездеседі. Әйтеуір, күнде үйіне бос қайтпайды екен, көбінесе қоян атып әкеледі. Соңғы үш-төрт күннің ішінде қолына ешқандай олжа түспепті, бүгін мылтығын арқалап аңға қайта кетеді. Содан бірнеше күн нәр татпаған шешесі де, қызы да әбден ашығады.

Ауылдық кеңестің төрағасы бастаған топ аштықтан бұралып отырған әйел мен қызына ешнәрсе бере алмай үйден шығуға ыңғайлана бергенде, есік ашылып үй иесі кіріп келеді, қолында басы мылжаланған саршұнақ қана бар. Аштықтан ба, әлде суықтан ба көзі шүңірейіп, түрі сұрланып үйдегі адамдарға тесіле қарайды. Аш адамның көзі кеуденді тесіп жіберетіндей көрінеді екен. Бір сұмдықтан қатты қорқып қалған сияқты. Сәл үнсідіктен кейін оның сөйлеуге шамасы әрең келіп, болған оқиғаны айта бастапты. Ертеңнен түс ауғанға дейін жүріп, ешқандай аңды да, құсты да көре алмаған. Сөйтіп, аштықтан есеңгіреп үйіне қайтып келе жатса, бір шоқының етегіндегі қарды жел суырып кеткен іннің аузында өліп жатқан саршұнақты көзі шалып қалады. Қуанғаны сондай, сүріне-қабына тышқан жатқан жерге жүгіріп ба-

рып, тарпа бас салған. Әйтеуір, үйінде аш отырған әйелі мен қызына бүгін тамақтан өтетін бір нәрсе тапқанына қуанып келе жатады.

Ауылға жақындай бергенде оның алдынан бір бейтаныс жігіт шыға келеді. Оның олжасына қарап, алақ-жұлақ етеді, тіпті, сөйлеуге де шамасы келмейді, маған бер дегендей ыммен ғана саршұнақты көрсетеді. Сонда үй иесі не істерін білмей состиып қаққан қазықтай тұрып қалады. Сол сәтте аш адам көзді ашып-жұмғанша оның қолындағы тышқанды жұлып алады да, үш-төрт қадамдай шегініп барып жұлқылап, саршұнақтың басын шайнай бастайды. Ақсиган тістерімен бір-екі рет бірдемені жегендей болады. Асығып, аптығып шикі етті жегендіктен болар, қақалып-шашалып шайнағаны тамағынан өтпей еңкейе бере жерге жалп етіп құлап түседі. Үй иесі жанына жетіп барып, не болды екен деп қараса аузын ашқан күйі үзіліп кетіпті.

- Аштық адамды ақыл-есінен айырып жібереді деп, ауылдағы көнекөз қариялар айтып отырушы еді. Сол рас екен. «Аштық не жегізбейді, тоқшылық не дегізбейді» деп халқымыз тегіннен тегін айтпаса керек, - деп Мейрамқұл ағасының әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- 1930 жылы ауылдың бар малын тізімге алып, колхозға жинай бастаған жергілікті шолақ белсенділер Аманқұл деген орта дәулетті шаруаның 9-10 жылқысын, 60-ға жуық қой-ешкісін, түйелерін күштеп тартып алып кетеді, өзіне бір мал да қалдырмаған. Осымен қоймай үйіндегі дүние-мүлкін де тәркілеп алады. Аманқұлдың қолында мал да жоқ, астық та жоқ. Ол не істерін білмей қатты қиналады. Шиеттей бала-шаға жылап-сықтап, аш отыр. Жұмыс істейін десе жұмыс та жоқ. Ағайын-туыстарынан ешқандай көмек болмаған, ол бейшаралар да жетісіп отырмаған шығар. Бүкіл ауылды аштық жайлаған. Елдің малын бір ортаға жинағанымен өкіметтің тарапынан ешқандай көмек болмаған. Аманқұл балаларының аштан, көз алдында үзіліп бара жатқанын көріп шыдай алмай, қараптан қарап тұрып бала-шағасын өлтірмес үшін колхоздың қорасынан қой ұрлауға ойы кетеді. Енді не істесін бұл бейшара?! Аң да өз ұрпағын асырауға ұмтылады ғой. Ол ұрлық жасау адамгершілік қасиетке жат қылық екенін, «ұрлық түбі – қорлық» болатынын білді. Бірақ көз алдында ыңырсып, аштан өлейін деп жатқан бала-шағасын аман алып қалу үшін бұдан басқа амал бар ма?... Сонымен, колхоз малын ұрлап, Аманқұл сотталып кетеді. Артында аш отырған алты баласы мен әйелі аңырап, жылап-сықтап қала берген...

Бұған кінәлі Кеңес өкіметінің солақай саясаты екенін сол кезде-ақ көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар білді ғой. Тұрар Рысқұлрв сияқты қазақтан шыққан қайраткерлер халықтың қамын ойлап, аштыққа араша түсті. Бірақ Мәскеуде Сталин, Қазақстанда Голощекин бастаған қанқұйлы жендеттер оның қазақтарды ашаршылықтан аман сақтап қалуына мүмкіншілік бермеді.

Бір күні әлгі үйден үш күн түгін шықпай қалды деген хабарды естіп, ауылдың үлкен ақсақалы екі-үш адамды жинап:

- Барып не болғанын білейік, бұлай отыра бергеніміз болмас, - дейді. Сол кезде қазіргідей қаздай тізілген көше жоқ, біреуі ойда, біреуі сайда дегендей, әр жерде орналасқан үйлердің қарасы ғана көрінеді. Аманқұлдың тұрған жері Шу өзеніне жақындау жерде ауылдан шеткерек үсті қамыспен жабылған үш бөлмелі үй екен. Үйдің есігі ішінен жабық, қариямен бірге барған Жасұзақ есікті ары-бері тартып қағып көреді, бірақ ешкім дыбыс бермеген. Ақсақал қалтасынан бәкісін суырып алады да, есіктің саңлауына сұғып, іштегі ілмекті көтеріп жібереді. Есікті ашып, үйге кіреді. Үйдің іші өте суық даламен бірдей, сығырайған терезенің өзін де қырау басып қалған. Ортаңғы бөлменің төрінде текеметтің үстінде емшектегі қыз баланы құшақтап әйел жатыр. Екеуінің де көзі ашық қалған, олардың бақырайған көздері қараған адамның өңменінен өтіп кететіндей үрей туғызады. Бұлардан басқа бес ұл баланың отырған жерлерінде аштықтан, суықтан қатып қалғаны көрініп тұр. Осы көріністі көріп, үйге кірген адамдардың жан-дүниесі тітіркеніп, бір сәт естері ауғандай күйде болады.

Үйдің ішінде тамақтан басқаның бәрі бар. Абақтыға қамалған Аманқұлдың ұжымдастыруға дейін бақуатты тұрғанын текшелеп жиналған көрпе-жастықтан, қабырғада ілулі тұрған екі-үш елтірі ішік, оюмен өрнектелген сандық, басқа да толып жатқан дүние-мүліктен байқауға болады.

- Қайран жалған, опасыз дүние-ай бір үзім нанға татымады ғой! – деп топты бастап барған әлгі қария кемсеңдеп көзіне жас алған. Жасұзақ та бір-екі өлген адамдарды көргені болмаса, мұндай отбасымен жаппай қырылғандарды бұрын көрмеген екен, төбе шашы тік тұрады. Көзінен жас шықпаса да, ішінен қан жылап тұрады, әсіресе, балалардың өлімін көріп жан-дүниесі қатты қиналады.

Үйден бастары салбырап естері ауғандай болып, құр сұлдері шыққан. Бұл үйде бәрі бар екен, тек тіске басатын түк жоқ. «Ас – адамның арқауы», «Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен» деп, ата-бабаларымыздың адамның ағзасына тамақтың қажеттігі жайында айтып кеткені осындайда анық көрінеді.

Олар бала-шағасымен қырылып жатқан үйден шыға берген кезде Ауылдық кеңестің төрағасы да келіп жетеді. Енді төраға бастап әр жерде орналасқан үйлерге кіріп шығуға бет алады. Кірген үйлердің бәрінде тірі жан жоқ, бәрі отбасымен түгелдей баудай түскен. Бұл жарық дүниеде осындай сұмдық болатынын кім ойлаған? «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» демекші, ел-жұрттың шетінен қынадай қырылып жатқанына үйлерді аралап жүрген адамдардың көздері әбден жетеді. Бес-алты үйден кейін ақсақал өзі жақсы танитын бір үйге бастап барса, пештің түбінде он-он бір шамасында қыз отыр екен. Ол қарияны танып жылап жібереді.

- Ата! Шешем кеше өлді, әкем екі күн бұрын өліп қалған.

Сонда жас қыз өліктермен бірге екі-үш күн бір үйде жатқан. Қалай ғана шыдарсың мұндай адам төзе алмайтын қасіретке! Қыз жыламсырап, кемсеңдеп қана қояды. Жылай алмаған, аузы да икемге келмеген, аштықтан



әбден әлсіреген. Не істеу керек? Көпті көрген, адамгершілігі мол қария баланы өзімен бірге ала кетіпті. Бір-екі күннен кейін әке-шешесінен айырылған жетім балаларды жинап жүрген арнайы уәкілдерге тапсырып, балалар үйіне жібереді.

Кейіннен белгілі болғандай, бұл жасөспірім қыз детдомда тәрбиеленіп, білім алып елімізге танымал ғалым болған екен. Өкінішке орай, қыздың есімін де, оған қамқорлық жасаған қарияның есімін де Жасұзақ ұмытып қалып, есіне түсіре алмады.

Сол кезде олар кіріп шыққан сегіз үйден осы қыз ғана тірі қалған екен. Қаншама келешегінен үміт күттірген қабілетті қазақ балалары қолдан жасалған ашаршылықтың салдарынан қыршынынан қиылғаны естен кетпес өкініш, қазақ халқының басына төнген алапат нәубеттің шындығы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ашыла бастады ғой. Бұны қалай ұмытуға болады!

Ашаршылық жылдарындағы небір сұмдық оқиғаларды қинала есіне түсіре отырып, ағам еліміздің тарихында болған зұлмат жылдардың зардаптарынан қазіргі ұрпақ сабақ алуы керек, мұндай ауыртпалықтар халқымыздың басына ешқашан да түспесін деп айтып отырушы еді.

Жасұзақ ағам Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, тек 1947 жылы ғана елге оралып, бейбіт еңбекке бірден араласып кетті. Көктерек аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істеді. 1952 жылы «Қызыл Октябрь», «Көлтабан», «Бірлік» колхоздары бірігіп, «Қызыл әскер» колхозы болып қайта құрылды. Жаңадан құрылған шаруашылықта Жасұзақ Исадықов төраға, қойма және ферма меңгерушісі қызметтерінде зейнетке шыққанға дейін жемісті еңбек етті.

Сөз соңында Мейрамкүл әкпе: «Ағамның ашаршылықта көрген-білгендері туралы әңгімесін естіген кезде, мен де қатты қиналатын едім», – деді.

### **Социалистік Еңбек Ері, шопан Шоман Шәріпбаевтың әңгімесі** **Хантауда аң-құс аулап аштықтан аман қалған ел...**

- Мен 1937 жылы қақаған қыстың ортасы қаңтар айында дүниеге келіппін. Сол кезде еліміздің аса бір қасіретті кезеңі – қуғын-сүргін жаппай етек алғаны тарихтан белгілі ғой. Бала кезімнен үлкендердің сөзіне құлақ асып жүретін әдетім бар еді. 1937-1938 жылдары мындаған Әулие-Ата өңірінде тұратын адамдар жазықсыздан жазықсыз абақтыға жабылып, сотталып кеткен екен. Солардың көбі атылып кетіпті, кейін білдік қой. Сол сияқты отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы әке-шешемізден, ағайын-туыстардан, тіпті бөтен адамдардан да естіп жүрдік.

Ашаршылықты басынан кешірген қариялардың айтуына қарағанда, Кеңестік билік Биназар ауылындағы халықты күштеп колхозға кіргізіп, ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан қазақтарды жоспар бой-

ынша егіншілікпен айналысуға мәжбүрлейді. Колхозға мүше болып кіріп, егін салған шаруаларға ешқандай көмек берілмеген. Отыз екінші жылдың егіні жинала бастаған кезде ауданнан да, облыстан да, тіпті Қазақстан өлкелік комитетінен де уәкілдер қаптап кетіпті. Жиған-тергеннің бәрі мемлекеттің қарамағына өткізілген. Бірақ астық жоспарын орындау мүмкін емес екен. Билік өкілдері астық тартқан әрбір көлікті екі-екіден қарулы милициямен жөнелтіп отырған. Қырманда да солар, ешкім бір уыс бидай ала алмайды, тіпті ертеңнен қара кешке дейін еңбек етіп жүрген адамдардың қалтасынан бір түйір дәнді көріп қалса болды, дереу абақтыға жабады. Қазақ халқы үшін адамшылықпен сыйыспайтын сондай қатыгез заман болған.

Отыз үшінші жылы қысында біздің өлкедегі ауылдарда халық жаппай қырыла бастайды. Малдан айырылған ауыл тұрғындарына колхоз қамбасынан астық берілмеді. Сол кезде қамбадан бидай ұрланса немесе бір шелектей жетпесе күзетшіден бастап колхоздың бастығына дейін жауапқа тартылып, сотталатын.

Егін қолмен жиналып, қолмен бастырылған. Қырман басында ауыр жұмыс атқарып жүрген колхозшыларға бидай талқанынан істелген қара көже ғана береді, басқа ешнәрсе берілмеген. Жоғарыдан келген нұсқаулардың бірінде колхоз мемлекетке өткізген астықтың 15 пайызы көлемінде колхозшыларға аванс ретінде бере алады делінген екен, бірақ бұл нұсқау орындалмапты. Кейін ашыққан халыққа астық үлестіруге Кеңес өкіметі қатаң тыйым салыпты. Астық өткізу жоспары орындалмай, биліктің белсенділері ауылдың қамбасындағы тұқымдық бидайды да сыпырып алып кетеді. Тұқымды мемлекеттің өзі береді деп халықты алдаумен болған.

Бір үзім нанға зар болған адамдар егіс даласынан масақ тере бастайды. Осы кезде адам санасына кірмейтін бір оқиға болған екен. Ауданнан келген уәкіл масақ теріп жүрген екі адамның дорбасынан бір уыстай бидай дәнін тауып алады да, сол үшін бұл бейшараларды колхоздың қамбасына қаматып тастайды. Екі күннен кейін әлгі екі колхозшы тігулі үйін тастап, бала-шағасын алып түнделетіп колхоздан кетіп қалған. Көп ұзамай қардың астында қалатын масақтан бір уыс теріп алғаны үшін зорлық көрсететін колхоздан қашпағанда не істесін! Басқа ауылдарда да осындай адам төзе алмайтын сұмдық оқиғалар көп болған.

Колхоз құрылысына мал-мүліктен айырылған, тәркіленген байлармен бірге орташалар да, кедейлер де қарсы болды. Өйткені, бай-кедей деп қарап жатпай бәрінің малын, жарамды дүние-мүліктерін күштеп тартып алған. Олар жау болмағанда қайтсін, аштыққа ұшыратып бала-шағасына дейін қаңғыртып жіберді емес пе? Өкіметтің солақай саясатына қарсы болғандар адам баласының ізі болмаған Хантау тауының шатқалдарындағы үңгірлерге тығылып, колхоздан қашқандарды өздерінің қамқорлығына алып, колхозға шабуыл жасап малдарын айдап әкетіп отырған. Кеңес өкіметі оларды «басмашылар» деп атап, бүкіл ел-жұртты оларға қарсы қояды. Бұл биліктің зорлық-

зомбылығына қарсы наразылығын білдірген халық толқулары екенін билік мойындағысы келмеген. Сондықтан да отбасын, бала-шағасын аштықтан аман алып қалуға әрекет жасаған адамдардың бәрін өкіметтің «жауы» етіп көрсетуге тырысқан.

Бір күні Шәріпбай әкемнің үйіне көрші тұратын жігіт жетіп келеді. Жылап-сықтағаны көзінен байқалады. Оның жақын туысы отбасымен үйінен шыға алмай аштан қырылып қалған екен. Оларды бүгін ғана көріпті, қалай көмерін білмей бізден көмек сұрап келсе керек. Үйде отырғандар өре түрегеліп, сыртқа шығуға бет алады. Дереву ағайын-туыстар мен көршілердің ішіндегі жүруге мұршасы келетіндерді жинап алып, өліктерді қол шанаға салып ауылдың сыртындағы шұңқырларға алып келіп, беттерін топырақпен жабады. Қақаған қыстың суығында ауылдан біршама жердегі зиратқа апарып, мола қазуға олардың шамасы жетпеген ғой.

Сол ауыр күндері Мәскеудегі билік өкілдеріне, колхоздан бастап облыстың басшыларына дейін қазақтардың шыбындай қырылып жатқаны бәрібір сияқты көрінген. Қазіргі кезде айтуға оңай, егер үлкенді-кішілі басшылар жоғарыдан түскен нұсқауды орындамаса өздерін түрмеге жауып, итжеккенге айдатар еді. Дегенмен, ашыққан елдің қамын ойлап бастарын оққа тіккен ауыл басшылары да болған. Бірақ, олардың жанқиярлық қамқорлығы да елді жаппай аштықтан құтқара алмады.

- Балалық шағымда әкеме көмектесіп, Хантау тауының баурайында қой бағып жүрдім, – деді Шоман ақсақал. - Бұл тау бұрын Айтау, Желтау деп аталған екен. ХҮ ғасырда Керей мен Жәнібек сұлтандар алғаш рет осы аймақтағы Қозыбасы деген жерде Қазақ хандығының туын тігіпті. Көпті көрген қариялардың айтуына қарағанда, қазақтың алғашқы хандарының құрметіне «Хантау» деп аталған. Қой бағып жүргенімде «Хан қорасы», «Хан бұлағы», «Хан сайы» деген жерлерді малшылар маған көрсететін.

Мұның бәрін айтып отырған себебім, киелі Хантау аймағында, оның қыраттары мен сай-салаларында арқар, жабайы қабан, елік, қоян, кекілік, қырғауыл сияқты аң-құстар көп болған. Халқымыздың басына төнген ашаршылық кезінде осы маңдағы ауылдардағы малдан айырылған ел-жұрттың көбі аштықтан аман қалу үшін тауға шығып, аң-құс аулап күнін көрген. Тіпті, билік өкілдері мен жергілікті есерсоқ, әпербақан шолақ белсенділердің зорлық-зомбылығына шыдай алмай, тауға барып жасырынғандары да болған екен. Бір мысал келтірейін. Көршілес «Көктерек» ауылында Дүйсенбек деген орта дәулетті шаруаның мал-мүлкін Кеңес өкіметі түгелдей тартып алып, колхозға күштеп кіруге мәжбүрлейді. Ол үкіметке наразылық білдіріп, тауға кетіп қалады да, заман түзелгенге дейін ешкімге көрінбей Хантаудың қырқалары мен ой-салаларымен ағатын Теректі өзенінің бойында тұрып, арқар аулап үш жыл бойы елге, тіпті, туған-туысқандарының көзіне де көрінбеген. Жақындары табанынан таусылып, тау-тасты кезіп іздеп таба алмаған соң, оны өлдіге санап қойған. Үш жылдан соң бір туысы аң аулап жүріп, кездейсоқ

кездестіріп қалады. Сөйтсе, тірі екен. Дүйсенбек ауылдан кетіп, елден жырақ соншама жыл арқар аулап күн көргенін білген ауылдастары оны «Арқар шал» деп атап кетіпті. Қазіргі уақытта бұл кісінің «Көкжелек» (бұрынғы Амангелді атындағы совхоздың бір бөлімшесі) ауылында Тыныштықбай деген немересі тұрады. Ол маған қарағанда атасы туралы көп біледі, сондықтан сіздер «Арқар шалдың» немересіне жолыққандарыңыз жөн болар деп, Шоман қария бізге жол сілтеді.

Сөйтіп, біз «Көкжелек» ауылына бет алдық.

Сонымен қатар бізге білетіндерімізді білдіріп, бізге көмектесуін сұрадық.

Көкжелек ауылындағы «Арқар шалдың» немересі

Тыныштықбай қарияның естелігі

Қазақтың Робинзоны

Тыныштықбай қария қазақ жерінде ашаршылық басталған 1930 жылы дүниеге келіпті. Әкесі екі жасында қайтыс болып, шешесі 4 баламен жесір қалған. 1932 жылы елді аштық жайлап тұрған кезде әкеден айырылған төрт баланы асырау анасына оңай болмаған. Сонда да күндіз-түні тыным таппай жүріп, өзінің ширақтығымен балаларын аштықтан сақтап қалу үшін бар күш-жігерін салады. Оның үстіне Тыныштықбайдың анасы он саусағынан бал тамған өте шебер тігінші екен, соның арқасында байпақ тігіп, текемет тоқып, бұл заттарды жарты қап бидайға немесе бір-екі асым етке айырбастап, әуірімдеп өмір сүрген.

- Атабай ағамды 1939 жылы әскерге алған кезде мен 9 жасар оңымды-солымды танып қалған бала едім, – деді Тыныштықбай қария, - естігендерімді әлі ұмыта қойған жоқпын. Көп ұзамай әскери міндетін атқару барысында ағамның қаза болғаны туралы «қара қағаз» келді. Жылап-сықтап, қай жерде жерленгенін білмей дал болдық. Сол кезде қазіргідей солдаттың мәйітін туған жеріне алып келіп жерлеу деген тәртіп болған емес, тек «қара қағаз» келген күннен есептеп қыркын бердік, бір жылдан соң асын беріп, еске алдық.

Менің Сембек әкемнің туған ағасы Дүйсенбек атам туралы күні бүгінге дейін ел ішінде әртүрлі аңыз-әңгіме айтылады. Бірақ, бұл аңыз емес шын болған оқиға еді. Дүйсенбек атамның барлық малын жергілікті жалған белсенділер зорлықпен тартып алып, колхозға өткізіп жібереді де, өзін «колхозға кірмесен, сотталасың, итжеккенге айдаласың» деп қорқытып, мазасын ала береді. Осындай қорлыққа шыдай алмаған атам тәркілеуден жасырып қалған жалғыз атын мініп, азын-аулақ азығын қоржынына салып, түн қараңғысын жамылып Хантауға кетіп қалады, сол кеткеннен үш жыл бойы ешкімнің көзіне түспейді. Біздің ағайындар сай-саланы, тау-тасты аралап жарты жылдай табандарынан таусылып, іздемеген жерлері қалмайды. Ақырында, туысқандары Дүйсенбек атамнан күдерін үзіп, құдайдың жазғаны сол шығар деп, амалсыз көнуге тура келеді.

Кейін белгілі болғандай, Дүйсенбек ата Теректі өзеніне жақындау тұстағы таудағы үңгірлердің бірін тауып алып пана қылады. Тауға бара салысымен

аң-құс аулауға кіріседі. Қолындағы бір атар мылтығымен биік шыңдарда жүретін арқарды атып, азық еткен. Ал кекілік, қоян сияқты т.б. аң-құстарды тұзақ құрып, кейде таспен ұрып қолға түсіреді екен. Мылтықтың оқ-дәрісін үнемдеп, тек қана арқарды атып алуға пайдаланған. Табиғаттың ерекшелігін, ой-қырын жақсы білетін Дүйсенбек атам мініп жүрген атының қиымен бірге жерге түскен тарының дәндерін де өз кәдесіне жаратқан. Қидың арасындағы дәндерді жинап алып, Теректі өзенінің жағалауындағы жазықтау алаңға көктем шығысымен егіп, күтіп-баптаған. Сөйтіп, күзге қарай өнімді жинап алады да, жалпақ тастың үстінде тарыны тазартып, ақтап алады.

Соғыстан кейінгі жылдары мектепте оқып жүрген кезімде тарих пәнінің мұғалімі ХҮІІ ғасырда мұхитпен жүзіп келе жатқан ағылшын кемесі жойқын дауылдың салдарынан апатқа ұшырап, ондағы теңізшілердің бәрі су түбіне кетіп қаза болғанын, тек Робинзон Крузо деген жігіттің тірі қалғанын, мұхиттың ортасындағы аралда жалғыз өзі 29 жылға жуық өмір сүргенін айтты беріп еді. Кеменің қирандысы аралдың жағасындағы жарға келіп тоқтаған екен, содан кеменің ішіндегі судан аман қалған азық-түлікті Робинзон тасып алып, алғашқы жылдары күнін көрген, содан бір күні қаптан түскен бір-екі бидай дәнін байқап қалып, егіп, өзіне қажетті өнім алған. Сол сияқты аралда мекен еткен жабайы ешкіні де ұстап алып, қолға үйреткен.

Ал, енді өздеріңіз тыңдап отырсыздар, қиыннан жол тапқан Дүйсенбек атам Робинзон Крузодан несі кем? – деп Тыныштықбай ақсақал әңгімесін бір қайырып тастады.

Сонда біз қарияның пікіріне қосылып:

- Иә, Дүйсенбек атам «қазақтың нағыз Робинзоны ғой», - дедік.

- Атамнан ешқандай хабар болмай үш жыл өткеннен кейін, бір күні орыстармен бірге біздің жақын ағайынымыз Сейітқазы аңға шығады. Ол таудың арғы қапталындағы қуыстан жарқылдаған отты байқап қалады да, аяғын аңдып басып, үңгірге жақындап келіп:

- Мұнда кім бар? – деп айқай салады.

Сол мезетте үңгірдің түпкі жағынан Дүйсенбек шыға келгенде Сейітқазы сасқалақтап үні шықпай қалады да, сәл уақыттан кейін есін жиып, Дүйсенбекті құшақтай алады. Сөйтіп, екі туысқан ағайындар өткен-кеткенді айтып, біраз отырады. Сейітқазы үңгірдің кіреберісінде үйіліп жатқан арқардың етін көреді. Сөйтсе, атамның үш жыл бойы қорек еткен негізгі тағамы арқардың еті мен тары болған. Ол түнделетіп Балқаштан тұз әкеліп, етті тұздап, ұзақ сақтау үшін түтінмен ыстап алады екен. Бұл тағамдардың адам организміне беретін қуаты мол болса керек, атам аштыққа ұрынбай ауру-сырқаудан аман болыпты. Кейін Дүйсенбек атамның таудағы тіршілігі ел арасына таралып, «Арқар шал» атанып кетті.

Сейітқазы таудың қуысындағы отқа қарай бұрылып кеткенде, орыстар Сарыбұлақ өзені бойымен ілгері жылжи берген. Біраз жүргеннен соң алдарынан қаптаған жабайы шошқалар (қабандар) шыға келеді, сол кезде аңшылар

жартастың қалқасына тұра қалып мылтықпен екі шошқаны жайратып салады, қалған қабандар мылтықтың даусынан үркіп жан-жаққа безіп жөнелген. Мол олжаға кенелген орыстар шошқаларды қуалап жүріп Сейітқазы отырған үңгірді тауып алады.

Сейітқазы мен екі орыс кешке қарай Дүйсенбек пісірген арқардың етіне тойып алып, үңгірге түнеп қалады. Кейін қазақ тілін жетік білетін әлгі орыстың біреуі: «Арқар шал жабайы адамдар тұратын үңгірде тұрса да бізге нағыз қазақтың қонақжайлылығын көрсетті» деп әзілдеп жүріпті.

Сонымен, ертеңіне Сейітқазы туысқанын елге қайтуға әзер көндіріп, арқардың етін арқалап, қабан атып алған орыстармен бірге ауылға келеді. Ағайын-туыстар қуанып, күнде Дүйсенбек атамды қонаққа шақырып құрмет көрсетеді. Бұл кезде елдің жағдайы біршама жақсарып қалған еді. Аштық жайлаған жылдары анам Шу ауданы Новотроицкі селосындағы балалар үйінде (детдом) аспазшы болып жұмыс істеп жүрген кезінде Орманбекті детдомнан асырап алған едік.

Бір-екі ай өткен соң менің шешемді қазақтың ежелден қалыптасқан дәстүрі бойынша әмеңгерлік жолмен Дүйсенбек атамға қосады. Бұл кісінің жасы әкем Сембектен 3-4 жыл үлкен болатын. Бірақ, ол кісі Кеңестік биліктің тәртібіне көңісі келмей, үйде тұрақтамай тауға қаша берген. «Үңгірде тұра беремін, тек өлуге жақындаған кезде ғана ауылға келемін» деп, жақындарына айтып кетеді екен. Дәл қай жылы екені есімде қалмапты, таудан ауылға келіп бір аптадан соң қайтыс болғанын жақсы білемін.

Ал, енді өзім туралы бір-екі ауыз сөз айта кетейін. Колхоздың жұмысына бала кезімнен белсене араласып кеттім, жаман болған жоқпын. Жамбыл қаласында (қазір Тараз) бір жыл оқып агроном мамандығын алып шықтым. Біраз жылдар колхозда осы мамандығым бойынша еңбек етіп, кейінірек зейнетке шыққанға дейін шофер болып жұмыс істедім, – деп, Тыныштықбай қария бізге ашаршылық жылдарындағы атасының таудағы өмірі туралы көрген-білгендерін есіне түсіре отырып, асықпай айтып берді.

### Ақжігітов Егембердіұлы Дәулеттің жеке мұрағатында сақталған өлең-хаттан туған ой

Мойынқұм өңіріндегі Талдыөзек, Құмөзек, Қарабөгет ауылдарындағы көпті көрген қариялардың айтуынша, бүкіл қазақ халқының басына шүйліккен бұрын-соңды болмаған алапат ашаршылық кезінде репрессия құрбаны болған Ақжігіт Қилыбаев осы аймақта ХХ ғасырдың басында болыс болған екен. Ол өз дәуірінде қарамағындағы ел-жұртқа қамқор болып, олардың егін салып, тары егіп, жылқы, сиыр, қой малдарын өсіріп, елдің таршылық көрмеуіне ерекше көңіл бөлген.

Байларға, би-болыстарға, сол секілді молдаларға қырғидай тиген Кеңестік билік Мойынқұм жеріндегі елге де тыныштық бермеді. Жаппай жүргізілген

тәркілеудің салдарынан малынан, дүние-мүліктерінен жүрдай болған адамдар аштыққа ұшырап, бала-шағасына қарауға шамасы келмей басы ауған жаққа басып кетті. Сонымен қатар ауылдарда індет тарады. Ашаршылықтың кесірінен пайда болған жұқпалы аурулар ересектер мен балалардың арасында кең етек алды. Осындай эпидемия ошақтары Қордай, Шу, Меркі және Талас аудандарымен бірге Мойынқұм ауылдарында да болған. Сондай-ақ ашаршылық апаты жергілікті тұрғындардың өкіметке қарсы жаппай наразылығын тудырды. Ұжымдастыруға қарсы болған адамдарды ай-шайға қарамай бала-шағасымен бірге алыс аймақтарға жер аударды, Сібірге айдалғаны қаншама. Тіпті, биліктің басында жүргендерді де жазықсыз абақтыға жауып, кейбіреулері атылып кетті.

Зобалаң жылдарға тұспа-тұс келген Егембердінің балалық шағы өте ауыр болды. Кеңес өкіметінің ауылға жасап жатқан қиянатын өз көзімен көрді. Ол отызыншы жылдардағы ұжымдастыру науқаны кезінде әкесі Ақжігіттен ерте айырылып, тағдыр тауқыметін көп тартады...

Егемберді Ақжігітов Мойынқұм ауданының Талдыөзек ауылынан 1941 жылы әскерге шақырылып, соғысқа кеткен. Екі жылға жуық майданнан хат жазып тұрған екен. 1943 жылы Ленинград түбіндегі ұрысқа кірер алдында соңғы хаты келген. Егемберді хатының бәрін туған-туысқандарына өлеңмен жазған. Мұндай хат жазу - ежелден қазақтардың салт-дәстүрінде болған ғой. Жойқын соғыс жағдайында жазылған өлең-хат адамның көңіл-күйін көтеріп, оны ерекше нұрландырады, оптимистік рухта жазылған бұл хаттарды бүгінгі өскелең ұрпаққа жеткізудің маңызы ерекше екендігі айқын. Жаңа өкіметтің солақай саясатының кесірінен болған алапат ашаршылық секілді қырғын соғыс та елге орасан зор қасірет әкелгені белгілі. Сондықтан, қан-қасап майданнан келген хатты қазіргі халқымызға таныстыра кетсек артық болмас. Осы хатты Егембердінің ұлы Дәулет күні бүгінге дейін сақтап келген.

*Амандық хат жазайын туған елге,  
Кіші іні, үлкен аға көз көргенге.  
Құдайдан күндіз-түні тілегім сол,  
Сіздерді амандықпен бір көруге.*

*Смағұл, Қатжан, Мұса ағаларым,  
Кем емес еш адамнан бағаларың.  
Ауылдан мен шыққалы хабарсызбын,  
Аман ба, Әлимаш-Әбіралы балаларым?!*

*Ал, енді жазайын хат анамызға,  
Уайым қылмағайсыз балаңызға.  
Үмітсіз шайтан болсын, деген бар ғой,  
Жас жаным аман болса, барамыз да.*

*Асамбек, хат жазайын Бибікүлім,  
Сұрама ағаңыздың көрген күнін.  
Сіздер де тілектес боп тұрыңыздар,  
Сиынып бір Аллаға күтіп жүрмін.*

*Шоңғара, хат жазайын жолдасыма,  
Не келіп, не кетпейді ер басына.  
Қиындық көрген істі айтып болмас,  
Бір құдай ақыр түбін оңласын да.*

*Мен жаздым, бұл өлеңді елімді ойлап,  
Шіркін-ай, жүрер ме едім, тойын тойлап.  
Тірлікте арман менде болмас еді-ау,  
Бас қоссам ағайынмен күліп-ойнап!*

### **Бірлік ауылының тұрғыны Кемпірбай Сыздықбайұлының естелігі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен ашаршылықтың дәмін татқан...**

- Атам Сыздықбай Құлтайұлы 1892 жылы жарық дүниенің есігін ашыпты. Артында қалған ұрпақтары – бізге айтқан естелік-әңгімелерін алпыстың бел ортасынан асқан шағымда сағынышпен еске алып отырамын, - деп бастады әңгімесін Кемпірбай ақсақал.

- Патшалық билік орыс шаруаларын 1905-1906 жылдары қазақ жеріндегі топырағы құнарлы жерлерге жаппай қоныс аударып, олардың тұрақтап қалуына жағдай жасап, қазақтарды ғасырлар бойы мекен еткен атақонысынан ығыстырды. Бұл қазақ елін отарлаудың бір жағы ғана еді, сол арқылы ұлтаралық наразылықты қоздырып Патша өкіметі өз дегенін істеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске Шу-Мойынқұм өңірінің халқы да белсенді түрде қатысты. Қазақтардан майдандағы қара жұмысқа алу жөнінде Патша жарлығына қарсы көтерілісті меркелік Ақкөз Қосановтың басқарғаны тарихтан белгілі...

Атамның айтқан әңгімесі -Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиевтің басшылығымен 2010 жылы жарық көрген «Шу өңірінің тарихы. XX ғасыр – XXI ғасырдың бас кезі» атты ғылыми еңбектегі 1916 жылғы Шу-Меркі өңірінде болған көтерілістегі мәліметтермен сәйкес келеді. Өйткені, Сыздықбай атам осы ұлт-азаттық қозғалысқа тікелей қатысқан екен.

1916 жылы Көкірек болысының 6-ауылында (бүгінгі Мойынқұм ауданы Бірлік ауылы) тұратын атам төменгі болыстардан Шуға қарай сойыл, басқа

да қарулармен жолға шыққан атты жігіттерге жолығып, жөндерін сұраса, олар Ақкөз батырдың жасақтарына қосылуға бара жатқандарын айтады. Сыздықбай атам ойланбастан атын ерттеп, қолына сойыл секілді қаруын алып, көтерілісшілердің қатарына қосылады.

Атамның айтуына қарағанда, 3 мыңға жуық адамдардан құралған Шу көтерілісшілері қыркүйек айында Троицкі (қазіргі Шу ауданы Төле би ауылы) селосын 5-6 күнге созылған қоршауға алады. Бұл кезде әскери бөлімдер селодағы орыс өкілдеріне астыртын қару-жарақ үлестіріп үлгерген екен. Сөйтіп, қоршауда қалған село қарулы бекініске айналады. Көтерілісшілер мен жазалаушы отряд арасында бірнеше мәрте шайқас болып, екі жақтан көп адам мерт болған. Халық толқуы қазан айына дейін тоқтамайды. Көтеріліс отаршыл билік тарапынан қатыгездікпен басылады. Патша өкіметі өзіне қарсы шыққан халыққа ешуақытта аяушылық жасаған емес. Көтеріліске белсене қатысқан 30-ға жуық азаматтарды және Ақкөз батырды қамауға алады. Олардың тағдыры кейіннен елге белгілі болған. 1917 жылы ақпан төңкерісі кезінде патшалық билік құлап, соның нәтижесінде құрылған қос өкіметтің бірі – Уақытша үкіметтің билігі Патша өкіметіне қарсы көтеріліс басында болған ерлерді және Шу-Меркі өңіріндегі азаттық күресті ұйымдастырған Ақкөз батырды түрмеден босатып жібереді. Кейіннен Ақкөз Қосанов Шу базарында орыс мұжықтарының қолынан абайсызда қаза тапты.

Ал, көтерілісшілердің көпшілігі 1916 жылдың қазан-қараша айларында бірінші дүниежүзілік соғысы майданының өтіндегі қара жұмысқа еріксіз айдалады. Сыздықбай атам да солармен бірге Харьков, Тернополь, Гомель, Киев, Пенза қалаларындағы ауыр жұмысқа жегілген. Қыстың қаһарлы суығында аш-жалаңаш жүргендіктен сүзекпен ауырып, 1917 жылғы қазан революциясы қарсаңында Қазан қаласындағы ауруханада едәуір уақыт емделіп, тәуір болған соң елге оралады. Мойынқұм аймағындағы ауылында еңбекке араласып, ел қатарлы күнін көріп жалайыр руының қызы Үрімкүл Белегенқызымен отау құрады.

Сол кезде атам алдағы жылдарда бұрын-соңды болмаған зұлматтың күтіп тұрғанын білген жоқ. Бүкіл ел-жұрт секілді бұл кісі де жаңа өкіметтен тек жақсылық күткен еді, бірақ олай болмай шықты. 1930 жылдан бастап халықтың мал-мүлкін тәркілеу басталған, ауылдарда тігерге тұяқ қалмаған. Кеңестік билік салық түрлерін де көбейтіп, елдің берекесін кетіреді. Халық бір үзім нанға зар болып, аштыққа ұшырай бастайды...

Ел-жұртқа қаралы нәубет әкелген ашаршылық жылдарында атам колхоздың қамбашысы болыпты. Ол кісі етік, мәсі тігуді жастайынан шебер меңгерген екен. Рауғашты таспалай тіліп, қына бояумен араластырып қайнатады да иленген теріні салып, әбден иін қандырып былғары дайындаған. Сөйтіп, өзінің қолынан шыққан саптама етігімен ертеңгілік жұмысқа кетіп, кешке қайтарда бір-бір уыс бидайдан қоныштарына жасырып, үйіне алып кеп тұрған. Үрімкүл апам Сыздықбай атам әкелген бір уыс би-

дайды үнемдеп күлше пісіріп, талқан тартып бала-шағасын асырапты. Сонымен бірге ары-бері аштықтан шұбырған елді де ойлап, балаларының аузынан жырып, босағаға азын-аулақ талқан мен су толтырылған ыдысты қояды екен. Шаршап-шалдығып, арып-ашып келген адамдар аз ғана болса да талқанды сумен араластырып жеп, үйдің іргесінде демалып, ертеңінде жолға шығып отырған. Етжеңді толық болғандықтан Үрімкүл апаны ашыққан бейшаралар ұрлап әкетіп, жеп қояды ма деп қауіптеніп, түнде ол кісіні ортаға алып, ата жастығының астына күн сайын балта жастанып жатқан.

Елдің азық-түлік қоры әбден таусылып қырыла бастаған кезде бір уыс бидайға қарап отырған жоқпыз. Болатбек Жұмабаев және сол секілді Есен, Әуке деген кісілермен бірге, фамилиялары есімде жоқ, ара-тұра мылтық, қақпанмен аң-құс аулап ауылдастарымызға шама-шарқымыз келгенше көмектесіп тұрдық. Ол кезде мылтыққа оқ-дәрі оңайлықпен табыла бермейтін, - деп атам еске алып отыратын деді Кемпірбай ақсақал.

Бір таңғаларлық жәй, оқ-дәрі ауылдың оңтүстік-шығысындағы ежелгі Төрткөл қалашығының орнында дайындалатынын айтатын атам...

1930-1931 жылдары Шоқпар және Мойынқұм аудандары қосылып, сәл кейінірек құрылған 7 кіші аудандық аймақтардың бірі – Көкірек ауданы негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Сонымен қатар, ежелден-ақ халықтың бір бөлігі Биназар бабамыз қаздырып кеткен үлкен арықтың бойында күріш, жүгері және бау-бақша егумен айналысқан екен. Мойынқұм өңірінде отызыншы жылдары жаңа өкіметтің тарапынан озбырлық науқаны басталған кезде байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеуді былай қойғанда, кімнің қолында қанша мал бар екендігін есепке алып, халықты зар қақсатып бәрін колхозға өткізіп жіберген. Колхоз меншігіне тек мал ғана емес, сонымен бірге отбасылардың мүліктері мен еңбек құралдары да (соқа, тырма т. б.) өтуге тиіс болған. Мал өнімдерімен ғасырлар бойы тіршілік еткен қазақтар осылайша ашаршылыққа тап болады...

Сыздықбай атам бір әңгімесінде сталиндік билік өкілдері қарапайым халыққа колхозға біріктірудің мән-жайын түсіндірмегенін, дайындық жұмыстарын жүргізбегенін айтып беріп еді. Соған қарамастан жаңа өкіметтің уәкілдері аудандағы халықты күштеп ұжымдық шаруашылыққа біріктіреді. Жаңадан құрылған колхозда тары мен бидай егіліп, жоспар бойынша мемлекетке астық тапсыруды шаруалардың мойнына салады. Ұжымдастыру кезеңінде астық пен ет дайындау бойынша елге қисынсыз міндеттер жүктелген. Атам жұмыс істеп жүрген колхоздағы дәннің бәрін, тіптен тұқымдық қорды да жергілікті шолақ белсенділер түк қалдырмай жоспарды орындау мақсатында мемлекеттің қоймасына тасып әкеткен. Әсіресе, астық салығы халыққа оңай тимейді. Кімде-кім салықты төлей алмаса немесе ұжымнан бір уыс бидай алатын болса өте қатал жазаға ұшырап, қылмыскер ретінде сотталған.

Атамның өзі тұрған Көктерек ауылынан көктемгі егіс науқанына «зиян» келтірді және азық-түлік салығын беруден бас тартты деген жалған айыптаумен көптеген адамдар жазықсыздан-жазықсыз абақтыға жабылған екен.

Ашаршылықтың қыспағына түскен ауыл тұрғындарының көбі Қырғызстанға көшіп кеткен. Олардың бір бөлігінің сүйектері қырғыз елінде қалып, тірі қалғандары заман түзелгеннен кейін ауылға оралады.

Көктерек ауылында отызыншы жылдары Сейітқан Күзеков деген кісі тұрыпты. Ол нәубет жылдарында ағаларымен бірге қиыннан жол тауып, өлмейтіндей күндерін көріпті. Соған қарамастан көп ұзамай оларды байдың балалары деп, ағайындылардың бірін де қалдырмай жергілікті жалған белсенділер Сібірге айдатады...

Зобалаң жылдардың азапты қасіретін өзінің басынан кешірген, сондай-ақ небір сұмдық оқиғаларды көрген атам бізге сабақ болсын дегендей, өзіне өткенді еске алу қаншама қиын болса да, айтып беретін. Атамның естелігін бар ықыласымен тыңдаушы едім, сонда да болса көп әңгімелерін ұмытыңқырап қалыппын. Дегенмен, ашаршылықтың зардаптарын тартып, талай-талай қиындықтарды көріп, тағдырдың тәлкегіне түскен атамның есімде қалған естелігін қағаз бетіне түсіруге көмектескендеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

- Сыздықбай атам өмірінің соңғы кезеңдерінде Мойынкұм ауданындағы Көктерек ауылының түйесін бағып, хал-қадірінше еңбек етті. Бала-шағасын өсіріп, немере-шөберелерінің қызығын көріп 1977 жылы өмірден өтті, - деп Кемпірбай ақсақал әңгімесін аяқтады.

### **Дүйсен Асанбайұлы қарияның ұрпақтарына қалдырған тағылымы Ауыр күндер естен кетпейді**

Мойынкұм өңірінде 1923 жылы дүниеге келген, өткен ғасырдың 30-жылдарындағы ашаршылықтың азабын тартқан Дүйсен Асанбайұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан азамат. Қан майданда жараланып, туған елге екінші топтағы мүгедек болып оралды. Оның тағдыры қиын да әрі қызықты. Жарты ғасырдан аса Мойынкұм топырағында сол кездегі ең жауапты салада еңбек еткен Дүйсекең тек Мойынкұм ауданы ғана емес, бүкіл облыс көлеміне сыйлы ақсақалдардың бірі болды.

1942 жылы өлім мен өмір арпалысқан қиян-кескі ұрыста жаудың оғы жауырынының астына келіп тірелген екен. Сол оқты тек отыз жыл өткенде ғана операция жасатып алдырыпты. Қандай төзімді, қандай қайсар жан.

Палатаның іші құлаққа ұрған танадай тыныштық. Тіпті шыбынның ызылы да естілер емес. Дүйсен көзін бір ашып, қайтадан жұмады. Анасының аяулы бейнесі, өткен күндер елесі көз алдынан көлбеңдеп кетпей қойды. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» деген сөз осындайда айтылса керек. Сонау зұлмат жылдары анасының өз өмірінен гөрі қарындасы Жібек екеуінің аштықтан аман-есен қалуын көп ойлағаны күні бүгінге дейін көз алдынан кетер емес.

Дүйсен ақсақал ашаршылықта көрген азабын, ел басына туған XX ғасырдың 30-жылдарындағы естен кетпес ауыр күндерін артында қалған ұрпақтарына естелік ретінде жазып қалдырып кеткен екен:

-1929-1930 жылдардан бастап ел басына қиыншылық туа бастады. Жаппай елдің малын, дүние-мүлкін тәркілеу басталған кез. Халықтың күнкөрісі қиындап, әр отбасын аштық жайлады. Осы кезде жан сақтаудың жолын іздеп ел жан-жаққа шуап кете бастады.

1929 жылдың аяғына таман туып-өскен, ата-бабаларымыздың қонысы болған 40-50 шақырымдай қашықтықтағы Мойынкұмнан жаяу-жалпы елмен бірге біз де Шу стансасына келдік. Шуда әкемнің қайындары, шешемнің төркіндері, менің нағашыларым, осындағы күнтулер оның ішінде атақты ақын Сауытбек Ұсаұлы шешемнің әкесімен ағайынды болып келеді. Бұл жерде де жағдайымыз нашарлап 1931 жылдың сәуір айында шуаған елге қосылып әкем, шешем, қарындасым және мен қырғыз еліне бет алдық. Жол-жөнекей аштықтан өліп жатқан адамдарды көріп, бала болсам да қатты күйзелдім. Бірақ сол кезде бүкіл елді қамтыған нәубет жылдардың қайдан келгенін білуге шамам жетпейтін еді. Ашығып-азып бес-алты күнде әрең дегенде Қарабалта деген жердегі кірпіш зауытының жанындағы жеркепеге орналастық. Егіні шабылған жерлерден масақ теріп, орыстар егін жинап әкеткен бақшасының орнынан бірдемелер теріп өлместің күнін көрдік. Сөйтіп жүрген кезде елдегі ағайындардан 1932 жылы қыркүйек айында хабар келді. Босып кеткендер туған жерге орала бастапты. Колхоз ұйымдасып жатыр екен.

Осыны естіген әкем:

- Елден кеткенімізге де үш жылдың жүзі болыпты, не де болса ауылға кетейік, - деп жиі-жиі айта бастады.

Сонда шешем:

- Өліптің артын бағайық. Өлі де болса жағдайымыз жақсарғанша осында тұрғанымыз жөн болар, - деді.

«Ұлтарақтай болса да, ата-қоныс жер артық, ат төбеліндей болса да туып өскен ел артық» деген бұрынғылардан қалған сөз бар. Есіміз барда елге жетейік» деп, ауыр бір күрсінді әкем.

Сонымен Қарабалтадан Шу стансасына дейін пойызбен, одан әрі елге (Асанбай талына дейін) есек арбамен әрең дегенде екінші күні ел шетіне де жақындадық. Әкем болса қатты ауырып, арба үстінде сұлық жатыр.

- Әке, көтерші басыңды. Елге жеттік қой. Көзінді ашшы! - дедім.

- Елге жеттік дейсің бе, - деп әлсіз ғана күбірледі.

Жағы суалып, қос жанарының нұры кетіп өше бастағандай көрінді. Қараған адам бірден шошиды. «Үмітсіз шайтан» дегендей, ағайынның арасына аман-есен алып жетсек, сорпа-су ішіп, айығып кетер деген үмітіміз бар. Басын демеп көтердім. Бар дәрменін салып өзі де тұруға тырмысып жатыр.

- Иә, ел шетіне жетіппіз ғой, - деп менің сөзімді қайталап. Қасиетіңнен айналайын ата-мекенім-ай, қайран туған жұртым. Сенің бір уыс топырағың

бұйырмас па деп едім. Жок, құдайдың маған деген аз да болса рақымы бар екен. Ел шетіне іліндік-ау, - деп өзіне телміре қарап отырған қарындасым Жібектің басынан сипады.

- Алла тағаланың бізге жасаған жақсылығы шығар, туған жерден татар дәм-тұзымыз бар екен-ау, - дегенде әкемнің даусы көптен бері алғаш рет көңілдене ерекше жарқын шықты.

- Қалай ғана қаңғып кете бердік. Мына Шу суының балығын, бұта түбіндегі қырғауылы мен қоянын талғажау етсек те, туған жерде қалғанда да өлмейтін екенбіз-ау. Соны не ғып ойламағанбыз.

- Өткен іске өкініп қайтеміз. О баста құдайдың көрсетейін дегені сол да, - деді апам.

- Дүйсен!

- О не, ата!

- Анау тостағанмен маған су әперші, - деді. Мен арба үстіндегі ағаш тостағанды алып толтыра әкеме су ұсындым. Әлсіз қолдары дір-дір етіп Шудың суын әзер ішті.

- Қасиетіңнен айналайын. Туған жердің қара суы да жанға шипа ғой, - деп әкем бір сәт мұнайып қалды.

- Ата, бір-екі рет суға сүңгіп алсам қайтеді, - дедім балалығым ұстап.

- Шомылсаң шомыла ғой, - деді әкем. Сол-ақ екен суға киімшең етпетімнен жата кеттім. Қандай рақат. Үш-төрт күн жүрген жол азабымды ұмытып, көңілім шайдай жарқырап сала берді.

- Дүйсен, күн кешкіріп қалар. Жүрелік, - деген шешемнің сөзінен кейін судан әзер шықтым...

Қара жолдың шаңын борпылдатып жүріп келеміз. Есек шаршай бастаған соң жеңіл болсын деп шешем екеуміз арбадан түсіп, жаяу жүріп отырдық. Шудың суынан өткен соң әкем де басын көтеріп алды. Жан-жағына қарап өткен күндерін еске ала ма қайдам, үнсіз ой құшағында келеді. Бәрі де таныс. Балалық шағы да осында өткен. Аштықта күнкөрістің қамымен амалсыз елден кетіп, енді оралып келе жатқан бетіміз.

- Ырғал!

- Ау, - деді үнсіз арбаның алдында келе жатқан шешем.

- Ағайын, туған-туыс қалай қарсы алар екен бізді?

- Кеудемізден кері итерер дейсің бе? Бір амалы болар.

- Дегенмен елге жеттік, ә. Енді өлмейтін шығармыз, - дейді әкем манағы сөзін қайталап.

Осы жүріспен түс ауа Көкірек еліне кіре берістегі Айдарлыға да жеттік-ау, әйтеуір. Одан ары өндіре-өндіре жүрсек күн бата жетіп қалатын түріміз бар. Бірақ есектің барған сайын діңкесі құрып, аяқ алысы әлсіреп барады. Тағы да далада түнейміз бе деген қауіп төне бастады. Ауыл шетіне жетсек, шайнап жұтар бірдеңе боларына іштей сенеміз. Олар да қайбір жетісіп отыр дейсің. Дәл осындай жағдайда қалай қарсы алар екен деген ой мені де мазалай берді.

Есекті деміл-деміл демалтып, ел жата ауыл шетіне де жеттік-ау. Ауыл иттері анадайдан әуілдей үріп қарсы алдымыздан шықты.

- Апа, апа ана Алыпсоқты қарашы? Орынбай тәтемнің иті, - дедім мен танып, қуанышымды жасыра алмай. Алыпсоқ алыстан жүгіре үріп келгенімен, жақындай бере бізді көріп тоқтай қалды. Туысты бала мен ит таниды деген рас-ау, төбет бізді таныса керек. Артында шәуілдеп келе жатқан өзге иттер де Алыпсоқтың қас-қабағына қарап, ілезде құйрықтарын бұлғандатып бет-бетімен кетті.

- Алыпсоқ, ка, ка, күшік ка, - деп итті өзіме шақырдым. Арсалаңдап қасыма жетіп келді. Әлі ұмытпапты, ол жағыма бір шығып, бұл жағыма бір шығып еркелейді.

- Алыпсоқты көрдің бе, - дедім арба үстінде жатқан әкеме.

- Көрдім ғой. Ал енді қайда барып тоқтаймыз, - дегенде, шешем әзер жүріп келе жатқан есектің басын тежеді. Бәріміз де тоқтап, бір сәт үнсіз қалдық. Бұл ауылдың бәрі бізге жекжат, тума, ағайын. Дегенмен, ең жақын ет жақындарымыз әкемнің бірге туған інісі Орынбай. Әкем сәл ойланып:

- Орынбайдың үйіне барайық, ол менің туған бауырым ғой, - деді. Шағын ғана ауыл іші көрдей қараңғы. Терезеден сығырайған білте шамның жарығы да көрінер емес. Жатып қалса керек, қиқы-жиқы соғылған үйлердің арасымен жүріп отырып, Орынбай тәтемнің есігінің алдына келіп тоқтадық. Аула іші мүлгіп тұр. Апам екеуміз келіп есікті қақтық. Ә дегенде ешкім дыбыс бере қоймады. Менің шыдамым жетпеді. Бар пәрменіммен есікті жұдырығыммен қойып-қойып қалдым. «Бұл кім, ей» деген жеңешемнің даусы қаттырақ шықты.

- Біз ғой.

- Біздің кім?

- Ырғалмын, - деді апам.

- Жеңеше, есікті ашсаңшы біз ғой, - дедім шыдамым таусылып. Есік шалқалай ашылды. Жеңешем ай сәулесінің жарығымен апам екеумізді көрді де, таңдана аңырайып тұрды да қалды.

- Ойпырмай, өңім бе, түсім бе. Келіншек-ау қайдан жүрсің деп кеудесін алға бере құшағын жая ұмтылды.

- Біз ғой, келдік аман-есен.

- Сіздерді де көретін күн бар екен-ау, - деп жеңешем еңкілдеп дауыстап жылап жіберді.

- Ей, не болды саған, - деген арғы жақтан Орынбай тәтемнің даусы естілді. Іле дамбалшаң артынан өзі шықты. Қапелімде ештеңеге түсінбей, құшақтасып, көрісіп жатқан апам мен жеңешеме тесіле қарап:

- Ой, мынау Ырғал ғой. Көктен түстіңдер ме, қайдан жүрсіндер, - деп іле состиып тұрған мені көріп қалды.

- Ей, Дүйсен сенсің бе?

- Мен ғой, тәте.

О, айналып кетейін. Состиып не ғып тұрсың, - деп мені қарулы қолымен құшағына қысып, екі бетімнен кезек-кезек сүйді.

- Әкең қайда?

- Анда арба үстінде жатыр.

- Жатқаны несі, үйге кірмей ме?

- Жүре алмайды, - дедім бірден тоқ еткізіп. Тәтем мені жерге қоя сала арбаға қарай жүрді.

- Аға, ағажаным, бауырым, бармысың, - деп жеткен бойда арба үстінде оранып қалқайып отырған әкемді құшақтай алды.

- Барсың ба, бауырым.

- Бармын, бармын. Өліп-талып жеттік-ау, әйтеуір, - деп әкем жасының үлкендігіне қарамастан кемсендеп жылап жіберді.

- Жыламышы енді, немене сонша бала сияқты болып кеткенсің бе? Амандық болса ертең-ақ айығып кетесің. Бұл кезде апам мен жеңешем де арбаның жанына келіп жеткен еді.

- Жәке-ау, аманбысыз? Сіздерді де көретін күн бар екен-ау, - деп ақкөңіл жеңешем тағы да жылап алды. Арбаның артында шоқшиып отырған бес жастағы Жібекті қолымен көтеріп алып, екі бетінен алма-кезек сүйді.

- Ал, не тұрыс, үйге кірейік. Қалған әңгімені сонда айтарсындар, - деп тәтем әкемді арбадан көтеріп алды.

- Сығырайған білте шамның жарығына сәлден кейін көзіміз үйрене бастады. Жеңешем босағада тұрған жез самауырынды сыртқа ала жүгірді. Тәтем зыр жүгіріп төр үстіне барып көрпесін қалындап салып, әкемнің басын сүйеп сонда жатқызды. Жағдайды сұрады.

- Әй, құрысын сол күндерді керек десең еске алудан да қорқамыз. Осы ауылдан кеткеннен қырғыз елінің Ақсу, Қарабалта деген жерлерінде болып, өлмес күнімізді көрдік-ау, әйтеуір. Дүйсеннің атасы барғаннан кейін көп ұзамай-ақ сырқат болып, тіршіліктің тауқыметі басымызға таудай болып үйілді. Содан аштықтан өліп қалмасақ та, итшілеп күнімізді көрдік. Ал енді өздеріңнің жағдайларың қалай? - деп шешем әңгімені бастады.

- Осы өздерің көріп отырғандай көппен бірге ілбіп қыстан шықтық. Бүкіл ауылды колхозға біріктірді. Соған мүше болып кірдік. Қалғаны осы өздерің көргендей, - деп тәтем ұртындағы насыбайын босаға жаққа шырт түкірді. Бұл кезде бұрқ-бұрқ қайнап, екі иығынан эзер дем алған жез самауырынды көтеріп жеңешем де бөлмеге кіріп келе жатты. Әкем манадан бері сөзге араласа қоймай, үнсіз отырған.

- Орынбай бауырым, жағдай осылай болды. Бар арманым елге жету еді. Құдай бұйыртып оған да жеттік. Енді не болсақ та өзіңмен бірге боламыз. Менің жағдайым болса мынау. Мына екі құлынымды анау отырған жеңгенді өгейсітпейтін шығарсындар, - деп ойлаймын.

- Ой, ағай, сіз де қайдағыны айтып, әлі-ақ жазылып кетесіз. Ел іші ғой, ыңғайы келіп сорпа-су ішсеңіз жазылатыныңыз сөзсіз. Келгендерің сон-

дай жақсы болды. Не көрсек те бірге көреміз. Сендер де колхозға кіріңдер. Колхозға кірсеңдер өлмейсіңдер. Айналайын, жаңа үкімет қолынан келген жақсылығын жасап жатыр ғой, - деп тәтем саясаттан сәл де болса хабардар екенін сездіріп қойды.

- Жақында ауылда мектеп ашылатын көрінеді. Дүйсенжанды сонда оқуға береміз. Біздің мына қара сирақтарымыз да оқуға барамыз дейді, - деп бұрыш жақта пысылдап тәтті ұйқының құшағында жатқан Жұпаны мен Өмірбайын иегімен меңзей көрсетті.

- Амандық болса осылардың қызығын көрсек бәрі де бір күнгідей болмайды, әлі-ақ ұмытамыз, - деп әкемді келер күннен үміттендіріп те қойды. Тәтемнің сөзінен кейін көңілім сәл де болса көтеріліп қалды. Тіпті енді маған әкем өлмейтін сияқты болып көрінді.

- Жолдан әбден ашығып келген біз жеңешемнің дастархан үстіне қойған таба нанын демде-ақ тауысып біттік. Бұл үйдің де жағдайы белгілі. Одан әрі өзіміз де дәметкен жоқ едік. Ақпейіл жеңешем біздің қатты ашыққанымызды көріп, жаны ашып дорбадағы таба наннан тағы да бірнеше үзіп дастарханға салды. Наннан басқа тағам болған жоқ. Шәй ішіп, нан жеген соң жол бойы қабағы тырысып келе жатқан қарындасым Жібектің де жүзі жадырай бастады. Ішіне ел қонған соң ол:

- Апа, ұйқым келді, - деді бір кезде.

- Ұйқың келсе жата ғой, - деп жеңешем оны апарып өз балаларының қатарына жатқызды. Мені де ұйқы қысып тұр. Бірақ тәтемнің ауыл, аймақ, колхоз құру жайлы әңгімесін қызықтап қимадым. Сөйтіп жатып ұйықтап кетіппін.

- Дүйсен, ей, Дүйсен тұра ғой, - деген апамның даусынан көзімді ашып алдым. Терезенің саңылауынан жарық түсіп бозалаңдап таң атып келеді екен.

- Тұра ғой балам, жата бересің бе? Өзіміздің үйге, шаңыраққа барып қайтайық.

- Бұл Ұйқымды қимасам да апамның сөзінен кейін көзімді уқалап тәлтіректтей басып сыртқа шықтым. Біздің бұрынғы үйіміз ауылдың күнге бетінде тәтемнің үйінен бір шақырымдай қашықтықта шетте болатын. Апам екеуіміз солай қарай жүрдік.

- Апа, сонша асыққаның не? Ертең де күн бар емес пе?

- Осындай қиын-қыстау кезеңде арыстай төрт адам бірдей масыл болып біреудің мойнына мініп жата береміз бе? Жаманды-жақсылы өз үйің, өлең төсегіңнен артық ештеңе жоқ. Үйді жөндеуіміз керек, - деді апам.

- Біз тұратын үй үш бөлмелі тоқал там болатын. Елден ауып, үйді иесіз тастап кеткен жақсы ма, жылап жүріп кетерде есік-терезесін мықтап бекітіп кеткенбіз. Ешкім тиісе қоймапты. Бірақ қысы-жазы ауа райының (жаңбыр, қар, жел) әсерінен сылақтары түсіп, төбесінің балшығы ағып, үй ескіріп кетіпті. Бұл үйге қарауға қай ағайынның мұршасы келсін. Ашаршылықтың қысымына шыдай алмай бәрі де өзіміз сияқты тоз-тоз болып кеткені әлі



есімде. Енді ғана ес жия бастаған екен. Сонда да елдің тұрмысының әлі де болса қиын екендігіне келгеннен кейін көзіміз жетті. Бұл ауылда біздің үй сияқты қаңырайып түгіні түгіндемей қалған үйлер баршылық. Біразының иелері әлі орала қоймапты. Олардың бұл дүниеде бар-жоғы бір құдайға ғана аян. Нәубет жылдары ешкімді ешкім біліп болды ма. Сұмдық бір ауыр жылдар болды ғой. Тіпті сол 1929-1933 жылдардың әр күні кішкентай менің де көз алдымнан көрініс тауып көлбендеп кетер емес.

Өз үйімізді көргенде апам көзіне еріксіз жас алды. Неге жылайды екен. Үлкен кісілердің де жылайтыны несі екен осы. Жоқ әлде осы үйде өткен жастық шақтарын еске алып отыр ма, ол жағы беймәлім. Апам есік алдында сілейіп, біраз тұрды. Сәлден кейін барып көзінің жасын жеңінің ұшымен сүртті, есікті ашты. Қаңсып қалған есік шиқылдап барып шалқасынан әрең ашылды. Қараңғы бөлмеге жарқ етіп таңғы сәуле түсті. Үй ішіне торғайлар ұя салып, өрмекшінің торларынан адам жүре алмайтындай. Апам қоржын бас үйдің үш бөлмесін түгел қарап шықты.

- Істейтін біраз жұмыс бар екен. Бүгіннен бастап кірісу керек, - деді.

Көп тұрмай екеуміз де тысқа шықтық. Ауыл адамдары таңғы ұйқыларынан енді ғана тұра бастапты. Қарсы алдымыздағы үйде тұратын қара кемпір есігінің алдына қалқып шығып тұр екен. Шешемді көріп, өз көзіне өзі сенбегендей аңырайып біраз тұрды.

- Жаным-ау, Ырғалсың ба осы сен?

- Иә, шешей, танымай қалдыңыз ба?

- О, айналып кетейіндер. Сендерді де көретін күн бар екен-ау, - деп апамды құшақтай алды. Мұндайда әйел адамның көз жасы дайын тұра ма, ал кеп жыла екеуі. Еңгезердей қос әйелді жұбату менің қолымнан қайдан келсін. Қара кемпір өмірде көпті көріп көкейіне түйген жан ғой. Көз жасын жеңінің ұшымен сүрттіп жатып:

- Қай жақта болдыңдар, қашан келдіңдер. Асекең қайда? - деп сұрақты үсті-үстіне жаудырып жатыр.

Апам мауқын басып болған соң мән-жайды қысқаша баяндап берді. Әкемнің ауру екенін айтқанда көзіне тағы да жас алды. Қара кемпір ауыр күрсініп:

- Амал қанша қолдан келер қайыр жоқ. Жүріңдер мен де сендермен бірге барып, шалыңмен амандасып, көңілің сұрап қайтайын, - деді.

Үшеуміз қайтадан Орынбай тәтемнің үйіне қарай беттедік. Мұнда біздің келгенімізді естіген біраз жұрт жиналып қалыпты. Туысқандардың бәрі әкемді айнала қоршап алған. Үйлерінен өлік шыққан адамдай қабақтары салыңқы тұнжырап кеткен. Бізді көргенде ғана еріксіз жүздерін жылытқандай болды. Әкеммен үзеңгілес келе жатқан туысқанымыз Иманәлі әкемнің қиналып жатқан түріне қадала қарап:

- Бір кезде ел сыйлаған, қадірлеген арысы жапсарлас жатқан ел Жалайыр, Қоралас, Сәмбет, Күнтуге бергісі төрт арыс Көкірекке белгілі Асанбай

болып ең, енді жатысың мынау «Ер арыса әруақ, ат арыса тулақ» деген осы ғой. Құдайдың басқа салғанын көреміз де бала-шағаңызбен елге аман-есен келгеніңізге қуандық. Құр уайымдай беруді қояйық, - деп басу айтып жатыр екен.

- Өй, мынау Дүйсен бе? Үлкен жігіт болып қалыпсың ғой. О айналып кетейін, келе қойшы, - деп Еспан ағам құшағына алып бетімнен алма-кезек сүйді. Басқа туысқандар шешеммен амандасып, жағдайымызды сұрап жатыр.

- Несін сұрайсыздар, - деп апам ауыр күрсініп алып, сөзін одан әрі жалғастырды. - Қырғыз елінде жүріп өлмесек те, балаларым қарны тойып тамақ ішкен емес. Ес біліп, етек жапқалы тағдырдың тауқыметінен бір арылып көрген емеспіз. Енді мынау, ол аздай ағаңыздың жатысын өздерің көріп отырсындар. Кісі елінде мен асырадым, енді өздерің асыраңдар, - деп әзіл-шынын араластыра сөз тастады.

- Түңілменіз, ағамыз әлі-ақ жазылып кетеді, - деп Еспан апамды жуатқан болды.

Құдай қосқан қосағынан қыршын жас қалу кімге оңай тисін. Алпысты алқымдаған кезде арыстай азаматтың жатысы анау. Ертең олай-бұлай болып кетсе мына соңында қалған екі жетімектің, тіпті өзінің жайы не болмақ. Осыны ойлағанда апамның өзегі өртеніп, қорқыныштан үрейленіп өзін-өзі қоярға жер таппайтын. Ел деп еңіреп жүріп туған жерге де жеттік. Енді күніміз не болар екен. Ата-қоныста қалған ағайындар да қайбір жетісіп жүр дейсін, қыстан қалжырап «шықпа жаным, шықпа» деп, қалт-құлт етіп отырғандары мынау. Шешем осыны ойлады. Сәлден кейін апам үнсіздікті бұзып:

- Ау, ағайын, алыстан арып-ашып аштықтың, ауыр жолдың азабын тартып іздеп келгендегіміз өздерің. Қайнымның үйіне келіп түсіп едік, бар пейілімен, барымен базар етіп қарсы алып отыр. Онысына өте разымыз. Біз көшіп кеткелі үйіміздің төбесінен су өтіп, қабырғасы түсіп, есік-терезесі сынып, әбден тоза бастаған көрінеді. Осындай қиналғанда қол ұштарыңды берсендер. Қашанғы бұл үйде телміріп отыра береміз. Өз шаңырағымыздың түгінін түтетейік, ағайын.

- Иә, жеңешем дұрыс айтады. Бүгін бәріміз бірігіп сол үйді жөнге келтіріп тастайық, - деп Еспан ағам орнынан қозғалақтап қойды.

Ел іші алтын бесік деген осы-ау. Көп болып қоржын бас тоқал үйді демде-ақ жөнге келтіріп алдық. Есік алдына ошақ орнаттық. Үйдің жан-жағын сыпырып, Жібек екеуміз айнадай ғып тазаладық. Апам өзімізбен бірге әкелген аздаған жүкті үйге кіргізіп, төр үстіне көрпе-жастықты жинаған соң, аңырайған үй-іші сәлде болса жөнге келгендей болды. Енді міне, апам, атам, Жібек, менімен төртеуміз ғана. Сап-салқын бөлме іші құлаққа ұрған танадай тып-тыныш, әрқайсымыз өз ойымызбен өзіміз әлекпіз. Ендігі күніміз не болмақ. Не жейміз, не ішеміз. Үйге кіріп алғанша ол жағын ешқайсымыз ойламаппыз. Кенет ауыз үйге кірген адамның аяғының тықыры естілді. Іле қолында бір түйіншегі бар көршілес қара кемпір кіріп келді.

- Қоныс құтты болсын. Бірғал шырағым, шалыңның ауырып жатқаны мынау, жағдайларың өте ауыр екенін білемін. Бірақ қайсымыз жетісіп жүр дейсің. Қолдағы бар үш-төрт ешкінің бірін сойып едік, оның өзі де бітуге айналды. Мынаны бала-шағамның аузынан жырып өздеріңе әкеп тұрмын. Шалыңа асып берші, - деп көңілшек кемпір көз жасын сығып алды.

Түйіншек ішіндегі ешкінің екі-үш тал қабырғасы мен біраз ет екен. Апам қолына алып тұрып:

- Рахмет шешей, жақсылығыңыз құдайдан қайтсын, тірі жүрсек ұмытпасбыз.

- Оның не қарағым, ағайын-жұрт болған соң бір-бірімізге қол ұшымызды бермесек не боламыз. Халің қалай, - деп төрде жатқан әкеме жақындау келіп отырды.

Соңғы кезде әкем шешіліп сөйлеуден қалған. Ұзақ күн бір ноқатқа қадала қарап, қашан көрсең де ой құшағында жатады да қояды. Қазір де қара кемпірдің сөзін естіді ме, естімеді ме, саңырау адамша еш нәрсемен жұмысы жоқтай сол күйі жата берді.

- Әке-ау?

- О не? Бірдеңе дедің бе, - деп әлсіз даусымен маған қарады.

- Анау апам халінді сұрап келіп тұр ғой.

- А, хал дей ме? Несін айтайын көріп тұрсыз ғой.

- Өзінді өзін жегідей жей бермесейші, әлі-ақ жазылып кетесің, - деп қара кемпір әкемді жуатқан болды.

Бұл сөзді ол күн сайын талай адамның аузынан естиді. Бірақ жазылар түрі жоқ. Тіпті айығу дегеннен біржола үмітін үзіп, өлімге біржола бойұсына бастаған сияқты. Қазір де қара кемпірдің сөзін самарқау ғана тындап, жәй басын изей салды. Ол рахмет дегені болар. Өйтпесе айығудан үміт жоқ екенін өзі де біледі. Қара кемпір тағы да көз ұшына келіп қалған жасты кимешегінің ұшымен сұртті. Осы сәтте менің де жаным қара кемпірге қатты ашып кетті. Мейірімді жан. Көз көрген соң қиын ғой. Біздің де қайғымызға ортақ болып, ойлайтын сияқты. Жылағым келді. Япыр-ау, шынымен-ақ әкемнен айырыламыз ба? Осыны ойлаған сәтте өз ойымнан өзім шошып кеттім. Жоқ, жоқ өлмейді. Бізді тастап қайда кетеді. Өлуге тиіс емес. Бұл ойлар менің бала қиялыма екі жылдан бері сіңіп қалған болатын. Ал Жібектің не ойлайтыны қайдам, екі көзі бадырайып кешке дейін әкемнің қасынан шықпайды. Бала болып көрші-қолаңның қыздарымен де ойнағанды білмейді. Кішкентай болса да көп ойланатын сияқты. Нені ойлайды екен. Алдағы күндерден қандай үміт күтеді, ол жағы маған беймәлім. Әйтеуір мына өмірдің ауыртпалығы оны тез есейтіп жібергендей. Қазір де әкемнен көз алмай, мелшиген күйі үнсіз отыр. Тіпті қуану дегеннің не екенін де білмейтін сияқты.

Қара кемпір қоштасуға да шамасы келмей үйден атып шықты. Артынша мен де орнымнан тұрып, терезеден тысқа көз салып едім ошақ басында от жағылып қалыпты. Ежелден бері осы үйдің мұрадан қалған мүлкі болған қара

қазанда әлгінде қара кемпір әкелген аздаған ет бүлк-бүлк қайнап жатыр.

Көңілім сәл де болса көтеріліп қалды. Ошақтағы от, будақтаған түтін, мына біздің үйден тіршілік нышанын сездіріп аулаға әжептеуір көрік бергендей. Қазақтың түтінін түтет деген сөзі осыдан қалса керек. Өз үйінде от жағылып, қазан асылып жатқанға дүниеде не жетсін. Ал бұл үйден ет жеп, аузымыз аққа тимегелі қашан. Тіпті солардың дәмін де ұмыта бастағандаймыз. Осы сорпа-суды ішсе әкем айығып қалар деп ойлады. Қара қойдың сорпасынан мұның айырмасы не. Ешкі де мал, қой да мал, бірақ төрт аяқты түліктің екеуі екі түрлі. Бір сәт әкем жазылып кететіндей көрінді. Мен де далаға шықтым.

- Апа, ет асып жатырсың ба?

- Иә.

- Апа, мына сорпаны ішсе әкем жазылатын шығар, ә?

- Қайдам, - деп апам үндемей қалды.

Бір рет ішкен сорпаға қайдан жазылсын. Ауру адамға күтім керек. Уақтылы тамақ ішу керек, - деп апам әкемнің жазылып кетуінен үмітін әбден үзген секілді. Әлгіндегі көңілім су сепкендей басылды.

- Апа, Орынбай тәтемнің қой тауып беремін дегені қайда?

- Қойды қайдан алсын ол. Іздеп көріп еді, табылмады ғой.

Кімді айтса сол келеді дегендей, Орынбай тәтем де келіп жетті үйге. Жетегінде лағын ерткен ешкісі бар.

- Жеңеше қой табудың реті келмеді. Мына ешкіні соямыз ба, қайтеміз?

- Лағын қайтеміз? Шамасы сауылып жүрген ешкі ғой деймін.

- Иә, сауылып жүрген ешкі сүтті де көп береді.

- Мұны сойғанда қайтеміз. Одан да сауып балалардың аузын аққа тигізейік те?

- Өзіңіз біліңіз жеңеше. Қолдан келер бұдан артық ешқандай көмегім болмады. Осыған риза болыңыз.

- Пейіліңе рахмет. Сенің де жағдайыңды көзбен көріп тұрмыз ғой. Біліп тұрып буынсыз жерге пышақ ұрғандай сені қалай кінәлай аламыз. Мынаны да бала-шағаның аузынан жырып беріп отырған жоқсың ба.

- Осыны түсінсеңіз болды да жеңеше. Әйтеуір туған-туыс, ағайын қол ұшын бермеді демендер. Дүйсен ешкіні ана қораның ішіне кіргізе сал, енді бұл сенің ешкің, күтіп-бақ.

Тәтемнің қолынан қара ешкіні ала салып, қораға кіргіздім. Сол күннен бастап маған ермек табылды. Ертелетіп ешкі мен лағын қосарлап қорадан шығарып, ауылдан біраз жерге дейін жайып қайтамын. Біздің үйдің тіршілігінің тынысы осы ешкінің сүті болды.

Бір күні шешем ойламаған жерден ауырды. Күн ұзақ үйдің күйбең тіршілігімен жүрді де кешкі салым сүріне жығылды. Тағы да басым деп бай-балам салып безеу қақты. 1932 жылы Қарабалтадағы ауыр соққыдан кейін басы жиі-жиі ауыратын болған. Соның әсерінен болса керек. Сол күнді ойласам тұла бойым түршігеді. Әсіресе албастыдай қаба сақалды бұжбан сарыны

көз алдыма елестетсем болды, сол түні ұйықтай алмай шығамын. Апыр-ай, адамның да сондай қатыгезі бола ма? Ол да анадан туған адам ғой. Бұл аштық деген не істетпейді. Бәрі де аштықтың, ауыр тұрмыстың кесірі. Қарабалтаға жетпей-ақ әкемнің ауруы мендеп, мұрттай ұшқан болатын. Үй-ішіміздің бар ауыртпалығы шешемнің мойнына түсті. Жібекті әкемнің қасына қалдырып, апам екеуміз күн ұзақ масақ тереміз. Масақ дегенде жарытқан ештеңе жоқ, әйтеуір дәтке қуат бірдеңе. Егістіктің орны деген аты болмаса шаңы аспанға шығып жатады. Ал оның ішінен масақтан қалған дән іздеу топырақ ішінен ине іздеумен бірдей. Бір күні түк өндіре алмадық. Қара құрымдай қаптаған өзіміз сияқты босқындар жанын қойсын ба. Тіпті сол күні қаптап кетті. Үй-ішімізбен нәр татпағалы екінші тәулік. Апам байғұс шыдап бақты. Бірақ, ауру әкеммен бізді көргенде өзін қоярға жер таппайтын. Бүгін де құр қол қайттық. Апам алда, артынан ілбіп басып мен келемін. Бала қиялым талайды шарлайды. Піскен ыстық күлшені көз алдыма елестетемін. Оны ойлаған сайын ішім шұрылдап, аузымнан сілекейім ағып, одан бетер қарным ашады. Кенет алдымда келе жатқан апам тоқтай қалды.

- О не, апа, жәй ма?

- Анау маяны көрдің бе?

- Иә, көріп тұрмын.

- Соның астында тығылған қызылшалар бар көрінеді. Қараптан қарап аштан өлеміз бе, содан ала кетсек қайтеді.

- Иесі көріп қалса не айтамыз?

- Қараңғы түсе барайық, - деді апам.

Мұның ұрлық екенін шешем де, өзім де сеземін. Бірақ амал қанша аштан өлгенше, мал жеп жатқан қызылшадан бірнешеуін алсақ одан иесінің ештеңесі кете қоймас. Арық ішінде отырып, кештің батуын күттік. Мұндайда уақыт та жылжи қоймайды. Апам да дегбірсізденіп, Жібек пен әкемді қайта-қайта ойлап аузына ала берді. Не ғып жатыр екен. Әйтеуір бүгін қайтсек те үйге құр қол бармауымыз керек. Ауру әкем мен бармақтай қызының аштан аш жатқаны анау. Екеуміздің де көкейіміздегі ой соларды тамақтандыру. Еміс-еміс мая жаққа көз тастаймыз, әзірше ешкім көріне қойған жоқ. Тек кеш тез батса екен деп тілейміз. Бір кезде күн де ұясына батты-ау, әйтеуір. Манағыдай емес, далаға сәл қараңғылық түсе бастады. Дегенмен әлі ерте, көзге түсіп қалатын мезгіл.

- Апа, қашанғы отыра береміз, жүр барайықшы – дедім шыдамым жетпей.

- Асықпа балам, ел орынға отырсын.

Ішегім шұрылдап, аштықтан көзім қарауытып шыдай алар емеспін. Қызылшаны үйге апарып пісіргенше тағат таба алар түрім жоқ. Сілекейім шұбырып, аштық одан сайын аш өзегімді мысықша тырмалап барады. Алда не болады. Ана қызылшаны қолға қалай түсіреміз. Ол жағын ойлауға да мұрша жоқ. Тек маяның шетіне жетсек болды тегін жатқан қызылшаны үйге арқалап кете беретіндей-ақ көрінеді маған.

Ел орынға отыра апам екеуміз арықтың ішінен шықтық. Бұқпантайлап жүріп маяны бетке алып келеміз. Бірде тоқтай қалып тың тындаймыз. Әзірше қауіпті ештеңе жоқ сияқты. Тағы да алдыға жылжимыз. Қайтадан тоқтай қалып, деревня жаққа құлақ түреміз. Міне маяға да жақындап қалдық. Жан-жағымызға бағдарлай қарап, мұнда да біраз тұрдық. Күдікті ешнәрсе байқалмады. Демімізді ішімізге тарта отырып маяның шетіне де іліктік-ау. Айналып жүріп қуыс бір тесікті тауып алдық. Аумағы әжептәуір екі-үш адам сиып кетерлік. Бірден ішіне сүңгіп кеттік. Үйіліп жатқан қызылша. Кірген бойда қойын-қонышымызға тығып жатырмыз.

- Дүйсен, мынаны қара, - деді бір кезде. Біреу келіп қалған екен деп зәрем зәр төбемнен шықты.

- О, не апа?

- Мына асқабақтарды қарашы. Пісіріп жесе бұл да біраз тамақ болар еді. Бір-бірден қолтықтап алып кетейік.

- Мейлі, алсақ алайық.

Екеуміз асқабақтардың ішінен таңдап алып, қолтығымызға қыса тысқа шықтық. Келген ізімізбен бүкшендеп жүріп келеміз. Маяның келесі шетіне жете бергенде апам тоқтай қалды.

- Не болды, апа?

- Ананы қара, - деп деревняның күнгей жағын иегімен меңзеді. Екі-үш адам тура бізге қарай жүріп келе жатыр. Бітті деген ой санама сақ ете қалды.

- Енді не істейміз?

- Бәрібір көріп қояды. Не де болса қашайық, - деді апам. Бұқпантайлап жүгіре жөнелдік.

- Тоқта! – деген өктем дауыс, түнгі ауаны тілгілеп гүр ете қалды. Тоқтау қайда, жүгіріп келеміз.

- Дүйсенжан жүгір, жүгір, – дейді артымда келе жатқан байғұс шешем.

- Қайда қашам? Сені ұстап алса қайтем?

- Қаш, қайтесің маған қарап.

- Жоқ апа, қаша алмаймын.

- Тәйірі солар маған тиісе қоймас. Сен қолыңдағы асқабақты тастамай жүгіре бер. Ең болмаса бір асқабақ пен қызылшаны аман апарайық үйге.

Апамның сөзі қамшы болды ма, безе жөнелдім. Жүгіріп келем, жүгіріп келем. Сәлден кейін барып артыма қарадым. Апам да, қуғыншылар да көзіме шалына қоймады. Асқабақ пен қойнымдағы қызылшаны арықтың ішіне төге салып, кері қайта жүгірдім. Жақындай бере:

- Ә, бәлем, міне саған, – деген үлкендердің даусын естіп қалдым. Апам біткен екен ғой деп ойладым. Одан бетер жанұшыра жүгірдім. Шешем бүк түсіп, етпетінен жатыр. Әлгі үшеуі кезек-кезек тепкілейді. Ызадан көзіме қан толып кетсе керек, қайдан біткен күш-қуат екенін қайдам, жүгіріп жеткен бойда біреуінің шаужайына жармастым.

- Тиме, тимендерші, апама. Оның жазығы жоқ, мені ұрындар, - деп айқайлап жібердім.

- Мынау қайтеді-ей, - деп қаба сақалды, бұжбан сары мені лақтырып тастады. Оңбай құладым. Бірақ сонда да соңғы күшімді жинап тағы да тұра ұмтылдым. Қарулы жұдырық иегімнің астынан сарт ете қалды. Көзімнен от жарқ етті.

- Апа, апа, - деп кирелендеп барып мұрттай ұштым. Бірақ тұруға дәрмен жоқ. Орнымнан қозғалар емеспін. Әлгі мені ұрған қаба сақалды сары әкесінің құны кеткендей апамды тағы да бірнеше рет теуіп өтті.

- Қой, жетер енді, - деді біреуі.

- Жок, өлтіріп кетейік, - деп қаба сақалды, бұжбан сары одан әрі өршелене түсті.

- Қаңғыбас немелер. Бұларды аяудың қажеті жоқ.

- Қолыңды қаңға малып қайтесің. Енді өзі-ақ өледі, - деді біреуі. Қаба сақал бұжбан сары соңғы рет бір тепті де, анадай жерде домалап жатқан асқабақты көтеріп алды.

- Мына иттің күшігін көрдің бе? Осының саудасын бітіру керек еді, - деп менің бетіме үңіле қарады. Жансыз адамдай қыбыр етпей жатырмын.

- Өзі өліп қалған ба, - деп еңкейді.

- Жүр кеттік, өлмесе өмірем қатсын, - деді тағы бір дауыс.

Үшеуі дарылдай сөйлеп, мая жаққа қарай кетті. Көзімді ашып алдым. Бірақ тұра алар емеспін. Аспандағы сансыз жұлдыздар мені мазақ еткендей жымың-жымың қағады. Сол сәтте көзіме жас үйіріліп, мына өмірге, қатыгез тағдырға лағнет айттым. Бар күшімді жинап орнымнан тұруға ұмтылдым. Әрең дегенде барып көтерілдім. Екі аттам жерде ыңырсып шешем жатыр. Бүкіл денемді әрең қозғалтып, сүйретіле басып оның қасына келдім.

- Апа, тірісің бе? Көтеріңкі басыңды? Жаулығы шешіліп қалыпты. Басын сүйемек болып едім, қолым жылымшы қаңға тиді.

- Апа, тұршы, тірісің бе өзің?

- Тірімін. Ұлым, тірімін.

Көңілімнің босағаны сонша, айқай салып жылағым келді. Бірақ өзімді тежеп қалдым. Сонда да жанарымнан жас ағыл-тегіл ақты-ау дейсің. Жылап жүріп, апамның жаулығымен басын сұрттім. Сәлден кейін барып ол есін жиғандай болды.

- Өзің саумысың, балам.

- Саумын апа. Жүрші үйге кетейік.

Апамды иығыммен демеп, әлгі қызылшаны қойып кеткен арықтың жанына келдім. Қасиетіңнен айналайын, апажан-ай! Өзі өле таяқ жесе де үйдегі қызы мен әкемді есінен шығармай.

- Дүйсенжан, әлгі асқабақ пен қызылшаны тығып үлгердің бе? - деді маған.

- Иә, мына арықтың ішінде жатыр.

- Алып жүр.

- Сен қайтіп жүресің, апа?

- Мен саған сүйеніп-ақ өзім жүріп кетемін.

Қойны-қонышымда қызылша, қолымда асқабақ, апамды сүйемелдеп ел жата үйге әрең жеттік. Әкем де, Жібек те үрпиісіп, бізге не болғанын білмей ұйықтамаған екен. Таяқ жеген апамды көріп, зәруелері ұшып кетті. Шешем содан біраз күн қатты ауырып жатты. Ауыр жарақаттан денесін бірден көтеріп кете алмады. Оның үстіне басына қатты тепсе керек, соңғы кезде көзі қарауытып, басы айналатынды шығарды. Жылай-жылай қарындасым Жібек екеуміз тұра алмай жатқан әке-шешеміздің қасынан кетпейміз. Сүйегі асыл жан ғой, бірнеше күннен кейін апам айығып кетті. Бірақ жиі-жиі басы айналып, көзі қарауытатын әдеті қалмады.

... Бүгінгі ауруы да сол соққының әсері еді. Тағы да басын көтермей жатып алды. Жібек енді не істейміз дегендей, екі көзі жәудіреп маған қарай береді. Менің қолымнан не келер дейсің? Дел-сал болып мен отырмын. Өмірдің ауыр соққысы аз болғандай апамның ауырғаны бізге одан сайын ауыр болып тиді.

- Апа көтеріңкі басыңды, - деймін. Үн жоқ. Жәй ғана салалы саусақтарымен басымды сипады.

- Әкең екеуміз бірдей олай-бұлай болып кетсек күндерің не болар екен, ботақандарым.

- Жок, апа өлмейсіңдер, бізді тастап қайда барасың.

Манадан бері апам екеуміздің сөзімізді үнсіз тыңдап жатқан әкем ауыр бір күрсініп алып:

- Ырғал ей, Ырғал?

- О не?

- Осы біз құдайға не жаздық екен. Екеуміздің жатысымыз мынау. Құдай сені алғанша мені алсын, сен өліп мен қалғанда екі баланың күндері не болмақ.

Апам үндеген жоқ.

- Ырғал, құдай қосып біраз жыл өмір сүрдік. Екі жылдан бері сал болып менің жатысым мынау. Құдайдан тілейтінім сенің алдында мені алса деуші едім. Өзің тірі болсаң мыналарды ешкімнен кем қылмас едің-ау. Енді сенің жатысың да мынау.

... Сол күні беймезгіл уақытта Орынбай тәтемді, Еспан, Аба ағаларымды, Есболған, Рақымбек көкелерімді әкемнің айтуы бойынша үйге шақырып келдім.

- Бауырларым, түнделетіп мазаларыңды алдым ба, шақырмасақ тағы болмады. Біздің жағдайды өздерің көріп отырсындар. Олай-бұлай болып кетсек, Дүйсен мен Жібегімді өздеріңе аманат етейін деп әдейі шақырттым. Айналырған ауру алмай қоймайды. Асанбай арам өлді, көмусіз қалды деген артымда сөз қалмасын. Қолдарыңнан келгенше арулап көміндер, - деп бойына жиған бар күші осы ғана болды ма, сонан кейін еңтігіп сөйлеуге шамасы келмеді.

- Аға-ау, бүгін-ертең кетіп бара жатқан жоқсыз ғой. Айығып кетесіз әлі-ақ.

- Жоқ, енді айыға алмаспын.

Орынбай тәтем не дерін білмей тосылып қалды. Әкеме Алла тағалла сездірді ме екен, сол түні бұл дүниеден озды. Екі күннен бері басын көтере алмай жатып қалған апам өзінің қалай тұрып кеткенін де байқамай қалды.

Сондағы апамның жоқтау айтып жылағаны бәріміздің сай-сүйегімізді сырқыратты. Амал қанша ертеңіне өзінің туған жері, өз атымен аталатын «Асанбай талы» деген жерге әкемді бүкіл ауыл болып арулап жерледі. Көз жасымызды көл қылып біз қалдық соңында. Кейін білдім, бұл өңірге алғаш рет тал еккен, жиде отырғызған, жоңышқа айдаған Асанбай әкем болыпты.

Сонымен тірі адам тіршілігін істейді екен. Бірте-бірте елдің жағдайы түзеле бастады. Ашаршылықтың азабы бір күндей болмай өте шықты, бірақ аштықтың дәмі күні бүгінге дейін естен кетпейді екен. Әне-міне дегенше жылдар зымырап жылжи берді. Енді ғана күнкөрісіміз жақсара бастап еді, соғыс басталды.

1941 жылы он сегізге толған мені бірден әскерге алды. Майданда жүрген кезімде елге аман оралып жеңістің 55 жылдығын тойлаймын, 55 жыл бойы туып-өскен еліме қалтқысыз қызмет етемін, үйленіп 12 бала өсіріп, ұл мен қыздан 34 немере, 9 шөбере көремін деген үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Балалық шағымда ауыр күндердің, аштықтың азабын тартсам да осынша қуанышқа жетіп отырған жолымды әркез есіме алып мақтаныш тұтамын. Өмір жолымды өзімнің отбасым мен ұрпақтарыма, түрлі жиындарда кейінгі жастарға үлгі етіп айтып отырамын.

Мен ақын емеспін. Сонда да болса шама-шарқыма қарай анда-санда аздап өлең жазатын әдетім бар. Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақ еліндегі жаппай ашаршылықтың ең үлкен қасірет болғандығы туралы бір-екі өлеңімді таныстыра кетейін. Менің басымнан өткен қиыншылықтар, жазған өлеңдерім ұрпақтарыма, қазіргі жастарға азды-көпті түйсік туғызып, тәуелсіз Қазақстанды мәңгілік елге айналдыру үшін оларды ерлікке, еңбекке, шыдамдылыққа баулитын шығар деп ойлаймын.

### **Естен кетпес сол күндер**

*Басымызға түскен кезде сол қиындық,*

*Аллаға да, әруаққа да сиындық.*

*Елдің қорлық көргеніне күйіндік,*

*Сол қорлықты жеңгеніне сүйіндік.*

*Еңбек еттік киім де жоқ жалаңаш,*

*Еңбек еттік күндіз-түні тамақ аш.*

*Бір-біріне қолын берді сонда жұрт,*

*Бір-бірінің кеміне әсте қарамас.*

*Бірі Ыстыққа да, суыққа да ұрындық,*

*Сондай кезде бола білдік мұрындық,*

*Көлеңке де, панаң да – бәрі де,*

*Адамдардың қолында деп ұғындық.*

*Соған және жұрттың бәрін сендірдік,*

*Сол сенімге қайғыны да жеңдірдік.*

*Дұшпанды да жеңе алмайтын едік біз,*

*Бір ауыз боп танытпаса ел бірлік.*

*Ауыр шақта ауызбірлік таныттық,*

*Ерлік, жеңіс – болды бәрі халықтық.*

*Әшейіннен әперген жоқ даңқты,*

*Әкелгендер қырышын кетті жарықтық.*

*Талай боздақ жоғалтса да қонысын*

*Ақтап өтті азаматтық борышын.*

*Аты-жөнін жүректерге жазып-ап,*

*Қабіріңе бас иеміз сол үшін.*

*Күнде әкеліп қояды оған халық гүл,*

*Қырыш кеткен әрбір боздақ – даңқ бұл.*

*Құрбандардың қызыл қаны мәңгілік,*

*Алау болып парктерде жанып тұр.*

### **Бір үзім нан**

*Күрессем де қиындықпен жүздеген,*

*Үмітімді ешқашанда үзбегем.*

*Бірге болды соғыс пен жастық шақ,*

*Қиындықты көріп өстік біз деген.*

*Біреу жоқтап азаматын, ардағын,*

*Біреу күтіп оралмайтын арманын.*

*Жүдеу елдің бас көтерген кезінде*

*Сол соғыстың көрдік талай зардабын.*

*Көрдік талай тағдыр сынын қыспағын,*

*Қатал қыстың өктемдікпен қысқанын.*

*Пана таппай шырылдаған торғайдың,*

*Көріп едім үйге кіріп ұшқанын.*

*Ғажап еді ықыласы бізге елдің,  
Сол жандарды әлі күнге іздермін.  
Анам байқұс бір тынбайтын күндіз-түн,  
Тамағымыз тоқ болса да біздердің.*

*Үш баласы шыққан алдынан,  
Айнымайтын сабырлы бір қалпынан.  
«Нан жемей-ақ барасыңдар мектепке  
Бүгін бізде болмай қалды үзім нан».*

*Сірә ол кез болған емес бүгіндік,  
Жамау-жасқау киім киіп күтіндік.  
Сөйтіп жүріп жақсы жылдар жалғасып,  
Қиындықтың мектебінде бітірдік.*

*Талай қиын кезеңдерді көріппіз,  
Сондықтан да айтқан сертке берікпіз.  
Жерде жатқан нанды көрсем көшеде,  
Өткен күндер көзге түседі еріксіз.*

*Нанын да жеп көріп едік арпаның,  
Дәмі де есте түйірі жоқ сорпаның.  
Нанды кейде тас қып ойнап жүретін,  
Қарны тойған балалардан қорқамын.*

*Сылтау іздеп тұрғаным жоқ сыныққа,  
Нан алдында аласа ғой ұлық та.  
Балам, бәрін ұмытсаң да бір үзім,  
Нанның қадір-қасиетін ұмытпа.*

Есім кіріп, етегімді жапқалы талай-талай оқиғалардың куәсі болдым. Осы уақыт ішінде есімде қалған қиыншылықтар да, жақсылықтар да аз болған жоқ. Өткен өмір жолыма көз жіберсем есімнен кетпейтін күндер көп болыпты. Солардың ішінде тек біздің отбасымызға ғана емес, бүкіл халықтың басына түскен ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы үлкен қасіреттен, ең ауыр нәубеттен қазақ халқының 80% қырылды, бірақ қазақтардың сағын сындыра алмады.

## **92 жастағы Баян Нүсіпбекқызы әженің естелігі Үйдің қабырғасына жасырған тары бізге тамақ болды**

- Сонау зұлмат жылдары елдің басына түскен ауыртпалықты, аштықтан бас сауғалап қаңғып кеткен босқындарды өз көзіммен көрдім. Солардың ішінде қанша қиыншылық болса да елдің қамын ойлай жүретін азаматтардың

бірі менің Пірәлі атам еді. Ашаршылық басталар алдында біздің отбасымыз Мойынқұм өңіріндегі Бестерек деген жерде тұрды. Мен ол кездегі оқиғаларды есімде жақсы сақтап қалдым, өйткені оң-солымды танып қалған жасым 9-10 шамасында болатын.

1930 жылдардан бастап байлардың дүние-мүлкін, малын, қолдағы ба-рын тәркілеу басталды. Бай деп, кедей деп қарамай барлығының малын большевиктік өкімет зорлықпен тартып алды. Қарсылық көрсеткендерді милициямен айдап әкетті. Жаңа өкіметтің осындай әрекеттерінің болатынын алдын-ала сезген адамдар қолдағы бар азық-түлігін ұраға тығып, бірлі-жарым малын тау қыраттарына айдап жіберіп, күнкөрістің қамы үшін жасырып қалуға әрекет жасады.

Менің әкем төрт ағайындылардың ішіндегі ең үлкені еді. Азық-түлік таусылып жағдайымыз нашарлап кетті. Атам Шүйіншәлі, оның інісі Пірәлі тұрмыстың қиындап бара жатқанын байқап, ағайын-туысқандарымен бірге туған жерден шеткері қырғыз еліне кетуге мәжбүр болды. Көкірегіміз қақ айырылып, жылап-сықтап ата-қоныспен қоштасуға тура келді. Осының алдында ғана кеткен ағайындардың ізімен біз де қырғыз жеріндегі Қарабалтаға бет алдық. Өлі есімде шуап жатқан ел, жол-жөнекей көргеніміз өліп жатқан адамдар, тіпті орындарынан тұра алмай шала-жансар жол жиегінде жатқандары қаншама. Жеті-сегіз күннің ішінде арбаға бала-шағаны отырғызып, үлкендер жаяу-жалпылап әрең дегенде күндіз-түні жүріп отырып Қарабалтаға жеттік-ау. Бұл жерге келгеннен кейін де жағдайымыз жақсарып кеткен жоқ. Әйтеуір өлместің күнін көріп, қысы-жазы осында тұрдық. Келе салып қырғыздарға, орыстарға, дүнгендерге жалданып, олардың күркелерін, мал қораларын үй ретінде пайдаландық. Негізгі тірлігіміз масақ теру еді. Осымен күн көрдік. Кейбір күндері бірнеше тәулікке дейін масақтан ешнәрсе таба алмай аш болған күндеріміз де болды. Әсіресе жас балалар аштыққа шыдай алмай шетінеп жатты. Шешемнің бұрынғы ауруы асқынып, оның үстіне тамақтың жеткіліксіздігінен бұл дүниеден озды.

1932 жылдың көктемінде елге қайтуға дайындалып, жол қамына кірістік.

... Қайтып келе жатып осыдан екі жыл бұрынғы көрген көріністі тағы да көрдік. Ары-бері қаңғырып жүрген босқындар, кейбіреулері жолдың жиегінде тұруға шамасы келмей көздерінің нұры кетіп әлсіреп жатыр. Бізден көмек сұрағандай болады. Оларға көмектесетін бізде хал бар ма, «шықпа жаным, шықпа» деп, арып-ашып өзіміз эзер келе жатырмыз. Жолға алып шыққан азық-түлігіміз де таусылуға айналды.

Кенет бір талдың түбінде жалғыз ғана әйел баласын құшақтап отырғанын Пірәлі атам байқап қалды. Әйелдің құшағындағы бала қимылдағандай көрінді. Жақындап келіп қарасақ әйел өліп қалыпты, ал бір жарым-екі жастағы бала тірі екен. Атам дереу әйелдің қатты қысып алған құшағынан баланы еппен алып, арбаға отырғызды. Баланың әлсіреп қалғаны соншалықты, жылауға ша-

масы келмеді. Қолымыздағы талқанды суға араластырып, жол бойы аз-аздап балаға беріп отырдық. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп тегін айтылмаған ғой. Сонымен бұл бала біреуміздің ініміз, біреуміздің ағамыз болып аштықтың құрсауынан аман қалып біздің отбасымызда тәрбиеленді, білім алып, еліміздің ашаршылықтан аман қалған азаматтарының бірі болды.

Елге аман-есен жеттік. Жаңа өкімет колхоз ұйымдастырып жатыр екен. Колхоз дегенді түсінбейміз, әйтеуір бір жақсылықтың болатынын сеземіз. Ауылдағы бұрынғы байлардың бәрін «халық жауы» деп Сібірге айдатып жіберіпті. Солардың ішінде біздің де ағайындарымыз бар екен. Елдің жағдайы әлі де маз емес. Бір үзім нанға қолы жетпей ауылдың бұрыш-бұрышында өліп жатқан адамдардың саны жетерлік. Өкімет бірлі-жарым отбасыларына аздап көмек бергені болмаса, барлығына жағдай жасауға мұршасы келмейтін сияқты.

Пірәлі атам осыдан екі жыл бұрын қырғыз еліне кетіп бара жатып қораның астындағы ұраға бірнеше қап тарыны тығып кеткен болатын. Кеңес өкіметінің шолақ белсенділері тінтіп жүріп оны да алып кетіпті. Жаппай тәркілеу басталған кезде елдің бар малын, дүние-мүлкін, азық-түлігін бірін қалдырмай тартып алып жатқанда Пірәлі атам алдын-ала ойластырып, тамның екі қатар қабырғасының ортасына қуыс жасап, елден кетіп бара жатып бірнеше қап боларлықтай тарыны сол қуысқа ешкімге білдірмей жасырып кеткен екен. Осы қабырғаның қуысына құйылған тарыны ғана өкімет уәкілдері білмеген. Ал қалған дүние-мүліктің, ұраға тығып кеткен азық-түліктің бірде-бірі қалмаған. Елге келгеннен кейін ата үйдің қабырғасына жасырған тарыны «шаш ал десе, бас алатын» ауыл белсенділерінің көзіне түсірмеу үшін қабырғаны тесіп шидің түтігі арқылы ағызып алып отырды. Сол кезде бала болсам да Пірәлі атамның ағайын-туыстарын аштықтан аман алып қалу үшін ойлап тапқан осы әдісі күні бүгінге дейін есімнен кетпейді. Қандай тапқырлық десеңші. Бұл қазіргі кезде жаңа машинаны ойлап тапқанмен бірдей десем артық айтқандық емес шығар.

Пірәлі ата 1933 жылы туған-туысқандарын егіншілікпен айналысуға тартып, әрбір отбасына бір-бір тақиядан тары үлестіріп беріп отырған. Көктерекпен көршілес жатқан Айдарлы деген елді мекенге барып, кетпенмен жер аударып, қолмен бидай сеуіп елді диқаншылыққа үйретті. Сөйтіп, 1934 жылдан бастап елдің жағдайының беті бері қарады.

Басымыздан талай-талай қиыншылықтар өтті. Солардың ішінде 1930-1933 жылдардағы Кеңес өкіметінің солақай саясатының негізінде қолдан жасалған ашаршылық халқымызға орасан зор апат әкелсе, сонымен қатар 1941-1945 жылдардағы соғыста да қазақ халқының көптеп қырылғаны белгілі. Енді елімізде мұндай зұлмат жылдар болмасын, кейінгі ұрпақ тыныштық заманда бақытты өмір сүрсін, – деп көпті көрген кейуана әңгімесін аяқтады.

**Мойынқұм ауданының құрметті азаматы,  
Көктерек ауылы ақсақалдар кеңесінің төрағасы  
Орынбай Нұрлыбаевтың естелігі  
Туған жерден көшу қиын екен**

Орынбай ақсақал сол кездегі Көктерек ауданы Айдарлы колхозында 1939 жылы дүниеге келген. 1958 жылы он жылдық мектепті бітіріп, орта білім туралы аттестат алады. Содан соң жоғарғы оқу орнында білім алып, мал дәрігері болып көп жылдар қызмет істейді.

Орынбай қарияның айтуынша, ағайын, туған-туысқандарының атақонысы ежелден бері сол кездегі Алматы облысындағы Түлкібас деген жерде болған екен. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1920-1922 жылдары да халықтың басына көптеген ауыртпалықтар түскен ғой. Шөбі шүйгін, суы мол, табиғаты мал өсіруге қолайлы бұл аймақтан басқа жерге көшу Орекеңнің туыстарына оңай болмаған сияқты. Дегенмен көшпелі өркениеттің негізін қалаған арғы ата-бабалары секілді өздерінің руластарын паналап әрі әлдеқандай қиыншылықтар бола қалса бірге болу мақсатымен Шу өңіріндегі ағайындарына жақындауға шешім қабылдайды. Дүние-мүлкі асып-тасыған бай болмаса да бұл әулет бақуатты тұрмысы бар ел екен. 1928 жылы Кеңес өкіметінің «Бай шаруашылықтары мен жартылай байларды тәркілеу және жер аудару туралы» заңы шығады. Бұл заң бойынша жаңа өкіметтің уәкілдері мен жергілікті шолақ белсенділерге байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеуге, сонымен бірге ауылдастарына, ағайын-туыстарына қамқорлық жасап отырған бай-билердің өздерін де, олардың отбасы мүшелерін де жер аударуға рұқсат берілген. Өйткені, жаңа билік ауылдарда Кеңес өкіметін орнатуға шаруашылықтары тәркіленген байлар кедергі жасайды деп, оларды жан-жаққа қаңғыртып жіберген. Тіпті өз еркімен барын бергендерді де аямаған. Уәкілдер кедейлерді қорқытып, екінің бірінде орташаларды да байлар деп көрсетуге күшпен оларды мәжбүр етті. Көптеген жеке меншікке негізделген шаруашылықтар заңсыз, зорлықпен тарқатылып, ұжымдастыру науқаны қарқын ала бастады. Асыра сілтеушіліктің салдарынан қанаушы тап ретінде кейбір ауқатты және орташа шаруалар да тәркіленіп кетті. Байлар қатарына жатқызу үшін шатырлы үйінің немесе екі атының болуы жеткілікті еді. Тұтас әулеттер мен рулар да бай-кулақтарға жатқызылып, жазаға тартылды. Осындай кеңестік биліктің әрекеттері бүкіл елді тығырыққа тіреді. Жаңа өкіметтің 1928 жылғы заңы бойынша барлық өңірде елдің малын зорлықпен тартып алып отырды. Көшпелі халықтың негізгі күнкөрісінің көзі – мал шаруашылығы болғандықтан аштыққа ұшырады. Билікке қарсы болғандарды қатал жазалап, итжеккенге айдады. Жаппай жазалау мен аштық көптеген руларды, әулеттерді орныққан жерін тастап, көшіп кетуге мәжбүр етті. Осындай себептерге байланысты Орынбай ақсақалдың ағайындары да бұрыннан



тұрып келе жатқан қоныстарынан еріксіз көшуге мәжбүр болса керек.

Сөйтіп, 1928 жылы Оспанов Нұрлыбай, Үсенов Рысбай, Шалабаев Самза бастаған ел Шу өзеніне жақындау орналасқан Айдарлы деген елді мекенге көшіп келеді. Екі жылдан кейін, яғни 1930 жылы малынан айырылған Мойынқұм жеріндегі ел де аштыққа ұшырай бастайды. Әбден ашыққан жұрт Айдарлыдан жан-жаққа тамақ іздеп, қаңғып кетеді. Бірен-саран отбасылар күнкөрістің қамымен басқа жерге кетуге мұршасы келмейді. Олар ауылда қалып Шу өзенінен балық, даладан қырғауыл аулап өлместің күнін көріп тіршілік еткен. Мұндай тірлікке шамасы жетпегендер отбасымен түгел аштықтан қырылғандары да болыпты.

Орекеңнің туған-туысқандары өздерінің бастарына түскен нәубеттен құтылу үшін 1930 жылдың күзіне қарай қырғыз еліне көшуге бел буады. Бішкекке келіп орыстарға жалданып өлместің күнін көреді. Екіншілікпен айналысатын орыстардың үйінде тағам түр-түрімен болған екен. Сол жерде тұратын қырғыздардың да, дүнгендердің де жағдайы біздің елге қарағанда әлдеқайда жақсы болыпты. Айыр қалпақты қырғыз ағайындардың және орыстардың арқасында бұл әулет аштықтан аман қалыпты. Сонымен 1933 жылдың аяғына қарай Мойынқұмдағы елдің тұрмыс-тіршілігі жақсара бастағаны жайлы хабар жетеді. Елден амалсыз кеткен босқындар туған жеріне орала бастаған. Осы жылдың қалың күзінде Орынбай қарияның ағайындары елге аман-есен оралады. Бұл өңірдегі алғашқы құрылған «Айдарлы» колхозына мүше болып кіргеннен кейін, олар аштықтың азабынан құтылып, жаңа өмірге белсене араласып кетеді.

### **Бірлік ауылының тұрғыны Шәйбай Қожакелдиев қарияның Көкжелек балуан мен Арқар шал туралы естелігі**

Копті көрген Шәйбай қария қазақ елінің басына түскен зұлмат жылдардағы қасірет жайлы былай еске алады:

- Ел бір үзім нан таба алмай қаңғып кеткен кезде мен 7-8 жастағы бала болатынмын. Кейбір болған оқиғаларды үлкендерден де естідім, өзім де көрдім. Талай қилы-қилы заман басымыздан өтті ғой. Сол кезде біздің отбасымыз Мойынқұм өңіріндегі «Көкжелек» деген жерде мекен етті. Егер ұмытпасам, 1933 жылы осы ауылда «Ақдала» колхозы құрылды. Аштықтың құрсауынан аман қалған ел-жұрт колхозға мүше болып кіргені жөнінде әке-шешем, ағайын-туыстарымыз айтып отыратын. Бұл елді мекеннің «Көкжелек» деп аталуының сыры мынада екен.

Көнекөз қариялардың айтуынша, – деп Шәкең әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Көкжелек Дулаттың төрт баласының бірі – Шымыр руына жататын Көкірек атасынан тарайды. Көкжелек еліне қамқорлық жасаған, елін жаудан қорғаған бүкіл Жетісу өңіріне белгілі Биназар батырдың інісі болыпты. Бір тойда қырғыз елінен келген балуан күреске шыққандардың бәрін

жығып, мерейі үстем болып тұрады. Сол сәтте қалың жұрттың ішінен біреу айқай салады:

- Шымырдың ішінен күреске шығатын кім бар?

Қырғыз балуанын айнала қоршап тұрған топтың ортасынан көк жейде киген біреудің даусы саңқ ете қалады:

- Мен күреске шығамын!

Балуандар ұстаса кеткенде жас жігіт қырғыз балуанын көтеріп алып, басынан айналдыра дөңгелетіп лақтырып жібереді. «Көкжелек, көкжелек жеңді» деп жұрт шу ете қалады. Өйткені, жас балуанның үстінде киген көк көйлегі болыпты. Көпшілік әлі де көзге түсе қоймаған жігіттің атын білмегендіктен «Көкжелек» деп атап, оның жеңісіне қуанған екен.

Көкжелекте ағасы сияқты қапсағай денелі, күш қуаты мол батыр болған. Ел аузында оның ерлігі, батырлығы және алып күш иесі болғандығы жайлы әңгімелер көп айтылады. Соның бірі құдыққа түсіп кеткен түйені қауғамен шығарып алғандығы туралы әңгіме ауыздан ауызға жалғасын тауып, қазіргі жергілікті тұрғындардың есінен шығар емес. Өның туып-өскен жері осы оқиғадан соң Көкжелек ауылы деп аталып кеткен. Кеңес өкіметі халықтың берген жер атауларын өзгертіп басқаша қойғанын білеміз ғой, тек қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана сол кездегі Көктерек ауданындағы Амангелді атындағы совхоздың бір бөлімшесіне «Көкжелек» есімі беріліп, бұрынғы тарихи атауы қалпына келтірілді.

XX ғасырдың 30-жылдарында Қазақ елін басқарып отырған Ф.Голощекин кезінде ауыл шаруашылығын күшпен ұжымдастыруды қатты қолға алғанын тарихтан жақсы білеміз. Елдің малын жинап алып, бір ортаға салатын болды. Асыра сілтеушіліктің салдарынан малдан айырылған халық аштыққа ұшырады. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру идеясы әуел бастан-ақ қатаң жүргізіліп, жаппай қуғындау кең етек алды. Ашыққан елдің жағдайына қарамай Кеңес өкіметі колхозға біріктіруді әкімшілік-күштеу әдістерімен жеделдете жүргізді. Күшпен ұжымдастыру ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түп негізіне дейін күйретті. Қазақ елінің әлеуметтік негізі жойылып, ғасырлар бойы көшпелі өркениет жасаған тіректер қиратылды.

Күнкөрістің қамымен біздің ауылдың адамдары да бет-бетімен басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Елдің көпшілігі қырғыз ағайындарды паналады. Қырғыз еліне жеткенше жол-жөнекей қырылып жатқандардың санына көз жетпейтін еді. Әркім өзінше өлмес үшін әртүрлі әрекеттерге баруға мәжбүр болды. Сондайлардың бірі сол кездегі Көкірек ауылынан (қазіргі Бірлік ауылы) колхозға кіруге қарсылық білдіріп, кейіннен «Арқар шал» деген лақап атқа ие болған Дүйсенбек жападан жалғыз атына мініп, өкіметтің уәкілдеріне көрінбей тауға кетіп қалады. Ешкімнің көзіне түспей Хантаудағы Теректі деген жерде үш жылдай жалғыз өзі тіршілік етеді. Туған –туысқандары оның қайда кеткенін білмей, жер-жерден көп іздейді. Алайда таба алмаған соң одан күдерін үзіп, осындай қиыншылық заманда бірте-бірте ұмыта бастайды.

Ә дегенде Дүйсенбек өзімен бірге алып барған азын-аулық азық-түлігімен жан бағып, жейтін тамағы таусылғаннан соң таудан аққан қайнар бұлақтың көзін ашып, мініп жүрген атының қыйының арасынан тарының дәндерін тауып алады да, сол бірнеше дәнді бұлақтың жағалауына еккен екен. Осылай жыл сайын еккен тарыдан өнім алып, таудағы аң-құстарды амалын тауып қолмен ұрып алып өзін-өзі тамақпен қамтамасыз етіп отырған.

Бір күні елдің жағдайы түзелгеннен кейін оны туысқаны Сейітқазы тағы да іздеп шығады. Кенет тау қыраттарының арасынан Дүйсенбек шыға келгенде Сейітқазы сасқалақтап «өзіміз» деп шалқасынан түседі.

Сөйтіп, Дүйсенбек өкіметтің күшпен елді ұжымдастыруына қарсылығын осылай білдіріп, сонымен бірге өзін де аштықтың азабынан құтқарады. Тауды мекен ететін арқар (тау ешкісі) секілді тауда бірнеше жыл өмір сүргендіктен Дүйсекеңді ауылдастары «Арқар шал» деп атап кетіпті.

### **Биназар ауылының тұрғыны Мұқсымхан Егешұлының әңгімесі «Өле жегенше, бөле же»**

Мұқсымхан қария 1928 жылы дүниеге келген. Шешесі Марқабала Құйязбай байдың қызы екен. Бала кезінен бастап үлкендердің әңгімесін тыңдап өскен ақсақал шешесінің айтқандарын былайша еске түсірді:

- Менің атам Садық-Дамылла бір қауым елге би болыпты. Анамның айтуынша, Садық-Дамылла 1824 жылы Түлкібас аймағындағы Ақбиік ауылында жарық дүниенің есігін ашыпты. Жасынан зерек болған Садық атам сол кездегі білім орталығы Бұқарада оқып, жеті тілді еркін меңгерген. «Білімді боламын десең, жеті жұрттың тілін біл» деп тегін айтылмаған-ау! 16 жасында білімді елге үйретемін, халқымды сауатты етемін деп Ата елге оралады.

1874 жылы сәмбет пен көкірек рулары болып екіге бөлінді. Мойынқұм өңіріндегі Хантаудың етегінде Тоғыз деген өзеннің бойында Көкірек болысын отау етіп шығарады. Сол жылы Биназар батырдың қолдауымен Садық ата болыстың биі болып сайланады. Сонда атам елдің алдына шығып:

- Мені би етіп сайлап отырсындар, сондықтан бүгіннен бастап мені Садық-Дамылла деп атаңдар, - деген екен.

Би атаның елге жасаған қамқорлығы, оларға білім берудегі ерен еңбегі күні бүгінге дейін ел аузында сақталып келеді.

... 1930-1933 жылдардағы ашаршылық бізге де келіп жетті деп шешем айтып отырушы еді. Аштыққа шыдай алмай күнкөрістің қамымен көптеген ауылдастар беті ауған жаққа босып кетеді. Бірақ біздің әулет отырған орындарынан қозғалмапты. Басқа жұрт жапа-тармағай көшіп жатқанда Егеш әкем осындай қиыншылық кезеңде бөтен елге қоныс аударуға ағайындарына рұқсат бермеген. Қолдарындағы бар малды бірін қалдырмай өкімет уәкілдері тартып алғанына қарамастан 40 үй артельге бірігеді. Сонда да жаңа өкімет тарапынан

айтарлықтай көмек болмайды. 1932 жылға қарай елдің азық-түлік қоры таусылып аштыққа ұшырай бастайды. Шешемнің айтуынша, ашыққан адамдардың негізгі қорегі сары тышқанның еті болған екен. Сары тышқанды ұрмай, тек қақпанмен ғана аулаған. Өйткені аштан өліп қалмас үшін жәндіктің етін жеп, оның терісін бүлдірмей қақпанмен аулап 20 тиынға пұлдайтын болған. Дала өсімдіктерін де теріп жеген күндері болыпты.

«Ең бастысы, ағайын-туыстардың арасында ынтымақ, бірлік болып бір-біріне көмектесіп отырған. «Өле жегенше, бөле же» дегендей, бір үзім нан, бір уыс талқан табылса, өзіміз жемей балаларға, ауырып жатқан ағайындарға бердік. Екі-үш жыл қиналып, әйтеуір өлместің күнін көрдік, бірақ әулетімізден аштықтан ешкім өлген жоқ» деп шешем әңгімесін айтып отыратын. Ақырында, 1934 жылы колхозға мүше болып кіргеннен кейін ғана біздің отбасымыздың жағдайы түзеле бастапты.

«Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама» деген халықтың сөзі бар. Ал, бір күн емес, жылдары бойы бүкіл халықтық ашаршылыққа ұласқан нәубеттен кейін отбасымыздың, ағайын-туыстардың, ауылдастардың аштықтан аман сақталып қалғанының өзі асқан ерлік, ғасырлар бойы қалыптасқан ұрпақтың қанына сіңген қайсарлық емес пе? – деп Мұқсымхан қария анасынан естіген әңгімесін бізге айтып берді.

### **Этнограф, құсбегі, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының мүшесі Жапар Сатылғановтың ашаршылық қасіреті туралы пайымдаулары Ашаршылық тарихы — қиянатты кешірмейді**

- Қазақ тарихындағы қазақ ұлтын қырғынға ұшыратқан ең ауыр нәубет, ең үлкен қасірет – 1932-1933 жылдары болған Қазақстандағы жаппай ашаршылық адам етін адам, өз баласын өзі жеуге дейін барған, өліктер көмусіз қалған күндер еді...

Ресми деректерде, осы аштықта қазақ ұрпағының 2,5 миллионға жуығы аштан қырылса, ел басына күн туған зобалаңнан шетке қашып, жер аударылып, ұлтымыз азып-тозып 5,5 миллион адамынан айырылған екен. «Сталин тұсындағы» деп айтылатын қасірет жайлы қазір зерттеу жүргізіліп, сараптамалар жасалуда. Десек те, мамыражай күн кешіп жатқан қазақ жеріне осы ашаршылық қалай, кайдан келді?!

Көпшілік айтып жүргендей, қазақтың басына төнген зұлым-аштық, тек И.В.Сталин билікті қолына алған тұста ғана басталған ба еді?... Бұл нәубеттің түп-тамыры неде? Біз әруақтардың назасы мен келешектің жазасына, тарихтың қазасына ұшырамас үшін де бұл қасіретке талдау жүргізіп, келешек ұрпақ, ұлттық патриотизм үшін де ұлағатты іс тындыруға міндеттіміз! Олай деп отырғаным, қазақ даласында ертеде (ҮІІ-ҮІІІ ғғ.) бүгінгі капитализмге бағытталған өз астанасы, өз теңгесі, жойқын-әскері, ұлттық саясаты бар ірі

феодалдық мемлекет болған. Олар күллі шығыс Түркістанды қытай езгісінен азат етіп, «Таң» империясын да талқандап жеңген...

Мәселен, Орта Азияны жауламақ болған Таң империясына қарсы ата-бабаларымыздың соғысы туралы «Ғұн-Түрік-Қазақ тарихи зерттеу мәселелері» деген ғылыми еңбекте былай деп жазыпты: «Атлах» шайқасы... 751 жылы Орталық Азия тарихын жаңа арнаға бұрған әйгілі «Талас-Атлах» шайқасы болып еді. Біріккен Араб, Қарлұқ, Түргеш, (Қарлұқ, Түргеш біздің ертедегі ата-бабалардың қағандық атауы) қолының тегеурінді соққысы бұл өңірде екі ғасырға жуық тайраңдаған Таң патшалығы әскерін күйрете жеңіп, өз тәуелсіздігіне қол жеткізген болатын. Содан бері қазақтың қасиетті топырағына Қытай әскерінің табаны тиген емес». Міне, ежелден талайды таң қалдыратын, қазақтардың осы тарихи жолын зерделеген В. Ленин де, И. Сталин де, олардың кеңесші орыс тарихшылары да қазақтардың ұлт мүддесі жолында бәрі бір кісідей бірігіп, жаманын жасырып, жақсылығын асырып, таза қан болған соң тайсалмай күресіп ел намысын, саясатын ұстаған, тектілерін төбеге көтерер мәрттігінен қауіптеніп, «ұлы-ішкі саясат» жолымен әуелі текті байлар, батырлар ұрпағын қуғындап, елден бездіріп, жер аударып, панасыз, шарасыз қалған халықты аштыққа ұрындырып, тек бір тойған тамағы үшін айтқанын істеп, айдағанға жүретіндерді ғана билікке бас идіріп, тірі қалған ұрпағын қалай да ассимиляция жасау жолымен (таза қаны болмаған, қанына тартпайды) жерімізде жаңа адам өсірудің жоспарлы шараларын бастап, оған «Ұлт азаттық – азамат соғысы» деп айдар таққан. Қазақ халқы осы құйтырқы-зұлым саясаттың кесірінен ақтар мен қызылдар болып екіге бөлініп, бірін-бірі атып-шауып, ұстап беріп, қызылдар «коммунистердің» белсендісі, ақтар сол кезге дейін қазақтың тілін, ділін, дінін, ата мекенін бодандыққа бермей, қорғап келген текті – бай, кәсіпкерлері «Халық жауы» аталып, ағайын арасында қан төгіліп, бітіспес соғыс жүрді. Қызыл империяның мұндай билігінің қазақтың елі мен жеріне қайғы екенін анық түсінгендер жасырын тілге көнетіндерін ертіп, амалсыз, әйтеуір тірі қалып, қайта оралу үшін Қытай, Ауғанстан, Қырғыз, Өзбек, Түркия, Иранға дейін көшіп кете бастады. Халқының болашағын ойлап, іс тындырар текті байларға – сол кезде ара түскен зиялылар көп болған жоқ. Себебі, олардың өзі жан сауғалап қашып жүрді. Сол сияқты жауынгер жылқы малы үлкен қуат болғанын білген «Қызыл империя» басшылары бір түнде 300-500 шақырым жол жүрер, жылқы малы тұрғанда қазақтарды дегендеріне көндіру оңай болмайтынын білген соң, пасық қулықпен, ол кезде ветеринария саласы еш дамымаған, қандай да аурудың ғылыми сараптамасы, халықаралық келісім-нұсқау болмай-ақ, ауылдардағы жылқыларды «маңқа» деп жаппай атып, қырып өртеді («маңқа» қауіпті ауру деген малдарды ұрлап әкетіп, сойып жеп тірі қалғандар көп болған).

Қазақ үшін желдей ескен жылқы малын жою, жаяу тақырға отырумен бірдей, елді үлкен үрей, қорқыныш биледі. 1925 жылы қанқұйлы ұрда-жық, тас жүрек, қанішер И. Голощекинді орталық арнайы даярлап, қазаққа жаса-

лып жатқан қиянатты барынша қатал жалғастыру үшін Қазақстанға бірінші басшы етіп жіберді. Күні үшін арын да, барын да, қанын да сататын «Шолақ белсенді» аталған өзіміздің іштен шыққан, сатқын – өз жауларымыз арқылы алааяқ Голощекин қай өңірде қанша мал, қанша дәулетті адам, хан ұрпағы, ел сыйлар адамдар бар екенін оңай біліп, сол қызыл белсенділер арқылы қазақты өзіне-өзін жазалатты. Біріне-бірін куә болдырып атқызды, сатқызды. Дәулеттілер жинаған бар малды жойып, аш-жалаңаш халықты тек өз аузына қаратқысы келді.

Халықтың сиынатын ата тірегі, Алла-құдайға сену, әруақтың атымен рух-күш жинап, қиындықтан шығар жол іздеп, дінге сену, ата-дәстүр атымен өшіп, мен «таза коммунистпен» дегендердің жүрегін ұлттық намыс емес, эзәзіл (арақ) жайлап, аз уақытта-ақ қазақ жерін тексіздік, дінсіздік, тілсіздік, ділсіздік басып, халық тап сол тұста моральдық және материалдық тұрғыдан азғындап кетті.

Таяқ тастам, дәл іргемізде отырған малы-жаны аралас, қойы қоралас Қырғызстан жерінде бұл зобалаңның бірі де болған жоқ. Қайта бірер қазақтар қырғызға барып аман қалды. Қыздарын беріп күн кешті. Өзбектерге жалданып, өзбек аталып кеткендері қаншама?

Шындығында, қазақ жеріндегі мамыражай күн кешіп жатқан халықтың сол кездегі тірегі – бай-манаптары болатын. Олар ел саясатын жүргізіп, өз елінің мәртебесі мен келешегіне көп нәрсе жасап кеткенін тарих ұмытпақ емес.

Сөзіміз дәлелді болу үшін бір ғана мысал келтірейік. Сол аласапыран кезінде Жетісуды жайлаған, көзі ашық шет елдермен де байланыста болған Қали Ордабайұлы 1927 жылы «халық жауы» аталып, Астраханьға жер аударылып «жұмбақ» өліммен қаза болған. «Дәу Қали» аталған ол Жетісудағы жеті арыстың бірі, Ресейдің саудагерлерін мойындатқан аса ірі кәсіпкер-меценат Іле өзенінің сол жақ беті Қараойда жарты миллиондай қазақтың қисары қойын өсіріп, жүздеген ауыл, халқы көп қалалардың өзін асырап отырған. Алматы қаласындағы алғашқы ағаш үйді салдырған да осы Қали бай екен. Қали атамыздың сауда керуендері Орта Азия, Сібір, Қытай, Қоянды, Қарқара жәрмеңкесі, Жібек жолы сауда қалаларын түгел аралайды екен. Алматыдағы Горький саябағында ағаш отырғызып, ортасына ел демалар, құс қондырар көл жасап, қаладағы алғашқы жалғыз мешітті, бала оқытар медресені де өз қаржысына салған. Салдырған мешіті бүгінгі орталық мешіттің қасында әлі тұр. Қали атамыз Мәскеу, Петерборда балалар оқытып, тәрбиелеген. Айта берсе, елі ол кісінің еңбегі ұшан-теңіз екенін әлі күнге айтады.

Халықты ашаршылыққа ұрындырмас үшін Қытайға ауған байларды кері қайтаруға жол іздеген. Қали байдың түпкі ой-байламы биліктегілерге ұнаған жоқ. Сондықтан да Қалиды елге қаралап көрсетіп, «қызыл белсенділер» қолымен одан құтылудың жолын іздейді. Мұны Қали Ордабайұлы анық сезіп, өзіне ниеттес Варшава университетінде оқыған, орыс гимназиясы Қытай кон-

сулында, Қазақстандағы жоғарғы әскери кеңесте жауапты қызмет атқаратын саясаткер, Шығыс-Жәстек болысының тумасы, Шапырашты руының озық ойлыларының бірі – Қанай Боранбайұлына жасырын барып, «Бауырым халқымыздың басына қаралы күн туғалы тұр, бұлардың ойы тым бұзық, тым әріде жатыр» деп мұңын айтыпты.

Қанай мен Қали бірігіп, қазақ елінің келешегі жолында күрескенімен армандары жүзеге аспай қалған. Шет тілін білетін, өте білімді ұлт зиялыларының бірі – Қанай Боранбайұлы да Голощекинге іс-әрекетінің Қазақ халқына қасірет боларын ашық айтқандардың бірі болғандықтан 1938 жылы «халық жауы» атанып, Магаданға жер аударылып, ақыры сонда атылып кеткен.

Иә, елінің қамқоры, озық ойлы Қали бай мен Қанай Боранбайұлының «Кеңес үкіметі қазақты аштыққа итеріп, жоюды әу баста-ақ жоспарлаған» деген ойын мына бір ғана құжат-фактімен растауға болады.

«... 1930 жылы ауданда (Жамбыл облысының Шу ауданы туралы дерек) 65 бай және кулак сотталды. Олардың ішінде 40 отбасынан 71 (жетпіс бір) жылқы, 11 (он бір) түйе, 4 (төрт) сиыр, 64 қой, 12 киіз үй, 4 (төрт) кірпіш үй, 1930 жылы аудан колхоздарынан екі тісті соқа – 168, бір тісті соқа – 463, тырма – 351, мақта сеялкасы – 4, астық сеялкасы – 6 тәркіленді. 1930 жылдары көрші елдерге Шу ауданы тұрғындарының 60 пайызы аштықтан қашқан». (Козыбаев М.К., Казахстан на рубежье веков, размышления и поиски. Книга вторая, А., 2000, стр. 125)

Соқасына дейін «бай» деп тәркілеп алған 40 отбасындағы мал саны осы ғана. Бұл бүгінгінің орта шаруасы. Демек, сол кезде Голощекин аштыққа даяр, тақыр кедейлерді ғана қалдыруының өзі, көп нәрсеге айғақ екені айтпаса да түсінікті.

Тағы бір деректе: «Уже в 1930-1931 гг. в районе наблюдается признаки голода» - деп жазған. (Каз. правда, 1992 г., № 202, стр. 127) Бұл деректегі түйін: Қазақстанға ашаршылық ресми деректерде айтылып жүргендей 1932-1933 жылдары емес, 1930 жылы-ақ келген. Еліміздегі аштық 1934 жылдары ғана аяқталғанын айтар, көргендер де көп.

Иә, айта берсе, оқи берсең, дерек іздесең Қазақстанда болған ашаршылықтың әлі коп зерделеуді қажет етер көлеңкесі жетерлік.

Өкініштісі сол, осы нәубеттен «қаралы» болғандарды ақталды дегенімізбен, әлі күнге дейін нақты аттары ақталып, ел үшін жасаған ұрпақ ұлттық патриотизмді оятар ұлағат еңбектері, ел алдында ұлықталмапты.

Мүмкін сондықтан шығар, сол асыра-жоспарлы сілтеумен «Халық жауы» болғандардың өздері ғана емес, олардың ұл-қыздары да, әлі күнге өз тектерін жасырып, көлеңкеде күн кешіп келеді. Біз жоғарыда өкінішпен еске алып отырған, бір туар арда азамат Қали Ордабайұлының Гүлжаһан Қалиқызы атты бір қызы, өз аты-жөнін «Гүлжиһан Галиевна» деп өзгертіп, елімізде алғаш «Каз. Реставрация» мекемесін ашып, Қожа Ахмет Яссауи, Айша Бибі, Қарахан, Жошыхан мазарларын жойылудан сақтап, өнерді өсіру

үшін «Гүлдер» ансамблін ұйымдастырып, Алматы эстрада студиясын ашып, алғашқы қазақ циркін өмірге әкелген қайраткер.

Рас, қазақ халқының бұрын тарихта болмаған, ең үлкен нәубет қырғыны – ашаршылық туралы кейінгі ұрпақ тым аз біледі. Сондықтан, 31 мамырды біз «Қазақстандағы ашаршылық пен саяси-қуғын құрбандарын еске алу, аза тұту күні» деп белгілеп, кешенді іс-шараларды тұрақты жүргізгеніміз қазақтың жаңа тарихына лайықты іс.

**Автордан.** Жапар Сатылғанов ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы Шу-Мойынқұм өңірлерінде болған ашаршылық зардаптарын зерделеп жүрген Қазақстандағы танымал тарихшылардың бірі. Елдің басына төнген нәубет жайында өткір мақалалары мен пайымдаулары баспасөз беттерінде жарияланып тұрады.

### **Журналист Нұрлытай Үркімбаев аштықтың дәмін татқан Айдынбай қария жайында әңгімелейді Нар болмысқа иманы көрік беріп...**

- Ел ішінде өз дара тұлғалары болады. Бағамдап қарасаңыз, ондай жандардың өмірбаяндық беттері өзі өмір сүрген дәуірлерінің айнасы десе жарасарлық. Құдды бір қоғамдағы бұлтарыс-қалтарысы мол иірімдер сол адамның тұтас ғұмырына шырматыла байланып, бірлесе өріліп кеткендей. Сондай жандардың бірі өз кезінде Мойынқұм, Шу, Пішпек, Әулиеата аймақтарына аты мәшһүр болған Иманбекұлы Айдынбай ақсақал еді.

Ол кісінің небір ерліктері мен елге тұлға боларлықтай толып жатқан адамгершілік іс-әрекеттері туралы әңгімелерге бала кезден қанық боп өскенбіз. Осынау құмды өңір тарихына бойлағысы келген жанның Айдынбай болмысына соқпай өтуі жартыкеш әсерлерге жетелейтіндей көрінеді бізге. Социализм кезінде «Коминтерн» деген атқа ие болған бұл совхозды жалпы жұрт, бейресми түрде «Айдакеңнің ауылы» деп атап кеткеніне еш таң қалмайтын едік. Сексенінші жылдардың басында республикалық «Лениншіл жас» газетінде жұмыс істеп жүрген кезім болатын. «Айдынбай атамен журналист ретінде арнайы әңгімелесіп, шежіре көкіректен сыр суыртпақтар сәт келген сияқты», - деген тоқтаммен бір күні ол кісінің қара шаңырағын бетке алған едім. Содан бұрынырақта ол кісінің дос-құрдастары Садырқұл, Дігәрбек, Әділбай және басқа да шежіре жандарға жолығып, Айдынбай ата жайлы хикаяларға әбден қайта бір қанығып, қойын дәптеріме қажетті мәліметтерді түртіп алғанмын.

- Әһ-әһ, пә-ә-әлі, - дейді ол кісі кеңкілдей күліп, - балам-ау, әңгіменің бәрін естіп апсың ғой. Енді маған айтар не қалды?

- Осы оқиғалардың шыны менен жалғанын өз әңгімеңіз арқылы айырып алсам деген тілек қой менікі!

- Құрдастарымның өзіңе айтып берген әлгі әңгімелерінің бәрі де шындық, - деді ол кісі өткен күндеріне сәл-пәл шегініс жасағандай боп.



Сонымен сыр сандықтың кілті ашылды да кетті. Ашылғанда, ол кісі баз біреулер сияқты өз-өзін мақтап, күмпілдей жөнелген жоқ. Бар болғаны әлгі оқиғаларға қысқа ғана тоқталып өтті. Жасөспірім кезінде-ақ көкпар тартқан сәттерінде дәу серкешіңіздің өзін тақымына бір басса бітті, дүйім жұртқа дес берместен жалғыз өзі алып шығатын болған. Алғаш он сегіз жасында, Байұзақ деген байдың асында бір рулы елдің бетке ұстар палуанының жауырынын жер иіскеткен Айдекең содан көз тиіп, ауырып, бір жылдай төсек тартқан екен. Тек, Қосайқожа деген емші келіп, жеке үй тіктіріп, сал боп қалған жігітке аят, дұғаларды оқи отырып, тамыр шөптермен емдеген көрінеді. Жаратушының бұйрығымен, 23-24 жасында шаршы топқа қайта шыққан жас палуан содан былай ешқашан жеңілу дегенді білмесе керек. Ат үстінде, «қалы кілемдерде» болған белдесулерді түгел санамалап шығудың өзі оңай шаруа емес шығар. Салма көкпар, тана көкпарыңыздың нешемесі ол кісінің тақымынан өтті десеңізші!?

Дүйім елдің риза көңілмен жырдай етіп айтатын тағы бір әңгімесі: Айдекең өзінің бұла күшін осындай жиын-тойлардың қызықшылықтарында ғана емес, ала көңіл, арам ниетті дұшпандарға қарсы текетірестерде де оңтайымен пайдалана білген екен. Ол кісі ел тонап, мал ұрлап жүрген қарақшылардың тіпті тұтас тобы кезіге қалса да, басқа қаруларына қол созбастан бір ғана тобылғы сапты, алты өрім дырау қамшысымен сабалап жүріп-ақ жалғыз өзі әлгілерді шетінен ат бауырына түсіріп отырған көрінеді. Осылайша Иманбекұлы ауылдастары мен аймақтастарын Қазан төңкерісіне дейінгі «Мекалай» заманында да, көздеріне шел біткен небір әпербақандардан тиісінше қорғап отырған екен. Сондықтан болар, Айдынбай аты естілсе бітті, ел ішінің небір тентегі мен телісі көп сөзге келместен, тиыла қалысатын деседі.

Жата-жастана тындаған әңгімелерімізден ұққанымыз – ол кісінің ең бір бақытты кезеңдері Қазан төңкерісі, яғни Кеңес үкіметі орнағанға дейін өтіп кеткен сияқты. Өз сөзіне қарағанда, қызылдар билікке келгенге дейін Айдекеңнің ат жалын тартып мінген, нағыз қылшылдаған жігіт шағы екен. Көкірегі қаттаулы шежіредей қарияның тереңнен толғап әңгіме шертуі үшін жан-жағынан қаумалай, кейде әдейі жақауратқан сұрақтар қойып отырдық.

- Ата, сіз мақтаған қоғамды «әділетсіз болған еді», ал сіз қасиеттерін айтып тауыса алмай отырған бай-манаптарды «кедей халықты аяусыз езіп-жаншыған» деп жазып жатыр ғой біздің кітаптар?!...

- Пә-ә-лі, балам! Ол жазушыларыңды кінәламаймын. Олардың ішіндегі сол заманның шет-пұшпағын көріп қалғандары іштей біледі, бай-манаптардың иманды болғандарын. Бірақ «айтқызбасы-айтқызбас» боп отыр да! Шын жағдай түбірімен басқа болатын. Ана кәзитіңе жаза алмассың, дегенмен өзің сияқты бірлі-жарымың болса да, шындықты ұғып алғандарың жөн болар. Е-е-ей, дүние-ай, несін айтайын. Небір асылдар шейіт кетті ғой, шіркін, айдау менен асудан... Ол кездің би-болыстары, бай-бағландары мейірімді боп келетін. Кәзір айтсаң, ертегідей естілер. Менің әкем орта шаруалы жан

болған. Бауырларым Көлбай, Түкібай, Құтыбай, інім Төлеген де, мен де шалқып бай боп көрмеппіз. Кісі қолына да қараған емеспіз. «Өткен байлығын аңсап отыр» дейтіндей емес, кәдімгі қазақы ауылдың қатардағы шаруасы едік. Ендеше, сөзіме сенгін, қалқам... Ол кісілер байлықтарын біреуден тартып алған жоқ. Алланың бұйыртуымен, ата-бабаларынан қалған дәулеттерін еңбекқорлығымен жалғастыра алғандарында ғой бар мәселе! Бейшараларды осынысы үшін-ақ жазғырды-ау.

Көз алдына келтіре баяндайын, балам. Ол кезде аталас кісілер бір ауыл боп отыратын. Оның себебі, күнін көре алмаған кедей ағайындар: «малшың, жылқышың, тым болмаса үй шаруасындағы қызметшің болайын», деп бай туыстарын өздері-ақ келіп сағалаушы еді. Содан бай ағайынның, демек ауыл егесінің шаңырағынан қонақ үзілмейтін. «Қонақтың сыбағасы, жолаушының нәсібесі» деп, қайта-қайта қазан көтеріліп жатушы еді. Үлкен отау тола ас-су, береке. Оның бәрін байдың бала-шағасы қайдан тауыссын?! Бүкіл ауыл боп сол үйдің қазанынан ас ішетін. Сұрағандарына «сауынға» деп мал беретіндері де көптұғын. Содан әйелінің қолы ұсынықты шаңырақ жаздай құрт-майын айырып алушы еді. Малшы ағайындарына еңбекақысын мал басымен төлеп отыратұғын ауыл егелері. Шаруаға ебі барлары сол төлем малдан-ақ өзінің шағын дәулетін құрап ала қоюшы еді, түге. Бақуатты сол бай-манаптарыңыз өз малдарын шығарып, бас құрай алмай жүрген кедей ағайындарды «Алла ризасы үшін» деп, үйлендіріп, отау етіп жататын.

Ауыл егесі, бай ағайын білімді молдаларды шақыртып, арнайы үй тігіп, қыс келсе, қыстауының бір бөлмесін босатып беріп, көшпелі болса да медресе ашып, ауылдың бар баласының «тілін сындыртатын». «Оқимын» деп талпынғандары болса, одан әрі тереңірек оқытатын еді. Ондай істен қаржыларын аямайтын. Демек, о замандағы кісілер бір Алладан қатты қаймыққандықтан, кісінің обалына қалудан қорқушы еді. «Орынсыз ұрып-соқты, тамақ бермей аш қатырды, жыртық үйге тұрғызды» дегендеріңіз, жәй әшейін қызыл үкіметтің жазғызып отырған сандырағы ғой. Ол жазушыларыңыз сөзге ұста, жазудың шебері-ақ шығар. Бірақ, «тоқпақ мықты болса, киіз қазық жерге кіреді» деген сөз бар, балам. Сол айтқандай, «бай-манапты, молданы жаманда!» - деп, мылтығын кезеніп, жоғарыдан дігірлеп тұрса, қайтеді енді құбыжық етіп көрсетпегенде. Осының бәрін біле тұра өзіндей балаларға айтпай кетсем, күнә болмай ма маған?!

Шынымды айтсам, Кеңес үкіметінің қаһарына барынша мініп тұрған сол дәуірінде, Айдынбай атадан жан шырқыратарлық шындықты осыншалықты түйдек-түйдек күйінде есту дегеніңіз мен сияқты «советтік» журналист үшін айтып жеткізгісіз олжа болатын. «Өзің өмір сүріп отырған қоғамың жайлы өзгеше ой тую, болып жатқан оқиғаларға шындық көзімен қарай білу» атты менің бойымдағы бұлқынысты қасиеттердің Айдынбай атаның осынау әңгімелерінен кейін одан әрі күшейе түскенін қалайша жасырайын! Дей тұрғанмен, сол сексенінші жылдардың басында, республикалық «Қазақ

әдебиеті» газетінде жарық көрген «Айдынбай» атты деректі әңгімемде бүгінгі баяндалып отырған жағдаяттардың ешқайсысының да айтылмағаны, әрине, өз-өзінен түсінікті болса керек.

Айдынбай атаның әңгімесі одан әрі жалғасып жатты. Қазан төңкерісіне дейін төрт арыс Көкірек елін басқарған Қорабай атты болыс болған екен. Айдекеңмен шөбере ағайын болса керек. Ол кісі «сегіз старшын» елді басқарған деседі. Содан бір күні қызыл комиссарлар әскерімен келіп, малын тәркілеп, үй-орманымен жер аударатынға айналған кезде Қорабай болыс: «Туған жерімнен еш жаққа кетпеймін», - деп қашып барып, Хантауының баурайын паналаған екен. Сондай қиын-қыстау кездерде, ол кісінің жанында үнемі Айдынбай палуан болған көрінеді. Олар қызыл қуғыншылардың аяғы жете алмайтындай жерге бой жасырып, ашық аспан астында қыстап шығады.

- Ол кездің сексеуілді алқабы «ит тұмсығы өтпейтін» ну орман болатын. Егер ішіне аттылы кісі кіре алса, төбесі көрінбес еді. Қары да қалың түсетін, жүдә. Дерев қарды нығыздай ұрғылап отырып, қардан жертөле жасадым. Іші біршама жылы. Үстімізде сең-сең, қалың ішіктер. Құдай сақтап, аяздардан аман қалдық, әйтеуір. Сенімді жігіттер азығымызды жеткізіп тұрады. Өзім де ұзап кетпестен аң аулаймын. Өзім аспаз, өзім қарауыл, өзім күтушісімін... Аяз сынып, суықтың беті сәл-пәл қайтайын дегеннен-ақ құлшылықтарымызды одан әрі күшейтіп, намаздарымызды өтеп, дұғаларымызды еселей түсуге тырысатынбыз. Болыстың тамағын ыстықтай беріп, дәрет суын жылытып қоямын. Қар жастанып, мұз төсеніп, қуғында жүрсе де қолынан келгенінше мінәжаттарын үзбеге тырысқан, аса иманды кісі еді. Қатарласа тұрып, қар күркенің аузында намазымызды оқитынбыз.

Сонда жарықтық болысекең намздан кейін қос алақанын жайып, бір Аллаға егіліп мұңын айтып, ұзақ дұға етуші еді. «Елімді кәпір басты. Құтқара гөр!» - деп жалбарынатын сақалын жас жуа. Мінәжаттарын тәмамдаған соң, өзі отырған биіктен сона-а-ау төменде жатқан туған еліне қарап отырып: «Жетісу жерім, қалды-ау, елім, не болар енді көрген күнің», - деп, өлеңдете егілуші еді жарықтық. Өзі қашқын боп жүрсе де елінің тағдырын қабырғасы қайыса ойлаумен болатын. Ә-ә-ә, ол кісілердің бітім-болмыстары, тұрқы тым бөлек еді ғой. «Менің жайым не болмақ?» дегенді де ойлайтын. Бірақ елінің ендігі күнін, болашағын жаны күйзеле уайымдаушы еді.

Әңгімесінің осы тұсына келгенде Айдынбай ата өзі де аңғармастан, көкірегін кере, терең бір күрсініп алған болатын. Тоқсаныңызға қол созып, шөккен нардай боп отырған осынау алып тұлғаның күңіренгенінің өзі сай-сүйегіңізді сырқыратарлықтй еді. Құдды бір Қорабай болыс тектес халық перзенттерінің сонау алмағайып замандардағы бүкіл шеккен қасіреттерін кейінгілерге өз күйініші арқылы осылайша жеткізбекке әрекет еткендей-ау! Күндердің бір күнінде болыс:

- Айдынбай бауырым, саған Құдай риза, мен – риза. Мынау Түлкібас жағында біраз үй Көкіректер бар ғой. Мені сол жаққа жеткізіп сал. «Мен»

деп, осыншама отқа-суға түскенің де жетер. Қайтып кел де үкіметке беріл. Мені жамандай бер. «Амалсыздан жүрдім қасында» де. Сен әлі жассың. Көреп қызығың алдында, - деген екен. Айдекең ондай ұсынысқа көнбепті.

Екеулеп Түлкібастың қарлы тауларына жеткеннен кейін, қанша тұрғаны белгісіз, сол өңірде Қорабай болыс ауырып, қайтыс болған екен. 1929 жылы Қорабай болысты жер қойнына тапсырып, Айдекең кері қайтады. Бірақ жергілікті үкіметке мойын ұсынбай, тағы біраз уақыт өзін саяқ ұстаса керек. Қашанғы жүрсін?! Бір күндері «өз еркімен берілуге» келген палуан жігітті жергілікті билік бірден абақтыға жапқан екен. Кеңестік билік бірер жылдан кейін бостандыққа шыққан Иманбекұлы Айдынбайды 1936-1938 жылдары сайлауға дауыс беруден шеттетіп тастаған көрінеді. Содан, шағымын айтып, губерниялық сотқа үш күн кіре алмай, төртінші күні ғана тиісті адаммен жүздесуге мүрсат алып, сайлауға қатысу құқына қайта ие болып, еліне қайтқан екен. Екінші дүниежүзілік соғыстағы жорықтарын Бессарабияда аяқтап, елге оралған соң қызу еңбекке қайта араласқан көрінеді.

Айдынбай ата мен ол кісінің тұтастары Кеңес үкіметінің «аузынан» қыпқызыл от пен қара жалын бүркіп тұрған кездерінің өзінде жасырып намаздарын оқып, сездірмей садақаларын таратып, байқатпай оразаларын ұстағандарын «ұзын құлақтан» естіп жататынбыз. Әрі мектепте оқып жүрген жылдарымызда өзіміздің де шет жағалатып байқағанымыз тағы бар. Ал, Айдынбай атаны арнайы іздеп барған сол сапарымда ол кісінің бес мезгіл намазын қаза етпестен, ашық түрде оқып отырғанын көргенмін. Шамасы жергілікті Кеңес өкілдері: «Қартайған адам ғой. Енді айналасына қайбір әсері болар дейсің. Ашық оқыса, оқи берсін», - деген тоқтамға келсе керек. Бұрынғыдай, ешкім «пәлен, түген» деп, мазасын алмайтынға айналған екен.

Ауыл-аймақтың үлкенді-кішілі отырыстарында, дастарқан басында ол кісі негізінен қасиетті Құрандағы мүбәрак қиссаларды аса бір шешендікпен баяндап отырушы еді. Исламдағы мінез-құлық мәселесіне де біраз тоқталатын. Бірақ, одан әріге тереңдеп бармайтын. «Барғызбасы-барғызбас, айтқызбасы-айтқызбас» болғаны да! Әңгімесінің біраз бөлігі ел ішіндегі шежірелерге де арналушы еді. Шежіре болғанда да жай ғана ата-текті тарқату емес. Берісі сол Мойынқұм, Әулиеата аймағының, әрісі дүйім алты алаштың басынан өткерген тарихи оқиғаларын үзік-үзік күйде баяндаушы еді. Оның сыртында Шу-Мойынқұм өңірін өз өнерлерімен тамсантаып өткен Сауытбек, Жиёмбет, Жиынбай, Орақбай, Дәмеғәй, Танағоз, Бектас, Бердіқұл сияқты талантты қаншама ақын, жыраулардың шығармаларын жатқа соғатын еді, десеңізші! «Тоқсанға иек артқан шағында не қылған парасатты қабілет, тозбас ақыл-ой, иманды болмыс еді!» - деп күні бүгінге дейін қайран қалам.

- Ата, белдескен кісілеріңіздің сізден басым түскендері болды ма? – деген сауалыма:

- Күшаман бабамызға ат шаптырып, ас беріп, сонда Бесбай деген кісімен ат үстінде білек сынасқан ем. Қамшымды екі бүктеп, тістерімнің арасына

басқанмын. Сонда әлгі кісі қолымды қоя бере сап, аузымдағы қамшымды тартып-ақ қалғаны... Сөйтіп екі күрек тісімнен айрылғанмын. Ал, былайша басқа ешкімнен жеңіліп көрген емеспін, - деген еді Айдекең.

«Қош!» - делік. Сонымен, Айдынбай ата – жауырыны жер иіскеп көрмеген палуан, өз өңіріне тұрақты жеңімпаз ретінде аса белгілі болған жан. Сонда осы бір палуан болмысты, қарапайым еңбек адамының қадір-қасиеті қай қылығынан туындады екен?! Сөйтсек, Айдынбай Иманбекұлы ең әуелі айналасына биік парасатымен, терең адамгершілік қасиеттерімен сыйлы болған кісі екен. Мынандай бір қылығын жұрт көбірек айтушы еді. Егер екі кісі дауласып қалып, істің әділ шешімін іздеп, Айдынбай атаға жүгінер болса, ол кісі сол екі адамның қайсысының ісі ақ болса, соған болысады екен. Қазан төңкерісіне, яғни социалистік, дінсіз қоғамға дейін Қорабай болыс сияқты бакуатты кісілердің көшпелі медреселерінде Шариғи білім жинақтаған Айдынбай Иманбекұлы – сол бір иманды ортада қалыптасқан өмірлік ұстанымдарын өзінің тұтас ғұмырында қолынан келгенінше әлсіретпеуге әрекет еткен жан. Түлкі заманның алмағайып кезеңдерінде басына түскен сан қилы машақаттардан құтылмақты ойлап, бәлкім, пендешілік базбір қадамдарға барған кезі болған да шығар. Алайда, қалыбын өзгертпеген. Кеңес үкіметінің толып жатқан жазалау саясаттарын өзгелерден гөрі өз басынан көбірек өткеріп, түрмеге жабылып, сайлаудан шеттетіліп, небір ауыр жұмыстарға мәжбүрлі түрде жегілген Айдекең ешқашан жүрегін қатайтпаған көрінеді. «Кектенсе, атеистік қоғамды орнатқан жандайшаптарға кектенген болар. Бірақ қарапайым халыққа, замандастарына қайырымды еді,» - десетін айналасы.

### **Еңбек ардагері Бибосынов Жұмабектің әкесінен естіген әңгімелері Қасірет пен қайғы әкелген жылдар**

- 1931 жылдың қыркүйек айы. Арқадан ауған жұрт оңтүстік аймақтарға көбіне Мойынқұм даласы арқылы өтетін. Сол кезде кейіннен Мойынқұм ауданының орталығы болған Фурмановка селосында тұрдық. Селоға жақын жерден Іле Алатауынан бастау алатын Шу өзені ағады. «Өзен жағаласаң өзегің талмайды» демекші, ашаршылық келердің алдында ғана ауыл адамдары өзенді жағалай тоған қазып, сонда дән егіп, өздеріне жетерліктей астық жинап алған болатын. Қарттарымыз бар, қатын-қалаш, бала-шағаларымыз бар шағын шаруашылыққа бірігіп, егін салып, тәркілеуден қалған азын-аулық малымызбен күн көріп отырдық, - деді әкем өткен күндерді есіне түсіріп.

-Теріскейден шұбырған жұртта есеп жоқ. Біздің ауыл Сарыарқадан оңтүстік аймаққа қатынайтын негізгі жолдан алыс емес. Күн-түн демей аш-жалаңаш, әбден азып-тозған босқындар үйлердің есігін тоқылдатып, қайыр сұрайды. Қанша дегенмен, қонақжайлы халық емеспіз бе? Бала-шағаның аузынан жырып, тары-талқан, кептірген балықты қолдарына ұстатамыз.

Бір күні алыстағы Арқадан келе жатқан өзім қатарлас жігітпен шүйіркелесіп, сөйлесіп қалдым. Аты- Төлен екен. Ол Сарыарқаға аштықтың қалай келгені туралы маған біраз әңгіме айтып берді:

- Арқа жерінде егіншіліктен гөрі мал өсіру қолайлы болып келеді. Қазақтың кең-байтақ даласындағы мыңғырған мал Кеңес өкіметі келгеннен кейін көзімізден ғайып бола бастады. Біздің аймақта 1930 жылдан бастап жаңа өкіметтің өкілдері тәркілеуді қатты қолға алды. Арқаның әрбір қазағы бар малын, тіпті тышқак лағына дейін ортаға салып, жаңадан құрылған колхоздарға өткізді. Олар малын, дүние-мүлкін өз еріктерімен берген жоқ. Кеңестік билік уәкілдері күштеп тартып алып, өздерін колхозға мүше болуға мәжбүрледі.

Бірақ біздің ауылдағы колхоздың орталығына жиналған мал талан-таражға түсті, ұрлап-жырлаудан колхоздың малы бірнеше айдың ішінде жоқ болып кетті. Малдан айырылған ауыл аштыққа ұшырай бастады. Енді не істеу керек, қалай күнімізді көреміз деп, елдің басы қатты. Түнде ұйқыдан, күндіз күлкіден қалдық. Қайсы бірін айтайын, бұл аштық не жегізбеді? Қу жан үшін тышқан аулап, «шықпа жаным, шықпа» деп күнімізді көрдік қой. Шындығын айтсам, ауылдастардың көбі көмусіз қалды, қарға-құзгынға жем болды. Соның бәрі қарғыс атқыр Голощекиннің сойқанынан болды ғой.

Таң атса болғаны тайлы-тұяғымыз қалмай, далаға бидайдың масағын теруге барамыз. Қартаң құлақ алғы, атқұлақ сияқты жабайы өсімдіктерді жинап алып, тұзға малып, ауызға саламыз. Әйтеуір, аздап қана нәр болатындай көрінеді. Бірте-бірте масақ та, шайнауға жарайтын шөптер де тапшы бола бастады. Қайдан білейік, шөпті жеген адам баласы ісіп-кеуіп, өліп қалады екен. Қазақтың кең-байтақ даласында қаптап жүретін суыр, сарышұнақ сияқты жануарларды қақпанмен аулап, аштан өлмес үшін қорек етіп, жан сақтадық. Ол да бізді аштықтан құтқара алмады.

Біздің отбасымыздың бас көтерері – мен едім. Әкем 1928 жылы қайтыс болып кеткен. Үйде қалғанымыз – шешем, екі інім және қарындасым. Олар, ұяда жатып аузын ашқан балапан сияқты, маған не тауып әкелдің дегендей, қарайды да отырады. Күннен күнге жағдайымыз нашарлай берді.

Бір күні түн ортасында колхоздың қорасынан бір түйені ұрлап әкелдім. Енді қайтейін, қараптан қарап жүріп босқа өлеміз бе? Окімет уәкілдері бар малымызды, бала-шағамызды жылатып, колхозға біріктіреміз деп алып кеткен болатын. Олай болса, біздің де колхоздан алатын үлесіміз бар емес пе?

Содан көп кешікпей бар жүгімізді түйеге артып жолға шықтық. Алған бетіміз – Оңтүстік елі, Әулие-Атаға жету еді. Өйткені, нағашыларым сол қалада тұратын, олар тірі болса бізді қарсы алатын шығар деген үміт қана ойымызда. Түнде ғана жүреміз, ал күндіз көзге түспейтін тасалау жерді тауып алып, сонда жатамыз. Біздің көшіп бара жатқанымызды жалған белсенділер біліп қойса, колхоздан қашып бара жатырсыңдар деп қайтарады да, тіпті сотқа беруден тайынбайды.

Сөйтіп, жолға алып шыққан аз ғана талқанымыз бар, басқа ешқандай азық-түлігіміз жоқ. Тоқтаған жерімізде әрқайсымыз бір уыс талқанды аузымызға салып, сумен араластырып жеп аламыз. Екі-үш күн жүргеннен кейін қалың қамыстың арасына кіріп алып ұйықтап жатыр едік, зар жылаған жас баланың даусынан оянып кеттім. Дауыс шыққан жаққа жақындасам екі жасар бала бөлсе керек, бір жағына қисайып жатқан анасының кеудесін жұлықылап жылап отыр. Баланы жерден көтеріп алып, шешесінің бетіне үңілсем, кәдімгі мені күтіп жатқандай кірпіктерін қимылдатып көзін ашты. Ыңылдап маған бір нәрсе айтқандай болды, бірақ мен оның сөзіне түсінбедім. Басын сүйеп көтеріп едім, отыруға шамасы келмей қайтадан бір жағына қисая кетті. Баланы шешеме апардым да, қайтып келіп әлсіреп жатқан әйелге су жұтқызып едім, сәлден соң тілге келгендей болды. Бірден баласын іздей бастады, маған тесіле қарап әлсіреген үнмен «балам қайда?» деп сұрады. «Балаңыз аман, уайымдамаңыз» дедім. Біраз есін жиған соң, әруақтай болған жүдеу әйелді сүйемелдеп орнынан тұрғызып, қамыс ішінде отырған отбасымның жанына алып келдім. Баласын көріп әйелдің жанары жайнап сала берді:

- Сіздерге Алланың ризашылығын берсін, мені де, баламды да бір ажалдан құтқарып қалдыңыздар, – деп жылап жіберді. Біразға дейін өксігін баса алмай отырды. Талқанды суға шылап, аз-аздан беріп отырдық. Аты-жөнін сұрастырдық. Аты – Жәмила екен. Осынша жүдегеніне қарамастан, қасы-көзі қиылған қаса сұлулығы көрініп-ақ тұр. Сөйтсе, бізге жақын көршілес ауылдан болып шықты. Күйеуін 1930 жылы малын тәркілеу кезінде қарсылық көрсеткені үшін «халықты сорған байсың» деп, айдап әкетіпті. Содан қайда кеткені белгісіз, ешқандай хабар болмаған. Аштық басталғанда, бас-аяғы бір айдың ішінде аштықпен бірге індет ауруы келіп, әйелдің үйіндегі жандардың бәрі бір түннің ішінде қырылып қалған. Аман қалғаны осы әйел мен баласы ғана екен.

Күн бата әйелді баласымен, 5 жастағы қарындасымды түйеге мінгізіп алып, тағы да жолға шықтық. Екі інімнің бірі 10 жаста, ал екіншісі 12 жаста бізбен бірге жаяу жүріп отырды. Олар қарындастары Айгүл мен қамыстың арасынан тауып алған сәбиді аяды ма, әйтеуір, түйеге мінуден бас тартты. Басымызға түскен ауыртпалықтар інілерімді де аз уақыттың ішінде есейтіп жіберген сияқты көрінді.

Таң ата Балқаш көліне жақындағанда бір ауылға табан тіредік. Ауыл деген аты болмаса, тірі пенде көзге түспеді. Ауылдың кіреберісінде өліп жатқан адамдарды көріп, төбе шашымыз тік тұрды. Бір өліктің үстіне қарға шығып алыпты, адамның көзін шұқылап жатқанын көріп, балалардың бетін жаптықта, өзіміз дәтіміз шыдамай теріс қарадық. Мұндайда сұмдық болады екен-ау!

Жәмиланың айтуынша, 1931 жылдың жазында ауданнан өкімет уәкілдері келіпті. Ауылға мемлекетке ет өткізу жоспарын белгілеп қойған екен. Тәркілеуден қалған әр үйдегі бір-екі қой-ешкіні де тартып алып, сонымен бірге колхоздың бар ұсақ малын сойғызып, тау-тау қылып үйгізіп тастайды.

Аудан алыс болғандықтан, олар етті ат-арба, түйемен тасып тауыса алмаған. Көп кешікпей, үйіліп жатқан ет саси бастайды. Аш жұртқа сасыған етті де бергізбейді. Ақырында, ауданнан милиция келіп колхоз бастығын, ферма меңгерушісін және үш малшыны алып кетеді. Кейін олардың бәрін соттап, аттырып тастапты. Сасыған малдың етін ашыққан елдің тамағына да қимай көміп тастаған. Өкіметтің адамдары кеткен соң, көмілген етті қазып алып, біраз уақыт қорек еттік. Аш адамда ақыл да болмайды екен. Сонымен, бүкіл ауыл адамдары сасыған өлексенің етін жеп, індет ауруына ұшырады, көбі үйлерінен шыға алмай, айналдырған он-он бес күннің ішінде қырылып қалды. Біздің отбасымыздан екеуіміз ғана тірі қалдық, әлі де көретін жарығымыз бар шығар – деп Жәмила кемсеңдеп жылап жіберді...

Ол әйелді өзімізбен алып келе жатырмыз. Түйеге інілерімді, шешемді, қарындасымды және әлгі әйелді баласымен кезекпен мінгізіп, жануарды түнімен өзім жетелеп отырамын. Таң ата тоқтайтын жерге келіп, түйені шөктіріп, үстіндегі жүкті түсіріп алып бос қоямын. Қандай шыдамды жануар десеңші, қанша күн жүрсек те су да ішпеді, тіпті басқа мал сияқты опырып та оттамайды екен.

- Арқадан жолға шыққанымызға бір айға жуықтап қалды, міне, енді Мойынқұмдағы сіздің ауылға да жеттік-ау, әйтеуір! – деп Төлен менің бетіме жылы шыраймен қарап, үнсіз бірдеме бересің бе дегендей болды. Сөйтіп, оған кептірілген балық, құмның арасынан аулаған қоян етін беріп, қимай қоштасып жолға шығарып салдым.

- Енді Мойынқұм жеріндегі елді аштықтың қалай жалмағанын айта кетейін, - деді Жұмабек. - Ашаршылық жылдары біздің өңірдің кейбір ауылдарында бірде-бір адам қалмай қырылып қалды. Бұрын-соңды болмаған қасіретті ашаршылықтың зардаптары мен сойқан сорақылықтары біздің де басымыздан өтті, қазір ойласам қаным басыма шабады.

«Бір үй аш болса, бір ауыл ашығады, бір ауыл ашықса, бүкіл ел ашығады» деп айтып кеткен екен бұрынғы ата-бабаларымыз. Сол сияқты 1932 жылдың күзіне қарай Мойынқұм өңірін де аштық жайлай бастады. Аштықтан әбден әлсіреген шал-кемпір, жас балалар үйден шыға алмай өліп жатты. Ауылдастардың біразы жан ұшырып басы ауған жаққа қаңғып кетті. Көбі жолда қырылып қалды, тірі қалғандары діттеген жеріне жете алмай азып-тозып ауылға қайтып келді. Босып кеткендер бірінің бетін бірі топырақпен жабуға да шамалары келмепті. Қазақстанды басқаруға Голощекин деген келіп, тыныш қана жатқан елді тоз-тоз қылып, бар малын зорлықпен тартып алып, аштан қатырды. Бұл қазақтарға қолдан жасалған зұлымдық емес пе? Ана салық, мына салықты салып, елді қайыршылыққа ұшыратты. Тіпті, егін салмаған жұртта астық бола ма, «қайдан тапсаң да, тап» деп астық салығын өткізуді зорлықпен елден қатаң талап етті. Ауылдағы қораларды тінтіп жүретін шолақ белсенділердің көздеріне қандай мал түспесін алды-артына қарамай айдап әкететін. Ауыл адамдарының үрейі ұшып, ертең белсенділер



келіп айдап әкетеді деп, кейбіреу сауып отырған жалғыз сиырын да сойып та-стады. Ашыққан адамдарда ар-ұят деген болмайды екен, түтіні шығып жатқан ауылдастарының үйінің есігін талқандап, терезесін қиратып кіріп, үй иелерін ұрып-соғып, тамақтарын жеп кететіндер де көбейді.

Осының бәрін өз көзіммен көрдім, қазір ойласам жаным қатты қиналады. Торғайды садақпен атып, сарышұнақтың ініне су құйып ұстап, етін қайнатып жедік. Ауылда ит те қалмады, бірінің итін бірі сойып жеп, адамдар адамгершілік деген қасиеттерден айырылды. Аштық не жегізбеді, бұрынды-соңды мұндай сұмдық болды ма екен? Бұған кінәлі тек Голощекин емес, сол кездегі Кеңес өкіметінің сұрқия саясаты екені кейін анықталды ғой.

Мойынқұмдағы қалың сексеуілдің ішінде қоян, қырғауыл, борсық көп болады. Сол кезде отбасымды аштықтан аман алып қалу үшін сымтұзақ пен қақпан құрып, қоян, қырғауыл ауладым. Борсық қақпанға түспейді, оның інін тереңдете қазып, інінен шыға берген кезде тұмсықтан ұрып қана соғып алуға болады. Ертеден-ақ қазақтар борсық етінің де, майының да емдік қасиетін жақсы білген. Ал енді елді аштық пен індет жайлаған кезде бұл таптырмайтын дәрі-дәрмек әрі тағам болды.

Ауылдың шетінде тұратын Жұбаныш деген кісі жас балаларын ұйге та-стап, өзі тамақ іздеп кеткен екен, көп ұзамай-ақ ауылдың сыртындағы қираған үйдің жанында өліп қалыпты. Осының алдында ғана әлгі кісінің ашыққан әйеліне індет ауруы жабысып, қайтыс болғанын көршілері айтып жүрді. Үйде қалған екі бала да жантәсілім етіпті. Аштықтан әлсіреп келе жатқан адам жығылса болғаны, өздігінен тұра алмай, сол жығылған жерінде қалатын көрінеді, мұндай сұмдықты да көзімізбен көрдік.

Үйдегі азық-түлік қорына қосымша тамақ болсын деп, қоян аулауға шығып тұрамын. Қоян мен қырғауылдар көп болатын қалың сексеуілге үлкен жолмен біраз жүріп барып жетуге болатын. Бір күні құрып қойған қақпанға не түсті екен деп, үлкен жолмен кетіп бара жатыр едім, жолдың екі жағында сұлап жатқан адамдарды көріп денем түршігіп кетті, көбінің жаны жоқ, иістеніп кетіпті. Жандарына жақындап келіп байқасам, кейбіреулері өлмеген, бірақ сөйлеуге шамалары жоқ, орындарынан тұра алмайды. Көбі құлаған жерлерінде жан тәсілім еткені көрініп тұр. Талай бірге жүріп, бірге өскен құрдастарым да, ауылдағы басқа таныстарым да жолдың шетінде сұлап жа-тыр. Не істерімді білмей, тағы да бес-алты қадам жасап, алға қарай жылжи бергенімде жол үстінде көлденең жатқан адам дыбыс шығарғандай болды. Тоқтай қалып бетіне үңілсем, бір жылдай бірге оқыған жолдасым Төреқұл екен. Дереу басын көтеріп үйден торсыққа құйып алған суымды аузына то-сып, екі-үш рет жұтқыздым. Дорбамдағы талқаннан бір уыс бердім. Сәл есін жиып, әлденіп алғаннан кейін үйден қалай шығып кеткені туралы айта баста-ды.

- Үйде кемпір-шалмен, балаларым отыр, бірнеше күннен бері нәр татқан жоқпыз. Әйелім бұдан он шақты күн бұрын Шудағы төркініне кеткен еді,

одан әлі хабар жоқ. Жолға шықсам әйелімнен бір хабар болып қалатын шығар деп сандалғаным ғой. Міне, өзің көріп тұрсың, қалжырап жолда сұлап жатқанымды. Сол жақтағы туыстарының жағдайы жақсы болса, біз сонда көшіп барсақ па деп едік. Ал өзің қайда тартып барасың, босып бара жатқаннан саумысың?

- Осыдан үш-төрт күн бұрын сексеуіл қалың өскен жерге қақпан және тұзақ құрып кетіп едім, бұйыртса қоян немесе қырғауыл сияқты аң-құстар түсіп қалған шығар. Кешке дейін қайтып келемін, сен қазір әлің барда үйіне жетіп ал. Қайтарда қолыма түскен нәсіптен беріп кетемін, – деп Төрекұлға уәде бердім.

Ол қуанып кетті де, сәлден соң жылап жіберді. Оны үйіне қарай жолға салып жібердім де, өзім күн түске таяғанда сексеуілге әрең жеттім. Қақпанға бір қоян, ал тұзаққа бір-бірден қоян мен қырғауыл түскенін көріп қуанып қалдым. Мұндай олжа болады деп ойлаған жоқ едім. Аздап демалып, үйден алып шыққан талқанды суға шылап әлденіп алдым да, қақпан мен сымтұзақты тұрған жерімнен алыстау жерге апарып қайта құрып тастадым. Содан соң ауылға қарай бет алдым. Күн бата шаршап-шалдығып ауылдың шетіне де іліктім-ау! Ендігі ойым тезірек Төрекұлдың үйіне барып, аш отырған әкесі мен шешесіне, балаларына қоян мен қырғауылды беріп кету еді. Келсем қарттар орындарынан тұра алмай, тірі әруақтай болып үнсіз жатыр екен. Балалар үйдің бұрышында көздері жәутеңдеп, маған қарай береді. Төрекұлға алып келген олжамды беріп, үйге қайттым...

Көп ұзамай бұл жасы келген қариялар аштыққа шыдай алмай қайтыс болды. Бір айдан соң Төрекұлдың әйелі келіп, оның туыстары Шуға көшіріп әкетті. Сөйтіп, оның отбасы ағайын-туыстарының арқасында аштықтың азабынан осылай құтылған екен. Үш жылдан кейін олар туған жері Мойынқұмға аман-есен қайта оралды.

Үйге келе жатып, жол бойында өліп жатқан адамдардың сұлбасы көз алдымда елестеді де тұрды. Шынында, жол бойында өліп жатқандар көмусіз қалады ғой. Олардың беттерін топырақпен жабатын ешкім де табыла қоймас. Мүмкін, өкімет уәкілдері ауру, індет ел арасына тарап кетпес үшін өліктерді жиыстырып, бір жерге апарып көметін болар деп ойлаймын.

Айта берсем, зұлмат жылдардағы көрген азаптар таусылмайды. Қайсыбір халықтың болмасын бастарынан талай қиындықтар өтті ғой. Ал біздің еліміздегідей аштықтан миллиондап қырылған халық жер бетінде болмаған шығар. Сол ашаршылықтан біздің отбасымыз да өлместің күнін көріп «шықпа жаным, шықпа» деп аман құтылды.

Менің ендігі арманым – бүкіл елдің, бала-шағамның, немере-шөберелерімнің амандығы, халқымыздың бірлігі, рухани байлығы және денсаулығы. Жастарымыз имандылық пен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, біз сияқты қайғы-қасіретті көрмей, өмірлерін бақытты өткізсе екен деп, бір Алладан тілеп отырамын.

Осындай әңгімелерді әкем көп айта бермейтін, тек мен сұраған кезде ғана есіне түсіргісі келмегендей, қинала айтып беруші еді, – деді Жұмабек.

## **Болат Шажалиевтің әкесі мен Әжікен әжеден естіген әңгімелері Бәрі көз алдымнан кетпейді**

Ол кезде біз мектеп қабырғасында оқитынбыз. Бірде біздің үйге ешкім күтпеген беймезгіл қонақтың келе қалмасы бар ма. Әкем марқұм құдды бір көптен көрмеген туысы келгендей құрақ ұшып, құшақ жая қарсы алды. Ет асылып, дастарқан жайылған соң екеуі ұзақ-сонар әңгімеге кірісіп кетті. Кенет беймезгіл қонақ әкеме:

- Қалай, бауырым, Түлкібастың балалар үйін ұмытқан жоқсың ба? – деді.

- Ол бір естен кетпейтін қиын кезең еді ғой. Қалай ұмытайын. Кейде есіме түссе аза бойым қаза болады. Қаншама жас қыршын кетті, - деп әкем мұңайып қалды.

Әкемнің аузынан шыққан әлгі бір сөзден кейін қатты ойланып қалдым. Балалар үйі несі? Бұл кісінің әкесі, бауырлары болды емес пе деп ойладым. Келесі күні қонақ кетісімен әкеме:

- Кешегі кісінің айтқан балалар үйі несі? Сіз сонда тәрбиеленіп пе едіңіз? – деген сөзімнен кейін әкем тағы да ойланып қалды.

- Балам, ол бір ұзақ-сонар әңгіме ғой. Сонау отызыншы жылдардың басында біздің Қазақстанда көз көріп, құлақ естімеген аштық болған. Осы өзіміз тұрып жатқан Мойынқұм аймағынан талай адамдар аштан қырылды. Аштан өлмес үшін осы маңайдағы жас балалардың барлығын Түлкібастың балалар үйіне апарып орналастырған. Мені де сонда алып кетті. Ондағы көрген күнімізді ешкімнің басына бермесін. Кешегі келген Ахмет деген кісі екеуміз етіміздің тірлігінің арқасында ғана жан сақтап қалдық. Мүмкін, туған жерге оралмас па едім. Менің ағам, сенің атаң Шажалы осы Мойынқұмнан Түлкібасқа дейін жаяу-жалпылап барып, мені балалар үйінен алып қайтты. Шіркін, бауырдың аты бауыр ғой. Бірде көлікке мініп, енді бірде жаяу жүріп елге қарай беттедік. Шаршаған кезімде ағам арқасына мінгізіп алады. Міне, балам, біз кезінде сондай заманды да көргенбіз, - деп әңгімесін қысқа қайырды.

Иә, әкемнің осы әңгімесінен кейін ғана мен Қазақстанда 30-жылдары үлкен ашаршылықтың болғанын естіп-білдім. Бірақ ол жөнінде ешқашанда баспасөз бетінен оқыған емес едім.

Бірде ауылда 80-нен асқан Әжікен Ноғаева деген әжемен кездесу болды. Сол кезде абзал ана сол бір жылдарды көзіне жас ала отырып еске алған болатын.

- Өздерің өмір сүріп жатқан «Хантау» қой совхозының негізі сонау 1929 жылдары қаланған болатын. Ең алғаш «Ұзынтоғай» колхозы болып ұйымдасты. Шаруашылықта 60 шақты уақ малдың басы құралды. Ел-

жұрттың еңсесі енді ғана көтеріліп келе жатқан кезде Голощекиннің «Кіші Қазан революциясының» науқаны басталып, қазақ даласын қайғы тұманы басты. Шолақ белсенділердің кесірінен қисапсыз қателер жіберіліп, «шаш ал десе, бас алатын» күн туды. Қолдағы бар малды тартып алып, тігерге тұяқ қалдырмады. Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан алады. Әрине, мұның бәрі мал баққан қазақ халқының ашаршылыққа ұшырауына әкеп соқты. Енді-енді ірге көтеріп келе жатқан «Ұзынтоғай» колхозының тұрғындары тоз-тоз болып тарап кетті. Көпшілігі аштан қырылды. Кеудесінде жаны барлар Қырғызстанға қарай бет түзеді. Дегенмен, тірі адам тіршілігін жасайды ғой. Елде сәл ғана жағдай түзеле бастаған кезде тірі қалғандары туған ауылымызға қайта оралды. Колхоз құрылысына кірісіп, шаруашылық жұмысын жандандыра бастады. Біздің колхозға «Фурманов» колхозынан 8 бас өгіз сатып алынды. Мемлекет тарапынан 3 жылқы берілді.

Иә, саусақпен санарлықтай малдан басталған шаруашылықта бүгінде 30 мыңнан аса қой, көптеген ірі қара малы бар. Осының барлығы да біздің ата-бабамыздың ащы терімен жиналған. Бүгінде Әжікен әженің әңгімесін еске ала отырып, халқымыздың соншалықты момын болғанына таңғаламын. Қайран қазекем, қолындағы соңғы тұяғын тартып алып кетсе де, үн шығармаған ғой. Сонда ел басында отырған басшылар не ойлады екен десеңізші! Қолындағы бар малын тартып алып кеткеннен кейін қарапайым халықтың аштан қырыларын сезбеді дейсің бе! Әрине, сезді де, жақсы білді. Осы қисыннан алғанда осы аштықты қолдан жасалған қастандық демеуге қақың жоқ.

**«Ақбақай» алтын өндіру кәсіпорының директоры  
Төлеухан Оспанбековтың естелігі  
Геолог Дубек Дүйсенбековтың тағдыры**

- Дубек дүниеге келген кезде, 1927 жылы Кеңес өкіметінің кезекті бір саяси науқаны басталып кетті. Байлардың мал-мүлкі тәркіленді. 1930 жылдың күзіне қарай өкіметтің шолақ белсенділері мал біткеннің бәрін ортаға жинап, колхозға өткізді. Ғасырлар бойы малмен жаны бір қазақтар сол жылдан бастап тізесін құшақтап, қандай кәсіппен айналысарын білмей дағдарысқа ұшырады. Жазда жинаған аздаған азық-түлікті, тіпті құрт-майға дейін түк қалдырмай зорлықпен тартып алды. Тәркілеу қазақ елінде өте қатал әрі қатыгездікпен жүргізілді. Өйткені, бұл науқанды Қазақстанның сол кездегі бірінші басшысы, орыс патшасының тұқым-тұяғынан түк қалдырмай, бесіктегі баласына дейін арнаулы тапсырмамен құпия түрде қырып салған Голощекин атқарды. Кеңес өкіметінің билігі қан құмар қызыл комиссардың қолымен қазақтарды қырып тастап, жеріне мәңгілік қожа болғысы келді. Жаңа өкімет осы мақсатын жүзеге асыру үшін қазақтардың орта дәулетті шаруаларына дейін байларға қосақтап тәркіледі, содан үлкен бір ұлт бір-ақ күнде тігерге тұяғы жоқ кедейге

айналды. Малдан бөтен кәсібі жоқ, тірлігінің негізгі көзі мал болғандықтан, төрт түлігінен тегіс айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырады. Қызыл коммунистер оқ атпай-ақ, бомба тастамай-ақ іргелі ұлтты өз үйі, өлең төсегінде қынадай қырып салды.

Халық өкіметтен күдерін үзіп, үйлеріндегі кілем, текемет және әйелдердің әшекейлі бұйымдарын орыс селоларына апарып, аштыққа шыдай алмай қымбат затын бір шелек картопқа берген күн болды. Орыстардың былтырғы қар астында қалған астықтарын қазып, көгеріп кеткен дәнді қуырып жеп, алқымы ісіп өлгендер де көп болды. Жол үстінде жатқан өліктерге ешкім қарамайтын еді...

Дубек осындай тарихи қиын кезеңде туып, өмірдің құқайын бір кісідей көрді. Әкесі Дүйсенбек бай болды. Кезінде болыстыққа сайланды. Құдайдың берген бақ-дәулеті мен елді халықтың қалауы бойынша билеп, ел-жұртына қамқор болғаны үшін жаңа үкіметтің алдында айыпкер саналды. Түрмеге қамалды, жер аударылды. Ақырында өкпе ауруына шалдығып, 1932 жылы дүниеден озды. Ал анасы байдың әйелі болғаны үшін көп қиянат көрді. Бай отбасының мүшесі болғандықтан, оны кедейлер ұжымы маңына жолатпады. Өздігінен күн көрерліктей қолында ештеңе болмады. Шиеттей үш жетімегін жетелеп жүріп, жесір келіншек «шықпа жаным, шықпа» деп өлместің күнін көреді. Алыс-жақын атқамінер ағайындарының көмегімен колхозға мүше болып кірді. Дәулетті отбасында оскен әлжуаз әйел колхоздың азапты жұмысын көтере алмай, ақырында сырқатқа шалдығады. Сөйтіп, жас Дубектің анасы ұжымшар жұмысынан қол үзбей көз жұмған екен.

Сонымен Дубек жеті жасында аңырап анасынан да айырылады. Бір әулеттен қалған үш тұл жетімді ағайындары бөлісіп алады. Аштық келіп, жоқшылық жайлаған жерде жетімді кім жебей қоймақ?! Көрінгеннің есігінде жүріп, Дубек өлімнен өзге тірліктің талайын басынан өткерді. Үлкен әпкесі тұрмыс құрып, өз алдына түгін түтеткен кезеңнен бастап көңілдің тоңы жібіп, көздің жасы тыйыла бастайды. Жездесінің көмегімен аудан орталығындағы мектеп-интернатқа орналасады. Ол жерде де Дубектің шекесі шылқи қойған жоқ. Күніне жүз грамм арпаның нанын жеп, қатықсыз қара көже ішіп, әйтеуір өлместей қорек алып жүрді. Жоқшылық пен тапшылықтан әбден титықтағанымен оған елден де, ағайыннан да қайыр болмады. Аштықтың ар жақ, бер жағында күн көргенімен, өкіметтің қарауында болғанына шүкіршілік етті.

Қат-қабат қиындықтың қыспағында жүріп, Дубек пісіп-қатып, ерте есейді. Сергек те сезімтал, алғыр, еңбекқор әрі табанды болып өсті. Бір құдайдан өзге сүйенері де, сенері де болмаған соң, өзін-өзі ылғи қамшылап жүріп, жан-жақты жетілген азамат болып қалыптасу үшін күресті. Үкілі үмітке көлденең келген күштің бәрімен табандап тіресті. Сөйтіп, мектепті бітіре салысымен Талдықорған қаласында емтихан тапсырып, Мәскеу мемлекеттік

технологиялық университетіне оқуға түседі. Бұл оқу орны жатақхана бермейді, пәтер жалдауға қорғансыз қу жетімнің шамасы жетпейді. Соның салдарынан Дубек оқуын тастап, елге оралады. Алматыдан арқа сүйер ағайын табады. Сол азаматтың көмегімен Қазақтың кен-металлургия институтының геологиялық кен барлау факультетін бітіріп шығады.

Дубек Кеңгір бойындағы кен іздеушілер тобына келіп қосылғанда кемел шағына жеткен болатын. Жасы қырықтың ішіне енді еніп, қынынан суырған қылыштай қылшылдап тұрған. Ақыл-парасаты кемеліне келіп, күш-қуаты толып, таным-түсінігі, өмірлік тәжірибесі жағынан ілгері озып, кісілік пен азаматтықтың биік мінберіне көтерілген кезі еді. Көргені көп, түйгені мол кәнігі кенші, білгір геолог саналатын. Өйткені, ол алуан түрлі кен іздеу партияларына еріп, қазақ жерінің ұңғыл-шұңғылына дейін аралап шықты. Геологиялық барлау кәсібінің майын ішкен мамандардың талайымен дәмдес, істес болды, сырласып, сыйласып жүрді. Көре, біле, түйе жүріп, кен іздеу кәсібін өз тәжірибесі арқылы жаңа қырынан тануға тырысты. Геология ғылымына теориялық тұрғыдан жаңалық енгізбегенімен, кен іздеу, барлау жұмыстарының білгір мамандарының зердесіне ілікпей жүрген геологияның кейбір қыр-сырына үңіле бастады. Сондықтан Дубекке өз әріптестерінің кәсіби жұмыстарының көбіне сын көзбен қарады. Геологиялық барлау жұмысының бұрыннан қалыптасқан тәсілдерін айналып өтіп, кен іздеудің жаңаша, тосын ешкім күтпеген әдістерін іздестірді. Сырт көзге қораштау көрінетін мұндай әрекет әкімшілік тарапынан қолдау таппады. Ондай оқшау еңбегінің құмға құйған судай із-түссіз жоғалып, зая кеткен кездері де болды. Қанша жерден кедергіге кезігіп, кейбіреулердің күлкі-мазағына ұшыраса да, Дубектің беті қайтпады. Сонау нәубет жылдары ашаршылықтың, жетімдіктің азабын әбден тартқан, тумысынан қайсар азаматтың жігері жасымады, тас шапса да майырылмайтын шын болаттай асылдығын байқатты.

Дубек Кеңгірге келген бетте кен іздеудің басқаша бір әдіс-тәсілін ойластыра бастады. Әуелі өз әріптестерінің іздеу-барлау жұмысындағы қалт жіберіп, қапы қалған тұстарын анықтап алды. Ақырында кен іздеушілер тобының жетекші мамандары Дубектің кейбір ұсыныстарымен келісті. 1969 жылы Дубек Дүйсенбеков Мойынқұм өңіріндегі қоры мол алтын кен орнын ашып, жергілікті жердің атауымен «Ақбақай кен орны» деп, атын өзі қойды.

Сол қасірет жылдары халқымыз басынан кешірген жан түршігерлік нәубет тек бір ғана отбасында болған жоқ. Сонда қанша жасөспірім балалар қыршынынан қиылды, қанша ар-намыс қорланды, қанша шаңырақ ортасына түсті?! Солардың арасынан Дубек ағамыз сияқты қаншама талантты, дарынды жастар шығар еді. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін Кеңестік биліктің зәрінен қорқып, сол зұлмат жылдардың зұлымдықтарын айта алмай, бітеу жара жанымызды жегідей жеп, бүгінге дейін жүре бердік-ау!

## Дерек көздері

Кеңес билігі 1930 жылы Мойынқұм ауданында елдің малын, дүние-мүліктерін колхозға алумен қатар астық дайындау науқанын да қоса жүргізгені жөнінде Тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қойгелдиев мынадай мәліметтер келтіреді:

«Бұрынғы Мойынқұм ауданы бойынша:

1. Жоспар бойынша өңірден 50000 пұт астық жиналуға тиіс еді.

2. Ауданның қосымша алған жоспары – 80000 пұт

3. 15.12.30 ж. орындалуы – 85000 пұт

Сектор бойынша орындалуы:

1. Колхоздардан – 7120 пұт

2. Жеке қожалықтардан – 64577 пұт

3. Бай мен кулақтардан – 133,03 пұт

Барлығы: 85.000

**Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты: 8-қор, 1-том, 39-іс, 16-17 пп.**

**(Постановление бюро райкома ВКП (б) по реализации хлопка  
Мойынқумского района, лл. 13-15).**

## САРЫСУ АУДАНЫ

1928 жылы 3 қыркүйекте Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» қаулысы шықты. Осы қаулыға сәйкес Сарысу ауданы құрылды. Сол кезде бұл аудан Қызылқұм, Созақ, Шу аудандарымен бірге Сырдария округінің құрамында болған еді.

1929-1930 жылдардағы ірі байларды тәркілеу науқаны орта шаруаларға да, кедейлерге де орасан зор зардабын тигізді. Ғасырлар бойы мал өсірумен айналысқан көшпелі халықтың малын тартып алып, колхозға біріктіру салдарынан Сарысу ауданының халқы да алапат қырғынға ұшырады.

Сол жылдары Сарыарқаның төрінен оңтүстікке бет алып, жолда өлгендері өліп, тірі қалғандары арып-ашып, өзектері талып жеткен адамдарға Қаратау бойындағы шұрайлы жерлерде, өзендер мен көлдердің жағалауында отырған, бұрыннан егіншілікпен айналысып келе жатқан жергілікті тұрғындар қолдан келген комектерін аяған жоқ. Бұл жақтың халқы да Кеңестік биліктің зорлық-зомбылығынан құтыла алмаған. Десек те, мал шаруашылығымен бірге диқаншылық кәсіпті серік еткен Оңтүстік өлкенің қазақтары малдан айырылса да, кейбір пысықтау ағайындар егін салу дәстүрінен қол үзбеді. Алыстан жаяу-жалпылап босқан ел Қаратауға жеткеннен кейін, олардың жаңа жерге орнығып үй-жай салып алуларына, отырықшылық тіршілікке бейімделіп жермен айналасуына жергілікті тұрғындардың қамқорлық жасағаны туралы әңгімені сол заманның куәгерлері болған қарттардың естеліктерінде анық айтылады.

Ашаршылық жылдарында Сарысу өңірінде ашыққан халыққа қолдан келген көмегін аямаған, елдің қамқоршысы болған азаматар да болған екен. Солардың бірі – Досбол Көркембайұлы XIX ғасырдың ортасында дүниеге келіп, 1938-1939 жылдар шамасында ұзақ жасап, қайтыс болады. Ол нәубет жылдары Тоғызкент, Шағалалы, Кіші Көкдала, Үлкен Көкдала аймақтарында, сонымен қатар Талас өзенінің солтүстік-батыс жағалауында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына егін салуға көмектесіп ерекше қамқорлық көрсеткен. Досбол қазақтардың арасында бидай, тары, арпа егіп, егіншілік кәсіпті шебер меңгерген алғашқылардың бірі болған екен. Досбол туралы М. Ш. Иманқұлов, Б. М. Ропот, В. М. Боровский деген авторлардың «Талас өңірін суландыру» атты кітабында кеңінен аталып өтеді.

Қазірге кезде Сарысу өңірінде ауылдық аймақ әкімшіліктерінің бірі – Досбол ауылы. Бұл ауылдық округке Досбол есімін берген – халық. Халықтың санасында ашаршылық жылдарында ел-жұрттың қамын ойлаған, қолынан келгенше көмегін берген Досбол сияқты азаматтардың есімі ешқашан ұмытылмайды, олардың ізгілікті істері ұрпақтан ұрпаққа жалғаса беретіні анық.



## Сарысу ауданындағы Кемелбек пен Қаппарбек қариялардың тағдыры жөнінде және «Ала мысық» оқиғасы туралы журналист Балзия Баешова әңгімелейді

### Бақыты ұрланған балалық шақ

- Кемелбек Шәменов ақсақал Сарысу ауданының орталығы Жаңатас қаласында тұрады. Алапат аштықты да, жойқын соғысты да басынан кешірген қария күрсіне жүріп, иығына шапанын іліп тысқа шықты. Тұнжырап тұрған аспанға қарап, түннің жаңбырлы болатынын бағдарлады. Бұлтты күндері сырқырап ауыратын сол қолын екінші қолымен қапсыра ұстап, терең ойға шомды. Қарт өткен уақыттарын осы күндері жиі есіне алады екен. Арта қалған ауыр күндердің кезеңдері оның айнымас серігіне айналған. Бірақ жасы тоқсаннан асқан қарттың көз алдынан кино ленталарындай өте бастаған өмір-тарихының кейбір парақтары көмескілене бастағандай. Ұмытшақтық – қарттық пен бірнеше жылдық сырқаттың салдары екені айдан анық. Өткен күндері есіне түскен сайын қарияның шекесі сырқырап кететінді де шығарған. Бірақ сұрапыл соғыс пен алапат аштықтың тауқыметін тартқан қария үшін бұл сырқырау түк те емес-ау.

... Иә, барлығы да сол бақыты ұрланған балалық шақтан басталды емес пе?! Бақыты ұрланбай не, егер ата-анасынан айырылып, жетіге жетпей жетім атанса. Аштықтан ішерге дәмді ас, киерге жібі түзу киімі болмаса. Бауырына қысып, маңдайдан сипар бауыр болмаса. Аумалы-төкпелі қиын кезең мектептен де шектеп, тек бесіншіге дейін ғана білім алады.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Сарысу өңірінен Кеңестік биліктің зорлық-зомбылығын көрген, малдан, дүние-мүліктен жұрдай болған, бірақ әлі де болса күш-қуаты барлар аштықтан құтылудың амалын іздеп туған жерін, ата-мекенін тастап жан-жаққа босып кеткен ғой. Ал әлсіздері өз үйлерінен шыға алмай бала-шағасымен, әулет-көшетімен қырылған. Тарихи деректерге көз салсақ, 1931-1932 жылдардың қақаған қысында Сарысу аймағында аштықтан, суықтан көп адам опат болған. Олардың мәйіттерін бір жерге жинап, көктемге дейін қармен жауып тастайды екен. Өйткені, тоң болып қатып қалған жерді қазуға аштықтан бұралып жүрген адамдардың қауқары жетпеген...

Тек Сарысуда ғана емес, бүкіл қазақ елінде ашаршылық шегіне жетіп халық қырылып жатқан кезде 1932 жылы 28 қазанда «Казахстанская правда» газеті былай деп жазыпты: «Голощекин жолдас жетекшілік еткен өлкелік партия комитетінің басшылығы арқасында қазақ ауылын социалистік жолмен қайта құруда қол жеткен ірі табыстар... орасан зор тарихи мәні бар факт болып табылады».

В. Михайлов. «Ұлы» жұттың жазбалары, Алматы, 1992, 214 бет.

Қазақстанда болып жатқан жағдайдың шындығын жазбай, аштықтан тоз-тоз болып босып кеткен, мыңдап өліп жатқан қазақ халқының тағдырына биліктің қиянат жасағаны осы деректен-ақ анық көрініп тұр емес пе? Әсіресе, балалардың жағдайы өте ауыр болды. Ауылдарда ашыққан жетімдер он мыңдап өліп жатты...

Сонымен әке-шешеден тұл қалған Кемелбек бала Өзбекстанды бетке алып, Сарысудан жылжыған босқындармен бірге шекара асады. Әлі кәмелетке де толмаған жас бала өзі сияқты панасыз қалған жасөспірімдермен көше кезіп, күнделікті тамағын әзер тауып жеп жүреді. Аш-жалаңаш жүрген бала күндіз бір үзім нан үшін базар мен адам көп шоғырланған жерлерге барып жүрсе, ал кешке қарай қираған құрылыстардың бұрышына, бұталардың түбіне қисая кетеді екен. Аштықтың дәмі онсыз да күрделі өмірін тозаққа айналдырады. Дегенмен, ерте жетіліп, өмірдің небір қиыншылықтарын басынан кешірген Кемелбек уақыт өте келе мақта жинап өлместің күнін көреді.

Сол бір қасіретті жылдарда Сарысу өңірін жайлаған алапат аштықтан кейін ел туған жеріне қайта оралмай, ұрпақ қалдырмай, із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан қаншама жандар, мезгілі жетпей қара жер құшағына мыңдаған, миллиондаған адамдар кетсе де, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы елдігін, ата-мекенін, ұрпағын сақтап қалды. Әр отбасын – шаңырағынан, тыныш қана өмір сүріп жатқан ауылды – өз тіршілігінен, адамды – жанынан айырған, тұтас бір халықты жойып жіберуге әрекет жасаған кім? Бұған бүгінде нақты жауап берілді ме? Қалай десек те, бұл сауал – сауал күйінде қала береді.

Кемелбек қария да басынан өткен ауыр күндерді есіне алған сайын осындай сауалға жауап іздегендей терең ойға шомады. Бозбалалық шаққа енді жеткенде 1941 жылы сұрапыл соғыс басталып кетеді. Майданға жасы жетіп тұрған бозбала басқа да сайдың тасындай ұлдарға ілесіп эшаланмен майданға аттанды. Новосибирскінің Томск қаласына барып, Оп өзенінің жағасында алты ай болып, Украинаға жол тартады. Алғашқыда сабын зауытын паналап, шикі собықты талғажау еткен әскерлерді қан майданға, бұрқыраған оқтың астына жібереді. Талай сарбаз кеудесін оққа тосып ерлік көрсетеді. Қарша жауған оқтың астында жаумен айқасқан Кемелбек те ерлік көрсетіп, көзге түседі, кейін марапатталады. Майдан даласында жау оғы сол қолына тиіп жараланған Кемелбек аурухана төсегіне таңылады. Екінші топ мүгедегіне айналып, соғысқа жарамсыз болып қалды.

Қырғын соғыста ауыр жарақат алған мыңдаған жауынгерлер сияқты Кемелбек те 1942 жылдың соңына қарай Өзбекстанға оралады. Денсаулығының нашарлығын мойындамаған ол елге келісімен-ақ мақта зауытына мақта қабылдаушы болып жұмысқа орналасады. Сол кезде мақта зауыты Қазақстанда болатын. Ата-мекенге оралудың орайы осылайша келе бастады. Сөйтіп, 1966 жылдың сәуірінде туған елге оралды. Үйленіп, үйлі-баранды болған Кемелбек қария бүгінде төрт баласынан жеті немере, бес шөбере сүйіп отыр. Бала күнінде татпаған бақыт дәмін кейін бірақ татты.

Дегенмен, нәубет жылдардағы азапты күндерді көрген, білген әркімнің жан сыздатар өз қайғысы, өз қасіреті бар екендігі шындық қой. Тіпті арада қанша жыл отсе де ол жонінде ауызға алып, әңгімелеу соншалықты ауыр болғандығы Кемелбек ақсақалдың терең ойға батып, үзік-үзік айтқан естелігінен анық байқалады.

Сұрапыл соғысты, талай жанды жалмаған аштықты, осыдан отыз екі жыл бұрын дүние салған өмірлік серігі Дарихамен өткізген қиын да қызық өмір белестерін осылайша жиі еске алып отырады. Әсіресе, жойқын соғыста қыршынынан қиылған майдандастары мен ашаршылықтың азабын тартқан күндері есіне түскен сайын қарттың шекесі сырқырай жөнеледі. Бірақ ол мойымайды. Бала болып ойынға қанбағанына, бозбала болып сауық құрмағанына ешбір өкінбейді, қайта сол күндер ерте егделендіріп, етін ерте тірілткенін тілге тиек етеді. **Діні қатты, тамыры терең кәрі терек, қарт абыз, көнекөз дана Кемелбек Шәменов – тірі тарих. Тарихымыз ұзақ жасай бергей.**

### **Кесіртке жеп ұзақ жасаған апам**

Сарысу халқы еңбексүйгіш, жомарт келеді. Таулы да нулы табиғатының әсері болар тұрғындары да тау суындай мөлдір, тау тасындай мықты. Қазақ халқының басына жаппай төнген ашаршылықтың өткір жалыны сарысулықтарды да есеңгіретіп тастағаны тарихтан белгілі. Аса, Талас, Сарысу сынды озендерден жан сақтап, талай жан аман қалды, сонымен қатар талай жан қыршынынан қиылып жатты. **Сол аман қалған жандардың қатарында Қаппарбек қарт та бар еді.**

Қаппарбек Мұстафаұлы – жаны жайдары, көңілі баладай таза кісі. Кездескен адамымен жылы жүздесіп, әңгіме тиегін ағыта жөнеледі. Айтары да бар, түйгені де мол. Сонау қазақтың басына қара бұлт үйірілген ауыр жылдарда дүние есігін ашқан қарияның көрген азабы да аз емес. Ашаршылықтың ызғары кете қоймаған кезеңмен балалығы тұспа-тұс келген бала Қаппарбек мектепке де 11 жасында барып, жетіншіге дейін-ақ білім алған. Ол зұлматты күндерде баланың мектепке бармауы таңсық емес. Мектеп табалдырығын аттап, білім алмағандары қаншама. Әкесі Мұстафа ұлының білім алғанын қанша қалағанымен «барғызбасы барғызбады». Анасы Мәрияның балаларын қанша тойдырғысы келсе де тойдыра алмауы да сол заманда барша қазақтың басына түскен ортақ «қасірет» болатын.

Әкесінің изолятор қой бағып, жанұясын өлген сиырдың желінімен асырағаны да жадында. Талас, Шу, Аса озендерінің бойын жағалап аң мен құсын қорек еткендердің қатарында Қаппарбектің отбасы да бар-тын.

Қаппарбек қария сол ауыр күндердегі ата-анасының қамқорлығын есіне алып:

- Әкем үкіметке жұмыс істегендіктен жарты кесе бидай алатын. Соны үйге алып келгенде шешем марқұм тоқ майды тамызып қана қазанға қуырып

бізге береді. Ой, ондай дәмді ас таңдайда тұрып қалатын. Маңдайымыздан теріміз ағып отырып жейтінбіз. Тоқ май болмаған кезде қой терісінен жасалған әкемнің тонына аз ғана бидайды шашып жіберетін. Біз жүн арасынан бит іздегендей бидайды теріп жеп жүрдік. Анамның сондағысы асқазандарын алдаусыратсын, аштықтан өліп кетпесін дегені де шығар, - деп елжірей түсті.

Өткен күндерін есіне түсірген сайын бір жымыып, бір күрсінген қарт ұзақ ойға батып үнсіз отырып қалды. Бір мезетте ойына бір нәрсе оралғандай селт етіп:

- Бір жағдай есіме түсіп отырғаны, сол ашаршылық жылдары еді. Әкемнің Мейізгүл, Қанткүл деген екі қарындастары болатын. Он сегіз, он тоғыздардағы бойжеткен қыздар. Сол екі қыз әбден тозығы жетіп, ескірген киіз үйдің ішінде отырған. Іргесі ашық тұрған киіз үйдің керегесінен бір сұр кесіртке кіріп-шығып жүреді. Екі апам аштықтан есеңгіреп теңселіп отырса керек. Қайта-қайта жандарына келе берген кесірткені апамның үлкені шап беріп ұстап, тісімен тірідей күтірлетіп шайнап, жұтып жіберген екен. Сұр кесірткенің етін бүтіндей жұтқан сол апамыз тоқсаннан асып барып дүние салды. Сол сұр кесірткені жеп ажал аузынан аман қалған апамның сіңлісі де тоқсаннан асып барып қайтты ғой. Қазақ деген халықтың қаны таза, діңгегі мықты, сондықтан көп нәрсеге шыдай алады. Менің әкем 1971 жылы, анам болса 1976 жылы дүниеден озды. Ал бауырым Мұстафаұлы Сапарбек беріде, 2003 жылы, 80 жастан асып барып, келмес сапарға кетті. Қазақ қажымас қайсарлығымен ұзақ жасайтын халық қой. Егер төтеннен келген сол зұлматты ашаршылық пен жойқын соғыс болмағанда санымыз тіптен көп болар еді-ау, - деп терең күрсінген Қаппарбек қария бүгінгі күніне шүкіршілік етті.

1957 жылдардан бастап ел етегін жиып, асқа жари бастаған. Заман түзелгеннен кейін комбинатта ағаш ұстасы, топбазада қойма меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ашаршылықтан әке-шешесінің арқасында амалдап тірі қалған Қаппарбек ақсақал бүгінде тамырын тереңге тартқан бәйтерек секілді. Құдай берген үш ұлдан он үш немере, он шөбересі бар. Зайыбы Нұржамал апамен бақытты ғұмыр кешуде. Дегенмен, бүгінгі жастардың асқа мастанбай, тірлікке жалқауланбай баруларын өтінгендей айтты.

- Жастар – біздің болашағымыз, шамшырағымыз. Олар жарқыраса, біздің де болашағымыз жарқын. Біздің көрген күніміз ешуақытта қайта оралмасын. Елімізде тек тыныштық орнасын, ас мол, дастарқанымыз әрқашан бай болсын, - деп Қаппарбек қария ақ батасын беруді ұмытпады. Әумин!

### **Ала мысық (болған оқиғаның ізімен)**

1933 жылдың қақаған қысы. Тауық жылының бұл қысы қатты-ақ болды. Ел басына төнген аштық салдарынан мыңдаған шаңырақ

иесіз қаңырап, талай тағдыр тауқыметпен тоғысып, тамырымен үзіліп жатты... Күні бүгінге дейін сарысулық қариялар «Ала мысық» туралы оқиғаны айтып отырады.

Онсыз да жыртығы мен жамауы мол киіз жапқыш әбден тозғандықтан, қарлы жел сумаңдай еніп, Күміс апаның бойын әбден қалтырата жауратты. Жасы жетпістен асқан қарт ананың күнұзаққа жанынан шықпайтын ала мысығынан өзге серігі жоқ-тын. Он бір құрсақ көтерген асыл ана бар перзентін Аллаға аманат еткелі қашан. Қызылша мен сүзектен кеткен бейкүнә сәбилерінің сұмдыққа толы өлімі безбүйректің өзін елжіретерлік оқиға болғаны оның әлі есінде. Егіз құлындары Досымайы мен Қосымайы бірінен кейін бірі – бір күнде көз жұмғанда есінен айырылған ананың қос жанарының жасы суалып, сол түні-ақ көрмей қалған еді. Табан жолын ғана зорға айыратын анаға бұл жұт жылы тозақ отынан да ауыр соқты.

Аһ, ұрып күрсінгенде кәрі көкірек қарс айырылатын. Бірнеше күн аш құрсағына ешнәрсе түспегендіктен қалтыраған тарамыс қолдары безгек тигендей дірілдейді. Әбден бозданып, ақжемденіп кеткен жанары беймәлім нүктеге қадалып, қатып қалған. Әлдеқашан семген жанарына сұрланған тұманнан басқа ешнәрсе көрінер емес. Тамыры білеуленген тарамыс саусақтарымен жан серігі ала мысықтың жон арқасынан сипап, мұңлы әнді күбірлете айтудан бір жалығар емес. Ән болса да күңіренген, саз деген аты болғанымен бейне жоқтау айтып отырғандай. Өзімен бірге қартайған ала мысық та Күміс әжейдің жанынан алыстамақ түгілі, апасының жылы қойнына кіріп алатын.

Жалғыз медеуі ала мысық болған әжейдің соңғы күндердегі алданышы мысықты қапсыра құшақтап «Досымай, Қосымай, құлындарым-ау!» деп әндету еді. Бұл ананың боздақтарын іздеп боздауы ма, әлде әбден аштық меңдегенде алжыған кейпі ме, ол жағы өзіне де беймәлім құбылыс болған шығар.

Теңселе зарлаған әже бір сәт талықсып кеткен екен, есік сықырлай ашылып, ішке етікті біреу енді. Лып етіп ананың жанына жақындаған етікті маужырап жатқан ала мысықты оның жылы қойнынан суырып алып, далаға қарғи жөнелді.

Бұл кезде ананың қырылдай шыққан ызалы үніне жауап ретінде ала мысықтың зәрлі мияулауы да қабаттасып жатты. «Қосым-ау, ұлым-ау, қайда кеттің мені жалғыз тастап, қайда...» деп күрсіне жылаған ананың аянышты даусын ешкім естімеді, естілмеді де.

Ал, ала мысық әлгі етіктінің таңғы асына тірідей айналған еді. Күміс ана ұлына балаған мысығын бірнеше күн жоқтап, орнын сипап егіле берді, егіле берді. Соңғы күні дегенде оның тынысы тарылып, бойы жеңілдей бастады. Ақтық сапарға аттанып бара жатып, «Қосым-ай, Досым-айлап» үзілді. Он бір құрсақ көтеріп, бірінің де рақатын көре алмаған ананың жетпіс жеті жасында талқаны таусылды. Оның ажалына аштық пен ала мысық қайғысы қатар келген еді...

Сол талайдың тағдырына балта шапқан аштық жылы тірідей жануар-жәндіктер ғана таңғы асқа желінбеген еді, солармен қатар адамдар да азық болған екен. Әсіресе, өз баласын бесіктен шешіп сүйегін мүжігендер, өз бауырына пышақ ала жүгіргендер де қаншама... Әбден ашыққан жандар ақыл-есінен адасып қалады деп, көпті көрген қариялардан естуші едік. Сол рас екен. Әйтпесе, осындай жан түршігетін сұмдықтар бола ма? Бәрі де ашаршылықтың кесірі. Алапат аштық болған жылдар – еліміздің тарихындағы көлеңкелі ақтаңдақ жылдардың бірі болып мәңгі есте қалары ақиқат...

## Сарыарқадан босқан ел

Бүгінде Сарысу ауданындағы көпті көрген қариялар 1928-1932 жылдары Арқадан оңтүстікке қарай Тама, Тарақты руларының үдере көшкені жайында айтып отырады екен. Солардың әңгімесіне құлақ түрсек, 1928 жылы Сарыарқадағы Ақкеңсе деген ауыл жаңадан құрылған ауданның орталығы болыпты. Осы ауданның құрамына бұрынғы бес болыс Тама, екі болыс Тарақты – барлығы 15 ауыл кірген. Кеңестік билік ауылдардағы ірі байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеп, олардың қарамағындағы ел-жұрттың үрейін ұшырады. Екі-үш жылдың ішінде халықтың басына ашаршылық апаты төніп, берекесі қашып тоз-тоз болып кеткен Тама, Тарақты және т. б. руларды жаңа билік оңтүстік өңірге күшпен жер аударған. Ел-жұрттың жол-жөнекей өздерімен алып шыққан азық-түлік қоры таусылып, жаппай қырғынға ұшырайды.

Арып-ашқан ел 1932 жылы қалың күзде Әулие-Ата өңірін бетке алып, жаяу-жалпылап жолға шығады. Арқадан қазіргі Сарысу ауданына босқан елдің жалпы саны екі жарым мыңнан аса шаңырақ болған. Олардың көбі жол-жөнекей аштықтан әлсіреп, діттеген жеріне жете алмай қырылады.

Ел ақсақалы, қарт ұстаз, өлкетанушы Жақсыбай Сүлейменовтың айтуынша, Арқадан босып келе жатқан Шоман руы ауыр жолдың азабын тартып, аштық пен індет қосылып бір сайда жаппай қырылған, елдің есінде бұл жер «Шоман қырылған» деген атпен қалған екен. Заман түзелгеннен кейін осы сайдағы тігулі тұрған киіз үйлерге, шашылған адамдардың сүйектеріне тап болған жергілікті тұрғындар зар еңіреп жылапты.

Сарыарқадан босқан Тама, Тарақты руларының Шу бойына аман жеткені 1934 жылғы санақ бойынша 4 мыңға жетер-жетпес. Шұбырған 15 мыңға жуық халықтың қалғаны Бетпақ далада аштан қырылған.

Тама және Тарақты елінің көші туралы тарихи деректер мен көпті көрген қариялардың естеліктерін негізге алып ақын Ғалым Жайлыбай «Тамакөшкен» поэмасын жазды. Ақын қазақтардың басына түскен астаң-кестең дәуірді «босқан ел, жылаған ел, шұбырған ел» деп, сол кездегі шындықты анық көрсетеді. Поэмада көрсетілген Шоман, Молдас, Әліп, Жөгі, Тарақты, Алшын, Шеркеш, Жағалбайлы – ру атаулары.

Енді ақын поэмасының мазмұнындағы Сарыарқадан ауған елдің тағдыры жайында не айтылады екен, соған зер салайық.

**Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Тамакөшкен»  
поэмасынан үзінді**

*Дүниеде алай-түлей, астаң-кестең,  
Бұл қазақ сан тағдырды бастан кешкен.  
Баяны жоқ зұмырда байыз таппай  
Астаң-кестең тірліктен қашқан, көшкен...*

*Ерлері асып талай туды Алаштан,  
Тағдырдың тайғақ жолы қуған, асқан.  
Арқадан ауа көшкен қалың Тама  
Бетке алып Қаратауды Шудан асқан.*

*Еріксіз келген кезде көш реті,  
Мынау ел қайда тартты осы беті?..  
Алыс па ең, Арқа менен Шу арасы  
Қан ішкен мың тоғыз жүз отыз екі.*

*Бұл елдің бағыланы, саңылағы,  
Арқадан ауа көшіп аңырады.  
... Солардың ізін кесіп жолға шықтым –  
-Қолда! – деп Қарабура аруағы.*

*Мынау көш  
қаралы көш,  
жаралы кош,  
Жапсарын білгің келсе, маған ілес!  
Айырылған жалғызынан ананы кеш –  
Арқадан ауа көшкен Таманы кеш!*

*Жыл өткен,  
өдан бері ғасыр өткен,  
Жылжымай көш-керуен қасіреттен.  
Батпаққа бақыт-бағы бата-бата –  
Бетпақта бабалардың басы кеткен.*

*Кеппеген көздерінің жасы, қарғам,  
Бабаңның бетпақ жөнда басы қалған.  
Шашылған сүйектерін тасып алғам –  
Арайы азаттықтың – Асыл Арман!*

*Көзімнің демесем де жасы кепті,  
Жыл өтті, содан бері ғасыр өтті.*

... Ықылас қобызының сағағындай –  
Сүгірдің күйлеріндегі қасиетті.

Нәр іздеп ала таңнан, қара кештен,  
Есінен көш-керуен тана көшкен.  
Сол жайлы не айтасың самал ескен  
Сондағы соқпақ анау Тамакөшкен.  
Тамакөшкен...

Бетбақтың белі бедерсіз,  
бедерсіз шөлге не дерсіз?..  
Талатқан тағдыр – тазыға –  
Жаратқан, қандай шеберсіз.  
Байланып жіпке көгенсіз,  
айналып қайта келерсіз.  
Таңдайға тамшы тамызбай –  
Маңдайға жазса не дерсіз?

Тіршілік бұрып арнасын,  
Тамаға басқан таңбасын.  
«Асыра сілтеу болмасын  
Аша бір тұяқ қалмасын!»

Өтсе де жылдар арада,  
тауық бер, тәңір, Тамаға.  
Толқын гой ел де торықса –  
Бас ұрып өлсе жағаға.  
Қара түн соңы қара күн!  
Сол кездің айтшы хабарын,  
...Жаратқанымға жалынып –  
Қабақтарыңа қарадым.

Иә, солай енді, қарағым,  
Жайымды ұқсаң жарадың.  
Торғайдай тозған Таманың –  
Артынан қуып барамын...

Айрылып ана ұлынан, аға достан,  
Мына қос хабар алмай ана қостан.  
Қар жауған қарашада ұбап-шұбап  
Бетке алып Қаратауды Тама босқан.



Шыңғыртып айтар болсаң,  
шының дәлел,  
Соқпаған оң жағынан бұрын да жел.  
Бетпақтың бетпақ жонын қиялады –  
Босқан ел, жылаған ел, шұбырған ел.

Мынау жұрт жаралғандай шер-құсадан,  
Не деген жаны сірі көнбіс адам.  
Ақкеңсе,  
Қаражартас,  
Қамысмола,  
Түгіскен түске ене ме енді саған?

Ей, тағдыр,  
қасарыс сен,  
қасарып қал!  
Бұл босу тірлік емес аса құптар.  
...Ошақта жылтыраған отты аңдиды  
Ауысқан ақыл-есі аш-арықтар.

Өмір бұл,  
еш пенденің өлгісі жоқ,  
Жаңғырар жадымызда шерлі сурет.  
Шұбырып үздік-создық босқан елі –  
Бетпақта бедері жоқ,  
белгісі жоқ.

Бетпақтың болған талай шеті қоныс,  
Малына жусан, көде, оты да өріс.  
Шу жақтан шұғыла іздеп шұбырады –  
Таманың тармақтары жеті болыс.

...Елсізде ессіз боран аңырасын,  
Шаршайсың, шалдығасың, шағыласың.  
...Шоманнан тараған жұрт жаяу-жалпы  
аударып дорбасынан қағып асын.

Аш құрсақ уайым барда, алаң барда,  
көзіңді шұқиды ма жаман қарға.  
Үмбетін Мұхамедтің мансұқ еткен –  
Құдайдың құдіретіне амал бар ма?

Жаратқан,  
көз ұшында қашық бел тұр,  
келтірсең осыларға нәсіп келтір!  
...сүзектен үш немере қатар құлап –  
емшегін көкке сауды Әсіп кемпір.

Пенденің қайғы-шері іште өле ме,  
Кірмейді бір жақсылық түске неге?  
...Бет сипап бесін ауа Бетпақ жонда –  
Көмусіз қала берді үш немере.

Адамзат жолықпасын шерлі күнге,  
Қозғайын бұл қайғымды енді кімге?  
Үш арман ада болды айдалада  
Үш үміт қатар сөнді желді күнде.

Тағдырға пенде біткен бас ұра ма,  
Көзінің тамбай қалған жасы ғана.  
Жалт қарап керегенің торкөзінен –  
Аттанып кете барды Әсіп ана.

Жанынан тамшыласа жан шуағы,  
Рухың жетім қалып жаншылады.  
...Аттанып кете барды Әсіп ана  
Шоманның бірге сөнді бар шырағы...

Заман құбылған,  
адам тұғырдан:  
Тайған сол күнде –  
«Шоман қырылған».

Сай ма ол  
Мола ма?  
Көз жасқа тола ма?..  
Ал сен не айтасың –  
Жүнді оба,  
Сары оба?  
Жылаған,  
Қиналған,  
Үзіліп күй қалған.  
Көмусіз ел қалған –  
тігулі үй қалған.

Тірліктің қиыны,  
Келмеген иіні –  
...Күзектің мөласы  
Бұрқының биігі.

Қастерлі, Киелі,  
Жыр елі, Күй елі.  
Шашылған осында  
Бабаңның сүйегі.  
Шудың ақ таңында,  
Жол бастар көргендер.  
Бозтөбе маңында –  
Молдастар өлген жер.

Заман құбылған,  
адам тұғырдан:  
Тайған сол күнде –  
«Шоман қырылған».

Бетпақта Мұңлы, Құлы тау аттары,  
Жазылар бара қалсаң сауапқа әлі.  
Жұқалап жұт жылынан сауал қойсам  
Қос таудың әзір ме екен жасауаптары?

Бетпақта мұнартатын  
Мұңлы,  
Құлы,  
Пендені жүрегі бар мұңды қылды.  
Тұндырып жанарымды тұма жасқа –  
Шыңғырып айтпайсың ба шындығыңды?..

Боздағым, кіріп өлген құмға басы,  
Уақыттың жоқ алдымда жылнамасы.  
Сексеуіл, баялышы, қу томары –  
Бетбақтың не көрмеген бұл даласы.

Ел еді шуақ іздеп  
Шуға аттанған,  
Тұлпардан түгі жидіп тулақ қалған.  
Шашылып Мұңлы, Құлы маңайында –  
Сүйегі талайлардың қурап қалған.

Заманның қайта айналып сұмдығы ұрды,  
Қай жасын тілгілеген түндігіңді?  
Ақыннан аңыз тыңдап аңыраймай –  
Сен бір сәт тіл қатсаңшы,  
Мұңлы, Қулы!

Қар борап қарашада, күн бүлінді.  
Сен бірақ айтпайсың-ау, шындығыңды.  
...Бауырыңда көктей солған көп Таманың –  
Көк тасы өзің шығар, Мұңлы, Қулы!

...Жер үстімен келеді,  
Қиналғандар келеді.  
Қайғы арқалап жан-жақтан  
Жиналғандар келеді.

Түйесі бар бір тобы,  
Жазықта озып келеді.  
Бір-бірінен үркеді –  
қажып,  
тозып келеді.

Бетпақ жонның бедері,  
тұнығыңды көмеді.  
Босып кеткен көп елі –  
Шұбырынды келеді.

Ұрлап сойған тоқтыңды,  
жария боп қалады.  
Көздің жасы көп күнгі  
дария боп ағады.

Мансұқ болған мақсаттар,  
жабығады, жселеді.  
Соқыр кемпір, ақсақ шал –  
бәрі-бәрі келеді.

Жолсыздықтың бұл жермен,  
гаріп жолы келеді.  
Жақындары күнде өлген –  
Әліп – Жөгі келеді.

Абызынан бата алған,  
Санатты да келеді.  
Екі болыс атанған –  
Тарақты да келеді.

Мазақ оты маздаған,  
алаң, қайғы келеді.  
Алшын,  
Шеркеш,  
аздаған –  
Жағалбайлы келеді.

Жігерлері жасыған,  
Нала қосып келеді.  
Бағы қашқан басынан  
Тама босып келеді.

Пенде кеткен ұсақтап,  
Қайдан кесір келеді?..  
Жалғыз ұлын құшақтап  
Айман жесір келеді.

Есі кеткен елес ең,  
Ел аш кілең келеді.  
...Жер үстімен демесең  
Жер астымен келеді.

Ей, Замана!  
жанына тиме жұрттың,  
Көңіліңнің күйігін күйден ұқтым.  
Қарашада тамыры қараяды –  
майжапырақ, теріскен, күйреуіктің...

Қойсаң еді жүрекке шемен екпей,  
Төменшіктеп қалғандай тобе, беткей,  
Бағдары жоқ, беті жоқ өмір осы –  
Елсіз жонда зыр қаққан ебелектей.

Айман байгүс жан еді асыл, дара,  
Парлап аққан көзінің жасын қара!  
...сәске түстен ауғанда ауру меңдеп  
Сандырақтап сөйледі Нәсір бала.

Татығаны-ай, сол күні ғалам кермек,  
Енді қандай бұл Айман амал көрмек.  
...Бір құбыжық таянды түске қарай –  
- Мына бала ауырған, Маған бер, - деп.

Болса-дағы рухың аса мықты, Аспан!  
Сонда көзіңнен жас ағыпты.  
Мынау құзғын ұлының етін жемек  
Алғаш рет көргені аш-арықты...

Қарғыс айтсақ не тынар  
шақтарға өткен,  
Қорқау осы бағыланды тартқан, кеткен...  
Азу тісі ақсиган аш-арықтан  
арашалап алыпты арттан жеткен...

Сол бір күнді атқан жоқ қарғыс әлі,  
Айман сорлы қападан қан құсады.  
...Екеуінің соңына ілесіп ап –  
Адамжегіш аш-арық аңдысады.

Ел еңіре, ал енді дала шула!  
алжасу ма бұл тірлік, адасу ма?  
Қараң-құраң шұбырып қараңғыда –  
таң бозында ілікті Қарасуға.

Тұла бойын адамның түршіктіріп,  
Сәл аялдап,  
Содан соң ыршып тұрып.  
Жалғыз ұлы Нәсірін Айман сонда  
Қарасуға батырды тұншықтырып...

Сор айнала, сор басса солай, жаным,  
Зобалаңнан көз ашпай зораймадым.  
Бір жақсылық қимаған сонда адамға –  
Заман да бір Қарасу деп ойладым.

Қырдан асып ғазауат ғасыр кеткен,  
алақұйын ішінде асыл кеткен.  
...Боздағанын естіп пе ең бозінгеннің –  
Қарасуды көрдің бе – Нәсір кеткен?

Жапалаққа айтады жар, құз әнін,  
Жел естіді Ананың таңғы зарын.  
Сөдан бері Айманның дерегі жоқ –  
Мен де жырға қоспаймын арғы жағын...

Беу, Қаратау! Көргенсің талай көшті,  
Небір аңыз бауырыңнан тарайды есті.  
Өмір іздеп өзіңе қарай көшті –  
Азап кешті бұл қазақ арай кешті...

Сен куәсі жылдардың, замандардың,  
замандардың зарына алаңдармын.  
Бар Отаудың шырағы сөнетіндей  
Қаратаудың қабағы қабарған күн...

Сен көргенсің қиынды, қиырларды,  
желді күнді, дауылды, құйындарды.  
...Тоқтап қалың керуен көш өсында –  
Соқпақтарың қанша рет шиырланды?..

Беу, Қаратау, дара тау, жыр-қайнарым,  
тіршіліктің ел енді шырқайды әнін.  
Жетегінен құтылып жетіліпті –  
Көшкен сайын бос келген бір тайлағың.

Ей, Қаратау, арлы тау, армандасым,  
сырымды ашам өзіңе бар болғасын.  
Жауын шайып шайлыққан, ғасыр сұртсін –  
Бұл қазақтың тасына тамған жасын.

Шемен қатып ішінде шерің өлген,  
Бауырыңнан байтақ ел Өмір емген.  
...Бөлісейін өзіңмен бар қайғымды –  
Көрісейін, Қаратау, сенімен мен!..

Соқпағы сорға айналып дүздің ауыр,  
Шайқаған шаңырағын күзгі дауыл.  
...Хиросима қайғысы жайлы айтасың –  
ал мынау – біздің ауыл!

Шетінен текті туған бабам асыл,  
салады сағым жылдар санада асыр.

*...Қараңдап қырдан асып ғайып болды –  
Қазақтың басындағы қара ғасыр.*

*Обаға бастап барар тастан өрген,  
Сүреңсіз сүрлеу көргем қасқа белден.  
...Заманның зар шлеткен иірімінде  
Бабамның басы қалған аштан өлген.*

*Иә, солай, шідер көрдім, көген көрдім,  
өксіген өткенімнен өлең көрдім.  
Бас алған, -шаш ал, - десе саясаты –  
Сталин, Голощекин дегендердің.*

*Сор дала,  
жолға айналмай  
сорға айналдың,  
Сор жұттым сол кезеңде  
оңбай қалдым...  
Бетпақта белгісі жоқ бейіттерге –  
Әкеме еріп барып қол жайғанмын.*

*Атылды, арып ашты, қаниша ауды адам?  
Құтылмай жарық таңда жан сауғадан...  
Қарағым, біздің тарих шерлі тарих –  
Ішінен парағының қан саулаған...*

*Танғанда заман естен адам естен,  
Сарнаған сарыбелден самал ескен...  
Жоғалған сол кітаптың жалғыз беті –  
Тама босқан немесе Тамакөшкен...*

*Қайғыңның қайрағына қайралайын,  
түнінде жұлдыз санап,  
Ай қарайын.  
Сен менің тағдырымсың – ҚАЗАҚСТАН –  
Сен менің жан-нұрымсың, айналайын!*

*Аман бол, арда туған, халқым, елім,  
жолымен мәңгіліктің тартып едің.  
Сен менің жалғызымсың – ҚАЗАҚСТАН –  
Жаратқан жар бола гөр, бар тілегім!*



## Жадыра Елеуқұлова ата-анасының естеліктері жайында әңгімелейді Сарқыт әжемнің естелігінен

- Менің Сарқыт әжемді отызыншы жылдардағы аласапыран заманда «дәу қара кемпір» деп атап кеткенін әкемнен білдім. Ол сол кездегі бір оқиғаға байланысты болған. Әжем сол қиын-қыстау кезеңде өзінің басынан өткерген ауыр күндерін немересі - біздің әкеміз Ержанға айтып кетіпті. Әкем біздің әулеттің басынан кешірген оқиғаларын кейінірек маған біле жүрсін, өткеннен сабақ алсын дегендей, құлағыма құя беретін еді, - деді Жадыра.

- 1932 жылдың қалың күзінде қара суықпен бірге ызғарлы жел адамның өңменінен өтіп кететіндей болып күнде соғып тұрған екен. Осындай суық күзде ашыққан адамдар көбейіп кеткен, оларға сан жетпейді, бір үзім нан тауып жеу үшін жан-жаққа босып кеткендері қаншама. Әрбір отбасы шамасы келгенше тіршіліктің қамын жасап, аштан өлмеудің амалдарын қарастырады. Соған қарамастан, билік тарапынан қолдан жасалған ашаршылық бүкіл қазақ жеріне жайылып, ел-жұрттың күнкөрісі күннен күнге қиындай береді.

Бұрын-соңды болмаған осындай қиындық әженің үйіне де келіп жетеді. Сарқыт әжемнің жұбайы Елеуқұл атам малдан жұрдай болғаннан кейін қарап жатпайды, ағайын-туыстары және ауылдастарымен бірге даладан аң-құс аулап, бала-шағасын ашаршылық апатынан аман алып қалуды күндіз-түні ойластырған. Тойып жейтін тамақ жоқ, әупірімдеп, үйдегі үлкен-кіші бір ешкіге қарап қалған екен. Тәркілеуден қалған жалғыз ешкі балаларына ақ болып қажетке жарап жатыпты, аштық кезінде көбейіп кеткен ұрлықтан сақтанып, ешкіні өздерімен бірге киіз үйдің ішінде ұстайды. Бір күні түн ортасында Сарқыт әжем оқыс дыбыстан оянып кетеді. Дыбыс шыққан жаққа жалт қараса ешкі байлаулы тұрған кереге жоғары көтеріліп, біреу ешкіні сыртта сүйреп барады. Әжем ұйқылы-ояу, сол түні ауылда болмаған ерлердің атын атап, айқайлап далаға атып шыққанда, ешкіні арқасына салып қашып бара жатқан ұрыны көріп қалады. Дәл сол күні ауылдағы ер азаматтардың бәрі бір күн бұрын аң-құс аулауға кетіп, далада қонып қалған. Ұры соны біліп келсе керек. Әже соңынан тұра қуып, жете сала бар күш-қуатымен ұрының белінен қапсыра құшақтап тырп еткізбейді. Қарақшы алпамсадай ірі біреу екен, тұрған орнында ары-бері жұлқынып, оңайлықпен құтыла алмасын білген соң, одан кейін айқайды естіп жинала қалған әйелдерден қаймыққан ол әжемнің айтқанына амалсыздан көніп, тынышталады. Осы сәтті пайдаланып әйелдер

ұрының аяқ-қолын байлап тастап, біраз төмпештеп алады. Ұры ертеңінде есін жиған кезде, ауылдың ер адамдары да аннан оралған екен, ол өзін айнала қоршап тұрған адамдарға қолы байлаулы жатып «түнде белімнен мықтап ұстап жібермеген дәуді көрсетіндерші» дегенде, жиылған ауыл тұрғындары Сарқыт әжемді көрсеткенде, ол сенбепті. Осы оқиғадан кейін әжемді ауылдастары «дәу қара кемпір» деп атап кетеді. Әжем адуынды, бірақ әділ, тік мінезді кісі болған. Әруағыңнан айналайын, әжем 79 жасында бұл жарық дүниеден озып, ақтық сапарға кетті.

- Әкем Ержанның есінде әжемнің тағы бір әңгімесі сақталып қалған. Соған тоқтала кетейін. Жоғарғы биліктің нұсқауымен ауылдың шолақ белсенділері әр үйді тіміскілеп, ішіп-жеп отырған тамағына дейін, қорадағы тәркілеуден жасырып қалған бір-екі уақ малын да зорлықпен тартып алып отырған. Елдің бала-шағасын шырылдатып, зар еңіретіп жылатып, ашаршылықты қолдан жасаған өкіметтен қандай үміт күтуге болады? Кеңестік биліктен күдерін үзген ауыл тұрғындарының өкіметке қарсы тұруға шамасы келмей, тек аштықтан аман қалудың жолдарын іздестіре бастайды.

Ғасырлар бойы мал өнімдерімен күн көріп келген қазақтар малдан айырылған соң жинаған азық-түлік қорлары таусылып, бірден аштыққа ұрынады. Бұған қарап жатқан билік өкілдері жоқ. Азып-тозған халық күнкөрістің қамын ойлап, тарыдай шашырап жан-жаққа қаңғырып кетеді. Баратын жеріне жете алмай жол бойында өліп қалған жандар көмусіз, ит-құсқа жем болған.

Отызыншы жылдардың басында ашаршылықтың болатынын алдынала сезген Сарысу өңіріндегі ел-жұрт қолдарындағы бар жарамды дүниемүліктерін, қымбат асыл тастарын астыққа айырбастап, Шабакты өзенінің бойындағы жартас үңгірлерге жасырған екен. Сол кезде әжемнің отбасы Сарысу ауданының орталығы болған Байқадам (қазір Саудақент) ауылында тұрады. Ауылдастарымен бірге өзеннің бойындағы бір үңгірге Сарқыт әже де азын-аулақ астығын ауылдың шолақ белсенділерінен жасырып, тығып тастайды. Астықты жасырған жер Байқадам ауылынан 15-20 шақырымдай қашықтықта жатқан. Сол астық жасырылған үңгірлерді санаулы адам ғана білген. Бір күні қажетті азықты әже үйіне әкеле жатқанда «Чтауыздың» (жердің аты) тұсында арып-ашқан үш жолаушы қарсы кездесіп, қолдарындағы қаруларымен қорқытып «тамақ беруін» талап етеді. Өмірдің талай қиыншылықтарын көрген әжем қорқып тұрғанын сездірмей, қолында аз ғана бидай бар екенін айтып, оларды өзіне жақындатпауға тырысып, алақанындағы бір уыс бидайды көрсетеді де, қас-қағым сәтте далаға қарай шашып жібереді. Егер әже олай істемесе көздері қарауытып, ашығып келе жатқан адамдар шикі бидайды әп-сәтте қылғытып жіберіп, оның өзін жазым етуі мүмкін еді. Сол сәтте ашыққан жандар шашылған бидайға тұра ұмтылып теріп жей бастағанда, Сарқыт та едәуір жерге ұзап кетеді. «Аштық не жегізбейді...» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған ғой.

## Нағашы әжем Алтынның естелігінен

- Менің анам Қамар әжесі Алтыннан естіген әңгімесін біздің құлағымызға құя беретін. Сол кездегі әжемнің айтып кеткен естелігінен кейбір мәліметтерді баяндап берейін, - деді Жадыра тағы да бір әңгіменің ұшын шығарып.

- Нағашы атам - Тұңғышбай Кіші жүз елінің тама руынан шыққан, Төлеген-Жұма батырдың тікелей ұрпағы, Абылай ханның кезінде бахадүр атанған, атамыздың түп атасы Шора батыр – ол кісі И. Грозныйдың тұсында Қазан қаласын орыс басқыншыларынан қорғаған екен.

Алтын әжем – Орта жүздегі нұрбай руынан шыққан, Шәлегей байдың қызы болған. Бұл кісі атамызға тоқал болса да, ақылы мен мінезі ағайын-туыстарына жайлы болғандықтан «Ақ бәйбіше» атанған.

Біздің ата-бабаларымыз ежелден-ақ қазіргі Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының аймағында қоныс тепкен екен. Тұңғышбай атамыз ауылдың басшысы әрі бақуатты болғандықтан ауылдастары мен ағайын-туыстарын өз қамқорлығына алып, татулыққа және бірлікке шақырып, олардың ынтымағының жарасымды болуына ерекше көңіл бөліп отырған. Ол кісінің үш әйелі, төрт ұл, бір қызы болды.

Отызыншы жылдары Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан қазақ еліне төнген ашаршылық кезінде атамыз үйдегі жарамды мүліктерін, сондай-ақ алтын-күміс тастарын, басқа да әшекейлі бұйымдарын астыққа айырбастап, азық-түлік қорын жасап, қораның астынан ұра қазып сонда сақтаған. Соның арқасында бірге туған туыстарын, немере ағайындарын аштықтың құрсауынан аман алып қалған.

Тарихтан белгілі, 1928 жылы 3 қыркүйекте жоғарғы биліктің «Қазақстанда көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарды белгілеу туралы» қаулысы шыққан болатын. Осы қаулыға сәйкес Сырдария округінің құрамына енген Сарысу ауданы құрылады. Жаңадан құрылған ауданға халықты орналастыру мақсатында 1930-1931 жылдары қораларында тігерге тұяқ қалмаған, әбден әлсіреген Жаңаарқа өңірінің ел-жұрты Кеңес өкіметінің бұйрығымен Жамбыл облысындағы аудандарға еріксіз жер аударылады. Алғашында олардың беталысы Шу өңірі болғанымен, кейін Сарысуға жібереді. Ашаршылық апаты шарықтау шегіне жетіп тұрған кезде оңтүстік өлкеге кіші жүздің шеркеш, жағалбайлы, тама, тарақты секілді рулары сонау алыстан аштықтың, жолдың азабын тартып үдере көшіп қелген. Солардың ішінде Тұңғышбай атамыздың да ағайын-туыстары қолдарында қалған бір-екі малын сойып, еттерін қақтап, жол азығын дайындап көшкен елмен бірге жолға шығады. Жол-жөнекей кептіріп алған еттерін үнемдеп, аз-аздан суға пісіріп, қылдай бөліп жеп, сорпасын ұрттап отырған. Әйтеуір, «өмір сүргім келеді, өмір сүргім...» деп өлместің күнін көреді.

Босып келе жатқан ел Бетпақ даланың жолдарынан өтіп, қырат төбелерімен жүріп отырған. Өйткені, жолмен жүру өте қауіпті, жол бойындағы сай-

салаларда ашыққан адамдар қару-жарақтарын жалаңдатып өздері секілді ашығып келе жатқан босқындарды аңдып отырады екен. Олар күндіз қанжарларын күнге шағылыстырып «алтын береміз, тамақ береміз» деп, жаяу-жалпылап қалжырап келе жатқан адамдарды өздеріне алдап шақырып, тарпа бас салатын көрінеді. Сөйтіп, мұндай алдауға түскен бейшаралар аштықтың салдарынан жартылай есі ауысқан адамдардың азығына айналған...

Бір күні жолда келе жатқанда Тұңғышбай атамның інісі Жексенбінің іші кеуіп ауырып қалады. Ол кісі өз басымен әуре болып, жанға бата-тын сырқатымен жанталасып жүргенде 3 жасар баласын жоғалтып алады. Өмірінің соңына дейін Жексенбі атамыз «жол тосып жүрген аш адамдар баламды ұрлап әкетіп, жеп қойды-ау» деп көз жасы етегіне дейін төгіліп, есіне алып отырады екен.

Тұңғышбай атамның бәйбішеден туған ұлы Мақажан әжеміз Алтынды және сол кезде 2 жасар бала - нағашы атам Баймағанбетті сонау Қарағанды жерінен Жамбыл облысындағы Сарысу ауданына жалғыз атына мінгізіп, алып келіпті.

Ұзақ та ауыр жолдың азабы мен ішіп-жейтін тамақтың жеткіліксіздігінен жасы келген Тұңғышбай атам қатты ауырып жол үстінде қайтыс болады. Мақажан әкесінің мәйітін құмға көміп, басына сексеуілден белгі қойып кетеді.

Жаңарқадан Жамбыл облысына дейін 700 шақырым жерді азып-тозып жүріп өткен мыңдаған адамдардың үштен бірі ғана тірі қалған. Жол бойы өліп жатқан адамдарға лық толып кеткен, кейбіреулерінің көздері шарасынан шығып, жақтары суалып, сөйлеуге мұршалары келмей шалажансар күйінде кеудесінен әлі жаны шықпай жатып, жүріп келе жатқан күйінде жолдың шетіне құлай берген көрінеді. Оларға қол ұшын беретін алыстан келе жатқан босқындардың шамасы қайдан болсын, тек қана әлі де күш-дәрмені бар жақындарының иесіз далада қалып бара жатқан өліктердің беттерін жабуға ғана шамасы жеткен. Қаратау бойындағы егіншілікпен айналысатын халық сонау Жаңарқадан арып-ашып келген ағайындарға қолдарындағы бар азық-түлігін беріп жақсы қарсы алған екен. Бірақ, діттеген жеріне әбден әлсіреп жеткен жандардың көбі аш өзекке тамақты көп жеп қойып, жатқан жерінде қисайып өле берген...

Сол кездегі Талдыбұлаққа, қазіргі Ақтоғай ауылына тірі жеткен туған-туысқандарын Мақажан атам орналастырып болған соң әкесінің сүйегін алып келуге құмға барады, бірақ құм көшіп жерді тегістеп жібергендіктен, мәйітін таппай жылап қайтып келеді. Сөйтіп, зұлмат жылдардың құрбаны болып Тұңғышбай атамыздың сүйегі Бетпақ далада қалыпты.

Ашаршылық жылдарында кең-байтақ қазақ даласында кімдердің сүйегі қалмаған, ит-құсқа жем болған адамдардың өліктері шашылып жатты. Ежелден келе жатқан ұшы-қиыры жоқ өлкеде жойқын ашаршылық болады деп кім ойлаған? Бірақ, елді басқарып отырған үкімет ауысса, биліктің басшылары адамгершіліктен ада болып халықтың қамын ойламайтын болса, онда бұрын-соңды болмаған мұндай сұмдықтар болады екен. Бұған қазақ халқының көзі жетті.

Алтын әжеміз небір текті әулеттерден ешкім қалмады, Мұңлы-Қулы маңайында адамдардың сүйектері шашылып, Бетпақ далада талай боздақтар көмусіз қалды деп есіне алып, өмірінің соңына дейін көңілі мұңайып айтып отырады екен. Бүкіл елімізге аштық келген кезде адамның төбе шашы тік тұратын небір сұмдық оқиғалар болған ғой. Әжемнің айтуына қарағанда, аштықтан әбден әлсіреген адамдар ақыл-есінен ауысып өз баласының, туған аналарының етін жеуге дейін барған. Ол кісінің айтқан ащы шындығы қазіргі және кейінгі ұрпақ үшін үлкен сабақ болуы керек. Қазіргі тәуелсіз еліміздің қадірін білу үшін де қажет екендігі айқын. Бұрын-соңды болмаған мұндай ашаршылық апатынан қазақ халқы тоз-тоз болып қаңғырып кетті, миллиондап қырылды. Сонда да халқымыздың рухы өшкен жоқ, қайсар, төзімді қандастарымыз қандай қиындықтарды басынан кешірсе де біртұтас халық ретінде жер бетінде сақталып қалды. Осыған, тәубе дейік!

## **Шерім қарияның өткен өмірінен баласы Мұрат сыр шертеді**

### **Қыстың суығында жетімдерге папа болған тандыр пеш**

- 1923 жылы жарық дүниенің есігін ашқан Төлегенов Шерім әкем да 30-жылдардағы ашаршылықтың азабын көрудей-ақ көріпті. Ол кісі нәубет жылдарындағы басынан кешірген оқиғаларын маған айтып отыратын. Әкемнің айтуынша, сол кезде ол кісі тоғыз жасқа жаңа ғана толған екен. Әкем алапат аштық кезінде бала болса да көрген, білгендерін есінде жақсы сақтап, өмірінің аяғына дейін ұмытпай, сонау зұлмат жылдардағы басынан өткізген ауыр күндері келешекте қайталанбасын, өзінің ұрпақтарына сабақ болсын деп айтудан жалықпайтын.

1932 жылы адамдардың өлімі бұрынғы жылдардан да жиілеп кеткен, егіс шықпай қалған, елдің бар малын жаңа өкіметтің уәкілдері зорлықпен тартып алған. Бүкіл елді аштық жайлаған екен. Жергілікті «шолақ белсенділер» қайсыбір адамның қолынан бір үзім нан, бір келі ұн және кесек етті көре қалса тартып алады да, оны мемлекетке өткізген сияқты болып, өздері пайдаланған...

Астық дайындаумен айналысқан тұрғындар өздеріне бір үзім нан табуға зар болып жүргенде, астық дайындау жөніндегі уәкіл ауылға келіп, халықты жинап алып «неге астық өткізбейсіңдер» деп айғайдап ұрса бастаған, содан соң «егер астық өткізбесеңдер, өз қолыммен барлығыңды атып тастаймын» деп қорқытқан. Кейбір адамдарды сарайға қамап, оларды бірнеше тәулік бойы аш-жалаңаш қамауда ұстаған. Осының бәрін бала көзімен көрген әкем қалай ұмытсын.

1933 жылы ашаршылық үдей түседі. Шерімнің де отбасы аштыққа ұшырап, жалғыз өзі ғана қалады. Жас бала ата-анасының, бауырларының аштықтан қиналып жатып жан тапсырғанын көріп, есі ауып қаңғып кетеді. Үйсіз-күйсіз жүрген бала кез келген жерге түнеп, ауылдан ауылды кезіп жүріп көрмегенді

көреді. Бізге әңгіме айтып отырғанда, әкем өзінің ашаршылық жылдары қалай тірі қалғанына таңғалатын. «Тірі адам тіршілігін жасайды» демекші, бала әр жерден ұрлағанын ұрлап, сұрағанын сұрап тапқанын жеп, күнін көріп жүреді. Қайда барса да аштықтан бұралып, ісініп-кеуіп өліп жатқан адамдар...Әбден ашыққан жандар ауылдардың шеттерінде, жолдың бойында саршұнақ тышқандарды, өлген жануарларды қазып алып жеп жатқанын талай көрген екен.

Осылай қаңғырып, өлместің күнін көріп жүргенде өкіметтің уәкілдері Шерімді ұстап алып, балалар үйіне тапсырады. Бұл жерде де жағдай өте қиын болыпты. Тамақ жеткіліксіз, ауруға ұшыраған балалар өте көп. Күнде бір-екі бала аштықтан, аурудан өліп жатады екен. Бұны көріп ол одан сайын шошып кетеді.

Күндердің бірінде балалар үйіндегі жағдайға шыдай алмай, бұл жерден қашып шығып беті ауған жаққа кете барады. Не істерін білмей түнделетіп, қаңғырып келе жатып, жол бойында қазанға ет пісіріп жатқан адамдарға жолығады. Ашығып келе жатқан балаға тамақ пісіріп отырғандар жандары ашып, қазанда қайнаған еттен беріп, тамақтандырады. Әкем әбден етке тойып алғаннан кейін ғана адам етін жегенін білген. Адам етін жеп отырған адамдардан қорыққан бала таңертең ерте тұрып кетіп қалады. Себебі, аш адамдар өзін сойып, келесі қазанға өзінің етін салып пісіріп жейтін шығар деген ой туып, олар ұйықтап жатқанда бала дыбысын білдірмей қашып кеткен.

Ашаршылықтың салдарынан қаңғып жүріп бармаған тауы, баспаған жері қалмайды. Жол-жөнекей тамақ іздеп шұбырған халық, аштықтан қашып қайда барарын білмей жанталасқан адамдар. Бүкіл елді жайлап алған жаппай қасіретке ұшыратқан аштықты буыны қатпаған жас бала барлық жерден көріп отырады.

Бірнеше айдан кейін әбден қалжыраған бала үсті-басты кір-қожалақ, көзі шүңірейіп жалаң аяқ, жалаң бас, арып-ашып Ташкент қаласынан бірақ шығады. Әрең дегенде балаға лайықты жұмыс тауып алып, бір үзім нан үшін жалданады. Нан тауып жеп жүргеніне маз болып, қаһарлы қыстың қалай келгенін де байқамай қалады. Жаз мезгілінде көрінген бұтаның түбін немесе қираған үйлердің бұрыштарын пана етіп жүре берген. Сөйтіп жүргенде әкем өзі сияқты ата-анадан айырылған жетім балаларды тауып алады. Суықтан қорғану үшін қыс мезгілінде қаңғып, үйсіз-күйсіз жүрген балалар өзбектердің нан пісіретін тандыр пештеріне түнеп жан сақтаған, қожайындары көріп қалмасын деп ерте тұрып кетіп қалады екен. Тандыр пештің іші кең, екі-үш бала еркін сиятын болған. Кешке қарай пештің ішіндегі шоқ сөніп, ыстығы азайған кезде жасырын кіріп ұйықтаған, ондағы жылылық таңға дейін сақталып, балалар суыққа ұрынбаған.

«Күндіз дамыл таппай тамақ іздеген кейбір балалар шаршап-шалдығып қалың ұйқыға кеткенде, пештің ішіндегі шала өшкен ыстық шоқтан бір-екі баланың жанып кеткенін де айтып отыратын» дейді Мұрат әкесінің әңгімесін еске алып.

- Осылай күнін көріп жүрген баланы Смайыл деген немере ағасы күтпеген жерден кездестіріп, елге алып келген. Елге келгеннен кейін жақын туыстары болмаған жетім баланы ешкім қамқорлығына алмаған, соны байқаған Шерім есекке мініп алып Шолаққорғандағы нағашы әжесіне бару үшін жолға шығады. Бұл 1933 жылдың жаз мезгілі екен.

Тағы да осы сапарында ол неше түрлі сұмдықтарды көреді. Жол бойы ары-бері шұбырған ел, жолдың шетінде отырған аштар әртүрлі қалдықтарды талғажау етуде, дала өсімдіктерінің қабығын, ұсақ кеміргіштердің етін шикідей ауыздарына салып жұлқылап жатқанын да байқап қалады. Бір ауылдың маңына жақындап келгенде үйіліп жатқан иттердің, мысықтардың сүйектерінің арасында аш адамдардың жүргенін көреді.

Бірнеше күн жүргеннен соң, мінген есегі алыс жолға шыдай алмай зорығып өліп, ары қарай жаяулатып шаршап-шалдығып, әрең дегенде бес-алты күн жүріп, нағашы әжесіне жетеді.

Сөйтіп, бала Шерім нағашы әжесінің қолына келіп ашаршылықтан аман қалған екен. Содан соң елдің жағдайы енді ғана түзеле бастаған кезде 1941 жылы соғыс басталады. Жас кезінен қиыншылықты көріп өскен Шерім әкем талай қиян-кескі ұрыстарда жаумен ерлікпен шайқасып, көптеген орден, медальдерге ие болады. Сондай ауыр ұрыстардың бірінде ол кісі қатты жараланып, әскери госпитальдан бірақ шығады. Ұзақ уақыт емделгеннен кейін өз полкінен қалып қалған оны Монғолия арқылы 1945 жылдың тамыз айында Жапония соғысына аттандырады. Осы соғыстан әкем елге аман-есен оралады.

1930-1933 жылдары алапат ашаршылықты басынан өткізген, 1941-1945 жылдардағы соғыста аянбай ел үшін қан майданда ерлікпен шайқасқан әкем Шерім екінші дүниежүзілік соғыстың ақырына дейін болып елге келгеннен соң отбасын құрып бала-шағалы болады, бізді – балалары мен немерелерін көріп бұл дүниеден озды. Әруағыңнан айналайын, әке, сіздің айтып кеткен естелігіңізден сабақ алып, ешқашан ұмытпаймыз!

## **Бір ғасыр өмір сүрген Құралай кейуананың естелігі Балалығымды, жастығымды ұрлаған азапты жылдар**

Құралай апа саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықты өз басынан кешірген адамның бірі. Ол кісі зұлматты жылдарды қинала еске алады:

- Теледидардан, газет-журналдардан ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы нәубеттің бейнесін, суретін көрсем, ағыл-тегіл жылаймын. Балалығымды, жастығымды ұрлаған, әкем мен атамның ыстық ықласын, мейірімін аяусыз үзген саяси қуғын-сүргінге және оны ұйымдастырған имансыздарға лағынет айтамын. Бағасын да, жазасын да Алла берсін деймін...

Бүгін ойлап қарасам, біз секілділердің аса күрделі, тар жол, тайғақ кешу тағдырына осы кеңестік қанқасап орасан зор нұқсан тигізіпті. Біз ыстық

ықыласқа, ішер тамақ, киер киімге, бүтін көңілге жарымадық. Жарымжан болып жетілдік, қамкөңіл болып өстік.

«Жетім қозы тасбауыр, маңырап да отығар» деп қазақ атам бекер айтпаса керек. Алам Мәнзура екеуміздің көрмеген қорлығымыз жоқ. Бірақ мен ешкімнен, ешнәрседен тайсалмай, шындықтың жеңетінін сездім...

Биыл 100 жасқа шығамын. Алланың бұйыртқан жасы, көрсеткен жарығы шығар. Осы жасымда күндіз ойымнан, түнде түсімнен шықпайтын бір оқиға бар. Ол 1932-1933 жылдардағы аштықтың біздің отбасымызға қатысты қасіреті. Бұл қырғында менің бірінші шешем (әкемнің алғашқы әйелі) және екі сіңлім бүлдіршін кезінде қыршын кетті...

Анамыздың аты – Айжан, екі бауырымның аты – Нұрсұлу мен Күлзия еді. Мен олардың қайғылы қазасын қарапайым сөзбен жеткізе алмаймын. Көзімнің жасымен, сезімімнің толқуымен жеткіземін. Ес кіргелі олардың рухына бағыштап Құран оқуды үзген емеспін. Бар амалым осы. Менің таза, жазықсыз адамдарға деген сағынышым осы көңіл-күй болады.

Жас кезімізде ауылдың қариялары айтып отырушы еді: «аштан өлген адамның моласы жоқ» деп. Сол тоқшылық жылдары біздер – балалар «қандай жақсы, күйзеліс болмайды, ел аштыққа ұшырамайды, әр кезде тоқшылық болады екен ғой» деп ойлаушы едік. Олай емес екен, бірде тоқшылық, бірде жоқшылық болып, өмірдің өзгеріп отыратынын түсіндік, сан қилы қиындықтарды бастан кешірдік. Қазақ халқының басына түскен небір зұлматтардың ішінде ең ауыр қаралы кезең, ең қасіретті апат 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті болған еді. Бұл тек біздің отбасымызға ғана емес, бүкіл ел басына келген апат болды ғой. Аз ғана уақыт ішінде ауыл адамдары ауыр жағдайға душар болды. Күнкөріс малынан, азын-аулық азық-түлігінен айырылған біздің ауыл аштықтан қырыла бастады, ал тірі қалғандары беті ауған жаққа қаңғырып кетті. Айта берсем, әңгіме көп. Енді ондай зұлмат заманның беті аулақ болсын, ешқандай таршылық көрмей біздің ұрпақтарымыз өсе берсін деп қана шүкіршілік етіп отырамын.

### **Дерек көздері:**

Мұрағатшы, журналист Еділ Әлиев Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатының құжаттары негізінде жазылған «Жан қайғы» деген еңбегінде ашаршылық жылдары Сарысу ауданында қанша адам және қанша мал шығыны болғандығы жөнінде «Сарысу аудандық салық комитетінің 1930-1933 жылдардағы мал және шаруашылық пен тұрғындар саны жөніндегі облыс орталығына 1933 жылы берген мәліметінен» дәлелдер келтіреді:

«1931-1933 жылдардағы Сарысу ауданы бойынша жергілікті салық ұйымының мәліметтеріне назар аударсақ, ауданда тұрғындар мен мал басының шығын мөлшері бұдан да көп болғанын аңғарар едік. Мысалы, 1930 жылы



аудандағы барлық шаруашылықта 30384 бас жылқы болса, 1933 жылы оның 585-і ғана қалған. Оның ішінде мініс аттарының саны тиісінше 18773-тен 319-ға дейін азайған. 1930 жылы ауданның барлық шаруашылықтарында 38025 түйе болса, 1933 жылы оның 793-і ғана қалған. Оның ішінде жұмысшы түйе тиісті жылдармен салыстырғанда 24505-тен 606-ға дейін кеміген. Осындағы қожалықтарда 1930 жылы 9412 ірі қара болған екен. 1933 жылы оның небәрі 105-і басы ғана қалыпты. Тиісті жылдармен салыстырсақ сиыр 4531-ден 57-ге төмендесе, 718 өгізден 1933 жылы бірде-біреуі қалмаған. Қой-ешкі тиісінше 394475 бастан 2079-ға, оның ішінде қошқар 665-тен 110-ға дейін азайған. Мініс аттарының орнын есек алмастырған. Аудан бойынша 1931 жылы бірде-бір есек тіркелмесе, 1933 жылы оның коэффициенттік көрсеткіші 7,3 пайыздық межеге жеткен. Түпкі нәтижеде аудан бойынша мемлекеттік есепке алынған 472364 бас төрт түлік түрлерінен 1933 жылы 3567-сі ғана қалған. Яғни, 468797 бас мал қырылған немесе лажсыздан сойылған.

Бұл дегеніңіз нағыз нәубет емес пе! Мал басынан қай құрылым аз шығын берген деген сауалға келсек, аман алып қалғандардың бәрі дерлік ұжымдар емес, меншік иелері. Колхоздар мен совхоздарда, тауарлы мал фермаларында 1933 жылы бірде-бір бас мал қалмаған. Өйткені ауданда ұлы жұттың алдында құрылған ұжымшарлардың басым бөлігі өзін-өзі қаржылай ақтай алмай тарап кеткен еді. Кейбірінде аштық зардабынан жұмысшы күші қалған жоқ. Халықтың көпшілігі босып кетті. Соның салдарынан аудан бойынша 1930 жылы құрылған 5 мың 925 шаруашылық 1932 жылы 4 мың 785-ке төмендейді. Ал 1933 жылы олардың 1879-і ғана қалған.

1930 жылы аудан бойынша 31 мың 209 адам тұрған. 1932 жылы аталған ауданда 23 мың 11 адам қалған. 1933 жылы бұл көрсеткіш 6 мың 181 болды. Сонда небәрі екі жылдың ішінде 25028 тұрғын аштан өлген немесе отбасыларымен басқа жаққа қоныс аударып, босып кеткен.

Ауданда мал және адам шығынының мол орын алуының тарихи себептері болды. Сарысу нәубет жылдары ең көп теперіш көрген аудан». Еділ Әлиев. *Жан қайғы, Тараз, «Сенім», 2012, 61-63 беттер.*

Сарысу ауданындағы халық көтерілісі туралы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Ғ.Аяған былай деп жазды:

«... Сарысу ауданында Серік хан бастаған көтеріліс те тез басылды. Серік хан және оның басқа жетекшілері қамауға алынып, сот шешімінсіз-ақ атылған...». Б. Ғ. Аяған және т. б. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты, Алматы, 2012, 123-бет.

Қазіргі Қарағанды облысындағы Жаңаарқа ауданынан отызыншы жылдары Сарысу өңіріне босып келген қазақтар туралы кейбір дерек мәліметтерінде былайша айтылады: «... Кіші жүздің Он екі ата Байұлысының Шеркеш. Жетірудың Жағалбайлы, Тама секілді ірі тайпаларының ұрпақтарының басым

көпшілігі бауыр басқан құт қонысын тастап, Сарысу өзенінің бойына 6000-дай шаңырақ үдере көшіп, Қаратау бойына шұбырды. Солақай, ұзынсойыл ұрда-жық Голощекиннің өзімбілермендік саясаты салдарынан бір ғана Сарысу ауданында сол алты мың шаңырақтан екі-ақ мыңдайы арып-ашып Қаратау алабына тұяқ іліктірді.

1926 жылғы санақ бойынша Арқа төсін мекен еткен Сарысу ауданының халқында 1 миллиондай қой-ешкі, 10 мыңдай жылқы мен түйе бар болса, 1932 жылдың аяғына қарай зорлық саясат – ұжымдастыру салдарынан тігерге тұяқ қалмады десе де болғандай. Елдің алды, аз-кем қоңы барлары, күш-көліктері барлары Түркістан, Әулиеата, Шымкент, Өзбекстан, Қырғызстан т. б. жақтарға қашып, жансауға қылды. Осы нәубет жылдары сарысулықтардың жиырма мыңдайы беймезгіл ажал тырнағына ілігіп, аштықтан, қала берді зорлықтан қаза тапты».

**Жамбыл облысының топонимикалық атауларының анықтамалығы, екінші басылым, Тараз, «Сенім», 2007 жыл, 260-бет.**

## ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ

Тарихи деректерден білетініміз, 1938 жылы Жамбыл өңірінде Луговой (қазір Т. Рысқұлов) ауданы құрылғаны белгілі. Жалпы, аудан тарихы ертеден басталады, аудан орталығы Құлан ауылы, яғни, ежелгі Құлан қалашығы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан. Ежелгі қала кезінде атақ-даңқымен бүкіл төрткүл дүниеге мәлім болған. Сол заманда Құлан егіншіліктің, қолөнердің, сауда-саттықтың орталығы болғандығы жетінші ғасырдың бірінші жартысынан белгілі екендігі мұрағат деректерімен дәлелденді. Адамзат тарихы бір орында тұрмайды, үнемі өзгеріске ұшырап отырады.

Құлан өңірінде колхоздастыру дәуірі 1929 жылы басталған екен. Колхоздастыру барысында Кеңес үкіметінің солақай саясаты мен Қазақ елін басқаруға келген Голощекиннің зұлымдығы салдарынан ауданда жаппай ашаршылық орын алды. 1931-1933 жылдар аралығында аудан халқының көп бөлігі көршілес Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттеріне көшіп кетті. Осы жылдары аудандағы қазақтарды ашаршылықтан аман алып қалу үшін Тұрар Рысқұлов жер-жерде асханалар ашып, аш-жалаңаш жұртты тамақтандыруға көп еңбек сіңіргені қазіргі конекөз қариялардың естерінде жақсы сақталған.

### **Қиындықта шыңдалған қария жайында Ардақ Үсейінованың ой толғауы**

#### **Жайлыштың талайлы тағдыры**

«Мынау менің әкем туралы жазылған мақала. Осыдан жиырма жыл бұрын аудандық газетке жарияланған. Сайлаубайдан қалған жалғыз тұяқ Жайлыштың өмірі осылайша қағазға қатталыпты. Кезінде ақын-журналист, марқұм Кәріпжан Нүсіп әкемнің басынан кешкен оқиғаларын өз аузынан естіп, жазып алған екен».

Осыны айтқанда оның даусы дірілдеп шыққандай болды. Басымды көтеріп, жүзіне барлай қарадым. Ақсары өңі алабұртып кетіпті. Толқынысын қанша басуға тырысқанмен, іштегі сезім бой бермеген секілді. Әкеге деген құрмет, сағыныш, бәрі-бәрі лықсып кеп, көмейіне тығылғандай құмығып отырып қалды.

Ол өзін Алтынаймын деп таныстырған. Әкесі Жайлыш Сайлаубаев туралы әңгімелеп берді. Екі соғысты көрген майдангер жайлы деректер мен жинақтаған мәліметтерін көрсетті...

Жазмыштан қашып құтылған пенде жоқ-ау, сірә. Пешенесіне жазылған тағдыры шығар, әйтпесе, бала Жайлыш ашаршылықтан аман қалармын деп ойлады ма? Жаппай қазаққа келген нәубет қой. Дегенмен, әкесі Сайлаубай-

дан, інісі Жапар мен анасы Жұмакүлден айырылғанда жалғыз қалғаны оның жанына қатты батқаны анық. Жиырма жыл бұрын жарияланған «Қиындықта шындалған қария» атты мақалада жазылған мына бір естелік осы ойымды айғақтай түскендей.

«1932 жылдың қаһарлы қысы, жапалақтап қар жауып тұр. Анасы үйіндегі бір текеметін сатып, өзегін жалғайтын тағам алып беріп, Ақыртөбеге ертіп келді де пойызға салып тұрып:

- Жайлышым менің, мен сені далаға тастайын деген ойда емеспін. Әкең мен бауырыңды қара жер құшағына тапсырдық. Менің де қаншалықты өмір сүретінім белгісіз. Қауқарым да шамалы. Сен осы пойызбен Жамбыл стансасына жет. Ауылдан гөрі құжынаған халық ортасы ғой, көппен бірге бір күн көрерсің. Егер қамқоршы адам табыла қалса, одан қашпауға тырыс. Хош сау бол, қалқам! – деген сөзі Жайлыштың әлі есінде».

Жалғыздың көрер жарығы бар екен. Жамбыл стансасында бала Жайлышты милиция тауып алып, қаладағы балалар үйіне өткізіпті. Қиындық адамды ерте есейтеді емес пе?! Үш жылдай балалар үйінде жүргенде анасы мен туған ауылы ойынан шықпайды. Ақыры шыдамы таусылған соң бесінші сыныпты бітіргенде ауылына оралады.

Баяғы қараша үйдің қазан-ошағы қайта көтерілді дегенмен, бұрынғыдай думан жоқ. Үңірейіп, біртүрлі суық. Содан ба ол жұмыс істеп, үйден гөрі түзде жүргенді тәуір көретін. Қара жұмысты да ауырсынбаған, қой да баққан. 1940 жылы әскерге шақыртылады. Ленинград қаласында жаяу әскер сапында өз борышын адал атқарып жүргенінде соғыс басталады.

От пен оқтың өтіндегі жаумен арпалыс. Қай сәтте ажал құшары белгісіз. Жайлыш осыдан жеті жыл бұрын Жамбыл стансасында жалғыз қалып, өзегі талып, талмаусырағанда ажалмен бетпе-бет кездесіп еді. Сол тажал тағы да алдынан шыққан. Күн демей, түн демей қапы қалып, қия басқанын аңдитын секілді. Псков, Рига қалаларын жаудан тазартқан шайқастарда сол «сұмның» тіпті жақын келгенін сезінген. Бірақ, әлі де көрер тауқыметі көп екен. Өлмеді. Жауынгерлер Жеңіс мерекесін тойлап жатқанда бұларды Жапон соғысына аттандырған...

Туған жердің дәм-тұзы тартқан шығар, жауынгер Жайлыш Сайлаубаев 1946 жылы елге оралады. Келе білек сыбанып, жұмысқа кіріседі. Ел іші жұтаң. Қара нан мен қара суды талғажау еткен жұртшылықтың жағдайын оңалту керек. Ерге жүктелер осы бір міндетті айқын сезінген майдангер трактор жүргізіп, жер жыртады. Егістікті өңдейді. Комплексті егіс бригадасын басқарады. Сол кездерде колхозда төрағалық еткен Шәуе Сәлімбаев, Тұман Ахметов, Қанатбай Еркінбаев сынды азаматтармен бірлесе еңбек етіп, шаруашылықтың ісін өрге бастырады.

Ол жетекшілік ететін бригада 1955-1956 жылдары мол өнім алып, көзге түседі. Соның арқасында 1955 жылы Мәскеудегі Бүкіл одақтық халық шаруашылық көрмесіне қатысуға мүмкіндік алады. Жалпы, Жайлыш Сайлау-

баев Мәскеудегі көрмеге төрт рет барған. Алғашында күміс медальға ие болса, кейінгі еншілегендері – қола жүлде.

Жайлыш Сайлаубаев қандай жұмыс тапсырылса да, артылған сенімнің үдесінен шыға білген. Ауданда қант қызылшасын өсіру қолға алынғанда, ауыл жұртына беймәлім істің бар бейнетін көтеру соған жүктеледі. 1964-65 жылдары қант қызылшасы плантациясының әр гектарынан 480 центнерден өнім алып, бұл міндетті де абыроймен орындайды.

Ердің еңбегі еленді деген осы. 1986 жылы Жайлыш Сайлаубаев «Құрмет белгісі» ордені мен «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медалімен марапатталды. Ал 1965 жылы 5 наурызда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының және Қазақ Министрлер кеңесінің қаулысы бойынша ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттырудағы ерен еңбегі үшін Жайлыш Сайлаубаевтың есімі Қазақ КСР-інің Құрмет Алтын кітабына жазылды. 1974 жылы Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген, 1980 жылы «Құрметті колхозшы» атағын алды.

Тағдыр ғой. Сайлаубайдан қалған жалғыз тұяқ Отанын қорғап, соғыстан аман келді. Еңбек майданында да бел жазбады. Шаңырақ көтеріп, 12 ұл-қыз өсірді. Бейбіт күннің шапағын көрді. Ал ұрпақтары әкенің Ұлы Отан соғысында алған «І дәрежелі Отан соғысы» ордені мен «Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін» медалін қымбат жәдігердей сақтап отыр.

Егер тірі болса, ардагер Жайлыш Сайлаубаев биыл 95 жасқа толар еді. Дегенмен, өмірден өтсе де, оның есімі ұмытылған жоқ. Өзі туып-өскен Тереңөзек ауылында бір көшеге майдангердің есімі берілген. Майдангерге арнап белгілі музыкант-композитор Нұрлан Байкөзов ән арнаған. «Жан әке» атты әннің сөзін ардагердің ұлы Айбек Сайлаубаев жазған.

## Жан әке

*Жан әке, алтын мүсін көктегі,  
Әр сөзің асыл жырым жүректегі.  
Алатау өзіңді іздеп самал әнмен,  
Аңсайды туган жердің гүл бөктері.*

### **Қайырмасы:**

*Жан әке асқарымсың,  
Арман ән, асқақ үнсің.  
Жан әке алға тартар,  
Ақ нұрын шашқан күнсің.*

*Жан әке еркелетіп айналғаның,  
Арманға айналарын ойланбадым.*

*Жанымды мұңға бөлеп аңсаттың-ау,  
Дейсің бе еркелікті ойлан, сағын.*

*Жан әке өмір жолың – өлең дастан,  
Өмірлік өнеге алып келем жасастан.  
Қатерге тігіп басын жолымды ашқан  
Жан әке, әке бар ма сенен асқан.*

**Автордан.** 1930-1933 жылдардағы аштықтың дәмін татқан бүкіл халықтың тағдыры қандай болса, Жайлыш Сайлаубаевтың өткен өмірі де сондай болды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, ашаршылықтан аман қалды, сол сияқты жойқын соғыстан да он екі мүшесі түгел елге оралды. Отбасын құрып, 12 ұл-қыз өсіріп-тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, басынан кешірген бейнеттің зейнетін көріп, кезінде шаттыққа, қуанышқа, бақытқа бөленген қарияның ұрпақтары бүгінде өсіп-өніп жатыр.

## **Соғыс және еңбек ардагері Қойбақов Мамыртай қарияның естелігі**

### **Ашаршылықтың азабын біз де көрдік**

Мамыртай ақсақал қырғыз жері мен қазақ елін бөліп тұрған Алатаудың баурайындағы ежелгі Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан орта ғасырлық Құлан қалашығы маңындағы Мамай ауылында 1924 жылы дүниеге келген. Қарияның айтуы бойынша, бұл өңірде ел-жұрттың малын, дүние-мүлкін тәркілеу 1927 жылдан басталған екен. Осы кезде Қызыл өкіметтің ұзын құрығы өзінің күнін өзі көріп, ешқандай таршылық көрмей, тыныш қана жатқан Мамай ауылына да келіп жетеді.

Ауыл жұрты алда келе жатқан қиыншылықтың болатынын сезіп, не істерін білмей тым-тырыс күйде үрейленіп күн кешіп жата береді. Бір күні Кеңес өкіметінің өкілдері келіп тәркілеуді бастайды. Мамыртайдың әкешесінің, ағайын-туыстарының малдарын түгелдей тігерге тұяқ қалдырмай тізімге алып, мемлекеттің қарамағына алады. Малдан жұрдай болған оның отбасын туған-туысқандарымен бірге ұжымдастыруға кедергі жасайды деген сылтаумен 1927 жылы қырғыз еліне жер аударады.

Сол жылдары малдан, дүние-мүлкітен айырылған Құлан өңірінің ел-жұрты да, бүкіл елімізді жайлаған ашаршылықтың азабын тартқан халық сияқты, аштықтан естері ауып басы ауған жаққа немесе ағайын-туыстарын, құда-жекжаттарын іздеп босып кеткен.

- Қазір ойлап отырсам, – дейді Мамыртай қария өткенді еске алып. - Осындай елдің басына төнген зұлымдықтың болғанына кім кінәлі? Бала әкешеден, аға қарындастан, іні ағадан, ел-жұрт туған жерінен, ата-мекенінен

айырылып зар еңіреп жылағаны күні бүгінге дейін көз алдымда елестеп тұрады. Бұндай жағдай менің де басымнан өтті. Бір үзім нан тауып жей алмай талай жандардың қыршынынан қиылғанын көрдім. Адам тіршілігінің арқауы тамақ екенін отызыншы жылдардағы ашаршылық кезінде айқын сезіндік қой. Зұлмат жылдардағы басымнан кешірген ауыр күндер есіме түскенде түн ұйқым төрт бұзылып, мазам кетеді. Енді мұндай қиын заман болмасын деп, Алла тағаладан күндіз-түні тілеп отырамын.

Қырғыз еліне келгенге дейін Мамыртайдың әкесі қайтыс болып кеткен екен. Шешесі Зубайда «он саусағынан бал тамған» өте шебер тігінші болыпты, соның арқасында қырғыз жерінде жүріп елге киім-кешек тігіп, одан түскен аз ғана қаражатқа Қоқтан атасы, Мамыртай мен Қошқұл балаларын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай», ешкімге жалтақтатпай асырапты. Күнкөрістің қамымен бес жылдай айыр қалпақты ағайындардың арасында тұрып, 1932 жылы көктемде олар туған ауылына оралады. Зубайда мен оның балалары, атасы Қазақстандағы болып жатқан алапат ашаршылықтан бейхабар болады, қырғыз елінде жүрген кезде ауылда қалған ағайындармен байланыс болмаған.

Сөйтсе, 1932 жылдың қаңтар, ақпан айларында Мамай ауылындағы халықтың ашығуы шегіне жетіпті. Бірлі-жарым тірі қалғандар көзге түскен нәрсені талғажау етіп, арып-ашып бұл күнге әзер жеткен. Тек Мамай ауылында ғана емес, 1932 жылы қысында бүкіл қазақ елі аштықтан жаппай қырыла бастаған. Ауыл жұрты қақаған қыстың ортасында үнемдеп тамақ етіп отырған шайнауға келмейтін атала да таусылған екен. Ауылда мал жоқ. 1930 жылы шаруаларды колхозға біріктіру кезінде елдің барлық малын жоғарыдан келген билік өкілдері жергілікті шолақ белсенділердің көмегімен зорлықпен тартып алған.

Мамай ауылында бала-шаға, үлкен-кіші отбасымен бірге жаппай аштықтан қырылып жатқанын көріп, Мамыртайдың отбасы қайтадан қырғыз еліне кетпекші де болады. Елге келе салысымен аштықтың азабын өздері де тарта бастайды. Көп ұзамай ішіп-жейтін тамақтың жеткіліксіздігінен күші қайтқан Қоқтан атасы бұл дүниеден озады.

Ауылдағы әлі де болса күш-қуаты бар жандар тентіреп қаңғып кеткен. Біреу алыстағы ағайын-жұратын жағалап кетсе, ал енді біреулер Әулие-Ата қаласынан пана іздеген. Сол 1932 жылдың қатал қысында діттеген жеріне жете алмай ауылдан ұзамай-ақ жол бойында суықтан, аштықтан қатып қалған адамдар көп болған. Оларды көмуге Мамай ауылында кетпен, күрек ұстауға шамасы келетін адам жоқ, бәрі әлсіреген, тіпті өз бастарын алып жүруге де әл-дәрмені жетпейді. Ашыққан адамдардың түрі жан шошырлықтай болады ғой. Әсіресе, үңірейген аш көздері қараған адамның кеудесін тесіп жіберетіндей көрінеді екен. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – әруақ» деп ата-бабаларының айтып кеткеніне нәубет жылдардағы куәгерлердің көздері әбден жетеді.

Мамыртайдың отбасы аштыққа ұрынып, жағдайлары нашарлай бастаған кезде анасы Зубайда жаңадан құрылған артельге мүше болып кіріп, таңның атысы, күннің батысы кетпенмен жер аударып, тапқан еңбегімен күндерін көрген. Бірақ, бұл да оларды аштықтан құтқара алмапты.

Мамай ауылынан 4-5 шақырым қашықтықта жатқан Қайыңды ауылының халқы, әсіресе жас балалар 1931-1932 жылдары аштықтан көп қырылған екен. Сол ауылда үй-ішімен түгел қатып қалған адамдарды мұсылман дәстүрімен көмуге ешкімнің шамасы келмеген. Сондықтан олардың үйлерін құлатып, өліктердің бетін жабатын қабірге айналдырған, басқа ешқандай амалдары болмаған. Үйлерінен шыға алмай отбасымен түгел өліп қалған жандардың ағайын-туыстары, көршілері олардың бетін жабу үшін өздері тұрған мекен-жайын молаға айналдырғаны тек бір ауылда емес, кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде де болды. Аштықтан ата-аналары өліп, жетім қалған балалар қайыр тілеп, кез келген жерде қаңғырып жүреді. Әсіресе, 1932 жылдың қыс айларында жасөспірімдердің өлімі көбейіп кеткен. Сол кезде Әулие-Атадағы (қазіргі Тараз қаласы) Кеңестік билік өкілдері ауылдардағы панасыз қалған балаларды аштықтан аман алып қалуға әрекет жасай бастайды. Бірақ билік кеш қолға алып еді. Өкініштісі сол, өкімет қолға алғанға дейін қаншама жас ұрпақ үйсіз-күйсіз жүріп, бір үзім нанға зар болып опат болды?!

Сөйтіп, ел аралап жүрген уәкілдер Қайыңды ауылындағы балалардың жаппай аштықтан өліп жатқанын біліп, Әулие-Ата қаласындағы Биліккөл балалар үйіне (детдом) тірі қалған жетімдерді жинай бастайды.

Басқа түскен қиындық баланы да ерте есейткен ғой, анасының балаларын аштықтан аман алып қалу үшін қиналып жүргенін сезіп, детдом деген хабарды естіген 9 жасар Мамыртай жаяу Қайыңды ауылына тартып отырады. Ал інісі Қошқұл шешесінің қолында қалды. Бала жол бойынан небір сұмдықтарды көреді. Ары-бері шұбырған жұрт. Бір-біріне қарайласуға шамалары жоқ. Күн ашық, аспанда шөкімдей де бұлт көрінбейді. Күн сәске түске жақындап қалған, қызуы өте ыстық, жер-дүниені күйдіріп барады. Айнала құлаққа ұрған танадай ешқандай сыбдыр естілмейді. Тек анда-санда асқақтаған Алатаудан баяу ескен самал желдің лебі ғана тыныштықты бұзғандай көрінеді. Елдің басына шүйірілген алапат аштықтан қырылған адамдармен бірге қарлы шыңның етегіндегі созылып жатқан дала да өліп жатқан сияқты болып Мамыртайдың көз алдына елестейді. Ауыл арасы соншалықты алыс болмаса да, аштықтан жарты құрсақ болып жүрген балаға ұзақ жол. Жолдың шетінде теңкиіп жатқан адамдардан басқа қыбыр еткен жан жоқ. Оларға қарауға баланың дәті бармайды. Аш адам шөлдегіш келеді ғой, бас айналдыратын ыстықта жол-жөнекей шөл қандыратын бір тамшы су да табылмайды. Аштықтан қалжырап, шөлден қаны кеуіп әлсіреген Мамыртайдың басы айналып, көзі әлсін-әлсін қарауытып кетеді. Сөйтіп, бір жағы жол азабы, екіншіден аштық қысқан бала Қайыңды ауылына әзер жетеді.



Осы кезде Әулие-Атадан келген арнайы комиссия Қайыңды ауылында аш-жалаңаш жүрген балаларды жинап жүр екен. Мамыртайды да тізімге алып, қаладағы Билікөл балалар үйіне тапсырады. Елді жайлаған сол қайғылы заманда балалар үйінің жағдайы да ауыр болған. Көздері шүңірейіп, қабырғалары ырсиған, қу сүйектері ғана қалған балаларды детдомға күнде әкеледі. Бала саны көп, төсек-орын жетіспейді, жасөспірімдер кешке қарай шөп төселген тақыр еденге сұлай кетеді екен... Бұл детдомға келіп түскендердің дені аштықтан қырылған адамдардың балалары. Колхозға біріктіру кезінде малдан жұрдай болған халықтың аштыққа ұшырауынан қаншама жетімдер панасыз қалды. Олар қаңғырып жүріп суықтан, аштықтан қираған үйлердің бұрышында, көшелердің бойында, бұталардың түбінде ісіп-кеуіп өліп жатты. Ауылдарда ашығып жүрген балаларға ешкім назар аудармады, бұндай жағдай күнделікті үйреншікті әдетке айналған.

«Әулие-Атадағы Билікөл балалар үйіне келіп, аштықтың құрсауынан әупірімдеп аман қалғаныма шүкіршілік етемін» деді Мамыртай қария басынан өткен ауыр күндерді есіне түсіріп.

Мирзоян Қазақстан басшысы болып келген кезде коммунистік партияның алтыншы Пленумында қазақ ауылдарындағы ауыр жағдайлар, бұрын-соңды болып көрмеген мал басының кеміп кеткені туралы әңгіме болады. Ал, халықтың екі-үш жылдың ішінде жаппай қырылғаны туралы айтылмаған. Сондай-ақ аштықтан Қазақстанның түкпір-түкпірінде сан мыңдап өліп жатқан балалар жайында Пленумға қатысып отырғандардың көбі үн шығармаған. Тек қана Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жауапты қызметкері Нұрмұхамедов Қазақстанда 80 мың жетім балалардың бар екендігін айтып салады. Бұл жөнінде айтуға Кеңестік билік рұқсат етпейтін. Осы сөзі үшін оны Пленумда қатты сынға алып, ақырында кешірім сұрауға мәжбүрлеген.

Қанша дегенмен, Голощекиннің орнына Мирзоян келгеннен кейін үйсіз-күйсіз қаңғырып жүрген панасыз балаларға қамқорлық жасала бастаған екен. Үкімет тарапынан құрылған арнайы комиссия жер-жерлерден әке-шешесінен айырылған жетімдерді жинап, балалар үйіне тапсырып отырған.

## **Зобалаң жылдарда ерте есейген Құрбанов Игенбек ақсақалдың естелігі**

### **Қаншама қазақтың сүйегі көмусіз қалды**

- Әкем Сарыбеков Құрбан 1960 жылы 73 жасында бұл дүниеден озды. Әке-шешесінен жастайынан тұл жетім қалған. Әшірәлі деген інісі де 23 жасында қайтыс болған екен. Сонымен тағдырдың тауқыметін тартып, үсті-басы әбден тозған, киімдері жыртық жетім бала быламығы, аталасы бар үйлердің босағасынан шықпайды. Тамақтан өтетін бірдеңе бергенше үйлерді кезіп, қу жетімдік әбден қалжыратады...

«Жетім бала ерте есейеді» дегендей, күнкөрістің қамымен байларға жалданып, ауылдағы өзі сияқты екі-үш жігітпен Сарыарқадан Шымкент, Ташкент қалаларына байлардың малын базарға айдап барып жүреді. Сол еңбегі үшін алатын табысы ауқымды болса керек, өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында біраз жылдардан кейін жеке басына мал бітіп, үйір-үйір жылқыға ие болады. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген осы емес пе? Сөйтіп жүріп ел ішінде Құрбан бай атанады. Әкем жылқы малының қыр-сырын жақсы білетін, көкпар десе ішкен асын жерге қоятын мықты шабандоз болды. Әкемнің маңдай терімен жинаған малына Ералы, Ергеш, Дөнен деген бақташылар қарайды. Солардың ішінде Ералы өзі ғана әкемнің көкпарға шабатын атын ерекше күтіп, баптайды екен.

Шырақ жақпаймыз, кешке қарай ерте жатып қаламыз. Егер ұмытпасам, 1929 жылдың қысы болуы керек, бір күні түнде белінде тапаншасы бар орыс милиция қасындағы арба айдаушысымен бірге біздің үйге ентелеп кіріп келді. Үйде екі үлкен сандық бар еді. Әкем сандықтың біреуін қас-қағым сәтте ашып жіберіп үлкен қалталы түйіншекті төсекке қарай лақтырып жіберді, оның ішінде бір бума ақша жатқанын әлгі келгендер байқамай қалды. Айшайға қарамай әкемді киіндіріп, алып кетті. Екі-үш күннен кейін білдік, оны Шымкенттегі абақтыға жауып тастапты. Сол кезде біздің әулет қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Өзбекстанмен шекаралас Қарабастау ауылында тұратын еді. НКВД қызметкерлері әкем Құрбанды түрмеден ауылға екі рет алып келіп, тұрғындарды жинап қанша жерің бар, қанша тыққан ақшаң бар деп, жұрттың алдында тергеудің астына алады. Жиналыста бір-екі адам әкемді жақтап сөйлесе керек, ешкім оған қарсы шықпаған. Әкем өзіне тағылған жөн-жозықсыз айыпты мойындамаған.

Әкемді түрмеге қамағаннан соң, Кеңестік билік өкілдері көп ұзамай бізді үйден қуып жіберіп, барлық дүние-мүлікті, қолдағы бар малды зорлықпен тартып алды. Бүкіл елді зар қақсатып, бірде-бір тұяқ қалдырмай малдан жұрдай қылған қызыл өкімет уәкілдері бізді де қаңғыртып жіберді. Өз үйімізден балашағаның көз жасына қарамай қуып шыққаны жанымызды қатты күйзелтті. Қайда барарымызды білмей екі күн аш-жалаңаш тақыр жерде жаттық. Бұдан артық бұл дүниеде қорлық болар ма екен?!

Халықтың басына төнген аласапыран заманда биліктің уәкілдері мен олардың жергілікті солақай белсенділері ауылдың үрейін ұшырып, қырғидай тиді. Елден береке кетті. Мен сол тұста бала болсам да өз басымыздан өткен ауыртпалықтарды, небір сұмдық оқиғаларды әлі ұмыта алмай жүрмін.

Сонымен үлкен шешемнің қызының үйіне барып паналауға мәжбүр болдық. Әкем 17 ай түрмеде жатып келгеннен кейін Ташкенттің маңындағы Боссу деген жердегі Әлімбай байдың жанына көшіп бардық. Үйде тәркілеуден жасырып қалған жалғыз ғана түйе бар еді. Егіс даласында қалған бидай сабанын майдалап үгітіп, қаптарға салып Ташкент базарына апарып сатып жүрдік. Сөйтіп жүріп әкем тағы бір түйе сатып алды. Бірақ бұл жерде де

орнығып отыра алмадық. Аранын ашқан аштыққа шыдай алмай күнкөрістің басқа да жағдайларын іздестіруге тура келді. Сол зұлмат жылдардың бірінде Өзбекстандағы Паркент деген жерде 11 отбасы табан тіреген шағын ауылға көшіп бардық. Бұл ауылдың тұрғындары малдан, дүние-мүліктен айырылып, Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығын көріп жер аударылған бұрынғы байлар екен. Бізбен 12 үй болды. Қақаған қыс мезгілінде, жаздың аптап ыстығында киіз үйді мекен ету – бізге оңай болған жоқ, сонда да шыдамасқа амал қалмады. Осы ауылды бір ұжымға біріктіріп, Ақсайдан жер алып беріп, елдің басын қосып егіншілікке үйреткен Құрбан әкем болатын. Өкіметтің қысымынан алыстау жерде орналасқан біздің ауыл өзімен өзі болып аса қатты аштыққа ұшырамай тіршілік етіп жатты. Әкем осы ұжымды екі жыл басқарды. Ауылдастар қолдарындағы бар құнды заттарды шапқылап жүріп тұқымдық бидайға айырбастап, көктемгі егіс жұмыстарына қыс бойы даярланады.

Мен сол кезде 5-6 жастамын. Тұқым себетін техника болған жоқ, бәрі қолмен істелетін. Есімде қалғаны екі жігіт егіс даласына дәнді қолмен шашып себеді. Әр жерден жиналған тұқымдық бидайды Төлемістің үйінде сақтайтын, оның үйі әрі қойма ретінде пайдаланылды. Егістік алқапқа тұқымды апаруға мені жұмсайды, өйткені ересек адамдардың бәрі де басқа жұмыстармен айналысады, қолдары босамайды. Сонда мені атқа мінгізіп 15 килограмдай бидайды алдыма салып береді, оны егіске апарғаннан соң жігіттер сеуіп болғанша ат үстінде күтіп тұрамын. Күн сайын егіс даласындағы жұмыстар аяқталғанша тұқымды осылайша тасумен боламын. Ал шөп шабу науқаны басталған кезде үлкен арбаға артылған шөптің үстіне мені көтеріп мінгізіп, арбаны айдағып жібереді. Шөпті қораның жанына жинап жатқан адамдарға жеткіземін, содан соң олар мені арбадан көтеріп түсіріп алады да, шөпті маялап жинай бастайды. Осылайша күніне бірнеше рет шөп тасимын. Сөйтіп, мен сол ауыр жылдары еңбекке жастай ерте араластым. Елдің басына үйірілген қиын заманда тек мен ғана емес, бүкіл жасөспірімдердің басында болған жағдай осындай еді.

Екі жылдан соң Паркенттен елге көшіп келгеннен кейін 12 түтін колхозға кірді. Колхоздан соқа, арба, тырма сияқты құрал-жабдықтарды алып еңбек ете бастадық. 1934-1935 жылдарға қарай елдің жағдайы біршама жақсарып, біздің де тұрмыс-тіршілігіміз оңала бастады.

Әкем Құрбанның үш әйелі болды, екінші әйелінен мен дүниеге келдім. 1932 жылы ақпан айында кіші шешем кешке қарай тамақ пісіріп жатқан кезде жастары 30-40 шамасындай өңдері бозарған, коздерінің жанары солғын екі жігіт үйге кіріп келіп қолдарындағы дорбадан бір сары жыланды алып шығып:

- Апа, мына жыланды екіге бөліп пісіріп алайық, – деді екеуінің біреуі тілі күрмеліп, әрең сөйлеп тұрып.

- Ойбай, бұл пәлені маған жолата көрме! – деп шешем шошып кетті.

Олар тағы бір-екі үйге кіріп шықса керек, ешкім жыланды пісіріп беруге келіспеген екен. Содан әбден аштық қысқан бейшаралар ауылдың сыртындағы үлкен жолға бет алады. Ертеңінде естідік, екеуінің біреуі жол бойында суықтан, аштықтан қатып қалыпты. Әлде біреулер өліп жатқан адамды көріп, жолдың шетіндегі арыққа сүйреп апарып, топырақпен бетін жәй ғана жаба салған. Қайғы-қасіретке толы сол заманда қаншама қазақтың сүйегі көмусіз қалғанын өз көзімізбен көрдік. Мен жас кезімнен атқа құмар болдым, бір күні қираған үйдің жанында өліп жатқан адамды көріп, қатты қорқып кетіп аттан қалай секіріп түскенімді өзім де білмей қалдым. Ұзын сөздің қысқасы, қайғы-қасіретке толы сол заманда қаншама қазақтың сүйегі көмусіз қалғанын өз көзімізбен көрдік қой, – деп Игенбек қария әңгімесін аяқтады.

**Автордан.** Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан қазақ еліндегі кәрі де, жас та ашаршылықтың зардаптарын бастарынан кешіргені белгілі ғой. Елді жайлаған нәубет кезіндегі жасөспірімнің бірі – Игенбек қарияның тағдыры секілді Қазақстандағы барлық балалар да осындай зобалаңның қасіретін көрді.

Құрбанов Игенбек ақсақал нәубет жылдардағы есінде қалған осы оқиғаларды айтып бергеніне ризашылығымызды білдірдік. Ол Ұлы Отан соғысының ардагері, орден және медальдармен марапатталған екен. Соғыстан кейін партия мектебін бітіріп, Жамбыл облысы Луговой ауданындағы (қазір Т. Рысқұлов ауданы) Жаңатұрмыс колхозында партком, аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде аға инспектор, аудандық атқару комитетінде инструктор, Қорағаты совхозында рабочком және Луговой жылқы зауытында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. Сонау қиын жылдардың ауыр күндерін басынан кешірген Игенбек қария қазіргі кезде бала-шағасының ортасында қуанышқа бөленіп, осы күнге жеткеніне шүкіршілік етуде.

## **94 жастағы Сүлейменов Асаубай қарияның әңгімесі**

### **Естен кетпес шындық**

Асаубай ақсақал Ұлы Жібек жолының бойындағы Құлан қалашығының маңындағы Шөңгел болысында 1922 жылы дүниеге келген, қазіргі кезде Жақсылық ауылында тұрады. Сонау ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы елдің басына төнген сұрапыл аштықты, ол бала болса да бір кісідей көріп, кейбір оқиғаларды есінде сақтап қалған. Асаубай ақсақал бұрын ештеңе болмағандай сабырлы қалпында әңгімесін ақырын ғана айта бастады.

- Кеңес өкіметі 1928 жылы «Құттыжан» ауылында жеке шаруашылықтарды тәркілеп, ұжымдарға біріктіру шараларын жүргізе бастады. Ал 1929 жылы ауылда колхоз құрылды. Ауылдың шолақ белсенділері елдің малын күштеп тартып алып, колхозға өткізді. Сол кезде Кеңестік билік кедейлер мен орта шаруалардың одағын құру туралы елдің арасында үгіт-насихат жұмыстарын

жүргізуді белсенді түрде қолға алды. Алайда бұған кедейлер де, орташалар да сене қоймады, өйткені, шынайы өмірде колхозға біріктіру үшін оларға күш көрсету тәсілдері жиі қолданылды. Өкіметтің уәкілдері ауыл тұрғындарын қорқытып, бір-біріне айдап салып, жала жауып колхозға кіруге мәжбүрледі. Шаруашылықтарды ұжымдастыру дегенді сылтауратып, билік орташалардың малын, ішіп-жеп отырған азық-түлігін, астығын алып қойды. Өйткені, колхоздың еккен егінінен береке болмады, сондықтан биліктің ауылдан алатын салығы тым көбейіп кетті. Тіпті, кедейлердің де түгін қалдырмады. Уәкілдер жылқы малына қырғидай тиді, ешқандай себепсіз ауылдағы бар жылқыны қораға қамап, көздеріне дәрі құйып «маңқа» ауруына ұшыраған деп, бірін қалдырмай өлтіріп тастады. Кейін белгілі болғандай, қазақтарды алыс жаққа жібермеу үшін жаңа өкімет осындай әрекет жасаған екен.

Жергілікті жалған белсенділер елде кімде астық бар екенін біліп алып, жоғары жаққа хабарлап отырды. Соған қарамастан, халық алдағы уақытта ашаршылықтың болатынын алдын-ала сезіп, астық қорын жасауға әрекет жасады. Шолақ белсенділерге көрсетпей, ауыл адамдары қолдарындағы бар астықты ұраға жасырып немесе сайға апарып көміп тастады. Бірақ, өкімет уәкілдері әр үйді тіміскілеп «астығыңды мемлекетке өткізбесең, сотталасың» деп қорқытып, ауылдың жасырып қойған бірлі-жарым астығын да тартып алуды әдетке айналдырды. Оларға «әй, дейтін әже, қой, дейтін қожа» болмады, - деді Асаубай ақсақал.

Қарияның айтуынша, өздері тұрған ауылда ашаршылық осылай басталады. Бір күнде бес-он адамды шұңқырға апарып, аяқ-қолдарынан ұстап домалата берген, оларды көтеріп көрге салуға аштықтан әлсіреп жүрген адамдардың шамасы жетпеген ғой. Сол нәубет жылдары осыншама өліктерді арулап, мұсылман дәстүрімен кім жерлейді дерсің? Айнала қырылып жатқан халық. Әйтеуір, мәйіттерді жақын жердегі шұңқырларға, арықтарға апарып қана бетін жабатын болған. Қыс кезінде бала-шағасымен бірге қырылып қалған үйлердің есік-терезелерін шегелеп тастайды. Күн жылына бастағаннан кейін сол үйлердің есігін ашып, мәйіттерді жеке-жеке алып шығып беттерін топырақпен жасырған. Еттен ажырап, әбден арығы жетіп, сүйегіне құр терісі ілініп қалған өліктерде иіс те болмайды екен. Көктем келіп жер ашылған соң, әр жерде жатқан өліктер табыла бастаған. Әлі де болса жүруге шамасы келетін ауылдастары оларды дуал соғылған жерлердің орнына, апанды жерлерге, шұңқырларға апарып топырақпен бетін жасырған болады.

- Өткен жылғы қырманның төңірегінен де суықтан, аштықтан қатып қалған адамдар табылды. Оларды да жинастырып, бетін жабады. Ашыққан адамдар ауылдан шеткерірек тұрған қырманның орнынан да нәр болатын бірдемелер іздеген ғой. Қырмандағы ескі топанды суырып, одан түскен дәндерді теріп алып талшық еткен жандар да болды. Ауылдың төңірегінде жүріп, қасқырға жем болғандардың да сүйектерін жинастырып, көмгенін де өз көзіммен көрдім. Көктем шыға салысымен тірі қалғандар бір түйір дән болса да табылып қалар деген үмітпен былтырғы қырманға бара бастады. Қанша дегенмен астықтың

дәндері қалады ғой. Сол сияқты қыстан әуірімдеп шыққан үлкендер, сондай-ақ бала-шаға өткен жылғы жыртылмаған аңыздардан масақ теруге кіріседі. Масақтан кейбіреулер жарты уыс, бір уыс бидай дәндерін теріп алып жүрді. Бұл да елдің жан сақтауына көп көмек болды. Енді біреулер сай-сайды бойлап жуа тере бастады, ал кейбіреулер өзен бойында өсіп тұрған ағаштардағы құс ұяларынан жейтін бірдеме іздейді. Не керек, бәрі аштан өлмеудің қамы еді, - деп еске алады қария.

Асаубай бала тасбақа мен саршұнақтың етін жеп, тірі қалған жандарды да көрген. Еуропада болған адамдардың айтуына қарағанда, батыс елдерінде тасбақаның сорпасын таңсық (деликатес) тамақ ретінде ішеді екен.

Ал саршұнақтың майын шыжғырып ішсе өкпе ауруына ем болатындығы жайында біздің халықтың арасында да әңгіме айтылатынын естіп жүрмыз.. Рас па, әлде жәй айтыла салған сөз бе, ол жағын ешкім анық білмейді. Әрине, бұл ғылыми тұрғыдан дәлелденсе нұр үстіне нұр болар еді.

Аштықтан өлмеудің неше түрлі жолы болды. Бірақ жылқының қазы-қартасын, жал-жаясын, қойдың сүбесін жеп үйренген қазаққа аң-құстарды, жерде жорғалаған жәндіктерді азық ету оңай болған жоқ. «Аштық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді» дегендей, қараптан қарап тұрып өліп қалмас үшін адамдар бәрін қорек етті. Қанша айтсақ та, қазақ халқы бұрын-соңды болмаған қолдан жасалған ашаршылықтан қынадай қырылғаны естен кетпес шындық. «Құттыжан» ауылының тұрғындарының көбі тау асып, қырғыз еліне көшіп кеткен. Босып кеткендер ол жақта жүріп те, тағдырдың әртүрлі қиындықтарын бастарынан кешіргенін туған жеріне оралғаннан кейін айтып отырады екен.

Елдің басына төнген зұлмат жылдары Асаубайдың әкесі – Сүлеймен «Тельман» атындағы колхоздың қойын баққан, шешесі – Үміт қызылшада жұмыс істеді. Ертеңнен қара кешке дейін далада еңбек еткен колхозшыларға құнарсыз быламық көже ғана берген.

1936 жылдан бастап әр отбасына екі ешкіден үлестіріп береді, осыдан кейін елдің жағдайы біршама жақсара бастаған...

**Автордан.** Асаубай қарияның естелігінен ауыл шаруашылығының ұжымдастырылуы өзі тұрған ауылда өте қатал жағдайда жүргізілгенін, 1929 жылдан бастап билік өкілдері көшпенді және жартылай көшпенді халықтың малын тәркілеп алғаннан кейін 1934 жылға дейін ауылды ашаршылық жайлағанын білдік. Алапат ашаршылық пен жоқшылықтың қиындықтарын көрген ауыл тұрғындары жаңа өкіметтің байларды тәркілеу, бала-шағасымен бірге алыс аймақтарға жер аудару, ауқатты жеке шаруашылықтарды жойып, оның орнына ұжымдық шаруашылық – колхозға біріктіру деген әрекеттеріне наразылықтарын білдіре бастаған. Аштықтан өлмеудің түрлі амалдарын қарастырған. Зұлмат жылдардағы қаралы күндерді өз көзімен көрген Асаубай қария жүзге қадам басқанына қарамастан есінде қалған оқиғаларды бізге бар ықыласымен айтып берді. Ақсақал бойын тік ұстайтын, сөйлеген сөзі анық, кісі екен. Біз қоштасып, қарияға ұзақ ғұмыр тілеп жолға шықтық.

## Көкдөнен ауылының тұрғыны болған Баушыбай Мырзатаевтың естелігінен

### Өріктің дәнін қайнатып ішіп, уланған...

Жақында ғана дүниеден озған Баушыбай қарияның қара шаңырағында отырған кенже баласы Кенжехан бізді қарсы алып, қандай мақсатпен келгенімізді білген соң, ашаршылық жылдарында әкесінің басынан өткен оқиғаларынан хабардар екенін білдірді. Біз одан әкесінен естіген оқиғаларды айтып беруді сұрадық. Кенжехан бірден келісе кетті.

- Баушыбай әкем тоқсаннан асып қайтыс болды. Жаңа өкіметтің өкілдері 1930 жылы ауылдың малын тәркілеп алып, жаңадан құрылған «Ленин» колхозына өткізіп жібереді. Ауылдың тұрмыс-тіршілігі нашарлап, жағдай күннен күнге қиындай береді. Нәубет басталған жылдары ауыл тұрғындары жан-жаққа тоз-тоз болып, басы ауған жаққа қаңғып кеткен. Әсіресе, Кеңес өкіметі елді қамқорлығына алып отырған байларға қатты шүйлігіпті.

Солардың ішіндегі жасы жетпістен асқан, үш әйелі бар, байлығы да жетерлік Баушыбайдың әкесі Мырзатайды қысымға ала бастайды. Оның кіші әйелі Айым өзінен 25 жас кіші болған. Ол малының бәрінен айырылады, өкімет уәкілдері бір мал да қалдырмай күштеп тартып алып, оның үстіне «қанаушы» таптың өкілі болғаны және көп әйел алғаны үшін алыс аймақтарға отбасымен бірге жер аударылу қаупі төнеді. Бір күннің ішінде бала-шағасын асырауға шамасы келмейтін жарлы-жақыбайлардың бірі болып шыға келген. Осы тұста ашаршылық басталады.

Бала-шағасын аштықтан құтқарып қалу үшін, Мырзатай атам ересек болған ұлдарына арқа сүйеп, 1930 жылы күзге қарай қырғыз еліне бет алған. Таудың аржағындағы айыр қалпақты қырғыз еліне жету – оларға оңай болмаған. Тәркілеуден қалған бірлі-жарым дүние-мүліктерін түйеге, атқа артып тау құздарындағы тар жолдармен өтудің өзі қиынға соғады. Жолдың жиегі мен құздардың етегінде ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдарға қараудың өзі сондай қорқынышты болған. Тіпті, кейбір жандардың көздері бақырайған күйінде сұлқ жатқан, өлі ме, тірі ме білінбейді, тек қана бастарын ары-бері қозғалтқанынан әлі де болса кеуделерінде жандары бар екенін байқағанымен, көштің ілгері жылжудан басқа ешқандай амалы қалмаған. Көптеген қиындықтарды артқа тастап, өліп-өшіп қырғыз еліне де жетеді.

Баушыбай әкемнің екі ағасы да еті тірі, пысық жігіттер екен, бір ағасы Орманәлі жас кезінен аңшылықпен айналысқан, сол өнері аштық жайлаған жылдары Қазақстанда да, қырғыз жерінде де кәдеге асқан. Ал екінші ағасы Пәрменәлі ағаштан түйін түйетін шебер және алтын мен күмістен неше түрлі бұйымдар жасайтын керемет зергер болған. Солардың арқасында бір үйлі жан – 9 адам ашаршылықтың аман қалады. Тек Мырзатай атамның жалғыз

қызы Ұлбала елде қалып қойыпты, сол қызды өздері тұратын қырғыз еліне алып келуге Пәрменәліге табыстайды. Бірақ, ол күнкөрістің қамымен сауда-саттық жасап жүріп, Мәскеуде ұсталып сотталып кетеді.

Қырғызстанда жеміс-жидек мол болғандықтан күнкөріс біршама жеңіл болғанын әкем айтып отыратын. Бірақ, кез келген тағамды байқап жемесе, адам ағзасына зиян келетіні рас қой. Бір күні өріктің дәнін қайнатып ішіп, Баушыбай бала уланып қалған. Содан 5-6 сағат есінен танып, орнынан тұра алмай қатты әлсірейді. Құдай сақтап, жас бала өлім аузынан аман қалған екен. Қанша дегенмен, жат елде жүріп өмір сүру оларға оңайға соқпайды. Десек те, қырғыз жерінде Мырзатай атамның отбасы көптеген қиыншылықтарды кездестіргенімен, Қазақстандағы сияқты ашаршылықтың зардаптарын көрмеген екен.

Төрт жылдан кейін елден жағдай жақсарды деген хабар келе бастайды. Туған жеріне, атамекеніне оралу – қырғыз еліндегі босқындардың күндіз-түні ойлаған үміті ғой. Сөйтіп, 1934-1935 жылдары біздің әулет елге аман-есен оралады. Келе салысымен көп ұзамай Мырзатай атам 75 жасында қайтыс болыпты. Сол кезде әкем 12-13 жаста екен. Ер жетіп, соғыстың қарсаңында ол «Ленин» колхозында трактор айдайды, сондай-ақ шаруашылықтың басқа салаларында да жемісті еңбек етеді. Ал 1943 жылы әскерге алынып, еңбек армиясында қызмет атқарып, соғыс аяқталған соң елге аман-есен оралады...

Әкем зейнетке шыққанға дейін шаруашылықтың әртүрлі саласында қажымай-талмай етіп, балалары мен немерелерінің қызығын көріп 90 жастан асқан шағында мәңгілік сапарға аттанды деп қарияның кенже ұлы бар білгенін әңгімелеп берді. Осындай жас жігіттің әкесінің айтқандарын құлағына құйып алғанына риза болдық.

Баушыбайдың кіші ұлы Кенжеханның әкесі туралы айтқан естелігін қағаз бетіне түсіріп, рақмет айтып жолға шықтық.

## **Құдайберген Қырбасұлының әкесі туралы айтқан әңгімесі**

### **Көкдөнен ауылындағы ұжымдастыру шаралары**

Әңгіменің басында Құдайберген өзі тұратын өңірдің тарихынан хабардар екенін білдіріп сөзді бастап кетті. Оның айтуынша, ата-бабаларының қонысы Көгершін ауылы (бұрынғы Луговой жылқы зауыты) болған екен. Құдайбергеннің арғы бабалары туралы ел ішінде аң-құстардың тілін білген деген әртүрлі аңыз-әңгімелер тараған. Бұл әулеттің ежелден ата қонысы болған Көгершін ауылы қазіргі отырған Көкдөнен ауылынан 6 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Оның маңындағы шекаралас ауылдары – Көкдөнен ауылы мен Құмарық ауылы. Табиғаты керемет сұлу, суы мол Көгершін шатқалындағы елді мекен. Көгершін жері таудың баурайында жасыл желек-ке бөленген, жылқы малының жайылуына өте қолайлы Қырғыз Алатауының Тұрар Рысқұлов ауданымен жалғасқан бір сілемінің аймағы.



Көгершін ауылы бүкіл дүниежүзіне атағы мәлім, тұяқты тұлпар «Абсентті» өмірге әкелген өлке. Олимпиада ойындарының бірнеше дүркін чемпионы Абсенттің атақ-даңқын Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін сол жердегі ізбасарлары одан әрі жалғастыруда. Сол сияқты 1945 жылы маусым айында Ұлы жеңістің құрметіне өткізілген әскери шеруде маршал Жуковтың қызыл алаңға мініп шыққан ақ боз аты да Көгершін ауылындағы жылқы зауытында өсіп-өнген екен.

Көкдөнен ауылының да табиғаты ерекше, таудан Көкдөнен, Шөңгір, Құлабайтал, Биғаш, Ащыөзек, Сарыбұлақ секілді қайнар бұлақтары ағады. Осы су көздері тау басындағы мұздардың еруінен, сондай-ақ жаңбыр мен қар суынан бастау алып, тау бөктеріндегі кішігірім бұлақтармен толығып отырады.

«Ауылдың «Көкдөнен» аталуы –XIX ғасырдың ортасында ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесарының «Көкдөнен» деген аты осы жерде қырғыздармен шайқаста оққа ұшады. Сондықтан, ат жерленген жер Көкдөнен деп аталған. Сол сияқты ел аузында Көкдөнен жігіт пен Көгершін қыз туралы аңыз бар. Ауыл аты сол Көкдөненге байланысты да қойылуы мүмкін» деді Құдайберген өткен тарихқа көз жүгіртіп.

Кеңестік билік қазақтардың қолындағы жылқыны «маңқа» деген сылтаумен құртып, осы арқылы елдің көшіп-қонуына кедергі жасай отырып отырықшылыққа күштеп орнықтыру үшін осындай әрекет жасаған. Екінші жағынан, отызыншы жылдардың басында жаңа өкіметтің уәкілдері жоғарыдан берілген бұйрық бойынша Көгершін жеріндегі ел-жұртты «Калинин» колхозына біріктіріп, Әулие-Атадан жылқы айдап келеді де, осы жерде жылқы фермасын ұйымдастырады.

Бұдан сәл бұрынырақ Қырбастың малы, дүние-мүлкі тәркіленеді де, содан соң оны жергілікті билік шақырып алып: «Бұл аймақта колхоз құрылады, жерді босатындар» деген қатаң талап қояды. Ауыл ақсақалдары ата-қонысымызды өкіметке қалай береміз деп қатты уайымдайды. Кеңес өкіметінің өз дегенін істейтінін біліп, олардың көнбеске шарасы қалмайды. Сөйтіп, Қырбастың бас-көз болуымен ауыл тұрғындары Көкдөненге көшіп келеді.

Жергілікті тұрғындардың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі тұрмыс-тіршілігін өзгерту, оларды еріксіз отырықшылыққа көшіру, күштеп колхозға біріктіру, тәркілеу Қырбастың ауылдастарына оңайға соқпаған. Дегенмен, биліктің айтқанына көніп, елдің ата-қонысы Көгершіннен кетуге мәжбүр болады.

Көкдөнен аймағына әлі ешкім қоныстанбаған, бірақ «Калинин» колхозының жері болып есептелген. Осы жерде бірінші болып Қырбас үйінің іргесі қаланған екен. Малдан жұрдай болған Қырбастың ауылы егіншілікпен айналыса бастайды. Үй-үйлерден жинастырып 17 күрек, 5-6 шалғы, 3-4 тырма тағы басқа егін салуға қажетті құрал-жабдықтарды ортаға салып, ұжымдасып еңбек етуге кіріседі. Елдегі алапат ашаршылықтан бір үзім нан таба ал-

май, қаңғырып кеткен адамдар туған жеріне оралып, колхоздың жұмысына араласа бастайды. Көкдөнен өңірінің табиғаты егін салуға өте қолайлы болған, алғашқы жылдары бидайдың гектарынан 30 центнерден өнім алса, қызылшадан да мол өнім түскен.

Құдайберген әкесінен естіген әңгімесін бізге айтып беріп, жолға шығарып салды.

## **«Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі Ардақ Үсейінованың әңгімесі**

### **Талқан**

Көкдөнен тауды көлбеген ақ сағым бір кезде ақ көйлек киген қызға айналып, жақындап келе жатты. «Тағы да келді» деп ойлаған Сәулегүл бұл жолы қорыққан жоқ. Не де болса, тіл қатып сөйлеспек бөлып, жанына жақын келуін күтті. Жұмбақ сырды осылайша білмек болған, сірә. Барлығының жауабы әне-міне ашылғалы тұр...

Қара терге әбден малшынып қалыпты. Түсі екен. Сәулегүлдің соңғы кездері мазасы болмай жүр. Беймәлім бір күй. Бойын үрей билеп алған. Түнгі ұйқысы да тыныш емес. Бүгін де түс көріп, шошып оянды. Таңғалатыны – күнде көретіні сол бір түс. Және құдды, ескі кинопенкаға жазылғандай, күніге соңына жетпей үзіліп қалады.

Мәнісін ұғып болмас осы бір түс. Неліктен екені белгісіз. Әйтеуір түн баласы түсіне еніп, сағым болып қасына келетін елес бейне оның етене жақын адамындай көрінеді. Әйтеуір, Көкдөнен таудан самалдай есіп, сағымға оранып оралған елестің демімен жып-жылы болып сағыныштың лебі сезілетін.

Белгісіз үрей, түн ішінде шошып, оянатын беймазальық, осындай дүдәмалдық біразға дейін жалғаса берер ме еді, егер... Түн баласы ұйқыдан қалып, әбден титықтаған Сәулегүлдің санасында бала күнінде марқұм әкесі Әбіханнның айтқан мына бір әңгімесі қайта жаңғырмағанда.

«Өмір бойы оның елесінен құтыла алмай келемін. Кей кездері тырс етпей үнсіз қалып, көзіме көрінбей кеткенде, «бәлкім мұның бәрі жайсыз түс шығар» деймін өзіммен-өзім күбірлей сөйлесіп. Бірақ, бұл – өмір. Дүние есігін ашқан алты перзентімнің талқанының тым ерте таусылғаны түсім болып шықса, қанекей?! Менің саған айтқалы отырғаным, бұған дейін жан баласына тіс жармаған құпия сырым болатын».

Сонау бір балаң шағында әкесі тізесінің үстіне отырғызып, шашын саумалдай тарап қойып айтқан әңгіме осылай басталатын. Сәулегүлдің анасы 12 құрсақ көтергенмен, жазмыш оның маңдайына аман қалған, тек алтауын тәрбиелеп- өсіруді жазыпты. Үш ұл, бір қыз нәресте шағында шетінеп кетіпті. 1962 жылы тағы бір ұлды машина қағып кетіп, ұзақ науқастанған Ләззат

есімді қыз 33 жасында көз жұмды. Мұның барлығына тағдырдың жазуы деп көндігер ме еді, бірақ...

Алтауының да бұл өмірден татар дәмі таусылған кез таянғанда талмаусыраған таң алдында қабақтары қату, ақ киінген елес бейнелі кісілер келеді екен. Алты жолы келгенінде де орталарындағы ақ көйлекті қыз Әбіханнан балаларының талқанын сұрайтын көрінеді. Содан кейін...

Сәулегүлдің әкесі көз қуаныштарының бірінен соң бірінен айырылады. Мектепте оқып жүрген ағасын машина қағып кеткенде іштей қатты күйзелген Әбіханның бір-ақ жылда шашы аппақ қыраудай болыпты.

«Сол жылы дүниеге келген қызым Ләззатымның 10 айлығында олар тағы да келді. Олардың алдында, әдеттегідей Сабиракүл. Сабиракүл – менің әпкем. Өмірден ерте өткен екен. Әдеттегідей талқан сұрады. Әбден зәрезап болыппын. Ызаға булығып, қашанғы шыдаймын енді, далаға шығып мылтық аттым (олар тау бөктерінде мал бағатын). Мылтықты қорқытып аттым ба, қорыққанымнан аттым ба, ол жағын сол шақта шамалай алмадым. Сабиракүл қайтадан айналып келемін дегенді аңғартып, кетіп қалды. Ол сол Ләззаттан сұраған талқанын 33 жылдан кейін ақыры алып тынды ғой. Ауылдағы жұрт Алланы ауызға алуға қорқатын заманда Құранымды оқып, күндіз-түні Алладан сендердің амандықтарыңды сұраумен болдым» - дейтін әкесі Әбіхан.

Уақыт атты емші жүрекке түскен жараның дауасын тапты ма? Әйтеуір, бұл әңгіме бұның бала көңілінен бірте-бірте өше бастаған-ды. Біраздан бері мазалап, түсіне еніп, жүрген ақ көйлекті қыз әкесінің әңгімесін есіне қайта түсірді. Дәу де болса бұл сол. Сабиракүл әпкесі.

Сәулегүлге ауыл маңындағы сай-саланы ақсөңке сүйекке толтырған нәубет жылдар туралы әкесі айтқан. Әкесіне оның әкесі айтыпты. Жұртты жаппай қырғынға ұшыратқан ашаршылық Құллан жұртшылығын да айналып өтпегенін содан білген. Кейін бұл әңгімені әкесінің інісі Әлімхан да естіген.

Әлімхан тарихшы. Рас, ол ағасы Әбіхан секілді ашаршылық жылдарын көзімен көрген жоқ. Бірақ, ауыл қарияларынан естігендерін көкейге түйіп жүретін зерделігі ме, оның айтқандары қолмен қойғандай нақ, дәлелді болатын.

Қолдан жасалған ашаршылықтан халық қатты жүдеді. Зобалаңнан аман қалу үшін Мақұлбай зайыбының бүкіл алтын-күмістен жасалған әшекейлі бұйымдарын алып, тау асып тамақ тауып келу үшін жолға шығады. Мақұлбай кеткенде үйде әйелі, бір ұл, бір қызы қалады. Олардың талғажау ететіні бір тостаған талқан ғана.

Тұңғышы Сабиракүл 5-6 жасар, ес біліп қалған. Ұлы Әбіхан аяғын апыл-тапыл басқан 3 жастағы бала. Отағасының бұл сапардан аман-есен, әрі олжалы оралары бір Құдайға ғана аян. Көрші қырғыздарда да жағдай ауыр болса ше? Еркені (Мақұлбайдың әйелі) осындай сұрақтар мазалайды. Екі бала аш. Қыңқылдап тамақ сұрайды. Балаға тамақ жоқ деп айту қандай ауыр десеңізші?!

Таңның атысынан Ерке үйдің ортасындағы қара қазанды көтерді. Сынайы – ас қамы. Бірақ, бұл көз алдау екенін 3 жасар бала қайдан білсін. Аштықтан өзегі талып жатып, кеш батқанша буы бұрқыраған қазаннан көзін алмайды. Екі бала әбден әлсіреп, кірпіктері айқасып, көздері ұйқыға кеткенше қара қазандағы ас та пісіп болмайды. Күнде осы. Шындығында, қара қазанда ас емес, қара су қайнап жататын. Өзегі талған перзенттерінің көңілін аулаған ана осындай айла-шарғы жасайтын. Мақұлбай қайта оралғанша тостағандағы талқан үшеуіне бірдей жетпейді.

Ұл – отбасының қазығы. Ұл – ұрпақ жалғастығы. Бір әулеттің түтінін түтететін ұлдың аман қалғаны дұрыс. Осы бір ой иектеген Ерке, қызы Сабиракүл ұйықтап қалғанда, Әбіханға бір уыс талқан жалатып қоятын.

Барлық алтын-күмісті бір табақ бидайға айырбастап, Мақұлбай арып-ашып жеткенде әйелінің кірпігі әрең қимылдап жатты. Ұлы былдырлап ойнап жүр екен. Қызы қазанның қақпағынан тас қып ұстаған күйде қатып қалыпты. Мына көрініске қарап тұра беруге Мақұлбайдың дәті шыдамады. Лезде үйден пышағын алып, тауға қарай бет алды.

Бағана жолда келе жатып байқаған. Кеңестік биліктің колхозға біріктіреміз деп ел-жұрттан тартып алған қой-ешкісін таудың бір аңғарында қырылып жатқанын көрген. Сол жерге барып, өлексе малдың тазалау етінен кесіп алып келді. Таза суға қайнатып пісірді. Сөйтіп, сорпасынан Еркенің аузына тосты. Бірер күннен кейін Ерке басын көтерген.

Алапат ашаршылық жылдарында өлмей аман қалудың барлық амалын жасаған Мақұлбай қызы Сабиракүлді жөндеп арулап көме алмаған да еді. Бар күш-қажыры ауыл сыртындағы бос жатқан жер үйге әкеліп бетіне дуалды құлатып жапқанға ғана жеткен...

Сабиракүл жай қыз емес-тін. Жеті атадан бері үзілмей келе жатқан ерекше қасиет бойына дарып туған перзент болатын-ды. Кейін тыныш заман орнағанда үйлі-баранды болған інісі Әбіханнан Сабиракүл өзіне бұйырмаған талқанды сұрап келуі де бекер емес-тұғын. Әбіхан өмірден өткен соң, ол қыз енді Сәулегүлдің түсіне еніп жүр. Қол бұлғап белгісіз бір жаққа шақырады. Үнсіз иесіз, қараусыз қалған төбені нұсқайды.

### Сөз соңында...

Сәулегүл Көкдөнен ауылында туып-өсті. Қазір Ақтау қаласында тұрады. Көрген түсі жайлы ауылға келгенінде ағасы Әлімханға айтып еді, «Сенің түсіңдегі қыздың сілтеген бағыты ағамыз Мақұлбай көрсетіп кеткен Сабиракүлдің жатқан жерімен тұспа-тұс шығып отыр» деді. Сәулегүлдің ендігі бір арманы ауылға барғанда сол жерге барып, арнайы құран оқыту. Сонда көңілі тыныш табатын шығар. Көкдөнен тауды тынбай кезген ақ көйлекті қыздың жаны содан барып жай табар...

## Сейітбаева Гүлсана ашаршылықты көрген қарттар жайында әңгіме қозғайды

### Бір уыс бидайды бөлісіп жеген қариялар...

- «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық тарихында 1930-1933 жылдардағы нәубеттен асып кеткен апат ешқашан болған емес. Ашаршылық жайлаған заманда жақын туыстарын жоғалтпаған бірде-бір қазақ болмаған шығар, ондай зобалаңды қазіргі ұрпақтың ата-бабалары да бастарынан өткергені шындық екені рас. Аштықтың азабын тартқан бүгінгі қариялармен әңгімелесе қалсақ болғаны, олардың айтқандарының бәрі бір жерден шығып жатады.

Алайда, бұл қасірет – бүгінгі күні жалпы жұртшылықтың назарынан тыс қалып отырған сияқты. Әсіресе, жастар жағы халық тарихының ажырамас бір бөлігі – зұлмат жылдар жайында біле бермейді. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы елдің басына шүйліккен аштық туралы танымал ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері, сол сияқты тарихи деректер негізінде жазылған әдеби шығармалар жарыққа шығып жатыр, бірақ қазіргі кітапты аз оқитын заманда көпшілікке жете қойған жоқ. Кеңестік жүйенің қатал цензурасы билеп тұрған кезде аштықтың азапты көріністерін ашық айтуға да, жазуға да тыйым салынғанына қарамастан, қаламгерлер өздерінің шығармаларында шындықты астарлап айтты. Мысалы, Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романы мен «Шұғыла», «Талпақ танау» әңгімелерің, Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» және «Дауылдан кейін» романдарын түсініп оқыған оқырман аздап болса да ашаршылық туралы түсінік алады. Ал еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе», Б. Қыдырбекұлының «Алатау», З. Жәкеновтың «Зұлмат», С. Елубайдың «Ақ боз үй» романдары, М. Мағауиннің «Сары қазақ», С. Жүнісовтың «Заманай мен Аманай», Т. Сәукетаевтың «Құзғын тойған қыс», т. б. повестері жазылды. Бұл қуанарлық жәй. Қазіргі жас ұрпақ аталған көркем шығармалардың мазмұнын оқып шықса, XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы бұрын-соңды болмаған алапат ашаршылық туралы көптеген мәліметтерге қанық болар еді.

Бүгінде ашаршылықтың ақиқатын көрсететін деректі флиьмдер азын-аулақ, әлі күнге дейін бірде-бір көркем фильм түсірілмеген, елді мекендерде жазықсыз құрбан болғандарды қадір тұтатын ескерткіштер мен белгілер де санаулы ғана, аза тұтып, құрбандық шалып, Құран бағыштап, оларды еске түсіретін белгіленген күн болса өте дұрыс болар еді. Нәубет жылдардың құрбандарын ескерусіз, жоқтаусыз қалдырмау – біздің парызымыз деп білгеніміз жөн.

Алдағы уақытта ғылыми зерттеулердің қарқынды жүргізілетіні және көркем шығармалардың жазыла беретіні сөзсіз. Тек қана қилы-қилы тағдырды

бастан кешкен қазақ халқы туралы жазылған жазбалар жалпы көпшілікке жетуі тиіс. Сонда ғана қазіргі өскелең ұрпақ өз халқының тарихын біліп, өз ұлтының салт-дәстүрлерін, тілін, ділін, болмысын құрметтейтін болады.

Отызыншы жылдардағы биліктің қолымен жасалған ашаршылық кезінде қазақ халқының қынадай қырылғаны қазіргі уақытта бүкіл әлемге белгілі болды. Тарихи деректерді ақтарып көрсек, 1927-жылғы Республикалық ЦУНХУ-дің болжамы бойынша 1932 жылы Қазақстандағы ауыл халқының саны 4,2 миллион адам болады деп есептелген. Ал, 1933 жылдың ортасында жүргізілген ресми санаққа қанша қосып жазуға тырысып бақса да, өлген адамдардың санын көзбояушылық жасап азайтқанымен, ауылдарда тірі қалған адамдардың санын 1,5 миллионнан асыра алмады. Бірақ олардың қасіреті мен жапа шеккендігі, төгілген қаны мен көз жасы, кеудеден жазықсыз ұшқан жандары мен қыршынынан үзілген өмірлері бізді – олардың бүгінгі ұрпағын алысқа жіберер ме екен?! Өткен күндердің қасіретін жалпы жұртшылыққа жариялау – қазақы ұлттық рухымызды, ұлттық болмысымызды жандандыра беретіні айқын.

«Осындай ойсырата соққан саясаттың дауыл-дүлейінен Тұрар Рысқұлов ауданы да шет қалмады. Ауданымыздың құрметті азаматы, журналист С. Кожеке ағамыздың Құлтан тарихына байланысты кітабындағы деректері бойынша, 1931-1932 жылдары осы өңірді ашаршылық жайлаған. Мәскеудегі және жергілікті билік өкілдері аз уақыттың ішінде ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықты күйретіп, оның орнына ұжымдық шаруашылықты құруға белсене кіріскен. Ұжымдастыру саясаты бойынша ел-жұрттың малын тәркілеп колхозға біріктірді. Ауылдардағы халықтың қораларында тігерге тұяқ қалмаған. Дәл осы кезде саясат, мәдениет пен ғылым саласындағы кадрларды «тазалату» басталған екен. Мәселен, «Жанатұрмыс» ауылындағы есепші Қонарбай ақсақал мен мектеп іргесін қалаған Құлбарақ деген кісілер жазықсыз сотталып кеткен. «Халық жауы» деген жаламен «Құттыжан» колхозының (қазіргі «Жақсылық» ауылы) он екі адамы абақтыға жабылады. Тіпті, Иманалы мен Ахмет сияқты уыздай жастарға да жала жабылып айдалып кеткен» деген мәліметтер келтіреді Т. Рысқұлов ауданындағы балалар мен жасөспірімдер орталығының әдістемелік бөлім меңгерушісі Гүлсана Сейітбаева.

Кейінгі кәмпеске кезінде қазақ тағы да жан-жаққа тарыдай шашылып, басы ауған аймақтарға қаңғырып, діттеген жерлеріне жете алмай жол бойында қырылып қалады. Босқындар бас сауғалап, шетел асып, тіпті, кейбір әулеттен бір адам да қалмай із-түзсіз жоғалып кеткен. Ұлан-байтақ даладағы ауылдарды да, қалаларды да жайлаған аштықтан аман қалу үшін жүздеген мың қазақтар Кеңес Одағы құрамындағы Өзбекстан, Ресей, Түркменстан, Қырғызстан елдеріне үдере көшті, сонымен бірге Қытай, Иран, Ауғанстанға дейін ауып кетті. Қызылдар өздерінің тыңшылары арқылы алдын-ала біліп алып, шекараға жеткен көшті қырғынға ұшыратып отырған.. Кеңестік билік

байларды тап ретінде жоюды қатаң қолға алып, тіпті, ешқандай кінәсі болмаса да, олардың бала-шағасын да қуғынға ұшыратып жер аударды, кейбіреулерін Сібірге айдады. Олар тек бай болғаны үшін ғана қудаланды.

Гүлсананың айтуына қарағанда, сол қиын-қыстау заманда Луговой (қазіргі Т. Рысқұлов) ауданының көп тұрғындары күнкөрістің қамымен Өзбекстандағы Қарасу ауданын паналапты. Ашаршылықтың азабын тартып жадап-жүдеп барған ел-жұртқа онда әртүрлі кәсіппен айналысып, мақта, жүгері, картоп, жеміс-жидек тасып өлместің күнін көруге мүмкіншілік туады. Сол жақтан заман түзелгеннен кейін ғана көпшілігі елге оралады. Ал бірлі-жарым отбасылар барған жерінде тұрақтап қалған, күні бүгінге дейін олардың ұрпақтары Өзбекстанда тұрып жатыр екен.

Алапат аштықты да, жойқын соғысты да бастарынан кешірген Т. Рысқұлов ауданының ардагерлері Сүлейменов Асаубай, Шажалиев Илияс, Мырзахметов Жақан секілді қарттар ашаршылықты көзімен көріп, небір сұмдық оқиғалардың куәсі болған. Көпті көрген ақсақалдардың айтуынша, өзектері әбден талған 10 шақты адамның бір уыс бидайды шикідей бөлісіп жеген күндері де болған.

Осы ауданның «Каменка» селосының оңтүстігінде 10 шақырымдай жерде «Қорғантас» деген тау шатқалында дүниеге келген Әуезхан Әміреқұлов қария да Кеңес өкіметінің алғашқы 1921-1922 жылдарында болған ашаршылықты, сонымен бірге одан да асып кеткен 1930-1933 жылдардағы нәубетті және 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінді көріп, сол замандағы барлық қиындықтарды басынан өткерген екен. Әуезхан ақсақал Қырғызстанның базарында бір орыстың аштықтан бұралып жүрген қазақты балтамен ұрып өлтіргеннің куәсі болған. Қаншама зорлық-зомбылықты көріп жүрсе де, мынадай сұмдықты көргенде жан-дүниесінің қатты қиналғанын Әуезхан қарияның естелігінен-ақ байқауға болады.

-Талай-талай зұлмат жылдардың азаптарын көрген Смайылова Нахатай әженің айтқан естелігі – сол кездегі тарихи шындық екеніне ешкім күмән келтірмейді. Небір сұмдықтардың куәсі болған әже өзінің басынан кешірген және көрген оқиғаларын ұлына айтып кеткен екен, - дейді Гүлсана әңгімесін одан әрі жалғастырып.

- Ол кісі Т. Рысқұлов (бұрынғы Луговой) ауданындағы «Қаракемер» ауылында 1907 жылы дүниеге келген. Сол жердегі жаңабай руының қызы екен. Талай қиындықтарды басынан кешірген ана 11 құрсақ көтеріп, 7 баласы ашаршылықтың құрбаны болған. Осындай қиын-қыстау кезеңде аштықтан әлсіреп жүрген адамдар жақын туыстарын арулап жерлеуге мұршасы келмей «Жаңатұрмыс» ауылының маңындағы «Мөңке» деген жердегі бұрыннан қалған дуалдарды құлатып, ор қазып, шыбындай қырылған адамдардың бетін жабуға ғана шамалары келген.

Кеңестік биліктің озбырлық саясаты еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасқанын білеміз. Мысалы, аштықтан қырылған адамдар жаппай жер-

ленген сол «Мөңке» жеріне 1980 жылдары коммунистік идеяға әбден сенген билік өкілдері колхоздың 50 гектар жерін тегістеп, егін ектірген. Жергілікті механизаторлар жерді жыртудан бас тартқан соң, басқа жақтан орыстарды әкеліп жерді айдатқан кезде сол жерде көмілген адамдардың сүйектері шығып, осындай жантүршігерлік жағдайды көрген ауыл тұрғындары қатты қиналған көрінеді. Бұдан артық қандай сорақылық, көрсоқырлық болады екен?!

Еліміз коммунистердің қыспағынан құтылып, озінше жеке мемлекет болғаннан кейін ауыл қариялары өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы өздері көрген-естіген ашаршылық жайында және 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы ашық айта бастады. Сондай сұмдық оқиғаларды аудандағы көнекөз қарттардың аузынан талай естіп едік. Олардың айтуына қарағанда, бір отбасының ұлы және қызы болған екен. Ашаршылықтан бас сауғалап, жаяу-жалпылап шетел асып бара жатқан осы отбасының жейтін тамағы таусылып, өздері әбден қалжырап, емшектегі бесалты айлық қызына анасынан сүт шықпай ашығып, тіпті, жылауға да мұршасы келмей әлсіз үнмен ызыңдай берген, ал үш-төрт жасар ұлы да жетектеуге ілесе алмай жылай береді. Әке-шешесі нәрестені кезек-кезек көтеріп ілгері жылжи беруге күш-қуаты жетпегендіктен, сонымен бірге қыздың жанбай жатып сөніп бара жатқанын біліп, амалсыздан жылай-жылай жол бойындағы биіктеу жерге қалдырып кетуге мәжбүр болады. Сөйтіп, қызын құрбандыққа шалып бұл отбасы арып-ашып бірнеше күннен кейін қырғыз еліне жетеді... Кейін елге аман-есен оралған соң өкінішпен жылап, қызды тастап кеткен жерге қайта-қайта барып құран бағыштап отырған. Осындай ауыр қайғыға тап болған жас сәбидің әкесі мен шешесін кінәлі деп айтуға дәтіміз бармайды. Сонда кім?! – деді Гүлсана көпті көрген қариялардың естеліктерінен деректер келтіріп.

**Автордан.** Қазақ халқының жаппай қырылғанына сол кездегі билік жауапты десек те, бірақ күні бүгінге дейін мұндай қызыл қырғын үшін ешкім жауап берген жоқ. Ертеден-ақ кең-байтақ қазақ жеріне иелік етуге ұмтылған жатжұрттықтар көп болған. Әсіресе, XIX ғасырдан бастап патшалық Ресей билеушілерінің тапсырмасымен қазақ қоғамына байланысты М. М. Сперанский мен П. А. Столыпиннің жасаған реформаларының негізгі мақсаты - қазақ еліне орыс шаруаларын қоныстандыру арқылы барлық шұрайлы жерлерді басып алу және қазақтарға орыстандыру саясатын жүргізіп, түпкілікті Ресейге бағындыруды көздеді. Ал Сталиннің тұсында қазақ халқының ежелден қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескермей, күнкөрістің негізгі бағыты болған малын күштеп тартып алып, ашаршылыққа ұрындырды. Біртұтас халықты түп-тамырымен жоюды ойластырған Кеңестік биліктің мұндай саясаты отызыншы жылдары шарықтау шегіне жетті.

Алашорда үкіметінің басшысы, ғалым Әлихан Бөкейханов қазақтардың мал өсіруге байланысты тіршілігі жайында былай деген:



«...жердің көп-аздығына қарамай, жердің науасына қарай адам баласы мал баққан, ия егін салған... Қазақ жері мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан.

Жерінің ерекшелігіне қарай бейімделіп, мал өсіруді негізгі кәсібіне айналдырған жұрт жалғыз қазақ емес. Австралиядағы ағылшын жұрты, Швейцария елі де осы тиімді мал шаруашылығымен айналысып отыр».

**Мәмбет Қойгелді. Реформаторлар буыны, «Егемен Қазақстан»  
30 қыркүйек 2016 жыл.**

## **Дерек көздері**

Ашаршылықтың салдарынан көптеген балалар әке-шешесінен адасып қалып жетім қалған. Оларды балалар үйіне орналастыруға орын жетпеді және тамақтың жеткіліксіздігінен балалар өліп жатты.

Қазақ органдары 1932 жылдың аяғына қарай 50 мың қазақ балаларының қаңғып үйсіз-күйсіз жүргенін ресми түрде хабарлаған.

**Т. Рыскулов. Собр. соч. в 3 томах, стр. 324.**

## ТАЛАС АУДАНЫ

Талас ауданы – Жамбыл облысының оңтүстік-батысында орналасқан аймақ. Жеке аудан болып 1928 жылы құрылған. Аудан аумағында 25 елді мекен бар, қазіргі орталығы – Қаратау қаласы, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 105 шақырым жерде орналасқан.

Талас өңірі ертеден-ақ адамдардың құт мекені болып келді. 1957 жылы археолог Х. А. Алпысбаевтың «Бөріқазған», «Тәңірқазған» деген жерлерден біздің дәуірімізге дейінгі адамдар тұрағынан тапқан тас құралдары мен саймандар Талас аймағында ежелгі адамдардың өмір сүргендігін дәлелдейді.

Бұдан кейінгі замандарда сақтар, ғұндар, түркілер, үйсіндер, қаңлылар және т. б. тайпалардың мекендегені тарихтан белгілі... Әсіресе, орта ғасырларда осы өңірді мекендеген халықтардың көшпенді тұрмысымен қатар отырықшы-егіншілікпен айналысқанын аудан аумағында орналасқан Тектұрмас, Тайтөбе, Төрткүл секілді қалалардың, сондай-ақ Ақкесене, Қызылқорған, Жаңақорған бекіністерінің орындары айғақтай түседі.

Аудан жері негізінен жазық, тек оның оңтүстік-батысындағы таулы аймағын Қаратау жоталарының оңтүстік-шығыс бөлігі алып жатыр. Ауданның жер қойнауы табиғи байлықтарға мол болып келеді. Онда әктас, доломит, мәрмәр, гранит, уран, уран, табиғи газ және алтын, гипс, барит, кальцедон, корғасын т. б. минералды байлықтар да жетерлік.

Қысы суық, жазы ыстық, аңызақты болып тұрады. Аудан жерінен Талас, Аса, Көктал, Тамды секілді өзендер ағып өтеді. Сол сияқты Билікөл, Ақкөл, Ащыкөл, Түзкөл т. б. жасанды көлдері де бар.

XX ғасырдың 30 жылдарында бұл өлкенің халқы да ашаршылықты басынан кешірді. Мұрағат деректеріне көз жүгіртсек, 1930-1933 жылдары Талас ауданындағы аштықтың салдарынан мал, сонымен бірге адам санының азайып кеткені туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Бір ғана мысал келтірейік.

«1930 жылы аудан бойынша 48473 адам тіркелсе, 1933 жылы оның саны 12638 болды. Яғни, 35835 тұрғын аштан өліп, моласыз қалған немесе кейбірі отбасымен болмаса жеке-жарым өзге аймақтарға қоныс аударып кеткен».

Еділ Әлиев. Жан қайғы, Тараз, 2012, 65-бет.

### **Талас аудандық «Нұр Отан» ХДП филиалының жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Сейдуанов Тынысбектің әңгімесі**

#### **Жоқшылықпен өткен балалық шақ**

- XX ғасырдың басында алаш арыстары айтып кеткен «алты миллион» қазақтың жартысынан астамы 1921-1922, 1930-1933, 1937-1938 жылдары

ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандары болғанын тарихтан білеміз. Әсіресе, 1930-1933 жылдардағы қазақ ұлтының басына төнген нәубет айрандай ұйып отырған ел-жұрттың шаңырағын ортасына түсірді, сондай-ақ биліктің пәрменімен халықтың малы мен дүние-мүліктері тәркіленді, өздерін алыс аймақтарға жер аударды, ал жөнсіз озбырлыққа қарсылық көрсеткен байларды, орта шаруаларды Сібірге айдады.

Сонау ежелгі сақ-ғұн дәуірінен бері ғасырдан ғасырға жалғасын тауып келе жатқан қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесі күйретіліп, оның орнына кеңестік шаруашылықты ұйымдастырудың жаңа түрі – колхозға біріктіру Кеңес өкіметі тарапынан дұрыс жүргізілмеді. «Асыра сілтеушілік болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандатқан большевиктер байлар мен бақуатты шаруаларды былай қойғанда, тіпті, тәркілеудің екінші толқынында жоғарғы биліктің нұсқауымен жергілікті шолақ белсенділер кедейлердің де бір-екі қой-ешкісін күштеп колхозға өткізеді. Елдің қорасында тышқак лақ қалмады, мал өнімдерін ықылым заманнан бері пайдаланып келе жатқан халықтың ішіп-жейтін азық-түлік қоры таусылды. Бұл кезде Талас ауданы тұрғындарының көбі егін салуға әлі дағдылана қоймаған болуы керек. Содан малдан жұрдай болған осы өңірдің елі ашаршылыққа ұрына бастайды. Осындай зобалаң Талас аймағына да келіп жеткен көрінеді, - деп Тынысбек қария әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Қазіргі кезде Талас ауданының орталығы - Қаратау қаласында сол зұлмат күндерді бастарынан кешірген санаулы ғана қарттар қалды. Бүгінгі күндері 90 жасқа жеткен, 90-нан асқан қарттардың балалық шағы сол аштық жылдарымен тұспа-тұс келген ғой. Өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болсын, халқымыздың ауыр тарихынан сабақ алсын деген мақсатпен балалық шақтары нәубет заманында өткен ақсақалдармен кездесуге Қаратау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекен Досымұлының өтінішімен аттанып кеттік. Алғашқы бағытымыз 40 жылға жуық Аудандық тұтынушылар одағында бас есепші қызметін атқарған Шәмшат Ізбасарұлының үйі болды. Жылы шыраймен қарсы алған көпті көрген қария біздің келген себебімізді естігенде, әу дегенде зобалаң жылдардағы қаралы күндер туралы және жоқшылықпен өткен жастық шағы жайында сөз қозғаудан бас тартты. Алайда, ақсақал бір сәт терең ойла-нып алып, біздің көңілімізді қимай өтінішімізді жерге тастамастан балалық шағындағы қиын да, күрделі күндері жайлы әңгімені бастап жіберді. Сөйтіп, сол қиын-қыстау кезеңде бала болса да отбасымен бірге зұлмат заманның қиындықтарын өз көзімен көрген, небір ауыр оқиғалардың куәгері болған қазіргі ардагерлердің бірі – Шәмшат ақсақалмен әңгімелесудің сәті түсті.

- Мен 1927 Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қызыләскер ауылында шаруа отбасында дүниеге келген екенмін, - деді Шәмшат қария сәл үнсіздіктен кейін. - 1932 жылы ауылға келген ашаршылық апаты біздің отбасымызға да ауыр тиді. Мал дейтін мал жоқ, үйдегі аздаған азық-түлік қоры да таусылып, тұрмыс-тіршілігіміз күннен күнге қиындай берді. Кейін білдік

қой, бұл бүкіл қазақ халқының басына шүйліккен орасан зор ашаршылықты қолдан жасаған қызылдар екен. Бір үзім нанға зар болып ауыл тұрғындары алыс-жақын ағайындарын іздеп, жолға шықты. Заман түзелген соң туған ауылына қайта оралған адамдардың айтуынша, сол кезде аштықтың азабын тартып жан-жаққа босып кеткен бейшаралардың көбі діттеген жеріне жете алмай аштықтан, суықтан жол бойында қатып қалған. Мұндай сұмдықты бұрын адам баласы көрді ме екен? Қазір жасым келген кезде зобалаң жылдардың осындай ауыртпалықтарын айту, еске түсіру маған өте ауыр. Сонда да болса сіздерге кейбір жағдайларды айтып отырмын ғой. Сонымен күнкөрісіміз нашарлап, ішіп-жейтін тамақ болмай Жамбыл облысындағы Свердлов (қазір Байзақ) ауданы Үлгілі ауылына Қызыләскер ауылынан 7 шаңырақ көшіп келдік. Мұнда біздің аталас ағайынымыз Ошақбайдың әкесі Пернебай бұрыннан осы ауылда тұрған екен. Ол кісінің бақуатты тұратын біліп, соны жағалап келген едік. Сол тұста Ошақбай үш айлық заң курсын бітіріп келіп, Үлгілі ауылдық кеңесінің төрағасы болып қызмет істеп жүрді. Кейіннен ол қалалық, облыстық соттың төрағасы болды, содан соң Алматы қаласында жауапты қызметтер атқарды. Ауылда жүрген кезінде Ошақбай алыстан арып-ашып келген біздің әулетке қолынан келгенше көмек көрсетті, Үлгіліден екі бөлмелі жаппа там бергізді, - деп еске алды Шәмшат қария.

Пернебай елдің басына алапат аштық төніп тұрған қиын кезеңде саудасаттықпен айналысқан. Оның әр демалыс сайын базардан алып келген малын бала Шәмшат бағып, күнін көріп жүреді. Әрине, таңның атысы, күннің батысы дегендей, ертеңнен қара кешке дейін жас балаға мал бағу оңайға соқпайды. Ал әкесі Ізбасар кейінірек жүзім совхозында жұмыс істеп, екі бөлмелі жертөлеге әрең дегенде қол жеткізеді.

Шәмшат ақсақал бір сәт мұңайып отырды да, сәл уақыттан соң бізге шешесінің ауыр сырқатқа ұшырап, жағдайының күн санап ауырлағанын баяндады.

- Ашаршылық жылдарында талай-талай азапты күндерді басынан кешірген анам тамақтың жеткіліксіздігінен болды ма, әлде суықтан болды ма, әйтеуір, жазылмайтын дертке шалдықты. Әлі есімде, 1934 жылдың күзіне қарай әкем аудан орталығынан дәрігер алып келді. Ол анамның сүзекпен ауырғанын анықтады. Содан дәрігер шешеме «мынаны ішсеңіз, жазыласыз» деп, дәрі берді. Екі сағат өткен соң байғұс анам жан тапсырды. Сөйтсе, сүзек – өте жұқпалы ауру болғандықтан, анамның бұл аурудан жазылмайтынын білген дәрігер басқаларға жұқпасын деген мақсатпен қиналып жатқан шешеме у берген екен. Міне, осындай азапты қайғыны да көрдім.

Көзіміз жәутеңдеп, бәріміз жетім қалдық. Біздің жанымызға қатты батқаны анамның артында 5 айлық сәби қалды. Мен болсам 7 жастамын, ал әпкем 8-де жас сәбиді бағуға шамамыз келмейді. Жоқшылық елді қысып тұрған кезде балаға беретін сүт қайдан болсын, әкем Ізбасар ағасы Өткелбайдың әйеліне емшектегі баланы асырап алуын өтінеді. Сондай қиын заманда кім

жетісіп отыр дейсің, жеңгеміз жетім қалған сәбиді асыраудан бас тартады. Өздері «шықпа жаным, шықпа» деп отырған Өткелбай ағамның отбасындағы жағдайды түсінуге болатын шығар, балаға беретін тамақ түгілі үлкендердің өзі аштықтан бұралып жатса, кімге кінә қоярсың?

- Ақырында, бала аштықтан жарық дүниенің қызығын көре алмай, жанбай жатып сөнді. Сөйтіп, жалғыз інімнен ажырап қалдым. Біздің әулетімізге ғана емес, мұндай қиындықтар бүкіл елдің басына төнген қайғы-қасірет болды ғой, - деді өткен күндерді еске алған қария.

Біртұтас қазақ халқын ашаршылыққа ұшыратқан Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірі болғаны айдан анық. Халқымызды революция жолында құрбан етуді мақсат еткен большевиктердің озбырлығы екендігін енді ғана халық түсінгендей болды. Өйткені, Кеңестік билік ашаршылық туралы айтуға қатаң тыйым салған еді. Балалық шағы отызыншы жылдардың ауыр кезеңдеріне тап болған Шәмшатты 14 жасында басқа жасөспірімдермен бірге ФЗО-ға Қарағанды қаласына алып кетеді. Дәл осы кезде батыста соғыс басталды. Содан бір жыл шахтада жұмыс істеп, денсаулығы сыр бергеннен кейін елге оралады...

Шәмшат қарияның балалық шағы да, жастық шағы да еліміздің тарихындағы ауыр жылдарға тұспа-тұс келді. Бірақ, ол ел еңсесі түзелгенше мойымай, небір қиындықтарға қарсы тұрды. Өзіне тапсырылған міндетті және артқан сенімді абыроймен атқарды. Жарты ғасырға жуық уақыт бір жерде тапжылмай еңбек етіп, бүгінгі биігіне жетті. 1985 жылы Еңбек ардагері деген атаққа ие болды. Қазіргі кезде 4 ұл, 3 қыздан тараған ұрпақтардың қызығын көріп отырған қадірлі ата. Ардақты ақсақалдың бүгінгі тілегі де тәуелсіздігі баянды елдің тыныштығы мен татулығы.

## КҮШІКБАЕВА ТІЛЕУЛЕС АНАНЫҢ АШАРШЫЛЫҚ АЗАПТАРЫ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІ

### Тұзсыз жеген жаужұмыр адамдарды аштықтан құтқара алмады

Ашаршылық болардан жарты жыл бұрын ғана Тілеулестің анасы Өмірбекқызы Қантай Үшарал ауылына келін болып түсіпті. 1929 жылдан бастап бұл ауылда да тәркілеу басталып, бай-кедей болғанына қарамай елдің бар малын, дүние-мүліктерін Кеңес өкіметінің уәкілдері күшпен тартып алғанын Тілеулес шешесі Қантайдан талай естіген екен. Жаңа өкіметтің билігі Үшарал ауылына да қысымды күшейтіп, көптеген отбасы мүшелерін қанаушы тап санатына теңеп, жазықсыздан жазықсыз Сібірге жер аударған. Жоғарғы өкімет орындарынан келген уәкілдер жергілікті шолақ белсенділерді алдарына салып алып, ауылдағы кедейлерді қорқытып, сол кезде қарамағындағы елге қамқорлық жасап, асырап отырған байларға қарсы оларды куә ретінде пайдаланған. Көп жағдайда орташа ғана тұрмысы бар шаруалар да байлардың қатарына жатқызылып бүкіл малдан, дүние-мүліктен жұрдай болып айырылған. Осылардан қатарында Тілеулестің шешесі Қантайдың да отбасын байсың деп малдан бір тұяқ та қалдырмаған екен. Тіпті жергілікті жалған белсенділер өкіметтің тапсырмасын орындаймыз деп, тәркілеуге жататын нормаға дейін жеткізу үшін Үшарал ауылындағы жекелеген кедей отбастарындағы малдарды бір жерге жинап барлығын мемлекетке өткізіп жіберген.

Содан ауылда жұт басталады. Шамасы келетіндер күнкөрістің қамымен тамақ іздеп жан-жаққа кете бастайды. Бала-шағасын келе жатқан алапат ашаршылықтан құтқару үшін Қантай апаның отбасындағы ер-азаматтар да жолға шығады. Бірақ, олардан белгісіз себептерге байланысты бірнеше ай бойы хабар болмайды. Үйде Қантай, оның қарттық жасқа жеткен енесі және тоғыз жастағы қайын сіңлісі ғана қалыпты. Олардың аз-аздан талғажау етіп отырған азық-түлігі таусылып, аштыққа ұшырайды. Жағдайлары әбден қиындаған соң ауылдың әйелдеріне қосылып, үшеуі де Талас жеріндегі құмды аймақта өсетін өсімдік – жаужұмыр қазуға кеткен екен. Жаужұмыр – картопқа ұқсас жабайы өсетін өсімдік. Бұл өсімдікті қазақтар ертеден жақсы білген. Тұз болмағандықтан әрі аштыққа шыдай алмай жаужұмырды көп жеп қойған адамдар ісініп кетіп, өліп қалатын болған. Әйелдер 5-6 адамнан топ-топқа бөлініп, жаужұмырды қазып алып, жеп өлместің күнін көріп жатады. Өздерімен бірге ала келген жас балалар, денсаулығы нашар әйелдер де жеткілікті нәр татпағандықтан аштықтан, аурудан қайтыс бола беріпті.

Көп ұзамай құмға келе салысымен Қантайдың енесі жаужұмыр жегеннен кейін ісініп кетіп, қайтыс болады. Сол кезде Қантай 16 жаста екен. Енесінің

өліп қалғанын білмей, аштықтан әлсіреп ұйықтап жатқан шығар деп ойлап, қайын сіңлісі екеуі енесінің жанында үш күн, оның шапанының етегін жамылып жатыпты...

Өліп қалған енесін қалай көмерін білмей, жылап-еңіреп жүргенде сол құмды аймақта қоян аулап жүрген бір шал Қантайдың енесін жерлеуге көмектеседі.

Жаужұмыр қазып, күнін көріп жүрген әйелдер әлгі шалдың аулаған қояндары бар екенін біліп, Қантайға білдірмей оның 9 жастағы қайын сіңлісін ұрлыққа жұмсайды. Содан шал өзінің қояндарын біртіндеп ұрлап жүрген адамның ізіне түседі. Бір күні қояндарды ұрлауға келген жас қызды шал ұстап алып, дедектетіп әйелдерге алып келеді де:

- Мына бала кімнің қызы? – деп сұрайды. Сонда Қантай шыр етіп:

- Бұл менің қызым, – деп араша түседі.

- Сен өзің әлі баласың, бұл сенің қызың емес. Қызды ұрлыққа жіберген кім, шындықты айтыңдар! – деп шал қасарып тұрып алады.

Ешкім үн қатпаған соң қызды шеген құдыққа салып әбден сабайды. Денесіне таяқ өтіп әлсіреген қыз «анау, апа» деп толықша келген әйелді көрсетеді...

Кейін Қантай мен қоян ұрлаған қайын сіңлісіне шалдың мейірімі түсіп, өзімен бірге ауылына алып кетеді. Сол шалдың жұмысын істеп, қалған-құтқан тамақтарын жеп, екеуі ашаршылықтан аман-есен қалыпты. Ал жан сақтау үшін жаужұмыр қазып жеуге құмды ауылға барған әйелдердің көбі ісініп-кеуіп, жантәсілім еткен екен. Бір ауылдан барған көп әйелдердің ішінен бес-алтауы ғана «шықпа жаным, шықпа» деп өлмей қалған.

## **Елдің басына төнген алапат аштық адамдарға не істетпеді?**

- Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылық туралы анамның айтқан әңгімелерін әлі ұмытқан жоқпын, - деп, Тілеулес шешесі Қантайдан естіген әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Сол жылдары ауылдарда аштыққа ұшырап жатқан елге жаны ашымай, Кеңес өкіметінің қолшоқпары болған адамдарды халық «Шолақ немесе жалған белсенділер» деп атап кеткен. Шолақ белсенділер елдің қолындағы малын бірін қалдырмай зорлықпен тартып алып, бір ортаға жинаған. Біздің ауылдың малдарын да алдарына салып айдап әкетіпті. Кеңес билігінің өкілдері жинаған малды бөлек бақтырып, қатаң күзет қойған. Одан да сорақысы, халықтың күнделікті тамақ етіп отырған аз ғана бидай, тарысын да тартып алады екен. Ежелден ынтымағы жарасып өмір сүріп жатқан ағайын-туыстардың берекесі қаша бастайды. Жаңа өкімет қитұрқы саясат қолданып бір ауылдағы ағайындарды бір-біріне айдап салып, олар бірін-бірі көрсетіп, кейбір адамдар азық-түлікті жасырып қалған өз туыстарының тыққан жерлерін айтып беретін болған.

Елден жинаған малды шолақ белсенділер күндіз далаға жайып, түнде қораға қамап, қолында қаруы бар күзетшілерді күзетуге қояды. Әбден қаны қарайып аштан өлуге айналған жұрт күзетшілерді байлап тастап, қорадағы малды алып, сойған малдың етін өзара бөлісіп, аз уақыт болса да балашағаларын асырап жан сақтаған. Бірақ бұл да ұзаққа бармапты.

Сол бір нәубет жылдары болған мына бір оқиғаны шешем айтып беріп еді. Қолындағы бар малынан, талғажау етіп отырған аз ғана бидай, тарысынан айырылған ел бәрібір бір өлім деп, оқтан да, өкіметтен де қорықпаған. Бір күні түнде әкемнің жақын туысы жанына үш-төрт жігітті ертіп алып, қорада мал күзетіп отырған күзетшілерді байлап тастайды да, бір малды ауылдың шетіне апарып сойып, етін бәрі бірдей бөлісіп алады. Үй-ішімен түгел қашан етті алып келгенше ұйықтамай күтіп отырған. Аш адамның ұйқысы осындайда келе ме? Сонымен түн ортасы ауа ет салған қабын арқалап ағасы да келеді. Келген бетте Қантай апамның шешесі етті асып, екі-үш сағат өткенде буы бұрқырап ас та дайын болады. Ашығып отырған олар етті әп-сәтте жеп бітіреді де, сүйектерін бөтен адам көрмейтін жерге көміп тастайды.

Таңертең тұрар-тұрмастан ауылдағы Кеңес өкіметінің өкілдері әр үйді тінтіп, түндегі ұрланған малды іздейді. Оларға не істеймін десе де толық құқық берілген, өздері сот, өздері милиция. Егер олар кешегі ұрланған малды тауып алса, ұрлаған адамдарды алдарына салып жаяу айдап, аудан орталығына апарып қамап тастайтын болған. Аштықтан әлсіреп жүрген адамдардан «Ұрлығыңды мойында!» деп қинап, жауап алады. Екі-үш күн қамап, ұрлығын мойындамаған соң нақты дәлел болмағандықтан оларды босатып жібереді. Аштық адамға не істетпейді? Қамаудан қайтып келгендер қараптан қарап тұрып өліп қалмас үшін бұрынғы кәсібін қайта бастайды. Елдің көретін ауыр күндері әлі алда екен. Көктем шыға ағайын-туыстардың, ауылдастардың азық-түлігі таусылып, не істерін білмей босып кетеді. Халықтың көбі өзен жағалап балық аулауға, біразы қырдан аң-құс, сарышұнақ тышқандарды аулап кеткен. Қырсық қылғандай, қармаққа балық та түспейді, сондай-ақ тау қыраттарындағы аңдар мен сарышұнақтарды да аулау оңай емес. Ел тегіс қырылуға айналды, әсіресе балалар аштыққа шыдай алмаған.

Әкемнің інісінің әйелі аштықтан қайтыс болып, артында екі жасар ұлы мен бір жастағы қызы қалады. Арада екі күн өткенде әрі аш, әрі анасының ыстық құшағына зар болып, бір күнде көздері жәутеңдеп, таң ата қыз бен ұл бұл дүниеден озады. Екі жасар баланың «Апа» деп жылаған жан даусы, балалардың өлерінің алдында анасын іздеп, жан-жағына қарағанын көріп, менің әке-шешем әйелдерше дауыстап зар еңіреп жылапты.

1932 жылдың алапат аштығы біздің әулетке де қатты тиіпті. Көптеген ағайын-туыстар 1931-1932 жылдары бір үзім нан, бір уыс талқан таба алмай аштықтан қынадай қырылған. Мыңды айдаған байлардың алтыны мен күмісін, қалы кілемін де, ақ боз үйін де, олардың қарамағында ешқандай аштыққа



ұрынбай, тамағы тоқ болып күнін көріп жүрген кедейлердің де бірлі-жарым малын Кеңес өкіметінің шолақ белсенділері бірін де қалдырмай зорлықпен тартып алған. Қазақтардың сол кездегі негізгі күнкөрісі мал болғандықтан ашаршылық қаупі бір ғана ауылға емес, бүкіл елге тарады.

Тілеулес апа сонау зобалаң жылдардағы анасынан естіген тағы бірнеше аянышты, жан түршігерлік сұмдық оқиғаларды айтып берді.

### **Жарты пұт тары үшін өлтірмек болды**

- 1932 жылдың күз айы. Алыстағы бір ағайыннан Орынбай деген кісі жарты пұттай (сегіз келі) тары алып келе жатады. Ауылына жақындағанда алдынан жаяу үш кісі кездесіп қалады да, оның қабындағы тарысын тартып алып, өзін өлтірмекші болады. Енді Орынбай өлерін анық білгеннен кейін әлгілерге жалынып:

- Тарыны ала беріңдер, бірақ мені тірі қалдырыңдар! - деп жылайды.

Сонда үшеуінің біреуі:

- Бұл айтып қойып, бәрімізді сотқа береді», - деп Орынбайдың кеңірдегін пышақпен тамақтан орып жібереді. Дәл сол сәтте тоғай арасынан оның екі туысы шыға келеді де, қарақшылар кеңірдекті еркін бауыздауға үлгере алмай тұра қашады. Қаптағы тарыны өздерімен бірге ала кетеді. Туыстары жетіп келсе Орынбайдың аяқ-қолы байлаулы, тамағынан қан ағып өлгелі жатыр екен. Олар Орынбайды ауылға алып келіп, кеңірдегіне күйдіріп киіз басып, қанын эзер дегенде тоқтатады. Кеңірдек түбіне дейін толық кесілмегендіктен, Орынбай біраз уақыттан кейін жазылып, тірі қалыпты.

### **Туған баласын өлімге қиған әке**

Бір қарт кісінің әйелі, балалары аштықтан қырылып, тек бір жас ұлымен екеуі ғана тірі қалыпты. Шал күн сайын қақпан құрып, сарышұнақ тышқандарды аулап күнелтеді. Жеті-сегіз күндей қақпанына ештеңе түспейді. Әкелі-балалы екеуі де әбден ашығады. Әсіресе, баланың жағдайы қиындап, күннен күнге әлсірей береді. Әке құдайға мінәжат етіп, өзіне-өзі шарт қояды:

«Тағы да үш күн күтейін. Егер осы үш күн ішінде қақпанға ешнәрсе түспесе, баламның өзін сойып жейін. Мен өліп қалсам балаға ешкім қарамай, бәрібір аштан өледі. Ал мен тірі қалсам, заман түзеліп, кейіннен балалы болармын» - деген ойға бекінеді. Сонымен үшінші күн дегенде шалдың қақпанына екі сарышұнақ түсіп қалыпты. Енді бұдан кейін күн сайын қақпан құр болмайды. Сөйтіп, бала осылай өлімнен аман қалған екен...

1931-1933 жылдардың аштығында елдің көрмеген қорлығы, тартпаған азабы қалмады. Арам ба, адал ма оған қарап жатпай, тамақтан өткен құрт-құмырсқа, бақа-шаян, сарышұнақ дегеннің бәрін жеген.

## Бір таба нанның құдіреті

- 1932 жылдың жазында тағы бір сұмдық оқиға болыпты. Елубай деген кісі 1930 жылы ата-бабаларының ежелгі қонысы Талас өңіріне Әулие-Атадан көшіп кетеді. Оның туған інісі отбасымен қаншама ашаршылықтың азабын тартса да киелі Әулие-Ата жерінен бір қадам да жылжымапты. Елдің қолындағы бар малын Кеңес өкіметі тәркілеп алғаннан кейін Әулие-Ата аймағы да адам айтқысыз аштыққа ұрынған. 1932 жылдың жазында Елубайдың інісі (аты-жөнін есіне түсіре алмады) «цинга» деген аурумен ауырып жатып қалады. Туған бауырының ауырып жатқанын естіп, Елубай 1932 жылдың қыркүйегінде інісін бір көріп қалмақ болып, жаяу-жалпылап жолға шығады. Шыққан жерінен Әулие-Атаға дейін 45-50 шақырымдай жер. Арқасына таңып алған қапшығында інісіне алып келе жатқан аз ғана талқан және бір таба нан болыпты. Өзі аш адам әбден шаршайды, жол-жөнекей ішетін су да табылмайды. Бар күшін жинап алып ел қарасы көрінетін жерге жету үшін ілгері жылжи береді. Әрең дегенде ағып жатқан бір бұлақтың басына жетеді де, аздап дем алып, судан ішіп шөлін қандырады. Енді жүре бергенде сол маңайда қақпан құрып, тышқан аулап жүрген үш адам Елубайды көріп қалып, соған қарай жүгіреді. Түстері суық, сақал-шаштары өсіп кеткен, бәрі бұрыннан Елубайға таныс адамдар екен. Олардың қолына түссе, тірі қалдырмайтыны анық. Анадайдан айқайлап, не тамағың бар деп жүгіріп келеді. Үшеудің ересектеу, денелі біреуі келе сала Елубайдың жағасына жарма-сады. Оның қолында жалғыз қаруы қатқан қара сойылы ғана бар. Ал әлгілердің қолдарында жалаңдаған пышақ. Шешемнің айтуынша, Елубай жас кезінде зор денелі, батыр тұлғалы адам болған. Қараптан қарап тұрып өлгенше айқасып өлейін деп, алқымына жармасқан адамды сойылмен тобықтан бар күшімен ұрып жібереді. Ол құлаған кезде Елубай тез қимылдап қатар келген екеуін де сол әдіспен сирақтан ұрып жығады. Қарақшылар ойбайлап жерден тұра алмай жатқан кезде Елубай алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Бір қырдан асып барып артына қараса, ешкім көрінбейді. Уф деп, демін алып, әрі қарай жүріп отырып, күн ұясына бата Әулие-Атадағы інісінің үйіне жетеді. Келген бетте ауырып жатқан інісімен жылап көріседі. Тонаудан аман қалған қапшығындағы бір таба нанды дастарқанға қояды. Ал бір уыс талқанды әлгі адамдар алып үлгеріпті.

Сөйтп, бүкіл ел аштыққа ұшырап жатқан кезде өзі де аш, бала-шағасының аузынан жырып, жолда өміріне қауіп төнетінін алдын-ала білсе де, інісін көзі тірісінде көріп қалу үшін ешнәрседен қаймықпай келіп жетеді. Не деген туыстық, не деген биік адамгершілік қасиет десеңші!

... Арада көп жылдар өткенде сол баяғы бұлақтың басында кездескен үш қарақшының бірі, соғыс жылдары болса керек, Елубаймен кездеседі ғой. Жолда оны өлтірмек болған үшеудің екеуі аштық жылдары қайтыс болыпты. Ал аман қалған үшіншісі Елубайға былай депті:

- Әй, Елубай, сенің ажалың жоқ екен. Үш адамнан қалай құтылып кеттің?

- Мені ажалдан құдай сақтады ғой, сендер менің тамағымды тартып алып өлтірмекші болдыңдар. Ал сендердің өмірлеріңді мен сақтадым. Сол жерде сендерді тобықтан емес, бастан ұрсам, өлетін едіңдер. Мен қандарынды жүктемейін дедім, сөйтіп сендер аман қалдыңдар.

Сонда әлгі тірі қалған адам Елубайдың қолын алып:

- Рас, Елубай, рас! – деп, одан кешірім сұрапты.

Нәубет жылдардағы елді жайлаған аштық адамдарға не істетпеді? Солай болса да толғауы тоқсан тіршілікте, қиын-қыстау кезеңде кешірімпаз болғанға не жетсін, шіркін!

Сөйтіп, Елубай өмірдің бейнетін де, зейнетін де басынан өткеріп, балашағасының қызығын көріп, жасы келген шағында бұл дүниеден озған екен. Ал Елубайдың інісі, тағдырдың жазғаны шығар, 1931-1932 жылдардағы алапат аштықтан аман қалып, 1933 жылы көктемде сол «цинга» ауруынан қайтыс болыпты.

### **«Ақ жол» газетінің тілшісі Сәулембай Әбсадықұлының әңгімесі Толыбай Пазылбекұлы кім болған?**

-Толыбай Пазылбекұлы зейнетке Талас ауданынан шықты. Ол кісінің есімі Талас, Шу, Жамбыл, Т.Рысқұлов аудандары мен Қаратау өңірлерінде аса ілтпатпен аталады. Ол туралы көпті көрген, көкірегі ашық қариялар осы уақытқа дейін еліне сіңірген еңбектерін ауыздарынан тастамай айтып отырады.

Толыбай қария 1918 жылы Әулие-Атадағы Аса интернатына оқуға түсіп, екі жыл оқығаннан кейін Кеңес өкіметін нығайту ісіне белсене араласады. Уездік Кеңес атқару комитетінің сол кездегі төрағасы халық қамын ойлаған революционер Қарымбай Қошманбетовтың сенімді шәкірті болды. Большевиктермен түс қашып, түн қатқан күндерді бастан кешіріп, елді кеңестендіру жолындағы жұмыстарға белсене қатысады. 1925 жылы Ошақты болыстық Кеңесінің мүшесі, 1928 жылы Талас аудандық тұтынушылар одағының төрағасы қызметін атқарып, Талас бойындағы Кеңестік сауда жүйесін құруға ат салысады. Содан кейін Луговой (қазір Т.Рысқұлов) ауданындағы «Октябрь шаруа» колхозын ұйымдастыруға қатысып, оның алғашқы төрағасы болды. Біраз уақыт өткеннен соң Алматы облысындағы Ақсу МТС директоры қызметіне ауысады. Одан кейін Шу аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқара жүріп, бұрынғы Көктерек қазіргі Мойынқұм ауданында «Әйтiмбетов Бердiбай» атындағы колхозды ұйымдастырады. Ең соңында Талас аудандық тұтынушылар одағының төрағасы қызметін атқарып зейнетке шықты.

Жамбыл облысындағы көнекөз қариялардың айтуынша, қай ауданда қызмет етпесін Толыбай Пазылбекұлы Кеңес өкіметін құруға белсене қатыса отырып, жазықсыз жандарды қорғап қалуға бар күшін салыпты. Колхоздың бастығы болып жүрген кезінде ашыққан колхозшыларға сүтін сауып ішуге бір-бірден ешкі беріп жәрдемдескен екен. Сол үшін де аудандық партия комитеті оны малды жөнсіз үлестіріп, мемлекетке зиян келтірді деп те, әбігерге салыпты. Толыбай қария да нәубет жылдары ел басына қауіп төнген кезде мемлекеттік қызметте жүрген Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин және т.б. сияқты аштыққа ұшыраған қазақтарға көмектесуден қорықпаған ғой.

Отызыншы жылдардағы газет беттерінде елдегі ашаршылықты жасырып, «бізде енді жүздеген мың және миллиондаған шаруалардың қайыршылық күйге түсіп, фабрикалар мен заводтардың табалдырығын тоздыру оқиғалары жоқ. Мұндай іс болған, бірақ ол келмесе кетті» деп жазылып жүрді. Ашаршылық кезінде қатты күйзеліске ұшырап, қынадай қырылған қазақтарды көрген қазіргі 90-ға келген қарттар мұның бәрін жоққа шығарады.

Жасы жетіп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін де Толыбай Пазылбекұлы қол қусырып қарап отырмайды. Қазанның отты жылдарында жаңа өмір үшін күрескен, Кеңес өкіметінің белсенді революционерлері Жүсіпбек Дүрімбетов, Жолдасбек Ақботаев, Жылкелді Әлімбетов және басқа ардагер азаматтар туралы естеліктер жазып, еңбектерін жас ұрпаққа паш ете және қазақ халқының шежіресін жинақтап, Қазақ ССР Ғылым Академиясына табыс етеді. «Бізге келіп түскен шежірелердің мазмұны әралуан» деп жазды 1974 жылы 26 июльде «Қазақ әдебиеті» газетінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, профессор Бек Сүлейменов пен Қазақ ССР Ғылым Академиясы тарих институтының ғылыми қызметкері, шығыстанушы Нұралы Өсеров – осындай шежірелердің елеулілері қатарына Пазылбеков Толыбайдың (1898-1972 жж.) шежіресін жатқызуға болады».

Автор бұл еңбегін жазу үстінде әр рудың белгілі шежіре-тарихи деректерін, мерзімді баспасөзде басылған тарихи оқиғаларды пайдалана отырып, жинақтаған,

Жеке мұрағатын ақтара отырып, Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласып, нығайып, көркеюіне елеулі үлес қосқан және қарамағындағы елді аштықтан, қуғын-сүргіннен аман алып қалудың әртүрлі айла-амалдарын ойластырған жанның күнделікті өмірді бөс өткізбей, кейінгі ұрпаққа мол мұра, асыл қазына қалдырған төкпелі ақын, парасатты жыршы болғанын білдік. Байзақ ауданында тұратын баласы Пазылбеков Садырдың қолындағы әкесінің жыр дәптері 108 беттен тұрады. Бұл өлеңнің бір көшірмесі Қазақ ССР Ғылым Академиясында сақтаулы көрінеді. Өнда өмірдің ащы-тұщысы, қызығы мен қиыны, күнделікті тіршілік тынысы сөз болады. Толыбай кейбір өлеңдерінде көңілге қонымды жайларды төлғағанынан, оның жыр дәптерінен өлең жазуды ерте бастағаны көрініп тұр.

Бірақ бірде-бір өлеңі баспасөз бетін көрмеген Төкеңнің өз өлеңдеріне ерекше талғампаздықпен қарағанын аңғару қиын емес. Дәптерде «Ғашықтардың хикаясы» атты ұзақ дастан, толғаулар мен арнау өлеңдер мол.

Толыбай Пазылбекұлының дәптерінен алынған бір өлеңін назарларыңызға ұсынамыз:

*Біреудің бей-берекет жатағындай,  
Қоймайды жаман адам қапа қылмай,  
Досын жатқа санайды, ерін даттап,  
Ойынан арамдықты таса қылмай.*

*Күндіз-түн аңдығаны жаманишылық,  
Айтқаны өсек-өтірік басы ауырмай.  
Бірді-бірге айдап сап, шағыстырар,  
Тулатып тоқтау бермес асауындай.*

*Азғырар, арандатар, жала жабар,  
Еріксіз қашықтатып жақыныңнан.  
Жақсылыққа жоламас күжірейіп,  
Бұралқы иттей үркектеп ақылынан.*

*Пысықтықты жақтайды жандай тауып,  
Алиақ қашып досынан, туысынан.  
Мың ақтарып, жүз қарап таба алмайсың,  
Жақсылықты көкірек қуысынан.*

*Күні түссе, көлеңкең көлденеңдеп,  
Басын шұлғып, шықпайды уысыңнан.  
Табан тайса, танымай шыға келер  
Құр қалардай атқарған жұмысынан.  
Ондайда осқырынар, ойқастанып,  
Тысқырып асау жылқы шадырындай.*

*Түйеден түскендей-ақ оғаш сөйлер,  
Таулардың айқыш-ұйқыш адырындай,  
Ондай жаннан жарқыным аулақ жүргің,  
Кетіретер ақыр бір күн қадіріңді-ай!*

Сонымен, Толыбай Пазылбекұлы өз дәуірінің есімі елге елеулі тұлға болғанын ұмытуға болмас.

## Сәулембай Әбсадықұлы мен Әбдібек Байболовтың сараптамасы

### Ашыққан халыққа қамқор болып, әділетсіздікке қарсы шыққан Палманов кім еді?

Оңтүстік Қазақстан облыстық мұрағатынан Талас ауаткомының тұңғыш төрағасы Икрам Палмановтың жеке іс қағазын тауып алдық.

- Халық жаулары атанып, атылып кеткендердің құжаттары облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінде. Әлі де құпия сақтайтын құжаттар санатында сақтаулы, - деген еді мұрағат қызметкерлері. Сол зұлмат заманның өткеніне сексен жылдан аса уақыт өтсе де қауіпсіздік қызметкерлері – сауысқаннан сақ. Әлемді қанға бөктіргендердің құпиясы жан-жақты ашылып жатса да «халық жауларына» келгенде тісті бақадай жақ ашпайды-ау. «Ол құжаттарды жарияласақ, тірі жүргендер мен куәлердің аттары аталып, ұятқа қалады» екенбіз. Біздіңше, әлі елу-алпыс жыл күтуге тура келер. Әрине, ақталып құжаттары қолға беріліп жатқандары да баршылық.

Білетініміз Икрам Палманов 1900 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Жаңақорған ауылында дүниеге келген. Бұрын аты-жөніне қарап өзбек шығар деуші едім. Қазақ екен. Қазақша, өзбекше, тәжікше, қырғызша, орысша таза сөйлеп жазатындығы тағы бар.

Кеңес өкіметі орнағанша шаруашылықпен айналысқан. Содан 1924-1927 жылдары Мәскеудегі Қызыл профессура институтының Артем атындағы жұмысшылар факультетінде оқыған. Оны бітіріп келген соң Ташкенттегі халық ағарту комиссариатында өлкелік ағарту басқармасында практикант-хатшы, 1927 жылдан 1928 жылға дейін Түркістан қаласындағы оқу бөлімінің меңгерушісі, 1928 жылы Талас ауданы ұйымдастырылғанда әуелі атқару комитетінің төрағасы, бір жылға жақын уақыт аудандық партия комитетінің хатшысы қызметін атқарды. Құжатта партия Жарғысына сай конференцияда сайлау арқылы емес, округтік партия комитетінің шешімі арқылы орнынан алынғаны дәлме-дәл жазылыпты. Сөйтіп 1930 жылдың 14 қаңтарынан Шымкентке өлкелік атқару комитетіне нұсқаушылыққа ауыстырылады. Сөз жоқ төмендеу ғой.

Сірә да ұжымдастыру науқанының Талас ауданында асығыс жүргізіліп жатқандығын және елдің аштыққа ұшырағанын мәлімдегені үшін Округтік тәркілеу комиссиясы оны осылайша жазалаған.

Икрам одан кейін Қаратас аудандық атқару комитетінде жоспарлау бөлімінің бастығы, орынбасары болып біраз жыл еңбек еткен соң құлдырағаннан құлдырап, Келес ауданындағы Ошақты машина-трактор станциясы бастығының орынбасары, бастығы болып тұрғанда белсенділерге ақыры жақпай, 1937 жылы ұсталып «халық жауы» атанған.

Қай қызметте жүрсе де әділдігінен, тазалығынан айнымаған асыл зат күйінде қалған.

Айталық 1929 жылы-ақ партияда жоқ Жәнібековтің қылмыстық ісін жасырды деген айыппен Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитетінің бюросында қатаң сөгісті, ескертуді қоса қабаттап алған, өзі сауатты, өзі өжет Икрам кейін ол жаладан сот арқылы ақталған әрі Жәнібековті де бар пәледен құтқарған.

Талас ауданының тұңғыш атком төрағасы, алғашқы хатшыларының бірі Икрам Палманов осыдан түп-тура 75 жыл бұрын Шымкент түрмесінде 3-қыркүйек күні «халық жауы» ретінде атылды. Баяғы Талас ауданын құру жиналысына қатысқан, уездік уәкілі Н.Ақшабаев та Икраммен бірге атылыпты. Есіл ерлер ажал алдында нені ойлады екен?!

### **Соғыс және еңбек ардагері Мүтәліп Ережепбаевтың естелігі «Халық жауының ұлы» емес екендігімді нақты ісіммен дәлелдегім келді...**

- Анамның айтуынша, мен 1926 жылы жарық дүниенің есігін ашқан екенмін. Ол кезде туған күнді дәл анықтайтын заман емес қой. Баланың тууы жөнінде есеп болмаған. Анам «қайдам балам-ау, боз биенің соғымы ада болған кезде туылғансың» дейтін. Біз Майлықожааның ұрпақтары болып келеміз. Әкем ақын болды, домбыра, қылқобыз тартып, Нартай мен Мәдидің әндерін жақсы айтатын.

Ашаршылық жылдарында 6-7 жаста болдым, сол дәуірдегі Кеңестік биліктің елге көрсеткен зорлық-зомбылығы күні бүгінге дейін көз алдымда елестеп тұрады. Арғы ата-бабаларымыз бай болған екен. Жаңа өкімет байларға, би-болыстарға, молдаларға қарсы күресті белсенді жүргізіп, олардың малын, дүние-мүліктерін тартып алып, бала-шағасын шуылдатып алыс аймақтарға жер аударды, Сібірге айдады. Кінәсіз сотталғандардың көбі атылып кетті.

Әкемді байдың ұрпағы деп «тап жауы» ретінде қуғындап, соттап жіберді. Анам 29 жасында жесір, мен 9 жасымда жетім қалдым. Содан мен намыстандым да адамгершілікке, имандылыққа бойымды үйреттім. Қайтсем мен әкемді «халық жауы», өзімді «халық жауының ұлы» деген аттан құтқарамын деген ойда болдым.

Анам байғұс жалғыз өзі жүріп, мені өсірді. Колхоздың сиырын сауды, қой-ешкісін бақты. Ал әкем Кеңес өкіметі саясатының құрбаны болды, бар жазығы байдың баласы болғаны ғана. Әкемді түрмеге алып кеткеннен кейін мен де тағдырдың тәлкегіне түсіп, талай азапты жылдарды, күндерді басымнан кешірдім. Елді жайлаған ашаршылық, одан кейінгі репрессия жылдары әлі көз алдымда, сол кезде бала болсам да жаныма қатты бататын. Әкемнің жазықсыз айдалып кеткенін жүрегім сезетін. Менің де әкем сияқты

өлең құрастыратын әдетім бар еді. Сондықтан, өлең жазсам уайым-қайғым жеңілдеп, әкем ақталып келетіндей көрінетін.

*Әкемді алып кеткен үштік дейді.  
Анамның жермен болды-ау үш ай дерті,  
Жолына қарауменен өтті өмірі,  
Өзгермес махаббатпен берген сезімі...*

*Әкем менің Алатаудай асқаралы,  
Өзіңнен өзекті өмір басталады.  
Қамқоршы, қайырымды қалыбыңды  
Еске алып жанарымнан жас тамады.*

*Қамығып қапаланып, қарс ұрамын,  
Құлауға әзер қалып жас ұланың.  
Әкесі сотталған деп кім көрінген,  
Қорлайды мектебімде жылағаным.*

*Он бірдемін, өндірмін,  
Амал қанша?  
Шыдаймын көңілім болса оралғанша,  
Аңсаймын шайыр иіс сенсең тонды.*

*Тағдырым артты жүкті маған мұнша,  
Күнара кезігіміз татишылыққа.  
Жоримыз жаман күнді жақсылыққа,  
Анаменен балада қандай кінә?*

*Күйетін атамұра жақсылыққа,  
Оралшы қобызыңды күңірентіп.  
Тыңдатшы ел-жұртыңды еңірентіп,  
Алмастай суарылған қанжар әкем.*

- Бір күні 4- класта оқып жүрген кезім еді, бір милиция кіріп келді де, мұғалімге қарап «Әй! халық жауының баласын неге оқытып жүрсің, ал сен шық кластан!» деп дүрсе қоя берді. Тәуірбай деген мұғалімім үндемеген қалпында, иығымнан қысып ұстап «бара ғой, айналайын» деп шығарып салды. Ауыр еңбекте жүрген анама шағымдана алмай, суға кетпек те болдым. Бірақ бұл ойымнан тез қайтып, әкемнің «халық жауы» болмағандығын, ал мен болсам «халық жауының ұлы» емес екендігімді нақты ісіммен дәлелдегім келді. Сөйтіп, 1944 жылы 18-ге толар-толмас шағымда майданға өзім сұранып аттандым. Окопта жатып, анама «Майданнан хат» деген өлең-хатымды жаздым, енді соны оқып берейін.



*Жүруші едің Қаратауда айдай болып,  
Жағылған қараңғыда шамдай болып,  
Жатқаны жараланып, жалғыз балаң,  
О, жан ана, отыр екенсің қандай болып,*

*Күтіп тұр алдымда соғыс алаң,  
Белгісіз үлкен өмір қайда барам.*

*Егер де осы қырғында қайтпай кетсем,*

*О жан ана, о жалғанда сені қайдан табам?  
Егер де соғыс бітсе жеңіспенен,  
Көтеріп көк туыңды қайтар балаң.*

### **Дерек көздері:**

Жамбыл облыстық мұрағатынан алынған: «Талас аудандық салық комитетінің 1930-1933 жылдардағы мал және шаруашылықпен тұрғындар саны жөніндегі облыс орталығына 1933 жылы берген мәліметі» бойынша зерттеу жүргізген мұрағатшы Еділ Әлиев сол жылдардағы Талас ауданындағы ашаршылықтың салдарынан мал, шаруашылық және адам санының азайып кеткені туралы көптеген маңызды цифрларды келтіреді:

«1930-1933 жылдардағы жергілікті жерлердегі мал, шаруа қожалықтары мен адам санын алу жөніндегі салық ұйымдарының кестесі Талас ауданы бойынша да жасалған. Мұнда 1930 жылы 22 мың 844 жылқы тіркелсе, 1933 жылы оның 1211-і қалған. Ал мініс аттарының саны тиісінше 14248-ден 608-ге төмендеген. 1930 жылы 18961 түйе болса, 1933 жылы оның 275-сі ғана қалған. Жұмысшы түйенің де үлес салмағы 0,2 пайызды ғана құраған. 1930 жылы 17853 ірі қара болса, 1933 жылы оның 418-і ғана қалған. Оның ішінде 6095 сиырдың 1933 жылы 70-і ғана қалады. 1930 жылы 633323 қой-ешкі тіркелсе, 1933 жылы оның 95158-і ғана қалған. Меншік түріне қарамастан барлық шаруа қожалықтарында 1930 жылы 18961 түйе тіркелген екен. Ал 1933 жылы оның 275-і ғана аман қалған. 1930 жылы Талас ауданы бойынша барлығы 694107 бас төрт түлік мал түрлері тіркелсе, 1933 жылғы санақ бойынша бұл көрсеткіш 97296 бас ғана болған. Сонда жұт жылдары Талас ауданында 596811 бас мал өлім-жітімге ұшыраған. Тиісті жылдармен салыстырғанда 8758 шаруашылықтан қалғаны – 3340. Мұнда ұжымдардағы мал шығыны жеке шаруашылықтармен салыстырғанда кемірек. Ауданда облыстың өзге аймақтарындағыдай тұрғындар саны да көп қысқарған. 1930 жылы аудан бойынша 48473 адам тіркелсе, 1933 жылы оның саны 12638 болды. Яғни, 35835 тұрғын аштан өліп, моласыз қалған немесе кейбірі отбасымен болмаса жеке-жарым өзге аймақтарға қоныс аударып кеткен». (Еділ Әлиев. *Жан қайғы, Тараз, 2012, 64-65 беттер*)

1928 жылдан бастап Кеңестік билік ірі байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілей бастаса, ал 1930-1931 жылдары бүкіл елдің малын күштеп тартып алып колхозға біріктірді. Негізгі күнкөрісі мал болған қазақтар аштықтың азабын тартып қырылды, әлділері жан-жаққа босып кетті. Зорлықпен ұжымдастырудың салдарынан халықтың жаппай қырылу себептерін мұрағат құжаттарын пайдаланып зерттеуді Қазақстан тәуелсіздікке жеткеннен кейін ғана ғалымдар жан-жақты қолға ала бастады.

Сондай ғылыми еңбектердің бірі - 2013 жылы ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының құжаттары негізінде жазылған «Трагедия казахского аула» атты жинақта қазақ елінде болған зұлматтың алғашқы кезеңі көрсетіледі. Соның ішінде Қазақстан өлкелік комитеттің уәкілі В. Введенский өзінің баяндамасында Сырдария округінің құрамындағы Әулие-Атаға қарасты Талас болысындағы тәркілеудің алдындағы елдің жағдайына шолу жасайды.

Сондай-ақ өткен ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылық пен халықтың жаппай қырылу себептерін сол кездегі куәгерлердің естеліктерін негізге ала отырып, аталған жинақтың авторлары былайша баяндайды: «По рассказам уцелевших очевидцев назывались и основные причины трагедии и ее масштабы: засуха и неурожай 1931 и 1932 гг., усугубленные последствиями недорода урожая в предыдущие годы (1929-1930-К. А.). Они совпали с нарастающими государственными заготовками скота и зерна, которые привели к нищете и массовому голоду и гибели населения».

**Трагедия казахского аула. 1928-1934: том 1. Сборник документов (Сост. А. С. Зулкашева (ответств.), Г. Т. Исахан, Г. М. Каратаева, Алматы, 2013, стр. 3, 202-209.**

## **Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылған тарихи құжаттар**

### **1930 жылғы тәркілеу кезеңі**

Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағатында тарихи құжат бар. Ол Талас аудандық конфискация комиссиясының мүшесі, аудандық атқару комитетінің төрағасы Палмановтың Сырдария Округтік Конфискация Комиссиясына орыс тілінде жазған хаты. Оқушы дәптерінің төрт бетіне орыс тілінде өте сауатты жазылған өзінің хатында Палманов бірнеше сұраққа жауап беруді талап етеді.

**Бірінші сұрағы:** ауданда бір ғана Жарас Өтеулиевтің тәркіленгенін айта келіп, оның үш баласы бар еді: үлкен балалары көп жылдан бері әкесінен бөлекше өз бетінше қожалық құрып жатқаны туралы арыз айтты. Ауылдық Советте жеке есепте тұрады. Қолында ауыр алым-салықтар төлегені туралы накладные листы бар. Көптеген кедей-батрактар оны растайды деп көрсетеді

Палманов. Қазақтарда ондай салт бар, бірақ әкесі баласына енші бергенде кішігірім той жасайды. Ондай оқиға болмаған екен, сонымен нотариустан алған анықтамасы жоқ деп жалтарып кетеді. Сол шала сауатты аласапыран 20-жылдарда көшпелі Талас ауданында не қылған нотариус, қорыққанға қос көрінедінің кері ғой. Сондықтан Палманов: «Өтеулиев Жарастың үш баласын да кәмпескелеп, олардың бәрін де әкесімен бірге жер аударуға ұйғардық. Осы дұрыс па? Соған жауап берулеріңізді сұраймын,» - депті.

Осы тарихи хат өз заманын тамаша сипаттап тұр. Талас аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Тәжібайұлы соншалықты қырық күндік айқай-сүреңде еш жерде бой көрсетпейді. Ол кісінің қандай позиция ұстағаны белгісіз, шамасы, өздерің біліңдер деп, жұртқа жаманатты көрінбейін деп отыра берген болу керек. Конфискацияға Палмановтың сенімсіздікпен қарағанын оның өзінің хаты көрсетіп тұр. Талас аудандық Қосшы Одағының төрағасы Қарынтайұлы кедей-батырақтарды жиналысқа қайта-қайта шақырып, алаөкпе болғанға ұқсайды. Архив құжаттары аудандағы прокурор, сот, милиция туралы 1928 жылы жұмған аузын ашпайды, олардың қызметі 1929-1932 жылдары өршіген сыңайлы.

**Палмановтың екінші сұрағы:** колхоз ұйымдастыруға Талас ауданы тіптен дайын емес екен. Өл кісі жазыпты: біздің ауданда бір де бір колхоз-совхоз жоқ. Колхоз ұйымдастыруға қазір ешқандай мүмкіндік болмай тұр. Өйткені ауылшаруашылығы өндірісіне қажетті жер бұл регионда болған емес. Кедейлер өте бытыранқы, бір-бірінен өте алыс тұрады және олардың коллективтік өндіріске ықыласы жоқ, олардың арасында үгіт-насихат өте нашар, саяси үгіт жүргізетін сауатты қызметкер де жоқ. Сондықтан аудандық конфискациясы қазіргі кезеңде колхоз ұйымдастыру қажет деп есептейді және байдан алған 30-40 процентін колхозға беруге болмайды. Осы жағдайды ескеріп, біз колхоз ұйымдастырудан әзірше қалыс қала тұрсақ қайтеді? Тәркіленген бай малын кедейлерге жүз процент бөліп беруге бола ма? Соған жауап берулеріңізді сұраймын деп жазады Палманов.

Жергілікті Советтердің аға вожатыйы ағынан жарылады. Көңілі кіршіксіз. Жоғарғы өкіметтен аудан өмірімен санасып, дұрыс шешім қабылдансын деп шынымен тілейді. Қандай да болмасын Палманов – ел басқарған ерлердің бірі. Өзі жазған хат арқылы өзінің жолы болмайтынын біле тұрса да, қалың жауға қайқайып жалғыз шапқан ата-бабалары сияқты шындықты айтып өлейін деді. Бұл ол кезде сирек кездесетін оқиға. Әйтсе де архив құжаттары біздің тұжырымымызды растайды.

Палманов аудан экономикасына және мемлекеттің ауданға қоятын талаптарына бірден бір жауап беретін басшы қызметкер болғандығына жоғары өкімет алдындағы жауапкершілігінен туындайтын үшінші сұрақ қояды. Бұрын байлар және олардың балалары жеке қожалық ретінде ауыл шаруашылық салығын төлеп келді, енді елден салықты қалай алу керек? Өйткені ауыл шаруашылық салығын кедей-батырақтар емес, байлар мен

ауқатты шаруалар төлеп келген. Палманов ауданның салық жөніндегі жалпы жылдық жоспары конфискацияға байланысты кемітілмегенін ескертеді. Байдың малы кедей-батырақтарға бөліп берілді, ал олар салық төлеуден босатылған. Бұл ретте өзінен-өзі әлеуметтік қайшылық туындаған. Палманов салыққа жауап беретін аудан басшысы. **Енді не істеу керек?-деген заңды сұрақ оны жегі құрттай жеп отыр.** Ол жауапкершіліктен қашып тұрған жоқ, қайта өзінің мемлекет алдындағы азаматтық борышын терең сезінеді. Сол себепті ірі байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу Совет мемлекетінің экономикалық саясатына қайшы келіп тұрғанына жаны ашиды. Берілген тапсырманы орындаймын, орындап отырмын дейді ол. Қанша қисынсыз болса да, Жарас Өтеуліұлының үш баласымен қоса мал-мүлкін тартып алып, өздерін жер аудардық дейді. **Бірақ бұл ісіміз бізге қаншалық пайда бермек? – деген сұрақты жоғары өкіметтің алдына тартады.** Еш бүкпесіз, адал азаматтың борышын мойындау арқылы саналы пікір айтады. Сол заманғы тарихи жағдайда сарапқа салсақ, Талас ауданында жауапты қызметкерлердің тығырыққа тірелгенін көреміз. Өуелі регионда Жоғары өкіметтің аталмыш қаулысына лайықты ірі феодалдар және жартылай феодалдар жоқ болып шықты. Жоқ нәрсені барғып орындау үшін жұртқа аяусыз соққы беру қажеттігі туды. Содырлы саясат өзінің сырын тым өрескел көрсетіп тұрды. 29 ауылда және ауданда әлденеше рет жиналыс өткізгенде Алтынбекұлынан басқа бой көрсетіп сөйлеген ешкім болған жоқ. Екіншіден өкімет қаулысы халыққа мүлдем түсініксіз еді. Екінші Октябрь десе дегендей: ұрда жық, «тартып аламыз», «жер аударамыз», «байларды құртамыз», «олардың қолшоқпары бектер мен би-болыстардың балаларын жоқ қыламыз». Неге?! «Олардың беделі елде күшті, олар тұрғанда Советтер біздің айтқанымызды істемейді! Былайша айтқанда, ауылдағы Советтерге шығыста «Советтерді жандандыру емес, оларды құру» саясатын қолдап қана қоймай, оны одан ары дамытып, шын мәніндегі нағыз Совет өкіметі жасалу үшін бізге бірнеше жылдар керек» деген тұжырымға келді. (ХҮ съезд ВКП (б). Стеносчет. М., 1928. С 1047). Үшіншіден, тіпті Алтынбекұлының өзі де кімге тиісерін білмеді. Оның қолында ірі байлар мен жартылай феодалдардың тізімі жоқ еді. Нәпмандар өздерінің сауда-сагтық істерін заңдастырып алған да Совет өкіметі жағында үнемі келе жатқан орташамыз деп танитын, олардың бұл сөзінің жаны бар болатын. Төртіншіден, Талас ауданында өкіметке қарсы келіп, әділдік үшін күресетін күштердің жоқ екенін біліп, Алтынбекұлы бір өзі-ақ күллі жұртты кінәлады. Жалған белсенділерді қайта-қайта жиналысқа шақырып, әкімшілік-әкірендеу әдісімен өз жайына отырған елді үркітіп, қорқытты, ал неге қорқытасың деген ешкім болған жоқ. Бұндай жағдайда көкезу саясаткер өзінен өзі күш ала береді. Кейбір аңқау шаруаларды байдан малын тартып алып саған беремін деп дәмелендірген. Осы жоғарыдағы айтқандарымыз жөнінде Алтынбекұлының өз қолымен жасалған архив құжаттарын талдауымыздың реті келіп тұр.

Алтынбекұлы Талас ауданын дүрліктіріп болғаннан кейін Шымкент қаласына келіп, «Сырдария округтік комиссияға, көшірмесі округтік партия комитетіне» ірі байлардың мал-мүлкін кәмпескелеу жөнінде Талас ауданына шыққан уәкіл Алтынбекұлынан деп есепті баяндамасын тапсырған. Бұл құжат архивте сақтаулы. Автордың кім екенін айғақтайтын құрал. XX ғасырдың 20-жылдарында жалақтаған жалғыз атты кедейдің жалпақ жұртты қан жылатып шулатудағы қызметіне таң қаласыз. Әлбетте шала сауатты безбүйректер жоғарғы өкіметінің дегеніне бар күшін салады ғой. Сөйтсе де бір ғана адам дүйім елді түгел бағындырып, есеңгіретіп ұстады дегенге қазіргі заманда сену қиын. Әйтсе де көрсоқыр белсенділердің жоя берген, қыра берген, өлтіре берген еш қисыны жоқ қызметі – тарихи факт. Айтары жоқ, сол замандағы тарих беттерін ақтарып қарасаңыз, ондай жынойнақ фактілер тұнып тұр, аяқ алып жүре алмайсыз.

Біз Алтынбекұлының есепті баяндамасын жұртшылыққа толығырақ таныстыруды жөн көрдік, өйткені бұл құжаттың өзі оның авторын, сол заманды, қарау саясатты тамаша түсіндіріп береді.

**Есепті баяндаманың алғашқы тарауы: «Ұйымдастыру жөні», - деп жазылған, онда былай дейді:**

Талас ауданында аудандық комиссия 1928 жылы 6-сентябрьде құрылды. Комиссия бастығы: округтің уәкілі Алтынбекұлы, мүшелері: Палманұлы – аудандық атком бастығы, Толымбетұлы – аудандық жер бөлімінің мүшесі, Қарынтайұлы – аудандағы Қосшы бастығы, Тәжібайұлы – аудандық партия комитеті бастығы.

Үгіт жүргізу үшін ауылдарға уәкілдер жіберілді. Талас ауданы 29 ауыл екен. Сол ауылдарға төмендегі уәкілдер жіберілді: 1.Алтынбекұлы, 2.Оспанұлы, 3.Дурбайұлы, 4.Қарынтайұлы, 5.Қасымбайұлы, 6.Наурызбайұлы, 7.Жолұлы, 8.Махамбетұлы.

## **2-тарау. Үгіттеу жұмысы қалай өтті?**

Талас ауданында 26 жерде жиналыс болды, оған қатынасқан кедей, орташа, жарлы-жалшылардың саны 2624, мұндағы жарысқа сөйлеушілер 44 болды. Жиылысқа аздап бір-екі әйелдер де қатысты. Бұлардың сөйлегендегі сөздері: Өкіметтің қарарын, тұтынған саясатын дұрыс деп жақтайды, бірақ қарар бойынша 300 қара ілінетін байлар аз. Малы аз да болса, зиянды байлар, датқалар, атқа мінерлер көп. Әсіресе, датқа мен атқа мінерлердің зияны, қаупі байлардан да зор. Байларды датқа әулетінен атқа мінерлер бастайды. Сондықтан байлардың малы көрсетілген мөлшерге жетпесе де, малы алынып, жер аударылсын, олармен бірге датқалар мен атқа мінерлер қоса аударылсын деп, аз аудандағы жиылыста зиянды кісілердің атын атап-атап сөйлегендер болды. Кей ауылдарда жиналыстарда бірлі-жарым зиянды делінген кісілерді емес, ол қалсын, жер аударылмасын деп сөйлегендер де болды. Бірақ оның

саны аз. Сөйлеушілердің кім екенін тексеріп қарағанда, зиянды аталғандардан болып шығады. Жиылысқа орташалар аздап қатысты. Олар көзге көрінерлік сөз сөйлеп, бет ашқан жоқ.

Бірақ та кедей-жарлылардың ынтымағынан ажырамайтынын білдірді. Жиылысқа аздап әйелдер қатынасты деп жоғарыда айтылған еді. Бірақ та олардың сөйлегені кем болды, жалғыз-ақ бір әйел өз мұңдарын айтты.

Жиылысқа байлар қатысып, жиылыста қарсылық білдіріп, я жақтап сөйлегені болған жоқ. Бірақ жиылыстан кейін кедейлерге жалтақтап, жолығып, бізді жамандай көрмендер деп жалынған байлар, атқамінер, датқа әулеттері болған.

### **3-тарау. Тәркілеу жұмысына жай ұйым мен партия ұйымдарының қатысуы**

Талас ауданында кәсіпшілер ұйымы жоқ, жастар ұйымы да әлі құрылған жоқ екен. Партия ұйымы мен қосшы ұйымдары бар. Партия мүшелері 42, әр ауылда ауылдық қосшы, олардың мүшелері бар.

Партия мүшелері аудандық партия тобы жасағында, бәрі тегіс келіп, жиналыста елдегі зиянды кісілерді атын атап көрсетіп, солар құрысын деген ұсыныстары болды. Әм қарарды жан-тәнімен орындатуға ықыласын көрсетті. Мұндай қарардың ертерек шығуы керек еді. Көптен күткен жұмыс осы еді, жаңа жеттік деп қарсы алды. Ауылға жіберілген уәкілдер мен комиссиялар... партия мүшелерінен дайындалған еді. Партиялық міндетін атқарды. Партия мүшесі болсын, қосшы мүшесі болсын, байларды қорғап жұмыс істегені, сөйлегені білінген жоқ. Қосшы мүшелері, ауылдық қосшы ағалары жұмысқа белсеніп кірісті. Бұл қосшылар міндетін атқарды.

### **4-тарау. Ауылдық жерде комиссияның жұмысы құрылды**

Таласта бір-ақ 23-ауылда жалғызбай тәркіленген. Сондықтан сола ауылда-ақ жедел комиссия төмендегі кедейлерден құрылды: 1. Қырымбай Қасымбайұлы, 2. Андасұлы, 3. Кейікұлы, 4. Ысбайданұлы, 5. Салқыбайұлы, 6. Төлөпбергенұлы, 7. Қошықұлы, 8. Қылышбайұлы, 9. Қонақбайұлы, 10. Бейісбайұлы, 11. Ибетұлы, 12. Кенеұлы, 13. Бексейітұлдары.

Бұл көрсетілген комиссиялар бәрі де тәркіленген малдарды күзетуге жалқаулық еткен жоқ. Қолына тапсырылған малдарды жақсылап қарап, шаруалық етті. Байдың бағуға, сауынға берген малдарын зерттеп тауып, кәмпескеге қосты. Мал болу уақытында да өздеріне үлестен мал тисе де ықыласын бұзған жоқ, өзіміз алмасақ та кедейлеріміз алды деп... Мал үлесуден кейін аздап қаталар болды. Ол: кей үлесі алмаған бір кәмисселер мал алуға мен себепкер болдым, маған үлестен алған мал ірісінен бересің деген сөздері болған. Бірақ ол туралы қайта түсінік жүріліп, ондайлар жойылды.

## **5-тарау. Байдан қанша мал-мүлік тәркіленді**

Бұдан бұрынғы мақаламызда бұл туралы жазып едік, ол мәліметтерді біз жиналыстың қарарынан алғанбыз. Алтынбекұлының баяндамасында көрсетілген кейбір деректердің әр түрлі болғанымен, жалпы соған сай келеді. Тек қана Алтынбекұлы қой-ешкіні ірі қараға шаққанда, Жарасты 301 қарасы болды деп кәмпескеледік дейді. Бұл, әрине, ақиқатқа сай келмейді. Сонымен қатар Жарасқа, оның үш баласына және басқа семья мүшелеріне тиесілі үлесі бар. Сөйтіп, сайып келгенде, Жарас ірі байлардың қатарына жатуға тиісті емес. Алтынбекұлы округке құр қол қайта алмай, округтің жоғарғы өкіметі де Талас ауданында ірі байлар жоқ дегенге сенбейтін болғандықтан, тек қана зорлық-зомбылық жолымен Жарастың жағасынан алған. Аудан басшылары мұны біліп, Жарасқа тиісе бермеген.

## **6-тарау. Байдан тәркіленген мал-мүлік қанша кедейге бөлінді?**

Талас ауданында жалғыз-ақ байдың кәмпескеленгенін жоғарыда айттық. Сондықтан аудандық жерде кедейге үлестіруге мүмкіндігіміз болмады. Жаңа Талас ауданында бірлестік ұйым (колхоз) деген жоқ екен. Жаңадан басқасын реттеп іздестіруге мүмкін болмады. Солай болған кәмпескеленген барлық мал бір ауылдағы (әкімшілік ауылдағы) кедейлерге ғана үлестіруге тура келді. Жоғарғы көрсетілген малдарды мүшелермен есептегенде 56 кедей жарлы, жалшыларға жететін болды. 301 қарадан байдың өзі 16 қара, шаруашылығы – 869 сом 3 тиын екен. Оған алты қара шығарылды. Қалған мал-мүлкін 56 кедей-жалшыларға үлестірді. Алдына 7 қарадан, артына 2 қарадан тиді.

## **7-тарау. Жалпы қорытынды.**

### **Мал үлескенде кедейлердің қуанышы**

Кедейлер-жалшылар үгіт жүргізген уақытта – өтірік пе, рас па? деп жүргендей де болған. Кейбір орташа кедейлер құдайы бермекші. Қолдан алған малдың мал болуы қиын ғой деп жүргендері де сезілген. Кейбір кедейлер беретін малдарды енді бергізші, құдай-аруақпен бара сөйлесеміз деп жүрген еді. Малды үлестіру уақытында құдайды да, аруақты да, туысқандықты да ұмытып, жақсы мал алу әрекетіне кірісті. Малы алынған байлар бақшаға сүйеніп, шу болып жылап жатқанда, қойшылар-жарлылар асау ұстап, мәз болып, қуанышта жүрді. Байдың жылауына-шулауына аяныш етіп, ренжіп жүрген кедей болған жоқ. Байдың малын күзетке алған кезде, артып алып келуге 3 түйе сұрап еді. Бір кедей: «Ә, бай-еке, жоқшылық қандай екен? Түйе біздің түйеміз. Берілмейді. Біз түйе сұрап келгенде, не айтушы едіңіз? Еншіңізде бар ма? деп сауал қойған жер де болды. Мал үлестің аяқ жағында

әкемізден мұндай енші алған жоқ едік, өкімет әкемізден артық болды. Өкімет кедейді жарылқайды, теңдейді деген ұран түгелімен жаңа орындалды», - деп тарқайды.

## **8-тарау. Малы тәркіленген байлар қарап жатқан жоқ**

Тәркіленген Жарас Өтеуліұлы, көзбе көз қарсылық ете алған жоқ. Жасырын күзетте ілгерілеп құрылған үшін құрылған бір малын да жасыра алған жоқ. Бірақ астыртын кедейлерді бірлі-жарымдай сөзге салып, жалынып, әрекеттер етті. Кедейлердің ішінде аздап сөзін сөйлегендер де болды. Кейін көпшілікке қатысып қосылды. Кедейден күдер үзген соң, ауылдық атком мен қосшыларды айналдырды. Олардан еншім бөлек деп,... сұрады. Ала алмады. Енді қарашылық, ру ретімен ауылдағы ақсақалдар арқылы кедейлер мен ауылнайларды сөзге салды. Бірақ іске асыра алмады... бай сонда ғана... әбүйірінің кеткендігін, кедейлердің ынтымағын бұза алмайтынын... бірақ білді. Байдың еншілері, басқа арыздары туралы мәселе қарағанда ауылдық жәрдем кәмпескелерінің ішінен көрініп сөйлегендер болды. Әсіресе, ауылдық союз-қосшы ағасы белсене сөйлеп, мәселені асыруға үлкен көмек көрсетті. Ауылдық атком мен ауылдық қызметкерлер де көрнекті еңбек етті. Ауылдық қызметкерлер әм белсенді жай кісілердің мынау көрсеткен белсенділігін қорыға келгенде, келешекте ауылда қандай жұмыс болса, іске асыруға күмән жоқ дегені анықталды. Аздап кемшіліктер туылып, босқа тер жоқ емес, бірақ еңбекшілерінің көп жыл еңбегінің ынтымағы, түсінігі, ауызбірлігі ол кемшіліктерді аз күнде жоя алды деп айта аламыз.

Округ атком уәкілі Алтынбекұлы араб жазуымен қол қойған.

**Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағаты: № 74,  
тіркеу № 1, іс № 236, бума № 24.**

### **Түсініктеме:**

Жалпы Алтынбекұлы жасаған архив құжаттары елу беттен тұрады. Біз көрсетіп отырған есепті баяндама 46-50 беттерде. Араб жазуымен жазылған бұл құжат автордың сауаты шамалы екенін көрсетеді. Қателерін былай қойғанда, жазу стилінде тұрақтылық жоқ. Сөйлемдері үйлеспейді. Тіл маманы болғандықтан, шамамыздың келгенінше жатық етіп беруге тырыстық. Десек те, барлық пікірін өз стилімізбен беруге болмады әрі авторды оқушы қауымға таныстыруды қажет деп таптық.

Есепті баяндаманың идеялық мазмұнына келсек, тап тартысының сасық исі желдей есіп тұр. Кедей-кепшіктің арам пиғылын автор мақтайды, оны олардың ынтымағы деп түсіндіреді. Округ атком уәкілі ертеңгі күні өскелең ұрпақ оның ой-пікірін талдап, кім екенін түсінетін болады деп есептемейді.



Жүгенсіз зорлық айыпталады демейді, оның қарау ісі Алтынбекұлының қарабет екеніне айғақ болады-ау деген ойында жоқ. Орыста мақал бар: «пишешь пером, не рубишь топором». Өз қолымен жазған есепті баяндама қанша тарихты бастан кешірсе де, біздің заманға жетіп отыр және сол кездің өзінде уәкілінің жетіскенін көрсетіп тұрған жоқ қой, керісінше, оның қарақшылық ісін дәлелдей түсіп тұрса да, егер қазір Алтынбекұлы тірі болғанның өзінде, оның қандай амалмен өзін ақтай алатын қасиеті болар ма еді? Әлбетте, болмас еді. Осыдан 74 жыл бұрын өз қолымен бұл құжат оны бұлтартпай ұстап берер еді.

**Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Оршыбеков Ыдырыс және Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Сәуләмбай Әбсадықұлы**

саясатына түсіне алмай ел дал болды, колхоздан ешқандай жақсылық көре алмайтын болған соң жұрт бет-бетімен қаңғып кете бастады. Ашаршылық жылдары қанша адам Қытайға, Қырғызстанға, басқа да шетелдерге босып кетті, қанша адам қырылды. Голощекин бұл апаттың себебін байлардың қаскүнем азғыруымен болып жатыр деп түсіндірді.

Мен 1931 жылы қазіргі Жамбыл облысындағы Әулие-Ата қаласында Халық комиссариатына қарайтын мал шаруашылығы техникумында директор болып қызмет істедім. Сондықтан да отызыншы жылдары осы аймақтағы ел басына түскен қайғы-қасіреттің неше түрлісін көруге тура келді.

1930 жылы елді колхозға біріктіру кезінде біздің ұжымда партия мүшесі болған, бірақ хат танымайтын, жасы біразға келген Қырықбай деген кісі жұмыс істеді. Партия сол кезде халықтың саяси көзін ашуға қатты көңіл бөлетін. Саяси сабаққа қатысып отырған кезде Қырықбай екі сөзінің бірінде: «Жарықтық партияның сара жолы» деп отырушы еді. Бұл кісі ешкімге зияны жоқ момын адам болатын. Тағы бірде 1931 жылы ауылдарды аралап жүргенімде еңгезердей сары, жасы отыздар шамасында, хат танымайды, бірақ нағыз белсенді Мамыт деген жігітті кездестірдім. Оны жергілікті тұрғындар «Бипылный Мамыт» деп атап кетіпті. Қолында дойыр қамшы, елден астық жинап жүр екен. Көрінген кісіге тек «Ой, әкеңнің ауызы... бипылный» дейді, жоқ десе қолындағы қамшымен тартып-тартып жібереді. Өздері аштан бұралып жүрген адамдардың қарсыласар әлі жоқ. Мұның «бипылныйы» не десем, орыстың «выполни» деген сөзі екен, одан артық бір ауыз орысша білмейді. Міне, ауылдағы белсенділердің түрі осындай болып келетін.

Жоғарыдан елге келетін өкілдердің де Мамыттан артықшылығы шамалы болатын. 1931 жылдың күзінде астық науқаны қызу жүріп жатқан кезде Әулие-Атадан елу шақырымдай жердегі Новоивановка деген орыс селосына бардым, сол жердің тарихи атауы бұрын Жетібай деп аталыпты, сонда машина-трактор станциясы (МТС) болды. Селоның орыс тұрғындары түгел дерлік колхоздастырудан қашып кеткен, МТС-та істейтін үш-төрт үй орыс бар, аздаған қазақтар да тұрады екен. Сонда ауданнан келген бір жауапты қызметкер сол маңдағы колхоз басшыларын жинап алып, мәжіліс өткізіп жатты. Ол кезде колхоздар ұсақ – отыз-қырық үйден тұратын. Ауданда сыпайы жүретін әлгі жігіт колхоз бастықтарын біресе орысшалап, біресе қазақшалап боқтайды. Мен шыдай алмай:

- Ау, мұның қалай, жұртты беталды бұлай сөгуге болмайды ғой, - дедім.

Ол маған қарап не айтып тұрсың дегендей:

- Осылай сөйлеспесен, бұлар жоспарды орындамайды, - деді. Дегенмен менің сөзімнен кейін ұялды ғой деймін, боқтауын қойды. Байқаймын, шаруашылықтары әбден күйзелген колхоз басшылары бұл дүниеден түңілген түрмен төмен қарап, осы жиналыстың тезірек бітуін асыға күтетін сияқты.

Колхоз басшылары: «Жоспарды орындаймыз, астықты табамыз» деп уәде бергенімен де, мына уәкілдің қысымынан тезірек құтылу үшін айтылған бос сөз екені белгілі еді.

Жиналыс соңынан жұрт тарқамады, сөйтсем, қаржының кімдікі екенін кім білсін, уәкіл тамақ астырыпты, бірнеше шыны қызыл арақ та бар екен. Бірер тастап алғаннан кейін уәкіл отырғандарға өлең айтыңдар деді, бірақ жұрт оған ықылассыз еді. Уәкіл қоймаған соң орта жастағы бір адам өте зарлы бір ән салды. Өлеңінің сөзі жадымда жоқ, бірақ қайырмасында «... Ой, Алла-ай, замана болды-ау қандай-ай!» дейді, әнінің өзі де адамның сай-сүйегін сырқыратқандай еді. Уәкіл оған: «Қайдағы бір контр өлеңді айтасың» деп ұрысқан соң ол да бітті. Сонда бір қартаңдау, өте жүдеу колхоз бастығының, аш қарынға ішкенге қызып қалып, теріс қарап өзіне-өзі күйіне күңкілдеп: «Я, қатын-бала қырыла берсін, планды орындау керек...» деп ызамен күбірлей қайталап отырғаны осы күнге дейін көз алдыма келеді...

1931-1932 жылғы қыста ашыққан адам Әулие-Атаға сыймай кетті. Бұлардың көбі Сарысу, Талас аудандарынан келген аштар. Қаланың маңындағы ауылдардың да көпшілігі аш, олар да тамақ іздеп қалаға шұбырды. Әулие-Ата қаласы Талас өзенінің сол жақ қапталында, оң жағында қаладан төрт-бес шақырым жерде Свердлов атындағы қазақ колхозы бар, сол колхоз-ды аудандық партия комитеті біздің техникумға шефке берген және мені сол маңдағы он бір колхозға уәкіл етіп жіберді.

Бұл бір үлкен колхоз екен, халықта азық-түлік жоқ, алды аштан өле бастаған, ісінген адамдар тіпті көп. Қасында көршілес жатқан «Красная заря» деген орыс колхозының адамдары түгел дерлік үй-жайларын тастап кетіп қалған. Малға шөп жоқ, олар да көтеремнен өле бастаған. Аудан басшыларына жай-жағдайды айтқаннан кейін бір совхоздан шөп алып беріп еді, бірақ колхозда оны тасуға жарайтын адам жоқ. Сондықтан техникумның мал дәрігерлік және зоотехниктер бөлімдерінің соңғы курстарының студенттерін «тәжірибеден өту үшін» деген сылтаумен колхозға әкеліп мал қарауға, шөп тасуға пайдалануға тура келді. Сол кезде ашыққан адамдар қораның төбесінен түсіп, малдың ішін жарып жіберіп, сан етін кесіп әкетіп те жүрді, сондықтан күзетке де студенттерді қойдық.

Сол қыста көзіммен көрген жан түршігерлік бірнеше оқиғаларды айтып берейін.

Бір күні «Свердлов» колхозына қаладан үш адам келді. Екеуі ГПУ-дың қызметкерлері, үшіншісі мыжырайған орыс шалы, ол фельдшер екен. Әскери киімді, етжеңді қара торы жігіт, жағасындағы петлицасында үш ромбысы бар, ондай адамдар ол кездерде қазіргі генерал дәрежесінде болса керек. Мені оңаша шығарып алып, өзінің Алматыдан келгенін, фамилиясы Петров екенін айтып танысты. Атын ұмытып қалдым, ұлты якут екен. Ол менен: «Осы ауылда біреу кісі сойып жепті ғой, білесің бе?» деп сұрады. Мен шошып кетіп, білмейтінімді айттым, шынында да ондай болды дегенді естіген жоқ едім.

Содан соң ол: «Қазір бір жерді тінтіп көреміз, сойылған адамның қалған еті сол жерде болу керек. Комиссияның бір мүшесі өзіңсің, ауатком қосып берген. Кәне, солай қарай барайық» деді. Осы кезге дейін өлген кісіні көрген жоқ едім, соны айтып, бармасам қайтеді деп едім, Петров күліп: «Қашанғы көрмей жүре бересің, енді көр» деп мені қолтықтап жұрт тұрған жерге қарай алып кетті.

Ауылдық кеңес, колхоз бастығы, бригадирлер және басқа да адамдар бір үйдің алдына бардық. ГПУ-дың адамдары қолдарында күректері бар екі жігітке үй алдындағы күресінді көрсетіп: «Осы жерді қазыңдар» деді. Күресін астынан жаман тонға ораған адам еті шыға келді. Денесі мүшеленген, басы еттің үстіне салынған, аузы ырсиып, тістері ақсиып тұр. Ернінің үстінде селдірлеу мұрты, иегінде шоқша сақалы бар, жасы қырықтың үстінде-ау деймін. Фельдшер мүшеленген етті түгелдеп қарап, жүрегі, тағы бірдемелерінен басқасы бар екенін анықтап акті жасады.

Оқиға былай болған екен. Меркі жағында ертеректе Баянды деген болыс болыпты. Болыстың жалғыз баласы ашыққан соң ілгеріде осы ауылға ұзатылған апасын іздеп келсе, ол апасы бала-шағасымен аштықтан қаңғып кетіпті. Содан соң апасының көршісі болған әйелдің үйіне қонады... Келесі күні бір әйел тауығын іздеп жүріп болыстың баласы қонған үйдің қорасының тесігінен қараса, үй иесінің адамды сойып жатқанын көріп ойбайлап қаша жөнеледі. Ауыл адамдары бұл істі ешкім білмесін деп жасырса керек, бірақ сондай ауыр кезде де ауылда да ГПУ-дың жансыздары болғаны ғой. Қаладан келген адамдар кісі сойған әйелді алып кеткен, содан соң не болғанынан хабарым жоқ...

Егіс жұмысы басталған көктем кезі. Көлік жоқтың қасы. МТС-тан екі трактор келген, тракторшылар техниканы жөндеп үйреніп те үлгермеген бірекі орыс жігіттері, тракторларды жөндеп жүргізе де алмайды, істегендерінен тұрғандары көп. Жоғарыдан жерді кетпенмен жыртыңдар деген нұсқау келген. Жұмыс қауырт, «көктемнің бір күні жылды асырайды» десек те, колхозда кетпенге жарайтын адам жоқ. Сондықтан техникумның тағы да екі курсының студенттерін әкеліп жұмысқа салуға тура келді.

Аупартком уәкілдерге қалаға келуге рұқсат бермей қойған. Үсті-басым кірлеп кеткен соң бір күні қатардағы колхозда жүрген уәкіл орыс жігітті орныма тастап, жуынып келейін деп қалаға кеттім. Өлгі жігіт жұмысшыдан жоғарылатылған, оқуы аз болғанымен пысық адам болатын. Тап сол мен кеткен күні колхозға обком хатшысы Восканов деген кісі, жер батпақ болғандықтан машинамен емес, фэтон арбамен келіпті. Мені қайда деп сұрағанда орнымда қалған жігіт: «Ахмедов алысырақтағы колхоздарға кетті» дейді. Өзің кімсің, дегенде орынбасарымын дей салады. Содан соң Восканов блокнотына қарап басқа колхоздардың жайын сұраса, мүдірмей шамамен айта беріпті. Біраздан кейін Восканов оған қарап тұрып: «Әй, өзің бір ескі очковтиратель екенсің» депті. Сонда менің орнымда қалған жігіт: «Өзіңіз кім боласыз?» деп сұрапты.

Кейін әлгі жігіт: «Восканов өзінің кім екенін айтқанда, ой, қорыққаным-ай! Бұрын көрген жоқ едім, кавказдық тентек адам деп еститінмін. Көп уәкілдердің біреуі шығар деп аузыма түскенді соғып тұр едім, атын естігенде тұла-бойым мұздап кетті» деді. Сонда Восканов арық тазалап жатқан адамдарға қарап, қалтасынан алма алып жеп тұрып: «Өздері аш па, қалай?» дейтін көрінеді.

Бір күні егіс басынан ауылға қарай келе жатыр едім, алдымнан ауылдық кеңестің төрағасы кездесті. Аман-саулық сұрасқаннан кейін: «Анау шеткі ауылда тағы біреу адам етін жеді деген хабар естіп соған бара жатыр едім, жақсы кездестің, жүр, екеуміз барып біліп қайталық» деді.

Ауылдың шетіндегі үйлердің көбі қараң қалған, бір жан не бір мал жоқ, тіпті иттер де қаңғып кеткен. Қоралардың төбелері ашық, қабырғалары құлаған, баяғы Шыңғыс жорығының іздері сияқты. Шеткерірек бір үйге бардық. Үйге кіріп келгенімізде үй іші моладай ызғарлы екен. Аласа ғана қазақ үйінің оң жақ іргесіне таман кір көрпе сияқтанған бірдеңеге оранып жасы отыздар шамасындағы бір жігіт жалғыз жатыр. Сақалы өскен, екі жағы суалған, көздері үңірейген. Үйде іліп алар зат жоқ, бәрін қалаға сатып-ішіп болған. Аман-саулық сұрасқанда жігіт әлсіреп әрең жауап берді. Ауылкеңес төрағасы егде тартқан, оқымағанымен тоқығаны бар, ақыл иесі адам болатын. Әлгі жігіттен: «Біз бір хабар естіп келіп отырмыз, сендерді адам сойды дейді ғой, рас па?» дегенде, ол азар да безер болып: «Құдай сақтасын, ондайды естіген де, көрген де жоқпыз» деп танды. Төраға жігіттің атын атап: «Әй, пәленше, өзіңнің жатқан түрің мынау, құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып қайтесің, шыныңды айт. Ашыққан жалғыз сен емес, елге келген ауыртпалық қой. Біз сені айыптағалы отырғанымыз жоқ, анығын білейік деп едік. «Тоқтық не дегізбейді, аштық не жегізбейді» деген бұрынғыдан қалған сөз бар, кәне кімді сойдыңдар, айта қойшы?» дегенде, әлсіреп жатқан жігіт біраз күмілжіп үзіле сөйлеп: «Сондай бір іс болды, отағасы, қайтейін, басқа амалым қалмады» деді жыламсырай кемсендеп.

Болған оқиғаны жігіт деміге сөйлеп айтып берді. Бұл жігіттің ертеде басқа жаққа ұзатылған әкпесі аштықтан қаңғып төркініне келеді. Төркінінің бәрі аштан өліп, жалғыз осы інісі қалған екен. Үйдегі бар азық-түлік қанша үнмдегендерімен де таусылады, енді талғажау қыларлық ештеңе қалмайды. Сөйтіп отырғандарында қаладан бір баукеспе ұры ағайыны келіп қонады. Жейтін дәнеңе жоқ, бәрі де аш жатады. Ертеңгісін әкпесі ауыл жанындағы «Красная заря» колхозының картоп еккен орнында қалған-құтқан түйнек болса теріп келейін деп жиналып жатқанда інісі: «Әкпе, не де болса жейтін бірдеңе тауып қайт, әйтпесе өзіңді сойып жейміз» дейді. Әкпесі түске таман бос қайтып келіп:

- Қарағым-ай, жұрт түк қоймаған екен, ештеңе де таба алмадым, - деп кинала айтады.

Сонда інісінің көзі қарауытып, ақыл-есінен айырылғандай болып:

- Ендеше өзіңді соямыз, - дейді.

- Қарағым, сенің жаның қалса болғаны, сенің жолыңа мен құрбан, - деп әкпесі бұрыла бергенде, пештің жанында пышақ қайрап отырған ұры әйелді пышақпен тамағынан тартып жібереді де, өлген әйелдің екі жақ сан етін кесіп алып, үй иесі екеуі асып жейді.

- Қалған еті қайда? – дегенімізде жігіт:

- Ұры қорада құлаған жабындының астына тастадым деген, - деді. Қораға барып жабындының астын ашып қарағанымызда, екі сан еті кесілген орта жастардағы әйелдің денесі жатқанын көрдік. Содан соң ауылкеңес ағасы ауыл адамдарын жинап, өлікті көмдірді...

Бір күні кешкісін егіс басынан ауылға келсем, колхоз басқармасының жанында жеті-сегіз адам жиналып тұр екен, орталарында колхоз-бастығы да бар. Ол шаруа жайын білетін, жасы қырықтар шамасындағы дұрыс, есті адам болатын.

-Түнде колхоздың бір тайыншасы жоғалып кетті, соны сұрастырып жүргенімізде ауылдың ана шетіндегі жалғыз тұратын шал үйінде ет асып жатыр деп, естіп қалдық. Соны барып біліп келіңдер, - деп колхоз бастығы маған қарады. Қасыма бір адамды алып барсам, шынында да айтқан адамның сөзі рас болып шықты. Шалды әрі-бері қысқаннан кейін ол:

- Қазандағы малдың еті емес, адамның еті, - деді. Содан нанарымды да, нанбасымды да білмедім. Сонда шал:

- Қалған етті табаққа салып қамбаға апарып қойдым, - деп шындығын айтқандай болды.

- Кәне, әкеліңдерші, көрейік, – дедім. Сүйектері ірі жасық ет екен. Жанымдағы тұрған шал еттен жұлып алып аузына салып шайнап көріп:

- Ой, бұл малдың еті ғой, - деп тұр.

Сол жерде техникумның ветеринария бөлімінің соңғы курсында оқып жүрген студент бала келе қалды. Әкесі Ф.Ф.Томан Әулие-Атада отыз жылдай мал дәрігері болып істеген, бізде сабақ беретін жақсы адам болатын. Әлгі студентке:

- Мынау малдың еті ме, адамның еті ме, қарашы, - деп едім, ол қынынан пышағын суырып алып жілікті еттен ажыратып алай-бұлай қарады да, маған ақырын орысшалап:

- Адамның еті. Малдың жілік сүйегі жұмыр келеді, адамдікі қырлы болады – деді. Содан соң жанымдағы адамдарға қарап:

- Жарайды, етті қамбаға қоя салыңдар, ертең тағы тексеріп көреміз, - деп жұртты тараттым.

Келесі күні ауылкеңес төрағасы, колхоз бастығы, тағы бір-екі адам шалдың үйіне бардық. Көктем күшіне кіріп, күн жылынып қалған кез. Шал далада үйінің күншуақ жағында көйлегінің тігісіндегі биттің сіркесін пышақпен қырып отыр екен. Сәлем беріп амандасқаннан кейін ол іркілместен бар шынын айтып берді. Бір айдан бері адам етін қорек қылып келе жатқанын, мына асқан еті осы ауылда жақында сүзектен (тиф) өлген колхоз есепшісі,

23-25 жастардағы жас жігіттің еті екенін, түнде барып қазып алғанын айтты. Қорасын аралап қарасақ, түкпірінде адам сүйектері шашылып жатыр екен. Бұл оқиғаны да ауданға білдірген жоқпыз, білдіргенде не шығады?..

Осыдан біраз бұрын Алматыдан Голощекин кетіп, орнына Мирзоян деген кісі келіпті деген хабарды естігенбіз. Бір күні мені тығыз ауданға шақыртты. Барсам, Мирзоян келген екен, аупарткомда кең мәжіліс болды. Бет бақтырмайтын Голощекиннен қорқып қалған жұрт алғашында ауыздарын байқап ашқанымен, сөйлей келе шындықты айта бастады. Аупартком хатшысы Жаңбыршин деген жас жігітті Голощекин елді аш деп айтасың деп, осының алдында ғана соттатып жіберген, оның орнына Жұмағали Сәрсекөв деген кісі келген, ол маған сөйле деді. Өзім де сөз сұрағалы отыр едім, ашыққан елдің қақ ортасында бәрін көзіммен көріп жүргендіктен, халықтың аштан өліп жатқанын, егіс жұмысының мардымсыз екенін айта келе, әлгі кісі етін жеген оқиғаларға тоқталдым. Мирзоян маған қарап қалыпты, әлде не ойлап отыр деп қорықсам да, бір бастаған соң жасырмай түгел айтып бердім. Жиналыстан кейін Мирзоянмен бірге келген таныс жігіт:

- Голощекин болғанда әлгі сөзің үшін сені қаматып жіберетін еді, - деді. Мен де оған:

- Голощекиннің одан әрмен құрысын, - деп ішімдегіні айтып салдым. Сол жиналыстан кейін өкімет елге азық (продпомощь) беретін болды. Ол тұтынушылар қоғамы (потребсоюз) арқылы ақшаға беріледі. Бағасы арзан болғанымен колхозда бір тиын ақша жоқ. Біздің техникумның бухгалтері өзі бір жуас, бірақ ісіне мықты украин жігіті еді. Осы қысыл-таяң кездегі тығырықтан шығу үшін ары ойлап, бері ойлап, бухгалтерді шақырып алып:

- Екеуіміз кішкентай қылмыс істейік, мына бізге шефке берілген колхозға аздап қарызға ақша берейік, - дедім. Ол әу дегенде:

- Ойбай, ертең ревизия келсе, бізді айыптайды, - дегенімен де, ел жайының соншалықты ауыр екенін өзі де біліп тұрғандықтан, көнді. Ол азықты кооперация адамдары ұрлап құртпауына кім кепіл? Сондықтан азықты әкеліп, ауыл кеңесі тізімі бойынша үлестіруге кеңес мүшелері мен студенттердің комсомол комитеті мүшелерін қоюға тура келді. Ашыққан адамдардың көбі әлсіз, нашарлап қалған. Аштыққа ұшыраған адамдарды ауыл кеңесі, колхоз бастығымен келісіп мектеп үйіне жинап, оларға тамақ істеп беретін сенімді ерлі-зайыпты адамды қойдық. «Байтал түгіл, бас қайғы» демекші, сол кезде оқу тоқтап қалып, мектеп бос тұрған болатын.

1932 жылдың көктемінде егіс жұмысы қатты қолға алынғанымен де, елде көлік жағы тапшы, қыстан ашығып шыққан ер-азаматтардың да күйі нашар, сондықтан жұмыс мардымсыз жүрді. Дегенмен біз тырысып, бір жағынан студенттердің көмегімен, егін жұмысын мерзімінде аяқтап шықтық.

Бір күні аупартком мені бұл колхоздан шақырып алып, қаланың түбіндегі «Қызыл жұлдыз» (ел оны Қоштөбе дейді) колхозында жұмыс жүрмей жатқанын, басқа ауылдардан адам, көлік жіберілгенін айтып, маған сонда ба-

рып егіс жоспарын тез орындап қайтуды тапсырды. Барсам, егіс жері құрғап кеткен, шандары бұрқырап аспанға шығып жатыр. Жер суармалы да емес. Деген аупартком хатшысына хат жазып, құрғақ топыраққа тұқымды босқа ысырап қылудың жөні жоғын айтып бір адамды жібердім. Аупартком хатшысы бұрын Ақтөбеде бірге істеген жөн білетін-ақ Жұмағали Сәрсеков деген адам еді, менің хатыма: «Колхоздың егіс жоспарының орындалуына басыңмен жауап бересің» деп бір жапырақ қағаз жазып жіберіпті. Колхоз бастығы Ғұмар деген жасы біразға келген татар болатын, ол қинала басын шайқап: «Ай, қарағым-ай, ми атала болып (быламық дегені) кетті ғой» дей береді.

Жоспарды орындап қайтқан соң Жұмағалиға барып:

- Жүке, көріне көзге өнбейтін жұмысқа жұртты босқа әурелегенің не? – десем, ол:

- Қайтейін, мына жақта обком жанымды шығарып бара жатқан соң, - деді. Бұл енді Голощекиннің жұмыс әдісінің сарқыны еді. Шаруашылықта сондай ұқыпсыздық, барлық жұмыс тек жоғарыдан келген жоспарды орындап рапорт беру деп білетін тәртіп күні кешеге дейін орын алып келді. 1932 жылы күзде жолым түсіп әлгі Свердлов атындағы колхоз арқылы жүруге тура келді. Сол жылы колхоздың астығы жақсы шыққан екен. Баяғы ауылкеңесі төрағасы мен колхоз бастығы кездесе кетіп, аман-саулық сұрасқаннан кейін мені жібермей ауылдарына қондырды. Күн де кешкірген еді. Ел тойынып, өкімет мал беріп біраз күйленіп қалған екен. Кешкісін әңгімелесіп отырғанда:

- Көктемде кісі етін жеген шалдарың бар ма? – деп сұрадым. Колхоз бастығы:

- Ол шалды қырманға күзетші етіп қойдық. Ойыны ма, шыны ма, сол шал: «кісі етіне енді бір тойсам, әбден көтеріліп кетер едім» дейді, сондықтан түнде қырман басына баруға өзіміз де қорқамыз, - деді.

Мен:

- Онда қырманға күзетшіні тауып қойған екенсіңдер, - деп күлдім.

\*\*\*

Сол колхозда уәкіл болып жүргенімде, қасымда бір студент бала бар, ауыл жанынан өтетін темір жол бойымен келе жатыр едік. Қалаға жақын Ақбұлым деген жерде, теміржол қапталындағы қара жолдың езуінде жас қазақ жігіті өліп жатыр екен. Қасымдағы балаға: «Қалтасын қара, документтері бар ма екен» дедім. Жігіттің қалтасынан комсомол билеті шықты...

Енді бір жолы түнделетіп екі атты кісі қалаға келе жатыр едік. Қала шетінде Әкім бауы деген бақ бар. Соның ішімен жортып келе жатқанымызда астымдағы атым бірдеңеден үркіп жалт бергенде құлап қала жаздадым. Қарасам, қасында екі жас баласы бар қазақ әйелі теректің түбінде тығылып отыр екен. Сөйлей алмайды, екі жас бала тек ыңырсыды. Қоржынымызда азыққа алып жүрген менде бүтін, қасымдағы жігітке жарты таба нан бар екен, соны бергенімізде әйел еңіреп жылап қоя берді...



Сол 1932 жылдың қысы естен кетпестей әсер қалдырды. Әулие-Атаның мен тұрған Бурыл көшесінде жетімхана бар еді. Аудандық оқу бөлімі босқан елдің балаларын сыйғанынша алған. Бірақ кенеуі кеткен балалар оңалмай көп өліп жатты. Әлі көз алдымда, таң азда жетімхананың арбақеші (ол кезде машина жоқ) түнде өліп қалған балаларды жайдақ арбаға тиеп, үстін брезентпен жауып молаға қарай алып өтеді, сонда жалаңаш балалардың қол-аяқтары арбаның жан-жағынан салақтап бара жатады. Менің көршім, техникум мұғалімі И.С.Горнев деген жігіт: «Әттең, фотоаппарат жоқ, әйтпесе мынау тарих үшін керек қой» деп мұңая қарап тұрушы еді.

Әулие-Атаның «Көкбазар» деген базары бар. Бір күні соның жанымен өтіп бара жатыр едім. Базардың шет жағында жұрт топырақ қазып алған терең шұңқыр болатын. Сол шұңқырдың ішінде жасы жиырмалардағы бір қазақ жігіт жүресінен жарға сүйеніп отырып қатып қалған. Жалаң бас. Байқап қарасам, біреу төбесін таспен ұрып ойып жіберген екен...

Тағы да бірде техникум мұғалімі И.С.Горнев екеуміз Көкбазарға барғанымызда ұзын бойлы қазақ жігіті орыс әйелінің сатып тұрған нанының біреуін алып қаша жөнелді. Аш кісі құтыла ала ма, әйел қуып жетіп түйіп жібергенде жігіт құлап қалды, құлап жатып та нанды аузына бұралап тығып жатыр. Әйел сол жігітті басқа тепкілегенде қасымдағы Горнев шыдай алмай жүгіріп барып әйелді итеріп жіберді де: «Оңбаған, адамды неге басқа тебесің? Аш адамға бір үзім нанды өзің беруің керек қой, мә, саған ақша керек болса» деп ұрысып қалтасынан ақша суырғанда, әйел алды-артына қарамай қаша жөнелді...

Жаз шыққан соң тәжірибе шаруашылығының малын жайлауға шығару керек болды. Қасыма ересек қазақ студентті алып Алмалы деген тау жаққа жер көру үшін бардым. Салт жүріп келеміз. Тау етегіндегі жазықта дәу-дәу қарақұстар бір жерде ұшып-қонып жүр. Бұрылып барсақ, қазақ әйелінің өлігін паршалап қызыл ала қан қылып, соған үймелеп жатыр екен. Одан әрі таудың қойнауына кіріп суын, шөбін байқап келе жатыр едік, қалың өскен долана, итмұрын, жабайы жеміс ағаштарының арасына кіре бергенімізде атым бірденеден үркіп осқырынған соң байқап қарасам, бұтаның ішінде бір қазақ әйелі отыр. Есі дұрыс емес қой деймін, бет-аузы қисайып ыржақтай береді, түрінен адам шошығандай. Азыққа алып шыққан нан, майымыз бар еді, соны студент бала қасына апарып қойды, бірақ біз кеткенше әйел тамаққа қараған да жоқ. Аз тұрған соң біз жүріп кеттік.

Біздің техникум тікелей Москваға бағынатын. Қазақтан бес-алты ғана бала бар, өйткені, техникумға жеті жылдық бітірген бала алынады, бірақ ол жылдары қазақ ауылдарында ондай мектептер жоқтың қасы. Техникумның арнаулы үйі, тәжірибе шаруашылығы да жоқ. 1931 жылы жазда Москваға барып, қазақ балалары үшін екі жылдық дайындық бөлім ашуға рұқсат сұрадым. Оқу орындарын басқаратын бөлім бастығы: «Жеті жылдық мектеп халық ағарту комиссариатының тікелей міндеті, біздің жұмысымыз емес» деп бет бақтырмай

қойды. Содан соң екі-үш күн тосып жүріп Халық комиссарының өзіне барып, қазіргі жағдайымызда құрылып жатқан совхоздарға қазақтан кадр даярлай алмайтынымызды айтып түсіндірдім. «Енді не істеу керек?» деді ол. Мен екі жылдық дайындық бөлім ашу жайын айтқанда ол бірден: «Өте дұрыс!» деп қаржы-жоспарлау бөлімінің бастығын шақырып алып: «мына кісімен қанша қаржы керек екенін есептеп әкеліңдер» деп тапсырды. Мен техникумның тәжірибе шаруашылығы жоғын айтып, сол маңдағы екі совхоздан жүз бұзаулы сиыр алуға бұйрық беруін және техникумның шаруашылығына екі трактор, бір жүк машинасын берулерін өтіндім. Бастықтың оң аяғынан тұрған күніне тап келдім бе, әйтеуір сұрағанымның бәрін берді. Әулие-Атаға қайтқан соң 1931 жылдың күзінде ашыққан қазақ балаларының хат танығандарын алып оқытуға кірістік, бұл дайындық бөлімді басқаруға Қалмұрат Сартбаев деген тәжірибелі мұғалімді қойдық, сөйтіп әлгі балалардың бәрі де екі жылда орысша оқуға жетіліп қалды.

Тәжірибе шаруашылығын Әулие-Атаның күнгеі жағындағы Үлкен Бурыл тауының астындағы Қыршынды деген жерде ұйымдастырдық. Бұрынғы үлкен ауылдың орнында адам аз қалған, көп үйлер қаңырап бос тұр. Ауылда қалған адамдарды біз жұмысқа алып, азық, сүт беріп тұрдық, жалақысы өз алдына. Горнев екеуміз бізге берілген жерді қалай пайдалану керек екенін көруге жаяу аралап келе жатқанбыз. Шеткіректегі үйлерде бір жан жоқ. Дуал түбінде киізге ораған адам өлігі жатыр екен. Қыста көмуге шамалары келмеген соң солай тастаған болса керек. Соны көргенде қасымдағы Иван Сергеевичтің: «Последний представитель аула» дегені әлі есімнен кетпейді.

Техникумның оқу жұмысын басқаратын Хайролла Шонтықов деген жігітпен бір үйде тұрамыз, есігіміз бір. Оның Мағыпа деген келіншегі бар, менің әйелім де жас. Ауыз үйде Мағыпа примуске тамақ пісіріп жатыр екен, соны бір аш қазақ кастрюлімен алып қашыпты. Екі келіншек қуады, бірақ жеткендерімен де ұстауға қорқады. Соны байқаған аш адам ішіндегі етін алып, кастрюлді лақтырып тастап кетеді. Екі келіншек өте тату тұратын, екеуі ыдыстарын алып күліп қайтып келеді.

Бұған дейін өз көзіммен көргендерімді айттым, енді бір инабатты адамнан естігенімді айтайын.

Әулие-Ата қаласының жанымен ағатын Талас өзенінің оң жағында, Таластан өтетін көпірден жоғары Тектұрмас деген әулиенің мазары болатын. Тектұрмас Қараханның баласы, өмірін үйде тұрмай, ылғи жорықта өткізген, сондықтан Тектұрмас атанған дейді халық аңызы. Мазар Ботамойнақ тауының өзенге құлаған жотасының биік жарының жағасында болатын, кейін оның кірпішін сол маңда құрылған совхоз жұмысшылары үй салуға бұзып алып кетіпті. Соңғы жылдары қаланың шалдары қайтадан басын қарайтып қойыпты деп естідім.

Аштық жылы көктемде Тектұрмас мазарының жанында бір баласын көтеріп, екіншісін қолынан жетектеген қазақ әйелі әрі-бері дауыс айтып

жүреді де, бір кезде қолындағы баласын биік жардың басынан тасып жатқан суға лақтырады. Екінші баласы шырқырап жылап қашқан екен, әйел ол баланы да қуып ұстап алып, оны да ағыны қатты суға тастап жібереді. Содан соң өзі де суға құлап ағып кетеді. Мұны маған Қазақ университетінде көп жыл физикадан дәріс оқыған Фархад Полатбеков деген жолдасым айтқан еді.

Сол ауыр жылдары, сондағы көргендерім есіме түскенде, халқымыздың түгел жойылып кетпей аман қалғанына шүкіршілік етемін. Голощекин тағы бір жыл тұрғанда бұдан да көп қырылар еді, әйтеуір құдай сақтап қалды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, аштықпен қатар аш адамдарды бір жағынан ауру да (сүзек) жалмап жатты. Соның бәрі көрген түстей өтіп кетті, бірақ ұрпақтар оны ұмытпауға тиіс. Қазір сол кездегі мен айтқан Хайролла да, оның келіншегі Мағыпа да, көп жыл тату-тәтті тұрған менің әйелім Қанапия да жоқ. Зобалаң жылдардың азабын көрген адамдар да аз қалды. Кейінгі жастарға айтсаң, нанбаулары да мүмкін, бірақ мұның бәрі ойдан шығарылған жоқ, көзбен көрген қайғылы оқиғалар, халықтың басына келген зор зұлмат, зұлмат болғанда табиғаттың апаты емес, қолдан жасалған нәубет. Бұл тек Қазақстанда ғана емес, Украина, Кубань, Еділ бойында да орын алды, бірақ ол жақтарда тап біздегідей шектен асқан жоқ. Халық осындай күйзеліп аштан қырылып жатқанда Сталин мұның бәрін беті бүлк етпей «социализм құрудың шығындары» деді-ау бір сөзінде.

Өкіметтің қысымына, шаруашылықтың соншалықты кенеуі кеткеніне, қатын, бала-шағалардың аштан қырыла бастағанына шыдай алмаған ел әр жерде өкіметке қарсы ашықтан-ашық көтеріліске шықты. Бірақ қолдарында қарулары жоқ, өздері де күйсіз жандар не қайрат қылсын, әйтеуір ашынғаннан туған әрекет қой. Сонда Шу өңірінде, Қордайда, Торғайда, Созақта, Қарақұмда және басқа да жерлерде болған халық көтерілісіне өкімет Ресейдің ішкі жағынан, тап баяғы патша заманындағы он алтыншы жылдағыдай, көп әскер жіберді. Қазақстанның өз үкіметі ГПУ қызметкерлерінің басшылығымен жергілікті коммунист, комсомолдардан отряд құрып шығарды, солардың бәрі қолдарында сойылдан, қолдан жасаған қылыш, найзадан басқа қарулары жоқ шаруаларды пулеметпен атып қырды. Жан ұшырған қазақтардың ішінде сондай жағдайда да қасарысып қайрат көрсеткендері болған, солардың біреуін айта кетейін.

Қызылорда қаласында комсомол қызметінде болған Серікбай Ахметов деген жігіт Қарақұмдағы көтерілісті басуға шыққан алғашқы отрядтың ішінде болған екен. Сірә, ол Ақмырза көтерілісі болса керек. Қырық-елу адамы бар отряд келе жатқандарында жапан дүзде отырған екі үй кездеседі. Қыс, жер қар. Командир жауынгерлеріне аттан түсіп, жаяу тасаланып үйге жақындандар деп бұйырады. Әлгі екі үйден екі жігіт шыға келіп, қазып дайындап қойған окоптарына түсе қалып отрядпен атыса бастайды. Серікбайдың айтуынша, әлгі қазақтар атқан сайын жауынгерлердің біреуі ыңқ ете қалады, сөйтіп бұлар ілгері жылжыған сайын адамдары сирей бастайды. Серікбай

командирімен бірге жылжыған екен, командирі еш нәрсеге қарамай тек: «Вперед!» деп айқайлай береді. Бір кезде командирдің өзіне де оқ тиіп өліп қалады. Содан соң Серікбай кейін бұрылып қашады. «Аттар тұрған жерге барсам, отрядтың жарым-жартысы ғана қалған екен. Әлгі кейін бұрылған жерде нағымды қорабына салдым ғой деп едім, сөйтсем, сасып жүргенімде ол далада түсіп қалыпты» деп отырушы еді, марқұм.

Халықтың мұндай ауыр жағдайын қазақтың кейбір азаматтары сол кездің өзінде ойбай салып Сталинге білдіргені белгілі. Бірақ оған құлақ асқан «көсем» болмады.

Голощекин деген алдына жан шығармайтын, бет бақтырмайтын адам еді. Тіс салушы техник қана болғандықтан білімі аз, экономикадан хабары жоқ, әсіресе Қазақстан сияқты сол кездегі аграрлы елдің ауыл шаруашылығын басқаруға қабілеті жоқ, сондықтан да болар, қызмет істеп жүрген жылдарында Голощекиннің ел ішіне шыққанын көрген де, естіген де емеспін.

### **Соғыс және еңбек ардагері Мақсұт Райқұлұлы қарияның Әулие-Ата аймағындағы 30-жылдардағы ашаршылық зардаптары туралы естелігі**

#### **Әулие-Атаға аштық қалай келді?**

- Мен көргенімді, естігенімді айтып берейін. Әулие-Ата қаласына жақын орналасқан ауыл-аймақтарда 1929 жылдан бастап зұлматтың алғашқы ызғары біліне бастаған. Ашаршылық келгенге дейін Әулие-Ата төңірегіндегі ауылдардың тұрмыс-тіршілігі жаман болған емес. Бұл аймақтағы жұрт ежелден-ақ жартылай-көшпелі салт-дәстүрімен өмір сүріп келген еді. Өйткені, бұл өңірдің табиғат жағдайы егін салуға да, мал шаруашылығымен де айналысуға өте қолайлы болды. Біздің ертедегі ата-бабаларымыз екі мың жылдан асатын тарихы бар Әулие-Ата (ежелгі аты Тараз) қаласының негізін екі өзеннің ортасына қалаған екен. Оңтүстік-батысында Аса өзені ағып жатса, шығысында Талас өзенімен шектеседі. Осы өзендерден бірде Асадан, бірде Таластан алма-кезек соққан жел қаланың ауасын тазартып отыратынын арғы бабаларымыз жақсы білген екен. Бұл бір жағынан болса, екінші жағынан өзен бойын жағалай қоныстанып, егіншілікпен айналысуға ертеден-ақ жұрт үйрене бастапты.

Осындай жағдайда тыныш қана өмір сүріп жатқан елге ашаршылық қайдан келе қалды? Кеңестік билік халықты жаңаша өмір сүруге үйретеміз деп, елдің малын, дүние-мүлкін күшпен тәркілеп, алғашқы кезде артельдерге, қосшы одақтарына біріктірсе, ал кейіннен колхоздарға ұйымдастырды. Қазақтардың негізгі күнкөрісі мал өнімдері болғандықтан, малдан айырылған Әулие-Ата жұртына да алапат аштық келе бастады. Соған қарамастан, Көшекей

бойындағы 34, 35, 36-ауылдардағы адамдарға өздері өндіре алмайтын 300-400 пұттан астық салығын сала бастаған. Ал бұл салықты төлемегендерді тікелей абақтыға жапқан. Заготзерно бастықтары жеке ауқатты адамдардан астық салығының орнына ақша алып отырған. Бұған бір мысал келтірейін, – деді Мақсұт қария.

- Дәулетбек қарияның айтуынша, Жетібайдағы заготзерноның бастығы орыс жігіті болған. Ол қырғыз еліне астықты ақшаға сатып жіберген. Жаңадан шаңырақ көтерген колхоздар жоспарланған астықты ала алмады. Мемлекет тарапынан, атап айтқанда, Мәскеу басшылары мен Қазақстанды басқарып отырған Голощекиннің сол кездегі зұлымдығы, мал мәселесінде облыс, аудан уәкілдерінің мал басын қысқартуда жүргізген зиянды әрекеттерінің себептері 1931-1932 жылдар аралығындағы аштыққа әкеп соқты. Әулие-Ата халқы осы жылдары аштыққа ұшырады.

Колхозға мүше болып кірген шаруалар таңның атысымен, күннің батысымен тыным таппай жұмыс істейтін. Әйелдер жағы кешке үйге қайтарда отындарын арқалап қайтатын. Тынымсыз жұмыс істесе де, тұрмыс-жағдайлары нашар еді. Еңбеккүніне еш нәрсе алмайтын. Есік алдарында мал жоқ десе де болғандай. Күнкөрісі – мал біткенді үкімет сыпырып алған соң, не оңсын. Бастарында үйлері де жоқ, тек тышқан сияқты, жерді қазып, кепе етіп, терезесіне әйнек емес, ақ жарғақ ұстап қоюшы еді. Жағатындары күнгірт сәулелі білте шам.

Бірде апам мен Әшірбай көкем өте кеш келді. Қабақтары салыңқы, өздері үнілей береді. Шәйға енді отыра беріп едік, үйге Ібіш, Болтай, Жәкемдермен бірге көрші ағайындар да келе бастады. Ұзақ әңгімелесті, сондағы айтатындары: «Енді қолдағы қалған бір-бір пұттай астықты үкіметке өткізсек, қалай күн көреміз. Сондықтан ел қатты ұйқыға кетіп, андып жүрген белсенділер тынышталған кезде, бұл маңнан кету керек» деп шешті. Мен ұйықтап қалған екенмін, түн ортасы ауа апам жұлмалап оятты да: «Тұр кететін болдық» деді. Әшірбай ағам қалған бидайды, апам мен жеңгем көрпе-жастықты, біраз ыдыстарды арқаларына артты. Менің де арқама жеңілдеу бір затты апам таңып берді. Апам байғұс кетерінде үйге үш рет кіріп, үш рет шықты. Үйдің ішіне өзі жасаған, тірнектеп жинаған, кейбір заттарын қимады-ау деймін. Көзіне жас та алды. Түнімен жаяу жүріп отырып, таңсәріде Талас өзеніне жетіп, жардың астындағы қара тал мен сары қамыстардың арасына келіп тасаладық. Қараңғы түскенде тағы да жолға шықтық. Екі күн өткен соң Әулие-Атадағы Асат көкемнің үйіне орналастық.

Райқұлдың ұлдары – Ібіш, Болатай, Асат, Әшірбай және мен. Асатты жас кезінен бастап әке-шешем мен ағаларым Әулие-Атаға үй-жай соғып, орналастырған екен. Енді өзіміз де осы Әулие-Атаға ашаршылықтың азабынан қашып келдік. Бұл да аштықтың зардабы емес пе?

Асат бауырымды паналап келсек те, ашаршылық зардабынан аман құтыла алмадық. Екі жыл қатарынан қуаңшылық болды. Егін шықпады, мал қырылды. Халық жұптай бастады. Түйенің көзіндей күлшеге әкесінің құнын сұрайтын

уақыт болатын. Неше түрлі ауру да етек алып кетті. Қара қызылша, қызамық, көкжөтел деген «тажалдар» жол тосып тұрғаны. Ел ішінде дәрігерлер жоқ. Тәуіп емінің сәті бірде түссе, бірде түспейді. Сүзектің сүзілгісінен аман-есен өткендер де аз емес. Әулие-Атаның шандақ көшелерінде, әсіресе Атшабардың үн базарында шұбырып жүрген аш-жалаңаш адамдар көп. Өмір үмітсіз емес. Бірақ көбінің қолына ешнәрсе тимейді. О дүниеге осы жерден аттанып жатқаны қаншама. Өлімді жерге үйір қарақұстар көк жүзін босатпай торып жүретін.

Зор денелі, өңі қара, көзі нардың көзіндей үлкен әрі өткір Қондыбай атамызды ел батыр атайтын, оның ұрпағы – Райқұл, Әбділдә, Сөке, Әмірқұл. Ал Райқұлдан Ібіш, Болатай, Асат, Әшірбай және мен дүниеге келдік. 1932 жылдың көктемінде аштықтан алғаш Ібіш қаза болды. Туысым Дәнішті балалар үйіне бергені есімде. Сол баладан хабар күні бүгінге дейін жоқ. Өлі-тірісі белгісіз. Болатай мені және інім Мағзұмды Әулие-Атадағы балалар үйіне орналастырған соң Өзбекстанға кеткен. Кейін білдік, сол жерде іш ауруынан дүниеден өтіпті.

Детдомда жүріп, бала болсам да туысқандарымды қатты ойлаймын. Бір үзім қара нанды алысымен, балалар үйінен жасырынып шығып, апам Қораз бен Күлсін жеңгеме әкеліп беремін. Бірде екі-үш күн қалаға шыға алмай қалдым. Кешке қарай нанымды құшақтап жүгіріп жетсем, апам көзге шалынбайды. Жеңгем ғана отыр екен. Туған апамнан айрылғанымды айтпай-ақ білдім. Көз жасымды тыя алмай жылай-жылай балалар үйіне қайттым. Екі-үш күн өткен соң жеңгемнің халін білмекке келсем, үйде болмай шықты. Қайда кеткенін ешкім айта алмады. Бір жетінің ішінде апамнан өлідей, жеңгемнен тірідей ажырап, ет-бауырым езіліп, жалғыз мен қалдым.

Сол бір зұлматты жылдарда адамдардың бір-біріне қысастығы да жетіп жатты. Өзбекстанда Асат тұратын Кітап қаласына барып-келіп жүрген Өнетай деген кісі жеңгемді күйеуің Әшірбайға алып барамын деп ертіп кеткен. Ол Кітап қаласына барған соң, осында тұра тұр деп, Күлсінді бір көшенің бұрышына отырғызып, өзі бір өзбекті тауып, қарындасым деп сыртынан са-тып жібереді. Күлсін өңді, сұлу болатын. Өзбек жігіт бірден жабыса кетеді. Әшірбай бұл жағдайды біледі. Бірақ менің әйелім деп айту оған қауіпті болады. Іштен тынған Әшірбай ақыры Асатты, оның әйелін ертіп Әулие-Атаға қайта оралды. Өзбекстаннан оралған ағаларым менің орнымды сипап қалады. Өйткені, бұл кезде балалар үйін Шымкент облысындағы Высокое селосына көшірген-ді. Әулие-Атаға мен 1935 жылы ғана оралдым. Балалар үйінен келсем, бұрынғы үйдің өзі жоқ, орны жатыр. Көршілес Діқанбай қариядан сұрап, Асаттың аман-сау екенін біліп қуанып, көңілім орнына түсті. Сол күні ағаммен де, жеңгеммен де табысып, маз-мәйрам болып қалдық. Қызылша, қызамықтан ағамның үш бірдей баласы дүние салыпты. Өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болған аға-жеңгемнің қуаныштарында шек жоқ. Балалар үйінде жүрген інім Мағзұм да келіп, басымыз қосылып, қуанышымыз еселене түсті.

Басқа да ағайындар аштықтың құшағынан құтыла алмай дүние салып кетті. Білім қуып Жамбыл атындағы орта мектепте оқуды жалғастыра бастадым.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1991 жылғы сессияда 1992 жылдың 31 мамырын қазақ ұлтының тең жартысын опат еткен, осы отызыншы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ойран – геноцидтің 60 жылдығын қазақтардың ұлттық қасіреті ретінде ресми атап өтуді бекіткен екен. Бұл өте дұрыс ниет, қабыл болсын! Жамбыл облысы азаматтары әруақтарға Құран бағыштап, әр отбасына шелпек пісіріп, аят оқыды. Осыған орай мен – Райқұлұлы Мақсұт 31 мамырда ұлы нәубет құрбандарын еске алып, 1931-1932 жылдары аштан қаза тапқан әке-шешеме, үлкен апамыз Қоразға, ағайіні, жеңгей, қарындастарыма арнап Жамбыл қалалық мешіт Хатиб-иманы Әли-Айдар қажы Төлжанұлы Әміреевке Құран бағыштаттырып, сол әкешешелеріммен қатар ағайындар қазасын аза тұтып, әруақтарға ас беріп, бас ийдім. Аштықтың қыспағында, қастықтың тырнағында шейіт болған әке-шеше, әжелер мен бауырларды еске алуды ләзім көрдім. Голошекин қырғыны және 1938 жылғы қуғын-сүргін жылдардың құрбандарын еске алдым.

### **Әулие-Ата ауданы бойынша мұрағат деректері (хаттамалар)**

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1928 жылы «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декрет (заң) шығарды. Бұл декрет бойынша Кеңес билігінің өкілдеріне қысымды күшейтуге, бай шаруашылықтарын тәркілеп, шаруашылық иелері мен оның отбасы мүшелерін жер аударуға рұқсат берілді. Өкімет байлардың қазақ қоғамында мүліктік және қоғамдық ықпалының күшті екендігін біліп, олар ауылды кеңестіруге кедергі жасайды деп санады. Жартылай феодал-байларды тәркілеу заңсыз жүзеге асырылды. Уәкілдер кедейлерді қорқытып, байларды көрсетуге күшпен мәжбүр етті.

Жамбыл облысының мұрағатында 1928 жылғы қазан-қараша айларында жартылай бай-феодалдардың шаруашылығын тәркілеу және оларды отбасымен бірге жер аудару туралы Әулие-Ата аудандық комиссия мәжілістерінің хаттамаларында көрсетілген фактілер, сол жылдардағы шындықтың бетін ашып береді.

Әулие-Ата аудандық комиссияның байлар мен жартылай феодалдардың шаруашылығын тәркілеу туралы жабық мәжілістің хаттамасы

**№ 8**

**21-қазан 1928 жыл**

№ 9 ауыл бойынша Майнақов байдың жеке қожалығындағы малды бөліп беру туралы қаулы қабылданды. Өз қарамағында жұмыс істеген 10 кедейге малды бөліп беріп, оларды колхозға біріктірсін. Мойнындағы салығын төлеу үшін байға 261 сом 93 тиын есебінен 3 малды қалдырсын.

№ 11 ауыл бойынша Б.Сұлтанбековтың 52 малын кедейлерге бөліп беру туралы қаулы қабылданды. Малға ие болған кедейлер колхозға мүше болып кірсін. Салық төлеу үшін 424 сом 70 тиын – бұл үшін 6 бас мал бөлінді. Байдың киіз үйлерін мемлекетке өткізу, еуропалық типте салынған үйлер мектепке берілсін.

№ 7 ауыл бойынша Қалабаевтың шаруа қожалығындағы 13 мал басы кедейлерге беріліп, оларды колхозға мүше етіп кіргізісін.

**Әулие-Ата аудандық комиссияның байлар мен жартылай  
феодалдардың шаруашылығын тәркілеу туралы мәжілістің хаттамасы  
№ 9 19-қараша 1928 жыл**

Байлар мен жартылай феодалдарды жер аудару туралы қаулы қабылданды. Бай Бұралқы Сұлтанбековтың отбасы мүшелерін Орал губерниясына жер аудару туралы Әулие-Ата аудандық комиссияның қаулысы бойынша:

1. Бұралқы Сұлтанбеков 55 жаста, оның әйелі Динакүл 22 жаста, байдың ұлы Мұртаза 25 жаста, байдың қызы Зағнаб 7 жаста, байдың келіні Балайым 28 жаста, байдың немересі Қақар 3 жаста.

2. Майнақов және Баялы Байсеевтың отбасыларын түгелдей Орал губерниясына жер аудару жайлы қаулы қабылданды.

**Әулие-Ата аудандық комиссияның байлар мен жартылай  
феодалдардың шаруашылығын тәркілеу туралы мәжілістің хаттамасы  
№ 10 24-қараша 1928 жыл**

Отарбаевтың жеке қожалығын № 7 ауылдағы артельге бөліп беру туралы қаулы қабылданды. Оның шаруашылығы тәркіленіп, артельдің жұмысына кедергі жасағаны үшін Отарбаевты қылмыстық жауапкершілікке тарту қолға алынсын.

(Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаты: Протоколы № 8, 9, 10 заседания Аулие-атинской Районной Комиссии по конфискации хозяйств баев-полуфеодалов Аулие-атинского района. Фонд 21, дело 1, опись 1, связка 1).

Ашаршылық және кейінгі жылдардағы қазақ халқының демографиялық жағдайын зерттеген ғалым Мақаш Тәтімовтың айтуынша, 1933 жылы 11-16 ақпан аралығында Әулие-Ата базарында пісірілген адам мүшелерін сатып тұрған әйел ұсталады. Сот медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес, оның қолындағы пісірілген ет 6-7 жасар баланың дене мүшелері болып шыққан...

(Тәтімов М., Тәтімова Т., Тәтімова М. Зұлмат пен зардап. Голщекинский голодомор, Алматы, 2010, 70-бет)



## ШУ АУДАНЫ

Тарихшы ғалымдардың зерттеу жұмыстарына зер салсақ, Шу өңірінің тарихы 4-5 мың жылдан асады екен. Алайда, осы өңірдің тарихы әлі толық зерттелген жоқ. Қырғыз Алатауынан ағатын бұлақтардың қосылуынан бастау алатын Шу өзенінің жағасындағы ну қамыс іші жүгірген аң, ұшқан құсқа толы болған. Дегенмен, шөбі шүйгін, жері нулы өзеннің бойында үлкенді-кішілі бірнеше қалалардың болғанын ғалымдар тауып, қазіргі кезде зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Ел аузында сақталған аңыздарға қарағанда, Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайыр хандығынан бөлінер кезде Асан Қайғы жаңадан құрылатын Қазақ хандығына мекен болатын жер іздесе керек. Желмаясына мініп, ұлан-байтақ даланы аралап келе жатып Шу бойына келгенде: «Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты-ау, бірақ мына ну қамысың еліңді жұтқа бермес, малыңды өлтірмес», - деген екен. Сөйтіп, 1465 жылы Шу аңғарындағы Қозыбасы (Хантау) тауына алғашқы Қазақ хандығының туы тігілді.

Қытай жазбаларында сақтардың тәңірқұты, данагөй көсемі, хақан «Шу батыр» туралы мәліметтер бар. Біздің заманымызға дейінгі 336-323 жылдары, яғни осыдан 2300 жыл бұрын Хожент (қазір Шу өзені) өзенінің бойына Хақан шаһар салдырып, өз есімімен бұл қаланы Шу деп атаған. Шу атауының шығу тарихы осындай болса керек.

Шу ауданының орталығы - қазіргі Төле би ауылына (бұрын Новотроицкі селосы) 1905 жылы Троицкий деген көпес басқарған орыс шаруалары көшіп келеді. Содан қазіргі аудан орталығы Төле би ауылы Троицкі аталған. Кеңестік билік бұл атауға «Ново» сөзін тіркеп, содан Новотроицкі деп аталып кеткен.

Көнекөз қариялардың естеліктерінде 1930-1933 жылдары Шу ауданында көптеген колхоздардың зорлықпен ұйымдастырылғаны айтылады. Колхоздарға мал жергілікті байлар мен орта шаруалардан алынса, тіпті кедейлердің қолындағы бірлі-жарым малына дейін күштеп тартып алып, олардың өздерін де колхоздарға мүшелікке мәжбүрлеген.. Қарсылық көрсеткен адамдардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздерін итжеккенге айдатқан.

**Шу ауданының тумасы, Жамбыл облысының әкімі  
Кәрім Көкірекбаевтың естелігі  
«Осы теміржолдың арқасында туған жерде қалып,  
аштықтың алапатынан аман-есен шықтық»**

-Тарихтың киіз кітабында осы өңірде болған талай дүбірлі де дүрбеленді оқиғалардың, талай даңқты ұл-қыздардың есімдері жазулы тұр ғой... Менің де арғы тегімде Мамырхан, Рахман, Ұнасбек, Қожахан сынды әулие аталарым болған екен. Заманында олар да бай болып, бақ-дәулетті, елге сый-

лы болып өтіпті. Бергі кезеңде заманнан заман ауысып қазақ сахарасында большевиктердің ойраны басталады. Әу бастан даланың аңғал жұрты «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, керемет заман жасаймыз, бай мен кедейді теңестіреміз» дегенге сеніп қалып, малын орталыққа беріп, аш қалған кез болды. Ашаршылық басталды... Малсыз-әлсіз қалған жұрт ісіп-кеуіп қырыла бастады. Көп жұрт туған жерін тастап Қытай, Өзбекстан, Қырғызстанға босып кетіп жатты. Отаршылдықтың қанды қолы, жезтырнағы елімізге, жерімізге осылай батты.

Осы бір ел басына күн туып, нәубет орнаған кездері біздің отбасымызды, әке-шешем, бауырларымды аман алып қалған қасиетіңнен айналайын шойын жол екен. Бұл жерде әкемнің әкесі Насбектің көрегендігінің пайдасы тиген. Сол кездің өзінде заманның ыңғайын байқап, ендігі кезеңде Қазақстанда орыс тілінсіз күн көрудің қиын болатынын сезген ол әкем Көкірекбайды орыстың үйіне жіберіп, жұмыс істеттіріп қойған. Сондағы мақсаты: балам тіл үйренсін, орыстардың арасында жұмыс істеп жаттықсын дегені. Соның арқасында әкем 1928 жылы 18 жасында Шу теміржолына кондуктор болып орналасады. Сол кездері бүкіл Қазақстанның теміржолында осындай жұмыста істеп жүрген санаулы адамдардың бірі менің әкем Көкірекбай екен.

Ал отызыншы жылдардың басында ел-жұртты ашаршылық жайлап, ісіп-кеуіп, аштықтан қырылған қандастарымыздың сүйегі әр төбеде қалып жатқан кезеңде теміржол басқармасы күн сайын өз қызметкерлеріне қол басындай нан, бір жаламдай сары май беріп тұрды. Әке-шешем, бес-алты бауырларым сол татымсыз талғажауды қылдай бөліп жеп, аштықтан аман қалыпты...

Теміржол дегенде әкемнің ерекше ықылас танытып, көңілі ауып тұратыны содан да болар. «Осы теміржолдың арқасында туған жерде қалып, аштықтың алапатынан аман-есен шықтық» деп отыратын қайран әкем. Сол теміржолда әкем табан аудармай 55 жыл еңбек етті. Бүкіл ғұмыры, қуанышы мен қызығы, күйініші мен сүйініші осы жолға байланысты болды.

Заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романын оқығанда әкемнің бейнесі көз алдыма келеді. Қарапайым еңбек адамының, байырғы теміржолшының тау сияқты биік тұлғасы, терең ішкі рухани әлемі, тектілігі мен парасаты, адамгершілігі мен адалдығы осы құдіретті шығармада жан-жақты ашылып, көрініс тапқан. Боран мен желдің өтінде жаппан даладағы теміржол жол айырығында ғұмыр кешкен теміржолшылардың бойындағы небір асыл қасиеттері ауыр еңбектің, қатал өмірлік сынақтардың кезінде молынан ашылады. Теміржолдың бейнетті, ауыр тірлігінің өзі адамда нағыз адамгершілік, рухани күш-қуат тәрбиелейтінін осы бір дүбірлі де құдіретті роман молынан ашып көрсетеді.

Әкемнің осы бір темір құрсаңға қуатты да, құдіретті көлік түріне – шойын жолға деген ынта-ықыласы маған да ауса керек, ылғи да жолды өз елім, өз мекенім, өз отаным сияқты көретін де тұратыным содан болар. Осы Мойынқұм ауданына келерде де сол теміржолды қимай қоштастым. Адамның алдында не

күтіп тұрағынын Жаратқаннан басқа кім біліпті. Бір үміт, бір күдікпен ғұмыр кешетін адам пендесі емеспіз бе?

**Автордан.** Әуесқой өлкетанушы, Еңбек ауылының тұрғыны Мұрат Әбдірашитұлының айтуына қарағанда, Шу өңіріндегі «Ашаның алты салының бірі» ақын Айтқазы Рахманұлы Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаевтың немере туысқаны болып келеді екен. Ақынның әкесі Рахман бай болыпты. Отызыншы жылдары елде қуғын-сүргін басталған кезде Айтқазы байдың баласы болғаны және Сауытбек ақынның өлеңдерін ел арасында таратқаны үшін қуғынға ұшырап, Ақтөбе түрмесінен бір-ақ шығады. Әкесінің малы көп болғаны және билікке ұнамаған Сауытбек ақынның шығармашылығын дәріптегені үшін жазықсыз сотталған Айтқазы бірнеше жылдан соң абақтыдан елге аман-есен оралып, 1974 жылы 69 жасында қайтыс болыпты.

Өз заманында қарамағындағы ел-жұртты қамқорлығына алып, жетім-жесірлерді жылатпай, жарлы-жақыбайларды қайыршылыққа түсірмей, аштыққа ұрындырмай отырған байларға, би-болыстарға, сондай-ақ қазақ қоғамында адамгершілікті, имандылықты уағыздайтын молдаларға «ескіліктің қалдығы» деген сылтаумен қырғидай тиген Кеңестік биліктің бұл озбырлық саясаты еді.

Еліміздің тарихында қазіргі жас ұрпақтың көбі біле бермейтін осындай заман болған!

## КӨПТІ КӨРГЕН ҚАРИЯ УӘТАЙ ӘЛІМҚОДЖАЕВТЫҢ СЫР ТОЛҒАУЛАРЫ

### Алыс қалған жылдарды еске алғанда...

Жамбыл облысы және Шу ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Тараз қаласының тұрғыны болған Уәтай ақсақал XX ғасырдың отызыншы жылдары есейіп, бүкіл қазақ халқының басына төнген алапат ашаршылықты бір кісідей көріп, әке-шешесінің, ағайын-туыстарының бұрын-соңды болмаған қиындықтардан қисынын тауып аман қалғаны жайында өзінің естелігінде толық айтпаса да, сол замандағы есінде қалған өздерінің басынан кешірген оқиғаларына үзік-үзік тоқталып өтеді.

Уәтай қария алыста қалған жылдарды үнемі еске алып отырады екен.

- Бүгінде тоқсанның төртеуіне келген менің есіме соңғы ел арасында сақталған аңыз-әңгіме жиі оралады, - дейді Уәтай қария. - Ертеде Арқа жерін жайлаған Жидебай батыр жасы жүзден асқан шағында «осынша өмір сүргенім – жұрттан алған алғысым» деген екен. Он сегізінші ғасырдың батыры халқының қамы үшін ат үстінен түспей жүріп атқарған істеріне сай Алланың шапағатына бөленгенін осылай жеткізген ғой. Әрине, өзімді, көп іс тындырдым деп дәріптеуден аулақпын. Әйтсе де ғасырға жуық ғұмырымда қоғамдық құрылыстың бірнеше рет өзгергеніне куә болдым, **алапат ашаршылық жылдарын, батыстағы қан-қасап соғысты көрдім.**

Есімді біліп, оң-солымды танығанда көргенім көкке оранған Қордай таулары болды. Қазіргі кезде «Жаңатұрмыс» аталатын ауылда шыр етіп, дүниеге келіп, кіндігім кесілген екен. Бұл жердің атауы Жетісу губерниясы, Пішпек уезі, Қыбырай болысы, үшінші санды ауыл деп аталған.

Әкем Әлімқоджа, анам Жұмакүл кенже ұлдары менің есімді Сейдуалы деп қойған. Бірақ өздері мені қысқартып Уәли, кейде еркелеткенде Уәтай атаған. Әкем мен екі жасқа толғанда қайтыс болып кетіпті. Әулетіміздің шежіресіне қатысты әңгімелерден білгенім әкеміз Қордай жеріне он үш жасында келген, дұрысы халық арасында дінді уағыздаумен қатар, неке қию, сүндетке отырғызу, жаназа шығару сияқты рәсімдерді атқару үшін әкелінген. Әкемнің есімі айтып тұрғандай біз қожалар әулетінен боламыз. Арғы ата-бабаларымыз Арабия жерінен келіп, жергілікті халықты адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейтін дін жолын үйреткен. «Дін – апиын» деп дінге қарсы болған, сол секілді қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін «ескіліктің қалдығы» ретінде есептеген Кеңес өкіметінің соқыр саясатының кесірінен әкем қуғын-сүргінді көп көргендіктен бе, небәрі 65 жас қана өмір сүрген.

Әкемнен жастай қалған мен Белқожа ағамның қанатының астында өстім. Патша тақтан тайып, Кеңес өкіметі орнаған жылдарда ауыл-аймағына

қамқор болған байлардың малын зорлықпен тартып алып, ежелден мал өнімдерімен тіршілік етіп отырған қазақтарды жаңа билік отызыншы жылдары ашаршылыққа ұшыратқанын өз көзіммен көрдім. «Бай мен молданы қойдай қу, қамшымен» деп ұрандатқан әсіре белсенділерден біздің әулетіміз де көп қуғын-сүргін көрді.

Мейманхан ағамды қожа тұқымы деп Пішпектегі (қазір Бішкек) оқуға алмай қойып, аты-жөнін Исалиев болып өзгерткен соң ғана институттың есігін аша алды. Біздің әулеттің малы да тәркіленді. Ол кезде бай, кедей деп қарап жатпайтын биліктің шолақ белсенділері елдің малын жаппай тәркілеп, жаңадан ұйымдастырылған колхоздарға өткізіп жіберіп отырды.

Қордайдан Шу өңіріне көшіп келгенде, ең алдымен, Жайсан даласын, Кербұлақ өзенінің жағалауын жайлағанымыз есімде. Отбасында тоғыз қыз, бір ұл және ағасының баласы менімен он бір болған - бәрімізді Белқожа ағам ашаршылық жайлаған отызыншы жылдары аудан орталығы Новотроицкіге (қазір Төле би ауылы) көшіріп әкелді.

Әкеміз Әлімқоджаның ұлдарының ішіндегі пысығы, ұғымтал, зерегі Белқожаның жасы он үшке толып Пішпектегі саудагер татарға алдын-ала шарт жасасып он жылға жалшылыққа бергенде, түптің түбінде өз алдына кәсіп ашып кетер, отбасын асырауға көмектесер деп ойлағаны анық еді. Ол заманда Қордай мен Шу өңірі Пішпек уезіне қарайтын.

Осындағы Нұри Бексүгіров деген татарға алдымен қолбала, тәжірибе жинақтай келе көмекші болған ағам тез-ақ сауда-саттықтың қыр-сырын меңгеріп алған. Бұл үйренгендері кейін өз алдына дүкен ашып, саудасын өрістетуге көп көмегін тигізді де. Сондай-ақ қазақ елінің басына төнген ауыр аштық жылдарында Белқожа әке сенімін ақтап қана қойған жоқ, сонымен қатар көп балалы шаңырағымызды аштықтың құрсауынан құтқарып қалды.

Тарихтан белгілі, Новотроицкі селосына 1904-1905 жылдары Ресейдің орталық аймақтарынан Столыпиннің реформасы бойынша көптеген орыс шаруалары қоныс аударады. Оларды көпес Троицкий бастап келгендіктен Троицкі селосы деп аталған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін «Новотроицкі» деген атауға ие болған. Бұл селода орыс отбасылары көп болатын. Олар егін салумен айналысты, сондай-ақ жеке шаруашылықтарында көкөніс, жеміс-жидек өсірді, Шу өзенінен балық, ал даладан аң-құс аулады, әйтеуір, өздері ашаршылық көрмегені былай тұрсын, бір үзім нанға зар болған қазақтарға да көмегін аяған жоқ.

Дүкен ашқан Белқожа ағамның орыстармен саудасы жүріп, біздің әулетті ашаршылықтан аман алып шықты. Оның жастай меңгерген кәсібін дамытуға мүмкіндік туғызған тағы бір жай – Новотроицкіге Шу қаласының жақын орналасқаны болды. Сол кезде-ақ ол тоғыз жолдың торабы болатын. Пойыздар ерсілі-қарсылы ағылып жатты. Ал, түгін тартса майы шығатын топырағы құнарлы Шу өңіріне сонау Ресейден орыс шаруалары тегіннен тегін келмеген ғой.

Балалық шақ бізде болды деп айта алмас едім. Өйткені, буынымыз қатпаған жас кезімізде аштықтан өліп жатқан адамдарды көрдік. Отызыншы жылдары жаңадан құрыла бастаған колхоздың жұмысына араластық. Кеңестің сол кездегі заңы бойынша әрбір отбасыдан бір адам жерін, суын жайлаған колхозда еңбек етіп, кемі 100 еңбеккүн табуы керек. Дүкен ұстайтын Белқожа ағамның бұған мойын бұрар шамасы жоқ. Ал, Назипа жеңгем шие ттей, үйелмелі-сүйелмелі балаларын кімге тастамақ. Содан мен және аға-жеңгемнің тоғыз қызының арасындағы жалғыз ұлы Әздер інім екеуміз жаздай колхоз жұмысына жегілдік. Ол кезде Шу аймағында негізінен мақта, күріш өсірілетін. Елге ашаршылық төніп тұрған заманда біз күнімізді осылай көрдік.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдары қазақ елінің басына үйірілген алапат ашаршылық Қазақстанның түкпір-түкпіріне дейін жеткені белгілі ғой. Кейіннен елге танымал сазгер болған Әбілахат Еспаевпен Новотроицкі селосындағы қазақ орта мектебінде әскери даярлық пәнінен сабақ беріп жүрген кезінде танысқан едім. 1931 жылы қиын-қыстау кезеңде Әбілахаттың алты жасында аштықтың азабынан, қуғын-сүргіннен құтылу үшін әкесі Ысмағұл Қостанайдан Меркі ауданына қоныс аударған екен. Егер бұл отбасы тұрған жерінде қала берсе, аштық апаты мен қудалаудан құтыла алмайтынын алдын-ала болжаған болуы керек. Соғыстан кейін Шу ауданында мұғалім болып қызмет атқарып, көп ұзамай Әбілахат Алматы консерваториясына оқуға түсті.

1931-1933 жылдары Қазақстанда болған ашаршылықта қолдарындағы азық-түлік қоры таусылып, ішім-жемі қалмаған ел тарыдай шашылып басы ауған жаққа босып кетті. Біздің ағайын-туыстарымыз бір кісідей жұмылып, Кербұлақ пен Төле би бабамыздың жайлауы болған Жайсан даласынан Новотроицкіге көшіп келгеннен соң әркім өзінше күнкөрістің қамына кірісті.

Шындығына келетін болсақ, біздің әулет Белқожа ағамның арқасында аштықтың дәмін тата қойған жоқ. Ол кісі сауда-саттық жұмысын сол кезеңдегі қиын өмірге бейімдеп, орыстармен тіл табысып, қолындағы мүліктерін тиімді пайдалана білді.

Кеңестік билік ежелден мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың малын тартып алып, колхозға біріктірді. Мемлекет тарапынан қарапайым халыққа ешқандай көмек болмады. Малдан жұрдай болған ел-жұрт аштыққа ұшырады. Бұл кезде Шу өңірінің тұрғындары бау-бақша өсіріп, егін салуға әлі дағдыланбаған еді.

Құрығы ұзын биліктен құтыла алмайтынын алдын-ала білген кейбір байлар қарсылық көрсетпей қора-қора қойларын, үйір-үйір жылқысын, табын-табын сиырларын өз еркімен колхозға өткізді. Соған қарамастан оларды көлхоздастыруға қарсы болып социалистік құрылысқа кедергі жасайды деген сылтаумен алыс аймақтарға бала-шағасымен бірге жер аударды, Сібірге айдады. Ал байлардың бір бөлігі малдарын биліктен жасырып қалуға әрекет жасады. Осыған қатысты бір оқиғаны айта кетейін.

Әкеміздің ортаншы ұлы Найманхан ағамызға тағдырдың тартқызған тауқыметі аз болған жоқ. Талабы тас жаратын бала кезінде әкеміз оны діни мектепке орналастырған. Білімге құштар ол Пішпектегі бұратаналық (туземдік) орыс мектебінде Тұрар Рысқұловпен бірге оқыды. Ауылға каникулға келген кезде небәрі он төрт жасқа толған Найманханды болыс 1916 жылғы Патшаның жарлығы бойынша қазақтан тыл жұмысына алу тізіміне енгізеді. Сол кезде жарлыққа қарсы Жетісуда болған халық көтерілісіне қатысып, алғы сапта жүрген. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін оқуын жалғастырып, Орта Азия университетінің агрономия факультетін бітірді. 1926 жылы Әулие-Ата уезінің әкімшілік бөлімінің бастығы болып тағайындалады.

Бірде отызыншы жылдардың басында болуы керек, қазақ пен қырғыздың ортақ жайлауы Сусамырда колхоздың малын көшіріп-қондыру ісін жолға қоюға Найманхан жіберіледі. Қасына екі милиционер ертеді. Осы сапарында Сусамырға малын жасырған Меркі ауданының аумағында тұратын Құспекәжі деген байдың ісін әшкерелейді. Осыған өштескен бай адамдарына аңдытып жүріп Найманханда қолға түсіріп, қастандық жасайды. Толқынды бұйра шашын бір талдап жұлады. Аямай соққыға жығады. Өлді деп тастап кеткен жерінен әлдекімдер тауып алып, солардың арқасында тірі қалған екен...

Қанша дегенмен, қоғамда болатын әділетсіздік қарсылық туғызбай қоймайды ғой. Кеңестік биліктің күштеп жүргізген солақай саясатына бай да, кедей де наразы болғаны шындық.

... 1934-1935 жылдары жан-жаққа босып кеткен ашаршылықтан аман қалғандар өз жерлеріне келіп, естерін жиып, шүкіршілік етіп, Кеңес өкіметінің билігіне бағынудан басқа амалы қалмады.

Сөйтiп, бұрын-соңды болмаған ашаршылықты, одан кейiнгi репрессия жылдарындағы қиындықтарды көрiп, ендi ғана заман түзеле бастағанда жойқын соғыс басталып кеттi.

Мектеп бітірген жылы жасым тұп-тура жиырмаға толған еді. Құжаттарымда туған жерім осы Новотроицкі селосы, туған күнім мен жылымы 1921 жылдың 21 маусымы деп көрсетілген. Осылай жаздырған ата-анам сол күннің ертеңіне екінші дүниежүзілік соғыс басталатынын қайдан білсін! Қырғын соғысқа басынан аяғына дейін қатыстым. Ауыр жараланып, тәулік бойы окопта қансырап жатып қалған жерімнен госпитальге жеткізіпті, сонда бірнеше ай емделдім. Бұл дүниеде көретін жарығым бар екен, тірі қалдым.

Соғыс аяқталған соң елге аман-есен оралып бейбіт өмірге бірден араласып кеттім. Қазіргі кезде алыста қалған жылдардағы бейнеттің зейнетін көріп отырмын. Енді тәуелсіз елімізде ашаршылық қайталанбасын, соғыс болмасын деп бір Алладан тілеп отырамын. Жас ұрпаққа Қазақстанның өркендеп экономикалық, әлеуметтік дамуына өз үлестерінді қосып, келешекте алдыңғы қатарлы дамыған 30 елдің қатарына жетуге бар білімдерінді, күш-жігерлерінді жұмылдырыңдар деп айтқым келеді. Алдымызда биік-биік асулар тұр, алынбайтын қамал жоқ, «Мәңгілік ел» болу қолымыздан келеді. Тек тәуелсіздіктің қадірін білсек қана аңсаған арманымыз орындалатыны ақиқат.

## Уәтай ақсақалдың қызы Айшаның естелігі

Біз әкеміздің әңгімесін қызыға да, үрейлене де тындайтынбыз. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қазақ еліндегі алғашқы ашаршылық басталған кезде Әлімқоджа атам Белқожа есімді ұлын Пішпек (қазір Бішкек) қаласындағы ұлты татар Нұри Бексүгіров деген байлығы шалқыған көпеске жұмыс істеуге береді. Белқожа ағам байдың қарамағында жалшылықта жүріп өзін еңбекқор, ісіне тиянақты берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайтын жұмысшы ретінде көрсете білген. Келісімшарт бойынша еңбек ету мерзімі біткен соң Нұри көпес ағаны жібергісі келмейді, өзінің қоластында қалуын талап етеді. Бірақ Белқожа қалуға келіспейді. Сонда Нұри оған әкесі Әлімқоджаның 25 мың сом қарызы бар вексельді көрсетеді. Бұл сол заманда өте көп ақша екен, сондықтан атамыздың аталған қарызды қайтарып беруге шамасы келмейтін еді. Сондықтан әкесінің қарызын өтеу үшін ол көпесте қалып жұмыс істеуі керек. Көңіл-күйі құлазып, салы суға кеткен Белқожа әкесінен барлық болған жағдайды біліп алады.

Оқиға былай болған екен. Бір күні көпес Әлімқоджаны алдап таза параққа қол қойдырып, осы қағазды вексель ретінде рәсімдеп алған. Аталған құжат бойынша қарызды өтеу үшін Белқожа ағам ұзақ жылдар бойы жұмыс істеуге міндетті болып байға тәуелді болып қалады. Нұри өте қатыгез адам болған, ал әйелі одан асып түседі екен. Белқожа үйленген, отбасында әйелі мен емшектегі баласы болыпты. Олар көпестің үйінің жанындағы күркеде тұрған. Бірде ағамның жас баласы бір жері ауырып қатты жылаған болуы керек, Нұридін әйелі сәбиді анасының қолынан жұлып алып суға толы бөшкеге лақтырып жібереді. Бала тұншығып өледі. Бұдан артық қандай сұмдық болады десеңші! Бұл құлдықтан Белқожа аға кейін Кеңес өкіметі аяғынан тік тұра бастаған кезде ғана құтылады.

... Отызыншы жылдардың басында қазақ жерінде екінші рет ашаршылық басталған кезде, бір күні кешке қарай Белқожа ағаның есігін үстінде алба-жұлба жыртық киімі бар, үсті-басы кір-қожалақ, әбден қалжыраған шал қағады. Ағаның ұлы Әздер есікке қарай жүгіріп барып «жоқ, кіруге болмайды» деп есікті жаба бергенде Белқожа баласын тоқтатып, үйге шалды кіргізеді. Ол күтпеген жағдайда келген шалды көріп, баяғы көпес Нұри Бексүгіров екенін бірден таниды, бірақ оның кім болғанын бала-шағасына айтпайды. Оны жуындырып, таза киім беріп, тамақтандырады. Биттеп кеткен жыртық киімдерін отқа жағып жібереді. Белқожа бір апта Нұридін үйінде тұрғызып, әл-қуатын қалпына келтірген соң жарты қап жүгері, ұн беріп пойызға отырғызып жібереді.

Аштықтың азабын тартып қаңғырып келген бөтен шалға ағамның осыншама неге қамқорлық жасағанын, ол кеткеннен кейін бала-шағасы сұрап білген. Сәл үнсіздіктен соң Белқожа аға Нұри туралы бұрынғы болған оқиғаны



үй ішіне айтып береді. Бәрі таңғалып, не айтарын білмей тұрып қалады. Сонда Уэтай әкем мен Әздер ашуланып:

- Қалайша осындай жексұрын адамды үйге қондырып, қаншама жақсылық жасадыңыз? Өзіміз әрбір дәнді үнемдеп, кедейленіп аш отырғанымызда бұл кісіге неге ерекше ықылас көрсеттіңіз? — деп қосарлана сұрайды.

Белқожа аға балаларының сұрағына ауыр бір күрсініп алып:

- Ол менің үйіме мың өліп, мың тіріліп келді! Менің үйіме кірейін бе, кірмейін бе деп мың рет ойланды. Мен Аллаға мың да бір шүкіршілік етемін. Таспен атқанды, аспен ату керек. Жамандыққа — жақсылық! — деп жауап береді.

... Репрессия жылдарында НКВД қызметкерлері Белқожа ағамды ай сайын шақырып мазасын алған. Бар болғаны әкесінің дін жолын халыққа үйреткені үшін сұрақтың астына алып, тыныштық бермеген екен. «Менің әкем Уэтай Белқожа ағасын ақылдылығы мен кең пейілдігі үшін өмірінің соңына дейін құрметтеп өтті» деді Айша әкесінен естіген әңгімесін аяқтай отырып.

## **Соғыс және ецбек ардагері Сиқымбай Мамыровтың естелігі**

### **Тығырықтан жол тапқан**

Сиқымбай қария 1920 жылы мамыр айының соңында Шу алқабындағы «түгін тартсаң майы шығатын» шөбі шүйгін, екі қапталы түрлі өсімдіктерге өте бай, айнала қоршаған тау қыраттары кекілік, бөдене, бұлдырық, дуадақ сияқты құстарға толы, ал қыраттардың етек жағында құрақ аралас түрлі шөптердің арасында елік т.б. аңдар мекен еткен, жазы салқын, жаймашуақ, қысы жылы болып келетін даланы қақ жара ағатын, Іле-Алатау тауларынан бастау алатын Кербұлақ өзенінің бойында дүниеге келген. Өзенді жағалай арасы 3-4 шақырымдай қашықтықта әр әулеттің қыстаулары орналасқан. Қазан төңкерісіне дейін сол қыстаулардың бірінде Сиқымбайдың әкесі Мамыр ағайын-туыстарына қамқор болып, қолдағы барын бөлісіп, ешқандай жоқшылықтың дәмін татпай тыныш қана өмір сүріп жатқан екен. Асқан ірі бай болмаса да ел-жұртына қол ұшын беретіндей, қора-қора қой, үйір-үйір жылқылары болыпты. Сонымен қатар Мамыр ағайын-туысқандарының басын қосып, өзеннің жазықтау жерлерінде егін салып, бидай бастырған. Оның егіншіліктің әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеруінің арқасында кейінгі зобалаң жылдарында көптеген пенделер жан сақтаған екен. Кеңес өкіметі 1920 жылдан қолында малы бар шаруа қожалықтарының иелерін қудалай бастайды.

1929 жылдан бастап билік өкілдері байларды жаппай тәркілеуді қолға алып, күштеп халықтың малын тартып алуды әдетке айналдырған. Бір күні Шу ауданының орталығы Новотроицкі селосынан белінде нағаны бар милициямен бірге келген тәркілеу комиссиясының бастығы Мамырға: «Малыңды

бірін қалдырмай, мемлекетке өткіз, әйтпесе, Сібірге айдаласың, сотталасың?» деп қорқытып, барлық малын тізімге алып, айдап әкетеді.

Маңдай терімен тапқан ақ адал малын түгелдей алып кеткеніне Мамыр қария кезінде қатты қиналған көрінеді. Қиналмағанда қайтсін, күн көріп отырған бар малын сыпырып алса, одан артық қиянат болар ма екен?

- Мен, – дейді Сиқымбай қария – сол кезде тоғыз жаста едім, бәрі есімде, малдан түгел айырылғаннан кейін 1930 жылдың көктемінде қалған-құтқан бидайды жинастырып, әкем егін салуға кірісті. Жаз бойы күтіп-баптап, шілде айының аяғына қарай пісіп-жетілген бидайды бастырып, жинап алдық. Алда келе жатқан қиын жағдайды сезгендей, барлық жиған-терген астықты әкем ауылдағы шолақ белсенділерден жасырып, үйдің астындағы ұраға салып тастады. Бір жылдан кейін елдің жағдайы қиындап, тек біздің Кербұлақта ғана емес, көршілес жатқан Үңгірлі, Сарыбұлақ ауылдарында да ашаршылық басталды. Кеңес өкіметінің уәкілдері мен ауылдағы әкірендеген белсенділерден жасырып, ұраға тығып тастаған бір-екі жылдық астық қорын, елге қамқор болуды жас кезінен қанына сіңірген әкем Мамыр, 1932 жылы аштықтан әбден қиналған ағайындарға аздап бөліп беріп отырды. Сол кездегі ашаршылықтан біздің отбасымыздың көмегімен аман қалған менің құрдастарым мен ауылдастар үнемі ризашылықпен айтып отыратын. Көрші ауылдарға да жиі-жиі барып, аштықтан бұралып жатқан адамдарды да азық-түлікпен қамтамасыз еткенін үлкендерден талай естідім. Әкем иығына екі кісі мінгендей қарулы болатын, елге жөнсіз қысым көрсетіп, кейбір адамдарға қиянат жасаған жергілікті милицияны да ұрған екен. Әйтеуір, құдай жарылқап, әлгі милиция қызметкері өз қатесін түсініп, әкемді сотқа бермепті.

Бір күні Үңгірлі ауылына барып, бұрыннан таныс кісінің үйіне кіріп босағасын аттай бергенде, қараңғы бөлмеде әлсіреп жатқан 4 жігіттің бірі әкемді танып қалып: «Мамыр келді, келді!» деп, ыңырсыған үнмен тіл қатады. Ол жігіт Мамырдың ашыққандарға көмектесіп жүргенін ел-жұрттан естіген болуы керек, жейтін талғажау әкелген шығар деп қуанғанын сезген әкем дорбасындағы бір тостаған қуырылған бидайды алдарына қояды. Жатқан жерлерінен бастарын әрең көтеріп, таласа-тармаса қомағайланып жей бастайды. Үйге кіріп келгенде қараңғы бөлменің бұрышындағы пештің үстінде тұрған қазанды байқамаған екен, жақындап келіп қараса қазанда адамның басы бұрқылдап қайнап жатыр, мұндай сұмдықты бұрын көрмеген әкемнің тұла бойы дір етіп, сасқалақтап не айтарын білмей тұрып қалады. Сәлден кейін есін жиып, тәлтіректеп үйден шығып кетеді...

Сол кезде Бішкекке қатынайтын күре жолдың бойында Үңгірліден алыс емес, Благовещенка деген елді мекенде қаңғырып жүрген жетім балаларды жинайтын орын болған. Менің анам Салмақты балаларды тамақтандыратын осы жерде аспазшы болып жұмыс істеді. Қаладан келген Кеңес үкіметінің өкілдері апта сайын жиналған балаларды бес-алтыдан Бішкектегі балалар үйіне (детдом) әкетіп жатады. Шешемнің жұмыс орнына келіп жүріп, детдомға

әкетіп бара жатқан Сейтімбет деген баламен таныс болып қалдым. Ол бала кейін аман-есен туған жеріне оралды. Оның айтуына қарағанда, Бішкектегі балалар үйіне жан-жақтан әкелінген, аштық әбден қалжыратқан балалар да ауруға шалдығып күнде өле берген.

1931-1932 жылдары Үңгірлі, Сарыбұлақ, Благовещенка ауылдарында қазақтардың жаппай қырылғанын өз көзіммен талай көрдім. Ауылдардың шетінде, құлаған дуалдардың, әр бұтаның түбінде теңкиіп-теңкиіп өліп жатқан адамдарды көріп төбе шашым тік тұратын. «Адам үш күннен кейін тозаққа да үйренеді» деген рас екен, мұндай көріністі күнде көріп жүріп, бала болсақ та бірте-бірте денеміз үйреніп кетті, қорықпайтын болдық.

1934 жылдан бастап елдің жағдайы түзеле бастады. Үңгірлі, Сарыбұлақ сияқты шағын шаруашылықтар Көкқайнар колхозына бірікті. Колхоз басшылары әр отбасының жан басына шағып, бидай бере бастады.

Сөйтіп, әкемнің арқасында біздің гана отбасымыз емес, жақын ағайын-туыстар және т.б. көптеген ашыққан ауылдастар алапат аштықтан аман қалды. Ағайындардың арасынан әкемнің туған қарындасы Тұрар отызыншы жылдары Қырғызстанға кетіп, кейін аман-есен елге оралды, ал ағасы Әмір ауырып қырғыз жерінде қайтыс болыпты.

- Бұл тек бір ауылдың ғана басына түскен ауыртпалық емес, бүкіл қазақ еліндегі үлкен қасірет еді, – деді де, биыл 95 жасқа толған Сиқымбай ақсақал одан әрі Ұлы Отан соғысына қатысқаны жайында айта бастады.

- Мені 1942 жылы әскерге алды. Ферғана қаласына апарып, әскери-жаттығулар жасатты. «Максим» пулеметінен атуды үйрендік. Белгілі бір ату-дан кейін оған су құйып отырмаса, қызып кетіп атылмай қалады екен. Сонымен, қан майданда бір кісідей шыбын жанымды аямай, намысқа тырысып соғыстым, соғыстың аяғына дейін болып он екі мүшем түгел туған жеріме оралдым. Ешқандай жарақат алған жоқпын, ол да бір құдайдың маған жасаған жақсылығы шығар, кеудем орден мен медальға толды. Елімізді жаудан азат етіп, туған – туысқандардың ортасына аман-есен оралғанға не жетсін, шіркін. Майданнан келе сала бейбіт өмірге араласып, еңбек ете жүріп көптеген марапаттауларға ие болдым, ұл-қыз өсіріп шаттыққа, қуанышқа, бақытқа бөленгенімді енді сіздерге ғана айтып отырмын. Соғыс қызып жатқан кезде жауынгерлердің алған наградалары иелеріне жетпей қалатын оқиғалар да кездесіп қалады. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы жақындап келе жатты. Соғыс кезіндегі тәртіп бойынша «Даңқ» орденін үш рет алған майдангер Кеңес Одағының батыры болып саналатын, ал мен екі рет «үшінші және екінші дәрежелі Даңқ» ордендерін алған едім. Балаларым «бірінші дәрежелі Даңқ» ордені маған кездейсоқ берілмей қалды ма деген оймен Ресейдің Қорғаныс Министрлігіне қарасты орталық мұрағатқа сұрау салыпты.

2013 жылы мұрағаттан төмендегідей хабар келді деп, Сиқымбай ақсақал анықтаманы бізге көрсетті.

## Справка

Центрального архива министерства обороны РФ

Сообщаем, что сержант Мамуров (так в документе) Сихимбай (так в документе), 1920 года рождения, место рождения Джамбулская область, Чуйский район, колхоз им. Жданова, командир отделения 712 стрелкового полка 132 стрелковой дивизии, награжден:

- орденом «Слава 3 степени» № 164139 приказом по 132 № 0163/н от 29.09.1944 г.;

- орденом «Слава 2 степени» № 37059 приказом Командующего 47 Армии № 0130/н от 30.04.1945 г.;

- медалью «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» Указом ПВС СССР от 09.05.1945 г.;

- орденом «Отечественная война 2 степени» № 1562253 приказом Министра обороны СССР № 85 от 06.04.1985 г., в приказе значится Мамыров Сихимбай (так в документе).

Награды вручены, орденские книжки В-087385, Г-№ 667353

Основание: ЦН МО РФ, картотека учета награжденных.

Начальник отдела М. Черного

«14» мая 2013 года (печать) Исп. Пономарева И. Г.

Мына құжаттағы мәліметтер бойынша Мамыров Сиқымбайға «бірінші дәрежелі Даңқ» ордені берілмепти. Соған қарамастан қарияның жоғарыда көрсетілген наградаларынан соғыс жылдарындағы өшпес ерлігі көрініп тұрған жоқ па?

Сөз соңында Сиқымбай қария ХХ ғасырдың бірінші жартысында болған алапат ашаршылық пен жойқын соғыс қайталанбасын деп тілегін білдіре отырып, біздің келгенімізге ризашылығын білдірді.

## **Еңбек ардагері Ержұманов Серікбайдың әжесінен естіген әңгімесі**

### **Аштықтың кесірінен небір сұмдықтарды көрдік қой...**

- Әкем Мұстапа бір отбасынан жалғыз болған екен, мен туғанда әкесіне серік болсын деп, менің атымды әжем Серікбай деп қойғанын үнемі айтып отыратын. 1946 жылы Шу ауданындағы Сталин атындағы колхозда жарық дүниеге келген мені әжем Теңгеш бауырына басып, бұл дүниеден озғанша «өзімнің баламсың» деп кетті. Мен, тоғыз ай көтерген анам Дәкен екенін білсем де, әжемнің айтқанына әбден сендім. Тіпті, шешемді «апа» демей, Дәкен деген атымен атайтынмын.

Әжем марқұм өте ширақ адам еді, іс-қимылының өзі де ер адамға ұқсайтын. «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі

артық» демекші, әжем күннің көзі ұясынан шықпай жатып сиыр сауып, өріске мал қосып, шәй қайнатып, әке-шешем ұйқыдан оянғанша бәрін жайғап қоятын. Есім кіріп, етек жия бастағаннан кейін мен де әжеммен бірге ерте тұрып, жанынан қалмай жүріп, көмектесетін едім. Жұмысқа кеткенге дейін ерте тұрып үйдің тіршілігіне қам жасау – менің өмірлік әдетіме айналғанына іштей риза болып, әжемнің сөзінен емес, іс-әрекетінен алған тәрбием екендігін кейін ғана түсіндім. Ол кісінің ашуланғанын ешқашан көрген емеспін, менен кейінгі немерелері бұзықтық жасап қойса зекімейді, дауыс көтермейтін, тек қана «Құлыным-ау, мынауың болмады ғой» деп, қоя салатын.

Әжем мені «көкешім» деп еркелететін, ал анам болса әжесінің баласы деп, бұл аттың соңғы буынын алып тастап «көке» деп атайтын. Ежелден қалыптасқан қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша ата-енесінің, күйеуі мен қайындарының, үлкендердің атын атамау-сыйластықтың белгісі ретінде күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан жақсы дәстүр ғой. Сөйтіп, әжемнің арқасында туған-туысқандар, бүкіл ауыл, тіпті тай-құлындай тебісіп өскен құрдастарым да «көке» деп атап кетті.

Соғыстан кейін де елдің жағдайы қиын болғаны белгілі. Ертеңнен қара кешке дейін ауылдың егіс даласында жұмыс істейтін колхозшыларға жалақы берілмейтін, тек күзгі жиын-терін біткен соң ғана еңбеккүн ретінде олардың отбасындағы жандарға шағып, өздерінің үлестері астық береді екен. Әр отбасында бірлі-жарым мал бар, бақша егеді, сонымен ауыл тұрғындары жан сақтап, күнін көреді. Мал болған соң сүт, айран, қаймақ т.б. басқа тағамдар болады ғой, бірақ нан тапшы. Сонда әжем колхоз егінін жинап болған соң ер адамдармен қосылып, масақ тереді. Екі-үш күн егіс даласында жүріп, терген бидайдың дәнін қапқа салып, жаяу арқалап үйге алып келетін. Бидайды тазалап, қол диірменге тартып, одан қамыр илеп, нан пісіріп береді, ал кейде қазанда қуырылған бидайды қаймаққа шылап жейтін едік. Қазіргі кезде дастарқанда наннан пісірілген түрлі тағамдар толып тұрса да, сол тұстағы жеген нанның дәмі әлі күнге дейін аузымда тұр. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» деген осы шығар.

Масақ теріп жүргенде әжем аяғын жаралап алады, бірақ елемей жүре береді. Ұзақ уақыт жарасы жазылмай, іріңдеп ем қонбаған соң, 1952 жылы хирург-дәрігердің тізеден төмен аяғын кесіп тастаудан басқа амалы болмаған екен. Әжемнің аяғы жазылған соң әкем ұстаға ағашаяқ жасатып берді. Өте шыдамды кісі болды, аяғы кем болса да ренжігенін көрген емеспін. Тіпті, кейін немерелерін кесілген аяғының үстіне отырғызып, ойнататын. Енді үйдің барлық тіршілігі анам Дәкенге ауды. Бірақ әжем қарап отырмайтын, ағашаяғын таңып алып, бұрынғыдай болмаса да келініне көмектесіп жүрді.

Теңгеш әжем немерелерінің есімдерін өзі қойды. Маған тетелес туған інімнің атын отбасымыз берік болсын деген ниетпен Берікбай деп атады. Одан кейінгі інілерім мен қарындасыма да Көпбай, Көпбосын, Көпжасар, Сағаділде, Әсемкүл деп әжемнің қойған есімдері, тек қана кіші қарындасымның атын

Айсұлу деп әкемнің өзі қойған. Қазақ халқының жаңа туған нәрестелерге ат қою дәстүрінде үлкен мағына бар екенін есейе келе түсіндім.

Мен мектепке барған кезде біз тұрған ауылда электр шамы болған жоқ, түн мезгілінде керосинмен жағылатын шамды пайдаланамыз. Сабақты күндіз оқып аламыз, кешке қарай жарық беретін шам бізге тимейді, себебі, әкем Мұстапа колхозда есепші болып қызмет етті, кейде құжаттарын үйге әкеліп, қағаздарын жайып жіберіп сығырайған шамды пайдаланатын. Қараңғы түскенге дейін малды жайлап, кешкі тамағымызды ішіп, «күннің батысы, таңның атысы» дегендей, ертерек жатып қаламыз.

Ерте жатқан соң менің ұйқым келмейді, әжемнің жанында жатып:

- Әже, ертегі айтып беріңізші, – деп мазасын аламын.

Сонда әжем:

- Балам-ау, мен оқыған адам емеспін, хат танымаймын, жаманшылықтан басқа ештеңе көрген жоқпын. Құдайдың мұнысына шүкір, бүгінде сендерді көріп отырмын, осы күнге жеткеніме Алла тағалаға мың да бір алғысымды айтып отырамын, – деп бір күрсініп алып, сөзін одан әрі жалғастыратын. - Тілегім енді сендерсіңдер, біздің көргенімізді құдай енді сендерге көрсетпесін, жарықтарым. Алла тағала жақсылығын берсін, өмірлерің ұзақ болсын! – деп, мені бір көтеріп тастайтын.

- Әже, ертегі болмаса да сол көргендеріңізді айтып беріңізші, – деп қайтадан жалынамын.

- Балам-ау, мен көрген-білгендерімді айтсам, қорқынышты әрі ұзақ әңгіме болады ғой деп, мені аяғандай болады.

- Мейлі, әже, айтыңызшы, - деп мен де қоймаймын.

- Жарайды, құлыным, ендеше тыңда, – деді де, әжем әңгімесін бастады.

- Біз арғын деген елдің шұбыртпалы руына жатамыз. Бұл рудың арасындағы қарым-қатынас жеті атадан асып кеткендіктен, бір-бірімізбен қыз алысып, қыз берісіп, құда-жекжат болып араласып кеттік. Сонау ерте заманнан-ақ әр рудың тұрақты мекендейтін жері болған ғой, біздің де ата-мекеніміз Мойынты теміржол стансасының солтүстік өңірінде жатқан қазіргі Қарағанды облысындағы «Тайатқан шұнақ» деген жер екен. Сол аймақта туып өстік. Кеңестік билік келгенге дейін өзімен-өзі болып, малын бағып, бала-шағасын асырап, тәрбиелеп, ел-жұртты қиыншылыққа ұрындырмай тыныш қана өмір сүріп жатқан шұбыртпалы елінің жағдайы жаман болмапты.

Соның ішінде сенің атаң Ержұман бір әке-шешеден 5 ағайынды болатын. Осы ағайын-туыстар аса бай болмаса да өздеріне жетерлік малы бар, шаруашылығы мығым, ынтымақтасып еңбек етіп жатты. Атаңның бауырлары Бижұман, Жанжұман, Жұмаш, Жұмажан – бәрінің есімдері ұқсас болғандықтан, бұл әулеттің тұрған жері «Жұман» ауылы деп аталып кетіпті.

Атаң Ержұман ескіше оқыған, өте сауатты еді. Ауылдың балаларын жинап алып, әліпбиді оқытып жүрді. Сонымен бірге ол кісінің емшілік қасиеті де болды. Қарақұрт, жылан шаққан адамдарды оқып, олардың бойындағы

уын қайтаратын. Тіпті, бала көтере алмай жүрген әйелдерге де кітап ашып, дұға оқып беретін...

Қай жылдары екенін ұмытып қалыппын, шамамен отызыншы жылдардың басы болуы керек, жаңа өкіметтің «кәмпеске» деген заңы шығыпты. Осы заң шыға салысымен билік өкілдері әскермен келіп, көршілес ауылдардағы елдің төрт түлігін зорлықпен тартып алып, белгісіз жаққа айдап әкетіп жатыр деген хабарды естіп жаттық. Алдымызда не күтіп тұрғанын білмей, үніміз шықпай, үрпиісіп отыра бердік. Бір күні сол кәмпеске бізге де келіп жетті. Алдынала қамданған ауылдастар малдарын сай-сайға жасырып, олардың ішінде атаңның да інілері бар, өкіметтің белсенділеріне көрсетпеуге тырысып бақты. Ауылдағы барлық малды бір жерге жинап, төрт түліктің бірін қалдырмай тізімге ала бастады. Арамыздан шыққан кейбір адамдардың кәмпескелеуге келген уәкілдерге ел-жұрттың тығып қойған малын көрсетіп, «шаш ал десе, бас алатындай» опасыздық жасағаны жанымызға қатты батты. Милиция мен қарулы әскер Кеңес өкіметінің сеніміне кірген әлгілердің көрсетуімен тау-тасты, сай-саланы тінтіп, шолақ белсенділердің көмегімен сырт көзден таса қылған малды тауып алып «Кеңес үкіметіне қарсы шықтыңдар» деп, мал иелерін де қолдарына бұғау салып айдап әкеткенін көзіміз көрді. Сол айдалып кеткен ағайындардан күні бүгінге дейін хабар болмады, не өлі, не тірі екендігін білмейміз, тіпті қайда әкеткені де белгісіз.

- Міне, қарағым, осындай заманды көрдік, енді сендерге мұндай жамандықты көрсетпесін, – деп әжем бір сәт қалың ойға шомды. Мен де әжем не ойлап отыр дегендей, бетіне тесіле қарадым.

Селт етіп қалың ұйқыдан ояңандай болып, «одан әрі тыңдайсың ба» дегендей, әжем менің басымнан ақырын ғана сипады. Әрине, сол сәтте мен әжемнің көңіл-күйін түсінген жоқпын. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген шағымда, бұл әңгіме есіме түсе қалса, әжемнің айдалып кеткен жақындарын ойлап мұңайғанын енді ғана түсінгеніме өкінгендей күйде боламын.

- Сонда да болса, – деді әжем әңгімесін жалғастырып, - өкіметтің құрығынан құтыла алмайтынын білген ширақтау адамдар амалын тауып, 5-10 ұсақ малды жататын бөлмесіне тығып тастаған. Мұндай тірлікті билік уәкілдері мен ауылдағы белсенділер байқамаған, егер біліп қойса мал иесін малымен қоса итжеккенге айдатар еді. Сонымен, не керек жасырып қалған малдарымен ашыққандармен бөлісіп, біраз күндерін көреді. Бірақ бұл қаншаға жетсін, ауылды аштық жайлай бастады. Бір үзім нан тауып жей алмай, ет пен сүтті қорек ететін мал жоқ, өліп жатқан адамдардың саны күннен күнге көбейе берді. Малдан жұрдай болған ел-жұрт жан-жақтағы туыстарын іздеп, атамекенін тастап көше бастады, ал кейбіреулері басы ауған жаққа босып кетті. Жол-жөнекей қырылғаны қаншама.

Әжемнің әрі қарай қанша әңгіме айтқанын білмеймін, ұйықтап кетіппін. Мен сұрамасам да кешегі әдеті бойынша әжем келесі түні әңгімесін одан әрі жалғастырды.

— Біздің жақындарымыз да кете бастады. Күйеулері айдалып кеткен абы-сындарым, тағы басқа әйелдер емшектегі балаларын көтеріп, жүретіндерін жетелеп, төркіндерін іздеп жаяу-жалпылап жолға шықты. Олар діндеген жеріне жетті ме, жетпеді ме, ол жағы да белгісіз. Ауылдың әр жерінде орын тепкен 4-5 отбасы болмаса, біздің маңымызда ешкім қалған жоқ. Олар кәмпескелеуден жасырып қалған он шақты малымен күнін көріп, отыра берді.

Билік өкілдері елдің малын бір ортаға жинап, алашапқын болып жатқан кезде, мен де ешкімге көрсетпей 5-6 ешкіні үйге кіргізіп қойған едім, олар кеткен соң түнде ешкілерді жайып аламыз да, ал күндіз қайтадан үйге қамап тастаймыз. Қысыр ешкілерді сойып, лақтағандардың сүтін сауып ішіп, басқа да қолға түскен азықты қорек етіп, бір жылдай орнымыздан қозғалған жоқпыз, оның үстіне мен екіқабат едім, айы-күнім жақындап қалған болатын. Әйтеуір, «шықпа жаным, шықпа» деп, әуірімдеп қыстан аман шықтық.

Көктем шыға жер аяғы көтерілісімен көршілеріміз көше бастады, не бары екі-ақ үй қалдық. Мамыр айының жаймашуақ күндерінің бірінде мен босанып, қыз баланы дүниеге әкелдім. Қызыма Әлия деп ат қойдық, қырқынан шығарған соң біз де көшуге дайындала бастадық. Бұл кезде жалғыз қалған көршіміз де кетіп қалған еді. Көп дүние-мүлкіміз жоқ, бар болғаны киім-кешек, аздаған ыдыс-аяқты жинастырып, түйіншекке орап қойдық, қыс бойы жиган құрттарымды суға езіп қарынға құйып алдым. Жалғыз ешкі қалған еді, оны да жолға шығардың алдында сойып, ішіп-жегеннен қалғанын матаға орап, дорбаға салып алдық. Біздің өзімізбен бірге ала кететін бар жүгіміз осы ғана.

Атаң көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты болғандықтан ел басына төнген осындай қиын заманда да білімнің қажеттігін түсініп, кітаптарын төрт буып, алып кетуге дайындап қойды.

Маусым айында жолға шығардың алдында атаң әруақтарға құран бағыштады, сөйтіп, атаң, мен, балам Мұстапа, қыздарым Әсия, Әлия «Алла тағала жолымызды бере гөр» деп, жаяу жолға шықтық. Енді не істейміз, мінетін ат түгілі, өкіметтің өкілдері үйдің алдында жайылып жүрген қозылаққа дейін күштеп тартып алып кетті емес пе? Атаңның айтуы бойынша, біз Мойынты деген жаққа бет алдық, — деді де, әжем:

— Ал, балам түннің бір уағы болды ғой, ұйықтайық, қалған әңгімені ертең айтып беремін, — деп басымнан мейірлене сиғады.

Келесі түні әжемнің төсегіне ерте келіп жаттым да, оның келуін асыға күттім. Бір кезде келіп, асықпай төсегіне жайғасты да әңгімесін бастап кетті.

— Атаңның екі қолында буылған кітаптары бар, Әлия менің қолымда, Әсияны жетектеп алдым, ал Мұстапа жолға алып шыққан дорбаларды арқасына таңып, қолына ұстағанын қолына ұстап келе жатты. Мұстапа шымыр болатын, есейіп қалған кезі, мүліктерді қыңқ етпей көтеріп келеді.

Ұшы-қиыры жоқ жазық дала, көкте қаптап ұшып жүрген қара қарғалар, олардан басқа қыбырлаған жан көрінбейді. Туған ата-мекенімізді артқа тастап



жүріп келеміз, алдымызда бір жақсылықтың болатынына үміт артамыз. Елден шыға бере біраз жүргеннен кейін алыстан томпиған нәрселер қараңдап көріне бастады. Жақындай келе жолдың шетінде теңкиіп, ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдарды көріп, қатты шошып кеттік. Қыс айларында да ел-жұрт аштыққа шыдай алмай басы ауған жаққа жүре берген ғой, бұл пенделер діттеген жеріне жете алмай суыққа ұрынып, қардың астында қалса керек. Жол бойы толған өлік. Ә дегенде, бас терісі сыпырылып, тек сүйектері қалған мәйіттерге қарауға қорықтық, бірте-бірте көзіміз үйреніп кетті. Балалардың бетін жауып, көрсетпеуге тырыстық, бірақ Мұстапа қарама дегенді тындамай, әлсін-әлсін бетін бұрып өліктерге қарап қояды.

Күн төбеге көтеріліп, ауаның ыстық лебінен шаршай бастадық, әрі қарнымыз ашып, шөлдеп бір сайға тамақтану үшін тоқтадық. Сайда 20 шақты адам бір-біріне сүйеніп, отырған бойда өліп қалған, араларында үлкенді-кішілі балалар да бар. Біздің болжам бойынша, қыста қатты соққан бораннан ықтап, сайды паналаған көрінеді. Бірақ, бұл да ашыққан босқындарды құтқара алмапты. Өліктер күн жылынғаннан кейін бұзылып кеткен, бет-әлпеттеріне қарап тану мүмкін емес. Бір топ қарғалар осы төңіректі айналшықтап ұшып жүр, адам етін жеп, дән деп алғаны көрініп тұр. Осындай да сұмдық болады екен-ау! Мұны көрген соң үрейленіп, сайдан көп ілгерілеп барып, аздап тамақтанып алдық та, әрі қарай жылжыдық. Жол бойындағы қырылғандарға сан жетпейді. Қазіргі кезде айту оңай, ал сол кезде қынадай қырылған адамдарды көріп, жанымыз қиналып, жүрегіміз қатты сыздайтын.

Мұндай алапат қырғынды бұрын кім көрген, көмусіз жатқан өліктердің іштері кеуіп, бүгілген тізелерінің терісі сыпырылып, сүйектері шығып жатады екен. Шалқасынан жатқандардың бет-терілері іріп, көз, мұрын, ауыз қуыстары үңірейіп, тістерінің ақсиып кеткенін байқап, тіпті қарауға дәтіміз шыдамады. Кейбір мәйіттердің жанында балалардың сүйектері жатты, сондай-ақ бас терісі сыпырылып қалған жердегі ұзын шаштарға қарап әйел екенін ажыратуға болады. Ер адамдар да бала-шағасына қарайласуға мұршасы келмей, жеткен жерінде құлап орнынан тұра алмай өле берген.

Күн ыстық, паналайтын жер жоқ, кейде таспен қоршалған қабір көрінсе, соның көлеңкесіне отырып, балаларды тамақтандырып аламыз. Атаң екеуіміз сусыннан бір-екі ұрттап, соны қорек етеміз, шыдамаса болмайды, әлі алда қанша жүретініміз белгісіз. Қайткенде Мұстапа мен қыздарды әлсіретіп алмауға тырысып келеміз, сондықтан пісіріп алған етті үнемдеп, балаларға шетінен үзіп қана беріп отырдық. Кішкентай Әлия ызындап жылай береді, қайта-қайта еміземін, бірақ бала тоятындай сүт шықпайды. Күннің ыстығы басылған кезде, түстен кейін жолға шығуға дайындалып жатқанымызда қабірдің ішінен «қайда барсаң Қорқыттың көрі» демекші, тағы да 3-4 өлікті көріп қалдым.

Жүрісіміз баяу, өнбейді, әйтеуір, титықтап жүріп келеміз. Өйткені, Әсия кейде жүре алмай, отырып қалады, жылайды... Сол кезде ол үш-төрт жаста

ғана болатын. Бір Аллаға сыйынып, «үмітсіз шайтан» деп, алдағы күндерден үміт үзбей жүре бердік. Кешке қарай қараңғы түсе салысымен жақын арада не кездеседі, қысқасы, пана болатын жерді тауып алып түнеп шығамыз. Атаң жолда қалсаң қорған, күмбез, қабірлердің басына түнеген дұрыс деп, бұрыннан айтып отыратын. Себебін кезінде біз сұраған жоқпыз, ол кісі айтқан жоқ. Сонда ежелден қалыптасқан халық ырымдарының бірі шығар деп ойлап, жүре беретінмін, – деді әжем.

Әжемнің қорқынышты әңгімесін тыңдап жатып, айтқандарын көз алдыма елестетіп, бүкіл тұла бойымды үрей басқандай болып қолтығының астына басымды тығып, ұйықтап кетіппін.

Күндіз келіні Дәкенге тыным таппай көмектесіп, кешке қарай шаршаған болуы керек, төсек салып тұрып маған бұрылып:

- Балам, менің айтқан әңгімемнен қорыққан жоқсың ба? – деді шаршағанын білдірмей жәй ғана күлімсіреп.

- Жоқ, әже, қорқатын мен кішкентай бала емеспін ғой, бұл әңгімені аяғына дейін айтып беріңізші, – деп жалынғандай болдым.

- Жарайды, ендеше, жалықпасаң барлық көрген-білгендерімді түгел айтып берейін деп, әңгімесін төсекке жатпастан-ақ айта бастады:

- Қолымдағы қызым Әлия ызындап жылай береді, ашығып келе жатқан менің кеудемде қандай сүт болсын, қарны ашып жылай береді, болмаған соң аузына шалап тамызамын, бар болғаны қырық күн толған нәресте аузына тамызған тамшыны жұтпайды, қызыма ана сүті керек екенін жақсы білемін, соны ойлап іштей қатты күйзеліп жүрегім қақ айырылады.

Екі қызбен өзім де жол-жөнекей әлсіредім. Бір күмбездің жанына келіп тоқтадық, күннің де ұясына батқанына біраз уақыт болып қалған екен. Күмбездің қабырғасына арқамды сүйеп отырып, шаршағаннан қатты ұйықтап кетіппін. Оянсам таң қылаң бере бастапты. Кішкентай қызымның дыбысы шықпайды, тек ауыр демалып жатқаны сезіліп тұр. Мұстапа мен Әсия әкелерінің тізесіне бастарын қойып, қалың ұйқыға кеткен. Қалжырағандары соншалықты ояматын түрлері жоқ, менің қыбырлап қимылдай бастағанымды да сезер емес. Ұйқыдан оянып, есімді жинап біраз отырдым. Сол сәтте маған бір жаман ой келе қалды. Алдымызда әлі қанша жол бар екендігі белгісіз, бір күн жүргеннің өзінде-ақ әл-қуатымыз әлсіреп, қатты қиналды. Тамақтанатын қорегіміз шамалы, қаншаға жететінін бір құдай білсін. Аз ғана қалған піскен етті балаларға үнемдеп беріп отырдық, олар шөлдегенде шалапты ішкіземіз, ал атаң екеуміз шалаптан бір жұтып алып, соны нәр етеміз. Шыдау керек, басқа амал жоқ.

Емшектегі қызымның ерні кезеріп, түрі боз тарта бастапты, адам болмайтыны көрініп тұр. Ары ойлап, бері ойлап не істерімді білмей жанталасып, қызымның ақырында шетінейтініне көзім әбден жетті. Біздің үлкен әулеттен қалған жалғыз ұл Мұстапа мен қызым Әсияның жолына садақа етіп, күмбездің ішіне тастап кетуге бел будым. Осындай шешімге келіп, көз жа-

сымды бір сығып тастап, атаң мен балаларды ояттым. Таңғы салқYNда аздап тамақтанып алдық та, қайта жолға шықтық. Жүрегім сыздап өлімге қызымды қимай, ойлаған райымнан қайтып, жөргегін ауыстырып, қалай көтеріп жүре бергенімді өзім де сезбей қалдым. Енді үлкен қызым Әсия жылай бастады, біраз жүреді де отырып қалады, қайта жүреді. Қызды көтеріп алуға ешкімнің қолы бос емес, оның үстіне бәріміз шаршап, әрең келе жатырмыз. Жүрісіміз өнбейді. Қанша жер жүргенімізді білмейміз, күн ысып, шөл одан сайын қысты. Отыруға болмайды, егер отырсақ орнымыздан тұру неғайбыл.

Бір кезде алдымыздан таспен қоршалған үлкен қабір көрінді, неде болса қоршаудың ішіне кіріп, көлеңкелеп демалуға ыңғайландық, балалардың да қарны ашты, шөлдеді. Қоршаудың ішіне кірсек, толған өлік. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, жол-жөнекей қырылған адамдарды көріп көзіміз үйреніп қалған, көлеңкелеп отыра бердік. Дорбадағы етті шығарып бір үзімін Мұстапаға ұстата бергенім сол екен, өліктер қыбырлай бастады, етті көріп қолдарын созды. Сол мезетте көзді ашып-жұмғанша екі қолын созған біреуі әкенің қолынан бір үзім етті жұлып алып, аузына салып жұтып жіберді.

Бұл пенделер кімдер, қайдан келген, мүмкін біз сияқты көлеңкелеп келіп, аштықтан өлгені өліп, тірілері өлім аузында әлсіреп жатқан болуы керек. Мұндай сұмдықты көрмеген біз үрейіміз ұшып, қоршаудың сыртындағы көлеңкеге барып отырдық, сусындап алып, тұрайық десек шама жоқ, не керек әрең дегенде орнымыздан тұрып, бет алған бағытымызға қарай жүріп кеттік. Әсіресе, үлкен қызым Әсияның жүруі қиындап барады, отыра қалып жылайды. Не істерімді білмей жаным қиналып, әлгі жаман қылығымды іске асыруды ойластыра бастадым. Дәрет алуды сылтауратып қабірге қайта бардым да, қоршаудың көлеңке жағына қызым Әлияны бір Аллаға жалынып-жалбарынып, ақ сүтімді кештім деп, әлсіреп жатқан оны тірідей тастап кеттім. Сол зұлмат жылдардағы аштықты көрмеген бүгінгі адамдар менің бұл «опасыздығыма» лағнет айтатын шығар, мен туралы олар не ойласа да, не айтса да келісемін. Кіші қызымның адам болмайтынына әбден көзім жеткен соң ғана, осындай әрекетке баруға мәжбүр болдым. Ендігі мақсатым Мұстапа мен Әсияны сұм ажалдың тырнағынан қалайда аман алып қалу еді. Кіші қызымның ызыңдаған дауысы осы күнге дейін құлағымнан кетпейді, жүрегім сыздайды, – деп үнсіз қалған әжемнің көңілі босап кетсе керек, көз жасының бір тамшысы бетіме тамғанын сезіп қалдым.

Сәл үнсіздіктен соң, әжем:

- Құлыным-ау, ұйқың келіп жатыр ма, ендеше ұйықтайық, қалған әңгімені ертең айтып беремін, – деп маңдайымнан сүйді де, әңгімесін доғарды.

Әжем басынан кешірген азапты, қорқынышты оқиғаларды айтып жатқан кезде ұйқым ашылып кеткен болатын, үрейленіп қолтығының астына басымды тығып, тым-тырыс жатқан едім.

--- Көкешім! – деді әжем, келесі түні әңгімесін әрі жалғастырып. --- Сөздің реті келіп тұрғанда айта кетейін, атаң менен көп жас үлкен болды, арамызда 25-26 жылдай алшақтық бар, оның себебі, атаң менен бұрын екі әйел алған екен, бірақ балалары болмаған. Ал менің тағдырыма келетін болсақ, анам ерте қайтыс болып үш ұл, бір қыз жетім қалдық. Жалғыз қалған қыз мен едім. Содан соң әкем Күйеубай атаң Ержұманның қонысына келіп қосылды, сол кезде ол науқастанып жүрген болатын, көп ұзамай қайтыс болды. Сөйтіп, біз атаңның әулетінде жүріп адам қатарына қосылдық. Мені атаң жанынан тастамай, ертіп жүретін. Өзім де үйреніп алып, ол кісіні «Сары көке» деп атап кеттім. Атаң менің сауатымды ашуға әрекет жасады, бірақ миыма ештеңе қонбады. Ағаларым: Айшық, Тайшық, Тілеуімбет кәмпескеге дейін атаң Ержұманның малын бақты. Мен де кейде атқа мініп, шауып жүріп малға қарайласуға ағаларыма көмектесетінмін.

Сонымен, 15 жасымда, маңдайыма жазғаны сол шығар, атаңа тұрмысқа шықтым. Алланың құдіретімен 9 құрсақ көтердім, көбі шетінеп кетті, тек Мұстапа мен Әсия ғана тірі қалды.

Көзімнен еріксіз жас сорғалап, жаным күйзеліп, жүрегім сыздап Әлияны жолда тастаған соң, қолым босап Әсияны көтеріп алдым. Жастық жігер ме, сол кезде мен 35-36 жаста едім, әлде құдай қуат берді ме, қызымды қолыма алғанымда жүрісім ширай бастады.

Үйден алып шыққан азын-аулақ азық қорымыз да таусылуға жақындады. Тоқтаған жерімізде сарышұнақты амалын тауып ұрып аламыз, сіріңке жоқ, тасты бір-біріне қатты үйкелеп, жаркылдатып шөпті тұтатамыз да, отқа қақтап нәр қылатын болдық. Сары тышқанның шала піскен еті бізге әжептәуір күш береді.

Осылайша далада екі түнеп, алға қарай жылжи бердік, – деді әжем терең бір күрсініп алып. --- Қанша жол жүргенімізді білмейміз, түс ауа келе жатыр едік, көз жететіндей жерде түтін шығып жатты. Тіпті, көңірсіген еттің иісін сездік. Аң-таң болып, түтін шыққан жерге жақындап келгеніміз де үлкен шұңқыр көрінді, түтін сол жерден шығып жатыр екен. Сол мезетте шұңқырдан бір адам атып шықты, үсті-басы жұлым-жұлым, көздері қып-қызыл, бізге қарап алақ-жұлақ етеді. Оның осы түрін көріп Мұстапа мен Әсия шошып кетті, атаң екеуміз де аңтарылып тұрып қалдық. Қорықсақ та, түрі жан шошырлықтай адамнан қашпай, маңынан өте бергенімізде, құдай қақты ма, әйтеуір, артымыздан екі аттылы кісілердің келе қалғаны, соларды паналап шамамыз келгенше тездетіп, өтіп кеттік.

Біраз жүргеннен кейін атаң былай деді: «Бұл жалғыз-жарым қасынан өткен адамдарды ұстап, етін отқа қақтап, жеп жүрген адам көрінеді, өйткені маңайда мал жоқ, сол сияқты адамның етін жегендердің козі қызарып, түрі өзгеріп кетеді, ақыл-есінен айырылады деп бұрынғылар айтып отыратын, әлгі адамның бізге де шабуы мүмкін еді». Атты адамдардың қайдан келе жатқанын білмедік, бірақ оларға қарап жақын жерде ел бар шығар деп ойлап, көңіліміз бір көтеріліп қалды. Олардың бет алған жағына қарағанда Мойынтыға кетіп бара жатқан сияқты.

Сонымен, арып-ашығып, әл-қуатымыз кетіп үш күн жол бойындағы небір сұмдықтарды көріп, далаға үш түн түнеп, төртінші күні түске жақын Мойынты деген жерге жеттік-ау, әйтеуір! Бұл жерде ешкімді танымаймыз. Құдай сәтін салса бәрі болады ғой, бір қайырымды теміржолшы кездесіп, үйіне шақырып шәй берді, екі күндей тынығып, есімізді жиып алдық та, әлгі кісінің көмегімен пойызға отырып Шу өңіріне жеттік. Одан әрі жаяу-жалпылап қазіргі Мойынқұм ауданының орталығы Фурмановқа (бұрын Гуляев), кейінірек сол аудандағы Көктерек колхозына көшіп келдік. Біз келген кезде бұл ауылда аштықтың беті қайтып қалған екен. Колхоздың жұмысына белсе-не кірісіп, жағдайымызды біршама түзеп алдық. Міне, саған айтайын дегенім осы еді. Мұндай қиын заман сендердің бастарыңа келмесін деп Теңгеш әжем, бауырында жатқан менің басымнан мейірлене сипап, әңгімесін осылай аяқтады, – деді бүгінде ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немерелерінің қуанышына бөленіп отырған Ержұманов Серікбай ақсақал біздің келгенімізге ризашылығын білдіріп.

**Автордан.** XX ғасырдың 30-жылдарында ғасырлар бойы күнкөріс көзі болған малдан айырылып, Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан сонау Арқадан тоз-тоз болып, босып кеткен мыңдаған жандардың бірі – Ержұманның отбасы да арып-ашып, талай азапты күндерді басынан кешіріп Мойынқұмға табан тіреп, әулеттің қара шаңырағын алапат ашаршылықтан сақтап қалды.

Сөздің реті келіп тұрғанда айта кеткен жөн шығар, Шу алқабындағы Мойынқұм өңірі өткен ғасырдың басында сырттан келгендерге де және аштықтан еліміздің терістігінен ауғандарға да пана болған құтты мекен. Тарихқа көз жүгіртсек, қазіргі Мойынқұм ауданының орталығы Мойынқұм ауылы (бұрын Фурмановка) 1903 жылы Гуляевка деп аталған екен. Олай аталу себебі, бұл өңірге алғаш рет орта дәулетті шаруа Гуляев Федор қоныстанады. Ол Ресейден қырғыз еліне келіп, мал өсірумен айналысады. Гуляев жаз айларында Қырғызстандағы Шалдабардан малын айдап әкеліп, малдың қоңын көтеруге шөбі құнарлы, Шу өзеніне жақын орналасқан қазіргі Мойынқұм ауылында малын бағып жүреді. Кейін осы жерге қоныстанып біржола тұрып қалады. Алғаш 4 қана үй болыпты. Сонау Ресейден талай қиындықтарды бастарынан кешіріп, жол азабын тартып келген орыс шаруалары адамға да, малға да жайлы осы өңірді тегіннен тегін таңдамаса керек.

Сол сияқты өткен ғасырдың 30-жылдарында ашаршылықтың салдарынан Арқадан босып келген ел-жұрт Шу өзені алқабындағы Қазақ хандығының алғашқы билік жүргізген аймағы болған Мойынқұм өңірінен пана іздеген. Ал Хан ордасының осы аймақтағы Қозыбасы деген жерде орналасқаны тарихтан белгілі.

Сөйтіп, көптеген босқындар бала-шағасын аштықтан аман алып қалу үшін Мойынқұмға келіп, жан сақтап қалғанын сол зобалаң жылдардың куәсі болған қариялар айтып отырады екен.

## КӨП БАЛАЛЫ АНА МАМЕТАЕВА ОРЫНШАНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН

### Бір шелпек нан

Орыншаның жұбайы Маметаев Егінбай 30-жылдардағы зобалаң заманда 9 жастағы ойын баласы екен. Ал ағасы Көшербай інісінен екі жас үлкен 11 жаста болыпты. Сол жылдары әке-шешелері ерте қайтыс болып, балалар жетім қалған. Нәубет жылдарында бір үзім нан таба алмай, аштыққа ұрынған жетімдер не істерін білмей жанталасады. Бірақ, бастарына төнген қиындықтар балаларды ерте есейтіп жібереді. Олар қырғыз елінде нағашыларының тұратынын бұрыннан білген, бір күні жаяу сол жаққа бет алады. Ағасы Көшербай жолда қорек ету үшін қойнына бір, шелпек нанды салып алады, бұдан басқа ешқандай тағамдары болмаған.

Жол-жөнекей өліп жатқан адамдар, кейбіреулері тірі көрінеді, бірақ тұруға шамалары жетпейтін сияқты. Балалар өліктерді көріп, алғашқыда қатты қорқып төбе шаштары тік тұрады, сонан соң жүре-жүре көздері үйреніп кеткен. Бір кезде алдарынан әбден ашыққан, құр сүлдесі қалған ер адам шыға келеді. Көшербай қойнына тығып келе жатқан шелпекті аш адам тартып ала ма деп күдіктеніп, інісіне қаш деп айтып үлгереді де, өзі әлгі адамның жанында қалады. Бірақ қанша ашығып тұрса да, ол Көшербайға тиіспейді, бір ауыз тіл қатпай өз жөнімен кетеді. Кім білсін, мүмкін балаға шамасы жетпейтінін білді ме, әлде қанша уақыт нәр татпаса да балаларға аяушылық білдіріп, адамгершілік асыл қасиетін жоғалтпаған жан болар?

Көшербай ұзаққа кете қоймаған Егінбайды қуып жетіп, қуаныштары қойнына сыймай ілгері жылжи береді. Жол-жөнекей ары-бері шұбырған адамдардың әлсіреген түрлерінен қорқып, буыны қатпаған балалар олардың маңынан алыстау жүруге әрекет жасайды. Тіпті, ашыққандардың бет-әлпетіне қараудың өзі балаларға өте қорқынышты үрей туғызған екен. Қырғызстанға жеткенше небір қиындықтарды бастарынан кешіріп, небір сұмдықтарды көріп екі бала нағашыларының үйіне аман-есен жетеді. Сөйтіп, қазақ елін жайлаған адам баласы төзе алмайтын ашаршылықтан ағайындылар нағашыларының арқасында аман қалған.

Орынша әженің айтуына қарағанда, ағайынды Көшербай мен Егінбай қырғыз елінде жүріп ешқандай жоқшылықтың дәмін татпаған екен.

### Бие сүтін ішіп аштықтан аман қалған әйел

- Менің анам Таза мен әкем Ысқақ елімізге қауіп төнген нәубет жылдары Алматы округіндегі Қарақастек ауылында тұрыпты. 1930 жылдан бастап байларды және жартылай феодалдарды жаппай тәркілеу басталады. Ел-жұрттан

тартып алған малдарды Кеңес өкіметінің уәкілдері мен ауылдағы шолақ белсенділер бір ортаға жинап, сол кезде құрылған колхоздың меншігіне өткізеді. Ауыл тұрғындарын колхозға мүше болуға күштеп көндіреді екен. Егер кім де, кім қарсылық көрсетсе сотқа беріп, Сібірге айдатқан.

Содан талай қиындықтарды бастарынан кешіріп ата-анам Шу өңіріндегі ағайындарын жағалап, көшіп келеді. Амалсыздан, бала-шағаны аштыққа ұрындырмау үшін олар колхозға мүше болып, әкем колхоздың жылқысын бағады да, ал шешем биелерін сауады. Әлі де болса әке-шешемнің күш-қуаты бар екенін байқап, колхоз басшылары оларға осындай жауапты жұмысты сеніп тапсырады.

Таза апамның айтуына қарағанда, байлардан тәркіленген жылқы асыл тұқымды жануарлар болған. Желіде қатар-қатар тұрған биелерді сауып жатқанда аштықтан естері ауып, қаңғырып жүрген адамдар сол жерді айналшықтап жүріп алады екен. Апам ашыққан адамдарға жаны ашып, колхоздың бригадиріне көрсетпей сүттің бетіндегі көбігін әлгі ашыққандарға жалатып отырған. Сондай күндердің бірінде көзі үңірейіп ішіне кіріп кеткен, әлсіреген әйел қомағайланып шелекті бас салғанда сауылған сүт төгіліп қала жаздаған. Егер сүт төгіліп қалғанда анамды «Кеңес өкіметіне қарсы қастандық жасадың» деп, сотқа беретіні сөзсіз еді. Құдай жарылқап, шелектегі сүт төгілмей қалған, сөйтіп басына төнген пәледен аман-есен құтылыпты.

Келесі бір күні биелерін сауып жүргенде шешемнің құрдасы қызымен сол маңнан өтіп бара жатады, олардың аштықтан әбден әлсірегенін байқап қалған анам сүттен жұтып алыңдар деп, сол жерде шелегін қалдырып, өзі биелерге қарай келе жатқан бригадирдің алдынан шығып сөзге тартып, біраз ұстап тұрады.

Кейін әлгі құрбысы талай қиындықтарды басынан кешіріп, тағдырдың ауыр азабын тартып әрең дегенде Қырғызстанға жетеді де, бір бай кісіге тоқал болып күйеуге шығады. Біраз жылдардан кейін елдің жағдайы түзелген соң, төркініне келген әлгі әйел менің анама жолығып, оның берген бір жұтым сүтінің арқасында қызы екеуі аштықтан аман қалғанына ризашылығын білдіріп, қайта-қайта алғысын айта беріпті.

Қазақ деген жылқы десе, ішкен асын жерге қоятын халық қой. Апамның айтуынша, әкем күтіп-баптаған, өкіметтің уәкілдері байдан тартып алған колхоздың асыл тұқымды жылқысы «Амангелді» фильміне түскен. Амангелді батыр рөлін ойнаған актер Елубай Өмірзақовтың астындағы арғымағы сол үйірден болған екен. Аттың ақылдылығы сондай киноға түсіп жатқан көп тобырдың арасынан Е. Өмірзақовты мүлт кетпей, тез арада тауып алатын болған.

**Енесі Маметаева Орыншаның өз аузынан жазып алған Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайы Шу аудандық бөлімінің қызметкері Садабаева Л. У.**

## Қазақбай Ергөбекұлының абақтыдан жазған аманат өлеңі Кеңестің мен іліндім құрығына

Кешегі отызыншы жылдардың азабын тартқан азаматтардың бірі – Шу өңірінде туып-өскен Қазақбай Ергөбекұлы аштыққа ұрынған ел-жұртқа араша түскені үшін екі жылға сотталып, Алматы түрмесіне қамалған.

Қазақбайдың бір немересі Қанат Шу ауданындағы Төлеби ауылдық округінде тұрады. Ол Алтынай әжесінен естіген әңгімесін былай еске түсірді:

- Әжем 1907 жылы жарық дүниенің есігін ашыпты. Әжемнің айтуына қарағанда, Қазақбай атам кезінде медреседе білім алып, сауатты болған, бала оқытқан, сондай-ақ ел арасында ақындығымен де ауызға ілінген, көкірегі ояу, көзі ашық азамат кешегі зобалаң жылдары елді жайлаған ашаршылық туралы ашық айтқаны үшін абақтыға жабылады. Сол 30-жылдардың басы болуы керек, атамды қолына бұғау салып, алып кетеді. Ол өзін ұстауға келген НКВД-нің қызметкеріне: «Сен жас екенсің, мені қамауға алып кетпей-ақ қой. Басқа біреу келіп, мені айдап әкетсін» деген екен. Көп ұзамай бұл қызметкер қайтыс болып, артында ұрпақ қалмапты.

« Бұл тылсым күштің құдіреті ме, әлде оның маңдайына жазылған тағдыры шығар» деп әжем айтып отырушы дейді Қанат.

- Сөйтіп, Қазақбай атам Алматыда 11 ай түрмеде жатып, одан кейін Меркі ауданының Қырғызстанмен шекаралас аумағына жер аударылады. Атам айдауда жүріп Кеңестік биліктің солақай саясатын алдын-ала біліп, елге: «Қиын заман келе жатыр, басқа жаққа көшіңдер!» деп хабар берген екен. Тағдырдың жазуымен ол қырғыз еліндегі Жалабадтан бірақ шығады. Сол жерде жұмыс тауып алып, бірер жыл еңбек ете жүріп елге қайтуды ойластыра бастайды. Бірақ, амал нешік, 1933 жылы туған жеріне жете алмай Жалабадта қайтыс болыпты, - деп Қанат атасының өкінішпен өткен өмірі жайында біраз мәлімет берді.

Алматыда абақтыда отырған кезінде өлеңмен Шу өңіріндегі ағайын-туыстарына, құрбы-құрдастарына өлеңмен хат жолдайды. Бұл едәуір ұзақ өлең болғандықтан «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылғы 30 мамырдағы санында Қазақбайдың кіші немересі Әлқуат әкелген осы хаттың бір бөлігі ғана жарыққа шығыпты. Поэзиялық қасиеті жағынан аса құнды болмаса да бұл өлеңді Кеңестік жүйенің құрбаны болған Қазақбайдың жүрегінен шыққан сөз ретінде 1997 жылдан бері аталып келе жатқан 31-мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні қарсаңында «Егемен Қазақстан» редакциясының жалпы жұртшылыққа ұсынғаны дұрыс болған.

Бұл өлеңнің толық нұсқасын Әлқуатпен келісе отырып, жинаққа енгізуді жөн көрдік.



Құрметті елге сәлем Қазақбайдан,  
Жатырмыз Алматыда екі-үш айдан...  
Көз салған осы хатқа қатар-құрбым,  
Білесің хабарымды біздің жайдан.

Сегіз ай болды, міне, жатқаным,  
Жайымды алыс-жақын білсін қайдан?  
Елестеп көз алдымнан кетпей қойды,  
Үйренген қайран жұртым кішкентайдан.

Аман ба әзиз іні, қадірлі аға,  
Ойнаған жеңгелерім салып сайран.  
Бозбала, келін-кешік сыйлаушы еді,  
Алдымнан жүгіре шығып анадайдан.

Күнде той, күнде қызық, қайран жұртым,  
Қапамын бері қарай сегіз айдан.  
Қосылсақ әжеп емес қайта барып,  
Тұралық үміт үзбей бір құдайдан.

Бір біз емес, боп жатыр барша жұртқа,  
Анасын ажыратып құлын-тайдан.  
Төңкеріс боп, келіпті ойдан-қырдан,  
Күніндей газзауаттың болды майдан.

Орыс, жөйт, парсы, түрік, араб,  
Әрқайсысы келіп жатыр әрбір жайдан.  
Қытай, дүңген, тараншы, қырғыз, тәжік,  
Бұларды дейтін емес келдің қайдан.

Адам атын білмейтін әртүрлі жан,  
Кеп жатыр төңкеріс боп осындаймен.  
Алматыда бас қостық үш жүз түгел,  
Орта жүз- Қоңырат, Қыпшақ, Арғын, Найман.

Таныстық Ұлы жүзбен басты қосып,  
Көп екен Төле биден тараған жан.  
Бұған қарап біз кімбіз дедік-тағы:  
«Сабыр еттік пайда жоқ аһ ұрудан».

Деген сөз көңілімде тұр тиянақ боп,  
Кем емес көппен көрген ұлы тойдан.

*Тұралық шүкірлік қып хақтан сұрап,  
«Пәлеге сабырлылық» деп бұрынғы айтқан.*

*Арман ғып дүниені ойламаңдар,  
Ешкімде түгел емес тұрман-сайман.  
Тым құйық, түбі терең заманың,  
Ойласам жетер емес ақыл-айлам.*

*Жолына социалистік көшті өкімет,  
Асырып туған айды өткен айдан.  
Осындай астын-үстін іс қылмаса  
Жолына Ленин салған жетсін қайдан?!*

*Аһ, дариға, қиын екен өскен жерің,  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім,  
Қайран ел, сағындым-ау, қайран жұртым,  
Елестеп көз алдымда көстеңдедің.*

*Амандықпен құдайым бас қостырса,  
Сөз болмас еді-ау ерте-кеш көргенім.  
Тілеулес, дұғалас боп тұрарсыңдар  
Көз көрген қатар құрбы, ескергенің.*

*Адамзат ептегенмен болмайды екен,  
Көбісі көрінбеді дос дегеннің.  
Жақсы екен жаман достан зерек дұшпан,  
Талай іске жарады қас коргенім.*

*«Басыңды алса мерт алсын» деген рас,  
Жарамас аса момын дос дегенің.  
Ескі Аша, аман болғын қайран елім,  
Тройске, Қорағаты қайран жерім.*

*Күнту, Қыпшақ, Сарыүйсін, әм Боққайнат,  
Бестерек, Шымырдағы барлық бегім.  
Ерлерім ел ішінде жолдас болған,  
Басқаша өзгелерден бөлек жөнің:  
Сауытбек, Әтібекпен төңкеріс боп,  
Бұл жерде көзім көрді жөнелгенін...*

*Керімқұл, Қожаберген бірге кеткен,  
Білмедім пешенеден не көргенін.*

Досеке не болды екен қайран құтым,  
Ертерек бас қамының білген жөнiн.

Аманжол, қайран Мыңбай, Әлі мырза,  
Білмедiк не болғанын сiрә соның.  
Берiден Бәйет әжi, Мыңтай,  
Қашқын естiдiм Әулие-Ата барған жерiн.

Тәйтелi, Шiнәлiмен құтым едiң,  
Қапаста жатырмысың қайран ерiм.  
Дүйсебай, Абақ, Рысқұлбек, Әбдiмомын  
Аман бол, қайда жүрсең iнiлерiм.

Иманбек пен Сатылған өз қасымда,  
Құданың көрiп жүрmiз көр дегенiн,  
Ашадан қанша азамат қамауда жүр,  
Шамам жоқ бәрiн бiрдей терер менiң.

Заман кертi болған соң амал бар ма,  
Тұрыңдар сабырлылық қып кемеңгерiм.  
Қырық жыл қырғын болса да күдер үзбе,  
Ойланып машайықтың дегендерiн...

Бiзге қиын болса да құдайға оңай,  
Келтiрсе әжеп емес бiр күн жөнiн.  
«Құдайым жақсылығыңды жақын қыл» деп,  
Сәждеде бес уақыт тiлегiм менiң.

Ескi дос, сiзге сәлем Iздiбайға,  
Тiлеулес, Сырайыл мен Тұрғынбай да,  
Қайран аға Әлдибай, Бектиярмен,  
Жүрсiңдер қалт-құлт етiп қандай жайда?

Тоқберген, Құсшiбек пен Сәдуақас,  
Ер Мұқаш заманға қыл әртүрлi айла.  
Босын, Саурық, Зәуiрбек, қайран Көкей,  
Бұрыңғы ойласаңдар заман қайда?

Боқбасар, Досқын қайран жолдастарым,  
Замана қарап жүр ме сiздiң жайға?  
Рахманқұл, Сыбанбекпен қатар-құрбым,  
Аман ба, Дихан менен Қалабай да.

Ер Пәрмен қимайтұғын жолдас едің,  
Көзіме көрінбедің осындайда.  
Иманы жолдас болсын азаматтың,  
Пәрменқұл сапар қыпты бақи жанға.

Әбділдә, Әбдіш, Ысқақ, Пірімберді,  
Жан қимас жолдас едің тілі майда.  
Қалқабай, Қарсақ, Бәйтемір, ер Жарқынбек  
Сәлем де Тоқболат пен Орынтайға.

Сіздердің аманыңды хақтан тілеп,  
Қазақбай алматылық жатыр жайда.  
Іс қылып ынтымақпен жан сақтаңдар,  
Кәп болмақ жақсы-жаман бір құдайда.

Боққайнат елім едің жөні бөлек,  
Азамат жігітің бар небір зерек.  
Жақсыбай, Нұрақ, Тәттімбет, ер Қарабай.  
Жазсам да жарасады бұған не деп...

Шиеттей жас балалар қасында отыр,  
Әуелі құдай, екінші болған себеп.  
Құдайдан соң сендерді мият қылып,  
Жатырмын көңіліме алып ерек.

Қосымбай мен Шәйділді, ұмтыла бер,  
Пірлерің жәрдем беріп, болсын медет.  
Ізбасар, Темірбек пен ер Жекебай,  
Азамат қай уақытта емес керек?...

Үйренген кішкентайдан қайран жұртым,  
Аман бол Майлы, Жақсылық, Жебек, Дәуек.  
Көздеріңнің қырын сал балаларға,  
Мені ескеріп естеріңе алсаң елеп.

Тұрғынбай, Нұрбай, Тұңғышбай, Оразымбет  
Ерлер ең үзілмеген салтанаты.  
Ахмет, Қайып, Иса, Жүніс, Халық  
Әркімге тиген ер ең «кереметі».

Балқыбек, Бәзілқұл, ер Қалымбет  
Шыққан жоқ ешқашан жаман аты.

*Бәйбек, Молдабек, пен ер Жайсаңбай  
Артық тұр қатарынан салтанаты.*

*Мәдігүл амаңыңа тілектеспін,  
Ер болдың көпке тиген шарапаты.  
Қадамын құдай өзі арттырып жүр,  
Сабаздың бар болған соң қанағаты.*

*Өзгеден ниетіңді қалыс көріп,  
Сендерге Қазақбайдың жазған хаты.  
Көрсетсін пәруәрдігер амандықпен,  
Тоқтасын осыменен сөздің арты.*

*Өзімнің енді келдім Шымырыма,  
Ел едің жан шыдамас дүбіріне.  
Жан сақтап қалт-құлт етіп жүруші едің,  
Таянды-ау биыл пышақ жұлыныңа.*

*Жолықтың әрекетке өзгеше боп...  
Анасы қарамастай «құлынына».  
Әуелі баршаңызға тілашар боп,  
Кеңестің мен іліндім құрығына.*

*Тәйтелі, Шынәлімен ол да кетті,  
Елімен құтпан болған бұрынғыда.  
Иманбек пен Дүйсебай, қайран Абақ,  
Бұлар кетті «жұмысқа» ұрынды да.*

*Рысқұлбек, Әбдімомын, ер Сатылған,  
Ел үшін бұлар кетті шынығуға.  
Рақым, іс көрмеген Көдек еді,  
Көрмеген ата-ененің жылуын да.*

*Жастарың ұзын болсын, шырақтарым,  
Бозбала араласқан уәйім қылма,  
Лениннің социализм салған жолы,  
Бәрін қоймай тартады құрымына.*

*Әуелі белсендінің белін үзбек,  
Онжылдық қылған істен көрсе шүбә.  
Отыз екінші жылдың аяғында,  
Деп кеткен ел түзеліп, қалмас күнә.*

Лениннің сол айтқаны болады ақыр,  
Көресің кеңшілікті, елім, шыда.  
Байжұма аман болғын Орақатпен,  
Бас қоспай быт-шыт болдық әрекетпен.

Берік пен Шөңгербай жан жолдасым,  
Дәм болса ащы-тұщы бірге татқан.  
Селібай, Сырғабай мен Жампоз Бұлан,  
Әрқайсың дәм татыпсың әр тараптан.

Райымбек, Кенжебек пен Сәрсен шырақ,  
Бұрынғы заман қайда тыным жатқан.  
Байболат, Бәшібек пен Күйік құрбым,  
Сендер де дәм татыпсың бөтен жақтан.

Қарағым, мырзалар мен шораларым,  
Құдайдың уақтысы шығар бытыратқан.  
Шатай сен жолдасты таптың міне,  
Кеттім деп жылап едің жалғыз топтан.

Қайран бауыр, туысқан, жігерлерім  
Сақтасын құдай өзі жаман аттан.  
Дидарды көреміз бе, көрмейміз бе,  
Білетік амандықты жазған хаттан.

Әжептеуір ел едік өсіп-өнген,  
Кісідей бытырадық ата сатқан.  
О дариға, ойнап-күліп қол алысып,  
Көрісер күн бар ма екен, көңіл шатпен.

Жақсылық жақын болса әжеп емес,  
Қайырын сұраңыздар тілеп хақтан.  
Бес уақыт таңбастан тілеп-тілек,  
Дұғада бол, қариялар, үйде жатқан.

Құрметті сәлем жаздым елдегіге,  
Сақтасын құдай өзі сендерді де.  
Мамырбай, Қожағұл, Егемберді  
Тілеулес дұғада бол келмегіме.

Байсейіт, Нұрберді ағаларым,  
Біз кеттік өкіметтің сермеуінде.

Асаубай, Азамат пен ер Боранбай,  
Құдайдың тілеулес бол жөндеуіне.

Аман ба қадірлі іні Жақсыбайым,  
Бейнет көрдім елуге келгенімде.  
Кейінгі бозбалаға ақылыңды айт,  
Құдайдың шүкірлік қып бергеніне.

Іңкәрбек, Шолпанқұл мен Шәпет шырақ,  
Арнап айтар сөзім бар ерлеріңе.  
Мәмбетпенен Төреқұл, ер Қадірхан,  
Болдыңдар енді жұртқа сендер ие.

Өлген өлді, деген сөз, қалған қалды,  
Ендігі қорғаушы бол елдегіге.  
Запыста болған шығар ашу еріп,  
Іс келсе аянбаңдар енді ебіне.

Біреуден біреу көрер түк жұмыс жоқ,  
Кеңейтіп көңілді сал жөн-жөніне.  
Жесір қатын, жас бала үйде қалды,  
Көздің қырын салыңдар шендеріне.

Қаламда Ләху Махбуз жазған шығар,  
Бұл жұмыс бешенемде көрмегіме.  
Бөтені жоқ, баласы бір кісінің,  
Несіпке берген шығар сендерді де.

Жайғастыр жоғын барға тиянақ қып,  
Жан сақтар, нәрсе болса елдерінде.  
Жаман күн жақсы болар кешікпей-ақ,  
Шынымен кездеспесе өлмегіме.

Шырақтарым, тіл алсаң ынтымақ қыл,  
Тіл алмасаң бекерге сөйледім бе?  
Шөңгербай болдың құрбы қатар туып,  
Кездескен замананың түсі суық.

Айтамын базыналық деген сөзбен,  
Болса да ауыл алыс, көңіл жуық.  
Қалған бала-шағаға көзқұлақ бол,  
Бекерге жасымағын үйде отырып.

Бұл заман бұрынғыдан өзге заман,  
Ойланба, бақ-күндестік пейіл құрып.  
Қарашы қатарыңның қайсы қалды?  
Қырғи тиген шілдей ғып кетті қуып.

Қайратың қатарыңнан кейін емес,  
Айтып қой, Әдепбайға ақыл қылып.  
Көңілі жарым боп жүр ме Мырзалы да?  
Ақкөңіл жігіт еді, қалар шығып.

Мырзалым, сүйенішім ең сенетұғын,  
Жабысты қайдан саған мұндай сұмдық?  
Сатылған мен екеуің жұртың үшін,  
Түстіңдер ойпалақтап ауға тұйық.  
Шырақтарым, қимастан елге күйдің,  
Болмайтын заман еді, ерлік қылып.

«Ақтың кілті аспанда» деген көне,  
Орнына түсіп қалар сынған сынық.  
«Көп тілеуі көл» деген сөз бар еді,  
Орныға мінерсіңдер тез құтылып.

Шырағым, саған сәлем Көкбас інім,  
Аз емес, тура жүрсең сенде білім.  
Қараштың бас иесі сен боп қалдың,  
Қарашы жан-жағыңа жарықтығым.

Байсейіт, Нұр, Мамырбай қария еді,  
Жөндері басынан-ақ бөлек бұрын.  
Жүк түсті ауыр болып, білсең саған,  
Салғайсың қалғандарға көздің қырын.

Жас бала балапандай шулап отыр,  
Бола ма даусын естіп, саған тыным?  
Бақабөден, Сүлеймен, Әбдікерім,  
Насихат бәріңе айтқан осым менің...  
«Сен, мен!» деместен ынтымақ қыл.

Бірігіп жан сақтаудың қамын бүгін,  
Тұрыңдар күдер үзбей хақтан сұрап.  
Көрерміз қараңғының жарық күнін,  
Мұсабек пен Жанболат сәлем шырақ.



*Дәм айдап қатарыңнан кеттім жырақ,  
Ахмет, Сұлтанбек пен Төлегенім.  
Бұл істі салды бізге құдай ұнап,  
Иманбек мойныңа жүк жастай түсті,  
Жасытпа өзіңді-өзің бекер жылап.  
Тілеулес, қайда жүрсен дұғаласпыз,  
Сендердің аманыңды хақтан сұрап.*

*Сендерге нар деп салды жүкті құдай,  
Ерлік қып көтеріңдер мұны шыдап.  
«Сен, мен!» деместен ынтымақ қыл,  
Бірігіп жан сақтаңдар, ақыл сұрап.*

*Быт-шыт боп ағаларың бытырады,  
Белгілі болам деген жер жоқ тұрақ.  
Кеуілін балалардың көтеріңдер,  
«Шырақ!» деп маңдайынан сылап-сипап...  
Аянба, әлдеріңше ынтымақ қыл,  
Дегенге ілінбесең бай мен құлақ...*

### **Шоқпар стансасының тұрғыны болған Байтабаев Кертай қарияның естелігінен Аштықта жеген құйқаның дәмі...**

1929 жылы Новотроицкі елді мекенінен 25-30 шақырымдай жерде Шу өзенінің алқабын алып жатқан Жайсан даласындағы жеке шаруашылықтарды Кеңес үкіметінің нұсқауымен жергілікті билік өкілдері күштеу тәсілдерін қолданып ұжымдарға біріктіре бастаған. Сол жылдары Жайсан өңірінің таулы аймақтарында Қарауылтөбе мен Кербұлақ ұжымшарлары, ал Шу өзеніне жақын аумақта Ленин және Көктөбе ұжымшарлары болып ұйымдастырылады. Ұлы Отан соғысы (1941-1945 жж.) аяқталғаннан кейін төрт шаруашылық біріктіріліп, жыр алыбы Жамбылдың есімі берілген соң Жамбыл атындағы совхоз болып қайта құрылды.

Қазақтың ұлы биі – Төле бидің жайлауы болған, оның тәрбиесін көріп, тәжірибесін баққан, ал келешекте ұлы хан болған Абылай (азан шақырып қойған ата-баба – Әбілмансұр) Жайсан даласында өзінің жас кезіндегі лақап атымен «Сабалақ сайы» деген өшпес із қалдырды. Әбілмансұрдың мал өргізген сайы ел арасында күні бүгінге дейін осылай аталады. Кеңестік дәуірге дейін Жайсан даласының ойы мен қыры мыңғырған малға толы болса, сондай-ақ тәтті, Кербұлақ, Шоқпар сияқты өзендердің аңғары егін-жайға мол болған. Кеңекөз қариялардың айтуынша, XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін бұл өңірде үйір-үйір жылқы, табын-табын сиыры және ондаған мың қойы бар ел

болған екен. Табиғаты сұлу, даласы шуақты, түгін тартсаң майы шығатын жайқалған Шу өңірі – ежелден-ақ ел-жұртқа ырыс сыйлаған құтты мекен болғанын қазіргі көпті көрген қариялар айтып отырады. Жайсан даласымен ағатын өзендердің бойында жағалай өскен балғын құрақтар, неше алуан шөптің түрлері, қанша қарасаңда көз тоймайтын жасыл желекке бөленген тау белестері, жазықтағы масатыдай құлпырған гүл, жайлаудағы мыңғырлаған мал – осының бәрі осы аймақтағы халықтың дәулетін зобалаң жылдарға дейін асқақтатып тұрды. Шу өңіріндегі Іле Алатауынан бастау алатын Теректі, Шоқпар, Кербұлақ өзендерінің аумағын алып жатқан Жайсан жайлауы шөбі шүйгін, суы мол, қысы-жазы малға да, ел-жұртқа да жәйлі аймақ болды. Бай да, кедей-жалшылар да ешқандай қиындық көрмей тыныш қана өмір сүріп жатты. Бүкіл ауыл-аймақ Кеңес өкіметінен жақсы жағдайларды күтті. Кейбір байлар мен дәулетті орта шаруалар тәркілеу кезінде малдарын өз еріктерімен колхозға өткізді. Билік өкілдері уәдесінде тұрмай малдан, азық-түліктен жұрдай болған халыққа көмек бермеді. Ашаршылық осыдан басталды.

Сөйтіп, Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан Жайсан елі 1929 жылдан бастап аштыққа ұшырай бастады. Билік өкілдері 1927-1929 жылдары малмен күн көріп отырған елдің мал-мүлкін тізімге алып, тәркіледі. Бірлі-жарым тәркілеуге қарсы болғандардың малдарын күштеп тартып алып, өздерін итжеккенге (Сібірге) айдады. Жаңа өкіметтің билігін мойындамағандардың бірі – Ұлтарак бай болды. Ол кісі 1927 жылы жеке шаруашылықтарды ұжымдастыру туралы биліктің қаулысы шыққаннан кейін бір алапаттың келе жатқанын сезіп, алдын-ала қам жасай бастаған екен. Елдің басына төне бастаған аласапыран заманда Ұлтарак амалын тауып барлық малын, дүние-мүлкін кедей-жалшыларымен бірге Қытай асырып, сол жақта алтын, күміс сияқты бағалы заттарға айырбастап, елге алып келіп тығып тастапты. Қай жерге жасырғанын ешкімге білдірмеген, тіпті әйеліне де айтпаған. 1929-1930 жылдары Ұлтарак аштықтан әлсіреді ме, әлде ауыр бір дерт жабысты ма кім білген, қатты науқастанып жатып қалады. Қалың дорбаға салып жерге көміп тастаған байлық бар, бірақ ішетін-жейтін тамақ жоқ. «Алтын. күміс – тас екен, арпа, бидай ас екен» деп қазақ халқы осындайда айтса керек.

Ұзаққа созылған ауыр науқастан қиналып жатып, бір күні Ұлтарак өлетінін сезгендей, жаңадан құрылған колхоздың егіс даласында жұмыс істеп жүрген жақын туысы Кертайды шақыртады. Ұлтарактың өз кіндігінен бала болмапты. Кертай сол кезде 20-лар шамасындағы қылшылдаған жас жігіт. Ол егіс алқабынан жеткенше Ұлтарак қайтыс болып кетеді.

- Мүмкін, кім біледі, тыққан бір дорба алтынын әйеліне сенбей, атанын тікелей ұрпағы болмағандықтан, маған тапсырып кетпекші болды ма екен? – деп Кертай ақсақал айтып отыратын.

Бұл оқиға аңыз-әңгіме емес, шындық екенін басқа да ауыл қарияларының әңгімелеп отырғанын осы жолдардың авторы да талай естіп еді. Бұның бәрі Кеңестік биліктің қолдан жасаған саясатының зардабы екендігі анық.

Отыз екінші жылдың қысында Жайсандағы ел-жұрт бір үзім нан, бір жапырақ ет таба алмай жаппай қырыла бастаған. Бір түннің ішінде аштықтан қалжырап бала-шағасымен түгелдей опат болған отбасылар да болған екен. Кертай ертеңнен қара кешке дейін жұмыс істеп жүрсе де, отбасын асыруға жеткілікті азық-түлікті колхоздан ала алмаған.

Бір күні Кертайдың үйіне Қыстаубай деген ағайыны келеді. Жақын туысы болғандықтан бірнеше күннен бері олардың аш отырғанын біліп, хал-жағдайын білуге келіпті. Амандық-саулықтан соң ол қалтасынан түйіншекке ораған құйқаны алып шығады. Атын естігені болмаса, бұл отбасы құйқаның дәмін бұрын татып көрмеген. Олар үй-ішімен құйқаның не екенін білмей, не қуырған емес, не қайнатқан емес, қалай піскен құйқа деп тандана қарап қалады.

Қыстаубай жас кезінен тұзақ құрып, аң-құс аулаумен айналысқан көрінеді. Мұндай өнердің ашаршылық кезінде көп пайдасының тиетінін аштықты ба-сынан кешірген адамдар ғана жақсы білген ғой. Ол кекілік, қырғауыл сияқты жабайы құстарды елді ашаршылық жайлағанға дейін де аулап жүрген. Заман тыныш кезде Кертайдың отбасы ағасының аңшылықпен тапқан олжасынан талай дәм татыпты. Бұл құстардың еті дәмді әрі жеңіл, таза тағам болғандықтан денсаулыққа өте пайдалы екендігін ежелден-ақ қазақ халқы жақсы білген. Сонымен бірге Қыстаубай қоян, түлкі аулауды да әдетке айналдырған. Аңдардың терісін сыпырып, тұздап сақтаған, сондай-ақ терілерді иін қандыра илеп, бабына келтіріп бас киім, ішік, тон сияқты киімдерді тігіп алатын өнері де болыпты.

Сол зұлмат жылдарда аштық тірі жандарға не істетпеді? «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы небір алапат оқиғаларды, небір қайғылы дәуірлерді ба-старынан кешірген ғой. Солардың бәрінде төзімділік көрсетіп, шыдай білген, елдігін сақтап қалған, қандай жағдайда болсын қиыннан жол тапқан қазақтың бір азаматы Қыстаубай десек артық айтқандық емес. Ағайын-туыстары аштықтың азабын тартып, қиналып жатқанда аңшылық кәсібімен қол ұшын берген Қыстаубайдың адамгершілік қасиеті ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ешкімнің ұмытпайтыны анық.

Отыз екінші жылдың қақаған қысында, сондай-ақ жаз айларында да Қыстаубай аңшылықпен тапқан тамақ қорын пайдаланып, аштықтан бұралып жатқан ағайындарын, көршілерін аман алып қалу үшін қоянның терісін үйтіп, жүні үйітілген теріден май шығатынын байқап, сонан соң теріні отқа қақтап, пісіріп беріп отырған. Құйқа осылай дайындалған. Отқа қақталған терінің майы шыжғырылып, шала піскен құйқаның өзі де адамның ағзасына, әжептәуір, нәр беретінін Қыстаубай жақсы білген.

«Аштық қатты қысқан кезде Қыстаубай ағамыздың берген құйқасының дәмі күні бүгінге дейін аузымда тұр» дегенін Кертай ақсақалдың аузынан талай естіп едік.

## Әуесқой өлкетанушы Асылханның әңгімесі Әкем айтып кеткен ақиқат

Асылхан әкесінен естіген әңгімесін «Атадан қалған алтын қазына» деп бастады.

- XX ғасырдағы 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басындағы біздің әулеттің басынан өткен небір қиыншылықтар туралы әкем Білісбек үнемі айтып отырушы еді. Соның бірлі-жарымын ғана жадымда сақтап қалдым, ал көбісін дер кезінде хатқа түсірмегендіктен уақыт өте келе бірте-бірте ұмытып қалғанымды өзім де байқамай жүре беріппін. Әрине, өкінішті-ақ! Әкемнің менен басқа ешкімге айтпаған өмір белестерінің үзік-үзік иірімдерін есіме түсіріп, қағаз бетінде жазып қалдыруға бел байладым.

Сол заманда ашаршылықтың тауқыметін тартқан тек біздің ғана ағайын-туыстар емес екен, әкемнің айтқандарына қарап отырсам, бұл бүкіл қазақ еліне Кеңес өкіметінің қолдан жасаған зорлық-зомбылығы екендігін кейін ғана білдім. Кеңестік дәуірде мектеп қабырғасында жүрген кезімізде мұғалімдер зобалаң жылдардың қасіреті түгілі, сол алапаттың болғаны туралы жұмған ауыздарын ашпайтын. Ол үшін ардақты ұстаздарымның ешқандай кінәсі жоқ. Қылышынан қан тамып тұрған қызыл биліктің дәуірінде бұл жөнінде бір ауыз сөз айту өте қауіпті еді. Сондай заман болған! Кеңестік билік еліміздің басына түскен ауыртпалықтарды, аштықтан қынадай қырылған халқымыз туралы айтуға қатаң тыйым салған екен. Сондықтан болар, ауыл қариялары бір-біріне аштық жылдарында көрген азаптарын сыбырлап қана айтып отырғанда, асыр салып ойнап жүрген балалар – біз де олардың әңгімесінің шет жағасын естіп қалатынбыз. Сол сияқты кейбір оңаша қалған сәттерде әкем маған біле жүрсін, сабақ алсын дегендей, нәубет жылдары өзі көрген, басынан кешірген азапты күндер жайында құлағыма құя беретін. Сол кезде оның әңгімесінің мазмұнына терең үңілуге менде шама болды ма екен? Қайран балалық-ай десеңші!

Біздің ағайын-туыстардың арғы аталары ХҮ ғасырда қазіргі Оңтүстік Қазақстаннан Шу өңіріндегі Қозыбасы тауының алқабындағы Күн-Елі, Жабай-Кезең, Қыземшек, Шымылдық, Көкшоқы, Іле-Балқаш, Күйелі-Жабай-Кезең жеріне көшіп келіп, қоныстануына сол дәуірдегі тарихи оқиғалар себеп болған. Тарихтан белгілі, 1465 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар Қозыбасыда алғашқы Қазақ хандығының туын тіккен. Олар Әбілқайыр хандығынан бөлініп, өздерінің ел-жұртын орналастыруға Моғолстан ханы Есен-Бұғаның көмегіне сүйенеді. Есен-Бұға Шу-Мойынқұм өңірінен сұлтандардың ру-тайпаларына жер бөліп береді. Моғолстан ханының да өз есебі болса керек. Есен-Бұғаның әкесі Уәйіс хан қалмақтармен 61 шайқасқа түсіп, соның біреуінде ғана жеңіске жеткен, ал қалған 60 рет болған соғыста Уәйіс ханның әскері ойсырай жеңілген екен. Қалмақтар әр жеңісінен кейін

Моғолстан елін талан-таражға салып, аяусыз тонаған. Сондықтан да Есен-Бұға сыртқы жауға қарсы тұру мақсатында Керей мен Жәнібектің ұлысына жер беріп, жаудан тайсалмайтын ержүрек, жауынгер қазақтың ру-тайпаларын сақтас етіп алуға әу бастан әрекет жасаған көрінеді. Қозыбасы тауының баурайында Қазақ хандығы құрылғаннан кейін жан-жақтан ру-тайпалар келіп хандықтың құрамына кіре бастайды.

Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, ХҮ ғасырдың екінші жартысында біздің Ысты, Ошақты, Шапырашты руларымыз Қазақ хандығына келіп қосылса керек. Өйткені, ата-бабаларымыздың Қозыбасы бөктеріндегі Күйелі-Жабай-Кезең жеріне қоныстануы сол дәуірдің уақытына сәйкес келеді. Бұдан анық ешқандай дәлелдің керегі бола қоймас. Қазіргі Хантау тауы Керей мен Жәнібек сұлтандарды ақ киізге орап хан көтермей тұрғанда, ол таудың аты Қозыбасы болған. Бұл тау алғашқы хандардың ордасы тігілген, туы көтерілген жер болғандықтан халық арасында «Хантау» болып аталып кеткен дейді көпті көрген қазіргі қариялар.

Коммунистік партияның 1927 жылғы ХҮ съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Осы оқиғадан кейін Кеңес өкіметінің бұйрығын құрығы Күйелі-Жабай-Кезең еліне де келіп жетеді. Бұл тұста Шу-Мойынқұм аймақтарының шығыс бөлігі Алматы округіне қараған екен. Тәртілдікті тұрғындар тәркілеудің, сондай-ақ бір алапаттың болатынын алдын-ала біліп, өздерінше қам жасауға кіріседі. Алматы жақтан тәркілеу комиссиясы шықты дегенді ұзынқұлақтан естіп, менің әжем Шәйім Жалпақши деген жерге 150 қойды тәркілеуден жасырып, оның ішіндегі 100 қойды күніне 4-5-тен сойғызып тастайды. Сүйектен етті бөліп алып, тұздап, әр қойдың ішін өз қарындарына салып шидің түбіне көме берген. Қойдың майын да шығарып қарынға құйып, оны да осылайша жерге көміп тастаған. Қазақтар арасында сақталған мал өнімдерінің бұзылмайтынын ертеден-ақ жақсы білген. Осындай әдіспен азық-түлікті сақтау біздің ежелгі бабаларымыз – сақтар мен қандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқаны жайында бізге тарихты зерттеушілердің еңбектерінде де кездесіп қалады.

- Серікбай атам 1913-1914 жылдары Күйелі жерінде қайтыс болыпты. Атамның үш әйелі болған, бәйбішесінен – Үйсін, екінші әйелінен – Көкірекбай, үшінші әйелі – Шәйімнен менің әкем Білісбек пен Жылысбай дүниеге келген екен. Серікбайдың әкесі Қарағұла, ал оның шешесі Амалдықтан Жанбаба, Қарағұла деген ұлдар дүниеге келген. Әкем Білісбектің айтуынша, Жанбаба мен Қарағұла қолындағы бар заттардан түйін түйетін өте шебер екілер болыпты. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақы дәстүр бойынша атам Серікбай бабамыз Қарағұладан көп өнерді үйреніп қалса керек. Көшпелілердің ежелден-ақ пайдаланып келе жатқан киіз үйін Серікбай атам әкесінен үйреніп, ірі қараның таза сүйегінен жасаған. Сибірдың қабырға сүйектерінен үйдің уығын, керегесін құрастырған, ал мойын омыртқасы шығырақ жасауға ыңғайлы болған. Қалған сүйектерді кебеже (сандық), ыдыс-

аяқ тағы басқа тұрмысқа қажетті құрал-саймандарды жасауға пайдаланған. Қазақ халқының қолөнеріндегі адам таңқаларлық керемет шеберліктің үлгісі айтпаса да осыдан көрініп тұрған жоқ па?!

Балқаш, ІлеТопар, Бала Топар аймақтарында көшіп-қонып жүрген кезде Серікбай атамның сүйектен жасаған киіз үйіне найзағай түседі. Әуеден жарқылдап келген қуатты от үйдің тең жартысын қылышпен қиғандай қақ бөліп, күйдіріп жіберген. Құдай сақтап, үй ішіндегі отырғандар аман қалады, тек қана әкемнің көзіне әжептәуір зақым келеді...

Сонымен, 1927 жылы жаздың бір мезгілінде билік өкілдері сау етіп, күтпеген жағдайда келіп, ел-жұртқа қырғидай тиеді. Ауылдағы көзге көрінген барлық малды тарпа бас салып, тізімге алып, сойып немесе жасырып үлгермеген елдің малын зорлықпен бір жерге жинай бастайды. Ескіліктің қалдығы деп, Секем молданың құран кітаптарын да жұрттың көзінше өртеп жібереді. Өкімет уәкілдері үй-үйлерді тінтіп жарамды деген мүліктерді де тәркілейді. Қыстан қалған елдің сүр еттерін де ауру тарқайды деп сылтауратып тартып алып, өртегенін өртеп, көмгенін көміп, итке бергенін итке тастап, халыққа бір түйір ет қалдырмайды. «Шаш ал десе, бас алатын» есерсоқ уәкілдер сүр еттің қысы-жазы бұзылмайтынын біле тұрса да осындай әрекетке барған. Ол заман, бұл заманда адам баласына жасалатын бұдан артық қорлық болар ма екен?

Біздің ауылды әбден жайғап, жұрдай еткен соң тәркілеушілер Бұғыбай батыр ауылына бет алады. Бұл ауылға да ойран салып, елдің малын, дүние-мүлкін тартып ала бастайды. Уәкілдердің зорлық-зомбылығына шыдай алмай тәркілеуге қарсы шыққан Жадыбайдың баласы Толыбайды, Шонайдың Әбдиін, Сұлтанбек пен Мұстафаны, Құязбайдың баласы Жүнісбекті қолдарына кісен салып, айдап әкетеді. Бала-шаға, кәрі-жас – барлығының етектеріне көз жастары толып, аңырап қала береді. Енді қайтсін, билік өкілдерінің жанындағы қару асынған милицияға қарсылық көрсетуге олардың қауқары қайдан болсын.

1927 жылдың көктемінде сәуір айының қара суығымен бірге малдан, дүние-мүліктен, қолда бар азын-аулақ азық-түліктен жұрдай болған Күйелі-Жабай-Кезең жерінің халқы ашаршылыққа ұрына бастайды. Ел-жұрт алдында келе жатқан алапат аштықтың болатынын сезіп, жан-жақтағы рулас туыстарын іздеп, сол сияқты Қырғыз еліне де көшуге бел буады. Бір адамдай ынтымақтасып, тапқан-таянғандарын бөлісіп, жұптары жазылмай отырған ағайын-туыстардың берекесі қашып, әркім өзінің қауға басымен әлек болып кеткен. «Бір күн ашыққаннан, қырық күн ақыл сұрама» деп, ата-бабаларымыз бекер айтпаған ғой.

Серікбай атамның үлкен шаңырағындағы ұлы Үйсін бала-шағасымен қырғыз ағайындардың еліне кетеді. Бұл жерде де тіршілік ету оған оңайға соқпайды, күнкөрістің қамымен қырғыздарға, дүнгендерге жалданып, әйтеуір, өлместің күнін көріпті. Қазақстаннан жан сауғалап келген қазақтар отбасын,

шиеттей балаларын аштықтан аман алып қалу үшін егістік даладан масақ теріп, қысқа қосымша азық-түлік қорын жасаған. Соның өзінде де жергілікті билік кейбір егіс алқаптарынан масақ теруге рұқсат бермеген екен. Соған қарамастан түн қараңғысын жамылып ашыққан қазақтар егістік далаларға шығып, масақ теріп жүріпті. Бір күні Үйсіннің баласы Оразтай түнделетіп жүгерінің масағын теріп жүргенде, сол маңайдан сыбырлаған таныс дауысты құлағы шалып қалады. Түн көзге түрткісіз қараңғы. Әр жерден адамдардың ақырын ғана сөйлеген дыбыстары әлсін-әлсін естіледі. Бұл кім болды екен деп, Оразтай құлағын тігіп, тұрған жерінен қозғалмайды. Сол сәтте таныс дауысты екінші рет естіген кезде Әшімбайдың ұлы Тұтқабай екенін бірден танып, дыбыс шыққан жерге жақындап келеді де, «Тұтқабайсың ба?» деп құшақтай алады. Сөйтіп, ағайындылар туған жерден алыс жақта аштықтың азабын тарта жүріп, кездейсоқ бірін-бірі тауып алады... Оразтай мен Тұтқабай баяғы Күйелі-Жабай жерінде тай-құлындай тебісіп, балалық шақтың бал дәуренінде бірге ойнап, бірге өскен екен.

Кейін Оразтай 1945 жылы шілде, тамыз айларында жапон соғысына қатысып, елге аман-есен оралады. Ол соғыстан келісімен бейбіт еңбекке белсене араласып, Шу ауданындағы Ботаборым ұжымында біраз уақыт парторг, одан кейін қойма меңгерушісі қызметін атқарады.

- Ал Тұтқабайға келетін болсақ, жас кезінде аштықтың дәмін татып, басынан кешірген қаншама қиыншылықтарға қарамастан білімін жетілдіріп, елге танымал мемлекет және қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді, - деп Асылхан әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Өл 1941-1945 жылдардағы жойқын соғыстан төрт мүшесі түгел елге оралып, халық шаруашылығының әртүрлі саласында өмірінің соңына дейін жемісті еңбек етті. 1952 жылы Қазақ педагогикалық институтын және 1966 жылы Бүкілодақтық инженер-құрылыс институтын бітірді. Әшімбаев Тұтқабай 1946-1960 жылдары Түркісіб темір жолы басқармасында, 1960-1964 жылдары Текелі қалалық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Өзіне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындағаны үшін және ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білген Тұтқабайдың қызметі жоғарлайды. 1965-1970 жылдары Қазақ ССР құрылыс министрінің орынбасары қызметінде болды, ал 1971-1973 жылдары Шығыс Қазақстан облысы комитетінің екінші хатшысы міндетін атқарады. 1973-1980 жылдары Маңғыстау облыстық комитетінің бірінші хатшысы, 1980-1983 жылдары Қазақ КСР-і ХШЖК-нің директоры қызметтерін атқарды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 9-10 шақырылымдарының депутаты болып сайланды. Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған.

- Тұтқабайдың ағасы Түймебай Әшімбаев да үлкен ғалым болған кісі, экономика ғылымдарының докторы, академик болды. Түймебай ағаның інісі туралы айтқан бір әңгімесін біздің туысқандарымыз үнемі еске алып отырады, - деді Асылхан сәл үнсіз қалып. - Ол оқиға былай болған екен. 1973 жылы

Тұтқабай жаңадан құрылған Маңғыстау облысының бірінші хатшысы болып тағайындалған кезде Д. А. Қонаев: «На Мангышлаке живет род адай, в земле Мангышлакской нефть (мунай), на небе – бог (кудай), а возглавлять область будет Туткабай» деп әзілдеп, жаңа қызметіне табыс тілей отырып, облысты басқаруға шығарып салған екен.

Халқымыздың басына төнген нәубет жылдарында қаншама жасөспірімдер жанбай жатып сөнді, Кеңестік биліктің солақай саясатының жазықсыз құрбаны болды. Амал бар ма, солардың арасынан қазақ халқының өркендеуіне зор үлес қосатын көптеген дарынды қайраткерлер шығатыны анық еді.

Ашаршылықтан аман қалуды ойластырып, біздің отбасымыз 1927 жылдың сәуір айынан бастап Шуға көшіп келуге дайындала бастайды. Себебі, қолдағы бар дүние-мүліктен, малдан айырылған соң Күйелі-Жабай-Кезең жерінде одан әрі өмір сүру қиындап кетеді. Сол кезде менің әкем Білісбек 18 жаста, ал інісі Жылысбай 16 жаста болған екен. Сәуір мен шілде айларының аралығында әкем екі рет Шудағы елдің жағдайын білу үшін алғашында нағашысы Етекбайдың атымен келіп қайтса, екіншісінде жаяу келіп бар жағдайды біліп қайтады. Сонау Күйелі-Жабай-Кезең аймағынан Шуға дейін 100 шақырымдай болатын қашықтықты жаяу жүріп өтіп, үйінен таң қылаң бере шығып, түн қараңғысында ел жатқанға дейінгі мезгілде стансаға жеткен. Жол-жөнекей Шәйтөбедегі (қазіргі Еспе стансасының маңында) теміржол жұмысшыларының қосынына тоқтап, олардың қайнаған суына үйден алып шыққан тарыны шылап жеп, сәл ғана тыныстап, әл-қуатын жинап әрі қарай жүре берген. Қандай төзімді, қандай қайсар жан болған!

Сонымен, Шәйім әжем бас ие болып, біздің отбасы 1927 жылы шілденің аптап ыстығында түйеге ең қажетті көрпе-жастықты, ыдыс-аяқты, қысқы киімдерін артып Шуға бет алады. Жол бойында шұбырған аш адамдардан басқа тіршіліктің нышандары білінбейді. Айнала тыныштық, тек самал желдің сыбдыры ғана еміс-еміс құлақтарына естіледі. Жерде жорғалаған аң да, көкте қалықтаған құс та тағдырдың тауқыметін тартып босып бара жатқан адамдардың азапты өмірін көргісі келмегендей, бұл маңайдан алыстап кетіп қалған сияқты көрінеді.

Аласапыран аштық басталған кезде ашыққан бейшаралар жан далбасалап теміржолдың бойын жағалаған ғой. Сонау Күйелі-Жабай-Кезең жерінен Шуға көшіп келген біздің ағайындардың да жағдайы осындай еді. Бәріне бірдей күн көретін, бір үзім нан тауып жеу үшін жұмыс қайдан табылсын. Үйсіз-күйсіз жүрген жандардың суықтан, аштықтан қатып қалған өліктерінен стансаның маңайында, теміржолдың бойында тірі пенде аяқ алып жүре алмайтындай болыпты. Қайда қараса да ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдар, оларға қараудың өзі өте қорқынышты, сол көрініс әлі де болса кеудесінде жаны барлардың да төбе шаштарын тік тұрғызады екен.

Шу стансасына табан тірегеннен кейін Білісбек әкем теміржол бойындағы мекемелерден жұмыс іздейді. Әйтеуір, көп ұзамай құдай сәтін салып жұмысқа орналасады. Әкеме сол маңайдағы бір ұжымшар арба тау-



ып беріп, өзінің түйесін арбаға жегіп, өлген адамдардың мәйіттерін жинап қаланың сыртындағы шұңқырларға көму тапсырылған екен. Халықтың жаппай қырылғаны соншалықты, күнде таңертең және кешке қарай өліктерді жинап, бір шұңқырға бірнеше адамның мәйітін көміп отырған. Ал үйлерінде қаза тапқандарды аштықтан кеудесінде сүлдесі әрең жүрген туыстары есігінің алдындағы арық-шұңқырларға апарып, бетін жабуға ғана шамалары әрең жеткен көрінеді.

- «Теміржолдың арғы және бергі бетіндегі ой-шұңқырлардың бәріне адамдардың өліктері көмілген» деп, әкемнің айтқанын талай естідім, – деді Асылхан. - Күнде ертелі-кеш мәйіттерді жинап, көміп отырғаны үшін әкеме күніне бір паек нан беріп отырған. Сөйтіп, 1933 жылға дейін өліктерді тасумен айналысып, шешесі Шәймді, інісі Жылысбайды аштықтың құрсауынан аман алып шығыпты. Жылысбай да қарап отырмаған, бір жағынан ағасына көмектесе отырып, мектепте балаларға музыкадан сабақ береді. Ол өзінің туа біткен музыкалық қабілетімен, еңбекқорлығымен елдің көзіне түсіп, күннен күнге беделі арта бастайды. Қызғаныштың қызыл оты, көре алмаушылық деген әр уақытта, әр заманда жер басып жүрген пенделердің арасында болған ғой. Осындай қысымшылыққа шыдай алмай әрі музыкалық білімін жетілдіру мақсатында Алматыға келеді. Сол астаң-кезең дәуірінде біреудің сыртынан «жала жабылса, күйе жағылса» немесе өтірік-шыны аралас сөз айтылса болғаны табан астында «халық жауы» болып шыға келетін. Жылысбай соны сезіп елден алыстау Алматы қаласындағы музыкалық училищеге оқуға түсіп, білімін жетілдірген соң сол училищеге завуч (оқу ісінің меңгерушісі) болып біраз жылдар қызмет атқарады. Содан кейін Жылысбайдан ешқандай хабар болмайды, тек қана 1938 жылы әкем Шоқпар стансасына көшіп келгеннен соң бір айдан кейін үш НКВД қызметкерлері әкемді тауып алып, оның бетіне үңіле қарап, ләм деместен кейін бұрылып кетіп қалады. Сол сәтте Білісбек әкем әлгі үшеуінің Жылысбайды іздеп жүргенін іштей сезеді.

Мен еліміз еркіндікке қол жеткізгеннен кейін ғана Алматы қаласындағы орталық мұрағаттан Жылысбай туралы мәліметтерді іздестіре бастадым, бірақ өкініштісі сол, оның тағдыры жайында ешқандай құжаттар табылмады. Ал оның қарындасы Асқан Серікбаеваның қайда оқығаны туралы деректер табылды.

- Әкемнің Күйелі-Жабай-Кезең еліндегі қолдан жасалған ашаршылық туралы айтқан әңгімелері осы ғана емес, талай-талай бастарынан кешірген небір адам жаны түршігетін оқиғаларды айтып беріп еді, соларды есіме түсіріп қойын дәптеріме жазып алуды әдетке айналдырып жүрмін. Қазіргі және келешектегі жас ұрпаққа өткен ғасырдың 30-жылдарындағы жаппай ұжымдастыру кезінде болған Қазақстандағы алапат аштықты жеткізу – біздің парызымыз әрі міндетіміз деп білгеніміз жөн. Бұл зобалаң – қазақ жерінде бұрын-соңды болып көрмеген қасірет, сондықтан бұдан жастар сабақ алуы тиіс, – деді Асылхан әңгімесінің соңында.

**Автордан.** Иә, біз Асылханның пікірімен толық келісеміз. Халқымыздың тарихындағы қаралы кезең – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарындағы қырылғандардан бірнеше есе асып түскен Кеңестік биліктің қасақана жасаған геноциді екені айдан анық. Қазақтар туған жерінен, елінен үдере көшті, дүние-мүлкінен, бар малынан айырылды, діттеген жеріне жете алмай жол бойында сан мыңдап қырылды...

Ел басына төнген қасіреттен анасы – баласынан, баласы – анасынан көз жазып, ашаршылықтың кесепатынан тоз-тоз болып босып кетті. Бірақ қазақ халқы жер бетінен мүлдем жойылып кеткен жоқ. Қандай қиыншылықтар болса да төзімділік, қайсарлық көрсететін рухы биік халқымыз – қолдан жасалған осы нәубеттен өзінің елдігін, келешегін, ұлттық қасиетін сақтап қалды. Соның бірі – Хантау баурайындағы Күйелі-Жабай-Кезең жерінің ел-жұрты. Кеңес өкіметінің зорлық-зомбылығы салдарынан жан-жаққа тарыдай шашылып кетсе де, бұл ағайындар заман түзелгеннен кейін бірін-бірі іздеп тапты. Жарты ғасырдан астам уақыт айтылмай келген ақиқат – еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана айтыла бастады.

## **Сазгер, Шу ауданының құрметті азаматы Серік Әденовтің естелігі**

### **Анам азапты күндерді сыбырлап қана айтып отыратын**

Құйындай ұшып келген алапат ашаршылық қайдан келді? Ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілігімен айналысып жатқан ауылдардың күл-талқаны шықты, әр отбасының шаңырағы ортасына түсіп, адамдар бір үзім нан тауып жей алмай басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Қазақтардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті, бірақ халықтың рухы жойылған жоқ.

Ұшы-қиыры жоқ кең байтақ даланың бір шетінен екінші жиегіне жету үшін айлап жүретін, мыңғырған малы бар бұл өлкеге ашаршылық келеді деп кім ойлаған? Сарыарқа даласында адам айтқысыз аштық басталып, ел-жұрт ұлан-ғайыр қазақ жеріндегі басқа аймақтарға үдере көшеді.

- Сонау зобалаң жылдарды басынан өткерген аяулы анамның айтқандары әлі есімде, - деп бастады Серік шешесінен естіген әңгімесін есіне түсіріп.

- Сонда халық аштықтан аман қалу үшін атамекенін, туған жерін тастап жан-жаққа кімнің кесірінен босып кетті? Кеңестік дәуірде мұндай сұрақ қойған адам қатаң жазаға тартылатын. Жазықсыз қазақтардың қаны төгілді, мезгілі жетпей мыңдап, миллиондап қара жер құшағына кірген құрбандардың үні халықтың санасында мәңгі сақталады. Қаншама адам сайын далада көмусіз қалды, ит-құсқа жем болды... Дегенмен, сол бір зұлмат жылдарда Сарыарқадан босып кеткен ел ұрпақ қалдырмай, із-түзсіз біржола жойылып кеткен жоқ, заман түзелгеннен кейін тірі қалғандары туған жеріне оралды, ағайын-туыстар бірін-бірі тапты. Ал біразы тағдырдың небір тауқыметін тартып, барған жерлерінде күнкөрістің қамымен орнығып қалды.

Сол қасіретті жылдары анамның басынан кешірген қайғылы оқиғалары сияқты ауыртпалықтар, бүкіл қазақ жерінде болғаны еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана айтыла бастады ғой. Кейінгі кезде анам естен кетпес азапты күндерін қинала отырып, сыбырлап қана айтып отырушы еді. 1900 жылы дүниеге келген анам Ақлима Ебейқызы Сарыарқа төсіндегі Ақшатау өңірінің қызы еді. Ерекше қабілетті болды, би билеп, әншілік өнерімен де көзге түсіп қана қоймай, ажарына сай көрікті әрі келбетті болғаны рас. «Алып анадан туады» демекші, менің әнге құштарлығым бала кезімнен басталды, бірақ сазгер боламын деп ойлаған емеспін. Мақтанғандық емес, менің бойымдағы өнерге деген сүйіспеншілік анамнан дарығаны шындық. Мысалы, аты аңызға айналған халқымыздың біртуар азаматы-әнші, сазгер, палуан Балуан Шолақтың анасы Қалампыр сегіз қырлы, бір сырлы алып күштің иесі болған екен, - деді Серік сәл үнсіз қалып.

Қазақтар ежелгі дәуірден мал шаруашылығымен айналысқанына қарамастан, Кеңес өкіметі халықтың тұрмыс-жағдайын ескермей ауылдардағы барлық малды күштеп тәркілеп алады. Аштық осыдан басталды. Сол сияқты Ақлима анамның ауылы да қаңырап бос қалыпты. Ауылдың шетіндегі жыралар көмусіз қалған мәйіттерге толып кеткен. Кеудесінде әлі де болса күші барлар берекесі қашып, жейтін тамақ болмай қалған ауылдан басқа жаққа кете бастайды. Үйінен шыға алмай отбасымен бірге қырылып жатқандары саншама, қайда қараса да өліп жатқан адамдар... Осындай ауыр жағдайға Ақлима апамның да отбасы ұшырап, әке-шешесімен қоса бауырлары бар, үбірлі-шүбірлі 13-14 жан аштықтан түгелдей қырылып, тек қана жападан жалғыз өзі ғана тірі қалған екен.

Сол кезде Қазақстанның солтүстік және орталық аймақтарындағы биліктің озбырлығы шектен шығып кетсе керек. Мұндай жағдайға бұдан әрі тәзуге шыдамай, халық оңтүстік аудандарға жаяу-жалпылап босып кетеді. Бұл өңірлерде де тұрмыстың жетісіп тұрмағанын аштықтан бұралған жандар айдан білсін. Әйтеуір, жанталас болған ғой. Сөйтіп, туған-туысқандарынан түгелдей айырылған Ақлима жан сақтау қамымен 1930 жылы шұбырған құртқа ілесіп, Мойынқұм аймағындағы Аманкелді ауылына келіп жетеді.

Бір айға жуық Ақлима жол-жөнекей аштықтың, жолдың азабын тартып небір сұмдықтарды көреді. Елсіз дала адамдардың мәйіттеріне толы, шінде өмірдің қиындығын да, рақатын да көре алмай анасының құшағында өліп жатқан емшектегі баланы көргенде босып келе жатқан бейшаралардың жан-дүниесі қатты қиналып, етектері көздерінің жасына толған екен. Қазан төңкерісіне дейін миллиондап мал өргізген ұлы далада бірде-бір тірі жан қалмай, бәрі де жер бетінен жойылып кеткен сияқты көрінеді. Беті топырақпен қабылмаған, ісіп-кеуіп өліп жатқан адамдардың, тіпті, әлі де кеудесінде жаны бар, бірақ орындарынан тұруға шамасы келмейтіндердің көзі-басын бір жерде құзғын қарғалар шұқылап жатса, ал жолдың бойында қасқырлар өлсіз тірі адамдарды сүйретіп бара жатқанын көргенде босқындардың төбе

шашы тік тұрып, естерінен танып қалатындай күйде болған. Кейде ашыққан жыртқыштар күндіз де, түнде де шұбырған топқа шабуылдап, жүруге шамасы келмей артта қалған бірлі-жарым адамды тарпа бас салып сүйретіп әкетеді екен. Мұндай сұмдықты кім көрген!

Ұжымдастыру басталысымен-ақ Амангелді ауылында тары егуді қолға алып, жергілікті билік барлық ауыл тұрғындарын арық қазуға жұмылдырыпты. Еңбек етсе ауызға бірдеме ілінетінін біліп, Арқадан аштықтың салдарынан арып-ашып келген адамдардың бір тобы осы ауылда тұрақтап қалады. Солардың арасында үлкен отбасынан жалғыз өзі тірі қалған Ақлима анам да болады. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей, ол бұрын-соңды болмаған Сарыарқа өңіріндегі алапат ашаршылықтан аман қалып, оңтүстік өлкеге келіп өлместің күнін көріп жүре береді. Дегенмен, Ақлима алдында тағы да тағдырдың қандай ауыртпалықтары күтіп тұрғанын білген жоқ, қайдан білсін!

Ашаршылықтың зардабын тарта жүріп, Амангелді ауылындағы жігітке тұрмысқа шығады. Ертеңнен қара кешке дейінгі тынымсыз ауыр жұмыстың салдарынан, күнделікті ішіп-жейтін тамақтың жеткіліксіздігінен, сондай-ақ жергілікті биліктің зорлық-зомбылығына шыдай алмай күйеуі де, балалары да қайтыс болады. Бұндай бел қайыстырар қайғылы оқиғалар сол ауылдағы әрбір отбасының мүшелерін жалмапты. Қайғыдан қан жұтқан жесір келіншек 1933 жылы Шу стансасынан 7-8 шақырымдай қашықтықта орналасқан Көктөбе ауылына табан тірейді...

Бар болғаны жиырма шақты үймен 1929 жылы колхозға біріккен бұл ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі де мәз емес еді. Малдың бәрін жоғарыдан келген билік өкілдері тізімге алып, ұжымға өткізіп жіберген. Кейбір мәліметтерге көз салсақ, 1929 жылғы малдан бүкіл қазақ елінде 1933 жылы небәрі 6 пайызы ғана қалған. Халықты аштықтан құтқару үшін мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмаған. Тіпті, патша өкіметі қазақ жерін отарлай бастаған заманда көшпелі халықтың қамын жасап, аштықтан қырылып қалмас үшін әрбір отбасында ең кем дегенде 30 бас мал болуы керек есептеген.

Сол ауыр жылдары Көктөбе колхозын жергілікті тұрғындардың арасынан шыққан Ағаділ Ғалиақбаров басқарады. Бұл кісінің зұлмат жылдардағы қиыншылықтарға қарамастан, өзіне кез келген уақытта қауіп төнетінін біле тұрса да, ашыққан ауылдастарына қамқорлық жасағаны туралы қазіргі кезде сол ашаршылықты көрген қарттар айтып отырады.

1932 жылдың күзіне қарай ашаршылық ауылдың тұрмыс-тіршілігін күйзелтіп жібереді. Бұған дейін тәркілеуден жасырып қалған бір-екі малымен күн көріп отырған елдің азық-түлік қоры таусылып, аштық қысымға алады. Көп адам бірдемеден дәм етіп, сандалып колхоз кеңсесіне күнде шұбырып келіп жатады. Ашыққан адамдарға беретін ештеме жоқ, қамбадағы астық пен мал қораларын қарулы милиция күндіз-түні күзетіп тұрады. Қазақстанның барлық аймақтарында колхоздың бастықтарына қырылып жатқан халыққа

астық беруге жоғарғы билік рұқсат бермеген. Жоғарыдан түскен нұсқауды сәл ғана бұзатын болса, бастық бүкіл кеңседе отырған қызметкерлерімен бірге сотталады, Сібірге айдалады. Жазықсыз абақтыға жабылған басшылар Шу ауданында да көп болыпты. «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» деп халық айтқандай, бір жағынан Кеңес өкіметінің бұйрығын орындау керек, ал екінші жағынан қырылып жатқан ауылдастарын аштықтан құтқару керек, осындай қысылтаяң кезде колхоз басқару – қияметтің нағыз өзі болған. Егер жұмыстан бас тартса, онда да жауапқа тартылады екен. Сталиннің үлкенді-кішілі басшыларға қойған талабы осы болыпты. Бұған не айтуға болады? Осындай аласапыран заманда Ағаділ Ғалиақбаров тығырықтан шығудың жолын жанталаса іздестіреді...

Сол кезде колхоз бастығы өзінің қарамағындағы қызметкерлерімен бірге бір бөлмеде отырады. Бұл кеңсе үйі ауыл байларының бірінен тәркіленіп алынған еді. Колхоз құрыла бастаған кезден-ақ аздаған білімі бар Асанбек Жұрымбаев есепші болып жұмыс істеп, өз ісіне тиянақты маман екендігін көрсете білген. Аштық шарықтау шегіне жеткен кезде колхоз басшылары отырған кеңседе адамның жан-дүниесі түршігетін бір қайғылы оқиға былай болған екен.

Бір күні Ағаділ отырған кеңсенің есігі сықырлап-шиқылдап зорға ашылады. Есіктің аржағынан шамамен 1-1,5 жасар баласын көтерген жас келіншек кіріп келеді. Өңі сұп-сұр, көзі шүңірейіп ішіне кіріп кеткен, қол-аяғы дірілдеп әрең қозғалады. Табалдырықтан аттай бере есікті жабуға тұтқаға жармасады, бірақ есікті ішке қарай тартуға күші жетпепті. Қу сүйегі қалған, көзі ала-рып кеткен әйел үнсіз кеңсе қызметкерлеріне қарап, состиып тұрып қалады. Бірдеме айтуға аузы икемге келмейтін сияқты. Көтеріп алған баласының үні шықпайды. Әйелдің әбден қалжырап біраз уақыттан бері нәр татпағанын бөлмеде отырған қызметкерлер біліп тұр.

- Бір үзім нан беріңдерші... деп, аржағын айта алмай жылап жібереді. Кеңседе отырғандардың біреуі жарты уыстан да аз ғана тарының талқанын әйелге ұстаға береді. Ол талқанды аузына салғаны сол еді, шайнауға да шамасы келмей қақалып-шашалып жатып, қолындағы баласын жерге сылқ еткізіп қоя салады да, ары-бері теңселіп екі аяғымен жерді тіреп тұруға әл-қуаты жетпей, бар салмағымен гүрс етіп құлап түседі. Аһ! – деп, бір қызметкер жетіп барса, әйел сол мезетте үзіліп кетіпті, ал бейшара әйелдің сәбиі анасынан сүт шықпай, кеңсеге келгенге дейін аштықтан өліп қалғанын байқайды. Кеңседе отырғандардың бәрі шыдай алмай орындарынан өре түрегеліп, біреуі терезеге қарап, енді біреуі бастық пен есепшіге қарап, көз жастарын сығып-сығып алады. Ағаділ де сасқалақтап біресе қызметкерлерге, біресе өліп жатқан әйел мен балаға қарай берген...

- О дүние-ай, ел-жұртты осындай халге жеткізген заман да болады деп, кім ойлаған? Мұны көргенше, өлгеніміз жақсы еді ғой, - деп бастық столды қос қолымен қойып қалады да, есікке қарай екі-үш қадам жүріп, кілт тоқтайды.

Екі құлағы шуылдап, қаны басына шауып, арқа жотасынан суық тер бұрқ етіп, тұла бойы қалшылдай жөнелгендей күйде болады. Бастық деген аты болмаса, оның қолында ауылдастарына беретін ештеңе болмаған ғой, өзі де екі-үш күннен бері қара су мен бір жапырақ наннан басқа ештемені көрмеген аш екен. Оның мұндай жағдайын ауыл тұрғындары қайдан білсін. Ашыққан әйел есі ауысып, көтеріп келе жатқан баласының да қатып қалғанын сезбей, кеңседегі адамдардан үміт күтіп, соңғы күшін жинап, ақырғы демін тартып кеңсеге келген беті осы болған. Бейшараға көмек бере алмағанына бастықтан бастап бәрі қандары қайнап, жандары ашып, қатты күйзеледі.

Тіл тартпай кеткен әйелді сәбиімен бірге көмуге шамасы келеді-ау деген екі-үш жігітті тауып алып, ауылдың сыртындағы бір шұңқырға апарып, бетін жабады. Кейін белгілі болғандай, бұл әйел Орта Жайсанда ұжымдастырылған Ленин колхозынан қаңғырып келген, күйеуі мен басқа балалары бір түннің ішінде 1932 жылдың күзгі қара суығында аштықтан өліп қалған екен. Кішкентай баласын көтеріп алып басы ауған жаққа жүре берген, жеткен жері осы болыпты.

Осы оқиғадан соң бастық өзінің қара басын қатерге тігіп, ешкімге білдірмей колхоз қамбасынан отбасымен бірге әлсіреп жатқан тұрғындарға аздап қана астық бөліп тұрған. Егер бұны аудан басшылары біліп қойса, Кеңес өкіметіне қарсы шықты деп, дереу түрмеге жабар еді. Құдай сақтап, биліктің мұндай озбырлығынан аман қалған. «Адал адамға құдай жақ болады» демекші, Ағаділ Ғалиақбаровқа колхозшылардың тұрмыс-жағдайын жақсартып, колхоз құрылысын жақсы ұйымдастырғаны және экономикасын дамытудағы табысты жетістіктері үшін, кейінірек Социалистік Еңбек Ері атағы беріледі.

Ағаділдің өзі кедей отбасынан шыққан екен, ал әйелі байдың қызы болғанымен адамгершілігі мол, іскер адам болыпты. Ол қиын заманда қарап отырмай ауыл әйелдерімен бірге киіз басып, құрақ құрап, киіз үйдің жабдықтарын жасап көпшілікке көмектесуді қолға алған. Қолынан келген басқа да көмегін аштыққа ұшыраған адамдардан аямаған.

Мойынқұмнан тағдырдың тауқыметін көріп келген жас әйелге қамқорлық жасап, күйеуі Ағаділмен келісе отырып, өз үйлерінде тұрғызады. Ақлима апам да еңбекқорлығымен, инабаттылығымен, кішіпейілдігімен және өнерге деген қабілетімен көзге түсіп, бастықтың әйеліне ұнап қалады. Ол бүкіл қазақ елін жайлаған ашаршылықтың салдарынан туған-туысқандарынан, бауырларынан, әке-шешесі мен балаларынан айырылған жесір келіншекті қамқорлығына алып, оның келешегіне ерекше ықылас білдіріп, Ақлиманы көрегендікпен Көктөбе ауылының тұрғыны Әбдікерімге үйлендіреді...

Қазіргі Көктөбе-Шу жеке шаруашылық серіктестігінің (бұрынғы Жамбыл атындағы колхоз) территориясында 1929 жылы Көктөбе колхозымен қатар, тағы да Қарауылтөбе, Ленин, Кербұлақ деген үш колхоз құрылады. 1951 жылы аталған шағын колхоздар бірігіп, Жамбыл атындағы колхоз болып атанды. Қазақстанның барлық аймақтарындағы жағдай сияқты, Шу ауданын-

да да отырықшылыққа жеделдете көшіру жүргізіледі. Билік өкілдері осындай мақсатпен айналасы 70-80 шақырым қашықтықта мекендейтін тұрғындарды Шу өзенінің аңғарындағы Орта Жайсан деген жерге түгел топтастырады. Бұл Ленин атындағы колхоздың орталығы ретінде жоспарланған көрінеді. Халықты жинап отырықшылыққа және колхозды нығайту үшін алыстағы ауылдардарға жоғарғы биліктің бұйрығымен көлік, сол көлікпен бірге белінде тапаншасы бар милиционерлер жіберіледі. Олар қыстауларда отырған адамдарды киіз үйлерінен қуып шығып, апарған көліктеріне күштеп мінгізіп алып келеді. Бұл оқиға 1932 жылы көктемгі егіс науқаны басталуға үш күн қалғанда болған. Таңның атысы, күннің батысы ауыр жұмыстарға жегілген колхозшылар колхоздан ешқандай көмек ала алмай аштыққа ұшырап, осы жылдың күзіне қарай тең жартысы жан-жаққа безіп кеткен. Көбісі Қырғызстанға кетсе керек. Жоғарыда айтылған Ағаділдің кеңсесіне құшағында өліп қалған баласымен келген аш әйел сол Ленин колхозынан болып шықты.

Төле би бабамыздың жайлауы болған, ұлы бидің қолында жүріп ер жетіп, тәрбие алған, түйесін баққан Әбілмансұр-Сабалақ (Абылай хан) артында «Сабалақ сайы» деген өшпес із қалдырған шөбі шүйгін, аң-құстарға толы кең-байтақ киелі даланы жергілікті ру-тайпалар ежелден-ақ Алдыңғы Жайсан, Орта Жайсан, Алыс Жайсан деп үш аймаққа бөлген екен. Кеңес өкіметі келгенге дейін осы өңірдегі халық мыңғырған мал өсіріп, қазы-қарта жеп, адам ағзасына шипа болатын қымыз, шұбат ішіп, тамақты талғап жейтін ел, енді олар жаңа өкімет орнағаннан кейін Жайсанда бір үзім нанға зар болып кырылып қалады деп кім ойлаған?

1933 жылы Шу ауданындағы колхоздардың жағдай қиындай түседі, тіпті кейбір ұжымдарда 5-6 жылқыдан ғана қалған, басқа да мал басы азайып кеткен. Кейбір ауылдарда халық қатты ашығып, үлкен адамдар қалмаған, ашаршылықтың кесірінен жан-жаққа қаңғырып кеткендіктен, олардың орнында жасөспірімдердің жұмыс істеуіне тура келеді. Колхоз мүшелері үйіне бір уыс дән болса да әкелуге тырысты, бірақ заңның қаталдығы сондай, қалтасынан бір-екі сабақ бидайдың дәнін тапса болды, дереу қолына кісен салып алып кететін.

Сол кезде 12-13 жаста болған Оқас ақсақал Орта Жайсаннан арбамен Шу стансасына Ленин атындағы колхоздың астығын тасыған. Арбадағы бидайды күзетіп келе жатқан милицияға көрсетпей, өзі үстінде отырған қаптың бір бұрышын шұқылап қолына түскен дәнді аузына салып жіберіп, ақырын ғана шайнай береді екен. Сөйтіп, шикі бидай балаға аздап болса да күш-қуат беретіндей болған. Кешке қарай үйіне өзегі талып келетін Оқас қорада тұрған жалғыз ешкінің емшегіне ауыз салып, лақша еміп жүрген. «Аштық не жегізбейді...» деген осы емес пе?

Жайсан өңіріндегі басқа колхоздарға қарағанда, Ағаділ туа біткен қабілетімен, іскерлігімен аудан басшылығы мен өзі басқарып отырған Көктөбе колхозының арасында тығыз қарым-қатынас орнатады. Мал саны

көбейіп, астық жоспарын орындау бір жүйеге келтіріледі. Колхозшыларға да қолдан келген көмегін аямаған. Қанша дегенмен, Кеңес өкіметіне де колхоз жұмысын жақсы ұйымдастыратын іскер басшылар керек болған ғой. Колхоздастыруға күштеп те, үгіт-насихат арқылы да бүкіл халықты көндіріп, заман түзеле бастаған кезде 1938 жылы Ағаділ Ғалиақбаровты білімін жетілдіру мақсатымен Алматы қаласына оқуға жібереді.

Ұжымның жиналысында есепші қызметін атқарып жүрген Асанбек Жұрымбаев колхоз бастығы болып сайланады. Қиын-қыстау кезеңде 5 кластық қана білім алған, ол алғашында Көктөбе колхозын, кейін біріктірілген Жамбыл атындағы колхозды 22 жыл басқарады. Осы жылдардың ішінде колхозшылардың әл-ауқаты жақсарып, колхоздың экономикасы дамып киелі Жайсан жері 56 мың қой, 1,5 мың жылқы мен 2 мың сиырға толып, ауылдың құт-берекесі боп жайлаудың сәнін келтіреді. Асанбектің тікелей қолға алуымен клуб, кеңсе үйінің салынуына, екі қабатты мектептің бой көтеріп халықтың игілігіне берілуіне бас-көз болғанын ешкім ұмытпаған. Серіктің әкесі Әбдікерім басқарманың шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметінде жүріп, жан-жақтан колхоздың қажетіне жарайтын әртүрлі техникаларды және мал жинаумен айналысқан...

- Ата-анам бес ұлды болғанымен, 1941-1945 жылдардағы жойқын соғыс зардаптарының салдарынан ертелі-кеш жұмыс бастылықпен дұрыс күтім болмағандықтан төрт бірдей бауырым жастай шетінеп, көрер жарығым бар екен, мен ғана аман қалдым, - деді 80 жасты еңсерген Шу ауданының сыйлы азаматы, сырлы сазгер Серік қария.

**Автордан.** Шу өңірінен түлеп ұшып, туған елін әсем әндерімен, құлақ құрышын қандыратын күмбірлеген күйлерімен тербеген сазгерлер, әншілер мен күйшілер аз болмаған. Солардың бірі, әрі бірегейі – Серік Әбдікерімұлы Әденовтің көптеген әндері бар. Оның алғашқы әні «Сәулешім» халық арасында кең тарады. Кейін бұл қазақ музыкасының алтын қорына енгізілді. Шабыты шалқыған кезде ол әнді де, сөзді де өзі жаза берді. «Қазақстан Республикам менің», «Қазақ елім мәңгі тірі», «Шопан қыз», «Қалқашым», «Қалқа жан» және тағы басқа туындылары елдің құрметіне бөленіп, сүйіп тыңдайтын әндеріне айналды. 1964 жылы Серік Әденов Көктөбе ауылының тумасы, белгілі театр режиссері Қадыр Жетпісбаев екеуі ауыл жастарын ұйымдастырып М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» драмасын, Қ. Шаңғытбаев пен Қ. Байсейітовтің «Беу, қыздар-ай» комедиясын және А. Макаюнктың «Үкім» драмасын сахнаға шығарып, сынақтан жоғары баға алады. Осының нәтижесінде Жамбыл атындағы колхоздың көркемөнерпаздар үйірмесі облыста бірінші болып «Халық театры» деген атаққа ие болды.

Бүкіл саналы өмірін өнерге арнаған Секеңнің марапаттаулары жеткілікті. Әйгілі сазгер, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген мәдениет қайраткері. Шу ауданының құрметті азаматы - Серік Әденов бүгінгі күні отбасының ортасында немере-шөберелерінің қызығына тоймай бақытты өмір сүруде.



## ШУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӘЛЖАПАР (ҚАПУ) ҚАРИЯНЫҢ ЕСТЕЛІК-ӘНГІМЕЛЕРІ

### Абақтыға қамалған әке мен ата

1923 жылы Әлжапар ақсақал Шу ауданындағы Бөлтірік пен Далақайнар ауылдарының аралығын алып жатқан даланың төбелері мен ойпаттары аңқұстарға толы, түгін тартсаң майы шығатын, шөбі шүйгін, суы таза, топырағы құнарлы, адамға да, малға да жәйлі болып келетін аймақта, қарияның ата-бабаларының ежелден-ақ қонысы болған Ботаборымда дүниеге келген. Табиғаты ерекше Ботаборым олардың тұрақты мекеніне айналған.

Бұл өңір Үшқызылдан 40-50 шақырымдай қашықтықта болды, ал Шоқпардан Үшқызыл 10-15 шақырымда жатыр. XX ғасырдың отызыншы жылдарында елде жаппай тәркілеу басталған кезде Әлжапардың әкесі Мұстафа отбасымен, ағайын-туыстарымен Ботаборымнан Үшқызылға көшіп келеді. Сол кезде ол сегіз жасқа енді ғана толған екен. Бір күні күтпеген жағдайда НКВД қызметкерлері келіп бала-шағасымен киіз үйде отырған Мұстафаның қолын артына қайырып бас салғанда барлығы еңіреп жылап жібереді. Қайда, не үшін жетіп бара жатқанын сұрауға ешкімнің дәрмені жоқ. Сәл есеңгіреп қалған Әлжапар, айдаушылар төбеден аса бергенде үйден атып шығып, артынан жүгіре көнеледі. «Әке! Әке!» деп бар даусымен жылап, біраз жерге дейін олардың қарасын көріп отырады. Салт атқа мінгендер балаға жеткізе ме? Баланың тыңғырған даусын әкесі естіді ме, егер естісе қандай күйде болды екен? НКВД әкілдері арттарына бір-екі рет қарап қойды да, өкпесі өшіп жүгіріп келе жатқан ас балаға ешқандай аяушылық білдірмеді. Үшқызылдан Шоқпар стансасына дейінгі аралықты жылап отырып, әкесін көріп қалу үшін қуып жетпекші болады. Бірақ милиционерлерді қуып жете алмады. Әбден қара терге түсіп, діңкесі құрып шаршаған Әлжапар стансаға жеткен кезде әкесін қараңғы вагонға итермелеп, жұлқылап кіргізіп жатқанын байқап қалады. Жүгіре-жүгіре жылауға да шамасы келмей қалған бала әкесін алыстан көріп қалып «Әке! Әке!» деп бар даусымен айқайлап жіберді. Мұстафа оның зар еңіреп жылаған даусын естіген жоқ, бірақ соңынан қара табан болып ілесіп отырған ұлының жанайқайын, мөлтілдеген көз жасын, мүмкін, жүрегі сезген шығар.

- Міне, осылай әкемді белгісіз сапарға шығарып салдым, - деді Әлжапар қария көңілі босап.

Үшқызыл - тау қыраттарының аңғарымен Іле-Алатау тауынан бастау алатын ирелеңдеген жылан сияқты ағатын Шоқпар өзенінің бойындағы ұзындығы 20-30 км, ені 5-6 км аймақты алып жатыр. Бұл өңірдің табиғаты қысы-жазы мал шаруашылығымен айналысуға өте қолайлы болып келеді. Бірінші қар түскеннен бастап көктемнің шуақты күндеріне дейін мал емін-еркін жайылады.

Үшқызыл – алыстан да, жақыннан да қып-қызыл болып көрінетін үш тау. Жаз айларында төбе жоталарындағы қызыл гүлдер мен қызыл тастар бір-біріне шағылысып, алыстан адамның назарын өзіне тартып, төрткүл дүниені жарқыратып жіберетіндей көрінеді. Бұл үш таудың аралығы 1,5-2 шақырымдай болып келеді. Биік қызыл тауларды бір-бірімен жалғастыратын соқпақ жолды ерте кезден-ақ жергілікті халық пайдаланған. Қыраттардың сай-саласынан аққан мөлдір бұлақтар Шоқпар өзеніне құйылып, әсіресе, көктем, жаз айларында өзен суын толықтыра түседі.

Үшқызылға көшіп келердің аз ғана алдында Мұстафаның малын, жарамды дүние-мүлкін тәркілеп алған болатын...

Кеңестік биліктің озбырлығына дейін Мұстафаның әкесі - Сұлтанбек Шоқпар стансасының солтүстігінде Теріскей деген жердегі Қосқорған ауылында тұрған. Оның маңдай терімен жиған-тергенін, мал-мүлкін билік өкілдері тігерге тұяқ қалдырмай зорлықпен тартып алды. Мұстафа да әкесі секілді Шу өңіріндегі ірі байлардың бірі болды. Топардың жанындағы Балатопар деген аймақтың бәрі оның жері болған. Ағайын-туыстарын қамқорлығына алып, олардың ешқандай мұқтажсыз өмір сүруіне жағдай жасап отырады. Біреуі жылқысын бақса, ал екіншісі қойын бағып «көйлегі көк, тамағы тоқ» дегендей, жоқшылықтың дәмін татпаған екен. Еуропадағы сияқты қазақ қоғамында қатыгез қанау болмағаны тарихтан белгілі ғой. Өйткені, олар бір рудың адамдары, туған-туысқандары, тіпті, сырттан келгендерге де қарайласып отырған. Мұстафа ауылдарды кезіп қаңғырып жүрген Рафид деген баланы өз қарамағына алып киіндіріп, тамақтандырып, оқытып тәрбиеледі. Содан соң оны Қуатбала деген туған қызына үйлендіреді. Ол кейін мал дәрігері болып еңбек етті. Ал, қай бай қаңғып жүрген кедейдің баласына қызын береді? Мұстафа осылай жетім-жесірге көмектесіп, халықтан бата алған. Оның малы көп болған, ұрылар малына тиісе алмаған, қорыққан. Өйткені, халқына сондай жағымды адам болғандықтан, малын ұрлауға Балқаш жақтан келетін ұрылардың да батылы жетпеген.

Сол кезде Мұстафаның жасы 40-тар шамасында еді. Бас киімдерінде қызыл жұлдыз белгісі бар адамдар үйіне апыр-топыр кіріп келіп, тарпа бас салып қолына кісен салды. Оны қандай кінәсі үшін алып кетті, саяси қылмыскер емес, зауыт-фабриканың иесі болған жоқ. Бай болғаны рас, күндіз-түні тынбай адал еңбек ете жүріп, үйір-үйір жылқы, мыңдаған қой, жүз-жүздеп түйе өсірді. Осының бәрі оған тынымсыз еңбектің арқасында келді. Бұл байлықтың бәрін ешкімнен тартып алған жоқ, қажымай-талмай еңбек етіп, шаруашылығын дұрыс жолға қоя біліп, ұйымдастырушылық қабілеті арқылы байлыққа ие болған. Мұстафаның қарамағында ағайын-туыстарымен бірге ауылдастары еңбек етті, олар ешқандай қысымшылық көрмеген. Кеңес өкіметі біртұтас қазақ халқын «бай» деп, «кедей» деп екіге бөліп тастады, бір-біріне айдап салып, өзара жауластырды. Осылай бөліну – қазақ еліне қасірет әкелді, биліктің зорлық-зомбылығынан, алапат ашаршылықтың салдарынан қазақтар миллиондап қырғынға ұшырады.

Мұстафа – Сұлтанбектің жалғыз ұлы. Елде жаңа өкіметтің жаппай тәркілеу саясаты басталған кезде қарияның жасы жетпістен асып қалған еді. Ол Теріскейдегі Қосқорған ауылында тұрып, өзіне де жететін, сондай-ақ ағайын-туысқандарын және ауылдастарын да асырай алатын дәулеті бар бай болған екен. Ел арасында халықтың сый-құрметіне ие болған қадірлі ақсақалдардың бірі ретінде Сұлтанбектің ізгілікті істері жұрттың есінде бүгінге дейін сақталып қалған... Сол түні қарияны да ұлының артынан ілешала НКВД қызметкерлері алып кетеді.

Осы оқиғадан екі-үш күн өткеннен кейін Мұстафаның зайыбы Зейнетай қолдағы бар аз ғана тамақты дайындап Шоқпарға бет алады. Ондағы мақсаты кездескен таныстарынан күйеуінің жағдайын білу, өлі ме, тірі ме немесе қайда алып кеткенін сұрастыру еді. Әкелерін көргісі келіп, шешелерімен бірге бармақшы болып балалар жылай бастады.

- Апа, бізді де ала кетіңізші, - деді Әлжапардан үлкен 11 жастағы Әлиакбар жыламсырап.

- Құлындарым-ау, мен еріккенімнен бара жатқан жоқпын ғой! Өзім де білмеймін, әкелеріңді қайда алып кеткенін, - деп тағдырдың тәлкегіне түскен бейшара ана көзіне жас алады.

Үйде үш бала: Әлиакбар, Әлжапар (Қапу) және Әлғапар қалды. Балалардың үлкені Әлиакбарға үйді, інілерін табыстап жатып:

- Үйге қараңдар, бар тамақты іше тұрыңдар, ашығып қалмандар, - деді де, Зейнетай орнынан тұрып сыртқа шықты.

Сөйтіп, балалар бір күннің ішінде жетім болып шыға келді...

Түстен кейін олар анасы кеткен жаққа жалтақтап қарай берді. Киіз үйдің есігінен Шоқпар стансасына апаратын жол анық көрініп тұрады. «Әкемізді қалай табады, онымен кездесе ала ма, анамыз үйге қашан келеді?» деген ой жасөспірімдерді мазалай берді. Күн ұясына батып, кешке қарай айналаның бәрін қараңғылық басты. Қанша қараса да жолда келе жатқан шешесі көрінбейді. Тек қана әр нәрсеге айбаттанып үрген иттердің даусынан басқа ешқандай сыбыс білінбеді. Айнала тыныштық.

Үшеуі көрпенің астына кіріп, қорыққанынан әрі ашыққанынан болар бір-біріне жабыса түсті. Кіші інісі Әлғапар қорқынышты түс көрген болуы керек.

«Әке, әке!» деп жылап оянды.

«Апа, апа!» деп Әлжапар да шошып, орнынан ұшып тұрды. Қанша дегенмен, жас болса да бастарына төнген ауыртпалықты түсініп қалған Әлиакбар үлкендігін білдіріп:

- Әлғапар, Әлғапар, қорықпа... жылама, жылама... - деді де, інісінің арқасын сипап жұбата бастады.

Сонымен таң да атты, бірақ аналары келмеді. Кешке дейін тағы да жолдан көздерін алмады. Қайтадан күн ұясына бата бастады, Зейнетай әлі келген жоқ.

- Апам қашан келеді? - деп Әлғапар жылай береді...

Оқиға былай болған екен. Шоқпардағы таныстарынан сұрастыра жүріп, Зейнетай жұбайын Шу ауданының орталығы Новотроицкі селосына алып кеткенін біліп алады да, соған жүріп кетеді. Ол түрме күзетшісіне ақша беріп күйеуімен кездесіп қана қоймайды, сол араға Мұстафаның әкесін де алдырды. Сұлтанбек баласын құшағына қысып, біраз уақыт жылап тұрып алды. Сол сәтте күзетші айқайлап, боқтап оларды алып кетуге ыңғайлана бастады. Сонда Сұлтанбек түрме күзетшісінен жасқанбай, көз жасын сорғалата тұрып, ұлына былай дейді:

«Сені енді көре алмайтын шығармын, мен өлгенде жалғыз ұлым бір уыс топырақ сала алмайтын шығар деп қорқып едім. Ал, енді Алла тағалаға ризамын, ендігі менің жалғыз ғана тілегім – сенің жаныңда өлу. Мына тас қапастан тірідей шыға алмайтынымды білемін. Не істейміз, ұлым, маңдайымызға жазған тағдыр осындай болса... Мен болсам қартайған адаммын, ал сенің бұдан әрі өмірің қандай болады, мені уайымға салатын осы... Сен болсаң тіршіліктің қызығын аз көрдің, балаларың әлі буыны қатпаған... Сол қошақандарымның алдағы уақыттағы тағдыры қалай болады? Бұл өкіметке біз қандай жамандық істедік! Бар кінәм бай болғаным ба? Барлық ауылдастарыма, кедейлер мен жетім-жесірлерге үнемі қамқорлық жасағанымды бүкіл ел-жұрт біледі. Оларға көрсеткен зорлық-зомбылығым ешқашан болған емес. Өйткені, олар менің ағайын-туыстарым... Айтшы ұлым, айтшы қандай қылмыс жасадым, осындай қарттық шағымда қорлық көріп түрмеде отырғаным...»

Өзі де азапқа түсіп, жан-дүниесі күйзеліп тұрған Мұстафа әкесіне қалай жауап берерін білмеді. Ол әкесінің кеудесіне басын иіп, бозарған еріндерімен ғана сыбырлады: «Білмеймін, әке, неге бұлай болғанын, ешнәрсені түсінбеймін... Мүмкін, Тәңірімнің бізге берген тағдыры осы болар».

Осы мезгілде күзетшінің ызалы айқайы естілді: «Болды, уақыт бітті! Бағанадан бері тұрғандарың да жетеді! Тезірек!» Ол құшақтасып тұрған әке мен баланы бір-бірінен ажыратып, дәрекілікпен итере бастады. Күзетшінің зіркілдегеніне қарамастан Сұлтанбек келінінен немерелерінің, кемпірі мен қыздарының аман-саулығын сұрады.

«Мен құдайға шексіз алғысымды білдіремін, Зейнетай, сен сияқты келін бергеніне, – деді Сұлтанбек дауысы дірілдеп. - Бұрын сені әлсіз әйел деп есептеуші едім, мұндай әйелдер өмірде көп кездеседі. Бірақ, сен нағыз жігіттің іс-әрекетін жасадың. Сенің әкең Төлепберген ел арасында үлкен құрметке ие болған би еді. Сен барлық мінез-құлқыңмен әкеңе тартқансың, айналайын. Көз тимесін, бір заманда сенен туған балалар, мен білемін, біздің әулетіміздің мәртебесін көтереді. Тек қана сенің өмірінде сәттілік болсын! Айналайын, Алла тағала саған ұлдарыңның қызығын көруге жазсын! Мына заманда саған барлық азапты, қорлықты, озбырлықты көруге тура келді, ал ең басты ауыртпалықтар алда күтіп тұр. Бірақ, сен сол қиындықтарды жеңіп шығасың! Алдағы күндерің қуаныш пен бақытқа толсын!» деп келініне ақ батасын берді.

Кеңестік биліктің зорлығына шыдай алмай жасы келген Сұлтанбек қария бір аптадан соң түрмеде көз жұмды.

Мұстафаны айдап алып кеткен соң, бұл отбасының ағайын-туысқандарымен қарым-қатынасы өзгерді. Оның отбасы кенеттен «жау» болып шыға келді. Бұған сол кезде ешкім таңғалмас еді. Өйткені, жаңа өкіметтің саясаты бойынша Әлжапардың әкесі де, атасы да халықты «қанаушы» тап болып саналды. Сондықтан, бүкіл малын, дүние-мүлкін тәркілеп, өздерін абақтыға қамады, ал бала-шағасы тағдырдың тауқыметін тартып, азапты күндерді бастарынан кешіруге тура келді...

## Аштықтан құтылудың жолы

Әсіресе, қолында жас балалары қалған Зейнетайға күнкөрістің қамы өте ауыр болды. Атасы Сұлтанбек айтып кеткендей, бұл әйел аласапыран замандағы барлық қиыншылықтарға төзе білді. Бұрын-соңды болмаған өмірдің соққысына қайсарлықпен төтеп берді. Дәл сол кезеңде ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып, кең байтақ даланың таза ауасын жұтып, қазы-қарта жеп үйренген ел-жұрт қырғидай тиген өкіметтің озбырлығынан, адам ағзасына қажетті тамақтың жетіспеуінен, небір сұмдықтарды бастарынан кешіріп қырылып жатты. Шоқпар аймағындағы халықтың көбі басы ауған жаққа қаңғырып кетті.

Үшқызылдағы елдің жағдайы да күннен күнге нашарлай берді. Малдың бәрін Кеңес өкіметінің уәкілдері келіп, тігерге тұяқ қалдырмай айдап әкеткен. Жесір қалған Зейнетай үш баласын жетектеп, аштықтан өліп қалмас үшін Шоқпар стансасындағы ағайындарына келеді. Бұл жерде де жетісіп тұрған ешнәрсе жоқ екен, қайтадан Үшқызылға оралады. Ұлдарының қамын ойлап, не істерін білмей, күндіз басына неше түрлі ойлар келіп, түнде ұйқыдан қалады. Бұдан әрі Үшқызылда жападан-жалғыз өмір сүруге ешқандай мүмкіншілік болмайды.

Сонымен, үш киіз үйлерін қалдырып, жеңіл-желпі түйіншектерін арқаларына таңып алып жолға шықты. Арттарында қалып бара жатқан үйлеріне жалтақ-жалтақ қарап, көз жастары көл болды. Екі ит біраз жерге дейін ілесіп отырды. Иттер олардан біресе озып, біресе қатарласа жүріп, бірте-бірте қала берді. «Қайда бара жатырсындар?» дегендей, олар құлақтарын тікірейтіп үй иелеріне қараған кезде Зейнетайдың жылағанын көріп, үш ұлы да шыдай алмай аналарына қосыла зар еңіреп жылай жөнелді...

Отбасының ойранын шығарған биліктің небір сойқан әрекеттерін көріп, атамекенін тастап кетіп бара жатты, бұл бейшаралар... Бұл дүниеде бұдан артық қорлық болар ма екен?

Олардың беталысы – қырғыз елі еді. Бірнеше күн жол азабын тартып, әбден ашыққан олар бір ауылға жақындайды. Ауылдың шетінде алыста тұрған иесіз қалған үйге тоқтайды. Зейнетай қатты шаршағанына қарамастан

ұлдарын осында қалдырып, өзі ауылға кетті. Балалар анасының тамақ іздеп кеткенін іштері бірден сезіп, қатты қуанады.

Жол-жөнекей қанша қиналса да, баланың аты бала емес пе, олар үйден шығып айналасына қарай бастады. Олардың жайғасқан үйі – қойшының үйіне ұқсайды. Кішкентай ғана терезесі бар, есігі бүтін ашылып, жабылып тұрды. Далада аптап ыстық, күн төбеде қайнап тұр. 1930 жылғы маусым айының соңы немесе шілденің басы болуы керек. Балалар үйден шығып, есік ашылған кезде ыстықтан қашқандай болып бір топ торғай үйге ұшып кірді.

Торғайлардың кіргенін байқап қалған Әлиакбар жүгіріп барып, есікті жаба қойды. Үйде қамалып қалған жауторғайлар (жергілікті халық осылай атайды) бір қауіптің болғанын сезгендей, терезенің жарығына ұмтылып, бар екпінімен әйнекке шырылдап барып соғыла бастады.

- Әй, бері келіндер, тезірек келіндер! – деп Әлиакбар інілерін өзіне шақырды. - Қазір ішке кіріп, барлық торғайларды ұстап аламыз.

Ағасы есікті ашты. Үшеуі үйдің ішіне кіргенше, есіктен екі-үш жауторғайлар пырылдап ұшып кетті. Олар есікті іштен жауып алып, құстарды ұстауға әрекет жасауға кірісті. Зәресі ұшқан торғайлар шырылдап үйдегі жалғыз терезенің әйнегіне тұмсықтарымен соғылып жатты, сонымен бірге қабырғалардың бұрыштарына, есіктің жақтауларына тығылуға ұмтыла берді. Балалар торғайларды біртіндеп ұстап, бастарын жұлып алып бір жерге жинай берді. Үйдің ішіндегі торғайлардың бірін қалдырмай ұстап, үшеуі далаға шықты. Сол кезде Зейнетай да келе қалды. Ол осы жерден көрініп тұрған ауылға барып ұлдарына тамақ алып келген екен. Қолтығына қысқан түйіншектен нан, шошқаның майын, пияз және картопты алдарына қойды. Балалар бірінші рет шошқаның майын көріп, бір-біріне қарап бұл ненің майы дегендей, таңғалғандай кейіпте болды.

Үйіліп жатқан торғайларды байқап қалып Зейнетай:

- Мыналар қайдан келді? – деді де, сәл уақыттан кейін. - Ой, менің балапандарым! – деп қуанып кетті. Әлжапар мен бауырлары анасының қуанғанын кейін ғана түсінді.

Ол дереу пешке от жағып, өздерімен бірге алып жүрген ыдысқа суды қайнатып, торғайлардың бәрін суға салды. Ыстық суда құстардың жүні ұстарамен қырғандай болып, әп-сәтте жидіп түсіп қалды. Балалар аналарына бар ынталарымен қуана көмектесті. Су қайнатқан ыдыстан басқа ешнәрсе жоқ, қазан алып жүруге олардың шамасы қайдан жетсін. Сол ыдысты жуып, торғайлардың етін пісіре бастады...

- Менің жасымда көптеген деликатестерді жеуге тура келді. Әрине, қазы-қартаның дәмі ерекше ғой. Десек те, алапат ашаршылық жылдары жеген торғай етінің дәмін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес!.. Әсіресе, сорпасы қандай дәмді болды, десеңші! Тамаққа тоймай қарнымыз ашып жүргенде, бұл тағам біздің ағзамызға өте қажет болғаны соншалықты, күні бүгінге дейін оның дәмі тілімнің ұшында тұрады, - деді Әлжапар ақсақал өткенді еске алып.

- Бүгінде теледидардан көріп жүрміз, қытайлардың торғайларды аулайтынын. Сөйтсе, олар тегіннен тегін құстарды қажеттеріне жаратпайды екен, жылан етін жегені сияқты торғайлардың етін де деликатес ретінде пайдаланатын көрінеді. Біз ешқандай кінәсі жоқ құстарды өлтіреміз деп ойлаған емеспіз. Үйге олардың өздері ұшып кірді. Ұзақ жолдан шаршап, әбден ашыққан бізге бұл құдайдың берген сыйындай көрінді. Торғайлардың етін жеп, сорпасын ішіп, біз әжептәуір күш жинап алдық. Анамыз алып келген тағамды алдағы күндерге қалдырдық...

Ауылдың шетінде тұрған жалғыз үйді олар бір айға жуық мекен етеді. Зейнетай күнде балаларын үйде қалдырып, өзі ауылдан кешке қарай қайтады. Бос қол келмейді, әйтәуір тамақтан өтетін бірдемелерді алып келеді. Ол орамалмен қапталған түйіншекті үнемі арқасына таңып алып жүретін еді, ұлдары оның ішінде не бар екенін ешқашан сұрамаған. Сөйтсе, бұл сол замандағы ақша екен. Мұстафа қара құйындай боп келе жатқан қауіпті алдын-ала сезіп, базарға мал сатып Патша өкіметінен қалған Кеңестік дәуірдің алғашқы сары ақшаларын жинай берген. Зейнетай күнкөрістің қамымен ауылға барып жүріп бір орысты кездестіреді де, одан ұн, жүгері сатып алады. Бірақ, ұлдары мұны білмейді. Бір күні үшеуі үйге кіріп, шығып ойнап жүрген кезде, өздеріне қарай арбаның келе жатқанын көріп қалған Әлиакбар:

- Әлжапар, қарашы, біздің жаққа қарай атты арба келе жатыр! – деп інілеріне жалт қарады. Балалар арбадан көздерін алмай, тесіле қарап қалды. Осы уақытқа дейін мұнда ешкім келген емес.

- Ойбай, арбаны айдап келе жатқан орыс қой! – деп үрейленген Әлиакбар бар даусымен айқайлап жіберді.

Бұғанға дейін олар бірде-бір орысты көрген жоқ еді. Тіпті, орыстың атын естігеннен де қатты қорқатын. Сонда да балалар арба келе жатқан жолдан көздерін алмады.

- Арбаның артында бір әйел отырған сияқты, - деді қайтадан Әлиакбар.

- Біздің апамызға ұқсайтын біреу... - Кім біледі, біздің анамыз емес шығар, бөтен әйел болуы мүмкін. Атамды кім арбасына отырғызады, - деді Әлиакбар сәл сабырлы күйге түскендей болып.

- Жоқ, Әлиакбар, жақсылап қарашы... Арбада отырған апамыз ғой. Қарашы, қарашы... дәл өзі. Біздің анамыз арбамен келе жатыр! – деп Әлжапар қуанышын жасыра алмады.

Асырап отырған әкесінен айырылған тірі жетімдер Үшқызылдан кетуге мәжбүр болды, ағайын-туыстарына «жау» болып көрінген олар Шоқпар стансасында да тұрақтап қала алмады. Қайтадан Үшқызылға барып, онда да күн көру қиын болғандықтан Қырғызстанға кетуден басқа амалдары қалмады. Танымайтын елде олардың жағдайы қандай болады, қол ұшын беретін адамдар табыла ма?

Шешелерінің арбаның үстінде отырғанынан балалар алғашында қорықты, кім болды екен арбаға отырғызған деп ойлағанша, арба да үйдің алдына келіп тоқтады.

Орыс арбадан қарғып түсіп, қос қолымен қапсыра құшақтап екі қапты үйге кіргізді. Оның артынан Зейнетай кірді. Балалар да анасының соңынан ілесе жөнелді. Үйге кірген соң Зейнетай сыртқы киімін шеше бастады, сонда ғана арқасына таңып жүретін орамалда ақша бар екенін ұлдары білді. Түйіншектен саудадан қалған сары түсті қағаздарды көрді: 250, 300, 500 сомдық ақшалар. Бір қап ұнға, бір қап жүгеріге орысқа 100 мыңдай ақша берген. Әрине, бұл арзан ба, әлде үш есе қымбат па, бұған балалардың түсінігі жетпейтін еді. Тек қана ұлдары анасының ұн мен жүгері алып келгеніне қатты қуанды. Осының өзі оларға жеткілікті болатын.

Зейнетай өте ұқыпты болды, үнемі ертеңгі күнін ойлап жүретін. Орыстан сатып алған азық-түлікті үнемдеп кейінгі күндерге сақтап қойды. Ол күн сайын әлгі ауылға барып бірде картоп, бірде нан алып келіп жүрді. Бұл жерде тұрып аштықтың азабын тарта қойған жоқ. Соған қарамастан, үйреніп қалған үйден олардың кетуіне тура келді. Шамамен бір ай тұрып, бір күні Зейнетай ұлдарына қарап: «Ертең кетеміз» деді. Ол Мұстафаның айтып кеткен аманатын орындай отырып, өзіне қаншама ауыртпалықтар түссе де балаларына деген аналық қамқорлығын әсте есінен шығармады. Зейнетай сұрапыл ашаршылықтан буыны қатпаған балаларын аман алып қалуға жанталаса әрекет жасады. Текті жерден шыққан оның қайсарлық, төзімділік қасиеттері адамзат баласы төзе алмайтын қиын заманда айқын көрінді. Аштықтың азабынан, биліктің зорлығынан аман алып қалу үшін ұлдарын қайда алып баратынын өзі ғана біледі. Әйтеуір, бұл жарық дүниеден күдерін үзбеу...

Сөйтіп, олар ертеңіне барлық түйіншектерін жинастырып жолға шықты. Жаз айлары болғандықтан тоқтаған немесе қонған жерлерінде айтарлықтай қиындықтар болмады. Жол-жөнекей аш адамдардың көзіне түспеуге әрекет жасап, иесіз қалған үйлерді паналады. Күн өткен сайын арқалап келе жатқан азық қоры таусылып, жағдайлары нашарлай берді. Жол бойында кездескен үйлердің есігін тоқылдатып, ұзақ жолдан арып-ашығып келе жатқандарын айтып қайыр сұраудан басқа амалдары қалмады. Нәр татпай қиналып тұрғандарына аяушылық білдіріп, кейбір мейірімді адамдар нан, айран, талқан секілді т. б. тамақтан өтетін тағамдарды беріп жүрді. Ашыққан пенделерге кім не береді, соны қорек етіп ілгері жылжи берді, жылжи берді...

## **Қырғыз еліндегі ауыр күндер**

Ұзақ ауыр жолды бастарынан кешіріп, өлместің күнін көріп қырғыз еліндегі Тоқмақ қаласына да жетеді. Бұл елге келгеннен кейін де ана мен балалардың тіршілігі оңала қоймайды. Кім босып келгендерді құшағын жая қарсы алады дерсің?..

Суық түсе бастады. Жейтін тамақтары болмай тағы да көшелерге, базарға барып қайыр сұрай бастады. Әйтеуір, аштықтан өлмеу үшін жасалған әрекет қой. Қар жауып, күн суытып «ақ қар, көк мұз» болып ұлы Абайдың:



*«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*

*Басқан жері сықырлап келіп қалды»* деп айтқанындай, нағыз қыс басталды. Мұндай ызғарлы қыс аштықтан әлсіреп жүрген жандарға тағы да ауыр соққы болып тиді. Қақаған суықтан бүкіл тұла бойлары қалшылдап, тістері тістеріне тимей сақылдап, күнде ертеңнен қара кешке дейін Зейнетай мен әкеден тірідей жетім қалған жас балалары бір үзім нан үшін әрбір үйдің есігін қағып, қайыр сұрайды. Қанша дегенмен, жер бетінде адамгершілігі мол, имандылықты бетке ұстайтын қайырымды, мейірімді адамдар көп болған ғой. Қырғыз еліндегі сондай әйелдер мен кемпір-шалдар Қазақстандағы биліктің зорлығынан, бұрын-соңды болмаған ашаршылықтан босып келген Зейнетайға және оның ұлдарына жандары ашып, өздері жеп отырған тамақтарынан жырып беріп отырған. Түбі бір туысқан қырғыз халқының осындай жанашырлық көмегін олар ұмыта алар ма екен?!

Кешке қарай мойындарына ілген дорбалары толып келсе, көздерінің жауыры жарқырап, көңілденіп табалдырықты аттайды екен. Ал кейбір жағдайда көшелерді бостан бос кезіп, әрбір үйдің дарбазасын тоқылдатып, байлаулы тұрған иттерін шәуілдетіп, кешкі қараңғыда үйлеріне шаршап-шалдығып, жан-дүниесі азапқа түсіп құр алақан келген күндері де болыпты. Олар мұндай кезде аш қарынға жата кетеді. Ұзақ және суық түнде таң атпайтындай көрінеді. Таң атысымен орындарынан әрең тұрады. Қалай жарық бола бастаса, Зейнетай бір жаққа, ал балалары екінші жаққа тамақ іздеуге шығады...

### **Алыстан іздеп келген ағайын**

Бір күні қайыр тілеп сұрап алған картопты анасы пісіріп жатқанда сырттан дауыс естілді: «Кім бар бұл үйде?» Бәрі тым-тырыс, үнсіз тыңдай қалды.

- Барып, қараңдаршы, кім келді екен? – деп Зейнетай ұлдарына қарады. Үшеуі де ұшып түрегеліп, есікке қарай жарыса жүгірді. Есікті ашқанда алдарында мүлдем танымайтын кісі тұрды. Сол сәтте балаларға жылы жүзді адамдай болып көрінді. Бәрі бірдей бір мезгілде «Ассалаумағалейкум» деп, кезекпен-кезек оның қолын алды.

- Ой, қарақтарым, кімнің балалары боласыңдар? – деп танымайтын адам сұрады.

- Мұстафаның, - деп Әлжапар жауап берді. Оның артынан Әлжапар мен Әлиакбар да қосарлана сөйлеп:

- Мұстафаның балаларымыз, – деп жарыса айтты.

Содан соң бұл кісі дорбасын жерге қойып, балаларды жеке-жеке құшағына алып, сүйе берді, сүйе берді... Сәл үнсіздіктен кейін:

- Аналарың үйде ме? – деді дауысы дірілдеп.

Келген кісінің толқып тұрған түрінен, мейірімді көздерінен өздеріне бөтен адам емес екендігін байқап, балалардың көңілдері шайдай ашылды.

- Үйде, - деп барлығы хормен жауап берді.

Пештің жанында қарбаласып жүрген Зейнетай олардың әңгімесіне құлақ түрсе керек, көп күттірмей есік жаққа жақындады. Жастайынан жесір қалып, жетім қалған балаларының жағдайын күндіз-түні ойлап, туған жерін, елін сағынған ол бөтен адамды көріп жылап жіберді. Оның жылағанына қосылып, келген қонақ та көз жасын көлдетті. Балалар тұрған орындарынан тапжылмай, аң-таң болып қарап қалды.

- Бауырларым менің... Жарқындарым менің... Сендерді де көретін күнге жеттім-ау, әйтеуір! Аллаға шүкір, тірі екенсіңдер!.. деген сөздерді айтып, ол одан әрі солқылдап жылады. Үлкен кісінің жылағанын көріп, балалардың да жандүниесі қатты күйзелді. Бөтен кісіге қосылып Зейнетай да зар еңіреп көз жасын тыя алмады. Әлиакбар, Әлжапар, Әлғапар – үшеуі де үлкендердің жылағанына шыдай алмай көз жастарына ерік берді, бірақ олар әп-сәтте жылағанын тоқтатты. Зейнетай мен келген қонақ жазықсыз айдалып кеткен Мұстафа мен мезгілсіз қаза болған аталары Сұлтанбекті естеріне түсіріп бір сағаттай жылағанын Әлжапар күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ. Өйткені, бұл екі кісінің жоқтауы ғана емес, қасіретті жылдардағы бүкіл ел-жұрттың көз жасы еді.

Кеңес өкіметінің Сталин, Голощекин, Мирзоян сияқты басшылары қазақтарды қан қақсатып, атамекенінен бездіріп, аштыққа ұрындырып, миллиондап қырғынға ұшыратып жүргізген солақай саясатының кесірінен болғанын халық кейін түсінді. Шындығын айтқанда, ашаршылық жайында сөз қозғауға билік қатаң тыйым салды. «Ештен кеш жақсы» демекші, қазақ жерінде тәуелсіздіктің таңы атып, отаршылдықтың бұғауынан азат елге айналған соң ғана алапат ашаршылықтың құрбандары туралы ақиқат айтыла бастады. Отызыншы жылдардағы ауыр күндерді балалық шағында басынан өткерген, өз көзімен көрген қариялардың бірі – Әлжапар (Қапу) ақсақалдың әңгімесі Кеңестік дәуірдегі айтылмаған шындықты ашып көрсетеді.

- Қайран ағам-ау, арманың орындалмай кетті-ау! – деп балалар танымайтын қонақ ұзақ жылады. - Ағам, әкемнің орнында әке болып еді. Мен ашжалаңаш жүргенімде адам қатарына қосып еді! Қазір қайдасың, жағдайың қалай? Сені көретін күн болар ма екен?

Зейнетай да оған қосылып жылап, адамның құйқа терісін шымырлата-тын, жоқтау айтты. Оның көз жасы иегінен төмен қарай аққан судай тамшылады. Ал қонақтың көзінен шыққан жас сақалынан жерге жауған жаңбырдай сорғалады... Сол кезде Әлжапар ойда-жоқта келген кісінің зар еңіреп жылағанын жете түсінген жоқ. Тек ержеткен соң ғана зарлы қайғыдан көлдей боп аққан, жусандай ащы көздің жасы екендігін білді.

Бөтен кісі, бір апта шамасындай уақытта, осы үйде қонақ болды. Оның қайдан келгені, қандай туыстық қатынасы болғанын Әлжапар кейін анасынан сұрап білді...

Бұл оқиға жылан жылы болған екен. Отызыншы жылдардың қарсаңында ауылдарда теледидар түгілі, радио да болмаған. Ақсақалдар күнде кешке ауылдың маңындағы биік төбеге жиналып, жергілікті жаңалықтарды талқылап, болған оқиғаларды айтып отырады екен. Сонымен бірге қазақтың ұлттық ойыны – тоғызқұмалақты ойнауды әдетке айналдырған. Әлжапар карттардың жанында жүріп, шахматқа ұқсас терең логикалық ойлауды қажет ететін тоғызқұмалақ ойынын жас кезінде-ақ жақсы меңгеріп алады.

Бір күні кешкі жиында отырған қариялар алыстан қарайған нүктені көреді, бірте-бірте қара нүкте жақындаған сайын жүгіріп келе жатқан адам болып көрінді. Жүгіріп келеді, құлайды, қайтадан көтеріліп жүгіре береді. Тағы да құлайды... Қараптан қарап тұрып адам баласы жанталаса жүгіре ме? Осындай ой келіп Мұстафа байлаулы тұрған атына міне салып, құлап-сүрініп жүгіріп келе жатқан адамға қарсы шаба жөнелді. Жақындап келсе аштықтан әбден әлсіреген бозбала, үсті-басы алба-жұлба, екі аяғымен жер тіреп тұруға шамасы келмейтін сияқты. Бір нәрседен қатты қорыққан тәрізді, тұла бойы қалшылдап дір-дір етеді. Мұстафа оны атқа мінгестіріп, үйіне алып келді. Жуындырып, тамақтандырып бозбаланың әл-қуатын қалпына келтіреді. Ол жастайынан жетім қалып, баратын жері болмағандықтан осында келуге бел буған. Сөйтсе, Зейнетайдың руынан шыққан ағайыны екен. Әкпесін паналап келген беті осы болыпты.

Әлжапардың әкесі оған туған інісіндей қамқорлық жасап, үйлендіріп ашаршылықтың сәл алдында ғана өзінің туып-өскен жері Мойынқұмға жібереді.

Адамгершілік қасиеті ерекше, жақсылықты ұмытпайтын бұл кісі Мұстафаның бүкіл малын, дүние-мүлкін тәркілеп, өзін айдап әкеткенін, оның әйелі бала-шағасымен қырғыз еліне қаңғырып кеткенін естіп, алдында тұрған қиындықтарға қарамастан анадан-мынадан сұрастыра отырып іздеп шыққан екен. Ел-жұрт аштықтан қынадай қырылып жатқан кезде өзіне қауіп төнетінін біле тұра Мұстафаның отбасын табуға әрекет жасаудың өзі ерлікпен пара-пар емес пе! Мұндай адамдар бұрынғы және бүгінгі қоғамда да көп кездеседі. Бұл қазақ халқының қанына сіңген айрықша қасиеті екендігі анық.

- Өлі күнге дейін қатты өкінемін, өзімді өзім кешіре алмаймын, бізді алыстан іздеп келген кісінің аты-жөнін апамнан біліп алмағаным. Ол отбасымызға қара бұлт үйірілген кезде, әкемнің жасаған қамқорлығын ұмытпай бізді тауып алғанына шексіз риза болдық, алтын тауып алғандай қуандық. Егер уақытында оның есімін біліп алсам, қазір оны сұрастырып, тіпті, немере-шөберелерін көрудің өзі мен үшін үлкен қуаныш болар еді. Олардың аталарының қайырымды, адамгершілігі мол, қаншама қиындықтарды басынан өткерсе де ізгілікті, қайсар жан екендігін айтар едім. Сонау алыс жерден бір пұт жүгеріні арқалап келгенін, аштықтан жүдеп отырған бізге әкелген тағамның дәмін ұмытуға бола ма? Қазір дастарқанда барлық тағам түр-түрімен толып тұрады. Сонда да «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» демекші, сол

қонақтың әкелген жүгерісінің дәмі бүгінге дейін тілімнің ұшынан кетпейді. Ұмыта алмаймын, ұмыта алмаймын... – деп Әлжапар қария ауыр күрсініп алды.

Зейнетайға да, балаларға да алыстағы Мойынқұмнан туысқанның келгені қатты әсер етті, тағдырдың тәлкегіне ұшырап қатып қалған жүректері жылып, көңілдерінде үміт оты пайда болды.

## Сағыныш

Құтты қонақ кеткеннен кейін жалғыз қалғандай сезініп, олар әкелерін сағына бастады. Әлжапар күнде түс көріп жүрді. Бір күні түн ортасында оянып:

- Апа, түсімде әкемді көрдім. Сол қалпы өзгермеген. Маған қарамайды, үнемі батысқа қарап тұрды. Мен «әке, әке» десем, менің даусымды естімегендей болып үнсіз жүріп кетті.

- Жарайды, құлыным, ұйықта. Өкенде бізді сағынып жүрген ғой, – деді де, қолының ұшымен көзінің жасын сүртіп. Әлжапар да шешесіне жылағанын білдірмей теріс айналып жата берді.

Көктемнің ұзақ та ауыр түні. Қыстың ызғарлы лебі әлі де болса сезіледі. Аштықтан шұрқыраған ішектері түнді одан сайын ауырлата түсетіндей көрінеді. Үй суық. Бұған олар әбден үйреніп алған. Тақтай қағылған есік пен жалғыз терезенің тесіктерінен суық жел соғып тұрады. Жер еденнің дымқыл суығынан қырық жерден жамалған ескі киіз де, оның жанында төселген малдың терісі де суықтан қорғай алмайды. Олар үстеріне жылу сақтамайтын тоз-тозы шыққан шапанды жамылып, бір-бірімен қолтықтасып жатты. Азынап тұрған үйде аш жатқан жандардың ұйқысы келмей, бір бүйірінен екінші бүйіріне қайта-қайта аунап, түннің азабын тартты.

«У-у-ух, қандай ұзақ, қандай бітпейтін түн...» Бәрінің ұйықтай алмай дөңбекшіп жатқандағы ойлары... Осындай түннің бір мезгілінде туып-өскен ауылы естеріне түсіп, бәрін де көз алдарына бұлдыраған сағымдай елестетеді. Атамекенін тастап кеткеннен бері қанша уақыт өтті, тәркілеуге дейін бұл ауылда бай да, кедей де ешқандай қысымшылық көрген жоқ. Тыныш қана бейбіт өмір сүріп жатқан ел еді. Ал, енді не болды? Малды, дүние-мүлікгі жаңа өкіметтің тартып алғаны былай тұрсын, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне басшылық жасап, шаруашылығын ұйымдастырып, елді асырап отырған ер-азаматтарды «Кеңес өкіметінің жауы» санап, белгісіз жаққа айдап әкетті, балашағасын аштыққа ұшыратып қаңғыртып жіберді... Тіпті, көршінің балалары да асық ойнап жүргенде Мұстафаның ұлдарын «жаудың балалары» деп шеттете бастаған. Шоқпарға көшіп келген аз уақыттың ішінде бір көшенің бойында тұратын үлкендеу Берден деген бала қасында тұрған балаларға қарап:

- Сендер, Әлиакбардың өзімен де, інілерімен де ойнамаңдар. Олар кулақтың балалары! – дейді екен.

Алғашқы кезде олар «кулактың балалары» деген сөздің мағынасын түсінбеді. «Кулак» деген не? Бір күні Берденнің қайта-қайта айта берген сол сөзіне Әлиакбар ашуланып:

- Біз Мұстафаның балаларымыз! – деп айқайлап жіберді.

- Иә, сендер Мұстафаның ұлдарысыңдар. Мұстафа – бай адам, сендер ілесіңдер ме, оның байлығы қайдан келді? Әрине, білмейсіңдер. Кедейлерді қанаудың арқасында осындай байлықты жинап алды. Сондықтан өкімет байларды «кулак» деп атайды. «Кулак» - халыққа жау. Біз жаудың балаларымен ойнамаймыз, - деп Әбсаттар басқа балаларды сендіре сөйледі. Оны кір-қожақ болып аяқ-қолын жумайтын, үнемі мұрнынан су ағып жүретін Әбдір де қолпаштай кетті.

- Сенің әкең – жаман адам. Халықты қанап, зұлымдық жасағаны үшін түрмеде отыр. Бұл сөздерді өз әкемнен және Серікбай ағамнан естідім, - деп Әбдір танауынан аққан мұрынбоқты біресе сол жеңімен, біресе оң жеңімен сүртіп.

- Өздерің естідіңдер ғой, сендердің әкелерің – кедейлердің жауы. Олай болса жаудың балалары – олар да жау, - деп Берден отқа май құйғандай болып жанында тұрған Әбсаттар, Әбдір, Бегманға қарап. - Әй, кеттік, «бай-кулактың» балаларымен ойнауға болмайды, бұлардан алысырақ барып ойнайық...

Енді ғана ойнауға жиналған балалар Берденге ілесіп кетті, ал үшеуі не істерін білмей орындарында тұрып қалды. Олар арттарына қарап байдың ұлдары қандай күйде болады дегендей, сыңай көрсетіп бара жатты. Әлжапардың, ағасы мен інісінің де көңіл-күйлері бұзылып қала берді. Күнде ойнауға шыққан сайын үшеуін «кулактың балаларысыңдар» деп шеттетіп жүргеніне көнген болатын. Ал, бүгінгі көрші балалардың қорлағанына шыдай алмады...

Осы жағдай олардың басына төнген қайғыны одан әрі үдете түсті. Қайда бару керек, кімге бару керек? Буыны қатпаған жас балалар тек қана анасымен ғана іштеріндегі қайғы-мұңдарын тарқата алады. Басқа кім бар? Ұлдарының үрейленіп, қабақтары салыңқы мұңайып келгенін көріп, табиғатынан сезімтал Зейнетай оларды бірдеме қинап жүргенін байқап:

- Неге тез қайтып келдіңдер? – деп сұрады.

- Бізді кулактың балаларысыңдар, жаудың ұлдарысыңдар, - деп атап, ұзақтады... Бала...ала... ар... – осындай сөздерді айтты да, Әлиакбар жылап жіберді.

- Не, сендермен ойнағысы келмеді ме?- деді де, Зейнетайдың бет-әлпеті, түрі адам танымастай бұзылып кетті.

- Бізді қалдырып, өздері кетіп қалды, - деді Әлжапар дірілдеген даусымен жылап тұрып.

Үшеуі де анасына жақындап, аймалап Кеңестік биліктің қолымен қасалған қатал заманның қорлығына, озбырлығына ашынып көз жастарын төкпей төкті. Олар үлкендер түгілі, асықты бірге ойнайтын балалардың

кемсіткеніне, қорлағанына төзе алмай, жан-дүниесі күйзеліп қабырғалары қайысты. Ұлдарының берік тірегі, қамқоршысы болып жүрген қайсар ана да зар еңіреп жылады. Зейнетай көз жасын судай ағызып біршама жеңілденіп қалғандай сезінді. «Мұндай қорлыққа қалай шыдауға болады, не істеу керек?» деп үлкен ұлы Әлиакбарға бұрылып, жылағанын тоқтатты. Сонымен, үш баласымен жесір қалған әйел ойлана бастады. Шоқпардағы ағайындардың ересектері, тіпті, балалары да Мұстафаның өзін де, бала-шағасын да «жау» көрді. Бұл байды кедейге, кедейді байға, ағайынды туысқанға, туысқанды ағайынға, әкені балаға, баланы әкеге қарсы қойған жаңа өкіметтің соқыр саясатының әсері болатын. Осының кесірінен қазақ халқы аштыққа ұшырады, қынадай қырылды, жан сауғалап шетелдерге босып кетті.

... Дәл сол күні жергілікті билік пен ауылдастарынан зәбір көрген бұл отбасы барлық түйіншектерін жинап алып, екі аптадан соң Үшқызылға қайтып келді. Құйрықтарын қуана бұлғақтатып Қоймас пен Тоймас деген иттері алдарынан арсалаңдап шықты. Әрқайсысының жанына келіп, киімдерін иіскеп, қуанғандай қылық көрсетті. Иттердің әбден ашыққаны тілдерін салақтатып, сілекейін жалап тұрғанынан анық байқалып тұрды. Айнала бос жатқан дала, тірі жан қалмаған жұртта иттер он күннен аса уақыттың ішінде аштыққа қалай шыдады екен?

Қырғыз елінде жүргенде балалар Үшқызылдағы ауылын, қимай тастап кеткен иттерін жиі еске алатын болды.

- Әлжапар, сенсің бе, неге ұйықтай алмай жатырсың? – деді анасы түннің бір уағында.

- Мен, апа, Тоймас пен Қоймасты ойлап жатырмын. Не болды екен оларға?.. Тірі ме екен?..

- Сенің жүрегің сондай мейірімді, жарқыным менің, - деді Зейнетай терең күрсініп, сәл үнсіздіктен кейін қайта жалғастырды. - Қоймас пен Тоймас нағыз қасқыр алатын иттер болатын, ел арасында мұндай төбеттерді «сырттандар» деп атайды. Егер аштықтан өліп қалмаса, жүрген шығар Үшқызылда...

Кеңестік биліктің солақай саясатының салдарынан Мұстафаның отбасы ғана қиындыққа, ашаршылыққа ұшыраған жоқ. Тарихтан белгілі, қазақтар миллиондап қырылып, жан-жаққа тоз-тоз болып босып кетті. Қаңырап бос қалған үйлер, тіпті, иесіз қаңғырған иттер де аштықтың зардабын тартқанын Әлжапар қарияның әңгімесінен байқалады. Бұрын-соңды болмаған, елдің басына қара құйындай шүйліккен нәубет қазақ халқының тарихында қара әріппен жазылып, естен кетпейтіні анық. Болашақтағы ұрпақ бұдан сабақ алуы тиіс. Енді мұндай алапат ашаршылықтың қайталанбауына, сондай-ақ Қазақстанның мәңгілік елге айналатындығына ешқандай күмән келтіруге болмайды. Бұл тарихи шындық.

Әлжапар да ояу жатыр екен:

- Сіз, өзіңіз көрдіңіз бе, біздің иттердің қасқыр алғанын?

- Өзім көрген жоқпын. Сендердің әкелерің айтып еді, Қоймас пен Тоймастың қасқырды қалай ұстағанын. Бір күні шаңқай түсте ауылдың маңында жайылып жүрген қойларға қасқыр шапқан. Киіз үйдің іргесіндегі келеңкеде жатқан екі ит қозылар мен әлсіз қойларға шабуыл жасаған қасқырға тұра ұмтылады. Көкжалға да жан керек екен, иттерді көріп жақын тұстағы қалың тоғайға қаша жөнеледі. Бірақ құтыла алмаған, біреуі артқы аяғына жармасып, ал екіншісі қасқырды желкесінен басып қалады. Иттердің өткір әрі мықты тістері оның ары-бері қимылдауына мұрша бермейді. Сонда әкелерін тырп етпей жатқан көкжалды сойылмен ұрып алып, атқа өңгеріп келгенде біз оның үлкендігіне таңғалғанбыз, - деді Зейнетай.

Қараңғы бөлме, айдың жарығы көрінбейтін түнде бір сәт тыныштық орнай қалды. Бәрінің ұйқылары ашылып кеткен сияқты. Шешесінің жанында Әлғапар, одан кейін Әлиакбар жатыр, сол жағында Әлжапардың тұрақты орны болатын.

- Апа, біздің ауылдан кеткенімізге қанша күн болды екен? – деп сұрады Әлиакбар. - Сағындым мен...

- Жүз, бес жүз... жо... жоқ, мүмкін мың күн өткен шығар.

- Иә, апа? – деді Әлжапар.

Анасы үндемей қалды. Ешнәрсе естімегендей болды. Бірақ ол естіді. Өйткені, Зейнетайдың бүкіл жан-дүниесін көптен бері ауыр қайғы басқан еді. Бұл әңгіме оның нәзік сезімін одан бетер шымырлатып, онсыз да ауру жүрегіне салмақ түсірді... Қандай да қиындыққа шыдайтын, төзімді ананың баға жетпейтін, теңдесі жоқ алтын жүрегі дір етіп, орнынан қозғалып кеткендей көрінді.

- Әлиакбар, сен әкемізді сағындың ба? – деп сұрады Әлғапар үлкен даусынан.

- Ал, сен? – сұраққа сұрақпен жауап беріп.

- Мен... мен... әкемді қатты сағындым, - деді Әлғапар жыламсырап. - Апа!

- Иә, - деді шешесі қарлыққан даусымен.

- Бәріміз осында біргеміз. Біздің қайда жүргенімізді әкеміз білмейді. Мүмкін, ол үйге қайтып келіп, бізді таба алмай жүрген шығар...

Әлғапардың айтқан сөзі бәрінің жанын жадыратып, көңілдеріне үміт ұялтып жаққандай әсер етті. Бала – періште емес пе? Ол отбасындағы кіші ұл. Алла тағаланың өзі оның аузына осы сөзді салып берген болар?..

- Айналайын, менің кішкентай ботақаным, айтқаның келсін, - деп Зейнетай мейірлене қуанды.

- Шындығында, әкеміз ауылға қайтып келсе, қайда барады, бізді қалай табады? – деді Әлжапар әңгімеге араласып.

- Апа, ауылға қашан қайтамыз? Ауылды, әкемді қатты сағындым, - деп тағы да қайталап, Әлғапар шешесі жатқан жаққа бетін бұрды. Бірақ көзге түрткісіз қараңғы бөлмеде анасының бет-жүзін көре алмады.

- Иә, үйге міндетті түрде ораламыз. Тек таң атсын...

Қазақтардың арғы ата-бабалары болған сақтар, ғұндар мыңдаған жылдар бойы Ұлы даланы мекен етті. Сол дәуірден бастап халықтың негізгі тағамдары: ет, қазы-қарта, сүт, қымыз, шұбат болды. Қаншама жойқын соғыстарды көрсе де, кең-байтақ далада ашаршылық болған жоқ. Өйткені, олар үйір-үйір жылқысын, қора-қора қойын өздерімен бірге алып жүрді.

XX ғасырдың отызыншы жылдарында біртұтас халықты жалмайтын зұлмат туралы ел-жұрттың өңі түгілі, түсіне де кірмеді. Халықты жаппай қырып, туып-өскен елінен бездірген апат қайдан келді? Сол тұста қараша халық мұны жете түсінбеді. Әйтәуір, түсініксіз заман, түсініксіз Кеңестік биліктің әрекеттері... Мұстафаның ұлдары да өкіметтің солақай саясатын кезінде түсінбеді, кейінірек, есейе келе бастарынан кешірген аштықтың зардаптары - олардың санасына зұлымдық пен мейірімділік, жақсылық пен жамандық туралы ұғымды қалыптастырды.

Алашапқын болып елге бірде-бір тұяқ қалдырмай, зорлықпен тартып алып, тіпті, өз еркімен малын колхозға өткізген байларды да, ауқатты шаруаларды да ақ-қарасын анықтамай-ақ Сібірге айдады, олардың отбасы мүшелерін жер аударды немесе аш-жалаңаш қаңғыртып жіберді. Кеңес өкіметінің шектен шыққан озбырлығынан, аштықтан туған жерін, атамекенін тастап Қытай асып, Ауғанстанға кетті. Шекарадан өте алмаған босқындар Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстанға небір азапты күндерді бастарынан кешіріп құр сүлдесі жетті, діттеген жерлеріне жете алмаған бейшаралар жол бойында жан тапсырды...

Мұстафаның әйелі мен ұлдары ұзақ, ауыр жолда айлап жаяу жүріп, өлместің күнін көріп қырғыз жеріндегі Тоқмақ қаласына келіп тоқтады. «Байлардың бала-шағасына сол керек!» деді жердегі басын көкке көтерген, биліктің алдауына түскен шолақ белсенділер... Кейін олардың біразы «халық жауы» болып итжеккенге айдалды. Кедейлер жаңа билікке бар ерік-жігерімен сенді, бірақ оларды да «кедей өкіметі» аштыққа ұрындырып, кейбіреулерінің тұқымын тұздай құртты.

«Арамтамақтар! Біздің қанымызды судай сорған байлар мен кулактарға аяушылық болмасын! Олардың орны түрмеде! Бала-шағасымен бірге адам көзі көрмейтін алыс жерге айдап жіберсін! Байлардың әйелдері мен балалары қайыршылыққа ұшырап, бүкіл елден қайыр сұрап қаңғырып кетсін!» деген адам жанын қорлайтын, қатыгез сөздерді естіп Зейнетай балаларымен бірге қатты күйзеліске түсті. Мұндай қарғысты Кеңес өкіметінің ықпалында жүрген оңы мен солын тани алмайтын сауатсыз жалған белсенділер ғана айтып жүрді.

Сондықтан адамды қинайтын, кемсітетін сөздерден аулақ болу үшін, зұлмат аштықтан ұлдарын аман алып қалу үшін Зейнетай қырғыз елін бетке ұстап, ілгері жүре берді, жүре берді...

Қазақ жеріндегі елді ешқандай дайындықсыз отырықшылыққа қоныстандырып, колхоздарға біріктіру барысында ғасырлар бойы қалыптасқан



дәстүрлі шаруашылық бұзылып, халық ашаршылыққа тап болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде «Асыра сілтеушілік болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранмен жеке шаруашылықтарды күштеп ұжымдастыру – қазақтарға бұрын-соңды болмаған алапат аштық әкелгенін қырғыз еліне босып келген адамдардан Зейнетай естіп жүрді. Босқындар қазақ елінде болып жатқан небір қандық оқиғаларды көз жастарын сорғалата отырып, оған айтып берген еді...

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген халықтың мақалы босқа айтылмаған ғой. Бөтен елде күнкөрістің қамымен жүрген жесір әйелге жылдар, жылдар тез өте шықты. Азапты күндер мен жылдар өткен сайын Зейнетай да, оның балалары да туған елін, атамекенін жиі-жиі еске алатын болды. Елге деген сағыныш күннен күнге үдей түсіп, ойларынан шықпай қойды.

## Елге оралу. Елдегі ашаршылық қасіреті

Бір күні Зейнетай балаларына қуанышты хабарды жеткізді: «Қазақстанда жағдай жақсарыпты. Елге жаңа басшы келіп бұрынғы қателіктерді түзеп, шыққан халыққа қамқорлық жасай бастапты». Сол түні олар қуаныштан ұйықтай алмады.

Көп уақыт өтпей-ақ, қырғыз еліндегі қазақтар атамекеніне орала бастады. Солардың біреуі Зейнетайды аяғандай болып: «Сорлы байғұс-ау, қанша уақыт зат елде жүре бересің, елге қайтпайсың ба?» деп елді сағынып жүрген әйелге ай салды.

Олар 1933 жылдың күзінде Қазақстанға кетуге бел буды. Үш жылдай қырғыз елінде күндіз-түні туған ауылын, әкелерін ойлап, әуірімдеп күндерін өткізді ғой. Отызыншы жылдардың басында Үшқызыл мен Шоқпарда жүріп кіншама қиындықтарды бастарынан өткергеніне қарамастан, туған жердің тауы да ыстық, тасы да ыстық болатындығын олар қырғыздардың арасында жүргенде анық сезінді.

... Елге келген соң, олар қазақтың мыңжылдық тарихында болмаған небір қайғылы оқиғалардың куәгерлері болды. Елдің жағдайы әлі де түзеле қаймаған екен. Осының бәрі Қазан төңкерісінен кейінгі өкімет басына келген қызылдардың қазақ халқына жасаған зорлық-зомбылығы еді. Адамдар күбідей боп ісініп, екі аяқтарымен жер тіреп жүре алмай көшелерде, қираған үйлердің терісінде, бұтақтардың түбінде бұралып жатты. Мұндай тірі өліктерге қарап жатқан биліктің өкілдері болмады, қол ұшын беретін жандар табылмады. Төніректің бәрі «Қорқыттың көріне» айналған тәрізді көрінді. Адамның жаны түршігіп, төбе шашы тік тұратын көріністі күнде көріп жүрген Әлжапардың жан-дүниесі азапқа түсті. Ол екі-үш жылда есейіп оңы мен солын танып, қайырымдылық пен зұлымдық, адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен биліктің қайырымдылығы туралы түсінігі біршама қалыптасып қалған еді. Отанына оралған үлкендердің әңгімелеріне құлақ түріп, мынадай сөздерді естіп қалатын: «Жат елде жүрген кезде жақсы хабарға қуанып едік. Қазақстан өкіметінің жаңа бас-

шысы халықты аштықтан құтқарады деп... Өткен жылдардағы қиындықтарды түзетіп, қазақтарға қамқорлық жасайды... Бірақ, аштықтан жан-жаққа қаңғырып кеткен халықты елге алдап шақырып алып, ешқандай жақсылық жасамады, мемлекет тарапынан көмек берілмеді».

Әлжапар бір үзім нанға жете алмай өліп жатқан немесе көздері шүңірейіп, естері ауысқан бейшараларды күнде көріп жүрді. Елдегі жағдайдың, халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсарғаны осы ма? Ол тәлтіректеп жүріп келе жатып, үзіліп кеткен жандарды да көрді. Өліп қалған адамдарды әлі де болса жүріп-тұруға шамасы келетін туыстары жақын жердегі арықтарға, шұңқырларға сүйретіп апарып көме салатын. Мұсылмандық дәстүрмен арулап жерлеуге ашыққан пенделердің күш-қуаты қайдан жетсін, әйтеуір, өліктердің беттерін топырақпен жабуға ғана шамалары келген.

Мұстафаның балалары ұзақ уақыт нәр татпаған адам ақыл-есінен танып, нағыз жабайы аңға немесе кәдімгі малға айналып кеткенін өз көздерімен көрді. Кеңес өкіметінің уәкілдері ғасырлар бойы мал өнімдерімен күнін көріп келген халықтың малын зорлықпен тартып алып, аштан қатырды, естерінен тандырды...

Өз еліне келді дегені болмаса, Зейнетай мен ұлдары аштан қырылып жатқан адамдардың қатарына жақындады. Елдегі жағдаймен салыстырғанда, қырғыздардың арасында қайыр сұрап, бірде тоқ, бірде аш болып жүргендері әлдеқайда жақсы екен. Енді олар өздерінің атамекенінде нағыз аштықтың, қайыршылықтың дәмін тата бастады. Ел-жұрт өліп қалмаудың қамын ойластырып, қолына түскеннің бәрін – саршұнақты, торғайды және иттің еттерін жеп, шөптің тамырларын қайнатып ішті. Кейде аштықтан көзі қарайған, ақылынан адасқан пенделер улы шөптердің дәндерін шайнап, табан астында сұлап жатты. Әлжапар осындай сұмдықтарды көріп, төбе шашы тік тұратын.

Шоқпардың жазық далаларында «шытыр» деген өсімдік өсетін. Оның дәндері тарыға ұқсас, жерден 10-15 сантиметрдей биіктікте өсіп, гүлдері ұсак болып келеді. Шытырдың дәндері піскен кезде сарғаяды. Ашыққан адамдар осы өсімдіктің тұқымдық дәндерін жинап, қазанға қуырып қорек еткен. Солармен бірге Зейнетай да дәндерді жинауға шығады. Әлиакбар, Әлжапар, Әлғапар – үшеуі де анасына көмектесіп жүрді. Олар қаптарын толтыра тұқымды жинап, үйге әкеліп қазанға қуырып, қол диірменге тартады да талқан жасайды. Одан суға араластырып быламық ботқа пісіріп, дәмді болмаса да талғажау ететін, аштан өлтірмейтін тамақ болады. Бұл быламықты ұлдарына жеуге Зейнетай рұқсат етпеді. Бір ыдысқа құйып, балаларына көрсетпей тығып тастайтын.

Олар қырғыз елінен қайтып келгенде Зейнетайдың арқасына таңылған баға жетпес байлық – жүгерінің талқаны болды. Оның салмағы шамамен 10-15 килограмдай болған екен. Аш адамдардың көзіне түсіп қалмауды ойластырып, ол баяғыда Мұстафа жинап берген ақшаны дорбаға салып арқалап алғандай, бұл жолы да алыстағы Тоқмақтан талқанды арқасына көтеріп әкелді. Бұны тек ұлдары ғана білді, басқа ешкімге көрсетпеді. Құдай сақтаған, егер ашығып жүрген адамдар біліп қойса, түрің бар, жүзің бар демей тар-

бас салып азықты тартып алар еді. Күндіз-түні балаларының қамын ойлап жүретін анасы талқаннан көже пісіріп, тамақтандырып отырды. «Тез-тез кеп алыңдар!» деп ұлдарын асықтыратын. Егер ашыққан біреу кіріп келіп тамақ сұраса, шытырдың быламығын беріп отырды. Сондықтан да дәмсіз, тас балалардың ағзасына зиян келтіретін, қуаты әлсіз быламық ботқамен оларды қоректендірмеді.

Колхоздың арпасы піскенше Зейнетай күнкөрістің қамын жасап, отбасын асытып ұрындырмады. Арпаға қолы жеткеннен кейін халық есін жия бастады. Ісіп-кеуіп өлетін жандардың саны біршама азайды. Не керек, дәм-тұзы тартылмаған адамдар тірі қалды.

## Қоқы ақсақалдың қамқорлығы

- Арпа пісті! Арпа пісті! – деп «Жаңа қоғам» колхозының кәрісі де, кішісі де бала-шағаға дейін бөріктерін аспанға лақтырып, шаттана қуанды.

Отызыншы жылдары колхозда комбайн болған жоқ. Егінді орақпен орып, қиналған арпаны жаяу арқалап, кейде аттарға артып қырманға жеткізеді. Арпаны бастыру үшін аттың артына тас байлап, үстіне баланы отырғызып, айналдыра тасты сүйретіп, дәнді сабағынан бөліп алады. Осындай әдіспен күн сайын қырманға тасыған арпаны бастырып отырды.

Қоқы деген кісі қырманның бастығы болды. Ауылдастары оны «ақсақал» атады, шындығында оның жасы қырықтың арғы-бергі жағында еді. Көздері аспан түстес көк, сөйлегенде даусын көтеріп сөйлейтін, бірақ қырман біреулерге айқайлап немесе керісіп жатқанын ешкім көрген емес. Қырмандағы жұмыстың бәрін жалғыз өзі атқаратын. Арпаны бастыру үшін кімді отырғызуды да өзі шешетін. Шіркін-ай, атқа міну деген балаларға қызық қой! Ауылдың әрбір баласы қырманда атпен жұмыс істеуді армандайтын. Қоқы ақсақал артық сөз айтпай-ақ тасты сүйретіп айналдыратын атқа Әлжапар мен Рахматшаны отырғызатын болды.

- Балалар, сендер өкпелемеңдер. Биыл мына екеуін таңдап алдым. Келесі жылы егінді басқа балалар бастырады, - деді Қоқы атқа мінуге үміт еткен балалардың көңілін аулап.

Рахматша – оның туған ұлы. Ол әкесінен айнымайтын ақсары бала. Әлжапар екеуі кезектесіп атқа отырып, егінді бастыруға кірісті. Қырманда жұмыс аяқталған соң, сонда еңбек еткендерге күнде аздап арпа беретін. Жұмысқа алғашқы кіріскен күні Әлжапар мен Рахматшаға еңбек ақысы ретінде әрқайсысына жарты шелектей арпа берді. Әлжапар мұндай қамқорлықтың қандай дегендей деп ойлаған жоқ еді. Ол сасқалақтап ақсақал берген арпаны қайда сақтайтын білмей тұрғанда Рахматша:

- Көйлегінді шеш, соған салып ал, - деп кеңес берді.

Ол қуанғанынан көйлегін басынан асыра лақтырып шешті де, екі жеңін, қолының байлап тастады. Әжептәуір, қап бола қалды. Оның үлесін беріп жатқан Қоқы ақсақал:

- Енді, жарқыным менің, үйіңе алып бар, абайла, шашып алма! – деді.

Күн ұзаққа қырманда еңбек етіп, көйлегіне толтырып алған арпа сол сәтте алтыннан да қымбат болды. Қуанышы қойнына сыймай екі езуі құлағына дейін жетіп, дәнді шашып алмау үшін аяғын еппен басып үйіне келді.

«Үй» дейтін үй болды ма екен? Зейнетай үш ағаш сырықты бір-бірімен жалғастыра байлап, оның үстіне киіздің, шүберектің және әртүрлі қоқыстың қалдықтарын жауып күрке жасап алған. Әлжапардың үй дегені осы болатын.

- Жарқыным-ау, не алып келдің? Бұл не? – деді де, анасы сәл абыржығандай болды.

- Апа, бұл арпа, менің жақсы жұмыс істегенім үшін Қоқы ақсақал берді...

- Ой, айналайын, менің кішкентай асыраушым! Менің қамқоршым! – деп Зейнетай төбесі көкке жеткендей боп қуанды. - Алла тағала оған балаларының қызығын көрсетсін! Бала-шағасы аман болып, өзі жүз жыл өмір сүрсін! Ұрпағымен мың жасасын! – деп Қоқы ақсақалға шексіз алғысын жаудырды. Бұл ұзақ уақыт болмаған шерлі қуаныш еді. Кедейленіп азып-тозған, талай азапты күндерді, аштықты көрген адамның жүрегінен шыққан шын алғысы болатын.

- Сендер білмейсіңдер ғой, Қоқы ақсақал өз дәуірінде ел арасында өте қадірлі, сыйлы болған әулеттің ұрпағы болып келеді, - деді Зейнетай әлі де қуанышты сезімінен арыла алмай. - Бұл кісінің Аралбай деген ағасы болды. Ол сендердің әкелеріңнің құрдасы еді, сыртқы келбеті әдемі кісі болатын. Аралбай үкімет басында жүрген кезінде оны аймақтың халқы ерекше құрметтейтін, кейін өкіметтің уәкілдері ұстап әкетті деп естідік.

- Қоқы ағамыз Кеңестік биліктің қатал заңына қарамастан, Аралбай ағасы сияқты ауылдастарына, ағайын-туыстарына шамасы келгенше көмектесті. Әсіресе, жетім-жесірлерге, аш-жалаңаш жүрген жандарға қолынан келгенін аяған жоқ... - деген анасының кейіннен айтқан әңгімесін Әлжапар бүгінге дейін есінде сақтап қалды.

... Қоқы ақсақал жойқын соғыстан оралмады. Зейнетайдың «бір ғасыр жаса» деген тілегі орындалмады, бірақ «ұрпағыңмен мың жаса» деген алғысы құдайдың құлағына жетсе керек. Қазіргі кезде Қоқы қарияның немерелері мен шөберелерінің өзі бір қауым елге айналды.

Бүгінде Әлжапар қария Қоқының ұрпақтарына үнемі алғысын айтып, Алла тағаладан олардың қиындық көрмей, бақытты өмір сүрулерін тілеп отырады екен.

## **Аң-құс аулап елге қарайласқан мерген**

Мұстафаның құрдасы әрі ағайыны Қайшыбек «құралайды көзге атқан» мерген болыпты. Ашаршылық жылдары аң-құс аулап, ағайын-туысқандарымен, ауылдастарымен даладан атып алған олжасымен бөлісіп отырған. Бір күні Қайшыбек Зейнетайға келіп:

- Жеңеше, Әлжапарды өзіммен бірге аң-құс аулауға алып баруға рұқсат беріңіз, менің серігім болсын, - деді.

Әлжапар оның айтқанына қатты қуанып, орнынан ұшып тұрды. Көңілі жадырап, көзі күлімдеп біресе Әлиакбарға, біресе Әлжапарға қарай берді. Әрине, олар да барғысы келеді. Ол анасы не айтар екен деп, тыпыршып күтіп тұрды.

- Мейлі, бара берсін, - деп жауап берді Зейнетай көп ойланбастан.

Олар ауылдан алысқа ұзай қойған жоқ еді, бір төбеден асқаннан кейін Қайшыбек жанындағы серігіне тоқта деп белгі берді де, өзі жерге жата қалып көздей бастады. Әлжапар да үнсіз, жылдам қимылдап, оның қатарына жата кетті. Қас-қағым сәтте мылтықтың тарс еткен даусы естілді. Бүкіл дала теңселіп, орнынан қозғалып кеткендей көрінді. Баланың тұла бойы дір ете қалды. Желсіз мүлгіп тұрған далаға оқ-дәрінің күйген иісі тарады да кетті. Қайшыбек орнынан атып тұрып, мылтықтың оғы ұшқан жаққа жүгіре жөнелді. Оның артынан Әлжапар ілесе жетіп келгенде, жерде 5-6 кекіліктің тыпырлап жатқанын көрді. Біреуіне оқтың бытырасы қанатына тиген, екіншісінің аяғын жаралағаны көрініп тұрды, ал қалғандары да бытырадан сау емес, ұшып кетуге дәрмендері жоқ.

Қайшыбек кекіліктердің бір-бірлеп бастарын кесіп, Әлжапардың иығындағы қоржынға сала берді. Олар тағы да біраз қыраттарды аралап кездескен құстарды мүлт жібермей атып алып, қоржынды толтырып, ауылға олжалы болып көңілденіп қайтты. Үйге жақындағанда Қайшыбектің жүзі нұрланып, кеудесі қуанышқа толып:

- Көрдің ғой, менің қанша кекілікті атып алғанымды, мыналар сенікі, - деді де, бес-алтауын Әлжапардың қолына ұстатты. Ол аяқ астынан алтын тауып алғандай қуанып, үйіне жеткенше асықты.

Шоқпардың масатыдай құлпырған төбелері мен қыраттарында жусан мен изеннің жұпар иісі аңқыған ортасында жүріп Қайшыбекпен аңшылыққа барғаны, оның адамгершілігі мен қайырымдылығы, атып алған олжасымен бөліскені жайында бүгінге дейін Әлжапар қария көз алдына елестетіп отырады екен... Шындығын айтқанда, алмағайып сұм заманда жанашырлық көрсеткен адамның жақсы істерің ұмытуға бола ма?!

Соғыс басталды. Қайшыбек майдан даласынан елге оралмады...

## **Қармақпен қасқыр ұстаған бала**

Колхозда егін жиналып болып, аштықтың беті қайта бастаған еді. Бір күні Зейнетай үйіне күле кірді. Үй – баяғы үш сырықтан тұрғызылған алба-жұлба күрке. Далада адамның басын айналдыратын жаздың аптап ыстығы. Күрке күндіз күннің ыстық лебінен қорғаса, түнде ұйықтайтын орын.

- Ұлым, біздің бір туысқанымыз бидай беремін деп уәде етті, - деді анасы әбден тозығы жеткен киізге отыра қалып. - Барып алып келсең қайтеді?

- Жарайды, апа, ол туысқан қайда тұрады? – деп Әлжапар дереу сұрай қалды.

- Егер түстен кейін шығып кетсең, кешкі қараңғы түскенше қайтып ораласың, - деді де, оның қай жақта тұратынын қолымен нұсқап.

Түс ауа Әлжапар шешесі матадан тіккен үлкен дорбаны алып, жолға шықты. Анасының айтуынша, туысқанының тұратын ауылы бұл жерден 4-5 шақырымдай қашықтықта екен. Ол көрсеткен бағытпен жүріп келеді, биіктеу төбеден асқан соң елсіз далаға тап болды. Айнала тыныштық, тірі жан көрінбейді. Аспанның көгінде қалықтаған құстар мен жерде шырылдаған жәндіктерден басқа тіршіліктің нышаны білінбейді, тек солар ғана жер бетінде тірі дүниенің бар екендігін айғақтап тұрғандай әсер қалдырады.

Тағы бір жотадан асқан кезде төменгі жазықтан ауыл көрінді. Әлжапар ауылды көріп сәл үрейі басылғандай болып, жүрісін қарқындата түсті. Тез арада іздеп келген үйді тауып алды.

- Жалғыз келдің бе? – деп туысқаны таңғала сұрады.

- Иә, өзім ғана келдім. Жолдың ортасына келгенде аздап қорыққандай болдым...

- Олай болса, үйіңе қайтуға асықпа. Бүгін қонып, ертең түске қарай барарсың?

- Жоқ, аға, апам бүгін қайтып кел деп айтып еді, - деп бала өзінің кеткісі келетінін білдірді.

Ол Әлжапарға ләм демей, үндемей қалды. Екі ауылдың арасы біраз жер, оның үстіне әжептәуір салмағы бар жүкті алып бару қиынға соғатынын байқап, көп ойланбай бала қонып қалды.

Ертеңіне туысқаны бидай салынған дорбаны арқасына таңып, жолға шығарып салды.

- Көке, рахмет, сау болыңыз, - деп кетуге ыңғайлана бастағанда ағасы оны тоқтатып:

- Әлжапар, айналайын, мен мынаны ұмытып бара жатырмын, - деп оның қолына бір шыбықты ұстатты. Тобылғы шыбықтың екінші ұшында ұзын жіңішке жіп байланған.

- Көке, мұнымен не істеймін. Керегі жоқ.

- Жоқ, қымбаттым. Жалғыз өзің бара жатырсың. Қазіргі кезде аш қаңғып жүрген жыртқыштар өте көп. Бұрын қасқырлар малға ауыз салатын, енді адамдарға шабуыл жасай бастады. Біз ауылдан шыққан бірлі-жарым жолаушыларға шабады дегенді естіп жүрміз. Егер сақтанбасаң, қиын болады, - деп таяқтағы жіптің бір ұшына бекітілген ілгекке байланған етті Әлжапардың қолына берді.

Темір ілгектің көлемі сұқ саусақтай, кәдімгі балық аулайтын қармақтың ілгегіне ұқсайды. Оның қолында ұстап тұрғаны қағазға оралған тышқанның еті екен. Әлжапардың таңғала қараған бет-әлпетіне қарап, туысқан ағасы:

- Айналайын, сақтансаң құдай сақтайды «жамандық болмай - жақсылық жоқ, жақсылық болмай – жамандық жоқ» деген сөз бар, егер саған кездейсоқ қасқыр кездесе, мына етті өзіңнен алысырақ лақтыр. Аш жыртқыш етті көріп тұра ұмтылады да, етпен бірге ілгекті жұтып жібереді, сөйтіп, қармаққа қалай түсіп қалғанын өзі де байқамай қалады. Тек сен қорықпа, - деп нығырлап айтты.

- Жарайды, көке, мен бәрін түсіндім.

Бала ешнәрсе ойлаған жоқ, жолға бет алды. Кеше ғана тірі пенде көрінбейтін даламен жалғыз өзі жүріп өтті, қорқатындай ешнәрсені көрмеді. Айналада мүлгіген тыныштық қана болды. Арқасына бидай салған дорбаны таңып алып, бүгін де кешегідей болатын шығар деген оймен ауылға баратын бағытпен жүріп келе жатты. Төбенің биігіне көтерілген кезде бір-екі рет дорбаны жотасынан түсірмей, шалқасынан жатып демалып алды. Жүктің аты жүк қой, алғашында жеңіл көрінгенімен жүрген сайын ауырлай берді, бір белден екінші белге жеткенше қара терге түсті. Тоқтаған жерінде аз ғана тыныстап, ілгері жүре берді. Қолында көкесі берген темір ілгегі бар тобылғы шыбықтың өзі артық жүк сияқты көрінді, лақтырып тастап кетпекші де болды. Сол мезетте алыстан итке ұқсас бірдеме қараңдады.

« Ауылдың үлкендері иесіз далада шайтандар жүреді деп айтып отырушы еді. Мүмкін, бұл емес шығар?» деген оймен Әлжапар кілт тоқтай қалды. Бұл тірі нәрсе, сырты итке ұқсайды, бірақ ит емес. Құлағын жымқырып балаға жақындап келеді, сонда ғана «қасқыр» деген ойдан селк етті. Оның тұла бойымен жыбырлаған жәндіктер жүгіріп өткендей боп, табан астында суық тер бұрқ ете қалды. Қорыққанынан бүкіл денесі дірілдеп кетті. Қас-қағым сәтте қармаққа іліп берген тышқанның еті есіне түсіп, қолындағы тобылғы шыбықты мықтап ұстап, жеті-сегіз қадам жерге қағазға оралған етті қасқырға қарай лақтырып жіберді. Көкжал еттің иісін дереу сезіп, қылғытып жіберген кезде Әлжапар таяқты өзіне қарай тарта бастады. Өңешіне ілініп қалған темір ілгектен ол құтылмақ болып ары-бері жұлқынды, қырылдады...

- Ілінді, саған сол керек, енді құтыла алмайсың! – деп өзі қуаныштан байқамай айқайлап жіберді. Бойындағы үрейі басылып, бір қалыпқа келгендей сезімде болды. Ол қасқырдың әрбір қимылына назар аударып, қандай әрекет жасайтындығын байқай отырып, ақырын ғана алға қадам басты. Көкбөрі артқа жұлқа тартып, тамағына қадалған ілгектен құтылу үшін баланың соңынан ілесуге қарсылық көрсеткендей болып жанұшыра тыпырлады. Бірақ, өңешіне тастай қадалып қалған темір ілгек қасқырдың еркіне ырық бермеді. Әлжапардың жетегінде жүруге амалсыздан көнді. Жыртқыштың көзіндегі жарқылдаған ұшқындар сап тыйылып, осындай азаптан босану үшін біресе алға ұмтыла жүгірді, біресе тоқтай қалып артқа тартты. Кейін қарай жұлқына тартқан кезде жанына батқан аурудан еріксіз ыңырсып, аузынан қара қан тамшылап ақты. Басын жанталаса ары-бері шайқап, ілгекті жерге түсіруге әрекет жасағанынан ешнәрсе шықпады. Тамағына жабысып қалған қармақтан құтылуға ұмтылған қасқырдың жұлқынысы Әлжапарға

қызық көрінгені соншалықты, тіпті, арқасында таңылған қаптың ауырлығын да ұмытып кетті.

Алыстан ауылдың шеті көрінді. Қасқыр жетекте келе жатып қарсылығын одан сайын күшейтті, бала қолындағы таяғын өзіне тартып, оның еркін қимылдауына мұрша бермеді. Басқа ешқандай амалы болмағандықтан, көкбөрі «иесінің» артынан қырылдап жүріп отырды.

Әлжапар ана ауылдан шыққан кезде аспанға бұлт үйіріле бастаған еді. Қара бұлт барған сайын қоюланып, ақырында, жаңбыр майдалап себеледі. Егер осы қалпымен жүре берсе, алып келе жатқан бидайы малмандай су болады. Не істеу керек, Әлжапар көп ойланбастан жолдың оң жағындағы төбеге бұрылды, оның аржағында жартас бар болатын. Өйткені, ауылдың балалары сол жартасқа барып ойнайтын, қанша жаңбыр жауса да, олардың үстіне су тимейтін қалқа еді. Күннің көзі ашылғанша жартастағы үңгірге барып отыра тұруды жөн көрді. Соқыр жаңбыр шелектеп құйды. Қасқыр да жұлқына-жұлқына шаршаған болуы керек, жартастың жел жағына барып жатты. Көмейінен судай аққан қара қан тыйылмады. Жыртқыш аңда өмір сүргісі келеді, өлгісі келмейді. Табиғат барлық тіршілік иелерін солай жаратқан ғой. Көкжалдың қалай қашып кетуді ойлап жатқаны байқалады, тіпті, жатқан күйінде басын қайта-қайта бұлғақтата береді. Бірақ өңешінде тұрып қалған темір ілгек босатар емес. Әлжапар қасқырдың басын жерге салып қырылдағанын, бұлқынғанын қарап отырып, сіркіреп жауған жаңбырдың тоқтағанын байқамай қалды. Айналаға сәулесін шашып бұлт арасынан жарқырап күн шыға келді. Бала отырған орнынан қозғала бергенде, қасқыр да қан болған аузын арандай ашып, тұмсығын көкке көтеріп жатқан жерінен қинала тұрды. Енді осы төбені айналып жүре беруге болады. Ауылдың төбесі көрінді.

Аштық жайлаған ауылда ит те қалмаған еді. Тек бір-екі ит қана әр қуыста тіміскіленіп жүретін. Қайдан шыққаны белгісіз, сол сәтте қаңғыбас иттің шәуілдеген даусы естілді. Иттің үргенінен қорықты ма, әлде біржола құтылғысы келді ме, көкжал бөрі ышқына бар күшімен басын біресе төмен, біресе жоғары көтеріп жанталаса бұлғақтатты. Дәл осы кезде оның аузынан темір ілгек қою қанмен араласып жерге түсе қалды. Қасқыр басы ауған жаққа қаша жөнелді...

Әлжапар бір апта өткен соң, сол қансыраған жыртқыштың өліп қалғанын естиді. Оны ауылдың бір тұрғыны ауылдастарына айтып отыр екен:

- Жақында мен көмейінен қан ағып жатқан қасқырды таяқпен соғып алдым...

- Ағатай, ол менің қасқырым болатын, - деді Әлжапар көзінің оты жарқылдап.

- Қайдан сенікі болсын, - деп әлгі кісі мырс етті.

- Жоқ, аға, мен оны қармақтың ілгегі сияқты темір ілгекпен ауылға дейін сүйрете жетектеп алып келдім...



Сонда ғана әлсіреп жатқан көкбөріні соғып алған адам баладан қызыға тұрады:

- Бұл оқиға қалай болды, айтып берші?

Әлжапар барлық болған жағдайды анықтап айтып берді. Тобылғы шыбыққа бекітілген темір ілгекті көрсетті. Ілгектің ұшында қасқырдың қатып қалған қаны көрініп тұрды. Қанды көріп, баланың әңгімесін тыңдап отырған әлгі кісі былай деді:

- Әлжапаржан, шындығында, қасқыр сенікі екен. Егер мына қармақты көрмесем, ешқашан сенбес едім...

Тамағына кірген темір ілгектен қатты жараланған жыртқыштың жарасы асқынып, жүруге шамасы келмей жатып қалған. Қансырап күш-қуатын жоғалтқан, әлсіреген көкжалды таяқпен соғып алған адамның айтқаны шындық болатын. Сонда әлгі кісі:

- Апырмай, сол туысқаның қармаққа тышқанның етін іліп бермегенде, сені аш қасқыр жеп қоятын еді, - деп ауыр күрсінді. - Шындығын айтсам, саған Алла тағаланың өзі көмектесті.

- Иә, бір ажалдан қалғаным рас. Көкем алдын-ала ойластырып, мені елімнен құтқарып қалды, - деді Әлжапар жанында әңгіме тыңдап тұрғандарға бұрылып.

## Боза және атала

Жадыраған жаз да өте шықты. Түн суық. Шөптердің басына шық түсе бастады. Шоқпардың ызғарлы желі кез келген адамның өңменінен өтіп кетеді. Әсіресе, кешкі мезгілде...

- Қыс жақындап қалды. Сендерге бұдан әрі тіршілік ету қиынға соғады. Мына кішкентай балалармен не істемексіңдер?! Жоқ, мұндай өмір болмайды. Қанша дегенмен, сен қолыңнан іс келетін әйелсің ғой, - деп таныстарының біреуі Зейнетайға ақыл қосты.

- Қиындықтан шығу үшін маған не істеу керек? – деді қамқор ана ұлдарын ойлап.

- Аудан орталығына көшіп барыңдар. Сонда саған және балаларыңа қыстан шығатын бір бұрыш тауып беретін мейірімді адамдар табылатын шығар. Сенің буыны қатпаған балаларыңа аяушылық білдіріп, көмектеседі... Боза жасаумен айналыс... Новотроицкіде боза жақсы бағаланады, - деді танысы.

Көп ұзамай Әлжапардың отбасы Шу ауданының орталығы болған Новотроицкі селосына көшіп келді. Бұл жерде қазақтардың үйінде емес, басқа бір ұлттың шаңырағынан орын тапты. Қожайындар үлкен үйдің басқа бөлігінде тұрады екен. Зейнетай базарға барып, бәрін біліп қайтты. Базарда бозаның бағасы да жоғары, сатып алушылар да жетерліктей екенін байқады. Ол дереу іске кірісіп кетті.

Бозаны дайындау технологиясы өте күрделі болатынын Зейнетай бұрыннан жақсы білетін. Сондықтан оған бұл кәсіп онша қиындық туғызбады. Сонда да болса барлық жұмыстарды өте мұқият орындау керек, әйтпесе, боза дұрыс дайындалмай бұзылып кетуі мүмкін. Мұндай дәмі кермек татитын бозаны кім сатып алады?

Үшеуі де аналарына көмекші болып бидайды немесе тарыны тазалап, содан соң қол диірменге тартып, дәнді майдалайды. Қол диірменнің салмағы ауыр, соған қарамастан ертеңнен кешке дейін балалар дәнді ұяға салып, диірменнің тасын айналдырады. Зейнетай ұнтақталған дәнді қазанға су қосып қайнатып, жылы орынға бетін жауып қояды. Көпіршіп, аштыған кезде оның иісі бүкіл бөлменің ішіне тарайды. Сол мезгілде Зейнетай ұлдарын шақырып алып:

- Дәкені ұстандар, енді бозаны сүземіз, - деп тапсырма береді. Үшеуінің біреуі анасының жанына келіп, үлкен шараның (ыдыс) үстіне дәкені ұстап тұрады. Түнімен тұрып қышқылданған, көпіршіген сұйықты шешесі дәкеге құяды. Содан соң ұршық тәрізді құралды дәкедегі қоюланған сұйыққа кіргізіп, қолмен айналдырады, қозғалысқа түскеннен кейін сұйық астындағы ыдысқа ағып кетеді де, ал сұйықтың қоюы дәкеде қалады. Бұл құрал – «аты» деп аталады екен.

- Енді мына ыдыстың үстіне ұстандар, - дейді Зейнетай. Балалар дәкеде қалған қою затты басқа кішірек ыдыстың үстіне әкеледі. Анасы екі кеседей қайнаған суды дәкеге құяды да, қайтадан атымен жұмыс істейді. Осыдан кейін ыдыстың үстінде тұрған дәкені сығады. Кіші ыдысқа құйылған сұйықтың түрі мөлдір болады, оны «атала» деп атайды. Бозаға қарағанда аталаның күші аз, ол адамды мас қылмайды, сәл ғана қыздырады. Тамақ жеткіліксіз болып, жартылай аш жүрген балаларға атала көп күш-қуат беретін, адам ағзасына пайдалы әрі тағам, әрі сусын болыпты.

Сөйтіп, тары мен бидай дәндерінен боза және атала дайындаған, бозаны сатуға шығарса, ал атала олардың күнделікті тағамына айналған.

Егін жиналып болған соң халық тойына бастады. Адамдар базарға қолдарындағы артық заттарын апарып сатып, оған азық-түлік алып, әркім өзінің ісімен айналысқан. Сол уақытта қазіргідей арақ-шарап мол болған жоқ, сондықтан халық боза ішуді әдетке айналдырды. Зейнетай жасаған бозаға базарда сұраныс азаймаған. Ел арасында ежелден қалыптасқан мынадай қанатты сөз бар: «Әйелдің ақылы жесір қалғанда, баланың ақылы жетім қалғанда». Осы ауыр күндері Зейнетай ұлдарына әке де, шеше де болды. Ал балалары болса анасының нағыз көмекшілері еді. Боза сатып, бұл отбасының жағдайы біршама жақсарды. Тұрмыс-тіршілік өз кезегімен баяу ғана алға жылжи берді...

## Бәйгеден алған сыйлық

Қазан революциясының жеңісіне арналған салтанатты жиналыстан соң аударыспақ, күрес, бәйге секілді ұлттық ойындар басталды. Халық мерекенің осы бөлігін шыдамсыздана күтті.

Нұртай – ауылдық кеңестің төрағасы, жақында ғана жүйрік ат сатып алыпты. Ол Әлжапарды шақырып алды.

- Сен, атқа мініп шаба аласың ба? Қорықпайсың ба?

- Қорықпаймын, атқа мініп шаба аламын, - деп сенімді түрде жауап беріп, қуанышы қойнына сыймады.

- Жарайсың, олай болса жүр менімен...

Нұртай балаға байлаулы тұрған сәйгүлігін көрсетті. Ол аттың сыртқы түріне қарап, одан сайын көңілденіп кетті.

... Сонымен Әлжапар мініп шапқан Нұртайдың аты мәреге бірінші келді. Жүйріктің иесі балаша қуанды. Оны аттың үстінен көтеріп алып, құшақтап екі шекесінен алма-кезек сүйді.

- Айналайын, жаным менің, күнім менің!.. Баланы құшағына қысып, аймалай берді. - Сен, өте сәтті, ақылды бала екенсің. Жарқыным менің, сен Мұстафа әкеңнің есімін асқақтаттың! Сен менің тұлпарыма бақытты жол ашып бердің!..

Әлжапар аттың иесіне қандай сыйлық бергеніне мән берген жоқ. Балаға риза болған Нұртай костюм-шалбарды сыйға беріп тұрып былай деді: «Әлжапар, мынау саған, игілігіңе жарат!»

Үйіне келіп костюмді өлшегенде тура құйып қойғандай, оның бойына дәл келді. Ол осындай киімді өмірінде бірінші рет киіп, төбесі көкке жеткендей шаттыққа бөленді. Сонда ерекше қуанғанын Әлжапар қария күні бүгінге дейін ұмытқан жоқ...

## Детдомға қабылданған бай баласы

Сол зобалаң жылдары балалар үйі (детдом) туралы ел арасында әңгіме көп айтылатын: «Тамақ береді екен, киіммен қамтамасыз етеді, өздері оқытады». Әлжапардың білім алғысы келді. Қайда бару керек? Олар тұрған жерден мектеп біраз қашықтықта болды. Қыс мезгілінде алыстағы мектепке барып оқу қиындық туғызды. Егер қабылдайтын болса өзі тұрған Новотроицкі селосындағы балалар үйіне неге барып оқымасқа? Осындай оймен жүріп, бір күні детдомға да келді. Детдомның бастығы оның аты-жөнін, фамилиясын сұрап «ертең кел» деп қайтарып жіберді.

Ертеңіне кешегі бастық отырған кабинетке кіргені сол-ақ екен, сәлемін әрең алып дүрсе қоя берді.

- Сен, нағыз халықты қанаған байдың баласы екенсің! Солай ма?

- Мен... ме... одан әрі баланың үні шықпай қалды.

- Иә, сен байдың ұлысың. Кәне, шыныңды айтшы.

Әлжапар жерден көзін алмады. Тағы да не айтар дегендей, қорқып та тұрды.

- Айтқың келмейді, солай ма?.. Міне, қасқырдың бөлтірігі! Жаудың ұлы! Мен сені қабылдамаймын!..

Бала жылап-еңіреп, ботадай боздап үйіне қайтып келді. Кеше ғана детдомға барғанын, бастығымен қалай сөйлескенін анасына айтып, қуанып келіп еді. Ал, бүгін таңертең шешесі баласын оқуға қабылдайтын шығар деген жақсы тілекпен шығарып салды. Бірақ, байдың баласы болғандықтан детдомға қабылдамай қайтарып жіберіпті.

- Мен не істей аламын, жарқыным менің? Бұл дүниеде біздің үлесіміз осындай болса қайтеміз? – деп Зейнетай баласын сабырға шақырғандай болды. Ұлының үміті орындалмай, жылап келгеніне анасы қатты күйінді. Әлжапар да ашу мен қайғыдан көз жасын көлдей төкті де, үнсіз тұңғыыққа батты.

- Ұлым, мен бір шешімін тапқан сияқтымын, - деді Зейнетай кешкі шәйдің үстінде. - Бір апта өткен соң детдомға тағы да бар. Егер әкеңнің аты кім деп сұраса, Мұса деп айт. Сен өзің білесің ғой, оның кім екенін. Ол – сенің әкеңнің туған ағасы, бөтен адам емес. Ұлым, осылайша тағы бір көрейік. Мүмкін, құдай жақтап, сені детдомға қабылдайтын шығар.

Анасының айтқан ақылымен араға апта салып, Әлжапар балалар үйіне барды. Таныс кабинетке кіре берген кезде, басында үшкір бас киімі (буденовка деп аталды), аяғында былғарыдан тігілген әдемі етігі бар детдом бастығы қолдарын артына ұстап, есіктен шыға келді.

- Иә, бала, кел, - деп ол сенімді түрде айтты. Әлжапар қатты толқығанынан тұла бойы дірілдеп, ішкі дүниесі алай-түлей болып бастыққа жақындай түсті.

- Атың кім?

- Әлжапар.

- Әкеңнің аты кім?

- Мұса.

- Мен сені қай жерден көрдім, бала? Бет-әлпетің маған таныс сияқты көрінді. Бұрын мұнда келдің бе? Ал, кәне, маған қарашы, түрінді көріп алай-ын?

- Жоқ, ағай, бұл жерге бірінші рет келіп тұрмын. Детдом туралы естіп келгенім осы болды. Әкем қайтыс болғаннан бері біраз уақыт өтті.

- Ал, шешең бар ма?

- Иә, а ...пам... апам бар... Менен басқа анамның қолында екі ұлы бар. Менің оқығым келеді, аға, - деп Әлжапар сасқалақтап, біресе өңінен қаны кетіп бозарды, біресе ыстық жерде тұрғандай қызарып кетті. Өзі бүлдіріп алатындай, дірілдеп қорқып тұрды. Басын жерден алмай, бетін көрсетпеуге тырысты.

- Әй, сен осыдан бір апта кейін бізге келген сияқтысың? а?..

- Аға, мен бірінші рет..

Ол Әлжапарға сенбей күдіктене қарады. Баланың айтқанын тексермек болды ма, біреулерді даусын көтере өзіне шақырды. Оның қасына орта жастардағы екі ер адам жетіп келді.

- Мына бала детдомға сұранып келіпті. Түрі таныс, бұрын осында келген сияқты. Әкесінің аты-жөнін сұрасам, танымайтын адамның есімін атайды.

- Жоқ, бұл баланы көрген емеспін. Мен көрген адамдарды ұмытпаймын, - деп жауап берді шекесінде қалы бар мейірімді кісі Әлжапардың бетіне үңіле қарап.

- Мен де кездестірген жоқпын, - деді екіншісі. Бұл әңгімені естіген соң бала жеңілденіп қалды. Маңдайынан аққан тер оның қабағын жауып қалды, жеңінің ұшымен екі көзіне судай құйылған ащы терді сұртті. Баланың ойында «мені қабылдар ма екен?» деген күдік қана тұрды.

- Олай болса, бұл баланы қабылдаймыз, - деп бастық қасында тұрған көмекшілеріне нұсқау берді. --- Бұған киім беріндер, қай жерде ұйықтайтын орнын көрсетіндер...

Сөйтіп, Әлжапар балалар үйіне қабылданды. Осы сәттен бастап фамилиясы Мұсаев болып жазылып кетті. Басқа ешқандай амалы болмады. Кеңестік биліктің солақай саясаты уақытты да, заманды да, адамдарды да осындай жағдайға жеткізді. Не істей алады, жас баланың ішкі дүниесі қинала күйзелді. Әкесінің қандай кінәсі бар еді, баласы бас тартатындай... Мүмкін, ол тірі шығар?.. Неге балалық жасында өтірік айтуға мәжбүр болды, туған әкесінің шын атын жасырып?..

« Әруағыңнан айналайын, әке! Кешіре гөр ұлыңды, менің бұдан басқа амалым қалмады» деген ойын көзінің жасымен жалғастырды.

## **Ботаборымдағы ерекше жаз**

Әлжапар балалар үйіне тез үйреніп алды. Киімі бар, тамағы тоқ. Детдомда тәрбиеге көбірек көңіл бөледі екен. Ол сабақты өте жақсы оқыды. Мұғалімдері мен тәрбиешілері «Мұсаевтан үлгі алыңдар!» деп балаларға үнемі айтып жүрді. Оқу жылын үздік бітіріп, үш айлық каникулға шықты.

Жоғарыдан түскен нұсқау бойынша озат оқушылар сауатсыздықты жою мақсатында ауыл-ауылдарға жіберілетін. Әлжапар балалық шағы өткен Ботаборым ауылына сұранды. «Туған жердің тасы да ыстық, тауы да ыстық» демекші, Ботаборымның әрбір тасы, әрбір ой-шұңқыры, керемет табиғаты оның жадында мәңгі сақталып қалған еді. Ауыл балаларымен бірге ол туған жерінде сауатын ашты, жазу мен оқуды үйренді. Ботаборымға жақындағанда балалық шағында асыр салып ойнаған ауылы, көркем табиғаты оған ерекше күш бергендей болып, көңілі тасқындай көтерілді. Бұл қасиетті жерді қырғыз елінде жүріп қандай сағынды десеңші!..

Айналаның бәрі құлпырған, меруерттей жайнаған гүл. Қыраттардың беткейлерінде. жазық ойпаттарда күннің нұрындай шашырап, оттың жалынындай алаулаған қызғалдақтарға қанша қараса да, бірде-бір тірі пенде көзін ала алмайды. Созылып жатқан кең даладағы бозторғайдың шырылдағаны естіген құлаққа сондай жағымды естіледі, бүкіл дала эн шырқап тұрғандай әсер қалдырады. Торғайдың үні мөлдір, керемет дыбыс! Бұл нағыз табиғаттың даусы. Ботаборымның бозторғайы көкке көтерілген сайын кішкентай ғана нүкте боп көрініп, өзінің әдемі әнін шырқай береді...

Осындай оймен келе жатып, Әлжапар әкесін есіне түсірді.

- Ұлым, сен жеті жасқа толдың. Енді атқа мінетін уақыт келді, - деді. Сонда әкесі өзінің ақжал атына отырғызып, тізгінді беріп, ал екінші тізгінді өзі ұстап атты жетектеп жүрді.

- Отағасы-ау, қалайша қорықпайсың? – деп үрейлі дауыспен анасы аттың үстіндегі ұлына көз тастап.

- А, а... неден қорқамыз? Әлжапар нағыз жігіт болды ғой!

Мұстафа аттың үстінде отырған баласына күлімсірей қарады. Әке – қорғаушы, тірек, әке – биік алынбайтын жартас. Сол кезде Әлжапар мұны түсінетін жаста емес еді. Қазір әкесі жоқ, оның қайда жүргенін бір құдайдың өзі біледі. Оның жетімсіреген жүрегі, ойы бұрынғы сәбилік шағын есіне түсіріп келе жатқанда біреудің:

- Ей, сен кімсің, қайдан келе жатырсың? – деген кенеттен шыққан даусынан селк етті. Әлжапардың ойы бұзылып, жан-жаққа шашырап кетті. Әкесінің жарқын бейнесі лезде көз алдынан бұлбұлдай ұшты. Дауыс шыққан жаққа жалт қараса, сыртқы көрінісі қатал, үлкен қара сақалды адам қарап тұр екен. Балаға бірден осы ауылдың тұрғыны сияқты көрінді.

- Ассалаумағалейкум! – деп оған қолын созды.

- Иә, уағалейкумсалам! Сен кімсің? Сен біздің ауылдың баласына ұқсамайсың, - деді қауғадай сақалын сипап.

- Менің атым Әлжапар, аға. Мені осында сауатсыздықты жоюға, үлкендерді оқыту үшін жіберді.

- Кім жіберді? Сен біреуге қатты ұқсайсың, - деді де, тезірек білгісі келіп, баланың бетіне тесіле қарады.

- Аудандағы балалар үйінен келдім. Мен – Мұстафаның ұлымын.

- Міне, саған, кімге ұқсас бала деп ойласам... Сен нағыз «қулақтың» баласы екенсің ғой... Не сонда, сен бізді оқытасың ба? Сондықтан да сені бізге жіберген екен ғой?.. Қаба сақалды адамның түрінен баланы жек көріп тұрғаны айқын көрініп тұрды.

Бір адамның мінез-қылығы үшін барлығын жамандауға болмайды. Ауылдың көпшілігі Әлжапарды қуана қарсы алды. Бүкіл ауыл тұрғындары оны «молда бала» деп атап кетті. Сонымен, Әлжапар жаз бойы Ботаборымдағы үлкендерді де, балаларды да оқытып, сауатын ашты. Каникул осылай өте шықты.

Жаңа оқу жылының қарсаңында Новотроицкідегі балалар үйін Көктерек ауданындағы алтыншы ауылға көшірді. Бұл ауыл – қазіргі Мойынқұм өңіріндегі Бірлік ауылы, оның аумағы Шу ауданы орталығынан 50-60 шақырым қашықтықта орналасқан. Алысқа барып оқу Әлжапарға қиынға соқты. Сол кезде Новотроицкіде мектеп-интернат ашылған болатын, оның білімге деген құштарлығын ескеріп, бұл мекеменің бастығы оқуға қабылдады.

## Соғыс пен әке

Жойқын соғыс басталды. Ауылдастарымен, ағайын-туысқандарымен қоштасып, Әлжапар майданға аттанды. Әр адамның маңдайына жазған тағдыры болатыны анық қой. Ұлы Отан соғысында талай-талай боздақтар жазықсыз айыпталды, қысылтаяң кезде олардың ақ-қарасын ажыратып жатқан сот болмады. Кінәлі деп айып тағылған жауынгерлердің тағдырын әскери трибуналдың «үштігі» бар болғаны 15-20 минуттың ішінде шешіп отырды. Бұл кезінде айтылмаған ақиқат болғаны рас. Қайткен күнде жауды жеңу...

Әлжапар отызыншы жылдары аштықтың азабын тартса, ал қан майданда жүріп әділетсіздіктің дәмін татты. Тула қаласының аспанында түнгі көбелек сияқты қалықтап жүрген белгісіз самолетке командирдің бұйрығымен ол оқ жаудырады. Бұйрықтың аты бұйрық, егер орындамаса жауапқа тартылады. Кейін белгілі болғандай, бұл кеңестік самолет болып шықты. Құдай сақтап, оқтан аман қалды, ешқандай зиян болмаған. «Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады» деп қазақ тегін айтпаған ғой. Ақырында, Әлжапар оқ атқаны үшін «кінәлі» болып «айыптылар ротасынан» бір-ақ шығады.

... Әлжапар қария ашаршылық жылдарындағы ауыр күндерді, жойқын соғыс пен әкесі туралы күндіз есіне түсіріп отырса, түнде бәрін түсінде көреді екен. Ғалымдар тіршілікте көргеннің бәрі миға жазыла беретінін дәлелдеген сияқты...

Бір түсінде әкесі 40 жастағы кезіндегідей жас болып көрінеді. Мұстафа баласын басынан сипап, еркелетіп «ұлым, алтыным менің, қошақаным менің» дейді. Құшақтап, маңдайынан иіскейді. Ол әкесі мен Сұлтанбек атасының алдында өзін сәби ретінде сезінеді. Әкесін қолын артына қайырып әкетіп бара жатқаны да түсіне жиі кіретін болды. Бұл түс... түс қой...

Шындығына келгенде, Әлжапар айдалып кеткен әкесі туралы не біледі? Ол әкесінің тағдыры жайында барлық құзырлы мекемелерге жазды. Тек «өлгеннен кейін ақталды» деген бір жапырақ қағаздан басқа ешнәрсе келмеді. Осындай да жауап болады екен-ау? Қашан өлді, қайда өлді – белгісіз күйінде қалды. Алғашқы уақытта мұндай хабарға көңілі бұзылып, уайымдап жүрді. Кейін мұрағат құжаттарын ақтарған кезде Әлжапар босқа ренжігенін түсінді. Шу аймағындағы елге белгілі 10 байдың «қылмыстық» істерін тергеуші Наушабаев жүргізген екен. Солардың арасында Мұстафа қана сауатты болған. Ол

кирилица жазуын меңгермесе де арабша оқи да, жаза да білді. Қолтанбасының өте әдемі болғандығы қол қойған құжаттардан көрініп тұрды. Ал қалғандары сауатсыз, тергеу құжаттарында үлкен саусақтарының ізін ғана қалдырған. Тергеуші де, айыпталушылар да – бәрі қазақтар, соған қарамастан тергеу амалдары орыс тілінде жүргізілген. Мұрағат материалдарында Мұстафаның қанша малы бар, қыстауы мен жайлауы қай жерлерде болғаны туралы ғана айтылады. Одан басқа ешқандай кінә таба алмағаны тергеу барысында анық байқалады. Оған тағылған жалғыз айып – малының көп болғаны.

Биліктің құтын қашырған мынау болды: «бұл байлар бүгін өкіметке зиян келтірмесе де, ертең қарсы шығады, сондықтан алдын-ала олардың көзін жою керек». Мұрағаттан табылған деректер бойынша Мұстафаны алғаш Алматыға, содан кейін Ташкентке алып кеткен. Әлжапар бұдан арғы әкесінің тағдырын біле алмады. Өйткені, құжат табылмады. Жаңа өкіметтің тайга мен тундрада түрмелері мен лагерьлері көп болғаны тарихтан белгілі. Соның қайсысында Мұстафа болды екен? Әлжапар соғыста жүргенде мына бір оқиға осыған жауап бергендей болды.

1943 жылы командирдің бұйрығымен самолетке оқ жаудырғаны үшін жазаланып, Әлжапар «айыптылар ротасында» бір капитанмен бірге болады. Екеуі оңаша қалған кезде капитан Кольцов:

- Жолдас лейтенант, мен Кольскіде (Кольский полуостров) саған анық ұқсайтын бір адамды көрдім, - деді Әлжапардың бетіне қарап.

- Адамдар кейде бір-біріне өте жақын ұқсас болып келеді, жолдас капитан. Менің онда таныстарым да, туысқандарым да жоқ...

- Жо... жоқ, сен естімегенсің ғой, онда лагерьдің бар екендігін. Өзім сол лагерьден келдім. Жоғарғы құзырлы органдарға бірнеше рет хат жазып, майданға сұрандым, лагерьде өлгенше соғыста өлгенді жөн көрдім. Көптеген тексерулерден соң, әзер дегенде рұқсат берді. Мен де сонда болдым. Лагерьде кімдер болмады, бәрі де болды, - деп Кольцов басын шайқады.

Әлжапар сол кезде капитаннан анықтап сұрап алмағанына қазіргі уақытта қатты өкінеді. Кім ол? Қайдан келді? Аты-жөні қалай? Мүмкін, ол білгенін айтып берер ме еді? Амал бар ма, өкінішті-ақ!

Шу өңірінен сотталып кеткен 10 байдың біреуі – Құязбаев Жүнісбек қана 20 жыл түрмеде отырып, елге оралды. Бостандыққа шыққан соң, көп ұзамай тас қапаста тапқан ауруынан қайтыс болды. Әлжапардың одан әкесі туралы сұрауға батылы жетпеді. Сол заманда сұраудың өзі қорқынышты еді...

Әлжапар қария әңгімесінің соңында тәуелсіз елімізге тыныштық, халқымызға жарқын өмір, балалары мен немерелеріне бақыт, ұзақ ғұмыр тіледі.

**Автордан.** Әлжапар (Қапу) Мұстафаұлы Мұсаев – СССР банкіне еңбек сіңірген қызметкері, Қазақ спортының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының спорт шебері.



Көпті көрген қария балалық шағында басынан кешірген ауыр күндерін, соғыстың ауыртпалықтарын және одан кейінгі өмір белестеріндегі шуақты күндерін бар ықыласымен айтып берді. Біз ақсақалдың өмірбаян беттерінен XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы өзінің және отбасының басынан өткерген оқиғаларына, соғыста болған жағдайларға, әкесі мен атасының жазықсыз айдалып кеткені туралы айтқан естелігіне ғана тоқталдық.

## **Тоқсаннан асқан Айшакүл Атамқұлова кейүанамен сұхбат (Еңбек ауылының тұрғыны)**

**- Апа, сұхбатыңызды өзіңіздің аты-жөніңіз, туған жылыңыздан бастап айтсаңыз?**

- Менің аты-жөнім – Айшакүл, әкемнің аты – Атамқұл. Мен қазір тоқсаннан астым, қай жылы дүниеге келгенімді өздерің есептей беріндер.

**- Ашаршылық жылдары қай ауылда тұрдыңыздар, әке-шешеніз қандай жұмыс істеді?**

- Есімде қалғаны біздің елге аштық келген кезде жасым сегіз-тоғызда болуы керек. Ауыл деген аты болмаса, бар болғаны 5-6 ғана үй болды. Бұл қазіргі Ақтөбе (бұрынғы «Коммунизм» совхозы) жерінде орналасқан еді.

Әкем мал бақты, шешеміз күні бойы бидайық деген дәні бар шөптің қауызын ашып келіге түйіп, елеп, үрлеп қол диірменге тартып, оттың шоғына көміп кішкентай қол басындай күлше пісіріп беретін. Апыл-ғұпыл асап жей бастағанымда «асықпа, шайнап же, ешкім көріп қоймасын» деп, ескі қаудыр тонды үстіме жауып қоятын. Күні бойы дамыл таппай жүріп, қанша ашықса да жалғыз күлшенің шетінен сындырып қана аузына салатын. Қайран шешем, баласының қамын ойлап кеңірдегінен өтпей маған бергеніне, сол кезде аса мән бермеген екенмін. «Әкең ертең келеді, бүгін кешке қарай келеді, талқан, ұн әкеледі» деп күнде емексітіп жатқызатын. Әйтеуір, неге екенін білмеймін, кара шойын қазанға қара суды қайната беретін. Бетінің екі жағына пышақ жанығандай боп арықтаған шешемнің мені сипап, мейірімін төге отырып: «Е, Алла жақсылығыңды, амандығыңды бере гөр, жарық сәуенді төге гөр» деп құдайға жалынған сөздері санамда қалыпты. Ескі жүнді сабап түтетін тері тулақтың шетінен бірнеше жапырақ кесіп алып қазанға салып буын шығарып отыратын. Әжептеуір иісі шығып үйдің ішіне тарайды. Үй дейтін үй қайда, бауланған қамыстың бір құлаштай жерін жерге көміп, тікірейтіп, жапсырма-лап қиялау жерден қазған күркенің сыртына сиырдың қиымен араластырып иленген балшықпен сыланған қамзау қалқа. Күздің қара суығынан жаурамауға көп көмек. Пештің өзін жарқабақтан ойып, түтін шығатын мұржасын ін сияқты етіп тесіп қойған. Бір жақсысы, жалпылдақ қамыс жақсаңда тез жы-лиды. Сол жылғы ашаршылықтың белгісі күздің соңын ала бере басталды-зу деймін. Қандай ауру екені белгісіз қолда бар мал қырыла бастады. Әкем күндіз-түні далада, малдың басында жүрді. Келген сайын қабағы салыңқы.

Біресе малды қасқыр тартыпты десе, кейде арам өліп қалыпты деп келеді. Алғашында «ақ адал малымыз ғой, бауыздап алдым» деп әкелген етін көрші-қолаң ағайындарға үлестіретін. Бара-бара ол да бітті. Күнде «әкең көріне ме, қарашы» деп шешем күркенің төбесіне көтеріп шығарады. Сорайған сексеуіл, қарайған жыңғыл, не болса сол көзіме адам сияқты көрініп әкемнің бейнесіне ұқсайды. Шешемнің қайдан табатыны белгісіз бір күлше бидайық нан, бір күндік асымыз болды. Бір күні түнімен қалжырап ұйықтап, ертеңінде анамның беймаза даусынан ояндым.

- Жеңеше, баланы шошытасыз қой, жоқ ешнәрсе, құдай куә, болса отырамыз ба, енді қайтеміз қайныңыз әлі келген жоқ. Шойын жолдың бойындағы ауылға жетуге жолда үсіп өлеміз ғой, - деген сөздерін естіген соң үстіме жапқан шапанның шетінен сығалап қарасам, кезінде «Нар апа» атанған кемпір отыр екен. Оның шөгіп, бір уыс болып бүкірейген, әлем-жәлем боп айғызданған түрінің өзі адам шошынарлық еді. Орнымнан тұрып амандасқаным сол еді, сөйлей жөнелді:

- Қарағым-ай, қандай заманға тап келдіңдер, біздің үйдегілердің бәрі оянбай қалды ғой, жарығым-ай! Бұл құдайға не жазып едік, - деп зарлап мені бауырына басып солқылдап кеп жылады. Шешем де құшақтап көз жасына ерік берді. Мен адамның көз жасының сұп-суық болатынын сонда ғана сездім. Аталас ағайын боп келетін Нар апаның бір үйлі жаны: бала-шағасы, қарт енесі, үш немересі үйлерінен шыға алмай бір түнде аштықтан қырылып қалғанын, кейін есім кіре бастағанда түйсіндім. Сол сұмдық көріністі осыншама жасқа келгенше ұмыта алмаймын, тіпті, түсіме де кіреді. Кейін анам аштықтан құрбан болған ағайын-туыстардың рухына құран бағыштап отырушы еді.

- Балам, сен нәубет, жұт, ашаршылық туралы сұраған соң есімде қалғандарын айтып отырғаным ғой.

- Малдан айырылған соң, әкеңіз далада бала-шағасына азық болатын бірдемелерді іздеп жүрген шығар?

- Иә, солай. Әйтеуір, аштықтан өлмеудің қамын ойлап аяғы жеткен жерге дейін барып жүрді ғой. Күнде кешке қарай әкеміздің аман келуін тілеп жаратқанға жалбарынып жатамыз. Шешем екеуміз күні бойы төңіректі шолып, арқалап отын әкелеміз. Оның өзін әуірімдеп екі-үш рет демалып, біресе сүйреп, біресе бөліп тасып жеткіземіз. Білесің бе, қарағым, ашыққан адам көзіне не көрінсе, соны жеуге болар ма екен деп ойлап тұрады. Сексеуіл шырпысының дәнін қуырып, диірменге тартып ұн жасасақ деп те көрдік. Кермек дәмі қышқыл ішегімізді жарып кетер деп сақтанып, анам одан бас тартты.

Біздің үйімізге ұқсаған күркешіктердің мұржа тесігінен түтін шықпағандарының тұсынан өткенде, шешем бетіп сипап өзінше күбірлеп дұға қылады. Адам шықпаған үйдің маңының өзі, онда тіршілік белгісі жоқ екенін білдіріп тұрады. Бұл үйлерге кірмей, сыртынан айналып өтеміз. Құдай

басқа салмасын, ең қорқынышты мезгіл түн ғой. Жаман лашық үйіміздің ішінен сексеуілдің жігерінен жасаған белдеу – тоспамен бекітіп жатамыз. Сағындырған күндердің бірінде әкеміз түнде келді. Бізді шошиды деп, мұржаның түбіне арқасын тіреп таңның атысын күткен ғой. Өз әкемді тек қимыл қозғалысы мен нобайынан ғана таныдым. Сақал-мұрты қауғадай боп өскен, қиналғаны айтпай-ақ көрініп тұрды. Арқасындағы дорбамен екі-үш қоян, қос уыс тұз, кішігірім тостаған толатын жүгерінің талқанын әкелгені, бізге дүниедегі бар нәрсені көшіріп келгендей көрінді. Сол күні бала болсам да есімде өшпестей із қалды, бәрі күні бүгінге дейін көз алдымда... Қоян сорпасын ішіп, тіпті, етімен қоса сүйегін де қалдырмай жедік. Бәрінен бұрын бүрісіп, тың тыңдап, тырс еткен дыбыстан үркіп жататынымыз естен шығып кетті. Тамаққа тойып алып әкем мен шешемнің құшағында ессіз күйде рақаттана ұйықтағанымды білемін.

Сол жылы қар қалың түсті. Әкем үйде шешемді қалдырып:

- Сен қозғалма, күш жина, мына қарда алысқа бара алмаймыз, - деп мені ертіп тұзақ, қақпан құруға алып шығады. Біраз жүріп қоянның ізіне тұзақ құрып бір-екі қақпанды реттегенше, тұзаққа шиқылдап қояндар түсіп жатады. Әкемнің «биыл қоян жылы ғой, қоян көп» дегені есімде қалыпты... Ұмытпасам, 1930-1931 жылдың қысы болуы керек. Өйткені, қыс өте суық болды. Ауылдың көнекөз қариялары қоян жылы қар қалың жауып, аязды күндер көп болады деп айтып отырушы еді.

**- Апа, сонда жан-жақтарыңызда ел болмағаны ма?**

- Ойбу, қарағым-ау, біздің тұрған жеріміз Шу стансасынан 50-60 шақырымдай қашықтықта жатты ғой. Жан-жағымыз қалың сексеуіл жаяу жете алмайсың, көлігі барлар қамданып ертеректе кетіп қалған. «Өкімет өлтірмейді, келіп көмек береді» деген қауесетке, қолдағы бар азын-аулақ малға сеніп қалғандар ғой. Ауылдан төрт-бес үй ғана «ертең, бүрсігүні көшеміз» деп орындарында қалып қойды. Оның үстіне қазіргідей техника жоқ, белуардан келетін қарды ашатын күш қайдан болсын.

Етті жей берсең, тісіңнің түбі ісіп босай бастайды. Тізеге келетіндей болып өсетін қурай секілді қарандыз деген шөп болады. Соның сабағын саусақтың көлеміндей қылып кертіп, кесіп аузыңа салып шайнайсың. Бірер сағаттан соң сыздаған иегің басылып қалпына келеді.

Содан әкем аулап келген бірер аптаға жететін қоян, қырғауылды бізге тастап, отынға деп сексеуілді сындырып, іргеге жинап беріп «құдай жар болса, үш-төрт күнде келіп қалармын, сендер тырп етпендер» деп жолаушылап кетті. Қайда кеткенін біз білмейміз, тек өзіне ғана белгілі. Екі көзіміз төрт болып күнде күтеміз. Бірнеше аптаға созылды, ешқандай хабар жоқ. Күнде күнұзақ әбден жаурап қалтырағанша үйдің төбесінде қарауыл қараймын. Бір күні алыстан «айт, шу» деген дауысты естіп, аттылы шананың қарайып жақындағанын байқадым. Қуанғанда адамның даусы да шықпай қалады екен. «Апа» дегенге тілім әзер келді.

**- Олар кімдер боп шықты?**

- Шанаға жеккен аттары жер тарпып, омбы қарды қақ жарып келген кісілер - ауданнан елдің тұрмыс-тіршілігін көруге шыққан өкіметтің уәкілдері екен. Жағдайымызды көрген уәкілдер аты-жөнімізді қағазға хаттап, бірге келген дәрігер тамырымызды өлшеді, аузымызды ашып, көзімізге үңіліп бастарын шайқады. Содан соң біраз дәрі-дәрмек пен бір-екі аптаға жететін тамақ үлестірді.

Мен қазір тоқсаннан астым. Сондағы жеген қара нанның дәмі таңдайымда әлі тұр.

- Абайландар, аш өзектеріңе түсіп кетпесін, - деді солардың ішіндегі біреуі. Суға шылаған талқанды асықпай жегізіп біраз отырған соң, келген өкілдердің бастығы болуы керек, апамнан:

- Бұл ауылда қанша үй бар, онда кімдер тұрады? - деп сұрады.

- Үйден шықпағанымызға айға жуық уақыт болды, өзіміз де аштықтан қалтырап отырмыз, бұл үйлердегі адамдар тірі ме, өлі ме білмейміз, - деді шешем.

Біздің ылғи от жағып, түгін шығарып отырғанымыздың пайдасы тиді, келген кісілер алыстан байқап бұрылған екен. Апам сыртқа шыққан уәкілдерге қар басып томпайған үйлерді көрсетті. Қардың астында қалған үйлердің ішінде қаншама адамдардың мәйіттері жатқанын олар білді ғой. Бірақ, не істей алады? Міне, қарағым, осындай сұмдықтардың талайын көрдік қой.

- Алдымыздағы ауылдарды аралап қайтамыз, бір-екі күнде орталықтан күш-көлік жібереміз, - деп билік өкілдері аттанды.

«Үмітсіз шайтан» демекші, үміт деген қандай, шіркін! Өлмейтінімізге көзіміз жетті. Өкімет адамдары біздің хал-жағдайымызды біліп, есепке алғанына қатты қуандық. Апамның буындары, аяқ-қолдары қақсап, сыртылдап әзер қимылдайды. Отырса да, тұрса да тәңірге жалбарынады. Оның сөздерінің бәрін қайталап айтып, мен де жаттап алдым.

Құдай жарылқап, көп уақыт оздырмай әкем де келді. Бізді бас салып еңкілдеп жылағанда, әкемізді өзіміз ерең жұбатып алдық. Әкемнің соншалықты қайғырып, жылағанын кейінірек түсіндім. Алапат ашаршылықтың салдарынан қырық үйлі ауылдан бес-алты адам ғана тірі қалған. Бізге жақын ағайын боп келетін Нар апаның бала-шағасы сияқты, ауылдың адамдары жаппай бір күнде, бір түнде үйінен шыға алмай қырылып жатты. Мұндай сұмдықты бұрын кім көрген? «Жоқшылық пен жұт жеті ағайынды» деп қазақ тегін айтпаған ғой. Тойып тамақ ішпеген соң аурудың неше атасы шығады екен. Сүзек деген қасірет елді жайлап алды. Осы аурудың кесірінен бір-ақ күнде бір үйлі жанның опат болғанын көрдік.

**- Бір айға жуық үйден кеткен әкеңіз қайда болыпты?**

- Әкем ауылдан кеткенде Меркідегі туыстарымызға барған. Кім болса да басына күн түскенде жақын туысқанын, сәлемі түзу ағайынын сағалайды ғой. Ол жақта да елдің жағдайы ауыр екен, көбісі күнкөрістің қамымен қырғыз

әліне босып кеткен. Жалданып малын бағып, күн көретін бұрынғы байлар жоқ. Бәрін жаңа өкімет құртқан. Кімнің қолында малы бар, бай деп, кедей деп қарап жатпай, тігерге тұяқ қалдырмай биліктің өкілдері сыпырып алған. Бір үзім нан тауып жей алмай өліп жатқан адамдар да есеп жоқ. Өз бауырын тұрыстап көме алмағандар, кейін бірдеме қылармыз деген оймен, шұңқырлау жерге бетін жаба салатын болған. Әкем жол-жөнекей небір сұмдықтарды көріп келе жатып, Қорағаты өзенінің жағасында саршұнақты пісіріп отырған бір топ адамның үстінен түседі. От жағып, қаумалап отырған топқа сәлем беріп, жолаушы екенін айтып жөн сұрасады. Солардың арасындағы мосқал атпен кісі әкемді оңаша шақырып алып:

- Қарағым, екі бетің қып-қызыл, тың екенсің, аналар мерт қылып жүрмесін, сені жеп қоюы мүмкін. Тезірек, бұл жерден қашып кет, - деп сыбырлаған.

Сонда әкем шапанының екі етегін беліне қыстырып, қолқылдақ етігінің аяғын жыпын жыпын жиппен буып, алды-артына қарамай зымыраған ғой. «Жан деген қатты екен, бес-алты шақырымдай артыма бұрылмай ұштым. Көретін жарығым шығар, осы халге жеткеніме, тағдырыма Алла тағаланың көмектескеніне шүкіршілік етемін» деп әкем айтып отыратын. Шешем сол қалың қыста жөтел ауруына ұшырап, қиналып әбден азап көрді. Тәуіпке де, әртүрлі емшілерге де баралып, олардың ем болады дегендерін ішіп емделді, бірақ ешқандай көмек болмады. Әруағыңнан айналайын, қайран апам келесі жылы бұл дүниеден өтті.

... Мен бой түзеп өсе бастаған жыл – соғысқа тап келді. Несін айтасың, соғыс жылдары да ешкімнің өмірі мәз болған жоқ. Тойып тамақ іше алмадық, бүтін киім кию дегенді өңімізде түгілі, түсімізде көрмедік. Он тоғыз жасында әкемнің ұйғаруымен соғыстан екі көзі әзиз боп келген аталарыңа қармысқа шықтым. Ел ішінде біреуден ілгері, біреуден кейін өмір сүріп жүрдік. Заман бірте-бірте түзелді. Құдайдың берген екі ұл, екі қызын өмірге бердім.

Е, қарақтарым, менің көргенімді құдай сендерге көрсетпесін. Зұлмат заманның запыранын көрудей көрдік. Соғыстан келгендердің кейбіреуін сәтқын болған деп, қайтадан соттап жіберді. Бір қайнағам сотталып кетті. Қандай кінәсі бар екенін ешкім білмейді. Адам өлмеген соң көресінді көріп, қашақатын да, рақатын да басынан кешіреді екен.

-- Апа, бізге уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін, өміріңіздің қиын да қызықты сәттерінен сыр шерткеніңіз үшін көп рақмет! Арамызда осылай жүре беріңіз, деніңіз сау болсын, ауырмаңыз!

*Сұхбат жүргізген: Несіпхан Қоңырбаев,  
Жамбыл облыстық «Арай» газетінің тілшісі.*

## **Шу қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Өтешев Ташкенбайдың естелігі «Орнында бар оңалар» деген осы шығар**

Ташкенбай қария қазіргі Жамбыл облысының Сарысу ауданындағы Үшбас ауылында 1923 жылы 19 желтоқсанда дүниеге келген. Әкесінің аты – Сатыбалды, шешесінің аты – Бегайым екен, 5-6 жасына дейін осы ауылда ата-анасының қолында тәрбиеленеді. Олардың отбасында төрт ұл, екі қыз болыпты. Әкесінің орта шаруашылығы болған, 1929 жылы ұжымдастыруға қарсылық білдіріп, колхозға кіруден бас тартады. Содан оның отбасы қазіргі Бәйдібек ауданындағы Шаян деген елді мекенге көшіп келеді. Себебі, Ташкенбайдың әпкесі осы ауылда тұратын елуге келіп қалған Өтеш деген кісіге тұрмысқа шыққан екен. Сонымен, 1930 жылы Ташкенбайдың әке-шешесі, екі ағасы, інісі, екі жасар қарындасымен бірге, малын алдарына салып жездесінің қолына барады. Сатыбалды ол жерде де колхозға кірмеді, өйткені, қолында 30-40 қой-ешкісі бар, бір-екі түйе, бір-екі жылқы, сиыр бұзауымен болды.

Жездесі Өтеш бұрын Ташкентте тұрған, орыс тілін жақсы біледі. Содан бір күні ол қайын атасына:

- Ақсақал, мұнда бізге тыныштық бермейді. Колхозға мүше болмасаңыз, барлық малыңызды тартып алады, одан Ташкентке көшейік, менің сонда үйім бар, - дейді.

- Иә, өзім де солай ойлап жүр едім, көшкеніміз дұрыс болатын шығар – деді Сатыбалды.

Сонымен, екі отбасы малын айдап Ташкентке жақындап келіп тоқтайды. Оның ағалары сол жерде ірі малды бақты, ал 5-6 жастағы Ташкенбай қозыларға қарасты. Малды одан әрі ұстауға олардың мүмкіндіктері болмады, сататынын сатып, сойғанын сойып малдан түгел айырылды. Ашаршылық келді, жағдай қиындай түсті. Ташкенбай жездесі мен әпкесінің қолында тұрып жатты. Әпкесі мүгедек, бір аяғы ақсақ, таяқпен жүретін болғандықтан ол суын тасиды, үй ішіндегі әртүрлі тірліктерге көмектеседі. Не керек, екі ортада жас бала жүгіріп жүреді. Оның әке-шешесі ағаларынан бөлек тұратын. Ағалары қаланың күншығыс жағындағы кірпіш зауытына жұмысқа орналасады. Ол кезде Сатыбалдының жасы 60-қа жақындап қалған еді. Бір күні Ташкенбай әке-шешесіне келсе, қолдарында жейтін тамақтары қалмаған, шешесі мен кіші інісі екеуі қайыршылыққа түскен. Сөйтіп жүргенде қарындасы мен інісі қайтыс болған екен.

Содан буыны әлі қатпаған жас бала жездесі мен әпкесіне барып:

- Әкем ауырып жатыр, анам болса қайыр сұрап жүр, інім болса аштықтан қаза тауыпты. Мен жұмыс істейін», - дейді.

Сонда әпкесі ата-анасына жаны ашып, жыламсырап:

- Ойбай, сонда бар, тезірек бар, - деп баланы әке-шешесіне жібереді. Кірпіш зауытқа кіріп, жұмыс істей бастады. Көп ұзамай үлкен ағасы мен кіші

ағасы, одан кейін әкесі аштықтан қайтыс болады. Ташкенбай ауру шешесі екеуі ғана қалады. Нан алатын ақша жоқ, тамақтың болмауынан бір-екі рет ұрлық жасауға мәжбүр болды, бірақ ешкімнің қолына түспейді. Келесі бір күні ауырып жатқан шешесінің жанына кесемен су қойып, колхоздың картобын ұрлауға шығады. Баланың мойнында ат дорба, қолында шаппа шоты бар. Сол жолы қарауыл ұстап алып, ұрып-соғып Раис деген өзбекке алып келді. Оны Раистың кемпірінің қасында қалдырып, өзі ішке кіріп кетеді. Сол уақытта кемпір су қайнатып жүр екен, баланы шыбықпен тартып жіберді. Ташкенбай бар даусымен айқай салып, көзінен жас судай сорғалады. Терезеден көріп қалған Раис кемпірін өзбекшелеп қатты боқтады да:

- Неге ұрасың жас баланы, тез алып кел, - деді де, күзетшіге қарап: - Қанша жердің картобын ұрлапты? – деп сұрады.

- Ой, ой көп жердің картобын қазып алыпты.

Сонда баланың көзінен жасы тамшылап тұрып:

- Раис ака, әкем мен ағаларым өліп қалды, шешем өлім алдында жатыр. Сол үшін ұрлық жасадым... – деді.

Раис ашуланып, күзетшіге қаһарлана ұрсып, балаға:

- Тезірек жүгір, шешенді құтқар! – деп оны босатты. Ташкенбай қуанышы қойнына сыймай үйіне жүгіріп келсе, шешесі де өліп жатыр екен.

Сөйтіп, 1933 жылы оның ата-анасы, бауырлары ашаршылықтың зардабынан опат болғаннан кейін, ол жездесі мен әпкесінің қолында қалды. Өзбек мектебінде оқып, балалармен ойнап, өзбек тілін жақсы біліп алады. Бір күні кешке қарай қазіргі Ташкенттегі стадионның орнында ойнап жүргенде милиция ұстап алып, оны бөлімшеге алып келді. Ол жерде милиция қызметкері баланың жағдайы туралы түгел сұрады:

- Аты-жөнің кім? Қайдан келдің? Әке-шешен бар ма?..

- Әке-шешем, ағаларым, інім, қарындасым аштыққа шыдай алмай барлығы өліп қалды. Қазір жездем мен әпкемнің қолында тұрамын. Жездем жұмыс істейді, әпкем мүгедек, ол әртүрлі бұйымдардан тоқу тоқиды. Мен сол тоқымаларды базарға апарып сатып, күнделікті нанға ақша табамын, - деп жауап берді Ташкенбай.

Содан соң олар баланы аштықтан өліп қалмасын деп, балаларды қабылдау бөліміне тапсырды. Осы жерге қазақ, өзбек, орыстың 40 шақты жетім балаларын жинапты. Бір айдан кейін жетімдерді балалар үйіне бөле бастады. Милиция Ташкенбайды балалар үйінің (детдом) бақшасына алып келді. Сол жерде тәрбиеленушілер картоп қазып жатыр екен. Милиция баланы тәрбиешіге өткізіп, қашып кетсе өздерің жауап бересіңдер деп, қағазына қол қойдырып алып кетеді.

Ташкенбай барлық жағдайын айтып, үйіне кетпекші болып еді, тәрбиеші «жоқ, сен осында қаласың» деп жібермеді. Балалардың бәрін моншаға алып келді. Олардың киімдерін түгел ауыстырды, биттеп кеткен. Әп-сәтте таза киім киіп, биттен арылып шыға келді. Сонда тәрбиеші:

- Бұл жерден қашатын болсаңдар, өздеріңнен көріңдер. Міне, тап – таза болдыңдар, аппақ төсек, осында жатып оқисыңдар, - деп ескертті.

Балалар үйінде жағдайлары жақсы болды. Күніне үш мезгіл тамақ береді. Азанғы тамаққа сары май, қант, нан берсе, түскі асқа бірінші, екінші, үшінші тағамға дейін беретін еді. Кешкі тамақ та жеткілікті болды, қарындары аш болған жоқ. Детдомда жүргенде Ташкенбайға метрке (тууы туралы құжат) берілді. Туған жылын оның жас шамасына қарай 1923 жыл деп белгіледі, ал айын әпкесінің «сенің жылың тышқан, желтоқсан айы» дегені бойынша өзі айтып жаздырды.

Сонымен Ташкенбай 1933 жылдан 1937 жылға дейін Ташкент қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді, білім алды. Жасы 18-ге толғаннан кейін әскерге шақырылып, Қырғызстан мен Қытайдың шекарасында 1942 жылдың сәуір айынан 1949 жылдың наурыз айына дейін күзетте болады, соғысқа қатысқан жоқ. Содан жеті жылдан кейін Ташкентке оралады.

Жамбыл облысына 1950-1951 жылдары милиция мектебін бітіргеннен кейін келді. 1949 жылдан 1970 жылға дейін ішкі істер органында қызмет істеп, майор шенімен зейнетке шығады. Ол одан кейін де қарап отырмады. 1971-1988 жылдары Жамбыл және Шу қалаларында адвокатурада қызмет істесе, 1988-1997 жылдар арасында да өзінің мамандығы бойынша заңгер болып жұмыс істеді.

-Қазір үш ұл, үш қызым, 15 немерем, 20 шөберем бар. Осы ұрпақтарымның амандығын тілеп, елімізде тыныштық болсын деп Алла тағаладан сұрап отырамын. Құдайға шүкір, қазір өзім аман-есен жүріп жатырмын, - деп Ташкенбай қария қазіргі өміріне риза болғандай көңіл білдірді.

«Орнында бар оңалар» деп тегін айтылмаған ғой, азапты жылдарды ба- сынан кешірген ақсақалдың бүгінде бала-шағасының ортасында қуанышқа, бақытқа, шаттыққа бөленіп отырғанына ізгі ниетімізді білдіріп, біз де қуанып қалдық.

## **Шу ауданының тұрғыны Таир Мұсаевтың естелігі Жоқшылықтың дәмін әбден таттық**

Мұсаев Таир Ибрагимұлы 1925 жылы 27-желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. Оның балалық шағы ашаршылық жылдарымен тұспа-тұс келді. Әкесі – Таир күзетші болып жұмыс істеді, шешесі – Рабиға фабрикада тігінші болды. Олардың отбасында 4 қыз, 3 ұл, үш ұлдың кенжесі Таир болған екен. Үлкен ағасы Кеңес дәуірінде болған азамат соғысына қатысып, 1920 жылы хабарсыз кеткен.

Бұл отбасы Алматының Фрунзе ауданында қазіргі Көкбазардың төменгі тұсында орналасқан кішкентай жер үйде тұрды. Үйдің іші өте тар, 7 бала сығылысып бір бөлмеде жатады. Таир сол кезде бала болса да, тұрмыстың қиындығы есінде ұмытылмастай сақталып қалды. 1932 жылы 7 жасында мек-



теп табалдырығын аттады. Оқуға барып жүріп көшелердің бұрыштарында, ағаштардың түбінде теңкиіп жатқан адамдарды көріп, үйіне қорқып келетін. Бүкіл елді жайлаған алапат аштық Алматы қаласын да айналып өтпеді. Әр жерде қатып қалған адамдарды өкіметтің арнайы құрылған жасағы күнде арбаға салып қаланың сыртына алып кетеді. Бұл көрініс 1931-1932 жылдардың қысында өте көп болған.

Таир қария балалық шағында көрген сол ауыр күндерді былай еске алады: «Тұрмыс қиын еді ол кезде. Жоқшылықтың дәмін әбден таттық. Бала болғандықтан ешнәрсеге аса мән бермейді екенсің. Қазір ойлап қарасам, мен мектепке барған уақыт аштық жылдарымен тұспа-тұс келеді екен. Есімде қалғаны, әке-шешем жұмыс істеп, тіске басар ауқаттар алып келсе қуанып жеп алатынбыз. Үстімізге киетін киім-кешектеріміз жырттылып қалса жамау салып, сол сияқты әкемнің үлкен етігін сүйреп жүре беретін едік».

Ашаршылық жылдарындағы Қазақстандағы балалардың жағдай қандай болса, Таирдың да балалық шағы қиын жағдайда өтті. Бала болып құмары қанып тәтті тағам, дәмді тамақ жеп көрмеген. Шіркін-ай, нанды бір тойып жесем деп армандайды екен. Бір рет науаттың дәмін татқаны болмаса, тәттінің басқа түрін білмеген. Елде көп нәрсе жетіспейді. Балалық шақтың қызығын тек Таир ғана емес, бүкіл елдің жасөспірімдері көре алған жоқ. Өкініштісі сол, заман солай болған. Аштықтың азабын тартқан ұл-қыздар ерте есейді. Бала бола тұра қалада болсын, ауылда болсын үлкендердің тірлігін істеуге мәжбүр болды. Отызыншы жылдардың қиындықтарын көрген ұрпақ ата-аналарына, туған-туысқандарына көмектесіп, ашаршылықтан аман қалуға ұмтылды. Нәубет кезіндегі олардың осындай сана-түйсіктері миларына мықтап сіңді.

Ашыққан халық Көкбазарды жағалайтын, ондағы сатылатын заттарды ат арба мен өгізге артып алып келіп сауда жасайды. Сол кезде базар өте қарапайым болды, негізінен жоңышқа, қауын-қарбыз, қызанақ т. б. сатылатын. Бұл жерде де ығы-жығы халықтың ішінде қайыр тілеп жүрген адамдар жетерлік еді. Әсіресе, әке-шешесінен айырылған жетім балалар қаптап жүрді. Қаланың милициясы күнде оларды ұстап алып кетеді де, балалар үйіне тапсырады. Детдомда орын жетіспегендіктен, жетімдерді елдің басқа аймақтарына жіберіп отырған.

Таир ақсақал 1942 жылы 17 жасында мектепті бітіріп шығады. Одан кейін соғысқа аттанды... Қан майданнан елге аман-есен оралды.

Әңгімесінің соңында қария біздің келгенімізге ризашылығын білдіріп:

- Сіздерге көп рақмет. Балалық шағым өздеріңе айтып бергенімдей, өте қиын жағдайда өтті. Бірақ, мен өкінбеймін. Себебі, менің замандастарым өмірдің қатал мектебін көрді. Көре жүріп есейдік, шыңдалдық. Енді қалған ғұмырымда тәуелсіз еліміздің гүлденуін, өскелең ұрпақтың бақытты өмір сүруін бір Алла тағаладан тілеп отырамын, - деді.

## **Ұлы Отан соғысының ардагері, 50 жыл теміржолда қызмет атқарған Темірбек Қалықовтың естелігі**

### **Жол бойында көрген небір сұмдықтар естен кетпейді**

Темірбек ақсақал 1924 жылы Шу ауданы Көктөбе ауылында жарық дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып елге аман оралады. Ол өзінің өмірбаян беттерінің ең бір қиын кезеңдерін біздің сұрағымызға жауап бере отырып, есінде қалған небір сұмдық оқиғаларды айтып берді.

- Әкем Қалық жас кезінен бастап қартайған шағына дейін етікшілікті кәсіп етті. Шешемнің аты-жөні Уәзипа, ардақты анамыз 4 қыз, 5 ұлды тәрбиелеп ел қатарына қосты, - деп әңгімесін бастады Темірбек қария.

- Өздеріңіз білесіздер, біздің құрбы-құрдастарымыздың балалық шағы ашаршылық жылдарымен тұсна-тұс келді ғой. Есімде қалған адамның өңі түгілі, түсіне кірмейтін кейбір өзім көрген жағдайларды айтып берейін. Біздің сол кездегі балалық шағымызды қазіргі жасөспірімдердің басына бермесін. Өте қиын заман болғаны қазір барша жұртқа белгілі болды ғой, бұрын Кеңес өкіметі кезінде ашаршылық туралы жұмған аузымызды аша алмайтын едік. Билік халықтың аштықтан қырылғанын жасырды, тіпті, заман түзелгеннен кейін де кімде-кім бұл жөнінде сөз қозғай қалса дереу жауапқа тартылатын.

Жергілікті билік өкілдері 1930 жылы жаз айларының бірінде ауылдағы барлық малды жинап алып, колхозға өткізіп жіберді. Біздің үйдің малын да тігерге тұяқ қалдырмай зорлықпен тартып алғанын, сол аласапыран кезде бала болсам да күні бүгінге дейін ұмытқан жоқпын. Малдан жұрдай болған ел-жұрт туған жерін тастап жан-жаққа кете бастады, көбі Шуға жақын орналасқан Қырғызстанға ауды. Біз де жол-жөнекей небір қиындықтарды басымыздан кешіріп, Фрунзе (қазір Бішкек) қаласына әрең жеттік.

Бұл қала біздің ауылдан 120-130 шақырымдай қашықтықта жатты. Ауыл ақсақалдары ақылдаса келіп қырғыз еліне жалғыз-жалпы бармай, топталып бару керек деген шешімге келеді. Кеңестік билік «колхоздан қашсаңдар, өкіметке қарсысыңдар, сотталасыңдар» деп қорқытып, басқа елге қоныс аударуға қатаң тыйым салған екен. Сондықтан, ешкімге білдірмей бірнеше отбасы көшуге дайындала бастады. Көрпе-жастықтарды, керекті ыдыс-аяқтарды т. б. дүние-мүліктерді атқа, түйеге артып түнделетіп ауылдан шығып кеттік.

Түн қараңғысында отызыншы жылдың қалың күзінде ызғарлы суық желдің соғып тұрғаны есімде жақсы сақталып қалды. Анам түйенің қомында мені көрпеге орап алдына алып отырды. Ат пен түйелердің үстіне кемпіршалдар мен жас балалар ғана жайғасты. Ал ересек адамдар түйелерді жетектеп жаяу жүрді. Ауылдан 10-15 шақырымдай шыға бере түйенің басын ұстап келе жатқан орта жастағы Жақып деген кісі көзі алақтап, сөйлеуге шамасы келмей тұра қалды да, сылқ етіп құлап түсті, сол құлаған қалпында тіл

тартпай кетті. Бірінің артынан бірі тізбектеліп келе жатқан жүргіншілер нестерін білмей, көздерінен жас та шықпай аңырайып тұрып қалды. Оның шын елгенін білген бір туысы «Ой, бауырым-ай!» деуге ғана әлі жетіп, ол да табан астында үзіліп кетті. Апамның алдында отырған мен осы көріністен қатты қорқып, шыңғырып жылап жібердім.

Сонымен үлкендер қолдарына күрек алып, екі ағайындыны бір жерге көмді. Бұл кезде таң қылаң бере бастаған еді. Жүрісіміз баяу, қазіргі Тасөткел су қоймасының маңында ертеден-ақ Шу өзенінен ары-бері өтетін өткел болған екен. Бұл жайында бүгінде ғана білдік қой. Су қоймасынан жоғары орта басырлық Баласағұн қаласында қазба жұмыстарын жүргізген ғалымдардың айтуынша, судың астына тас төселген өткелді ежелгі біздің ата-бабаларымыз пайдаланған көрінеді. Бұл өткел XX ғасырдың 60-жылдарында Шу өңіріндегі шаруашылықтарды суландыруға байланысты салынған су қоймасының құрылысы кезінде жойылып кеткен болуы керек. Жергілікті халық керуен жолындағы өткелді тегіннен тегін «Тасөткел» деп атамаған ғой.

Сол кезде өзеннен қалай өткеніміз есімде қалыпты. Өзен суы соншалықты терең болған жоқ, түйені жетектеген кісінің белінен ғана келді. Сонымен ешкімнің көзіне түспеуге тырысып, жүріп келеміз. Ілгері қадам басқан сайын шаршағанымыз біліне бастады. Өзегіміз талып, шөл одан сайын қысып барады. Өзімізбен бірге алып шыққан су да таусылуға жақындады.

Күн көтеріліп, шаңқай түс болды. Жаяу-жалпылап көшті бастап келе жатқан кісілер әлсіреп, бір тынығып алу үшін түйелерді шөгерді де, аттардың үстіндегі жүкті жерге түсірді. Сонда бір ақсақал:

- Азырақ осы жерде тыныстап алайық, - деді. Айтқаны сол еді, бәріміз жерге отыра кеттік. Әр отбасы өздерімен бірге алып шыққан азықтарымен тамақтануға кірісті. Кімде қандай тамақ болды дерсің? Біз бидайдың талқанын суға шылап жедік. Нан болған жоқ, көшердің алдында сойып алған, аз ғана тектінің еті бар еді, оны әке-шешем кейінгі күндерге қалдырды. Сөйтіп, әркім тамақтан өтетін бірдемелерін ішіп-жеп, әжептәуір әл-қуат жинап алдық.

Түс ауа көш жолға шықты. Жөл бойында шұбырған адамдар... Күн ұясына батуға жақындады. Сол кезде екі жағы суалып, көзі шүңірейіп кеткен ұзын бойлы жігіт қарсы алдымыздағы қалың қамыстан шыға келіп менің әкеме қинала тұрып былай деді:

- Аға, мен нәр татпағалы төрт күн болды. Әбден қалжырадым. Масақтан теріп алған екі уыс бидайды үйдегі бала-шағама тастап кетіп едім. Мына қамыстың арасынан өліп жатқан аң-құс кездесіп қала ма деп, далбасалап келген бетім еді. Қолымда қаруым да жоқ, бірақ ешнәрсе таба алмадым.

Әкем оған бір ауыз сөз айтпай, бір кесе талқанды шүберекке орап берді. Әлгі байғұс қуанғанынан жылап жіберді. Жолда тағы бір түнедік. Түн өте суық болды. Көрпеге оранып, оның үстінен ескі киізбен жамылып жаттық. Ертеңіне қайтадан Фрунзе қаласын бетке алып жүріп кеттік. Біраз жүргеннен кейін алыстан екі-үш адамның от жағып отырғанын байқадық, жақындап

келсек олар жолдың шетінде саршұнақтың етін отқа қақтап отыр екен. Міне, аштық деген адам баласына не жегізбейді?

Түске жақын жолдан екі-үш шақырымдай қашықтықта бір ауыл көрінді. Ауылдан берірек 4-5 адам жол бойына жақындау төбенің үстінде жерді қазып жатты. Солардың біреуі бізге қарай жүгіріп келді де:

- Ағайындар-ау! Тамақтан өтетін бірдемелеріңіз бар ма, бірнеше күн аш келе жатырмыз. Елден шыққалы бес күн болды. Түнде осы жерде қонып едік, таңертең екі жерлесіміз оянбады, аш өзегіне түсіп кетсе керек, сол жатқан жерлерінде жантәсілім етіпті. Марқұмдардың бетін жасыру үшін ана көрініп тұрған ауылдан кетпен-күрек алып келдік. Өзіміз қонған жерге өліктерді көміп жатырмыз. Сол ауылға тіске басар бірдеме табылып қалатын шығар деп үміттеніп барып едік, бірнеше үйді аралап тамақ пен күрек іздедік, күректі алып келдік, ал тамақ табылмады. Біз кірген үйлердің ішінде дүние-мүлік сол қалпында тұр. Бірақ адамдары жоқ, біз сияқты аштықтан басы ауған жаққа қаңғырып кетсе керек, - деді де, бір нәрсе бере ме дегендей бізге жалтақ-жалтақ қарады.

Көшті бастап келе жатқан ақсақал бәрімізді тоқтатып:

- Мына бейшараларға көмек берейік, кімде не бар аздап беріңдер, - деп арқасындағы дәрбадан бір уыс жүгеріні оның қолындағы қапшығына салып берді. Әркім бала-шағасының аузынан жырып, алып келе жатқан азықтарынан бөліп беріп жатты. Қандай адамгершілік, қандай имандылық десеңші, өздері әуірімдеп әрең келе жатып, ашыққандарға қол ұшын беру – нағыз ерлік емес пе?

Небір сұмдықты үлкен жолға шыққанда көрдік. Күн суық, күздің ызғарлы желі өңменіңнен өтіп кететіндей гуілдейді. Жол бойында ісіп-кеуіп, ыңырсыған, құлап жатқан, қу сүйегі қалған адамдарды көргенде есімізден танып қалғандай болдық. Бірнеше қадам жүргеннен кейін жолдың шетіндегі қураған ағаштың түбінде бір жас әйел өліп жатыр, кеудесіне жармасқан баласы сол қалпында қатып қалған. Сәбидің аузы қан... Мұндай сұмдықты көріп жан-дүниеміз қатты күйзеліп, төбе шашымыз тік тұрды. Жол-жөнекей төлған өліктерге бірте-бірте көзіміз үйрене бастады. Жолды жағалай біреудің жотасы, біреудің басы немесе он екі мүшесінің бірі көрініп жатады...

Сонымен екі түнеп қырғыз еліне де жеттік-ау, әйтеуір! Төрт жыл Қырғызстанның орталығы Фрунзе қаласында тұрып, 1934 жылы елге қайта көшіп келдік. Ол жерде тұрған кезде әкеміздің тіккен етіктері мен байпақтарын базарға сатып күнімізді көрдік.

Ауылдағы мектепке он жасымда бардым. Мектеп өте қарапайым жер үй болды, бір бөлмеде бірнеше сыныпты қосып, сабақ оқытатын. Төрт сыныпты бітіргеннен кейін бесінші сыныптан бастап аудан орталығындағы интернатта оқыдым. Сол ауыр жылдары интернатта оқыған тиімді болатын. Тегін оқытады, көрпе-төсек таза, киім-кешекпен қамтамасыз етеді. 17 жасымда оқуды бітірдім. 1941 жылы соғысқа алып кетті. Әскерде жүріп, көрмеген

жеріміз қалмады. Ленинград пен Калининград жерлеріндегі майданда болып, Берлинге дейін бардық. 1945 жылы соғыс аяқталып, елге келгенге дейін қан майданда бір күн оңай болған жоқ, соғыстың аты – соғыс қой.

Әскерден келген соң теміржолшылар дайындайтын бір жылдық курста оқып, Шу теміржол стансасына механик болып орналастым. Содан станса бастығы қызметіне дейін көтеріліп, жалпы алғанда теміржолда 50 жыл еңбек еттім. Зайыбым Базаркүл екеуіміз 45 жыл бірге тұрып, 4 қыз, 6 ұл тәрбиелеп өсірдік. Бүгінгі күні 20 немереміз бар. Аллаға шүкір, бала-шағамыз аман, немерелер өсіп жатыр. Енді елімізде тыныштық болып, біздің басымыздан өткен қиындықтарды қазіргі және келешектегі ұрпаққа көрсетпесін деп, Алла тағаладан сұрайтыным осы.

## **Соғыс және еңбек ардагері Жарқынбек Құлжанысовпен сұхбат Тірідей көмілген бала**

**- Жарқынбек аға, сіздің ғұмырнамалық естелігіңізді бұрын да жазып алғанбыз, «есіме түссе тағы да бір оқиғаны айтып беремін» деп едіңіз?**

- Иә, айтып берейін. Сол заманда қанша тағдыр болса, соншама қиындықтар болды ғой. Мен өзбектерге жақын болдым, өйткені, зайыбым – Парақат Мұратқызының ұлты өзбек. Дәм-тұзымыз жарасып, отау құрдық. Құдайға шүкір, қазір жасым тоқсаннан асты, өлген жоқпын, одан басқаның бәрін көруге тура келді. Жетімдік, ашаршылық, соғыс – осының бәрі менің басымнан өтті. Бүгінгі күнге ризамын 5 балам, 16 немерем және 22 шөберем бар. Аңсаған арманымның орындалғаны осы емес пе?

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне ғана тоқталып өтейін. Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Ташкентке әйелімнің туысқандарына барып жүріп, өзбек болып кеткен бір қазақтың әңгімесін естіп едім. Ол кісінің аты-жөні Қалибек еді. Оның айтуынша, 1932 жылдың қаңтар айында әке-шешесі, бірге туған іні-қарындастары бір түнде аштықтан, суықтан опат болған. Олардың тұрған жері қазіргі Тараз қаласынан 10 шақырымдай қашықтықта орналасқан ауыл екен. Жалғыз өзі ғана тірі қалады. Алла тағаланың бұйрығы шығар, ол аштықтан аман қалып, соғысқа да басынан аяғына дейін қатысып елге (Өзбекстанға) төрт мүшесі түгел оралады.

9 жасар Қалибек аштыққа ұрынып, тоз-тоз болып кеткен ауылынан бір үзім нан іздеп, Әулие-Ата қаласына шұбырған босқындармен ілесіп келеді, бірнеше күн нәр татпай қаңғып аш-жалаңаш жүргенінде аяқ астынан бір өзбек кездесе кетеді. Қалибек қалада жетім қалған бір баланы тауып алып, сонымен бірге қайыр тілеп жүрген екен. Өзбек балалардың алба-жұлба түрлерін көріп, аяп кетсе керек.

- Өлмеймін десеңдер, менімен бірге жүріңдер, маған көмекші боласыңдар, - деп таза қазақ тілінде балаларға тіл қатады.

Жетімдер үндеместен бастарын ғана изейді. Сөйтсе, бұл кісі саудамен айналысады екен. Балалар оның айтқанын бұлжытпай орындайды. Саудагер тандыр пешке нан пісіріп, әйелі екеуі оны сатуға базарға шығарып тұрған. Оларға ертеңнен қара кешке дейін көмектескені үшін күніне бір күлшеден ғана нан беріп отырады, соған риза болып көктен іздегені жерден табылғандай қуанып, балалар тынымсыз еңбек етеді. Өзбектің әйелі өте мейірімді жан болыпты, күйеуі базарға кеткенде жасырып Қалибекке жарты күлше беріп жүреді. Соны жанындағы бала екеуі қосымша қорек еткен.

Сөйтіп жүргенде бір күні Қалибек қатты ауырып, ауруханаға түсіп қалды. Оның қасындағы бала күн сайын артынан барып, өзіне тиетін күлшенің жартысын беріп жүреді. Сарттың бір бөлмесінде толған ұн, оған ешкімді кіргізбейді. Тіпті, әйеліне де сенбей ұн сақталған бөлмені құлыптап, кілтін қалтасына салып жүрген. Үй иесінің көңілінен шықпай қалды ма, әлде басқа біреуді тапты ма, ол жағы белгісіз, бір күні сарт әлгі баланы үйінен қуып жібереді...

Бейшара бала өзінің қаңғырып қалғанына қарамастан, Қалибектің халін білейін деп ауруханаға барса, сол жердегі қызметкерлер оның өліп қалғанын, түнделетіп көмуге алып кеткенін айтады. Өзбектің қарамағында Қалибекпен бірге күнін көрген бұл баланың аты – Ақбар екен. Алла тағаланың құдіретімен тірі қалған Қалибек кейін Ақбармен күтпеген жерден кездеседі, сонда ол:

- Сені өліп қалды дегенде, тұрған орнымда сай-сүйегім сырқырап, еңіреп тұрып жыладым. Өзіңді қайда көмгенін ешкім білмейді, далбасалап зираттың басына да бардым... – депті.

Қалибек өзін өлді деп, қалай жерлегенін кейін аурухана қызметкерлерінен біліп алады. Оқиға былай болған екен. Ол ауыр науқастың салдарынан жаны қиналып есінен танып қалады, сонда дәрігерлер өліп қалды деп молаға апарып, оның бетін топырақпен жұқалап жаба салып, кетіп қалған...

Бір кезде топырақтың астында жатқан Қалибек бір нәрседен шошығандай болып басын жұлып алады. Жан-жағына қараса далада, молада көп өліктің ішінде жатыр. Қаптаған өлік, әр жерде қазылған шұңқыр. Таң біліне бастапты. Сол жерде жүрген адамдар Қалибектің тіріліп кеткенін көріп, қатты қорқып бет-бетімен қаша жөнеледі. Ол басын көтеріп, топыраққа белшесінен батып отырады. Әлгілер қашып біраз жерге барған соң сабасына түсіп, қайтып келген. Үш адам екен, ақырын ғана жақындап келгенде Қалибек оларға жалынып: «Ағалар, мені тастап кетпендерші, суық өңменімнен өтіп барады» дейді. Олар мұның сөзін түсінбейді. Оздерінің де түр-келбеттері адам шошырлық, сақал-мұрттары өсіп кеткен, тілдері де басқа, қазақтарға ұқсамайды. Үшеуі Қалибектің қасында тұрып өздерінше сөйлеп тұрады. Нақ осы сәтте екі ат жеккен арба молаға қарай салдырлатып келе жатады. Аттылы арбаны көрген әлгі үшеуі жанұшыра жан-жаққа безіп кетеді. Ешнәрсеге түсінбей Қалибек біресе қашқандарға, біресе арбадағы адамдарға жалтақ-жалтақ қарап отыра берген. Біреуі арбадан түсе салып, қашқан адамдарды қуа жөнеледі де, бір-екі

рет бастарынан асыра мылтық атып, арбасына қайтып келеді. Сонда ішіндегі әгделеу келген кісі Қалибекті танып қалып:

- Қарағым-ай, сені тірідей көмген екенбіз-ау. Қалай ғана білмей қалдық. Құдайдың алдында қылмыскер бола жаздадық қой! – деп өкінішін білдіреді.

Сөйтіп, Қалибекті көрден шығарып алып, ауруханаға қайтадан алып келеді. Содан ауруханада екі ай жатып, жазылып шығады. Одан шыққан соң баратын жері жоқ, қайда барарын білмей ары-бері ойлап, баяғы Ақбар екеуі жалданған саудагер өзбектің үйіне қайта келді. Үйдің дарбазасын қағады, есікті ашқан сарт өліп қалған Қалибектің тіріліп келгенін көріп, есі ауып, алды-артына қарамай қаша жөнелген...

Бұл үйде ол көп тұрақтамайды. Өзбектің қол астында бірге жұмыс істеп, тұғысындай болып кеткен Ақбарды іздейді. Осылайша қаңғып жүріп Шымкентке, одан әрі Ташкентке өтіп кетеді.

**- Ол күнкөрістің қамымен Ташкентке шұбырған қазақтармен бірге елесіп келіп, жалданатын жұмыс іздеген шығар?**

- Иә, отызыншы жылдары Өзбекстанда ашаршылық болған жоқ, аштыққа ұшыраған қазақтар солай қарай ағылды ғой. Сондықтан Қалибек те аштықтан қашқан елмен бірге Ташкентке келген екен, - деді Жарқынбек қария.

- Сол түні аурухана қызметкерлері оны өлдіге санап, молаға апарып бір шұңқырға бетін жұқалап жаба салып кетіп қалғаннан кейін, қабірдегі өлікті тонауға келген ұрылар Қалибектің жатқан жерін қаза бергенде ол кенеттен тіріліп кетіпті. Егер сол түні өлікті тонаушылар келмесе, онда ол о дүниеге аттанар еді. Бұл да бір Алланың құдіретімен болған жағдай ғой.

Отыз үшінші жылы қыс айларының бірінде Қалибек Ташкент базарында нан сатып тұрған бір кісіні байқап қалады. Бұл кісінің түрі таныс сияқты көрінді, ол оған қарап бір орында тапжылмай тұра берді. Ол да Қалибекке қарамай аузы-аузына жұқпай өзбекше сөйлеп, нанын сатуды тоқтатпайды. Сатушыны қайдан көргенін сәл уақыттан соң есіне түсіріп:

- Ей, мені көрден алып шыққан сен емес пе едің? – дейді. Ол сұқ саусағын ерніне апарып, үндеме деген белгі көрсетеді де, аз ғана үнсіздіктен кейін:

- Менің көр қазғанымды әйелім естіп қалмасын, ешкімге айтпашы, - деп жалынады. Қазақша да таза сөйлейді екен. Қалибек кейін білді, оның ұлты украин, есімі – Никола екен.

- Аузымнан сөз шығармаймын, сенің айтқаның болсын.

- Қандай жұмыс істеп жүрсің, егер жұмысың жоқ болса, менде тұра бер, шамам келгенше көмектесейін, - деп мейірімділік көрсетеді, оны ажалдан алып қалған қарсы алдында тұрған көр қазғыштардың біреуі.

Сол сәтте Қалибек іштей қуанып кетеді, бірақ қуанышын сыртқа шығармайды.

- Жарайды, қамқорлығыңа рақмет, қалсам қалайын, – деп бірден келісе кетеді.

- Алыс елден келген жігіт Қалибекке Әулие-Атаға, одан әрі Ташкентке қалай келгенін айтып берді ме екен?

- Иә, бір күні ол Қазақстанға қалай келгені жайында Қалибекке айтып беріпті. Ташкентті шарлап жүріп жұмыс тауып алғанша 15-20 күндей Никола оны асырады. Отызыншы жылдары Украинаға да аштық келген екен. Әке-шешесі сол ашаршылық кезінде қайтыс болады, сөйтіп, ол жастай жетім қалады. Жас бала қаңғырып жүріп, әкесінің айтқаны бойынша, 1905-1906 жылдары оның туыстары Патша өкіметінің жер аударуымен Әулие-Атаға келгенін есіне түсіреді. Соны әкесінен естіген Никола қазақ еліндегі туысқандарын іздеуге бел буады, жол бойында небір қиындықтарды басынан кешіріп, осы қалаға өліп-өшіп жетеді. Бірақ туыстарының мекен-жайы белгісіз болғандықтан ешкімді таба алмайды. Бір айдай Әулие-Ата көшелерін кезіп, әрбір үйдің есігін тоқылдатып қайыр сұрайды. Сөйтіп жүргенде бір бай өзбек кездесіп қалып, соған жалданады. Бір жылдай соның қарамағында болып өлместің күнін көреді, одан кейін де күнкөрістің қамымен әркімнің жұмысын істеп жүреді...

1932 жылы Әулие-Ата өңірінде ашаршылықтан елдің жағдайы қиындап, қырыла бастаған. Енді жалданып бір үзім нан үшін жұмыс істейтін жерде табылмады. Ертеңнен кешке дейін базар аралап жүріп, әр жерден қалған-құтқан қалдықтармен қоректеніп жүреді. Бір күні Никола күн ұясына батып бара жатқанда базардан қайтып келе жатып екі жігітті кездестіреді. Екеудің біреуі оны тоқтатып алып:

- Бізбен бірге жүр, аштан өлмейсің, – депті. Ашығып жүрген Никола ешнәрсеге түсінбесе де бірден келісе кетеді. Үшеуі қараңғы түскенге дейін бір ағаштың түбінде жатады да, кешке тура тартып молаға келеді. Арыққа жасырып қойған кетпен-күрегін алып, қабірдің жаңа жабылған топырағын қаза бастайды.

- Күрекпен сен жатқан жердің топырағын ала бергенімде, сен басыңды жұлып алдың. Мен қатты қорқып кетіп, жүрегім тоқтап қалғандай болды. Үшеуміз жан-жаққа жанұшырып қаша жөнелдік те, біраз жерге барғаннан кейін есімізді жиып, молаға қайта келдік. Сен тапжылмай беліңнен топыраққа батып отыр екенсің. Бірдеме деп тіл қаттың, бірақ бізге түсіну қайда өлген адамның тірілгенін көріп әлі де өз-өзімізге келе алмай тұрдық. Осы кезде екі ат жегілген арба бізге жақындап қалды, арбаның үстінен біреу түсе қалып мылтық атып, бізді қуа жөнелді. Әрең қашып құтылдық. Сол оқиғадан кейін бұл пәлелерден қашып кетуді ойластыра бастадым, - деді Никола.

Сөйтсе, олар өлгендердің жарамды киімдерін алып сататын көр қазушылар екен. Никола өзінің алданып осындай адамдардың қолына түсіп қалғанына қатты қиналып жүреді. Содан бір амалын тауып Ташкентке қашып келеді. Өзбек елінде әркімге жалданып жүріп, бар ынта-жігерімен тыңғылықты жұмыс істейді. Оның адамгершілігі мол, пысық жігіт екенін байқаған өзбек қызы Николаға көңіл аударады, қыздың әкесі де қарсы болмайды. Сөйтіп, ол ала шапан, ала тақия киіп, сол қызға үйленеді.



Алыс елден келіп, аш-жалаңаш қаңғырып жүрген Никола көр қазғыштарға қосылып, Қалибекті қалай аман алып қалғаны туралы осы естен кетпес сқиғаны айтып берген екен.

- Мен де Никола сияқты өзбек болып кеттім, - деп Қалибек сәл мұңайғандай күйде болды. - Анда-мұнда жүріп аштықтың ажалынан өзбек ағайындардың арқасында аман қалдым. Соғыстың алдында өзбектің қызына үйлендім. Қан майданнан аман оралдым, бұған да шүкір, қазір бір ұлым, бір қызым бар. Олардан 5 немере сүйіп отырмын. Ташкентте тұрып қалдым, бірақ елдегі ағайындарды тауып алып, қарым-қатынас жасап тұрамын. Тоқсаныншы жылдардың басында қазақтар тәуелсіздік алғанда жүрегім жарылып кетердей, шексіз қуанышқа бөлендім, - деді бейнетті көп көрген Қалибек қазіргі өміріне риза болып.

- Қалибек, екеуміз құрдас әрі әйелдеріміз өзбек болғандықтан бажа екенбіз, жетімдікті, аштықты, соғысты бірдей көріппіз.. Бүкіл елдің, сондай-ақ өзіміздің басымызға түскен ауыртпалықтар енді болмасын, - деген тілек білдіріп Жарқынбек ақсақал ажалдан аман қалған құрдасымен қоштасқан екен.

# ӘУЕСҚОЙ ӨЛКЕТАНУШЫ МҰРАТ ӘБДІРАШИТҰЛЫ ШУ ӨҢІРІНІҢ САҢДАҚТАРЫ ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТЕДІ

## Нұрман бидің елге жасаған қамқорлығы

- Біздің үй Еңбек ауылындағы көшенің шетінде болатын. Сол кезде жасым 10-12 шамасында еді. Бір күні үйдің сыртында балалармен асық ойнап жүргенімде түйе мінген бір шал келіп: «Ассалаумаликум балалар, үйде кім бар?» деді. Дауысты естіп үйден Мәлімбай атам жүгіре шығып «үйге түсіңіз» деп, түйесін шөгеріп бәйек болды. Күн түс кезі болатын, қонақ шәй ішіп біраз тыныстады. Бұрынғы өткен заманның қызықты шежірелерін айтып отырды. Мен жас кезімнен үлкендердің айтқан әңгімелерін қызыға тыңдаушы едім.

Ол кісі өзінің тұратын «Қызқашқаң» деген елінен аудан орталығы Новотроицкіге (қазір Төлеби ауылы) бара жатып, жол-жөнекей сусын ішуге бұрылған екен. Түс ауа күннің ыстығы басылғаннан кейін мен танымайтын кісі жолға шықты. Қария аттанып кеткен соң Мәлімбай атама:

- Соншама жалпақтап құрмет көрсеттіңіз, қайдан келген шал, - дедім.

Сонда атам түйеге мініп келген қонақ туралы әңгіме айтып берген еді.

- Бұл кісі бүкіл Шу өңіріндегі ел-жұртқа танымал, Аша болысындағы Боққайнат (Жиенбет) руына жататын Нұрман ақсақал. Қарияның отызыншы жылдардағы ашаршылықта ағайын-туыстарына, аймақтағы ел-жұртқа қамқор болғанын, сондай-ақ қолынан келгенше ашыққан халыққа көмек көрсеткенін күні бүгінге дейін ешкім ұмыта қойған жоқ. Осы өңірді ашаршылық жайлаған кезеңде алапат зұлматтан бас сауғалап тоз-тоз болып кеткен елдің көбі Қырғызстанға, Тәжікстанға көшіп кетті, біразы Қытай асты. Елде көшуге шамасы келмей қалған отбасылар Нұрман атаны паналады. Ол өзіне бекітілген колхоздың түйесін, қой-ешкісін түнделетіп сауып, ашыққандарға ыстық тамақ ұйымдастырып отырған. Кеңестік билік ұжымның малын саууға да қатаң тыйым салған ғой. Өз басына қауіп төніп тұрса да төңірегіндегі ел-жұртты аштықтан құтқаруға бар күшін аямаған. Ауылда қалған ағайын-туыстарымен қақпан салып, қырғауыл, қоян сияқты аң-құс аулауды ұйымдастырған. Тіпті, кейбір кісілер Нұрман қариядан ақыл-кеңес сұрап тұрады екен. Сондықтан ел арасында оны Нұрман би деп атап кеткен.

1904-1905 жылдары қазіргі Төле би (бұрынғы Новотроицкі) ауылына орыстармен бірге өзбектер де келе бастаған. Осы аймаққа алғашқы қоныстанғандардың бірі – Молма Полат және Әмілжан деген сарттармен Нұрман қарым-қатынаста болған, оларға Ташкентке мал айдасып, саудасаттық жасауға көмектескен. Сол сияқты Момын деген бай өзбекпен де араласып тұрды. Нұрман биді тек Шу өлкесіндегі ел ғана емес, сондай-ақ Меркі, Луговой (қазір Т. Рысқұлов), Қордай, Мойынқұм аудандарындағы халық та жақсы білген. Соғыс ардагері, ашаршылықты басынан кешірген

Арапбай ақсақалдың айтуына қарағанда, 1931-1932 жылдары індет ауруынан Новотроицкі селосындағы орыстардың бірнеше отбасылары өліп, олардың қамыс шатырлы үйлері қаңырап бос қалған. Олардың иесіз қалған үйлеріне Нұрман өзінің ағайындары - Айбас-Шоңбас балаларын көшіріп әкеліп, азын-аулақ малымен «Турксиб» колхозына кіргізеді. Нұрман би ешқашан жаңа өкіметтен үркіп, малын айдап басқа жаққа қашпаған.

Кеңестік билік өкілдері 1933-1934 жылдары Шу өңіріндегі ауыл-ауылдардан қаңғып жүрген жетім балаларды жинап, Новотроицкіде детдом (балалар үйі) ұйымдастырады. Сол кезде екі қолы да сау Арапбай (кейін соғыста бір қолынан айырылған) «Турксиб» колхозына мүше болған екен. «Қызқашқанда» түйе, бие сауғызып отырған Нұрманның тапсырмасымен Арапбай үш күнде бір рет детдомға және шәйханаға шұбат, бие сүтін жеткізіп тұрған. Қарияның сұтты мекені «Қызқашқанда» үлкен баласы Тойлыбай түйе баққан. Ал Нұрман бидің өзі болса ағайын арасындағы ұрыс-керіс сияқты дау-дамайды шілдікпен шешіп отырады.

Көнекөз қариялардың айтуынша, ХІХ ғасырдың 50-жылдары Дулаттың төрт баласының бірі – Шымырдан тараған Жиенбет (Боққайнат) руының ұрпақтары Оңтүстік Қазақстандағы Түлкібас өңіріндегі Ақсу-Жабағылы жерінде мекен еткен. Табиғаты керемет аң-құсқа толы, жасыл желекке оранған бұл өлкемен шекаралас жатқан Өзбекстанды сол кезде Қоқан хандығы билеген еді. Қоқандықтарға қазақтардың оңтүстік бөлігі де бағынды, олар қазақ жеріне өз датқаларын сайлап, бекіністерін салды. Датқалар арқылы биліктерін жүргізіп, алым-салықтар жинап отырған. Сол заманда Ресей империясы да қарап жатпай қазақ еліне көз тіге бастады. Қоқан билеушілері орыстардан сөскеніп, алдағы уақытта қазақтардың кең-байтақ иелігі Ресейге өтетінін алдын-ала біліп алып, алым-салықты көбейтіп, халықты қанауды күшейте түсті. Осы тұста Шымыр бабадан тараған көкіректер, сәмбеттер, күнтулер, жиенбеттер қоқандықтардың езгісіне қарсы тұрып, бірнеше рет Қоқан хандығына жорықтар жасаған. Соған қарамастан көкіректер – Шу алқабындағы Хантау өңіріне, сәмбеттер – Шу өзенінің оң жағалауына, күнтулер мен жиенбеттер Шу өзенінің сол жағалауына біртіндеп қоныс аудара бастады. Сондай-ақ бірлі-жарым жиенбет руының отбасылары қазіргі Шымкент аймағына көшіп барып, сонда тұрып қалған. Солардың бірі – ХХ ғасырдың 15-30 жылдары сол өңірде болыс болған Иманәлі ақсақал екен.

Ашаршылықтың беті қайтып, заман түзеле бастаған кезде Шудағы жиенбет еліне Иманәлі келеді. Ол кісінің Шуға келуінің бір себебі, Шымкентте болған үлкен аста ел бәйгеге кілем жапқан ат, түйе тігіп жатқанда жергілікті ақсақалдардың бірі:

- Ал, Иманәлі болыс сен не тігесің? - деген екен.

Сонда ол:

- Мен мына жігітті тігемін, - деп қасындағы тұрған өзбекті көрсетеді. Иманәлінің айтқанына көніп өзбек жігіті өзі барып бәйгеге тігілген. Осы

оқиғадан кейін оның бақталас дұшпандары «адамды қорлады» деп мазасын алып қудалай бастайды. Содан соң басына төнген қысымға шыдай алмай Шу өңіріндегі ағайындарын паналап келген. Иманәлінің қартайған шағы болса керек, есекке мініп ел аралап жүргенін көрген Нұрман би жиенбет руының белсенді жігіттеріне «болыс болған қадірлі ағамыздың есек мінгені ұят болады» деп, колхоздың бір жылқысын мінгізеді. Өз дәуірінде 15 жыл болыс болып, кейін Кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінді басынан кешірген Имекең 1949 жылы жақын туысы боп келетін Оразалиев Жапардың үйінде қайтыс болды.

- Тағы да бір есте қалған Нұрман ақсақалдың елге жасаған жақсылығы туралы оқиғаны айтып берейін, - деді Мәлімбаи атам. - Біздің үйдің жанында көрші Жақыпбай деген кісі тұрды, оның кемпірі Күләйім жиенбет руына жататын Досқожаұлы Тұрғымбай деген байдың қызы еді. 1929 жылы байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеу басталған кезде ол барлығын сатып немесе әртүрлі мүліктерге айырбастап, қалған малын кедей ағайын-туыстарына үлестіріп береді де, өзі бала-шағасын алып Қырғызстанға көшіп кетеді. Сол кезде бір-екі ірі қарасын, екі-үш түйесін Нұрман биге аманаттап қалдырып кеткен екен. 1950-1951 жылдары Кеңестік билік ұсақ колхоздарды біріктіріп, соның ішінде Еңбек колхозы да бар, қайтадан Сталин-7 колхозын ұйымдастырады. Колхоздар қосылған кезде Еңбек колхозының малы кем шығып, есепші (бухгалтер) қызметін атқарып жүрген Жақыпбай кінәлі саналып, түрмеге қамалады. Соғыстан кейінгі жылдары елдің тұрмысы әлі де оңала қоймаған, жағдай ауыр еді. Осындай қиындыққа тап болған Күләйім Қарабалтадағы әкесі Тұрғымбайға хабар жібереді. Сонда ол қызына баяғы 30-жылдардың басында Қырғызстанға ауғанда Нұрманға мал тастап кеткенін, соған барып жағдайын айтып қалған малды сұрасын деп сәлем жолдайды. Күләйімнің әкесі Нұрман биден екі-үш жас үлкендігі бар екен. Күләйім әкесінің сәлемін айтып биге барған кезде, ол Тұрғымбай қиын-қыстау кезеңде қырғыз еліне кетіп бара жатып біраз малын өзіне аманат еткенін, кейін заман түзелгеннен кейін келіп-кетіп жүріп бір-екі малдан алып кеткенін, тек қана бір түйесінің қалғанын айтып, өрістен алдырып жетектетіп жібереді.

Арапбай ақсақал Нұрман жайында басына қандай қиындықтар түссе де, ешкімге қиянат жасамаған, адамгершілігі мол, өте әділ, жаны таза кісі болған деп айтып отырушы еді. Арада ашаршылық, жойқын соғыс – 25 жыл өтсе де ол Тұрғымбайдың қызына сонау қиын заманда әкесінің аманат етіп қалдырып кеткен түйесін адал көңілімен қайтарып бергеніне қазіргі ағайын-туыстары ризашылығын білдіріп отырады. Басқа бір ниеті жаман адам бөлсе осы жылдардың ішінде түйе өліп қалды деп бермес еді. Осыдан-ақ Нұрман атаның қандай адам болғанын білуге болады, – деп қорытынды жасады атам.

- Нұрман бидің елін аштықтан құтқару үшін істеген әрекеттері жетерлік екен. Мен де Нұрман атаның нәубет жылдары ел-жұртқа жасаған қамқорлығы туралы қариялардан естігенімді құлағыма құйып жүрдім, - деді Мұрат. - Бұл

жайында күні бүгінге дейін ел арасында әңгіме көп айтылады, ол кісінің жақсылығын Шу, Мойынқұм, Меркі, Қордай аудандарындағы көпті көрген ақсақалдар естерінде сақтап қалған. Тіпті, Қарағанды облысындағы кейбір сенекөз қариялардың естеліктерінде де Нұрманның есімі құрметпен аталады. Соңғы жылдары ол кісі туралы аудандық, облыстық және Республикалық газеттерде мақалалар жарияланды. Мен Нұрман атаның зобалаң жылдарда ағайын-туыстарына, ауылдастарына, жалпы ел-жұртқа қамқор болғанын Мәлімбай атамның да, сол сияқты ашаршылықты басынан кешірген бидің командасы Арапбай қарияның да әңгімесін көп тыңдадым. Жасы ұлғайған шағында би түйе бағып, елеусіз өмір сүрген екен. Сол кездің өзінде-ақ ел-жұрты ол кісіні ұмытпаған, ақыл-кеңес сұрап келіп тұрған. Қазіргі кезде Төле би, Абай, Мойынқұм, Ақтөбе, Жиенбет ауылдарының ақсақалдары Нұрманның адамгершілік қасиетін аса бір ризашылықпен еске алып отырады.

- Нұрман ата өзінің жиенбет руының шежіресін ғана емес, сонымен бірге сарыүйсін, күнту, бестерек және Аша болысындағы басқа да рулардың шежіресін жақсы білген.

Қалың жұртшылықтың, сондай-ақ отызыншы жылдары Кеңестік биліктің солақай саясатының кесірінен жазықсыз Сібірге айдалып баратын Шінәлі құдасының «ұрпағыңмен мың жаса» деген батасы қабыл болуы керек. Бидің ұрпақтары бүгінде Төле би, Мойынқұм, Жиенбет ауылдарында өсіп-өніп жатыр. Оның үлкен баласы - Қойлан өте әділ, кішіпейіл, ақыл-парасаты мол, ақкөңіл кісі еді. Кеңестік дәуірде және тәуелсіздік жылдары ауыл шаруашылығы саласында мал дәрігері болып қызмет атқарды. Екінші баласы - Тойлыбай да сонау қиын жылдардан бастап түйе бағып еңбек етті, Шу өңіріндегі мал шаруашылығын дамытуға бір кісідей үлес қосқан азамат. Үшінші баласы - Жайлыбай Шу-Мойынқұм аймағына танымал кәсіпкер. Ол алдына мақсат қойып, жеке кәсіпкерлікпен айналысып қана қоймай, қолынан келгенше елдің жағдайына қарайласып, сондай-ақ тәуелсіз еліміздің дамуына, жалпы қоғамға өз үлесін қосып ата қасиетін жалғастырып келеді. Бірақ халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» деген ғой. Жәкең мектептердің материалдық базасын нығайтуға белсене араласты және тұрмысы төмен отбасыларына да үнемі көмектесіп отырады. Қазақ «өлі риза болмай, тірі байымас» деген ғой. Жайлыбай Шудағы ақсақалдарды шақырып, 2016 жылы 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай әруақтарға бағыштап ас берді. Жөн-ақ. Аштықтың құрбаны болған ата-баба әруақтары риза болғай.

### **Аша елінің алты салы**

- Қасиетті киелі Шу жерінен талай ақындар шыққан, олар да сол зұлмат жылдары ашаршылықты бастарынан кешіріп, тағдырдың тәлкегіне түсіп қуғын-сүргінге ұшырады, - деп бастады шежіреші Мұрат Әбдірашитұлы

келесі әңгімесін. - Сондай ақынның бірі - Сауытбек Ұсаұлы 1870 жылы Шу бойындағы (бұрынғы Аша болысы, Әулие-Ата уезінде) қазіргі «Алға» ауылының жерінде дүниеге келген. Ата-бабалары кедей болған. Әке-шешесі ертерек қайтыс болып, өзінің еті тірлігі арқасында қатарынан қалмаған. Ол 20 жасында қазіргі Алматы облысындағы шапырашты Сарыбай Айдосұлының асында ән салып, елге танымал бола бастады. Сол кезден әнші-ақын ретінде көрініп, Жетісу өңіріне атағы кең жайылған. «Ашаның алты салының» бірі – Сауытбек ақын 1916 жылы Ақкөз батыр бастаған Шу-Меркі көтерілісіне қатысқан, 27 жасында Тілеуқабыл болыстың шілдехана тойында қыпшақ Өтелбайқызы Ақбөпемен танысып, айтысқа түседі.

1930 жылы елде байларды тәркілеу, колхоздастыру басталған кезде Күнтудің Тұрғынбай деген шолақ белсендісінің жаласымен Сауытбек, Әтібек, Даңқожа – үшеуі қамалып, Шымкент қаласындағы түрмеге жабылады. Әтібек – ақын, Даңқожа – қара шаруа, момын адам. Абақтыда жатып үшеуінің атынан Сауытбек «Елге сәлем» деген өлең жазады. Кеңестік биліктің солақай саясатының кесірінен қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз үшеуінің тар қапаста жатқанын, сондай-ақ абақтыдан босанып, ақталып шығатынына үміт артады.

*Даңқожа мен Әтібек,  
Тыңда мына газалды.  
Алты ай болды жатқалы,  
Ағайынға не қылдық?  
Ат ізін бір салмады,  
Қолдай гөр деп жатырмыз,  
Шымкент, Сайрам мазары.*

*Қана болма ерлерім,  
Күнәдан пәк боп қайтармыз,  
Анадан қайта туғандай,  
Кешірсе Алла жазаны.  
Атамыздан тараған,  
Саламат пен әм Сайбақ,  
Қоңыр, Бөрі, Тегенді,  
Дұшпанға бермей намысты,  
Талайды мұштап жегенді.*

*Олар қайтып кеткен соң,  
Бізге нәубет келгенді,  
Жауға бермей қорыдық,  
Екінші ауыл дегенді.  
Намыс үшін жан беріп,  
Өткіздік бастан нелерді.*

*Бекет інім, Әтібек  
Басқадан көріп жылама?*

*Тәуір болған жігіттің,  
Ағасы жүрер қуана.  
Жаман болған жігіттің,  
Ағасы бөлар дуана.  
Сол дуана біз болдық,  
Қой, Әтеке, мұңайма.  
Абақтыдан босанып,  
Ақ жарылқап құдайым  
Қайтармыз елге қуана.*

Шу өңіріндегі алапат ашаршылықтың зардаптары Сталин басқарған Кеңес өкіметінің соқыр саясатының салдарынан болып жатқанын ақын бірден-ақ түсінген. Қазақ елін аштық жайлап, өзі де қудалауға ұшыраған кезде Сауытбек жаңа өкіметтің әрекетіне наразылық білдіріп «Елге сәлем», «Сатарқұлға», «Мұнайма көңілім» деген өлеңдерін жазды. Ақынның Шымкент түрмесінен 8 жасар ұлы Сатарқұлға жазған хаты.

*Шымкентке кәріп болып келдік Шудан,  
Түлкідей жан сауғалап, бүркіт қуған,  
Құдайдан тілеп алған Сатарқұлым,  
Жете ме айтсам сәлем ұшқан құдан.  
Жұлдызың басқасынан ыстық еді,  
Ойласам көздің жасы бетім жуған.*

*Бұл істі қартайғанда салды басқа,  
Ойласам тұла бойым, козім жаста,  
Болдың ғой қатарыңнан сорлы бала,  
Атаңнан айырылған соң сегіз жаста.  
Дәуші едім артық болар біліміңді,  
Өмір-жас, ұзын қылсын жүріміңді.*

*Мас болып, есім ауып, тұра алмаймын  
Ойласам «ата» деген қылығыңды.  
Аша еді дәурен сүріп, өскен жерім,  
Бұл мехнат шығар ма екен естен менің.  
Қару-күш кеткен уақытта кәріп болдым,  
Жасымда жсаудан қорқып сескенбедім.*

*Мүшкілге ойдағы жоқ душар қылды,  
Жақын деп, жаным ашып, дос көргенім.  
Нашарға жаным ашып қарап едім,  
Құдай-ай, қай пейілімді қош көрмедің?*

*Тірі болып, қайран Аша көреміз бе?  
Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.*

Сауытбек ақынның «Мұңайма көңілім» деген өлеңіне тереңірек үңілсек, бір адамның зары бүкіл халықтың мойнына ілінген қайғы екендігін аңғаруға болады.

*Басыма мүшкіл түсіп тұр,  
Болады заман, күн қандай?  
Айрылып елден зар жылап.  
Атпайды жсарық, түн қандай?  
Тағдыр ісі осы екен,  
Алысқа кеттік айдалып,  
Болмадың мойын бұрғандай.*

*Бар елдің көзі жылауда  
«Қайран Сәукең кеті-ау» - деп,  
Алтын кесе сынғандай.  
Жоғалтып, көзін жойдық деп,  
Алатаудай болып жүр,  
Білместің көңлі толғандай.  
Тірі болсақ барармыз,  
Тұра тұр көңлім мұңданбай.*

Абақтыдан шыққаннан кейін де ақынды қудалау тоқтамайды. 1931 жылы сәуір айында жиені, ақын Смайыл Қалипанов Алматыға бара жатып Шу қаласында Тоғайдағы үйінде ауырып жатқан Сауытбекке жолығады. Сонда ол жиені арқылы Сәкен Сейфуллинге өзінің кінәсіз қуғында жүргенін және бар малын тартып алғанын айтып, өлеңмен хат жолдайды.

*Екі үлкен ауыл іргелі,  
Ынтымақты арамыз.  
Екуміз өлең айтамыз,  
Осымен елге жағамыз.  
Үй басы бар бір жылқы,  
Той-жиынға барамыз.*

*Жүз он екі уақ мал,  
Біріктіріп бағамыз.  
Қонақ келсе төрт-бес үй,  
Көрпе жинап үй-үйден  
Мейманға әкеп жабамыз.  
Құғын жедім сол үшін,  
Қайтіп елге жағамыз.*



*Тартып алды бар малды,  
Шулады қатын, баламыз.  
Асыра сілтеу мына тұр,  
Қырылып қалса аштықтан  
Адамды қайдан табамыз?  
Барлық байлық өлеңім,  
Алдыңа барсын өнерім  
Бар болса кешір, жазамыз.*

*Үкіметтің заңы зой  
Бұйырылсақ та атуға,  
Жоғары жаққа шағамыз...*

Осы хат Сәкен Сейфуллинге тапсырылған соң НКВД өкілдері ақынды қудалауды тоқтатады. Бірақ қуғыннан құтылса да, алапат ашаршылықтан құтыла алмады. Сауытбек ақын аштықтың азабын тартып, 1932 жылы көктемде ашыққан елмен бірге Қырғызстанға бара жатып Тоқташ деген жерде ауыр науқастан қайтыс болады, қабірінің қайда жатқаны белгісіз. Бұл да Кеңестік биліктің озбырлығынан болған қасірет қой.

- **Аша болысының екінші ақыны Қазақбай Ергөбекұлы** да Қорағаты мен Шу өзендерінің қиылысқан жеріндегі елді мекенде 1880 жылы туған. Ол Шымыр бабадан тараған Құттық, Елібай, Қараш, ал Қараш атаның ұрпақтары өсіп-өнген, ақынның бергі атасы Сарыүйсін болып келеді. Көпті көрген қариялардың айтуына қарағанда, Шу өңіріндегі байларды тәркілеу ақынның зұлымынан басталған екен. Қазақбай аздап орыс тілін білген, бірақ асыптасыған бай болмаған. Соған қарамастан ақынның өзі де, ағайын-туыстары да қуғынға ұшырап, қолдарындағы бар малынан айырылады. Ағайындарының ішінде Берік деген Қазақбайдың жақын туысы ел арасында беделді кісі болған екен. Аша елінде тәркілеу, жер аудару, абақтыға жабу сияқты қуғын-сүргін барысында малдан жұрдай болған сарыүйсіндер ашаршылыққа тап болды. Ашыққан ел-жұрт жан-жаққа тамақ іздеп, босып кетті. Қараш балаларына бас болып, Берік те бала-шағасын, жақын туыстарын аштықтан аман алып қалу үшін жергілікті биліктің көзіне көрінбей Қырғызстанға ауа көшті. Кейін Беріктің қырғыз елінде қаза тапқаны белгілі болды, ал бірен-саран ұрпақтары заман түзелген соң елге оралды. Отызыншы жылдардың басында-ақ Қазақбайды колхоздастыруға қарсы шығады деп, шолақ белсенділердің көрсетуімен Алматы түрмесіне апарып қамайды. Ақынның абақтыда жатып елге жазған хаты:

*... елге сәлем Қазақбайдан,  
Жатырмыз Алматыда ахау-уайыммен.  
Көз салған осы жаққа ел-жұртым,  
Білерсің хабарымды біздің жайдан.*

*Сегіз ай болды, міне, жатқаныма,  
Жайымды алыс-жақын білсін қайдан.  
Елестеп көз алдымнан кетпей қойды,  
Үйренген қайран жүртым кішкентайдан.*

*Ескі Аша аман болғын, қайран елім  
Троицкі, Қорағаты қайран жерім.  
Сарыүйсін, күнту, қытшақ, әм боққайнат,  
Бестерек Шымырдағы барлық бегім.*

*Өзімнің енді келем Шымырыма,  
Ел едің жан шыдамас дүбіріңе.  
Жансақтап жүруші едің қалт-құлт етіп,  
Тақалды биыл пышақ жұлыныңа.*

*Жолықтың әрекетке өзгеше боп,  
Анасы қарамастай құлынына.  
Әуелі баршаңызға тілашар боп,  
Кеңестің мен іліндім құрығына.*

Жазықсыз жапа шеккен Қазақбай ақынды сол кездегі «шаш ал десе, бас алатын» билік 1932 жылы Алматы түрмесінен босатып, Қырғызстанға жер аударды, екі жылдан кейін қырғыз елінде қайтыс болады.

- **Аша елінің үшінші ақыны, сәмбет руынан шыққан Бармақ Мықамбайұлы** Шу ауданы қазіргі Балуан Шолақ атындағы ауылына қарасты Далақайнар деген жерде 1882 жылы дүниеге келген. Жыр алыбы Жамбыл ақынның шәкірті болып, оның тобында жүріп көп нәрсе үйренеді. Ол жас кезінде Алматы, Жамбыл, Шымкент (қазір Оңтүстік Қазақстан) облыстарының барлық аймақтарын аралап «атың бар да шауып жүріп жер таны...» демекші, жер мен ел таниды. Бармақ жастайынан ақындық өнерді ұстанып, Майкөт, Майлықожа, Сүйінбай, Құлыншақ, Бақтыбай ақындардың өлең-қиссаларын жатқа айтып, елге таратқан. Ол өлеңдері мен айтыстарына өз өмірі, кедейлердің тұрмысы, әділетсіздік, қоғамдағы басқа жағдайларды да арқау еткен, жырларын қобызбен айтады екен. Өзінің кемеліне келген шағында бірнеше мәрте Кенжеқожамен айтысады. Сондай айтыстардың бірі 1935 жылы тамыз айының басында қазіргі Шу қаласының базарындағы шәйханада өткен. Бұл отызыншы жылдардағы алапат ашаршылықтың зардабынан Шу өңірінің халқы еңсесін енді-енді көтере бастаған кезі еді. Сонда ақын елдегі болған зобалаңның азаптарын Кенжеқожаға қарата айтып, аштықтан аман қалған елді бірлесіп еңбек етуге, Отан байлығына ие болуға шақыра отырып, келешекте ашаршылықты болдырмау үшін мал өсіріп, егін егуді жырға қосады.

... Өлмей тірі қалған соң,  
Жер бетінде қарайып,  
Көтерейік көңілді,  
Не етеміз айтып өлімді  
Тарқатып қайғы іштегі,  
Көптің көңілін табайық.

Өткендерге – салауат,  
Қалғанға тірі – қанағат!  
Тіршілік қып жұмылып,  
Кетілгенді жасамайық,  
Дұшпаны көп елімнің,  
Байлығы да жерімнің,  
Табасына солардың,  
Мазақ болып қалмайық.

Береке – еңбек, бірлікте,  
Табылар бәрі тірлікте.  
Арттырып Отан байлығын,  
Қаптап, жинап салайық.  
Қазақстан өңірі,  
Таусылмастай көмірі,  
Молайтып ел байлығын,  
Әжсетіне Отан жарайық!

Малды жиып өсіріп,  
Отты жерге көшіріп,  
Шөбі шүйгін, суы мол,  
Кең өріске бағайық.  
Мол егін жерге астықты,  
Қайталаптайық аштықты...

Бай-құлақты құрытып,  
Сүйеп келед малайды  
Қожса-молда көрінсе,  
Шетінен ұстап қамайды.

Жұбайың жаныңдағы бізден алдың,  
Алдыңдағы аштықтан өлмей қалдың.  
Құзғын қарға сен болдың біздің елге,  
Қонақтаған бұтағына ағаштардың.  
Тамағын ол қарғаның сен білесің,  
Қара ниет екендігін сездіресің.  
Нәжісті шоқып алып, бейне қарға,  
Жолдасты жаныңдағы бездіресің.

Ақын ел аралап жүріп Қаратауда шымыр руына жататын Керімбай болыстың ауылында Жанат деген ақын қызбен айтысқа түскен. Ақыртөбеде Балқыбек, Өсер, Өзбек, Сыдық деген ақындардың арасында да болған.

Бармақ Мықамбайұлы ешқашан биліктің белсенділерін мақтап өлеңге қоспаған. 1937 жылы ақын Алматыда бір үйде өлең айтып отырып, сонда НКВД қызметкерлерінің отырғанын байқамай:

*Кеш болмаса бұл үйге қонбас едім,*

*Тоқашпен, Жұбанышпен, Ораз Жандосовпен жолдас едім –*

деп айтып қалады. Шала сауатты қызметкерлер ақынның сөзіне жете мән бермей, оны абақтыға жабады. Содан Бармақ елге оралмады, сталиндік жазалаудың құрбаны болып, 1942 жылы айдауда қайтыс болды.

- **Аша елінің төртінші ақыны Сәдуақас жыршы** – Сарыүйсіннің Бура атасы Баймырза тармағынан шыққан. Ақынның өлеңдері ел арасында сақталмаған, ал 20-30 жылдары оның жоқтаулары мен беташары және ас-тойларда жырлары ғана айтылып жүрген. Оның ағайындарының ішінен шыққан шолақ белсенділер мен НКВД өкілдері өздерін мақтап өлең айтпағаны үшін 1929 жылы Новотроицкідегі абақтыға қаматады. Түрмеде жатып сарыүйсін Доспанбетке өлеңмен хат жолдап қаражат сұрайды, өйткені Доспанбеттің әкесі Етекбай ақынмен бұрыннан таныс, жақсы қарым-қатынаста болған екен.

*Ақынның хаты:*

*Доспанбет, мырза, бір хабар*

*Сәдуақас ағаңнан.*

*Хабарың бар баласың,*

*Жақсы менен жаманнан.*

*Атаңа қонды бақ-дәулет*

*Кісіні білер хабардан,*

*Баяғы заман қияқта,*

*Тоты құстай таранған.*

*Қамалып жатып хат жаздық,*

*Троицкі деген қалаңнан.*

*Жансары, Жанбөрі*

*Бабамыз еді тараған,*

*Талай істес боп едік,*

*Өздеріңдей баламен.*

*Не жазайын шырағым,*

*Жәрдем берсең болады.*

*Көңілде дастан қалмаған,*

*Бір өлеңді жазайын.*

*Мұны жазған нұсқа қып,*

*Қамауда жатқан*

*Ашаның Сәдуақас молдасы.*

Бұл ақын да түрменің азабын тартып, кейін ашаршылықтың салдарынан қаза тапқан.

- Аша еліндегі алты салының бесіншісі – Қалымбет Досекеұлы Шу өңірі Аша болысындағы Күнтудің Саламат деген атасының ұрпағы, 1902 жылы дүниеге келген. Ақынның әкесі Досеке аймаққа белгілі ірі бай болған, алты әйелін алты ауылға орналастырып, ағайын-туыстарын, кедейлерді, жарлы-жақыбайларды және жетім-жесірлерді өзінің қамқорлығына алып жоқшылыққа ұрындырмаған.

1929 жылы жазда Досеке байдың алты ауылымен бірге мал-жаны Қырғызстан мен Қазақстанның ортақ жайлауы Сусамырда болады, сол кездегі билікте қызмет атқарып жүрген оның жақын туысы Қалыш Қожабергенов жасырын хат жолдайды. Ол хатында күзде Кеңестік билік елдің малын тәркілеп, бір ортаға жинап колхозға біріктіретінін, жағдайдың қиын болатынын айтады. Сондықтан биыл Шудағы қыстауға малын айдап көшіп келмей, қырғыз жерінде немесе Әулие-Ата маңындағы ағайын-жекжаттарды екі-үш жыл паналап, тек биылғы күзде Қалымбеттің ауылы ғана Қорағаты өзені бойындағы қыстауға көшіп келсін деп хабар береді.

Өкінішке орай, жаңа өкіметтің ұзын құрығы Сусамырдағы Досекеге де жетеді, бар малын күштеп тартып алып, тігерге тұяқ қалдырмайды, өзін түрмеге қамайды. Биліктің тарапынан небір сұмдықтарды, адам жаны түршігетін зорлық-зомбылық көріп, тас қамаққа шыдай алмай қайтыс болады.

Ал Қалымбетке келетін болсақ, ол ескіше оқып, сауатын ашады. Оның бойынан жас кезінен-ақ өнерге деген қабілеті байқалып, әншілік пен ақындыққа бейімделе бастайды.

Ол Сауытбек ақынның тобында болып, оның «Ақбөпе» әнін ел арасында таратуға белсене араласқан. Қалымбет ақын көптеген ақындармен айтысқа түсіп, артында өшпес із қалдырды. Ел арасында оның өлеңдері хәп сақталғанымен, бір жүйеге келтіріліп баспадан жарық көрген жоқ. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ақынның аты аталғаны болмаса, шығармашылық еңбектері кітап болып басылмады. Өкінішті-ақ!

Қалымбет шымыр руына жататын Азаматтың қызы Ақбаламен, күнту Аманов Мақұлбекпен және Сауытбек ақынның жиені Смайыл Қалипановпен де айтысады. Шу еліндегі айтыс өнерінің дамуына айтарлықтай өз үлесін қосты.

1929 жылы күзде Қалымбеттің ауылы Қорағаты өзені бойындағы қыстауға көшіп келісімен, өзін байдың баласы деп малын, дүние-мүлкін тәркілеп, Алматы маңындағы Қаскелең түрмесіне қамайды. Оның абақтыда жатып жазған өлеңі:

*Дүние келер ме екен, ой-хой дарық,  
Тұрмайсың бір орында шарқ айналып,*

*Біз де сынарыңды біле тұрып,  
Адасып, жолмен жүрмей сайтандадық.*

*Таласып сөрпасына бір балықтың,  
Жатырмыз Алматыда оңшең зарып.  
Көрмейміз түн болмаса күннің көзін,  
Барма екен енді бізге көрер жарық.*

*Бір қатар жан бұғанда шүкір дейді,  
Аллаға нала қылып көп зарланып,  
Шұрылдап шұрқыраймыз балапанша  
Әбден-ақ мейманасы толған халық.*

*Құдай-ау көмек үшін көз бергенің,  
Сайратып бұлбұлдайын сөз бергенің,  
Құдайдың мұнысына мың шүкірлік,  
Тұтқыңға деген жаста кез келгенім.*

*Жатырмыз бір түрмеде бес мың адам,  
Өзімнің осы бөп түр көз көргенім,  
Көрмегенім тағы көп қапастағы,  
Қолында милицияның ербеңдедім.*

*Берместен кедейлерге аттың майын,  
Айырылмай құлағынан шеңгелдедім,  
Үйіме жарлы мейман қондырмастан,  
Оны әкеп адамдыққа теңгермедім.*

*Біреулер жайын айтып жалбарынса,  
Әм және дұшпансың деп ел көрмедім,  
Әм және малдан зекет, қайыр бермей,  
Алдыма қазы-қарта өңгергенім.*

*Намазды біле тұрып оқымадым,  
Құдай-ау, сол пейілімді жән көрмедің,  
Теп-тегіс Шу ауданы дұғай сәлем,  
Көретін еш бетім жоқ елден менің.*

*Арғын сіздер, бізбенен қатарлас ең,  
Сіздерді мен үйсінге шет көрмедім,  
Арқадан көшіп келіп біздің елге,  
Жағалап Шу бойында өркендедің.*

*Қыпшақ сіздер, бізбенен қоныстас ең,  
Сіздер мені Қыпшақтан кем көрмедің,  
Боққайнат Бестерекпен шалқар дария,  
Сусыны қанушы еді шөлдегеннің.*

*Не керек Сарыүйсіннен шыққан екен,  
Душпанға ерегесе сөз бермеген,  
Баялы, Сарыүйсіннен Садыр ата,  
Жалғанды қызық көріп түрлендірген.*

*Баласы Айнабала Қашқын, Дасқын,  
Сіздерде дұрыс екен жолмен жүрген,  
Сіздерге кінә қоя алмадық,  
Барады сұм дүние қашып бірден.*

*Ойласам, зауал ұрып бас айналар,  
Барады тамтық қалмай күрделіден,  
Ешбір жан сен қалайсың демейді, енді  
Бұл сөзді жазып едім күйгенімнен.*

*Адамды танымаған елей ме енді,  
Естігенді көз көрер деген болып,  
Кеп жатыр Жағалбайлы, Керейден де  
Алыс-жақын аймақтан жер ауды боп,  
Халық бар неше ру Семейден де,  
Ажалдысы жан-жағымда өліп жатыр,  
Дені саулар бұған не дейді енді?*

*Өлгендер бір шыбындай болмай кетті,  
Құдай-ау, қай уақытта адамдыққа теңейді енді,  
Зар жылап асылықты мойныма алдым,  
Құдай-ау, жақсылығың келмей ме енді?*

Қалымбет ақынның малы тәркіленіп, түрменің азапты жылдарын басынан кешіріп, азып-тозып өзінің туған ауылы қазіргі Сауытбек атындағы кеңшарға аман-есен оралады. Ол біраз уақыт әл-қуатын қалпына келтіріп, өмірінің соңына дейін ауылында түйе бағып еңбек етеді. Бүгінде ақынның ұрпақтары өсіп-өнген, Астана мен Алматы қалаларында тұрып жатыр.

- Ашаның алтыншы салы – Айтқазы Рахманұлы. Ақын 1904 жылы дүниеге келген. Күнту руының Мәмбет атасынан шыққан, Сауытбек ақынның шөбере туысы боп келеді. Әкесі Рахман байдың үш әйелі болған, бәйбішесі Ботбай руынан, ал қалған екі әйелін Сарыүйсіннен алған. Айтқазы ақынның

шешесі Сарыүйсін елінің қызы. Ақынды байдың баласы болғаны және Сауытбек ақынның өлеңдерін ел арасына таратқаны үшін қудалай бастайды. «Жаптым жала, жақтым күйе» демекші, билік өкілдері мен жалған белсенділер басқа да кінә тауып, оны айдап әкетіп Ақтөбе қаласындағы түрмеге қамайды.

Ақындық қабілеті ерте оянған Айтқазы «Қыз Жібек», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» және тағы басқа қисса-дастандарды жатқа айтады екен. Сонымен бірге ол Шу аймағындағы Қалымбет, Смайыл сияқты ақындармен айтысқа түскен. Қуғын-сүргінге ұшырап талай-талай қиындықтарды басынан кешірді. Кеңестік билік оны Ақтөбе түрмесінде бес жыл ұстап, одан кейін Ташкенттің маңындағы Қызылқия деген жерге жер аударған. Айтқазының түрмеде отырып елге жазған хаты:

*Тынарда күнің бола ма,  
Шыбын жанда тыным жоқ.  
Таң атпастан тұрамыз,  
Конвой келсе дірілдеп.  
Киім таппай сасамыз,  
Қалтырап буын дірілдеп  
Бастап алып жөнейді,  
Тез «давай» тұрғын деп,  
Не десе құп жөнейміз.*

*Қайырып сөйлер үнім жоқ,  
Іштегі шерді тарқатар,  
Айтылып жатқан жырым жоқ.  
Кей күні бар темекі,  
Кей күні алып тартарға,  
Жанымда тиын, пұлым жоқ.  
Қаза жетсе бұл жерде,  
Бауырым деп жыларға,  
Қадірлі аға, іні жоқ.  
Өліп кетсек бұл жерде,  
Не болады күніміз,  
Тоқтыдай тышқақ құным жоқ.*

*Жазамды тартып мен жүрмін,  
Жалғанның жаһан нәмінде,  
Бес жылда бір хат алмадым,  
Жанашыр туыс, не дейін.  
Жоғың не, маған барың да,  
Қатты айтты деп сөкпеңдер.  
Ашумен шыққан жалын да,*



*Өкпелі болсаң өтермін,  
Аман-сау барсам ауылға.*

Айтқазы ақын 1974 жылы 16 қаңтарда 69 жасында қайтыс болды. Қазіргі кезде оның ұрпақтары Алматы, Тараз және Шу қалаларында тұрады. Ақын Қамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаевтың немере туысқаны болып келеді.

**Автордан.** Шу өңірінде қазақтың байларын ғана емес, сонымен бірге жын-жыршыларды да қудалау кең етек алғанын байқаймыз. Өйткені, олардың большевиктік өкіметтің іс-әрекетін жырлау талап етілді, сонымен қоса ақындардың ел арасындағы беделінен қаймығып, сондай-ақ ұжымдастыруға кестергі жасайды деп сескеніп жөн-жосықсыз қуғын-сүргінге ұшыратты. Тармақтың азабын тартып қаншама ауыртпалықтарды, талай азаптарды бастауынан кешірсе де мойымады. Малдан, дүние-мүліктен айырылған «Ашаның алты салы» ашаршылықтың да дәмін тағты, көбінің қайда қаза тапқаны, қайда терленгені белгісіз күйде қалды.

Солай бола тұрса да қызыл өкіметтің құрығына ілініп, қудалаудың құрбаны болған, жазықсыз жапа шеккен Шу өңірінің саңлақтары ел-жұрттың арасында мәңгі сақталып қалды, ешқашан ұмытылмайтыны анық. «Аша елінің алты салы» деген атпен бұл ақындар ел арасында күні бүгінге дейін құрметпен аталады. Олар Кеңестік билікті мақтап жырға қосқан жоқ, сол үшін қуғын-сүргінге ұшырады. Байдың баласы болғаны үшін де абақтыға жабылды. Жоғарыда Нұрман би мен ақындар жайында айтқан Мұрат Әбдірашитұлының естелігі Шу өңірі тарихының бір кезеңін көрсететін таптырмайтын дерек болып табылады. Өкініштісі сол, ақындардың шығармашылық еңбектері әлі де толық зерттелген жоқ. Десек те, олардың өлең-жырларын жарыққа шығару – болашақтың ісі деп үміттенеміз.

## ЖИЕНБЕТ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ САУЫТБЕК МӘДІМӨРҰЛЫНЫҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

### Астамшылық пен адамгершілік

- Шу өзені бойындағы Аша елінде өмір сүрген Тұңғышәлі деген қария ашуы қатты, ойындағысын айтып салатын бірбеткей кісі еді. Ел арасында жер дауы, жесір дауы, ұрлық және тағы басқа дау-дамайлар туа қалған кезде артық сөз айтып жұртты бір үркітіп тастайтын. Бұл астамшылық бір Алладан басқаға артық екенін өмірдің өзі көрсетіп жүрсе де, оның түпкі байыбына Тұңғышәлі бара бермейді екен. «Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық» дегенді ата-бабаларымыз тегін айтпаған ғой. Неге жер бетін басып жүрген пенделер жағымсыз іс пен жөнсіз сөзге баратыны қалай?

Сол сияқты Тұңғышәлінің, өзім білермендікке салынып, асқақтап сөйлегені Алла тағаланың құлағына шалынды ма, әлде мына жалған дүниедегі аяусыз тағдыр ма, оның отбасына ауыр қайғы бірінен соң бірі келді. Он екі баласының ішіндегі жалғыз қызын жылан шағып алады. Жыланның уы қайтпай қыз қайтыс болады. Сонда ол «арпа ішінде бір бидай» деп қызын бидайға, он бір ұлын арпаға теңеп жоқтау өлеңді бір жылға жуық айтады. Оның зарлы қайғысын естіген Аша елінің болысы Тілеуғабыл арнайы кісі жіберіп: «Кейін өзінің өсіп-өнгеніне кесірі тиеді, жоқтау айтқанын қойсын» деп Тұңғышәліні ерең тоқтатады.

Кеңес өкіметі орнай бастаған кезде ол өзінің түйелерін, екінші баласы Бұзау жылқыларын, ал кенже ұлы Әлеш қойларын бағып жүреді. Кіші немересі өрістен түйе бағып қайтатын атасы Тұңғышәлінің алдынан күнде кешке қарай шығатын әдеті болған. Күз айының бір күнінде кешкі мезгілде атасының алдынан шығып бара жатқанда аспанды қара бұлт торлап, найзағай шартылдап, алай-түлей жел соғып, нөсерлеп жауған жаңбырдың астында бала атасын кездестіре алмай адасып кетеді. Баланы түнімен жабыла іздеп, таба алмайды. Ертеңінде ғана бір үлкен ағаштың түбінен тауып алады. Шошынып, суыққа тоңған бала жантәсілім етіпті. Бір жылдан соң ауыр науқастан екінші немересі қайтыс болады.

Бірінен соң бірі келген үлкен қасірет отбасын, әсіресе балалардың анасы Гүлбаршынды қатты ойсыратып кетті. Бұл қаза тапқан балалар Тұңғышәлінің ең тұңғышы Барболдың ұлдары еді. Барбол 1916 жылы 25 маусымдағы Патшаның жарлығы бойынша майдандағы қара жұмысқа алынған болатын. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін ол ауылына оралып, үйіндегі зор қайғының үстінен түседі.

- Екі балаңнан бірдей айырылып қалдық, - деп барлық ағайын-туыстары у-шу болып жылап қарсы алады. Бір күйікке екінші күйік жалғасып айықпас науқасқа шалдыққан Гүлбаршын да бес айдан соң мәңгілікке көз жұмды.

... Кеңестік дәуірдің билігі қарқын алып тәркілеу, ұжымдастыру басталған кезде малын бағып, мамыражай күнін көріп отырған елдің тыныштығы бұзылып, берекесі кете бастады. Солардың бірі – Тұңғышәлі де қанаушы тап ретінде «бай-кулак» болып шыға келді. Сол заманда қарамағындағы ел-жұртын асырап отырған байларға жаңа өкімет қырғидай тигені белгілі ғой.

Біреуге мал қайғы, енді біреуге жан қайғы болып жатқанда, бұл шаңыраққа үлкен қасірет келіп, мал да, жан да қайғы болды. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ», сондай-ақ «Тірі адам тіршілігін жасайды» дегендей, барлық шаруашылықты Барбол өзінің қолына алады. Кеңес өкіметі уәкілдерінің тәркілеуінен құтылу үшін өлместің қамына кірісіп, ол жекеше малдарын ретін тауып бауырлары мен өзіне – барлығы тоғыз отбасына бөліп жаздырады.

Сөйтіп, Тұңғышәлі әулеті әрең дегенде орташа шаруалардың қатарына ілінді. Жаңа өкіметтің соқыр саясатының кесірінен қазақтың өз малы өзіне қарсы болып жатқан тұста сарыүйсін Шығанбайдың Зілбике деген қызын Барболға атастырып, құда түсіп, қалыңмалы қырық жеті өткізеді. Барбол үйіне енді түсіргелі тұрғанда, Зілбике ауырып, екі-үш күнде ол да мәңгілік ұйқыға аттанды.

«Берген қалыңмалыңды жұмсап қойдым, енді мына қызымды өскен соң аласың. Бұл құдай ісі» деп алты жастағы Зимилаға қаратып қойды Шығанбай. Көп ұзамай қызымның өскеніне қарамай бізге тыныштық бермес деген оймен Шығанбай Алматы маңындағы сарыүйсіндерді жағалап, көшіп кетеді.

Осы кезде Тұңғышәлінің отбасына бір індет келіп «іш домалатпай» деген аурудан жасы жиырмаға жетер-жетпес бәйтеректей жігіт болған балалары тағы да бірінен соң бірі ажал құшады. Таңғаларлық жағдай, аяқ астынан келген індет тек Тұңғышәлінің шаңырағында ғана болған. Елдің басына төне бастаған ашаршылық қарсаңында Шығанбай барған жеріне үйрене алмай, Шу өңіріне қайта көшіп келген болатын. Енді бұрын өткізіп қойған қалыңмалының үстіне Барболдың жүйрік қара қасқа атын қалап алып, жасы он үшке толған қызы Зимиланы жасы отыз жетідегі Барболға ұзатып жіберді.

Сонда Тұрғынбай деген Барболдың құрдасы келіп, ат үстінде тұрып үй ішінде отырған Зимиланы сыртқа дауыстап шақырып алып, өзі талдырмаш, нәзік мүсінді, уылжыған жап-жас, қыпша бел келген, қоңырқай қараға бейім, бетінде шешек дағы бар сүйкімді келген түріне көңілі толмағандай:

- Екі қырық жеті қара беріп, алғандағы Барболдың әйелі сенсің бе? Сенен жүйрік қара қасқа аттың өзі дұрыс еді, - деп жүріп кетеді.

Жүйрік қара қасқа аттың өзін бір қыздың қалыңмалы – қырық жеті қараға теңегенін өте жас Зимила қайдан білсін. Оның сөзінің не шын, не қалжың екенін түсінбей ол мұнайып қалады. Барбол бұл әңгімені естігенде:

- Ол Тұрғынбай деген менің құрдасым. Құрдас деген неше түрлі қалжыңды айта береді, көңіліңе ауыр алма, - деп Зимиланы жұбатады.

Зимила келін болып, осы үйдің табалдырығын аттардың қарсаңында Барбол мен ең кенже інісі Әлеш арасындағы Тұңғышәлінің өмірге келген

жеті ұлы бірден ауыр індеттің салдарынан қаза тапқан болатын. Мезгілсіз бұл дүниеден өткен екі немересін айтпағанда, оның тоғыз ұлының екеуі-ақ тірі қалған. Бұл астамшылықтың кесірі ме, әлде алапат аштықтың қасіреті ме? Ашаршылықпен бірге келген індеттен балаларының мәңгілікке көз жұмғанына өзі кінәлі екенін мойындап, Тұңғышәлі талай кесірлі-кесепатты, астам сөз айтқанына өкініп, енді содан у ішіп отырғанын есіне алып отырады екен. Артық сөзі, кесірлі мінезі үшін Алла тағаладан мың мәрте кешірім сұрағанымен, бәрі де енді кеш екендігін түсінгендей болады. Бірақ «айтылған сөз атылған оқпен тең» деп дана халқымыз тегін айтпаған ғой.

«Сендер тоғанға ағаштан көпір салсаңдар, мен адамнан көпір саламын» деген секілді кесір сөздерін жаңа түскен келіні Зімилаға зар ғып айтып отырған. Бір күні келініне:

- Қарағым, мен кесірге ұшыраған адаммын. Құдайдың жазасына ұшырадым. Балаларымның өліміне өзім ғана кінәлімін, - деп мұңын шағады.

Отызыншы жылдардың басында Кеңес өкіметінің уәкілдері жергілікті шолақ белсенділерге арқа сүйеп, Аша еліндегі байлар мен орта шаруаларға қырғидай тиіп елдегі барлық малды тәркілеп бір ортаға жинады да белгісіз жаққа айдап әкетті. Малдан айырылған ел-жұрт тігерге тұяқ таба алмай зар еңіреп қала берді. Мал өнімдерімен күн көріп отырған халық ашаршылыққа тап болып, не істерін білмей жанталасты.

Барбол жаңа заманның белсендісі ретінде елдегі ұжымдастыруға араласып, жас кезінен зерек ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға зер салып, биліктің нұсқауымен «серіктестік» құрып, күнжіт, мақта айдады. Егіс даласындағы дақылдарды күтіп-баптауға Зімила звено жетекшісі болып сайланды. Барбол ауылдастарының басын құрап, еңбек етуге жұмылдырды. Соған қарамастан елдің жағдайы жақсара қойған жоқ. Өйткені, қазақтардың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығын Кеңес өкіметі тасталқанын шығарған еді. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келген, жеке меншікке негізделген көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халық бірден отырықшылыққа, егін салуға үйрене қоймады. Сталин басқарған большевиктер күшпен ұжымдастыруды қатаң қолға алды. Осыдан барып ел-жұрттың Кеңестік билікке деген наразылығы күшейе түсті. Ал екінші жағынан, ұжымға біріккендерге мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмай ел ішін ашаршылық жайлай бастады. Бір үзім нанға, бір уыс талқанға зар болған ауыл адамдары күнкөрістің қамымен басы ауған жаққа қаңғырып кетті. Аштықтың құрсауынан құтылу үшін күш-көлігі бар елдің бір бөлігі Қырғызстанға, Өзбекстанға қоныс аударуға мәжбүр болды, ал кейбіреулері бала-шағасымен бірге Қытай асты. Бүкіл қазақ еліне төнген алапат аштықпен қатар індет аурулары да жаппай етек алды. Осындай қасірет Тұңғышәлі әулетін де жайпап өтті. Барбол бас болып құрылған серіктестікте небәрі жеті-ақ отбасы қалды, басқалары тамақ іздеп жан-жаққа босып кетті.

Халық жаппай қырылып жатқанда жеті отбасы мүшелері еңбек етіп, бір-біріне сүйеу болып аштықтың тұзағынан «шықпа жаным, шықпа» деп аман шықты. Барбол, Әлеш, Зімила – үшеуі жабыла егін түрлерін егіп, бақша салды. Ертеңнен қараңғы түскенге дейін тырбандап тіршілік жасап, өздерінің еңбекқорлығының арқасында айтарлықтай таршылық көрмеді. Олар «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық қағидасын еске алып күндіз-түні тынымсыз жұмыс істеді.

Ашаршылық сәл бәсеңдеген кезде қайта жиналған ауыл жұрты артель құрып, қай жерді тұрақты мекен етуді белгілеп, үйлерді тұрғызуға жер таңдау үшін ортақ келісімге келе алмай бір айға жуық айтысады. «Күлтөбенің басында күнде жиын» дегендей, Шу ауданы өкілінің қатысуымен бірнеше мәрте ауыл жұртымен жиналыс өтеді, бірақ мәселенің шешімін таппайды. Ер-азаматтар мал жайылымына қолайлы жерді қалайды. Бұл Шу мен Қорағаты өзендерінің ортасында судан қашық орналасқан аймақ болатын, онда тұрақты мекен құрып, үй салуға қолайсыз жер еді. Ең соңғы жиында звено жетекшісі Зімила:

- Біз Шу өзенінің жағасын қоныс еткеніміз дұрыс болар деп ойлаймын. Өйткені, сулы жер – нулы жер, су мойны жақын, егін-бақша салуға ыңғайлы, мал болса аяғынан ұзап жайыла береді, - деп ұсыныс жасайды.

Сонда жиынға қатысып отырған ауылдастарының бәрі Зімиланың сөйлегеніне реніш білдіреді, тек Оразалы деген азамат қана оның ұсынысын қолдайды. Әйелдің айтқанына риза болған аудан өкілі:

- Сіздер бұдан былай әйел-еркек деп бөлмеңіздер, Кеңес өкіметі әйелді еркекпен теңестірді. Сондықтан біз Зімиланың ұсынысын қолдаймыз. Шу өзені жағасына қоныстанасыздар, - деп табанда шешім қабылдайды.

Сөйтіп, көрсетілген жерге артель мүшелері үй тұрғыза бастады. Осы кезде әрбір отбасыға жоғарғы биліктен келген нұсқау бойынша бір қой, бір ешкіден тегін таратып береді. Қой-ешкіні төлдетіп, бағып көбейтіндер деп, аштықтан жүдеп-жадап отырған елге билік тапсырма берген көрінеді. Мемлекет тарапынан мұндай көмек кеш келді. Сол тұста елдің тоз-тозы шығып, қырылғаны қырылып, тірі қалғандары әупірімдеп тұрып жатты. Дегенмен, мұндай жәрдем халықты бір көтеріп тастады. Бірақ сіңірі шығып аш-жалаңаш отырған адамдардың көбі берген малды сойып жеген, не басқа тіршілікке жаратып жіберген. Енді не істесін ашыққан бейшаралар. Айлап нәр татпай аштан өліп жатқан пенделер әлі де жетерлік еді. «Аштық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді» демекші, ашаршылықтан әлі арыла алмай тұрғанда қолдарына түскен малды бала-шағасын өлім аузынан алып қалу үшін сойып жегеннен басқа амал бар ма?

Осындай қиын кезеңде көмек көрсетіліп, тегін таратылып берген малды сойып жегені немесе жаратып жібергені үшін билік өкілдері кейбір ығайындарды жазаға тартты. Аштыққа қатты ұрынған көпшілік жоқтан қайтіп бар жасасын. Ауданнан келген уәкілдер «бардың өзін ұқсата алмаған» деп

бір-екі қой-ешкіні алған елді кінәлап, сотталасың деп қорқытты. Өлімнің иісі шығып тұрғанда қалайша ішпей-жемей тұра алады, осыны ойлады ма екен биліктің жандайшаптары. Дегенмен, ел ішінде тығырықтан шығуға жол таба алатын азаматтар болады ғой. Солардың бірі – Барбол еді. Өзінің іскерлігі мен еңбекқорлығы арқасында әр нәрсені амалдап, ұқсатып құтылуды көздеген Барбол ауылдастарымен бірлесе еңбек етіп, елге таратып берген қой-ешкіні көбейтіп, есебін тауып мал басын құраңқырап алды да, ашаршылық зардаптарынан құтылды. Ол қолынан келгенше елге қамқорлық жасап, өзін де ұмытқан жоқ. Етек-жеңін жиған Барболдың мал басы еселене өсіп, айналасындағылар әлі есін жинай алмай жатқан тұста, ауқаттылар қатарына қосылып, қиын кезеңде жағдайын біршама түзеп алды. Енді қабірінің топырағы әлі кебе қоймаған әке-шеше, бауырларын еске алып, олардың әруағына құран бағыштап, құдайы тамақ беретін жағдайға жетті.

Кеңес өкіметі құм қойнауы мен сексеуілдің арасында өз бетінше көшіп-қонып жүрген елді Шу өзенінің бойына көшіріп әкеліп, отырықшылыққа ұжымдастыра бастады. Ел осында қоныс тепкелі бүк түсіп қалған Тұңғышәлі соңғы күндері тіпті сөйлеуден де қалды. Атасының қасында аузына су тамызып, бағып отырған келіні Зимилаға оң қолының алақанын жайып, бірдеме деп ымдағандай болып, ықылық атып сол мезетте дүниеден озады.

Көзінің тірісінде-ақ көп балаларынан айырылып, о дүниеге арманда кетіп бара жатқан атасы келініне оң қолының алақанын жайғаны - ақ батасын беріп, келешегің жарқын болсын, бұл өмірден тиісті еншіңді алып, осы отбасының болашақ өмірін мәңгілікке сен жалғастыр дегені еді. Егер келініне көңілі риза болмаса, сол қолының сыртын ұсынар еді деп жорыды жұрт.

Астамшылықтың кесірінен бе, әлде ашаршылықтағы індет ауруының салдарынан ба кім білсін, Тұңғышәлінің ұлдары бірінен соң бірі қаза тапты. Ол көбінесе көз алдындағыны ғана көріп, құлақ түбіндегіні ғана естіп, жетістіктің бәрі мәңгі тұрақтап қалатындай сезініп, қанағаты мен тәубасына тізгін бермей асқақтап, астамшылықпен артық айтқан сөздеріне өкініп өткен көрінеді. Тұңғышәлі бұл жалған дүниедегі жақсылық пен жамандықтың, шындық пен өтіріктің, бай мен кедейдің, аштық пен тоқтықтың түбі бір теңелетінін, түптің бір түбінде кімді де болса «мәңгілік ұйқы» күтіп тұратынын сезбеді-ау... Ол бір кездері бәрі кеш болатынын, соған дейінгі айтқан сөзін, істеген ісін кері қайыру ешкімнің де қолынан келмейтіні жайында ойланған да емес. Бәрін өзім білемін деп пендешілікке салыну осы емес пе?!

Қанша дегенмен туған әкесі ғой, Барбол қаралы ашаршылықтан құтылып, жағдайын түзеп алған соң оның әруағына құран бағыштап жүрді. Тіршіліктің көзін тапқан Барболдың ендігі бар арманы – балалы болу еді. Сөйтіп, құдайдан бір тілеп, адамнан екі тілеп жүргенде Зимиланың жиырма жеті жасында, ал Барболдың елу бір жасында шілдеханасы болған қуанышты күні туды. Сол кезде Шу өңірінде ұжымдастыру аяқталып, ел-жұрт колхозға бірігіп жаңа өмірге үйреніп қалған.

Соғыстың қарсаңында Барбол інісі Әлешті үйлендіріп, өзінше отау ғып шығарды. Бір жыл өткенде Германия соғыс бастап, ашаршылықта бір қора жаннан қалған жалғыз інісін майданға шығарып салып, оның бесіктегі жалғыз қызы Раушанды дәтке қуат етіп, Барбол ауылында қала берді. Отан соғысының соңына таман майданнан Әлештің ерлікпен қаза тапқаны туралы «қара қағаз» келген. Ел ішінде соғыстан суық хабар келсе, соны «қара қағаз» деп атап кеткен ғой. Дәл осы кезде қайғы мен қуаныш қабат келіп, Барбол екінші ұлды болды. Ел қорғау жолында опат болған інісінің ас-суын беріп, құран бағыштап, өткенге салауат айтып, өзіне-өзі тоқтам беріп, тәубаға келіп Алланың көрсеткеніне шүкіршілік етті.

Қызыл өкімет орнағаннан кейінгі ақтар мен қызылдардың соғысы, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару, Сібірге айдау, одан әрі отызыншы жылдардағы алапат ашаршылық, жойқын соғыс – осының бәрі Шу еліне бұрын-соңды болмаған зұлмат әкелді.

Елдің жан жарасы әлі де жазылмай жатқан кез еді. Бірлі-жарым адамдар болмаса, жалпы елдің жағдайы ауыр болды. Көптеген отбасылардың күнкөрісінің нашар болғанына қарамастан, барлық газеттерде Қазақстандағы халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарып келеді деп өтірікті шындай етіп жазғанын қайтерсің. Сондай қиын кезеңде Барболдың шағын дәулеті ілгері жылжып, Шу өзенінің екі бетін жайлаған елге белгілі болып қалған. Сол үшін де қонақ келсе қуанды, әрқашанда есігі ашық. «Қайда барасың, Барболдың үйіне барамыз, қайдан келесің, Барболдың үйінен келеміз» деушілер жиі шыраса бастады. Мұның жөні де, реті де бар еді. Алладан бір сұрап, адамнан екі сұрап алған екі баласын желеу ғып, Барболдың мырзасына сәлем бере келдік дейді екен жұрт. Ал Барбол болса жаратқанның бергеніне мың да бір шүкіршілік етумен болды.

Ел арасында «Бақ еркегіне қонды ма, әлде әйеліне қонды ма екен» деген сөз желдей есті. Мұндай дәулетке ол аштық жылдары өкімет тарапынан берілген бір қой, бір ешкінің өсіміне қоса адал кәсіп, ерен еңбекқорлығымен жеткенін ауылдастарының бәрі біледі.

«Тіл бас жарады, бас жармаса – тас жарады» демекші, тіл-көз тиді ме, Барбол артында екі баласы мен әйелін қалдырып төтенше келген ажалдан өмірден өтті. Баласының үлкені – бесте, кішісі – бірде, әйелі отыз екі жасында жесір қалды. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген осы шығар. Кейін Зімила жұбайы туралы еске алып:

- Шалым 1916 жылы Патша жарлығы бойынша қазақтарды майдандағы қара жұмысқа алғанда, өзінің отбасын қалдырып, бөтен жерде өліп қалады деп Бұзау деген інісінің орнына өзі барыпты. Бұдан басқа да ауыр заманда кедей, аш-жалаңаш, жетім-жесір, кембағал, күнкөрісі төмен отбасыларына, сонымен қатар жер ауып келген басқа ұлт өкілдеріне де көмек қолын созғаны қаншама! Әсіресе, бүкіл қазақ еліне төнген ашаршылық жылдарында ағайын-туыстарының, ауылдастарының басын қосып егін салып,

бау-бақша өсіруге жұмылдырған. Сондай қажырлы еңбегінің арқасында өзінің ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетімен талай адамдарды ажалдан құтқарып қалған екен, - дейді.

Өмірінің соңына дейін Зімила нәубет жылдары ниетін көпке шашу еткен жұбайы Барболдың өмірінің жалғасы болсын деп екі ұлының тілеуін тілеп өткен көрінеді.

## Әкем туралы ел аузындағы әңгімелер

- Әкемнен бес жасымда жетім қалдым. Бейнесін көз алдыма еміс-еміс қана елестете аламын. Анам Издәннің айтуынша, біз бұрын Мойынқұм құмында көшіп-қонып жүрген ел екенбіз, - деп Сауытбек қария екінші әңгімесін бастады. - Әркім өзінің күйкі тіршілігімен айналысып, отбасы-ошақ қасының амандығын ғана ойлайды екен. Қазан төңкерісінің екпіні бізге де жетіп, тұңғыш рет бостандық, теңдік орнайды деген хабарды естігенде жалпы қараша халық қуанса, ал бай-болыстарға бұл жайсыз тиді. Өйткені, байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеп, өздерін бала-шағасымен бірге алыс аймақтарға жер аударған. Тәркілеуге, ұжымдастыруға қарсы болған адамдарды соттап, Сібірге айдады.

- Кеңес өкіметі орнап елді қаттағанда, біздің үйдің шаруашылығын орташа деп есепке алған. Себебі, бай-болыс болып малай ұстамадық, кедей боп біреуге жалданғанымыз жоқ. Өзіміздің азын-аулақ шаруамызбен жан сақтайтынбыз, - деп анам үнемі еске алып отыратын.

Жиырмасыншы жылдардың соңында құмдағы көшіп жүрген ауылдың бәрі бірігіп, бір жерде тұрақтап отырықшылдық өмірге көшеді екен деген сыбыс ел арасына тарап кетеді. Отызыншы жылдардың басында көп отбасы бас қосып «серіктік» құрады. Алғашында «серіктік» Сталин артелі деп аталса, кейіннен Мойынқұм колхозы ретінде қайта құрылды. Ауданнан келген өкілдің қатысуымен болған бір жиында Шу өзені бойындағы қазіргі Мойынқұм ауылындағы жер артельдің тұрақты қонысы болып шешілді.

- Көшіп келген кезде киіз үйлерді тігіп отырсақ, кейіннен барактар соғып алдық. Ең бірінші қолға алғанымыз мектеп үйі болды, - деп анам Издәннің айтқанын талай естідім. - Алғашқы мектептің кірпішін бірінші болып Септемір Есенов екеуміз құйдық. Содан соң біраз адамдар көмекке келді. Артельдің болашағына сенбеген кейбір тұрғындар одан бөлініп кетті. Осы тұста малдан жұрдай болған жұрт аштықтың дәмін тата бастады. Елдің тоз-тозы шығып, берекесі қашып тамақ іздеп босып кетті. Біздің отбасымыз небір қиындықтарды көрсе де, басқа да бірнеше отбасылармен бірге бір орында тапжылмай отырып, бірлесе еңбек етіп ұжымның жұмысын ілгері жүргізе берді. Бір-екі жылдан кейін ауыл-аймақ қайтадан жинала бастады. Сол кезде жаңа құрылған колхозда үш жүз бас қой, он жеті бас жылқы, он түйе болды.



Сонымен бірге мақта айдауды қолға алып, асар жасап әр отбасыға жеке үй тұрғызып бердік.

- Сонау қиын-қыстау жылдары қазіргі «Мойынқұм» ұжымшарының негізін қалауға өзімнің лайықты үлесімді қосқаныма қуаныштымын, - деп анам тебіреніп айтып отыратын.

Анамның айтуына қарағанда, әкем зобалаң жылдары барлық ауыртпалықтарға шыдап, отыз үймен қазіргі Мойынқұм ауылдық округінің орнында қоныс тепкен колхоздың іргесін көтерген көрінеді. Бір-екі жылдан кейін жан-жаққа қаңғып кеткен жұрт қайтадан жинала бастағанда мемлекет тарапынан мал беріліп, елге қолдау көрсетілген. Бірақ, сол берілген бір-екі уақ малды ешқайда жұмсамай бағып көбейтуге билік тапсырма береді. Аш-жалаңаш бұралып жатқан ел-жұрт малды қалай өсіріп, бағады? Бұл Сталин басқарған өкіметтің соқыр саясатының бір көрінісі еді. Бір үзім нан таба алмай зардап шегіп жатқан халыққа осындай нұсқау беру – шектен шыққан сорақылық болды.

Дегенмен, ел арасында қиын тығырықтан амалдап жол тауып, өкіметтің берген қой-ешкісінің тұқымын көбейткен адамдардың бірі – менің әкем Мәдімәр өзінің іскерлігінің арқасында қолындағы малды өсіріп, биліктің берген тапсырмасын бұлжытпай орындаған екен. Сонымен бірге колхозға елден жиналған қой-ешкіден шағын отар құрылып, жергілікті билік оны әкеме бағуға сеніп тапсырыпты.

Бұл өмірде кім мәңгі жасайды дейсің? Әкем мезгілсіз өмірден озды. Көп жылғы еңбегінің бейнеті болмаса, зейнетін не өзі, не артында қалған біз – балалары көре алмадық. Кейін ер жеткен кезімде әкемнің қатары болған Үсен Арияға жолығып:

- Ата, әкем Мәдімәр елден бұрын малды болып, мемлекетке немесе жеке адамдарға зиянкестік жасаған жоқ па екен? – деп сұрадым.

- Мәдімәр қой баққанда, мен ешкі бағушы едім. Сол кезде жас та болсаң шет жағасын сезетін шығарсың. Елдің басына төнген зұлмат жылдары ол Аша еліндегі өз шаруасын қолға алып, ерте игергендердің бірі еді. Малды болғаны сондықтан. Қолында бар болғандықтан ба, әлде адамгершілігі мол азамат болды ма, әйтеуір аумалы-төкпелі қиын заманда жетім-жесірге, босып жүрген аш-жалаңаштарға көп қарайласатын. «Адамның ең асыл қасиеті – ақсұлылығы» деп бір ғұлама айтқандай, әкең Мәдімәр ағайын-туыстарына, ауылдастарына өзінің шамасы жететін бар көмегін аямайтын. Саған жағынайын деп отырғаным жоқ. Оны адамдардың өз аузынан да естіп жүрген боларсың.

- Ата, әкемнің тірнектеп жиған-тергенін иттер жеп кетсе керек, не өзіне, не артында қалған балалары – бізге, не өкіметке бұйырмапты, - дедім.

- Мен сенің әкеңмен көп жыл бойы көрші тұрдым. Балам, әкең ақкөңіл, көпшіл адам еді. Тағдырдан, бұл өмірден түк те ишарат бұйырмады дегенін бікер. Оның артында тағзым етерлік сендер барсыңдар ғой. Ұлым өсіп, өзіңді, немерелі болмадым деп қапыда кеткені болмаса, сендер Мәдімәрді

жоқтатып жүрген жоқсындар. Осыған шүкіршілік ету керек, - деп Үсен қария көңіл-күйімді бір көтеріп тастады.

## **Аштықтан көзі қарайған адам**

- Мен Медер Сапақұлын кейін мүгедек болып қалғанда көрдім, - деп Сауытбек қария әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Ол кісі қазақ елін 30-жылдардың басында отырықшылыққа ұйымдастырып, колхозға біріктіре бастаған кезде қара жұмысқа күшін аямай жұмсаған, алдына жан салмаған шаруақор болыпты. Большевиктердің өкіметі ел-жұртты күшпен ұжымға кіргізіп, оларды үй, кеңсе, мектеп, аурухана, қамба тұрғызуға жұмылдырған.

Медер тас тасып, кірпіш құйып, құрылыс жұмыстарының алдыңғы легінде жүреді. Сол сияқты колхозшылар егін егіп, күріш, күнжіт, әртүрлі көкөнес дақылдарын отырғызып, суғаруға тың жерден тоған қазып, соның ой-қырын тегістеп тартқанда Медер ерен еңбектенеді.

Бірде қара суық күз айының соңына қарай үлкен тоғанның байламасы бұзылып, арынды су айдалаға ағады. Ол кезде техника деген атымен жоқ, сол секілді күш-көлік: ат, түйе, өгіздің де тапшы уақыты. Байламаны бекітуге ауылдың бір топ қарулы жігіттері ұйымдасады. Солардың ішінде Медер қасындағы жігіттермен бірге жан аямай шым ойып, оны қара нардың үстіне ауыр жүк артқандай жоталарына салып-тасып, сарқырап ағып жатқан суды кешіп жүріп байламаны бекіткен. Сонда жігіттер судың шет-шеті мұз болып қатқанын елең қылмай жүре береді. Су болған іш-киімдері мұздан қақиып қалған, осыдан зиян табарын ешкім ойламаған. Медердің жан аямайтын осындай әрекеті жиі болғандықтан, суық өтіп белден шойырылып, өмірлік мүгедек болып қалған екен.

Ол керемет қарулы жігіт еді, қалжындап адамның ұстаған жерін қысса, жанын шығаратын. Балдақтарына сүйенгені болмаса, өте күшті екендігіне талай куә болдым. Сондай кездесудің бірінде:

- Сіздің жеңіліс тауып, қорыққан жағдайыңыз болды ма? – деп сұрадым.

- Неге болмасын, болды, - деді ол ойланып. - Отызыншы жылдардағы ашаршылықта ел жан-жаққа тамақ іздеп бет-бетімен тентіреп ауғанда, мен оларға ілеспей қалдым. Күннен күнге күнкөріс қиынға соқты. Ішіп-жеуге түк жоқ. Сонда ол жақта мені нағашым күтіп тұрғандай, бейтаныс біреумен мен де жолға шықтым. Біраз жер жүрген соң, менімен бірге келе жатқан қара дәу тоқтаған жерде маған сұқ көздерін қадап, ішіп-жеп қарайды. Мен аштықтан арып-ашқаным болмаса, балпанақтай, қызыл шырайлы, етжеңді жас едім. Екеуміз де ашпыз, не жолда жүрек жалғайтын ешнәрсеміз болмады. Аш адамдардың жаяу жүрісі өне ме, екі күн жолға түнеп, Аспарадан асып кеткенбіз. Түс қайтқан үлкен бесін шамасында демалып отыр едік, қара дәу әр нәрсені айтып отырып, ай-шай жоқ, мені бассалғаны. Астында жатқан мені өлтірмек болып, бар күшін салып кеңірдегімнен алып ұра бастады. Мен де

кезінде төңіректегінің күштісі едім, ал мына дәу менен өткен керемет күштің иесі екен. Әйтеуір тырбанып жатып, арпалыс үстінде бір амалын тауып, бұлт етіп астынан шығып, қолынан босанған сәтті ұтымды пайдаланып, тұра қаштым. Онымен жекпе-жек айқасу қайда. Менен күші сұмдық басым. Ол да мені табанда қуып, ұстауға қолсозым қалғанда, Алла жар болғыр, зор денесі жүгіруге жарамай өкпесі өшіп, бірте-бірте кейіндеп қалып қойды. Сол сәтті пайдаланып, жалынды жаспын ғой безіп кеттім. Ол: «Енді тимеймін, тоқта» деп алдап айқайлауға көшті. Оның жол бойы екі түнегенде сыр бермегені, елсіз жапан түзге шыққан соң арам ойын іске асырып, мені өлтіріп тамақ етпек екен. Сөйтіп, құдай сәтін салып өлім тұзағынан құтылдым. Енді бір елсіз жерге түнесем қара дәу түнде келіп бас салатындай көзіме елестейді, қатты үрейлендім. Сонымен жол-жөнекей елді мекен іздеп, қараңғы түсе бір қуыста отырған үйге тап болдым. Үй иелеріне болған оқиғаны айтып бердім. Бірақ, олар менің шын сөзіме сенбеді. Әрине, ол уақыт адам бір-біріне сенетін заман емес, екі көзіңнің өзі бір-біріне жау. Содан соң олардан:

- Қол-аяғымды арқанмен байлап қойыңдар. Осы үйге түнеп шығайын, - деп қонуға рұқсат сұрадым.

- Жарайды, айтқаның болсын, - деді үй иесі.

- Олар мейірімді жандар екен, маған жандары ашып тамақ беріп, «сақтықта қорлық жоқ» дегендей, ұйқыға жатардың алдында қол-аяғымды жіппен шандып байлап тастады. Ертеңінде босатып, жолға шығарда тағы да тамақ берді. Үй иелеріне шын көңілімнен шыққан шексіз алғысымды айтып, жолда тағы бір түнеп ауылға аман-есен жеттім, - деді Медер басынан өткен осы сұмдық оқиғаны есіне түсіріп.

## **Нұрман бимен кездесу**

- Енді Нұрман бимен бірінші рет қалай кездескенімді айтып берейін, - деді Сауытбек ақсақал тағы бір әңгіменің ұшын шығарып. - Ол кісінің қазақ даласын жайпап өткен отызыншы жылдардағы нәубет кезінде аштықтан ағайын-туыстарын, ауыл-аймағын құтқаруға әрекет жасағаны жайында күні бүгінге дейін ел арасында айтылып жүрген әңгімені талай естіп едім. Бірақ өзін көрген емеспін, сырттай білемін.

Кейінірек «Көлқұдықтағы» дүкенге сатушы болып баратын болдым. Төсек-орнымызды машинаның үстіне салып, жолға шықтық. Ирелендеген жолмен біраз жүргеннен кейін еңіске түсе бергенде, бір ауылдың үстінен түстік.

Бізді бәрінен бұрын қарсы алған қара, ала төбеттер арпылдап үріп, олардың артын ала сары қаншық ит емшектерін салпылдатып, шәуілдеп жүгірді. Иттердің үрген даусынан далаға 2-3 қара домалақ балалармен бірге ұзын бойлы ақсары кемпір шықты. Состиынқырап тұрып қалған кемпір көліктің кабинасында отырған Зәбираны көріп, басын созып амандасты. Жүктің үстіндегі

біз де үлкен кісіге бас изеп иек қағыстық. Өңкей қара домалақ балалар үсті, басы кір-кір болып, бізге аңтарылып қарап тұр. Біз оларға бейтаныс жолаушы көрінген соң:

- Қайдан келе жатырсыздар? – деді апай.

- Бұрынғы «Мойынқұм» колхозы, қазіргі «Дружба» совхозынанбыз.

- Ой, өзіміздің ауылдан екенсіңдер ғой, қай елсіңдер? Сарыүйсін бе, Жиенбет пе?

- Жиенбет.

- Иә, тіпті өзіміздің балалар болып шықтыңдар ғой, қай баланың келіншегі боласың?

- Сауытбектің.

- Әлде айналайын-ай, ә! Кәне, үйге түсіңдер. Үйде атаң отыр. Соған сәлем беріңдер. Біз де бөтен емеспіз. Түйенің шұбатын ішіп, шөл басыңдар, - деді апай.

- Апа, бұл қай жер? – деді Зәбира кабинада отырып.

- «Қызқашқан» деген жер. Нұрман деген атаңның үйі, - деп апай Зәбираның қолындағы туғанына бір ай жеті күн болған Галя деген қызымызды алып, машинаның кабинасынан түсірді. Біз де түстік.

Үйдің қасындағы түйелерге арналған бастырма қораның сыртында 4-5 түйе, мына келген бөтендер кім дегендей, тұмсығын көкке көтеріп, қадалып қарап қапты. Қораның ішінде байлаулы боталардың көздері жылтылдайды. Әлгілер сауын түйелер болса керек. Біз үйге келіп тоқтағанда үріп шыққан иттер өз жөнімен кетті.

Үйге кірсек, төрдің шетінде 4-5 қабат көрпе төселген, жанында екі жастық, ақ жейде, дамбалдың сыртынан жұқа қара шибарқыт бешпет киген, оның сыртынан қызыл шибарқыт жұқа шапанды желбегей жамылып, аққұба шал малдас құрып отыр. Жүргенінен отырғаны көп болса керек. Кәрілік әбден иектеген сияқты. Аман-саулықты айтқан соң, даладағы дабырды құлағы шалған ба, маған қарап:

- Әй, сен Мәдімәрдің баласымысың? – деп қураған жапырақтай әжім басқан түрімен ойлана қарап.

- Иә.

- Шешең, үй-ішің аман ба?

- Аман.

Кемпірі де қабаттасып:

- Айналайын-ай, ә! «Жетім жетілмей ме, жарлы жарымай ма» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған. Жетімдікті көп көріп өстің ғой. Сырттарыңнан сұрастырып, аман-есендіктеріңді біліп қоямыз, - деп әйтеуір бір жақындықтың бар екенін білдіріп жаны қалмай жатыр еді, шалы:

- Әй, Құлыншақ, шөлдеп келген балаларға шұбатыңды әкеп берсеңші! – деп кемпірінің сөзін бөліп жіберді.

- Сен әкеңнен қанша жасыңда жетім қалдың? – деді көпті көрген қария.

- Беске жетпей.

- Сенің әкең менен көп кіші еді. Кәріліктен кеткен жоқ. Жас кетті, - дегенді ойлана айтты.

«Міне, әкемнен көп үлкен кісі әлі отыр. Әкем тірі болса, жетімдіктің сазайын тартпас едім, жастайымнан қорлық көрмес едім» деген мұңды ой мені табанда жасытып, көңілім босап, қос жанарымды жасқа толтырып, мөлдір тамшылар үзіліп түсуге шақ қалғанда бетімді көлегейлеп, беторамалыммен шаңын сүрткенсіп, өзімді-өзім әрең ұстап, қайта сөзге араластым.

- Балам, мені танысың ба?

- Жоқ.

- Онда мен Нұрман деген атаң боламын.

- Сыртыңыздан естуім бар. Қойланның әкесісізғой?

- Иә, ол үлкен ұл.

- Мен сізді көрген емеспін, ата.

- Оның рас. Біз басынан сыртта болғанбыз. Онда мен өзімді таныстырайын. Біз Жиенбет атаның ішіндегі Есенбай – Қарабас болып бірге туған ағайын болып келеміз.

- Келін қай елдің қызы? – деп Зәбираға қарады.

- Көкірек.

- Оның қайсысы?

- Туашымыз.

- Онда тазасы екенсің, - деді ата.

Мен ішімнен рудың таза-кірмесі бола ма дегендей ойланып қалдым.

- Сонымен, келін, әкеңнің аты кім? – деп Зәбираға қайта қарады.

- Нарымбек.

Қария танымайтынын сездіріп, ойланды.

- Ата, сіз менің әкемді білмейсіз. Бай-құлақтың тұқымы деп билік тарапынан қуғынға түседі. Жергілікті шалақ белсенділер әкемнің бар малын колхозға өткізіп жіберген көрінеді. Алматыға қашып барып, сонда тұрақтаған екен. Мен де Алматыда туганмын. Елге беріде келіп, Амангелді атындағы колхозға бастық болды. Кейін мұнда қайтыс болды, - деді Зәбира.

- Әкеңнің әкесінің аты кім?

- Шоңбай.

- Әлгі би Шоңбай ма?

- Иә.

- Ол би атаңды көргенім жоқ, сыртынан естуім бар.

- Шоңбай атамды бай деп үйде жатқан жерінен ақ жейде, дамбадымен қызылдар қолына кісен салып, айдап әкетіпті. Сонда атамның қолында өзіне де, ағайын-туыстарына да жететін малы болғаны үшін жаңа өкіметтің алдында «кінәлі» болып шыға келгені ғой. Бірнеше жылдан кейін елге оралып, Хан теуында қайтыс болыпты. Қазір атамның сол жерде тастан қалатып соқтырған сарайы әлі бар. Бүгінде бір шаруашылықтың үлкен қой қорасы болып тұр, - деді Зәбира мұңайып.

- Ә, онда текті жердің қызы екенсің, - деді Нұрман ақсақал. - Сондай заман болды. Елді ашаршылық жайлап, талай-талай қиындықтарды басымыздан кешірдік, ол аз болғандай халықтың қамын ойлаған азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Енді ғана есімізді жидық қой. Ал, жолдарың болсын. Қайда барасыңдар?

- Көлқұдықтағы дүкенді қабылдауға.

- Ол жер құт-береке дарыған жер. Орның құтты болсын, балам.

- Айтқаныңыз келсін, ата.

- Сөйтіп, ата-бабаңның қонысына қайта келген екенсің, қазір сен баратын Көлқұдықтың бұйрат құмдары жал-жал болып, сенің ата-қонысыңмен жалғасып жатыр. Қорыға айтқанда, ата-қонысыңа қайта келіпсің, сол ата-баба әруағы қолдап, орның құтты болсын, - деп қайтадан айтып, ізгі тілегін білдірді.

Сөйтіп, Нұрман қариямен кездейсоқ кездесіп қалдым, сәл кідіргеннің өзінде ол жатқан шежіре, көпті көрген құймақұлақ, сөзге шешен сұңғыла екендігін көрсетті. Көнекөз қарттар Нұрман ата туралы өте зерделі кісі еді, шежірені жақсы білетін, сондай-ақ ашаршылық жылдары ел-жұртқа жасаған қамқорлығы ерекше еді деп айтып отыратын. Осы кездесуде соған менің көзім әбден жетті. Әңгіме барысында талай тың деректер айтып, зобалаң жылдардағы көп оқиғалардың басын шалып өтті.

Қайта жолға шықтық. Әлгі күтіп алған үш ит бір шағын төбеден асқанша, бізді баяғы әдетімен әуілдеп, қабаптаса жүгіре шығарып салды. Үсті-басы кір-кір қара домалақ балалар да көз ұшында ғайып болғанша ұзатып, бізге қарап тұрып қалды. Біраз жүргенге дейін атаның айтқан әңгімесі ойымнан шықпады. Қария жасы келіп жалғыздықтан зерікті ме, әлде әңгімелесетін жан таппай отырды ма, әйтеуір, бізді жібергісі келмейтін сыңай білдіргендей болды.

Жол-жөнекей Нұрман ақсақалдың ашаршылық туралы айтқан әңгімесі ойымнан кетпей, әкем Мәдімәрдің нәубет жылдарында жаңа өкіметтің қаһарынан тайсалмай ағайын-туыстарына, ауылдастарына шамасы келгенше қол ұшын бергені есіме түсіп кеудемді мақтаныш сезімі кернеді...

## **100 жасқа келген Бибігүл әжемен сұхбат Елдің берекесі қашқан заман болды ғой**

Бұл жолғы сапарымыз Алға ауылынан басталып, бүгінде 100 жасқа толып отырған ақ жаулықты Бибігүл кейуанаға жолығып, одан нәубет жылдардағы ашаршылық зардаптары жайында айтып беруді өтінген едік. Омірдің ыстығы мен суығын көп көрген әже ұзақ ойланып өткенді еске түсіргендей болды.

- Жарайды, есімде қалған оқиғаларды айтып беруге тырысайын. Мен, Кәдірбекова Бибігүл, Шу ауданы Алға ауылында 1916 жылы қақаған қыста

дүниеге келіпін. Қанша дегенмен, кәрілік жеңіп барады ғой, бастан өткен кейбір жағдайларды ұмытыңқырап қалдым. Сондықтан әңгіме барысында менен сұрап отырыңдар, қарақтарым, - деді.

- Апа, елдің басына төнген ашаршылық жылдары сіз оң-солыңызды танып, 14-15 жасқа келіп қалған екенсіз? Нәубеттің қасіреті бүкіл елді қамтыды ғой, ал сіздің отбасыңыз сол кезде қандай ауыртпалықтарды басына кешірді?

- Менің білетінім, 1929 жылдан бастап ел-жұрттың берекесі қашты. Жоғарыдан келген билік өкілдері жергілікті шолақ белсенділерге арқа сүйеп ауылдағы малы бар адамдардың барлық малын, дүние-мүлкін түк қалдырмай сыпырып алды. Тігерге тұяқ қалдырмады, үлкен-кіші, бала-шаға жылап-сықтап, шулап қала берді. Белінде тапаншасы бар милиция ерткен уәкілдерге бір ауыз сөз айтуға ешкімнің батылы жетпеді.

Алғашқы кезде жұрт өкіметтің мұндай әрекетін түсінбеді, бүкіл ауылға қамқорлық жасап, оларға жұмыс тауып беріп, асырап отырған ауқатты байлардың ақ адал малын тартып алып, өздерін қудалай бастағаны - олардың қарамағында «көйлегі көк, тамағы тоқ» болып еңбек етіп жүрген ағайындарға да кедейлерге де ауыр соққы болды. Әкем Нұрқұл қарапайым шаруа еді, қолымызда бір сиыр, құлынды бие, 10 шақты уақ мал ғана бар болатын. Рәзия шешем Шу өңіріне алапат ашаршылық келгенге дейін ауыр науқастан сайтыс болып кетті. Анамның мезгілінен бұрын қаза тапқаны бәріміздің қызығамызға қатты батты, жылап-сықтап қайғырып қала бердік.

Алдымызда тағы да ауыр қиындықтар күтіп тұрғанын ол кезде біз білген жоқпыз. Алғашында артель, кейін колхозға біріктіру дегенді өкімет қолға ала бастады. Ауылдағы барлық малды бір ортаға жинап, жаңадан құрылған колхозға өткізіп жіберді. Тіпті, ешнәрседен хабары жоқ, сауатсыз шолақ белсенділер «шаш ал десе, бас алды» дегендей, кедейлер мен жарлы-ақыбайлардың малына да ауыз салды. Осының бәрін өз көзіммен көрдім. Сонау ежелден мал өнімдерін (ет, сүт, құрт, айран, қымыз т. б.) пайдаланып келген бізге малсыз жан сақтау ауыр тиді. Бұл кезде егіншілікпен айналысуға елі үйрене қойған жоқ едік. Қолымыздағы азық-түлік қоры таусылып, жейтін тамағымыз қалмады. Біздің әулет қана емес, бүкіл ауыл аштыққа ұшырай бастады...

Ашаршылық жылдарында әкем колхоздың қорада ұсталатын мініс аттанын бақты, әрі қарауылы болды. Мен, әкем екеуіміз бірге тұрып, әупірімдеп өзімізді көрдік, ал әжем үлкен баласының қолында болатын. Сіңлім Орынкүл әжемнің екінші әйелінің қызы еді, ол шешесімен бірге омір сүріп жатты. Қазіргі кезде сіңлім өсіп-өніп, Алматы қаласында тұрады.

Зұлмат жылдары күнкөрістің қамымен осылайша жеке-жеке тірлігімізді жасауға мәжбүр болдық. Әйтпесе, аштықтан құтылу мүмкін емес еді.

**- Аштықтан қалай аман қалдыңыздар, нені қорек еттіңіздер? Әкеңіз бен әжеңіздің қамқорлығы ерекше болған шығар?**

- Әкем ат бағып жүріп, күн сайын қойын-қонышына жасырып, бір уыстай арпа алып келеді. Арпаны суға қайнатып, бұқтырып айран қосып ішеміз. Үйдегі биені құлынымен, 10 шақты қой-ешкінің бәрін ауыл белсенділері тартып алып, колхоздың меншігіне өткізіп жіберген, жалғыз сиырды ғана әкем ауданнан келген уәкілдерге жалынып-жалбарынып, әрең алып қалған болатын. Бір мезгіл сиырдың сүтіне қуырылған арпаны араластырып, сүт көже жасап қоректенеміз. Бұл да аш қарынға әжептәуір әл-қуат береді. Бар тамағымыз осы ғана. Әкемнің ағасы аштықтың азабын тартып, ауыр науқастан қаза тапқан соң әжем қолымызға келді. Әкемнің менімен қатарлас қарындасы да баратын жері болмай, біздің қазанға ортақ болды. Енді жағдайымыз бұрынғыдан да ауырлай түсті.

Әжем ертеңмен колхоздың жұмысына кетерінде маған және әкемнің қарындасына екі қасық қана арпаның талқаны мен қайнаған су беріп кетеді. Басқа тамақ атымен жоқ, осыны кешке дейін қанағат етеміз. Ал кешке әкем мен әжем жұмыстан келердің алдында сүт қосқан арпа көжені пісіріп қоямын. Қазір айтуға оңай, ол кезде қандай қиындықты көрсек те, бұралып аш жүрсек те бәріне шыдадық. Қазір бұрын-соңды болмаған алапат ашаршылықтан аман қалғанымызға шүкіршілік етіп отырамын.

**- Осындай ауыр күндері көршілеріңіздің жағдайы, тұрмыс-тіршілігі қандай болды, олармен қарым-қатынас жасап тұрдыңыздар ма?**

- Көршілердің жағдайы бізден де ауыр болды, бір-бірімізге қарайласып тұруға халіміз, шама-шарқымыз қайдан жетсін. Бұдан былай Алла тағала адамның басына салмасын, небір сұмдық азапты күндерді басымыздан кешірдік қой. Елдің көбі күркеде тұрды, өйткені, олардың жарамды киіз үйлерін билік өкілдері колхозға алып қойды. Ауыл адамдары тамақ іздеп Шу стансасындағы вокзалға баратын. Ол жерде әркімнен қайыр сұрап жүретін жан-жақтан келген аштардың қарасы көп болды. Бір үзім нанға зар болып, ісіп-кеуіп жатқан адамдардан стансаның маңында аяқ алып жүре алмайтын-дай еді...

Бір күні жақын көршінің үйінен шыңғырған жас баланың даусындай дыбыс естілді. Не болды деп жақындап барсақ, тасбақаны қазандағы қайнаған суға салып жіберіпті. Сөйтсе, ыстық суда сыртқы сүйегінен бөлінген тасбақаның етін жейді екен.

Шу өзенінің жағалауындағы сай-салалардан саршұнақтың ініне су құйып, іннен шыға бергенде басынан ұрып алып, ашаршылықта күнін көрген адамдарды да көрдік. Не керек, әркім өзінің қара басын ойлап өлмеудің жолын іздестірген ғой.

**- Еліміздің басына қасірет төнген жылдары Шу аймағындағы халықтың көбі туған жерінде аштықтың азабын тартып, бала-шағасын, туған-туысқандарын аман алып қалуға әрекет жасап Қырғызстанға**



үдере көшкенін және Қытай асқанын тарихтан жақсы білеміз. Ал, сіздер тапжылмай қазіргі «Алға» ауылында отырып қалдыңыздар ма, әлде басқа елге көшіп кеттіңіздер ме?

- 1932 жылдың күзіне қарай біздің отбасымыздың күнкөрісі нашарлады. Әкем мен әжем ертеңнен қара кешке дейін колхозда еңбек етсе де, мемлекет тарапынан ешқандай көмек берілмеді. Тіпті, әкемнің күнде әкелетін бір уыс арпасына да қолымыз жетпей қалды. Қалай тіршілік етеміз, не істейміз? Қараптан қарап тұрып аштан өлуге болмайды. Бір-екі жыл бұрын Меркіге көшіп кеткен ағайындарды жағалап, сол жаққа бет алдық. Аздаған көрпестастығымызды, ыдыс-аяқты үйдегі жалғыз сиырға артып алдық та жетектеп, таяу-жалпылап Меркі мен Шудың ортасындағы «Тәтті» деген ауылға жолда екі қонып жеттік. Бұл ауылға тау қыраттарынан ағатын бір қайнар бұлағының суы басқа бұлақтарға қарағанда мөлдір, тұзы аз болып келеді. Сондықтан осы елді-мекенді ертеден-ақ жергілікті халық «Тәтті» деп атап кеткен екен. Күні бүгінге дейін бұл ауылдағы тәтті судың емдік қасиеттері болғандықтан Шудың ішіндегі ауыл-аймақтардың тұрғындары тасып ішеді.

Жол-жөнекей тағы бір қонып, Меркідегі ағайындарды тауып алып, қонып қалдық. Әкем бір айға жуық жұмыс таба алмай жүрді. Ақырында, ауылдықтардың көмегімен Нұрқұл әкем бір мекемеге күзетші болып орналасты. Қайдан әкелетінін білмеймін, күнде үйге балық әкеледі. Сиырдың сүті мен балық бар, сонымен бірге әкем анда-санда қос уыс бидай алып келіп жүрді. Бидайды қазанға қуырып, сүтке шылап жейміз. Біздің тұрған жеріміз – сол кездегі қой совхозы еді. Сонымен жағдайымыз бұрынғыға қарағанда біршама жақсара түсті. Біз Меркіге көшіп келгенде мұнда тұратын жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі біршама жақсарып қалғанын байқадық.

Әруағыңнан айналайын, зобалаң жылдардағы қиындықтарға қарамастан, әкем менің оқып, білім алуыма толық жағдай жасады. Сөйтіп жүріп Меркіде білім алуыма қолдау берді. Сол кездегі мұғалімдердің ел арасындағы беделі жоғары болды, балаларға сабақты өмірмен тығыз байланыстырып, қызықты етіп өткізетін. Бұл 7 жылдық оқу – қазіргі жалпыға бірдей орта білім беретін 11 жылдық оқумен пара-пар болатын.

- Қазіргі кезде ұрпақтарыңыз өсіп-өніп жатқан шығар, ол туралы не білгеніңізді білдіріп беріңіздерме?

- Өзімнің шыққан жерім – Күнту. Бойжеткен соң қыпшақ еліне тұрмысқа келдім. Құдайға шүкір, 4 ұл, 2 қызым бар. Біреуден ілгері, біреуден кейін туғандей, осындай бақытты заманда өмір сүріп жатырмын. Биыл жасым 100-ге толды. Нәубет жылдары қаншама ауыр күндерді басымнан кешірсем де, тағдырдың тауқыметін тартсам да, өткен өміріме өкінбеймін. Себебі, бұл өмірдің ғана басыма түскен қасірет емес, бүкіл қазақ елін жайлаған зұлмат еді, - деп Бибігүл әже әңгімесін аяқтады.

- Рақмет сұхбат бергеніңізге, бала-шағаңыздың ортасында бақытқа, денсаулыққа, шаттыққа бөленіп ұзақ ғұмыр жасай беріңіз. Денсаулығыңыз әрдайым болсын!

### Біз көрген қасірет

Дәметкен әже қазіргі кезде немересінің қолында Алға ауылында тұрады. Сонау алыста қалған оқиғалардың кейбіреуін ұмытып қалғаны болмаса, өз басынан кешірген жағдайларды анықтап айтып берді. Әженің сөзі нық, қимылы ширақ, ақыл-ойы сергек. Өзінің өткен тарихтан да хабары бар екендігін әңгіме барысында байқадық. Қиын-қыстау заманда жеті жылдық білім алған.

- Екі жасымда әке-шешеден айырылып, жетім қалдым. Кейін білдім ғой, - деді кейуана. - Нағашым Әлімбай 1916 жылғы Шу-Меркі аймағында қазақтардың Патша өкіметіне қарсы болған көтерілісінен екі жыл бұрын дүниеге келгенімді айтып отырушы еді. Жеке куәлігімде 1914 жылы туылған деп жазылған. Сол кезде біздің ағайын-туыстар Шу өзенінің сол жағалауындағы шағын Троицкі (қазір Шу ауданының орталығы – Төле би ауылы) селосында орыстармен бірге тұрған екен. 1904-1905 жылдары Ресейден келімсектерді бастап келген Троицкий деген көпес болыпты. Сондықтан көпестің атымен село осылай аталып кеткен. Ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін «Троицкі» сөзіне «Ново» қосылып, елді мекеннің атауы «Новотроицкі» болды.

XX ғасырдың басында Ақ патшаның жүргізген саясаты бойынша орыс шаруаларын алыс аймақтағы қазақ еліне жібере бастаған. Ол бір жағынан, шаруаларды жермен қамтамасыз ету болса, екінші жағынан, ұлан-байтақ қазақ жеріне тереңірек еніп, бұрыннан ойластыра бастаған отаршылдық ниеттерін одан әрі жалғастыру еді. Ресей өкіметінің қолдауына арқа сүйеген орыстар келе салып, қазақтарды ежелден атақонысы болған мекендері мен шұрайлы жерлерінен күшпен ығыстыра бастады. Менің де ата-бабаларым осындай қиындықтарға тап болды.

Тұл жетім қалған мені нағашым Әлімбай асырап алып, қамқорлығына алады. Менің шешем Әлімбайдың әкпесі болатын. Ол кісінің әйелі Жамал туған анамдай мейірімділік көрсетіп, бетімнен қақпады. Әлімбай тәтемді (Мен нағашымды тәте деймін) кедей болғандықтан Кеңес өкіметінің жергілікті шолақ белсенділері колхозға кіруге үгіттеді. Үйде бар болғаны бір сиыр ғана болды. Соның өзінде сиырдың сүтін, майын бала-шағаның аузынан жырып мемлекетке өткізуге тура келді. Бұл елге салынған салықтың бір түрі еді. Бермеске амал қалмады, ауыл белсенділері ай-шайға қарамай тартып алып кететін. Осындай заман болған. Байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеп, өздерін ағайын-туыстарымен бірге алыс аймақтарға жер аударып жатты. Абақтыға жабылып итжеккенге айдалғандары қаншама...

Нағашым колхоз қырманында қарауыл болды, жұмыстан қайтар кезде жергілікті билік өкілдері оның бас-аяғына дейін тінтіп, егер қалтасынан бір түйір дән табылса болғаны дереу қамауға алады екен. Біз үйде көзіміз

жәутендеп, әкеміз не әкеледі деп, кешке дейін жолға қараумен боламыз. Өзінің басына қауіп төнетінін біле тұрса да тәтем етігінің қонышына бидай салып алып келетін. «Аштық не жегізбейді...» дегендей, Жамал апам бидайды суға қайнатып бұқтырады да, оған айран қосып көже жасайды. Ауылды жайлаған ашаршылық жылдарында мұндай тамақ екінің бірінде бола бермейтін.

Новотроицкіде көршілеріміз орыстар болды. Олар қызанақ, қияр, картоп сияқты тағы басқа көкөніс дақылдарын егеді. Ол кезде біз сүт, айран, құрт, май, қымыз секілді мал өнімдерін ғана пайдаланатын едік, ал егіншілікпен айналысуға дағдыланбаған кезіміз. Бала болған соң орыстың қыздарымен ойнаймын, олар менің Дәметкен деген атымды айтуға тілдері келмей, «Душа» деп атайтын. Орыстың тілін де біршама үйреніп алдым, олармен қарым-қатынасымыз жақсы болды. Біздің бағымызға қарай орыс көршілеріміз мейірімді жандар болды. Отбасымыздың ашығып отырғанын көріп көкөністен беріп тұрды, сонымен бірге өздерінен қалған картоптың майдасын да беретін еді. Соған қарамастан ғасырлар бойы ет, жал-жая, қазы-қарта, сүт, айран, қымыз ішіп үйренген бізді мұндай өсімдік тағамдары аштықтан құтқара алмады. Ауыр азапты күндерді басымыздан кешіруге тура келді. Новотроицкі көшелерінде, қираған үйлердің маңайында, бұталардың түбінде адамдардың өліктеріне толып кетті. Аудандағы арнайы жасақ күнде атты арбамен түске дейін мәйіттерді жинап, ауылдың сыртына алып кететін. Осының бәрі майдан жүрдай болған елді ашаршылыққа ұрындырған өкіметтің соқыр саясатынан туындаған қызыл қырғын еді. Кейін білдік қой, Кеңес өкіметі сол жылдары қазақтардың тағдырына қатыгездікпен қараған екен. Шу өңірі тұрғындарының көбі Қырғызстанға, Қытайға көшуге мәжбүр болып, биліктің қуғындауы мен ашаршылықтан бас сауғалады. Зұлмат қинап тұрған кезде мен оң-солымды танып қалған едім. Осы қиын көріністің бәрі менің көз алдымнан өтті. Сондықтан күні бүгінге дейін ұмыта алмаймын, ел-жұрттың басына түскен небір сұмдықтар есіме түссе жүрегім қақ айырылады.

1932 жылдың жазында аштық әбден қысып, Жамал апам мені ертіп Қырғызстанға баруға дайындала бастады. Үйдегі бар тары-талқанды дорбаға салып арқамызға таңып алдық та, жолға шықтық. Меркіден 50 шақырымдай қашықтықта жатқан «Тәтті» ауылына жаяу-жалпылап әрең жеттік. Алдымызда талай жол болғандықтан дорбадағы талқанды үнемдеп, жол-жөнекей бір қасықтай талқанды қара суға шылап жеп аламыз. Соның өзі бізге әжептәуір күш-қуат береді. «Тәттіге» келген соң апам үй-үйлерді аралап жүріп, бір тостағандай айран сұрап алды. Ашығып келе жатқан біз айранға талқанды шылап жеп, әліміз кіріп, көңіліміз жадырап қалды. «Ас – адамның арқауы» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған екен.

Биік шыңдарын ақ қар, көк мұз басқан Алатауды бетке алып, қыратты тау жоталарының арасында тапталған жалғыз аяқ жолмен алға қарай жылжи береміз... Жол бойы өліп жатқан адамдарға толы, оларға қараудың өзі өте қорқынышты, төбе шашынды тік тұрғызады. Бір адам қолындағы бір үзім

нанды ұстаған қалпында жантәсілім еткен. Аштықтан әлсіреп келе жатқан бейшара аузына нанды салуға шамасы жетпеді ме, әлде бала-шағасына сақтап бергісі келді ме? Әйтеуір, қиналып дйттеген жеріне жете алмай көз жұмғаны көрініп тұр. Қырғыз еліне жақындаған кезде құндақтаулы сәби аузын ашқан күйі өліп қалған. Әке-шешесінің баланың бетін жабуға да мұршасы келмеген көрінеді. Небір сұмдықтарды жол бойынан көре-көре, кез келген жерге түнеп, бір аптадай уақыттың ішінде аштықтан жанымыз қиналып, қырғыз жеріне де табанымыз тиді.

Қырғыз еліндегі тіршілігіміз оңға баспады. Алғашқы кезде бір қырғызға жалданып, ертеңнен қара кешке дейін бау-бақшада жұмыс істеуге мәжбүр болдық. Еңбек ақымызға күніне жарты бөлке қара нан аламыз, соны қанағат етіп қайнаған сумен араластырып жейміз. Бұдай басқа ішіп-жейтін тамақ болмады. Аштық күннен күнге қыса берді. Түн қараңғысын жамылып үйлердің есіктерін тоқылдатып, қайыр сұраймыз. Мейірімді жандар біздің аянышты халімізге жанашырлық танытып, аз ғана талғажау етегін бірдемелер береді, ал кейбіреулері «қаңғыған қазақтар» деп, ауласындағы иттерін босатып, айдақтап қуып шыққан оқиғалар да болды. Осындай азапқа, қорлыққа шыдай алмай үш-төрт ай тұрып, елге қайтуды жөн көрдік.

Сол баяғыдай жол бойында шұбырған, аш-жалаңаш келе жатқан жұрт бір-біріне қарайласуға шамасы келмейді, ілбіп жүріп келеді. Бір-бірінің халін сұрауға, көмектесуге қорқатындай көрінеді. Әркім өзінің қара басымен әлек. Көздерінің жанары солғын, бұл дүниеден үміт күтпейтіндей нышан бет-әлпеттерінде білінеді. Аш адамдар өздерінің қайда бара жатқанын да білмейтін сияқты.

Елге қайтардың алдында жинаған азық-түлік қорымызды дорбаға салып, жүріп кетіп едік. Ол да таусылды. Бірнеше күн жол жүріп, аштықтан қалжырап «Ойтал» деген жерге эзер жетіп, біраз тыныс алдық. Аш адам шөлдегіш келеді екен, діңкеміз құрып қайта-қайта су ішеміз. Маңдайымыздан қара теріміз сорғалап су ішкен сайын әлсірей бердік. Сөйтіп, «шықпа жаным, шықпа» деп «Тәтті» ауылына жеткенде артта қалған қиыншылықтар бір сәт ұмытылғандай болып, көңіліміз жадырап қалды. Қанша дегенмен, елдің шетіне келгенімізді медет тұтамыз. Осы ауылдан Новотроицкі селосына дейін 60 шақырымдай болады екен. Жолда екі түнеп үшінші күні үйге де жеттік-ау, әйтеуір! Жамал апа екеуміз Қырғызстанға кеткенде Әлімбай тәтем ағасының үш баласымен үйде қалған еді. Балалардың әке-шешесі ашаршылықтың салдарынан ауыр науқасқа шалдығып, қайтыс болып кеткен. Олардың артында аңырап үш жетім қалды, кішісі – Молдабек 8 жаста, Рақила 11 жаста, үлкені – Әріп 13 жаста болды.

Әлімбай тәтем жетімдерді ашаршылықтан аман алып қалу үшін Новотроицкідегі балалар үйіне (детдом) орналастырады. Әкесі кедей болғандықтан жетім балаларды детдомға бірден қабылдайды. Сол кезде детдомның да жағдайы мәз емес екен. Тамаққа жетімдер бірде тойса, бірде

аш қалады екен, төсек-орын жеткіліксіз болғандықтан, балаларды тақыр жерге қамыс, сабан төсеп жатқызады. Аштық жылдарында әке-шешесінен, туған-туысқандарынан айырылған, қараусыз қалған балалар Шу стансасындағы вокзалда, көшелерде қаңғырып жүрді. Аш-жалаңаш жүрген жасөспірімдерді Кеңестік билік өкілдері жинап, детдомға өткізіп отырған. Аудандағы детдомға симаған балаларды Жамбыл (қазір Тараз) қаласына алып кетіп, сонда орналастырады екен. Новотроицкі детдомындағы тәрбиешілердің айтуына қарағанда, біздің үш бауырымыз – Молдабек, Рақила және Әріпті екі-үш айдан кейін қалаға жіберген көрінеді. Олардың артынан іздеп баруға аштықтан бұралып жүрген біздің шамамыз қайдан жетсін, қолымызда қаражат та, тамақ та болмады. Өзіміз күн санап өлместің күнін көріп отырдық. Содан олар хабарсыз кетті, күні бүгінге дейін өлі ме, тірі ме ешқандай мәлімет табылмады. Сөйтіп, отызыншы жылдардағы Сталин басқарған Кеңес өкіметінің солақай саясатының кесірінен туысқандарымыздан тірідей айырылып қалдық. Бұл дүниеде бұдан артық өкініш, бұдан артық қайғы бола ма?

1932 жылдың көктемінде Шудағы 16-17 жастағы қыздарды жинап, пойызбен Семей қаласына алып барды.

- Бізді қайда әкетіп бара жатырсыңдар, барған жерде қандай жұмыс істейміз? – деген сұрағымызға қысқа ғана жауап аламыз.

- Бара көресіңдер, сонда бәрін түсіндіреді, - дейді бізді алып бара жатқан басшымыз.

Семейде көп аялдаған жоқпыз, екі-үш күннен соң қайтадан пойызға отырғызып, Қарағанды қаласына алып келді. Осы жерде бізді бірден жұмысқа салды. Жер астындағы шахтада 9 ай ауыр жұмыста болдық. Кейбір күндері қойдың жүнін жуатын, жүн түтетін қоймаға апарып жұмыс істетті. Тамақ жағы жеткіліксіз, қара нанды суға қайнатып жеуге тура келді. Әйтеуір, аштан өлмеудің қамын жасаймыз. Тоғыз айдан соң бәрімізді ауылға қайтарды.

Ауылға келген соң бірден колхоздың жұмысына кірісіп кеттік. Ол кезде жаңадан құрылған колхозда техника атымен жоқ, барлық жұмыс қолмен істеледі. Келе салысымен бәрімізді жергілікті билік ертеңнен қараңғы түскенше ауыр қара жұмысқа салды. Қаншама шаршап-шалдығып жүрсек те қолорақпен колхоздың тарысын, арпасын ордық. Сол астықтан бір түйір дән де алуға рұқсат етпейді. Елдің жағдайы, тұрмыс-тіршілігі әлі де нашар. 1933 жылдан бастап Қазақстанға басшы болып келген Л. Мирзоянның тұсында халыққа бірлі-жарым мал, аздаған азық-түлік беріле бастады. Әрине, бұл жоғарыдан түскен нұсқау болса керек. Өйткені, Германияда өкімет басына фашизмнің келуі, сондай-ақ халықаралық қатынастардың шиеленісуі - Сталиннің Қазақстандағы ашаршылық нәубетін тоқтатуға мәжбүр болғанын бүгінде ғана біліп отырмыз ғой. Бұған дейін биліктің солақай саясатының кесірінен қазақ халқы аштықтан миллиондап қырылып кетті. 1935 жылдан елдің жағдайы жақсара бастаған кезде, көп ұзамай 1937-1938 жылдары ұлт зиялыларын саяси қуғын-сүргінге ұшыратқанын да көрдім, - деді кейуана.

## Мұрағатшы Тамаша Расилов ақсақалдың естелігі Ашыққан ел-жұртына бар көмегін аямаған азаматтар

Тамаша қария біздің келген мақсатымызды білгеннен соң әңгімесін арғы тарихтан бастады.

- XIX ғасырдың екінші жартысында Ұлы жүз мекендеген өңірлерді Ресей мемлекеті өз құрамына алып, ал оңтүстік аймақ Сырдария мен Жетісудің қарамағында қалған. Әулие-Ата уезі патша үкіметінің 1867 жылы 11 маусымдағы қабылдаған «Жаңа жерлерді басқару» жөніндегі ережеге сәйкес құрылды. Сол кезде Әулие-Ата уезіне 22 болыс қараған. Осы уездің құрамында болған Ақашақ болысының жер көлемі мен халық санының көптігіне байланысты басқаруды жеңілдету үшін Шу мен Қорағаты өзендерінің аралығын мекен еткен елді бөліп, XIX ғасырдың 70 жылдарында Шу өзенінің арғы және бергі бетіндегі сарыүйсін, шымыр, күнту, бестерек, жалайыр, жиенбет т. б. рулардың басын қосқан Аша болысы құрылады. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, 1870 жылы 21 мамырда жиенбет руынан шыққан жас жігіт Тілеуқабыл Берікұлы Әулие-Ата уезінің бұйрығымен Аша өңіріне болыс болып бекітіледі.

Тілеуқабыл өз заманында Аша елін басқара жүріп, көптеген игі істерге мұрындық болған, елдің сауатын ашуға, көшпелі жұрттың диханшылықпен айналысуына жағдай жасаған, қашанда ел бірлігін, ағайын-туыстардың татулығын ойлаған болыс болды. Ол Әулие-Ата уезіне қарасты Аша елінің тұңғыш болысы ретінде Шу халқының есінде мәңгі сақталып қалды. Тілеуқабыл болыс 1927 жылы өмірден өтті. 1990 жылы ел болып жиналып, оның жатқан жеріне айшықты күмбез орнатты.

XX ғасырдың 30-жылдарында өкіметтің солақай саясатының салдарынан қазақ халқы бұрын-соңды болмаған жойқын ашаршылыққа ұшырап, қынадай қырылды ғой. Бір үзім нан таба алмай шетел асып кеткені қаншама.

Елге аштық төнген кезде Аша еліндегі жиенбет руынан шыққан Нұрман би мен Ерғазы, сол сияқты Шу өңіріндегі Нұржаубек ұста, Шінәлі бай және т. б. елдің қамын ойлаған азаматтар болған.

- Кеңес өкіметі орнағаннан кейін көп ұзамай лениндік принциптер бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған зұлмат жылдар, нәубет, қанқырғын болған кезде қазақ елінің басына бұрын-соңды болмаған қасірет күндер келді. 30-жылдардағы биліктің озбырлығының кесірінен қазақ тарихы дұрыс жазылмады, елдің қамын, бірлігін ойлаған «мың өліп, мың тірілген» ата-бабаларымыз жайында және ашаршылық туралы шындықты айта алмайтын заман болды. Аштықты басынан өткерген қазіргі қарттардың жүріп өткен жолдары, көрген қайғы-қасіреттері және олардың елі үшін жасаған игі істері жөнінде жазуға, айтуға Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолымыз жетті, - деп Тамаша қария әңгімесін бір қайырып тастады.

Ол өзінің жазбаларында ашаршылық жылдарында елге қамқор болған Нұрман би туралы ел аузында сақталған деректерді келтіреді:

- Нұрман ақсақал 1882 жылы Шу өңірінде дүниеге келіп, 1968 жылы туған елінде бұл өмірден озды. Жиенбет елінің бірлігін, татулығын ойлаған, тіпті, елде ашаршылық нәубеті орнаған жылдары Кеңес өкіметінің қатал тәртібіне қарамастан, басын қатерге тігіп ағайындарының, туған-туысқандарының аман қалуын ойластырған Әділбайұлы Нұрман би туралы көнекөз қариялардың айтқан әңгімелеріне құлақ түріп жүрдім.

Нұрман 18 жасынан бастап ел арасындағы мал дауын, жер дауын, жесір дауын шешуге белсене араласып, өзінің әділдігімен көзге түскен екен. Сондықтан да Шу өңірінің халқы Нұрман би деп атап кеткен. Жастайынан қағылез, табиғатынан зерек ақсақал Кеңес өкіметі орнаған кезде жаңа өмірге тез бейімделіп, елді біріктіруге, ұжымдастыруға белсене атсалысады. Отызыншы жылдары бүкіл қазақ елінде колхоздарға біріктіру жаппай бағыт алғанда Шу аймағында да Кеңестік уәкілдер халықтан күштеп тартып алған малды бір ортаға жинап, «Турксиб» колхозына береді. Жоғарыдан келген өкіметтің өкілдері ары-бері ойластырып, алғашқы колхоздың елден жиналған 3-4 мың малын бас-көз болуға Нұрманға сеніп тапсырады. Жас кезінен шаруаға мығым, уәдеге берік тәрбие алған ол жаңа өкіметтің тапсырмасынан бас тарта алмайды. Мал басын аман сақтап талан-таражға түсірмеу үшін өзінің сенімді ағайындарына баққызып, өзі соларды қадағалап отырады. Шадырқұл деген немере інісіне қой, Арапбай інісі мен Дәулетбай жиеніне жылқыны, ал Шадырқұл інісінің қайынысы Сарыбайға сиыр баққызып, мал санын көбейтіп бірнеше жылдардан соң «Сталин» колхозына өткізеді де, өзі колхозға мүше болып қала береді. Қазіргі уақытта Шу ауданының мұражайында Нұрман қария туралы мәліметтер бар, бірақ толық емес. «Өткенді білмей, жаңа еске түспейді» демекші, ол кісі жайында көнекөз қарттардың жан-жақты естеліктерін жинап, қазіргі және келешектегі ұрпаққа өнеге болатындай етіп, мұражай материалдарын толықтырған жөн болар еді.

Нұрман бидің көзін көрген бүгінгі қариялардың айтуынша, елді ашаршылық апаты жайлаған кезде ол кісі құмды аймақтың ішіндегі «Қобы» деген жерде колхоз малын бағып отырған екен. Отызыншы жылдары колхоздар жаңадан құрыла бастаған тұста Кеңестік билік ұжымның малын союға, тіпті, сиыр, бие, түйелерді де саууға қатаң тыйым салған. Соған қарамастан, өз басына төнетін қауіп-қатерден тайсалмай ашыққан ел-жұртқа, ағайын-туыстарына, ауылдастарына, сондай-ақ бір үзім нан таба алмай басқа жақтан ауып келген босқындарға да қарайласып отырған. Бұл екінің-бірінің қолынан келе бермейтін адамгершілік қасиеттің ең биік шыңы емес пе? Еліне, халқына жаны ашитын азамат қана осындай істерге бара алады.

Сол сияқты қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Тұрар Рысқұлов та Қазақстанға аштық келген жылдары биліктің қаһарынан қорықпай, Сталинге бірнеше рет хат жазып, қазақтардың аштықтан қырылып жатқаны туралы

толық мәлімет беріп, туған халқын апаттан құтқарудың жолын іздестіреді. Бірақ Сталин бастаған большевиктер ежелден қалыптасқан біртұтас қазақ халқына ешқандай көмек көрсетпейді. Биліктің халыққа қарсы қолмен жасаған алапат ашаршылығы екендігі осыдан-ақ анық көрініп тұр.

1933 жылы Германияда А. Гитлер өкімет басына келгеннен кейін ғана Сталиннің «Остановить голод!» деген нұсқауы болды. Өйткені, ол фашизмнің СССР-ге қауіп төндіретінін алдын-ала біліп, аштықтан босып кеткен халықты қайта жинап алу еді. Осы тұста Қазақстанға басшы болып келген Л. Мирзоян мұртты көсемнің тапсырмасын орындау үшін елге азық-түлік, бір-екі уақ мал үлестіре бастады. Аңқау халық бұл Мирзоянның елге жасаған жақсылығы деп түсініп, «Мырзажан» деп атағаны белгілі. Кейіннен анықталғандай, оның да қазақ халқына қарсы істеген әрекеттері де көп болған екен.

- Бұл әңгімені қазір елдің бәрі біледі, сонда да болса сол кездегі жағдайды тағы да еске сала кетейін дегенім ғой, - деп Тамаша қария Нұрман би туралы әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Сонымен Нұрман ата аш-жалаңаш туысқандары мен босып жүрген адамдарды тамақтандыру үшін сауын малдарды түнделетіп сауғызып, ыстық ас ұйымдастырып, босқындарға барар жеріне дейін жететін құрт-май, айран беріп отырған. Қызғаныштың қызыл оты ма, әлде ағайын арасындағы көре алмаушылық па кім білсін? Біреулер «колхоздың малын өзі пайдаланып жатыр» деп арыз жазады. Ауданнан келген тексерушілер Нұрман қарияның әрекетінен ешқандай қылмыстың ізін таба алмай, қайтып кетеді.

Нұрман би елдің шежіресін жақсы білген. Ол кісі тек қана жиенбет руы емес, басқалардың да шыққан тегін, ата-бабаларының тарихын тізбектеп айтып отырады екен. Ағайындары мен ауылдастарының арасындағы келіспеушілік пен әртүрлі дау-дамайды да әділдікпен шешіп отырғанын ешкім ұмытпайды.

Осындай қиын-қыстау кезеңде қазіргі Меркі ауданына қарасты «Тәтті» ауылында тұратын немере-шөберелес інілері Әбдікерім мен Шөменқұлды құм арасымен төтелеп, биліктің көзіне көрінбей іздеп барып, халдерін біліп, қолына түскен азын-аулақ азық-түлікті беріп жүрген. Ағайын-туыстарына ашаршылық заманда бұдан басқа қандай қамқорлық керек? Нұрман атанын елге және аштықтан қаңғып жүрген босқындарға жасаған жақсылығы Шу аймағынан асып, алыс өңірлердегі ел-жұртқа да белгілі болған. Осыған куә болған азаматтар да кездеседі.

.....

Немере інісі Шадырқұл жас кезінде Нұрман бидің қолында тұрып, сол кісінің тәрбиесін алып, баласындай болған. Ол 1941 жылы соғыс басталғанда денсаулығына байланысты әскери қара жұмысқа алынып, хабарсыз кетіпті. Хат-хабар болмаған соң Шадырқұлды өлдіге санап, күдерін үзеді. Алайда соғыс аяқталып, жеті жылдан кейін ол елге аман-есен оралады. Шадырқұлмен амандасуға келген ағайындарының бірі:



- Неге өзің туралы хабар бермедің, тым болмаса бір рет амандығыңды айтып хат жіберсең болмас па еді? – дейді.

Сонда ол:

- Мен еңбек әскерінде Мурманск деген жерде болдым. Өзім хат танымайтын болғандықтан бір татар жігітіне ауылға хат жаздырып салып тұрдым, бірақ сендерден хабар болмады ғой, - депті.

- Біз сенің жазған хаттарыңды алған жоқпыз, бізге жазылған хаттың адресі қандай еді?

- Нұрман ағаны бүкіл қазақ баласы біледі ғой, сондықтан «Қазақстанға, Нұрман ауылына» деп жаздыратынмын, - дейді Шадырқұл аңғал-саңғал, көл-көсір шын көңілін білдіріп.

Сол жерде отырғандар ду күліп, отырғандардың біреуі:

--- Ол рас айтады. Нұрманның үйіне қонақ көп келеді, атаны көп адам таниды, сондықтан солай ойлаған ғой, - деген екен.

.....

- Нұрман бидің көп елге танымал екендігі туралы тағы бір оқиғаны айта кетейін. Жиенбет ауылынан шыққан Медеуов Ынтықбай деген жігіт майор шенімен әскерден запасқа шығады. Ол әскери қызметте жүрген кезде Қазақстанның талай жерінде болған екен. Бірде Қарағанды облысында болып, бір күні көпті көрген қариялар бас қосқан жиында болса керек. Сол жерде жөн сұраған кісілерге ол Шу өңірінде туып-өскенін, аталары мен әкесінің атын атаса ешкім танымайды.

Сонда Ынтықбай тұрып:

- Шудағы Нұрман биді білесіздер ме? – дейді.

Ақсақалдардың біреуі:

- Әлгі жиенбет Нұрман ба? – деп тани кетіпті.

- Ендеше, мен сол кісінің баласымын, - деген екен.

Сол күннен бастап Ынтықбай жөн сұраған кісілерге Ұлы жүзге жататын Шудағы жиенбет руынан шыққан Нұрманның баласы екендігін айтатын болыпты. Ол кісі әскерден босаған соң Шу ауданында бір үлкен мекемені басқарып, «Жиенбет» ауылынан малшылар отыратын қыстауға дейін тас жол салдырып берді.

Нұрман бидің ашаршылық жылдарында елге жасаған қамқорлығы жайында бүгінде ел аузында әңгімелер көп айтылады. Әсіресе, сол кезде Нұрманның жақсылығын көрген Абай, Мойынқұм, Жиенбет, Еңбек, Төле би, Ақтөбе ауылдарының қарттары қазіргі өскелең ұрпаққа сабақ болсын деп үнемі айтып отырады екен.

1968 жылы 86 жасында Нұрман би қайтыс болғанда бүкіл Шу өңірінің жұрты оны арулап қойғаны туралы Тамаша ақсақал былайша еске түсіреді:

«Атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деп ата-бабаларымыз айтып кеткендей, Нұрман ұлтына, дініне, тіліне қарамай,

кім болса да үйіне қонақ ететін елге сыйлы танымал азамат болған. Ол өмірден өткенде аудан болып соңғы сапарға шығарып салды. Өткен ғасырдың 60-жылдарында үлкен кісі қаза болса, мүше беретін дәстүр болған. Мүшенің құны – 100 сом ақша, бір шапан. Ал бүкіл елге сыйлы Нұрман қария бұл дүниеден озғанда, оның өніп-өскен ұрпақтары Шу ауданындағы алты совхоздан қонақтар шақырып, әрқайсысына 200 сом ақша, екі шапаннан таратты. «Мен де Нұрманның бір баласымын» деп ағайыны, соғыс ардагері, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған шопан Сарыбаев Аралбай өз атынан 200 сом ақша, екі шапанды алып келді. Тіптен, елге қадірлі ақсақалдың қазасына Ташкент қаласынан Кенже деген өзбек келіп, «Нұрманның маған да жақсылығы өтіп еді» деп 100 сом ақша, бір қой, бір өзбек шапанын әкеліп, құран бағыштап кетті.

2014 жылы 90 жастағы өзбек Кенже қарияның тапсырмасымен ұлы Ташкенттен Нұрманның ұрпақтарына арнай келіп, амандықтарын біліп қайтқан екен.

.....

Шу өңірінде ашаршылықтың небір сұмдық оқиғалары болды ғой. Мәселен, Нұрманның туған ағасы Құдабайдың баласы Ерғазы жастық шағында байдың жалшысы болып жүреді. Кеңес өкіметі кедейлерді жақтап, байларды қанаушы тап деп санап, жарлы-жақыбайларды өз жағына тарта бастағаны белгілі. Сол кезеңде Ерғазы белсенділік көрсетіп биліктің көзіне түседі де, Жиенбет ауылында құрылған алғашқы артельді басқарады. Одан аудан басшылары артель қамбасындағы астықты ешкімге бермеуді қатаң талап етіп, егер талан-таражға түсетін болса жауапқа тартылатынын айтып ескертеді.

Биліктен қорқып әрі уәдесіне берік Ерғазы бидай мен арпаны шашыратпай өзінің бақылауында ұстайды. Бір күні ауданнан келген есерсоқтау уәкіл артель бастығына көрсетпей, қамбаның күзетшісін қорқытып бір дорба жем алып атына береді. Мұны көрген Ерғазы ашуланып астық халыққа жетпей жатқанда, атқа бергені қай басынғаны деп дорбаны аттан шешіп алып, айқай салып, атты қамшылап босатып жіберген екен. Оның бұл әрекетін көріп тұрған уәкіл «қап, бәлем, ісім сенімен болсын» деп ішіне қаны қатып үндемей жүріп кетеді. Ол кезде Ерғазының жеке меншігінде құлынды биесі мен жұмысқа мінетін аты ғана бар екен. Әлгі уәкіл осы екі жылқыны өзінің ағайындас інісіне әдейі ұрлатып «мемлекет мүлкін талан-таражға салды, өзінің жеке жылқысын мемлекет жылқысымен бірге жоғалды деп қылмысын жасыру үшін өтірік айтып отыр. Сөйтіп, Ерғазы артель жылқысын өзі құртты» деп арыз ұйымдастырып, жала жауып қаматады. Ерғазыны жаладан құтқару үшін Нұрман ақсақал араласып, сол кездегі Аудандық атқару комитетінің төрағасы Момын деген жігітке кіріп жүріп, үш ай ішінде әзер дегенде жазықсыз сотталудан аман алып қалады.

Үйіне оралған Ерғазы артельді қойып, мал-жанымен жеке кетпек болады, бірақ ауылдағы өкіметтің жағымпаз белсенділері «колхозға қосыл, қолыңды бер, әйтпесе сотталасың» деп әбден мазалайды. Осы кезеңде Шу ауданындағы артельдерді біріктіріп, елдің малын колхозға зорлықпен жинап «Берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан» деп ұжымдастыру жүріп жатқан екен. Кеңес өкіметінің қолдауымен жергілікті биліктің озбырлық саясатын түсіне бастаған Ерғазы «ортақ өгізден - жеке бұзауым артық» деген шешімге келіп, «бұл жақта менің жағдайымды ешкім тыңдамас, одан да жоғарғы билік иелдеріне жолығайын» деп, өзі мен отбасын қорғау үшін қасына ағайын інісі Смағұлды ертіп Алматыға жол тартады. Қалаға келіп бір хат танитын адамға арыз жаздырып алады да, Қазақстан басшыларының бірі – Елтай Ерназаровқа ашығып елде колхоздастыру күшпен жүріп жатқанын, халықтың малын, түніне-мүлкін жергілікті белсенділер зорлықпен тартып алып жатқаны жайлы айтады. Ерғазының сөзін тыңдап болған соң Е. Ерназаров: «Елге оралыңыздар, бәрібір колхоздастыру болады. Мемлекетте сондай саясат жүріп жатыр» деп өкіметтің алған бағытын түсіндіреді. Ерғазы одан бір парақ қағаз жазып беруді жалына өтінеді. Қайта-қайта сұрап қоймаған соң Ерназаров хатшысына: «Мына кісіге хат жазып, мөр басып беріңдер» дейді.

Ерғазы бір ауыз сөз жазылып, мөр басылған қағазды алып келіп, ауыл белсенділеріне:

- Мен үлкен жерде болдым, міне, арнайы қағазым бар, маған тимеңіздер, - деп көрсетеді.

- Жарайды, қағазың бар болса, сен өкімет адамысың, саған тиісуге болмайды, - дейді шолақ белсенділердің біреуі.

Хат танымайтын жалған белсенділер Алматыдан алып келген, мөр басылған қағазды көріп «Ерғазыға тиісуге болмайды» деп жазылған екен деп ақсқанып, ол кісіні колхозға кіруге шақырмайды, бір-екі малын тәркілемейді. Күнінше дейін сол қағазда не жазылғанын ешкім білмейді. Осы оқиғадан кейін Ерғазы бала-шағасын, мал-мүлкін алып, қасына Есберген інісін ертіп, ауылдан жырақ құмның ішіндегі «Тоғыз» деген жерге көшіп кетеді. Бүкіл Шу округінің ашаршылық қысып тұрған кезде ол құмның арасында малын бағып, аң-құс аулаумен айналысып аштыққа ұрынбайды.

Ауылда жейтін тамақ болмай, бірнеше апта нәр татпаған адамдар бала-шағасымен бірге қынадай қырылып жатты. Тіпті, колхозға мүше болған шаруалардың өзіне де мемлекет тарапынан жәрдем болмады. Ел-жұрт тоз-тоз болып, басы ауған жаққа босып кетті. Осы кезде Ерғазының «Тоғызда» тұрып отырғанын естіп, алыс-жақын ағайындары шұбырып келе бастады. Аштыққандармен өзінің қолындағы бар азық-түлігімен бөлісіп, сонымен бірге аң-құс аулауға үйретеді. «Тоғыздың» маңайындағы бұталардың арасында қоян көп болса керек. Ерғазы қақпанмен күніне 30 шақты қоян аулайды. Өздерінен артылған қоян еттерін күнге қақтап, кептіріп ауылда ашығып

отырған ауылдастарына жіберіп отырған. Ауылға қақталған қоян еттерін Нұрманның баласы есекпен тасиды.

«Қайда барсаң да қорқыттың көрі» демекші, бүкіл Шу өңірін жайлаған ашаршылық кезінде талай-талай бейшаралар көмусіз қалды, оларға сан жетпейді. Аштықтан әбден қалжыраған адамның ақыл-есінде ауытқушылық пайда болады деп, көпті көрген қариялар айтып отырушы еді. Соның шындығына осы аймақта болған бір сұмдық оқиғадан кейін көзіміз жеткендей болды.

«Тоғызға» жақын «Баба» деген жерде жер кепе қазып мекен еткен, жалғыз-жарым жүрген адамдарды ұстап алып, сойып жейтін бір адам пайда болыпты. Сөйтсе, ол бестерек руынан шыққан Үлек деген адам жегіш екен. Бір күні Нұрманның баласы ауылға қоян етін әкеле жатқанда, ол кездесіп қалады да, баланы ұстамақ болып қуады. Сонда есекке мінген бала эзер дегенде қашып құтылып, болған оқиғаны әкесіне айтып келеді. Сол күннен бастап Нұрман баласын жарты жолға дейін өзі шығарып салып, қайтарда алдынан шығып күтіп алып отырған. Елді тынымсыз мазалап адам етін жеуді қоймаған соң Үлектің інісі ағасын тауып алып мылтықпен атып өлтіреді де, өзі мекен еткен жер кепеге көміп кетеді. Міне, бұл - Кеңес өкіметінің біртұтас халықты аштыққа ұшыратқан соқыр саясатының бір ғана сұмдық көрінісі...

Елдің жағдайы түзелген соң «Тоғызда» отырған жиенбет руының кейбір ағайындары ауылға көше бастады. Елдің ең соңынан ауылға Ерғазы қоныс аударады. Ауылдағы «Өндіріс» колхозының басшылары Төрекүл мен Байсалбай Ерғазыға жолығып:

- Ереке, біздің колхоздың егін шаруашылығында маман болмай тұр, бізге көмектесіңіз, - деп қолқа салады.

Сонда ол:

- Мақұл, шақырсаңдар отбасымның, ағайын-туыстарымның қамы үшін колхозға мүше болайын, - дейді.

Ерғазы келісіп «Өндіріс» колхозында егін бригадасын басқарады. Кейін Шу ауданында «Өндіріс» пен «Жаңалық» колхоздары бірігіп, «Абай» совхозы болып қайта құрылды. Ол осы совхозда біраз уақыт жұмыс істеп, кейінірек Жиенбет ауылына көшіп келіп, сол жерде өмірінің соңына дейін тұрды. Бүгінгі күні Ерғазыдан тараған ұрпақтар Шу ауданының түкпір-түкпірінде әртүрлі кәсіппен айналысуда.

- Сөйтіп, Ерғазының сауаты болмаса да, еті тірлігінің арқасында өзінің бала-шағасын, ағайын-туыстары мен ауылдастарының көбін аранын ашқан аштықтан, жойқын зұлматтан, қуғын-сүргіннен құтқарып қалғанын бүгінгі көнекөз қариялар естеріне алып отырады. Ерғазының басына қатер төнген кезде Нұрман бидің араласуымен өкіметтің ұзын құрығына ілінбеді, итжеккенге айдалмады, - деді Тамаша ақсақал әңгімесінің соңында.

**Автордан.** Шу өңірінде ел басына төнген нәубет жылдарында Нұрман би, Құдабайұлы Ерғазы, Нұржаубек ұста, Шінәлі бай сияқты елдің қамын

ойлаған азаматтар көп болған. Олардың игі істері жөнінде терең зерттеп, ел аузындағы деректерді жинап баспасөз беттерінде жариялап, халыққа таныстырса нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені, жастарға адамгершілік, имандылық және патриоттық тәрбие беруде зобалаң кезіндегі осындай қайырымды жандардың әрекеттері үлгі болатыны анық.

Бүгінде Жиенбет ауылынан шыққан Шу-Мойынқұм-Жамбыл өңірлеріне танымал болған азаматтардың бірі – кәсіпкер, Нұрман бидің кіші баласы Жайлыбай әкесінің қиын-қыстау кезеңде халыққа жасаған игі істерін жалғастырып жатыр десек артық айтқандық емес: Рас, қазір ашаршылық емес, жақсы заман орнап, тәуелсіздікке қол жеткізіп мемлекет дамып келе жатса да, әлі де болса елге және мұқтаж жандарға көмек керек екендігі түсінікті. Жайлыбай Нұрманұлы жеке кәсіпкерлікпен айналысып қана қоймай, туған еліндегі тұрмысы төмен отбасыларына, мектептерге, сондай-ақ ауылдың көркеюіне үлесін қосып жатқанын ел-жұрттың бәрі біледі. 1993 жылдан бастап сауда саласында жеке кәсібін ұйымдастырып, Шу өңірі халқына қызмет көрсетіп келеді. 2015 жылы аудан орталығы – Төле би ауылындағы жаңа көшеге жол салып, жарық орнатып беріп тұрғындарды бір қуантып тастады. Ұзындығы 400 метрге жуық жолға қиыршық тас төселіп, тегістелді. Көшенің жолын ретте келтіруге, электр бағандарын орнатып, әр үйге жарық беру үшін 2 миллион қаржыны Жайлыбай өз есебінен жұмсады.

Халықтың қолдауымен аталған көшеге Нұрман бидің есімі берілді.

- Бұл көше әкеміз Нұрман бидің атымен аталғандықтан, әруағының разылығы үшін тұрғындар тілегін ескеріп, қолдан келгенше көмек көрсетуге тырысып жатырмын. Қазақта «өлі разы бөлмай, тірі байымайды» деген сөз бар. Ол кісінің рухына бағышталған дұға қабыл болып, әруағымен бізді желеп-жебеп жатсын дегеннен басқа тілегіміз жоқ, - дейді Жайлыбай Нұрманұлы.

Жайлыбай сияқты адамгершілігі мол, халықтың қамын ойлайтын, жаны азамат азаматтар көбейе берсін демекпіз.

## **Ардақ Үсейінова биліктің озбырлығын көрген бір отбасының тағдыры туралы әңгімелейді Қара қарға**

- Көз алдымнан жалпылдап ұшып жүрген қара қарға кетпей қойды. Сәулегүл әпкенің айтқан әңгімесіндегі жантүршіктіретілік оқиғалар осылай көлбеңдеп елестей берді... – дейді Ардақ әңгімесінің басында. - Ақ пен қызылдың арпалысқа түсіп, қазақ даласын дүрліктірген қиын заманда Мінтай дүниеге келсе керек. Осындай дүрбелең шақта жарық дүниенің есігін ашқан аның есінде кейінгі сұрқия зобалаңның оқиғалары сақталып қалыпты. Тәркілеу, жер аудару, колхозға біріктіру салдарынан бөлген ашаршылықты бада Мінтай өз көзімен көріп, тағдырдың ауыр тауқыметін бір кісідей-ақ тартты.

Алашапқын жылдары елдің малын зорлықпен тартып алып, ұжымдастыру саясатын жүргізген Кеңес өкіметі тып-тыныш жатқан ауылдың берекесін қашырып, аласұрған дауылдай шайқап өтті. Қора толы қойынан, үйір-үйір жылқысынан айырылған қазақтар зар еңіреп қала берді. Мінтай жылап-сықтаған, шулаған елдің зарынан шырт ұйқыда жатып шошып оянады екен. Сәл есейген кезінде алапат ашаршылыққа тап болды. Шұбырған босқындар ісіп-кеуіп қыстың қақаған аязында, күздің қара суығында діттеген жерлеріне жете алмай өліп жатты. Аштықтың азабын тартқан бейшара ана қызы Сәулегүлге көзінен жасы сорғалап айтып отырған.

Аласапыран заманда әуірімдеп аман қалған әкенің тағдыры, төркіні жайлы сөз қозғала қалса, көз жасы құрғамайтын ананың зары оны ерте есейткен екен. Бала болып асыр салып ойнайтын шағында шешесінің қас-қабағын бағып, өткен күндердің ауыр естелігін құлағына құйып өскені де содан шығар, бәлкім. Бірақ, кейінгі өмірінде осы құймақұлақтығының пайдасын көрмесе, зияны тиген жоқ. Ең бастысы, ата-анасының өткен өмірі өзінен кейінгілерге өнеге болып қалды.

«Анам Мінтай (шын аты – Жарылқасын) көзі жұмылғанша аузынан түспеген, ойынан шықпаған өмірінің осы бір бөлшегі туралы әңгімесі халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан, малын тартып алып, жаппай ашаршылыққа ұрындырып, қырып-жойған сол замани саясаттың құрбаны болған қазақ отбасының тарихы, көрінісі деп ойлаймын. Өзім ес білгелі қанша естісем де, естуден жалықпаған осы бір тарих, әр айтқан сайын анамның көл болып төгілген көз жасы қазақ даласында көмусіз қалған, шейіт болған ашаршылық құрбандары ата-бабаларымыздың жоқтаған жоқтау зарындай, рухтарына бағыштаған хатым Құранындай көрінуші еді маған.

Анам көз жасын жасырмайтын. Егіліп отырса да, сөзін жалғай беретін. Анамның айтуынша, нағашы атам ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей ірі болыпты. Мерген екен. Шешем: «Бір күні әкем аспанда ұшып бара жатқан құсты атып түсірді, баламын ғой, мұны өзімше мақтаныш көріп жүрдім. Мына бала (інім Бәдірханды айтады) менің әкеме тартқан, мергендігі бар» деп ортасында қосып қоятын. Шешемнің әңгімесі таусылмайтын хикаядай көрінетін» дейді Сәулегүл әпке.

Сәулегүл бала Мінтайдың көңіліндегі арманын ақтарып отыр. Өзі де іштей толқып отырған сыңайлы. Қарақат көздері меймілдеп жасқа толып тұр. Үні де дірілдеп, бәсең шығады. Әңгімені де өте шебер айтады, қолына қалам алып, қазіргі айтып отырғандарын қағазға түсірсе, бір сырлы дүние шығар ма еді деген ой келді менің басыма. Айтушысы жақсы болса, сөз де бір шөліңді басар сусын секілді екен. Бас алмай сіміріп ішіп, енді соның таңдайымда қалған дәмін талмап отырғандай күйге ендім. Көз алдымда тұлымшағы желбіреген кішкентай Мінтай...

Түстері суық, жүрісі суыт бес-алты атты кісі келіп, ақ нарды алдына салып айдай жөнелгенде, Мінтай қорыққан жоқ. Жүгіріп далаға шығып еді, ата-

сы: «Бәрін алдыңдар ғой ақ нар малымыздың басы еді, қалдырыңдар» деп еңкілдеп жылап тұр екен. Көзінен тарамдап аққан жасы ақ сақалын жуып кетіпті. Бірақ, қарттың сөзін құлағына ілер жан бар ма?! Атасына қосылып, бұл да жылаған сонда.

Сонау бір сүреңсіз күндер Мінтайдың жадында сурет болып сақталып қалған. Қым-қуыт заман, күнде атыс-шабыс. Әлі келгендер әлсіздің қорасындағы соңғы тұяғын да тартып алып жатқан кез. Әсіресе, сол бір сұмдық оқиға әлі күнге көз алдында. Түн ортасы ауып қалған екен, абыр-дабыр дауыстан шошып оянды Мінтай. Үйді ортасынан бөліп, шымылдық құрулы тұр, анасының даусы сол жақтан шығады. Болыскей керуеттен сырғып түскен бойда шешесіне жүгірген. Жерде ағасы мен әпкесі, анасы екеуін құшақтаған күйде аңырап жатыр. Әкем мені құшағына алып, кеудесіне қысып ұзақ тұрды. Жүрегі тарсылдап қорқып кеткен бұл бір жаманшылықтың болғанын түйсінген. Сол жамандық отбасын айналдырып, біржола құрсаулап алғанын да оның сәби жүрегі сезіп, бұлқынған еді.

Ертесіне анасы Мінтайдың құлағына сыбырлап: «Қызым, біз енді жердің түбіне кетеміз. Әкеңді қуғындап жатыр, жазығы жоқ. Бала да, қыз да жолына құрбан болды» деді. Неге деп бұл сұрай алмаған. Содан кейін бірде ат үстінде анасының алдында отырғаны, біресе жүк артқан түйеге мініп, ұзақ жол жүрді. Таулардың ішінде тауды кертіп, үңгірлей кеулеп жасаған жота, үйшіктер қалыпты көз алдында. Бірде әкесінің анасына сыбырлап: «Мен Әлдешке сенбей келемін, соңымызда қуғын бар ма деп ойлаймын» деген сөзін естіп қалды. Әлдеш деген кім?

Іле өзеніне жеткенде үлкендер «Су ішсең, аштықты басады, күш береді» дегенін біледі. Арғы жағы еміс-еміс Әкесінің айтқаны айдай келді. Көш орта жолдан үзілді. Мал-мүлік, жиған-терген, көлік-құрал бәрін алып, қуғыншылар көшті кері қайтарды. Бастап жүрген Әлдеш екен. Міне, содан кейін Әлдеш есімі мұның жадында ең бір опасыз жанның бейнесінде сақталып қалды.

Тағдырдың небір ауыр соққысына бой бермей келе жатқан анама мына опасыздық жай оғындай тисе керек. Анам екі бүктеліп бауырын жаза алмай қалды. Бірте-бірте жүріп-тұрудан қалды. Анасының сол кездегі жалынышты көзқарасы қалыпты есінде.

Бұл шешесінің қош айтысқаны екен. Іштей өзін алда не күтіп тұрғанын білсе де, сол жолы мұның басынан сипап, бетінен сүйіп жұбатып: «Бара ғой, қызым, өзіме-өзім келіп жүруге жараған соң, арттарыңнан қуып жетем» деген. Бірақ, артынан іздеп келмеді.

- Анам сол кезеңді қара қарғаның күні туған заман деп айтып отыратын. Оны бала шағында жадында қалған жантүршіктірерлік оқиғаға байланысты айтқан екен. Сол сапарда анадан айырылғаны аздай, жолда аштықтан қырылып жатқандарды көріпті. «Бірде әкем жерден таяқ алып, әлденені ұруға ыңғайлана бастады. Ол не болды екен деп қарасам, алдымызда бір адам келе жатыр. Төбесіне қара қарға қонып алып, әлгінің екі көзін шұқып келеді.

Құсты ұшыруға шамасы келмеген бейшара тек ауаны қарманады. Әкем қарғаны таяқпен ұрған болды... Қарғалардың заманы сонда туған» дейтін анам сүлесөк отырған қалпы.

Содан ұзақ жүріп әкесі екеуі бір қалаға келіпті. Онда кіреберісте босқындарға арнап асхана ашып қойған екен. Айыр қалпаққа айырбастап бір күрішке (иә, тостаған емес, күрішке) кеспе көже алыпты. Ол жерде тұрмыста әпкесі бар екен, қалада ата-енесімен тұратын көрінеді. Сол үйді паналапты. Бірақ, құдаларының қабағына көңілі толмаған білем, әкесі жұмыс іздеп, күнкөріс қамын жасайын деп кетіп, содан оралмапты. Ал әпкесі Мінтайды ата-енесі жақтырмаған соң «Бай баласы қайдан келді, басымыз бәлеге қалатын болды» дегенін күнде естігісі келмей, интернатқа тапсырыпты. «Әкем келген соң алып кетеміз» деген екен кетерінде. Тағы бір айтқаны жадында: «Ұмытпа, әкеңнің аты – Сәтікей, анаңның аты – Ханым, қосқұлақсың».

«Әпкемнің бейнесі әлі күнге көз алдымда. Бірақ, аты есімде қалмапты. Апа деп жүрдім. Өз атымның Мінтай екеніне кейде күдіктенемін, расында» дейтін анам.

Сәулегүл күрсінді.

- Анам айтқан қала Алматы болуы керек. Өйткені, кейін интернатты Қастекке ауыстырып жіберіпті. «Ол жерге Жамбыл ата келіп, балаларға домбырамен өлең айтып беретін. Біраз уақыттан соң бір түні бізді Шу қаласының балалар үйіне көшірді. Осылай мен тағдырдың сынағынан құтыла алмай қалдым» деген анам бір сөзінде.

Шешем ата-анасының тағдырын айтып зар жылайтын. Әпкесін де іздеп, алаңдап өтті өмірден. «Қайда олар?» деген сұраққа жауап іздейтін. «Мені іздеп жүрегі талды ма? Таба алмай зар жылап қалды ма? Жанымды кемірген бұл сұрақтарға жауапты кім береді? Жауапсыз сұрақтарымды жүрегіммен, өзіммен бірге ала кетем-ау» деуші еді менің қайран анам жүзін жуған жасын да сүртпестен. «Шүкір» дейтін еді тағы. «Сендерді берген Аллаға мың алғыс, енді менің әкем де, шешем де, бауыр-туысқаным да өздеріңсіндер» деп, мінәжатын айтып, Құдайға құлшылық жасар еді.

Осыны айтқанда Сәулегүл де көзіне жас алды. Менің көз алдымда ата-анасының тым болмағанда қара жер қойнына арулап жуып, ақымдап қойылмағанын ойлап, арманда өткен Мінтай апа елестеді. Жердің түбінде болса да, сүйегі қалған мекенге іздеп барағындай болып, егіліп өткен жаннның мұңы жүрегімді жаншығандай.

«Біз анамызды жұбату үшін бір жылы сөз таба алмай қиналушы едік. Жұбату мүмкін де емес еді. Шешем солай армандап, дүниеден өтті. Мынау қазақ даласында сондай жандар көп-ақ шығар» деді Көкдөңентауды көлбеңдей алыстап кеткен өткен күндерді есіне алған Сәулегүл.

Жазықсыз жапа шегіп, ашаршылықтың құрбаны болған, қуғынға ұшыраған, қайран ел. Аласапыран заманға кез қылған опасыз тағдырға наласын айтқан, бөкендей босып, арқардай ауа көшкен, қайран жұрт. Артында



қалған аш-жалаңаш ұрпағың жетілді бүгін. Олар қазақ даласында енді қарғалар жалбаң қағып ұшпаса деп тілейді.

**Автордан.** Бір ғана отбасы емес, бүкіл қазақ халқы Сталин басқарған большевиктердің соқыр саясатының озбырлығынан өрт жалынына оранды, бұрын-соңды болмаған адамның төбе шашы тік тұратын небір сұмдықтарды басынан кешірді. Әке-шеше баладан, бала әке-шешеден, аға ініден, іні ағадан, әкпе сіңліден, сіңлі әпкеден, ағайындар жақындарынан айырылған заман болды. Мінтай жастайынан алғашында анасынан, көп ұзамай әкесінен айырылды. Өмірінің соңына дейін әпкесін іздеп, таба алмай арманда кетті. Бұдан артық адам өмірінде қасірет бола ма?

Сұрапыл ашаршылықтың зардаптары бүгінге дейін сол заманды бастарынан кешірген қарттардың жадында мәңгі сақталып қалды, оны ұмыту мүмкін емес. Елімізде болған бұл ашаршылық кезеңі – Қазақстан тарихының бір бөлігі болып табылады. Сондықтан бүгінгі және келешектегі өскелең ұрпақ өткеннен сабақ алып, қазіргі тәуелсіз еліміздің өркендеуіне үлес қосатыны анық.

Ел-жұрттың тағдырын тәлкек еткен Кеңестік биліктің қолымен жасалған зұлмат жылдар артта қалды десек те, оның салған жарасының іздері бүгінгі қарттардың, тіпті, малдан жұрдай болып, ашаршылықтың азабын тартқан Мінтайдың ұрпағы Сәулегүл де анасының айтып кеткен зарлы өкініші есіне келгенде, жан-дүниесі түршігіп, жүрегі қақ айырылғандай болып қиналады.

Кеңес өкіметінің қазақ халқына деген отаршылдық және зұлмат әрекетінің зардаптары сұмдық болғаны соншалық, бүгінгі қариялардың көкірегінен бір сәт кетпейді. Бір ауылға, ағайын-туыстарына қамқор болып отырған Мінтайдың әкесінің малын, дүние-мүлкін билік тартып алып, аштыққа ұрындырып, өзін бала-шағасымен бірге қаңғыртып жіберді.

Тек Мінтайдың отбасы ғана емес, ауылдың кедейлері мен орта шаруалары да тәркіленген байдың соңынан ілесіп шетел аспақшы болды. Егер байдан қорлық-зомбылық көрсе, олар сонау алыс аймаққа оның артынан ілесер ме еді? Елдің қамын ойлап бас көтерген азаматтар «өкіметтің жауы» болып шыға келді, оларды қудалап жер аударды, Сібірге айдады, отбасының тоз-тозын шығарды. Солардың бірі – Мінтайдың отбасы.

Бүгінде қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз айдалып белгісіз жақта көмусіз қалған жандардың әруағы сол жылдардағы билікке лағнет айтып жатқандай әрінеді.

### **Еңбек ардагері Бейкүт Қалымбетовтың естелігі Әкемнің ауылдастарына жасаған қамқорлығы билікке ұнамаған**

- 1942 жылы Шу ауданы Ақтобе ауылында дүниеге келдім. Әкемнің аты – Бейсенбай, шешем – Манат. Ағайынды үшеуіміз: әпкем – Жамал, інім – Біржан және мен. Ақтобеде туып өстік. Әкем менің үш жасымда қайтыс болған екен,

оның бейнесін көз алдымда елестете алмаймын. Әкемнің ағасы Мұхаметәлі нәубет жылдардағы өздерінің бастарынан кешірген қиыншылықтарын бізге айтып отыратын. Біле берсін, сабақ алсын дегені шығар. Әсіресе, мен әкем туралы әңгімені тыңдауды жақсы көретін едім. Бейсенбай әкем жастайынан жаңалыққа құштар, зерек кісі болған екен. Елімізді ашаршылық жайлап тұрған 1931-1932 жылдары ол Алматы қаласынан ауылды басқару курсы бітіріп келіп, жоғарыдағы биліктің тапсырмасымен жергілікті халықпен тығыз байланыс жасай отырып колхоз құруға белсене кіріседі. Бұл жердегі ағайын-туыстар бірыңғай «Масақ» руынан болғандықтан әкемнің айтқанынан шықпай колхозға бірігуге қарсылық көрсете қоймаған. Тұрғындардың жалпы жиналысында колхоздың атын біздің руымыз «Масақ» болғаннан кейін «Масақ-Ақтөбе» деп қойған екен. Өйткені, ол жылдары Шу ауданында екі Ақтөбе ауылдары болған, біреуі «Дулат-Ақтөбе», сондықтан біздің ауылды онымен шатастырмау үшін «Масақ-Ақтөбе» атаған.

Мұхаметәлі ағамның айтуына қарағанда, әкемнің колхозды басқаруына көпшілік қолдау көрсетіп отырса да елдің басын біріктіру оңайға соқпаған. бірлі-жарым бақуатты ағайындар малдарын колхозға беруге қарсылық көрсетіп, билік өкілдерінен жасырып қалуға әрекет жасаған. Қастандық та ұйымдастырған. Сонымен бірге бұл аймақ Шу ауданының ең шеткі ауылы. құмды жер болатын, бір шақырымнан кейін ауыл белес-белес құм төбелерімен шектеліп жатса, ал екінші жағын қалың сексеуіл алып жатты. Сол себептен бұл ауылда су жағы да қиындау еді, су жеткізу де қиын болған. Осындай қиыншылықтарға қарамастан әкем колхоз жұмысын сол кездегі биліктің нұсқауына сәйкес жүргізіп, біраз жетістіктерге жетеді.

Қазіргі көнекөз қарттардың әңгімелеріне құлақ түрсек, біздің әкеміз байға да, кедейге де зорлық көрсетпеген, оларға бір-екі уақ малдан қалдырып ашаршылықтан аман қалуына мүмкіндік жасайды, сонымен бірге жаңа биліктің саясатын жалықпай ел-жұртқа түсіндіре береді. Әкемнің колхозшыларға жасаған осындай қамқорлығы жоғарғы билікке ұнамаған. бірнеше мәрте ескерту де алған екен. Әйтеуір, колхоздың жұмысы дұрыс жолға қойылғандықтан, әуірімдеп қатаң жазаланудан аман қалса керек...

Манат анамнан да жас кезімде әкем туралы көп әңгімелер естідім. Әкемнің менің 3 жасымда қайтыс болғанын жоғарыда айтып кеттім ғой.. Ал шешем 100-ге келіп бұл дүниеден озды. Анамның айтуына қарағанда, әкем «сайқымазақ» кісі болған екен. Ол кісі хат танымаған, бірақ өзінің пысықтығының, етінің тірілігінің арқасында ел арасында беделді болыпты. 1930 жылы Шу ауданы құрылған кезде аудан басшылары ел арасынан ол кісіні таңдап алып Алматы қаласына оқуға жібереді. Шаруашылықты ұжымдастыруға байланысты курстан өтіп келгеннен кейін бірден колхоз құруға кірісіп кетеді, бірақ хат танымаған күйінде қала береді. Бейсенбай әкем туралы күні бүгінге дейін ел аузында мынадай әңгіме жиі айтылады. Бір күні Алматыдағы курста лекция оқып тұрған оқытушы:

- Қалымбетов, неге жазбай отырсың? – депті.

Сонда әкем:

- Өй, жолдас мұғалім, сенің айтып жатқаның менің басыма баяғыда жазылып қойылған, - деп отыра берген екен.

Жаза алмайды, қалай жазсын, тіпті ауылдағы молданың алдын да көрмесе. Содан оқуын бітіріп келіп «Масақ-Ақтөбе» колхозын 6 жыл басқарады, ешкімге қиянат жасамаған. Керісінше, ашаршылық жылдарында қарамағындағы колхоз мүшелеріне, жетім-жесірлерге, жарлы-жақыбайларға қолынан келгенше көмегін аямаған. Сол үшін өкімет уәкілдерінің қаһарына да іліккен...

1936 жылы елдің жағдайы түзеле бастаған кезде әкем өз еркімен колхозды басқаруды інісі Байбағыс Мүштаев деген кісіге өткізіп тұрып: «Сен хат танысың, сен басқар, бірақ мен өзім айтып отырамын» - дейді. Ауылдың орталығындағы бір арықтың жағасын әлі күнге дейін жергілікті тұрғындар «Бейсенбайдың конторы» деп атайды. Сол арықтың жағасында жұмыстан қайтқан колхоз бастығын Бейсенбай әкем күнде күтіп алып:

- Ей, Байбағыс, бүгін не істедің? – дейді екен.

Сонда ол:

- Аға, ана арбаны малға жем әкелуге жұмсадым, мына арбамен колхозшылардың бір тобын қысқы мал азығын дайындатуға жібердім.. – деген секілді күнделікті істеген жұмыстарын айтып отырған.

Күн сайын інісінің айтқандарын мұқият тыңдап алып, хат танымаса да ақыл-кеңесін беріп, колхоз жұмысының алға жылжуын қолдап, елдің тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына ерекше көңіл бөлген.

Колхоз құрылған соң барлық отбасылары бір орталыққа жиналып, сабан мен топырақты араластырып, соқпадан әркім өзінің шамасына қарай бір немесе екі бөлмелі жаппа үй тұрғызып алады. Ол кезде үйдің шатыры, едені деген болмаған. Үйдің үстіне қамыс төсеп, жылқының қиымен сылаған. Еденді де топыраққа қиды қосып сылаған екен. Төбесі қамыс шатырлы үйлер соғыстан кейін ғана соғыла бастады ғой. Отызыншы жылдары ел-жұрттың бар малын, дүние-мүліктерін өкімет тәркілегеннен кейін ең бай деген үйдің ішінде бір ағаш төсек қана болған, бас жағы иіліп істелген қошқардың мүйізі сияқты. Сол кездің ұсталары жасаған. Төсектің үстіне 3-4 көрпе жиналады. Тақыр қара жер еденге киіз төселеді, оның үстіне қонақ келгенде құрақ көрпе төсеп қояды, содан соң жинап тастайды. Кейбір үйлерде бүтін ыдыс-аяқ та болмаған.

Зұлмат жылдары қаншама ауыртпалықтарды біздің ағайын-туыстар көріп жатса да олардың бірлігі, ұйымшылдығы мықты болған. Бірігіп тірлік жасаудың арқасында Масақ елі құмның ортасында отырып қатты ашыға қоймаған. Қариялардың ақыл-кеңесін басшылыққа алып еңбек еткен, ол кезде кешке бір үйге жиналып ақылдасқан.

Сөз соңында айтайын дегенім «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой, соның арқасында біздің әке-аталарымыз бастарына төнген қиындықтардың бәрін бірлесіп жеңген екен, - деді Бейқұт қария.

Бейқұт ақсақалдың әкесі Бейсенбайдың өміріндегі қиын сәттерден сыр шерткені үшін зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп ризашылығымызды білдіріп, жолға шықтық.

### **Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерболат Досымбаевпен болған әңгіме Диірменші не үшін «кінәлі» болды?**

- Ереке, бір кездескенде өткен ғасырдың 80 жылдарында «Белбасар» совхозында директор болып жүрген кезіңізде шаруашылыққа қарасты қыстау-жайлауларды аралап жүріп, өзіңіз көріп қалған ашаршылық жылдарынан қалған диірмен тасы туралы оқиғаны айтып беремін деп едіңіз?

- Шу-Іле тауларынан бастау алатын қайнар бұлақтар қосылып таудың етегіне түсе бере кішігірім өзенге айналады. Бұл өзен ертеден-ақ Үңгірлі деп аталады екен. Шу өзеніне келіп құйылатын көптеген сағалардың бірі. Кезінде суы мол болған, тау қыраттарының арасымен арындап ағатын өзеннің суы құятын жеріне жетпей құрғап, бүгінде тек қана арнасының ізі ғана сақталып қалған. Үңгірлі өзені қазіргі «Белбасар» ауылынан алыс емес. Аудандық партия комитеті 1981 жылы ауылмен аттас совхозды басқаруды маған сеніп тапсырды. Өзіңе жүктелген міндетті абыроймен атқару оңай шаруа емес, қысы-жазы малшылардың қыстау-жайлауларын аралап, олардың тұрмыс-тіршілігіне қолдан келген көмегімізді жасаймыз. Сөйтіп, бар мүмкіншілігімді пайдаланып шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы жұмыстарды ұйымдастырып біраз жылдар еңбек еттім.

Ауыл шаруашылық маманы болсам да халқымыздың өткен тарихына қызығушылық танытып, көңіл бөле жүретін әдетім бар еді. Ауылдағы көпті көрген қариялардан сұрастырып, осы елді мекеннің бұрынғы ғасырлардағы тарихы туралы үзік-үзік әңгімелерді естіп жүрдім. XX ғасырдың 80-жылдарындағы мен әңгімелескен қарттардың көбі Шу өңіріндегі ашаршылық заманын өз көздерімен көріп, талай-талай қиындықтарды бастарынан кешірген. Олар бәрін жақсы білетін. Өкініштісі сол, шаруашылықтың күндіз-түні таусылмайтын тіршілігінің басында жүріп, қариялардан нәубет жылдардағы сұрапыл оқиғаларды анықтап жазып алуды ескермей жүре берген екенмін.

Тек қана өзім көрген бір жағдай ғана есімде қалды. Бір күні Үңгірлі өзені бойындағы жайлауды аралап жүріп, судың жағалауында жатқан диаметрі 2,5 метр болатындай диірменнің тасын көзім шалып қалды. Тас жатқан жердегі биіктен төмен қарай құлдилап ағатын судың құламасы 5-6 метрдей, ал осы арнамен 1,5-2 кубометр су ағатын сияқты. Осыған зер сала үңілгенімде, тұрған жерімізде диірмен болғаны көз алдыма бірден елестей кетті...

Содан бастап ауылдағы көнекөз қарттардан Үңгірлідегі диірмен туралы сұрастыра бастадым. Қариялардың айтуына қарағанда, бүкіл Қазақстанды жайлаған отызыншы жылдардағы алапат ашаршылықтың салдары Шу өңірінің ел-жұртын да жайпап өткен екен. Халық тоз-тоз болып, тарыдай шашылып күнкөрістің қамымен алыс-жақын туыстарын, құда-жекжаттарын іздеп жан-жаққа босып кеткен. Ауыл тұрғындарының көбі жаяу-жалпылап Қырғызстанға ауған, сол сияқты әлі де болса қолдарында күш-көліктері бар байлар жарлы-жақыбайларымен бірге Қытай асқан. Ауылдың көшін жасырын ұйымдастырған ақсақалдар кедейлерді де аштықтың құрсауында қалдырмай өздерімен ала кеткен. Кеңестік билік аштықтан қырылып жатқан халыққа ешқандай көмек бермей, тіпті басқа елдерге де қоныс аударуға қатаң тыйым салған. Бұдан артық қандай қатыгездік болады екен?! Қазақтың байлары Ресей мен Батыс елдеріндегі секілді кедейлерге зорлық-зомбылық жасап қанамаған. Өйткені, байлардың малын бағатын, дүние-мүліктеріне қарайтын кедейлер – өздерінің ағайын-туыстары болған. Тіпті, қазақ қоғамында қайыршы да болмаған.

Тарихтан белгілі ғой, Үңгірлі мен Шу өзендерінің бойындағы топырағы құнарлы аймақтарда қазақтар ежелден-ақ мал шаруашылығымен қоса егін салумен де айналысқан. Кеңестік идеологияның қазақтар егіншілікпен айналысуды білмеген «жабайы халық» деп жастардың да, үлкендердің де құлағына 70 жылдан аса сіңіргені – отарлауға бағытталған қитұрқы саясаттың айқын көрінісі болатын.

Қанша дегенмен, аштықтың азабын тартқан жұрттың бәрі басы ауған жаққа босып кеткен жоқ. Кеңес өкіметінің уәкілдері байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеумен бірге астық салығын да халықтың мойнына салып қойған екен. Сол қиын-қыстау кезеңде Үңгірлі өзенінің жағалауында орналасқан әлгі су диірмен жұмыс істеп тұрыпты. Өкінішке орай, ауыл тұрғындары аштықтан бұралып жатқан кезде, ауылдан көшпей қалған адамдарға қол ұшын берген диірменшінің аты-жөнін ешкім анықтап айта алмады. Ауыл ақсақалдары белгісіз диірменшінің жергілікті тұрғын емес екендігін естеріне түсіріп, тек жоғарыдан келген болуы керек деген болжам ғана жасайды. Шу өзенінің төменгі бойын мекен еткен ел «жоғарғы жақтан» деп Қордай өңірін айтса керек. Сондықтан да ашаршылық кезінде Белбасар ауылындағы көптеген жандарға өзінің қолындағы мүмкіншілігін пайдаланып, жергілікті жалған белсенділерге көрсетпей, уыстап бидай және тартылған ұн беріп, ашыққандардың өліп қалмауына біршама себепкер болған диірменшінің аты-жөні ұмытылып, тек қана халыққа жасаған адамгершілік істері ғана елдің аузында сақталып қалған.

- «Жақсының жақсылығын айт...» демекші, зобалаң дәуірді көрген бүгінгі қарттардың белгісіз диірменші туралы айтқан әңгімелері кезінде ауыздан ауызға тарап елдің есінде сақталғаны қандай жақсы болған. Ол кісіні НКВД қызметкерлері қай жылы абақтыға жапқанын ешкім білмейтін шығар?

- Иә, ешкім анық білмейді. «Ашыққан елге қамқор болып, жаңа өкіметтің құрығына ілінген диірменші бір түннің ішінде із-түзсіз жоқ болып кетті» деді ауыл қарияларының бірі.

Оның жазығы ашыққандарға араша түскені үшін түрмеге қамалғаны айтпаса да түсінікті. Ауылдың бұрыннан келе жатқан тұрғыны болса диірменшінің есімі ұмытылмайтыны анық. Өйткені, артында қалған ұрпақтары мен ағайын-туыстары үнемі еске алып отырады ғой. Бұл оқиғаны айтып берген қарттар нәубет жылдарында 6-7 жастағы балалар болғандықтан, ол кісінің аты-жөнін естерінде қайдан сақтасын. Тек қана диірменшінің халыққа жасаған қамқорлығы жайында ел аузында сақталған әңгімені ғана айтып берді. Дегенмен, XX ғасырдың 80 жылдарында өмір сүрген бірен-саран қариялар диірменшінің есімін, қай уақыттан бері диірменді жүргізіп тұрғанын білген шығар. Сол қарттардың көзі тірісінде қиын-қыстау кезеңде елге қамқор болған диірменші туралы толық мәлімет алмағаныма өкінемін. Бірақ, Кеңестік билік қаһарына мініп тұрған кезде ашаршылық туралы айтудың өзі қауіпті болатын. Әрине, қылышынан қан тамып тұрған өкіметтен тайсақтағанымыз да рас. Әйтпесе, зұлмат жылдарында болған Белбасар ауылындағы талай-талай шындықтың беті ашылып қалатыны анық еді.

Осындай су диірменнің бірі – Шу өзенінің тағы бір сағасы Теректі өзенінің бойында да болды. Бұл диірмен де отызыншы жылдардағы алғашқы колхоздастыру кезінде жаңа биліктің пәрменімен қолға алынып, 1958-1959 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрған. Ел арасында «Ілиястың диірмені» деп аталып кетеді. Ілияс қария қартайған жасқа жеткенше диірменді жүргізіп, ауылдастарының құрметіне бөленген екен.

Жалпы халықтың есінде қалған аңыз-әңгімелерге қарағанда, Үңгірлі мен Теректі өзендерінің суымен жүргізілген диірмендер ертеден-ақ ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып XX ғасырдың 50-жылдарының аяғына дейін жұмысын тоқтатпаған. Осыдан-ақ, Шу өңірінің жұртшылығы мал өсірумен бірге егіншілікпен де көне заманнан бері айналысқаны корініп тұр емес пе?

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қазақтардың мамыражай тірлігі қиратылып, мал-мүлкі тәркіленіп, биліктің әр ауылға, әр отбасына салған салық түрлерінің ішіндегі астық салығы халықтың жанын қинап аштыққа ұрындырды. Әсіресе, отызыншы жылдардағы зұлмат елдің еңсесін түсіргені былай тұрсын, миллиондап қырылғаны қаншама. Ашаршылық заманда қолында аз да болса мүмкіндігі бар, Үңгірлідегі аты-жөні белгісіз болып қалған диірменші секілді, тарыққандарға тадғажау боларлық жағдай жасаған көптеген азаматтар сталиндік тоталитарлық қанқұйлы жүйенің құрбаны болғаны шындық.

- Ел басына төнген отызыншы жылдардағы қасіретті күндерді жас ұрпақ білсін, мұндай зобалаң ешқашан қайталанбасын дегендей, Үңгірлі өзені жағалауындағы диірмен тасы табиғаттың ыстық-суығына шыдап күні бүгінге дейін сол жерде жатыр, – деп Ерболат әңгімесін аяқтады.

## **Екі ғасырдың куәсі болған Жұмахан қарияның ашаршылық кезіндегі басынан кешіргендері Балалық шағымдағы ауыр күндер ұмытылмайды**

- Әйгілі Жетісудың бір тармағы – Шу өзенінің екі жағалауында аттылы кісі кіріп кетсе де көрінбейтін ну қамыс өсіп, көкке шаншылған қамыстың етек жағын көк балауса құрақ көмкеріп тұрады. Өзеннің жағалауы бұдан басқа да түрлі өсімдіктерге толы. Осындай шөбі шүйгін өзенді жағалай жабайы аң-құстар да мекен еткен. ХХ ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылықта ерінбеген епті жандар аң-құс аулап, күнкөрістің қамын ажыратып отырған. Көнекөз қариялардың айтуынша, ең жыртқыш аң саналатын азулы жолбарыстарды да аулаған кездері болыпты.

Қазақ жерінің сегіз жүз шақырымын басып өтетін Шу өзенінің ірілі-ұсақты сексен арнасы бар. Сол арналардың бірі – Сарыбұлақ өзенінің бойында 1926 жылы Қаныбетов Жұмахан дүниеге келген. Ашаршылықтың дәмін татқан қария заман түзелгеннен кейін өзінің зеректігінің арқасында оқу оқып, білім алып қарапайым қызметкерден Шу, Талас аудандарында және Тәжікстанда банк бастығы қызметіне дейін көтерілген. 1945 жылдың наурыз айынан соғыс аяқталғанға дейін қан майданда болып, аз ғана уақыттың ішінде ерлігімен көзге түседі.

Қазақстан журналистер одағының мүшесі Мәкен Уақтегі екеуіміздің келген мақсатымызды білгеннен кейін ақсақал терең бір күрсініп алып: «Сіздер тыңдаңыздар, мен өз көзіммен көрген ашаршылық жылдарындағы есімде қалған оқиғаларды қысқаша баяндап берейін» деп әңгімені әріден бастады.

- Оң-солымды толық танып білмесем де, бес жастағы бала көзбен көргендерім, көңілге түйгендерім ұмытылмайды екен. Біздің жаққа да өкіметтің ұзын құрығы жетіп, мал дегеннен құр алақан қалғанбыз. Негізгі күнкөрісінен айырылған жұрттың жүйкесі тоза бастады. Ынтымағы жарасқан елдің берекесі қашып кеткен. Сарыбұлақ өзенін жағалай мекен еткен ағайындардың алды ата жұртын қалдырып, дүркіреп көше бастады. Кеше ғана көрген адамыңды бүгін көре алмайтындай күн туды. Кім қайда көшіп барады? – деп ойлап қоямын. Бала болған соң бұл мәселеге қанық емеспін. Әйтеуір, аз күнде-ақ ағайындардың қарасы азая берді.

Жасы үлкен кісілердің егіліп жылағанын бірінші рет көріп, менің де жан-дүнием азапқа түсті. Әсіресе, ақ сақалы кеудесін жапқан, шашы түгіл қасы да ағарып кеткен бір қарияның:

- Атаңа нәлет Голощекин, бала-шағамызды малша маңыратып қоятындай, біз сенің әкенді өлтірген жоқпыз ғой, – деп жас балаша дауыстап жылағанын әлі күнге дейін ұмыта алмаймын. Туған-туысқандары оған басу айтқандай болып:

- Көке, мұныңыз қалай? Жаман ырым бастамаңыз. Құдайдың көзі түзу болсын деңіз. Әлі-ақ ауылға қайтып келеміз, – деген ізгі тілектерін айтып жатты.

- Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Көшкілерің келіп тұрса сендер-ақ көше беріңдер...

- Шал-ау, бала-шағаңнан бөлектеніп қалып, не істемек ойың бар?

- Аштан өлуім хақ. Бірақ кіндік кескен киелі ата жұртымды тастап кете алмаймын.

- Шал-ау, не деп кеттің?! Ата жұрттан ажырап жатқан елдің алды да, арты да біз емеспіз, жағдайымыз түзеліп жатса, ауылға қайтып көшіп келеміз.

- Мен айтарымды айттым, ойланатын түк те қалмады. Жасарымды жасадым. Тек сендердің амандықтарыңды тілеймін. Маған туған жерімнің бір уыс қасиетті топырағы бұйырса, соның өзі жетіп жатыр...

Бұдан әрі тағы да жылау, сықтау, жоқтау көбейіп кетті. Менің де бала жүрегім егіліп, тұла бойым қалшылдап үйге қарай жүгіре жөнелдім. Аты есімде қалмаған осы қарт кісінің бала-шағасымен көшіп кеткенін немесе өзінің ата жұртында қалып қойғанын анық білмеймін. Өйткені, біздің де тағдырымыз тәлкекке түсті...

- Құлыным-ау, орныңнан тұра ғой. Сенің ұйқыңды бұзбай-ақ қояйын десем, сәске түс болды – деген шешемнің жылы сөзінен оянып кеттім. Ұйқылы көзбен алғашқы көргенім біздің киіз үйді де жабыла жығып, жинауға кірісіпті. Шорман ағам шаңырақты ұзын бақанмен тіреп тұр. Екі-үш қыз келіншек үйдің уықтарын шаңырақтан ажыратып жатыр. Киіз үйді жинап жатқанына қарап, біздің де көшетімізге көзім әбден жетті. Сол сәтте кешегі қарт кісінің солғын қабағы, оты өше бастағандай жанары көз алдыма келіп тұра қалды да, жан-дүнием іштей арпалысқа түсті. Мен де туған жерімді қимай көңілім босап, көшпейміз деп айқай салғым келді. Бірақ не істерімді білмей, қалай дау туғызудың ретін таба алмай, үн-түнсіз тосылып қалдым. Менің біраз есеңгіреп тұрғанымды сезген шешем:

- Баламның ақылы көп, тұра ғой деп едім, атып тұрды. Қарап тұрған жоқ, өзінше таңырқап тұр. Түбінде осы баламнан бір жақсы адам шығады, – деп шешем маңдайымды сипап, бетімнен сүйген болды. Елдің көзінше бірінші рет еміреніп, бауырына басқанда төбем көкке жеткендей қуанып қалдым. Асыл анамның осындай ыстық ықыласы болмаса, кім білсін, мен де айқайға басар ма едім?!

Ата жұрттан алысқа көшіп-қонушылардың соңғыларының бірі біз болдық. Алайда біздің кенжелеп көшуіміздің өзіндік бір сыры бар еді. Кеңес өкіметі қолдағы бар аз ғана ұсақ малды тәркілеп алып қойғанына қарамастан, әкем Қаныбетті «бай-кулаксың» деп абақтыға алып кетті. Басиесіз қайда барамыз? Аштан өлсек те, әке орнын жоғалтпауға бел будық. Құдайдан сұрайтынымыз «әкеміз аман-есен келсе екен, қайғысыз қара су ішсек те өлмеспіз» деп өксімен жүре бердік. Әкем бай да, кулак та, кедей де болған емес. Шағын ғана тұрмысы бар, ел қатарлы бала-шағасын асырап отырған жан еді. Сонымен қатар әкем тұзақ құрып, аң-құс аулаумен жас кезінен бастап айналыса бастаған екен. Бұл кәсібі кейін тек біздің отбасымызды ғана емес.



бүкіл ауыл-аймақты ашаршылықтан арашалап қалуға себеп болғанын қазіргі ауыл ақсақалдары айтып отырады. Біз әкеміздің кінәсіз екендігіне құдайдай сенетінбіз. Бірақ жұмыр басты пендеге сол кезде жала жабу, кінә тағу дегеннің түкке тұрмайтынын кейін білдік қой.

«Аққа құдай жақ» дегендей, әкеміз әбден тергеліп, тексеріліп, ақталып кара орманына қайта оралды. Әкем Әулие-Атадан (қазіргі Тараз қаласы) ауылға дейін жаяу жүріп, он бес күнде жетіпті, не деген қайсар жан. Ол келе салысымен көшуге дайындық басталды. Үйде ат та, арба да жоқ болатын. Қаныбет әкем оны бір жақтан тауып әкелді. Үйдегі бар жүгімізді тиеп едік, арбаның жартысы бос қалды. Сонымен, қайда барып, табан тірейтінімізді әкем ғана білетін сияқты. Сарыбұлақ тауынан еңіске түсіп, Шу өзенінен қалай өткеніміз есімде қалмады. Күн-түн демей, тоқтаусыз жүріп келеміз. Қанша күн жүргенімізді де білмеймін. Бір күні Ақсу деген өзеннің жағасына келіп, дем алып әрі жүрек жалғағандай болдық. Бала болғандықтан шаршағанымды тез ұмытып, жан-жағыма көз сала бастадым. Бұл күндізгі уақыт болатын, айнала алақандағыдай көрініп тұрды. Сұлбасы адам кейпіне келетін дөңкейіп жатқан бір нәрселерге көзім түсе қалды.

- Апа, ана қарайғандар не нәрсе?  
- Қой, қарағым ондайларға қарамай-ақ қойшы...  
- Қарасам, не қылады?  
- Қорқып, шошып қаласың.  
- Қорықпаймын апа, мен жігіт болып қалдым ғой.  
- Иә, сен жігіт болып қалдың. Бірақ қарай берме, қазір жол жүреміз.  
- Жүрсек, жүреміз. Бірақ анау адамдар емес пе? Неге орындарынан тұрмай жатыр?

- Иә, адамдар. Олар өліп қалған...  
- Өлген адамдарды жерге көмуші еді ғой?  
- Балам-ау, заманымыздың сиқы кетіп, бұл бейшаралардың беттерін топырақпен жабуға да жағдайдың болмағаны да. Жүрейік енді, - деп әкем бір терең күрсініп салды.

- Әке, сіз жер қазыңыз, біз топырақ салайық...  
- Қой қарағым, жолдан қалмайық.  
- Неге?  
- Бұл адамдарды жерлемек түгілі, олардың жанына жақындауға да болмайды.

- Неліктен?  
- Кім білсін, қашан қайтыс болғандарын. Жанына жақындасақ ауру тауып аламыз. Өзің көрдің ғой, бір емес бірнеше адам жатыр. Атаңа нәлет Голощенин болмағанда, мұндай сұмдық болмас еді.

Біздің көш орнынан қайта қозғалды. Жол-жөнекей жантәсілім еткен адамдардың қарасы көп болды. Біреулері тіпті тірі тәрізді, көздері ашық күйінде қалыпты. Ал кейбіреулерінің іштері кеуіп кеткендіктен қарындары

ала-бөтен шығып кетіпті. Сол тұста Алла тағала маған бір жүректіліктің сәулесін дарытқандай әсер етті-ау деймін, серейіп жатқан өлі денелерге қаймықпай қарай бердім. Қорқыныш – деген сезім менде әу дегенде болмады.

Адам қорқайын деп, қорықпайды екен. Өмірімде бірінші рет айдалада аштықтан өлген адамдарды көргендіктен болар, біраз жүргеннен кейін тұла бойымды бір түрлі үрей билей бастағанын сезе бастадым. Түнделетіп шағындау өзенді жағалап бара жатқанбыз. Арба үстінде үш жанбыз: шешем, қарындасым және мен. Әкем байғұс ат тізгінін қолына ұстап, жаяулатып жүріп келеді. Атқа күш түсіргісі келмеді ме, көбінесе арбаға отырған жоқ. Ай тумаған мезгіл болғандықтан, есік пен, төрдей аралық әзер көрінеді. Бір сәт жан-жағыма алақтап қарай бердім. Шешем мұны байқап қалып:

- Балам-ау, бір түрлі мазасыздандың ғой. Ақсудан көрген нәрселерге шошып қалған жоқсың ба? – деп мейірін төкті.

- Жоқ, апа. Мен өліктерден қорықпайтындай жігіт болып қалдым емес пе?

- Иә, шырағым. Үлкен жігіт болып, өсіп келесің. Сонда да болса, көңілің бір нәрсеге алаңдай беретіндей. Тезірек жатып, ұйықтап қалғаның дұрыс шығар...

- Апа, біздің арбамен ілесіп, бір қара аю келе жатыр... Кейде төрт аяқтап, кейде екі аяқтап жүріп келеді. Өлі әзір маған қауіп төндірген жоқ. Сіз байқаған жоқсыз ба?

- Біссіміллә, тағы не айтып кеттің? Қандай қара аю? Менің көзіме еш нәрсе іліккен жоқ. Әкең алдымызда келе жатыр. Қорыққанға қос көрінеді деуші еді. қорықпа! Келші құшағыма – деп, бар пейілімен аузыма бас бармағын салып жіберіп, таңдайымды көтерді. Бірақ көпке дейін қара аю көз алдымнан кетпей-ақ қойды. Қара аюды елестетіп жатып, қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін, күн ұясынан шығып қалғанда өздігімнен оянып кеттім. Жан-жағыма көз жүгіртіп, кешегі артымыздан жүріп отырған қара аюды іздедім. Бірақ көзіме түспеді. Бұдан соң аю көз алдыма көлденең келіп, есімді шығаратындай елестеген емес. «Осындай да гажап құбылыс болады екен-ау» деп, көпке дейін ойымнан кетпей қойды.

... Бұл 1929 жылдың қоңыр күзі болатын. Қырғыз елінің Соқылық деген елді мекеніне ат басын тіредік. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп. Ешкімді танымаймыз. Әкем жалынып жүріп, бір қырғыздың мал қорасының жартысына жайғасуға рұқсат алды. Біз секілді босқын қазақтар бұл жақта да жеткілікті екен. Дегенмен, қырғыз ағайындар қол ұшын берді. Сын сағатта сағымызды сындырмады. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді» деген аталы сөздің растығына көзім жетті. Содан бері қырғыз ағайындарға бүйрегім бұрып тұратын болды. Қораны тазалап, оның табанына құм төсеп, қамыспен бетін тегістедік. Қамыстың үстіне өзімізбен бірге ала келген тозығы жеткен текеметті төседік. Қора деген аты болмаса, жататын жеріміз табылды.

Бірақ біздер тыныш жатып, ұйықтай алмайтын болдық. Өйткені, қоранын екінші жартысында қодас байлаулы тұрды. Қодас – дегеніміз таулы өңірдің

сиыры екен. Оның еті де, сүті де кәдімгі сиыр малынан сапалы көрінеді. Бір жаман жері, су ішкісі келсе де, шөп жегісі келсе де шошқа секілді қорсылдап шыға келеді. Бұрын мұндай «кереметті» көрмеген шақшадай басымыз, шададай болды. Барар жеріміз, басар тауымыз болмаған соң осы қорада тұра беруге көндік.

Қораның бір шетіне өзіміз жасап алған пешке шешем ертелі-кеш шөпшалам тауып әкеліп, жағады. Оған көже пісіріп, шай қояды. «Шықпа жазым, шықпа» - деп жүріп осы қора бізге қыс бойы баспана болды. Пештің ызуы бар, қодастың денесінің жылуы бар дегендей, шынын айту керек, жаурап, тоңған жоқпыз. Әйтеуір, малмен бірге қорада тұрсақ та келер жылдың көктеміне аман-есен жеткенімізге шүкіршілік еттік...

Әкем бізді қайда әкелді? – деп бас қатырып жүрсем, бізден бұрын елден кеткен үлкен аға-әкпелерім де осы жақта екен. Жат елде, шет жерде тұрқырасып, қайта табыстық. Көктем шығысымен күнкөрістің қамына кірістік. Әкемнің қандай жұмыспен айналысып жүргенін білмеймін, әйтеуір үйден ерте кетіп, кеш келетін. Ал шешем, Жұматай ағам және мен үшеуіміз дүңгеннің бау-бақшасын күтіп-баптауға барып жүрдік. Әкпелерім Күміс пен Тыныштық та дүңгендер мен қырғыздарға жалданып, үй шаруаларын айналысты. Мұндай мүмкіндік біздің аштыққа ұрынбауымызға себеп болып, маңдайымызға жазылған бағымыз болды десем артық айтқандық емес. Жиын-теріннен кейін масақ теріп, картоп, сәбіз, пияз және басқа да өнім түрлерін өзіміз үшін жинап алдық. Тағамнан таршылық көрмейтінімізге қуанып жүрдік.

Жаз шыға бере, қодаспен бірге тұрған қорадан бір орыстың бір бөлмелі бастырмасына көшіп келдік. Бұл жердің де шекесі қызып тұрған жоқ. Тіпті, жабарға есігі де болмады. Шешем есік орнына ескі қалыңдау матаны тұтып қойды. Осы орыстың үйінде екі айдан аса тұрдық. Содан кейін үлкен ағам жалданып жұмыс істейтін дүңгеннің темекі жапырақтарын кептіретін шағындау екі бөлмесін пәтерге алдық. Тышқанның танауындай тар бөлмеде сегіз жан тұрамыз. Үйдің іші тарлық ете берген соң әкем елден әкелген құрама киіз үйін айта жиыстырып, есік алдына өзінше отау жасады.

Қысқа жетеді деп дайындаған азық-түлігіміздің көктем шыға бере шеті шетіне бастапты. Бұл нағыз жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы. «Жаз шығып, алғашқы көк-сөк піскенше қалай күн көреміз?» деп әкешемнің қабағы түсіп, қатты алаңдағанын жақсы білемін. Бала болсам да жүрегім ненің жақсы, ненің жаман екенін сезетін. Абырой болғанда, сол тұста әкем өсімдік майын шығаратын мекемеге жұмысшы болып қабылданды. Екі қолға тұрақты жұмыс табылған соң ернімізге бір нәрсе тиер деп ойладық. Айтқанымыз айдай болды. Әкем жалақысына шытырлаған ақша алмаса да, майы сығып алынған жмықтан алып тұрды. Сол кезде қырғыз жерінде мақта, күнбағыс, күнжіт секілді майлы дақылдар өсірілетін. Осы дақылдардың дәндерінен сұйық май арнайы қондырғылар арқылы сығып алынатын. Май-

дан ажыраған бөлікті жергілікті жұрт жмық деп атайтын. Сол жмықтың өзі ақша орнына төленіп, кәдеге жарайтын.

Үлкендердің айтуымен Жұматай ағам екеуіміз жмықты пұлдап, базарға шығаратын болдық. Ағам жеті жасқа толған. Мен одан екі жас кішімін. Шаршап, шалдығуды білмейтін кезіміз. Оның үстіне базарға барып, қолыңдағы тауарды пұлдап өткізудің өзі бір қызық. Жолға шығар алдында Шорман ағам өзінше былай деп кеңес беретін:

- Ауыздарыңды ашып, қарап тұрмаңдар. «Кімге дәмді, әрі сапалы жмық қажет?» деп өткен-кеткендерге жылы шырайлы тіл қатыңдар.

- Ешкім алмай қойса қайтеміз?

- Алады. Бұл тауарға қолы жетпей жүргендер көп. Ең бастысы, алушылармен тіл табысып, сөйлесе біліңдер.

- Төрт бөлік жмық беріп отырсыз, оны қаншадан сатамыз?

- Ей, бауырларым-ай, елдің көпшілігі өзіміз секілді. Ақша деген қат болып тұр ғой. Нанға, сүтке айырбастаушылар табылып жатса, бере беріңдер. Біз үшін тауардың өткені керек.

- Жарайды, көке, – дейді Жұматай ағам берілген тапсырмаларды шын мәнінде түсінген болып. Мен де бас изеп қоямын. Ақшаны көрмесем де, тиынды аздап танымын.

Базарға барған алғашқы күндері жолымыз болып тұрды. Көкеміз айтқандай, құр алақан емеспіз. Бір күні нан алып қайтсақ, бір күні сүт көтеріп келеміз. Азын-аулық тиындар да алақанымызға түсе бастады. Бұрынғыдай емес, базардың да нарқын біле бастадық. Әке-шешеміз қуанып, арқамыздан қақты. Үлкендердің сеніміне кірген сайын базарға баруға ынтамыз артып тұратын болды.

Тағы бір күні жмықты нан, сүтке айырбастап, ағам екеуіміз алаңсыз үйге келе жатқанбыз. Қайдан тап болғанын білмей қалдық, бізден ересектеу бес бала алдымызға көлденең тұра қалды.

- Әй, бала, қолыңдағыны бере сал да, жөніңе жүре бер, - деп біреуі бізге өктем сөйледі.

- Бермесем қайтесің? – деп Жұматай ағам қарсылық білдіріп еді, оны итеріп жіберіп, қолымыздағы барды тартып алды. Олар кетіп бара жатып:

- Біз туралы ата-аналарыңа ауыз ашатын болсаңдар, келесі жолы мұрындарыңды бет қыламыз, - деп жұдырықтарын түйіп, жалт беріп жоқ болды.

Үйге ұнжырғамыз түсіп оралдық. Ол аз болғандай, шешемізді көргенде жылап жібердік. Мұндай қиянатты кім көрген? Кешкісін отбасы мүшелері толық жиналғанда, болған оқиға толық баяндалды. Сонда Шорман ағам ашуланып:

- Сендерді тауықша талап, балшықтай илеген кім екенін таппай қоймаспын, – деді.

Оқыс оқиғадан кейін де біз базарға баруымызды жалғастыра бердік. Түк болмағандай, түк көрмегендей еркін жүреміз. Өйткені, екеумізді Шорман ағам таң ертеңмен базарға алып барады да, тал түсте үйге ертіп келеді. Үлкен ағамыз жанымызда жүргендіктен, тапқан табысымыз өзімізге бұйырып жүрді. Сонымен қатар су сатқанға да машықтанып алдық. Күн ыстық. Әсіресе, сәске түстен бастап, күн қызуы арта береді, әркімді де шөл қысады. Осындай кезде Жұматай екеуміз базардан алыстау қазылған құдықтан жарты шелек суды тал ұстасып, көтеріп келеміз. Байқасақ, базарда алушылардан гөрі су сатушылар көп көрінеді. Біз оған көңіл бөліп жүрген жоқпыз. Қайтсек те су сатып, шапақы табуды ғана ойлаймыз.

Су сұрайтындар да аз емес. Бірақ қиындығы сонда, берген суыңды тамшы алдырмай ішіп алып, ақысын төлемей кететіндері де бар. Кейбіреулері: «Балам, көп рахмет. Бақытты бол» деп жылы сөйлеп қана жүре береді. «Құдайдың тара суын жас бастарыңмен неге пұлдап жүрсіндер?!» деп реніш білдіретіндер де кездесіп қалады. Сол себептен бірде сүйсінеміз, бірде күйінеміз. Кейде қаңылтыр ыдыспен берген суымызға бір түйір картоп аламыз. Саудамыз түрілдеп тұрмаса да түске дейін базарды шыр айналып жүгіріп жүреміз. Бізге құнды бәрі қызық көрінетін.

Сатушы мен алушыны былай қойғанда, базарда қос қолын жайып, қайыр сұрап отырғандар да жеткілікті. Олардың көбісі жүріп-тұра алмайды. Көздері жаудіреп, еріндері жыбырлап, шамасы жетсе қолындағыны тартып алғысы келеді. Тіпті ондай жандардың сүйектеріне терілері жабысып қалғанын байқайсың. «Ат арыса - тулақ, адам арыса - әруақ» деген аталы сөз шынында рас екен. Аузына бір түйір дән салмағандықтан, аштық қысқан адамның түр-түсінен қорқынышты нәрсе бола қоймас. Тіпті, кейбіреулері ашаршылықтың шабын тартқаны соншалық, ісіп-кеуіп кеткен. Үн-түнсіз сұлық жатыр. Ондайларға бір жұтым су ұсынсақ, ішуге шамалары жетпейді. Талқандары ауысыла бастаған тіршілік иелері екенін жазбай танысың.

Ертесіне базарға келгенде олардың біразы көзге түспей қалады. Мүсәпірлердің аты-жөнін білмесек те мүсіркеп, бала көңіліміз бәріне де амандайды. Бір күні үлкен ағамнан:

- Кешегі көрген адамдарымыз көрінбейді. Олар қайда кетті? – деп сұрап алдым.

- Жаһаннамға кетті, – дей салды. Бұл сөздің түп-төркінін жете түсінбесем де, ағамнан қайталап сұрауға батылым жетпеді. Ол кісінің кейде күтпеген сөз танытатыны бар. Бір нәрсені айтып, ұрысып тастай ма деген оймен ауыспамды ашпадым. Сәті келгенде өзіміздей су сатып жүрген ересек баладан:

- Жаһаннам деген сөзді түсінесің бе? – деп сұрай қалдым.

- Ой, боқмұрын соны да білмейсің бе?

- Білсем сенен сұрап нем бар?

- Жаһаннамға кетті деген сөз, адам өлді деген сөз.

- Базарда бүк түсіп жатқан адамдарды кеше ғана көрсек, бүгін орындары үңірейіп жатыр. Соның бәрі өліп қалды ма?

- Иә, солай. Оларды түнімен арбаға тиеп, шеткері жаққа апарып көміп тастайды. Әйтпесе, өлген адамнан неше түрлі ауру тарап кетеді... Енді түсінген шығарсың...

Базарда күнде екі-үш пенденің жаһаннамға аттанып жататындығы үйреншікті нәрсеге айналды. Қайғырып, жылап жатқандар шамалы. Әркім өз басымен әлек болғандықтан дауыс шығарушылар да жоқтың қасы. Адам шығыны аз болмаса да, базарда әлсіреп жатқан адамдардың қарасы үзілген емес. Қайта күн сайын ашыққан адамдармен толыса түсетіндей. Қанша дегенмен, ашаршылық алқымнан алып, тынысымызды тарылта түсті. Бірақ адам баласы итжанды деген рас екен. Өлместің күнін көріп, кедейшіліктің кебін кисек те, жарық дүниеде жер басып жүргенімізге шүкіршілік еттік. Дәмтұздары таусылғандар өмірден өксік жұтып, бұл дүниеден озып жатты. Кірпігі қимылдап тірі қалғандар «құдайдың бір жақсы күні болар-ау» деп үміт отын өшірмеді...

Менің анам орта бойлы, ажарлы кісі болатын. Жайдары жүзінен мейірім есіп, ұяңдау жанарынан нұр төгіліп тұратын. Бала біткеннің бәрін өз баласындай жақсы көрді. Ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қолынан келгенше құрметтеп, сақтайтын. Аузындағы екі сөзінің бірі «ұят болмасын» деген сөз еді. Сондай-ақ өзіміз жарымай отырсақ та, қолы ашық болатын. Сол кезде үй-үйді аралап жүретін ашыққан адамдар көп-тұғын. Солардың кез келгені біздің үйге келе қалса, шешем бәйек қағатын. Олардың дорбасына түк болмағанда, жарты шыныаяқ талқан салып беріп жатқанын талай көрдім. Тіпті кейбіреулерінің аты-жөнін, шыққан тегін сұрастырып жататын. Кейде олармен мұңдасып, жылап қалатын кездері де болды. Әруағыңнан айналайын, асыл анам осындай ақ ниетімен біздерді ашаршылық құрсауынан аман алып шыққандардың бірі, бірегейі ғой...

Бір күні әкем жұмысынан көңілді оралды. Бұл жолы жүзі күлім қағып, арқасын кеңге салғандай болып тұрды.

- Отағасы-ау, бүгін көңілдісің. Не істеп келдің? Әлде көлденең табыс тапқансың ба?

- Мына тұрған табысты айтасың ба? Одан да зорын естіп келдім.

- Айтсаңшы, біз де білейік.

- Ел жақтан жақсы хабар жетті. Елде тыныштық орнап, береке бола бастапты. Өкімет азық-түлікпен көмектеседі екен. Егіншілікпен айналысатындарға тұқым таратыпты. Босқын болып кеткен қазақтардың алды ауылдарына қайта көшіп келіпті. Бұйыртыса, біз де ауыл жақты бетке аламыз...

Бұл жақсы хабар жанымызды жадыратты. Бірақ біржола көшіп-қонуға шамамыз жетпейтін тәрізді. Сондықтан ауыл жаққа бір қарыс жақындау мақсатымен Соқылықтан қоныс аударып, қалың қырғыздың ортасына таман жақындадық. Айыр қалпақ киген ағайындармен бірге ауыл тірлігіне қоян-

қолтық араласып, көктемде жер жыртысып, егін ектік. Жазда шөп жинап, дән бастырып, су суғардық. Күзде жиын-терінге қатыстық. Ең бастысы, бұл жерде аштыққа ұшыраған жоқпыз. Бір жылдай осында тұрып, ерте көктемде ата жұртқа көш керуенін түзедік. Қырғыз жерінде Лаха атамыздың, Орал амамыздың, Жұмасай ініміздің сүйектері қала берді. Ешбір хабары болмай, жоғалып кеткен Күміс әкпемізбен де іштей қоштастық...

Дәм-тұз бұйырған қалғандарымыз елге табан тіредік. Қазіргі Көкқайнар ауылының шығыс бөлігіндегі төбелеу жерге көшіп алып, шағын күркеше тұрғызып алдық. Біреулер жертөледе, енді біреулер қабырғалары қамыстан тұрғызылған үйлерде тұрып жатты. Жетіспеушілік жағадан алып тұрғанда, мүкдендердің жан бағып, бала-шағаны асыраудан басқа ойы болмады.

Сол жылы бұрынырақ құрылған артелдер таратылып, колхоздар құрыла бастады. Біздің колхоз «Бірінші май» деп аталды. Елдің басы бірігіп, күші қосылған соң шаруа да жүре бастады. Көшпелі елдің Көкқайнарға топтасуының өзіндік бір сыры бар сияқты. Біріншіден, Бішкекке апаратын күре жолдың бойы. Екіншіден, Сарыбұлақ, Үңгірлі тауларынан бастау алатын бұлақтар да Көкқайнардың маңынан Шу өзеніне қарай ағып өтетін. Сондай-ақ Көкқайнардың шығыс жағындағы ойпаң жерде шыңырау құдық бар болатын. Күре жолмен ары-бері қатынағандар осы құдыққа тоқтап, шөл басатын. Үшіншіден, сол кезде елді мекендерді нөмірлеп атайтын. Мәселен, Қордай бірінші, Успенровка екінші, Благовещенка үшінші, қазіргі Қонаев ауылы төртінші, Бірлік (Көктерек) бесінші, Гуляевка алтыншы ауыл саналатын. Осындай тұрмысқа жайлы жағдайлар басты назарға алынып отырса керек.

Сол жылы астық көп болды. Жиын-терін толық біткен соң, еңбек үлестеріне қарай колхозшыларға еңбек ақы ретінде бидай берілді. Шешемнің айтуы бойынша біздің үйге он екі шелек бидай бұйырыпты. Қапқа түскен бидай қазанға да түсті. Өмірімде бірінші рет қара көжеге тойғанымды ешқашан ұмытқан емеспін. Оның қара көже болатын себебі, ешкімде мал болмағандықтан ет, сүт қайдан болсын. Қатықсыз қара көже де кәдімгідей әл берді. Қазақтың «қайғысыз ішкен қара көжеге де семіресің» дегені рас болып шықты. Бидайды тас диірменге салып, оны ұршықша айналдырып, ұнтақталған талқан етіп алатынбыз. Талқаннан қара көже дайындалатын. Бидайды қуырып та жейтінбіз. Бидай ұнынан шешеміз қазанға қатырма жасап беретін. Сөйтіп, қарнымыз аш болмайтын кезге де жеттік-ау, әйтеуір!

Уақыт өте бере жан-жаққа босып кеткен ағайындардың басы құрала бастады. Тірілері қайтты, өлгендері қалды дегендей, тіршілік жалғаса берді. Тау бөктеріндегі Үңгірлі, Сарыбұлақты мекендегендер төменге қоныс аударып, Көкқайнар деген колхоз пайда болды. Қырғызстанның Қарабалта өзенімен қабырғалас жатқан Ақсу өзенінің бойында Ақсу, Калинин және күре жолдың бойында Жданов колхоздары бой көтерді. Бұл шамамен 1932 жылдың аяғы мен 1933 жылдың бас жағы болатын.

Киерге киім, ішерге тамақ тапшы болса да, сол кездің адамдары айрықша ақжарқын, ынтымағы мықты болатын. Қолдарындағы барларын бөлісіп, бір-бірімен жан ауыртпайтындай әзілдесе беретін. Жоғарыда айтқанымдай, әкем жас кезінен аң-құс аулауды әдетке айналдырған екен. Сонау бір үзім нанға зар болған заманда Қаныбет әкем тұзақ құрып, аң-құс аулап, бүкіл ауылды аштықтан аман алып қалудың неше түрлі амалдарын қарастырғанын күні бүгінге дейін ауыл ақсақалдарының айтып отырғанын талай естідім. Өзім де әкемнің ауылдастарына көмектескенін көрдім.

Әкем тұзақ жасаудың нағыз шебері болатын. Ол жылқының құйрық жалын күзеп, оны кендірдің жібімен бірге өретін. Әр тұзақ 80-100 көзден тұрады. Сол тұзақтардың үш-төртеуін кешке қарай қамыс тоған мен қырдың аралығына желісін тарқатып, құрып тастайтын. Өйткені, қырғауылдар күндіз қырға жайылып, түнге қарай қалың қамыстың ішіне түнейтін. Ертесіне әкеме ілесіп, тұзақ құрған жерге баратынмын. Тұзаққа ілінген қырғауылдар көп болса, мен де оны көтеріп келуге көмектесемін. Кейде тұзаққа қоян да түсіп қалатын. Олардың кейбіреулері тұзақты тістерімен үзіп, шығып кеткендері де болды. Көбінесе олжалы оралатынбыз. Әкем ауылдың шетінен бастап, қолындағы қырғауылдарды бір-бірлеп әр үйге үлестіріп шығатын. Мұндай тірлікке ел де үйреніп қалады екен. Екі көздері төрт болып, Қаныбетті күтіп отыратындар да аз болмады. Ол құс аулаумен қатар балық аулаудың да әдістерін жақсы білді. Әкемнің осындай қамқоршы болғанын ауылдастары әлі күнге дейін айтып отырады. Ол еңбекқор болумен бірге өнер десе ішкен асын жерге қоятын. Ақындығы айқын көрініп, жас кезінде серілеу болып өсіпті. Сонымен бірге ашаршылық жылдарында елге жасаған қамқорлығына байланысты болар, әкемді ауылдың үлкен-кішісі азан шақырып қойған атымен атамай, бәрі келісіп алғандай «баба» деп атап кеткен. Бәлкім, бұл елдің әкемізге деген сүйіспеншілігі шығар.

Кезінде Ұлы Отан соғысының ардагері Жапсарбайдың әкесі Болатқұл қариямен көршілес тұрдық. Жапсарбай қазір ауылда тұрады. Менімен кездесе қалғанда:

- Бабамның арқасында күнде тауықтың етін жеп жүрдік ғой – деп аузынан тастамайды.

- Жегеніңізді айта бермей, көргеніңізді де айтпайсыз ба?

- Бабамыз сегіз қырлы, бір сырлы еді. Ақындығы мен әншілігіне таңқалатынбыз. Әсіресе, «Маусымжан» - деген әнді қоңыр даусымен баяулатып, жиі айтатын.

- Иә, дұрыс айтасың. Мен де жақсы білемін...

Әкем жайлы ел ішінде айтылып жүрген әңгімелер көп. Оның қайсы бірін айта берейін...

1933 жылдың күзінде мен мектептің есігін ашып, бірінші сыныпқа бардым. Отыратын парта деген атымен жоқ. Екі шетке қатар қағылған қазықтарға ұзындау етіп, тақтай төселген. Орындық орнына да арқалығы жоқ тақтай



қойылған. Мектептің өзі жер кепеден аумайды. Сонда да мұғалім сабақ беріп, балалар оны бар ынтасымен тыңдап отыратын. Бір сыныпта 1,2,3 сыныптың оқушылары бірге оқыдық. Сол кезде оқу үлгерімі жақсы оқушылар бір жылда екі сыныпты бітіретін. Ағам екеуміз озаттар қатарына қосылдық. Жарты жылдан соң мұғалім мені екінші, ал Жұматай ағамды үшінші сыныпқа көшірді.

Атың өшкір ашаршылық менің балалық шағымның ұмытылмас күндерін осылайша ойран-топыр етті емес пе?! Сол кездегі көргендерімді айта берсем, ақ қағаз жетер ме екен. Содан бері табаны күрекей сексен жыл өтіп кетсе де, ашаршылықтың азабын ұмыта алмай келемін. «Жазылмайтын жара жоқ, берпілмейтін аза жоқ» деген халық даналығына сүйеніп, бәріне шүкіршілік етемін, - деп абыз қария әңгімесін аяқтады.

## **Бірлікүстем ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы Смайылов Алтай қарияның ашаршылық туралы естіген әңгімелері**

### **Елге қамқор болған Бәкі бидің көрген азабы...**

Алтай ақсақал Үңгірлі өзені бойында ұйымдасқан «Үңгірлі» колхозында 1940 жылы дүниеге келіпті. Қазіргі кезде Бірлікүстем ауылында тұрады.

- Мен ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы қолдан жасалған ашаршылықтың неден болғанын ата-аналарымнан, туған-туысқандарымнан естігендерімді айтып берейін, - деп жетпістен асқан қария әңгімесін бастады.

- Өттең шіркін, сол кездің шындығын анықтап біз сұрамаппыз, ал олар да өздері бастарынан кешірген қуғын-сүргін, ашаршылықты түгел айтып берген емес. Өйткені, бұл туралы әңгіме қозғауға Кеңес өкіметі қатаң тыйым салса керек. Дегенмен, анда-санда үзік-үзік әңгімелерді олардың аузынан естіп қалатынбыз.

Менің білетінім, ежелгі дәуірде Үңгірлі кішігірім тау өзені, екі қапталындағы қыраттарды жарып өтіп, 30-40 шақырымдай қашықтықта жатқан Шу өзеніне барып құяды екен. Ал қазір өзеннің суы бұлақ болып ағады да, Шу өзеніне жетпей жерге сіңіп кетеді. Анықтап қарасақ, кезіндегі асқан арнасы сол қалпында жатыр.

Әкем Смайылдың айтуынша, ХІХ ғасырдың басында Үңгірлі өзені бойын жағалай Дулаттың төрт баласының бірі – Ботпайдан тарайтын Майлыбай ата-ары қоныстаныпты. Кеңес өкіметі орнамай тұрғанда өзеннің бойын жағалай Ботпай ата өздерінің жақын ағайындарымен бірге тау қыраттарының ығына қыстау салып, азды-көпті төрт түлік малын бағып, ынтымағы жарасқан ел екен. Сол тауыныш жатқан жұрт Кеңес өкіметінің солақай саясатының арқасында аяқ астынан бір-біріне жау болып, ағайын арасы бүлініп шыға келді. Ел ағалары қуғын-сүргінге ұшырап, итжеккенге айдалды. Біздің Асау ата ұрпақтары ашаршылықтың алдында 30 түтін екенбіз. Алыс-жақын ағайындардың бізге қызыға қарайтын себебі, бір атадан 30 жігіт шығып көкпарды ешкімге

бермейді екен. Сол зұлматты заманнан кейін 8 түтін ғана аман қалыпты. Үңгірлі жеріндегі Майлыбай елі Асау атадан тараған Бәкі бидің бақылауында әрі қамқорлығында болыпты.

1929 жылдың көктемінде ауылға өкіметтің 3-4 уәкілі, қайдан келгені белгісіз, сау етіп келе қалды. Олар Бәкі бидің бар малын ауылға айдап келіп, тізімге алып түгелдей тәркілеп алды. Келген уәкілдер Үңгірлі өзенінің бойында отырған барлық үйлерді аралап, бай-кедей демей бір тұяқ қалдырмай тәркіледі. У-шу болған елге де, көз жасын көл қылған бала-шағаға да, тіпті ауыл қарияларының жалынғандарына да қарамай төрт түлік малды ортаға жинап, бірін қалдырмай тартып алды. Өкімет адамдары ауылдан шыққан біраз белсенділерді қосып алып, жиналған малды белгісіз жаққа айдап әкетті. Ел-жұрт не істерін, қайда барарын білмей шұрқырап қала берді. Екі-үш күн өткеннен кейін тағы бірнеше уәкіл келіп, Үңгірлінің бір қойнауына бәрімізді жинап, қосшы-артелге бірігіп жұмыс істейсіңдер деп, киіз үйлерді көше қылып тіктірді. Арамыздан шыққан Досымбектің баласы Қарақойшы деген ағайын. өзі белсенділік көрсетіп елдің малын тартып алуға уәкілдерге көмектесіп жүр еді, бізге оны бастық етіп сайлады. Ал Бәкі ағамызды елге қоспай, үйін таудың басына бөлек тіктіріп тастады. Осындай сойқанды көрген жұрт түнделетіп жан-жаққа көше бастады. Мен де баламды алып, ешкімнің көзіне көрінбей, көптеген қиындықтарды бастан өткізіп қырғыз жеріне жеттім-ау, әйтеуір! Сол жерде бір орыспен танысып, соның қарамағында үш жылдай жалшылықта болып, әупірімдеп ашаршылықтан аман-есен шықтық қой. Қырғыз елінде біраз әл жинап алғаннан кейін ғана туған жерге қайтып оралдым – деген әкемнің әңгімесі есімде қалыпты.

Аштықтың дәмін татқан, қасіретін көрген Мәдімер ағамның да әңгімесін тыңдағаным бар.

- 1930 жылдың қысына дейін көше алмай қалған халық ашыға бастады. Малдан түгел айырылып, жасырып қалған азын-аулық азық-түлігі таусылған ел қайыршы бола бастады. Өзім көрген қасіреттің бірі – Бәкі бидің отбасы түгел аштықтан жан тапсырды. Бәкі ағамызды жаным күйзеліп, көзімнен жас сорғалап бір таудың қуысына апарып ешкімге көрсетпей, әрең дегенде жерледім. Өйткені, шаш ал десе, бас алатын уәкілдер биге көмектесуге де, тіпті, маңына жолауға да қатаң тыйым салған еді.

Көшпей қалған бірен-саран адам Үңгірлінің сай-сайын аралап талғажау ететін жаужұмыр деген өсімдікті теріп жеп, жан сақтады. Кейін білдім. Қаупақ деген кісі тасбақа, жыланды ұстап алып, суға қайнатып асып жеп, аман қалыпты, - деді Мәдімар аға өткен ауыр күндерді еске алып.

Бір кездесіп қалғанда Ақшабайдың Мәлібегі де сол зұлмат жылдардағы өз көзімен көрген оқиғаларды айтып беріп еді.

- Бішкек қаласының шетінде жан-жақтан көшіп келген бір ауыл қазақтар күнімізді көріп жаттық. Сол кезде мен 15 жаста едім. Мені атқа мінгізіп Шу бойындағы Қарақыршын деген жерде тұратын ағайындарға жұмсады, егер

ашығып отырса бізге көшіп келсін деген хабарды жеткізуді тапсырды. Шу өзенін жағалай жүріп келемін, жол бойы шуап жатқан ел.

Қарасаң ұсқындарынан жан шошиды, көздері үңірейіп ішіне кіріп кеткен. Біреулері аяқтарын эзер көтеріп, ілбіп келе жатса, ал көбісі жол шетінде құлап жатыр. Бастарын сәл көтеріп қол бұлғап мені шақырады, оларға жақындамай алысырақ жүремін. Кейбіреулері орындарынан тәлтіректеп тұрып, маған қарай ұмтылады. Бірақ әлсіз жандар бір-екі аттап барып, етпетінен құлап жатады. Бір жағынан, олармен сөйлесуге қорқамын, ал екіншіден, қанша аяса да аштықтан өлейін деп жатқан адамдарға көмек беруге дәрменсізбін. Жолға деп алып шыққан жүрек жалғауға ғана жететін тамағым таусылып, өзімнің де ашығып, әлсіреп келе жатқанымды бұл бейшаралар қайдан білсін. Жол-жөнекей Шу бойындағы қазіргі Еңбекші деген елді мекенде тұратын нағашымның жағдайын біле кетейін деп аттың басын бұрдым. Мені көріп, жылап жіберді. Жақында ғана нағашымның әйелі өліп, екі баласымен қалған екен.

Көзінен аққан жасты тоқтата алмай, қиналып былай деді:

- Қарағым, біздің халіміз нашарлады, мына екі баламен нәр татпағалы бірнеше күн болды. Орнымыздан қозғалуға шамамыз жетпейді. Осымен дәм-тұзымыз таусылатын шығар.

Мен не айтарымды білмей, сасқалақтап кетуге ыңғайлана бастап едім, сол тұста нағашым: «қуыс үйден құр шықпа» деп, орамалдың шетіне буылған талқаннан ауыз ти дегенше болмады, отырған екі бала атып тұрып орамалға жармасқанда аз ғана талқан жерге төгіліп қалды. Сонда балалар жерде шашылып жатқан талқанды етпетінен жата қалып тілімен жалағанда төбе шашым тік тұрды.

- Енді қош сау болып тұр, – деп нағашым менімен жылап қоштасты. Кейін естідік, ол көп ұзамай балаларымен бірге ашаршылықтың құрбаны болыпты.

Ал, енді Зейнеп әкпемнің Бәкі би туралы естелігінен есімде қалғандарын тағы да айтып берейін, – деп Алтай ақсақал әңгімесін одан әрі жалғастырды.

- Зейнеп маған туыс болып келеді. Ол бала кезінде көргендерін былайша есіне түсірді:

- Біздің үй Бәкі атамыздың оң жағынан тігілетін, еншісі бөлінбеген әкем бидің берген тапсырмаларын күн болсын, түн болсын бұлжытпай орындайтын ең сенімді адамы еді. Би атаны бүкіл ауыл құрметтеп, алдын кесіп өткен жанды көрген де, естіген де емеспін. Ертелі-кеш үйінен адам үзілмейтін, онға жуық бие байлатып, келген қонақтарымен және ауылдастарымен бірге қымыз ішіп, әңгімелесіп отыратын. Бәкі бидің ерекше бір қасиеті адамды жаман, жақсы деп бөлмейтін, қарамағындағы малшы болсын, ауылдың ақсақалы болсын, тіпті жолаушы болса да өзі отырған үлкен үйге кіргізіп алып, олармен әңгіме-дүкен құрып, ерекше құрмет көрсететін.

Бәкі биге ел ағалары ауыл-ауылдардан келіп, елдің тұрмыс-тіршілігі, мал жайылымдары және басқа да күнделікті қажеттіліктері жайында ақылдасып,

шешіп отырған. Бала кезім көп мәселені түсіне бермеймін, сонда да анық білетінім Би атамызға көп адамдар келіп қысы-жазы алдын босатпайтын. Атаның әртүрлі мәселелермен келген ауыл ақсақалдарын, қонақтарды қабылдайтын он екі қанат ақ үйі болды. Шындығын айту керек, Бәкі бидің ауылдастарына, малшыларына, дау айта келген адамдарға, тіпті бұзақыларға да дауыс көтеріп сөйлегенін естіген де, көрген де емеспін.

Үш баласы бар еді. Үлкен ұлы Баймағанбет атаның шаруашылығын басқаратын, оның отбасында екі жас баласы болды. Екінші ұлы Құлмағанбет те жақында ғана үйленген. Кіші ұлы Жармағанбеттің жасы сол кезде 15-те болатын. Ұмытпасам, 1930 жылдың жазына қарай ауылға бірнеше атты кісілер сау ете қалды, араларында қызыл-жағалы милиция да бар. Олар Би атамыздың бар малын ауылға айдап келіп, бірін қалдырмай есепке ала бастады. Өкіметтің уәкілдері бұнымен тоқтаған жоқ, ауылдағы бірлі-жарымды малы бар адамдардың да төрт түлігін түгелдей тартып алды.

Ауылдың іші у-шу болды да кетті, оған қарап жатқан уәкілдер жоқ, ауылдан шыққан белсенділерді қосып алып, бар малды ортаға жинады. Бұл аз болғандай, Бәкі биді алдарына салып айдап кетпекші болды. Жиналған ел-жұрт Би атаны ортаға алып, оларға жол бермей қорғап қалды. Осы кезде Атаның жасы 80-ге толып қалған еді. Халықтың наразылығынан сескенді ме, әлде қарияның жасына қарады ма, әйтеуір қамаққа алмайтын болды. Сонда уәкілдердің бірі айқайлап:

- Сендердің тілдеріңді алып, бұл байды осында қалдырамыз, бірақ ешкім оған көмектеспейтін болсын! – деді де, тартып алған малдың бәрін алдарына салып айдап әкетті. Олардың ішінде кешегі біздің малшылар да, арамыздан шыққан ағайындар да болды.

Төрт түлік малмен күн көріп отырған ел 1930 жылдың күзіне қарай тоз-тоз болып, ашыға бастады. Кейін білдім, Бәкі атамыз бүкіл бала-шағасымен бірге аштықтан қайтыс болыпты. Сол кезде бала болсам да, өзім көрген осы оқиғаларды көкейіме түйіп, күні бүгінге дейін ұмыта алар емеспін,-деп Зейнеп әкпем қинала әңгімесін аяқтады.

## ЖУРНАЛИСТ МӘКЕН УАҚТЕГІ АШАРШЫЛЫҚТЫ КӨРГЕН ҚАРТТАРДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН ӘНГІМЕ ҚОЗҒАЙДЫ

### Новотроицкідегі балалар үйінің (детдом) жағдайы

- Менің әкем Уақов Жұмәділ Отарбайұлы 1921 жылы 25-мамырда дүниеге келіпті. Отызыншы жылдардың ашаршылығында ата-анасынан, Әлия, Мәрия атты бауырларынан айырылып, тұл жетім қалғандықтан Шу ауданының орталығы Новотроицкі (қазіргі Төле би) ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Әкемнің сол бір зұлматты кезеңдерді мұңая еске алған естіндегі естелігінің есімде қалғаны:

- Ашаршылықтың сәл алдында ғана ашылған балалар үйінің жағдайы өте нашар еді. Тамақ жағы жетіспейтін. Тәрбиеленушілер арасында жұқпалы аурулар да тарай бастады. Сол кезде оларға беретін дәрі-дәрмек те жоқтың қасы. Тамақтың кемдігінен және ауру жұқтырып алған балалар әлсіреп, денсаулықтары нашарлап кетті. Таңертең ұйқыдан оянған кезде жанымыз-мыз жатқан баланың өліп қалғанын көріп, төбе шашымыз тік тұратын. Бірте-бірте бұған да санамыз көндігіп алды. Қайтыс болған балаларды таңға жуық дүкендер арбаға тиеп әкетіп жататын. Босаған орындарға көшеде, далада жинағырып жүрген аш-жалаңаш жетімектерді алып келетін. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, әсіресе, 1930-1933 жылдары қазақ жерінде жетім балалар көбейіп кетті. Себебі, малдан айырылған ел аштыққа ұшырап, көптеген отбасылар бірі қалмай қырылып қалды. Ата-анасынан айырылып, тірі қалғандары көше кезіп, тамақ іздеді. Сондайлардың бірі – мен болдым ғой. Ашаршылықтың көсірінен үй-ішіміз түгел опат болды, тек мен ғана тірі қалып, балалар үйіне қалай тап болғанымды білмеймін.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, балалар үйінің де жетісіп тұрған жері жоқ. Шындығы сол, қарнымыз тамаққа тоймай, жан сақтау үшін амалсыздан дүкендерді жағалайтынбыз. Аз ғана тиын-тебен жинастырып, бес-алты бала түске таман азық-түлік сататын дүкенге кіріп, сатушыны алдаусырата алқалап бір баланы бос жәшіктің астына қалдырып кететінбіз. Түстен кейін дүкен ашыларда тобымызбен келіп, баланы да, оның тығып қойған тамағын да қыспақтан босатып алып, бір-екі күн мәре-сәре болатынбыз, – деп бар шығарын менен жасырмайтын.

Мойынқұм ауданы Бірлік ауылының тұрғыны болған Серкебай ақсақал да менің әкеммен бірге Новотроицкідегі балалар үйінде тәрбиеленіпті. Кездесіп қалғанымда балалар үйінде болған бір оқиғаны айтып беріп еді.

- Жұмәділге қарағанда жасым кішілеу болатын. Аты-жөні есімде жоқ, сәгезердей орыс жігіті әлімжеттік жасап балалардың наны мен тамағын тартып алып, күн көрсетпейтін. Одан бәрі де жасқанатын. Жұмәділ әбден

ашынған болуы керек, бір күні әлгіні «жекпе-жекке» шақырды. Менменсіген дәу шағын денелі Жұмакеңді менсінбей, бірден атып ұрамын деген оймен жайбарақат ұстаса кеткенде қос аяғы аспаннан келіп, содан бастап өзінен жасы кіші балаларға күш көрсетуді доғарды, – деп есіне түсірді Серкебай қария.

Әкем Ұлы Отан соғысы басталысымен Солтүстік Кавказ майданындағы барлау бөлімінде қызмет етеді. Жаудың әуе күштерінің құпия белгілерін алдын-ала біліп, оларды алдап қондырып алып, ұшқыштарын тұтқындап. ұшақтарының крест белгісінің орнына бес жұлдыз салып, Кеңес әскери күштерінің құрамына өткізіп отырған. Жұмәділ әкемнің сұрапыл жылдары ерлікпен шайқасқанын, сол кезде берілген бірнеше орден-медалдарынан көруге болады. Елге оралған соң Төлепбекқызы Жамалмен отау құрып. бейбіт еңбекке кіріседі. Екі ұл мен бес қыз тәрбиелеп өсіріп, 1985 жылдың қарашасында ауыр науқастан қайтыс болды.

### **Ашыққан елге араша түскен Нұрман би**

- Кеңестік жүйенің XX ғасырдың 30-жылдарында қолдан жасаған ашаршылығы қазақ еліне орасан зор апат әкелді. Қазақ халқы миллиондап қырылды, тірі қалғандары Қытай асты, аштықтан аман қалу үшін түбі бір қырғыздардан пана іздеді. Әділдігін айту керек, айыр қалпақты ағайындар қазақтардың сағын сындырмады. Сол кезде бала болған, қазіргі егде тартқан қариялардың ата-аналары қырғыз елінде жүріп, бала-шағасын, туған-туысқандарын аштықтан аман алып қалуға жанталаса әрекет еткенін күні бүгінге дейін естеріне алып отырады. Тарихтан белгілі, Тұрар Рысқұловтай қазақ халқының асыл азаматтары аштықтан қырылып жатқан халқына араша түсіп, Сталиннің қаһарынан қаймықпай ашық хаттар жазған. Дәл сол аласапыран, қиын-қыстау кезеңде ауылдастарын аштықтан құтқарып қалған, көптеген отбасыларына қамқорлық көрсеткен азаматтардың жер-жерде болғанын көнекөз ақсақалдар айтып отыратын. Сондай жаны жомарт жандардың бірі – Әділбайұлы Нұрман би Шу өңіріндегі ашаршылықтың азабын тартқан елге қолынан келгенше көмек көрсеткен.

- Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары Момын деген бақуатты өзбек мыңғырған малымен біраз елге жұмыс тауып беріп, ас-суымен қарайласып отырған, - деп еске алады Төле би ауылының тұрғыны, еңбек және соғыс ардагері Орынтай Ұстаев ақсақал. Орекең өткенді еске түсіріп былай деп әңгімелейді:

- Нұрман жас кезінде Момын байдың іс басқарушы қызметінде жүрген оған жем-шөп дайындатқан, малдарын Бішкек, Қарабалта базарларына сатқызып, ауылдастарын қажетті киім-кешек, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған.

Кеңес өкіметі орнағаннан соң, Момын бай өз еркімен бар малын ұжымға өткізіп, сол кезде Шу өңірінде жаңадан ұйымдастырылған «Сталин» колхозына бастық болып сайланады. Кейінірек 1929 жылы Момынның қалған малдары тәркіленіп, өкіметтің қудалауына ұшыраған бұрынғы бай өз басына қауіптенгеннен кейін Тәжікстанға өтіп кетеді. Алайда Момын бас сауғалап алысқа кетіп қалса да, кезінде бірлесіп елге қамқорлық жасаған Нұрманмен қарым-қатынасын үзбей, хабарласып тұрған. Қазіргі уақытта байдың ұрпақтары Шу ауданында өсіп-өніп жатыр.

Осы тәркіленген үш-төрт мыңдай қой мен ірі қараны Нұрманның өзі басқарып болып бақташылармен бағуды қолға алады. Әрине, ел ұжымға (колхозға) біріккеннен соң, Кеңес өкіметі Нұрманға бұл шаруашылықты сеніп тапсырып қаржы керек. Ашаршылық кезінде ел жан сауғалап көршілес Қырғызстан мен Өзбекстанға қарай жосылып көше бастағанда Нұркең ауылдастарының басына қосып құмның ішіндегі «Қызқашқан» деген жерде тапжылмай отырады. Ағайын-туыстары, ауылдастары қой бағып, еңбекпен күнін көріп, Нұрманның бастауымен қиыншылыққа төтеп береді. Сонымен қатар, бір тамағының қамы үшін жан сауғалап босып жүрген ашыққан адамдарға да қой-ешкі, сиырларын, бие-түйелерін түнделетіп сауып, қоян, қырғауыл аулап, көже дайындатып, астық ас ұйымдастыруды қолға алады. Нұрманның осындай жақсылығын ескере алмаған кейбір ағайынсымақтары «колхоздың малын сауып, өз бас пайдасына жаратып отыр» деп жоғарыға арыз жазғанын қайтерсің. Тексерушілер қан-жақты зерттеп, мән-жайға қаныққан соң, Нұрман ақсақалға ешқандай мән-өңе таға алмаған. Қиын-қыстау кезеңдерде елге қамқоршы болып, ауылдастарын аштықтан аман алып қалуға бар күшін салған әрі ақылшысы болған Нұрманды ауылдың үлкен-кішісі би деп атап кеткен.

Шамамен, 1906-1907 жылдары болуы керек, Нұрман бидің інісі Шатыркұл қолдасымен Шымыр еліндегі Шінәлі байдың немере қызын алып қашып кетіпті. Ол «қой аузынан шөп алмайтын» өте момын екен, өзін ұнатып қалған қыздың қайрауына қарсы тұра алмай қалса керек. Қыздың артынан қырып-жардай қамшы үйіріп, әзірейілдей қуып келгендерге Нұрман «құлдық, құлдық» дей беріпті. Сонда қуғыншылардың бірі:

- Әй, жігіттер, Нұрманның «құлдық, құлдық» дегені, қазақтың ата салты емес пе? Ұсынған басты қылыш та кеспейтінін білесіңдер, ашуларыңды басыңдар, егер қыз өз еркімен сүйген жігітіне келген болса, шу шығармайық, - деген екен.

Қуғыншылардың аптығы басылып, ауылдарына келіп барлық болған қайды Шінәлі байға баяндайды. Осыдан соң қыз алып қашқан елге байдың өкілі аттанады. Шәй үстінде Шінәлі бай:

- Нұрман, сенің бауырың біздің ауылға келіп, бұзықшылық істеп кетіпті. Осы жөн бе, қарағым? – депті.

Сонда би тұрып:

- Құп тақсыр, қазір, – деп сыртқа шығып кетеді де, дір-дір етіп қорқып тұрған Шатыркұлды жағасынан сүйреп әкеледі.

- Сіздің ауылға «тентектік» жасаған осы бала. Бұған адам емес, бөтен ит байлап берсе де, қауып алмас момынның момыны екенін көріп тұрсыз. Осы бұзықшылық бізден емес, сіздің немереңіздің өзінен болды-ау, – дегенде Шінәлі бай:

- Апырмай, солай ма еді? – деп, сөзден тосылыпты...

Қазіргі кездегі ауыл қарияларының айтуынша, Шінәлі жомарттығымен елге танылған кісі болған, жоқ-жетім, жетім-жесір, кедей-кепшіктерге қарайласып отырған. Ауылының маңынан өтіп бара жатқан жолаушылар ат басын бұрмайтын болса, оларды шақыртып алып:

- Сендер неге сәлемдесіп, қонақасын жеп, қона жатпайсыңдар? – деп малын сойдыртып, тамақ астыртып, осылайша қонақтарына сый-құрмет көрсеткен.

Бірде байдың немересі жүгіріп келіп, өзінен басқа ешкімнің тақымы тимеген боз жорғасын бұрын есігінде жүрген, кейін ауыл белсенділерінің біріне айналған әпербақан Шөпеттің атты мініп, шауып жүргенін жеткізгенде :

- Оған ешнәрсе демендер, жаман Шөпет боз жорғаны не қылсын, оны мінгізіп, шаптырған Құдірет қой! Құдіретке қарсы келмендер, - деген екен жарықтық Шінәлі.

Шөпет сияқты ұрда-жық белсенділер халыққа қарайласып қамқоршысы болған, Шінәлідей бақуатты мырзаларды қудалуға ұшыратып, көпшіліктің жан азығы – малдарын тәркілетіп жұрдай қылғаны ащы шындық. Соңы қаралы нәубетке ұласып, қазақ халқының үштен екісіне жуығын «қара шыбындай қырған» зұлматты ашаршылыққа ұрындырды. Осындай «шаш ал десе, бас алатын» әңгүдіктердің қармағына іліккен Шінәлі бай мал-мүлкінен айырылып, Шу стансасынан итжеккенге айдаларда құдай қосқан құдасы Нұрман бір түйесін арнайы сойып, үйітілген басын сыбағасымен қоса апарып беріп, шығарып салады. Қылышынан қан тамған Кеңес өкіметінен сескенбей. «халық жауын» шығарып салуға баруының өзі үлкен ерлік емес пе? Сонда Шінәлі көзіне жас ала тұрып:

- Нұреке, пейіліңе рахмет, әбден ризамын! Жаратқанның шапағатына бөлен, ұрпағыңмен мың жаса! Біз енді бұл жалған өмірде кездесе алмаспыз. жолығатын жеріміз пейіштің төрі болсын, - деп аттанған екен. Содан ел арасында жомарттығымен, адалдығымен құрметке бөленген Шінәлі қария елге оралмай, Сібірде қайтыс болды.

- Баяғыда Түлкібастан қоныс аударғанымызда осы маңдағы «Қызқашқан» құмын мекен еткенбіз. Ол біздің ата-қонысымыз саналады, - деп Шу ауданындағы Төле би ауылының қадірлі қарияларының бірі Жарқынбек Құлжанысов ақсақал да би жайында әңгіме айтып берді:

- Нұрман бидің менің әкемнен бір жас үлкендігі бар еді. Денесі шағындау болғандықтан келіндері «кішкене би жәкем» дейтін. Өте зерделі кісі еді. шежірені жақсы айтатын. Осы өңірдегі елдің бала-шағасына дейін бәрін жіктеп, саралап беретін. Сонымен бірге ел арасындағы келіспеушілік пен дау-



амайды әділдікпен шешіп отыратын. Оның әсіресе, ашаршылық жылдары елге жасаған жақсылығы ересен. Әкем айтып отырушы еді, бірде елге таны-  
ел Атай молда аштықтан жағдайы келіспей жолға шығып кетеді. Әл-дәрмені  
қырып, бір сексеуілдің көлеңкесінде бұратылып жатқанда, Нұрман би үстінен  
түсіп қалыпты:

- Ассалаумағалейкум, молдаке, сырқаттанып жатырсыз ба? – деп амандық  
сұрағанда, енді аман қалатынын сезген Атай қария:

- Қарағым Нұрман, сенің келетініңді біліп едім, – деп кемседеп қоя бер-  
сея көрінеді.

Нүрекең әбден әлсіреген Атай молданы сүйемелдеп атына мінгізіп, үйіне  
жөліп бір ай шамасы бағып-қаққан екен. Атай ақсақал менің туған нағашым,  
мені анамның ағасы еді. Өзі тақуа әрі өте білімді молда болатын. Таңқаларлығы  
тағзы бар, тамақты таңдап, талғап ішетін. Қарияның ауылдастары, көрші-  
қанаңы «Атай молда тамақты шұқып жейді деуші еді, тамақты апырып-жапы-  
рып жейтін болыпты, аштық не істетпейді десеңші» деп таңданысыпты.

Нұрман бидің Тойлыбай деген үлкен баласы екі жүздей түйе бағатын.  
Түйенің шұбаты ем, бір жағы тамақ, өте қою болады. Нұрман аштықтан  
жабырған елдің өз үйіне бір соқпай кетпейтінін білгендіктен, түйелерін  
жазытымен сауып, шұбатын дайындатып отырады екен. Шұбат ішіп, көжеге  
қосып, тынығып, әл жинап алғандарға жол азығы – құрт-ірімшік беріп жолға  
жығарып салып, келесі жолаушыларды күтетін болған.

Нұрман бидің осындай жомарттығы, парасаттылығымен қатар көріпкел,  
естелігі де болған көрінеді. Оған Шудағы Абай атындағы ауылдың тұрғыны  
Амантай Бекмолдаұлының мына бір естелігі куә:

- 1968 жылы Луговойдағы (қазіргі Т.Рысқұлов ауданы) мал-дәрігерлік тех-  
никумда оқитынмын. Жазғы каникулда Нұрман биге жолығып қалдым. Жөн  
сұраққаннан кейін, әңгіме бағыты ауа райына ауысты.

Сонда ол:

- Он алты жастағы бала болсам да әлі ұмыта қойған жоқпын. 1896 мешін  
жазы ала жаздай жаңбыр жаумай, аңызақ жел тұрды. Қыста қар ерте әрі  
бізден қалың түсіп, аяз қатты қысты. Соңы жұтқа ұласып, мал қырылып, ел-  
қалтқа өте ауыр тиген еді. Мен көре алмаспын, өздеріңнің көздерің жетеді.  
Біз биылғы мешіннің көктемі мен жазы да сол 72 жыл бұрынғы жұтқа өте  
қатас келіп тұр. Аман болсаңдар көресіңдер, түйенің қара санынан асатын-  
ды қар жауып, қақаған аязымен елге айтарлықтай ауыртпашылық әкеледі,  
- деп.

Мен іштей сене қоймадым. Бірақ, Нүрекең әулие екен. Өзі алдын-ала  
сөзінше, сондай, көп кешікпей 1968 жылдың тамызында 88 жасында Нұрман  
бидің дүниеден озды. Ал, 1968-1969 жылғы қыстың қандай болғаны қалың  
қыстыққа белгілі...

Нұрман бидің еліне жасаған жақсылығы жетерлік. Елге қамқоршы болып,  
өмірбаян жылда қой санын 3-4 мыңнан 60 мыңға жеткізген. Жасы ұлғайған

шағында түйе бағып, түлік төресінің көбеюіне тікелей атсалысқан. Мал санын көбейтіп қана қоймай, халқының кәдесіне жаратқан. Ағайын-туыс, құда-жекжаттарының арасында ғана емес, ел-жұртына айрықша сыйлы болғандықтан Нұрман биді бүгінде Шу өңіріндегі Төле би, Абай, Мойынқұм, Ақтөбе, Жиенбет ауылдарының көнекөз қарттары аса бір ризалық сезіммен еске алып отырады.

Қалың жұртшылықтың, Шінәлі құдасының «ұрпағыңмен мың жаса» деген батасын періштелер қабыл алған болу керек, бүгінгі күні Нұрман бидің 80-нен астам бала-шаға, немере-шөберелері өсіп-өніп, оның армандаған. бірақ аяқтай алмай кеткен игі істерін жалғастыруда.

## **ТӨЛЕ БИ АУЫЛЫНЫҢ ҚАДІРЛІ АҚСАҚАЛЫ ҚҰЛЖАНЫСОВ ЖАРҚЫНБЕКТИҢ АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КӨРГЕНДЕРІ**

### **Сол бір ауыр жылдардың ауыртпалықтары**

Жарқынбек қария 1923 жылы тамыз айында Шу өңіріндегі Жиенбет ауылында дүниеге келіпті. Жас кезінен білімге құштар болып, заман түзеле бастағанда Жақаң зооветеринарлық техникумды бітіріп, Көктерек ауданындағы ветеринарлық учаскенің бастығы болып тағайындалады. Содан соң аудан орталығы Бірлік ауылында партия ұйымының хатшысы қызметін атқарады. Партия ұжымында 35 коммунист болған екен. Зейнет жасына жақындағанда сол аудандағы Кеңес (қазіргі Айдарлы ауылы) колхозының бастығы болып сайланады.

Елде жаппай ашаршылық басталған кезде мен 7 жаста едім, – деп бастады Жарқынбек қария әңгімесін.

- 1930 жылы біздің тұрған жерімізде «Сталин» колхозы ұйымдастырылды. Елдің төрт түлік малын түгелдей тәркілеп, колхозға берді. Негізгі күнкөрісі малынан айырылған халық аштыққа ұшырай бастады. Колхоздан ашығып жатқан елге ешқандай көмек болмады. Біздің де жағдайымыз қиындағаннан соң, әкемнің інісі Әлімбай отбасымызды Новотроицкі ауылына көшіріп әкелді. Шу өзенінің жарқабағына кішкене ғана күрке тұрғызып алдық. Аздап жинаған азық-түлігіміз таусылып, не малымыз жоқ, қалай күн көрерімізді білмей күйзеліске түстік. Новотроицкі ауылында да жетісіп тұрған ешнәрсе жоқ екен. Үйден шыға қалсаңыз, ағаштың көлеңкесінде, көшелердің бойында көздерінің нұры кетіп, ісіп-кеуіп, әлсіреп жатқан адамдарды, әсіресе, теңкиіп өліп жатқандарды көріп, төбе-шашым тік тұратын. Олардан шошып ауырып қалған күндерім де болды. Бұдан кейін шешем мені сыртқа шығармайтын болды. Бала емеспін бе, сонда да болса үйден шығып далада ойнағым келеді...

Кейін білдік қой, қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі Тұрар Рысқұлов өз басына төніп тұрған қауіптен тайсалмастан, 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында:

«Шу ауданының орталығы Новотроицкі селосында күн сайын 10-12 қазақ өледі, сондай-ақ ауданнан қазақтардың көпшілігі кетіп қалған» деп шындықты ашып көрсетіпті.

Әкем Шу стансасындағы теміржол бойына жұмыс табылып қалатын шығар деп жиі баратын, бір күні өңі-түрі адам шошырлықтай болып үйге жетіп келгенде, үй ішімізбен: мен, шешем, әкпем Рақила үшеуіміз үрейлене қалдық. Сөйтсе, теміржол бойын аралап жүріп, бір сұмдыққа кездесіп қалыпты. Баспанаға ұқсас үлкендеу бастырма астында ондаған адамдар аштықтан әл-тәрмені таусылып, қозғалуға шамасы келмей жерде жатыр екен. Айнала-сы ластанып кеткен, былғаныш, сасық. Барлық жерде шашылған сүйектер, шыртылған киімдердің арасында өліктер жатыр. Кеудесінде аздаған жаны бар бір адам өлген адамның жамбасындағы қар етін кескілеп, абайсызда осы жерге тап болған әкеме де назар аудармаған.

Күні-түні жұмыс іздеп табанынан таусылған әкем Қырғызстанға кетуге мәжбүр болды. Сол кеткеннен мол кетті, қайтып елге оралмады. Сөйтіп, бүкіл халықтың басына түскен, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық мені де әкемнен айырды.

Күніміз шешем мен әкпеме қарап қалды. Әлі есімде, 1931 жылдың қаңтар айында қақаған қыстың ортасында шешем ағаштың түбірін шауып алып, базарға апарып сататын. Отынды алдап алып, ақшасын бермей кететіндер де кездесіп қалады екен. Әкпем болса пойыздағы вагондарды аралап, қайырымды адамдардың арқасында бірде бар, бірде жоқ дегендей, әйтеуір нан тауып күрді. Десек те, ініміз екеуіміз аштыққа шыдай алмайтындай халге жеттік. Шешем байғұс, шырылдап бізді аштықтан аман алып қалуға жанталасты. Сол кезде Новотроицкі ауылында аш-жалаңаш жүрген жетімдерге арналған балалар үйі бар болатын. Амалсыздан күннен күнге әлсіреп бара жатқан ініміз екеуімізді шешем 1931 жылдың қысында балалар үйіне тапсырды. Осындай сыншылық заманда балалар үйінің жағдайы да мәз емес екен, тамақ жағы жеткіліксіз, бұл жерге әкеліп жатқан балалардың ішінде жұқпалы аурулармен ауырғандар да көп болыпты. Інім өте жас болғандықтан, кішкентайлардың арасына қосып жіберді де, мен біраз уақыт оны көре алмадым. Осы жылдың көктеміне қарай болуы керек, бір күні шешем келе қалды. Бізді алып кетуге келген екен. Тәрбиешілер осыдан біраз бұрын Бөбек інімнің өліп қалғанын естірткенде, шешем зар еңіреп жылап, көзінің жасы етегіне толды.

Сонымен отбасымыз тоз-тоз болып, әкем бала-шағасын асыраудың қамымен қырғыз еліне кетсе, балалар үйінен шыққаннан кейін шешем екеуіміз Байырғы мекеніміз Жиенбет жеріндегі жаңадан құрылған Мойынқұм колхозына келдік, ал әкпем сол Новотроицкідегі күркеде қалды.

Қайда қарасаң да, қырылып жатқан халық. Келген ауылдағы әр дуалдың жанында екі-үш адамнан өліп жатқанын көріп, жүрегіміз езіліп, көзімізден қалай жас шығып кеткенін сезбедік. Бір ағаштың түбінде кірпішешенді қайнатып, пісіріп жеп жатқан екі адамды көзіміз шалып қалды. Ауылға кіреберісте бірнеше адам өлгендерді арбаға лақтыра салып, ауылдың шетіне қарай алып кетті.

Сол кездегі құрдастарым сияқты мен де 12 жасымнан қара жұмыс істедім. Аштықтан өлмес үшін шешеме көмектесіп, күзгі жиын-теріннен кейін масақ тердім, соқаны өгізге де, атқа да жегіп алып колхоздың жерін жыртуға бір кісідей көмектестім. Шөп шауып, шөмеле салдық. Біраз уақыт ұстаханада істеп, темір қыздырып, көрік бастым. Қазіргі Баласағұн ауылының маңындағы Тоқташ деген елді мекеннен өгіз арбамен Шу стансасына бидай тасыдық. Өйткені, 1930-1940 жылдары егін шаруашылығымен айналысатын ұжымдар сол жерге шоғырланған еді. Өгіз арбалармен қап-қап тасыған бидайды стансадан пойызға салып, біз білмейтін жаққа жіберіп жататын. Одан елге бір түйір дән бермейтін, халық қалған-құтқан масақты теріп күнін көріп жүрді. Астық алып келе жатқан өгіз арбаларды екі жағынан қаумалап, милиция қырағы күзетіп отыратын.

Аз ғана сауаты бар немере ағам Әшімбайды Шымкент қаласына колхоз басшыларын дайындайтын 6 айлық оқуға жібереді. Оқудан келгеннен соң, ағамның әкесі қайтыс болып, ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың салт-дәстүрі бойынша арулап, жаназалап қарияны ақтық сапарға шығарып салады. Әне-міне, «Сталин» колхозына бастық болайын деп тұрғанда, жергілікті шолақ белсенділер бұл дүниеден озған әкесіне құран оқытып, жаназалап қойды деп ағамның үстінен арыз жазыпты. Сөйтіп, ағам Кеңес өкіметінің «жаңа тәртібі бойынша» колхозды басқаруға жарамай қалған екен. Әшімбай ағам еңбекқор адам еді, ешнәрсеге қарамай, намыстанбай колхоздың қара жұмысына кірісіп кетіпті.

Кейін Кеңес өкіметінің әртүрлі қызметтерін атқарып жүргенімізде, өзіміздің басымыздан өткен ашаршылықтың зардаптарын айтуға батылымыз жете бермейтін. Өйткені, зұлмат жылдардың ақиқатын ашуға кеңестік билік қатаң тыйым салған еді. «Дін – апиын» деген ұғымды құлағымызға құйып, сонау ертеден келе жатқан, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұмыттырып жіберуге кеңестік идеология бар күшін салды емес пе? Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, қазақ еліндегі XX ғасырдың 30-жылдарындағы адамзат тарихындағы ең қасіретті апаттың себептері мен зардаптары ашық айтыла бастады. Бұған да шүкіршілік етейік, – деді 91 жасқа толған қария әңгімесінің соңында.

## Бірлікүстем ауылының түрғыны, 90 жастан асқан Жақыпбаева Гүлбаршын кейуананың естелігі Ашаршылық замандағы қырғыз ағайындардың көмегі

- Біздің аштық апатынан аман қалуымызға себепкер болған қырғыз ағайындар екенін ешқашан ұмытуға болмайды. Қазіргі балаларым мен жемерелеріме үнемі айтып отырамын. Жаңа өкіметтен көп жақсылық күттік, бірақ үмітіміз ақталмады. Менің 7 жасқа толған кезім, шамамен 1932 жылы болуы керек, алдында ғана өкіметтің уәкілдері бай, кедей деп ажыратып жатпай, барлық малымызды тай-тұяғымызға дейін бірін қалдырмай тартып алғанының есімде қалыпты, – деп көпті көрген ана әңгімесін одан әрі жалғастыра берді. -Жеке шаруашылықтарды ұжымдастырумен бірге бүкіл елді бір жерге жинап қоныстандырады екен деп естіп жаттық, бірақ бізге ешкім нақты сондай жағдай болатынын түсіндірген жоқ. Бізде мал да, жан да ортақ болады екен деген ұғым қалыптасты.

1932 жылдың аяғына қарай жағдайымыз күрт нашарлады. Аштықтың азабын көрген адамдар өздерінің туған жері Үңгірліні тастап, жақындағы қырғыз еліне қоныс аударғаны былай тұрсын, сонау Қытай мен Моңғолияға көшіп кеткен кейбір ағайындарды да кейін білдік. Үңгірлі өзенінің бойында бұрыннан тұрып келе жатқан қоныстарында қалған ағайын-туыстар сары ташқан аулап, тасбақаның етін жеп, саңырауқұлақ теріп өлместің күнін көріп қалды. Қанша десек те, аш-жалаңаш қалған жандардың ішінен күніне бірден-бірден өліп жатқандарын көмуге әлсіреген туысқандарының шамасы әрең-әрең жетті. Олардың тек мәйіттің бетін жабуға ғана күші келді. Бір шөмеле топаннан бір уыс бидайды теріп алып, талғажу ету бізді аштықтан құтқара алмады. Сол кезде колхозда өсірілетін майлы дақыл, күнжіттен алынған май да тамақ болуға жарамады. Қысы-жазы, тәркілеуден жасырып қалған, бірлі-жарым қой-ешкінің сүтін қорек еттік. Күндіз-түні анадан –мынадан тапқан қара көжемізді, бидай көжемізді өкіметтің шолақ белсенділерінен тартып ішетін болдық. Өйткені, кеңестік уәкілдер үйге баса-көктеп кіріп, ішіп отырған тамағымызды тартып алады немесе «халық жауысың» деп, абақтыға апарып жіберу оларға түкке тұрмайтын еді. Бала болсам да есімнен кетпейді, екі-үш күн нәр татпай аш жүргеніміз...

Шу өзенінің бір сағасы Үңгірлі өзенінің бойында колхоз құрамыз, көше саламыз деп, 1932 жылдың қақаған қысында өздерінің жылы қыстауларында отырған ел-жұртты бір жерге жинап, киіз үйлерін қатар-қатар көше еткізіп тұтқызды. Кеңес өкіметінің адам баласына жат солақай саясатының барысында елділікті күштеп ұжымдастыру қолға алынып, жергілікті биліктің белсенділері көшпелі елдің күнкөрісінің жалғыз гана көзі – қолындағы малын зорлықпен жинап алып, колхозға біріктірді. «Үңгірлі» колхозынан аштыққа ұшыраған елте ешқандай көмек болмады. Үңгірліде отырған елдің көпшілігі берекесі

қашып, тоз-тоз болып қаңғырып кетті. Тәркілеуден қалған бірлі-жарым малдарын тағы да тартып алып, ет, май, жүн, астық жоспарларын артығымен орындатты.

Осындай азапқа шыдай алмай, 1933 жылдың ерте көктемінде айыр қалпақты ағайындардың еліне жол тарттық. Жол-жөнекей көргеніміз, жолдың шетінде өліп жатқан адамдар, олардың арасында балалар да бар. Бірлі-жарым біз сияқты қырғыз еліне бет алған жандар болмаса, еш жерде тіршілік иелері көрінбейді. Сонымен күн демей, түн демей он күндей жүріп, қырғыз жеріне арып-ашып әрең жеттік. Бұл елде біздің елге қарағанда жағдай біршама жақсы екен. Азық-түлігіміз таусылып, соңғы екі күнде аш болып келген отбасымызға қырғыз ағайындардың жандары ашып, тамақ бергенін ешқашан ұмытпаймын. Әлденіп алғаннан кейін оларға жалданып, үлкендер жұмыс істеуге кірісіп кетті. Сөйтіп, қырғыз елінде күнімізді көріп жүріп, аштыққа ұрынған жоқпыз. Елге үш жылдан кейін ғана оралдық.

### **Бірлік ауылының тұрғыны, 95 жыл өмір сүрген Бұғыбай атаның басынан кешірген оқиғалары Есімде қалған ауыр жылдар**

- Мен отызыншы жылдары оң-солымды танып қалған он жастағы бала кезім еді. Сол кезде біздің ауыл шөбі шүйгін, ауасы таза, жері шұрайлы Шу алқабындағы Шу-Іле тауларынан бастау алатын ағысы қатты тау өзені Кербұлақтың бойында болатын. 1929 жылдан бастап елде жаппай ұжымдастыру басталып, қолымыздағы 150 бас қойды, 10 жылқыны, 15 шақты ірі қараны бірін қалдырмай, «колхозға өткіземіз, бұл өкіметтің бұйрығы» деп, уәкілдер ай-шайға қарамай барлық малды алып кетті. Тіпті, ауылдағы бір-екі ғана қой-ешкісі бар отбасылардың да малын жылатып-зарлатып тартып алды. Дегенмен, ауыл адамдары апаттың болатынын алдын-ала сезгендей, Кербұлақ тауларының ой-саздарында жайылып жүрген түйе, жылқыларын көзден таса қылып, тығып қойған екен. 1930 жылға дейін аштықтың дәмін әлі тата қойған жоқ едік, өйткені өкіметтің шолақ белсенділерінен жасырып алып қалған аз ғана қой-ешкі, аздаған азық-түлігіміз бар еді. Бір жылдан кейін, яғни 1931 жылы жағдайымыз қиындай бастады, үйдегі азық-түліктің қоры таусылуға айналды. Не істерімізді білмей, күннен күнге ашығып жанталаса бастадық. Сол кезде әкем екеуіміз ауыл-ауылдарды кезіп жылы киімдерді бір шелек бидайға айырбастап, соны талшық етіп күн көрдік.

Анамыз бидайды қол диірменге тартып талқан етіп, оны сумен араластырып, тәулігіне бір-ақ рет ішетін көже пісіріп беретін. Бұған тоймай күн өткен сайын әлсіреп, жиі-жиі ауыратын болдық. Әсіресе, үйдегі менен жас інім мен қарындасым аштықты көтере алмай әбден қиналды. Әруағыңнан айналайын, ата-аналарым, өздері аштықтан аяқтарын әрең басып жүрсе де, барлық тапқан-таянғандарын біздің ауымызға тосты.

Күнде кешке қарай далада ісініп өліп жатқан адамдарды көріп, жан-дүниеміз астан-кестен болатын. Ауылда апталап нәр татпай, қиналып өлген адамдардың саны арта түсті, күнде кемінде екі-үш адам қайтыс болып жатты. Аштықтан ісініп-кеуіп, бұл дүниеден озған адамдарды зиратқа апарып жер-жерге әлсіреген туыстарының шамасы келмей ауылдың сыртына апарып көме берді. Бұлай жүре берсе бәрінің де қырылатынына үлкеннің де, кішінің де көзі елден жетті. Ауыл ақсақалдары ақылдаса келе, түнделетіп Қытайға көшуге бел буды. Көшуге дайындық жұмыстары жасырын жүргізілді, өйткені, Кеңес өкіметі халық ашығып отырса да басқа жаққа қоныс аударуға қатаң тыйым салған еді. Қызыл әскерлер ауылдың көшіп бара жатқанын біліп қойса, шекарадан асырмай көштің жолын тосып, өте қатыгездікпен қырып салатыны туралы әңгіме ауыл арасында айтылып жүретін. Өкіметтің тәркілеуінен жатырып қалған, әр отбасындағы түйе мен атқа көрпе-жастығымызды артып, бұйынып-түйініп түн ортасында жолға шықтық. Көш жылжи бастағанда туған елмен қоштасқандай болып, әйелдер жағынан зарлана жылаған дауысты естіп, үлкендер де, балалар да көздеріне жас алды.

Бүкіл ауыл адамдары сияқты менің де әке-шешем мен туған-туысқандарым екі керекті бұйымдарды: көрпе-жастықты, жылы киімдерді, әйелдердің күмістен жасалған сақинасын, сырғасын тағы басқа әшекейлі заттарды қалдырмай бірге ала кеттік. Азық –түлік қорынан тек талқан (ұнтақталған, қол диірменге тартылған бидай) ғана қалған еді.

Сонымен Алматының шетімен Нарынқол асып, тау қыраттарының арасындағы бұрыннан салынған жол арқылы Қытайға өтпекші болдық. Ұмытпасам, Алматыға дейін он тәуліктей жүрдік-ау деймін.

Түйелердің қомына жас балалар мен әйелдерді, қарт кісілерді отырғызып, те-азамааттар қолдарына бірен-саран мылтықтарын, басқа да қаруларын алып көштің алдында да, артында да жүріп отырды. Бірнеше күннен кейін тау асуына жеттік те, бір күндей тыныс алып, жолға тамақ болады деп алып шыққан қойларымызды сойып алып, тамақтандық. Ел сәл ғана күш жинап, аудан өтуге дайындала бастады. Бәріміздің көңіліміз көтеріңкі, әр адамның күрегінде таудан аман-есен өтіп кетсек деген жалғыз ғана ой болды.

... Тау қыраттарының арасындағы тар жолмен көш шұбатыла баяу жылжып келеді. Сол сәтте көштің екі қапталындағы қыраттардың төбесінен қызыл әскерлер мылтықтарын кезеніп, аяқ астынан шыға келгенде жұрт ең істерін білмей, дағдарып тұрып қалды. Ауылдың Қытайға көшіп бара жатқанын алдын-ала біліп алған шекарашылар халықтың бірін қалдырмай қырып салу үшін қалың елден қашық осы маңды таңдаса керек. Төбенің ба-асында тұрған қызылдар бір сөз айтпастан көшті атқылай бастады. Тау арасы ұ-шу болып, боздаған түйе, кісінеген жылқы, маңыраған қойға бала-шағаның шынғырған даусы қосылып, дүние азан-қазан болды да кетті. Оқ тиген ат-тар көкке қарай ышқына екі аяғымен шапшып, жерге гүрс етіп құлап жатты. Түйелердің үстінде отырған қарттар, әйелдер, бала-шаға жаңбырша жауған

оқтың астында қалып, жан дауыстарымен өкіре жылап, жануарлармен бірге мұрттай ұшып көк түтіннің астында қалды. Өлгендері өліп, тірілердің жерден бастарын көтеруге шамасы келмеді. Қолдарында аз ғана мылтықтары бар ер-азаматтарға төбеде тұрған жақсы қаруланған қызыл әскер қарсылық білдіруге мұрша бермей, төпелетіп оқты қарша боратты. Айналдырған екі-үш минуттың ішінде көш шапқан баудай қырылып, тыпыр еткен жан қалмаса да қызылдар атқылауды тоқтатқан жоқ. Менің астымдағы мінген тай үркіп кетіп, омақаса құлады, өзім де 3-4 метрдей жерге домалап барып, бір мезет есімнен танып қалдым. Сәл уақыттан кейін өз-өзіме келіп, құлап жатқан түйе мен оның үстіне артқан жүктің ортасындағы қуысқа барып тығылдым.

Қанша отырғанымды білмеймін, тіпті, ешқандай атыс болмағандай айнала тым-тырыс, тек күн ұясына жақындап қалғандай. Қуыстан атып шығып, жүгіре жөнелдім, қайда бара жатқанымды сезбеймін, жүгіріп келемін, жүгіріп келемін...

... Мені біреу жұлқылап оятып жіберді, қарасам бір ағаштың түбінде жатырмын, сәске түс болып қалыпты. Алдымда егде тартқан кісі тұр. Өңім бе, түсім бе деп оған бадырайып, қарап қалыппын. Сонда әлгі қария менің есеңгіреп тұрғанымды байқап:

- Қарағым, тұра ғой. Бұл жерде неғып жатырсың, айдалаға қайдан тап болдың? – деп тіл қатты.

Орнымнан атып тұрып, жан-жағымға кәдімгі бір нәрсемді жоғалтқандай, алақ-жұлақ етіп қарай бастадым. Кешегі оқтың астында қалған әке-шешем, туған-туысқандарымның біреуі де көзіме көрінбеді. Қарша бораған оқ, көк түтін, шыңғыра айқайлаған балалар, құлап жатқан адамдар көз алдыма елестеп, көзім қарауытып, басым айналып бара жатқанын ғана сезіп қалдым. одан әрі не болғанын білмеймін...

Бір кезде көзімді ашсам, басымды сүйеп аузыма су тамызып отырған әлгі кісі екен. Мені сүйемелдеп атқа мінгізіп, үйіне алып келді. Жол бойы менен ешнәрсе сұраған жоқ, егер сұраса да мен болған оқиғаны айтуға шамам келмес еді. Көпті көрген ақсақалдың менен сұрамағаны, жағдайымды түсінген болуы керек. Алдымыздан қарияның кемпірі шығып, қуана қарсы алды.

- Шал-ау, жалғызыма серік болатын бала тауып келгенсің бе? – деп, шала ғана есім бар мені, аттан түсуіме көмектесіп жатыр.

Үсті-басымды шаң-тозаңнан тазартып, беті-қолымды жуындырып, алдыма тамақ әкеліп қойды. Тамақтан бір-екі рет алғаннан кейін әлсіреп, маужырап ұйқым келе бастады. Олар да ешнәрсесіз сұрамады, мен де бір ауыз сөз айтпадым. Орнымнан әрең дегенде тұрып, салып берген төсегіне жатқаным сол-ақ еді, әп-сәтте ұйықтап кетіппін. Қанша ұйықтағанымды білмеймін. Бір мезгілде өздігімнен оянып кетсем, күн көзі едәуір көтеріліп қалыпты. Мені ұйқысы қанып оянсын деп, әдейі оятпай отыр екен. Төсегімнен тұрып беті-қолымды жууға бет алғанымда, мені көріп қалған апа шошып кетіп:



- Біссімллә, біссімллә, – деп менің түріме таңырқай қарады. Неге маған таңырқай қарады деген оймен, керегедегі ілулі тұрған алақандай айнаны көзім шалып қалып, жүгіріп барып бетіме тостым. Қарасам, кешегі қап-қара шашым 80-90-ға келген қарттың шашындай аппақ болып кетіпті, түс көргендей орнымда состиып тұрып қалдым.

Үйге кіріп келген ата да менің аппақ болған шашымды көріп, түрі бұзылып кетті. Тамақ ішіп, әлденіп алғаннан соң қызылдардың біздің ауылдың мәшін қалай қырғанын жылап отырып айтып бердім. Ата мен апа да қатты сүйзеліп, менімен қосылып жылағанда жүрегім езіліп, әке-шешемнен, туған туысқандарымнан мәңгі айырылғанымды ойлап зар еңіредім. Өксігімізді басып өз-өзімізге келгеннен кейін ата тұрып былай деді:

- Айналайын, сен енді біздің туған баламыз боласың. Үлкен әкпең бар, ол әзірше басқа жерде тұрады, бір келгенде таныстырамыз.

Мен іштей қуанып тұрсам да үндемей, көзіме қалай жас келгенін байқамай қалдым. Әрине, бұл қайғының емес, қуаныштың көз жасы екенін атам мен апам бірден түсінді. Бұл кісілердің елден бөлек жалғыз үй отырғанын кейін ғана білдім. Ел тоз-тоз болып, ашаршылыққа ұшырап жан-жаққа күнкөрістің тамымен босып жатқанда, ата тәркілеуден аман қалған азын-аулық малын алдына салып, осында көшіп келеді. Халыққа қасірет әкелген Кеңес өкіметі тәкілдерінің көзіне түспеу үшін амалын тауып, елден шеткері отырған себебі де осы болыпты. Атам ауылдарға немесе жақындау жердегі базарға жасырын барып, бір қойды бір-екі шелек бидайға айырбастап, отбасын аштыққа ұрындырмай күнін көріп жүр екен.

Екеуміз екі атқа мініп, кешегі қырғын болған жерге келдік. Теңкиіп-теңкиіп түйелер, аттар және бірлі-жарым қойлар да өліп жатыр. Түйелердің үстіндегі жүк, көрпе-жастық, киіз үйдің керегелері, шаңырақтары тағы басқалары әр жерде шашылып жатыр, өздеріне жарамды дүниені Қызыл әскердің тонап алып кеткені көрініп тұр. Оққа ұшқан адамдардың біреуі де қырғын болған жерде болмай шықты, марқұм болған жандарды қызылдар жинап алып, бір жұңқырға көміп тастайтынын бұрын да еститінбіз. Солай болған екен ғой деп, ішіміз удай ашып қала бердік. Жүгімізді артқан түйенің жанына барып, тонаудан қалған көрпе-жастығымызды, тағы басқа әке-шешемнен қалған керекті үй мүліктерді түгендеп екі атқа артып, үйге қайттық.

Бір айдан соң атамның қызы Жамал келіп, менімен танысты. Ол келген сайын маған әріптерді үйретіп, оқыта бастады. Жарты жылдан кейін қысқа сөйлемдерді ежіктеп оқып, сауатым ашылды. Атамның мал бағуына көмектесіп, үй тіршілігіне белсене араласып кеттім.

Сөйтіп, 1935 жылы елдің жағдайы түзеліп, ашаршылықтың беті қайтқаннан кейін ғана ауылға көшіп бардық. Әруағыңнан айналайын, атам мен апам мені туған баласындай өмір бойы жақсы көріп, бетімнен қақпай өсірді. Қазақтың «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сөзі осындайда айтылғаны керек. Өздерің көріп отырғандай, 90 жастан асып, ұзақ ғұмыр кештім, ба-

лаларым, немере-шөберелерім өсіп жатыр. Еліміз де өз тәуелсіздігін алып, жарқын болашаққа бет алды. Құдайға шүкір, елмен бірге талай-талай азапты жылдарды көрсек те, қазір қазақ халқының осындай бақытқа жеткеніне риза болып, қуанып отырамын, – деп сақал-мұрты аппақ құдай болған, басындағы шашы он жасында бір түнде ағарып кеткен қария келгенімізге ризашылығын білдіріп, бізбен қимай қоштасты.

## **Сегіз қырлы Нұржаубек ұстаның елге қамқорлығы**

XX ғасырдың алғашқы жартысында «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының басына түскен ауыртпалықтар киелі Шу өңірі жұртшылығын да сырт айналып өтпеді. Әсіресе, 1930-1933 жылдардағы ашаршылық елге өте ауыр соққы болды.

Сол бір қиын-қыстау кезеңдерде өнегелі де, өнерлі еңбегімен ағайын-туыс, жерлестеріне қол ұшын берген азаматтар болғанын қазіргі көнекөз қариялар әрдайым еске алып отырады. Солардың ішінде он саусағынан онер тамған аталардың бірі Нұржаубек Кәшеқұлы ұста ел арасында ерекше аталады. Нұржекең 1900 жылы дүниеге келіпті.

Нұржаубектің кіші қызы Зиягүл қазіргі уақытта өзінің отбасымен бірге Шу ауданы Төле би ауылында тұрады. Әкесінің айтқан әңгімелерін сол кезде жас болса да есінде жақсы сақтап қалыпты.

- Әкем мен дүниеге келгенге дейін 1930-1940 жылдары Көктерек ауданындағы «Қызыл Октябрь» ауылында тұрған екен. Осы ауданның «Коминтерн», «Кеңес», «Аманкелді», «Көркей», «Көлтабан», «Бірлік» колхоздарында еңбек ете жүріп, зұлматты отызыншы жылдары ауылдастарына қарайласып отырған. Аштықтан қырылмас үшін сары тышқан аулап, күн көре бастаған елге жаны ашып мылтық, қақпан жасап Самалдық деген аңшымен бірге ақбөкен, қоян, қырғауыл атып, аң аулап көпшілікке көмектескенін кейін ауыл қарияларынан талай естідім, – деп Зиягүл әңгімесін бастады.

- Ең алдымен жетім-жесір, көп балалы үйлерге, аштықтан әлсіреп жатқан адамдарға аулап келген қояндарын, қырғауылдарын үй-үйлерді аралап жүріп үлестіреді екен. Әкемнің сол кезде жасаған арба, соқа, тырма, кетпен, күрек, балта, қол диірмен, келі-келсап, қақпан, мылтық тағы басқа заттары осы күнге дейін Жамбыл облысының әр аймақтарындағы елде көптеп кездеседі. Сонымен бірге өзіміздің ағайын-туыстардың кейбіреулері бұл бұйымдарды атадан қалған мұра ретінде қадірлеп сақтап отыр.

Әкемнің айтуынша, бір учаскелік милиция қызметкері тапаншасын жоғалтып алып, әкеме «құтқара көріңіз, сотталатын болдым» деп жылап отырып алыпты. Оған жаны ашып, өзіне қауіп төнетінін біле тұра қолдан тапанша істеп береді. Көп ұзамай бұны біліп қойған құқық қорғау қызметкерлері тарапынан қудалауға ұшырап, біраз қиындықтарды басынан кешіреді, енді болмаса «халық жауы» боп кетуге сәл ғана қалыпты...

Мойынқұм ауданындағы Бірлік ауылының тұрғыны Темір Сейтімбетов ақсақал ұста жайында былай деп еске алады:

- Нұржаубек ұста қандай машина, трактор, комбайн болмасын бір көргеннен-ақ қажетті бөлшектерін әп-сәтте жасай қоятын. Бірде ол кісінің 20 келілік қол таразыны істегені есімде. Бояубай деген тері-терсек қабылдайтын кісі таразыны пайдаланып жүрді. Бір күні Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласынан арнайы мамандар келіп, осы таразыны жан-жақты тексеріп, өздері кереметтей таңқалып, қолдануға жарамды деп сабына қорғасын құйып, мөр басып береді.

Осы ауылдың тағы бір тұрғыны Кәрі Байжанов қария да Нұржаубек ұстаны жақсы біледі екен. Ол ақсақалмен кездесіп қалғанымызда ұста жайында біраз әңгіме айтып берген еді.

- Көктерек, Шу аудандарының колхоздары ірілендіріліп, совхоздар құрыла бастағанда аудандық партия комитеті басшыларының ұйғарымымен Нұржекенді Яшка деген немістің «полуторкасымен» қазіргі Баласағұн ауылына жақын жердегі Тоқташқа көшіріп әкелді. Өйткені, егін егетін шаруашылықтар сол маңға шоғырланған еді. Әкем Байжан Нұржаубек ұстамен жақсы қарым-қатынаста болатын. Көшерінде ұстаның бұрын өзі жасап берген мылтығына бытыра құйдырып алдық. Бұл мылтықпен әкем аң аулап, 1930-1933 жылдары аштықтан отбасымызды сақтап қалды. Нұржаубек ата бізге ғана емес, бүкіл ауылға аң аулаудан түскен олжасын ашыққан адамдарға беріп қатқанын өзім талай көрдім. Ол кісі қандай затты болмасын қолға алмастан бұрын қолданатын күміс, темір, мыс, ағаштың сапасына аса мән беріп, өте білгірлікпен таңдайтын. Сондай-ақ қыздырып балқытып, суарып-шыңдауды да шебер меңгерді. Сондықтан да Нұржаубек Кәшекұлы жасаған бұйымдар өте сапалы шығатын. Ол кісінің қолынан шыққан ер-тұрман әбзелдері, кісен, шот, бұрғы көненің көзіндей бүгінде біздің үйде сақтаулы тұр, - деді Кәрі қария.

Нұржаубек ұста бізге көрші ауыл Тоқташта тұрды, - деп есіне түсіріп еді, Шу ауданы Ақсу ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Мәми Әбдіқұлұлы. - Ол кісінің қолынан келмейтін өнері жоқ десе де болады. Атаның жасаған ат әбзелдері өте көркем, өте сапалы. Ұста өнердің қадірін білетін кейбір көңілі ашық, көкірегі ояу адамдарға жасаған дүниесін сыйға беретін болған. Менің әкем Әбдіқұлға да бір ер-тұрман тарту еткен екен. Әкеміздің көзіндей болған сол ер-тұманды мұра ретінде төрге іліп қойдық. «Сонау ашаршылық жылдарында қолдағы бар бір-екі қой-ешкінің сүтімен қоректеніп, оған қосымша ұстаның жасап берген қапанымен аң аулап, бала-шағамды аман алып қалдым» деп, әкемнің айтып отырғанын естіп едім.

- Біздің отбасымыздағы төрде ілулі тұрған ер қатты ағаштан шабытып көнмен қапталған, тоқымы қалың өгіз терісінен қынаға боялып, төрт бұрышына қазақы ою-өрнек бастырылған. Ер-тоқымның желдігі де теріден жасалып, жұқа қара былғарымен қапталыпты. Шоқтығы биік, атқа жайлы, ер-

тоқымды ілгері-кейін жібермейтін өмілдірік-құйысқаны да әдемі өрнектелген, дәл ортасына алақандай қара темірді киіз үйге ұқсас дөңестеу етіп қондырған, оны күміспен қаптаған, алыстан ерекше көзге түседі. Электрмен дәнекерлеуді білмейтін адамның ер-тоқымды жігін білдірместен қиюластырғаны өте керемет, - дейді Мәми ақсақал өзінің таңғалғанын жасыра алмай.

Нұржаубек ұстаның аса шеберлікпен жасаған білезік, сақина, шашбау-шолпы тағы басқа бұйымдары ел арасында жетерлік. Олардың бірсыпырасы Шу аудандық тарихи-өлкетану мұражайына қойылған.

Нұржекең айтулы ұста, шебер зергер болуымен қатар, елге шипалы емшілігімен де көмектескен. Нұржаубек ақсақал қиын-қыстау жылдарда аштықтан әлсіреп, ауырып жатқан жандарды да дәрілік шөппен емдеп, олардың кейбіреулерін аман алып қалғаны жайында ел арасында көп айтылады.

Сондай-ақ ұстаның емшілік қасиетіне куә болған, Мойынқұм ауданы Биназар ауылының тұрғыны, байырғы майталман шопан, Социалистік Еңбек Ері Шоман Шәріпбаев ақсақалдың сөзіне ден қойсақ:

- Анамның айтуынша, 1939 жылы есімді білмейтін екі-үш жастағы сәби кезім екен. Қостұма (қазіргі Хантау стансасы) елді мекенінде жайбарақат мал бағып отырыппыз. Бір күндері ісініп кеткен басымды көтере алмай қатты ауырып, жатып қалыппын. Әке-шешем менен күдер үзіп, күйзеліп, қайғыра бастапты. Көретін жарығым бар екен, Көктеректен Нұржаубек ата жол-жөнекей аң аулауға қақпандарын құрып қойып, біздің үйге тынығып алу үшін ат басын бұрады. Ол кісі Шәріпбай атаммен көңіл-жықпас қарым-қатынаста болып, өзара келіп-кетіп жүреді екен.

Үйге кіріп келгенде бірден маған көзі түсіп:

- Мына бала қатты сырқаттанып қалыпты ғой, ертең келемін, – деп жеделдете қайтып кетеді. Айтқандай-ақ ертеңіне қандауыр алып келіпті. Отқа қыздырылған қандауырмен шекемдегі тамырды тіліп жіберіп, қоп-қою қара қанды атқылатыпты. Сонда шекемнен үлкен тостағандай қан ағыпты. Содан көп ұзамай-ақ айығып, шапқылап, ойнап кетіппін. Нұржаубек ұстаның мені ажалдан алып қалған белгісі әлі күнге дейін айқын білінеді, – деп Шоман ақсақал шекесіндегі тыртықты бізге көрсетті.

- Алқымына «құлғана» жарасы жайылып кеткен Көктеректегі аудандық ауруханадан адам болмайды деп шығарып тастаған, жездем Әйкіннің інісі жасөспірім Сауранды Нұржаубек ата қаңтар-ақпан айында соғым етінің сорпасын өзі даярлаған дәрілер қоспасымен 40 күндей ішкізіп, емдеп-таза жазғанын өз көзіммен көрдім, – дейді ұстаның келіні Мәрия апай.

Сол сияқты Нұржаубектің үлкен қызы Зейнеқыз әкесінің емшілік қасиеті жөнінде:

- Жанды жараларды алмас, кerpеш (тас сияқты), қызыл жүйрік, тотийынмен жазған. Басы ауырып, сақинасы ұстап келгендерден қандауырмен қан алып, оларға сиырдың сүтімен құйрық майды араластырып, кейде науат

қосып ішкізетін. Тамағы ауырғандарды ермен шөбімен емдейтін, – деп еске алады.

Нұржаубек ата өнерден де құр алақан қалмай, домбыра тартып, гармонда да жақсы ойнапты. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген халық қағидасы осындай адамдарға байланысты айтылса керек.

1930 жылдан 1960 жылға дейін Шу, Мойынқұм аудандарымен қоса Меркінің көршілес ауылдарының тұрғындарына аштық жылдарында болсын немесе кейінгі кездегі жаңадан ғана әл-қуаты көтеріліп келе жатқанда елге жасаған қамқорлығын ешкім ұмытпайтындығы күмәнсіз. Өйткені, ол кісінің халыққа жасаған игілікті, адамгершілікті істеген жақсылықтары ауыздан ауызға жалғасып, ел арасына кеңінен таралып кетті.

Зерделеп қарасақ, Нұржаубек қария бірнеше мамандықты өте шебер меңгерген, сегіз қырлы адам екен. Нұржекең қолдан тері илеудің технологиясын терең меңгерген теріші, темірден түйін түйетін ұста, сақина, білезік тағы басқа әшекейлі бұйымдар жасайтын он саусағынан өнері тамған зергер, әрі елге шипалы емшілік қасиетімен қамқорлық танытқан ерекше жан екеніне таң қалмасқа шараң жоқ.

### **Қолдан жасалған аштықпен бірге қуғын-сүргін қатар жүргізілгені туралы ғалым Мақаш Тәтімовтің мына естелігі соған дәлел:**

«...Дегенмен де, қазақтың қиын тағдыры, (Сталиннің жеке басына бабынушылық әшкере болған соң – 1956 жылдан бастап), халық қырғыны туралы ел ішінде жиі және ашық айтыла бастаған тұс еді.

Ал мен болсам, одан әке-шешемнен және аға-жеңгемнен бала жастан құлақдармын. Тіптен жеңгем Бәтіманың (1927 жылы туған) әкесі Шу қаласында тұрғанда «Халық жауы» болып атылып кеткенін «жеке адамға бабынушылық» әшкереленгеннен соң ғана білдім. Ол кісі де (кейін жеңгем 9 баланың анасы болды) бала жастан жетім қалып, балалар үйінде өскені туралы маған айтып жүруші еді, ал ағаларым Жәмел (1923 ж.т.) мен Суният (1926 ж.т.) қарашаның бір күнінде (1956 ж.) қуаныштан халком ағамыздың біржола арқалғанын маған айтып, екеуі қосылып әбден тойлағаны әлі есімде» деп аяқтасады ол өз естелігінде. (Мақаш Тәтімов. Зұлмат пен зардап. «Ақиқат» - саяси қоғамдық-саяси журнал, № 6, 2009, 52-53 беттер)

### **Құрметті теміржолшы Әлиасқар қарияның ашаршылық зардаптары жайында айтқан әңгімесі**

Шу қаласынан 25-30 шақырым қашықтықта бірнеше ондаған гектар алып жатқан ашық далада жабайы қарасора жылдан жылға қаулап өсіп, оның зардабы біздің елімізге ғана емес, бүкіл әлемге тарап кетті. Ел ара-

сында бұл қауіпті дақыл «кендір қурай» немесе «анаша» деген атқа ие болды. Адамзат баласына орасан зор зиян келтіретін қарасора Шу өңірінде қашаннан пайда болған? – деген сұрағымызға Әлиасқар ата былай деп жауап берген еді:

«1930 жылдары жаппай ұжымдастыру басталып, соның салдарынан Шу аумағындағы ауыл-аймақтарында да ашаршылық басталғаны тарихтан белгілі ғой. Сол кезде жаңа құрылған колхоздардың экономикасы өркендейді. жергілікті тұрғындардың жағдайы жақсарады деген мақсатпен Қазақстан өлкелік партия комитетінің тапсырмасы бойынша қаладан алыс емес, Аспара елді мекені маңындағы алқаптарда шитті мақта, итальян қарасорасы өсіріле бастады. Шу ауданында осы дақылдардың өнімін жергілікті жерде өңдейтін кәсіпорындар салу жоспарланды. Ондағы мақсат өңірдің халқын жұмыспен қамтамасыз ету және оларды жеке меншікті пиғылдан арылтып, бір орталыққа негізделген шаруашылықтарға біріктіру болатын. 1930 жылы ауданда «Кенеп», «Каучуконос» деген шағын колхоздар құрылып, олар мақта мен қарасора өсірумен айналыса бастайды. Бірақ аштыққа ұрына бастаған елдің осы дақылдардан тиісті өнім алуға шамасы келмеді. Кеңес билігі де жаңадан құрылған шаруашылықтардан үлкен үміт күтті, бірақ ол ақталмады. Өйткені, мақтаның шығымы өте төмен болып, мемлекет жоспарлағандай жүзеге аспады. Құрал-жабдықтардың жеткілікті болмауынан, адам күшінің жетіспеуінен мақта өңдеуге келмеді, шикізат ретінде де сатуға тиімсіз болды.

Ал сол жылдан бастап қарасора өсіру тиімді деп табылып, одан кенеп, кендір өндіре бастаған. 1935 жылдарға дейін болуы керек, бұл өсімдік сол кездегі шаруашылықтардың мұқтажына жарап тұрыпты. Содан соң қарасораны өңдейтін кәсіпорын салынбай қалғандықтан, оны өндіру тоқтатылыпты».

Біздің білетініміз, қазіргі кезде Шу өңіріндегі Аспара далалы алқаптарында жабайы қарасора дақылы қалың болып өсіп тұр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «кендір қурай» жайлаған аймақты өртеп, артынан соқалы трактормен өртенген жерді жыртып тастады. Сонда да мұндай шаралардан ешнәрсе шықпады, жабайы өсімдік өсімтал болғандықтан, жыл сайын көктем айларында қайтадан қаулап, көктеп шығып тұрды. Содан соң екі-үш жылда бір рет Шу ауданында «Есірткіге – жол жоқ» деген атпен Республика көлемінде әртүрлі іс-шаралар өткізіле бастады. Кезінде дақыл өсірілген алқаптардағы дән қалдықтары толық жойылмаған, сондықтан мәдени дақыл жабайы қарасораға айналып кеткен.

Соңғы жылдары Парламент депутаттары Шу қаласында кендір қурайды (қарасора) өңдейтін кәсіпорын салу туралы мәселе көтере бастады. Егер бұл бастама жүзеге асатын болса, қарасорадан дәрі-дәрмектің түрлерін, кендір, кенеп және тағы басқа өнімдерді өндіріп, халықтың игілігіне жаратуға мүмкіншілік туады. Сонымен қатар бұл кәсіпорында жаңадан жұмыс орындары ашылып, Шу өңірінің халқын жұмыспен қамтуға жағдай жасалар еді.

Әлиасқар атаның ашаршылық туралы айтқан тағы бір әңгімесін ұмыта қойған жоқпыз.

- Сонымен, 1930-1933 жылдардағы ашаршылық қазақтарға төнген алапат сырғын болды, халқымыз тең жарымынан айырылды. Олардың ішінде менің бауырларым, ағайын-туыстарым, нағашы жұрттарым да болды. Сондықтан ая ауыр қайғы-қасіреттің азабын да, қорлығын да көзбен көрдік. Сол кезде өкіметтің белсенділері әр үйді тінтіп, бар малдарын, дән қалдырмай, астықтарын тартып алып отырды. Содан соң ел аштыққа ұшырап, қырыла бастады.

Ашыққан ел не істерін білмей, қатты қиналды. Күш-қуаты бар адамдар нан-жаққа қашты, ал әлсіз жандар үйлерінде отырып, бала-шағасымен аштан өле бастады. Кейбір үйлердің ішінде отбасымен түгел өліп жатқан адамдарды жерлейтін ешкім табылмады, көмусіз қалған жандар өте көп болды. Кеше және жол бойларында ыңырсып, ісіп-кеуіп жатқандармен бірге өліп жатқан әйелдерді, сәбилерді, жас-кәрілерді көргенде жаның қатты ауырып, сүйектерің сырқырайды. Амал қанша, өзім де жанталаса қиналамын.

Сол жылдары мен Шу стансасына қарасты теміржол бойында жұмыс істедім. Тәулігіне 800 грамнан әр жұмысшыға нан үлестіреді, соның өзі дәтке сұат береді. Көптеген аш пенделер теміржол бойын жағалап бір үзім нан үшін стансаседен тайынбайды, тіпті адам өлтіруге дейін барды. Станса маңында күзетке жүрген милицияның қуғанына қарамай, сол маңдағы дүкендерді де ұрнай бастады. Ашыққан адам кез келген қылмысқа барады екен. Ертеңіне қылмысқа келгенімізде, теміржолдың бойын жағалай жантәсілім еткен адамдарды өкіметтің арнайы құрылған жасағы жинап, оларды ат-арбаға салып кетканын күнде көріп жүрдік. Жоғарыдан түскен нұсқау бойынша, жергілікті билік Шу стансасына жақын жерден ашыққан адамдарды күніне бір рет тамақтандыратын орын ашып қойды. Бұл жерге де шұбырған босқындар келіп жататын. Бір күні менімен бірге жұмыс істейтін орта жастағы кісі жоғалып кеткен інісін іздеп, аштарға тамақ беретін баспанаға барса, іші ісініп кеткен және ескі-құсқы киген аш адамдарға толы, көбі бұралып тақыр жерде жатыр екен. Олардың арасында әртүрлі жастардағы адамдар: жастар, кәрілер, тіпті балалар да бар. Баспананың түкпір жағында өлген жандар да бар көрінеді, сәйіттердің сасық иісі қолқаны жарады. Оларға қарап жатқан ешкім жоқ. Сол көріністі көріп төбемнің құйқасы шымырлап, денем қалшылдап тұрған жерімнен атып шықтым, – деп әлгі әріптесім бізге айтып келді.

Вокзалда қайыр сұрап жүрген адамдар күннен күнге көбейе берді. Бір кезінде су сұрап, оны ішуге шамасы келмей өлім аузында құлап түскенін де көрдік. 2-3 жасар сәбилерді вокзалда тастап кететіндер де кездесті. Адасып қалған, әлсіреп жүдеген, аштықтың салдарынан ісініп кеткен әртүрлі жастағы балалар станса маңында, теміржол бойында қаптап жүретін. Қаңғып жүрген қандай жетімдерді жергілікті билік өкілдері жинап, Шу ауданының орталығы – Новотроицкі селосындағы балалар үйіне тапсыратын, онда орын болмаған жағдайда панасыз балаларды Әулие-Атаға алып кетіп отырды. Сонда да аштықтан әке-шешесі өлген, үйсіз-күйсіз жүрген жетімдердің саны азайған

жоқ. Тек 1935-1936 жылдардан бастап Шу өңіріндегі елдің жағдайы түзеле бастады.

Ұзын сөздің қысқасы, талай қиыншылықтар басымыздан өтті, елдің басына төнген ашаршылықтың небір сұрқия зардаптарын да көрдік. Енді мұндай нәубет қайталанбаса екен деп бір Алладан тілеп отырамын, – деп айтқан қарияның әңгімесі әлі есімізде.

### **1946-1951 жылдары Жамбыл облыстық кеңесінің депутаты болған Кенебаева Күлімбала (Бұлдырық) әженің азапты жылдар туралы естелігінен Терең Майтас ауылы аштықтан қалай аман қалды?**

- Биік тау шатқалдарының ортасымен ағатын өзенді жергілікті халық Байғұтты деп атайды, мұны өзен деп айтудан гөрі таудан төмен қарай екпіндеп ағатын қайнар бұлақ десе болғандай. Сыңғырлап аққан суы тасыған өзендей мол болмаса да, «сәулесі суда дірілдеп» деп ұлы Абай айтқандай, мөлдір, сүттей таза бұлақ. Жаздың аптап ыстығында ағып жатқан бұлаққа еңкейе қалып, суын сімірсеңіз шөліңіз бірден қанады. Тіпті, зәмзәм суын ішкендей сезінесің. Бұл қонысты Шу өңірінің жұрты Терең Майтас деп атап кеткен. Осылай аталуының себебі, ағып жатқан бұлақтың екі қапталындағы биік-биік жартастардан ұшқан құстан басқа ешқандай тірі пенде өте алмайды. Оның маңындағы тау қыраттарын айналып барып, жартастың артындағы жазықтау жермен шыңына шығып төменге көз салсаңыз, құзар шыңның етегінде ағып жатқан бұлақ тереңнен ирелеңдеген жалғыз аяқ жол сияқты көрінеді. Сондықтан да ежелден-ақ бұл жерді мекен еткен жұрт Терең Майтас деп атап кетсе керек.

Откен ғасырдың отызыншы жылдарында осы қоныста ағайынды 7-8 отбасы ғана тұрдық. Әрбір отбасының қораларында өздеріне тиісті қой-ешкі, ірі қара және үйір-үйір жылқысы болды. Мал жайылымы бәрімізге ортақ. Барлық малды күнде ертеңмен өріске шығарудың алдында қосып алып, кезекпен бағады. Малдың үйренгені соншалықты, кешке қарай жайылымнан қайтқан әркімнің малы өздерінің қорасына қарай бөлініп, кіріп жатады.

1930 жылы Шу өңірінде жаппай ұжымдастыру басталды. Осы кезде өкімет адамдары ауыл-ауылдарды тінтіп, кімнің қанша малы бар екенін тізімге алып, бай болсын, орта шаруа болсын, ай-шайға қарамай тәркілей бастады. Кейбір ауылдарда қарсылық көрсеткендердің төрт түлігін шолақ белсенділер күшпен тартып алып, мал иелерін итжеккенге айдатқанын да естіп жүрдік.

Сөйтіп, Кеңес өкіметінің өкілдері Терең Майтасқа да жетті. Олардың келетінін алдын-ала білген біздің ауылдың қариялары біраз малын екі жігітке табыстап, Теректі өзенінің бойындағы адам аяғы баспайтын тау өзектеріне айдатып жіберді. Қолдарындағы бар бидай, тары секілді азық-түлік қорын билік уәкілдерінен жасырып шатқалдардың қуысына тығып тастады. Бір-екі



сүннен кейін жанында қару асынған милициясы бар бірнеше адам ауылға сау ете қалды. Олар мал өріске шықпай тұрып таң сәриде жетіп келді. Қорадағы малды санап, колхозға өткіземіз деп, ауылға бір тұяқ та қалдырмай айдап ала жөнелді. Не істерімізді білмей, оларға бір ауыз сөз айтуға қорқып үніміз шықпай қала бердік. Тәркілеуге бастап келген комиссияның бастығы бір күдайға қараған адам екен, әйелдердің жалынғанын ескеріп, өзіне осыдан аман келетінін біле тұрса да, екі сиырды сауып ішуге қалдырып кетті.

Бала-шағаның қамын ойлап, өкіметтің зорлық-зомбылығына күйініп, біздің ағайындар осындай айла-амалдар жасап, аштыққа ұрынбаудың қамын жасады. Тіпті, әр жерден қаңғып келген жандарға да қолдарымыздан келген көмекті аямадық. Тау шатқалдарының ортасында орналасқан біздің ауыл Шу өзенінің Теректі, Кербұлақ, Шоқпар секілді салаларына баратын арба жолдан алыс емес еді. Сол сияқты Төле би бабамыздың жайлауы болған Жайсан даласына қатынайтын жол да осы. Сондықтан ауылдың төбесі көрінсе болды, шұбырған аш адамдар осы жерге жетіп келеді. «Ел құлағы-елу» демекші, Терең Майтастағы ауылдың азды-көпті жейтін тамағы болатынын естіген ашыққан пақырлар жол-жөнекей беттерін осы жаққа бұрмай кетпейтін болды. Ашыққан адамда ұят бар ма? Бұлар қалай күн көріп отыр деген ойдан аулақ, анымен істері де жоқ, ауыздарына бір түйір дәм түссе болғаны. Құр сүлдесін сүйретіп келген аш адамдарға аздап талқан, сүт, айран беріп әлдендіріп отырдық. Кейде үйге өлмелі жандар сүйретіліп-сүрініп жетіп, сол мезетте бір жұтым су ішуге ғана шамасы келіп, өліп кеткендері де болды. Аштықтан аныршағы айналған адамдар нені көрсе, соны бас салады ғой. Азып-тозған аш пенделерді көре-көре біздің де көзіміз үйрене бастады...

Әйелдер үй тіршілігімен айналысса, ал ер-азаматтар Байғұтты өзенінің жағалауында күрекпен жерді аударып, жұмсартып тары егіп, өкіметтің уәкілдерінен жасырып қалған астық қорын толықтырып отырған. Бір жағынан, тау қуысын мекен еткен 7-8 шаңырақтың малын түгел сыпырып алып, енді мардан ешнәрсе шықпайтынын білген соң, онша мазалай қоймаған сияқты.

Сондай-ақ Жайсан даласының жазық алқаптарында, тау бөктерлерінде таптап ұшып-қонып жүретін кекілік, дуадақ секілді еті дәмді әрі адал құстарды ұлап қолдағы бар азық-түлігімізге қосымша тағам ретінде пайдаландық. Еті мен майының емдік қасиеті бар борсықтың індеріне қақпан құрып, олардың майын ішіп, етін қуырып жеп, әртүрлі індет ауруларынан аман қалдық.

Шу өңірі – шөбі шүйгін, түгін тартсаң майы шығатын киелі өлке. Шу өзенінің алқабында ірілі-ұсақты Шоқпар, Кербұлақ, Теректі, Ақсу, Сарғау, Қорағаты сияқты өзендер көп. Сол кездегі қазақ жеріндегі елдің тұрмыс-тіршілігіне қолайлы аймақтардың бірі болды. Соған қарамастан, бұл өңірдегі көптеген ауылдар аштыққа қатты ұшырап, сарышұнақ, кірпішешен, тасбақа секілді адам жемейтін жәндіктермен қоректенді. Біздің қазақтардың негізгі күнкөрісі – мал шаруашылығы ғой. Малдан жұрдай болған халықтың аштыққа ұрынуы осыған байланысты болғаны анық. Ал таудың қуысында отырған

біздің ағайын-туыстар қоршап тұрған табиғаттың қолайлы жағдайларын тиімді пайдаланып, өздерінің екбекқорлығы мен ынтымағы арқасында бәрі де сақадай сай болмаса да, бақа-шаян, тышқан жейтіндей аштыққа ұрынған жоқ.

Бір күні Шоқпар жақтан болуы керек, емшектегі баласын көтерген және жанында 10-11 жасар ұл баласы бар жас әйел келе қалды. Олардың бірнеше күннен бері нәр татпағаны көрініп тұр, есіл-дерті жейтін бір нәрсе көрсе тарпа бас салуға дайын. Аузына бірдеңе түскендей әйелдің үлкен баласы қайта-қайта жұтына береді, ал шешесінің сілекейі ағып, ықылықтай бастады. Қан-сөл жоқ жас әйелдің ақ жүзі қуарған шөптей күлтеленіп кеткен. Алдындағы баласы қолын ербеңдетіп жылауға шамасы келмей жәй ғана ыңырсиды. Аз ғана уақыттан соң үлкен бала көзі алаңдап, тынысы тарылғандай болып бір жағына қарай қисая кетті. Азып-тозған адамдарды күнде көріп жүрсемде, мына сұмдық көріністен шошып кеттім, көзімнен жастың қалай шығып кеткенін де байқамай қалдым. Әл-буыным босап тәлтіректеп, құлап қалмау үшін жерге қолымды тіреп, әрең дегенде отырдым. Сәлден кейін есімді жиып, керегенін басында ілулі тұрған дорбадан қуырылған жүгеріден алақаныма толтырып алып, оларға үлестіріп бердім. Содан соң даладағы орнатылған жерошақтағы қара қазанға кеше ғана отағасының тау бөктерінен тұзақпен ұстап әкелген екі кекіліктің етін салып жіберіп, отты лапылдатып жақтым.

Құлап қалған бала сәл есін жиғандай болып, су сұрады. Оған суды бірден сіміртпей, аузын ашқызып ыдыстағы суды тамшылап қана іпкіздім. Ішкен судан қуат алғандай болып, шешесінің алақанындағы жүгеріні біртіндеп шайнай бастады. Қазандағы ет піскенше аш құрсақ әйелге, оның баласына ыстық шәй қайнатып бердім де, алдарына қуырылған жүгеріні қойдым. Ыстық шәй іштеріне түскен соң әйел мен бала қисайып жатқан жерлерінде біраз домалап жатып, күш-қуат алғандай көрінді. Алдымда отырған мына қорғансыз пенделерге жаным ашып, ішкі дүнием алай-түлей болды. О, Құдайым-ау, адам баласына деген аяушылық болмай ма? Тірі жандарды осыншама сорлатқандарды қарғыс атсын!

Шәй ішіп болғаннан кейін ана мен бала маужырап ұйықтап қалды. Біраз уақыт өткен соң әйел жерден басын жұлып алып, жылап жіберді. Сөйтсе, жанындағы жатқан емшектегі сәбиі шетінеп кетіпті. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» демекші, әйелге басу айтып, мал қайырып жүрген ауылдың үлкендері бұл жарық дүниенің жақсылығын да, жамандығын да көре алмай кеткен, тек аштықтың азабынан өмірден озған бір жасар сәбиді ауылдың сыртындағы төбеге құран оқып, жерледі. Әйелдің есімін ұмытып қалыппын, ал үлкен баласының есімі Ақан болғаны әлі есімде. Әлденіп бір түн түнеп шығып, ертеңіне әйел баласымен жолға шықты. Кетерінде Ақан жылап тұрып «Апа, сіздің бізге істеген жақсылығыңызды тірі болсам ешқашан ұмытпаймын» деп бізбен қимай қоштасты. Енді белдерін бекем буып Шу өзенін жағалай қырғыздар жаққа кетпекші болды, көздегені 1932 жылдың күзгі суығына ұрынбай қырғыз еліне жету еді. Олардың арқасына таңған қапшықтарына

Бала-шағамның аузынан жырып, тары-талқан, аздаған қуырылған жүгері, бірекі құстың етін салып беріп жолға шығарып салдым.

Сол зобалаң жылдары ел тоз-тоз болып, беті ауған жаққа қаңғырып кетті ғой. Бастарына бір уыс топырақ бұйырмай қырғыз еліне барар жолда қырылған адамдар өте көп болды. Шу өңіріндегі қазақтар 1931 жылдың аяғында қатты аштыққа ұшырады. Ашыққан ел қарап жүріп өлмес үшін қатын-қалаш, бала-шағаларымен ауыл-ауыл болып Қырғыз еліне, Қытайға көшуге бет алғанда өкіметке сенген жергілікті жалған белсенділер шекарашыларға алдын-ала хабар беріп отырған, қаруланған қызыл әскерлер көшті тосып алады да, бала-шағаны да аямай оқты қарша боратып, қырып салып отырған.

Сондай-ақ Арқа даласын да ашаршылық жайлап, бір үзім нан тауып жан сақтау үшін оңтүстік аймақтарға да ел-жұрт шұбырған екен. Солардың ішінен Шу ауданына Арқадан көп адамдар ауып келді. Бұрын қазақтың кең-байтақ даласының орталығы болған Сарыарқада сансыз көп қой-ешкі, ірі қара, мыңдаған үйір-үйір жылқы бүкіл даланы алып жатқан көрінеді. Кеңестік билік ет салығын орындау мақсатында елдің қолындағы бар малды есепсіз сойысқа жіберіп отырған. Ал қалған малды улап қыра берген. Арқадан болып келген адамдардан естіп жүрдік. Сол аймақтың бар жылқысын «маңқа құруына ұшырады» деген жалған лақаппен қырып тастапты. Қазақтың қайсар мінезінен және атқа мінген қазақтардан қорыққан Кеңестік билік өкіметке бағынбай кете ме деп, осындай зұлымдықтарға барғанын кейін білдік қой. Себебі, бір түнде 300-400 шақырымдай атпен жүретін елді бағындыру қиын екенін Кеңес өкіметінің басшылары түсінді. Сондықтан осындай сорақы әрекеттерге барған екен. Тау болып үйілген жануарлардың өлексесінен айыла төңірек сасып, жел соқса қолқаны күйдіретіндей сасық иістен індет тарай бастапты. Онымен қоймай «қайдан тапсаң одан тап!» деген айқай-шумен өкіметтің уәкілдері жаңа төлдеген малдарды да сыпырып әкеткен, астыққа салық салып елді одан әрі күйзеліске ұшыратыпты. Елдің арасында шекпен үшін өз ағайын-туысқандарына қиянат жасап, тентіретіп жіберген тексіздер де болыпты.

Біздің ауылдың үлкен қариясы Қыстаубай Шу базарында жүріп, қайыр тілеп жүрген үсті-басы кір-қожалақ, алба-жұлба киімі бар 10 жасар баланы байқап қалады. Қария баланың жанына жақындап, аты-жөнін сұрастырады. Бала Арқадан келген екен. Әке-шешесі, бауырлары бұл өңірге жете алмай, аштықтан жолда қырылып қалыпты. Қыстаубай атамыз баланы атына мінгестіріп, Терең Майтастағы үйіне алып келеді. Бала мал бағуға көмектесіп, өзіміздің туған баламыздай болып кетті. Соғыс басталғанда 18 жасқа енді ғана толған жас жігітті әскерге бірден алып кетті. Соғыстың басынан аяғына дейін жан аямай ерлік көрсетіп, көптеген марапаттауларға ие болып елге аман-есен оралады. Жеңіспен оралған офицер келісімен оқуға түсіп, білім алып Шу ауданындағы бір үлкен мекеменің бастығы болып ұзақ жылдар қызмет атқарды. «Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді» дегендей,

адамгершілігі мол, білімді бұл азамат Терең Майтаста өзін аштықтан аман алып қалған Қыстаубай, Байқұл, Кертай ұрпақтарына тіршіліктің қысылтаяң кездерінде қолынан келген көмегін аямай, оларға үнемі қамқорлық жасап отырды.

- Ашыққан босқындар біздің ауылға түн ішінде де келетін еді, – деп өмірдің талай қиыншылықтарын басынан кешірген қарт ана әңгімесін одан әрі жалғастырды. - Олар түн қараңғысында есікті тырмалап зар еңірегінде үйге кіргізбеуге дәтіміз шыдамайтын. Барымызды жырып, түн ортасында ашыққан адамдарға сүт, айран беріп тамақтандыру – күнделікті әдетімізге айналды десек те болады. Өзіміздің жағдайымыз сондай жақсы болмаса да, бұл бейшараларға жанымыз ашып әл-қуат жинауларына көмегімізді аяған емеспіз. Бір түн түнеп шыққаннан кейін келгендердің көбі кеткісі келмей қалады, қанша дегенмен ертеңіне әрең дегенде көндіріп, баратын бағытына қарай шығарып саламыз. Ашыққандарды үйде қалдыруға біздің шамамыз қайдан жетсін.

Бір күні қорадағы 4-5 қойдың біреуі теңкиіп жатыр. Алып қарасақ, түнде аш адамдар қораның есігін жұлып алып, қойдың ішін жарып жіберіпті де, жамбас сирағын кесіп алып кетіп қалған екен. Қаны шыққан адал мал болғандықтан, етін іске жаратып алдық. Осы оқиғадан кейін ауылдың ер-азаматтары кезекпен күзетте тұратын болды. Ауылда түн мезгілінде үріп шығатын бір ит те қалмаған еді. Осының алдында ғана барлық иттердің көзін құртқан едік, өйткені аш иттер жаңа туған қозы-лақтарды бас салып, жей бастады. Жас төлді жеуге дәнiккен иттер күндердің күнінде қойларға да ауыз салатыны белгiлi болды.

Әйтеуір, Алланың бізге берген сыйы шығар, Терең Майтас қонысында тұрып, айналдырған 7-8 түгін ашаршылықтан аман қалдық. Десек те, өмірдің біраз қиыншылықтарын елмен бірге көрдік қой. Қазақ халқын қасақана мaldан айырып, қызыл қырғынға душар еткен Кеңес өкіметінің солақай саясатын одан әрі іске асырушы Голощекин қазақ жеріне «кіші октябрь» керек деп, қазақтарды жер бетінен біржола жойып жіберуді мақсат етіп қойғанын елді жайлаған аштық айқындап берді ғой. Қазақстанда 2 миллионнан астам қазақтың қолдан жасалған аштықтан өлгені осының дәлелі емес пе?! Бұны айта берсек, әңгіме таусылмайды, ұлы Абай айтқандай, «қайнайды қанын, ашиды жаның», басқа біздің қолымыздан не келеді. Қазан төңкерісінен көп жақсылықтар күтіп едік, бірақ үмітіміз ақталмады. Қай сайда, қай қуыста қанша адамның сүйегі көмусіз қалғанын ешкім де білмейді. Сол зұлмат жылдары аштықтан көп ауылдардың да тып-типыл болып жойылып кеткенін естіп жүрдік. Алла тағала біздің отбасымызды, ағайын-туыстарымызды алапат апаттан сақтап қалғанына шүкіршілік етемін.

Нәубет жылдарында ел басына төнген ойранды Шу өңіріндегі Бармак Мықамбайұлы, Қылышбай Ержанұлы, Орақбай Қабақұлы, Сауытбек Ұсаұлы сияқты саңлақтар жырлаған болар, ол жағын анық білмеймін. Ұзынқұлақтан

білетінім, басқа аймақтардағы көптеген ақындар зобалаң жылдардың қасіретін жырлаған екен. Бірақ, олардың көбі ұсталып кетіпті. Отызыншы жылдардың сойқан апаты туралы жұмған аузымызды ашуға қорқатынбыз. Себебі, ел арасында жасырын жүрген өкіметтің жансыздары біліп қойса дереу жоғарғы жаққа хабарлап, сол айтқан адамды түн ортасында түрмеге алып кететін. Соған қарамастан, кейбір ақындардың ашаршылық туралы жырлары ауыздан ауызға ел арасына тарап кетті. Әлі есімде, сондай белгісіз ақындардың бірі былай деп күңіреніпті:

*Дарига-ай, құйрық-майды шайнап едім,  
Бұлбұлдай Сарыарқада сайрап едім.  
Мұрттының Мәскеудегі кесірінен,  
Қырылды атпай, шаппай, қайран елім.*

*Сталиннен нұсқау ап,  
Голощекин қамданды,  
Бай-бағланды тәркілеп,  
Сытырып алды бар малды.*

*Белсенді шықты қоқаңдап,  
Торықты халық, сандалды.  
Аша тұяқ қалмады,  
Шұбырды қазақ малсыз қап.*

*Заманның басқа салғаны,  
Жидіп түсті қолаң шап.  
Көктей солды ардағы,  
Бота көз сұлу арулар.*

*Бидайық үзіп талмады,  
Сары асық қайран боздақтар,  
Тышқан, суыр аулады.  
Сәтсиализім халықтың,  
Бола алмады қорғаны.  
Үш миллион қазақты,  
Аждаһа болып жалмады.*

Зұлмат жылдардың сорақылықтарын былай қойғанда, соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңдерде де халықтың әл-ауқаты әлі көтеріле қоймаған еді. Соған қарамастан, Кеңес өкіметінің басшылары елдің тұрмысы жақсы деп көрсетуге тырысты.

Осыған байланысты өзімнің өмірімнен бір мысал келтіре кетейін. Отызыншы жылдардың аяғында (1937-1938 жж.) Терең Майтастан Ленин колхозының орталығына көшіп келдік. Бұл Шу өзенінің оң жағалауына орналасқан ауыл еді, ал сол жағалаудағы аудан орталығы Новотроицкі селосы көрініп тұратын. Келе сала колхоздың сиыр фермасында сауыншы болып жұмысқа кірісіп кеттім. Маған ондаған сиырды қарамағыма бекітіп берді. Малдың барлық күтімі менің мойнымда болды. Жұмыс өте ауыр, таң сәріден кешкі қараңғылық түскенге дейін фермада тыным таппай әртүрлі қара жұмыстарды атқарамыз. Қара қазан, бала-шағаның қамы үшін жан аямай еңбек еттік. Осы адал еңбегімді колхоз бен аудан басшылары бағаласа керек, 1946 жылы мені Жамбыл облыстық кеңесіне депутат етіп сайлады. Бір күні облыстан келген басшылар шаруашылықтарды аралауға мені депутат ретінде бірге ілестіріп жүрді. Сол кезде Кеңес өкіметінің тәртібі бойынша халықтың өкілі ретінде жергілікті аймақтардан сайланған депутаттарды билік өкілдері өздерімен бірге ел аралауға алып шығатын заман еді. Колхоздарды аралап жүрген кезде кейбір кемшіліктерді аудан басшылары маған сыбырлап, ешкімге айтпауды өтінеді. «Егер облыстан келген комиссия сіздің хал-жағдайыңызды, тұрмыс-тіршілігіңізді сұрай қалса, бәрі жақсы деп айтыңыз» дегенді маған нығырлап айтып қояды.

Бірде облыстан келген комиссия бастығы менен:

- Апа, қарамағыңыздағы сиырлардың күтімі жақсы екен, мемлекетке өткізетін сүт жоспарын тұрақты орындайды екенсіз. Біз сіздің жұмысыңызға риза болып отырмыз. Ал енді отбасыңыздың жағдайы қалай, қандай да мұқтажға зәру болсаңыз бізге қысылмай айтыңыз, өкімет тарапынан көмек беріледі, - деп сұрады.

Сонда мен аудан басшыларының үйретіп қойғанын қайталап:

- Қарақтарым, бәріңе рақмет. Үй-жайым бар, бала-шағам өсіп жатыр, тамағымыз тоқ, бәрі жеткілікті деп, – өтірікті шындай қылып жауап бердім.

Ал, ақиқатын айтар болсам, колхоздың орталығына көшіп келгеннен соң, ағайындардың көмегімен асар жасап, екі бөлмелі үсті қамыспен жабылған шағындау үйді салып алғанбыз. Бала-шағамен бірге сол қуықтай тар үйде тұрып жаттық. Сол кезде үкіметтің қаулысы бойынша облыстық депутаттарға мемлекеттің тарапынан жәрдем беріледі екен, оны біз қайдан білейік. Сөйтіп, өкіметтен ешқандай көмек алмай колхоздың жұмысын шын көңілімізбен адал істедік. Тіпті, колхозшыларға істеген еңбектеріне жалақы да берілмейтін. Тек күзде егін-терін біткеннен кейін ғана еңбеккүнге деп бидай берілетін. Оның өзінде әр отбасының мүшелерін есепке алып қана үлестіретін.

Кеңестік биліктің зұлымдықтарының болғаны соншалықты, сонау отызыншы жылдардағы колхоз құрылысы басталған-ақ шаруаларды ешқайда шығармау мақсатында төлқұжат (паспорт) берілмеді. Бұл ХІХ ғасырдағы патшалық Ресейдегі сияқты шаруаларды басыбайлы құлдықта ұстағаны емес пе? Қазіргі жасым Пайғамбар жасынан асып барады, талай қиыншылықтарды

бастан кешірдік, енді біз көре алмаған жақсылықты немере-шөберелеріміздің көретініне сенемін. Ата-бабаларымыздың «бір жамандықтың артынан, бір жақсылық келеді» деп айтып кеткеніндей, заман түзелетін шығар деп ойлаймын.

Ашаршылықта көрген оқиғаларды тегіннен тегін айтып отырған жоқпын. Қазіргі ұрпақ білсін, нәубет жылдардың ауыртпалықтарынан сабақ алсын деген ниет қана, келешекте бұндай заман болмасын деп, Алладан тілеп отырамын.

Бұл әңгімені Күлімбала әже баласы Сейсенге айтып кеткен екен.

### **Шу өңірінің көнекөз қарияларының бірі — Уәш (Әбдіуәли) Асатов зұлмат жылдардағы ауыртпалықтар туралы сыр шертеді**

- Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында тәркілеуге ұшырап, қуғын-сүргінді басынан кешірген Шудағы ақындардың тағдыры және олардың сөз маржандары туралы әңгіме айтайын, - деді Уәш қария. — Кеңес өкіметі олардың мал-мүлкін тартып алып, сол кездегі елдің басына төнген ауыртпалықтарды айтқаны үшін түрмеге жапқан.

Шу өңірінен шыққан өнерпаздар, басқа да тарихи тұлғалар аз емес. Ақын-жыршылардың бірнеше ғасырлар бойы ауыздан ауызға жалғасып келе жатқан, олардың дуалы аузынан шыққан аталы сөздері қаншама! Алайда ол кезінде қағаз бетіне түспегендіктен көбісі ұмытылып қалды, ел жадында толық сақталмады. Дегенмен, ашаршылық кезеңін сипап қана өтетін жинақтар шыға бастады. Мен де ел аузынан жинастырып «Шу өңірінің саңлақтары» атты шағын кітапты жарыққа шығардым. Бұл еңбегімде Шу өңіріндегі төрт ақынның: Бармақ Мықамбайұлы, Қылышбай Ержанұлы, Орақбай Қабақұлы, Сауытбек Ұсаұлының жырларын ел ішіндегі көпті көрген қариялардан сұрастыра жүріп, жазып алдым.

Қылышбай мен Орақбай ақындар нәубет жылдарға жетпей, бұл дүниеден озған екен. Ал Бармақ пен Сауытбек Кеңестік жүйенің зұлымдықтарын өз көздерімен көріп, ақындармен болған айтыстарда айтып жүріпті.

Жыр алыбы Жамбылдың шәкірттерінің бірі Бармақ Мықамбайұлы 1882 жылы Шу ауданының қазіргі Балуан Шолақ атындағы колхозына қарасты Далақайнар деген жерде дүниеге келген. Жастайынан ақындық өнерді ұстанып, Майкөт, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ, Бақтыбай жырларын, халық дастандарын жаттап алып, ел арасында айтып жүрген.

Бармақ өлеңдері мен айтыстарына өз өмірі, кедейлердің тұрмысы, әділетсіздік, тәлім-тәрбие тақырыптарын арқау еткен. Ақын 1937 жылы сталиндік жазалаудың құрбаны болып, 1942 жылы сол айдауда қайтыс болған.

Сондай айтыстардың бірі – Бармақ пен Кенжеқожаның айтысы болды. Айтыс 1935 жылғы тамыз айының басында қазіргі Шу қаласының базарындағы

шайханада өткен. Бұл отызыншы жылдардағы әйгілі ашаршылықтың зардабынан Шу елінің де еңсесін енді-енді көтере бастаған кезі еді.

Айтысты Бармақ бастайды:

*... Өлмей тірі қалған соң,  
Жер бетінде қарайып,  
Көтерейік көңілді,  
Не етеміз айтып өлімді.  
Тарқатып қайғы іштегі,  
Көптің көңілін табайық.  
Шөбі шүйгін, суы мол,  
Кең өріске бағайық.  
Мол егіп жерге астықты,  
Қайталаптайық аштықты...  
Кенжеқожа:*

*Аман ба, Ысты, Дулат қалғандары,  
Ағайын, туыс-жесекжат, алған жары?  
Тойынып, есін жинап елге қайтты.  
Біразы Қырғызстан барғандары.  
Кейбіреу қайтар емес елдеріне,  
Ілескен артында бар жанжалдары.  
Қоштасып жесекжатымен қырғыздағы,  
Көп болды қайтуға ел қамданғалы.  
Тірісі қалмай келед келер жылға,  
Сағынып туған жерді еске алғаны.  
Мінекей, көріп тұрсыз келгендерді,  
Шетінен келіп жатыр жете алғаны.*

Бармақ:

*Қиындық болып өтті жақсы-жаман,  
Адаммен көрісерміз өлмей қалған...  
Жотаға келді зорлықпен,  
Төрт колхоз боп әр жерге,  
Қоныстасып орныққан.  
Соқпадан ұрып там салып,*

*Бұрынғы жайлау қорықтан...*

Кенжеқожа:

*Ағаділ, Қартайғанмен – Барлыбайсың,  
Бекберген дәулеті әкең барыңдайсың.*



*Кәртайған жиналыста «бай-құлақ» деп,  
Ақ жүрек, алып-қашып арындайсың...  
Моласын аштан өлген қазақтардың,  
Айналып Иса шапса ар қылмайсың,  
Ағайын, туыстардың көбін қуып,  
Сонда сен кімді есіркеп жарылқайсың?*

Бармақ:

*Жұбайың жаныңдағы бізден алдың,  
Алдыңдағы аштықтан өлмей қалдың.  
Құзғын қарға сен болдың біздің елге,  
Қонақтаған бұтағына ағаштардың.  
Тамағын ол қарғаның сен білесің,  
Қара ниет екендігін сездіресің.  
Нәжісті шоқып алып, бейне қарға,  
Жолдасты жаныңдағы бездіресің.*

- Шу өңірінде «Ашаның алты салының» бірі атанған ақын Сауытбек Ғасаұлы 1870 жылы қазіргі Шу ауданы (бұрынғы Аша болысы, Әулие-Ата кезі) «Алға» совхозының жерінде жарық дүниенің есігін ашады. Сауытбек 1931 жылдың көктемінде голощекиндік асыра сілтеушіліктің зардабын шегіп, не ғана малынан айырылып, түрмеге де жабылған. Содан кейін де ақынды құғынға ұшыратып, малың көп, байсың деп мазасын алады. Осы жағдайды айтып, жиені Смайыл Қалипановты Алматыға аттандырып, Сәкен Сейфуллинге өлеңмен хат жазады. Сауытбектің «Сәкен Сейфуллинге» деген өлеңінде Кеңестік билік бар малын тартып алғанын және аштық қаупі төніп келе жатқанын ашына жырлайды. Бұл өлең 1931 жылы сәуір айында жазылған екен:

*Бір анадан туылған,  
Алты «Бек» те тіріміз.  
Үшеуі үлкен менімен,  
Үшеуі кіші ініміз  
Мақұл дейді бесеуі  
Ішінен айтса біріміз.  
Аласалау дембелше,  
Догалақ қоңыр түріміз.  
Пысықтауы мен едім.  
Желділеу болды тіліміз,  
Бір құдайға бар шығар  
Айып-қате мініміз.*

*Алпыс бірге келгенде,  
Ел ішінде құғын жеп,*

*Осылай болды күніміз...  
Үй басы бар бір жылқы,  
Той-жыынға барамыз.  
Жүз он екі уақ мал,  
Біріктіріп бағамыз.  
Қонақ келсе төрт-бес үй,  
Көрпе жинап үй-үйден  
Мейманға әкеп жабамыз.  
Қуғын жедім сол үшін,  
Қайтіп елге жағамыз.*

*Тартып алды бар малды,  
Шулады қатқын, баламыз.  
Асыра сілтеу мына тұр,  
Қырылып қалса аштықтан  
Адамды қайдан табамыз?  
Барлық байлық өлеңім,  
Алдыңа барсын өнерім  
Бар бөлсе кешір, жазамыз.  
Үкіметтің заңы ғой  
Бұйырылсақ та атуға,  
Жоғары жаққа шағамыз.*

Смайыл хатты алып Алматыға келеді. Сұрай жүріп Сәкеннің мекемесін тауып, кеңсесіне кірейін десе, алдыңғы бөлмеде отырған хатшы қыз:

- Не жұмысыңыз бар еді? Мен айтып шығайын, - деп кіргізбейді. Сонда Смайыл отыра қалып, мына төмендегі олеңді жазып, қыздың қолына ұстатып:

- Осы қағазды беріңіз, - дейді.

Сондағы Смайылдың жазғаны:

*Уа, Сәке, әдейі іздеп келдім Шудан,  
Адамбыз малды бағып, дүние құған.  
Әкелдім аманат сөз арнап сізге,  
Болған соң негізіміз бірге туған.  
Әкелдім нағашымның тапсырмасын,  
Тоқтаттым сізге келіп аттың басын.  
Өлеңді өлеңменен Сізге өткіздім,  
Құрбының жақтырарын, жақтырмасын,  
Бұл күнде Заготскот қызметім,  
Атқарып өкіметтің бір міндетін,  
Бір жауап тілдесуге Сізге келдім,  
Уақтым жоқ, ұзақ мерзім кідіретін.*

Смайылдың айтуынша, Сәкен оны қабылдап, арызды оқып, әңгімелесіпті. Тиісті орындарға айтып, көмегін тигізген екен.

## Едбек ардагері Әбжапар Жақыбаевтың естелігі Сол қиын заманда еліне қамқор болған заңгер

- 1929 жылдан бастап бейбіт жатқан Шу өңіріне елдің берекесін қашырған, қарамағындағы ел-жұртын асырап отырған байлардың мал, дүние-мүлкін тәркілеп, ошағын ойрандаған дүрбелең заман келді. Байлармен бірге орта дәулетті шаруаларды да тәркіледі. Тіпті, кедейлердің бірлі-жарым малына қол сала бастады. Ел не істерін білмей жанталасты. Мұндай зорлықтың сырын қарапайым халық түгілі оқыған, көзі ашық ел ағалары да түсіне алмай, дал болды. Білімді, ел сыйлаған азаматтардың өзі ақылға қонымсыз, халыққа жат саясаттың мәнін түсінбей, қатты қиналған көрінеді.

Сөйтіп, ел ішіндегі дүрбелең күннен күнге үдей түсті. Отызыншы жылдардағы Кеңестік биліктің қаскөй саясаты, оны жергілікті «ұрда-жық» жалған белсенділердің асыра сілтеушілік әрекеттері жұртты мүлдем есеңгіретіп тастады. Қиындықтың үлкені әлі алда екен. 1931 жылдың көктемінде малынан айырылған, ішерге тамағы қалмаған халық аштыққа ұрына бастады. Енді «балапан басына, тұрымтай тұсына» деген күн туып, ел тентіреп, босып кетті. Сол жылдары Голощекиннің нұсқауымен ауылдардағы шолақ белсенділер ауыл-ауылдарды аралап, әр үйді тінтіп, бар малдарын, бір түйір дән қалдырмай, астықтарын күштеп тартып алды. Халық қатты қиналды, күші барлары күнкөрістің қамымен жан-жаққа кете бастады, ал әлсіздері үйлерінде отырып, бала-шағасымен аштан жаппай қырылды. Оларды жерлейтін ешкім болмады, көбі көмусіз қалды. Көше және жол бойларында ыңырсып, ісіп-кеуіп жатқандармен бірге өліп жатқан әйелдерді, сәбилерді жергенде адамның төбе шашы тік тұратын еді деп, еске алатын сол зұлмат күндерді бастарынан кешірген көнекөз қариялар, - дейді Әбжапар ақсақал.

- Өкіметтен күдерін үзген халық колхозға бермейміз деп, малдарын жаппай сойып салды. Олардың тау-тастағы ұраларға жасырған еттері күн жылынғанда сасып, шіріп жатты. Осындай қиын-қыстау кезеңде бала-шағасын аштықтан аман алып қалу үшін есі шыққан аңқау елді кінәлауға бола ма?

1932-1933 жылдары бүкіл Қазақстанда аштық болып жатса да, кейбір жерлерде, әсіресе, қалаларда шағын ашық базарлар жұмыс істеп тұрды. Сауда жасайтындар – орыс, өзбек, татарлар. Бұл халықтар саудасымен, бау-бақшасымен күн көріп, ашаршылыққа беріле қоймаған. Аштықтың апанына түскен – көшпелі қазақтар. Өйткені, олардың малын колхозға алып қойған. Сонау ежелгі заманнан қазақтардың негізгі күнкөрісі – мал шаруашылығы болғандықтан алапат ашаршылыққа ұшырады. Ашыққан қазақтар көрші елдерге және Қытай, Моңғолия, Ауғанстан сияқты шет мемлекеттерге босып кетті. Ата-жұртында қалғандар қайыр тілеп, ауылдан ауылға, қаладан қалаға қаңғып жүрді. Ашыққандар тіске басар бір нәрсе іздеп, қайыр-садақа сұрап, базарға да соғады. Аштар көп, сауда жасаушылар аз. Сондықтан тиынға тиын

қоссам деп отырған саудагерлер аштардың жайған алақанына ешнәрсе бере қоймайды. Қашанда ел тарыққан кезде ұры-қары, бұзақы-сотқарлардың да көбейіп кететіні анық қой.

- Сол қиын заманда қылмыстық істердің азаюына зор ықпал еткен Ақботаев Сүйімбек туралы Шу өңіріндегі ел арасында күні бүгінге дейін көп айтылады, - деді Әбжапар қария.

- Сүйімбек 1892 жылы сол кезде Дулат болысына қарайтын елі көшіп-қонып жүрген, Хантау тауының баурайында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әкесі Ақбота шаруа баққан адам болады. Шешесі Тоқсаулы қара шаңырақты шайқалтпай ұстаған ақылды, парасатты адам болыпты. Аяулы ана балаларының білімді болуын армандапты. Ананың бұл арманы құдайдың құлағына жеткендей, 1904 жылы Меркіде орыс-түзем училищесі ашылады. Онсыз да, балаларым білімді болса екен деп, жар құлағы жастыққа тимей жүрген Тоқсаулы ана мұны естісімен, сол кезде он екіге келіп қалған Сүйімбегін ертіп Меркідегі төркіндеріне тартады. Бірақ жолы бірден бола қоймайды. Өйткені, училище тек байлардың, ақсүйектердің дін балаларын ғана қабылдайды екен. Содан ана ары ойлап, бері ойлап, Сүйімбекті Меркідегі дәулетті әрі беделді бауыры Исаның атына жаздырып, училищеге әрең дегенде қабылдатады. Сүйімбек кейін училищені бітіргенде Исаулы боп жазылып жүреді. Сүйімбек бұл училищеге кейін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері болған Тұрар Рысқұловпен, Қабылбек Сармолдаевпен, соларға жете-қабыл болған Мақсұт Жылысбаевпен, Қалыш Қожабергеновпен бірге оқиды. Олардың оқуынан, ісінен үлгі алып, бәрімен пікірлес болады.

Училищені Сүйімбек 1909 жылы бітіріп, Дулат болысына хатшы боп орналасады. Бұл қызметте ол Қазан төңкерісіне дейін болады. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ол Жетісу губерниясы Бішкек уезіне қарасты сол кездегі Зачуйский ауданында (қазіргі Қордай ауылының тұсында, Шудың арғы батыс жақ бегінде) «Қосшылар одағын» құруға ат салысып, соңынан ол одаққа басшы болады. Мұнда үш жыл істейді. Содан соң сол ауданның халық соты боп сайланады. Заңгерлік арнайы білімі болмаса да Сүйекең етінің тірілігі, пысықтығы және талабының арқасында өз бетінше білім алып, одан арнайы курстарда оқып, тез арада білімін толықтырады. Сөйтіп қызметін еркін меңгеріп кетеді.

Сол кездегі заманның қиындығына қарамастан Сүйімбек аудандағы қылмыстық істердің азаюына зор ықпал етеді. Сүйекеңнің бұл ісі аудан аймағына ғана емес, алыс жерлерге де белгілі болады. Бірде Жетісу аймақтық соты келіп жиын өткізіп, қылмыс кодексі ережелерін талқылау барысында Сүйімбектің Зачуйский ауданындағы үлгілі істерін мысалға келтіреді.

«Мұның сыры неде? Қылмыстың күрт азаюына қалай қол жеткіздіңіз?» деген сұраққа Сүйекең жиналғандарға көбіне қылмыстың алдын-алу шараларын жүргізетіндігін, әсіресе, ел ішіндегі ру басшыларымен, ақсақалдармен

байланысты күшейткенін, тіпті, қайсы бірінен малдың қанына қол батырысып, уәде алуға дейін барғанын айтады.

1928-1930 жылдары көшпелі қазақтарды колхозға біріктіру кезінде Сүйімбек, қазіргі Шу ауданы Балуан Шолақ ауылына қарасты көшпелі елді отырықшылыққа үйретуге аянбай атсалысады. Кеңес өкіметінің шолақ белсенділері сияқты елге зорлық жасамай, отырықшылыққа қалай орналасу жөнінде ауылдастарына түсіндіріп, оларға өз еріктерімен ұжымға бірігуіне жағдай жасағаны туралы көнекөз қариялар бүгінде еске алып отырады. Қазіргі Балуан Шолақ ауылының солтүстік Хантауы жағында Сүйекең салдырған үйлердің, қора-қопсылардың орны әлі күнге дейін сайрап жатыр. Ауыл адамдары сол жерді қазір Сүйімбектің атымен атайды.

1930-1933 жылдардағы Калашекіннің (ауыл қазақтары Голощекинді осылай атаған) дұшпандық саясатының салдарынан Қазақстанның барлық жерінде болған ашаршылық Шу өңірінде де болады. Осы кезде басына қауіп төнген Сүйімбек жан сақтаудың қамымен жан-жаққа босып кеткен елмен бірге, ол да туған жерінен ауып Самарқан облысы Бұлынғыр ауданына барады. Сол жерде өзбек ағайындармен тіл табысып, елге қайтып оралғанша агроном боп істейді.

Елге келген соң, өзбек арасындағы жұмысын жалғастырып, сол кездегі Шу ауданындағы Ақтөбе, Ерназар, Теңдік, Киров колхоздарын трактормен қамтамасыз ететін Новотроицкі МТС-інде (машина-трактор стансасында) аймақтық агроном болып еңбек етеді. Бұдан кейін Ұлы Отан соғысы жылдарында Теңдік колхозында басқарма төрағасының орынбасары болып, кейін Мойынты-Шу темір жолының құрылысы басталған кезде, құрылыстың қосалқы шаруашылығының бастығы болып жұмыс істеді.

Меркіде бірге оқыған жора-жолдастарымен қарым-қатынасын үзбей, араласып тұрды. Мәселен, 1923 жылы мамыр айында Мәскеуден келе жатқан Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаевпен бірге Новотроицкіге тоқтап, өздерімен бірге оқыған Сүйімбек пен Қылышты шақыртып алады. Ескі достар ұзақ әңгімелеседі.

Шу өңірінің ақын-жыраулары Сүйекеңе өлең-жыр арнаған. Бармақ, Смайыл, Орақбай, Сауытбек, Жақсыбай, Сәрсен сияқты ақындардың өлең-жырларында Сүйімбектің еңбекқорлық, адамгершілік қасиеттері сөз болады. Атақты Кенен де Сүйімбекті жақсы білген. 1965 жылы Кенекең Сүйімбекті сонау Сұлтөрден әдейі іздеп келіп, оған біраз өлең арнап Сүйімбектің өзіне айтып берген.

Сүйімбекпен сыйлас ақын Смайыл Қалипанов өлеңмен Сүйекеңнің кейбір мінезін дәл басып айтқан екен:

*Кешегі жастық шақтың уағында,  
Сайланып талайларды сыйладыңыз.  
От жақпай қазан қайнап деміңізге,  
Төріне талайларды жинадыңыз.*

*Жабыдан жайнап шыққан жүйрік едің,  
Қайратты белің берік қайыспайтын,  
Талайдың басын төмен иіп едің.  
Езілген ел-жұртыңның есін жинап,*

*Ел қылып, ауыл салып жиып едің.  
Артса да батпан жүкті ауырламай.  
Түйедей айыр өркеш нар боп туған,  
Тілеулес, қатарласқа заманында,  
Мәуелі шынар ағаш алып тұлғаң.  
Риза боп дос сүйінді туысына,  
Бура едің бой бермейтін буыршыңға.*

### **ҚР Жазушылар одағының мүшесі Төреқұл Әлханұлының естелігі Жаман өсіп, жақсы өшкен заман болған**

- Әжем өзі қарапайым ғана шүйкедей кемпір еді. Пайғамбар жасынан асқан әжем ауыр жылдарды еске алып «жаман өсіп, жақсы өшкен заман еді» деп айтып отырушы еді. Жастау кезімде ол кісі отызыншы жылдардағы басынан кешірген зұлмат жылдардағы қиындықтарды айтып отыратын. Сонда есімде қалғаны осы ғана кішкене үзік сыр болатын.

- Ашаршылық кезеңі. Ауылдан береке-бірлік кете бастады, қалыптасқан тұрмыс-тіршіліктің шырқы, сиқы бұзылды. Әркім ертеңгі күнін ойлап, өз басымен қайғы болып жатты. Елдің малын, тіпті, дүние-мүлкін де өкіметтің уәкілдері ауылдың шолақ белсенділерін айдап салып, зорлықпен тартып алғанын көзіміз көрді. Байларды жақтап, Кеңес өкіметіне қарсы шықты деген жаламен талай бейкүнә адамдар түрмеге қамалып, айдалып кетті. Елге салынатын салықтың түрлері күннен күнге көбейе түсті. Бұрын бірен-саран қайсыбір шаруалар болмаса, астық егуді кәсіп етіп көрмеген елге бұл – адам айтқысыз зорлық, жүгенсіздік болды. Ауыл адамдары жан-жақтан астық іздеп, қолындағы бар малын сатып, жақын жерлерден бидай тасыды. Сонымен бірге малға да ақшалай салық салынды. Мұнымен тоқтамай Кеңестік билік қалжыраған жұртқа үсті-үстіне салық салуды қайталай берді. Астық салығын өткізуге шамасы келмегендер өкіметке қарсы байшыл деп танылып, сотсыз, тергеусіз қамалып кете барды.

Сол зобалаң жылдарда салық салудың белгілі бір заңды жолы жоқ еді. Ауылдағы белсенділер дікілдеп келеді де, ай-шайға қарамай «үш күннен қалдырмай мұнша бидай өткізесің, егер орындамасаң сотталасың» деп, зәремізді алатын. Шындығында, астық салығын уақытында бермегендерді бір түнде милициямен келіп, белгісіз жаққа алып кететін. Мұндай жағдайда

күйзелген ел күңіренуден басқа не істей алсын? Кешегі ауқатты шаруалар тақыр кедейге айналды да, ал кедейлер енді қайыршының күйіне жетті. Әуре-сараңға түскен біздің ауылда бас көтерер азамат қалмады, абақтыға камалғандар көп болды.

Дәл сол жылдары елді ұжымшарға біріктіру басталды. Елдің жағдайы одан сайын қиындай түсті. Ауданнан өкімет өкілдері келіп, жиналыс өткізетін. Уәкілдер шаруалардың бар малын ортаға салуға үгіттейді. Азын-аулақ малмен күн көріп отырған ауыл адамдары бірді-екілі ірі қарасын колхоз ортасына бергісі келмей, тағы да өкілдермен арпалысты. Ақыр соңында, бір жағынан үгіт-насихат жүргізілсе, екінші жағынан қоқан-лоқы көрсеткен биліктен қорқып, жиырма шақты кедей үйлерінен артель құрылды, олардың малдарын және жұмысқа жарайтын күш-көліктерін бір жерге жинады. Содан соң 1930 жылдың жазында колхозға бірікті деп есептеп, оған М.Калининнің атын берді.

Колхоз жұмысы ілгері басып кете алмады, мал басы құралмады, өйткені, ел колхозға кәрі-құрғаң, арық-тұрағын ғана берді. Ауыл тұрғындары етке жарамды малдарын бір ортаға бермес үшін жалпай сойып алған болатын. Сойылған малдың еті таусылғаннан кейін әркімнің өз отбасында отырып, тіршілік жасауға шамасы келмеді. Осы кезде біздің ауылға да аранын ашқан ашаршылық келген еді. Жан сақтау қамын іздеп, «бәлен жерде бақыр бар» деп, ел басы ауған жаққа қаңғыра бастады. Көшіп-қонуға үйренген халықпыз ғой, Қытайға асайық десек, шекарадан қызыл әскерлер жібермейді, кері қайтарады немесе сонда бүкіл көшті бала-шағамен қоса қырып салады екен деп естіп жаттық.

Сол кезде ауылды көңілсіздік басты, өлі тыныштық. Үретін ит те қалмаған. 1932 жылы ел-жұрт ішерге тамақ таба алмай және өкіметтен ешқандай көмек болмай ауыл тұрғындары көршілес жатқан қырғыз еліне түнделетіп көше бастады. Жақын ағайын-туыстардың көбі, әке-шешеміз қайтыс болған. Біз де шұбырған жұртқа ілесіп, жаздың соңғы күндерінің бірінде жолға шықтық. Жаяу-жалпылама созалаңдап бара жатқан ауылдастардың артынан әрең дегенде ілесіп отырдық. Жер бетін сарғыш тартқан, күз жақындап қалғандай сезіледі. Далада жан-жануарлар, жәндіктерден түк қалмаған. Аштықтан әбден титықтап, әлі құрыған ауыл адамдары сарышұнақ, тасбақа сияқты жәндіктерді де аулап, қорек еткен сияқты.

Қасымда өзіммен жасты құрдас келіншек бар еді. Бет алған бағытымыз – Қырғызстанның Камышановка деген ауылы. Қырғыз ағайындардың ауылдарында тапшылық жоқ деп естігенбіз. Біз келе жатқан ауылда ағайындас Нұрый мен Нұркей деген бауырларым бар деп, әкемнің айтып отырғанын талай естіп едім. Соны бетке алып бара жатырмыз. Табамыз ба, әлде таппаймыз ба деген үрей бүкіл санамызды билеп алды. Біраз жүргеннен кейін қалжырай бастадық. Шұбырған ауылдастар бізге қарамай қарасын үзіп, кетіп қалды. Жанымдағы келіншектен де әл кете бастады. Екеуміз ғана қалып барамыз. Күн кешкіріп, ұясына бата бастады. Денемізді қорқыныш билеп, не істерімізді

білмей көзіміз алақтап, есіміз ауғандай болып көрінеді. Әлі де жол ұзақ. Сәл демалып, еңтігімізді басып, алға ақырын ғана жылжимыз. Бір кезде бір топ аш қасқырлар бізді қоршай бастады. Жерді тырмалап, көздері жалт-жұлт етіп, бастарын көкке көтеріп ышқына ұлығанда зәреміз зәр түбіне жетіп, дірілдеп-қалшылдап бар даусымызбен айқайлап жібердік. Енді өлдік-ау деп, өмірден күдер үзе бастаған қас-қағым мезетте тарс еткен мылтық даусы естілді. Біз талықсып жерге қалай құлай кеткенімізді білмей де қалдық.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» демекші, бізді қасқырға жем болудан аман алып қалған сол Камышановкада тұратын егде жасқа келген орыс екен. Қасқырларға да жан керек екен, мылтықтың даусынан қорқып безіп кетті. Ауылдың сыртына бір қадам шықса да, мылтығын жанынан тастамайтынын айтты. Осындай қиын заманда ұры-қарылардан да, далада аш жортып жүрген қасқырлардан да қорғану үшін өзімен бірге қару алып жүруді әдетке айналдырыпты. Қандай сақтық десеңізші! Бізді ажалдан аман алып қалған орыстың атын сұрап, біліп алу, әлсіреп келе жатқан біздің ойымызға қайдан келсін. Бірақ күні бүгінге дейін сол азаматтың түрі, мейірімді жүзі көз алдымнан кетпейді.

Сәл уақыттан соң есімізді жиғаннан кейін «ашсындар, көп ішуге болмайды» деп, ауымызға бір-екі жұтым су тамызды да, сүйемелдеп арбаға отырғызды. Біраз жүріп Камышановка ауылына да жеттік-ау, әйтеуір! Осы ауылда тұратын әкемнің бауырларын сұрап едім, құдай жарылқап, оларды таниды екен, үйлеріне жеткізіп салды. Бұл жалған дүниеде қандай ұлт болса да, осындай қайырымды, адамгершілігі мол адамдар болатынын сол кезде ғана түсіндім.

Сөйтіп, Камышановкаға келіп, бауырларымның арқасында аштықтан аман қалдым. Сол нәубет жылдардағы өзім көрген және естіген ашаршылықтың зардаптары есіме түссе қатты ойға кетемін. Отызыншы жылдарда болған оқиғалар арнайы Кеңес өкіметінің қолдан жасаған зұлымдықтары ма деп ойлаймын.

Отызыншы жылдардың басында біздің ауылдың халқын алғашқы кезде артельге, кейіннен колхозға еріксіз түрде біріктіре бастады. Бұғанға дейін әрбір адамның жеке меншігінде сиыр, қой, жылқы болды, бір сөзбен айтқанда, біздің ауылдың адамдары өздерін қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған. Тәркілеу басталғанда билік өкілдері елдің малын, азын-аулақ астығын бір түйір дәнін қалдырмай сыпырып алды. Ұжымдастырудың алғашқы жылында ауылдастар, ағайын-туыстар төзімділік танытып, қолдарында қалған бірді-екілі малмен жан сақтап, аштыққа ұшырай қойған жоқ. Бірақ ел аштықтың бірте-бірте келе жатқанын сезе бастады. Колхозда адамдардың еңбегіне ақы төлемеді, олардың өз еңбегінің нәтижесіне деген ынтасы жойылды, тек жылдың аяғында өздеріне тиесілерін ғана беретін. Сол кезде ел-жұрт түсінбейтін жағдайлар көп болды. Мысалы, колхозшылар жыл бойы колхоз жұмысын істеп жүрсе де, еңбек күндерін есептеген кезде



оған қарыздар болып шыға келетін. Бұл да жергілікті биліктің «шаш ал десе, бас алатын» әпербақан саясаты еді. Сөйтіп, қыс басталғанда көптеген отбасылар азық-түлігі болмай аштықтың азабын тартатын. Нағыз аштық 1932 жылы басталды, оны өз көзім көрді. Күнде ауылда бір-екі адам аштықтан өліп жатты. Сарышұнақты, торғайды, тіпті иттің етін жеп күнелткендер де болды. Біздің отбасы осы кезде аштықтың зардабын әбден татты. Қолымызға ілінгенді талғажау етіп күнелттік. Ол да бізді алапат аштықтан құтқара алмады. Сондықтан елмен бірге қырғыз еліне кетуге бел будық. Камышановқа жеткенше қандай қиындықтарды басымыздан кешіргенімізді айттым ғой. Әйтеуір, бір Алла тағаланың әмірімен ажалдан аман қалдық.

Әжем әңгімесін аяқтай келе, терең бір күрсініп алып:

- Ол заман қиын еді, тек бізге емес, бүкіл қазақтың басына төнген қасірет болды ғой. Енді ондай жаманшылық қайталанбасын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қарақтарым, сендер ондай заманды бастарыңнан өткізбеңдер. Аман-сау, бақытты өмір сүріңдер! - деп, көзіне келген жасты маған көрсеткісі келмегендей төмен қарады.

Мен әжемнің жүзіне ұрлана көз тастадым. Осынау жылы жүректі шүйкедей қарапайым кемпірді аяп кеттім.

## Дерек көздері

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының 1939 жылдың 14 қазанында шыққан қаулысы негізінде Жамбыл облысы құрылады. Осы қаулы бойынша Шу ауданы Алматы облысының құрамынан Жамбыл облысының қарамағына өтеді. Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты (ОММ), 1109 қор, 5тізбе, 46 іс, 19 бет.

2015 жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасы мен Тараз Мемлекеттік педагогикалық институтының (ТарМПИ) ұйымдастыруымен «Ұлы Отан соғысы кезіндегі жамбылдықтардың ерлігі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Оған белгілі тарихшылар мен қоғам қайраткерлері және ардагерлер қатысты. Конференцияда тарих ғылымдарының кандидаты Шәмен Тілеубаев «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жамбыл өңіріндегі аштық жөнінде» деген тақырыпта баяндама жасады. Сол сияқты Қазақстан тарихшылар одағының төрағасы Мәмбет Қойгелдиев сөйлеген сөзінде Жамбыл өңіріндегі аштық туралы мынадай деректер келтіреді:

«Соғыс жылдарындағы адам шығыны тек майдан даласында емес, тылда да аз болмаған. Атылған зеңбірек, жарылған бомба жоқ жерде ел неге мұнша қырылды? Сену қиын. Соғыс кезіндегі ашаршылықты біріміз білсек, біріміз білмейміз. Соғыс тауқыметін тартқан Мәрзия Ибрагим апамыздан сұхбат алғанымызда «ашаршылық болды ғой» деп қалды. «Ашаршылық» деген

сөз бізге ой салды да зерттеуге кірістік. Құпия құжаттан тапқан дерегіміздің мазмұны мынандай. Мысалы, Шу ауданының Новотроицк ауруханасына аштықтан бұратылып әлсіреген көп адам түскен. 1943 жылдың қазан айында он үш адам түссе, оның алтауы өлген. Қараша айындағы факт айна қатесіз желтоқсан айында қайталанған. 1944 жылдың қаңтар айында аштықтан 22 адам, ақпан айында 12 адам түскен. Халықтың аштыққа ұрыну себебі сол кезде халықтың әлеуметтік жағдайы бақылауда болмаған. Тек майдан даласына жоспарлы түрде азық жөнелту қатаң бақыланған».

«Ақ жол» газеті, 9 мамыр, 2015 жыл, 4 бет.

Бұл деректерден 1930-1933 жылдардағы ашаршылық сияқты Кеңес өкіметі соғыс кезінде тылда жанқиярлықпен еңбек еткен жасөспірімдер, әйелдер және қарттардың қамын ойламай, аштыққа ұшыратқаны көрініп тұр.

1928 жылы 3 қыркүйекте Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің қаулысы негізінде құрылған Алматы округінің құрамына Шу аймағы да кіреді. Халықтан тартып алған малды бір ортаға жинап колхозға біріктіру мақсатында 1930 жылдың жазында Кеңес өкіметі жан-жақтан мыңдаған қойларды Шуға әкеле бастайды. Бұл кезде Шу ауданы болып әлі құрылмаған еді. Осы жылы қыста қар қалың түсіп, күн өте суық болған екен. Билік өкілдері жаз бойы алашапқын болып, елдің малын зорлықпен жинағаннан басқа ешнәрсе тындырмаған. Колхоздың малына жем-шөп қоры дайындалмаған. Өздері мал өсіріп көрмеген, малды күтіп-баптаудың жағдайын білмейтін өкіметтің есерсок уәкілдері қақаған қыстың ортасында Шу өзенінің жағалауындағы қамысты орғызып, қойларды қыстан аман алып шығуға шаруаларға міндеттеген. Қойлар қураған қамысқа ауыз салмай, бірінің жүнін бірі жұлып жей бастайды. Бірнеше мыңдаған қой-ешкі қырылып қалады. Жоғарғы билік тек нұсқау берумен ғана айналысқан, малды өлім-жітімнен құтқаруға ешқандай шараларды қолға алмаған. Сөйтіп, мыңдаған колхоздың малын Кеңес өкіметінің өкілдері мен жергілікті билік басшылары жем-шөптің болмауынан аман сақтай алмады.

1930 жылы 13 ақпандағы № 36 санында «Советская степь» газетінде жазылған Шу өңіріндегі мал шаруашылығының қиын жағдайға тап болғаны жайында «У благодатных берегов Чу» деген мақаладан көруге болады: «... Всю зиму в эту долину прибывали гурты и отары. Уже первые гурты попали в ужасное положение. Снег в колено, трескучие морозы, камыш годен на топливо, а не для корма...

Крупный скот мог с трудом добывать из-под снега остатки травы, жевать мало съедобный камыш, овцы же оказались в беспомощном состоянии.

Добывать корм из-под глубокого снега им было не под силу, а камыша сухого, затвердевшего они не едят...

В гуртах, насчитывавших полторы-две тысячи голов, падало по десять-двадцать пять овец в день...

В селе Успенском зимовка (қазір Қордай ауданы, Бетқайнар ауылы) окрживотноводсоюза у самого берега Чу. Здесь, чтобы не создавать лишних

хлопот, не возбуждать опасных толков, павших овец спускают под лед. Даже кожи не снимают. Через эту базу прошло около четырех тысяч овец».

1933 жылы 29 наурызда Қазақстанның жаңа басшысы Л. Мирзоян Сталинге және Молотовқа бүкіл елдегі және сол сияқты Жамбыл өңіріндегі халықтың басына төнген ауыр жағдай туралы былай деп хабарлапты:

«... Қонысынан ауғандардың жағдайы күрт ауырлап барады. Біздің деректеріміз бойынша, қонысынан ауғандар 71 ауданды қамтып отыр. Оның 50-і көшпенді және жартылай көшпенді, ал 21-і отырықшы егіншілік аудандар. ... Бұрынғы егіншілік аудандарынан, мәселен, Әулиеата, Талдықорған, Меркі, Талас, Шу, Созақ, Қордай... және тағы басқа аудандарда қонысынан ауғандардың саны өте көп. Барлық облыстарды алатын болсақ, шамамен халқының саны 300000 адам болатын 90000-нан аса қожалық (Республика шеңберінен тыс жерлердегіні есептемегенде) өздерінің туған жерлерінен басқа мекендерге кетіп жатыр...»

С. Әбдірайымов және т. б. Қазақ қалай аштыққа ұшырады, Алматы, 1991, 91 бет.

1930 жылы қаңтар айында мал басын жаппай талан-таражға салуға, союға қарсы заң шығады. Сот қызметкерлері, уәкілдер мал басының кему себептерін, қандай жағдайда сойылғанын тексеріп жатпайды. Былтыр қанша мал болды, биыл қанша бас қалды деген жорамалмен әрекет етіп, иелерін қылмысты деп есептейді. Олар өздерінің кінәлі емес екендіктерін дәлелдемек болғанымен ешкім сөздерін тыңдамайды. Сөйтіп, қолдан жасалған «қылмыстылар» топ-тобымен түрмеге жабылған. Мысалы, Шу ауданының халық соты малды талан-таражға салды деген үкіммен 83 адамды бірден соттайды. Олар орташалама ма, кедейлер ме, ол жағы тексеріліп жатпай, барлығы сот үкімі бойынша жер аударылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты (ҚРПМ),  
кор 141, тізбе 1, іс 2951, парақ 5.

## **Жандосовтың БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетіне 1930 жылдың 13 мамырында жазған хабарламасы**

(Жандосовтың сұрауы бойынша хабарламаны Қазақстан өлкелік комитетіне жіберген Л. Назаров)

«Шу өзенінің оң жағалауы мен Іле өзенінің сол жағалауындағы көшпелі аудандардағы бұрмалаушылықты тексеру мақсатында осы жылдың 20 сәуірінен 3 мамырына дейін өлкелік қызметкерлердің бір тобы іс-сапарға жіберілді.

Өлкелік уәкілдер Шоқпар ауданына қарасты № 1, 3 және 4 ауылдардағы жағдайды түзету үшін жұмыс істеді. Бұл ауылдар мал жайылымдары бар көшпелі және егіншілікпен айналысатын аудандардың, сонымен қатар құмды аймақтардың аралығында орналасқан.

Аталған ауылдардағы келеңсіз жағдайларды негізінен бірнеше топқа бөлуге болады:

1) ұжымдастыруға мән бермей, ойынға айналдыру, 2) бірыңғай мал шаруашылығымен айналысатын, егін салмайтын елге астық дайындауды міндеттеу, 3) отырықшы аудандардың көшпелі аймақтарға қысым көрсетуі...

Кеңес өкіметінің уәкілдері иттің терісін жинауға және сауатсыз тұрғындарды газетке жаздыруға ауылдардың арасында социалистік жарыс ұйымдастыруға дейін барған...

Кедейлер орташаларды өздерінің көмекшісі ретінде санайды, ал орта шаруалар бұған сырттай қарағанда қанағаттанарлық кейіп білдіргенімен, шын мәнінде кедейлердің ұйымдары мен жиындары орташалардың үрейін туғызады. Олар кедейлердің жиналыстарына жіберілмейді.

1929-1930 жылдары салықтың түрлері көбейіп кетті. Халық қиналды. Осындай қиындықтардың нәтижесінде көшпелі ауылдарда өкіметке қарсы наразылық күшейіп, көтеріліске шығуға дайындық жүргізілген. Сондай ауылдардың бірі – Шоқпар ауданындағы № 2 ауылда осы жылдың қаңтар айында халық көтеріліске шыққан.

Шоқпар ауданындағы № 6 ауылда байлар жер-жерлердегі оқиғалардан хабардар болып, тұқымдыққа жиналған астық қорын тартып алуды ұйымдастырған. Осы аудандағы № 3 ауылда кедейлер ауылдық кеңестің торағасын соққыға жыққан. № 2 ауылда болған көтеріліске дейін Шоқпар ауданындағы № 4 ауылда байлар түнде жиналып, халықтың бір тобын көтеріліске шығуға дайындаған деген сыбыс бар.

Шоқпар ауданындағы № 2 ауылда көтерілісшілер әр рудан екі адамнан сайлап, комиссия түрінде алты адамнан тұратын уақытша үкімет құрған...

Барлық ауылдың тұрғындары көшпелі мал шаруашылығымен айналысады. ... Әсіресе, Шоқпар ауданындағы № 1 ауылда астық дайындау өте ауыр болды, бұл ауылға 150 га жерге егін егу міндеттелді. Ал № 3 ауылға 96 га жерден өнім алу және т. б. ауылдарға да нақты егіс көлемінің жоспары бекітілді. Жоспар бойынша темекі және тағы басқа дәнді дақылдарды да өсіруді ауылдарға бекітіп берді.

Шоқпар ауданындағы барлық көшпелі аймақтардағы колхоздарды таратқаннан кейін мал шаруашылығымен айналысатын серіктестіктер құрылды».

Хабарламаның соңында О. Жандосов сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты Шу өңіріндегі Шоқпар ауданының құрамына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жасайды. Мұрағаттан алынған деректі қаз-қалпында келтірейік:

«12. Выделить в самостоятельный кочевой скотоводческий район с центром на ст. Отар... Чокпарского района аулы № 12, 13, 14 и 15 и соответствующие кочевые аулы Курдайского района.

Аналогичный кочевой скотоводческий район с центром где либо в низовьях р. Чу выделить Сыр-Даринском округе.

В связи с этим сел. Ново-Троицкое, население аулов, образованных из быв. Ашинской волости Аулиэ-Атинского уезда и ст. Чу присоединить к Чок-

парскому району, перенеся его центр в сел. Ново-Троицкое. Такое преобразование Чокпарского района абсолютно необходимо».

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты, қор 5,  
тізімдеме 21, іс 31, парақ 112.

О. Жандосов Шу аумағында алғашқы құрылған Шоқпар ауданындағы ауылдардың жағдайы отызыншы жылдары өте ауыр болғанын БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетіне хабарлаған. Аталған құжаттан ауылдардағы халықтың басына төнген ауыртпалықтарды, олардың Кеңес өкіметінің солақай саясатына, зорлық-зомбылығына қарсы бағытталған наразылығын көруге болады.

1930 жылы Шоқпардың № 2 ауылында болған көтеріліс туралы толық мәлімет мұрағатта кездеспеді. Қазіргі Шоқпар стансасында тұратын көпті көрген қариялардың айтуынша, бұл көтерілісті қызыл әскерлер өте каталдықпен басып тастаған. Тірі қалғандары Қытай асқан. Бұдан басқа көтерілісшілердің тағдыры жайында қариялардан ешқандай әңгіме ести алмадық. Тек қана Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағатынан Шоқпар ауданындағы № 2 ауылында 1930 жылдың 23 мамырында өткізілген кедейлер мен орташалардың жалпы жиналысының хаттамасы табылды. Бұл ауылға Қазақстан өлкелік комитетінің арнайы комиссиясын Е. Ерناзаровтың өзі бастап келген екен.

#### Протокол

общего собрания № 2-го аула, Чокпарского района батраков, середняков и бедняков, состоявшегося 23. V. 30 года.

На собр-ии присутствовали: Председатель «КЦИК»а тов. Ерназаров, т. Кабулов и Уралбаев. –

Пред. Собрания Касымов, тов. его Самбетбаев

Секретарь Нурбаев. –

Слушали: Доклад тов. Ерназарова о том, что беднота и середняки за злой агитацией баев кулаков и натворили восстание во 2-м ауле, Чокпарского района. Тов. Ерназаров говорит, что одной из нации угнетенных являются казаки, которые даже не могли свободно дышать и только Октябрьская революция дала свободу и самоопределение казакской бедноте и середняку, далее говорит, что рабочие и беднота в союзе со средняком рука об руку строят новую социалистическую жизнь. В заключении говорит, что беднота и середняки глубоко ошиблись идя к удочке баев и аткамынеров. После выступили с содокладами Кабулов и Уралбаев.

Постановили: Во время кампании: хлебозаготовки, сбора семфонда, расширение посевной площади, сбор лучшей тягловой силы для посева, классовое разслоение в ауле коллективизация уничтожение частной торговли и на-ряду хорошая постановка работы кооперации – все это как никогда озлобило байство и кулачество и пошли против всяких мероприятий партии и пра-

вительства уничтожающий их авторитет и прежнее диктаторское влияние на бедноту и ведя бешенное сопротивление и агитацию против колхозов, сбора семфонда, организации кооперативов и прочих мероприятий правительства – они (бай) действительно в глухих местах Казакстана, как наш аул добились того, что один раз повели часть бедноты и середняков против своих интересов, исходя из этого собрание постановляет:

1) Всецело признавая вину и ошибочность наших недавних взглядов осуждаем их и обещая о том, что впредь не будем совершать такие ошибки мы резко отказываясь от своих взглядов просим прощения от всех трудящихся Казакстана.

2) С сегодняшнего дня обещаем сдать все те оружия, которые имеются у нас.

3) Все разграбленное и имеющиеся у нас товары разграбленных нами у Казгосторга, кооперативов и в школах обещаем немедленно возвратить в особенности те товары, которые взяты баями и аткамынерами.

4) Обещаем немедленно восстановить на прежних рельсах и оживить работу кооперативов.

5) Впредь беднота и середняки крепко спаявшись открыто будем бороться с байством, впредь не будем слушать их обманы и всецело будем бороться и с теми, которые будут скрыто и открыто поддерживать байство и таких же лиц будем ловить и предавать суду трудящихся.

Настоящее постановление принято единогласно и их будем выполнять беспрекословно.

Секретарь комиссии:

Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты,  
қор 5, тізімдеме 20, іс 30, парақ 110.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков Шу өңіріндегі ашаршылық туралы тілшіге берген сұхбатында мынадай деректер келтірген: «Сол бір қырғында аштан бұратылған адамдар өлікті жеп, күнелткен. Адам адамның етін жеген. Қордайда (автор: бұл ауданда Шу өңіріне жатады.) аштықтан есі ауысқан балалар өлген адамды шашынан сүйреп, көше кезіп жүріпті. Тіпті архивте осындай сурет бар. Мына Шу өңірінде аш адамдар жаңа көмілген адамның бейітін қазып, етін жеген. Өлікті көмбек түгілі, жейтін тамақ болмағанда, сол өлікпен қоректенген. Тіпті, олар ашыққаны сондай, есінен адасты». «Алматы ақшамы», 10 сәуір, 2012 жыл, 11 бет.

Жоғарыда көрсетілген тарихи деректер отызыншы жылдардағы ашаршылықтың азабын тартқан бүгінгі қарттардың естеліктеріндегі мәліметтермен дәлме-дәл келетіндігі таңғаларлық жағдай емес. Кеңестік билік ашаршылықтың болғанын қанша жасырса да шындық ел арасында айтылып жүрді.

.....

XX ғасырдың 30-жылдарында Қазақстанда ұжымдастыру саясаты шаруалардың еркінен тыс күшпен жүргізілгені белгілі. Кеңестік тарихнамада ашаршылық шындығы дұрыс түсіндірілмеді. Кеңес өкіметінің билігі қазақ халқының 1930-1933 жылдардағы ауыр жағдайын патшалық Ресейдің отарлау саясаты мен 1918-1920 жылдардағы азамат соғысы және халықтың сауатсыздығынан туындаған себептер деп көрсетіп отырды.

Коммунистік партияның 1927 жылғы ХҮ съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру бағытын жариялады. Ұжымдастыру және сонымен бірге отырықшыландыру халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет негізінде жасалған дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, қазақ қоғамының әлеуметтік негізінің жойылуына әкеп соқты.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық кезінде Шу ауданы бойынша қанша адамның осы апаттан қаза болғандығы жөнінде мәліметті кездістіре алмадық. Кезінде қазақ елін жайлаған алапат ашаршылық туралы басылымдарда жариялау былай тұрсын, тіпті жиналыстарда және халықтың арасында да ол жөнінде айтуға қатаң тыйым салынды. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана тарихшы-ғалымдар қазақ еліндегі өткен ғасырдың 30-жылдарындағы адамзат тарихындағы ең қасіретті апаттың себептері мен зардаптарын ғылыми тұрғыдан зерттей бастады. Соған қарамастан, әлі де болса еліміздің түкпір-түкпіріндегі кейбір аймақтардағы ашаршылықтың беті толық ашылмай жатқаны шындық. Сондай өңірлердің бірі – Шу жеріндегі елді-мекендер болып табылады. Бірлі-екілі ғалымдардың еңбектері және көнекөз қариялардың естеліктері болмаса, айтарлықтай ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілмеді.

Шу өңірінде ауданның қашан құрылғандығын және сол жылдардағы халықтың басына төнген ауыртпалықты анықтау мақсатында 2007 жылы Шу ауданының әкімшілігі Қазақстан журналистер одағының мүшесі Мәкен Уақовты Алматы қаласындағы орталық мемлекеттік мұрағатқа іс-сапарға жіберді. Мұрағаттан алынған анықтама бойынша, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1928 жылдың 3-қыркүйегінде шыққан қаулысы негізінде Алматы округі құрылады. Осы кезде Шу аймағы аталған округтің құрамына кіреді [1,743]. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің 1930 жылдың 23-шілдесінде шыққан қаулысы негізінде округтер таратылып, оның орнына аудандық әкімшілік-аумақтық басқару ұйымдастырылады. Осы қаулымен жаңа құрылған 121 аудандар қатарында Шу ауданы құрылады. Орталығы – Шу селосы [2,400].

Аталған қаулының негізінде 1930 жылғы 17-желтоқсандағы Қазақ АКССР Орталық Комитетінің және Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен бұрынғы Алматы округінің құрамында болған Шоқпар ауданы және Мойынқұм ауданы мен Вознесенскі (қазіргі Қонаев ауылдық округі) ауылы біріктіріліп Шу ауданы болып қайта құрылды [3].

Сөйтіп, бұрынғы Шоқпар ауданының ауылдары Шу ауданына қосылғаннан кейін жаппай ұжымдастыру жоғарыдан түскен нұсқаулар бой-

ынша әкімшілік-күштеу арқылы жүргізіле бастады. Байлардың мал-мүлкін тартып алып, колхозға біріктірді. Асыра сілтеушіліктің салдарынан қанаушы санатында орташа шаруалар да тәркіленіп кетті. Тіпті, кейбір жерлерде кедейлердің де малын тартып алып жатты. Орта шаруалар мен кедейлерді орынсыз жазаға тартты, олардың малын жәнсіз алып қою, тұрақты мекенінен күшпен көшіру орын алды. Кеңес билігінің осындай халыққа қарсы жүргізген әрекеттері Шу өңірі жұртшылығын да аштыққа ұрындырды. Қарапайым шаруалар ұжымдастыруға дайын емес еді. Соған қарамастан, Шу ауданында шаруаларды колхоздарға күштеп кіргізумен қатар, астық дайындау науқаны да қоса жүргізілді. Кеңестік билік жоспарланған астықты орындамаған шаруашылық иелерін қатаң жазаға тартты. Соған дәлел ретінде мына мәліметтерге көз салайық:

«Артық астығын өткізбегені үшін 64 бай-кулак шаруашылығына 43367 сом айыппұл салынды, оған қоса мемлекеттік қарыздарды өтеуден бөлек олардан 22748 сом айыппұл алынды. Сонымен қатар 16 шаруашылық иесі 1,5-2 жылға сотталып, 3-тен 5 жылға дейін жер аударылды» [4,28].

Жалпы Шу өңірінде ұжымдастыру барысында сексеуіл, ет, жүн және мал дайындау бойынша тым үлкен міндеттер жүктелді. Үсті-үстіне ет және жүн өткізу шаралары іс жүзінде малды жаппай қыруға ұласты. Кеңес өкіметінің уәкілдері аудан колхоздарындағы дәннің бәрін, тіпті тұқымға сақталған қорын да алып қойды. Жергілікті билік аштыққа ұшырай бастаған елдің балашағасын асырау үшін алып қалған аз ғана азық-түлігін де күшпен тартып алған. Егер жасырып қалатын болса, оларды өте қатал жазалады. Кінәлілер қылмыскер ретінде жауапқа тартылды. Сол кездегі құқық органдары ауылдағы бай, молда, билерге қарсы жазалау шараларын күшейте түсті. Осы шараларды іске асыру кезінде түрлі асыра сілтеушілікке, қиянатқа жол берілді. Кеңес өкіметінің уәкілдері тәркілеу кезінде колхоз меншігіне тек мал ғана емес, сонымен бірге жеке отбасы мүліктерін, олардың шаруашылыққа жарамды еңбек құралдарын, тіпті үй құстарын да зорлықпен алып отырған.

«Тек 1930 жылы ... азық-түлік салығы жоспарын орындаудан бас тартты деген айыптаумен ауданда 65 бай және кулак сотталды, олардың ішінде 40 отбасының дүние-мүлкі тәркіленуге тиіс болды. Ал олардан алынғаны 71 жылқы, 11 түйе, 4 сиыр, 64 қой, 12 киіз үй және 4 кірпіштен салынған үй еді» [5,31-бет].

Жаппай жазалау мен аштық әсері 1930 жылы жаңа құрылған Шу ауданының құрамына кірген Шоқпар аймағындағы қазақтарға да келіп жетті. Алматы округінің таратылар алдында ғана Шоқпар ауылдарының халқы зорлық-зомбылыққа шыдай алмай, бұрынғы Алматы округіндегі басқа аудандардың тұрғындарымен бірге шетелге кетуге мәжбүр болды: «Қытай жеріне Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Биен-Ақсу, Сарқант, Жаркент, Бөрібай ауылдарының халқы көшіп кетті» [6,238].



Шетелге қоныс аудару – қазақтардың күшпен ұжымдастыруға көрсеткен қарсылығы, ашаршылықтан құтылудың бір амалы болатын. Кеңес билігі босқан қазақтарды елге қайтаруға әрекет жасады. Қаңғырып кеткен кейбір босқындарды өкіметтің арнаулы өкілдері жинап алып, пойыздарға отырғызып, бос қалған елді мекендерге жөнелтіп жатты. Солардың ішінде елге қайтарылған адамдардың есебінен Талас, Сарысу аудандары құрылды.

Осы кезде кеңестік жүйенің әдіс-тәсілдерімен қаруланған Шу ауданындағы шолақ белсенділердің әкімшілік күшпен шаруаларды ұжымдастыруда шектен шыққан әрекеттерін мына деректерден көреміз: «Іс мынаған дейін жетті: қыстыгүні, 1932 жылдың ақпанында, Шу ауданында аумағы 150 шақырым жерден жүздеген шаруашылықтар жиналып, 400 киіз үй «қала үлгісіндегі поселке» болып тігілді. Жалған белсенділер отырықшыландыруды жоспарланған үш жылдың орнына үш күн ішінде аяқтап, мал өсіруші шаруашылықтарды сол жерде ұжымшарға жаза бастады» [7,61]. Көшпелі және жартылай көшпелі қожалықтарды отырықшылыққа қоныстандыру анайы түрде, күштеу әдістері арқылы жүргізілді, қаржылық көмек көрсетілмеді. Ешқандай даярлық жұмыстары елдің арасында жүргізілмеді. Бұл жөнінде Қазақстан өлкелік партия комитетінің 6- пленумында 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың себептері жайлы өлкелік бақылау комиссиясының төрағасы Егоров былай деп айтқан екен: «Көшпелі малшылар көп жағдайда әкімшілік әдістермен ешқандай да даярлықсыз колхозға және отырықшы тұрмысқа қуылып әкелінді... 1932 жылы отырықшыландыру егін отырғызуға үш күн қалғанда басталып, егін отырғызу кезінде жалғасты. Жайсан (Шу өңіріндегі жазық дала., автор) деген таулы-қырлы, бірақ егін егуге қолайлы, ешқандай құрылыс түспеген жалаңаш кеңістік бар, міне осы жерге 150 шақырымдағы аумақтан адамдарды жинау жүргізіледі. Шашырап жатқан ауылдарға көлік, онымен қоса милиционерлер жіберіледі. Ал олар болса отбасыларын киіз үйлерінен қуып шығып, көліктерге күштеп отырғызып әлгі белгіленген жерге жеткізеді. Міне осындай шаралардың нәтижесі қандай? Төрт айдан соң жинастырылған отбасылардың бәрі де жан-жаққа бытырап кетісті. Олардың біразы сол бұрын отырған қоныстарына қайтып барса, қалған жартысы көрші Қырғыз еліне көшіп кетті. Міне сіздерге «ұжымдастыру», міне сіздерге «отырықшыландыру» әдісі... Болған істің нәтижесінде біз өте ауыр жағдаймен бетпе-бет келіп отырмыз: ауыл талан-таражыға түсті, оның шаруашылығы күйреді, ашаршылық, адам қырғыны келіп жетті [8,314-315].

1930 жылдың екінші жартысында-ақ Шу ауданында ашаршылықтың белгісі әр жерде көріне бастайды. Осы кезде мал басының күрт кеміп кетуі нәтижесінде жергілікті елдің арасында азық-түлік тапшылығының азайып хеле жатқаны ауданның барлық өңірінде айқын сезіле бастады. Ұжымдастыру жылдары ауданда жергілікті халықтың басым бөлігіне астық жетпеді.

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік моделі Қазақстанның барлық аймақтарында халықтың наразылығын туғызды. Олар туған

жерлерінен басқа аудандарға көшу, колхоз белсенділерін өлтіру және қарулы отрядтар құру арқылы наразылықтарын білдіріп отырды. Солардың бірі 1931 жылы Шу өңірінде жергілікті билікке қарсы Жолшыбаев бастаған қарулы отряд түрлі наразылық шараларын өткізді. Оларға тойтарыс беру үшін Шу өңірі коммунистерінен әскери отряд құрылады. Алғашқы ұрыстан кейін Жолшыбаев отряды шегініп, Аңырақай тауларына қарай бет алады. Осы кезде ол Қордайдағы көтерілісшілермен байланыс жасап, Кеңес билігіне қарсы күштерін біріктіруге келіседі. Бұл мәліметті қызыл отрядтың басшылары біліп қойып, екі жақтың бірігуіне жол бермейді. Ақырында қызыл әскердің күші басым болып, 1931 жылдың қазан айында көтерілісшілер толығымен жеңіліске ұшырады.

Бұл Кеңес өкіметіне қарсы жалғыз ғана көтеріліс емес еді. Күшпен ұжымдастыру саясатына қарсы Шу өңіріне жақын мандағы Сарысу, Балқаш, Қордай, Қастек және тағы басқа аудандарда да осындай көтерілістер кең орын алды [9,32-34].

Сонымен, 1929-1933 жылдары Кеңес билігі ауыл шаруашылығын түбегейлі қайта құруға бағытталған шараларды іске асырды. Ал сол шаралар халықты ата-қонысынан бездіріп, аштыққа ұшыратты. Аудан халқының саны күрт азайып кетті. Шу өңірінде қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты оның тұрғындарының жартысынан көбі Қырғызстанға, Қытайға, Ресейге, Моңғолияға тағы басқа шет мемлекеттерге көшуге мәжбүр болды. Белгілі ғалым М.Қозыбаевтың деректері бойынша, 1930 жылдың басында-ақ көрші елдерге Шу өңірінен халықтың 60%-ы көшіп кеткен екен [10,125].

БК(б)П Орталық Комитетінен түскен нұсқауларды артығымен орындау үшін жергілікті билік өтірік ақпарат беріп, ұжымдық шаруашылықтарға (колхоздарға) шаруаларды еркінен тыс кіргізе бастағаны жаппай сипат алды.

Тұрар Рысқұлов 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жолдаған хатында Шу және басқа аудандарда аштыққа ұшыраған қазақтарға бөлінген азық-түліктің талан-таражға түсіп жатқаны туралы жазды: «БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 17-қыркүйектегі қаулысы бойынша аштыққа ұшыраған қазақтарға азық-түлік жәрдемі ретінде бір миллион пұт астық бөлінді. Орталықтан ІҮ тоқсанға және үстіміздегі жылдың І тоқсанына рұқсат етілген (бір миллион пұт есебінен), 600 мың пұт астық пен 1932 жылдан қалған 280 мың пұт, яғни барлығы 880 мың пұт астықтың 753.158 пұты қазақ органдарының рұқсат қағазы бойынша бөлінді, содан 111.066 пұт астық, яғни 15 проценті ғана халықтың қолына тиді (оның өзі де түгел тиген-тимергені белгісіз). Ашыққандарға арналған астықтың көбі аудан орталықтары мен әртүрлі мекемелерде талан-таражға түседі, ал бір бөлігі қайтадан астық дайындау есебіне өткізіледі. Қу, Қарқаралы, Шұбартау, Шу, Балқаш, Торғай аудандарында осындай қылмысты әрекеттердің беті ашылып, айыптылар жауапқа тартылу-да» [11,325].

Аштықтың азабын көрген қазақтар өздерінің туған жерлерінен басқа мекендерге қоныс аударғандары былай тұрсын, жаппай Қытайға, Монғолияға, Ауғанстанға, Батыс Сібірге және тағы басқа шет мемлекеттерге көшіп кетті.

Қазақтардың ата-жұртынан үдере көшуі – бұл біріншіден, Кеңестік биліктің жүргізіп отырған солақай саясатына қарсылығы болса, ал екіншіден, ашаршылықтан бала-шағаларын аман сақтап қалудың амалы еді. Елде ашыққан қазақтардың қоныс аударуы жаппай сипат алды. Бұл жөнінде 1933 жылы 29-наурызда Қазақстанның жаңа басшысы Левон Мирзоян Сталин мен Молотовқа қонысынан ауған қазақтардың ауыр жағдайы туралы былай деп хабарлаған: «... қонысынан ауғандардың жағдайы күрт ауырлап барады. Біздің деректеріміз бойынша қонысынан ауғандар 71 ауданды қамтып отыр: оның 50-і көшпенді және жартылай көшпенді, ал 21-і отырықшы-егіншілік аудандар...

Бұрынғы егіншілік аудандарынан, мәселен, Әулиеата, Талдықорған, Мерке, Талас, Шу, Созақ, Қордай, Іле, Қаратал және т.б. аудандарда қонысынан ауғандардың саны өте көп» [12,91].

1920-1922 жылдардағы алғашқы ашаршылықтан ел «шықпа жаным, шықпа» деп әупірімдеп шыққан еді. Алайда, отызыншы жылдардағы аштық қазақтарды жантүршігерлік қырғынға ұшыратып, күйретіп кетті. Босып кеткен ел шөп тамырымен, өсімдік жапырағымен қоректен бастады. Кейбір аудандарда адамдар ит пен мысық және басқа жануарларды сойып жеп, қатқан терілерді суға қайнатып, соның сорпасын ішкен. Жамбыл облысының Әулие-Ата, Шу, Қордай, Талас, Меркі аудандарында адам етін жеу оқиғалары болғаны белгілі. Сонымен қатар осы аудандарда тонау мен талау күшейіп, адам өлтіру көбейіп кеткен. Аштықтан есі ауысып жынданып кеткендері де болды. Байлармен бірге қазақ кедейлері де бар малынан айырылды. **Аштықтан не істерін білмей жанталасқан қазақтардың қоныс аударудан басқа амалы қалды ма?**

Қазақ еліндегі 1932-1933 жылдардағы нәубетті зерттеп жүрген Тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков Шу ауданындағы аштықтан болған масқара құбылыс туралы мынадай деректер келтіреді: «Шу поселкесінің маңайындағы төңіректе №75 барақтағы босқындар жатағының және тамақтандыру орнының санитарлық жағдайын тексеріп шықтық. Сонда мыналарға кездестік: ішінде босқындардың жатақханасы және тамақтандыру орны орналасқан №75 барақ жан төзгісіз жағдайда. Баспана әл-дәрмені таусылған, көбі әзер дегенде қозғалатын босқындарға лық толы. Баспана іші былғаныш, сасық. Жүзге тарта аш адамдар жерде жатыр. Баспананың айналасы ластанып кеткен. Барлық жерде сүйектер, жыртылған киімдер, адамдардың құқыстары және шығыс жағында тоғыз өлік жатыр, барақтан біраз жерде солтүстікте жерде тағы да өлік, тағы бес өлік жатыр. Көмілмегені, сирақ және қар еттерінің кесіліп алынғаны кісі етін жеу болғанын айғақтайды. Қазақ бейіті жас молаға толы» [13,40-41]. Бұл құжатқа жеті адам қол қойған екен.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 90-жылдардың басында режиссер Қалила Омаров деректі «Нәубет» фильмін түсіреді. Осы фильмде Шу өңіріндегі ұжымдастырудың зардаптары туралы тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаев былай дейді: «Жергілікті тұрғындардың төрттен үш бөлігі көшпенді ғұмыр кешкендіктен, жаппай қырылуға мәжбүр болды. Бір ғана мысал, Шу өзенінің бойында колхоз құрамыз, көше саламыз деп февраль айында екі көше киіз үй тікті. Оның бір қатарына адамдарды, бір қатарына малдарды әкеп қамады. Бір айдан кейін келгенде онда адам да, мал да болмады».

Шу қазақтарын күштеп ұжымдастыру барысында жергілікті биліктің белсенділері халықтың күнкөрісінің жалғыз ғана көзі – қолындағы малын зорлықпен жинап алып, қоғамдық мемлекеттік меншікке айналдырды. Одан қалған бірлі-жарым малдарын тағы да тартып алып, ет, май, жүн, астық жошпарларын артығымен орындатты. Ашыққан халықтың наразылығы күннен күнге күшейе түсті. Жаңа өкіметтің осындай әрекетіне қарсылық білдірген елдің наразылығы туралы тағы да бір деректі келтірейік.

1931 жылы 12-қыркүйекте Қордай ауданындағы көтерілісшілер Шуға шабармандар жіберіп, «Жыланкөз» ауылы шаруаларының қолдауына үміт артады. Бірақ, олардың Қордайдағы көтеріліске қосылуына қызыл отряд мүмкіншілік бермей, басып тастайды. Жазалаудан аман қалған Шу көтерілісшілері өз наразылықтарын тоқтатпайды.

«1931 жылдың 21-қыркүйегінде көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында болған келесі ұрыста коммунистік отряд 6 адамынан айырылған. Олардың ішінде ОГПУ-дің Шу аудандық басқармасының бастығы Нұрғалиев және 5 коммунистік отряд мүшелері ұрыс кезінде қаза тапқан. Ал осы ұрыста көтерілісшілердің 12 адамы тұтқынға түскен. 1931 жылдың қараша айына дейін созылған бұл көтеріліс қатал жазаланды» [14,213-214].

РСФСР Халық Комиссарлары Советі Төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов өз басына төніп тұрған қауіптен тайсалмастан, 1933 жылы 9-наурызда Сталинге жазған хатында қазақтардың арасында 1932 жылдан бастап қайтадан кең етек алған аштық пен індет сұрапыл өршіп отырғаны жайында шындықты ашып көрсетті. Қазақстандағы халықты аштықтан аман алып қалу үшін өкімет тарапынан жедел көмектің қажеттігін, ата-жұртынан үдере көшкен қазақтардың бар мақсаты күнкөрістің қамы екендігін ашына жазып, шет елдерге көшіп кеткен босқындар туралы мынадай мәліметтер келтіреді: «Орта Еділге – 40 мың, Қырғызстанға – 100 мың, Батыс Сібірге – 50 мың, Қарақалпақияға – 20 мың, Орта Азияға – 30 мың адам көшіп кеткен. Сонымен қатар сонау алыс жерлердегі Калмыкияға, Тәжікстанға, Солтүстік өлкеге және т.б. жерлерге қаңғып кетті. Байлар бастаған халықтың біраз бөлігі Батыс Қытайға көшіп барды... Бұл қазақтардың жай көші-қоны емес, ашыққан адамдар тамақ іздеп, басы ауған жаққа босып кетті. Кейбір аудандарда қонысынан ауғандардың саны сол аудандарда тұратын барлық халықтың 50 пайызына дейін жетеді...». Тағы да сол хатында Тұрар Рысқұлов Жамбыл

облысындағы алапат ашаршылық туралы: «Көптеген қалалардан (Әулие-Ата, Шымкент, Семей, Қызылорда және басқалар) және теміржол стансаларынан өлген қазақтардың өліктері сыртқа шығарылуда. Шу ауданының орталығы Ново-Троицкі селосында (Жандосовтың мәліметі) күн сайын дерлік 10-12 қазақ өледі, сондай-ақ ауданнан коммунистердің 60 проценті кетіп қалған. Сарысу ауданында 7000 шаруашылық болса, енді олардың 500-ге жуығы қалған... Басқалары Әулие-Ата және т.б. аудандарға қашқан. Қырғыз жеріне көшкендер бар. Қараша айында осы ауданнан жүздеген адам отбасымен бірге алыс ауылдарға жылжыған. Ел-жұрттың жартысы қырылған. Қаңтар айының екінші бескүндігінде жолда 24 өлік табылған. Оларға қарақшылар да шабуыл жасаған. Әйелдер балаларын суға лақтырған. 5-6 қаңтар күндері Әулие-Ата қаласындағы шайханалар маңынан өлген 20 баланың денесі табылған. Осы уақыт ішінде 84 ересек адам өлген» - деп қазақтардың басына төнген ақпаратты Сталинге жеткізген [15,320-322]. Сонымен бірге бұл хаттың көшірмесі ВКП(б) ЦК ауыл шаруашылық бөліміне Л.М.Кагановичке және СССР Халық Комиссарлар Кеңесіне В.М.Молотовқа жіберілген. Бірақ бұған Кеңестік биліктің Сталин бастаған қатыгез басшылары халықты аштықтан аман алып қалуға ешқандай шаралар қолданбады.

Т.Рысқұловтың осы хаты Шу өңіріндегі және басқа аудандардағы сол жылдардың қасіретін ашып беретін тарихи айғақтың бірі ғана болып табылады.

Шу халқы наразылықтарын көтеріліс жасау арқылы білдірумен қатар, одан басқа ел ішінде халықтың қамын ойлап, аштықтан құтылудың жолдарын іздестіре бастаған азаматтар да болған. Аштықтан ауыл-аймағын құтқаруға әрекет жасап, сол аласапыран, қаралы кезеңде ауылдастарына жәрдемдесіп, көптеген отбасы түгінінің өшпеуіне септігін тигізген, қамқорлық танытқан қайырымды жанның бірі – Нұрман би туралы жоғарыда толық айтылды. Бұл кісінің аш елге істеген жақсылықтары күні бүгінге дейін Шу қазақтарының есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

1906 жылдан бастап Нұрман би Шудағы Дулаттың төрт баласының бірі – Шымыр руына жататын Шынәлі баймен «құдай қосқан құда» болыпты. Шынәлі бай ауыл-аймақтың тұрмыс-тіршілігіне ерекше көңіл бөліп, әсіресе, 1930-1932 жылдары тұтас бір ауылды аштықтан құтқарып қалғаны жөнінде бүгінде ел аузында айтылып жүр. Өкініштісі сол, елге қамқор болған Шынәлі 1932 жылы «халық жауы» ретінде Сібірге айдалып, итжеккенде қаза болады.

Қазіргі кезде Мойынқұм мен Шу аудандарының тұрғындары Нұржаубек естаны да әсте естен шығарған емес. Ол кісі аң-құс аулап, аштыққа ұшыраған ауылдастарына бар көмегін аямаған.

Көнекөз қариялардың айтуынша, Нұрман би, Шынәлі бай, Нұржаубек ұста секілді қайырымды, ел қамын ойлаған азаматтар Шу аймағында көп болған [16]. Әрине, бүкіл халықты аштықтан құтқару мүмкін болмады. Қатты ашыққан адамдар ақыл-есінен айырылып, психологиясында өзгерістер

болатыны белгілі. Тірі қалу үшін адамдар бірін-бірі тонап, ал кейбіреулері өлтіруге дейін барғаны шындық.

1932-1933 жылдардағы қасірет большевиктер партиясының қолымен жасалып, қазақтарды жер бетінен сыпырып тастау үшін әдейі ұйымдастырылған геноцид еді. Осы апаттың болу себептерінің бірі – сол жылдары қазақтар өз құқықтарынан айырылды, бұл жөнінде Мұстафа Шоқай былай деп айтып кеткен: «Біздің мақсатымыз – Түркістанда формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық мемлекет құру, өйткені тек осылайша ғана халқымыз өз Отанында өз тағдырының толық құқықты иесі бола алады»[17,23].

Патшалық Ресей мен Кеңестік билік қазақ халқына зорлық-зомбылық пен қиянаттың барлық түрін қолданды. Ақырында, 1930-1933 жылдардағы ашаршылық қазақ халқының сағын сындырды, бірақ қанша қырылса да, қазақ жер бетінен біржола жойылып кеткен жоқ. Мысалы, Украинада 7 миллиондай халық қырылса, ол украиндықтардың 15 пайызы ғана, ал қазақтардың 80 пайызы опат болды [18,8].

Өкініштісі сол, Кеңес өкіметінің басшылығы нәубет жылдардағы орасан зор апаттың себептерін өзінің ұжымдастыру, отырықшыландыру, астық және ет даярлау тағы басқа жіберген ірі қателіктерінен болғандығын мойындамай өтті. Бұл жөнінде ел арасында сөз қозғауға да қатаң тыйым салды. Барлық кінәні ауылдағы бай-кулактар мен Алаш зиялылары сияқты әлеуметтік топтарға аударды.

Қалай айтсақ та, сол ашаршылықтың зұлматынан қазақтардың миллиондап қырылғаны анық. Солардың ішінде Шу өңірінде де аштықтың құрбаны болған қазақтардың да көп болғанын жоғарыда айттық. Шуда болған нәубетті терең зерттеп, халықтың басына түскен қасіреттің ақиқатын ашып, жас ұрпаққа жеткізу – болашақтың ісі деп білгеніміз жөн.

### **БКП(б) Орталық комитетінің 1932 жылғы 17-қыркүйектегі «Қазақстандағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысы**

Орталық комитеттің осы шешіміне байланысты Тұрар Рысқұлов Шу ауданындағы мал басын өсірудің жағдайы туралы мынадай мәліметтер келтіреді:

«... Совхоздарда мал төлінің шығыны жыл сайын 40-50 пайызға жеткен. Яғни, олардың барлық бұзауларды сақтап қалуға жағдайы болмаған. 1933 жылғы 14-қаңтардағы Өлкелік комитеттің (Крайком) шешімінде осы жөнінде есеп берген үш аудан (Шу, Шұбартау, Шет) туралы былай айтылады:

«Орталық комитеттің 17-қыркүйектегі шешімі және одан кейінгі Өлкелік комитет пен Совнарком шешімдерінде Орталық комитеттің қаулысы бұл аудандарда орындалмаған деп көрсетілген. (Тіпті, Шу ауданында Орталық

комитеттің шешімдерін колхозшылардың арасында түсіндіру жұмыстары биылғы жылдың қаңтарында ғана жүргізіле бастаған» [19,345].

Қазақстандағы жергілікті билік органдары Орталық комитеттің қаулысын орындамай, ауылдарда мал шаруашылығын дамытудың орнына көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды егін салуға үйретсе, содан кейін олар бірте-бірте мал өсіретін болады деп санаған.

### **Т.Рысқұловтың 1933 жылы 31-қаңтарда БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің (Казкрайком) хатшысы Л.И.Мирзоянға жазған хатынан**

Осы хатта Қазақ АССР-ның 1931 жылғы есеп-экономикалық анықтамасында көрсетілген 70 ауданда қазақтардың 90 пайызы тұратындығы айтылады. Солардың ішінде Жамбыл облысының құрамына кіретін Әулие-Ата, Талас, Меркі, Жуалы, Шу аудандары да бар. Анықтамадағы 70 ауданда 1931 жылы Қазақстан халқының 52,8 пайызы тұрды және Қазақстандағы барлық қазақтардың 83 пайызы осы аудандарда болды. Егістік алқаптардың 22,8 пайызы және бүкіл өлке бойынша бөлінген барлық тракторлардың 19,5 пайызы ғана осы аудандардағы қазақтарға берілді... Қазақстандағы билік өкілдерінің ресми баяндамаларында қазақтарға берілген егістік көлемі 52 пайыз, ал тракторларды бөлген кезде қазақтардың қолында 55 пайыз трактор болды деп айтылып жүрді. Бұл көзбояушылық еді – деп көрсетілді осы хатта [20,317-318].

Т.Рысқұловтың мақсаты хатта жазылған мәліметтерді тағы да тексеріп, осыған байланысты жағдайды түзетуді Л.Мирзоянға тапсырғаны көрініп тұр.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты: «Собрание узаконений и распоряжений РКП РСФСР», 1928 г., №118, стр. 743.
2. Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты: «Собрание законов и распоряжений рабочего и крестьянского правительства СССР», 1930., № 37, стр. 400.
3. «Советская степь» (Казахстанская правда) газеті, 1930, 22 желтоқсан.
4. Қ.Жабағиев, Ғ.Жұман, М.Қойгелдиев. Шу өңірінің тарихы. (XX ғасыр – XXI ғасырдың бас кезі), Алматы, 2010, 28 бет.
5. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты: 8-қор, 1-том, 26-іс, 30 п. (Паспорт Чуйского района Джамбульской области Каз. ССР)
6. Х.Ермұханова. Қазақстан тарихы. Жоғарғы оқу орындарына түсушілерге арналған оқулық-тест, Алматы, 2006, 238 бет.
7. Қазақстан тарихы (1914-2004 жж.). Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық, Алматы, 2005, 61 бет.

8. Шестой пленум Казахского краевого Комитета ВКП(б). 10-16 июля 1933 года. Стенографический отчет. Алматы-Москва, 1936, стр. 314-315.
9. Қ.Жабағиев, Ғ.Жұман, М.Қойгелдиев. Шу өңірінің тарихы. (XX ғасыр – XXI ғасырдың бас кезі), Алматы, 2010, 32-34 беттер.
10. М.Козыбаев. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Книга вторая. Алматы, 2000, стр. 125.
11. Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 325.
12. С.Әбдірайымов және т.б. Қазақ қалай аштыққа ұшырады, Алматы, 1991, 91 бет.
13. Т.Омарбеков. Ашаршылық апаты. «Ақиқат» - ұлттық, қоғамдық-саяси журнал, №7, 2004, 40-41 беттер.
14. Т.Омарбеков. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті, Алматы, 1997, 213-214 беттер.
15. Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах, том 3, Алматы, 1998, стр. 320-322.
16. М.Уақтегі. Ашыққан елге араша түскен Нұрман би. «Ақ жол» газеті, 31.05.2008 жыл.
17. «Жас Түркістан» - тарихи-танымдық, ғылыми-көпшілік, ой-пікір журналы, №2, 2002, 23 бет.
18. «Түркістан» - халықаралық саяси апталық, №23, 7 маусым, 2012, «Қазақстандағы ашаршылық», 8 бет.
19. Т.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах. Том 3, Алматы, 1998, стр.345.
20. Т.Рысқұлов.Көрсетілген еңбекте, 317-318 беттер.
21. Көнекөз қариялардың естеліктері



## ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

### Тарих пәнінің мұғалімі Л. Әубәкірованың өлеңі

*Байларды конфескелеп, малын алды,  
Астыққа кеңірдектен салық салды.  
Құрылған әр ауылда кедей тобы,  
Күш-көліксіз, қарусыз бекер қалды.*

*Күз болды, қара суық, жер тоңайды,  
Жаңбыр, бұршақ аралас қар борайды.  
Бұрынғыдай мал-жан жоқ қарайтұғын,  
Ашаршылық қасқырдай ел ториды...*

*Қорада байлайтұғын мал қалмады,  
Егістікке себетұғын дән қалмады.  
Ашаршылық-қара оба, өрт боп келіп,  
Құтыла алмай ашыққан ел зарлады.*

*Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты.  
Түсте көрер болдық біз ішер асты.  
Кәрі орнынан тұра алмай, бала-жылап,  
Бар ауыл талшық таппай, қатты састы.*

*Аш адамдар көмпиіп ісіп кетті,  
Өлімге мойынсұнып, «пісіп» кетті.  
Көзінің бұрынғыдай жанары жоқ,  
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.*

*Сұраймыз ба, бұл апатқа кім кінәлі?  
Мылтықсыз қырып салған барша жанды.  
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен,  
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?*

*Қырылмаса аштықтан бауырларым,  
Согыста да құрбан ғып шыбын жанын.  
Қазақ деген қандай ел болар едік,  
Көркейткен байлығымен әлем сәнін!*

Татьяна Невадовская XX ғасырдың 30-жылдары Қазақстанға жер аударылған әкесімен бірге келіпті. Сол кездегі қазақ еліндегі алапат аштықты көріп, жаны түршігіп, көкірегі қарс айырылып, жас қыз көргендерін өлең жолдарына түсірген екен.

### Қазақстан қасіреті

*Кім жіберді аштық деген пәлені?  
Кім жауапты? Білгім келер соны мен...  
Түйе мініп, атпен шапқан жан еді,  
Малын айдап, көшіп жүрген жөнімен.*

*Түгін қоймай сыпырды зой қастықпен,  
Болады екен осындай да сұм айла.  
Бүкіл жұртты қырып-жою аштықпен,  
Керек пе елі аллаға, әлде құдайға?*

*... Аштық жайын еске алудың өзі мұң,  
Шаншу-сұрақ мазалайды: Неліктен?  
Бұл қорлыққа жетер қайтып төзімің,  
Жер бетінде жүре алмайсың өліктен...*

### Кім тартады бұл зұлматтың зауалын?

*Наурыз еді, шуақтанып, Күн тұрған  
Дала оянып, тіршілікке ұмтылған.  
Ашаршылық қасіреті жадымда  
Қазақтарым бастан кешкен түн тұман.*

*Қазағым аш, аш иттей боп ұлыған  
Ісіп-кепкен, тым қайғылы, қиын хал  
Өліп жатыр, бұратылып аштықтан,  
Күйінемін, менің тәуір күйім бар.*

*Аш нәресте шырылдайды ыңылдап,  
Ана шіркін сәбиімен бір жылап.  
Қос емшегін тоқпақтайды қолымен,  
Есі шығып, «сүті жоқ» деп тұр жылап.*

*Бейшаралық халін көріп ананың,  
Көкіректі езгілейді нала мұң.  
Ашаршылық апатының құрбаны,*

Аяп тұрмын, мына сәби баланы.  
Өлік сасып жатыр мына далаңыз,  
Ашаршылық, жоқ қой саған шарамыз.  
Күйген жаңбыр, суық жел мен аязда,  
Жансыз дене мұз боп қатқан, қараңыз.

Шөмеле тұр айдалада жиналған,  
Сабақтары шірік тартып уланған.  
Бір жас, сәби содан масақ іздеп жүр,  
Нәзік қолмен сүртіп көзін суланған.

Көрінеді қабырғасы ырсиып,  
Іші ісініп, сыртқа шыққан тырсиып.  
Ұқсамайды тірі адамға сұлбасы,  
Тірі аруақ, адам емес, құр сиық.

Бейшаралар түңілген бұл өмірден,  
Қар астынан жем іздейді қолымен.  
Жаратқан-ау, жан азабын тартардай,  
Жазығы не, түсінбеймін соны мен?

Төзе алмаймын мен мынандай сұмдыққа,  
Арашашы бола алмадым мұңдыққа  
Қандай жауыз ашаршылық әкелген,  
Аласұрдым, көзім жетпей шындыққа.

Егін бітті ел шүкірлік етерлік,  
Нан мен шай да, темекі де жетерлік.  
Ауа райын сылтау етіп сандалса,  
Ондай былшыл болар нағыз есерлік.

Келді үкімет, тәркіледі астықты,  
Етті зорлық, жасап елге қастықты.  
Көмілусіз қаниа сүйек шашылды,  
Соны ойлап, суарамын жастықты.

Айтшы, үкімет, бұл не қылған мазағың?!  
Көз алдымда тартып жанның азабын.  
Малын алып, үйсіз-күйсіз қалдырған,  
Ажал құшып қырылуда қазағың.

*Ен даланы жайлағандай жын-пері,  
Түк қалдырмай тұл еткен кім бұл жерді?  
Ашаршылық зұлматына күні ертең  
Жауапкер деп тарта аламыз кімдерді?*

*Көшпелі ел ен даланы жайлаған,  
Малын бағып, қыс соғымын сайлаған,  
Диқандыққа бейім емес қазақты,  
Кім ажалдың аранына айдаған?*

*Кім оларды сұм ажалға тап қылған,  
Қырып-жойып, жаппай өлім таптырған,  
Маң далада мал өсірген қазақтың  
Шат көңілін, жайлы өмірін жоқ қылған?*

*Көкіректе көп болып тұр сауалым,  
Бұл зұлматтың кім береді жауабын?  
Мен сұраймын, айтыңдаршы жарандар,  
Кім тартады бұл зұлматтың сауалын?!*

**Бахытбек Смағұл, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты,  
Ауған соғыс ардагерлер ұйымдары қауымдастығының  
төрағасы**

**Жаралы жылдар**

*Не көрмеген, бәрін көрген азаптың,  
Сол болды зой сорақысы мазақтың.  
Сардалаға ақ сүйегі шашылып,  
Ит мүжіді алтын басын қазақтың.*

*Бауырына басу үшін даласын  
Қынадай ғып қырды қазақ баласын.  
Тең жарымы жер бетінен жоқ болған  
Кімге айтады момын халық наласын.*

*Қиянатпен қолдан жасап аштықты,  
Қалың елдің көмейіне тас тықты.  
Елін жөйіп жерін басып алатын  
Кім болжаған мұндай сұмдық қастықты.*

*Аштық жалмап небір жайсаң нар ұлын,  
Таппай қалдық боздақтардың қабірін.  
Қадірлеуге, аялауға міндетті  
Бүгінгі ұрнақ тоқшылықтың қадірін.*

*Жойылмады Алаш елі, алайда,  
Аман қалып үлгі болды талайға.  
Елбасымыз күні-түні толғанды,  
Қазақ елін ел қылам деп қалайда.*

*Қазақ елі, Қазақстан, Қазағым,  
Сенің ұлы тарихыңды жазамын.  
Аштықтағы Алашымның азабын,  
Ескерткіш қып мәңгілікке қалдырған  
Азат елге арналады газалым!!!*

## **Ерте солған гүлдер**

*Сөзі: Жарасбай Нұрқандікі.*

*Әні: Ерсайын Нарымбаевтікі.*

*Неткен заман еді, мұздай суық лебі,  
Сол бір сұмдық, әлі мазалайды мені.  
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,  
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?*

*Кінәсі жоқ жандар, кімдер кінә таққан,  
Күнәсі жоқ жандар, кімдер жала жапқан?  
Аққа күйе жаққан, айтыңдаршы, кімдер,  
Күрсінеді таулар; тұнжырайды көлдер.*

*Қайырмасы:*

*Отыз жетінші жыл,  
Қасіретім бұл!  
Тарқамайтын шер,  
Айықпайтын мұң.  
Гүлдейді жел,  
Мүжілгендей тас.  
Көңілімізде шер,  
Көзімізде жас.*

*Өңкей асыл, боздақ, болды-ау күні қараң,  
Олар көрген азап – өлімнен де жаман.  
Елін сүйген ердің жау атанған кезін,  
Ей, қазағым менің, жан-тәніңмен сезін.*

*Қарауытып орман, қалың тоғай, түнер,  
Орнымыздан біздер тұрайықшы түгел.  
Тағзым етіп тұрмын, қыбыр етпей, үнсіз,  
Егілмейтін іштей, кім бар екен мұңсыз?*

*Қайырмасы:  
Неткен заман еді, мұздай суық лебі,  
Сол бір сұмдық әлі мазалайды мені.  
Қос үрейлі күндер, қорқынышты түндер,  
Жазығы жоқ жандар, алып кеткен кімдер?  
Ерте солған гүлдер, аянышты бәрі,  
Ең аяулы жандар, есте болсын мәңгі.  
Аза күнгі зарым, азалы жыр, әнім  
Аруақтарға дұға, қабыл етсін Тәңірім!*

### **Күдері ақын шығармасындағы ашаршылық ақиқаты**

Ақын Күдері Жолдыбайұлы 1930-1933 жылдары қазақ елінің басына төнген аштық зардабын өз басынан өткізіп, көзімен көріп, көңілге түйгенін өлеңмен жырлайды. Өлең жолдарында бір адамның тағдыры арқылы зобалаң жылдардағы қазақтардың басына түскен ауыр жағдай туралы ақынның жан айқайын түсінуге болады.

Ақынның шығармасы әдеби көркем туынды ғана емес, отызыншы жылдардағы аштықты, қазақ халқының қасіретін келешектегі ұрпаққа жеткізетін тарихи дерек.

*Көзімнің нұры шырағым,  
Жетіп өлем панаңа.  
Іш бауырым қан болды,  
Оқ тиіп жүрек қабына.  
Енді үміт жоқ бөтеннен,  
Болар деп тірек тағы да,  
Қолымыз жетпей босқа өлдік,  
Бір тамшы сүт ағына.  
Қойдан бетер қырылдық,  
Тигендей індет табына.  
Туған бала жат болды,*

Қайрылмайтын сағына.  
Туды ма деп ойлаймын,  
Аз күнгі дүние бағыма.  
Бір көрініп кетпедің,  
Байсұлтан, Мәрдан орнына.  
Қираған балта сабына,  
Сүйеніш болар бір өзің,  
Қарасам істің нағына.  
Іздеп бір мені келерсің,  
Жақындықтың бағына.  
Ер түрімнен айрылдым,  
Қанатымнан қайрылдым.  
Келген шақта құдай-ау,  
Өлетұғын шағымда,  
Қосылмас түрім көрінді,  
Қожабике тамына.  
Елден топырақ бұйырмай,  
Кірмейтін жерге айналдым,  
Қарға адым жер мұң болды,  
Қазаққа ажал байландым.  
Құр терім тұр қаудырап,  
Сүйегім қалды саудырап,  
Аштықтан басқа дертім жоқ,  
Талықсып тұрмын маужырап.  
Баладан пайда болмады  
Құр басым қалды жаудырап.  
Келсең көрмей кетпессің  
Құлағанда үстіме, еді-ау таң бірақ,  
Атаның көңілі балада,  
Артымда жалғыз бау құрақ.  
Жаратпасаң төресің,  
Ендес бауыр болғанмен  
Әркімде шыбын жан бірақ.

Мен не дейін ендесім,  
Бауыр деп іздеп келмесең,  
Қол ұшыңды бермесең,  
Алмасаң ата сәлемін,  
Торелігіңді жеңбесең.

Құдайдан не деп тілейін  
Шығарда үш мың салып ең,  
Кеткеніме налып ең,  
Ағыке дейтін інің жоқ  
Өкінішпен қалып ең.

Түзік деп кімге ерерсің,  
Үзік деп кімге сенерсің,  
Іздеп бір тапсаң демерсің,  
Толеңгіт емес төресің,  
Бауырыңды жатқа тастама,  
Сәлемім жетсе келерсің.

Енді маған келгенде  
Көрсетпесең өзің біл,  
Бас қамының елесін.  
Асылдан қалған тұяқсың,  
Бетеге емес қияқсың,  
Жасы мен кәрі бас шұлғып,  
Сөзіңе тоқтар, би-ақсың.

Сенен бөтен бұрылып  
Зарды кімге айтамыз,  
Балапандай асырап,  
Бас көтеріп шалқыңыз,  
Барша жұртқа қадірлі  
Қымбат болсын нарқыңыз.  
Күрмеуі қысқа гұмырда  
Қиындық көрмей қалқыңыз.

Қарашығы көзіңнің,  
Жат болмасын жалқыңыз,  
Жетсе хабар ендесім,  
Аузыма келіп су тамыз.  
Аша алмай жабық түндікті,

Өлімге қазақ көндікті,  
Кімнен келген қасірет  
Сұрайтын адам жоқ тіпті.

Жүрмін қаңғып әр үйде,  
Таусылды тұзым фаниде,  
Өліктің иісі аңқиды,  
Бей-жасай боп тұрмын бір күйде.

Болар ма мұндай тақырлық  
Күнім бір туды пақырлық,  
Сәлемім осы ақырлық  
Бір келі май бермесең,  
Ата аруағын шақырдық.



**Ецбек ардагері, саяси қуғын-сүргін құрбанының ұрпағы  
Бақытжан Есематұлы ашаршылық жылдары қос ұлынан —  
Мырзағаныс пен Айғаныстан айырылған Шарифа ананың  
зарын жырлайды:**

### **Жазықсыздар жыры (Шарифа ана рухына)**

*Нәубет келген жыл еді,  
Елге туған мұң еді.  
Ашаршылық-аш халық,  
Сол ғасырдың түнегі.*

*Есемат деген ер еді,  
Шарифа-жары, сенері.  
Кеше ғана қосылған,  
Жазмышқа көнеді!..*

*Көңіл-тұман, күз бе еді?  
... Көкелерін іздеді.  
Қос мұңлықтың анасы,  
Көктен үміт үзбеді.*

*Өтті осылай сағым күн,  
Естір екен зарын кім?  
Отагасыз отбасы,  
Жамылған-ды қалың мұң.*

*Айнала толы кіл кекті,  
Шарифадан күш кетті.*

*Жыбырлаған азық-ты,  
Қыбырлаған азық-ты.  
Елдің ішін іріткен,  
Кімдер екен жазықты?*

*Мырзағаныс-тірегі,  
Айғанысы-тілегі.  
Құдай берген қос жазған,  
Қылықтары жыр еді.*

*Әне тапты бір масақ,  
Бес түйірін бір асап.  
Аштық күйін шертеді,  
Балалық шақ-тұма шақ.*

*Анда жатыр он өлік,  
Мұнда жатыр он өлік.  
Бейбағытты бетке алып,  
Жолға шықты үш мұңлық.*

Сенім отын сөндірмей,  
Есематын күтпек-ті.

«Шыдам, шіркін, шекті еді,  
Қинағаны – не еткені?»  
Мырзағаныс, Айғаныс –  
Сұм тағдырға өкпелі.

Оңға тартса – бір ажал  
Солға тартса – бір ажал,  
Жолға шыққан үшеуге,  
Қорқынышты құба жал.

«Е, Жаратқан, сыйындым,  
Бір өзіңе сүйіндім.  
Пәктерімді қорғашы,  
Ұшырмасын құйын күн».

Деп Шарига зарлады,  
Қос құлыны – бар қамы.  
Тоқтамайтын көз жасын,  
Таңнан түнге жалғады.

Аш тажалдар епті еді,  
Ана тағы «кет!» деді.  
Сесті азу шап берді!..  
Бұл тәңірдің не еткені?!

Бұл – қаралы таң еді,  
Бұл – қаралы зар еді.  
Пейіш жақтан естілер,  
Күнәсіздер әуені!

### **Ашаршылықтың азабын көрген Хұсайын Бижанов қария сол заманды ашына жырлайды:**

Байлардың конфескелеп малын алды,  
Астыққа кеңірдектен салық салды.  
Құрылған әр ауылда кедей тобы,  
Күш-көліксіз, қарусыз бекер қалды.

Күз болды, қара суық, жер тоңайды,  
Жаңбыр, бұршақ аралас қар борайды.  
Бұрынғыдай мал-жан жоқ қарайтұғын,  
Ашаршылық қасқырдай ел ториды...

«Орталық» қолда бардың бәрін алған,  
Үйлерге, қора-жайға тінту салған.

Кей адам бір құдайға жалбарынар,  
Өлмесем деп үміт қылып шыбын жаннан.  
Қорада байлайтұғын мал қалмады,

Егістікке себетін дән қалмады.  
Ашаршылық – қара оба, өрт боп келіп,  
Құтыла алмай ашыққан ел зарлады.  
Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты,  
Түсте көрер болдық біз ішер асты.

Кәрі орнынан тұра алмай, бала жылап,  
Бар ауыл талшық таппай қатты састы.

Қыс санап, аяз мінді қаһарына,  
Күн өзгеріп көрінер батырында...  
Әлі барлар нан іздеп қаңғып кетті,  
Қалғандары жаутаңдап сапарына...

Жолаушылар жол таппай жолда өледі,  
Өлігін о сорлының кім көмеді?!  
Қарға-құзғын шұқып жеп екі көзін,  
Қара жер қойнына алмай тебіренеді...

Аш адамдар көмшіп ісіп кетті,  
Өлімге мойынсынып «пісіп» кетті.  
Көзінің бұрынғыдай жанары жоқ,  
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.

Ең алдымен кәрі мен әлсіз өлді,  
Таба алмайтын өзінше ішіп-жемді,  
Құрбақа, кесіртке, сары тышқан,  
Жыланды тапқан адам ұстап жеді.

Қылт еткен табылмастан ашық жерден,  
Биік тау, шалқар дала, жасыл белден,  
Адамдар бірін-бірі асып жеді,  
Өлікті де терумен ашып көрден.

Көлхозда ұйымдасты «ортақ қазан»,  
Бір шөміш көже алады барған адам.  
Жете алмай көпшілігі жолда қалды,  
Әр жерден дауыс шығып ыңырсыған.

*Ертең ерте жинайды өлгендерді,  
Алыс емес, ауылдан көмген жері.  
Күресе алмай аштықтан дүние салды,  
Алпамыстай қайратты ердің ері.*

*Қар кетіп, күн жылынып, көктем келді,  
Есепке алды өлген мен тірілерді.  
Сарымсақты күнгейден теріп әкеп,  
Қорек етіп көруге асып жеді.*

*Кейбіреу, қайтейін енді, тоя жеді,  
Тірі қалсам деуменен баяғы енді.  
Аш өзекке түсті де, іші кеуіп,  
Көзім көрді уланып өлгендерді.*

*Сұраймыз бұл апатқа кім кінәлі,  
Мылтықсыз қырып салған барша жанды.  
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен,  
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?!*

*Лағынет саған мәңгі, Голощекин,  
Өлім сеуіп, қандадың жердің бетін.  
Көбі өлді, көбі кетті туған жерден,  
Аздырып-тоздырдың-ау қазақ елін.*

*Қырылмаса аштықтан бауырларым,  
Соғыста да құрбан ғып шыбын жанын.  
Қазақ деген қандай ел болар едік,  
Көркейткен байлығымен әлем сәнін!*

### **Әулисата өңіріндегі 1917-1919 жылдардағы апаршылықтың себеп-салдарлары**

**С. У. Бақторазов,**  
*ТарМУ-дің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты*

XX ғасырдың алғашқы он жылдықтары Қазақстан үшін, Ресей империясы сияқты, қоғамдық-саяси процестердің шұғыл жеделдетілуімен сипатталады. Санаулы жылдар аралығында, тіпті кейде бір жыл ішінде қоғам өзінің жаңа даму кезеңіне еніп, оны терең сапалық өзгерістермен өте отырып, келесі кезеңге көшті. Үш революция мен бірінші дүниежүзілік соғыс артта қалып,

қазақ халқының мемлекеттігі тарихи тұрғыдан қабылдауға болатын шекарада қалпына келтіріле бастады. Алмасып отырған әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайларға сәйкес қоғамдық, саяси және ұлттық сана формалары да өзгерді. Дәстүрлі әдет-ғұрып бүліншілікке ұшырап, жаңа түсініктер қалыптасты, ол өз кезегінде тіпті де жаңа түсініктермен ауыстырылған еді. Осындай жағдайда адам санасы өтіп жатқан өзгерістерді түйсініп үлгере алмауы себепті жылдам ауытқып отырған тұрмыс салтына ілесе алады.

Қарастырылып отырған кезеңде Әулиеата өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да, оның бірінші дүниежүзілік және азамат соғысы майдандарынан қашықтығына қарамастан, өте ауыр болды. Сол кезеңнің құжаттарының бірінде: «Капиталистік үкіметтердің орасан зор соғыс өртін тудырып, осыған байланысты елді зар жылатқан мобилизация, одан кейінгі кәмпескелеу, рубльдің құнының түсіп кетуі, бақытсыз 1916-1917 жылдар, сол жылдардағы құрғақшылық және малдардың жаппай қырылуы, осының бәрі өлкедегі онсыз да әлсіреген мал шаруашылығын одан бетер құртып кетті, ал көшпенділердің мал бағудан басқа өмір сүру тәсіліне бейім еместігінен, соңғы жылдары жергілікті халықтың 30-50 пайызға дейін жойылып кетуіне апарды. Әулиеата уезі (кошпелі) халқының саны 332461 адамнан 131783 адамға қысқарды, яғни 200678 адам өлді немесе көшіп кетті». Ары қарай құжатта рубльдің ең төменгі шегіне дейін құнсыздануы, осыған байланысты барлық қажетті тауарларға бағаның барынша көтерілуі, жәлдептіктің күшті етек алуы, мал шаруашылығын әбден титықтатып, өте маңызды шаруашылық өндірісі болып саналатын мал шаруашылығын, сонымен бірге олардың иелері, яғни көшпенділердің де іс жүзінде құрып кетуіне әкелуі әбден мүмкін екендігі айтылады [1]. Жағдайдың өте қиын болғандығы көрініп тұр, осыған байланысты шұғыл іс-шаралар қабылдау керек екендігі де айқындалып тұрғандай. Әйтсе де, қалыптасып келе жатқан кеңестік билік бұратана халықтардың мұң-мұқтаждықтарына немкеттілікпен қараған болатын. Себебі, 1918 жылдың көктемінде Кеңес үкіметіне өз армиясы мен қалаларда шоғырланған мемлекеттік қызметкерлерін және осындағы «пролетариаттарды» бірінші кезекте азық-түлікпен қамтамасыз ету аса үлкен маңызға ие болған еді. Большевиктерге бұл жағдайдан шығудың екі мүмкіндігі болды: не қираған экономиканы ілдебайлап қалпына келтіру үшін ептеп нарықтық қатынастарды енгізу немесе күштеу шараларын қолдану. Олардың екінші жолды таңдағаны белгілі. 1918 жылдың 29 сәуірінде БОАК-тың мәжілісінде сөйлеген сөзінде, Ленин: «Иә, майда шаруа қожалықтары, майда меншік иелері бізге, пролетарийлерге помещиктер мен капиталистерді құлатуға көмекке келуге даяр екендігі рас, бірақ біздің одан арғы жолымыз олардан бөлек. Олар ұйымдасуды, тәртіпке бағынуды ұната бермейді, олар – оның қас жауы. Дәл осы жерде біз осындай меншік иелерімен, осындай қожайынсымақтармен барынша ашық және аяусыз күресуіміз керек», - деген болатын [2,89]. Осыдан бірнеше күн өткеннен кейін азық-түлік халық комиссары дәл сол аудиторияда: «Мен барлық

жауапкершілікпен мәлім етемін, сөз соғыс тұрғысында болып отыр – тек қолға қару алып қана азық-түлік мәселесін шеше аламыз», - деді [2,89].

Петроградтағы мұндай кесепатты саясаттың салқыны Оңтүстік Қазақстан өңіріне тез-ақ жеткен болатын. Бүкіл елді қамтыған саяси дағдарысты экономикалық құлдырау күшейте түсті. 1917 жылғы құрғақшылық нәтижесінде жылдың соңына қарай аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны: Әулиеата уезінде 44307, Ақмешіт уезінде 24810, Түркістанда 12296, Шымкент уезінде – 33618 еді [3,226].

1918 жылдың ортасында Түркістан Республикасында азық-түлік жағдайы мүлдем қиындап кетті. Түркістанға Солтүстік Кавказдан, Ресейден, Сібірден тасылатын астық бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы аса ауыр жағдай мен теміржол транспортының жүйесіз жұмысы кесірінен мүлдем доғарылды. Өлкенің өз ішінде астық даярлау ісін жүйелі тәртіпке келтіру мақсатында атқарылған шаралар нәтижесіз аяқталды. Республиканы сұрапыл аштық жайлады. Күн көрудің барлық көзінен айырылған халық баудай түсе бастады. Көшпенділер арасында өлім ересек тұрғындардың 30 пайызын қамтыса, ал кейбір аудандарда халықтың 75 пайызы қырылған. Әулиеата уезінде халықтың қатты қырылғандығы соншалық, бұрынғы бірнеше болысты біріктіріп бір болыс ұйымдастыруға тура келді [4,46]. Осындай жағдайда ашаршылыққа қарсы күресті күшейтуге бағытталған БОАК-тің 1918 жылдың 9 мамырындағы «Азық-түлік Халық Комиссариатына нанның қорын жасырып және оны саудаға салғандығы үшін деревня буржуазиясына қарсы күресте төтенше өкілеттіліктер беру туралы» декретінің 7 бабында: «қолында артық наны бар және оны станциялар мен жинау және құю (себу) орындарына жеткізбегендер халық жаулары болып табылады және барлық мүлкі кәмпескеленіп, 10 жылдан кем емес уақытқа түрмеге жабылады», - деп көрсетілген [5,98]. Осылай, «әскери коммунизм» деген атпен белгілі экономикалық саясат Түркістан өлкесінде елдің орталық аудандарынан бөлек жағдайда жүзеге асырылды. Тиісінше, 1918 жылдың 15 тамызындағы азық-түлік комиссариатының бұйрығына сәйкес «Республика ОАК және ХХК бекіткен, шұғыл өткізілген азық-түлік мәселесіне байланысты съезінің қаулыларына қосымша, Өлкенің сауда жасау еркіндігіне тағы да айтарлықтай тиым салынды. Нанмен сауда жасауға тек міндетті түрде, кедейлердің пайдасына әрбір десятина жерден 4-10 пұт астық өткізген квитанциясы бар, өндірушілер ғана жіберілді. Нан өнімдері тек жергілікті азық-түлік ұйымдарының рұқсатымен ғана сатылатын болды, оны сататындардың тізімі де осы ұйымдарда бекітілді. Оның орындалуын бақылау «ақсақалдар мен милицияға» тапсырылды. Әр «нан жеушінің» бір жылдағы 10 пұт нормасы есепке алынып, осыдан бір айлық қажеттілігі өткерілді. Сонымен қатар, «жаппай нан сатып алу мен тауар айналым мәселесі тек қана Өлкелік Азық-түлік директориясы агенттерінің құзырында болып, солар ғана өндірушілерге жергілікті жерлердегі жағдайға байланысты, бағаны белгілеп берді» [6]. Бұл қаулылардың әлеуметтік әділеттілігін ескере оты-

рып, дегенмен, оның құқықтық мазмұнда болмағандығын айтуымыз қажет, әйтсе де мұның өзі бағаның өсуін, жәлдептікті уақытша жойып, халықтың біраз бөлігін аштықтан құтқарып қалды. Кейінірек, осы бағыттағы іс-шаралар қатаңдандырылып, Түркістан республикасы ОК төрағасы үшін – Солькин, Түркістан республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы – Колеев, Азық-түлік комиссары – Казаков қолдарын қойған қаулыда нанды өз пайдасы үшін саудаға салып жүргендердің ісі революциялық соттардың трибуналына берілетіндігі ескертіледі [7].

Дегенмен негізгі құрбандығы мұсылман халықтары, оның ішінде көшпелі халықтар болған сұрапыл аштықпен күресуге құрамына бірде-бір жергілікті халықтардың өкілі енгізілмеген, жаңа үкімет селқостықпен қарады. Тіпті, жоғарыдағы қаулыға қолы қойылған Азық-түлік комиссары – Казаковтың кейіннен, Түркістанның ашыққан халқы үшін Бұқарадан сатып алынған шәйді 3 млн. сомға Бұқаралық саудагерлерге қайта сатып, ақшаны қымқырып кеткендігі туралы да айтылады [4,48]. Нәтижесінде, 1918 жылдың өн бойында үдей түскен ашаршылыққа ең алдымен уездің көшпелі халқы ұшырады, ал уездің отырықшы орыс шаруалары мұндай ауыртпалықты басынан кешірген жоқ. Мысалы, уездің бір ғана Гродеково селосындағы орыс шаруаларының қамбаларындағы астықты тексергенде мынадай жағдай анықталды: 84 отбасында (653 адам) 5.185 пұт бидай, 533 пұт ұн сақталған, яғни жан басына шаққанда шамамен 9 пұт шамасында астық болған. Көптеген орыс шаруаларының артық астықтарын базарда үстеме бағаға сатуға мүмкіндіктері бар еді. 1917 жылдың соңында Әулиеата уездік кеңесінің өкілдері – Хоменко мен Жужин уездің халқы үшін Ақмола облысынан 100 мың пұт астық сатып алады, бірақ бұл астық уездегі ашыққан көшпелі халыққа берілмей, негізінен орыс жұртшылығы мен әскери бөлімдерге таратылды.

Әулиеата уезіндегі көшпелі халық арасында аштық қатты етек ала бастады. Түрліше жұқпалы аурулар – сүзек, іш аурулары, тырысқақ, құрқұлақ, оба, тері аурулары тез тарап жатты. Аш-жалаңаштықтан, індеттен қырылған адамдардың өлігі ит-құсқа жем болып дала-далада шашылып қалды, оларды жинап, жерлеуге үкімет мекемелерінің күш-қуаты жетпеді, қырсыздық мүмкіндік бермеді.

Міне, дәл осындай қиын-қыстау кезеңде саяси белсенді іс-әрекетімен таныла бастаған Т. Рысқұлов депутаттардың ұсынуымен 1918 жылы сәуірде Әулиеата уездік кеңесі атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып сайланады. Саяси билікке қол жеткізген Т. Рысқұлов өз күш-жігерін ашыққан халықты төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап қалуға, орыстар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге, кеңестерде жергілікті басшылардың көбеюіне жұмсады. Бүкіл Түркістан өлкесінде алғаш рет уездік төтенше комиссия ұйымдастырып, қарулы отрядпен бірге уезді аралап, орыстар мен қазақтардың өзара қырқысын тыюға, контрибуция ретінде тартып алынған қазақтардың бұйымдарын, малдарын өздеріне қайтарып

бергізуге тырысты. «Дәл осы сәттен бастап, - деп еске алады Т. Рысқұлов, - уездегі 200 мыңға жуық қазақ халқына, әсіресе кембағалдарға, мен және менің қызметкерлерім езілгендерді құтқарушылардың нағыз өздері болып көріндік». Т. Рысқұловтың ықпалымен Әулиеата уездік кеңесінің құрамы мен жұмыс тәсілі тез өзгере бастады. 1918 жылы 21 сәуірде уездік кеңестің мүшелігіне қазақтар арасынан депутаттар сайлау мақсатымен Әулиеата қаласында Т. Рысқұлов ұйымдастырған қазақ жұмысшыларының үлкен жиыны болып өтті. Ашық дауысқа түскен 9 адамның арасынан кеңестің мүшелігіне 4 адам өтті. Осылайша, 1918 жылдың сәуір айының аяғында Әулиеата уездік кеңесінің құрамына «орыстардан» 10 адам, «кеңес мүшесі болып түземдіктерден» - 14 адам кірген болатын. Әйтсе де Кеңестің атқару комитетінде оның 14 мүшесінің тек үшеуі ғана жергілікті халықтың өкілдері болды – большевиктерден Рысқұлов пен Қоймамбетов, солшыл эсерлерден Жұмағұлов [8]. Дегенмен, құрамына жергілікті халықтардың әлеуметтік жағдайын жақсы білетін мүшелердің біртіндеп енуіне байланысты, Әулиеата уездік кеңесінің атқару комитеті дұрыс бағытта жұмыс істей бастады. Күн өткен сайын асқына түскен ашаршылық пен жұқпалы ауруларға қарсы күреске Т. Рысқұлов қатты күш-жігер жұмсады. Науқастарды емдеу, ауруханалар ашу және жұқпалы аурулардан сақтандыру өте қиынға түсті. Қалада небәрі 4-ақ маман дәрігер ғана бар еді. Уездік кеңес 1918 жылы 23 сәуірде жұқпалы аурулармен күрес шараларын белгілеп, жұмысты үйлестіру үшін санитарлық комиссия тағайындады. Әулиеата қаласының маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20.000 адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды.

Өз халқының қамын еш ұмытпаған Тұрар Әулиеатадағы саяси қызметі аяқталып, Ташкентке – Түркістан Республикасының денсаулық сақтау комиссары қызметіне ауысқан кезінің алғашқы апталарында-ақ аштарға көмек ретінде мемлекеттік қазынадан 25 миллион рубль ақша бөлінуіне қол жеткізген болатын [9]. Т. Рысқұловтың бастамашылығымен жүзеге асырылған осындай іс-шаралардың нәтижесінде жұмысы түзелген асханалардың 1918 жылғы тамыз айындағы жағдайы туралы Әулиеата уездік комиссарының есебінде былай деп көрсетілген: «... аштарға құнарлы тамақ берілуде, сондықтан да олардың жүріс-тұрысы ширақ. Тамақтандыру орындарындағы аштарға деген жақсы күтімнің арқасында соңғы кезде өлім-жітім едәуір азайды». Бұл дерек, егер жеткілікті дәрежеде көңіл бөлініп, қамқорлық жасалса, онда аштан қырылып жатқан адамдардың өмірін арашалап қалуға мүмкіндіктердің болғанын көрсетеді. Дегенмен, Т. Рысқұловтың Ташкентке қызметке ауысуына байланысты, аштарға көмектесу туралы талап босаңсып, жағдай қайтадан шиеленісіп кетеді. Жергілікті жерлердегі мұндай берекесіздіктерді мына құжаттардан да көруге болады. «Әулиеата Депутаттар Кеңесі Атқару Комитетінің 1918 жылдың 7 қазанындағы, Хмелевскийдің төрағалығымен өткен мәжілісінде Қаракөл болысының қырғыздары (қазақтары) қырғыз



(қазақ) Депутаттар Кеңесінің мүшелері Шолпанқұлов пен Кутенеевтің арызын тыңдап, онда аштарға көмек көрсету мақсатында алыпсатарлардың малын реквизициялауға жіберілген Шевяков пен Кольчугин басқарған қызыл әскерлердің малы бар барлық қырғыздардың (қазақтардың) малдарын тартып алып жатқандығы айтылады. Депутаттар сонымен қатар Айдаралы Берденовтың сол қызыл әскерлермен бірге жүрген аты-жөні белгісіз сарттың (өзбектің) Қаракөл болысының қырғыздарына (қазақтарына) егер 5000 сом ақша берсеңдер малдарыңа тимейміз дегендігін айтады». Бұл жерде іс тергуге жіберілгенімен, большевиктер өздері қолдан ұйымдастырған аштықпен күресу барысында мұндай басбұзарларды сол кезде құртып жібермегені анық [10]. Әйтсе де, 1918 жылдың 31 қазанында Әулиеата уезінің атқару комитеті ашаршылыққа ұшырағандар туралы мәселені қайта қарастырып, Таулы бөлімшедегі алыпсатарлардан қабылданған қойлардың 10 пайызын кәмпескелеп, оны аштарға көмектесу қорына өткізу, Мерке бөлімшесіндегі 900 қойды және Черняев уезімен шекарада реквизицияланған қойлардың 10 пайызын да осы қорға өткізу жөнінде қаулы қабылдады. Қаулының екінші параграфы «300 ірі қара малды қырғыздардың (қазақтардың) бакуат бөлігінен» кәмпескелеуді де көздеген еді. Атқару комитетінен комиссия тағайындалды «Қожабергенов және Яцук жолдастар және уездегі болыстардың мән-жайын анық білетін, қырғыз қазақ конференциясының өкілі Жанұзақов...» Сонымен қатар «Таулы бөлімшедегі қойларды дұрыс реквизицияламағаны» туралы да мәселе қаралды. Малдарды – саудаға түсетін және малда қалдырып өсімін алатындар деп екіге бөліп, атқару комитеті «сатылатын қойларды белгіленген бағамен өткізіп», кедейлер үшін қалада ет сататын лавка ашу» туралы қаулы қабылдады. «Өсім үшін» қалдырылған қойларды егелеріне қайтару көзделінді, бірақ олардан аштар қорына көмек ретінде 10 пайыздық төлем алынып тұру қарастырылды [11]. Мәселенің жүрдім-бардым атқарылып, осы бағыттағы жұмыстардың орашолоқтығы көрсетілген құжатта: «1918 жылдың 12 қарашасында Әулиеата уезінің аштарды тамақтандыру жөніндегі эмиссары Нұршанов Ақыртөбедегі аштар орналасқан киіз үйлердегі жағдайға тоқтала келе, олардың сол күні тамақ ішпегенін анықтағандығын айтты. Осы орайда, Әулиеата қаласының тегін нан кәртішкелерін пайдаланып отырған қызметкерлер тізімінде (барлығы 34 адам) тек еуропалық нәсілдегі адамдардың аты-жөндері жазылғанына мән беруге болады. Бәлкім, осы қаладағы жоғарыдағы және басқа да тізімге кіргендерді тамақтандыру ниетінде болса керек «500 қой қабылдаған ет дайындау бөлімінің төрағасы Ярувельский мен агент Столяров бұл іске белсенділікпен кірісіп, сатып алу құнын өздері белгілей отырып, етке және салоға (ол үшін шошқа майын да іздеттірген болар) қажеттілерін бөлек реттеген. Ауылдардағы аштықтан діңкелей бастаған қазақтарды «өз аштарын» қамтамасыз ету мақсатында одан әрі діңкелеткен белсенділердің бірі, Әулиеата уезінің солдаттар, жұмысшылар, шаруалар, депутаттар комиссиясының мүшесі Мечиков Үшбұлақ станциясынан қайтып

келе жатқанда 15 атты қырғыздың (қазақтың) қуып жетіп, ақша талап еткенін, одан өзінің төрт рет мылтықтан оқ атып, әрең құтылғандығын жазады» [12]. Осылай, саяси күштердің аталған өзіндік ерекшеліктері, қоғамдық санада, әсіресе азамат соғысы тәжірибесінде, кез-келген мәселе тек күш қолдану негізінде шешімін таба алады деген саяси түсініктің берік қалыптасуына алып келді. «Құқық күшін күштің құқына» айналдыру формуласы үстем болып шықты. Сол жылдары қалыптасқан осындай ахуалды мына құжаттан да көруге болады. Онда Әулие-Ата уезі Алмалы болысының бес тұрғыны – Нурманбет Шакелов, Қалмұрза Тұяқов, Махамбет Жетпісбаев, Сейдуалы Рахметов және Кемелбековтар уездік депутаттар Кеңесіне: «осы жылдың 14 июнінде біздің болыстан жылқыларды мобилизациялау кезінде оларды жылқыларының саны 100-ден асатын бақуат адамдардан емес, өздерінің соңғы жылқысын берген кедейлерден тартып алды», - деп арыз түсіреді [13]. Бұл жерде арыз берушілер мәселесінің сиырқұймышақтанып кеткені өз алдына, кедейлерге бостандық әперуші большевиктердің заңсыз әрекеті тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр.

Өңірдегі осындай келеңсіз жағдайлардан хабардар Тұрар Рысқұлов 1918 жылдың 28-ші қарашасында Түркістан АКСР-і аштыққа қарсы күресу жөніндегі орталық Төтенше комиссиясының төрағасы болып тағайындалғаннан кейін, Түркістандағы аштарды азық-түлікпен, киім-кешекпен және осы іс-шараларды ұйымдастырушылар штаттарын жалақымен қамтамасыз етуге қажет 80789769 рубльді Азық-түлік деректориясының толық тауып бере алмайтындығы себепті, қажетті қаржының бір бөлігін жергілікті капиталистер мен байлардан алуды ұсынған болатын. Тиісінше, Әулиеата уезі қалалық Кеңесі атқару комитеті президиумның 1919 жылдың ақпанындағы қаулысына сәйкес аштарға көмек ретінде бірнеше іс-шаралар белгіледі. Әулиеата уезі капиталистерінің тізімі бекітіліп, оларға «227000 рубль, 650 копейка ақшалай, 2350 қой, 340 ірі қара мал» мөлшерінде контрибуция салынып, осыны Уезашкомға өткізу тапсырылды. Салынған контрибуцияны 3 күннің ішінде төлемеген жағдайда капиталистің мүлкі түгелдей есепке алынып, мемлекет қарамағына өткізілуге жатты [14]. Дегенмен, жергілікті жерлердегі шовинистік пиғылдағы шенеуніктердің басбұзарлықтары Тұрардың игі істерінің жүзеге асуына қырсықтарын тигізбей қалған жоқ. Соның бір көрінісін, РК(б)П-ның Әулиеата уездік-қалалық мұсылман ұйымдарының бюросының 1919 жылдың 20 қазанында Қошмамбетовтың төрағалық етуімен өткізілген мәжілісінде қаралған оқиғадан да байқауға болады. Бюро түйткүл мәселелерді де, дәлірек айтсақ ЧК(ТК) төрағасы Краснокутскийдің Шақпақ болысының төрт үй қырғызының 208 қойы мен 4 түйесін айдап кеткендігі туралы фактіні қарастырды. Бюро мынаны атап өтті – ТК сонымен қатар Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ретінде кедей малшылардың соңғы жинап-тергенін тартып алуы ешбір заңдылыққа қиыспайды, себебі малшының артық малын алу үшін оның 200 қойы мен 4 жылқысы болуы

керек... Біздіңше бұл жерде мал қорғаушысыз қырғыздардың қолынан тартып алынып отыр, себебі бюроға уездегі шаруалардың арасында мың қой және жүздеген ірі қара малдары бар адамдардың бар екендігі белгілі, әйтсе де ТК және Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ол бай шаруаларды білсе де (көрмегендей) білмегендей болған [15]. Осындай, Әулисата қазақтарының қайсібір жағдайда дұрыс ойластырылса да орайы табылмай кереғар атқарылған іс-шаралар себебінен аштықтың қасіретті зардаптарына ұрынған оқиғалары әрине аз болған жоқ, оларды кездейсоқ болды деп те айта алмайсың.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты (бұдан әрі ЖОММ) құжат 1918 жылмен белгіленген, мәліметтері толық емес.
2. Стефан Куртуа, Николя Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма. Преступление, террор, репрессии. Перевод с французского, Москва «Три Века Истории», 1999, стр. 89.
3. Елеуов Т. Установление и упрочение советской власти в Казахстане, А-Ата, 1961, стр. 226.
4. Каримов Р.Х. НЭП в Узбекистане: закономерности и специфика. «Общественные науки в Узбекистане», 1998, № 3, стр. 46, 48.
5. Политика партии большевиков по отношению к крестьянству в период установление и упрочение Советской власти. М., Полит. лит., 1953, стр. 98.
6. ЖОММ, 50-қор, 1-тізбе, 10-іс, 1-2 п.п.
7. «Советский Туркестан», 16 августа 1918, № 53.
8. ЖОММ, 10-қор, 1-тізбе, 8-іс, 3-бет. ЖОММ, 10-қор, 1-тізбе, 22-іс, 2 п.
9. Т.Р.Рыскулов. Собрание сочинений в трех томах, том 1, Алматы «Казахстан» 1997 г., стр. 102.
10. ЖОММ, 50-қор, 2-тізбе, 17-іс, 2 п.
11. ЖОММ, 10-қор, 1-тізбе, 13-іс, 4 п.
12. ЖОММ, 50-қор, 1-тізбе, 9-іс, 32-34, 58 п.п.
13. ЖОММ, 50-қор, 1-тізбе, 17-іс, 45 п.
14. ЖОММ, 50-қор, 2-тізбе, 17-іс, 21-22 п.п.
15. ЖОММ, 10-қор, 1-тізбе, 22-іс, 2 п.

## ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ НӘУБЕТ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫ

### Бір уыс бидай

Аспанда теңгедей бұлт көрінбейді. Күн бесікке шығып алған, шақырайып тұр. Бәрін де күл-топыраққа теңегісі келгендей, жер-дүниені күйдіріп, қуратып барады. Жел де тына қалыпты. Тыныштық. Аяқ басса шаңы көтеріліп, ұнша үгілетін шөптің арасынан үзіліп-үзіліп шыққан шегірткенің шырылы ғана тыныштықты бұзғандай. Тыныштық. Бүкіл дала өліп жатқан сияқты. Бақанасқа құлайтын ойпаң өзектегі бес-алты құрым киіз үйден тіршілік белгісі байқалмайды, адам тұрағынан гөрі құс ұшып, қарсақ жортпас елсіздегі топ қорымға ұқсасырақ еді. Қыбыр еткен жан жоқ. Осындай ыстықта тілін салақтатып, ырсылдап көлеңкеде жататын төбеттер де көрінбейді. Тек бұл маңайда тіршілік барлығына куә болғысы келгендей, биігіректе бірекі қаракүс жүр. Олар да самарқау, жерге тесіле қарап, бір орында тұрып қалмайды. Қанаттарын баяу сілтеп қана, ауыл маңайын екі-үш айналып өткен соң ештеңе түспесіне көздері жетіп, қыр жаққа қарай ойысты. Одан да ештеңе таба алмай, енді бірте-бірте алыстап барады. Ақыры, кішкентай сызықшаға айналып барып, мүлде көрінбей кетті. Енді осы маңайда қыбырлап жүрген жалғыз-ақ жан иесі қалыпты.

Ауылдан жарты шақырымдай жерде ескі қырман бар еді. Табанын шөп басқан. Тек бір жақ шетіндегі, өткен жылғы сабанның басылып қалған үйінділері ғана бұл жердің бір кезде қырман болғанын аңғартқандай. Тізерлей еңбектеген біреу осы үйіншектердің арасынан бірдеңе іздеп жүрген сияқты. Біреуінен соң біреуіне көшеді. Тынымсыз ақтарып жатыр. Сорайған ұзын саусақтары, терісі сүйегіне жабысып, тамырлары білеудей-білеудей болып көгеріп шығып тұрған тарамыс қолдарымен сабанды уыстап суырып, ішінен масағы барларын алады да, алақанына үгіп, қауызын үрлеп ұшырады. Көбіне алақанда ештеңе қалмайды, кейде екі-үш дән қалады. Мұндайда алақанында дәні бар қол өзінен-өзі ауызға барып қалады да, жетпей сәл тұрып, кенет кейін қайтады. Кісі әлсіз күрсінеді де, шаршысыз жыртық кимешегінің бұрышындағы түйіншекті шешіп, осындай азаппен жиналған дәндерге мұны да қосып қояды.

Осы қимыл сан рет қайталанды. Таңертең келген еді, міне, күн төбедең асып барады. Әлде осы жинағаным жетер деді ме, әлде шаршады ма, бір кезде тізесіне сүйеніп барып орнынан түрегелді. Бұл өзі қаусаған кәрі кемпір еді. Еріндері қарайып тобарсыған. Бүкіл өмірін азаппен өткізгендігінің куәсіндей айқыш-ұйқыш әжім басқан беті шаң топырақ пен қауыздың үгінділерінен көрінбейді. Бірақ арып еті қашқан шығыңқы бет сүйектері мен шүңірейіп ішіне кіріп кеткен жанарсыз көздері оның өмір бойы көрген бейнетінің бәрін де осы соңғы бірнеше күннің азабы басып кеткенін паш еткендей еді. Кемпір тамсанып жұтынбақ болып еді, түкірік те шықпады. Тілі өзінікі емес, аузы-

на түсіп кеткен, жалқаяқтанған, жабысқақ бірдеңеге ұқсайды. Кемпір тағы да тамсанып, құрғақ жұтынып қойды. «Жарықтық қымыз-ай!...» Есіне өзі өмір бойы биесін сауушы болған жуанқарын, сары шегір Сығырбай мен оның ашулы бәйбішесі Айғанша түсті. «Байғұс, бәйбішесі де, өзі де мазасыз адамдар еді, қойшы-қолаңының басынан таяқ айырмайтын. Ұрсып-зекімей отыратын күндері жоқ еді. Мені де Алмажан деп атымды атамай, «Алмажан деген ат сенің не теңің, ит жаманын бөрібасар қояды деп, жаман күң, сол!» - деп отыратын. Бәйбішенің қалауымен Салтақ атанып ем. Салтақ болмай қайтейін, үсті-басым сауыс-сауыс болып, ертеңнен кешке дейін тынымсыз екі желі биені сауатын жалғыз өзім. Бәрі өз қолымнан шығып жатса да, қара жер хабар бермесін, сараң адам еді-ау бәйбіше, сонда осы жамандыққа көрінген ғой, екі кесе қымызды қатар берген күні жоқ еді. Соның өзінде арамтамақ Салтақ күн деп отыратын. Бірақ әйтеуір жарты кесе болса да қымызын аямаушы еді, байғұс...» Қымыз есіне түскенде тілі аузына бұрынғыдан да жабыса түскендей болды. «Шіркін, бір жұтымы болса!» Енді Алмажанның көз алдына кең дастарқанды жағалай отырысқан өңшең ақсақал-қарасақал игі жақсыларға ортадағы тегенге толы сары қымызды сырлы ожаумен сапырып құйып, ырсы-ырсы етіп отырған Сырғабай келді. «Мінезі қатаң-ақ адам еді, жарықтық. Құбақан айғырды жылқыға міндің деп Кеңестің әкесін жаман сабап еді. Жақан марқұм да ешбір қарсылық көрсетпей, басын қорғай берді, сонда да қамшымен үсті-үстіне төпеледі ғой. Қатал-ақ еді, ол ақырып жібергенде кім де болса жерге кіріп кете жаздайтын. Бірақ Жақан марқұм кәмөнес болып ауылын кәмпескелеуге келгенде ләм-мим деген жоқ, таяғымен жер шұқып отыра берді... Қазір тірі ме екен? Жорғада, абақтыда жатыр деген еді-ау. Тірі шығар, түрмедегілерге күніне бір уақ тамақ береді деген». Алмажан тағы да құрғақ жұтынып қойды. «Құдай әу баста несібесін артық жаратқан қой. Абақтыда, байлауда жатса да аш емес. Сонда да бұрынғы заманын ойлайды-ау... Бақанастың екі өңіріне енді мал толу қайда, ешкімде тышқақ лақ қалған жоқ. Сонда осыған көрінген ғой, кейінгі кезде жұрттың да пейілі бұзылып кетіп еді. Атысып, шабысып, бірін-бірі айдатып». Алмажанның көз алдына сап-сары ала киінген, өмірі тақымына тимеген Сығырбайдың құлажорғасын қан-сорпа қылып, ақ үйдің алдында айқай салып дікіндеп тұрған күйеуі Жақан марқұм келді. Кәмөнес болып, қолына бесатар алғаннан бері бүкіл жұрт қорқады, сұп-сұр болып қарақұрым үйіне кіріп келгенде Алмажанның өзі де сескеніп қалушы еді. «Талайдың қанын мойнына жүктеді ғой, байғұс. Құдайдан баяғы заманыңды сұрап отырсың деп Хасен молданы намаз үстінде атып тастап еді...» Сәл-пәл ойланып тұрды да: «Иманы жолдас болсын!... – деді – Аллау әкбар!» Бетін сипады. Қайта сипады. Кепкен тері. Қу сүйек. Үңірейген көз. «Көлденең біреу түрімді көрсе, мені қырықта деп қалай айтар... Аллау әкбар», - деді тағы да бетін сипап. Тірі өліктей болып, сабан үйінділерінің арасында қалтиып тұр. Кенет есіне бірдеңе түскендей селт етіп, ауыл жаққа қарады. «Құлындарым... Қазір!» Алмажан оқыс қармалап, кимешегінің етегіндегі түйіншекті дірілдеген саусақтарымен

шешіп, қолына алып еді, бидайы бір-ақ уыс болды. «Жарықтық, меруерттей болып жатқандарын қарашы, - деп ойлады, жартылай ашық алақандағы, тұтас бір жыл бойы топырақ пен сабанға араласып жатқан, бүйірлері шығыңқы, сырты қарақоңыр, аз-маз шіріген дәндерге мейірлене қарап – Кеңесім мен Сәбетім қандай қуанар екен, тез апарып қуырып, талқан жасасам, жарым шөңке быламық көже болмай ма...» Алмажан қолындағы бір уыс бидайын кимешегінің етегіне қайтадан түйіп алмақ болып ыңғайлана бергені сол еді, Бақанастың басынан бір топ кісі көрінді. Өңшең сәйгүлік мінген, жүрістері суық. Жападан жалғыз тұрған Алмажанды көрісімен, ескі қырманға қарай ат қойды. Кепеу нәшәндігі Шукин екен. Қарқаралының орысы. Өзі қазақшаға судай. Қасында белсенді Қағазтай, мілісә Арқатбай және мылтығы шошайған тағы үш-төрт орысы бар. «Мынау халық жауының қатыны қырманнан астық ұрлап жүр!» - деді атынан секіріп түскен Қағазтай. --- Қабың қайда? Көрсет!»

Алмажанның тілі күрмеліп қалды. Қабым жоқ деп те айта алмады. «Қара мынаны, - деді Арқатбай – Сабанды қопарып тастапты». Бесатарының ұшымен шашылған сабан арасын ақтара бастады. «Мынаның қолында бірдене бар, - деді Қағазтай. --- Бидай! Қоғам мүлкін ұрлаған қарабет! Әкел бері!» Зәресі ұшқан Алмажан бір уыс бидайды тарс қылып ұстаған жұмырығын артына жасырды. «Алақанын аш!» - деді ат үстінде тұрған Шукин Қағазтай мен Арқатбайға. Екеуі Алмажанның қолын оп-оңай қайырып, алға созды. Бірақ алақанын жаздыра алмады. Осы кезде ат үстінде тұрған мылтықты солдаттардың бірі Алмажанды жауырын ортасынан тепті. Алмажан етпетінен түсті. Ыза болған Арқатбай мен Қағазтай да қызып кетіп, темір нәлді орыс етікпен қос қабырғадан жабыла тепкіледі. Бірақ бір уыс бидай жұмылған алақан ашылмады. Тарамыс саусақтар тас болып қағып қалыпты. Қалай жұлқыласа да болмады. Кенет Қағазтайдың көзі қырманда астық бастыратын, ортасынан бөлініп сынған мала тасқа түсті. Ат үстіндегі Шукин бағанадан бері көріп тұр екен. «Сал анаған!..» - деді. Екі белсенді сұлық қалған кемпірді тастың қасына сүйретіп апарды, Арқатбай жұмырығы түйілген тарамыс қолды бұжыр-бұжыр мала тастың үстіне салып тұрды, ал Қағазтай бесатардың темір дүмімен нықтап ұрып қалды. Жұмырық сықыр ете түсті. Қағазтай бесатарының құндағын қос қолдап ұстаған қалпы, бар күшімен екінші, үшінші қайтара ұрды. Қу сүйек саусақтар ашылмаған, бүктелмеген қалпында күлпарша болып сынды. «Өй, мынау...» - деді Арқатбай. «Социалды қоғам мүлкіне қастандық жасаған адамның бәрінің барар жері осы! – деді Қағазтай бойын жазып – Жолдас нәшәндік! Сіздің тапсырма...» «Орындай алмадың, - деді нәшәндік. --- Жабайы киргиз! Екеуің жабылып бір қатынның алақанын аша алмадыңдар. Ол бағана өліп қалған! Келесі кезек сендердікі болады. Менің тапсырмамды уақытында орындай алмаған Жақанды қалай атқанымды ұмытқан екенсіңдер! Айда, кеттік», - деді артындағы төрт солдатына қарап. Сүріне-қабына аттарына әрең мінген Қағазтай мен Арқатбай да бұлардың соңынан еріп, иесіз ауылға қарай беттеді. Ал бұл ауылдағы ең

соңғы жан иелері сегіз жасар Сәбет пен бес жасар Кеңес бағана, Кепеудің кісілері қыр басынан көрінген кезде жан тапсырған болатын.

Аштан өлген екі баланың шешесі, атылып кеткен белсенді кәмөнестің әйелі Салтақ Алмажан ескі қырманда шіріген сабан арасынан бір-бірлеп теріп, күнұзақ жинаған бір уыс бидайын өзімен бірге о дүниеге ала кетті. Ол жақта да тіршілік болса, балаларына быламық көже пісіріп береді.

«Белдеуде бұзау қалмасын! Көгенде лақ қалмасын!» Жалынды ұран артығымен жүзеге асты. Көген мен белдеу қоса кетті. Аяғы бүтін жұрт жан-жаққа жабыла қашып жатыр...

Көбі жолда қалды. Біразы сүйретіліп қалаға жетті. Әр үйдің алдында, күнесте аштықтан бұратылып жататын. Бұларға бір үзім нан беруші болған жоқ. Қайыр көрудің орнына еститіндері жай уақытта тіс қайратып, жұдырық тигізер қорлау, боктық сөздер. Бір ауыз тіл білмегендіктен, ондай сөздерді түсінген де жоқ, түсіне қойғанда не істемек. Олардың ең сыпайысы-«Түйелерің жайылып жүрген далаларыңа кетіңдер!» Дүние-ай! Кетер еді-ау, сол далаға, тіпті, бұрын құбыжықтай көретін жат халық жайлаған қаланың маңынан жүрмес еді ғой, кешегі күні болса! Қазан-қазан асылған семіз бағлан қайда, сапырулы сары қымыз қайда? Дала! Саған өң аяғы, үсті-басы күлтөпырақ, арық қарақайыс түйенің өзі де көрік береді екен ғой! Сол далада бүгін жайылып жүрген түйе түгілі, ін аузында кешкілікте шақылдап отыратын саршұнақты да көрмейсің. Ініне су құйып, тұзақ құрып ұстап алып, оларды да жеп тауысқан. Кетер ме еді сол даладан... Енді мынау, орындарынан тұруға дәрмендері жоқ, қарындары қампиып, көздері шүңірейіп жатқандары.

... Ертеңіне таңертең көшеден өткендер кешегі шала жанды бейнелердің енді қол-аяқтары жазылып, мүлде қозғалыссыз жатқанын көрді.

Аштан өлгендерді жерлеуге өкімет астық бөліпті. Текшелеп, қатар-қатар қалап, ең үстіне өздері отырған өлік жинаушылар пайда болды. Кейбір шала жансарларын да қалай салатын. Күнесте тыныш жатып, бес минут кеш өлгенінен не пайда, қазір өлсе, бір қадақ бидай емес пе!

Сонда, «Бұлар неғып өліп жатыр?» - дегендер болса: «Іш сүзегінен. Жабайы, надан халық емес пе?» - деп жауап беретін жайымен.

Мұхтар Мағауин. «Парасат» журналы, № 8, 2013, 22-23 беттер.

## Қазақтар қырылып жатыр дейді...

«- Шұғыл шаруа, жолдас Сталин.

- Не болып қалды? Жау шаппаған шығар.

Сталин креслодан қимылдамай, зілдене қарап, трубкасына темекі салмаққа, алдындағы алтын зерлі қорапқа қолын баяу созды.

- Жау шапқаннан жаман, жолдас Сталин.

Сталиннің оң қабағы серпіліп кетті де, көсем басын көтеріп, Рысқұловқа жасыл сарғыш көздерін оқша қадады.

- О, не?

Есіңізде болар, жолдас Сталин, менің Сізге жазған екінші хатым... осыдан бір апта бұрын...

- Иә, есімде. Бір апта... бір аптада анықтай салатын жай арыз-құрыз емес қой ол.

- Бір апта тұрмақ, бір күн бір ғасырға бара-бар. Күн өткен сайын Қазақстанды өрт алып бара жатқан жоқ па?! Халық қырылып жатыр!

Сталин ырғалып барып, креслодан тұрды...

- Кім қырып жатқан?

Рысқұлов күрсінгендей болды, сәл бөгеліп те қалды. Рас-ау, кім қырып жатқан? Соғыс жоқ, жау шапқан жоқ. Қазақстанның үстіне аспаннан ай құлап түскен жоқ. Тау қопарылып, жер сілкініп, зіл-зала соққан жоқ.

- Асқынған асыра сілтеушілік, жолдас Сталин.

Кілем жолдың үстінде ары-бері жай басып жүрген Сталин кілт тоқтай қалды.

- Асыра сілтеушілік айыпталған. Сталин жолдастың «Табыстан бас айналу» атты еңбегін Рысқұлов оқыған болар?!

- Оқыдым, жолдас Сталин. Қайта-қайта оқыдым. Сондықтан да түсіну қиын...

Сталин шыдай алмай сөзді бөліп жіберді:

- Нені? Менің жазғанымды ма?

- Жоқ, жолдас Сталин. Қазақстан басшыларының сұмдық әрекетін. Олар Сіздің жазған мақалаңызды оқыған соң, сол асыра сілтеуді асқындыра түсті деп қорқамын.

- Сонда қалай? Қазақстан басшылығы, айталық, Голощекин, Сталин жолдастың айтқандарын елемей, оған құлақ аспай қойғаны ма? Осылай болады деп сенесің бе?

- Сенгім келмейді. Сенбейін десем, әрекет басқаша. Колхоздастыру жұмысын олар бәйгеге айналдырып жіберген. Кім көбірек колхоз құрады, кім тезірек құрады деп облыспен облыс, ауданмен аудан қырғын жарысқа түскен. Бұл қырғын жарыстың құрбаны болып миллиондаған адам қырылып жатқанын да көрмей, көздеріне қан толып, әлгі жарыстың қызығына мас болып, еліріп, есіріп кеткен сияқты.

... Ары-бері ырғалып жүріп, Рысқұловтың неге сонша өзеуреп, неге сонша шырылдап, жанталасқанын ойлады. Халық қырылып жатыр дейді. Аштан, аштық арқылы тараған індеттен қырылып жатыр дейді. Қазақтар қырылып жатыр дейді. Ол қандай халық? Көшпенді дейді. Малмен күн көреді дейді. Бірде Геродоттан оқығаны есіне түсті. Геродот айтады: Көшпенділердің баспанасы киіз үй, тамағы малдың еті, сүті, киімі малдың терісі, жүні дейді. Қымыз дейтіні болатын көрінеді, көп ішсе мас қылатын көрінеді. Көшіп келе



жатқанда әйелдері аттың, түйенің үстінде толғатып, туа беретін көрінеді. Өздері жауынгер халық деседі, ерлерін былай қойғанда, әйелдері, қыздарына дейін қолдарына найза алып, жауға шімірікпей шабады дейді.

Ал енді, мына Рысқұлов келеді де, сол «тарихтың атасы» атанған Геродоттың жазып кеткен көшпенділерінің қазіргі ұрпақтары, аштан, індеттен қырылып жатыр деп шыр-шыр етеді».

Шерхан Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы,  
Алматы, 2002, 2 том, «Қызыл жебе», 486-489 беттер.

## «Тамакөшкен» - тарихи шындық

Қыстың көзі қырауда, сақылдаған сары аязда ел көшуші ме еді? Бұл дегеніміз атан түйеге жүк артып, амалсыз көшкен жұртты ажалдың аузына шыбықпен айдағанмен бірдей емес пе? Міне, өткен ғасырдың отызыншы жылдары Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданының аумағындағы Түгіскен деген жерден Сарыарқа деген аудан құрылып, іле-шала оның халқы Бетпақ даланы бетке алып, сол кездегі басшылықтың пәрменімен жаппай қоныс аударуында осындай жауыздық саясаттың жатқаны анық. Онсыз да кәмпескеге ұшырап, қолындағы малынан айырылып, әбден әлсіреп, әрең күнін көріп отырған 5 болыс тама, 2 болыс тарақты елін түгелдей Жамбыл облысының Шү жағына қарай көшіру туралы қаулы қабылданады.

Аш-жалаңаш ел Бетпақ даланың сақылдаған сары аязында әбден қорлық көріп, Сарысу ауданының орталығы болған Саудақентке дейін 700 шақырым жолда қынадай қырылды. Шұбатылған көштің бір бөлігі ғана әрең жетіп, жол-жөнекей қаншама адам, қаншама бейкүнә бала аштықтан өліп, суықтан қатып қалған. Ресми деректерге қарағанда, 1932 жылдың 24 қарашасында Әулиеата өңіріне қарай көшкен 2000-нан отбасыдан Саудақент ауылына аман жеткені 500-дей ғана түтін екен.

- Сол ашаршылық жылдары ел жаппай босып кеткенде, жұртта қалған Рәзия әжемiз де бесiктегi баласын сүйрелеп, атасы Ықыластың қасиеттi қара қобызын көтерiп, жаяу-жалпылап, көшкен елдiң шұбырған iзiне түседi, - дейдi осынау тарихтан сыр шерткен Асаубай Майлыбаев. - Өзi аш, әл-дәрменi құрыған күйеуi Ақынбай «Осы қу ағашты арқалаймын деп өлетiн болдым ғой», деп қобызды лақтырып жiбергенде, сексеуiлге соғылып басы сынып қалыпты. Сонда Рәзия әжемiз: «Өй, мұның не, Ақынбай? Қасиеттi қобыздың киесi атады ғой» деп, қобызды жерден көтерiп алып, сынған жерiн шүберекпен таңып, тағы да алға жылжиды. Бiрақ дiңкелерi құрып, қарға адым жер жүру мұң болады. Ақыры екеуi қобызды алады да, сәбиiн бесiгiмен далаға тастап кетедi. Жарты шақырымдай жылжыған кезде Рәзия әжемiздiң аналық жүрегi шыдамай, емшектегi баласына қайта барады. Барса, бесiк орнында тұр, бiрақ қасқыр жеп кеткенi болмаса, я, адам алып кеткенi белгiсiз, бала жоқ. Осындай

сұмдық оқиғалар болған. Бүгінде Рәзия әжейдің немерелері Тараз қаласының айналасында тіршілік етуде. Ал талай қасіретті бастан кешкен Ықылас Дүкенұлының қасиетті қара қобызы қазір Тараз мұражайында тұр.

Міне, жақында ғана жарық көрген белгілі ақын Ғалым Жайлыбайдың ашаршылық құрбандарына арнап жазған «Тамакөшкен» поэмасының көтерген жүгі, мән-мағынасы өте күрделі екенін осыдан-ақ байқауға болады. Ашаршылық жылдары Сарыарқадан Қаратауға қарай ұлы шұбырындыға ұшыраған халықтың тағдыр талайын суреттейтін дүниенің кітап болып шығуына Жамбыл облысының құрметті азаматы, облыстық мәслихаттың депутаты, белгілі кәсіпкер, Сарысу ауданының төл перзенті Асаубай Майлыбаев демеушілік жасады.

*Айырылып ана ұлынан, аға достан,  
Мына қос хабар алмай ана қостан.  
Қар жауған қарашада ұбап-шұбап,  
Бетке алып, Қаратауды Тама босқан.*

*... Қар борап, қарашада,  
Күн бүлінді.  
Сен бірақ, айтпайсың-ау, шындығыңды.  
Баурыңда көктей солған көп Таманың –  
Көк тасы өзің шығар, Мұңлы, Қулы! –*

деп қаймана елдің трагедиялық халін жеткізе жырлаған осынау кітаптың тұсаукесері Саудақент ауылында өтті. Жиналған қауым Арқаны мекен еткен тама, жағалбайлы, алшын және тарақты руларының қызыл империяның қолдан жасаған қырғынға ұшырауы поэма тілінде сәтті бейнеленгенін кеңінен әңгіме етті. Бір ғана рудың немесе бір жүздің емес, бүтіндей қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы көрген қайғы-қасіреті тебірене толғады. Кітап авторы Ғалым Жайлыбай да ашаршылық құрбандары рухына тағзым ету шарасын ұйымдастырып отырған А. Майлыбаевқа және осы бір иманды тірліктің басы-қасында жүрген азаматтарға алғысын білдірді.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры, жазушы Несіпбек Дәутайұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, белгілі қаламгер Жұмабай Шаштайұлы, ақын Маралтай Райымбекұлы, қоғам қайраткері Мұхаметқасым Шәкенов, Сарысу ауданының құрметті азаматтары, еңбек ардагерлері Орынтай Дүйсенов, Талас Алтайбаев поэма туралы тұщымды пікірлерін білдіріп, ашаршылықтың ащы шындығын әңгімеледі.

- «Тамакөшкен» поэмасы – жоғалған кітаптың жалғыз беті. Сондықтан, ашаршылық жылдары бір ғана рудың басынан кешкен азапты тағдырын көрсете отырып, барша қазақ халқының отызыншы жылдардың басындағы көрген зұлматты суреттеді деп ойлаймын. Поэма орыс тіліне де аударылған.

Ондағы мақсат – алдағы уақытта осы тіл арқылы шетел тілдеріне аударып, әлем оқырмандары назарына ұсыну. Осы қаны сорғалаған трагедияны бүгінгі ұрпақтың миына шегеленіп қалатындай етіп суреттеген ақын Ғалым Жайлыбай ініме ел атынан алғыс айтсам артық болмас. Түптің түбінде әлем халықтары түсінде шошып оянатын осы бір қазақ халқын қынаша қырған қанды ойранға арнап, бір ескерткіш орнатпай, аруақтар назасы басылмас. Қалай дегенмен, әлгі олқылығымыздың орнын әзірге Ғалымның «Тамакөшкен» поэмасы толтыра тұратынын тағы да естеріңізге салғым келеді, - деді Асаубай Майлыбаев.

«Тамакөшкен» поэмасы – тарихи шындық. Бұл шындық – тарихтың жүзіндегі мәңгі өшпейтін қара таңба. Айтылмай жатқан ақиқатты айтып, ашылмай жатқан шындықты жазған Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал», «Тамакөшкен» туындылары – ұрпақтың санасына сәуле түсірер дүниелер екені анық.

Жиын соңынан Саудақентте ашаршылық құрбандарына ас беріліп, Құран бағышталды.

**Оралхан Дәуіт. «Егемен Қазақстан» - жалпыұлттық республикалық газет,  
16 қыркүйек 2016 жыл, 2-бет.**

## Түйін

1931-1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықтың ақиқаты мен зардаптары туралы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ғалымдар белсенді түрде іздене бастады. Кеңес өкіметі сол жылдары халықтың аштыққа ұшырағанын ашық айтпай, жасырып қалуға тырысты. Сонда да болса қазақ жерінде болған аштықтың қасіреті туралы мұрағат құжаттарында құпия деректер сақталып қалған.

Бүгінде тарихшы-ғалымдар ХХ ғасырдың отызыншы жылдарындағы елді жайлаған сұрапыл аштық жайында мұрағаттардан табылған деректерді зерделеп, айтарлықтай зерттеулер жүргізіп жатқаны белгілі. Әсіресе, Б. Аяған, М. Қозыбаев, Т. Омарбеков, М. Тәтімов секілді зерттеушілердің ғылыми еңбектері зұлмат жылдардың ақиқатын ашуда, себеп-салдарын анықтауда құндылығымен, шыншылдығымен өте маңызды.

Солай десек те, ашарлық кезінде құрбан болғандардың жалпы санын әлі де болса тереңірек зерттеу қажеттігі күн тәртібінен түспеуі керек. Өйткені, 1931-1933 жылдары аштықтан қанша қазақтың опат болғаны жөнінде әртүрлі дерек көздері бар. Мысалы, демограф-ғалым М. Тәтімовтың мәліметі бойынша 2 миллиондай қазақ қырылып, 600 мыңнан астам қазақ босып кеткен. Тарихшы-ғалымдар: М. Қозыбаев 1 миллион 750 мың қазақ аштықтан өліп, 400 мыңдай қазақ шетелдерге ауған десе, ал Т. Омарбеков 2 миллион 700 мың қазақ зобалаң жылдары опат болғаны туралы дәлел келтіреді. Қалай айтылса да, бұл деректерден нәубет жылдары 2 миллионнан астам қазақтардың

қырылғаны көрініп-ақ тұр. Әрине, сол жылдардағы қазақтардың басына төнген ашаршылықтың зардаптары толық жазылды, зерттелді деп айтуға әлі ерте сияқты. Әлі де болса ашылмаған, зерделенбеген құжаттардың бар екендігіне күмән келтіруге болмайтыны анық. Біздің тарихымызда жан алысып, жан беріскен алапат соғыстар мен елдің жағдайын қиындатқан оқиғалар аз болған жоқ. Бірақ солардың бәрінде ашаршылық жылдары орын алғандай аса зор адам шығыны болған емес. Сондықтан да аштық зобалаңы қазақ тарихындағы ең қасіретті оқиға болғанын бүкіл әлем мойындап отыр.

Ауыл шауашылығын күштеп ұжымдастыру ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтардың өмір сүру дәстүрін талқандап, халықтың аштыққа ұшырауына негізгі себеп болды. Отызыншы жылдары орын алған зобалаң ешбір қарусыз, соғыссыз Кеңестік жүйенің қолымен жасалған адамзат тарихының XX ғасырдағы ең қасіретті адам жаны түршігетін апат екендігі даусыз. Өйткені, Кеңес өкіметінің коммунистік идеологиясы үстемдік еткен кезеңде ашаршылық тақырыбы зерттелмеді, шындығына келетін болсақ – оны зерттеуге қатаң тыйым салынды. Ал қазіргі кезде тек қазақ тарихшылары ғана емес, сонымен қатар шетел ғалымдары 30-жылдардағы қанды қырғын туралы зерттеулер жүргізе бастады.

2012 жылы 1-маусым күні 1932-1933 жылдардағы алапат ашаршылықтың 80 жылдығына байланысты Астана қаласында «Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Осы конференцияда Гумбольдт атындағы Берлин университетінің профессоры Роберт Киндлер сөйлеген сөзінде сол жылдары қазақтардың өмір үшін жанталаса күрескені туралы былай деп атап көрсетті: «Ашаршылық кезінде қазақ халқы қандай әрекеттерімен, қандай қажеттілікті пайдаланып тірі қалғысы келіп, жанталасқанын зерттеп, зерделеуге баса мән берумен болдым... Ашаршылық құрбаны болғандар ешқандай әрекет етпей қол қусырып отырғандар болмаса керек. Олар осынау алапат апаттың бетін қайтару үшін немесе оған жол бергізбеу үшін түрлі айла-амалдарды қолданып, күреспей қалған жоқ.

1928 жылы большевиктер қазақ қоғамына шабуыл жасай бастағанда-ақ мал-жанын аман сақтау мақсатында қазақтардың жаппай ауыл болып көшуі өрістеді. Олар Қазақстанның бір өңірінен екінші өңіріне Кеңес Одағының өзге республикаларына, тіпті шетелдерге, әсіресе Қытайға жан сауғалап, мал-мүлкін алып көшумен болды. Сонымен қатар, көптеген жерлерде ондаған мың адамнан құралған қарулы көтерілістер де жиіледі. Алайда мұндай көтерілістердің бәрі де талқандалумен болды. Сөйтіп, қазақтардың мал-мүлкі жаппай тәркіленді.

1932-1933 жылдары ашаршылық күшейіп, шарықтау шегіне жеткенде қазақтардың мұндай зобалаңда қолданатын тиімді амалдарының бәрі сарқылып, жан сақтау қуатынан айырылды. Әсіресе, қазақтардың өзара бір-біріне көмектесу қабілеті шектелді. Бай-кулактарға қарсы күрес қатыгездікпен

өрістеп халыққа қиын кезде көмектесетін ауқатты адамдардың көзі құртылды. Сендей соғылысып ашыққан адамдар бет ауған жағына сенделіп, қайыр тілеп, ит-мысыққа дейін сойып жеп, теректердің қабығы мен сабанға дейін қорек етті. Тіпті, аштық есінен адастырғаны соншалық адамның етін жеуге дейін барды деген дақпырт та болды...».

«Ана тілі» газеті, 7-13 маусым, 2012 жыл, № 32, 3-бет.

Профессор Роберт Киндлердің келтірген мәліметтерінің шындығына Жамбыл облысының аудандарын аралап, көнекөз қариялармен әңгімелескенде көзіміз жетті. Біз жазып алған олардың естеліктерінде, жоғарыда көрсетілген аштықтың зардаптарынан болған жантүршігерлік оқиғалар жиі кездеседі.

Кеңес өкіметі Қазақстандағы ұжымдастыру науқанын көшпелі дәстүрлі шаруашылығы бар қазақтарды отырықшыландырумен қатар жүргізді. Биліктің шаруашылықты ұжымдастыру және елді отырықшыландыруға көшіру саясаты халыққа алдын-ала түсіндірілмеді. Сол сияқты Ф. Голощекиннің қазақ ауылдарында революция болған жоқ деген «Кіші қазан» саясаты жергілікті тұрғындардың наразылығын тудырды. Осындай жағдайлар қазақтарды қарулы қақтығыстарға шығуға итермеледі. Халықтың көбі жаппай шетелдерге кете бастады.

Ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру салдарынан қазақ елінде сұрапыл ашаршылық басталды. Аштықтан бұралып жатқан халықтың үстінен аттап өтіп, қырғынға ұшыратып Кеңестік билік 1929-1933 жылдардағы жаппай ұжымдастыруды іске асырды. Шаруаларды күштеп колхозға біріктіріп, елдің барлық малын колхоздың меншігіне берді. Қазақтардың қалыптасқан жеке меншікке негізделген мал шаруашылығын талқандап, ұжымдық шаруашылық құрғаннан кейін халықтың тұрмыс-тіршілігі өте ауыр болды. Мал өнімдерімен күнін көріп отырған ел-жұрттың қолында тігерге тұяқ қалмай, аштыққа ұрынып, тоз-тоз болып басы ауған босып кетті, мемлекет тарапынан ешқандай көмек болмады.

Билік колхозшылардың басқа елді мекендерге, қалаларға қоныс аударуына қатаң тыйым салды. Тіпті, олардың төлқұжаты (паспорт) да болмады, ертеңнен қара кешке дейін істеген еңбегіне ақы төленбеді, тек жылдың аяғында ғана еңбеккүні есептеліп, болар-болмас астық берілетін.

Түркі халқының азаттығы және бостандығы үшін күрескен қайраткер, публицист, ғұлама ғалым Мұстафа Шоқайдың 1929-1930 жылдары жазған еңбектерінің бірі – «Түркістанның бүгінгі жағдайы туралы» деген Парижде жасаған баяндамасында Кеңестік биліктің шет аймақтағы халықтарды шектен тыс кемсітіп отырғанын кеңес басшыларының кітаптарынан нақты мысалдар келтіреді: «Белгілі большевик Г. Сафаровтың «Отарлық революция (Түркістан тәжірибесі)» атты кітабында мұсылмандарды өлкелік революциялық өкімет органына жұмысқа алуға болмайтындығы туралы айтылған. Ал Ленин мен Сталиннің сеніміне енген Иван Тоболин марксистік көзқарас бойынша

қырғыздар (қазақтар – Ә.Б.) экономикалық жағынан әлсіз, сондықтан олар жойылуға тиісті. Сол себепті революция үшін қаржыны аштықпен күреске емес, майданға қолдауға жұмсау пайдалы деген. Бұл мәліметтер РСФСР Кеңалкомының (Совнарком) төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың 1925 жылы Ташкентте шыққан «Революция және тұрақты халық» деген кітабынан алынған». Әбдіжәлел Бәкір. Мұстафа Шоқайды білмейтін мәслихат депутаттары, «Түркістан» - халықаралық саяси апталық, 18 маусым, 2015 жыл, 9-бет.

Кеңестік биліктің революцияның алғашқы жылдарынан бастап-ақ жаңа өкіметтің мүддесі үшін, қазақтарды түпкілікті жойып жіберуді мақсат еткені тағы да мынадай бір деректен анық көрінеді. Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Мекемтас Мырзахметұлы «Біз қалай мәнгүрттендік?» деген мақаласында Сталин мен Хрущевтің отызыншы жылдардағы қазақ халқының басына төнген алапат ашаршылық жайында пікір алысқаны туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Біз Сталинге Қазақстандағы адам төзгісіз ашаршылықтан бүкіл қазақ халқы қырылудың аз-ақ алдында тұрғанын айтқанымызда, «Ол сары пәлелерден тек сондай жолдармен ғана құтылуға болады» - деп жауап берген екен.

**«Атпал. Ақжол», мақалалар мен сұхбаттар, журналистік жазбалар. Алматы, «ҚазАқпарат», 2008 жыл, 94-бет.**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Ақан Бижанов тілшіге берген сұхбатында «Құран Кәрімді» қазақтіліне аударған Халифа Алтайдың басынан өткен 30-жылдардағы ашаршылыққа байланысты мынадай мәліметтер келтіреді: «Халифа Алтаймен сөйлесіп, Президентпен кездесуге шақырдық. Көмекшілері Халифа Алтайды кездесуге ертерек алып келіпті. Халекең үлкен кісі ғой, күтіп отырып қалмасын деп кабинетіме шақырып, шәй беріп, әңгімелестік.

Әңгіме арасында елімізден ашаршылық жылдарында шетелге қоныс аудару жайын сөз еттік. Сонда Халекең былай деген болатын: «Ақан, айналайын, біз не көрмедік. Жағдайымыз қиын болып, аштықтан халық қырылғаннан соң біз елден алдымен Қытайға шекара асып бардық. Қытай мемлекетінде тыныштық болмай, өздері бір-бірімен соқтығысып жатқан кезі еді. Біз Қытай мемлекетінде біраз тұрып, жағдайымыз қиындап кетуіне байланысты Үндістанға бет бұрдық. Ол мемлекеттің ауа райы, суы, тағамы бізге жақпады. Медициналық көмек болмағандықтан, бәріміз жаппай ауырып, үлкен азаматтар, бала-шаға қырыла бастады. Содан кейін біз Пәкістанға қоныс аудардық. Пәкістанда суы тапшы, өсімдігі жоқ, бір таулы-тастақ жерде тұрдық, жағдайымыз мүлде қиындай түсті. Осындай жағдайымызды сол мемлекеттегі Түркия елшісі біліп, мемлекет басшыларына хат жолдап, Түркия мемлекетіне көшіріп алды. Түркия мемлекетінің көмегімен бізге жағдай жасалып, қаражат, үй, жер берілді. Осылай біздің көзіміз ашылды».

Халеке, сонда біздің елден Түркияға жеткен қанша адам барды? – деп сұрағанымда, ол кісі: « Әрбір отбасындағы тоғыз адамнан бір адам аман қалды», - деп көзі жасаурай отырып жауап берді».

Жоғарыда аталған деректерден қазақтарды жер бетінен біржола жойып жіберуді көздеген Сталин бастаған большевиктердің саяси мақсаты анық көрініп тұр. Сондықтан да Кеңес өкіметінің басшылары Қазақстандағы бұрын-соңды болмаған сұмдық ашаршылықты қолдан жасап, тарихы тереңде жатқан қазақ халқын революция жолында құрбан етуді ойластырғаны қазіргі кезде нақтылы дерек көздері арқылы дәлелденіп отыр.

XX ғасырдың 30-жылдары болған нәубет ХҮІІІ ғасырдағы «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасынан кейінгі қазақ тарихындағы ең қайғылы алапат дәуір болғанын және сол ашаршылықтың ақиқатына енді ғана жеткендей болдық. Десек те, әлі де болса ашылмаған мәселелер жеткілікті сияқты. 1931-1933 жылдары Қазақстанның барлық аймақтарын түгел жайлаған, қазақтарды жаппай ашаршылыққа ұшыратқан, халқымыздың тарихында бұрын-соңды болмаған, ешқашан басына түсіп көрмеген нәубет XX ғасырдағы аса ірі апаттардың бірі болғаны бүгінге дейін айтылмай келді.

Зобалаң жылдарды бастарынан кешірген қарттардың естеліктерін жайбарақат отырып тыңдау мүмкін емес. Олардың айтқандарын естігенде жүрегің қақ жарылғандай сезімде боласың. Адам етін жеген небір сұмдықтарды айтқан кезде төбе шашың тік тұрып, зәрең зәр түбіне жетеді. Аштық салдарынан адамның психологиясы, бүкіл ішкі дүниесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, ақыл-есінен адасқан бейшаралар адам етін жеуге дейін барған.

XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы Кеңес өкіметінің саясаты – қазақты қырып-жою, ұлттың рухын сындыру, сапалық қасиетін түп-тамырымен құрту болғандығы қариялардың естеліктері мен мұрағат деректерінен анық көрінеді. Қалай айтсақ та қазақ елінде болған ашаршылық – ұлт тағдырындағы орасан зор геноцид екендігі айдан анық. Қазіргі және келешектегі өскелең ұрпақ еліміздің басына төнген нәубет жылдардың тарихын білмейінше, олардың бойында туған жеріне, халқына, Отанына деген ыстық сүйіспеншілік қалыптасады деп айту да қиын. Сондықтан да мұрағат құжаттарындағы құрғақ деректерден гөрі, сол зұлмат жылдардың ауырпалықтарын, ауыр зардаптарын көрген қариялардың естеліктері жастарға патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығы өте зор.

Дегенмен, Әулие-Ата өңірінде болған ашаршылық туралы Алматы орталық мемлекеттік мұрағаты мен Жамбыл облыстық мұрағатынан алынған деректерді сол заманды басынан кешірген куәгерлердің көріп-білгендері толықтыра түседі. Аштықты өз бастарынан өткерген, өз көздерімен көрген бүгінгі қарттардың естеліктерін тарихи фактілер ретінде қарастырып, ғылыми айналысқа енгізу – Қазақ елінің шын тарихын жазудағы ерекше үлес болып табылатыны анық. Кеңестік биліктің отаршылдық, шовинистік бағытымен жазылған Қазақстан тарихында 30-жылдардың зұлматы бұрмаланып, шын

көрсетілмеді, тіпті, ол жөнінде айтуға тыйым салғаны белгілі. Ал, шындығына келетін болсақ, нәубет жылдардағы небір сұмдық оқиғаларды көрген, сол кезде бала болса да, қазіргі қариялардың естеліктерінен Кеңес өкіметі біртұтас халықты аштыққа ұшыратқаны айқын көрінеді.


Бұл қасірет туралы ашық айтуға, қорықпай жазуға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана толық мүмкіндік туды. Нәубет жылдары аштықтың дәмін татқан жандардың естеліктеріндегі халықтың басына ауыртпалық әкелген түрлі оқиғаларды қамти отырып, оның себеп-салдарын талдап, өскелең ұрпаққа жеткізу – біздің басты парызымыз деп санадық. Бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі – барынша тарихи әділдік орнату және елімізде болған зұлмат жылдардың қасіретін ұмытпай, қазіргі жастарымызды, сонымен бірге келешектегі ұрпағымызды туған жерін, Отанын қастерлеуге тәрбиелеу болып табылады. «Өткенді білмей, жаңа еске түспейді» дейді дана халқымыз.

Қорыта айтқанда, Әулие-Ата өңірін жайлаған ашаршылықтың негізгі себептері – ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың дұрыс жүргізілмеуі, қарамағындағы елді ешқашан аштыққа ұрындырмаған байлардың малын, дүние-мүлкін тәркілеу және көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан халықты ешқандай даярлықсыз отырықшылыққа көшірудің салдарынан осы өлкеге алапат ашаршылық нәубеті келді. Аштан өлу орын алды. Күнкөрістің қамымен шетелге үдере көшті. Әулие-Ата аумағындағы ашаршылық туралы Кеңес өкіметінің құжаттарында толық мәлімет берілмейді. Жасырып қалған. Нәубет жылдарын көрген қариялар әлі де болса бар, бірақ жылдар өткен сайын азайып барады. Сол қарттардың зұлмат жылдардағы көрген-білгендерін, көңілге түйген ой-пікірлерін көп күттірмей хатқа түсіріп, естеліктерін дерек ретінде қарастыру – ауыр жылдардағы шындықты ашатыны күмәнсіз. Қандай тарих болсын мұрағат құжаттарына негізделіп жазылатыны рас. Ал қазіргі кезеңдегі елдің, мемлекеттің тарихына жаңа көзқарас бойынша ауызша айтылған естеліктер – өткен ғасырдың 30-жылдарында болған ашаршылықтың ақиқаты мен зардаптарын ашып көрсетудегі құндылығымен ерекшеленеді.

Әрине, уақыт – емші. Кешегі зұлмат жылдары миллиондаған жандар гүлдей солды, ал тірі қалғандардың жүрегінде дақ қалды. Қанша жерден жаның ашып тұрса да, нәубеттің азапты күндерін басынан кешірген адамның көңіл толқынын сезіне алмайсың...
























Живая девочка обна-  
руженная в сене в  
тряпках Похищенная  
также для употреб-  
ления в пищу  
гор.Токмак.



## МАЗМҰНЫ

Біз ашаршылық қасіретін ұмытуға тиіс емеспіз .....	3
Кіріспе .....	7
Аштықтың азабын тартқан қарттардың естеліктерін жазып алуға көмектескен азаматтар жайында бірер сөз .....	11
Әулие-Ата өңіріндегі ашаршылық – Қазақстандағы қасіреттің бір аймағы .....	14
<b>БАЙЗАҚ АУДАНЫ</b> .....	<b>22</b>
Райхан Шомаеваның естелігі: «Бір күнде опат болған сегіз бала мен әке» .....	22
Базарбай Қалдыбаев қарияның естелігінен: «Шіркін-ай, тойып бір тамақ жегенге не жетсін!» .....	24
Социалистік Еңбек Ері Мәрзия Ибрагимованың естелігінен «Байдың қызы түк білмейді» деген сөз маған қатты әсер етті .....	26
Милиция полковнигі Сауытбек Рысбаевтың естелігі «Әулет пен нәубет» .....	29
Байзақ ауданының құрметті азаматы Рахметулла Шәметұлының естелік-әңгімелері. Бізден де өткен қиыншылық .....	31
Колхоздастыру және ашаршылық .....	37
Ликбез (сауат ашу) оқуы кезінде бір есте қалған оқиға .....	39
Жүнісбек Сағындықұлының әкесі туралы естелігі Көз алдымнан кетпейді .....	42
Байзақ ауылының тұрғыны Әбдібай ақсақалдың естелігі: Өткен өмір белестері .....	45
<b>ЖУАЛЫ АУДАНЫ</b> .....	<b>48</b>
Аштық пен екі соғысты бірдей көрген қария .....	48
Марат Құлибаевтың ашаршылық нәубеті туралы ой-толғауы Зұлмат жылдарды Жуалы жұрты да өткерді .....	49
Филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметовтің естелігінен. Бәрі де қарғыс атқыр аштықтың кесірі .....	51
<b>ЖУАЛЫ ӨҢІРІНДЕГІ 1931-1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КӨПТІ КӨРГЕН ҚАРТТАРДЫҢ ӘҢГІМЕ-ЕСТЕЛІКТЕРІ:</b> .....	<b>53</b>
Жуалыдан Әулие-Атаға жете алмай қырылған халық жайында Досан ақсақал әңгімелейді .....	53
Аманбек Байдалыұлы қарияның көзімен көргендері. Адамның майын ішкен жігіт .....	54
Пірәліұлы Момынкұл қария зобалаң жылдардағы ашаршылық зардаптарын қинала еске алады. Біз не көрмедік! .....	55
Шежіреші Әлімбайұлы Имаш қарттың әңгімесі. Аштық не жегізбеді? .....	56
Айтсайұлы Діқанбек қария өзінің естелігінде былай дейді .....	58

Ауғанбайұлы Рысқұлбек қарияның ашаршылық зардаптары туралы әңгімесі ...	58
Жазушы Мақұлбек Рысдәулеттің Мақұлбек болыс туралы әңгімесі.....	58
<b>СОҒЫС ЖӘНЕ ЕҢБЕК АРДАГЕРІ МҰСАХАН БЕРДІБАЕВТЫҢ ЕСТЕЛІК-ӘҢГІМЕЛЕРІ:</b>	
Әкемнің етікшілік өнері халықтың кәдесіне жарады.....	62
«Жолдастық топ» (артель) құрылуы .....	64
Колхоз шаруашылығын ұйымдастыру .....	66
Машина-трактор стансасының (МТС) құрылуы .....	69
Байларды тәркілеу.....	70
Жабайы өскен бидайды ашыққан елге бергені үшін Бердібайдың жазалануы .....	71
Мұсахан қарияның ашаршылық және туған өңірі туралы өлеңдері Аштықтың болатынын білді ме екен?.....	74
Туған жерге сағыныш .....	75
Дерек көздері.....	76
<b>ЖАМБЫЛ АУДАНЫ</b>	
Әбен Қоңырәліұлы әкесінің естелігі жайында әңгімелейді: «Ит-құсқа жем болған қайран елім-ай!» .....	77
Аса ауылының тұрғыны Жамал әженің естелігі: «Талай қиындықтар басымыздан өтті ғой» .....	82
Соғыс және еңбек ардагері Сейдахмет қарияның естелігі: «Балалық шағымның ауыр күндерін қалай ұмытайын» .....	84
<b>ҚОРДАЙ АУДАНЫ.....</b>	
Ардагер ұстаз Ниетжан қарияның анасынан естіген әңгімесі «32 қыршын жасында аштан өлген әке».....	88
Өрікті ауылының тұрғыны Едік Сәндібекұлының әңгімесі: Қызылсай қырғыны .....	90
Едіктің әкесі Сәндібектің естелігі .....	92
<b>НИЕТЖАН ҚАРИЯНЫҢ АШАРШЫЛЫҚТЫ БАСЫНАН КЕШІРГЕН АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ-ЕСТЕЛІКТЕРІ.....</b>	
Балалық шағымда көрген зұлымдықтар естен кетпейді .....	94
Әкелер тағдыры.....	101
Нәубет жылдары адасып қалған Күлсін әкпемді Шудан таптым.....	105
ҚР дербес зейнеткері, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген заңгері, Қордай ауданының күрметті азаматы, соғыс ардагері Қошан Көшербаевтың нәубет жылдардағы тағдыры: «Тауқыметі көп болған азапты жылдар».....	107
Аты аңызға айналған ұста Нүсіп Төкейұлының өміріндегі ауыр күндер.....	109

Әлден Керімқұлұлының зұлмат жылдардағы естелігі: «Бір уыс талқан» .....	110
Соғыс ардагері, маршал Чуйковтың жеке фотографы болған Байділдә ақсақалдың естелік-әңгімесі: «Өзен жағаласаң өзегің талмайды» .....	113
Еңбек ардагері Тасболат Іңкәрбаевтың әңгімесі: «Көзім көрген сұмдықтар» .....	116
Дерек көздері .....	117
<b>МЕРКІ АУДАНЫ</b> .....	<b>120</b>
Соғыс және еңбек ардагері Муралиев Акбардың басынан кешірген оқиғалары «Аштықтан құтқарған бір бөлке нан» .....	120
Соғыс және еңбек ардагері Егембердиев Әбдіқайымның естелігі «Шытыр деген құрайдың дәні де ас болады екен» .....	122
Бір ғасыр ғұмыр кешкен Уәзиқа Арықбаеваның өміріндегі ең қиын кезең: «Талай қиындықтарды көрдік қой, қайсыбірін айтайын» .....	124
Меркі ауданының құрметті азаматы Тоқтаған Рахымбаевтың естелігі: «Бұталардың түбінде өліп жатқан кішкентай балаларды түсімде көріп, ұйқыдан шошынып оялатын болдым»... ..	127
Соғыс және еңбек ардагері Медетбеков Рәтбай ақсақалдың әңгімесі: Зұлмат заманда «қазақтың басы қайда қалмаған!» .....	129
Көпті көрген Сағынкүл кейуананың әңгімесі: Қытайға барып аштықтан аман қалдық .....	132
Меркі ауылының тұрғыны Мыңжас қарияның естелігі: Біз нәубет жылдардың қиындықтарын көріп өстік .....	135
Дерек көздері .....	141
<b>МОЙЫНҚҰМ АУДАНЫ</b>	
Қытайда туып-өскен Әбдіқадыр қарияның басынан кешіргендері: «Қазақ елін жайлаған аштықтың Қытайдағы салдары» .....	147
<b>КӨКТЕРЕК АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ МЕЙРАМЖҮЛ МАХАМАДИҚЫЗЫНЫҢ АҒАСЫНАН ЕСТІГЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ:</b>	
Қазанда қайнаған бала денесі .....	151
Естен кетпейтін қайғылы жылдар .....	153
Социалистік Еңбек Ері, шопан Шоман Шәріпбаевтың әңгімесі: «Хантауда аң-құс аулап ашаршылықтан аман қалған ел» .....	156
Көкжелек ауылындағы «Арқар шалдың» немересі Тыныштықбай қарияның естелігі: «Қазақтың Робинзоны» .....	159
Ақжігітов Егембердіұлы Дәулеттің жеке мұрағатында сақталған өлең-хаттан туған ой .....	161
Бірлік ауылының тұрғыны Кемпірбай Сыздықбайұлының естелігі: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен ашаршылықтың дәмін татқан... ..	163

Дүйсен Асанбайұлы қарияның ұрпақтарына қалдырған тағылымы Ауыр күндер естен кетпейді .....	166
92 жастағы Баян Нүсіпбекқызы әженің естелігі: Үйдің қабырғасына жасырған тары бізге тамақ болды.....	182
Мойынқұм ауданының құрметті азаматы, Көктерек ауылы ақсақалдар кеңесінің төрағасы Орынбай Нұрлыбаевтың естелігі: Туған жерден көшу қиын екен.....	185
Бірлік ауылының тұрғыны Шәйбай Қожакелдиев қарияның Көкжелек балуан мен «Арқар шал» туралы естелігі.....	186
Биназар ауылының тұрғыны Мұқсымхан Егешұлының әңгімесі: «Өле жегенше, бөле же».....	188
Этнограф, құсбегі, Қазақстан тарихшылар қауымдастығының мүшесі Жапар Сатылғановтың ашаршылық қасіреті туралы пайымдаулары Ашаршылық тарихы – қиянатты кешірмейді.....	189
Журналист Нұрлытай Үркімбаев аштықтың дәмін татқан Айдынбай қария туралы әңгімелейді. Нар болмысқа иманы көрік беріп.....	193
Еңбек ардагері Бибосынов Жұмабектің әкесінен естіген әңгімелері Қасірет пен қайғы әкелген жылдар .....	198
Болат Шажалиев әкесі мен Әжікен әжеден естігін әңгімелер: Бәрі көз алдымнан кетпейді .....	204
«Ақбақай» алтын өндіру кәсіпорынның директоры Төлеухан Оспанбековтың әңгімесі: «Геолог Дубек Дүйсенбековтың тағдыры».....	205
Дерек көздері.....	208
<b>САРЫСУ АУДАНЫ</b>	
<b>Сарысу ауданындағы Кемелбек пен Қаппарбек қариялардың тағдыры жөнінде және «Ала мысық» оқиғасы туралы журналист Балзия Баешова әңгімелейді</b>	
Бақыты ұрланған балалық шақ.....	210
Кесіртке жеп ұзақ жасаған апам .....	212
Ала мысық (болған оқиғаның ізімен) .....	213
Сарыарқадан босқан ел .....	215
Ақын Ғалым Жайлыбайдың «Тамақөшкен» поэмасынан үзінді.....	216
<b>ЖАДЫРА ЕЛЕУҚҰЛОВА АТА-АНАСЫНЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІ ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕЛЕЙДІ</b>	
Сарқыт әжемнің естелігінен .....	226
Нағашы әжем Алтынның естелігінен .....	228
Шерім қарияның өткен өмірінен баласы Мұрат сыр шертеді: Қыстың суығында жетімдерге пана болған тандыр пеш .....	230
Бір ғасыр өмір сүрген Құралай кейуананың естелігі:	

Балалығымды, жастығымды ұрлаған азапты жылдар.....	232
Дерек көздері.....	233
<b>ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫ.....</b>	<b>236</b>
Қиындықта шыңдалған қария жайында Ардақ Үсейінованың ой толғауы:	
Жайлыштың талайлы тағдыры.....	236
Соғыс және еңбек ардагері Қойбақов Мамыртай қарияның естелігі:	
Ашаршылықтың азабын біз де көрдік.....	239
Зобалаң жылдарда ерте есейген Құрбанов Игенбек ақсақалдың әңгімесі:	
Қаншама қазақтың сүйегі көмусіз қалды.....	242
94 жастағы Сүлейменов Асаубай қарияның естелігі Естен кетпес шындық.....	245
Көкдөнен ауылының тұрғыны болған Баушыбай Мырзатаевтың естелігінен	
Өріктің дәнін қайнатып ішіп, уланған.....	248
Құдайберген Қырбасұлының әкесі туралы айтқан әңгімесі	
Көкдөнен ауылындағы ұжымдастыру шаралары.....	249
«Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі Ардақ Үсейінованың әңгімесі:	
Талқан.....	251
Сөз соңында.....	253
Сейітбаева Гүлсана ашаршылықты көрген қарттар жайында	
әңгіме қозғайды. Бір уыс бидайды бөлісіп жеген қариялар.....	254
Дерек көздері.....	258
<b>ТАЛАС АУДАНЫ.....</b>	<b>259</b>
Талас аудандық «Нұр Отан» ХДП филиалының жанындағы партиялық	
бақылау комиссиясының төрағасы Сейдуанов Тынысбектің әңгімесі	
Жоқшылықпен өткен балалық шақ.....	259
<b>КҮШКБАЕВА ТІЛЕУЛЕС АПАНЫҢ АШАРШЫЛЫҚ АЗАПТАРЫ</b>	
<b>ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕЛЕРІ.....</b>	<b>263</b>
Тұзсыз жеген жаужұмыр адамдарды аштықтан құтқара алмады.....	263
Елдің басына төнген алапат аштық адамдарға не істетпеді?.....	264
Жарты пұт тары үшін өлтірмек болды.....	266
Туған баласын өлімге қиған әке.....	266
Бір таба нанның құдіреті.....	267
«Ақ жол» газетінің тілшісі Сәулембай Әбсадықұлының әңгімесі	
Толыбай Пазылбекұлы кім болған?.....	268
Сәулембай Әбсадықұлы мен Әбдібек Байболовтың сараптамасы	
Ашыққан халыққа қамқор болып, әділетсіздікке қарсы шыққан	
Палманов кім еді?.....	271
Соғыс және еңбек ардагері Мүтәліп Ережепбаевтың естелігі	
«Халық жауының ұлы» емес екендігімді нақты ісіммен дәлелдегім келді... ..	272

Дерек көздері.....	274
Шымкент облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылған тарихи құжаттар.....	275
<b>ТАРАЗ ҚАЛАСЫ .....</b>	<b>283</b>
Ашаршылықтың ауыр кезеңдерін басынан кешірген Ғалым Ахмедовтың естелігі. Әулие-Ата аумағындағы ашаршылық қасіреті .....	283
Тауқыметке толы азапты жылдар .....	283
Соғыс және еңбек ардагері Мақсұт Райқұлұлы қарияның Әулие-Ата аймағындағы 30-жылдардағы ашаршылық зардаптары туралы естелігі: Әулие-Атаға аштық қалай келді? .....	294
Әулие-Ата ауданы бойынша мұрағат деректері (хаттамалар) .....	297
<b>ШУ АУДАНЫ .....</b>	<b>299</b>
Шу ауданының тумасы, Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаевтың естелігі «Осы теміржолдың арқасында туған жерде қалып, аштықтың алапатынан аман-есен шықтық» .....	299
<b>КӨПТІ КӨРГЕН АҚСАҚАЛ УӘТАЙ ӘЛІМХОДЖАЕВТЫҢ СЫР ТОЛҒАУЛАРЫ .....</b>	<b>302</b>
Алыс қалған жылдарды еске алғанда... ..	302
Уәтай ақсақалдың қызы Айшаның естелігі .....	306
Соғыс және еңбек ардагері Сикымбай Мамыровтың естелігі: Тығырықтан жол тапқан.....	307
Еңбек ардагері Ержұманов Серікбайға әжесінің айтқан әңгімесі Аштықтың кесірінен небір сұмдықтарды көрдік қой .....	310
<b>КОП БАЛАЛЫ АНА МАМЕТАЕВА ОРЫНШАНЫҢ ЕСТЕЛІГІНЕН .....</b>	<b>320</b>
Бір шелпек нан .....	320
Бие сүтін ішіп аштықтан аман қалған әйел.....	320
Қазақбай Ергобекұлының абақтыдан жазған аманат өлеңі Кеңестің мен іліндім құрығына .....	322
Шоқпар стансасының тұрғыны болған Байтабаев Кертай қарияның естелігінен Аштықта жеген құйқаның дәмі»... ..	331
Әуесқой өлкетанушы Асылханның әңгімесі. Әкем айтып кеткен ақиқат.....	334
Сазгер, Шу ауданының құрметті азаматы Серік Әденовтың естелігі: «Анам азапты күндерді сыбырлап қана айтып отыратын.....	340
<b>ШУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӘЛЖАПАР (ҚАПУ) ҚАРИЯНЫҢ ЕСТЕЛІК-ӘҢГІМЕЛЕРІ.....</b>	<b>347</b>
Абақтыға қамалған әке мен ата.....	347
Аштықтан құтылудың жолы .....	351



Қырғыз еліндегі ауыр күндер.....	354
Алыстан іздеп келген ағайын.....	355
Сағыныш.....	358
Елге оралу. Елдегі ашаршылық қасіреті.....	363
Қоқы ақсақалдың қамқорлығы.....	365
Аң-құс аулап елге қарайласқан мерген.....	366
Қармақпен қасқыр ұстаған бала.....	367
Боза және атала.....	371
Бәйгеден алған сыйлық.....	373
Детдомға қабылданған бай баласы.....	373
Ботаборымдағы ерекше жаз.....	375
Соғыс пен әке.....	377
Тоқсаннан асқан Айшақұл Атамқұлова кейуанамен сұхбат (Еңбек ауылының тұрғыны).....	379
Шу қаласының тұрғыны, еңбек ардагері Өтешев Ташкенбайдың естелігі Орнында бар оңалар. деген осы шығар.....	384
Шу ауданының тұрғыны Таир Мұсаевтың естелігі.Жоқшылықтың дәмін әбден таттық.....	386
Ұлы Отан соғысының ардагері, 50 жыл теміржолда қызмет атқарған Темірбек Қалықовтың естелігі.Жол бойында көрген небір сұмдықтар естен кетпейді.....	388
Соғыс және еңбек ардагері Жарқынбек Құлжанысовпен сұхбат: Тірідей көмілген бала.....	391
<b>ӘУЕСҚОЙ ӨЛЖЕТАНУШЫ МҰРАТ ӘБДІРАШИТҰЛЫ ШУ Өңірінің САҢЛАҚТАРЫ ТУРАЛЫ СЫР ШЕРТЕДІ.....</b>	<b>396</b>
Нұрман бидің елге жасаған қамқорлығы.....	396
Аша елінің алты салы.....	399
<b>ЖИЕНБЕТ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ САУЫТБЕК МӘДІМӘРҰЛЫНЫҢ ЕСТЕЛІК-Әңгімелері.....</b>	<b>412</b>
Астамшылық пен адамгершілік.....	412
Әкем туралы ел аузындағы әңгімелер.....	418
Аштықтан көзі қарайған адам.....	420
Нұрман бимен кездесу.....	421
100 жасқа келген Бибігүл әжемен сұхбат.Елдің берекесі қашқан заман болды ғой.....	424
102 жыл ғұмыр кешкен Дәметкен кейуананың естелігі,Біз көрген қасірет.....	428

Мұрағатшы Тамаша Расилов ақсақалдың естелігі	
Ашыққан ел-жұртына бар көмегін аямаған азаматтар.....	432
Ардақ Үсейінова биліктің озбырлығын көрген бір отбасының тағдыры туралы әңгімелейді. Қара қарға.....	439
Еңбек ардагері Бейқұт Қалымбетовтың естелігі: «Әкемнің ауылдастарына жасаған қамқорлығы билікке ұнамаған» .....	443
Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерболат Досымбаевпен болған әңгіме: «Диірменші не үшін «кінәлі» болды?» .....	446
Екі ғасырдың куәсі болған Жұмахан қарияның ашаршылық кезіндегі басынан кешіргендері Балалық шағымдағы ауыр күндер ұмытылмайды.....	449
Бірлікүстем ауылы ақсақалдар алқасының төрағасы	
Смайылов Алтай қарияның ашаршылық туралы әңгімелері	
Елге қамқор болған Бәкі бидің тартқан азабы... ..	459
<b>ЖУРНАЛИСТ МӘКЕН УАҚТЕГІ ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРДЫ КӨРГЕН ҚАРТТАРДЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН ӘҢГІМЕ ҚОЗҒАЙДЫ.....</b>	<b>463</b>
Новотроицкідегі балалар үйінің (детдом) жағдайы.....	463
Ашыққан елге араша түскен Нұрман би.....	464
Төле би ауылының қадірлі ақсақалы Құлжанысов Жарқынбектің ашаршылық жылдарындағы көргендері.....	468
«Сол бір ауыр жылдардың ауыртпалықтары».....	468
Бірлікүстем ауылының тұрғыны 90 жастан асқан Жақыпбаева Гүлбаршын кейуананың естелігі. Ашаршылық замандағы қырғыз ағайындардың көмегі.....	471
Бірлік ауылының тұрғыны, 95 жыл өмір сүрген Бұғыбай атаның басынан кешірген оқиғалары Есімде қалған ауыр жылдар.....	472
Сегіз қырлы Нұржаубек ұстаның елге қамқорлығы .....	476
Қолдан жасалған аштықпен бірге қуғын-сүргін қатар жүргізілгені туралы ғалым Мақаш Тәтімовтың мына естелігі соған дәлел.....	479
Құрметті теміржолшы Әлиасқар қарияның ашаршылық зардаптары жайында айтқан әңгімесі .....	479
1946-1951 жылдары Жамбыл облыстық кеңесінің депутаты болған Кенебаева Күлімбала (Бұлдырық) әженің азапты жылдар туралы естелігі. Терең Майтас ауылы аштықтан қалай аман қалды?.....	482
Шу өңірінің көнекөз қарияларының бірі – Уәш (Әбдіуәли) Асатов зұлмат жылдардағы ауыртпалықтар туралы сыр шертеді .....	489
Еңбек ардагері Әбжапар Жақыбаевтың естелігі: Сол қиын заманда еліне қамқор болған заңгер .....	493

ҚР Жазушылар одағының мүшесі Төрекұл Әлханұлының әңгімесі:	
Жаман өсіп, жақсы өшкен заман болған.....	496
Дерек көздері.....	499
<b>ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ ҚАСІРЕТІ</b>	
Тарих пәнінің мұғалімі Л. Әубәкірованың өлеңі.....	515
Татьяна Невадовская. Қазақстан қасіреті.....	516
Бақытбек Смағұл. Жаралы жылдар.....	518
Жарасбай Нұрқан, Ерсайын Нарымбаев. Ерте солған гүлдер.....	519
Күдері ақын шығармасындағы ашаршылық ақиқаты.....	520
Бақытжан Есематұлы. Жазықсыздар жыры.....	523
Ашаршылықтың азабын көрген Хұсайын Бижанов қария сол заманды ашына жырлайды.....	524
С. У. Бақторазов, ТарМУ-дің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты. Әулие-Ата өңіріндегі 1917-1919 жылдардағы ашаршылықтың себеп-салдарлары.....	526
<b>Қаламгерлердің нәубет туралы жазбалары.....</b>	<b>534</b>
Бір уыс бидай.....	534
Қазақтар қырылып жатыр дейді.....	537
«Тамакөшкен» - тарихи шындық.....	539
Түйін.....	541

**ТҰҢҒЫШБЕК БАЙҚҰЛОВ**

**ӘУЛИЕ-АТА ӨҢІРІНДЕГІ**  
**АШАРШЫЛЫҚ**

Компьютерде беттеген *Ибрагимова З.А.*  
Мұқаба дизайнері *Жетігенов Н.Е.*

Басуға 20.02.2017 ж. қол қойылды. Формат 70×100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Баспа табағы 35,3. Шартты баспа табағы 32,8.  
Офсеттік басылым. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №3/39-17.

«Экономика» баспасы» ЖШС  
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй.

ISBN 978-601-225-954-4



9 786012 259544

Мен, **Байқұлов Тұңғышбек Сейсенұлы** 1947 жылы 20 қарашада Жамбыл облысы Шу ауданы Көктөбе ауылына қарасты Теректі өзені бойындағы Бұқпан қыстауында дүниеге келдім. 1966 жылы аудан орталығындағы Новотроицкі қазақ орта мектебінен 11 жылдық оқуды бітіріп шықтым. 1966-1969 жылдары Удмурд АССР-нің Глазов қаласы және Ресейдің Кирово-Чепецк қаласында әскери қызметте болдым. 1969 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсіп, 1974 жылы тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша жоғары білім алдым.



1974-1987 жылдары Жамбыл облысы Қордай ауданында В. И. Чапаев, О. Кошевой атындағы мектептерде мұғалім, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және мектеп директоры болып қызмет істедім. 1987-1998 жылдары Шу аудандық білім бөлімінде әдіскер, инспектор, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі, аудандық білім бөлімінің бастығы және С. Шәкіров атындағы мектеп-интернаттың директоры болып еңбек еттім. 1998 жылдан 2011 жылға дейін М. Х. Дулати атындағы мектепте директор болып қызмет атқардым. 2012 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде жетекші ғылыми қызметкер болып еңбектенгенмін. **Шығармашылық еңбектерім:**

Халық педагогикасын оқу-тәрбие жұмысында пайдаланудың кейбір мәселелері». Әдістемелік оқу құралы, «Шу» баспасы, 2000 жыл.

«Қазақы тәрбие» - Алматы: «Өркениет», 2002 жыл.

«Түлектер» - Алматы: «Үш қиян», 2006 жыл.

«Белая ворона» - Алматы: «Үш қиян», 2008 жыл.

«Жамбыл өңіріндегі ашаршылық зардаптары» - Астана: «Enter-Group», 2015 жыл.

Мақалаларым «Шу өңірі», «Ақ жол», «Жас Алаш», «Зан», «Халық тәлімі», «Жас Түркістан», «Атамекен-ай», «Қазақстан заман» секілді аудандық, облыстық, Республикалық газет-журналдарда жарық көрді.

Марапаттарым: ҚР Оқу ісінің үздігі, Әлем халықтары жазушылар одағының және ҚР Тарихшылардың Ұлттық Конгресінің мүшесімін. Ы. Алтынсарин атындағы медальдің және мерейтойларға арналған медальдардың иегерімін. Қазақ Кеңестік Республикасы оқу-ағарту министрлігінің және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен үш рет марапатталдым. Сонымен бірге 2010 жылы Алматы қаласындағы «Ғылым» баспасынан шыққан «Сердце, отданное детям. Лучшие работники образования» атты анықтамалық кітапта шығармашылық еңбектерім атап көрсетілді.

Құрметті оқырман! Кітаптың мазмұнымен танысу барысында қандай да ой-пікірлеріңіз болса автормен хабарласуға болады.

Тел: 8-701-218-74-95, 8(7172)-42-00-62, эл.почта: 87012187495b@mail.ru

Ш.Уалиханов ат.ОӘФК



2 110000 256685

